Қазақ мемлекеттілігі және АЛАШОРДА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ АЛАШОРДА

Ұжымдық монография

Алматы:
«Литера-М» ЖШС
2018

ӘОЖ 94 (574).084
ББК 63.3 (5 Каз)
Қ 17

Ұжымдық монография «Қазақстанның мемлекеттілік тарихындағы Алаш орны: идеялар, тағдырлар, мұрасы (қоғамның рухани жаңғыруы негізінде)» BR05236705 ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында дайындалды.

Баспаға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі ұсынды.

Редакция алқасы:
Б.Е. Алтаев, Қ.Ш. Әлімғазинов, А.А. Башмаков,
С.М. Борбасов, Г.С. Жүгенбаева, З.Е. Қабылдинов (бас ред.),
А.Т. Қайыпбаева, А.Т. Қапаева, М.М. Қозыбаева (жауап. ред.),
А.У. Тоқтабай, А.С. Уалтаева, А.М. Хайрулдаева,
Ә.Қ. Шашаев, С.Қ. Шілдебай

Рецензенттер:
Т.А. Абдрахманов – т.ғ.д., профессор
С.Б. Жұмағұлов – ф.ғ.д., профессор

569134


Қ 17 Қазақ мемлекеттілігі және Алашорда. Ұжымдық монография. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2018 – 720 б.

Ұжымдық монографияда Алаш жалпыұлттық қозғалысының негізгі идеялары, Қазақстан мемлекеттілігінің жаңғыруындағы рөлі, Алаш қозғалысының әлі де беймәлім тұлғаларының тағдыры, шығармашылық мұрасы «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы модернизациялау мемлекеттік бағдарламасы аясында кешенді зерттеуге алынды.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, тарих факультетінің студенттері мен магистранттарына, жалпы тарих ғылымына қызығушы оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-80725-4-3

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты, 2018
©«Литера-М» ЖШС, 2018



КІРІСПЕ

Адамзат өркениеті құндылықтарына ұлттық біртұтастық және социомәдени бірегейлікті шебер еншілеген қазақ интеллектуалдық өресі Алаш феноменін қалыптастырды. Тарихи-хронологиялық тұрғыдан қарағанда, XIX ғ. соңы мен XX ғ. алғашқы ширегінен астам уақытта қазақ елінің ұлттық, саяси, құқықтық, экономикалық дамуы мен мәдени-ағарту, білім саласының өркендеуіне зор үлес қосқан ұлт зиялылары болды.

Алаш мұрасының терең тамырлы өміршеңдік сипатын қазіргі жаһандану жағдайындағы ұлттық код ұғымымен байланысты қарастыруға болады. Бұл орайда ұлттық код мәселесінің тарихи философиялық контексін Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен бағамдауға болар еді. Президент XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы «...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынағынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы», [1] – деп пайымдайды.

Тарихи объективті себептерден империялық билікті қабылдауға мәжбүр болған көшпенділік болмыстың еңсесі түсіп, халықтың тарихи жады «Зар-заман» [2] квинтэссенциясымен түйіндеген алмағайып дәуір ұлт зиялыларының Алаш рухын көтерген буынын тарих мінберіне шығарды. Метрополияның түрлі оқу орындарында, тіптен алдыңғы қатарлы университеттік білім алған қазақ интеллигенциясы (Ә. Бөкейхан, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Досмұхамедұлы, М. Тынышбаев, М. Шоқай, т.б.) [3, 32-33-бб.] түземдік шенеуніктік аппараттың құрамын толтырып, басқыншылық биліктің жергілікті орындаушыларына айналуды әсте көздеген жоқ. Олар Ресей империялық үкіметінің Қазақ Елін саяси-құқықтық және экономикалық отарлауын рухани-мәдени экспансиямен тұншықтырған кезеңде ұлтқа адалдықты парыз бен мұрат санады.

XIX–XX ғғ. басындағы империяның ішкі дағдарысы әлеуметтік-экономикалық күйзелісті асқындырып, билік оны Қоныс аудару саясатымен шешуге тырысты. Осы кезеңнің, жалпы жер қатынасының ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси ұстанымына әсерін кезінде М. Шоқай Алаш көсемі Ә. Бөкейханның берген бағасымен дәл көрсетті: «..Әлихан бізге ылғи да: «ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді», – деуші еді. Біз, ол кезде орыс мектептерінде оқып жүрген жәдитші ынтамызбен жастар – бәріміз де бүкіл «мұғажыр мәселесін» үйренуге

кіретік. Мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын сонда ғана түсіндік» [4, 196-б.], – дейді.

XX ғ. басында халықтың 45 млн. десятинаға жуық жерінен айрылып, оның 23,1 % славяндық қоныстанушылар иеленуі [3, 30-б.], «жер – қазақтың тірі не өлі болу мәселесін» туғызып, ұлттың жанайқайына айналды. Сондықтан өмірдің нақтылы шындығын, туған халқының ауыр тұрмысын қоғамдық-саяси бағыттағы теориялық білімдері арқылы зерттеп, шешуге ұмтылған Алаш зиялылары саяси күрестің сол кезеңдегі барлық сынақтары мен тәжірибелерінен өте алды. Империяның орталық қалаларында құрылған саяси партиялар мен ұйымдардың (кадет, эсерлер партиялары, мұсылмандық, ұлттық, түркілік қозғалыстар) құрамында болып, түрлі мінберлерді пайдаланды, саяси-көсемсөздік публицистикамен айналысты.

Әсіресе, 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясы тұсында ұлт тұлғалары саяси белсенділік танытты. 14500 адам қол қойған атақты «Қарқаралы петициясы» жазылды, кадет партиясының Оралда бөлімшесін құру әрекеті байқалды [3, 34-38-бб.]. Алаш зиялылары Ресей парламентаризмінің мүмкіндігін пайдалануға ұмтылды, бірінші және екінші Мемлекеттік Думаға (Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, А. Бірімжанов, Б. Құлманов) мүше болды [3, 40-43-бб.]. Үкіметке оппозициялық көңіл-күйдегі партияларды қолдап, ушығып тұрған аграрлық мәселені көтеруге күш салды. Мұнымен қоса, ұлт зиялылары халықты рухани оятуға кірісті. 1909 жылы М. Дулатовтың «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы жарық көрді [5]. Зиялылар мерзімді баспасөз органы «Қазақ» газетін ұйымдастырып [6], оның бетінде қазақ қоғамының өзекті мәселелерін қозғап, халықты мәдени ағартушылық бағытта тәрбиелеу ісіне баса көңіл бөлді.

Алаш интеллигенциясы бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында барынша көтерілген қазақтан солдат алу мәселесіне де атсалысты. «Қазақ» газетінің бірнеше санын осы мәселеге арнап, Петербургқа әскери министрлікке дейін барып қайтты [7, 29-31-бб.]. Кейін 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісу облысындағы қазақ-қырғызға жасалған қанды қырғын, халықтың босқындыққа ұшырап, бұрынғы жұпыны күйлерінен де айрылуы және т.б.) күні бұрын-ақ болжап, көтерілісті болдырмауға тырысты. Елді сабырға шақырды. «Қазақ» газеті бетінде «Алаш азаматтарына!» [7, 31-б.] атты үндеу жариялады. Стихиялық түрде басталған халық наразылығының зардабын жою ісіне араласты.

1917 жылы ақпанда құрылған Уақытша Үкіметтің Түркістан комитеті құрамына Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, М. Шоқай т.б. зиялылар мүше болып [8, 2-п.], өлкедегі дағдарысты жағдайды сейілтуге ұмтылды. «Қазақ» газеті арқылы босқын қырғыз-қазақты Қытайдан атамекендеріне оралтуға және оларға үкіметтен көмек сұрау мәселесінде жанқиярлық еңбек жасайды [9, 9-п.]. Ұлт зиялылары Қазақстан тарихында тұңғыш автономиялық үкімет Алашорданы өмірге әкелді. 1917 жылдың аяғына таман Ресей мемлекетіндегі биліктің құлауы Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді [3, 151-154-бб.]. Бірақ

басталып кеткен азамат соғысы бұл шешімнің орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ.

Алашорда Ақпан төңкерісі әкелген жалпы демократиялық жеңістерді қайтарып алуды көздеді. Сөйтіп, демократиялық федерация мен Құрылтай жиналысын қолдаушылармен бірге, ел ішіне бүлік салған большевиктерге қарсы күреске шықты. Олардың кеңестік билікпен жүргізген келіссөзі сәтті болмай шықты. Қалыптасқан әскери-саяси жағдайды ескеріп, қазақ қоғамының даму деңгейін нақтылы болжаған Алашорда үкіметі, антибольшевиктік күштердің қолдауы арқылы халықтың амандығын, бүтіндігін сақтауға тырысты. 1918-1920 жылдарды қамтитын шиеленіске толы сәтте қазақ автономшылары ықтиярсыз соғыс алаңына айналған туған жерді қантөгістен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қамтамасыз етуге күш салды. «Николайдың заманы мен тәртібін» қайтаруды көксеген Колчак билігі кезінде, Алаш азаматтары аш-жалаңаш, әбден күйзелген туған халқының мүддесін қорғап, мұңын жоқтап, көмек сұрауға тырысты [10, 59-60-бб.]. Колчак кезіндегі автономия тағдырын А. Байтұрсынов «Төңкеріс және қырғыздар» деген белгілі мақаласында былай деп көрсетеді: «Кешегі патша малайы Колчак қырғыздардың (қазақтардың ред.) алдында әскери диктатордың бүкіл болмысымен, сондай-ақ қырғыздардың есінен әлі кетпеген патшалықтың барлық кесапатымен тұра қалған еді» [11].

Бірақ күн тәртібіне алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған мезгіл – Алашорданың мақсатына жеткізбеді. Ұлттық қозғалыс атаулыға жауыға қарайтын Ресей үкіметі автономия күшін тек өз мақсаттарына пайдалануды көздеді. Азамат соғысы тұсында да сақталып қалған ресейлік шовинизм, «бұратана» халықтарға деген сенімсіздік, күдік Алашорда үкіметінің қыр соңынан қалмады, және ақыры оған кеңестік билікке берілуден басқа жол қалдырмады. Алашорда жағдайын ресейлік ғалым, алаштанушы Д.А. Аманжолова тура сипаттады: «Ақтар қозғалысының Ресейдің бұрынғы езілген халықтарының тәуелсіздігін қабылдай алмаған орысшылдық дәстүрі Алашордамен қарым-қатынасында да толық сақталып қалды. Бұратаналарға деген сенімсіздік өлкеде орын алған үкіметтердің бәріне тән саясат еді» [12, 136-137-бб.].

Алаш зиялылары қатысқан Түркістан автономиясы да большевиктік саясаттың құрбаны болды. М. Шоқай жастығына қарамастан сол тарихи кезеңде түркі халықтарының мүддесін бір арнаға түсіріп, Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесін құрып, жергілікті халықтардың автономиялық билікке қол жеткізуі жолында зор күш жұмсайды. «...Ол уақытта Ресейден бөліну туралы мәселені қоюға да және оны қабылдатуға да Түркістан дайын болмайтын» [4, 196-б.], – деп Мұстафаның өзі жазғанындай, бұл кезең азаттық жолындағы күрестің бір басқышы болып тарихта қалды.

Ұлтқа адал қызмет ету жолындағы жанкиярлық өнегені Алаш тұлғалары әрдайым көрсете білді. Кеңестік биліктің қайшылықты қуғын-сүргінге толы жылдарында жазықсыз жазаланғанға дейін [13], зиялылар қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық мүдделерін, мәдениетін қорғауға күш салды,

ағарту саласында еңбектенді. Осы кезеңде зиялылар шығармашылықпен айналысып, әдеби, тарихи еңбектерді, ұлттық экономиканы дамытуға қатысты зерттеулерді Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, Т. Шонанов, М. Дулатов, т.б. ұсынды. А. Байтұрсыновтың қазақ тілі білімі саласындағы лингвистикалық еңбектері жарық көрді. Қазақстан тарихнамасының ел тәуелсіздігімен бірге дамыған Алаштану бағыты зерттеу жұмыстарының мол шоғырын қалыптастырып үлгерді [14, 6-35-бб.]. Алаш тақырыбының күрделі ауқымды мәселелері К. Нұрпейісов [3], М. Қойгелдиев [15], Д. Аманжолова [14] жұмыстарында қарастырылды. Жеке тұлғаларға арналған еңбектерден К. Есмағамбетов [4] зерттеуін атап кетуге болады. Алаштану тақырыбы соңғы жылдары шетелдік авторлар Ә. Қара [16], Т. Уяма [17] сынды зерттеушілердің еңбектеріне арқау болды. Алаш зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі туралы ТМД елдері архив қорларында сақталған құжаттар [18] мен «Қазақ» [6] газеті баспа бетінен көре алады.

Алаш тарихнамасын толықтыруға тырысқан бұл еңбекте Алаш ұлттық феноменінің теориялық-методологиялық мәселелерін, жеке тұлғалардың қоғамдық-саяси ғұмырнамасы мен шығармашылығын арнайы қарау көзделіп отыр.

Ұжымдық монография жұмысын жазуға төмендегі авторлар қатысты: Кіріспе – З.Е. Қабылдинов. Бірінші тарау – М.Қ. Қойгелдиев (1.1); А.М. Ауанасова, Е.Қ. Нұрпейісов (1.2); Б.Ғ. Аяған (1.3). Екінші тарау – К.М. Ілиясова (2.1); А.Ш. Махаева (2.2); Е.Қ. Серікбаев (2.3); Р.Ж. Байдалы (2.4); Е.Е. Рахметуллин (2.5). Үшінші тарау – О.М. Қоңыратбаев (3.1); Ж.Т. Таңатарова (3.2); Т.А. Рысқұлов (3.3); Ж.Р. Байділдаев (3.4); Е.Е. Сайлаубай (3.5). Төртінші тарау – З.Е. Қабылдинов (4.1); Г.Ж. Сұлтанғазы (4.2); М.М. Қозыбаева, А.Р. Бейсембаева (4.3); С.А. Асанова (4.4). Бесінші тарау – Б.Ж. Қабдышев (5.1, 5.2, 5.7, 5.8, 5.13); Г.Ж. Сұлтанғазы (5.3); З.М. Төленова (5.4); Т.Ә. Әпендиев (5.5, 5.6); К.М. Ілиясова (5.9); Қ.А. Еңсенов (5.10, 5.17, 5.18); М. Сейтов (5.11, 5.19); М.М. Жансейітова (5.12); Р.Ж. Байдалы (5.14); Г.С. Жүгенбаева (5.15); З.Т. Садвокасова (5.16). Қорытынды – Г.С. Жүгенбаева, С.М. Борбасов. Авторлар пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келмеуі мүмкін.

Мәтінді редакциялау және құрастыру жұмыстарын Г.С. Жүгенбаева, А.Т. Қапаева, М.М. Қозыбаева атқарды. Монографияны басылымға дайындауға С.М. Борбасов, Ә.Қ. Шашаев, А.Т. Қайыпбаева, А.М. Хайрулдаева қатысты. Техникалық үйлестірушілері және компьютерлік терім – А.Қ. Нұрманова, М.Т. Морякова, Е.О. Ешім; мәтінді дайындау және беттеу, мұқаба дизайні – А.С. Марғұлан. Редакция алқасы басылымды дайындауда көмек көрсеткен, құнды ұсыныстар мен кеңес берушілердің барлығына алғысын білдіреді.

Қабылдинов З.Е., т.ғ.д., профессор

---

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2018. – 26 сәуір.

2. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы: Қазақ университеті, – 1997. – 160 б.

3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, – 1995. – 256 б.
4. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 504 б.
5. Дулатұлы М. Шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 344 б.
6. Қазақ газеті. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
7. Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаев қазақтың тұңғыш инженері. – Алматы: ҚазККА, 2009. – 165 б.
8. ӨР ОМА (Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві). Р-1044-қ., 1-т., 37-іс.
9. ҚР ОМА (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік архиві). 9-қ., 1-т., 90-іс.
10. РФ МА (Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік архиві). 1701-қ., 1-т., 35-іс.
11. Байтұрсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. – 1919. – 3 августа.
12. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М., 1994. – 213 с.
13. Жұртбай Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997.
14. Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы, Таймас, 2009. – 412 с.
15. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Қазақ университеті, 1995.
16. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. – Алматы: Арыс, – 2004.
17. Уяма Томокихо. Мировоззрение казахских интеллигентов в начале XX века: о книге Мир-Якуба Дулатова «Проснись, казах!». – Токио, 1992.
18. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918 – 2007 гг. Движение Алаш. Из истории изучения вопроса: Сборник документов и материалов. 1918 – 2007 гг. Т.4 / ҚР Президентінің Мұрағаты; Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология ин-ты; Бас редактор М.Қ. Қойгелдиев. Жауапты құраст. А.С. Зұлқашева. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

I ТАРАУ
АЛАШ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ИДЕЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА

Ағартушылықтан басталған қозғалыс. Осы уақытқа дейін тарих және басқа қоғамдық ғылым салаларында қазақ зиялыларының кеңестік кезеңдегі қызметіне баға беруде негізге алынған өлшем – олардың большевиктер идеологиясын қабылдауы немесе қабылдай алмауы болып келді. Ал олардың ағартушылық идеологиясына иек артуы, қоғамдық даму мен өзгерістерге осы көзқарас тұрғысынан қарауы сол тарихи кезеңде қазақ қоғамының жалпы даму деңгейінен, ішкі талап тілегінен туындаған, толық негізді құбылыс екендігі есепке алынбады. Бұл партиялық ұстанымдағы тарихшылар үшін Қазақстан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар қоғам емес – бар болғаны империяның артта қалған болар-болмас өзгешелігі бар шет аймағы ғана еді.

Қазақ оқығандарының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады. Қоғамдық дамуда алдыңғы қатарлы елдермен салыстырғанда қазақ қоғамының кешеуілдеп қалуы, сондай-ақ, отарлық тәуелділікке түсуінің себеп-салдарын анықтау, төніп келе жатқан қауіп жағдайында бұл күйден шығудың жолын іздеу, қазақ зиялыларының алдында тұрған негізгі мәселеге айналды. Олар аталған мәселелерге жауап ретінде заман сұранысына лайық шаруашылық құру, күні өткен өмір салтын қайта қарап, қазақ қоғамын жаңа талаптарға бейімдеу керек екендігін жақсы түсінді.

Осы тұжырымға тоқтаған ұлт оқығандары қоғамдық қызметін ағартушылықтан бастады, яғни, қазақ елі сан жағынан империя құрамындағы үлкен елдердің қатарында емес, сонымен бірге аз және әлсіз елдердің де санатына жатпайтын. Оның халық ретінде жүріп өткен жолы, ерлікке толы тарихы, ең негізгісі ғасырлар бойы қанды күрес арқылы қалыптасқан атамекен жері бар. Ендігі уақытта халық санасына білім нәрін себу арқылы оны өз тағдырын шеше алатын белсенді субъектіге айналдыру басты міндетке айналуы тиіс еді. Олар осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды. Міне, сондықтан да ұлт оқығандары қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, бұл межені жақындата түсу үшін қазақ тілін білім және ғылым тіліне айналдыру, осы мақсатта оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, ұлтқа арнап кітап, газет-журналдар шығару ісін қолға алды. Қорыта айтқанда, ағартушылық ісі ұлт оқығандарының жұмылып атқаратын негізгі ортақ жобасына айналды.

Қазақ оқығандарының, көп салалы ағартушылық қызметіндегі мынадай екі бағытты бөліп атаған артық емес. Біріншіден, «Қазақ» газеті арқылы кең өріс алған қызметі қазақ қоғамын орыс билігінің, әсіресе астарлы да қитұрқы жер саясатына және басқа түрлі зорлықшыл әрекеттеріне қарсылық көрсете білуге баулу бағытында жүрді. Бұл ісін олар биліктің қабылдаған түрлі заңдық актілерін халыққа мұқият түсіндіріп жеткізу арқылы жүргізді. Екіншіден, осы бағытпен тікелей өзектес келесі қызметі қазақ қоғамының мүмкін болғанша тезірек арылуға тиіс теріс мінездері мен қылықтарын, ұғым-түсініктерін аяусыз сынға алу болды.

Алаштық топ, мәселен, сол тарихи кезеңде-ақ қазақ жерінің кең және бай екендігін, егер орынды пайдалана білген жағдайда бұл артықшылықтың елдің болашағына жағымды әсері болатындығын жақсы білді. Сонымен бірге олар болашақта әрбір ұлттың байлығы жерінің кеңдігі және жер асты ресурстарының молдығымен өлшенбейтіндігін, ертең-ақ білім мен озық технологияға ие жұрттың ілгері шығатындығын анық болжай білді. «Бұрынғы кеңшілікте қазақ қошқарға сиынып та күнелтті, өтірікші, өсекші, құдай қарғағанды да болыс, би, ауылнай һәм елубасы қойды. О заман енді өтті, жаңа заман адамнан ақыл, ұсталық, жаһидшілдік күтеді. Қазақ жері тарылды, қазынаны күшті жалдап іздемегенге бәйге мүше жоқ», [1] – деп жазды Ә. Бөкейхан. Халықтың бойындағы күрескерлік қабілетін оятуда ол ескі заман мен жаңа заманның өзара айырмашылығын түсіндіруге көп күш жұмсайды. «... Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш... Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық үшін саяси ісін ұғынбаса, тезек теріп тарқы жолында артта қалады. Бақыт, махаббаттан тысқары болады. Бұл екеуі жоқ жұртқа тіршілік неге керек?!», [2] – деп жазды.

М. Дулатұлы, мәселен, 1913 жылы «Қазақта» жариялаған мақаласында: «Заман талас-тартысқа айналды. Қара күніне қайғырмай қамсыз жатқан қазақ болмаса, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі де тіршілік жабдығында. Жағаласпай, жармаспай ешкім қатардан орын бермейді. Басқалармен тізелесуге, тартысуға, жарысуға оқу-білім керек. Надан жұрт оқымысты-білімді жұртпен қатар тіршілік ете алмайды... Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниеден сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні қаран, келешегі тұман» [3], – деп жазды.

Алаштық қазақ ағартушылары, әрине халықты білім алуға үндегені рас, дегенмен олар осы міндетті ғана атқарумен шектелген жоқ. Олардың түсінігінде қазақ жастары алған жаңа сападағы білім қазақ халқының өмірін заман сұранысына лайық мазмұн мен бағытта өзгертуге тиіс еді. «Бүгінгі адамзат қоғамында – деп жазды А.Байтұрсынұлы, – өміршең мәдениет салтанат құрмақ, ал мәдениеттер теңдігін қуатты мәдениет арқылы ғана орнатуға болады, олай болмаған күнде жоғары сатыдағы мәдениеттер төменгі деңгейдегі мәдениеттерді қанамақ» [4]. Басқаша айтқанда, жаңа сападағы

білім қазақ қоғамын феодалдық мешеуліктен және отарлық тәуелділіктен күткара алатын бірден-бір құралға айналуға тиіс еді.

Ғасыр басындағы қазақ ағартушылығының тәжі А. Байтұрсынұлының шығармашылығы арқылы өмірге келген қазақ әліпбиі, қазақ тілінің грамматикасы мен теориясы еді, сол арқылы оның әдебиет және ғылым тіліне айналуы болды.

Қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі XX ғасырдың алғашқы ширегіне, яғни Алаш зиялыларының қызметіне тұс келді. Жалпыұлттық «Айқап» журналының (1911-1915), «Қазақ» газетінің (1913-1918), екі миллионға жуық тиражбен басылған (революциялық өзгерістерге дейін) қазақ кітаптарының жарық көруі және басқа атқарылған істер осы тұжырымға айғақ.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, мәселен, еуропалық ағартушылық ешқандай да сыртқы араласусыз қалыптасып, бар даму сатыларынан емін-еркін өтті. Ал қазақ ағартушылығы барлық белгілерімен толыққанды тұтас қоғамдық процесс ретінде XX ғасырдың басында қарқынды өріс алғанымен, бар болғаны 20 жылға жетер-жетпес мерзімге созылды. Ал оны бастап, бағыт-бағдарын анықтаған тұлғалар түгелдей дерлік репрессия құрбаны болды. Ал мұндай трагедияны еуропалық бірде-бір ұлт басынан кешірген жоқ.

Ә. Бөкейхан 1933 жылы 29 сәуірде абақтыдағы А.Байтұрсыновтың ауыр жағдайына араша түсіп Е.П. Пешковаға «Он просветитель – казахского народа. Байтурсынов – Кирилл и Мефодий, Новиков и Радищев своего народа, он создал азбуку, которая, по мнению профессора Малова, лучшая из азбук... Байтурсынов А. – автор грамматики, синтаксиса, букваря, хрестоматий на казахском языке. Он Наркомпросс Казахской АССР... первоклассный поэт, сатирик... Он патриот, националист... бесстрашный пророк своих убеждений...» [5]. Ә. Бөкейханның Ахмет Байтұрсыновтың қызметіне байланысты берген бұл бағасы, белгілі дәрежеде ұлт-азаттық күрес жолында тұрған оның бір рухтағы іні-замандастарына да тән еді. Олардың өмірлік ұстанымындағы, қызметіндегі, шығармашылығындағы, тіптен тағдырларындағы ұқсастық осы тұжырымға еріксіз жетелейді.

Алаш қозғалысы бастапқы кезеңде ұлт оқығандарының, яғни интеллектуалдар қозғалысы ретінде өмірге келді. Ал олардың қызметіндегі үйлесімділік және сол арқылы заман сұранысына байланысты берілген жауап бұл азаттық идеологиясын қалыптастыру қызметі еді.

Азаттық идеологиясын қалыптастыру қызметі. Ғасыр басындағы қазақ қоғамының өзекті мәселелерін анықтау, елеп-екшеу ісінде «Қазақ» газеті шешуші рөл атқарды. 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті іске асырған бұл қызмет, негізінен, екі бағытта жүзеге асты. Біріншіден, бұл мезгілде ұлттың белсенді зиялы қауымы алдында тұрған ең басты міндет – отарлық езгіге қарсы ұлттық бостандық үшін күрестің бағыт-бағдарын және күрес әдістерін айқындау еді. Екіншіден, саяси бостандық үшін күрес феодалдық тәртіптер мен қатынастарға, күні өткен салт-дәстүрге, ішкі қоғамдық қайшылықтарға қарсы бітіспес күреспен бір мезгілде жүруі

тиіс болды. Соған байланысты ұлт зиялылары өз еркінен тыс феодалдық мешеулікпен күрес принциптерін анықтауды да қолға алды.

Ғасыр басындағы қазақ қоғамдық ойы мен азаттық қозғалысының ең өзекті тақырыбына айналған жер мәселесі еді. Осы ретте М. Шоқай жер мәселесіне байланысты Ә. Бөкейханның айтқан мынадай пікірін келтіреді: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің ата-мекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді». Ә. Бөкейханның осы пікірін келтіріп, М. Шоқай алдын ала өзі қатарлы жастарға «мемлекетіміз үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын сонда ғана түсіндік», – деп түйеді [6].

Әсіресе, «артық» деген сылтаумен құнарлы қазақ жерлерін ішкі Ресейден қоныс аудара келгендерге жаппай тартып алып беру, переселен шенеуніктері бастап берген қазақ қожалықтарын бірден отырықшы өмірге көшіру, 15 десятина жер нормасы сияқты аса қауіпті саясат қазақ зиялыларынан тез арада бұл озбырлыққа қарсы халықты жұмылдыра алатын әрекетке көшуді талап етті.

«Қазақ» және «Айқап» басылымдары отырықшылыққа көшу мәселесін ұлттық аукымда көтеріп, пікірталасқа шақырды. Бұл тақырыпқа қалам тартқан авторлар екі пікірді жақтап, өзара бөлініп кетті.

1) Б. Қаратаев пен М. Сералин бастаған «Айқап» журналы төңірегіндегі топ қоғамдық мешеуліктің негізгі себебін көшпелі өмір салтынан көріп, сондай-ақ толассыз қоныс аударушылар легінің Қазақстанды отарлау екпінінен қаймығып, қазақтарға да келімсектер сияқты 15 десятинадан жер үлесін алып, отырықшылыққа көшуге үндей бастады, бұл істе өздері де үлгі көрсетті.

2) Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы және М. Дулатұлы бастаған келесі «Қазақ» газетіндегі топ көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтының қалыптасуын және оны өзгерту мүмкіншілігін қазақ жерінің табиғи ерекшеліктері арнасында қарауды жақтап, жаппай отырықшылыққа көшуді ұсынушы переселен мекемелері мен шенеуніктерінің отаршылдық пиғылды ұстанып отырғандығын, өйткені егіншілік мәдениетімен таныс емес қазақ бұқарасын 15 десятина үлеске отырғызу, оларды біржола жерден айыруға апаратын шара ретінде қарастырып, осы ойды қалың көпшілікке жеткізуге күш салды.

Бұл мәселенің қазақ жұрты үшін қаншалықты маңызды екендігін түсіндіруде екі жақта да, кемшілік болған жоқ. М. Сералин қазақтың қалпын екі жолдың айрығына келіп тоқтап, қай жолға түсерін анық білмей дағдарған жолаушыға теңеп, белгілі бір ортақ шешімге келу үшін тіпті жалпықазақ съезін шақыруды ұсынды [7]. Ал 15 десятинадан жер алып, отырықшы тұрмысқа көшкендерге тоқталып, «Жер бытырап, жылдан-жылға тарылып бара жатыр, түпкілікті қоныс болуға жарайтұғын жерлер шетке кетіп бітіп, қазаққа қолайсыз жерлер қалатұғын, біз түбінде мұндай жерде бытырап қалып оңбаспыз, одан да бар қолайлы жерімізге өзіміз қала салып отырықшы болып, бірыңғайырақ қалайық дегендей, «шарасыздан шалға тиіп барамынның» кебін киіп, қала

болған жайы бар», – деп бұл ұстанымдағылардың уәжіне тоқталады. Сонымен бірге мұндай бетбұрыстан күтетін үмітін де жасырмайды: «Біз қазаққа қала сал деп үгіт айтсақ, әлбетте, отырықшы халықтың түпкілікті қонысқа ие болатындығын; кәсіпшіл болмақ, өнерлі болмақ, оқымысты, алымды болмақ – отырықшы болғанда ғана табылатындығын шамалап айтып едік» – дейді. «Айқаптағы» жарияланымдарда шамамен осы пікірді Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев және басқа ұлт оқығандары да ұстанды [8].

Бұл мәселеде «Айқапқа» қарсы ұстанымды «Қазақ» бетінде ашық білдірген Ә. Бөкейхан болды. «Талас дүния – ғұмыр сифаты, талас, тартыс жоқ болса, ғұмыр абақты болар еді», – деп, айтыс тақырыбына байланысты ол өз уәжін білдірді: «Біздің ақылымызша адам баласының шаруасы бірте-бірте қиыншылықпен, көп жылдарда аударылады. Мал бағып, шаруа қылып келе жатқан жұрт, орыс 15-тен жер берді деп егінші бола қалмайды. Мал шаруасы тымақ емес, төре келе жатыр деп қолға жұлып алатын. Мал шаруасын тіршілік үшін ұстап жүрген жұрт 15-тен жер алса, үлкен аяққа тар етік киген болады. Біз, қазақ-ау, 15-тен жер алмай тұрып жан-жағыңа қара дейтініміз, қазақ 15-тен жер алып, осы алақандай жерге мал бақпақ, бұған мал бағылмайды» [9].

Қорыта айтқанда, «Қазақ» газеті бетінде Ә. Бөкейхан мен оның пікірлес серіктерінің бұл тақырыпқа байланысты жариялаған материалдарындағы негізгі тұжырым мынаған сайды: а) әрбір халықтың құрған шаруашылығы ғасырлар бойы өзін қоршаған табиғи ортаны игеру барысында қалыптасады, сондай-ақ ол халық озбыр әкімшіліктің немесе жеке адамдардың қалауы бойынша аз уақыт ішінде мүлдем жаңа сападағы шаруашылық түріне ауыса салмайды, ондай өзгеріс мақсатты әрекетті және көп уақытты талап етеді; ә) әлемдік тәжірибе (Аустралия, Швейцария т.б.) көрсетіп бергеніндей, мал шаруашылығымен айналысудың түрлі жолдары бар, отырықшы өмір салтына көшіп те мал өсіруге, мал өнімдері арқылы қоғамдық байлық жасауға да болады, ол үшін, мәселен, малдың тұқымын жаңартуға көп көңіл аудару қажет; б) жердің құнарына, ерекшелігіне қарай шаруашылық құру, яғни «жердің құнарына қарай мал бағуға қолайлы жерде мал бағу, ал егінге жарамды жерде егін егіп қала болу тиімді» [10]. «Біз қазаққа қала болма демейміз, – деп жазды А. Байтұрсынұлы – Жақсы жеріңе жиылып қаланды сал, мешітіңді орнат, мектеп, медресеңді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15 десятинамен қала боламын десеңдер, күн көре алмайсыңдар дейміз». [11]. 1913 жылдан бастап Дала Ережесінің 120-бабына [12] және Түркістан өлкесін басқару Ережесінің 270-бабына [13] енгізілген қосымшалардың ұлттық мүддеге қайшы келетіндігін, министрлер кеңесінің қазақ жерін алуға қатысты 1909 жылғы 9 маусымда қабылдаған құжатының заң емес, бар болғаны нұсқау екендігін, сондықтан да переселен шенеуніктерінің отырықшылыққа зорлап өткізуге құқығы жоқ екендігін халыққа түсіндіруді көздеген мақалалар «Қазақтың» әрбір санында дерлік жарияланып тұрды. Мақала авторлары халыққа, жерге байланысты өздерінің құқығын түсіндіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге үкімет шараларының отаршыл сипатын аша отырып, оған

бейбіт түрде қарсылық көрсетуге шақырды. Мәселен, Министрлер Кеңесінің 1909 жылғы 9 маусымдағы нұсқауын негізге ала отырып, переселен мекемелері науқан ашып, қайсыбір уездерде қазақтарға 15 десятинадан жер үлесін белгілеп, отырықшы тұрмысқа аударуға көшкен еді. Міне, осы шараға байланысты «Қазақ» басқармасына переселен мекемелерінің зорлықшыл әрекетін баяндап, кеңес сұраған көптеген хаттар түседі. [14]. Бұл хаттардың біразына газет арқылы жауап берген Ә. Бөкейханның мақалаларын сол тарихи уақыттың контексінде алғанда, батыл деп айту аз, шындап келгенде, үкіметтің жер саясатына ашық түрде қарсы жүргізілген насихаттың өзі болатын.

1909 жылы Семейдегі Қарауылдан Абай Құнанбаевтың туыстары Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Кәкітай Ысқақұлы Ә. Бөкейханға хат жазып, «Не айтасың, ата қоныс, кір жуып, кіндік кескен Қарауыл өзені мұжыққа кетіп барады, 15-тен жер ал дейді, аламыз ба? – деп сұрайды. Сонда Ә. Бөкейхан: «Бұл жолсыз қоқан-лоқы тәмәм қазақ баласына. Құнанбай баласы Тобықтыға мұрындық болды деген атқа қаларсың, не болса жұртпен бірге көр. Жұрт шаруасы қағазбен 15-ті алғанмен егінге айналмас. Тәмәм қазақ Құнанбай баласына еріп 15-ке құл болса, мал баққан шаруаға зиян болар» – деп жауап береді. Шәкәрім мен Кәкітай Әлиханның кеңесін қабыл алып, Қарауылдан айырылады [15].

Қорыта айтқанда, «Қазақ» газеті, Ә. Бөкейхан және оның серіктері отырықшы норманың отаршыл мазмұнына, аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсылық танытып, рухани кемелдіктің үлгісін көрсеткен еді. Патша үкіметі ғасырлар бойы отаршыл саясат жүргізе отырып, қазақ қоғамы санасында мемлекеттік тұтастық, мемлекеттік тәуелсіздік, жалпы мемлекеттік туралы ойды, пиғылды біржола жоюға күш салды. Өз ретінде қазақ зиялылары да патша үкіметі орнатқан мемлекеттік басқару жүйесінің басынан аяғына дейін отарлық сипатын жақсы түсінді. Әкімшіліктің мұндай мазмұндағы ұстанымы жергілікті халық өкілдерін араластырмаған губерниялық, уездік мекемелердің қызметінен ғана емес, тіптен қазақтардың қолына берген болыстық басқарудан да айқын байқалды. «Қазақ» газеті ол жөнінде жариялаған көптеген материалдарының бірінде «болыс сайлау» аяғы бітпейтін дауға ұласты. Болыс көп сайлаған болмай, бөтен елден орыс жетелеп әкелеген бұралқы болды. Мұның сөзін тыңдаған адам жоқ, мұның болыстығында не қасиет, бұл болыс болған елде не береке?!» [16] деп жазды. XX ғасырдың басында переселен поселкелерінің жедел көбеюі барысында қазақтарды көп ойланып жатпай-ақ біржола орыс сот жүйесіне аудара салуды насихаттаушылар шыға бастайды. Мұндай бағытты қолдаушылар қазақ оқығандарының арасынан да табылды. Бұл өте қауіпті ұсыныс болатын. Ә. Бөкейхан, мәселен, осыған орай «Қазақтың би һәм билігін өзгертіп не керек, шірік жіп қанша жалғағанмен не іске жарайды? Бұл биді, билікті жоғалтып, қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шариғатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады», – деп жазды.

Қалай болғанда да «Қазақ» газеті шыққаннан кейінгі уақытта қазақ ұлт-азаттық қозғалысы етек-жеңі жиналып, жаңа сапаға көтеріліп, негізгі

мақсаттары, таяу арадағы міндеттері мен стратегиялық бағыт – бағдары айқындала түсті. Ал осы бір тарихи кезеңде көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа, ұлтқа саналы түрде қызмет жасау қасиетті парызға, қоғамдық ойдағы ағымға айналды.

Қазақ ұлтшылдығы. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы жағдайында білімді және саналы азаматқа ұлтшылдық ұстанымында болмау мүмкін еместін. Сонымен бірге, әрине, оқыған қазақтардың барлығы бірдей ұлтшылдық ұстанымында болды деудің өзі қателік болар еді. Міржақып Дулатұлы айтқандай сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамында «шын ұлтшылдың өзі аз еді. Ұлтшыл еместердің көбі өзімшіл, дәреже құмар, парашыл, шағымшыл, зорлықшыл еді» [17].

Күн санап күш алып келе жатқан ресейлік отарлау саясатына қазақ ұлтын ортақ мүдде төңірегіне біріктіре алатын идеология қажеттілігі өзін анық байқатқан болатын. Ә. Бөкейхан пен оның серіктерінің қалыптастырған бұл ұлтшылдық идеологиясының негізін қазақ жерін ішкі Ресейден жаппай қоныс аудара келгендердің игілігіне өту үдерісіне шек қою үшін күрес, қазақ ұлтына өзінің қоғамдық мерездерін дәл де тура түсінуге, әсіресе шаруашылық жүргізу, заманға лайық білім алу ісінде артта қалғандығына көзін жеткізе отырып ұлттық санада сол кемшіліктерді жеңуге деген құлшыныс туғызу еді. Сонымен бірге ұлттық саяси топ ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтірмейінше негізгі мақсатқа жету, жүріп жатқан ұлттық құндылықтарды құнсыздандыру үрдісін тоқтату мүмкін еместігін жақсы түсінді. Сондықтан да ұлттық мемлекеттік үшін күрес – идеологияның өзекті жібі және басты мұраты болуға тиіс екендігі байқалды.

1905 жылы Қарқаралыда, Оралда, Жетісуда, қазақ жерінің басқа да орталықтарында өмірге келген арыз-шағымдарда толық негізді мынадай талаптар қойылды: ішкі ресейлік губерниялардан орыс шаруаларының қазақ жеріне жаппай қоныс аудару толқынына шектеу қойылсын, жергілікті халық орналасқан жер оның заңды меншігі екендігі мойындалсын, діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту ісін жүргізуде ұлт мүддесіне қайшы келетін шектеулер жойылсын, тиесілі көлемде қазақ мектептері ашылып, оларда сабақ қазақ тілінде жүргізілсін, қазақ халқының мұң-мұқтажын еркін білдіруге жол ашатын құрал – цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат берілсін және т.с.с. [18].

Бұл арыз-тілектермен мұқият таныса отырып қазақ ұлтшылдығының өмірлік сұраныстан туған табиғи құбылыс екендігін жеңіл аңғаруға болады. Сондай-ақ, оның қалыптасқан көзқарас есебінде көрінуіне қажет алғышарттар да пісіп жетілген еді. Міржақып Дулатұлының «шынын айтқанда, күні кеше бәріміз де ұлтшыл емес пе едік? Қазақ оқығандарының ең әуелгі тобы ұлтшылдар емес пе еді?», [19] – деген сөзі сол тарихи кезеңге тиесілі өмір шындығын айғақтайтын негізді тұжырым еді.

Сондай-ақ, бұл жалғыз қазақ оқығандарына ғана емес, жалпы барлық отар елдеріндегі қоғамдық өмірде көрініс тапқан жағдай еді. Дж. Неру осы тарихи

кезеңде ұлтшылдық (национализм) «бүкіл Азия елдерінде үстемдік құрған прогресшіл күш болды» деп жазды [20].

Сол сияқты қазақ зиялыларының ұлтшылдығы, кеңестік тарихтану дәлелдеуге тырысқандай, қарабайыр ұлтшылдық емес-тін. Олардың қазақ қоғамы мерездерін ымырасыз сынға алуы тарих туралы ғылыми түсінікке негізделді. Өз халқының жүріп өткен жолын, жиған тәжірибесін сарапқа салу олар үшін қоғамдық мешеуліктің себеп-салдарына көз жеткізу үшін қажет болды. Бұл ретте олар өткен тарихты қызықтаудан, оны әсірелеуден алыс болып, керісінше, оған риясыз шындық тұрғысынан дәл баға беруге тырысты. Ә. Бөкейхан: «Пәлен хан-ай! Пәлен би-ай!» деп отырып өкінесіңдер! Бұрынғы хандарың да, бұрынғы билерің де осы күнгі атқа міндім деп жүрген өздеріңдей еді. Қазақтың бұрынғы басшыларында әділдік-береке болса, бұл күнде қазақ бұл күйде болар ма еді? Жұрттың берекесі кетуге түптеп себеп болған нәрсе – қазақта ¡бірліктің жоқтығы. Бірлік жоқтан қазақтың һәр қайсысын һәр жерде дұшманы ойбайлатқан. Бұрынғы хан болсын, билер болсын, әділдіктен жырақ болған, дәл осы күнгі атқа мінген өздеріңдей», – деп жазды [21].

Олар туған халқының күні өткен дәстүр салтын, ұлттық мінезіндегі оғаштықты аяусыз сынға алып, әлемдік өркениет көшіне ілесу үшін ол кемшіліктермен ымырасыз күресуге, келе жатқан жаңа заман талабына сай оқу мен білім, өнер мен мәдениет жолына түсуге шақырды. Қазақ оқығандары сонымен бірге негізгі мақсатқа жету үшін басқа да отарлық тәуелділіктегі елдермен күш біріктірудің қажет екендігін жақсы түсінді.

Мұсылмандық және ұлт-азаттық қозғалыстардың өзара байланысы туралы. XX ғасырдың басындағы қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жалпы империялық мұсылман қозғалысымен тығыз байланыста даму алды, алғашқы кезеңінде тіптен оның қуатты ықпалында болды. Демек, азаттық үшін қозғалысты оның осы табиғи байланыстарынсыз тура және терең түсіну мүмкін емес. Мәселен, бірінші орыс революциясы және одан кейінгі алғашқы жылдары қазақ саяси тобы (Ә. Бөкейхан бастаған) саяси күресте ресейлік конституциялық-демократиялық партиясын қолдады, сондай-ақ өздері де I және II Мемлекеттік Думаға депутаттыққа осы саяси партияның атынан түсті. Жалпыресейлік мұсылмандар үшін ортақ саяси ұстаным болған мұндай шешім 1905 жылы 15 тамызда Нижний Новгород қаласында болып өткен Жалпыресейлік бірінші мұсылмандар съезінде қабылданып, «Бүкілресейлік мұсылмандар одағы» бағдарламасына енді [22].

Сонымен бірге, ресейлік мұсылмандардың кадеттермен одағы көпке созылған жоқ. Оның мынандай себептері бар еді. Кадеттер партиясының бағдарламасында Ресейдегі барлық ұлттардың тең құқықта болуы жөнінде талап қойылды. Соған байланысты I және II Мемлекеттік Думаға сайлау барысында империяның мұсылман тұрғындары кадеттер партиясы атынан депутаттыққа түскен кандидаттардың өтуіне біраз күш салды да. Бірақ уақыт өте келе кадеттердің басқа ұлттардың тең құқығы үшін мақсатты қызметі соншалықты байқала да қоймаған еді. Тура осы мәселеге қатысты

Ресей Ішкі істер министрлігінің полиция департаменті губерниялық жандарм басқармалары мен қоғамдық қауіпсіздікті қорғау бөлімдеріне жолдаған құпия циркулярында мынандай ойды білдіреді: «Одной из главных причин, возбудившей в мусульманах симпатию к конституционно-демократической партии, был пункт программы названной партии, требующий равноправия всем подвластным России национальностям и, во время выборов в первую и вторую государственные Думы, российские мусульмане проявили значительное старание к тому, чтобы, по возможности, провести в Думу «кадетов». В последствии мусульмане несколько охладели к конституционно-демократической партии, благодаря тому обстоятельству, что «кадеты» более обращали внимания на евреев, чем на все другие национальности и игнорировали интересы мусульман» [23].

Мұсылмандардың кадеттер партиясы атынан сайланған өздерінің Думадағы өкілдеріне наразылығының күрт өсуіне әсіресе, 1907 жылғы 3 маусымда қабылданған сайлау туралы заң себеп болды. Сол қабылданған заңның нәтижесінде Думадағы мұсылман-депутаттардың саны 40-тан 6-ға кеміп кеткен еді [24]. Жалпыресейлік мұсылмандар қозғалысы жалпытүркілік қозғалыс сияқты өмірлік негізі бар қоғамдық құбылыс болатын. «Бүкілресейлік мұсылмандар одағының» бағдарламасында қозғалыстың дін, саясат, және азаматтық өмірде мұсылмандарды кемсітуге қарсы және барлық мәселелерде орыс халқымен құқықтық тұрғыдан тең болу үшін күресетіндігі, сондай-ақ күнделікті тұрмыста, оқу-білім және дін ісіне мұсылмандар өмірінің жаңа сапаға өтуіне ешқандай кедергі қойылмауы билік алдына қойылды.

Қозғалыс билік алдына елде конституциялық басқаруды енгізуді, жеке тұлға бостандығын және Заң алдындағы отбасы дербестігін, ар-ұждан және дін, сөз және баспа, түрлі қоғамдық бірлестіктер құру және жиналыс бостандығын, жалпыға бірдей тікелей және құпия сайлау құқығын Заң жүзінде және өмірде қамтамасыз етуді талап ретінде қойды. Мемлекеттік Думада мұсылмандардың санына сәйкес депутаттар сайлануын, ал ол депутаттардың заңдық актілерді қабылдаумен бірге, үкімет және әкімшілік орындары қызметін бақылауға құқылы болуы туралы айтылды.

Мұсылмандық қозғалыс бағдарламасында ерекше көңіл аударылған мәселе бұл, әрине, білім, оқу-ағарту ісі еді. Ресейлік мұсылмандық қозғалыс басшылары өз халықтары үшін ұлттық езгі мен феодалдық артта қалушылықтан құтылудың ең дұрыс та сенімді жолы осы білім жолы екендігін, ал елге сапалы да зайырлы білім жүйесін шынайы демократиялық өзгерістерсіз енгізу мүмкін еместігін жақсы түсінгендігі анық байқалды. Мәселен, мектептер мен медреселерде сабақ оқушылардың өз ана тілінде жүруін, сондай-ақ мұсылмандар үшін жалпы білім беретін мектептермен қатар кәсіби білім беретін оқу орындарының ашылуын талап етті. Міне, осы айтылғандардың бәрі XX ғасырдың басында енді ғана күш ала бастаған Жалпыресейлік мұсылман қозғалысының қоғамдық өзгерістер мәселесінде дұрыс бағыт ұстанғандығын айғақтайды. Өкінішке орай, ресейлік билік орындары, ұлыдержавалық және ұлыорыстық шовинистік күштер

мұсылмандық қозғалыстың мұндай қарқын және бағыт алуынан үрейлене қорықты, өйткені ол империяның ыдырауымен, оның орнында ұлттық мемлекеттік құрылымдардың өркен жаюымен аяқталатындығы кімге де болса түсінікті еді.

Сонымен бірге жалпыресейлік мұсылман қауымы (умма) билік алдында қоғамдық мәселелерде бір ұстанымда, ауызбірлікте бола алған жоқ-тын. Қауым ішіндегі пікір қайшылығы әсіресе мұсылмандық білім саласында анық байқалды. XX ғасырдың басында мұсылман оқу орындары мектептер мен медреселерде дәстүрлі усул-кадим оқу әдісі бойынша білім алып жүрген жастар арасында білім сапасын реформалауды талап ретінде қойған қозғалыс бой көрсетеді. Олар тым шектеулі усул-кадим оқу әдісі бірнеше жылда бере алмаған білімді бір-ақ жылда бере алатын, яғни оқу бағдарламасына (құран) діни білімнен басқа жаратылыстану және гуманитарлық жалпы білім пәндерін енгізуге жол ашатын усул-жадид оқу әдісіне көшуді талап етті [25].

Басқаша айтқанда, бұл мұсылмандық мектептер және медреселерді жалпы білім беретін зайырлы оқу орындарымен ауыстыру мәселесінің қойылуы еді. Бұдан тыс қала және елді мекендерде оқу залдары (читальный), кітапханалар ашылып, мұсылман қоғамдарындағы күні өткен салт-дәстүр, ұғым-түсініктерді сынға алған көркем шығармалар, газет-журналдық түрлі материалдар жарық көре бастайды. Бұл қалыптасқан жағдай ресми билік орындарына қандай жайсыз тисе, одан артық болмаса, кем емес дәрежеде консерваторлық ұстанымдағы дін басылары мен олардың соңындағы молдалардың да зығырданын қайнатқан еді. Өйткені күні өткен діни ұстанымдардан бас тарту бұл әлеуметтік топтың қоғам алдындағы беделін түсірумен бірге, оларды бұрынғы билігі мен табысынан айыратындығы анық еді.

Әрине, жалпымұсылман қоғамындағыдай қазақ қоғамындағы діни ұстанымдағы адамдар да қоғамдық-саяси мәселелерде біркелкі көзқараста болған емес. Олардың арасында усул-жадид медресесінің шәкірттерімен, А. Байтұрсынұлы жазған оқулықтармен «күреске» шыққан Досмайыл қажы Қашқынбайұлы сияқтылар да болды. Сонымен бірге медресе ұстап, ел арасында озық ой ұрығын сепкен көкшетаулық молда Науан Хазірет (Наурызбай Таласов), «Оян, қазақ» сияқты кітаптарды ел арасында насихаттағаны үшін жер аударылған Ақмола мешітінің имамы Қажитолла Махмұтов, Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған, Петербургте «Серке» атты газеттің екі нөмірін шығаруға атсалысқан молда Шәймерден Қосшығұлов, «Қазақ» газетінің шығуына қаржысымен көмек берген Ахмет ишан Оразаев сияқты дін жолындағы тұлғалар да болды.

Сонымен, XX ғасырдың басындағы жалпыресейлік мұсылман қозғалысы зор қарқынмен басталып империя мұсылмандарының өмірі мен болашағына қатысты аса өзекті қоғамдық мәселелерді билік алдына қоя білді. Оның И. Гаспаралы, Ж. Ақшора, Ф. Каримов, М-Ғ. Яушев, Р. Фахретдинов, С. Мақсұдов сияқты қайраткерлері Ресейдегі жалпымұсылмандық және жалпытүріктік мәселелерді тиесілі дәрежеде

569134

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МАНКАНОВА
г. Петропавловск

көтерумен бірге сол құндылықтар үшін күресе алатындықтарын да көрсетті. Бұл тарихи мезгілде сондай-ақ қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жалпыресейлік мұсылман қозғалысымен өзара бірлікте болуға ынталылық танытқаны да анық байқалды және бұл жағдай қазақ халқының рухани өміріне жаңа серпін берді. Қазақ және татар зиялыларының осы тарихи мезгілдегі өзара тиімді байланысы аса маңызды тарих сабағы ретінде ешуақытта өз мәнін жоғалтпайды.

Қазақ оқығандары үшін аса тарихи мезгілдегі ең өзекті мәселе бұл, әрине, қазақ өмірін заман сұранысына бейімдеу, яғни реформалау мәселесі еді. Бұл тұрғыдан алғанда XX ғасыр басындағы ұлттық зиялылары буыны ұлт тарихындағы алғашқы реформаторлар буыны болатын.

Реформаторлар буыны. XIX және XX ғасырларда қазақ қоғамын реформалауға (модернизация) байланысты өзара қарсы келген екі ұстанымды көреміз. Бірі, қазақ қоғамына байланысты Ресей билеушілерінің көзқарасын білдіруші М.М. Сперанский мен П.А. Столыпин ұстанымы. Бұл ұстанымдағылардың көздеген мақсаты қазақ елі мен жерінің барлық мүмкіндіктері мен ресурстарын метрополия мүддесіне жарату, осы жолда қазақ халқын орыстандыру арқылы өзіне сіңіріп жіберу болды. Ресей реформаторлары қазақ мемлекеттілігін түп-тамырымен жоюды, мемлекетшілдік идеясын қазақ санасынан біржола ысырып тастауды, қазақ жерін біржола орыс билігінде қалдыруды көздеді.

Әлихан Бөкейхан бастаған алғашқы ұлттық зиялылар буыны ресейлік отарлау саясатына шектеу қою, қазақ жерінің бүтіндігін, қазақ ұлтының бірегейлігін сақтау, осы мақсатта ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолын ұсынып, білім мен ғылымға сүйеніп негізгі мақсатқа қол жеткізу үшін бел шеше күреске шықты.

Қазақ қоғамын реформалауға байланысты қазақ оқығандарының ұстанымы концептуалдық тұрғыдан Әлихан Бөкейхан еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ретте қозғалыс басшысы мынадай тұжырымдарға келді:

Біріншіден, «жердің көп-аздығына қарамай, жердің һауасына қарай адам баласы мал баққан, ия егін салған... Қазақ жері мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан.

Жерінің ерекшелігіне қарай бейімделіп, мал өсіруді негізгі кәсібіне айландырған жұрт жалғыз қазақ емес. Австралиядағы ағылшын жұрты, Швейцария елі де осы тиімді мал шаруашылығымен айналысып отыр». Ә. Бөкейхан ұстанымында мал басын асылдандырып, тиімді мал шаруашылығына көшу қазаққа да пайдалы болмақ.

Екіншіден, алдымен патшалық биліктің, сонан соң кеңестік биліктің қазақ елін ешқандай да даярлықсыз, тез арада отырықшы тұрмысқа аудару жобасы тиімсіз, тіптен қауіпті. Ең алдымен, қазақ «өз жерін құнттап ұстап», оның асты-үсті байлығын өз кәдесіне жарата білуді үйренгені жөн. Олай болмаған күнде ол жердің берекесі қолынан іс келетін шебердің қанжығасында кетеді. «Өз жеріне өзі қызмет қылмай, іске жаратпай, жер закон арқылы менікі» дегендік «атадан қалған көп қазынаны басқан жаман

бала сипатында емес пе? Бұл ақымақ сорлы қайда баратыны кәрі-жасқа мәлім емес пе?», – деп жазды ол.

Әлихан Бөкейхан сол мезгілде-ақ қазақ жерінің кең және бай екенін, бұл жағдайлардың елдің игілігіне жағымды әсер ететінін жақсы түсінді. Сонымен бірге, ол болашақта әрбір ұлттың байлығы жерінің кеңдігі және қазба берекесінің молдығымен өлшенбейтінін, ертең-ақ білім мен озық технологияға ие жұрттың алға шығатынын ескертті. Ол «жүйріктік – ақылда, үсталық-жаһидшілікте», «Мал бағып, малының артынан еріп көшкен қазақ сияқты халық байлық, қазына мал кіндігінде деп біледі. Қазынаға қуат беретін адам ақылы, адам қолы, адам жаһиты екенін» біле бермейді деп көрсетті [26]. Яғни тек заман сұранысына лайық өзгеру жолында тұрған халық қана ертеңіне сенімді болмақ...

XX ғасырдың басында переселен поселкелерінің жедел көбеюі барысында қазақтарды көп ойланып жатпай – ақ біржола орыстың жүйесіне аудара салуды насихаттаушылар шыға бастайды. Мұндай бағытты қолдаушылар қазақ оқығандарының арасында да бар еді. Бұл өте қауіпті үсыныс болатын. Осы орайда, мәселен, Ә. Бөкейхан «... қазақты орыс судьясына қарату керек деп орыс айтады, шариғатқа қарату керек деп біздің молдалар айтады. Біз мұның екеуіне де қол қоймаймыз» деп, оның себебін былайша түсіндірді: «қазақ орыс сот жүйесіне аударылар болса, онда баяғы қаңғырған жаман билікке зар болар... қазаққа әкеліп мұжық қамытын кигізе салса, бұл бір түске кірмеген қиыншылық. Мұнан қазақ безу керек» – деп жазды.

Ә. Бөкейхан жалғыз сот жүйесіне ғана байланысты емес, жалпы мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты осындай пікірде болды. Ол «елдің тұрмысын, тілін, мінезін» білмеген кісі көшбасын алып жүре алмайды. Олай болса көпұлтты болып құрылған Ресейді бір орыстың билеймін дегенінде мағына жоқ. Ресей өзге тілі, тұрмысы, қаны басқа жұртқа автономия беруі керек», – деп жазды. Әрине, қазақ зиялыларының ұлттық мемлекеттілікке байланысты көзқарасының ылғида жетіліп, өзгеріп отырғандығы түсінікті. Дегенмен, болашақ ұлттық мемлекет оның демократиялық сипаты туралы олардың пікірі осы кезде-ақ қалыптаса бастаған еді.

Азаттық қозғалыс басшылары үшін ең алғашқы үлкен сын 1916 жылғы көтеріліс, соның нәтижесінде қоғамда қалыптасқан күрделі жағдай болды. Кез келген теориялық ұстанымдардың дұрыс немесе қате екендігінің жалғыз өлшемі – практика. Әлихан Бөкейхан мен оның серіктерінің саяси күресінің қазақ мүддесінен алшақ еместігін көп ұзамай-ақ советтік шындықтың өзі-ақ көрсетіп берді.

1916 жылғы көтерілістің сабақтары. 1916 жылғы көтеріліс Ресей билігінің ортазиялық халықтарды басқару тәртібінің терең дағдарысқа келіп тірелгендігінің көрінісі еді. Сондай-ақ қазақ және басқа ортазиялық халықтардың патша үкіметінің реформалық шаралары мен отаршылдық өктемдігіне берген жауабы еді.

Үстірт қарағанда Алаш қайраткерлері ұстанған ұлтшылдық ұстаным мен 1916 жылғы халық көтерілісі арасында үйлесімділік жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес.

1916 жылғы көтеріліс қазақ жерінде ресейлік басқару жүйесі біржола орнаған соң (1868 ж.) араға жарты ғасыр уақыт салып жергілікті халықтардың өзінің ұлттық құндылықтарын қорғауға әзір екендігінің көрінісі еді. Бұл сондай-ақ, түркістандық қырғыз, өзбек және басқа туыс, тағдырлас халықтардың бәріне бірдей ортақ көңіл күйі болатын. Сонымен бірге, ұлттық сананың жаңа сапаға көтерілгендігінің айғағы болған 1916 жылғы көтеріліс, белгілі дәрежеде ел оқығандарының ұлт санасын жаңа сұраныстарға бейімдеу, ұлт жігерін қайрау бағытында жүргізген шығармашылық қызметінің нәтижесі екендігін жоққа шығару да қисынды болмас еді.

Осы ретте ғасыр басында қазақ қоғамының рухани әлемін билеген екі әлеуметтік күштің болғанын бөліп айтқан жөн. Олардың бірі – қоғамдық өмір сахнасына көтерілген жаңа әлеуметтік күш – елдің жоғын жоқтаған зиялылар шоғыры және олардың қазақ еліне арнаған сөзі еді.

Ал «Айқап» және «Қазақ» сияқты алғашқы жалпыұлттық басылымдар зиялылар сөзін елге жеткізген жаңа құрал, жаңа күш міндетін атқарды. Міне, осы екі қуатты күш – Зиялылар, олардың аузымен айтылған дәлелді Сөз, сондай-ақ оларды қоғаммен жалғастырған Мерзімді басылым – ұлт өмірін өзгертті, оған жаңа мазмұн, жаңа сапа берді. Қазақ аталатын жұрт осы екі күштің арқасында өзін тұтас бір ұлт ретінде сезіне бастады, адамзат қауымдастығында өз орнын іздеу жолына түсті. Осы жағдаймен жақсы таныс бола отырып, кеңестік идеологиялық аппараттың қазақ қоғамы XX ғ. басында орыс социал-демократиясының, большевиктер партиясының ықпалында болды деген тұжырымы, оны жүйелі түрде орнықтырып, білім жүйесіндегі оқулықтарға енгізуі, әрине, идеологиялық зорлықтың нақты көрінісі еді.

Советтік кезеңде 1916 жылғы көтеріліске байланысты зерттеулерде айтыс-тартыс оның әлеуметтік-таптық сипатына байланысты жүрді. 1926 жылы көтерілістің он жылдығына байланысты Т. Рысқұлов «Восстание туземцев Туркестана 1916 году» – атты мақаласын жариялап, большевизм идеологтарының аяғын баскандай қарсылық тудырды. Оларға ұнамағаны Т. Рысқұловтың Орта Азия халықтарының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты кенеттен және жаппай көтерілуін «бұратаналардың көтерілісі» ретінде бағалауы, яғни көтерілістің жаппай ұлттық сипат алғандығына басымдылық беруі еді [27].

Т. Рысқұлов аталған еңбегінде 1916 жылғы патша жарлығына байланысты жергілікті халықтардан соғыс қажеттілігіне жұмысшылардың алынуын көтерілістің шығуына түрткі болған оқиға ретінде қарастырып, ал көтерілістің негізгі себебі «патшалықтың Түркістанды 50 жыл бойы тоқтаусыз отарлық қанауға алуы болды» деп көрсетті. Түркістан Ресей үшін «айтарлықтай кең қанау объектіне, өз өнімдерін өткізетін базарға және

шикізат көзіне, сондай-ақ еркін үлестіріп, иемденуге болатын мол жері бар өлкеге айналды», – деп жазды.

Осы арада кеңестік тарихнама айналып өтетін мынадай жағдайға көңіл аударуға тура келеді. Отарлау – түрлі қоғамдық күштердің атсалысуымен атқарылатын процесс. Ресейлік отарлау ісіне атсалысқан сондай күштердің бірі, әрине, ішкі ресейлік губерниялардан қазақ жеріне қоныс аудара келген шаруалар болғандығы мәлім. М. Шоқайдың «патшалық үкімет мұжыққа таянса, мұжық патшалық үкімет жүргізіп отырған жер саясатының игілігін көріп кенелді» [28] – деген сөзі өмірлік тәжірибеге сүйенген тұжырым болатын. Яғни, 1916 жылғы көтеріліс, әрине, ең алдымен негізгі отарлаушы күш патшалық әкімшілікке, сондай-ақ қазақ жері мен елін отарлау ісіне атсалысқан басқа да әлеуметтік күштерге қарсы бағытталды. Басқаша айтқанда, ол ұлт-азаттық сипат алды.

Кеңестік тарихнама бұл тарихи шындықты мойындауға бармады. Неге? Біріншіден, кеңестік идеология патшалықтың отарлау саясатын сөз жүзінде айыптағанымен, іс жүзінде үкіметтің қазақ жерінің асты-үсті байлығын игеру және ішкі ресейлік шаруалар мен жұмысшыларды қазақ жеріне қоныстандыруды жалғастыру шараларын қолдау жолында тұрды. Бұл ісін ол түрлі идеологиялық жамылғылар арқылы жүргізді. Екіншіден, 1916 жылғы көтеріліс тарихына байланысты мынадай бір жағдайға назар аударуға тура келеді. Кеңестік кезеңде, қазақ қоғамы саяси репрессия жағдайында ғана емес, сонымен бірге орталық билік тарапынан, яғни сырттан таңылған идеологиялық агрессия жағдайында да өмір сүруге мәжбүр болды. Белгілі бір дәрежеде теориялық ұстанымы қалыптасқан қоғам империялық мүддесін көздей отырып, кенже қалған қазақ қоғамында өзінің жасанды теориялық тұжырымдары мен ұстанымдарын орнықтыруға күш салды. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ қоғамы XX ғасыр бойы кеңестік империя тарапынан жүргізілген түрлі идеологиялық агрессияның сынақ алаңына айналды. 1916 жылғы көтерілісті жаңа ұстаным тұрғысынан қорыту ісінде біз бұл жағдайға көз жұма алмаймыз.

Біздің бұл ойымызға 1916 жылғы көтерілістің 10 жылдығына байланысты кеңестік басылымдарда жүрген дискуссия материалдары нақты куәлік жасай алады. Т. Рысқұловтың 1916 жылғы Орта Азия елдеріндегі көтерілісті ұлт-азаттық көтеріліс ретінде қарастыру ұстанымын қырғыз елінің белгілі мемлекет қайраткері, 1927-1933 жылдары қырғыз үкіметін басқарған Жүсіп Әбдірахманов та қолдады «О восстании 1916 года» аталатын мақаласында ол «1916 жылғы көтерілістің сипатын анықтаудың тарихи маңызы зор», ал оның «қозғаушы күші тек бұратана халық болды, өз ретінде ол Түркістандағы орыс шаруаларының ғана емес, тіптен аз ғана орыс жұмысшыларының да қолдауын ала алған жоқ. Ондай қолдау орыс мұжығының тарапынан болмайтын да еді, өйткені патшалықтан жүргізіп отырған отарлау саясаты жағдайында оның мүддесі жергілікті халықтың мүддесімен мүлдем үйлеспейтін еді», [29] – деп жазды.

Дискусссия нәтижесінде Т. Рысқұлов пен Ж. Әбдрахмановтың ұстанымы, әрине, жеңіліс тапты. Кеңестік тарихнамада (1955 жылғы конференциядан соң) 1916 жылғы көтеріліске байланысты «прогресшіл, революцияшыл, халық-азаттық сипат алып, патшалық билікке, сондай-ақ, аракідік феодалдық-бай элементтерге қарсы бағытталды» – деген мағынадағы дүдәмал, бұлыңғыр баға берілді. Басқаша айтқанда, тарихи оқиғаға баға беру ісінде, басымдылық тарихи шындыққа емес, советтік тарихнамаға тән таптық принципке, саяси конъюнктураға берілді.

Алаш зиялылары 1916 жылғы көтеріліске байланысты жағдайды көздерімен көрді, жандарымен сезінді, көтеріліс жөнінде пікірлерін жазып қалдырды. Ия, рас, олар көтеріліс басталғанда оған қарсы ұстанымда болды, қарулы әскерге қарсы тұру елге бүліншілік әкеледі деп түсінді. Оқиғалар ағымы бұл ұстанымның негізсіз еместігін көрсетті. Сонымен бірге, алаштықтардың 1916 жылға байланысты көзқарасы, біржақты, қарабайыр еместін. Ә. Бөкейхан көтеріліске байланысты «алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ері құлдықтан, әйелі күңдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды» деп жазса, М. Дулатұлы 1916 жылды тарихи жыл деп бағалап, «өткен жыл бізге ұмытпастай сабақ берді. Сырымызды ашты. Бұл күйде тұра берсек, мұнан кейінгі заманда тағы да осындай оқиғалар болмасына кім кепіл?» – деп жазды.

1916 жылғы көтеріліс жалпыұлттық сипат алды. Сонымен бірге ол ресейлік биліктің қазақ қоғамына тым тереңдеп кіргендігінің көрінісі болды. Көтеріліс қазақ қоғамының алдына екі бірдей өзекті мәселені ашық қойды. Біріншіден, ендігі уақытта өзіңді-өзің сақтау үшін бұрынғы күйде өмір сүруге болмайтындығын байқатты. Көтеріліс нәтижесіз аяқталды, қазақ қоғамының әлсіздігін және қорғансыздығын білдірді. Екіншіден, көтеріліс азаттық үшін күрестің жаңа, яғни интеллектуалдық әдіс құралдарын игеруден басқа жолдың жоқ екендігін анық көрсетті.

Орталық Азия және Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің себеп-салдарын талдауға алу ісіне большевизм теоретиктері барған жоқтын. Ал олардың империя өмірінде орын алған бұл тарихи құбылыс сабақтарын есепке алмағандығы келесі 1917 жылы анық байқалады.

Большевиктік идеологиялық агрессия. 1917 жылғы қазан революциясы нәтижесінде билікке келген кеңес үкіметі сол уақытқа дейін отарлық тәуелділікте азап шеккен қазақ халқына өзін өзі билеу мүмкіндігін (самоопределение) беру міндетін күн тәртібінен алып тастап, оның орнына тек кеңестік, яғни таптық негіздегі билік жүйесін енгізетінін мәлімдеді.

Қазақ қоғамына байланысты (тек қазақ қоғамына байланысты емес) мәселенің осы мазмұнда қойылуы қаншалықты негізді еді? Тарихи тәжірибе көрсетіп бергеніндей, большевизм тарапынан ұлт өміріндегі кезекті де, міндетті кезең өзін өзі басқарудың орнына таптық жіктелуді енгізу теориялық тұрғыдан қателік, ал өмірлік тәжірибе тұрғысынан ұлт өміріне жасалған қиянат еді.

Жалпы бұл мәселені сол тарихи кезеңде теориялық тұрғыдан Алаштық зиялылар тура түсіндірген болатын. Мәселен, Елдес Омарұлы 1927 жылы тергеушіге берген жауабында мынадай ойды білдіреді: «Менің ұлтшылдық сенімім мынадай жағдайға байланысты: мен барлық басқа ұлтшыл отандастарым сияқты қазақ елім жақсы өмір сүрсе екен деген ойдамын. Қазақ халқы экономикасы мен мәдениетін еркін дамытқанын қалаймын...» [30].

«Менің ол кездегі... қалыптасқан көзқарасым бойынша, – деп көрсетті Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары Халел Ғаббасов 1927 жылы 25 қаңтарда берген көрсетуінде, – халық бүтін және бөлінбейтін құбылыс, соған байланысты мен саяси қызметімде (басқалармен бірге) тек қана жалпыұлттық мүддені басшылыққа алдым» [31].

Алаштықтардың мұндай мазмұндағы ұстанымы осы мезгілде Азия және басқа континенттерде жүріп жатқан ұлт-азаттық қозғалыстардың бағдарламалық ұстанымымен толық үйлесімді еді. Мәселен, Никарагуа (Латын Америкасы) ұлт-азаттық қозғалысының басшысы генерал Аугусто Сесар Сандино 1933 жылы ақпанда аргентиналық публицист Рамона де Белаустегигойтидің сандинистерді коммунистік ұстанымдағыларға жатқызуға болады ма? – деген сауалына «біздің қозғалысты ұлттық мүддені қорғау арнасынан шығарып, оған таптық-әлеуметтік мазмұн беру әрекеті бір емес бірнеше мәрте жасалынды. Мен бұған бар күш-жігеріммен қарсылық көрсеттім. Біздің қозғалысымыз ұлттық және антимпериалистік мазмұндағы қозғалыс» [32] – деген тұрғыдан жауап береді.

Осы ретте мынадай жағдайға назар аударған жөн. Біз соңғы уақытқа дейін Алаш қозғалысын басым түрде жалпыресейлік контексте талдауға алып келдік. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының табиғатын тура түсінуде бұл методологиялық әдіс тым шектеулі еді. Қалыптасқан жаңа жағдайдың көрсетіп отырғанындай еліміздің өміріндегі бұл тарихи құбылысты кең арнада карап, ой елегінен өткізгеніміз дұрыс болмақ. Алаш қозғалысы – бұл антимпериалистік, отаршылдыққа қарсы мазмұн және бағыттағы қозғалыс. Мәселені осы, өзінің табиғи арнасында қарау бізге ұлт өміріндегі большевизм идеясы мен практикасын тура түсінуге жол ашпақ. Большевизм өзінің теориялық ұстанымдары мен радикалды реформалық шараларын күшпен енгізе отырып, қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсіретіп және сөндіріп қана қойған жоқ, қазақ халқын бұрынды-соңды болмаған қырғынға ұшыратты, оның қалыптасып қалған саяси жетекші күшін жойып жіберді. Қазақ жерінде большевиктер жүргізген жаһандық эксперимент осы салдар тұрғысынан бағаланғаны тура болмақ.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы аталған қазақ ұлт-азаттық қозғалысы толық табиғи құбылыс болатын, ал оны табиғи арнасынан күшпен ығыстырған большевиктік идея мен практика тарихи тұрғыдан қазақ ұлт-азаттық қозғалысына жасалынған қиянат еді.

Кеңес үкіметі: ұлт-азаттық қозғалысын сөндіру курсы. 1918 жылдың наурызында Алашорда үкіметінің тапсыруымен Мәскеуге келген Халел Досмұхамедұлы мен Жаһанша Досмұхамедұлы Халық Комиссарлар

Кеңесінің Төрағасы В.И. Ленин және Ұлт Істері бойынша Халық Комиссары И.В. Сталинмен кездесіп, оларға II Жалпықазақ-қырғыз съезінің (Орынбор, 1917, 5-13 желтоқсан) қаулысын табыс етеді. Бұл, әрине, қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының өздерінің мақсат-мүддесін, оны іске асыруға байланысты қызметінің бағыт-бағдарын жаңа биліктің каперіне жеткізіп, оның қолдауын алу әрекеті болатын.

И. Сталин 19 наурызда Семей қаласымен телеграф арқылы хабарласып, Алашорда үкімсті басшыларын келіссөзге шақырады. 20 наурыз күні Алашорда үкіметінің атынан сөйлесуге шыққан Халел Ғаббасовқа И. Сталин Совет үкіметінің Ұлт мәселесіне ерекше көңіл аударып отырғандығын, ал II Жалпықазақ съезі шешімдерінің жаңа биліктің ұстанымына ешқандай да қайшы келмейтіндігін, Алашорда үкіметі өз тарапынан Кеңестер билігін мойындайтындығын мәлімдесе, қалған мәселелерді осы мақсатта құрылған комиссиялардың өзара кездесулері арқылы шешілетіндігін жеткізеді [33].

Сырттай қарағанда И. Сталин тарапынан білдірілген пікір жағымды көрінгенімен, оның астарында үлкен зіл жатқан еді. Ол Мәскеудегі орталықтың Алашордаға қазақ жерінде қос өкіметтің орнағанын мойындату әрекеті болатын.

Араға бір күн салып берген жауабында Алашорда үкіметі, Кеңес өкіметін барлық автономиялы халықтардың кіндік өкіметі ретінде мойындайтындығын, сонымен бірге II Жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес Алаш автономиясын жариялайтындығын, сондай-ақ оның құрамына енетін жер көлемін белгілеп, ұлттың автономия өкіметіне оның құрамындағы халықтардан «көбінен көп, азынан аз» өкілдер енетінін, ал автономияда заң шығаратын және ел билейтін үкімет Алашорда болатындығын, жергілікті облыстық, уездік кеңестер оған жәрдемші міндетін атқаруға тиістігін жеткізді.

Алашорда өз жауабында жергілікті кеңестердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыға жабылған Алашорданың оқу комиссиясының, Қазақ комитеттерінің және земскі управа мүшелерінің тез арада босатылуын, мұнан былай оларды өтірік шағым, жаламен қуғын-сүргінге ұшыратуды тоқтатуды талап етті.Осы жауабында Алашорда сондай-ақ қазақ істері бойынша орталық үкіметтің жанындағы өзінің өкілі ретінде келіссөз жүргізуші Халел және Жаһанша Досмұхамедовтарды бекіткендігін хабарлады [34].

Алашорда жауабын естіген И. Сталин көп кешікпей телефон арқылы жауап қайтаруға уәде береді. Дегенмен, Алашорданың Орталық өкіметке өзінің ұстанымына байланысты білдірген хабары жауапсыз қалған еді. Бұл Орталықтың қазақ жерінде өз билігіне балама биліктің болуын қаламайтындығының көрінісі болып шықты.

Орталық өкіметтің бұдан кейінгі Қазақстанға байланысты ұйымдық шаралары ұлт-азаттық платформасындағы алаштық зиялылардың ұстанымын әлсірету, оларды мүмкін болғанша саяси қызмет кеңістігінен ығыстыру бағытында жүрді.

И. Сталин 1918 ж. 7 сәуірде Кеңес өкіметінің Торғай облысындағы комиссары Ә. Жангелдинге жолдаған жеделхатында «Автономия талап етіп отырған буржуазиялық-ұлтшыл топтар оны өз халқының бұқарасын қанау құралына айналдырмақ. Сондықтан да олар орталық кеңестік билікті мойындайтындығын мәлімдеп, сонымен бірге жергілікті кеңестерді мойындағысы жоқ. Өздерінің ішкі істеріне араласпауды талап етуде» [35], – деп көрсетті.

Азамат соғысы жылдары алдымен Колчактың уақытша Сібір үкіметі, сонан соң Кеңес үкіметі қазақ азаттық қозғалысының империя құрамында ұлттық автономия құру әрекетін мойындаудан бас тартты.

Кеңестік билік мұнымен шектелген жоқ. Ендігі уақытта ол қазақ елімен жұмыс жүргізуге тиіс болған жаңа билік орындарына яғни қызметке, азаттық қозғалыстан мүлдем алыс, тіптен кезінде оған қарсы әрекеттерімен байқалған адамдарды тарта бастайды.

Бұл ретте ең алдымен ауызға ілінер тұлға – Әліби Жангелдин. Оның кенеттен саясат сахнасына көтеріліп, танылуы 1917 жылға тиесілі. Бұл уақытқа дейін ол қазақ қоғамында белгілі бір қызметімен көзге түспеген, тек осы жылы Торғай уезі сайлаушыларын Алаш партиясына емес, социал-демократтарға дауыс беруге шақырды. Бірақ оның бұл әрекетінен ештеңе шықпай тұр. Себебі 54 мың 978-і Алашқа, тек 41-і ғана социал-демократтарға дауыс берген еді [36]. Алаштықтарға қарсы бұл көңіл-күйін бүкіл ұлт-азаттық қозғалысына байланысты білдіріп отырған Ә. Жангелдин.

Торғай облысы бойынша халық комиссары қызметіне кіріскендігі жөнінде И. Сталинге баяндап, ал өзіне көмекшілік қызметке Мұхамедияр Тұнғанчинді алғандығын мәлімдейді. Ал 1918 жылы мамырда Ұлт істері бойынша Халық Комиссариаты жанында Қазақ бөлімін құру туралы шешім қабылданғанда, бұл бөлімнің меңгерушісі қызметіне тағы да М. Тұнғанчинді ұсынады.

Ал осы М. Тұнғанчин кім еді? 1888 жылы қазіргі Ақтөбе облысының Ырғыз қаласында өмірге келіп, 1905 жылдан 1917 жылғы революциялық өзгерістерге дейін, Орынборда татар және қазақ басылымдарының цензоры қызметін атқарған, азаттық ұстанымындағы қазақ зиялыларына қарсы патшалық билікке қызмет жасаған адам ретінде танылған еді.

Басқаша айтқанда, міне, осы қалыптасқан жағдай ұлт-азаттық қозғалысы басшыларын тұйыққа тіреді.

1919 жылдың көктемінде Кеңес үкіметінің басшылығымен келіссөз жүргізу үшін Мәскеуге қызыл комиссар Әліби Жангелдинмен бірге қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі Ахмет Байтұрсынов аттанды. Осы мезгілден бастап Қазақ кеңестік автономиялық билігі орнағанға дейінгі (1920 ж.) уақытта А. Байтұрсынов Мәскеудегі орталық билік алдында, қазақ азаттық қозғалысы ұстанымын білдіруші саяси тұлға міндетін атқарды. Оның 1920 жылы Лениннің атына жолдаған хаттарын осы тұрғыдан ғана тура түсінуге болады. Өмірде орын алған оқиғалардың маңыздылығын ескеріп бұл тарихи кезеңнің ерекшеліктеріне қысқаша болса да тоқталып өтейік.

Бұл кезең (1919-1920 жж.) Кеңестік жоғарғы билік пен қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының алғаш рет бетпе-бет келіп, мемлекеттік құрылыс мәселесінде өздерінің ұстанымын анықтау сәті болды және ол нені байқатты? Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жаңа қалыптасқан саяси жағдайда өзінің толық табиғи тарихи арнасында, яғни өзін-өзі билеу құқығына қол жеткізу(национальноесамоопределение–М.Қ.),осынегіздекордаланыпқалған ішкі әлеуметтік-саяси мәселелерін шешу әрекетіне көшу платформасында тұрғандығын анық көрсетті. Ал Кеңестік басшылық өз билік жүйесін күштеп енгізу ұстанымында тұрғандығын бүкпесіз ашық аңғартты. Сәл кейінгі уақытта бұл ұстаным кеңестік ғылымда «капиталистік емес жол» концепциясы түрінде негізделді.

Осы тарихи мезгілге тиесілі тарихи фактілерге сүйеніп, аталған ұстанымдарды талдауға алып көрейік. Жаңадан билікке келген большевиктер партиясының ұлт мәселесінде өмірлік шындыққа негізделген нақты бағдарламасы емес. Большевиктер партиясының басшылары пролетариат диктатурасы әлеуметтік теңсіздіктің кез-келген көрінісіне қарсы, сондықтан да осы ұстанымға сәйкес ол ұлт мәселесін бірден және түбегейлі шешетін болады деп түсіндірді. Ия, рас, олар алғашында сөз жүзінде болса да отарлық тәуелділіктегі елдердің өз еркіндігі үшін күресін заңды да табиғи құбылыс ретінде мойындады. Сонымен бірге, большевиктер партиясы, империяның Қазақстан сияқты шет аймақтарындағы азаттық қозғалыстарға бар болғаны метрополиядағы пролетарлық революцияның қосымша күш қоры (резерві) ретінде қарады. Жаңа биліктің ұлт мәселесі бойынша бас теоретигі және комиссары И. Сталин өзінің белгілі «Ленинизм негіздері жөнінде» атты лекциясында ұлттардың құқығы туралы мәселе «оқшау және дербес мәнге ие мәселе емес, пролетарлық революция туралы мәселенің бөлігі, яғни бүтінге тәуелді және өзіне осы бүтін тұрғысынан қарауды талап етеді» [37], – деп көрсетті.

И. Сталин өз кезегінде В.И. Лениннің «демократияның кейбір талаптары, соның ішінде өзін-өзі билеу мәселесі шексіз нәрсе емес, бар болғаны әлемдік жалпыдемократиялық (қазіргі: жалпысоциалистік) қозғалыстың бөлігі ғана, мүмкін, кейбір нақты жағдайларда бұл бөліктің жалпыға қайшы келуі ықтимал, ондай жағдайда бөліктің талабы орындалмақ емес», [38] – деген тұжырымына сілтеме жасайды. Басқаша айтқанда, большевизмнің теориялық негізін қалаушылар ұлт-азаттық қозғалыстарды әлемдік революциялық процестің бөлігі, оған тәуелді резервтік күш ретінде қарастырды. Яғни олар пролетарлық революцияның әлемдік деңгейде жеңіске жетуін отар елдердің өз тәуелсіздігін алуының алғышарты ретінде түсіндірді.

Ал енді Кеңес үкіметі басшыларының бұл ұстанымына байланысты қазақ ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілері қандай көзқараста болды? Мәскеуге 1919 жылдың көктемінде келген А. Байтұрсынов Кеңес үкіметінің басшысы В.И. Ленинмен және ұлт істері бойынша комиссар И. Сталинмен келіссөздер жүргізіп, соның нәтижесінде ақгвардияшылардан

қол үзген алаштықтарға кешірім (амнистия) жарияланып [39], сондай-ақ, осы жылдың 10 шілдесінде В.И. Ленин «Қырғыз (қазақ-авт.) өлкесін басқаратын революциялық комитет жөніндегі уақытша ережеге» қол қояды.

1919 жылдың мамыр айынан бастап шілде айының алғашқы күндеріне дейін Мәскеуде Ұлт істері бойынша комиссариаттың Қазақ бөлімінде қызметте болып, ал осы жылдың шілдесінен бастап Қазақ Революциялық Комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған А. Байтұрсынов үшін жауабы жоқ сұраулар аз емес-тін. Солардың бірі, мүмкін ең негізгісі – ол жаңа Кеңестік биліктің қазақ сияқты ұлттардың пісуі жеткен қоғамдық мәселелерін шешуге байланысты белгілі бір бағдарламалық ұстанымының жоқ екендігі еді. Билікке келген большевиктер партиясының ұлт мәселесінде «ұлттар өзін-өзі билеуге құқылы!» сияқты ұраннан басқа белгілі бір бағдарламалық ұстанымының жоқ болғандығын Т. Мартин сияқты батыстық зерттеушілердің өздері де мойындайды [40].

Кеңес үкіметінің ұлт мәселесінде бағдарламалық ұстанымының жоқ екендігін сырттай емес, Мәскеудегі Ұлт істері бойынша комиссариат аппаратының және Қазақ революциялық комитеті қызметіне тікелей араласа жүріп байқаған А. Байтұрсынов 1920 жылы 17 мамырда В.И. Ленинге жолдаған хатында: «1) Қазақ өлкесін басқаруға қойылған орталық өкілінің белгілі бір ұстанымы болған емес, соның салдарынан нақты жұмыс жоспары да жоқ; Мұндай жағдайды орталықтың өзінің «Ресей халықтарының құқық декларациясы мен РК(б)П бағдарламасындағы принциптік нұсқауларынан басқа Қазақ өлкесінің әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін есепке алған қазақ мәселесіне қатысты нақты көзқарасының жоқтығымен түсіндіруге болады

2) Орталық өкілдері мен жергілікті халықтың арасында өзара сенім де болған жоқ» [41], – деп көрсетті.

А. Байтұрсынов хатында Орталық билік қызметіндегі (оның) кемшіліктерді көрсетіп сынаумен шектелмей, күрделі жағдайдан шығуға мүмкіндік беретін жолды да айтқан еді. Совет үкіметіне қазақ мәселесіне байланысты екі жолдың бірін таңдауға тура келеді» – деп көрсетті ол. Бірінші жол қазақ жерінде бұрынғыдай өз генерал-губернаторларын тағайындап, қазақтардан оларға бас шұлғып бағынуды талап ету. Бұл түрлі патшалардың сынынан өткен таныс жол. Екінші жол: «Ескі патшалық билік тұсында қазақ ұлтының мүддесі үшін күресте біршама тәжірибе жинап, халықтың сеніміне кірген қазақ оқығандарын жаңа билікке қызметке тарту Қазақтарда елдің сеніміне ие болған зиялылар тобы бар, – деп көрсетті ол, – олардың қателесуі немесе адасуы мүмкін, ал бірақ олар өз халқын саналы түрде ешқандай да жеке бас мүддесі және пайдасы үшін сатпайды».

Бірінші жолды таңдау – Кеңестік биліктің іргесіне құрылыс іргесіне құм төсеуімен бірдей, ал екінші жолды қабыл алу – құрылыстың іргесіне тас төсеумен тең болмақ, – деп көрсетті [42]. Бұл, басқаша айтқанда, социалистік революцияның жетекшісі және Кеңестік биліктің негізін қалаушы В.И. Лениннен ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы мәселені

декларация түрінде қалдырмай, нақты шындыққа айналдыруға мүмкіндік туғызуды талап етудің өзі еді. Яғни сөз бен істің арасындағы алшақтыққа жол бермеу, олардың тұтастығы туралы мәселенің қойылуы болатын.

А. Байтұрсыновтың В.И. Ленинге жолданған келесі екі хаты маусым айына тиесілі. Бұл екі хат та В.И. Лениннің 1920 жылы III Коммунистік Интернационалдың II съезінде жасамақ болған «Первоначальный набросок тезисов по национальному и колониальному вопросам» – атты баяндамасына орай жазылған. В.И. Ленин аталған тезистерін даярлап, осы жылдың 5 маусымында бірнеше партиялық және кеңестік қызметкерлерге таратып, олардан «өте қысқа көлемде (2-3 беттен артық емес) өз пікірлерін, түзетулерін немесе қосымшаларын, немесе нақты түсініктерін берулерін» өтінеді. Лениннің әсіресе, мынадай пункттер бойынша деп бөліп көрсеткендерінің арасында «Башкирская и Татарская Республики. Киргизстан. Туркестан, его опыт» – деген пункт те бар еді [43]. Екі жауап хаттың біріне А. Байтұрсынов өзі жеке, ал екіншісіне түркістандық қайраткерлермен бірге қол қойған [44].

А. Байтұрсынов өзі жеке қол қойған 4 пункттен тұратын хатында Ресей империясындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен орталық большевиктік биліктің ара-қатынасына қатысты В.И. Лениннің тезистеріндегі тұжырымдармен үйлесе бермейтін өте маңызды пікірлер айтылып, тұжырымдар жасалған [45].

Сондықтан да ол хатқа бөлек тоқталған жөн. А. Байтұрсынов бұл құжатта большевиктік басшылықтың ұстанымымен үйлеспейтін тұстарын білдірген, бірінші пікірі мынау: «Осы уақытқа дейін тұсын Еуропадағы капитализмнің күш алуына қызмет жасап келген Шығысқа ендігі уақытта Еуропадағы революцияны жасауға және оны күшейте түсу үшін пайдалануға болатын отар ретінде қарауға болмайды, ал оны еуропалық капитализм және империализм езгісінен азат ету коммунистік ұйымдардың дербес міндеті мен мақсаты болуы тиіс».

Яғни, А. Байтұрсыновтың пікірінше, Коммунистік Интернационал, Кеңес үкіметі ұлт-азаттық қозғалыстарға бар болғаны әлемдік пролетарлық революцияның қосымша күш қоры (резерві) ретінде қараудан бас тартып, оларды дербес мәнге ие қозғалыс ретінде мойындауға міндетті. Бұл, әрине мәселені мүлдем басқа негізде қарауға шақырған батыл ұсыныс болатын.

Бұл хатта А. Байтұрсынов жасаған келесі тұжырым, ол билікке келген коммунистік партияның шығыс елдеріне тән әлеуметтік жағдайдың ерекшелігін, күрделілігін және әртүрлілігін тура есепке ала отырып, соған лайықтап өз саясатын жүргізе алуы жөнінде «РКП және Коминтерннің міндеті, – деп көрсетті А. Байтұрсынов өз хатында, – бұл қозғалыстың (ұлт-азаттық деп оқыңыз – авт.) доңғалағына кедергілер қою емес, керісінше оны бақылай және басқара отырып, мүмкін болғанша оған қолдау жасау, сөйтіп оның таза ұлттық немесе буржуазиялық сипат алып кетуіне жол бермеу». Басқаша айтқанда, коммунистік партиялар ұлт-азаттық қозғалыстардың таза ұлтшылдық немесе капиталистік сипат алып кетпеуіне ықпал жасағаны жөн.

Бүкіл империя көлеміндегі күрделі қоғамдық өмірді бір ғана тап аралық күрес тұрғысынан түсіндіріп, оны бір қалыпқа салу әрекетіне көшкен большевиктік билік Қазақ Комитеттерін кеңестерге, Алаш партиясын большевиктер партиясына, ал Алашорда үкіметін Кеңес үкіметіне балама құрылымдар ретінде қарастырып, ешқандай да өзара түсінісуге, ымыраға бармастан оларды «буржуазиялық құрылымдар» ретінде жою жолына түсті.

Бұл, әрине, билік партиясы тарапынан көрсетілген революциялық тәкәппарлықтың нақты көрінісі болатын және ол ұлттық демократиялық күштер тарапынан нағыз зорлықтың көрінісі ретінде бағаланды. Міне осы жағдайға байланысты А. Байтұрсыновтың «билік құрушы ұлттың пролетарлық және соған жақын күштерінің» «ұлы державалық, бонапартистік» «менмендікпен және тәкаппарлықпен қанаудағы ұлттардың революциялық ұйымдарын» жоюына байланысты өзінің және серіктерінің шексіз наразылығын білдіріп, бұдан былай да шығыс республикаларының ішкі өміріне жөнсіз араласа беру жақсылыққа апармайтындығын ескертуі, әбден орынды еді.

Хат авторының астарлы ойын түсіну оны мұқият оқыған кісіге, әрине, қиынға түспейтін. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының атынан айтылған осы және басқа пікірлерді Ресей революциясының көсемі түсінушілікпен қабыл алды ма? Жоқ. Бұл ретте В.И. Лениннің тезистеріне жауап ретінде жазылған екінші хат авторларының бірі Заки Уәлиди Тоғанның естелігінде айтылған мына жолдарға назар аударған артық емес: «Лениннің шығармалар жинағында жарияланған бұл тезистер 12 баптан тұратын. Біз оларды түркістандық жолдастарымызбен бірге оқыдық... Араға екі күн салып мен оған өз ойларымды еркін тезистер түрінде жазып жеткіздім», – деп көрсетіп, мынадай тұжырымға келеді: «Ол біздің көзқарасымызды қабылдауға ниетті емес-тін. Бұрынғы отар елдерде олар енді тек орыс пролетариатына ғана сенетін болады, ал бізге сенім деңгейі олардың басшыларын тыңдап, айтқандарын бұлжытпай орындап отыруымызға байланысты, сондай-ақ социализм Ресейде және әлемде біржола орныққанда ғана бізге сенуге болады. Соған дейін Шығысты метрополия пролетариаты басқаратын болады... Мен бұл пікірді өз құлағыммен естідім» [46].

Міне осы қысқа түрде баяндалған тарихи фактілерден сұранып тұрған тұжырымдарға көңіл аударайық. Біріншіден, В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы таптық партиялық мүддені тым біржақты ұстанғаны соншалық, ол қордаланып қалған ұлттық мәселелерді кейінге ығыстырып, оны социализм жеңісі жағдайында өзінен-өзі шешімін табатын мәселе ретінде қарастырды. Ресей сияқты көпұлтты империя жағдайында саяси басшылықтың мұндай біржақты шешімге келуінің аз ұлттар үшін қаншалықты зардапты салдары болуы мүмкін екендігін большевиктік лидерлер сол тарихи кезеңде тура түсіне алмады. Бұл жіберілген қателік И. Сталиннің жеке басшылығы тұсында бірнеше мәрте үлкейіп, орыс емес ұлттар үшін нағыз трагедияға айналды.

Екіншіден, большевиктер партиясы бұрынғы патшалық билікті ұлт мәселесіндегі ұлыдержавалық саясаты үшін қаншама сынға алып, ол ұстанымнан кететіндігін мәлімдегенімен өздері де сол саясаттың шеңберінен шыға алмады. Кремльдегі басшылық кеңестік биліктің алғашқы күндерінен бастап-ақ қазақ қоғамынан ойлы, ұлт мәселесінде прогрестік көзқарастағы және берік ұстанымдағы тұлғаларды емес, керісінше Орталықтың курсын көз жұмып, бас шұлғып іске асыруға әзір қызметкерлерді іздеп, соларға қолдау көрсетті. Басқаша айтқанда, Кремльдің кобасы бойынша Қазақстанда орнауға тиіс саяси жүйе, одақтық мүдделер мен кергілікті мүдделерді үйлестіруші міндетін емес, әрқашанда бірінші кезекте одақтық, ұлыдержавиялық курстың орындалуын қамтамасыз ететін жүйеге айналуға тиіс болды.

Азамат соғысы барысында ресейлік оңшыл және солшыл күштер бірдей Алашорда үкіметін жоюға мүдделілік танытып, өздерін қазақ жерінде заңды билік ретінде мойындауды талап етті. Олардың ешқайсысы да қазақ халқының еркімен санасуды жөн көрген жоқ. Бұл, әрине, ұлыдержавалық, империялық ұстанымның көрінісі болатын. Осы ұстанымды қабылдаған советтік тарихнама Алашорданың заңды немесе заңсыз билік екендігі туралы мәселені қоюды біржола ұмытқан еді.

Алашорда және Кеңес үкіметі: заңды билік кімнің жағында еді? 1919 жылы 10 шілдеде РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В.И. Лениннің қол қойған жарлығымен Қазақ әскери революциялық комитеті құрылды. Кезінде зерттеушілер бұл құрылымды Кеңестік Қазақстанның алғашқы үкіметі ретінде қарастырды. Комитеттің қызметін анықтаған Уақытша Ережеде «таяу арада жалпы қазақ съезін шақырып Қазақ өлкесін автономия ретінде жариялағанға дейін өлкедегі жоғарғы әскери-азаматтық басқару ісі Революциялық комитеттің құзырына өтеді» [47], – деп көрсетілді.

Советтік ұстанымдағы ғалымдар бұл билік орнын заңды үкімет ретінде қарастыруға ынғай танытты. Академик С.З. Зиманов мұндай ұстанымға келіспеушілік білдіріп «Қазақ революциялық комитеті, әрине, құрылу қолдары және бақылау мүмкіндігі тұрғысынан да, сондай-ақ қызмет жағдайы мен негізі және саяси-құқықтық өкілдігі тұрғысынан да «үкімет» болған жоқ», [48] – деген пікір айтты. Заңгер ғалымның бұл пікірін толық орындылығын айтылған пікір ретінде қабылдауға негіз аз емес. Өз тарапымыздан бұл пікірге қосымша мынадай жағдайды ескерген жөн деп білеміз. Қазақ әскери революциялық комитеті революциялық өзгерістер нәтижесінде қазақ жерінде өмірге келген жалғыз билік орны емес-тін. Бұған дейін, мәселен, 1917 жылғы ақпан төңкерісі нәтижесінде Петербургтегі Уақытша үкімет тарапынан тағайындалған Түркістан Комитеті, облыстардағы комиссарлар қызметі болғандығын айтқан жөн. Осы жылдың соңына қарай елдегі саяси аласапыран барысында қоғамды жайлаған берекесіздік жағдайында өмірге келген Алашорда үкіметі қазақ жері көлеміндегі атқарушы билік құзырын өз қолына алатындығын мәлімдеді. Келесі жылы құрылған Самарадағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің үкіметі (КОМУЧ) және Омбыдағы Колчак

үкіметі өздерін империя көлеміндегі билік орындары ретінде мойындатуға әрекет жасады.

Кеңестік тарихнама осы революциялық өзгерістер нәтижесінде патшалық билік жүйесінің орнын басуға тырысқан құрылымдардың қайсысының қазақ жерінде қызмет жүргізуге құқықтық негізі бар екендігі жөнінде мәселе қойған емес. Оның алдында бір-ақ міндет тұрды. Ол кеңестік биліктің ғана заңды әрі жергілікті халық үшін тиімді билік жүйесі екендігін жан-жақты негіздеу болды. Шын мәнінде бұл құрылымдар қалыптасу әдістері мен саяси-құқықтық негізі тұрғысынан сырттан, империялық өктемдік арқылы белгіленген басқару органдары болатын.

Олардың құқықтық өкілдігін анықтау және белгілеу ісінде, қазақ жерінің егеменді иесі және негізгі тұрғыны қазақ халқының ешқандай қатысы болған емес. Жалпы алғанда мемлекеттік басқару жүйесін құру және оны жүргізу ісінде большевизм ешқандай да жаңалық әкелген жоқ, ол бар болғаны ескі мемлекеттік аппаратты киратып, жедел түрде оның орнына жаңа мемлекеттік-бюрократиялық құрылымды орнатты.

Қазақ қоғамы үшін бұл процестің мынадай ерекшелігі болды: Кеңестік билік мекемелеріне қызметке қазақ елінің өкілдері тартыла бастады. Жаңа билік орындарына тартылғандарға бір ғана шарт қойылды: олар биліктің бағыт-бағдарын анықтау ісінде мәскеулік орталықтың шешуші рөлін ешқандай да қарсылықсыз мойындап, оның қаулы-қарарларын күнделікті қызметінде басшылыққа алуға тиіс болды. Бұл шартты қабылдай алмағандар, әрине, билік жүйесінен шығып қалды, көп жағдайда түрлі жамылғы сылтаулармен жауапқа тартылып, сотталды.

Жалпы, бұл мәселеде құқықтану ғылымының анықтаушы рөлін мойындай отырып, дегенмен патшалық және советтік билік орындарының қазақ жеріндегі құқықтық негізі туралы тақырыпқа белгілі себептерге байланысты зерттеу еңбектерінде жете көңіл аударылмай келгендігін айтқан артық емес. Осы арада Кеңес өкіметіне дейін қазақ жерінде билік құрған патша өкіметінің билігі қаншалықты легитимді (латын сөзі «заңды» деген ұғымды береді – авт.) билік еді? – деген сұрау туады. Бұл сұрауға жауапты кезінде «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» атты кітап авторлары берген. Кітаптың осы мәселеге қатысты IX тарауында мәселен, патшалықтың бодандығына ену туралы «антты қазақ билеушілерінің жоғарғы өкілдері ғана берді», сондықтан да «қазақтардың ресейлік бодандыққа өтуі қазақ ақсүйектері мен патша үкіметі арасындағы келісімнің нәтижесі» арқылы іске асырылды, бодандық халық бұқарасының еркінен тыс қабылданды деген тұжырым жасалынған [49]. Бұл ғылыми тұрғыдан негізді тұжырым еді. Осы жылы басқа батыл тұжырымдардың 1943 жылы жарық көрген бұл кітаптың кітап сөрелерінен алынып тасталуына себепші болғандығын ескерген жөн.

Революциялық өзгерістер жағдайында қазақ қоғамы үшін Уақытша өкімет және Кеңес өкіметінен жақын тұрған және түсінікті билік орны, әрине, Алашорда үкіметі болатын. Сондай-ақ Алашорда үкіметі қалай

болғанда да ұлт тарихының күрделі кезеңінде қазақ жерінің барлық өңірінен шақырылған 80-нен астам ұлт өкілдері тарапынан жабық сайлау арқылы сайланған, яғни қазақ қоғамы үшін легитимді билік болатын.

Кезінде кеңестік тарихнама 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында болып өткен жалпықазақ съезін «қоғамның жоғарғы бай-феодалдарының және халық мүддесіне қарсы «Алаш» партиясы өкілдерінің» жиыны ретінде атап, ал съездің Алаш автономиясы мен оның Алашорда аталатын үкіметін құру туралы шешімін ешқандай негізсіз контрреволюциялық әрекет есебінде бағалады [50]. Мұндай тұжырым, әрине, кеңестік тарихнамада орын алған тарихи ақиқатты бұрмалаушылықтың бірітін. Осы ретте 1917 жылғы желтоқсандағы жалпықазақ съезіне қатысқан өкілдерге байланысты мынадай жағдайға көңіл аудару артық емес.

Біріншіден, екінші жалпықазақ съезінің шақырылуы бұл қажеттіліктен туындаған шара болатын. Бүкіл Ресей империясын жайлаған берекесіздік жағдайында Ә. Бөкейхан бастаған топтың бұл съезді ұйымдастыру әрекеті нағыз отаншылдық ұстанымның үлгісі еді. Аға ұрпақтың бұл қызметін ұлттың кейінгі буындары осы тұрғыдан қабылдағаны жөн.

Екіншіден, құрамында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Сағындық Досжанұлы және Елдес Омаров бар ұйымдастырушы топ «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеу жолдап, елде қалыптасқан саяси жағдайды талқылау мақсатында өткізілмек жалпықазақ съезіне ел ішіндегі осы мәселеге ықыласты деген тұлғаларға шақыру жолдады. Арнайы шақыру ел ішінде беделді және белгілі деген адамдарға жіберілді, сондай-ақ оған қатысуға ынталы кісілерге де ешқандай шектеу қойылған жоқ. 1917 жылғы қазақ қоғамы жағдайында жалпыұлттық жиынға өкілдер шақырудың басқа тиімді жолдарын ойлап табудың өзі де мүмкін емес-тін. Уақыт өте тар, бұған қосымша ел ішіндегі байланыс құралдары тым әлсіз еді. Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға өтер алдында Ә. Бөкейхан сөз алып: «Былтырдан бері шаршы топта сөйлеп, бәйгі алған, осы сиезге шақырылған ардақты, шешен Ораз ақсақал Тәтіұлы опат болды. Мәжілісті марқұм Оразға дұға қылып басталық», – деген ұсыныс жасап, ол қабыл алынып, Тәтіұлының рухына дұға оқылады. Яғни, сиезге саяси белсенді қызметі арқылы қоғамда танылған білімді зиялылармен қатар міне осы Ораз Тәтіұлы сияқты ел арасында беделді ақсақалдар да шақырылған болатын. Жалпы мұндай бүкіл ұлттық құрылтайға барлық өңірлердегі елге танымал тұлғаларға хабар салып шақыру қазақ қоғамында ескі замандардан үзілмей келе жатқан дәстүр екендігін ескерген жөн. Соған байланысты қазақ халқының 2-ші Жалпыұлттық сиезіне тілектерін башқұрт өкілі Ахмет Заки Уәлиди, Орынбор мұсылман әскерінің өкілі прапорщик Баширов, татар тілінде шығатын «Янги уақыт» газетінің бас редакторы Ф. Кәрімов, Орынбордағы муфтиаттың бас муфтиі Ғалымжан хазірет, Орынбор әскер округының өкілдері Тимофей Седельников, Абдрауф Богданов және басқалар білдіріп, қазақ халқын бірлікке үндеді.

Сиез қоғамның күрделі де ауыр тарихи кезеңде тұрғанын, ал ел ішіндегі алалықтың, ауызбіршілікке бастамайтын өзара кикілжіңнің мұндай жағдайда

қауіпті екендігін ескере отырып, ұлтты бірлікке шақырды, осы мазмұнда ұлтқа үндеу даярлап, оны газет арқылы қоғамға жеткізуді М. Дулатов мен А. Байтұрсыновқа тапсырды.

Осы келтірілген фактілік материалдар ұлттық тұтастыққа, бірегейлікке ұмтылыстың, сол арқылы өмірдің жаңа сапасына өту әрекеті болатын. Ал енді сиездің осы тұрғыдан атқарған міндетіне көз жұмып, оны қоғамды кейінге тарткан бай-феодалдардың жиыны ретінде көрсету, әрине, тарихи фактіні жай бұрмалап түсіндіру ғана емес, халықты, әсіресе кейінгі ұрпақты саналы түрде шатыстыру, оның санасын баска жат арнаға салу әрекеті болатын.

Желтоқсандағы жалпықазақ сиезінің қаулы қарарлары Мәскеудегі орталық билікке, оның В.И. Ленин және И.В. Сталин сияқты басшыларына жеткізілді. Бірақ, ұлт істері бойынша комиссар И. Сталин Ә. Жангелдинге жолдаған (1918 ж. 7 сәуір) телеграммасында қазақ «буржуазиялық-ұлтшыл топтары автономияны өз халқының бұқарасын қанау құралына айналдыру үшін талап етіп отыр», [51] – деп, жалаға жуық ойды айтты. Ал бұл шын мәнінде ұлттық мүддені қорғау жолында тұрған қоғамдық қозғалысты алған бетінен тайдырып, одан таптық-әлеуметтік бағыт алуды талап етудің өзі-тін. Совет үкіметі жалпықазақ сиезінің шешімдерін қабылдамады, оның орнына советтік негіздегі билік жүйесін орнататындығын, қазақ басшылығы оны қабылдауға міндетті екендігін мәлімдеді. Бұл іс жүзінде ұлттың өзін-өзі басқару құқын мойындаудан бас тартудың, сөйтіп оған империялық ұстанымдағы жаңа билік жүйесін күшпен қабылдатудың нақты көрінісі-тін.

Осы ретте тағы да мынадай жағдайды ескерген жөн. Қазақ революциялық комитетінің шамамен он бес айға созылған қызметі тұсында бұрынғы патшалық басқару дәстүрі мен жаңа жағдайда қазақ халқының сұраныстарына орайластырып, қайта құру үрдістері арасында ымырасыз арпалысты күрестің жүргендігі байқалды.

Қазақ облыстарында кеңестік басқару мекемелерінің орнауы Қазақ комитеттерінің таратылуымен қатар жүрді. «Бірлік туы» Қазақ комитеттеріне байланысты жағымсыз пікірді таратушылардың басында ел арасынан шыға бастаған қазақ большевиктердің жүргенін, «орыстың осы большевик ауруының жақын арада қазаққа да жұғып» келе жатқанын жазды.

1918 жылы 7 наурызда Кеңестердің Ақмола уездік атқару комитеті жабық мәжілісінде, уездік Қазақ комитеттерін тарату, ал оның орнына уездік кеңестің жанынан қазақтардың ұлттық ісімен айналысатын бөлім ашу жөнінде шешім қабылдайды. Ашылған бөлімге С. Сейфуллин, Б. Жұманов, Ж. Омаров сияқты саяси ұстанымы тұрғысынан Қазақ комитеті құрамынан шығарылғандар тартылды. Басқаша айтқанда Қазақ комитеттеріне қарсы ресейлік большевиктер жағына шыққан Омбыдағы «Үш жүз» аталған партия белсенділері, Жетісуда Т. Бокин және басқалар Қазақ комитетін тезірек таратып, оның қызметіне ат салысқан ұлт-азаттық қозғалыс белсенділерін абақтыға жаптыруға біраз күш салды. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының түпкі мақсат-мұратын түсіне алмаған бұл ұлт белсенділері құрамы тұрғысынан біркелкі емес-тін. Олардың арасында қарадүрсін, большевиктік дүрмекке

көз жұмып ергендер де, білімінің жетімсіздігінен адасқандар да, сондай-ақ жеке бас бақастығынан жоғары көтеріле алмағандар да аз емес-тін. Қалай болғанда да, осы уақытқа дейін рулық ырың-жырыңның темір құрсауында тұншыққан қазақ қоғамы, ендігі уақытта большевиктік билік жағдайында әлеуметтік-таптық негізде бөлініп-жарылудың қара орманына кірді де кетті.

Қорыта айтқанда, Қазақ комитеттері 1917 жылдың наурыз айынан бастап барлық қазақ облыстарында өмірге келе бастаған Қазақ комитеттері жылдың екінші жартысында Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің ел ішіндегі тірегіне айналған еді. Яғни, Қазақ комитеттері 1917 жылғы қазақ ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы жемісі, оның ұлттық-мемлекеттік дербестікке ұмтылысының нақты көрінісі, халықтың жасампаздық күш-қуатының бар екендігінің айғағы еді.

Кеңестік тарихнаманың Қазақ комитеттері туралы тақырыпты біржола жауып тастауы – ұлттың 1917 жылғы аласапыран тұсында төл мемлекеттілігін қалпына келтіру әрекетін мүмкін болғанша ұмыттыру еді. Ал Кеңес үкіметінің 1919 жылғы Алаш қозғалысына қатынасқан қазақ азаматтарына байланысты амнистия (кешірім) жариялағандығы туралы мәлімдемесі, әрине, құқықтық негізі күмәнды шешім болатын. Елдің азаттығы және оның жерінің тұтастығы үшін күрес жолына шыққан қоғамдық қозғалысты декрет арқылы жою қандай билікке болмасын абырой бермейтіндігі түсінікті.

---

1. Бөкейхан Ә. Шығармалар. А., 1994, 154-155 бб.
2. «Қазақ», 1917, № 234
3. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 2 т., Алматы, 2003, 130 б.
4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ., 046578 іс, 7 т., 190-191 пп.; Егемен Қазақстан, 1992. 7 мамыр.; Абай Университеті. 90 жылдық тарихынан. А., – 2018. – 136-137 бб.
5. 5. Жас алаш, 2016, 29 қыркүйек, № 78.
6. Шоқай М. Таңдамалы. Екінші том. Алматы, 1999, 231 б.
7. Айқап -1913, № 4-5, 73-78 б.б.
8. Сонда, 1913, № 20, 418 б.
9. Қазақ -1913, № 29.
10. Сонда, 1914, № 48.
11. Сонда
12. Законодательные акты Российской империи по истории Казахстана (XIX век). Часть 3. Павлодар, 2015, С.91; Ә. Бөкейхан «Қазақ» газетінде: «25-нші мартта 1891-нші жылы шыққан Степное положениенің 120-ншы статьясында қазақтан артық жерді алмақ. Бұлай болғанда әуелі казақты орнықтыру керек емес пе, қазаққа жер белгілеу керек емес пе? 15-тен алсақ жер белгілеймін, қазақ болып отырсаң, жерден күнде көшірем деп, қазақты күнде көшіріп отыр. Өстіп жұртты билеген патшалық барма екен?» – деп жазды // «Қазақ», 1913, № 28.
13. Законодательные акты Российской империи. Сонда, С. 27.
14. «Қазақ», 1913, № 20, 24, 26, 29 ж.б. сандарында
15. Сонда, 1915, № 105.
16. Сонда, 1913, № 15.

17. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т., Алматы, 2003, 57 б.
18. Қараңыз: Петиция от участников Куяндинской ярмарка председателю комитета министров об угнетенном состоянии казахов // Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, 2004, 33-39 бб.; Қазақша нұсқасы: «Ана тілі» газеті, 1990, 12 сәуір. М. Қойгелдиевтің аудармасында; 1905-нші жылы Орал, Торғай облыстарының Петерборға депутат болып барған ізгі ишандарының дін және жер туралы әр министрлерге жазған хаттары // ҚР Ғылым академиясының орталық ғылыми кітапханасы. РМ 1381 (микрофильм)., ж.б.
19. Дулатұлы М. 3 т., 56 б.
20. Неру Дж. Открытие Индии. Кн. 2. М., 1989. С. 111 21. «Қазақ», 1913, № 12
22. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. 1 т. Алматы, 2008, 216 б.
23. Сонда, 216-217 бб.
24. Сонда, 217 б.
25. Сонда, 218 б.
26. Сонда, 204-205 бб. Қазақ», 1913, № 17.
27. Рыскулов Т. Восстание казахов и киргизов в 1916 году. М., 1927 г.
28. Шоқай М. Таңдамалы. 1 т., Алматы. 1998, 2016 б.
29. Абдрахманов Ю. Избранные труды. Б., 2001. С. 188-190
30. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ. № 011494 іс, 2 т., 15-15 б.б. пп.
31. Сонда, № 078754 іс, 1 т., 386-387 пп.
32. Журнал «Проблемы Мира и социализма». 1989, апрель, 4, 89 б.б.
33. Қойгелдиев М. Аталған еңбек. 459-460 б.б. 34. Сонда, 461-462 б.б.
35. Сонда, 462-464 б.б.
36. Сонда, 415-416 б.б.
37. Сталин И. Вопросы ленинизма. Издание одиннадцатые. М., 1947. С. 47-48
38. Сонда
39. ҚР ОМА, 1023 кор, 1 тізбе, 1 іс, 110-111 п.п.; Ахметова Л.С., Григорьев В.К., Шойкин Г.Н. Алихан Букейханов – поиск ориентиров. Ахмет Байтурсунов – главное обретение государственности. Турар Рыскулов – яркий политик советского Востока. Учебное пособие. Астана. 2008. С. 94
40. Мартин Терри. Империя «положительный деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939. М., 2011. С. 11
41. Письмо А. Байтурсунова В.И. Ленину о преодолении недоверия Советской власти к казахской интеллигенции // Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 3 т., 1 кітап. Алматы, 2007. 59-64 б.б.
42. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы, 3 т., 1 кітап, 60 б.
43. Ленин В.И. Полн.собр.соч., Т. 41. С. 161-168
44. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 3 т., 1 кітап, 65-73 б.б.
45. А. Байтұрсынұлының III Коммунистік Интернационалдың екінші конгресіне қатысқандығы туралы дерек бар. Мәселен, педагог С. Жәкеев «А. Байтұрсынов III Коминтерн конгресінде» атты мақаласында конгрестің «стенографиялық есебі мен протоколын қарап шыққанымда делегаттар тізімінде Байтұрсыновтың фамилиясын кезіктірдім. Демек қадірлі азаматымыз Ахмет Байтұрсынов III Коммунистік Интернационалдың Екінші конгресіне Россия Коммунистік партиясы құрамында делегат болып қатысқан» – деген тұжырым жасайды // Алматы ақшамы, 1991, 24 маусым.
46. Заки Валиди Тоган. Воспоминания. М., 1997. С. 257

47. Протокол революционного Комитета по управлению Киркраем. Ч. II. А., 1987. С. 12
48. Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М. Казахский революционный комитет. Алматы, 1981. С.50
49. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Под ред. М. Абдыкалыкова, А.Панкратовой. КазОГИЗ. 1943. С. 154-155
50. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. А., 1987. С. 71. ж.б.
51. Голощёкин Ф.И. Десять лет пройденных и предстоящие задачи. А., 1930. С.8

1.2 ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА АЛАШ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ: ТАРИХИ-ЗАҢГЕРЛІК АСПЕКТ

1.2.1 Қазақ мемлекеттілігінің қайта қалпына келтірілуі – «Алаш» қозғалысының негізгі міндеттері

Қандай да бір ұлттың тарихындағы әлеуметтік қарама-қайшылықтардың күрделенуі нәтижесінде мемлекет деп аталатын айырықша құрылым қалыптасады. Ол алдыңғы билеуші топтың билеу жүйес мен рулық-тайпалық құрылымдардың өзін-өзі басқару жүйесі (алғашқы қауымдық демократия, қандас-рулық демократия, қандас-рулық бағыну, тайпалық басқару) әлсіреп, көрші ұлттардың экспансиясы күшейген сәтте қалыптаса бастайды. Бұл басқару құрылымының ерекшелігі, белгілі бір қоғамнан бастау алатындықтан ұйымдасқан күшке айналады, қоғамға үстемдік етеді, оны басқарады және сонымен бірге оны сыртқы күштерден қорғайды.

Бұл типтегі мемлекеттер өзі басқарып отырған қоғам және елмен де, шекаралас мемлекеттермен де ұйқаспайды. Бұл жерде қоғамдық құбылыспен мағыналас – «мемлекет», «қоғам», «ел» терминдерінің әр түрлі мағына беретінін түсінуге болады. Жалпы алғанда, қоғам бұл – адамдар жиынтығы, ел – жер аумағы мен онда тұратын адамдардың жиынтығы, мемлекет – ондағы адамдардың қарым-қатынасын реттейтін басқарушы ұйым. Бұл ұғымдардың арасындағы кішкене ғана айырмашылықты елемеу өте үлкен қателік, өйткені бұл ғылыми әдебиетте орынсыз ұғымдардың пайда болуына және олардың ретсізденуіне алып келеді. Оған мысалдар да өте көп. КСРО кезеңінде социалистік болуына қарамастан, ел мен қоғамды «кеңестік» деп атаған, ал Кеңестер мемлекет формасы ғана болды.

Сондықтан да, кей мемлекеттерде Ел мен Мемлекет атауларының да әртүрлі екені кездейсоқтық емес, мысалы: «Франция Республикасы» (мемлекет), «Франция» (ел), «Ұлыбритания Біріккен Корольдігі» (мемлекет), «Англия» (ел), «Иран Ислам Республикасы» (мемлекет), «Иран» (ел), «Ресей Федерациясы» (мемлекет), «Ресей» (ел), «Қазақстан Республикасы» (мемлекет), «Қазақстан» (ел). Осы арқылы белгілі бір мемлекеттің мемлекеттілікке дейінгі тарихы бар екені түсіндіріледі.

Тарихи Қазақстан территориясында тұрған қазақтар – «Қазақ елін» қалыптастырды. Ханның басшылығындағы ұлттың қозғаушы күштері – билер, сұлтандар, батырлар бұқара арасындағы қарым-қатынастарды реттеп, елді сырт күштерден қорғады. Бұл мәселелерді шешу үшін жоғарғы және тәуелсіз басқару құрылымы яғни егемендік керек болды. Халық санының өсуі мен қоғамдық қарым-қатынастардың шиеленісуі жағдайында қазақ халқына бұрынғы өмір салты мен рулық қарым-қатынасты сақтап қалу киын болды. Бұл ру ақсақалдарының, сондай-ақ ақсақалдар кеңестерінің басқарушылық және реттеушілік әсерінің шектеулері, яғни бастапқыда тек қана ру мүшелеріне және олардың дәстүрлі мекендеу орындарына шоғырландырылғанымен түсіндіріледі. Олардың билігі тек румен ғана шектелді. Сондықтан көптеген рулардың негізінде тайпалар, содан кейін бірыңғай этнос қалыптасты, әрбір адамның жеке емес, бүкіл халықтың ерік-жігерін және үміттерін іске асыруға қабілетті толық жаңа басқару құрылымының пайда болу қажеттілігі тудындады. Нәтижесінде ол жоғарғы билеушісі – хан, атқарушы билік органдары – сұлтандар мен бектер, сот төрелігі органдары – билер кеңесі және ханға тәуелді түрлі консультативтік-кеңесші органдар түрінде пайда болды.

Олардың барлығы өз қызметтерін рулық билік кезіндегі қағидаттармен емес, мемлекеттік жалпы бірдей тәртіппен яғни руына, тайпасына қарамастан теңдей дәрежеде шаралар қолдану мен теңдей дәрежеде қорғау принципімен басқарды. Билік бұрын тек рудың ішіндегі басқару болса енді бүкіл халықтық басқаруға көшті. Рулар немесе қоғамдастық мүшелері билікті қалай және қандай жағдайда қолдану керектігін шешті. XV ғасырдағы қазақтардың өмірінің көптеген аспектілері салт-дәстүрлермен, діни институттармен реттеледі немесе керісінше шектелді. Бірақ олардың қарапайым билігі елдегі қақтығыстарды болдырмау немесе шешу үшін жеткіліксіз екенін көрсетті. Сондықтан да қоғамдық өмірге хандар мен билердің жасаған ережелері мен қағидаттары енгізілді. Ол жалпыға бірдей, барлығы бағынуға тиісті ережелер болды. Бұл ережелер елді басқару құралына яғни заңына айналды. Оларды атап айтатын болсақ, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» және Қасым ханның «Қасқа жолы» [1, 15-б.]. Адамдардың мінез-құлқын, қарым-қатынасын реттейтін бұл ережелердің белгілі бір аймақта күші болды. Сол аймақта басқарушы ұйымның өкілеттігі жүзеге асырылды. Ал аймақтың өзі қазақ және өзге этникалық топтардың өкілдерін қосқан жерлермен анықталды.

Мемлекеттік билік органдарына негізделген мемлекеттік басқару, басқарушы органдарды қамтамасыз етуге арналған материалдық жағдайды талап етеді. Бұл салықтар, біржолғы төлемдер болуы мүмкін. Олардың негізгі мақсаты – мемлекеттік билікті материалдық қолдау болды.

Осылайша, Қазақстанда XV ғасырдың ортасында бірыңғай этникалық топаралық және ұлтаралық интеграция нәтижесінде қоғамның жаңа құрылымын қалыптастыруға байланысты жаңа ұлттық өзін-өзі басқару жүйесі құрылды. Оған тән қасиеттер: 1) тәуелсіздігі және жоғарғы

Үшіншіден, Қазақстанның Конституциясы 1937 жылдың соңына тән азаматтық соғыс пен интервенция қаупі кеткен кезде қабылданды. 1989 жылдан бастап Қазақстанда Президенттіктің толыққанды институты қызмет етті, Мемлекет басшысының жалпы халықтық сайлаулары өтті.

Біз жүргізген талдаулар көрсеткендей, қозғалысқа қатысушылар өсиетке айналған өздерінің саяси құжаттарында Қазақстанның іске асыруға тиісті көптеген позицияларын белгіледі. Осылай, мысалы, 1-ші бөлімде «Ресей демократиялық және федеративтік республика болуы керек, қоғамды Құрылтай жиналысы басқарады, ал Мемлекеттік Дума Президентті белгілі мерзімге тағайындайды. Президент министрлер арқылы басқарады, ал министрлерді (үкіметті) Құрылтай Жиналысы және Мемлекеттік Дума басқарады» деп жарияланған.

Депутаттар тең, тікелей және құпия сайлаулардың негізінде сайланады. Сайлау қанға (пайда болуы), діни наным-сенімдеріне және жынысына қарамай өткізіледі.

Құрамына Әлихан Бөкейхан (мәтінде солай), Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдухамид Жүндібаев және Ғалымбек Бірімжанов кіретін жоба авторлары кейіннен КСРО-ның да, Қазақ КСР-ның Негізгі заңының негізіне енген көптеген тілектері мен қағидаларын болжап қойды; олардың бір бөлігі тәуелсіз Қазақстанның Конституциясында көрініс тапты. Олардың айтқан бірқатар ережелері мен идеялары бүгінгі күні де өзекті болып табылады.

---

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Астана, 2017. – 34-б.

2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т.4. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 202-205 бб.

3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Астана, 2017. – 38-б.

4. Новейшая история России. 1914-2005 гг. Под. Ред. М.В. Ходякова, М: Высшее образование, 2007. – с.525.

5. Бочагов А.К. Алашорда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. Кзыл-Орда. – С.56, 1935; Очерки по истории Алаш-Орды. Петропавловск, 1948. – № 4, 19 января; Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. Под общей ред. Н.Н. Ванаг. Алма-Ата – Москва, 1935.

6. Мұқанов С. Өмір мектебі. Екінші кітап. – Алматы, 1985. – 424-б; Тар жол тайғақ кешу. – Алматы «Жазушы», 1977. – 387 б;

7. КПСС и Советское правительство о Казахстане. 1917-1977 гг. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, 1978.

8. Орынбор мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық тарих мұрағаты (ОМӘЭТМ), 1-қ, 1-т 168-іс, 49-51 пп.

9. Страницы истории КПСС: Факты. Проблемы. Уроки. Кн.2. Под ред. БТИГ Кунцова. – М.: Высшая школа, 1989. – с.608; О чем не говорили. Документальные рассказы. – Алма-Ата, 1990; Трудные вопросы истории. Поиски. Размышления. Новый взгляд на события и факты. – М., 1991; Шоқай М. Туркестан под властью Советов. (Переиздание). Алма-Ата, 1993 – с.79;

10. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т.4. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 2, 38, 95-118-бб; Байтұрсынұлы А. Маса. – А: Раритет., 2005. – 208-б.

11. Журтбай Т. Боль моя, гордость моя – Алаш!: Трилогия. – Астана: Аударма, 2016. – 1т. – С.102; Аққұлы С. Алихан Букейхан. Творец истории. – Шымкент: Изд-во «АЗИАТ», Т 1-2., 2016. – 1т. – С. 630.; Абдығалиұлы Б. Войско Алаш. Казахские части в составе Белой Армии (1918-1920 гг.). – Астана: Фолиант, 2017. – с.415; «Ақ жол» – Көп томдық. – Алматы: Арыс, 2013; Д. Қамзабекұлы. С. Садуакасұлы. – Алматы. Қазақстан, 1996; Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – С.410; Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 1 т. Алматы, 2012. – 541-б.

12. Козыбаев М. Еліміз Алаш, керегеміз ағаш // Қазақ әдебиеті 16.XII, 1997; Нұрпеиісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: «Ақ Арыс» – 2010. – 424-

б; Қойгелдиев М.К., Алаш қозғалысы. А., Санат, 1995; Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 жж.). – А., 1997. – 460-б; К. Нұрпеисов. Б Аяғанов. Н. Жақсылықов. «Қазақстан тарихы». 11 сыныпқа арналған оқулық. Алматы, 1993.

13. «Алаш мұраты және тәуелсіз Қазақстан». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдарының жинағы. Астана, 2011; Сб. материалов республиканской научно-практической конференции: «Движение Алаш: история и наследие», приуроченной к 150-летию Алихана Букейхана; Алаш идея национального единства казахов. Сб. материалов республиканской научно-практической конференции посвященной 100-летию движения Алаш – правительства Алаш-Орды, Астана, 2017. – 548-б.

14. Конквест Р. Жатва скорби. – Киев, 1990; Olcott B.M. The Kazakhs. – Standford University, 1987 (USA, California state).

15. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. 10 томдық. Алфавиттік көрсеткіш (1-10 тт.)

16. Валиди Тоган Заки. Воспоминания. Кн.1. – Уфа, 1994; Ахметов Ғ. Алаш алаш болғанда. – Алматы: Жалын, 1996. – С. 356; Дулатова Г.М. Алаштың, сөнбес жұлдыздары: Естелік эссе. – А.: Мектеп, 2010. – 356-б; Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. (Туркистан мухторияты). Ташкент, 2006. – С.263; Движение Алаш: сборник материалов судебных процессов над алашевцами. трехтомник. – А: «Ел шежіре», 2011. – Т 1. – С.415, Т.2 – с.366.

17. «Қазақ» газеті/Бас ред Ә. Нысанбаев-Алматы: «Қазақ Энциклопедиясы», 1998ж; Садыкова Б. Мустафа Чокай – А; 2004. – с.235; Алаш, Алашорда. Энциклопедия. / Құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағулова, А. Арыс. – 536-б.; Тугай Т.И. Оренбурский путь Ахмета Байтурсынова, Оренбург, 2018. – с.251.

18. «Айқап». «Қазақ энциклопедиясы»: Алматы «Ақ жол» – Көптомдық. А: Ақ арыс, 2012. Бұл жерде даладағы ең өзекті мәселелер туралы мақалалар жарық көрді. – 3 т. – 327-б.

19. Алашорда: Сборник документов / Сост. Н.Мартыненко. – Алма-Ата: «Айкап», 1992г. – С.192.

20. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. Алфавиттік тізбе (1-10 тт). «Қазақ энциклопедиясы», Алматы; сонымен қатар С. Тілешов, Д. Қамзабекұлы Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық – А: Сардар, 2014 – 527-б.

21. Тугай Т.И. Міржақып Дулатовтың өлеңдері туралы. Орынбор жолы. – 131-б.

22. Әлихан Бөкейханның қызметі автор мен құрушы, филология ғылымдарының кандидаты Жүсіп Сұлтан-хан Аққұлының еңбектерінде терең зерттелді. Сондықтан, біз онымен шығарылған «Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы» жұмысын пайдалануды қажет деп санадық. – А: «Сарыарқа», 2016 .

23. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының толық жинағы. 7 томдық. – Астана: «Сарыарқа», БУ, 2010. Т.4. – 54-59 бб., Т.7. – 611-б.

24. Сонда. – 55-б.

25. Сонда. – 57-б.

26. Толыбеков С.Е. Общественно-экономический строй казахов, 1958; его же, Кочевое общество казахов в XVII-начале XIX век. Алма-ата, 1971. Шойынбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. Алма-Ата: Казахстан. 1982, – С.278.

27. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының толық жинағы. 7 томдық. – Астана: «Сарыарқа», БУ, 2010. Т.4. – 555-б.
28. Сонда. – 427-430-бб.
29. Сонда. – 428-б.
30. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. Т.3. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 75-б.
31. Сонда. – 627-628-бб.
32. «Қазақ» газеті, № 71, Самара: 1914. – 336-338-бб.
33. Сонда. – 387-б.
34. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының толық жинағы. 7 томдық. Т.4. – Астана: «Сарыарқа», БУ, 2010. – 352-353-бб.
35. Сонда. – 404-б.
36. Бөкейхан Ә.Н. Шығармаларының толық жинағы. 7 томдық. Т.5-6. – Астана: «Сарыарқа», БУ, 2011.
37. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: «Раритет», 2010. – 429-б.
38. «Қазақ» газеті. – 310-б. 39. Сонда. – 321-323-бб.
40. Ж. Байишев. Казахстан: этапы государственности. Конституционные акты. – Алматы: «Жеті жарғы», 1997. – С. 229-232.
41. О чем не говорили. Документальные рассказы. – Алма-Ата, 1990. – С. 49-51.
42. «Қазақ» газеті/Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы 1998. – 365-б.
43. Сонда. – 366-б.
44. Орынбор облыстық архивы. Қ-11, 7-т, 157-іс, 4-п.
45. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы 1998. – 368-б.
46. ООА. Қ-11, 7-т, 157-іс, 1-п.
47. «Қазақ» газеті. – 372-373-бб.
48. ОМӘЭТМ. 184-қ, 1-т, 1-іс, 79, 138, 142, 143, 146-пп.
49. «Қазақ» газеті. – 298, 304-305-бб.
50. Сонда. – 401, 414-бб.
51. Сонда. – 408-409, 430-бб.
52. Валиди Т. З. Воспоминания. Т-1., Уфа: «Кітап», 1994. – 236-б.
53. «Қазақ» газеті – 423-б.
54. Сонда. – 430-б.
55. Сонда. – 430 -б.
56. Сонда. – 436-438-б.
57. «Свободная речь» газеті, № 165, сенбі, 22(9) шілде 1918 ж.
58. ШҚО Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы. 72-қ, 2-т, 1-іс, 21-п.
59. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы, 12 томдық, 1-том, Алматы: Дайк-Пресс, 2012. – 105-б; 2 т. – 639-б.

II ТАРАУ
АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ–ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН КҮРЕС ТӘЖІРИБЕСІ

2.1 МЕМЛЕКЕТТІК ДӘСТҮРДІ ЖАҢҒЫРТУДАҒЫ ҚАЗАҚ СЪЕЗДЕРІНІҢ РӨЛІ

2.1.1 Облыстық және уездік қазақ съездерінің шақырылуы (1917 ж. сәуір – 1919 ж. желтоқсан)

Қазақ хандығы дәуірінен бастау алатын «Алаш» ұранды қазақ мемлекеттілігін қайта жаңғыртып, заман талабына сай әрекет еткен Қазақ съездері 1917-1919 жылдары еліміздің солтүстігі мен оңтүстігінде, шығысы мен батысында әртүрлі деңгейде өткені тарихтан белгілі. Облыстық, уездік, болыстық және жалпықазақ съездерінің жалпы саны – 68-ге, ал оған қатысқан өкілдердің саны орта есеппен 20-дан 800-ге дейін жеткен. Бұл съездерде бас қосқан көрнекті халық өкілдері, ішінара маңызды заң жобаларын қабылдайтын «парламенттің» рөлін де атқарған.

1917 ж. ақпан революциясы жеңісінен кейін Ресей империясының құрамындағы бұрынғы отар елдердің барлығы дерлік саяси билікке ұмтылып, өздерінің дербес мемлекеттерін құруға тырысты. Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары да шешімін таппаған маңызды әлеуметтік-саяси мәселелерді жалпы ұлттық деңгейге көтеріп, елдегі саяси оқиғаларға және шақырылуға тиісті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына даярлық жұмыстарын ойластырады.

Қазақ съездерін шақыру және ұйымдастыру іс-шаралары 1917 жылдың наурыз айының алғашқы онкүндігінде басталды. Уақыттың тығыздығы мен жол қатынасының ауырлығына қарамастан, қазақтар алдымен Ресейдегі саяси өзгерістердің мән-мағынасын түсіну үшін, екіншіден Құрылтай жиналысына лайық адамдарды анықтап, жіберу үшін съезд шақыруға кіріседі. Сол кездегі қазақ оқығандары Орынбор қаласында бас қосып, алдымен «Облыстық съез жасауды қолайлы тапты және бір съездің Орынборда болуын ынғайлады. Орынбор съезіне Торғайдың 4 уезі келе алады. Оралдан басқалары болмаса, Темір мен Орал уездерінен келу қиын емес. Бұл съезге арналған күн -сәуірдің 1-і. Сол 1 сәуірге Торғайдың 4 уезінен, Оралдың 2 уезінен жіберілген өкілдер келіп жетер деп шамаланды. Онан әрірек мерзім қоюға «Учредительный собраниеге жіберетін өкілдерді сайлау ісіне тығыз болып қалар делінді. Сонымен қатар болыс басына ең аз болғанда екі кісі келуі мақұл көрінді. Уақыт тығыз. Кеңесетін мәселе зор. Халық жарамды адамдарын жіберулері тиіс» [1].

Қазақ съезін шақыру үшін алдымен негізгі үш мәселені шешу керек болды. Біріншіден, съезд болатын жерді анықтап алу (темір жол бойындағы 4 қала – Семей, Омбы, Орынбор,Ташкент, сосын Қызылжар, Түркістан

қалалары да аталады), екіншіден съезге қатысатын өкілдер санын анықтау (200-250 ден 800-1000 адамға дейін), үшіншіден съезд өтетін уақытты белгілеу (1917 жылдың сәуір, тамыз, қыркүйек айларына жоспарланды), төртіншіден съезде қаралатын негізгі өзекті мәселелерді анықтау (күн тәртібіне жер, сот ісін реттеу, оқу, земство мәселесі, қазақ саяси партиясын құру, Құрылтай жиналысына баратын өкілдерді белгілеу және жалпы мұсылман съезінің қабылдаған қаулыларына көзқарас сияқты мәселелер ұсынылды) міндеттерін іске асыру еді.

Дәл осы мезгілде қазақ, башқұрт, түркістандықтарға ортақ мәселелерді бірлесе шешу, Жетісу, Ферғана, Сырдариядағы қырғыздарының басын қосу, қазақ жастарының съезін шақыру сияқты мәселелер де көтеріледі. Соңғы мәселе бойынша даярлық жұмыстары қатар жүрді, айталық құрамында 8 адамы бар Омбыдағы «Бірлік» қауымы (Бекмұхамед Серкебаев, Қошмұхамед Кеменгеров, Асхат Сейдалин, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдолрахман Байділдин, Мұратбек Сейітов, Жаныс Бабатаев) және Ақтөбедегі «Жас тілек» жастар ұйымы (жетекшілерінің бірі Ә. Ершин) да тарих сахнасына шықты[2].

Қазақ сьездерін ұйымдастыру, күн тәртібі, қаулы-қарарлары мен шешімдері туралы құнды материалдар «қазақ-қырғызға қызмет һәм басшылық ету міндетін» қатар атқарған «Қазақ» газетінде жарияланды. Зерттеу барысында осы басылымның соңғы 266-шы санындағы (Қазақ. 1918 жыл. 26 қыркүйек. № 266) тарихи деректер қолданыс аясына енгізілді.

1917 жылдың көктем мен жаз айларында өлкеміздегі қоғамдық саяси өмір жанданды. Алаш қозғалысында «тұңғыш қазақ съезі» атауымен қалған Торғай облыстық қазақ съезін шақыру жұмысын реттеу Ә. Бөкейхан мен А. Байтұрсынов бастаған «айрықша бюроға» тапсырылды. Бюро жұмысқа кіріспей тұрып, «Қазақ» газетінде Мәскеуде өткен жалпы мұсылман съезіне барған қазақ өкілдерінің жалпы қазақ съезін қайда және қашан құру жайынан жасаған қаулылары туралы мақалада жарияланған еді [3].

Әртүрлі деңгейде өткен облыстық қазақ съездерінде ақпан революциясынан кейін өлкемізде қалыптасқан саяси өзгерістерге баға беру және ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелердің ауқымын анықтау көзделді. Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен облыстық қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселелерге баса назар аударылса, Омбыда өткен съезде оқу-ағарту, қаражат, дін, әйел теңдігі мен земство қызметі жөніндегі мәселелер кеңінен талқыланды... Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер сөзге тиек етілді [4, 92-б.].

Облыстық қазақ съездері қабылдаған қаулы-қарарлардың барлығында дерлік Уақытша үкіметке сенім білдіріліп, оның соғысты жеңіске жеткенше жүргізу жөніндегі саясатына қолдау көрсетілген. Осы ретте ескеретін жәйт – 1917 жылдың шілдесі мен желтоқсан айларында өткен бірінші және екінші жалпы қазақ съездерінің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауда облыстық қазақ съездерінің атқарған рөлі ерекше болды.

Торғай облыстық қазақ съездері (1917ж. сәуір, тамыз). «Қазақ халқының тұңғыш съезі» деген атаумен тарихта қалған Торғай облысы қазақтарының бірінші съезі 1-8 сәуір аралығында Орынбор қаласында өтеді. Съезд жұмысына Торғай, Орал облысының қазақтары ғана емес, Ақмола, Семей, Сырдария облыстарының, Бөкейлік Орынбор губерниясы мен Қазан, Уфа шаһарларының кісілері де келеді, өкілдердің жалпы саны 300 адам болды. Мәжілістің төрағалығына А. Байтұрсынов, орынбасарлығына 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі А. Кәлменов пен У. Танашев, хатшылығына С. Қадырбаев, О. Алмасов, Ш. Бекмұхамедов сайланды.

Осы ретте ескеретін жәйт, алаштанушы Сұлтан Хан Аққұлұлының мәліметтерінде көрсетілгендей, «Торғай облысы қазақтарының сәуірдегі съезі... бірінші жалпықазақ съезі» [5, 406-б.] болған жоқ. Олай болса, неге бұл съездің күн тәртібіндегі 13 мәселенің бірі «жалпы қазақ съезі мен барша мұсылман съездеріне уәкілдер жіберу» болды, бұл бір. Екіншіден, жалпы қазақ съезін шақыру туралы қабылданған шешім мен осы съезде құрылған «айрықша бюроны» қайда қоямыз?.. Үшіншіден, жалпы қазақ съезін шақырумен тікелей айналыса бастаған Қазақ комитеттері және оның облыстық, уездік өкілдері жаңадан қалыптасып, ет-жеңдерін енді жинай бастаған шақ болатын. Соңғы уәжіміз, ұлттық мерзімді басылымдардың барлығында дерлік бірінші жалпы қазақ съезін шақыру Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеумен тығыз байланыстырылады.

Семей облыстық қазақ комитетінің мүшесі Нәзипа Құлжанованың атынан келіп түскен жеделхатта Орынборда өткен осы тұңғыш қазақ съезінен «...Еркекті асырап, сақтап, азаттыл, арлы, намысты азамат қатарына қосу – күндіктен құтылған, адам санына қосылған әйел қолынан келеді. Алаш баласының әйел дегенде ақылы адамшылық жолынан аспай саралану керектігі» сұралған [6]. Бұл мәселе кейінгі оқиғалар көрсеткендей, шілдедегі бірінші жалпы қазақ съезінде қызу талқыға түседі. Нәзипамен қатар мұсылман съезіне депутат сайланған Аққағаз Досжанова бастаған, Орал облыстық съезінде сөз алған Меңдікыз Шәпенова сияқты Алаштың қайраткер қыздары тарих сахнасына шығады.

Съезде Ресейдегі монархиялық билік күйрегеннен кейінгі жергілікті үкімет және басқару органдарын құру, жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съездер шақыру, мәдени, шаруашылық, дін ісі,Уақытша үкімет пен ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, жаңа сот, байланыс жүйелерін қалыптастыру секілді маңызды мәселелерді өз жұмыстарының күн тәртібіне енгізеді, съезд шешімдеріне сәйкес Торғай облысында жергілікті азаматтық комитеттер құрылып, оның басында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар тұрды. Земстволық басқарманың төрағалығына А. Бірімжанов, Торғай уездік комиссарлығына О. Алмасов, хатшылығына Ә. Қасымов сайланды» [7, 9-п.]. Осы жылдың 11-сәуірінде облысты басқару тізгіні Уақытша үкіметтің комиссары Ә. Бөкейханның қолына көшеді.

Дін мәселесіне байланысты Ғұмар Қарашұлы «қазақ жалпы облыс басына қажыларын сайлап, іс жүргізуші кеңсе шығындарын өз үлестеріне алып

келгенін, муфти қарамағында өз алдына қазақ бөлімін ашып, іске кірісуге болатындығын, бұл туралы жоба жасалып, есеп түзеліп, оның жұмысы Торғай қазағынан келген Ғабдолрахман Мырзаұлына тапсырылғанын, алайда біраз уақыт өтсе де, муфтилік ісі әлі көзге көрінбей отырғанын, жалғыз-ақ Орал облысынан бір қажы сайланып келгенін, басқа облыстарда бұл жұмыстардың әлі қолға алына қоймағанын» жеткізеді [8].

Келесі жер мәселесі, 1917 жылдың 22 сәуірінде өткен Торғай облыстық Құрылтай съезінде қаралып, алдымен аграрлық комиссия құрылады. Сосын қазақ-орыс қарым-қатынастары, облыстағы қоныстанушылардың жәй-күйі, оларды жермен қамтамасыз ету және тағы басқа мәселелер талқыланады.

Съезд шешіміне сәйкес жергілікті жерлердегі жер мәселесімен тікелей айналысқан бірқатар басшылар қызметтерінен босатыла бастайды. Мысалы, 1917 жылдың 1 маусымында Орынборға Ішкі Істер Министрлігіне Торғай облысының комиссары Ә. Бөкейхан мен облыстық азаматтық бөлімнің меңгерушісі атынан жолданған жеделхатта: «Ырғыз уезіндегі 1-ші бөлімшенің шаруалар бастығы Гарфты, 3-ші бөлімшеден Шубинді, Қостанай уезіндегі 4-ші бөлімшеден Куфинді қызметтерінен босату туралы осы жылдың 4-5 мамыр күндері № 64 және № 71 бұйрықтар шығарылғандығы, соған байланысты оларды халық сенімінен шықпаған азаматтар ретінде қызметтерінен босату» талап етіледі [9, 76-п.].

Торғай облысы қазақтарының екінші съезі 1917 жылдың 20-25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында өткен. Съезге Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінен барлығы 150 делегат қатынасқан [10]. Съезд төралқасына Мырзағазы Есболов (төрағасы), Сағындық Досжанов, Ахмет Тұнғаншин (серіктері), Тел Жаманмұрынов, Абдулхамид Жөндібаев (хатшылары) сайланды. Съезд мәжілісін С. Досжанов кіріспе сөзбен ашады. Съезді құттықтап, сөз алған азаматтардың қатарында Ақтөбе уездік Жер Басқармасының төрағасы Немец, Ақтөбе уездік комиссары Мыцо, Ақтөбе қаласының басшысы Гамбашидзе, Ақтөбе қаласындағы татар халқының өкілдері мен мұсылман ұйымдары атынан Алюков пен Юмакаев болды. Съезде қаралған мәселелер жалпы қазақ съезінің қаулысынан кем болмады. Ең өзекті 15 мәселе: мемлекет билеу түрі, қазақ халқына автономия, жер мәселесі, сот мәселесі сияқты мәселелер өзгертілместен қабылданады.

Осы съезде Мұхамедияр Тұнғаншиннің жеке ісі қаралған. Съезде оның айыпсыздығы туралы Ырғыз уезінің делегаттары атынан кезектен тыс келіп түскен өтініш пен оны айыптаудағы дәлелді құжаттардың жетімсіздігі, сондай-ақ, Орынбор мұсылман бюросынан (20 тамыз, 1917 ж.), чиновниктер одағынан (12 тамыз, 1917 ж.) келген ұсыныс-пікірлер ескеріліп, М. Тұнғаншиннің жеке басын ақтау және оны өз орталарына қабылдау жөнінде қаулы қабылданады [11, 61-б].

Съезде қаралған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесі тартысты болған. Торғай облысынан А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың кандидатуралары ұсынылады. Торғай облысынан

баратын депутаттардың кандидатурасы туралы мәселе бес жерде, яғни 1917 жылғы наурызда Минскіде Күнбатыс майданындағы оқыған жастардың Кеңесінде, сәуірдегі Торғай облысының съезінде, шілдедегі жалпы қазақ съезінде, тамыздың басында Орынборда «Еркін дала» қауымының съезінде қаралып, соның бесеуінде де А. Байтұрсынов пен М Дулатов ұсынылған. Съезге қатысқан өкілдер екеуінің де бір уезден, бір рудан екенін біледі. Бірақ, олар бір рудың баласы болса да депутаттыққа олардың туысы мен шыққан жері шарт емес. Ақтөбеліктердің осы съезде «ата санап, ағаш керткені» жарамады[10].

Уақытша үкіметтің «Құрылтай жиналысына сайлау туралы» заңы бойынша «кандидаттық тізімдер» деп аталатын 5-ші тарауының 48-ші пунктінде «бір адамның кандидатурасы бірнеше сайлау округтарынан ұсынылуға болатынын, тек бес жерден көп болмауы керектігін» [12, 22-б] ескере отырып, Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов пен М. Дулатовты осы заңның аясында Құрылтай жиналысына 5 жерден ұсынған. Басқаша айтқанда, сайлау жұмыстары Уақытша үкіметтің заңына сәйкес жүргізілген және екі арыстың беделі халық арасында өте жоғары болған. Алайда, бірінші жалпы қазақ съезінің шешімімен тізімге екінші болып енген М. Дулатов тағы да зиялылығын танытып, 1917 жылғы 14 қыркүйекте тізімнен шығатынын мәлімдейді де, оның себептерін ашып көрсетеді. Сөзінің соңында, «Бір кісі іске жарайтын болса да аз болмас. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрі бір: депутат бол, газет шығар, бала оқыт. Өзгеміздің бәрі сай болып, жалғыз депутатқа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын онан пайда тағы жоқ» деген қорытынды жасайды [13, 418-б].

М. Есболов бастаған 10 өкілдің атынан жазылған бір мәліметте көрсетілгендей, «Торғай облысындағы Сүмбіледе өткен съезде «Руссиялық жалпы мемлекет жиылысында» сайланғандарға риза болмай, бөтен кісілерді көрсеткен тізімге наразылық білдірген съезд бастығы Мырзағазы Есболов һәм Қостанай уезінің өкілдері съезді тастап шығып кеткен» [14, 13-б]. Бұдан шығатын қорытынды, Торғай облыстық қазақ съезінде Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесінің тартысты талқыланғаны, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін руға бөлінушіліктің көрінісі айқын байқалады. Әрине, халқының тағдыры қыл үстінде тұрған аласапыран заманда, ата санап, руға бөлінушілік қазақ қоғамына кері әсерін тигізді.

Жетісу облыстық қазақ съездері (1917-1918 жж. сәуір, тамыз). Келесі кезектегі Жетісу облыстық қазақ съезі 12-14 сәуір аралығында Верный қаласындағы Әскери жиылыс мекемесінде Ы. Жайнақовтың (Верный уезі) басшылығымен және оның серіктері Ғ. Ордабаев (Верный уезі), А.Х. Құдайбергенов (Пішпек уезі) хатшылары: Қ.Ш. Шегіров (Верный) және дәрігер Н.Ж. Жақыпбаевтардың (Лепсі) ықпалымен болып өтті. Съезге Верный уезінен – 54 өкіл, Лепсі уезінен – 4, Қапалдан –3, Пішпектен – 12, Пржевалскіден – 5 өкіл, барлығы 81 делегат қатысты [15, 1-п].

Жетісу съезіне қатысушылар көбінесе Торғай съезінде талқыланған мәселелерді қайталады. Күн тәртібіне қойылған 17 мәселе – соның айғағы.

Олар: 1) соғысқа көзқарас; 2) Уақытша үкіметке көзқарас; 3) жергілікті және өлкелік үкіметке, сонымен бірге атқару комитеттері мен басқа қоғамдық ұйымдарға көзқарас; 4) Руссияны басқарудың болашақтағы жоғарғы түрі; 5) рухани-діни іс; 6) азық-түлік мәселесі; 7) жергілікті басқару; 8) сот; 9) партиялық араздықты тоқтату шаралары; 10) білім мен оқу-ағарту; 11) облыстағы жер мәселесі; 12) су мәселесі; 13) мал шаруашылығы; 14) отырықшылыққа көшу; 15) заттай салық (натуралды міндеттілік); 16) қырғыздар мен орыстардың қарым-қатынастарын реттеудің тәсілдері; 17) босқындарды Қытайдан қайтару тәсілдері.

Съездің төрағалығына Ы. Жайнаков, оның орынбасарларына Ғ. Үдербаев пен А. Құдайбергенов, хатшыларына Қ. Шегіров пен Н. Жақыпбаев сайланды. Ресми адамдардың съездің ашылуына қатынасуы – ең алдымен соғыс пен Уақытша үкіметке көзқарас мәселесінің талқылануына ықпал етті. Съезд өкілдері бұл мәселеге орай жеңіске жеткенше соғысты тоқтатпау жөнінде және Уақытша үкіметке мойын сұнып, оған жан-жақты қолдау көрсету туралы қарар қабылдады.

Съезде рухани-дін мәселесін талқылап, мұсылман дінін православие дінімен теңестіру мақсатында Петроградта мұсылмандардың діни басқармасын құруды қажет деп тапты. Сонымен бірге съезд қарарларында: «...далалық Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарына ортақ «ерекше діни жиналыс» құрылсын және ол «Қазақстан» деп аталсын» – деп, – қазақ жерінен біртұтас территориялық құрылым (қазірше Сырдария облысы мен Маңғыстаусыз) қалыптастырып, оны мемлекетіміздің қазіргі күнгі аты Қазақстан деп атауды ұсынған. Съезд шешімдерінде айтылған ұлттық (Қазақстандық) діни басқарма құру идеясы қазақ облыстарын татар және башқұрт муфтияттарынан шығарып алу арқылы қазақ халқының рухани-діни топтасуына мүмкіндіктер туғызуға қызмет етті [4, 96-98-бб.].

Күн тәртібінің 3-ші және 4-ші тармақтары бойынша қабылданған шешімдер Уақытша үкіметтің жаңа мемлекеттік басқару жүйесін құру жөніндегі бағытына сәйкес келді. Осы ретте Ә. Бөкейханның «...біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтетін болсақ, шіркеуді хүкімет ісінен бөліп қойған оң болады. Оны орысша «отделение церкви от государства» [16, 268-269-бб.] деген пікіріне сәйкес Торғай облыстық қазақ съезінің делегаттары шіркеуді мемлекеттен бөлу үшін дауыс берсе, жетісулықтар керісінше оларды жақындастырып, діннің қоғамда алатын орнына ерекше мән берді.

Жергілікті басқару мәселесіне орай съезд шешімдерінде басқару жүйесінің барлық деңгейлерінде міндетті түрде екі комиссардан – «бірі орыс, екіншісі мұсылман» тағайындау қажеттілігі көрсетілді. Басқару жүйесіне байланысты қабылданған шешімдердің тағы бір ерекшелігі – белгілі бір дәрежеде билігі шектелген бұрынғы болыстар мен ауылнайларды қызметтерінде қалдыра тұруға болады деп есептеуі болды. Соған сәйкес съезд шешімдеріне: «рулық талас-тартыс, пара алушылық тағы басқа осындай келеңсіз құбылыстарды жандандыру да, оларды бәсеңдету де көбінесе биліктің төменгі сатысындағы адамдарға тікелей

байланыстылығы» мәселелері енгізілді [15, 4-5-пп.]. Облыстағы жер мәселесі жан-жақты талқыланып, шет аймақтардан қоныс аударушыларға тыйым салынатындығы айтылды. Съезде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты шиеленіскен ұлтаралық қатынастарды реттеу мәселесіне баса назар аударылды. Соған сәйкес қабылданған қарарларда қазақтар мен орыстар арасында өзара түсінушіліктің жолдары мен тәсілдерін анықтап алуға, екі халық арасындағы шаруашылық қарым-қатынастарды қалпына келтіріп реттеуге күш салу керектігі баса айтылды.

1916 жылғы көтеріліске байланысты айыпталған Ы. Жайнақов уақытша қызметінен босатылған болатын. Оның себептері «Семиреченские ведомости» газетінде (1917 ж. 4 қазан) Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінен Верный уезі Алматы болысының тұрғыны Бәти Байбосынованың өтінішіне байланысты 1917 ж. 30 қыркүйекте шыққан шешімнің мәтіні жарияланады. Б. Байбосынованың өтінішінде жұбайының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, Верный гарнизоны жанындағы әскери соттың 1916 жылғы 14 тамыздағы үкіміне сәйкес өлім жазасына (дарға асу) кесілгендігін айта келіп, бұл үкімнің негізсіздігін дәлелдеуге тырысады. Өтініш иесі осы іске Ы. Жайнақов пен Қ. Шегіровтің қатыстылығын, істің анық-қанығына жету үшін тергеу ісін жүргізуді талап етеді. Соған орай Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті: 1) Арыз иесі Б. Байбосынованың өтінішіне сәйкес тергеу жұмыстарын жүргізу; 2) Тергеу жұмысы толық аяқталғанша Ы. Жайнақов пен Қ. Шегіровті сот бақылауына алу және өз қызметтерінен босату туралы шешім қабылдаған еді. Көп кешікпей, 1917 жылдың 30 қазанында Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің өкілі О. Шкапский Түркістан комитетінің атына «Б. Байбосынованың өтінішіне сәйкес қабылданған шешім бойынша тергеу ісі аяқталғанша Ы. Жайнақов пен Қ. Шегіров қызметінен босатылуы керек еді. Іс әлі аяқталмай жатып, олар жұмысқа кіріскен. Түркістан комитетінің шешімі неге өзгертілді» деген мәселені қайта көтереді [17].

Бұл сауалға жауапты «Қазақ» газеті: «...Учредительное собраниеге депутаттыққа белгіленген Ы. Жайнақов былтырғы бүліншілік кезінде Байбосын дегеннің дарға асылуына себепкер болушының бірі деп уақытша орнынан түсірілген еді. Айыпсыздығы анықталып, қайтадан қызметке кірісті» деген телеграмма басқармаға келді. Телеграммада Ы. Жайнақовтың айыпталуы партиямен (бәсекс, бөліну) байланысты болған деп себептері көрсетілген екен. Біз бұрын да екі жағының бірін-бірі қаралаған сөздерін басқанымыз жоқ. Себебі, анығына көзіміз жеткен жоқ. Ы. Жайнақовтың орнынан түсуі туралы Түркістан комитетінің постановлениесін газеттен алып басқан едік. Сондықтан әлі де болса, екі партияның сөзін баспаймыз» деп жауап береді [18].

Съезде ұлтаралық қақтығыстарды, соның ішінде қарулы қақтығыстарды болдырмау мақсатында облыстағы орыс селолары тұрғындарының қолдарындағы қару-жарақты алу қажеттігі ескертілді. Соған орай Әскери жалпы қазақ съезінің төрағасы Ж. Досмұхамедов тарапынан Орынбордағы

шаруалар депутаттары Кеңесіне мынадай: «...Жетісуда майданнан қайтқан қарулы солдаттар мен шаруалар қырғыздарды өшпенділікпен өлтіру әрекеттерін жалғастыруда. Жалпы қазақ съезі Уақытша үкіметтен шаруалар мен солдаттарды қарусыздандыруды талап етеді. Съезд өз тарапынан қырғыздардың орыстарға қарсы күш көрсетпейтініне сенім білдіреді» жеделхаты жолданады. Осыдан кейін Уақытша үкімет 1917 жылғы 1 тамызда «солдаттардың қолындағы қаруларға тергеу жүргізіп, қырғыздар мен орыстар арасындағы қақтығыстарға жол бермеу шараларын жасау» жөнінде барлық әскери бөлімдерге бұйрық шығарады [19, 57-п.].

Съезд күн тәртібінің соңғы мәселесі Қытайға боскан қазақ-қырғыздарды қайтаруға арналды. Осы мәселеге байланысты қабылданған шешімдер негізінен Пржевалскі уезінің мәліметтеріне негізделді. Съезд босқындар мәселесін Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің өз бақылауына алуын сұрады. Соған орай 1917 жылғы 15-маусымда Түркістан комитетінің өкілі О. Шкапский Уақытша үкіметтің атына жолдаған жеделхатында: «1916 жылғы оқиғаларға байланысты орыс пен қытай азаматтары арасында туындаған мәселелерді шешу үшін халықаралық съезд ашу қажет. Съезде қытайлықтардың айдап әкеткен малдары және күшпен алып кеткен қыз-келіншектерді еліне қайтару мәселелері көтерілуі ықтимал. Тонау мен талан-таражға жол берілген Құлжа ауданында басшы қызметтерде отырған адамдарды ауыстыру керектігі ескертіліп, ондағы консулдың ауысқандығы жөнінде хабарланды. Съезді шақыру мерзімі-тамыз айы деп белгіленіп, оған өкілдер тағайындау сұралады» [20, 103-п.]. Бұл идеяны Х. Ғаббасов қуаттап, 1917 жылғы 21-тамызында өткен біріккен делегаттар кеңесінің мәжілісінде: «...Қытайға келген қырғыздарға бақылау орнатып, екі ел арасындағы мәселелерді (әсіресе, мал ұрлауға байланысты) шешу үшін съезд шақыру керектігін» айтады [21, 103-п.].

Бұған қосымша «Алаш» газеті 1917 жылдың мамырында өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде Жетісу оқиғаларына орай З. Тазетдиновтің сөз алғанын және бұл қасіреттен оларды құтқару үшін үкімет тарапынан жұмысшы, шаруа һәм солдат өкілдері Советіне, Жетісудағы комитеттерге асығыс жеделхаттар жіберуге қарарлар қабылдағанын жазады [22]. Шын мәнісінде Қытайға боскан қазақ-қырғыздардың халжайы өте мүшкіл, ауыр болатын. Жалпыұлттық мәселелерге белсене араласып, жетісулықтарға жәрдем беруде қазақ әйелдері де өз үлестерін қосты. Айталық, А. Досжановаңың «1918 жылы 17 желтоқсанында Алаш қаласында Жұмаділқызы Күләннің «Қыз қашар» ойынында Жетісудың аш-жалаңаштарының пайдасына ақша жиналды. Барлығы – 600 сом. Бұл ақша маған тапсырылып еді, Жылу комитетіне беруге. Мен оны Жетісуға кеткен Жылу комитетінің председателі М. Тынышбаевқа бердім» деуі – соның дәлелі [23].

Съезде жетісулықтардың назарынан жалпы қазақ және Бүкілресейлік мұсылмандар съездері мен Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселелері сырт қалды. Бұдан баска да мәселелерге Торғай съезімен

салыстырғанда, айтарлықтай мән берілмеді. Мұнда көбіне жекелеген, нақтылы мәселелерге, (мысалы, мал шаруашылығы, отырықшылыққа көшу сияқты экономикалық мәселелерге) көбірек көңіл бөлінді [4, 99-б.]. 1917 жылғы 2 маусым күні болған Жетісу облысының тағы бір съезі туралы мәліметті Жаркент уезінің комиссарының атына жолданған мына жеделхат қана береді. Онда: «1917 жылғы 2 маусымдағы Жетісу облыстық қазақ съезінің № 228 өтінішіне орай Жаркент уезі, Қожмамбет болысының тұрғындары Иманбек Күтелев пен Аманқұл Таңатаровтың осы уездегі Кетпен болысының тараншыларынан көрген қысымына байланысты шара қолдануын өтінген [24, 11-п].

Келесі съезд туралы «1917 жылдың тамызында өткен екінші облыстық қазақ – қырғыз съезінің жұмысы Алашорда бағытында болды. Онда талқыланған басты мәселе – орыс шаруаларының қазақ ауылдарын тонаушылығы болды. Алайда, бұл кезде Уақытша үкіметтің билігі әлсіреп, облыстық Алашорда Комитетінің басшылары қашып кеткен» [25, 24-п] – деген мәлімет С. Шакирзяновтың естелігінен алынды.

1918 жылғы қаңтар айында өткен Жетісу облыстық қазақ съезі туралы М. Дулатовтың «Тағы құрбан» атты мақаласында «...өткен ғинуар ішінде Алматыда облыстық съезд ашылып, сол съезде қазақ милициясын жасау туралы кеңес болған еді. Отыншы Әлжанов маркұм сол съезде болып, жолдастарымен бірге Түркістан Комитетінің бастығы Шкапскийге жолығып, қазынадан қазақ милициясы үшін 500 мың сом ақша алды. Бұл ақшаны Лепсі казначействосына апарып салған еді, соңынан большевиктер талап әкетті. Отыншы Алматыға барған кезде Түркістан уалаятында большевиктің жаңа күшейіп тұрған шағы еді. Автономия қамына кірісіп һәм милиция жасамақ болып жүргенін біліп, большевиктер Отыншы, Ыбраһим һәм Сатылған үшеуін абақтыға жауып тастады» – деген мәліметі [26].

Көп кешікпей «Сарыарқа» газетінде Сатылғанның (Сабатаев) «... қазақ милициясы үшін 500 мың сом алып берген Шкапский сабазды баласымен екеуін большевиктер абақтыда атып өлтірді. Отыншылар ол жолы құдай сақтап, абақтыда аман қалған еді. Бірақ, бұлар шыққан кезде большевиктер елге ойран сала бастап, қазақ-қырғызды қырғынға ұшыратуға кіріскен еді. Ұлтшыл ер Отыншы бұл қорлыққа шыдай алмады. Жолдастарымен бірігіп, жігіт жинап, елді қорғау жолына түсті» мазмұнындағы хаты беріледі [27].

Ғалым – агроном Сатылған Сабатаевтың төрағалығымен өткен бұл съездің күн тәртібіндегі негізгі мәселе қазақ әскерін жасақтау ісі еді. Оны съезд төрағасы С. Сабатаевтың тарапынан Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің атына Верныйдан 1918 жылғы 31-қаңтарда жолданған мына жеделхаттан көруге болады. Әскер жасақтау үшін «Жетісу облысындағы қырғыздарды Г. Шахворостов пен Пестов фабрикаларынан шығатын шұға өнімдерімен қамтамасыз ету сұралған» [28, 58-п.].

Келесі съезд туралы жоғарыда айтылған Сатылғанның хатында берілген: «1918 жылдың 25 мамырына тағы да облыстық съезд шақырылмақшы. Сонда халықтың қалауы бойынша аздан аз, көптен көп кісі сайланбақ» –

деген хабарлама ғана [27]. Жетісуда болған соңғы облыстық съезд туралы Н. Мартыненко еңбегінде: «...1918 жылдың 10-31 тамыз аралығында Лепсі қаласында Жетісу облыстық екінші қазақ съезі болды» делінген. Біздің есебімізше, бұл екінші қазақ съезі емес, онан кейінгі өткен бесінші съезд болады. Съездің күн тәртібінде талқыланған мәселелер қатарына «облыста басқару органдарын құру, ұлттық әскердің бөлімдерін жасақтау, оқыту, қажетті заттармен (киім-кешек, қару-жарақ, азық-түлік) қамтамасыз ету және оларды соғыста пайдалану мәселелері кірді. Съезд Алаштың облыстық комитетін (Жетісу облыстық қазақ комитеті) қайта сайлап, оның құрамына белгілі саяси қайраткер М. Тынышбаевты енгізді.

Алаштың облыстық комитетінің құрамына: Ыбраһим Жайнақов (Верный гимназиясының 6 класын бітірген – төраға), оның мүшелері Сатылған Сабатаев (ғалым-агроном), Төлебай Дүйсебаев (гимназияның 4 класын бітірген), Нүсіпбек Жақыпбаев (дәрігер), Базарбай Мәметов (заңгер, Қазан университетін бітірген), Біләл Сүлеев (семинарист, мұғалім), Иса Тергеусізов (Верный гимназиясының 3 класын бітірген), Мұхамеджан Тынышбаев (жол қатынасы инженері) және Садық Аманжолов (заңгер, бітістіруші сот) енді» [11, 86-б.].

Осы келтірілген мәліметтерге қарап, 1918 жылы болып өткен съездердің барлығында да Кеңес өкіметі билік басына келгеннен кейін ұлттық қарулы күштерді құруға көп мән берілген. Жетісуда болып өткен қазақ съездері – облыстың соғыс жағдайында өмір сүріп отырғанын, жергілікті басқару органдарында әлі де ескі билік аппаратының ықпалы бар екендігі байқалды.

Орал облыстық қазақ сьездері. 1917 жылғы сәуірдің 19-22 күндері өткен Орал облыстық қазақ съезіне 800-ден астам делегат қатынасты. Делегаттардың саны жағынан басқа облыстық съездермен салыстырғанда одан асып түскені жоқ. Съезге Орал облысының барлық уездері мен болыстарынан өкілдер келді. Мұның өзі – съезге даярлық жұмыстарының өз дәрежесінде, әрі ұқыптылықпен жүргенін көрсетеді. Съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы өз жұмысын бастаудан бұрын-ақ Ғұбайдолла Әлібековтің басшылығымен Уақытша облыстық комитетін құрған еді. Съезде Уақытша Орал облыстық комитетінің төрағасы Ғ. Әлібеков 4 наурыздан 19 сәуірге дейін жасаған қызметі жайынан есеп беріп, съезд төралқасын сайлау жөнінде ұсынысын білдірді. Төрағалыққа Ж. Досмұхамедов, оның орынбасарлары болып А. Кәлменов пен Ғ. Әлібеков, хатшылары болып Ғ. Жетпісбаев, Х. Ахметшин және Н. Арғыншиев сайланды.

Съезді қазақ әйелдері атынан Мендікыз Шәпенова құттықтады. Ол жөнінде Ә. Әйтиевтің естелігінде: «съезге Оралдың сол жағалауындағы жерлерді байырғы қазақтарға қайтарып беру жайлы ұсыныс түскендігін, ол мәселені күн тәртібіне ендіріп, талқылау кейінге қалдырылғандығын айта келіп, оған себеп – әйелдер атынан съезді құттықтауға келген М. Шәпенова мен Қаратаева болды» [29,124-п.].

«.Бұл съезді интеллигент әйел М. Шәпенова, Б. Қаратаевтың қыздары мен әйелі т.б. қырғыз әйелдерінің өкілдері құттықтады. Солардың ішінде съездің міндеттерінен хабардар М. Шәпенова сөз алып, қоғамдағы қазақ әйелінің тұрмыстық жағдайын дәл сипаттайды және сьезд «басқа халықтардың әйелдері сияқты тең праволы негізде қазақ әйелдерін күндіктен босатып, теңдікке жеткізу жолдарын қарастырар» деген ниетін жеткізеді.

Алайда съезге қатысып отырған молдалар тез арада әйелдердің съезден шығып кетуін талап етеді. Съезд төрағасы Ж. Досмұхамедов революцияның заңы бойынша әйелдердің де ерлер сияқты съездерге қатысуға құқығы бар екендігін молдаларға түсіндіруге тырысқанмен, нәтижесіз болады. Съезд жұмысын одан әрі ушықтырмас үшін Ж. Досмұхамедов әйелдердің залдан шығып кетуін өтінеді» [29, 132-п.]. Бұл Батыс өңірлерінде өткен съездерде дін басшыларының ықпалы күшті болғандығын байқатады.

Съезд жұмысы Ғ. Әлібековтің ұсынуымен күн тәртібіндегі алғашқы үш мәселені: мемлекетті басқару түрі туралы, Уақытша үкіметке көзқарас, соғысқа қатынас туралы мәселелерді талқылаудан басталды. Бірінші мәселеге байланысты делегаттар «демократиялық республика идеясын қолдады. Ал, ұлттық-территориялық федерация мәселесін әзірге ашық қалдыруды ұсынды» [29, 125-п.].

Соғыс мәселесіне байланысты делегаттардың пікірі оны жеңгенше жүргізе беру керек дегенге тоқтады. Сөйтсе де, оралдық зиялылар арасында бұл пікірге қарсыластар да табылды. Бүкілресейлік мұсылмандар съезі Ресейді мекендеген мұсылман халықтарына ортақ көптеген мәселелерді қарастырғаны белгілі.

Съезде құрамында 20 адамы бар Ж. Досмұхамедов басқарған облыстық қазақ комитеті сайланды. Оралдықтар жер мәселесін түпкілікті шешуді Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының үлесіне қалдырды. Съезд делегаттары жер иемдену көлемі еңбек мөлшеріне сәйкес болу қажет деген шешімге тоқтап, бұл мәселеде өздерінің Ресей халықтық-социалистік партиясының бағытына жақын екендіктерін білдірді. Сонымен қатар облысқа сырттан көшіп қелуге және қазақтардың пайдалануындағы жерлерді алуға тыйым салуды қолдайтындықтарын да жасырған жоқ. Жер мәселесіне орай съезде Қараоба болысынан келген өкіл Ермұхамед Арғыншиевтың ұсынуымен Орал өзенін ұлттық шекара ретінде мойындау туралы мәселе көтеріліп еді, алайда талқыланбай қалды [30, 26-п.].

Съездің дінге байланысты қабылдаған шешімі торғайлықтардың көзқарасын қайталап, облыстық діни басқарманы Орынборлық муфтиатқа бағындыруды жақтады. Съезд жұмысының барысында кемшіліктерге де жол берілді. Айталық, съезд жұмысы руға, атаға бөлінушілік сипатымен ерекшеленді. Мысалы «төрелердің басында тұрған Б. Қаратаев өз руын қорғап, олар бұрыннан патшаға қарсы күрескен, Қаратай ханның өзі көзі ашық, революцияны жақтаған адам» десе, қырғыздардың басым бөлігі бұл пікірге қарсы шығып, олардың съезд залынан шығып кетулерін талап еткен [31, 8-п.].

Съезд Бүкілресейлік мұсылмандар съезі туралы мәселеде Мәскеуге Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ғ. Әлібеков, мұғалім Сұбханов және алты молданы жіберу туралы шешім қабылдайды. Съездің күн тәртібіндегі оқу-ағарту, мәдениет және шаруашылық-қаражат мәселелері бойынша Торғай съезінің шешімдерінде жалпыға бірдей бастауыш білім беру міндеттері алға тартылса, Орал съезінің қарарларында орта мектеп ашу және кәсіби мамандарды даярлау үшін мұғалімдер құрылтайын шақыру қажеттілігі көрсетілді. Съезд делегаттары жалпы қазақ съезін шақыру идеясына қолдау көрсетіп, осы мәселеге орай Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне сайлаған өкілдеріне басқа облыс делегаттарымен келіссөздер жүргізіп, ортақ шешімдерге келуді тапсырды.

«Біздің пікірімізше, – деп жазды К.Н. Нұрпейісов, – Орал облыстық съезінде көлем-деңгейі де, маңызы да әртүрлі, бір-бірімен тығыз байланысты үш мәселе жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпыроссиялық, қазақстандық және оралдық) мәселе жеке-жеке жүйеленген. Мұның үстіне съезде талқыланған мәселелер оған қатысушыларға сол кезеңнің сан қилы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, сонымен қатар келешекті болжауға да түрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлде қайда асып жығылды» [4, 101-б.].

Екінші Орал облыстық қазақ съезі 1917 жылдың маусымында Ойылда Көкжар жәрмеңкесінде өткен. Осы кезде казақтың тұңғыш жергілікті басқару органы – Жайық сырты земство управасы сайланды (төрағасы – жоғары білімді дәрігер, әрі юрист Дәулетшах Көсепқалиев). Сөйтіп, оралдықтар бірінші және екінші жалпы қазақ съезіне дейін басқарушы және атқарушы билікті іс жүзіне асырып үлгергендігін» тілге тиек етеді [32].

1918 жылдың 17-қаңтарында Қаратөбеде өткен жиналыста қазақ зиялылары әскер құруға бөлінетін қаржы мөлшеріне байланысты қарама-қайшы пікірлер айтылады. Қарсы күштер осында қабылданған 100 сомдық әскери салықтың елдің әлеуметтік құрамын ескерместен, барлығына бірдей мөлшерде қойылуын жақтамады. Олар съезге салық төлеушілердің тұрмыс жағдайын ескеруін және соған сай қаулының осы бөлімін өзгертуді талап етті.

«Оппозиция «Ақ жол» партиясының идеясына негізделді. Оның председателі – Есенғали Қасаболатов, мүшелері А. Кенжин, Ғ. Әлібековтер болды. Екінші топтағылар Орал облысы қырғыздары мен әскери үкіметінің (казачество) саяси бағытын жақтаушылар. Құрамында Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Ә. Әлібеков, облыстық земуправаның мүшесі М. Мырзағалиев, казачество жанындағы жер комитетінің мүшесі, Алашорда әскерін ұйымдастырушылардың бірі, офицер К. Тәттібаев және земуправаның мүшесі, дәрігер А. Ипмағамбетов болды. Ал, үшінші топтағылар ауыл демократтарынан тұрды. Оның қатарында фельдшер И. Құдайқұлов, мұғалім М. Шолаков, Г. Кірмәділов, С. Бекболатов т.б. болды. Осы топтағылардың ішінде жер мәселесіне орай Орал казачествосы

жанындағы жер комитетінің мүшелері С. Қаратілеуов, М. Мырзағалиев және Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедовтердің арасында келіспеушіліктер туындап, ақырында С. Қаратілеуов ақпан айының басында Темір уезіне келіп, онда уездік земуправа құрып қана коймайды, сонымен қатар уездік жер комитетінің съезінде қазақтардың ықпалымен уездік аткару комитетін (төрағасы – С. Қаратілеуов) құрады. Осы қызметте жүргенде ол Ақтөбе майданы арқылы М. Шоқайды шетелге шығарып салады, сонымен қатар Кеңестерге қарсы күрес жүргізіп, өзі құрған замствоның пайдасына қызмет етеді [29, 137-139-пп.].

Қаратөбе съезінде «...автономиялық құрылым мәселесі талқыланумен қатар екінші земство сайлауы өткізілді. Жайықтың Бұхар бетіндегі 600 мың қазақты түгел басқарған управа орталығы Оралдан 18 шақырым Барбастау поселкесінде орналасқан, төрағасы жоғары білімді дәрігер Халиолла (Халел) Досмұхамедов» болған [32].

Орал облысының төртінші съезі 1918 жылғы мамыр айының 18-21 аралығында Жымпитыда болып өтті. Кейіннен Алашорданың батыс бөлімінің орталығына айналған Жымпиты, Орал қаласының оңтүстік-шығысында (қазіргі Сырым ауданының орталығы) орналасқан. Бұл жердің Орал қаласынан арақашықтығы 140 км. 1886 жылы Өленті өзені жағасында іргетасы қаланған болатын. Батыс өңірі бұл кезде Ресей империясының қол астындағы елді мекен еді [33].

Съезге қазақ өкілдерімен қатар Орал әскери үкіметінен де арнайы кісілер шақырылды. Делегаттар саны алғашқыда 300-ге жетсе, кейіннен оларға тағы да 150-дей адам қосылды. Съездің күн тәртібіне 20 мәселе енгізілді. Олар: 1) Ресей мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзқарас; 2) земство делегациясының Москваға баруы жөніндегі есебі; 3) Орал облыстық земство басқармасының казачествомен одақтасу саясаты туралы баяндамасы; 4) жалпы саяси бағытты анықтау; 5) кіммен және қандай негізде одақ құру керек? 6) Орал облысының қазақ бөлімінде мықты өкімет құру; 7) земство мекемелерінің билігін кеңейту... 16) орталық земство басқармасын қырға көшіру... болды [4, 175-176-бб.].

Съезді Х. Досмұхамедов кіріспе сөзбен ашып, облыстық земство басқармасының төрағасы ретінде өзінің Мәскеуде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесімен, Орал облысымен шекаралас Кеңестердің жетекшілерімен келіссөздер жүргізіп, Орал казачество басшылығымен жақындасу әрекеттерін жасағандығы туралы айтты. Осы мәселеге орай «...съезде Кеңестерге байланысты (Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамед) олардың саясатын қаралаған сөздер айтылды... Олар Кеңес үкіметі дінге қарсы, қоғамдық меншікті жақтайды, жеке меншікке қарсы, тонау мен талауға жол береді ...мұның бәрі қырғыздардың тұрмыс-тіршілігіне қауіп төндіреді деген пікірлерін алға тартады. Осыған сәйкес Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер съезд атына мынадай ұсыныстар жасады:

1) 1918 жылғы ақпан айында болған облыстық земуправаның жиылысында жасалған Орал казачествосымен одақтасу жөніндегі (Кеңес өкіметіне қарсы) келісім-шартты қағаз жүзінде яғни, заңдық негізде даярлау;

2) Орал казачествосына заттай және қаржылай көмек беру. Әсіресе, оның әскерін ат-көлікпен, жылқымен қамтамасыз ету;

3) Қазақ офицерлерінің басшылығымен Уфадағы әскери үкіметке «Қырғыз милициясының» атын «Қырғыз халық армиясы» деп өзгерту мақсатында жіберілетін адамдарды белгілеу;

4) Жымпитыдан 6 айлық юнкерлік қысқа курс ашу. Төменгі команданың құрамын даярлау үшін сауатты қырғыз жастарын (2 кластық білімі бар гимназистер мен реалистер, мектеп мұғалімдері) және оларды әскер ісіне үйретуге Орал казачествосынан әскери мамандарды шақыру;

5) Орал облысындағы қырғыздарды «Ойыл Уалаяты» деген атпен ерекше облысқа бөлу ...оның құрамына 5 уезд – бұрынғы Орал уезінің орнына Шыңғыртау уезі, Лбищенскінің орнына Жымпиты уезі, Гурьевтің орнына Сағыз уезі, Темір және Ойыл уездерін кіргізу;

6) Қырғыз халық милициясын қару-жарақпен Орал (казачествосы) әскери үкіметі қамтамасыз етсін.

Съезге қатысқан өкілдер Халсл мен Жаһанша Досмұхамедовтер айқындаған бұл бағытты қолдайтындарын жасырмады. Съезде жаңадан құрылған Ойыл Уәлаяты үкіметінің ұсынысымен Х. Досмұхамедов телеграф арқылы Оралда болып жатқан Орал әскери үкіметі мен казачествосының съезіне облыстық қазақ съезінің шешімдеріндегі «Қырғыз бен қазақ қазірден бастап Кеңес өкіметіне қарсы күш біріктіріп, соңғы адамы қалғанша күресетінін» жеткізеді [13, 47-49-пп]. Съезде «земство делегациясының Мәскеуге баруы жөніндегі есебі» туралы мәселе қаралды. «...Съезде бірінші сөзді Ж. Досмұхамедов алып, өзінің Москваға барып келген сапары жайлы баяндады [31, 23-п]. Олардың Мәскеуге бару сапары өздерінің сөзімен айтқанда, Орал өңіріндегі қырғыздар арасында Кеңестер құру үшін Халық Комиссарлар Кеңесінен қаржылай көмек сұрау ниетінде болған.

1918 жылдың 5-15 наурыз күндері Орал қаласында түрлі саяси күштердің біріккен съезі өтеді. 15-наурызда казачество шіркеуге ант беруге жиналып, оған Алаш партиясының мүшелері ретінде Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер және Кәрім Жәленов қатысады. Осында Батыс Алашордашылар мен казачество арасында большевизмге қарсы бірлесе күресу мақсатында Мәскеуден Халық Комиссарлар Кеңесінен қаржылай көмек сұрау жоспары жасалып, оны іске асыру үшін әскери үкіметтің қолдауымен әлемдік сот Попов алашордашылармен бірге Мәскеуге жіберілетін болды. Егер осы сапар сәтті болып, ХКК-нен қаржы бөлінген жағдайда Батыс Алашорда мен Әскери үкіметке теңдей бөлінетіндігі келісіледі.

Батыс алашордашылардың ХКК-нен 40 млн. қаржы сұралып, оның 12 млн. алу мүмкіндігіне ие болған [13, 37-42-пп.]». 1918 жылдың 5 сәуірінде Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты Кеңестердің Жалпықазақтық съезін шақыру мақсатында М. Тұнғаншиннің басшылығымен ынталы топ құрылғанын» айта келіп, кейбір мәліметтерге қарағанда В.И. Ленин Досмұхамедовтердің өтінішіне орай осы

съезді даярлау үшін оларға шын мәнісінде 12 млн. қаржы бөлінгені» айтылады [34, 38-б.].Осы ретте айта кетерлігі, Саратов Кеңесі Атқару Комитетінің сәуір мәжілісінде Алашорда үкіметінің атынан сөз алған Халел Досмұхамедов емес Жаһанша Досмұхамедов болған.

Үндеуден кейін Орал әскери үкіметінің Батыс алашордашыларға көзқарасы өзгереді. Арадағы қарым-қатынасты қайта қалпына келтіру мақсатында 1918 жылы әскери келісімдер жасалады. Онда Батыс Алашорда Орал казак әскерін заттай, қаржымен, көлікпсн қамтамасыз етумен қатар, қазақ жігіттерін ұрыс майданына жіберуге келіседі.

«Орал облысынан алынған соңғы хабарларға қарағанда Жаһанша һәм Халел Досмұхамедовтер Кіндік Совет хүкіметімен сөйлескен кезде, облыстағы көршілес атты казактардың большевиктерге қарсылығы, облыстық қазақ съезіндегі жұрттың беті Советке бағынбауға ауған тұста, олар іс бағытын басқа жаққа бұрды. Орал, Ілбішін, Гурьев – үш уезден Ойыл хүкіметін жасаған ... Земство бұрынғы қалпынша өз қызметінде, оның ісіне үкімет қол сұқпайды. Ойыл үкіметінен Орынбор атты казак үкіметіне елші болған облыстық земство мүшесі А. Несіпбаев 17 – шілдеде Орынборға келіп, мұнда Орынбор атты казактарымен саяси байланыс жағын кеңесуден тыс әскер үшін қару – жарақ табу жайын да кеңеспек» [35]. Міне, осылайша осы өңірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарларының орнына Ойыл Уәлаяты Уақытша үкіметінің билігі жүретін болды. Бұл үкіметтің құрамында Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Құрманғалиев, Жанкожа Мергенов, Садық Омаров, Сейдолла ишан, Иса Көпжасаров, Е. Балтановтар болды. «Хүкімет жәмиғаты базарда тұрады. Инструкторлар шығаратын школы, жігіт үйрететін офицерлері бар. Осы күні бірсыпыра жігіт атты милиция ойынын үйренуге әрекет жасайды» [35].

Құрамын екі мың адамға жеткізу белгіленген іскери жасақты «Халық милициясы» деп атады. Оған 18-30 жас аралығындағы, ұлты қазақ ер адамдар, негізінен 1916 жылы майдан жұмысына барып келген жігіттер алынды. Киім үлгісі: шолақ татар шекпен, биік саптама етік, дөңгелек жиекті шошақ бөрік, иықта – жүздік нөмірі көрсетілген погон. Әскер жорыққа ақ ту ұстап шыққан, мұның өзі уәлаят милициясының жалпы Алашорда әскерлерінің құрамдас бөлігі ретінде жарияланғанын дәлелдейді. Уәлаяттың әскери жасағын Сабыр Сарығожин, Нәдірше Сұлтангерейұлы Есімханов басқарды, бас интендантміндетін Б. Атшыбаев атқарды. Уәлаят әскері офицерлерінің арасында Б. Қаратаевтың баласы хорунжий Мұрат Қаратаев, Мұхит Мерәліұлының немересі прапорщик Ғұбайдолла Мұхитов және т.б. бар [33].

Жаһанша Досмұхамедов Уақытша Ойыл үкіметінің төрағалық қызметімен қатар жоғарғы сот төрағасының міндетін атқарған, сондай-ақ, әскери бөлімді басқарған. Адмирал Колчактың Қазақстанның Батыс өңірінен хан сайланған Ж. Досмұхамедовке арнайы өкіл жіберген.

Төртінші Орал облыстық қазақ съезінің қаулыларының саяси мәні өте зор болды, оның мазмұны мынаған саяды: 1) Қазақ-қырғыз өлкесі жалпы

бұқараның ынтымақтасу негізіне құрылған Россия республикасының толық құқылы бір мүшесі болып өз істерінде ерікті штат болсын; 2) Қазіргі саясат күйімен Оралдан бастап 5 облыс, бір губернияның бөлімінен құрылған казақ-қырғыз өлкесі өз бетінше дербес автономияны жарияласын; 3) Совет тұрғанда автономияны іске асыру мүмкін емес. Себебі, Совет үкіметі ұлтшылдыққа қарсы, ұлттар үшін зиянды саяси ұйым.

Сондықтан: а) қырғыз-қазақ халқы Совет үкіметін танымаска және бой сұнбаска тиісті; ә) Оралдық казак-орыстармен бірігіп, Орал қазақтары большевиктермен күресуге тиісті; Бірақ, күрес қырғыз-қазақ пайдасын сақтау бөлімі басқа максатка ауса, ондай күреске қырғыз-қазақ қосылмасын; 4) Орал облысы Орал ұлысы аталсын. 7 кісіден хүкімет құрып, әзірге штат болсын.

Орал ұлысы «Алашорданың» уақытша бір бөлімі болып, Алаш автономиясы жарияланып, билік түрін белгілей, аяқ басқан соң, бар хәкімшілікті «Алашордаға» тапсырсын. Қаулының соңында басқармадан: «Орал облысындағы бауырларымыздың саяси басшылыкка жетіп, ат төбеліндей жерде хүкіметті ел болғандарына қуаныштымыз. Алашорданың үстіндегі ауыр жүктен бөлісіп алғаны жақсы ғой. Бірақ, жалпы Россия Құрылтайын сылтау қылған ауруға шалдығып (Орал хүкіметі балығы болмаса, бақасынан деп) ала қойды бөле қырқып жүрмесе жарар еді» деген ескертпесі бар [36].Орталық Алашорданың мұндай ескертпесі заңды болатын. Себебі, дәл осындай тарихи кезеңде ел ішінен бөлініп жеке үкімет құрудан гөрі мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мен ынтымағы жарасқан мықты үкімет керек еді. Оралдықтардың Кеңес өкіметін ашық түрде мойындамауы Саратовтағы үндеудің шын мәнісінде мәжбүрліктен дайындалғанын көрсетеді.

Құрамында 7 адамы бар Ж. Досмұхамедов бастаған Уақытша Ойыл Уәлаяты үкіметін 1918 жылдың 22 – мамырында өткен Орал казачествосының төтенше әскери съезі қуанышпен қарсы алды. Әсіресе, олардың большевиктермен ашық күресу керек деген шешімін қолдайды. Ойыл Уәлаятымен байланысу мақсатын көздеп, оған арнайы өкіл жібереді. Алайда, съезд Алашорда үкіметінің көршілес казактардың жергілікті халыққа қарсы бағытталған зорлық-зомбылықтарын тоқтату туралы өтінішіне «жағдайға қарай көреміз» деген екіұшты жауабын берді. Ж. Досмұхамедов 1918 жылғы 22-шілдеде Комучке жолдаған хабарламасында батыс өңірінің тыныштығын сақтау үшін құрылған Уақытша Ойыл Уәлаяты үкіметінің билігін Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін тәуелсіз» деп жариялайды. Алайда, Орал әскери үкіметі, Уақытша Сібір үкіметі, Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінен, тіпті Орталық Алашордадан да қолдау таппаған Уақытша Ойыл Уәлаяты үкіметі Уфа Мемлекеттік Кеңесі кезінде (1918 ж. қыркүйек) Ә. Бөкейхантың басшылығымен өткен Алашорданың төтенше мәжілісінде (1918 ж. 11 қыркүйек) өз жұмысын тоқтатты.

Алаштанушы Ғ. Әнес пен М. Тәж-Мұраттың пайымдауынша, «Ойыл Уәлаяты» уақытша үкіметі орталық Алашордадан бөлініп кеткен жоқ және бүкіл қазақстандық билікке ие болуды да көздемеген. Мемлекет құрылымы жағынан ол – федерация объектісі, құқықтық-саяси дербестігі жағынан автономиялық республикалар құрылымындағы кантон, штат, өңір деңгейінде тұрды» [33].

Осылайша, Алашорда тарапынан қолдау таппаған Ойыл Уәлаяты үкіметімен Алашорданың батыс бөлімінің ерекшелігі – оның Алашорда үкіметінің шешімі негізінде құрылып, өз билігін ұланғайыр аумаққа жүргізуі болды. Мұның өзі – екінші жалпы қазақ съезінің ұлттық-территориялық автономия құру туралы шешімінің Батыс Қазақстанның айтарлықтай аумағында іске асырылғандығын айғақтайды.

Әртүрлі деңгейде өткен Орал облыстық қазақ съездерінде негізінен бір-бірімен тығыз байланысты жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық мәселелер өз алдына жүйеленген. Айталық, Жымпитыда өткен съездегі хан сайлау рәсімі және діни басқарманың құрылуы – оралдықтардың қазақ автономиясын теократиялық негізде құруға ұмтылғандарын байқатады. Әрине, мемлекет басқарудың бұл түрі туралы мәселе Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде талқыланды. Алайда, бұл идеяда сол кезеңнің экономикалық және статистикалық мәселелері ескерілмегендіктен, жоба қабылданбай қалады. Оралдықтардың бұл қадамы Қазақстанның батыс өңірінде дін басыларының ықпалды болғанын және олардың бұрын айтылып келгендей қазақ қоғамын кері тартуға емес, қайта мемлекетті таза, діни жолмен басқарсақ деген таза ниеттен туындаған деуге болады.

Орал облысында өткен келесі съездер 1919 жылға тән. Оралдағы 4-ші әскердің Алашордадағы жағдайы туралы 1919 жылғы наурызда берген мәліметіне қарағанда «ақпан айының басында Қаратөбе базарында қырғыз үкіметінің съезі болып, онда Колчак билігін мойындау туралы шешім қабылданады. Соған байланысты Сібірге 2 делегат жіберіледі. Ақпан айының басында Жымпитыға Колчак әскерінен 80 адам келеді. Наурыз айының ортасында Оңтүстік топтың командованиясына «Алашорданың батыс бөлімінің Қаратөбеге келгендігі және мұнда Кеңес өкіметімен келіссөздер жүргізу мәселесін шешу үшін съезд шақырылатындығы» белгілі болады.

Алтыншы Орал облыстық съезі 1919 жылдың 14-20 шілде аралығында Ойылда болып өткен, алайда талқыланған мәсселелер мен қабылдаған шешімдері беймәлім. 1919 жылдың 7 желтоқсан күні Алашорда басшыларына 4-ші армияның Революциялық Әскери Кеңесінің мүшесі Лежава-Мұраттың жазбаша үндеуі және Қырғыз Әскери Революциялық Комитетінің мүшесі А. Байтұрсыновтың даярлауымен 1919 жылдың 4-қарашасындағы Түркістан майданы Революциялық Әскери Кеңесінің шешімінен үзінділер жеткізілген. Осы құжаттармен танысқан Алашорданың батыс бөлімі 10-желтоқсанда Қызылқоғада құрметті ақсақалдар мен молдалардың, түрлі қоғамдық саяси ұйымдар мен земстволық және қалалық өзін-өзі басқару мекемелері өкілдерінің басын қосты. Онда аймақта қалыптасқан жағдай туралы

мәселелер талқыланды. Олар Қырғыз әскери комитетінің атына жолданған хатта екінші жалпы қазақ съезінің (1917ж. желтоқсан) автономия құру туралы шешіміне сәйкес аймақты басқару мен халықтың тыныштығын сақтаудың соғыс жағдайында қиындап кеткендігі, қалай болғанда да орталық билік тарапынан автономиялық басқару органдары мойындалуы керектігі баса айтылады [34, 135-144, 158-159-пп]. Алашорданың батыс бөлімінің қазақ автономиясы үшін жүргізген күресі аймақтағы күрделі соғыс жағдайына қарамастан ресми түрде 1920 жылға дейін өз жалғасын тапты.

Бөкей Ордасы облыстық қазақ съездері. Жергілікті халықтың 98% құрайтын Бөкей Ордасында ақпан революциясынан кейін түрлі әлеуметтік топтардың қатысуымен жиналыстар болып, онда жаңа үкімет Хан Ордасының Атқару Комитеті құрылады.

1917 жылдың 20-25 сәуір аралығында Бөкей Ордасының барлық жерінен өкілдер қатысқан облыстық қазақ съезі болып өтті. Бұл съезд басында сәуір айының 15-не белгіленіп, бірақ, онда алынатын құжаттарды жан-жақты ойластырып дайындауға уақыттың аздығынан болса керек, бір жұмаға кейінге шегеріліп, 21 сәуірде басталды. Бөкей Ордасынан 167 өкілі қатысқан съезд жұмысын Уақытша комиссар Б. Ниязов ашты. Съезд төралқасының төрағалығына У. Танашев, мүшелеріне – Мәжит Шомбалов, Шафһат Бекмұхамедов, хатшылығына – Ишанғали Меңдіханов, Сейітқали Меңдешев, Ә. Мұсағалиев сайланды. Съезд жұмысы басталмас бұрын ахун Қажығали Ғайсин азаттық жолында құрбан болған күрескерлерге бағышталған ият оқыды. Съезд делегаттары тарапынан еске алу рәсімі жасалды.

Съезді дәрігерлер атынан М. Шомбалов, Астрахан губерниялық Атқару Комитетінің атынан Конюков және солдат Бударин, Астрахан қаласы солдат депутаттары мен офицерлері атынан подпоручик Львов, мұғалімдер атынан Ш. Ақбаев, Астрахан қаласындағы мұсылмандар атынан А. Әбдікәрімов, Қазан мұсылмандары атынан У. Танашев, Хан Ордасы шіркеуінен (екінші приход) Мусин құттықтады. Сонымен қатар Торғай облысы қазақтарынан, «Қазақ» газетінен және Басқұншақ тұз кәсіпшілігіндегі қазақ жұмысшылары атынан келген құттықтау жеделхаттары оқылды. Съезд жергілікті басқару жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге байланысты маңызды шешімдер қабылдады. Жергілікті басқару органдарын құру ісінде аймақтағы халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен өмір салтының ерекшеліктеріне мән берілді. Оны 17 пункттен тұратын съезд қаулысы дәлелдейді. Қаулының 14-пунктінде «территорияның аукымдылығына байланысты халықтың шашыраңқы орналасуы – Астрахан өлкесін бір жерден басқару қажеттілігінен туындағанын, соған орай комиссарлық лауазымға 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі болған Б. Құлмановтың, ал орынбасарлығына мұғалім И. Меңдихановтың сайланғаны» айтылады [37, 68-74-бб.].

Алаш автономиясының геосаяси жағынан орналасу күрделі болды, сондықтан, Алашорданың шығыс, батыс бөлімдері әрекет еткендігі белгілі. Бөкей Ордасын басқару да осындай қажеттіліктен туындаған еді.

Бірақ, олардың бәрі де Орталық Алашордамен тығыз байланысып, ортақ мақсат-мүддеге жету үшін күресті. Осы ретте Алашорданың батыс бөлімі ретінде құрылған, өзіндік мемлекеттік атрибуттары сақталған, түрлі саяси күштермен және жергілікті Уақытша үкіметтермен келіссөздер жүргізіп 1920 жылға дейін әрекет еткен Батыс Алашорда үкіметінің қызметін ерекше атаған жөн. Себебі, Уақытша Ресей үкіметінің елдің тұтастығын сақтап қалу мақсатында шығарған 1918ж. 4 қараша жарлығы Сібір, Башқұрт, Комуч, Алашорда үкіметтерімен қатар Орал уақытша үкіметіне де қатысты еді [38, 39-б.]

Съезге қатысқан өкілдердің басым көпшілігі ұлт зиялылары болғандықтан, өздерін жақсы жағынан жарқыратып көрсету үшін баяндамашыларды тек ірілерінен таңдағаны», сондай-ақ «Ұран» газетінде (1917ж. 25 қыркүйек) жарияланған съезд қорытындыларына тоқталып, алашордашылардың Уақытша үкіметтің саясатын қолдаған. Мұның себебін Уақытша үкіметтің жер саясатымен байланыстырады.

Патша билігі жойылғаннан кейін Бөкей Ордасындағы жергілікті тұрғындар мен орыс шаруалары жер мәселесін Уақытша үкімет өз пайдаларына шешеді деп үміттенді. Алайда, олардың үміті ақталмады. 1917 жылдың көктемінде (мамыр айында) Бөкей Ордасында жер үшін күрес шарықтау шегіне жетті. Әртүрлі деңгейде көрініс берген бұл күрес бастапқыда дикандар қозғалысы, өтініш жазу және т.б. түрінде болды. Айталық, өтініштердің бірінде: «...Бөкей хан тұсындағы, осыдан 100 жыл бұрын қазақтарға бөлінген қазыналық жерлер сол кезде-ақ қазақтарға әділ бөлінбеді. Хан тұқымдары мен қызметшілері ең құнарлы деген жерлерді иемденіп, халықты жерсіз қалдырды. Міне, енді бостандық алған соң, жерсіз қалған қазақтар осы тартып алынған жерлерден өз үлестерін беруді және жерді әділ жолмен бөліп беру үшін арнайы өкілдер жіберуді өтінген» [38, 28-30-пп.].

Бөкей Ордасында болған екінші съезд – 1917 жылдың 10 қыркүйегінде зиялылар қауымының ұйымдастыруымен шақырылды. «Қазақ» газетінде: «1917 жылдың 22 тамызында Ордадағы қазақ жастары һәм Кіндік Комитет пен бюро ағзаларының Кеңесі болды. Сол Кеңесте Ішкі Ордалықтың қазіргі һәм келешектегі істері сөз болып, бұл туралы Ордалықтың оқыған адал адамдарын жиып кеңесуді, съезд жасауды мақұл көрді. Съезд 1917 жылдың 10 қыркүйегінде Хан Ордасында болады» делінді. Съездің күн тәртібіне: 1) Руссияның саяси жағдайы туралы (баяндамашы – У. Танашев); 2) Бөкей Ордасындағы саяси жағдай (баяндамашы – Б. Ниязов); 3) жер мәселесі туралы (баяндамашы Б. Құлманов), сонымен қатар сауда-саттық мәселесі, білім беру, денсаулық сақтау т.б. мәселелер енгізілді [39].

Съезд жұмысының барысында Уақытша үкіметке көзқарас мәселесінде делегаттар екіге бөлінгенімен мұндағы жетекші орынды алашордашылар алды. Сөйтіп, олардың билігі 1918 жылдың басына дейін өз күшінде болды. Алашордашылар большевиктерге қарсы тағы да съезд шақырып, онда Бөкей Ордасын «Юго-восточный союзға» (Оңтүстік шығыс одағы) косу мәселесін

қарамақ ниетімен даярлық жұмыстарын жүргізді. Олар контрреволюциялық эсер-меньшевиктермен, кадеттермен байланысып, Омбы, Орынбор, Астрахан және Донға астыртын сапарлар жасайды. Соның нәтижесінде олар Бөкей Ордасының казақтардан құрылған «Юго-восточный союз» деп аталатын жаңа мемлекетке кіруі жөнінде және казақ жігіттерінен милиция жасақтау туралы келісімдерге қол жеткізді.

Уақытша үкіметтің саясатын қолдап, оны іске асырушы мұндай жергілікті ұйымдардың жұмысын тоқтату мақсатында 1917 жылдың 1 желтоқсан күні Хан-Ставкасында Атқару комитетінің мүшелері, Астрахан горкомының большевиктері және Совдеп өкілдері бас қосты. Мұнда олар өкіметтің буржуазиялық органы болып табылатын Бөкей Ордасының Орталық Атқару комитетімен оның комиссариаттарын және Құрылтай жиналысына сайлау комиссиясының орталығын, сонымен қатар земстволық мекемелерді жою туралы мәселелерді қарады[40, 163-б.]. Бөкей Ордасында болып өткен казақ съездері – Ресеймен жапсарлас жатқан бұл өңірде Кеңестердің ықпалы зор болғандығын аңғартады. Соған қарамастан, 17 пункттен тұратын съезд қаулысының негізінде құрамында 14 адамы бар Атқару Комитетін құрып, сол арқылы ұлттық мәселелерді дұрыс шешуге әрекеттер жасалғандығы, әсіресе ұлт зиялыларының Кеңестермен ашық күресудің мүмкін еместігін түсініп, күрес тактикасын өзгертуге мәжбүр болғандарын көреміз.

Ақмола облыстық қазақ съездері. 1917 жылдың 25 сәуір – 7 мамыр аралығында Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезі болып өтті. Бұл съезд 5 дуан елдің білімді, басшы деген адамдарының басын қосты. Съезді Е. Итбаев басқарған ұйымдастыру комитеті даярлады. Оның 250 делегаттарының қатарында Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен өкілдер болды. Съезд төралқасының құрамына А. Тұрлыбаев (төраға), Е. Итбаев пен М. Дулатов (төраға орынбасарлары), М. Саматов, А. Сейітов және Е. Тоқбаев (хатшылары) сайланды.

Төраға жиылған жұртқа, кеңес басшылығына «тәңір жарылқасын» айтып, шама келгенше өзінің шын көңілмен қызмет ететінін білдірді. Съезді Омбы әскери округінің басшысы, генерал А. Григорьев, Шаруалар Кеңесі Атқару Комитетінің төрағасы Юркевич, Омбы мұсылмандар бюросынан Ф. Каримов пен Ибатуллин, Торғай облысы қазақтары атынан М. Дулатов, Омбыда оқыған жастар атынан Мұхтар Саматов құттықтау сөздерін жеткізеді. Содан кейін съезд төрағасы күн тәртібіне қойылған 17 мәселемен таныстырды. Олар:1) Жалпы казақ және жалпы мұсылман съездері; 2) Мемлекетті билеу түрі және Құрылтай жиналысы; 3) Діни басқару; 4) Білім беру; 5) Әйел мәселесі; 6) Аграрлық мәселе; 7) Сот; 8) Земство; 9) Баспасөз; 10) Почта; 11) Қоғамдық қаражат; 12) Зиянды және керексіз шенеуніктер мен мекемелер; 13) Соғыс және бостандық заемы; 15) Азық-түлік мәселесі; 16) Қырғыздарды тыл жұмысына алуға байланысты болған оқиғалар; 17) Уақытша атқару комитеттерін құру.

Съезд осы мәселерді беске бөліп, талқыланғаннан кейін 5 комиссия сайлады. Әрбір қаралған мәселе дауысқа салынып, көпке ұнағанымен қаулы жасалды. Бірінші комиссияға – дін һәм оқу мәселелері, екіншіге – құрылтай жиналыс һәм әйел мәселелері, үшіншіге – азық-түлік, соғыс, жұмысшы, 25 маусым жарлығы, бостандық «қарызы», төртіншіге – жер, сот, халыққа зиянды мекемелер мәселелері, бесіншіге – ақша мәселелері тапсырылды [127]. Съездің күн тәртібі мен қабылдаған қарарлары көп жағдайда Торғай съезінде талқыланған мәсслслсрді қайталады.

Съездің екінші күні көптің талқысына, сынына түскен дін мәселесі туралы қаулының Орынборда өткен Торғай облыстық қазақ съезінің қаулысынан айырмасы болмады. Торғай съезімен және басқа да облыстық съездермен салыстырғанда Ақмола облыстық съезіндегі жаңа мәселелер жұмысшылар мен әйелдердің жағдайларына байланысты болды. Съезд өкілдері әйел мәселесін талқылаған кезде құдалық жайы көп талас тудырды [41].

Осы ретте съезге арнайы шақырылған 34 адамның бірі, сол кезден ұлттық басылымдарда әйел мәселесін көтеріп, халыққа танымал болған Ахмет Баржақсин мерзімді басылымдарда «Қазақ халқының көзі ашық әйелдеріне ашық хатын» жариялайды [42]. Аталған газеттің 1917 жылғы 13 сәуірінде жарық көрген «Үш миллион күң» атты мақаласында «...6 млн. қазақтың жартысы, яғни 3 млн. әйел болғанда ...олардың тірі екені, өлі екені белгісіз. Құр сүлде болып жүрген қаракшы. Еркек әйелді құлдан жаман жұмсайды, жүннен жаман сабайды, малдан жаман сатады, ана мәдени халықтардың (Бельгия, Руссия, Болгария, Сербия, Қаратау) әйелдері ғылымына ие болып, еркектеріне жақсы тәрбие беріп, хан қылып отыр. Ал, қазақ халқының еркектері әйелдерді күң қылып отырған» қазақ еркектеріне өкпесін білдіреді [43].

Осындай көкейтесті мәселелерді өз мақалаларына арқау еткен А. Баржақсиннің пікірлеріне үн қосқан мақалалар легі көбейді. Айталық, Қостанай уезі, Шұбартеңіз болысынан Рахима Алдаонғарова «Әйел еріктігі» аталатын мақаласын жариялап, «...дүниеде өмір сүрудің ең рахаты, ең жақсысы білімді болу үстіне ерікті болу, алдағы істің бәрін басқаратын балаларды тәрбиелеуді бірігіп істеуге... ұлтымыз үшін бақыт, рахатқа себеп болатын істерде еркектерімізге болысайық .әйелде болған мейірім, махабатты ұрпаққа берейік» деп [44], болашақ ұлттық мемлекетіміздің негізін қалайтын ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән береді.

Бүкілресейлік мұсылман съезіне байланысты Ақмола облысынан делегат сайланған Мағжан Жұмабаев Жалпы мұсылмандар кеңесіне өкілдер сайлау жөнінде қазақ зиялыларының екі пікірде болғандығын жазады. Біріншісі – өзінің «жарарлық кісісін өзі сайласын. Қайтадан облыстық съездер жасау қиын болатын болса, жуырда жалпы қазақ съезі болмақ, сонда сайлармыз және де Семейден тірі жан жоқ, ол қайтеді» деген пікірі, екіншісі – Кеңестік Түркістаннан келген 10 адам Көлбай Төгісов, Бөкейлік және Ордалықтардың өкілдер сайлауды кейінге қалдыруға болмайды, осы

жерде сайлап кету керек деген пікірі. Ертеңіне екінші пікірдегілердің сөзі өтімді болып, 5 облыстан (Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей) Кеңеске 5 өкіл сайланды... Ақмола атынан Қараөткелдің Байпатшасы Құрманғалы мырза Қосшығұлов жасырын тізіммен жазылды. Атбасарлық Құлмұхамед Оразаев деген шәкірт семейлік болып ағзалыкка кіріпті .қазақ намысы үшін болған істі бұзғымыз келмеді .жоғарыда есімдері аталған азаматтарды екі облыс қазақтары Кеңеске өкіл етіп сайлай ма, жоқ па .өздері шешеді. Ақмола атынан барған соң, Ақмола қазақтарына және кісісі бармаған Семей қазақтарына істің анығын білдіруді өзімнің борышым» – деп, 5 облыстан барған қазақтың Петроградтағы Мұсылман кеңесіне ағзалыкка өкілдер даярлап апармаған [45].

Ақмола съезінде каралған тағы бір мәселе – Дүйсембай Тұрановтың жеке ісі. Ол Уақытша үкімет тұсында Қызылжарда уездік комиссар болған. Сондай-ақ осындағы мұсылман комитетіне және Қызылжар мен Омбыдағы комитеттердің бәріне мүше болып сайланған. 1917 жылдың наурызында Омбыдағы Ресей жандарм мекемесінің басшылары мен қызметкерлері тұтқындалып, абақтыға жабылған кезде, жандарм архивінен қазақ, ноғай, орыстардың үстінен астыртын шағым жүргізген «Курганский» дегеннің іс-қағаздары табылып, «Курганскийдің» Омбы уезі, Қорған болысының қазағы Дүйсембай Тұранов екендігі анықталды. Съезде оның айыптылығы бетіне басылып, 1914-1916 жылдар аралығында өз колымен жазған шағымдары көпшілікке аян болды. Дүйсембайдың бұл ісі кісі өлтіргеннен де ауыр, барша халықты масқаралау, оларға өшпес кара таңба салу, бүкіл қазақты «бір қойдың пұлына» сату екендігі айтылып, көпшілік дауыспен оны айыпты деп тапты [41].

Съездің соңғы мәжілісінде Айдархан Тұрлыбаев басқарған 10 адамнан тұратын Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды. Оның құрамына А.Тұрлыбаев – төраға, орынбасарлығына – Сейілбек Жанайдаров, Асылбек Сейітов бірауыздан сайланды. Өзге 7 мүшесі болып Қызылжардан – Қозы Тұрсанов, Көкшетаудан-Ермұхамед Токбаев, Қараөткелден Төребай Нұралин, Сәдуақас Жантасов, Еркосай Мұкышев, Байсейіт Әділов, Мағжан Жұмабаевтар енді.

Ақмола облысының екінші съезі туралы «Қазақ» газетінде: «...осы сентябрь ішінде Ақмола облысы қазақтары скінші съез ашпақ, болыс басы екі өкілден шақырып тұр» – деген мәлімет беріледі [130]. Әзірге бұл съезд жөнінде құжаттар жеткіліксіз. Одан кейінгі облыстық қазақ съезі туралы «...Семейде шығып тұрған «Дело» газетінде: «1917 ж. 31 қазанда Омбы қаласында ұлттық Алаш партиясын құруға арналған Құрылтай өтті. Оған 100 адам, олардың ішінде белгілі қазақ қайраткері Ә. Бөкейхан қатысты. Құрылтайда Омбы қаласында «партияның облыстық комитетін құру жөнінде қаулы қабылданды, оның төрағасы болып А. Сейітов сайланды» деген мәліметтен Ақмола облысында тағы бір қазақ съезінің өткені белгілі болды [4, 145-б.].

Ақмолада өткен облыстық қазақ съездерінде басқа облыстармен салыстырғанда жеке мәселелер қатарына жұмысшылар мәселесі енгізілді. Себебі, Омбы қаласы тек қана ірі саяси орталық емес, сондай-ақ ұланғайыр аумақтың экономикалық орталығы болуында еді. Съезге Омбыда оқып жүрген жастар атынан М. Саматовтың қатысуы – Омбы жастарының басқа облыстарға қарағанда саясат ісінде белсенділік танытып, жас буын мен аға буын сабақтастығының сақталғанын байқатады. Съезд делегаты А. Баржақсиннің ұлттық басылымдарда әйел мәселесіне ерекше мән беруі – тек осы съезге ғана емес, бүкіл қазақ облыстарында өткен съездерге айтарлықтай дәреже де ықпал етті.

Семей облыстық қазақ сьездері. Ақмола съезімен бір мезгілде дерлік Семей облысының қазақтары 1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыр аралығында бас қосты. Съезге облыстың бес уезінен 200-дей делегат және Алтай өлкесіндегі Бийск уезінен 2 қазақ өкілі қатынасты. Делегаттардың қатарында 7 әйел өкілдері болды. Съездің төралқасына Ж. Ақбаев (төраға), Х. Ғаббасов, Р. Марсеков, М. Бөштаев, Б. Сәрсенов, (төрағаның орынбасарлары), Ә. Ермеков, Ә. Оразалин, М. Малдыбаев, Ш. Ақпанов (хатшылары) сайланды. Съезді құттықтап сөйлеген делегаттардың қатарында Ш.Құдайбердиев, Павлодар уезінен, Бөкей Ордасынан, әйелдер, оқушылар және жұмысшылар қауымдарынан өкілдер болды. Съездің атына Омбыдан, Томнан, Орынбордан, Ташкенттен және Ә. Бөкейхантың атынан құттықтау жеделхаттар келіп түсті [47, 43-п.].

Съездің күн тәртібіне 16 мәселе, кейбір құжаттарда 20 мәселе қойылды деп жазылады. Олар: 1) Құрылтай жиналысы; 2) Мемлекетті билеу түрі; 3) Жергілікті басқару және автономия; жергілікті жерлердегі уақытша комитеттер туралы; 4) Жалпы қазақ съезі; 5) Білім беру; 6) Діни басқарма; 7) Почта және баспасөз; 8) Медицина және ветеринария; 9) Ауыл шаруашылығы; 10) Аграрлық мәселе; 11) Қоғамдық қаражат; 12) Сот; 13) Жаңа құрылысқа сай емес мекемелерді жою; 14) 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты болған тәртіпсіздіктер және оның зардаптары; 15) Облыстық Қырғыз Комитетінің қызметі туралы есеп беру; 16) Әйел мәселесі. 17) Облыс, губерния, уездердің шекараларын өзгертіп, жаңа облыс етіп бөлектеп шығару хақында; 18) Соғыс һәм жұмысшы хақында; 19) «Игілік» қауымы (кооператив, уақ-қарыз серіктігі) һәм басқа керекті ұйымдар тарату турасында; 20) Қазақ арасындағы дау-жанжал мәселелері.

Басқалармен салыстырғанда жаңа мәселелер қатарына «медицина және ветеринария», «Игілік» қауымы (кооператив), уақ-қарыз серіктігі мәселелері енгізілді. Әсіресе, медицина мен ветеринария» мәселесіне орай съезд сол кездегі қазақ арасында жұқпалы аурулардың кең етек алуының салдарынан адам өлімінің көбейіп, оның халық өсіміне кері әсерін ескере отырып, «дәрігерлік қызмет жалпыға бірдей көрсетілуін, медпункті жоқ жерлерге медпункт ашу, әрбір облыс орталығынан ауруxана ашылуын, онда фельдшер әйел міндетті түрде болуын, бір облыста

3 дәрігер тұратын ұйым ашу керектігін айтып, қаулы қабылдады. Мұндай қаулы малмен күнелтіп отырған қазақ арасында мал дәрігерлік қызметті жолға қою мәселесіне де арналды [48].

«1916 жылы қазақ жігіттерін қара жұмысқа алғандық жығылған үстіне жұдырық болды. Бұлардың Ресей қалаларын армансыз шарлағандығы» сифилисті өте күшейтті. Қазақтың бұл күнге шейін құрымай келгендігі жаз таза ауада көшкендігінен, қымыздың қызуынан. Әртүрлі аурулар көптеп өлуге себеп болғандықтан, қазақта өсім аз болды [49, 63-64-бб].

Съезде 20 мүшеден және 10 мүшелікке кандидаттан тұратын облыстық қазақ комитеті сайланды. Оның құрамына әйелдер қауымынан Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанова (1887-1934 ж.ж.) енеді.

1917 жылдың 7–наурызында Семейде облыстық қазақ комитеті құрылады. Оның атқару комитетімен арасын жақындастыру мәселесі Семей облыстық үшінші съезінде арнайы қаралады. Съезд негізінен өз жұмысын 6 секцияда жүргізді. Оның қабылдаған шешімдерінің көбі мазмұны жөнінен Торғай съезінің қарарларын қайталайды. Оқу мәселесіне байланысты «қазақ үшін арналып ашылған школдардың бәрін ұлт мектебіне айналдырып, қазақша окытылсын» – деген қаулы қабылдайды [50].

Съезде қаралған жер мәселесіне орай «жер-мал бағып, егін егетін, еңбек сіңіргенге берілсін» деген қаулы қабылдады. Бұл қаулы казак-орыстарға ұнамады. Олар 1917 жылдың 1-10 маусым аралығында өз съезін шақырып, онда екі халыққа да ортақ мәселелерді шешіп алу көзделді. «...Жер туралы жанжал, егін, пішенге мал түсу, ағаш кесу және жалданған жұмысшы тақырыпты» мәселелерді шешу үшін екі жақтан (орыс пен қазақ) 5 кісіден, барлығы 10 адамнан комиссия құрды [51].

«Бұл комиссияның міндсті – істің анығына жетіп, екі жақтың бір-біріне келтірген зиянын тексеру, ұрлық туралы анықтама алып, оны тиісті орынға тапсыру болды. Бұл дұрыс, әрі әділ қаулы еді. Қаулыдан көрініп тұрғандай, екі халық арасында бұл мәселелерге байланысты ымыраға келушілік байқалады. 1-ші Семей облыстық қазақ съезінің ерекшелігі – «медицина және ветеринария», «Игілік» қауымы (кооператив), уақ-қарыз серіктігі сияқты өзекті мәселелерді көтеруі болды. Сонымен бірге Семей облыстық қазақ комитетінің құрамына әйелдер қауымынан Н.С. Құлжананың енуі – оның тек оқу-ағарту ісімен ғана айналыспай, саясатқа да өзіндік үлес қосқан күрескер әйел ретіндегі бейнесін көрсетеді.

Семейдегі 2-ші облыстық қазақ съезі 1917 жылдың 12 қыркүйігінде шақырылды. Оған өкілдердің аз келуіне байланысты съезд демей, оны облыстық кеңес деп атады. Кеңестің төрағасы – Р. Мәрсеков, орынбасарлары – Ж. Ақбаев, қазынашылары – И. Әлімбеков, М. Малдыбаев болды. Съезді Х. Ғаббасов мынадай мәселелерді, атап айтқанда: 1) Облыстық комитеттің 1-ші съезден осы күнге дейін атқарған жұмыстары туралы есеп беру; 2) Бақылаушы (милиция) сайлау; 3) Азық-түлік; 4) Жер комитеттерін сайлау; 5) Құрылтай; 6) Земство; 7) Құрылтай жиналысына жіберетін кісілерге бата

беру және ішінара жәй жұмыстарды тыңдап, оларды тексеріп, салмақтап шешуді ұсынды. Бұл жобаны талқылау туралы Кеңес қаулы қабылдады. Бұдан соң Х. Ғаббасов облыстық комитет жұмысының есебін баяндап, қазақ комитеттерінің орыс комитеттерімен қосылып жұмыс жасағандығын, жұртқа оқу тарату, сот мекемесін құру, комитеттерді сайлау, азық-түлік, керек-жарақ үлестіру, земство сайлауын жүргізу, жер комитеттерін қазаққа пайдалы етіп жасау, етік тігетін (кәсіби) шеберханалар ашу жөнінде сөз қозғады. Өкілдер тарапынан баяндамашыға сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылды. Кеңес мүшелері аткарылған жұмыстарға ризалықтарын білдіреді.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі – бақылаушы (милиция) сайлау мәселесі. Алдыңғы болған облыстық съезд қаулыларындағы «жаңа тәртіпке келіссіз мекемелерді жоғалту» деген бапта... «жұртқа жексұрын болған ...приставтар мен урядниктердің де көзі жоғалсын. Олардың орнына сайлаушы бекіткен уездік, облыстық милиция болсын» делінген болатын. Бұл съезде осы бапты әрі қарай іске асыру шаралары нақтыланды. 10 пункттен тұратын бұл қаулыда «...басты, малды, бостандықты қорғап сақтау үшін бақылаушы (милиция) жасалсын» делінді. Осы қаулы жасалынып жатқан кезде, шығыстағы «Талап» ұйымының мүшесі Мұхтар Әуезов ұйымның бір бақылаушыны қазақ комитетінің әміріне тапсырып, шығынын да көтеретінін білдірді. Съезд «...Бақылаушыға керек қару-жарақ тиісті орыннан (комиссариаттан) Уақытша үкіметтен сұралсын» деген тоқтамға келді [52]. Облыстық қазақ съездерімен салыстырғанда, семейліктер бірінші болып милиция құру (әскер ісі) мәселесін көтерген.

«Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу» меселесінде жалпы «қазақ съезінде жасалған тізім сол қалпында қалсын» делінді. Бірақ, Г.Н. Потанин бара алмайтындықтан, Ә. Бөкейхан, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасов, М. Бөштаев, Ж. Ақбаев, Р. Марсеков (бұл кісіні Биахмет Сәрсеновтің өзі ұсынған соң енді), Б. Сәрсенов, А. Қозыбағаров болсын», – деп, Кеңеске қатысушылар түгелдей бата қылысты. Екіншіден, Ақмола кандидаттарының тізімін араластырмауға, бірақ жалғассын, яғни бөлек берілсін деген шешім қабылданды. Съезде қабылданған қаулылардың орындалу барысы жөнінде «Сарыарқа» газеті: «...съезде көп қаулы байланды ...солардың ішінде 3 қаулыны халық тезірек іске асыруы керек. 1) Болыс басы 1000 сомнан жиналып, облыстық қазақ комитетіне берілсін, ол ақша жұрттың игілік ісіне жұмсалсын; 2) әрбір ауылдық ел, бір бақылаушы (милиционер) берсін, ол болмаса мұны жалдап алуға пұлын берсін; 3) соғыстан қайтқан әскерді үйді-үйіне жіберуге бұрынғыша алуға елді жаздырмай, бір облыс елден ақша жиналсын. Сол ақшаға ат жалдап, солдатты жеріне қайтарып отырсын» деген қаулылар. ...Бұл қаулының жасалғанына 5 ай болды. Ел-елге комитеттерден қағаз да жіберілді. Әлі ақша жоқ. Берген ел аз» делінді [53]. Қаулыға сәйкес қаржы жинауға Зайсан уезі, Терісайрық елі һәм Өскемен уезі, Бөкен ел өз үлестерін қосып жатты. Жалпы съезд қаулыларын іске асыруда облыстық қазақ комитетінің атқарған қызметі айрықша еді.

Азық-түлік мәселесіне орай Б. Сәрсенов «азық-түлік тапшылығының себептеріне тоқтала келіп, «соның бәр ескі үкіметтің қиянаты, яғни бұл мәселені дұрыс шешпей, әділ басқармай кеткендігінен... азық-түлік мәселесін түзу шешу үшін бірінші, бүкіл мемлекеттегі жан есебін алу керек, екіншіден, бар азық-түліктің есебін алу керек, үшіншіден, әрбір азық-түліктің бағасын кесіп, бай-кедей, орыс-қазақ демей бәріне бірдей бөліп берудің дұрыстығын» айтады [54].

Екінші Семей облыстық съезіндегі ерекшелік – облыстық қазақ комитетінің 1-ші облыстық съезден осы күнге дейін атқарған жұмыстары туралы есеп беруі еді. Ұлт зиялылары съезде қабылданған қаулылардың тек қағаз жүзінде қалмай іске асырылуын қадағалап қоймай, бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған. Елдің тыныштығын сақтау мақсатында милиция сайлау мәселесі алғаш рет осы съезде көтеріліп, оны жүзеге асыруда «Талап» жастар ұйымының қолдау көрсетуі – жастардың да саяси мәселелерден сырт қалмай, оған белсене араласқандарын аңғартады. Сонымен қатар съезде кәсіби шеберханалар ашу ісінің күн тәртібіне қойылуы – халықтың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жасалған алғашқы қадамы еді.

Семей облысының үшінші съезі 1918 жылдың 10-13 мамыр аралығында өтеді. Оған 316 кісі қатынасты. Бұл кезде елдегі саяси жағдай большевиктердің билік басына келуіне байланысты біршама өзгерген болатын. Бұл жөнінде «Сарыарқа» газеті: «Облыстық қазақ комитеті облыстық съезд шақырып, қазақ билігінің түрі қалай болуы шешілгенше Советке кісілерін уақытша кіргізіп отыр. Жергілікті мекемелер қай қалыпта болуы белгісіз. Билік Совет қолына ауғанына халық қай көзбен қарайтынын және не пікірде екенін білуге, келешектегі бір облыс елдің өмір тұрмысы қандай түрде болуын шешуге Семей облыстық қазақ комитеті облыстық съезд құруға қаулы қылды», – деп жаза келіп, съездің күн тәртібіне 8 мәселе енгізілді. Олар: 1) автономия туралы; 2) заманның қазіргі халі; 3) жергілікті мекемелер; 4) облыстық сот; 5) жер мәселесі; 6) оқу-ағарту ісі; 7) азық-түлік мәселесі; 8) Түркістан өлкесіндегі қырғынға ұшыраған қазақ-қырғыз жайы енгізілгендігінен хабар береді. Және съезге болыс басы 4 кісі, уездік комитеттерден 2 адам және қоғамдық ұйымдардан 1 кісіден делегаттар келсін деген ұсыныс жасалған [55].

Осылайша съезд жұмысы өте тартысты өткен. Әсіресе, бірінші облыстық қазақ съезінде көтерілген екі комитеттің (қазақ және орыс) арасын жақындастыру мәселесінде пікір алалығы туындағаны байқалады. Соған орай М.Қойгелдиев: «...бүкіл билікті қолына шоғырландырған Атқару Комитеті қазақ жұртына қатысты жұмыстарды облыстық қазақ комитетінің мойнына артады. Қазақ комитетінің бірігіп жасау туралы ұсыныстарына, мәселен, құрамына Қазақ комитетінен өкілдер алып, қазақ жұмыстарын басқаратын бір бөлім ашу туралы пікіріне құлақ аспағанын» жазады [56, 232-б.].

Ақырында, осы жылдың 17 мамырында екі комитеттің мүшелері жиылып бас қосты. Съез қаулысы бойынша екі комитетті бірігуі қуатталды. Солай бола тұрса да, бұл шешім қазақ комитетінің кейбір өкілдері тарапынан толық қолдау таппайды.

«Сарыарқа» газетінде съездің ашылған күні 10 мамыр делінген. «... Съездің қарайтын мәселелері аса зор һәм тығыз болғандықтан бұл съездің тезірек құрылып һәм толық болуын көздеп съез 5-майда Семейде болсын» деп қаулы қылынды». Ал, «...большсвик лаңының ықпалымен съез 13 мамырда қуылды» – деп жазуы – съезд жұмысының жанжалмен басталып, талас-тартыспен өткенін аңғартады [57].

Съезге қатысты құжаттарды талдай отырып, Семей облыстық комитетінде де келеңсіз оқиғалардың белең алғаны байқалады. Айталық, Н. Құлжанов өзінің «Жауапқа жауап» атты мақаласында : «... комитеттің жарасы жалғыз қосылғандық болса, жуырда жаба тоқып, Құрылай жиналысына дейін шыдар едік қой. Бірақ, комитеттің одан да сорақы ұяты болды ...Комитеттегі бір-екі мырзаның кесірінен оған үлкен ұят келтірген «2150 мәселесі» бүкіл Семейге жария болып барады. Менің комитеттен шығуым да осы масқаралылықтан қашу еді. менің комитеттен шықпай бір ай жүруімнің мәнісі – осы масқараны жоғалтуға комитет председателі Р. Мәрсеков бір лаж қылар деп күтіп жүргенмін. Ақыры айтқаным болмаған соң, біржола кеттім» деген фактілерді береді [58].

Съезге байланысты мәліметтерге қарағанда, бүкіл елде, оның ішінде Қазақстанда тұрақсыз саяси ахуал қалыптасқан, себебі мемлекет азамат соғысының қарсаңында еді. Осындай жағдайда съезді ұйымдастырушы ұлт зиялыларына Кеңес өкіметі тарапынан тұтқындалу қаупі төнді. Оған ұлттық басылымдарда берілген мынадай: «...Орынбор, Омбы һәм Семей большевиктері Ғалихан, Ахмет, Мирякуб үшеуін ұстап, атып өлтіруге хүкім қылған. Семей большевиктері Халел, Әлімжан, Бірмұхамед, Ахметжан төртеуін өлтіруге қаулы шығарған. Мұндай жан шошырлық қаулылар өзімізден шыққан большевиктердің ыждиһатымен болғанын» және «... хүкімет большевиктің қолында отырғанда, біздің азаматтарымыздың «өлтірілу» қаулысына қол қойып, біздің қазақтардың съезін құрғызуды, тұнық судан таза, сүттен ақ қазақ балаларын жиып, сендер «большевик» болыңдар, «Алаш» деген сөз – оттаған сөз, ол болмайтын іс деп азғырғандары» мазмұнындағы деректер, дәлел [59]. Мұның өзі – ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолында бір-біріне кереғар, екі жолды таңдағанын аңғартады.

Үшінші Семей облыстық съезі Кеңестердің билік басына келуіне байланысты өз мүшелерін уақытша Кеңеске кіргізіп, соған орай екі комитеттің (қазақ пен орыс) арасын жақындастыру мәселесін осы съезде қайта қарап, ақырында екі комитеттің бірігуі қуатталса да, оған қарсы оппозицияның ықпалы айтарлықтай дәрежеде болғандығын аңғаруға болады. Жалпы, съезд мәліметтеріне қарағанда Семей облысында да Кеңестердің ықпалы зор болған.

Сырдария облыстық қазақ съездері. Сырдария облыстық қазақ съезіне тоқталмас бұрын осы аймаққа қатысты 1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының съезіне тоқталған жөн. 1917 жылдың сәуірінің ортасында М. Тынышбаев Ә. Бөкейханға жазған хатында: «қазір мұнда

(Ташкент.) Атқару Комитеті делегаттарының аймақтық съезі болып жатыр. Қырғыздар өзінің аймақтық съезін құруға әлі жетпегенін» айтады [60,27-п.]. Оның қырғыздардан күткен сол аймақтық съезі осы жылдың 2-5 тамызына шақырылып, оған М. Тынышбаевтың өзі төрағалық етті. Съезге Сырдария облысынан, Ферғанадан, Жетісу және Самарқанд облыстарынан 84 өкіл қатынасты. Съезді ұйымдастыру бюросының төрағасы С. Асфендияров құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ол съездің бұдан былайғы жұмысы халыққа қызмет етуіне тілек білдірді. Одан кейін съезд төралқасын сайлау ұсынылып, оның құрамына құрметті төрағалығына С. Асфендияров, төрағалығына М. Тынышбаев, серіктеріне Алдабек Мангельдин, Ибраһим Қасымов, мүшелеріне Қ. Қожыков, Серікбай Ақаев, Ә. Кенесарин, Садық Өтегенов, хатшылығына З. Сейдалин, Ш. Қапсалямов және С. Қожанов сайланды.

Съезд төрағасы М. Тынышбаев делегаттарды 18 мәселеден тұратын күн тәртібімен таныстырды. 1) Ресейдің қазіргі жағдайы; 2) Жалпы қазақ съезіне көзқарас; 3) Ресейдегі мемлекет билеу түрі және келешектегі Түркістанды басқару мәселесі; 4) Жер, су және қоныстанушылар мәселесі; 5) Азық-түлік, мал шаруашылығы және отын мәселелері; 6) Земство; 7) Мектеп мәселесі; 8) Халық соты; 9) Рухани-діни іс; 10) Баспасөз; 11) Бүкілресейлік Мұсылман Кеңесіне және оның атқару комитетіне көзқарас; 12) Жетісудағы қырғыздардың жағдайы; 13) «Бірлік туы» одағы; 14) 2-ші Бүкілресейлік ауыл шаруашылығы санағы; 15) Жер комитеттері; 16) Әйел мәселесі; 17) Құрылтай жиналысы туралы; 18) Ұлттық қазына мәселелері болды. Осылардың ішінде екеуі – жалпы қазақ съезі және «Бірлік туы» одағы туралы мәселелер қаралмай қалды.

Күн тәртібінен көрініп тұрғандай, мұндағы қаралған мәселелердің көпшілігі басқа облыстық съездерде талқыланған мәселелерді қайталайды. Қабылданған шешімдердің негізгілері төмендегідей: «...Уақытша үкіметті қолдау ...мемлекетті билеу түрі – федеративті демократиялық парламентті республика болуы керек ...қазақ-қырғыз облыстары ұлттық-территориялық федерация алуы керек ...» жер, су, переселен орыстар туралы 18 пункттен тұратын қаулысында «... Тоғайдың, балық ауының үстінен қарауыл қою тоқтатылсын. Жер Министрі Черновтың көшкен переселендердің көшуі тоқтатылсын деген бұйрығы іске кірмей, қайтып алынған жерлер... бұрынғы егелеріне қырғыз-қазақтардың өздеріне қайтарылсын ...Түркістан аймағындағы қазақ-қырғыздарға жеткілікті суымен жер берілуі тиіс...суды басқарып тұру тиісті земство ұйымдарының міндеті болсын...осы күнге дейін мұсылман жұрты Мырзашөлдегі су шығып, абад болған жерлерден жер алып, пайдаланудан құқықсыз еді. Аймақтық қазақ-қырғыз жиылысы мұндай әділетсіздік жолды тоқтаусыз жоғалтуды керек деп біледі...Ақмешіт һәм Қазалы уезінің пайдасын ойлағанда, Сырдарияның бас жағынан арық шығарылуы тоқтатылуы тиіс... Инженер Кузнецовқа һәм ....ондай адамдарға арық шығаруға рұқсат болмасын. Перовск, Қазалы уездеріндегі қазақтарға су шығарылып берілсін. Суды жинап пайдаланатын үлкен құл, тоғандар соғу керек.... «Шаруашылық, азық һәм отын туралы» мәселеде «сексеуілді сындырып,

жерінен станцияға жеткізіп тұру-қазақтың ісі болсын. Сексеуілге тура баға белгілеп коюға һәм казак сексеуілді алушыларға өткізгендер басында тұруға комиссия дайындалсын. Қазақтан сексеуілді таразыға тартпай, шамалап алу қалсын» [61]. Бұл қаулыларда көбіне жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне сәйкес жекелеген әлеуметтік-экономикалық мәселелерге баса назар аударылған.

Съезде қаралған маңызды мәселелердің бірі – жер мәселесіне орай Керенский Петроградқа келген сарт өкілдерінс «бұл күнге шейін Ішкі Россия жері туралы болған тәртіптердің бәрі Түркістан аймағына жанаспайды. Түркістанның жөні бөлек. Жер мәселесі шешілген уақытта Түркістан үшін өзгеше қалып болмақ», – дейді. Осы кездесуден кейін Уақытша үкімет тарапынанан 12 шілдеде (1917ж.) «Түркістан хақында жерді сату, алу және жалдау сиякты өткермелерді тыю туралы шешім токтатылып, қаулы алынды [62].

Земство мәселесіне орай Орынборда болған жалпы қазақ съезінің осы туралы 5-ші пункті қаулыға сол қалпында енгізілді. Земство сайлауына байланысты «қазақ-қырғыздың өз ісін басқаратын Советтері» болуы керектігі айтылды [63].

Жергілікті жерлерде съезд қаулысына сәйкес іс-шаралардың орындалуына жоғарыдағыдай кедергілердің болуына қарамастан оны жүзеге асыруға деген талпыныс жасалған.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат белгілеу мәселесінде оған Түркістан аймағы қазақ-қырғыздары атынан 15 кісі ұсынылады. Соның ішінде Гүлсім Асфендиярова да болды. Съездің соңғы 18-мәселесі «аймақтық және облыстық қазақ-қырғыз мәжілістеріне» арналды. Онда Түркістан аймағында аймақтық қазақ-қырғыз мәжілісін ашу қажеттілігі сөз болып, Сырдария облыстық мәжілісіне уақытша мүшелер ретінде С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, И. Қасымов, И. Токтыбаев, Т. Рысқұлов және С. Қожанов белгіленді ...аймақтық қазақ-қырғыз мәжілісіне әзірге Сырдария облысы Қырғыз Кеңесінің барлық құрамы кіретіні айтылды [64]. Жергілікті ұлт өкілдері көп шоғырланған Түркістан аймағында жаңа міндеттерді шешу үшін халықты басқаратын аймақтық қазақ-қырғыз Кеңестерінің құрылуына баса назар аударылып, оны іске асыру шаралары жасалды.

Сырдария облысына қатысты келесі бас қосу – 1917 жылдың 8-11 қазан аралығында С. Лапин мен Садыққожа ишанның ұйымдастыруымен өтті.

Қазақ облыстарында және Орынборда өткен жалпы қазақ сьезінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесі болған еді. Соған орай Сырдария облысының ишан, молдалары да өз тізімдерін даярлап, дербес облыстық сьезд шақырды.

Бұл сьезге облыстың Қазалы һәм Әулие-ата уездерінен өкілдер келмеген. Барғандардың көбі Сералы мен Садыққожа ишанның Ташкенттен ертіп апарған өз адамдары. Олар Сырдария облысынан Құрылтай жиналысына

баратын адамдардың тізімін жасап, 14 адамды ұсынады. Олардың ішінде Ғалым Топшыбаевтың (Әзербайжан – К.І.) атынан бұл тізімге наразылығын білдірген жеделхат келіп түседі. Онда ол Сырдария облысындағы мұсылмандардың жасаған тізімін ғана мойындайтынын айтады. Түркістандық Тұрсынмахмуд Ғалым да бұл тізімнен бас тартады. Жеке тізім жасаушылар оның орнына Орынбордағы «Дін ұмғишит» журналын бастырушы ұлы молда Хасенді енгізбек болды. Көрініп тұрғандай, бұл бас қосудың шешіміне көзі ашық азаматтардың көбі қарсы тұрған. Осылайша С. Лапин мен Садыққожа ишанның сьезі – ел арасына жік салып, партияшылдықты тудырады.

«...Құрылтай жиынына баратын адамның жалғыз білімді жүйрік болуы жеткіліксіз, сонымен қатар оның ақ жүрек, халық қызметкері болуы керек, тіпті болмағанда, бұрын халықты алдап, соғып жүргендерге құмар болмау керек. С. Лапиннен біз бұл себепті таба алмаймыз. Оның бұрынғы істері жұрттың өзіне белгілі. Сол себепті бұл тізімді қара бастарының қамын ойлап жүрген адамдардың списогі» деп біледі [65].

С. Лапин туралы М. Шоқай «Сералы Лапиннің бұрынғы Самарқан әскери губернаторы жанында тілмаштық қызмет атқарғанын, Ақмешіттің байырғы тұрғыны Сералының сол қызметін тастап, ел арасындағы дау-жанжалмен айналысқанын, осы қылығы, берекесіз сауда істеріне араласуы – оны жерлестері ақмешіттіктерден айырды. Оның революция басталғаннан кейін Ақмешітке қайтып келгенін» жазған [66, 117-б.].

Сырдария облысы қазақтарының арасында діни оппозицияның өкілдері дебиліктен үміткер болды. Сырдария облысы мұсылмандары Құрылтай жиналысына ұсынған тізімде № 3 мұсылманша жазылған.

Түркістан (Қоқан) сьезі. Келесі кезекте Сырдария облыстық қазақ съезін шақыруға түрткі болған 1917 жылдың 27-қарашасында Қоқан қаласында өткен Түркістан мұсылмандарының 4-ші жалпы съезі немесе Қоқан съезі. Съезд шақырылар алдындағы өлкедегі саяси жағдай тым шиеленісті еді, жергілікті тұрғындарды басқару қиын болған [62].

Съезд шақырылар алдында мұнда большевик билігі үстемдік құрған еді. Өздерін бұқара халықтың өкілдеріміз деп санаған Түркістан жұмысшы – солдат Кеңесі өлкедегі саяси билікке таласа отырып, жергілікті ұлттардың талап-тілектеріне құлақ аспады. Түркістандағы оқиғалар ағымына түбегейлі өзгеріс енгізген осы жылдың 22 қарашасында Ташкентте өз жұмысын аяқтаған 3-ші Түркістан өлкелік Кеңестерінің съезі болды. Бұл съезде ұлттық автономия идеясы қабылданбады. «...Түркістан мұсылмандарының жергілікті Советі бүкіл аймаққа 25 қарашада Қоқан шаһарында съез жасау үшін уезд басы 10 адамнан, шаһар басы 3 адамнан өкілдеріңізді жіберіңіздер», – деп, онда қаралатын мәселелер: 1) Ташкент оқиғалары туралы Түркістан мұсылмандары не қылмақ; 2) Түркістан аймағы не қалыпта болмақ һәм басқалар жөнінде хабар таратты [67].

Осылайша, осы жылдың 27 қарашасында Қоқанда 4-ші Төтенше өлкелік мұсылмандар съезі (Қоқан съезі) өз жұмысын бастайды. 3 күнге созылған съезде Түркістан өлкесін «Түркістан автономиясы» деп жариялап, Түркістан

Құрылтайын шақырғанға дейін саяси биліктің Түркістан Уақытша Кеңесі мен Түркістан халық билігіне өтетіндігі жөнінде қаулы қабылданады. Саяси билікті қолына алған Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұратын Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітіп, мынадай: 1) Съезд сайлап шығарған 4 адам жұрт мәжілісі мүшелеріне һәм 12 адам автономиялы Түрікістанның Уақытша үкіметінің мүшелеріне ешкім тие алмайды һәм бұларды жұрт мәжілісінен ықтиярсыз ешкім ұстауға болмайды; 2) Кімдекім бұлардың біреуіне қарсы болып күш жұмсаса, Түркістан аймағының 10 млн.-нан көп халқына қарсы шығып, «келсең кел» дегені болып саналады; 3) Сайлап қойған адамдарды аман сақтау һәм керек болған жерде қорғап қалу міндетін съез жұрттың өзіне тапсырады» деген қаулы шығарды [161].

Көп кешікпей Түркістан автономиясы іске кіріседі. «...Жақын арада болған өкілдер жиылысында Түркістан автономиясы басында тұрған кісілерде де азырақ өзгеріс болған. Бас Министрлік һәм Сыртқы Іс Министрлігі Мұстафа Шоқайға тапсырылып, бұрынғы Бас Министр Мұхамеджан Тынышбаев Ішкі Істер Министрі болып, қалған Уақытша Түркістан хүкіметі атынан 30 млн. сомдық займ шығарылып, қазір мұның 10 млн. сомдайын халық үстіне алып, біразын Қоқан банкілері көтерген» [68].

Түркістан мұсылмандарының автономияны жариялаудағы басты мақсаты – Ресейден біржола қол үзіп бөлініп кету емес, өздеріне тиесілі істерді өздері басқару болды. Бұл мәселеге орай Мария Шоқай: «Түркістан автономиясын құрған кезде де, Ресеймен бірігуді жақтаған кезде де 1917 жылы Түркістанда сепаратизм туралы пікір болмағанын» айта келіп, Мұстафа әрдайым «...мен халқымның тыныштығын және бірлігін қалаймын. Сондықтан да Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғысы келетінін» көрсетіп береді [70, 104-105-бб.].

Сырдария облысы қазақ-қырғыздарының съезі Түркістан шаһарында 1918 жылдың 6-9 қаңтары аралығында өтті. Съезге Түркістан уезінен – 20 өкіл, Ақмешіттен – 15, Қазалыдан – 8, Шымкенттен – 10, Әулие-Атадан – 3, Ташкент уезінен – 9, арнайы шақырылғандардан – 14, Алашорда үкіметінен – 3 өкіл (Б. Құлманов, Т. Құнанбаев, М. Дулатов), барлығы – 82 өкіл қатынасты. Бұған қоса съезге арнап шақырылған адамдардан М.Тынышбаев (Түркістан автономиясының төрағасы, Ішкі Істер Министрі), Ә. Оразаев (Ішкі Істер Министрінің орынбасары) және М. Шоқай (үкіметтің Сыртқы Істер Министрі) келе алмады. Съездің күн тәртібінде: 1) Қоқан һәм Орынборда болған сиездер жөнінде; 2) Сырдария қазақ-қырғыздарын Алаш автономиясына қосу туралы; 3) Ұлт милициясы; 4) Сырдария облысының қазақ-қырғыздары атынан Түркістан автономиясының Уақытша Кеңесіне мүшелер сайлау; 5) Ұлт қазынасы; 6) Азық-түлік мәселесі; 7)Түрлі жақтан келген өкілдердің баяндамалары; 8) 15 қаңтарда Түркістан аймағы (крестьяндары) шаруалары съезіне кісі сайлап жіберу туралы мәселелер енгізілді [71].

Съезде Сырдария қазақ-қырғыздарының Алаш автономиясына қосылуы туралы мәселе маңызды болды. Съезде бұл мәселе екі күннен астам уақыт

талқыға түсті. Түркістан автономиясы атынан келген өкілдер Сырдария облысы қазақ-қырғыздарының Түркістанмен «қонысы бір, қоралас отырғандарын» айтып, бұл күннен айрылып, Алаш автономиясына қосылуды тіршілік жолы көтермейді. Сондықтан Түркістанда қалдыру керек» десе, Алаш автономиясы атынан келген өкілдер «Алаш» автономиясына қосылуды қуаттады [72].

Ақырында, съезд екі жақтың пікірлерін тексеріп, бір шешімге келу үшін әр уезден 2 адамнан және «Алашордасы» мен Түркістан Уақытша үкіметі өкілдерінен комиссия құрып, бұл істі осы комиссияға тапсырды. Комиссия жобасын дауысқа салғаннан кейін, оны қуаттаушылар саны – 39, ал қарсылары 11 дауыс алды. М. Дулатов жобасын қуаттаушылар саны – 10, қарсы – 38, тартынып қалушылар саны – 8 болды. Көпшілігі комиссия қаулысына өзгертулер енгізуді ұсынды. Съезд «Алаш автономиясының Бас Ордасы-Түркістан шаһарында болсын деген тілекті де енгізді» [73]. Осылайша, съезд әрі түпкілікті Алаш бірлігін ойлап, әрі Түркістан автономиясының күшеюін ескеріп осы қаулыны қабылдады.

Съезге 9 қаңтар күні Ырғыз уезінен өкілдер келіп, өздерінің 28-29 желтоқсанда (1917ж.) болған уездік съезінің қаулыларымен таныстырды. Онда «Сырдария қайда болса, Ырғыз да сонда болатыны» айтылды.

Бұдан кейін съезде «милиция туралы» баяндамалар тыңдалып, мынадай қаулылар: «1) Сырдария облысында басқа облыстар сияқты тоқтаусыз милиция құрылсын; 2) мұны іске асыру міндеті Түркістан Уақытша үкіметіне һәм облыс, уездерде болған қазақ-қырғыз ұйымдарына тапсырылсын; 3) Сырдария облысында милиция жасау ретіне Орынбордағы жалпы қазақ-қырғыз сиезінің милиция жасау жобасы қолданылсын» қабылданады. Съезде әрбір өкіл өз маңайындағы елдердің жағдайы туралы баяндамалар жасады. Бұл баяндамаларда жергілікті халықтың азық-түлігі бітіп, кей жерлерде аштықтың белең алғаны айтылады. Съезге келген өкілдердің осы іспеттес баяндамалары тыңдалып, елдегі әлеуметтік жағдайға қанық болғаннан кейін, съезд Түркістан автономиясының Уақытша үкіметінен халықты мұндай апаттан құтқару шарасын тоқтаусыз қарауды өтінуге» қаулы жасады.

Жергілікті халықтардың большевиктерге көзқарасы мәселесіне орай съезд мынадай қаулыға келді: 1) қырғыз-қазақ большевик үкіметін мойындамайды, айтқанына еріп, айдағанына жүрмейді. Сол себепті бұлардың зорлық-зомбылық жасап, халықтың тынышын алмауын талап етеді; 2) бұл большевиктерге еріп, халықтың берекесін кетірген қазақ-қырғыз балаларына наразылық білдіріліп, «ел дұшпаны», «ұлт дұшпаны» екені жария қылынсын» [74]. Бұдан өзге қазақ облыстарымен салыстырғанда, Түркістан өлкесіндегі большевиктердің зорлық-зомбылығы халықтың жанына қатты батып, тыныштығын кетіргенін байқаймыз. Жалпы алғанда, Сырдария облыстық съезінде осындай жекелеген нақтылы мәселелермен қатар саяси мәні бар жалпыұлттық мәселелердің де көтерілгені анық.

Сырдария облысы қазақтарына қатысты тағы бір бас қосу 1918 жылдың мамырында Түркістан қаласындағы Қысқы клубта «Алаштың екінші съезі»

деген атпен өткен. Мәліметтерді Ө. Исабековтің естелігі береді. Оның бұл съезді Алаштың 2-ші съезі деуінен – біріншісі 2-5 тамыз аралығында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезі деген ой туындайды. Аталған съезге Орынбор, Ақтөбе, Қазалы, Перовск, Әулие-Ата қалаларынан өкілдер қатысты. Олардың әлеуметтік құрамы оқымысты аталған ескі тілмәш, болыс, билерден тұрды. Съезді Алашорда үкіметі атынан келген М. Дулатов, Ә. Кенесарин, Ә. Бөкейхандар басқарды.

Съезге жергілікті жердегі Бакаев, Коробов, Нысанбаев, Умайдиндер осы кезде Түркістан өлкесінде өткен митингіге келген Фурмановты ертіп келеді. Ол съезде өзіне сөз беруін сұрайды. М. Дулатов, Ә. Кенесариндер тарапынан «оған сөз берудің қажеті жоқ, ол съезге делегат емес, жәй қатысушы адам» – деп, қарсылық жасағанымен, съезге қатысып отырған жұмысшы, кедейлер атынан келген Нысанбаев, Умайдин, Тұрсын Жұмабаев, Мақаш Жұмабаев т.б. өкілдердің дауыс көтеріп, сөз берілуін талап еткен ұсыныстарынан кейін лажсыз сөз беріледі. Съезде Фурманов Кеңес өкіметін орнату бағытында екі сағатқа жуық сөз сөйледі. Оған қарсы бағытта М. Дулатов, Ә. Кенесарин большевиктер «коммунистік үгіт айтады, сөйтіп отырып, бізге өздерінің орыс колонизаторлығын қоймайды» деген пікірлерін ортаға салды. Съезде олар Қоқан автономиясының басшысы М. Шоқайға: «...кейбір жерлерден келетін делегаттарымыз съезге келмей қалды. Мысалы, Қазалыдан келетін 2 делегатты жергілікті үкіметтер тәртіпсіздік жасап қамап қойды» деп жіберілген жеделхаттан Түркістан аймағындағы Кеңестердің жергілікті ұлттардың бас қосып, өздерінің талап-тілектерін талқылауға қатысуына барынша кедергі жасап, оларды басып отырғанын байқауға болады [74, 10-11-пп.]. Жалпы Түркістан аймағында Советтер билігінің күшейген кезінде ұлт зиялыларының ішінде большевиктік бағытқа қарай ойысқандар болды және екі бағыттағылардың арасындағы күрес ашық сипат алған. 1918 жылдың қазан айында Түркістанда 16 адам қатысқан жиналыста Уездік Кеңестің бастығы – Ж. Күнжарықов, хатшысы – Еркінбек Ақынбеков, Ахмет Құдіреттіллаев, Пазылбек Бектұрсынов, Әбсеметов, Әбдікәрім Қадыров (көпес), Лебедев, Жұмабек Батырбеков, Бекпенбет Қажы, Мырзасабыр Әминов тағы басқалардың болғандығын айта келіп, «бұл жиналыста көп сөйлеп, дауысы шығып отырған Ж. Күнжарықов болды. Оның сөзі большевиктер партиясын кекетуге бағытталған» [75, 11-12-пп.].

Облыстық қазақ съездерімен қатар уездік және болыстық қазақ съездері де (наурыз 1917 ж. – желтоқсан 1918 ж.) шақырылды. Айталық, 1917 жылдың 18 наурызында А. Имановтың басшылығымен Торғай уезіне қарасты Қаратоғай деген жерде съезд ашылған. Оған уездің барлық болыстарынан өкілдер қатысып, Торғай уезін басқару жөнінде Уақытша Комитет сайланады. Алайда, Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен «буржуазиялық ұлтшылдардың бұл комитетті заңсыз орган деп жариялап, мойындамағандары, ақырында Торғай уезіндегі билікті уездік комиссар О. Алмасовтың басшылығымен ескі болыстық басшылар мен ақсақалдарға берген [76, 402-б.].

Келесі съезд 1917 жылдың аяғына тән. Темір уезінің қазақтары екінші жалпы қазақ съезі ашылардың алдында ел қорғау шараларын қарап, үндеу қабылдаған. Мұнда Темір уезінің қазақтары елдегі қоғамдық-саяси жағдайларға тоқтала келіп, ұлт бүтіндігін сақтап қалу үшін күш біріктіріп ел қорғау қамына кірісу керектігін баса айтады. Үндеуде «...Басқа жұрт бірігіп, 20-50 жас аралығындағы азаматтарын қаруландырып, жауына қарсы аттанып жатқанда, біздің мына жүрісіміз жараспайды. Ел қорғауға дайындығымыз болмағандықтан, 18-ші Қарақамыс ауылында ақсақалдар жиылып, уезд кол астынан кол жиналуы, әр жерден келген нұкерлерЕмбі станциясы секілді жерлердің ортасында тұруы, әркім хал-қадірінше ақшалай қаржы ала келулері (300 сомнан) т.б. қамдау жайлы» мәселелер қамтылған [77].

Келесі Ырғыз уездік қазақ съезі 1917 жылдың 28-желтоқсанында өтті. Аталған жиылысқа әр болыстан ақсақалдар келіп, күн тәртібіне автономия мәселесі қойылды. Орынборда болған екінші жалпы қазақ съезі туралы баяндама жасалып, соған орай түрлі пікірлер айтылды. Съезге қатысқан өкілдер бүкіл қазақ-қырғыз Алаштың туын көтеріп, өз алдына бөлек автономия алуды қолдаған қаулы қабылдады. Уезд комиссары Ғабдолла Теміров бұл қаулыға қатысты: «...Алашорда өз алдына автономия бола алмайды. Себебі, біріншіден, уақ шаруашылығымызға жайсыз, екіншіден, Әлиханға (Бөкейхан) ерсек, ол Сібір автономиясына қоспай қоймайды. Сібір деген жазалы, айыпты адамдардың жайы. Жер байлығы да шамалы ...қырық ру. Сондықтан, Алашорда бөлінбестен Түркістан автономиясына қосылуы тиіс. Себебі, Түркістан өсіп-өнген жеріміз ...жері нұрлы, ағаш, егін, мақта жақсы бітеді. Арғы жағы – Қытай, мына жағы – Стамбул, Иран, Ауған, Хиуа, Бұхара», – деп, Түркістан автономиясын жақтайды [78]. 1918 жылдың 27 тамызында Ақтөбе уезінің Ақбұлақтағы 7 болыс қазағын біріктірген съезд болды. Ақбұлақтағы съезге жиналған қазақтар осы жылдың маусым айында Орынбор мен Ақтөбе уезінің біраз жерлерінен большевиктер кеткен соң, ел аралаған атты казактардан көрген қорлықтарын айтып, Орынбор атты казагінің әскери үкіметіне шағым білдіру жайлы қаулы қабылдады. Бұл өтінішті Құрылтай комитетінің Торғай облысына сайлаған өкілі С. Қадырбайұлы дайындайды. Онда қазақ елінің атты казактармен көп жылдан бері тату көрші тұрғаны, тіпті большевиктерден халықты қорғап, бірге соғысқандығы, сөйтіп бұрынғы татулық достыққа айналғаны, казактардың Елек майданында үйлері өртеніп, шапқыншылыққа ұшыраған казактарға жылу жинағаны, бірақ, соңғы кезде атты казактар арасында кейбір сотқарлар қазақтың мал-мүлкіне көп зорлық көрсетіп жүргені ашық баяндалып, нақты фактілер келтіріледі» [79].

1918 жылдың 10-15 қаңтар аралығында Қостанайда уездік съезд болған, онда Орынбордағы съезд қаулылары талқыланған. Съезде тыңдалған баяндамалардан жергілікті халықтың басым көпшілігі Алашорда үкіметін және оның ұлт қазынасын жинау туралы қаулысын мақұлдаған, соған орай байлардың алды 10 мың, арты 100-ден, барлығы 35-40 мыңдай қаржы жиналған [80].

Қостанайдағы келесі уездік съезде жиналғандардың санының аз болуына байланысты уездің қазақ шаруалары мен қоныс аударушы шаруалар өкілдерінің біріккен мәжілісі өткізіледі. Бірақ онда қабылданған қаралардың ұлттық маңызы болмаған. Сондықтан 1918 жылдың 14-17 қазан аралығында Қостанайда А. Алдияров, А. Бірімжанов және А. Омаровтың басшылығымен төтенше уездік қазақ съезі болды. Съезд жұмысына алғашқыда 39 делегат қатынасып, кейін олардың саны 69 адамға жеткен. Съезде Торғай және Ырғыз өкілдері тарапынан құттықтау сөздер тыңдалды. Съезд Алашорда үкіметін жоғарғы үкімет деп мойындап, уезд территориясын қазақ автономиясының құрамдас бір бөлігі деп есептеді. Келесі күнгі мәжілісінде съезд ұлттық әскер қатарына жігіттер шақыру, қостанайлық полкті жасақтау және әскер өнеріне үйрету, оны Сібір үкіметінің қарамағынан Алашорда қарамағына толық беру мәселелерін талқылады. Одан кейінгі мәжілісте қазақ сотын құру және оның міндеттері мен істерін қарау тәртібін анықтау секілді мәселелер талқыға түсіп, нақты шешімдер қабылданды. Әсіресе, съезде уездік милицияны құру қажеттігіне баса назар аударылып, оның міндеттері айқындалды [11, 76-81-бб.]. 1917 жылдың 14 сәуірінде Тосын болысындағы 1-ауылдың Бестау, Шиелі, Суықбұлақ, Манзалы қыстауларының ақсақалдары бас қосып, онда жастарды оқыту үшін Қарасу деген жерден бір мектеп пен бір мешіт ашу керектігі және оны жүзеге асыру үшін нақты шаралар жасау керектігі сөз болды [81]. Әртүрлі деңгейде өткен бұл съездерде екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес автономия, ұлт қазынасы, әскер мәселесі сияқты саяси мәні бар мәселелермен қатар оқу ісін дұрыс жолға қою, оны іске асыру үшін қаржы мәселесін шешу керектігіне баса назар аударылды. Сонымен бірге, жалпы қазақ съезінің қаулыларына, Уақытша үкіметке, түрлі саяси күштерге қатынас мәселелеріне орай съезд делегаттарының арасында түрлі пікірлер қалыптасқанын аңғаруға болады.

Жетісу облысындағы жатақтар мен оның маңындағы 6 болыс елдің басын біріктірген Үржар мәжілісі 1917 жылдың 1 қазан күні болды. Оның төрағасы доктор Түсіпбек Жақбаев, қазынашысы Сапарғали Атамбеков болды. Мәжіліс Орынборда өткен 1-ші Жалпықазақ съезінің қаулыларын жүзеге асыру, 6 болыс ішіндегі күшті апаттардың көзін жою, ел арасындағы партияларды (бөлінушілікті) тыю, 6 болыс ел мен Үржар жатағының басын қосып, Үржарда курс ашу, оған 6 болыстың әркайсысынан 10, Үржардан-10, барлығы 50 бала оқытып, оның шығынын оқуға бала берген елден жинау, курсқа орысша және мұсылманша сауаты бар балаларды қабылдау, Құрылтайға Жетісу облысынан С. Аманжолов, Ы Жайнақов, Б. Мәметов және т.б. сайлау туралы қаулы қабылдайды [82].

Үржардағы келесі уездік съездің шақырылуы жөніндегі мәлімет 1917 жылдың 10 шілдесінде ашылған. Комитет төрағасы Садық Аманжолов, хатшысы Сапарғали Атамбеков қол қойған құжат: «...уездік земскі съезін шақыру (екі жақтан саны жағынан теңдей өкілдердің қатысуымен) ұсынылып, өздерінің тарапынан мал ұрлауға байланысты

әр айда бір рет халық сотының съезін шақыру бекітіледі және мал ұрлауға қарсы секциялардың мүшелері қажетті құжаттарды жинап, нақты іс-шараларға кіріскен» [83, 70-п.].

1917 жылдың 27 желтоқсанында Әулие-атада өткен уездік съезінің өткізілуіне «сарт ағайындардың аш қазақтарға 15 мың сомдай ақша жинауы себеп болған. Съезге уездегі болыстық комиссарлар жетекшілік жасап, 200-дей адам жиналуын қамтамасыз етті. Жиналғандардың құрамы байлар, ауқатты адамдардан тұрды» [84].

1918 жылдың наурыз айында Жаркент уезіне қарасты Өсек болысындағы мешіттің ауласында көп адам жиналған мәжіліс болды. Оны шақырушылар Өсек болысының ірі бай шонжарлары мен молда, ишандары еді. Жиналысқа ауыл еңбекшілері де көп жиналды. Жиналысты бұрынғы патша заманында болыс болған, алашордашылардың ұранын көтерушілердің бірі Мұқа Әжібеков ашты. Бұл съезде сөз алған Құдиярхан Тезекұлы «мұндай жақсылыққа қай қазақтың баласы қарсы болар дейсің», – деп алашордашыларды қуаттайды. Кедейлер тобынан Жаппар Алпысбаев сөйлеп, бай – манаптарға, молда – қожаларға қырғидай тиді. Ақырында, бұл топ съезді тастап кетеді [85, 10-11-бб.]. Жетісу уездік және болыстық съездерінде негізінен ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелер күн тәртібіне арқау болған.

1917 жылдың 13 наурызында 1-ші және 2-ші Орал болыстарының жиылысы Ойылда болып өткен. Жиылысқа Х. Досмұхамедов төрағалық етті. Ел ағаларының бұл бас қосуы жаңа үкіметті жақтап, олардың дегендеріне көну, Ресей халықтарымен бірлікте болып, болашаққа оң жолмен жету үшін тыныштықты сақтау керектігі, халықты Құрылтай жиналысына даярлау, атқару комитетіне өкілдер сайлау, облыстық комитетке өлкелік комитеттерден өкілдер жіберу, барша қазақ болып облыстық съез жасау мәселелерін көтеріп, сол бойынша 5 пункттен тұратын қаулылар қабылдайды [86].

1917 жылдың 15 наурызында Қарашығанақта өткен уездік қазақ жиылысында елдегі қоғамдық-саяси өзгерістер қаралып, ұлт ісінің алға жылжуы үшін «Қазақ» газетін жұмасына үш рет шығару лайық» деген шешім қабылданады. Сонымен қатар, «Қазақ» газетін жиілеп шығару үшін жиналатын қаржы көздері анықталады [87]. Сөйтіп А.Кенжиннің «Қазақ» газетін шығаруды жиілету мәселесі осы съезде жаңғыртылады.

1918 жылдың шілде айында Омбы облыстық қазақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен уездік қазақ съезіне 159 делегат және «сырттан» 3000 адам қатысқан. Съезде халықтың мәдени-ағарту қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ұлт қазынасы құрылды. Съезге қатысушылар екінші жалпы қазақ съезінің қаулысын мақұлдап, Алашордаға қосылуға тілек білдірді. Сонымен бірге егер Сібір үкіметі жәрдем сұрайтын болса, қарасатыны айтылады [34, 64-б.].

1917 жылдың 18-19 сәуір аралығында Көкшетау уезінің 14 болыс адамдары бас қосты. Төрағалыққа Әлжан Жұманов сайланды. Мәжіліс

басталмас бұрын Зәкір қажы мен Нұрым қажы құран оқыды. Содан кейін Омбы коалициялық комитетінен өкіл болып келген Әбілхайыр Досов жиналғандарға сайлау тәртібі туралы сөз сөйледі [88, 148-б.].

Қотыргүл болысының указной молдасы Кенжебай Тоқсарин бірлік, ынтымақ турасында әңгіме қозғады. Төраға Ә. Жұманов Қараөткел, Атбасар, Омбы, Қызылжар уездерінде жаңа тәртіппен мектеп-медреселер ашу мәселесін көтеріп, Көкшетауда оқуға мән берілмегендіктен, молдасы жоқ медресенің жабылып қалғанын ашық айтады. Абдолла Шоқаев пен Әбжан Теміров те өз сөздерін оқу мәселесіне арнады. М. Қасымов Көкшетау халқына 40 жыл бойы дін үйреткен марқұм хазірет Науанды еске түсіріп, жылы лебіздер білдіреді. Мұғалім Хасен Темірбеков ел арасында алдау мен арбаудың көбейіп кеткендігін, әсіресе, бақсы-балгерлердің халыққа тигізіп жүрген кері әсерін сөз етіп, ел ішіне жақсы фельдшерлер мен дәрігерлер қажет екендігін айтты. Сабыр Шәріпов (татар) халық арасындағы партияшыларды ашық айтып, халыққа таныстырса, Ғабдолла қажы Татаев муфтилік турасында әңгіме қозғады. Мәжіліс өз жұмысын аяқтағаннан кейін 14 болыс адамдары түгелімен бостандық манифестациясына (қолдарына бостандық туралы сөздер жазылған тулар ұстап) көшеге шықты. Қазақша «Марсельеза» әнін айтып, өздерінің жаңа үкіметті қолдайтындықтарын білдіреді [89].

1917 жылдың 21-24 тамыз аралығында Көкшетауда өткен уездік мұғалімдер мен молдалар съезінің жұмысы оқу-ағарту мәселесіне арналды. Онда Көкшетау қаласында оқығандар ұйымын құру, оған әр болыстан 1 мүше сайлау, болыс пен ауыл сайын ұйым ашу, қаржы қорын ашу, ауылнай сайын 4 жылдық мектеп ашу, 17 жасқа толған ер және қыз балаларды ұйымға тарту, мұғалімдер курсын ашу, «Білім» серіктігін ашу, оның мүшелік мөлшерін (15 сом) белгілеу мәселелері қаралды [90]. Дәл осы мәселелер 1917 жылдың 1-8 мамыр аралығында Қызылжарда өткен уездік мұғалімдер съезінде де қаралды. Қабылданған қаулыларында бұратана школдарға оқуды ана тілінде жүргізу, орыс тілін 3-ші жылдан бұрын оқытпау, ер және қыз балаларды бірге қосып оқыту, бұратана школдардың курсын 6 жылдық ету, бұратаналар үшін бастауыш школдардан басқа орта және жоғарғы школдар ашу, мұғалімдер білімін тереңдету мақсатында мұғалімдік курстар мен семинариялар ашу, школ билігін мұғалімдер Советіне беріп, оған бұратана мұғалімдерді де ендіру, бұратана мұғалімдерінің құқын орыс мұғалімдерінің құқымен бірдей ету, бұратана үшін ашылатын школдарды қазына күшімен ашу, мұғалімдердің айлық ақысы 1200 сомнан кем болмау керектігі, зейнетақы 25 жылдан соң, ең соңғы айлық ақысы мөлшерінде белгілену керектігі атап көрсетіліп, осы мәселелер бойынша 11 пункттен тұратын қаулы қабылдады және калған мәселелер 25 мамырда Омбыда болатын мұғалімдер (учительдер) съезінің күн тәртібіне ұсынылады [91]. 1918 жылдың 1 тамызында Петропавл уезінің Пресновская станциясында уездік қазақ съезі өткен және онда өкімет аппараты мен еріктілерді ұлттық армияға тарту мәселелері қаралған [4, 185-б.].

1918 жылдың 17 қыркүйегінде Көкшетау уездік «Алашорда» Советінің ұйымдастыруымен ауылнай басы 1 өкілден жиналған съезд өз жұмысын бастады. Съездің әлеуметтік құрамы әртүрлі болды. Съезде Көкшетау уездік Алашордасының төрағасы Сәлім Көшімов сөз алып, «автономияға байланысты» Сібір автономиясын қолдамайтындығын айтты. Одан кейін сөз алған Еркосай Мұқышевтың пікірінен соң, «ақсақалдар» уездік қазақ комитеттерінің орнына құрамында 3 кісісі бар (Сыздық Дүйсембаев, Жүсіп Қозыбаев һәм Махмуд Уәлиханов) жаңа комитет белгілейді. Осылардың ішінде Сыздық мүшеліктен бас тартатынын мәлімдейді.

Ал, Айыртау болысының басшысы Махмуд төре билікке таласып, уездік іс-қағаздар мен съезд қаулысын «Советтердің» ықпалымен қолына түсіруге әрекет жасайды. Ақырында, жастар жағы облыска жеделхат пен съезд хаттамасын жіберіп, облыстық қазақ комитетінен С. Жанайдаров келіп, «съез шешімі дұрыс емес, жастардың бағыты жөн», – деп өзінің төрелігін айтады [196]. Аталған уездік съездер екінші жалпы қазақ съезінің қаулыларын мақұлдай отырып, жекелеген мәселелерге көп көңіл бөлген. Күн тәртібінде уездік съездерге тән ортақ нәрсе – бір ғана мәселе талқыланып, соған байланысты әртүрлі пікірлер тыңдалған.

Семей облысында 1918 жылдың 15 ақпанында Павлодар уездік съезі болып, онда ұлт қазынасын жинау мәселесі қаралды. Съезге Тұрағұл Құнанбаев пен Міржақып Дулатов қатысып, күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз сөйлеген. Олардың сөзіне риза болған халық сол жерде-ақ 21 мың 939 сом ақша жинап беріп, қалғанын кейін тапсыратындықтарына уәде берді... Павлодардағы ноғай ағайындар да өз үлестерін қосып, 8,5 мың сом жинап берді [93].

Семей облысында 1917 жылдың 7-11 қыркүйек аралығында өткен Зайсан уезінің қазақ-қырғыз съезі 8 мәселе бойынша 18 пункттен тұратын қаулылар қабылдайды. Айталық, «азық-түлік, керек-жарақ» туралы мәселе бойынша алынған қаулыда Зайсанның 10 болыс қазағы керек-жарағын «Қазақ ұйымы» қауымынан алу керектігі, әр болыстан уездік азық-түлік комитетіне 1 өкіл жіберу айтылса, «қазақ халқын оқытып, оларға селолық тәрбие беру» туралы мәселесі бойынша Семейде ашылатын мұғалімдік курсқа әр болыстан 2 кісі жіберу, шығынын әр болыстың өзі көтеретіндігі, оқу бітірген мұғалімдерді жіберген жерде 2 жылдан қызмет етуге міндеттеу т.б. көзделді. Сонымен қатар съезд оқу-ағарту жұмыстарына салық жинау, шаруашылық школдары, земство туралы, жер және облыстық қазақ комитетіне жәрдем беру, жалпықазақ съезі туралы қаулы қабылдады.

«Үш жүз» партиясының ықпалымен бірнеше съездер болған. Солардың ішінде «1917 жылдың қараша айында Зайсан уезінің 500-ге жуық өкілдері қатысқан съездің қаулысы «Қазақ ұраны» деген атпен орыс баспасөздерінде жарияланғаны және автордың» осы қаулыда ұлтшылдық пен шовинизмнің әлеуметтік негізі туралы ешнәрсе айтылмаған. Ұлт араздығын тудыруға патша өкіметі ғана емес, сонымен қатар қанаушы үстем таптың кінәлі екенін ашып бере алмайды» [94, 92-93-бб.].

1918 жылдың ақпан айында өткен екінші Зайсан уездік қазақ съезінде қазақ істерін қазақ өкілдері басқару керектігі айтылып, осы мақсатта «Алаш ұраны» атты ұйым ашылғаны, ұры мен ел бұзушыларға тыйым салыну қажеттігі туралы қаулы қабылданып, 28 баптан тұратын ереже жасалды. Съезде өкілдердің көпшілігі облыстық қазақ комитеті көрсеткен жолмен жүруге қол қойды. Съезде қабылданған қаулыны бір учаскедегі 11 болыс ел мен қала қазағы тегіс мақұлдаған [95].

1918 жылдың 13-26 маусым аралығында Павлодарда тағы бір бас қосу болып, онда Алашорданың уездік Кеңесі ашылды. Оның құрамына 5 кісі енді. Төрағасы – Қабыш Бердалин, серігі – Ахметолла Барлыбаев, мүшелерді – Иманқұл Бәдісов, Мұқтар Жәлелдинов. Кеңестің мақсаты 9-28 шілдеде болатын земство жиналысына лайықты мүшелерді түпкілікті белгілеу болды. Бұл жұмысты атқару ісі Ахметолла Барлыбаевқа тапсырылды [96].

1918 жылдың 25-маусым күні Өскемен уезінің 11 болысының өкілдері (Ертістің сол жағындағы) Қалба елінің жайлауына шақырылды.

1918 жылдың маусымында Алашорда үкіметі тарапынан Өскеменге арнайы жіберілген М. Дулатовтың мақсаты – Алашорданың бұйрық-жарлықтарын елге ұғындырып, әскер жасақтау және қаржы жинау мәселелерін шешу болды. Оның «Алашорда үкіметіне баяндау хаты» сақталған [97, 4-5-пп.].

Өскемендегі уездік басқарманың басшысы Әміре Айтбакиннің басшылық етуімен өткен бұл жиынның қаулысы: «қазір милиция да, ақша да бермейміз. Алашорданың жарлықтарын орындамай байқай тұрамыз. Омбыға Сібір комитетімен сөйлесуге Әмірені, тағы екі жолдаспен 3 кісіні жібереміз. Үшеуінің ұстауына 300 сом береміз» деген мазмұнда болды. Бұл қаулыға қарсы пікірде болған Мұқан Жәкежан баласы бастаған топтың сөзі тыңдаусыз қалды [98, 181-п.]. Келтірілген құжат Алашорда үкіметінің іске кіріскенін, үкімет тарапынан шығарылған бұйрық-жарлықтардың жүзеге асырылуы осы үкіметтің өкілі М. Дулатовтың ықпалымен орындалғанын айғақтайды.

Өскемен уезіндегі келесі съезд 1918 жылдың 19 шілдесінде Алашорданың бастамасымен шақырылды. Онда Х. Ғаббасов съезд өкілдеріне автономияның қажеттілігін түсіндіруге тырысты. Алайда, өкілдер «автономия мәселесіне» қырын қарайтындықтарын білдірді. Съезд Сібір үкіметін мойындап, Алашорда пайдасына жиналатын қаржы мен әскерге жіберілетін адамдарды беруден бас тартты. Кейінірек, жергілікті билеушілер «Алашорданың автономияға ұмтылуы – федеративті автономия ұғымын арттырады» – деп, оларға күдікпен қарады [34, 66-б.].

1917 жылдың ақпан айында Қарқаралы уезінде Қу болысының 8 ауыл адамдары бас қосты. Онда оқу-ағарту мәселесі қаралып, әсіресе, тұрмыстары нашар жетім-жесірлерді оқытуға көңіл бөлінді. Оларға барынша қолдау көрсетіліп, мектеп жанынан пансион ашу, оған бөлінетін қаржы көздері анықталды [99].

Семей облысына карасты Өскемен уезінің Ақтасты болысында 1918 жылдың күзінде «найман ақсүйектері» бас қосқан съезд болды. Съезд Алашорда үкіметінің өкілі М. Дулатовтың қатысуымен өтті. Онда Жақсылық Болғанбаевтың талабы және алашордашылардың оған қойған арызы туралы мәселе қаралды. Съезд Ж.Болғанбаевтың алашордашылардан көрген зиянының орнын толтыру жөніндегі талабын қабылдамады. Қайта оны айыпты санап, алашордашылардың пайдасына айып пұл төленетін болды. Съездің шешіміне қанағаттанбаған Ж. Болғанбаев «бес кісі найман емес», – деп, съезді тастап шығып кетеді [100, 41-п.]. «Павлодар уезінде Қарамбаев деген бай 7 ауыл қазақтарын жиып съезд жасап, барлық ауыл тұрғындарына осы ауылда жасырынып жүрген орыстарды «сатпаңдар», «ұстап бермеңдер» бұйрығы берілген [101, 61-п.]. Бұл шамамен 1918 жылдың көктеміне сәйкес келеді. Жалпы Семей облысының уездері мен болыстарында өткен съездерде большевиктердің ықпалы күшті болған. 1917 жылдың 25 наурызында өткен жиындардың шешімімен Ақмешіт Уездік Ұлттық Комитетінің төрағалығына Ералы Қасымов салтанатты түрде сайланады. «...Е. Қасымов жағында болған 22 адамның 19-ы болыс басшылары болды. Олар Е. Қасымовтың келісімінсіз, халық атынан әр ауылдан 3 адамнан өкілдер сайлау туралы қаулы шығарды. Қаулы Ақмешіттегі Е. Қасымовтың пәтерінде жасалып, ауыл старшиналары мен болыс басшыларының мөрімен бекітілді. Оның құрамында 5 адам – Е. Қасымов, 2 болыс басшылары, 1 іс жүргізуші, 1 ауыл мұғалімі болды. Олар Уездік Атқару Комитетіне халық өкілдері ретінде кірді [102, 128-п.].

Ақмешітте бір-біріне қарама-қарсы екі ұйым: бірі – Ұлттық Қазақ Комитеті, екіншісі – қырғыз депутаттары Кеңесі пайда болды. Бұған қосымша кейіннен М. Шоқайдың дерегі бойынша «Ақмешіт аудандық халық өкілдерінің Кеңесі (бастығы С. Лапин) құрылған [66, 118-б.]. Осы жиындардың бірінде ақмешіттіктер «Ералы Қасымовты хан сайлады» деген мәліметтер кездеседі. Осы ретте айта кетейік, М. Дулатовтың ұсынысымен Мұзарап Қасымов Торғай Алаш полкін басқарған. М. Дулатов оның үлкен ағалары Ералы мен Ибраһиммен де жақсы таныс болған [103, 50-б.].

1918 жылдың 11 қаңтарында Ташкенттен 5-6 шақырым жердегі Қойлықта уездік мұсылмандар съезі болды. Оған сарт, қазақ өкілдері бар барлығы 600 шамасында адамдар жиналды. Съезді Әлмұхамед Көтібаров басқарды. Алашорда үкіметінен М. Дулатов өкіл ретінде қатысты. Съезде «Түркістан автономиясы» мәселесі сөз болып, жиналғандар Түркістан Уақытша үкіметін шама келгенше қолдайтындықтарын білдірді. Бұл пікірге ғұламалар қауымынан келген өкілдер қарсы болып, «...бізге Уақытша үкіметтің істеген түк пайдасы жоқ, біз өз дегенімізбен боламыз», – деді. Қанша қарсылық көрсеткенімен, олар соңынан адам ерте алмады. Съезге большевиктер де қатысады, бірақ оларға қарсылық күшейіп, сөз берілмейді [104]. 1918 жылдың 16 қаңтарында Қазалыда көзі ашық оқыған жастар мен ақсақалдардың ұйымдастыруымен жиналыс болды. Мақсаты – аш-қазақтарға жәрдем комитетін ашу болды. Комитет ашуға ат салысқан 20 адам өз арасынан төраға, оның орынбасарлары, хатшы мен қазынашысын сайлады. Бұл

жұмыстар осы сайланып қойылған мүшелер Кеңесі арқылы атқарылуы тиіс екендігі айтылып, қаулы қабылданды. Аштарға берілетін азық-түлік үлестіруші-конторчик пен оның әрекетін бақылайтын комиссарлар сайланды. Бұл істі жүзеге асыру барысында 3764 сом қаржы жиналды [105].

Сыр бойында күз басталысымен мал ұрлығы көбейіп кеткендіктен, осы мәселені әділ шешу мақсатында Ақмешіт уезіндегі Жүлек (Джулекскийдің есіміне байланысты қойылған) ауданына қарасты 8 болыс адамдары Шиеліде 1917 жылдың 20 қарашасында бас қосты. Мал ұрлығын тыю туралы 100 адам қол қойған 12 пункттен тұратын қаулы қабылданады [106].

Осы сияқты ұрлықты тыю мәселесіне орай комитет тарапынан және жоғары жақтан ешқандай шара қолданылмай, іс насырға шапқан соң, Қармақшы төңірегіндегі 8 болыс халқы (Қуаңдария, Қарабастоғай, Көшербай және т.б.) 1917 жылдың 30 желтоқсанында съезд ашты. Съезге барлығы 225 өкіл қатысып, өз араларынан төрағасын, хатшысын сайлады. Өзара кеңескеннен кейін 19 пункттен тұратын қаулы қабылдады. Қаулылардың мазмұны жоғарыдағы Шиелі болыстық съезінің қаулыларымен шамалас. Қаулының соңғы пунктінде осы істермен айналысатын ұйым Қармақшыдағы тығыз істерді тексеріп тұратын билердің бастығы Қабылан Қашқынбай баласының мекемесінде ашылсын» делінген [107]. Аталған уездік және болыстық қазақ съездері мен жиындарында көбіне жекелеген әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер көтеріліп, сәйкесінше маңызды қаулы-қарарлар қабылданады.

2.1.2 Бірінші жалпықазақ съезі және оның шешімдері (Орынбор, 1917 жыл 21-26 шілде)

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін мемлекет тізгінін өз қолына алған Уақытша үкімет «бір жағынан Руссияда жаңа тәртіп жасауға ұмтылғанымен, екінші жағынан бұрынғы Романов үкіметі бастаған соғысты тоқтатуға ыждиһат қылмады. Олар бұл Еуропа соғысынан бір жолы екі үлкен мақсаттарына жетіп қалмақ болды. Оның бірі, Руссиядағы ескі тәртіп орнына жаңа тәртіп құру, екіншісі, өшкен Руссияның сыртқы жауларын жеңіп, Стамбул, Дарданиелді қолға түсіру еді» [108]. Еуропа соғысы Ресей халқын әбден қалжыратып жібереді. 1917 жылғы шілденің 3-4 күндері Петроградта соғысты тоқтату бағытында өткен солдаттар мен жұмысшылардың демонстрациясын Уақытша үкіметтің күшпен басуы халықтың үкіметке деген сенімін жоғалтты. Шілде дағдарысы елдегі саяси жағдайды өзгертіп, қос өкіметтіліктің аяқталуына әкеліп соқтырды. Саяси биліктен үміткер большевиктер елдегі осы жағдайды пайдаланып майдандағы әскерді өзіне қаратпақ болды. Большевиктердің алдында тұрған мұндай жаңа міндеттерді шешу ісі 1917 жылдың 26 шілде-2 тамыз аралығында өткен большевиктер партиясының VI-шы съезінде қаралды. Онда социалистік революцияны тек қарудың күшімен ғана алу керектігі айтылды [109].

Қатердің түп тамыры күшті болғанның үстіне Корнилов оқиғасы мемлекет ішінде тәртіпті бұрынғыдан жаман әлсіретіп жіберді. Соның салдарынан майдандағы болсын, іште болсын тәртіпсіздік тым күшейді. Мұның бәрі Уақытша үкімет тарапынан жүргізіліп отырған соғыс саясатына наразылықтың көрінісі еді.

Міне, осындай күрделі саяси жағдайда Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялылары 1917 жылдың 21 шілдесінде Орынбор қаласында бірінші жалпы қазақ съезін шақырады. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстарымен Бөкей Ордасынан және Ферғана облысының қазақтары қатысады. Сырттан қарағанда съезге келген 20-дан астам өкілдердің саны «жалпы қазақ съезі» деп ауыз толтыруға олқы көрінсе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ [110]. Оның күн тәртібіне қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Олардың басым көпшілігі сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын-ала талқыланған болатын және ең маңызды дегендері жалпы қазақтық Құрылтайға ұсынылған еді. Олар: 1) Мемлекет билеу түрі; 2) Қазақ облыстарынан автономия; 3) Жер мәселесі; 4) Халық милициясы; 5) Земство; 6) Оқу мәселесі; 7) Сот мәселесі; 8) Дін мәселесі; 9) Әйел мәселесі; 10) Құрылтай сайлауына даярлану және қазақ облыстарынан депутаттар; 11) Бүкілресей мұсылмандарының Кеңесі («Шура-и-Ислам»); 12) Қазақ саяси партиясы; 13) Жетісу облысының оқиғасы; 14) Киев шаһарында болатын Бүкілресей федералистерінің съезіне және Петроградта болатын оқу комиссиясына өкіл жіберу. Басты назарды ұлттық автономия, жер, Құрылтай жиналысына дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды.

1917 жылдың 1 мамырында өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде де мемлекетті билеу түрі туралы мәсселеде депутаттар екіге бөлінді. Ресей мұсылмандар бюросының төрағасы А. Салықов бастаған унитаристер Ресейдің унитарлы (бөлінбес) федерация болуын жақтады. Ал, кавказ-әзербайжан өкілдерінің атынан келген Бек-Расулзаде бастаған федералистер Ресейдің біріккен федеративтік республика болуын жақтады [111]. Федералистердің осы пікірін қуаттаған кавказдықтар мен сарт ағайындардың қатарында қазақ зиялылары да болды.

Съезде «Қазақ автономиясы» мәселесін талқылауда М. Дулатов, А. Байтұрсынов және т.б. федерацияға кірмейтін «тәуелсіз ұлттық автономияны» жақтады. Алайда, бұл идеяны Ә. Бөкейхан қолдамаған [112, 149-б.]. Ол «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясын қолдады [4, 117-б]. Әртүрлі пікірлер талқыға салынғаннан кейін, съезд «қазақ облыстары ұлттық-территориялық автономия алуға тиіс» деген шешімге келеді.

Съезде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайлау туралы мәселе жан-жақты талқыланып, депутаттыққа әр облыстан 81 адамның тізімі бекітіледі.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын

құру болды. Өйткені Ресейдегі саяси партиялардың бірде-біреуі казақтың мүддесіне, тұрмыс-тіршілігіне сәйкес келмеді. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына партиялық тізіммен өту мақсатында, ең алдымен «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы талқыланып, қабылданады.

Бұл ұйымды құрушылар кадеттер үлгісіндегі жалпыұлттық саяси партия жасауды мақсат етті. Партия бағдарламасының белгілі заңгер Б. Қаратаевтың тікелей жетекшілік етуімен жазылғандығы Орал қаласында Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы мүшелерінің бірнеше жиналысы өткендігі және оған Қарасу, Шалқар, Жымпиты, Сабынқұл, Қызылқоға, Соналы, Қарашығанақ, Шыңғырлау, Индер және Жетікөл болыстарының бас көтерер адамдары мен дін басылары шақырылғаны, осы жиындарда Мемлекеттік Думаға депутаттар белгілеу, сондай-ақ аманат етер талап-тілектер жайы кеңесілгендігі және 9 бөлімнен тұратын партия бағдарламасы мен 9 пункттен тұратын партия жарғысы жөніндегі деректік мәліметтер жеткілікті [113, 81-85-бб].

Мұнда берілген бағдарлама мен жарғы мазмұнынан ұлт азаттығы үшін күрескен қазақ зиялыларының саяси келбеті айқын көрінеді. Сонымен қатар бұл құжат Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының өзіне тән жақын кезеңде атқарылатын міндеттері мен түпкі мақсатын айқындайтын бағдарламасы және оның ұйымдық құрылымы мен нақтылы іс-қимылын белгілейтін жарғысы болғандығын көрсетеді. Өкінішке орай 1917 жылдың шілде айында құрылған «Алаш» партиясының нағыз саяси партияға тән осындай бағдарламасы да, жарғысы да болған жоқ, тек партия бағдарламасының жобасы ғана жасалған еді. Соңғы кезде осы мәселе төңірегінде зерттеушілердің арасында түрлі пікірлер қалыптасқан. Айталық, профессор Т. Кәкішев: «Шындығында партия құрылуының заңдылығы талап ететін шарттарға келсек, онда оның жарғысы болмай ма, сол жарғы мен бағдарламаны жүзеге асыратын комитеттері мен жергілікті ұйымдары болмай ма?» деген сауалдар қойып, осы күнге дейін мұндай құжаттарды айғақтайтын деректерді кездестірмегенін айтады [145, 52-б.].

Ә. Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары өтпелі кезеңнің күрделілігіне, уақыттың тым тығыздығына және ұлттық кадрлардың жетіспеушілігіне байланысты нағыз саяси партияға тән шарттарды толық орындай алмағанымен, шын мәнісінде қазақ халқының келешек тағдырын анықтап, жалпы ұлттық мәселелерді саяси күрестің күн тәртібіне қойып, соның жолында жеке бастарын құрбандыққа шалды десек артық айтпаған болар едік. Мәселе партияның шарттарына, затына байланысты емес, оның атқарған қызметіне байланысты деп ойлаймыз. Айталық, жоғарыда айтылған шарттарға байланысты «Алаш» партиясының жергілікті комитеттерінің құрылғандығы жөнінде М. Қойгелдиев: «Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, мәселен, Ә. Бөкейхантың тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен қазан айының шамамен 12-20-шы жұлдызы аралығында (1917 ж.) партияның облыстық ұйымдары алдымен Семейде, сонан соң Омбыда, ал қарашаның 10-на қарай Орынборда ашылғандығын» айтады [115, 43-б.].

Қарама-қайшылығы мол тарихи кезеңде көлемі жағынан ықшам болғанымен, саяси мазмұны жағынан терең партия бағдарламасының жобасын дүниеге әкелудің өзі қазақ қоғамындағы зор жетістік еді. Оны «Алаш» партиясының Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар сайлауындағы қол жеткізген табыстарымен түсіндіруге болады. «Кіндік Комитеті де, дұрыс бекітілген программа жобасы да болмаған партия атынан қазіргі қазақ облыстарында Құрылтайға сайланатын қазақ мүшелерінің кандидаттық тізімі жарияланды һәм ол тізім жаңылмасам Құрылтайға өткен секілді» –, деп жазды Қ. Кеменгерұлы [49, 2-б.].

«Алаш» партиясының сайлау алды бағдарламасына орыс басылымдары «Алаш – демократиялық радикалдық партия, оның халық бостандығы партиясынан айырмасы федеративтік демократиялық республиканы талап етіп, жерге жеке меншіктік болуға қарсы шығып, шіркеуді мемлекеттен бөлуді жақтауында» деген бағасын берген [4, 137-б.].

Жалпы, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасынан көрініп тұрғандай, партияның көздеген түпкі мақсаты – қазақ халқын отарлық езгіден азат етіп, ұлттық дербестікке қол жеткізу болды. Бүгінгі ұрпақ XX ғасырдың 80 жылдарының аяғына дейін «ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», буржуазиялық – либералдық» тағы басқалар болды деп, біржақты бағаланып келген «Алаш» партиясының шын мәнісінде ұлт-азаттық қозғалысының ұйткысы болғанын жоққа шығара алмайды. Өйткені, өзін «Алаш» партиясының мүшесімін деп есептеген, тұрақты саяси бағыты бар әрбір Алаш азаматын ұлты мойындаған еді. Сондықтан «Алашты» ұлттық интеллигенция өкілдерінен тұратын, идеологиясы отаршылдыққа қарсы бағытталған ұлттық-демократиялық саяси партия деп бағалауға толық негіз бар.

Бұл партияға балама партия ретінде 1917 жылдың қараша айының ортасында «Үш жүз» партиясы тарих сахнасына шығады. 16 қарашада Омбыдан Мұқан Әйтпенов һәм Ысқақ Көбеков қол қойған жеделхатта: «Белгілі кадет Бөкейхан жасаған Алаш партиясының жолына наразы қазақтар жеке «Үш жүз» деген социалист партиясын жасадық. Мақсаты – федерацияны қорғау һәм түрік-татар тұқымдарын біріктіру. Құрылтай жиналысына жеке тізім шығару тұрағы – Омбы» деп жазды [116].

Осылайша «Үш жүз» партиясының Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына жеке тізім шығару әрекеті – қазақтың тұтастығы мен бірлігіне нұқсан келтіріп, алауыздық каупін тудырған-ды. «Қазақ өзді-өзі таласып, бірнеше тізім қойса, қазақ даусы бөлініп, сыбағалы депутаттарынан айрылуы анық. Олай болса қазақ депутаты сөзсіз орыстарға ауысып кетеді. Съезд қаулысында қазақ облысының депутаттар списогі біреу ғана болсын дейтін мәнісі сол» еді. Алайда, «үш жүзшілер» құрылған күнінен бастап-ақ, екі қазақ таласса, көрші орысқа олжа болғалы тұрғанын» түсінбеді [117].

«Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекші орындарды Көлбай Төгісов, Шәймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов, Әбілхайыр Досов және т.б. алды.

Оның саяси бағыты ол сайлауға түскен қазақ сайлаушыларына түсінікті болған жоқ.

«Үш жүз» партиясы Құрылтай жиналысына жеке кандидаттар тізімін ұсынды. Оның құрамына 13 адам енгізілді. Кандидаттар тізімі Қырғыздың социалистік «Үш жүз» партиясының Орталық Комитетінің құрылуы туралы хабармен қатар жарияланды. Орталық Комитеттің төрағалығына М. Әйтпенов, оның орынбасарлығына К. Төгісов сайланды. «Үш жүз» партиясы соғыс мәселесінде «Алашқа» қарсы бағыт ұстады. Саяси билікке таласушылық шиеленісіп, таптық жіктелу процесі күшейген кезде «Үш жүз» партиясы «Алаштан» арасын үзіп, қазан революциясынан кейін оларға қарсы күреске шықты.

Большевиктердің қолдауына сүйенген «Үш жүз» партиясы 1917 жылдың желтоқсанында өткен Батыс-Сібір Кеңестерінің III – съезінде екі орынға ие болады. Съезде аймақтың барлық жерлерінде Кеңес өкіметін құру туралы шешім қабылданған-ды.

«Үш жүз» партиясы туралы сөз қозғалғанда, оның «Жасасын, түрік-татар баласы!» деген ұранмен «Үш жүз» газетінің 10 нөмірін шығарып [118,117-119 бб.] түрлі деңгейде съездер мен басқосулар ұйымдастырғандығын айта кету керек. Өкінішке орай кенестік мүддеден гөрі ұлттық-діни мүддеге жақын бағдарламалық жобасы бар «Үш жүз» партиясының іс-әрекеті «Алашқа» қарсы бағытталды. Айт кетерлігі, 8 пункттен тұратын «Үш жүз» партиясы бағдарламасының жобасындағы талаптар таптық мүддеден гөрі ұлттық-діни мүддеге жақын жазылды [119, 153-б.].

Осы екі ірі саяси партияның негіздерін басшылыққа ала отырып құрылған саяси ұйымдар да болған. Айталық, Қаратөбе съезінде 1918 жылдың қаңтарында «Алаш» партиясының негізінде ұлттық-демократиялық бағытта құрылған «Ақ жол» партиясы (төрағасы – Е. Қасаболатов, мүшелері – А. Кенжин, Г. Әлібеков) болды [29, 138 п]. Онан кейін дәл осы мезгілде, яғни 1918 жылдың 8 қаңтарында Зайсан уезінде «Алаш» партиясының бір бұтағы ретінде «Алаш ұраны» атты саяси ұйым құрылған. Бұл ұйым жөнінде «Сарыарқа» газетінде «оның ақылшы мүшелігіне 20 адам сайланғаны, оған қырғыздардың да кіруіне жол ашықтығы, іс басқаруға уақытша президиум сайланғаны және Зайсан уезінің өкілі Ахмет мырзаның бастамасымен болғаны айтылады [120].

«Алаш» партиясының соңынан ерген жастар ұйымдары жөнінде Ж. Сүлейменов «Біз білмей келген ұйым» немесе «Жас Алаш» қозғалысы туралы бірер сөз» атты мақаласында 1918 жылдың 1-15 мамыр аралығында Омбы қаласында бүкіл қазақ жастарының тұңғыш съезін өткізгендігі жөнінен көптеген мәліметтер береді. «Алаш» партиясы ұранын көтеріп, оның идеяларын жаңғырту бағытында осындай іс-әрекеттер жасаған «Бірлік» ұйымымен қатар «Үш жүз» партиясының негізінде «Қазақ оқушыларының демократиялық Кеңесі» атты ұйым да тарих сахнасына шыққан еді.

«Жас азамат» саяси партия болмағанымен қазақ жастарының өз партиясын ұйымдастыру идеясы дәл осы мезетте және «Бірлік»

қауымында туғаны анық», – дей келіп, – Ж. Сүлейменов, – «жастардың «Алаш», «Үш жүз», «Ерік» партияларының үстіне тағы бір бөлек партия құруды жөн санамағандығын, оның бірігу емес, бөліну болатынын, күшею емес, әлсіреу болатынын жастар түсініп, «Алаштың» соңына ерді «Жас азамат» Алаштың «комсомолы» болып қалды деуге келеді. Ал, идея – сол күйінде қалды» – деген тұжырым жасайды және соңғы уақытқа дейін аталған қоғамдардың мәдени-ағартушылық сипатына ден қойып, олардың саяси қызметі ашылмай келгенін, соған орай Қ. Кеменгеровтің «Бірліктің» мәдени мақсатының астары, көздеген нысанасы – саясат ... әлеумет наразылығы», – деген сөздеріне көңіл бөліп, кешегі тарихтан тағылым алуға шақырады [121, 59-б.]. Қазақ жастарының басын біріктірген «Жас азамат» ұйымының Кеңестер билігі күшейіп тұрған шақта осындай саясат, әлеумет мәселелерін көтеріп, Алаш идеяларын жаңғыртуы – олардың ұлт-азаттық қозғалыс тарихында жасаған үлкен бір жетістігі деуге толық негіз бар.

2.1.3 Екінші жалпы қазақ сьезі және оның шешімдері (Орынбор, 1917 жыл 5-13 желтоқсан)

1917 жылдың 25 қазанында билік басына келген большевиктер Уақытша үкіметті әскер күшімен абақтыға жапқаннан кейін өздерінің дегендеріне «көнбеген халықтарды күштеп, адамын қырғынға, мал-мүлкін талауға ұшыратып жатты. М. Дулатовтың сөзімен айтқанда съезд шақырылу қарсаңында «Руссияда екінші өзгеріс болып Уақытша үкімет жоғалып, Құрылтай құрыған еді. Бірінші съезд уақытындағыдай емес, ол кезде әр жұрт өз бетімен жайылып бас амандап Россиядан біржола айырылып кеткендер де болып еді. Құрылтайды күткенше тағы да қандай толқынға ұшырауына жұрттың көзі жетпей дағдарған шақ еді» [122].

Осындай жағдайда екінші жалпы қазақ съезі 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өз жұмысын бастады. Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов және Е. Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты. Бүкіл Алаштан съезге 81 өкіл келді, съезде қаралатын мәселелер зор болғандықтан, өкіл емес кісілер де көп келді. Барлығы 200-ден аса адам жиналды [123].

Съездің төралқасына Бақтықерей Құлманов (төраға), серіктері болып Ә. Бөкейхан, Х. Досмұхамедов, Ә. Кенесарин, Ғ. Қарашев, хатшылары болып Д. Күсепқалиев, М. Дулатов, С. Қадырбаев сайланды. Мәжіліс ашылар алдында Ә. Бөкейхан: «былтырдан бері жаршы топта сөйлеп, бәйге

алған, осы съезге де шақырылған ардақты шешен Ораз ақсақал Тәтіұлының опат болғанын хабарлап, мәжілісті марқұм Ораздың рухына дұға қылып басталық», – деп ұсыныс жасап, бұл рәсім орындалғаннан кейін Кеңес өз жұмысына кірісті.

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілді. Олар: 1) Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңтүстік-шығыс туралы; 2) Қазақ-қырғыз автономиясы; 3) Милиция; 4) Ұлт Кеңесі; 5) Оқу мәселесі; 6) Ұлт қазынасы; 7) Муфтилік мәселесі; 8) Халық соты; 9)Ауылды басқару; 10) Азық-түлік туралы мәселелері еді.

Съезде автономия мәселесі бойынша сөз алған М. Шоқай, Жетісу мен Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясына әлі қосыла қоймағандығын, Түркістан уалаятының өкілдері қазақ-қырғыз баласының бас қосылатын кезі келгенін һәм Алаш автономиясы жария етілсе өздерінің қосылатындығын білдірді.

Одан соң съезд қазақ автономиясы мен милиция туралы Х. Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген саяси мәні зор қаулы қабылдады. Алайда, съезде Қазақ автономиясын құру мәселесінде депутаттар екіге бөлінді. «Бір жағы – автономияны күні бүгін ресми, жұрт атынан бүкіл дүниеге жария қылуды қуаттады. Олардың қатарында Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, А. Кенжин, У. Танашев, Ғ. Қарашұлы, С. Досжанұлы т.б. барлығы – 33 адам болды. Екінші жағы – милициямызды құрып қамданғанша һәм арамыздағы көрші орыстармен сөйлесіп келіскенше ресми жария етуді тоқтата тұралық деушілер. Олар Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Е. Омаров, О. Алмасов, Х. Ғаббасов тағы басқалар барлығы – 42 адам... екі жаққа тас салудан тартынғандар қатарында Ахмет Шегіріұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Қасымхан Кенесарыұлы болды» [124]. Азшылықта қалған өкілдер көпшіліктің қабыл еткен қаулысына көнбей, «автономия қазір ресми ығлан етілмесе, біз Түркістан автономиясына қосыламыз»,– деген пікірдегілер де болды.

Съезд Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясына қосылу-қосылмау мәселесін талқылау мақсатында осы облыс қазақтарының съезін шақыруды қажет деп тауып, өз араларынан өкілдер жіберу туралы шешім қабылдап, оның нәтижесі қалай болғандығы жоғарыда айтылды.

Қазақ автономиясын құру мәселесіне Кеңестер қырын қарады. Олар әуел бастан-ақ бұл мәселені шешуде таптық принциптерді басшылыққа алды. Ал, Алаш қайраткерлері керісінше, ұлттық мүддені негізге алып, халықты ұлт тұтастығына, ауызбіршілікке шақырумен болды. Большевиктердің лаңынан қорғану алдыңғы кезекке шықты. Өйткені, Уақытша үкіметтерін құрып алған басқа халықтармен (кавказдықтар, татарлар, башқұрттар тағы сол сияқтылар) және қару-жарағы сайлы атты казақтармен салыстырғанда, қазақтар қорғансыз күйде еді.

Сол себепті әскері бар халықтардың істеген батыл қимылдары қазақтың қолынан келмей, олар большевиктерге қарсы тұра алмайды. Қару-жарақтан жұрдай халықтарға мұндай аласапыран шақта зорлық-зомбылықтың түр-түрін құру қаупі туғандықтан, съезде қаралған аса маңызды мәселе – ұлттық әскерді жасақтау болды.

Сол жылдары «милиция» деген сөздің астарында әскер ұғымы жатқан еді. Шындығында да, біз қарастырып отырған кезеңдегі милиция ұғымында туған жерінің тыныштығын, халқының қауіпсіздігін қорғайтын әскер ұғымы болды. Жалпы, Алаш әскерінің қызметі – соғысуға емес, бейбітшілікті сақтауға, елінің тыныштығын сақтауға бағытталды, сырттан келген жауға қарсы тұру, еліне қорған болу – негізгі міндеттерін құрады.

Алашорда көсемдері жаңа құрылған Алаш автономиясын аяғынан тік тұрғызу үшін және большевизммен күресу мақсатында ұлттық әскер құру және Советтерге қарсы әртүрлі саяси күштермен ұдақтасу ісіне үлкен мән берді. Съезд бұл мәселені жан-жақты талқылап, қазақ милициясының әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға әскер ғылымын үйрету және қажетті заттармен (қару-жарақ, қаржы, көлік тағы басқа) қамтамасыз ету тәртібін анықтады. Онда 26 500 адам тіркелген халықтық милиция құрылуы қажет» деген қаулы қабылданды. Бұл идеяның ұсынылуы жөнінде «...сол жылғы 5-13 желтоқсанда Орынборда болған екінші жалпы қазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшесі Ж. Ақбаев 26 500 жауынгерлерден тұрақты армия құру идеясын ұсынды» деген пікір бар [125, 29-б]. Бұл әскер құру ісінде Алаш көсемдерінің саналы түрде белсенділік танытқанын көрсетеді.

Съезд қаулыларында көрсетілгендей, Алаш әскерін құру үшін алдымен милицияға алынатын адам шығынын анықтап, оларды қару-жарақ, ат-көлікпен қамтамасыз ету, әскери мамандар (офицерлер, инструкторлар) даярлау жұмысын айқындап алып, оған қажетті қаражат 6 облыстың қазақтары есебінен жиналатын болды. Қазақтың бұрыннан жиналып тұрған қаржысы жоқ екені белгілі, сондықтан милиция шығыны халыққа салынған салық есебінен алынып тұрды Автономия болу үшін ұлт қазынасы мен халық әскері ауадай қажет еді. Бұл екеуінсіз автономия құру мүмкін емес-тін. Енді осы мәселелерге байланысты жер-жерлерде болған нақты іс-шараларға келсек, Зайсаннан жазылған хабарларға қарағанда, ол жақта «ғинуардың 13-де тағы да бүліншілік қозғалып кету қаупі болған соң, күндік ақы кесіліп, 15 атты милиция шығарылған. Бәрі қызметтен қайтқан ноғай солдаттары, құрал берілмекші. Управаға 30 милициялық алты айға 22 мың сом жоба жасап, «бұл ақшаны мұсылмандар көтерсін, түбінде орыс пен мұсылман қақ жарлы болар». Кейбір қара жүрек орыстар: «мұсылмандардың милиция жасауы гарнизонға қарсы» – деп құбыжық көрсетіп, надан солдаттарды айтақтап отыр. Милиция ұстауға 25 мыңдай ақша жиюға жоба жасалып, әркім шамасынша бермекке жазылып еді. Енді сол ақша жинала бастаған [126]. Бұл келтірілген құжаттан біз милиция жасауға бөлінетін қаржының жобасы жасалып, соған орай халық арасында түрлі

пікірлердің қалыптасқанын, әсіресе мұсылмандар мен орыстар деп бөліну процестерінің жүргені анық.

Сыртқы жаудан қорғану мақсатында құрылған Алаш әскеріне ең алдымен ұрыс өнерін үйретіп, содан кейін әскер түрін таңдау керек болды. Құрылатын әскер туралы 1918 жылдың 8 – маусымында Алаш қаласында Ә. Бөкейханның басшылығымен өткен Кеңес қаулысында: «1) милиция керек; 2) милиция атты болады; 3) милицияға жігіт беру міндетті емес, ұлт үшін тіленіп жазылғандар кім болса міндетті қылып алу Алашордада болсын; 4) милицияға керек ат, ақша жұрттан салықпен алынсын, байдан байша, кедейден кедейше; 5) қанша ат, қанша ақша жинау еркі Облыстық Комитетте болсын», – делінген еді [127].

Қазақтардың әскер түрі қандай болуы керек деген мәселеде қазақтар бойлары аласа болғандықтан, атта отыру ыңғайлылығын және ат үстінде оның күші, ептілігі артатындығын ескере отырып, өздеріне тиімді атты әскер түрін таңдады. Милиция түрі атты болатындықтан тұсында атты казагі бар Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында түрлі деңгейде жұмыстар жүргізілді.

Осы мәселе төңірегінде ұлт зиялылары: «...милицияға бөлінетін адамдар мен қаржы дайын болғанша, офицер, инструкторларды дайындау керек. Бұл – бір. Екінші – милицияға керек қару жарақ атты казактардан табылмас па... үшінші, соңғы кезде юго-восточный союз деп мойын созғанша, Орал, Орынбор, Сібір, Жетісу атты казактар болып, Алашордасына қараған қырғыз-қазақтармен бірігіп өз алдына Восточный Союз жасау қолайлы болады деген пікір туып отыр. Бұл пікірді Орынбор атты казактары қуаттап тұр. Әуелі Алаш автономиясына қараған жердің аламайы дөңгеленіп, қазіргісінен гөрі ыңғайлырақ болмақ. Күнбатыс, Солтүстік, Шығыс-үш жағымызға атты казак қорғауыш болмақ. Алаш автономиясында бұлайша союз жасау өте қолайлы болмақ», – деп, әскер құрудың тиімді жолдарын қарастырады [128]. Оны Алаш әскерін құру жөнінде Х. Ғаббасов атына келген жеделхаттан анық аңғаруға болады. Хатта: «1) Совет үкіметі әр облыстағы Советтерге казақтың тұтқынға алынған азаматтарын тегіс босатыңдар, – деп әмір қылды; 2) Алашорданың ұсынған шарттарына жақын арада Совет үкіметі жауап бермек болды; 3) Совет үкіметінің басында Қазақ Комиссариаты ашылатын болды. Бұл Комиссариатқа кіретін адамдарды «Алашорда» өзі сайлап жібереді. Өзіміз жұмысымыз болып ел жаққа кеттік. Тез арада Семейге келеміз» – делінген [131]. Бұл құжаттан сонымен қатар Батыс Алашорда жетекшілерінің Орталық бөліммен тікелей байланыс орнатып, нақты іс-әрекеттер жасағаны көрінеді.

Совет өкіметімен болған осы кездесулер мен келіссөздерден Орталық Совет өкіметінің ұлттық мүддеге негізделген қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығы, бұған керісінше қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген Советтік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі анық байқалды» [4, 161-б.]. Кеңес өкіметінің ұлт істері жөніндегі саясатына орай «Бірлік туы»: «... сөйтіп, Совет үкіметі халық ісіне қол сұғуға кірісті, мұны көп жерлерде халық өз арасынан көріп те жүр. Осы күнгі большевиктердің

қылып отырған істерінің бәрі-бұрынғы ескі хүкімет қылатын істерге дәл келді. Бұрынғы хүкімет шын халық азаматтарына қандай жау болса, бұл күнгі большевиктер де оларға солай» – деп жазды [132]. Осылайша, Кеңес үкіметі ұлттық мүддеге негізделген Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін іс жүзінде мойындамайтынын білдірді.

Мұны Романовтар әулеті сияқты, большевиктердің де мықты жауы автономия алуға ұмтылған халықтар болғандығымен түсіндіруге болады. Айталық, «большевиктер Украина даласын, .Түркістан автономиясын жоғалтып, халқына ойран салып, Қоқан шаһарын жермен жексен етті. Хүкімет адамдарының біразы жабылды, бірсыпырасы қашып құтылды. Башқұрт автономиясын таратып, азаматтарын абақтыға жапты...Қырымды қанға бояды» [133].

Міне, автономияға ұмтылған халықтардың әрқайсысының көрген күні осы еді. Осындай жағдайда Алашорда қайраткерлері жергілікті Кеңес органдарымен ымыраға барып, өздерінің күрес тактикасын өзгертті. Солай болғанымен, олар бұл қызметте жүрген уақыттарында алдыңғы кезекке жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді қойған еді.

Міне, осылайша «ел билеген кемелдердің» көзін жою арқылы ұлттық сананы жою ақ патшадан қалған мұра еді. Ал қазақ зиялылары М. Дулатовтың сөзімен айтқанда «өз отауын өзіне бұйырту» болатын.

1918 жылдың жазына қарай Алашорда бастаған саяси күштер мен большевиктер арасында өкімет билігі үшін ашық күрес басталды. Советтердің жер-жерлерде өкімет билігін тартып алуы – қазан революциясының алғашқы күндерінен бастап саяси биліктен айрылған топтардың қарулы қарсылығын тудырды. Елде басталған азамат соғысы іс-жүзінде осы өкімет билігі үшін күрестің жалғасы еді. Кеңес өкіметіне қарсы және оның саясатын қабылдамаған әртүрлі саяси күштерден қолдау тапқан «әскери үкіметтер» Қазақстандағы Кеңестерге қарсы күрестің негізгі күштерін құрады.

Азамат соғысы жылдарында большевик зардабынан Алаштың барлық облыстары дерлік қырғынға ұшырады. Екінші жалпы қазақ съезінің «милиция жасалсын» деген қаулысы бүгінгі күн ғұмыр жүзінде алла сәтін салып, іске аса бастады. Большевик құласымен Алашордасы Семейге келіп, автономияны жұртқа әртүрлі себеппен жария қылмаса да, іске кірісті.

Бірінші кіріскен ісі – милиция жасау ісі болды. Алашордаға қолайлы жақын уезд Семейдікі болғандықтан жұмыс Семейден басталды. Семейдің 22 болысына болыс басы 30 кісіден салынып, сол кісілерін шақырта, тығыз жарлық жіберілді. Автономияның бір үлкен тіреуі милиция екенін екі жылдай естіп, сүйегіне сіңіп жүрген жұрт баяғы солдат боласың дегенді құбыжық көргенін қойып, «Орда» жарлығын екі қылмай, салынған кісілерін әкеліп жатыр. 22 болыстың дені кісілерін әкеліп беріп қойды. Осы күні Семейде 700-ден аса қазақ милициясы бар (бәрінің расходы қазынадан). Әйелі жоқ салт жігіттер айына 60 сом алады, әйелі барлар 160 сом алады. Бәрінің киім-тамағы һәм басқа расходтары қазынадан [134].

Алашорда үкіметі жарияланғаннан кейін Семейден бастау алған қазақ әскері Қазақстанның басқа өңірлерінде де, атап айтқанда, «Қостанайда 2-ші қазақ полкі, Жаманқалада (Орск) – 3-ші , 4-ші, Оралда – 5-ші, 6-шы қазақ полктері жасалады... Бұлардан басқа Алашта ер көңілді қазақ жігіттерінен 1-ші полк пен офицер шығаратын медресені өзіміздің қазақ капитаны Хамит Тоқтамышев Өскеменде» ашқандығы жөнінде ұлттық басылымдарда айтылады. Осы тұста Қостанайдағы 2-ші қазақ полкінің құрамы туралы «Сарыарқа» газеті: «...ең алдымен бас боламыз деп оқытушылар, оқушы жастар жазылып, бұларды көрген соң, қырдағы жігіттер де өз еркімен жазылды», – дей келіп, онда оқу командасының ашылғандығын, құрамында оқыған азаматтардың болғандығын және 29 желтоқсанда полктағы жігіттер Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясында) бет алғандығын, сонымен қатар Алашорда тарапынан «әскери бөлім» ашылып, Елдес Омаровтың да бірге кеткенін» жазады [135]. Алаш әскерін жасақтауды ұйымдастырып, оның басы-қасында Алаш жетекшілері Х. Ғаббасов, А. Тұрлыбаев, М. Тынышбаев, Б. Мәметов, Х. Тоқтамышев жүрді.

Әсіресе, қазақ жігіттеріне әскер ғылымын үйретуде тұңғыш қазақ офицері, штаб-капитан Хамит Тоқтамышев пен подполковник Ғали Самыратбековтің есімдері ерекше айтылады. Алаш әскеріндегі бір ерекшелік – тылдағы тұрақты қосалқы жасақтың (резервтің – К.І.) болуы еді. «Сүйек тісті» ұзын таяқпен қаруланған олар қарсыластарын алаңдатып, табысты нәтижелерге жетіп отырды [34, 56-б.]. Қазақ жігіттерінің Жетісу майданындағы ұрыс-қимылдары соның айғағы. Мұны «Сарыарқа» газеті: «...әскерге алынған қазақ жігіттерінің көп уақытқа дейін қару-жарақтары болмаса да, ұрыстан беттері қайтпағандығын... Саратовкадағы шабуыл кезінде (28 қазан 1918 ж.) жүздіктегі» Балтай Бисебековтің, Андреевка қаласында Ахметқали Орманбаевтың ұтымды ұрыс тәсілдерін, Қағазбек Дашке баласының 150 көпшілді бір жарым сағат бөгеп тұруының арқасында, олардың Саратовкадан шығынсыз құтылғандығын [136], сонымен бірге 1918 жылы наурыз айында Антоновка қаласы үшін болған ұрыста жау қолында қоршауда қалған 12-Алаш полкінің 98 жігітінің қайраттылығы жөнінде: «...қамалып қалған 98 жігіт... неше күн, неше түн атысады. Атысқанда өздерінің паналаған үйлерінің қабырғасын тесіп алып, көпшілдерді мылтықпен атып, бомбамен атқылап, жақын келтірмейді. Көпшілдер оғы бұларға тимейді, себебі, бұл жақтың үйі тастан салынған еді... олар екі күн, екі түн атысқан соң, араларынан бір жігітті не болса да, Алаш әскеріне хабар бер деп жұмсайды. Бұл жігіт көпшілдің бір жақсы атын қолына түсіріп, ұстап мініп, неше қабат жаудың арасынан оқты жаңбырша жаудырса да, аман-есен құтылып, құп әскерге хабар береді. Мұны естігеннен кейін біздің әскерден Антоновкаға көмек жіберіліп, 4-5 күн қамалып жатқан 98 жігіттің аман-есен құтқарылғандығын» жазады [137].

Қазақтың алғашқы әскери бөлімдері құрамындағы жауынгерлер бойларындағы қайсарлық, өжеттілік, ептілік сияқты қасиеттерімен көзге түсті.

Ұлттық әскерімізді жасақтау, оларды ок-дәрімен, қару-жарақпен және ат-көлікпен қамтамасыз ету жұмыстарының бар ауыртпалығы халықтың мойнына түскені белгілі. Олар шамасына қарай ұлт қазынасына өз үлестерін қосып, біреулері қаржылай, екінші біреулері заттай көмектерін аямады. Айталық, Алаш офицері Х. Тоқтамышев «1918 жылдың желтоқсан ішінде атаман Анненковтың ұйғаруынша тілмаш Жармұхамедов мырзаның Семей мен Алаш қаласында жүріп, жинаған 13800 сом ақшасы 1-ші атты қазақ полкінің пайдасына тапсырып, топ кітапшаға тіркеген [138].

Алаш әскеріне қатысты соңғы зерттеулерге сүйенсек, «Алаш атты әскері 12 полктен құралған, әскердің жалпы саны 5 мың адамнан асқан» [139, 3-б.]. Мысалы, «Колчак армиясының қатарында 2000-2500-ге жуық қазақ әскері болған. Ол бес Алаш полкі, бір кадрлық полктен тұрған. Соған қатысты үш полктың негізгі құжаттары табылған. Ол жерде, негізінен, Шығыс Қазақстан облысы, Семей, Жетісу өңірі, негізгі соғыстар Зайсан, Аягөз, Мақаншы, Үржар, Үшарал, Лепсі, Қапал, Сарқан, Жаркент төңірегіндегі болған айқастар. Зерттеу барысында 600 азаматтың тізімі табылған [140].

Бұдан Алаш қайраткерлерінің жұбайлары да босқа жүрмей, әскер құру ісінде әйелдер ұйымына басшылық жасап, нәтижелі істер атқарғанын, сөйтіп, Алаш автономиясының «аяғынан тік тұрып кетуіне» өз үлестерін қосқан. Десе де, Алаш әскерін құру ісінде оның көлеңкелі тұстары да болмай қалған жоқ. Айталық, әскер бөлімінде қызмет етуге кей жерлерде халық ықыласты болмады. Оған тамақтанудың нашарлығы, киім-кешектің жетіспеуі, түрлі аурулардың етек алуы себеп болды. Мұның ақыры жігіттердің әскерді тастап, туған ауылдарына қашуына әкеліп соқтырды. Осындай келеңсіз оқиғалар бола тұрса да, милиция жасау туралы съезд қаулысы белгілі бір дәрежеде іске асырылып жатты.

Көп кешікпей большевиктерден тазарған жерлерде Кеңес өкіметінің саясатына қарсы бағытталған және Антанта елдерінің қолдауына сүйенген үкіметтер құрылды. Олардың қатарында Омбыда құрылған Уақытша Сібір үкіметі, 1918 жылы маусымда Самарада құрылған Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті (Комуч) және 1918 жылы қыркүйекте құрылып, өзін «Уақытша Бүкілресейлік үкімет» деп санаған Уфа директориясы болды.

Осы тұста мақсат-мүдделері бір жерден табылған Башқұртстан, Алашорда және Түркістан автономиясы жетекшілерінің ұйымдастаруымен 1918 жылдың 18-21 тамыз аралығында Семейде өткен 1-ші және осы жылдың 30 тамызы мен 7 қыркүйек аралығында Орынбор мен Самарада өткен кеңестен кейін шақырылған II-ші біріккен съездері туралы айта кеткеніміз жөн. 1-ші біріккен съездің күн тәртібіне енгізілген 12 пункттің бірінде «Украинаны оккупациялаған Германияға көзқарас» мәселесі болды. Соған орай «егер немістер астрахандық казактардың көрнекті қайраткерлерімен байланысуға әрекет жасаса, Германиядан арамызды алшақ ұстап, Ресейдің одақтасы ретінде Сібірде жүрген Жапония өкілдерімен байланыста боламыз, ал өзіміздің ұлт-азаттық күресімізді тек ішкіресейлік күрес ретінде жүргіземіз» – деген шешім кабылданды.

Бұл шешімді Алашорда үкіметі де қолдады. II-ші біріккен съезге Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М. Тынышбаев, У. Ходжаев т.б. қатысып, онда Башқұртстан, Қазақстан, Түркістан үкіметтерін «Оңтүстік-шығыс мұсылман облыстарының федерациясына» біріктіру, башқұрт, қазақ әскери бөлімдерінен корпус құру, Ресей үкіметіне «Шығыс Ресей одағына» негізделген Сібір және Самара, оралдық және орынборлық казактарды біріктіретін федерация құру жөнінде ұсыныс жасау мәселелері талқыланып, соған сәйкес шешімдер қабылданды [130, 249-б.].

Осыған дейін қазақ автономиясы мәселесінде Кеңестерден қолдау таппаған Алаш жетекшілері ендігі жерде Сібір үкіметіне, Самара үкіметіне (Комуч), Уфа директориясына сенім артып, біртұтас ұлттық мемлекет ретінде Алаш автномиясын мойындайды деп үміттенді.

Азамат соғысы жылдарында, яғни Қазақстанның көпшілік аудандарында Кеңес өкіметі құлатылған кезде Алашорда үкіметі жоғарыда аталған Уақытша үкіметтермен тіл табысып, Орал, Сібір, Жетісу және Орынбор казактарымен тығыз байланысты. Осы үкіметтерге, кейін Колчак диктатурасына Алаш автономиясын ресми тану жөнінде өтініштер жасап, әртүрлі деңгейде көмек беруді сұрайды. Казачество мен Батыс Алашорда бөлімінің арасындағы тығыз байланысты айғақтайтын тағы бір құжаттарда екінші жалпықазақ съезіне Орынбор казак әскерінің атаманы Дутов пен Орынбор казак округі өз араларынан жалпықазақ съезін құттықтап, большевиктерге қарсы бірігіп күресуге тілектестігін білдіруге делегат етіп Т.И. Седельниковті сайлағаны айтылады. Ол 1919 жылдың екінші жартысында Ә. Бөкейхан қолдауымен 1-ші Аймақтық Кирревкомның құрамына мүше болып кірген [13, 121-122-пп.]. Алайда жоғарыда айтылған өтініштер Алашорда үкіметіне ойлағандай нәтиже бермеді. Алаш автономиясының жеке ірге салып бөлектенуі оларға тиімсіз еді.

1918 жылдың қыркүйегінде Ә. Бөкейханнан «Қазақ» басқармасына «11 қыркүйекте Құрылтай мүшелерінің Комитеті Алаш автономиясын таныды» деген жеделхат келіп түседі. Соған орай «Жас азамат» газетінде де «Құрылтай ағзаларынан құрылған Самар Комитеті Алашордаға қару-жарақ, киім-кешек бере бастағанынан» хабар береді [141].

Осының алдында 1918 жылдың 18 тамызында Алашорда үкіметі Сібір үкіметіне өтініш жасаған болатын. Соған сәйкес Том қаласында «орыстан басқа жұрттардың фракциясы» (Облыстық Дума – К.І.) Ақмола облыстық комитетіне төмендегідей: «проектеріңізді комиссия 3 күнде қарап бітіреді, сонан кейін Думаның жұмысына салынады. Алашордадан біреу тез келсін» – деген жеделхатты жібереді.

Аталған Облыстық Дума 1917 жылдың күзінде құрылып, іске кірісіп жатқан кезде большевиктер куып тараткан еді. Осы Думаның соңғы ашылуында (18 тамыз 1918 жыл) оған 100 шамалы депутаттар жиналып, топ-топқа бөлінгенде социал-революционер партиясы мен орыстан басқа халықтардың біріккен фракциясы екеуі күшті болды. Бұл екеуі де автономия болып, өз жұмысын өзі аткарамын деген халыққа жергілікті, яки жергіліксіз

болсын дауыс беріп, Думада олардың сөзін қуаттамақшы болған және олар Алаш автономиясын Думадан бұрынғы лайықталынған күйінше өтуіне бар күштерін салмақшы болған [142]. Өкінішке орай, осы мәселені қарайтын Облыстық Дума Сібір үкіметі тарапынан жабылып, бұл іс аяқсыз қалды.

Уақытша үкіметтер тарапынан осындай іс-әрекеттер жасалса да, олар шын мәнісінде жекелеген мәселелерде болмаса, тұтастай Алашорда үкіметін ресми түрде мойындамады.

Большевизмге қарсы және бытыраған Ресей облыстарын біріктіру мақсатында бөлінбес Бүкілресейлік өкімет құруды көздеген Уфа мемлекеттік мәжілісі 1918 жылдың 8 қыркүйегінде шақырылды.

Осы мәжіліс жұмысына орай «Қазақ» газеті «хүкімет құру жайын тексеріп, ынтымақтасуға әр топтан бір-бірден өкіл шығарылып, барлығы 23 кісілік бір комиссия сайланғандығын, оған мұсылмандардан Башқұрт үкіметінен Ахмет Заки, ноғайлардан – Сұлтанбек, Түркістан автономиясынан – Мұстафа, Алашордадан – Ғалиханның кіргендігін жаза келіп, соңғы хабарларға қарағанда, хүкімет сайлау үшін партиядан емес, ел билеуге лайық адамдардан 5 кісі сайлау жөнінде келісім болғандығын және сайланған жаңа үкіметтің 1-ші ғинуарға дейін ешкімнің алдында жауапты емес екендігін, бірақ жаңа жылдан кейін шақырылатын Құрылтай жиналысында істеген істері жайынан есеп беретіндігін айтады. Мұнымен қатар жаңа жылдан кейін шақырылатын Құрылтай жиналысына 250 мүшесі келсе ғана Кеңес болатындығынан, егер 1919 жылдың 1 қаңтарында 250 мүшесі жиналмаса, Құрылтай Кеңесі екі айдан соң, қайта шақырылатындығынан және бұл жолы 170 мүшесі жиналса да Құрылтай Кеңесі болатындығынан хабар береді [143]. Аталған мемлекеттік мәжілістен автономия алуға ұмтылған халықтар үмітті еді, бірақ ол үміттері тағы да ақталмады. Өйткені, мемлекеттік мәжіліс те біртұтас Ресейден өзге халықтардың бөлінуін жақтамаған еді.

Уақытша жалпы Ресей үкіметінің 1918 жылғы 4-қарашада Алашордаға шығарған жарлығы бойынша Алашорда таратылып, оның орнына «қазақтардың мәдени-тұрмыстық және экономикалық мұқтаждарын қанағаттандыру ісін басқаратын Алаш жөніндегі Бас өкіл тағайындалатын болды. Сонымен қатар Алашорданың жергілікті органдары сақталып, сол ретіне қарай Бүкілроссиялық Уақытша үкіметтің мекемесіне бағынатын болды. Мұндай жарлықтар Алашордадан басқа Сібір, Орал, Башқұрт, Самара сияқты облыстық үкіметтер туралы да шықты [144].

Алашорда алғашында Омбыдағы Сібір Уақытша үкіметі мен Самарадағы Комучке арқа сүйей отырып Алаш автономиясын нығайту жолында екінші жалпы қазақ съезінің шешімдеріне сәйкес нақты шаралар жүйесін іске асырды.

1918 жылдың 11-24 маусымында Алашорда заңдық күші бар бірнеше қаулы-қарарлар қабылдайды. 1918 жылдың 24 маусым күнгі мәжілісінде шығарған осы заңдар 8 пункттен тұрды. Олар: 1) Совет хүкіметінің заңдары; 2) Земство туралы; 3) Әскер Кеңесін жасау; 4) Дін, сөйлеу, баспасөз, жиылысу, бас бостандықтары туралы; 5) Жер туралы;

6) Темір жол туралы; 7) Мемлекет салығы туралы; 8) Алаш автономиясының жерінде жер пайдалану туралы Уақытша ереже (оның өзі 12 пункттен тұрды).

«Совет үкіметінің заңдары туралы» қаулыда Алашорда Алаш автономиясы территориясындағы Совет өкіметі шығарған заңдардың күшін жою туралы қаулы қабылдаса, «земство» туралы тармағында облыстар мен уездерде Алашорда Кеңестерін құру жөнінде шешім күшіне енгізілді.

Ал, «Әскер Кеңесін жасау туралы» тармағында Алашорданың жанында үш адамнан тұратын Әскери Кеңес құрылғандығын жариялады. Осы Әскери Кеңеске Қорғаныс министрлігінің міндеттері жүктеліп, облыстар мен уездерде әскери бөлімдер ашу көзделді. «Алаш автономиясының жерінде жер пайдалану туралы Уақытша ереже» деген қаулы болды. Онда «жер мәселесін түпкілікті етіп шешу-жалпы Россия Құрылтайына тиіс», – дей келіп, Жалпыроссиялық Құрылтай жиналысы жер туралы заң қабылдағанша Қазақстанда жерге деген жеке меншіктің жойылатындығы, жер мен су байлықтарын пайдалану Алашорданың рұқсатымен ғана болатындығы, қазақтар мен орыстар арасындағы жер дауын жергілікті өзін-өзі билейтін земстволық органдар шешетіндігі айтылып, жер пайдалануға байланысты басқа мәселелерді шешудің тәртібі көрсетілген.

«Дін, сөйлеу, баспасөз, жиылысу, бас бостандықтары туралы» «қаулысында жаңа заң шыққанша Алаш автономиясы жерінде Уақытша үкіметтің дін, сөйлеу, баспасөз, жиылысу, ұйымдасу, бас бостандықтары туралы шығарған заңдары, баяндамалары іске асырылсын» делінсе, мемлекет салығы туралы «Алаш автономиясының жергілікті халыққа міндеттелген мемлекет салығы Алашорданың қазынасына түседі, көптен алым тез жиналсын», – деген қаулы болды [145].

Алашорданың заңдық негізде шығарған осы қаулы-қарарларына орай Колчак үкіметінің Ішкі Істер Министрі А. Гаттенбергердің Ә. Бөкейханға «Алашоданың бар жұмыстары туралы сізді бас өкілдікке белгіледік, ырзалық бересіз бе?», – деген ұсынысына Ә. Бөкейхан бұл мәселенің Омбыға барған кезінде шешілетіндігін және сол жақта Алашорда үкіметінің өкілдері У. Танашев пен А. Тұрлыбаевқа А. Гаттенбергерге жолығу керектігін білдірген жеделхат жолдайды. Одан соң, 1919 жылдың 17 қаңтарында А. Гаттенбергер Ә. Бөкейханға екінші рет «Алашорда шығарған жарлықтарды, жасаған заңдарды ала келіңіз», – деген жеделхат жолдайды. Оның артынша 18 қаңтар күні У. Танашев пен А. Тұрлыбаевтан «Министрге жолыққанымызда ...негізгі істер орындалмақ, сіздің Омбыға жылдамырақ келгеніңізді министр күтіп отыр. Алашорда шығарған заңдарды ала келіңіз» – деген хабар келеді [146].

Осы келтірілген құжаттардан Алашорданың аз уақыт болса да жабылғанына «дос жүдеп, дұшпан семіріп тұрған кезде Алашорда қандай кедергіден болса да бауырын жазып шыға бергендігі, оның қиямет-қайымға дейін жоғалмағандығын» аңғаруға болады [147]. Бұған қосымша «Алашорда ісі уақытша тоқтатылсын» деген жарлықтың шыққанына қарамастан, Алашорданың ашық түрдегі іс-әрекеті 1919 жылдың аяғына дейін үзіліссіз жүргені байқалады.

Мұнымен қатар Алаш қайраткерлерінің ұлттық саяси дербестік жолында қандай кедергілерге кездессе де, шаршамай-талмай тек алға қарай ұмтылғаны байқалады.

Азамат соғысы жағдайында Алашорда жетекшісі Ә. Бөкейхан өздерінің саяси қарсыластарының ең ірісі большевиктерге қарсы нақтылы, әрі пәрменді күрес жүргізуді де естен шығарған жоқ. Оның алғашқы қадамы 1918 жылдың 8 маусымында Алаш қаласында болған милиция жасау туралы Кеңесте болды. Кеңестің соңында «большевик заманында Алашқа қастық ойлап, зияншылық қылғандар, осыларды тергеуге «военно-полевой сот» ашылса екен деген ұсыныска жиылыс бірауыздан осындай сот керек» – деп қаулы шығарған болатын [148].

Одан кейін 1918 жылдың 13 шілдесінде Алашорда үкіметі қазақтан шыққан большевиктерді жазалау мақсатында ерекше қазақ соты мен тергеу комиссиясын құру жөнінде қаулы қабылдайды.

Алаш ел болып көптің қатарынан қадірлі орын алу үшін ең бірінші өзі түгел болуы керек еді. Алайда, қазақтан шыққан большевиктер бірігудің орнына ыдырап межелі нәтижеге жеткізбеді. Осындай ішкі қайшылықтармен бірге, елдің сырткы жағдайы, атап айтқанда Кеңестердің жеңуі мен азамат соғысының зардабы да Алашорданың аяғынан тік тұрып кетуіне кедергі жасады.

Алашорданың саяси бағыты Ресейдің қоғамдық санасындағы «біртұтас бөлінбес Ресей идеясы» мен «ұлттық мәселенің билік туралы мәселеге бағынышты болу идеясына» қарама-қайшы келді. Бұл идеяларды іске асыру, соғыс кезінде салтанат құрған унитаризмді талап етті. Алашорда бұл күресте «үшінші күш» рөлін атқара алмады және өзінің жеке саясатын қамтамасыз ете алмады. Сонымен бірге Алашорданың қарсы күштермен жасаған кез-келген одағы өзінің бағдарламалық міндеттерін орындаудан қалдырып, ақырында жеңіліске ұшыратты» [34, 45-б.].

Қорыта келгенде, өткен ғасырдың алғашқы ширегінде әртүрлі деңгейде шақырылған 70-ке жуық қазақ съездері қазіргі заң қабылдайтын парламенттің рөлін атқарды, шақырылуға тиісті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу заң аясындағы сайлау жолымен іріктелді, ал күн тәртібіндегі мәселелер бүгінде өзекті болып отыр. Қазақ мемлекеттілігін жаңғыртқан Алашорда үкіметінің (13 желтоқсан 1917 ж. – 4 қараша 1918 ж.) аз уақыт өмір сүрсе де, Ә. Бөкейхан бастаған ұлттық интеллигенция өкілдері ата-бабамыздан қалған «Мәңгілік Ел идеясын» ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білді.

«Еліміздің азаттығын армандап, сол үшін құрбан болған Алаш арыстары бізге мемлекеттілік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Шығыс пен Батыстың құндылықтарын қатар игерген озық ойлы, елшіл қайраткерлер дербес мемлекет орнату мақсатында Алаш автономиясын құрды. Алаш өкіметі жаңа тұрпатты қазақ мемлекеттілігінің бастауына айналды. 1991 жылы құрылған тәуелсіз қазақ мемлекті – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы» еді [149, 3-б.].

Қазақ мемлекеттілігін «Алаш» ұранымен қайта жаңғыртқан 13-желтоқсан – «Алаш автономиясына ірге тас салды – бір. Шашыраған ұлтшылдықты біріктіріп, ұлт күресіне үлгі берді – екі. Жалған ұлтшылдардың өрісін тарылтты – үш» [147]. Ең маңыздысы қазақ съездерінің қызметі нәтижесінде құрылған «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құрған 1917 жылдың басты оқиғалары – бүгінгі жас ұрпақтың тарихи және ұлттық санасын қалыптастыруға септігін тигізері сөзсіз.

---

1. Сиез жасау//Қазақ. – 1917. – 9 наурыз.– № 221.
2. Қазақ-қырғыз жастарына! // Бірлік туы. – 1918. – 9 (29) сәуір. – № 28.
3. Жалпы қазақ съезі // Қазақ.-1917.-11 маусым. – № 233.
4. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. Алматы: «Ататек», 1995. – 265 б.
5. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Аманат. II том. – Шымкент: «АЗИАТ» баспасы, 2016 640 б.
6. Ішкі хабарлар // Қазақ.-1917.-12 сәуір. – № 225.
7. Қазақстан Республикасы Президенті Архиві. – 811-қор. Нұрмановтың естелігінен.6-т.,99-іс.9п.
8. Қарашұлы. Ғ. Қазақтың муфтилікке қосылуы туралы //Қазақ. 1917. -19 қазан. -№ 245.
9. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві. -1441-қор., 1-т.,1-іс.
10. Торғай облысының қазағына // Қазақ.-1917.-2 қыркүйек. – № 242.
11. Алашорда. Сборник документов / Сост. Н.Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство Айкап, 1992. – 192 с.
12. Учредительное собрание. Россия 1918 год. Стенограмма и другие документы.-Москва:Недра,1991.-160с..
13. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Апрель 1901– декабрь 1917 г. – Алматы: «Алаш», 2004.–Т. 1. – 552 с.
14. Атаниязов М. Алаш партиясына...// Қызыл Қазақстан.-1922. – № 13. – Б.13.
15. ҚР ОМА. 9-қор.1-т.,51-іс.
16. Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 384 б.
17. Семиреченские ведомости.-1917.– 4 октябрь. – № 220.
18. Ішкі хабарлар//Қазақ. – 1917.– 18 (13) желтоқсан. – № 255.
19. ҚР ОМА.9-қор.1-т.,86-іс.
20. ҚР ОМА.9-қор.1-т.,9-іс. 21. ҚР ОМА.15-қор.2-т.,422-іс.
22. Россия мұсылмандарының сиезі//Алаш. – 1917. – 25 мамыр. – № 22.
23. Аққағаз. Аш-жалаңаштарға//Сарыарқа. – 1919. – 2 (20) қаңтар. – № 64
24. ҚР ОМА.9-қор.1-т.,72-іс.
25. ҚР ПА. 811-қор.С. Шакирзяновтың естелігінен.4-т.,184-іс.
26. Мадияр. Тағы құрбан//Қазақ. – 1918. – 5 қыркүйек. – № 263.
27. Сатылғанның хаты//Сарыарқа. – 1918. – 12 маусым. – № 43.
28. ҚР ОМА.9-қор.1-т.,90-іс.
29. ҚР ПА. 811-к., Ә. Әйтиевтің естелігінен. 5-т., 7-іс.
30. ҚР ПА.811-қор.А. Ипмағамбетов естелігінен.7-т.,36-іс.

31. ҚР ПА. 811-қ., Ш. Жантілеуовтің естелігінен. 7-т., 36-іс.

32. Құсайын Т., Тәжімұратов М. Құрыш шыныққан жерде // Егеменді Қазақстан. – 1998. – 11 қыркүйек.

33. Сүлейменова Д. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі туралы не білеміз? / Орал өңірі облыстық қоғамдық-саяси газет. 18 мамыр 2018 жыл.

34. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия.-Москва, Издательский центр Россия молодая, 1994. – 217 с.

35. Уақытша Ойыл Уалаяты // Қазақ.-1918.-30 шілде. – № 225.

36. Орал тығыз... // Жас азамат. – 1918. – 18 тамыз. № 3.

37. Сүйінов С. Қайраткер Құлманов. Алматы: Ғылым, 1997. – 112 б.

38. Ішкі хабарлар // Сарыарқа. – 1918. – 25 (8) караша. – № 59.

39. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 14 қыркүйек. – № 243.

40. Елеуов Т. Қазақстанда Совет өкіметі қалай орнады. Алматы: Қазақ Мемлекеттік баспасы, 1957. – 212 б.

41. Ақмола сиезі // Қазақ. – 1917. – 19 мамыр. – № 230.

42. Қазақ халқының ...// Қазақ.-1917.-21 сәуір. – № 225.

43. Баржақсин А.Үш миллион күң // Алаш. – 1917. – 13 сәуір. – № 17.

44. Алдаоңғарова Р. Әйел еріктігі // Алаш. – 1917. – 14 мамыр. – № 21.

45. Жұмабаев М. Ақмола және Семей казақтарына//Қазақ. – 1917. – 3 маусым.– № 232

46. Тілшілерден//Қазақ. – 1917. – 14 қыркүйек. – № 243. 47. ҚР ОМА.15-қор.2-т.,422-іс.

48. Облыстық Кеңес қаулылары // Сарыарқа. – 1917. – 22 шілде. – № 6.

49. Қошке Кемеңгерұлы. Таңдамалы. – Алматы:Қазақстан,1996. – 296 б..

50. Мінән Тұрғанбайұлы...// Сарыарқа. – 1917. – 22 қыркүйек. – № 10.

51. Облыстық қазақ комитеті // Сарыарқа. – 1917. – 1 тамыз. – № 7.

52. Облыстық Кеңестің қаулылары // Сарыарқа. 1917. 24 қыркүйек.– № 14.

53. Депутаттар белгілеу // Сарыарқа. – 1917. – 10 қазан. – № 16.

54. Сәрсенов Б. Азық-түлік мәселесі // Сарыарқа. – 1917. – 19 маусым. – № 2.

55. Областной сиез // Сарыарқа.-1918.-15 шілде. – № 38.

56. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б..

57. Құлжанов Н.Жауапқа жауап // Бірлік туы. – 1917. – 29тамыз. – № 7.

58. Құлжанов Н. Алаш автономиясы // Үш жүз. – 1918. – 2 наурыз. – № 7.

59. Ішкі хабарлар // Жас азамат. – 1918. – 22 желтоқсан. – № 16. 60. ҚР ОМА.17-қор.1-т.,22-іс.

61. Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиылысы // Бірлік туы.– 1917. – 20 тамыз. – № 6.

62. Ішкі хабарлар // Бірлік туы. – 1917.– 8 қыркүйек.– № 8.

63. Ішкі хабарлар // Бірлік туы. – 1917. – 29 тамыз. – № 7

64. Қазақ-қырғыз Кеңестері // Бірлік туы.–1917.–13 қыркүйек.– № 9.

65. Елге бір сын // Бірлік туы. – 1917. – 20 қазан.– № 12.

66. 160.Түркістанның қилы тағдыры / Құраст. Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.

67. Екінші жалпы...// Бірлік туы. – 1917. – 16 караша. – № 15.

68. Түркістан автономиясы // Бірлік туы. – 1917. – 14 желтоқсан. – № 17.

69. Қоқан шаһарында болған жалпы мұсылман съезінің қаулылары // Бірлік туы. – 1917. – 14 желтоқсан. – № 17.

70. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер /Құраст. Ә. Тәкенов., М. Қойгелдиев. – Стамбул,1997.– 272 б.

71. Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі // Бірлік туы. 1918. – 29 қаңтар.– № 21.

72. Байсейітов С. Шымкенттен...// Бірлік туы. – 1917. – 14 желтоқсан. – № 17.

73. Сырдария қазақ-қырғыздарының съезі // Бірлік туы. – 1918. – 18 қаңтар. – № 20.

74. Түркістан шаһарында... // Бірлік туы. – 1918. – 29 қаңтар. – № 21.

75. ҚР ПА.811-қор.Қ.Исабековтың естелігінен.5-т.,67-іс.

76. История Казахской ССР... – Б.407.

77. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 18(13) желтоқсан.– № 255.

78. Учитель Әлман. Ырғыз уездік...// Қазақ. – 1918. – 12 қаңтар.– № 259.

79. Таланған қазақтар // Қазақ.-1918.-26 қыркүйек.– № 266.

80. Хасен Сарсенбайұлы. Ел хабарлары // Сарыарқа.–1918.– 4 мамыр.– № 41.

81. Оспанұлы Ә. Бостандықтың мектебі // Қазақ. – 1917. – 11 маусым. – № 233.

82. Үржар мәжілісі // Сарыарқа. – 1917. – 19 қазан.– № 17.

83. ҚР ОМА.9-қор.1-т.,22-іс.

84. Әулие-ата уездік сиезі//Бірлік туы. – 1918. – 18 қаңтар. – № 20.

85. Байбатшаев Ш. Бел-белестер /Елімізді советтендіру, колллективтендіру және қазіргі қол жетістіктерін, жергілікті партия, совет ұйымдарының ұйымдастырушылық ролі жайында. – Алматы: Қазақстан, 1970. – 74б.

86. Ішкі хабарлар. Ойыл //Қазақ.-1917.-24 наурыз.– № 223.

87. Кенжин А. Қазақтың шығуын желеу //Қазақ. – 1917. – 1 сәуір. – № 224.

88. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу (1916-1919 ж.ж.). Қызылорда,1927. – 421 б.

89. Көкшетауда бостандық туы//Алаш. – 1917. – 14 мамыр. – № 21.

90. Ішкі хабарлар //Қазақ. – 1917. – 14 қыркүйек.– № 243.

91. Учительдер сиезінің қаулылары //Қазақ. – 1917. –27 мамыр. – N№ 231.

92. Жол баласы. Жолда //Жас азамат. – 1918. – 23 қараша. – № 12.

93. Ұлт қазынасы //Сарыарқа. – 1918. – 9 сәуір. – № 28

94. Елкеев Б. Қазақстанда Совет өкіметінің орнауы кезіндегі саяси-идеялық күрес тарихынан: тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін даярланған колжазба. Ташкент, 1974. – 203 б.

95. Автономия алу қамы//Сарыарқа. – 1918. – 18 наурыз. – № 34.

96. Ішкі хабарлар//Сарыарқа.–1918.–4 шілде.– № 45.

97. ҚР ПА.140-қор.РК/б/П ОК Қырғыз АКСР облыстық бюросы (1920-1921ж.ж.).1-т.,122-іс. Дулатов М. Алашорда үкіметіне баяндау хат. – 1-5п.п.

98. ҚР ПА.811-қор.3-т.,286-іс.

99. Тілшілерден//Қазақ. – 1917. – 3 маусым.– № 232.

100. ҚР ПА.811-қор. С.Қасимановтың естелігінен. 3-т.,43-іс.

101. ҚР ПА.811-қор.Естеліктер жинағынан.3-т.,107-іс.

102. Өзбекстан Республикасы Ташкент облыстық мемлекеттік архиві. 2-қор. 1-т., 8-іс.

103. Абдыгалиулы Б. Войско Алаш. Казахские части в составе Белой армии (1918-1920). – Астана: Фолиант, 2017. – 416 с.

104. Қойлықта өткен уездік мұсылмандар сиезі//Бірлік туы. – 1918. – 18 қаңтар. – № 20.

105. Ел хабарлары // Бірлік туы. – 1918. – 17 наурыз. – № 24. 106.Оразбақ. Жұрттық // Бірлік туы. – 1911. – 23 желтоқсан. – № 18.

107. Орманов Т. Қармақшыда 8 болыс съезі // Бірлік туы. – 1918. – 11 қаңтар.– № 19.

108. Жаңа жыл // Бірлік туы. – 1918. – 22(9) наурыз. – № 26.

109. Қыр баласы. Мемлекет халі // Қазақ. – 1917. – 24 шілде. – № 237.

110. Мадияр. Қазақ съезі // Қазақ. 1917. – 31 шілде. – № 238

111. Жұмағазы…Жалпы мұсылман съезі // Қазақ. – 1917. – 3 маусым.– № 232.

112. Зиманов С.З. В.И. Ленин и Советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата: Издательство Наука Каз ССР, 1970. – 303 с.

113. Махаева А. Қазақтың тұңғыш саяси партиясы тарихының беймәлім беттерінен // Ақиқат. – 1998. – № 9. – 81-85 бб.

114. Кәкішев Т. Әділет жеңбей қоймайды // Қазақстан коммунисі. – 1990. – № 2. – 52-59 бб.

115. Омарбеков Т. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы // Ақиқат. – 1992. – № 11. – 38-47бб.

116. Жас Алаш. Аластап айдау керек // Сарыарқа. – 1917. – 21 қараша. – № 21.

117. Мадияр. Қазақ съезі // Қазақ. – 1917. – 31 шілде. – № 238. 118.Григорьев В.К. Противостояние (Большевики и непролетарские партии в Казахстане). Алма-Ата: Казахстан, 1989. – 252 с.

119. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер түзелсе // Жұлдыз. – 1988.– N11.–140-166 бб.

120. Автономия алу қамы // Сарыарқа.–1918.–12 ақпан.– № 30. 121.Сүлейменов Ж. Біз білмей келген ұйым немесе «Жас Алаш» туралы бірер сөз // Ақиқат. – 1996. – № 11. – 58-61бб.

122. Дулатов М. Жалпы қазақ-қырғыз съезі // Қазақ. – 1918. – 16 қыркүйек. № 265.

123. Жалпы қазақ-қырғыз съез і// Сарыарқа.–1918. – 2 желтоқсан. – № 27.

124. Жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы // Сарыарқа. 1918. – 25 қаңтар.– № 29.

125. Құл-Мұхамед М. Алаш ардагері. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 224 б.

126. Мұсылман полктерін жасау // Бірлік туы. – 1917. – 20 қазан. – № 12. 127. Алашорда хүкіметінің іске кіріскендігі туралы // Сарыарқа. – 1918. – 5 шілде. – № 46.

128. Тығыз жұмыстар // Қазақ.– 1917. – 13 желтоқсан.– № 257.

129. Дулатов М. Алашорда // Қазақ. – 1918. – 16 қыркүйек.– 265. 130.Валиди З. Воспоминания. Уфа: Китап, 1994. – 400 с.

131. Мәскеуден телеграм // Сарыарқа.1918-шілде. – № 37. 132.Бірлік туы. 1918-13(2) наурыз. – № 25.

133. Қазақ. – 1918. – 5 қыркүйек. – № 263.

134. Ішкі хабарлар // Сарыарқа. – 1918. – 19шілде. – № 47. 135.Ішкі хабарлар // Сарыарқа. – 1919. – 26 наурыз. – № 74. 136.Қазақ қалай соғысады // Сарыарқа. – 1919. – 26 наурыз. – 74. 137.Халық әскері // Сарыарқа. – 1919. – 16 сәуір. – № 77.

138. Ішкі хабарлар // Сарыарқа. – 1919. – 26 наурыз. – № 74.

139. Тоқтамышев Х... // Сарыарқа. – 1919. – 16 сәуір. – № 77.

140. Әбдіғалиұлы Б.Алаш сарбаздарының тізімі табылды. http://qasym.kz/berik-abdigaliuly-alash-sarbazdarynyn-tizimi-tabyldy / (Есепке алынған күні 18 желтоқсан 2015 жыл).

141. Ішкі хабарлар // Жас азамат. – 1918. – 4 қазан.– № 6. 142.Облыстық дума // Жас азамат. – 1918. – 1 қыркүйек. – № 5. 143.Мемлекеттік Кеңесі // Қазақ. – 1918. – 26 қыркүйек. – № 265.

144. Жалпы Россияның... азаматтарына берген уәде хаты // Сарыарқа. – 1918. – 25 (8) караша. – № 59.

145. Алашорда шығарған заңдар // Сарыарқа. – 1919. – 27 (14) қаңтар. –№ 67.

146. Алашорда // Жас азамат. – 1919. – 1ақпан.– № 21.

147. Қазақ ұлт-азаттық козғалысы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. 4-Т: Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоксан 1919 ж. Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. –Т.4. – 352 бет.

148. Құлжанов Н // Сарыарқа. – 1918. – 16 қыркүйек.– № 265.

149. Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар сабақтастығы. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 21 қараша 2008 жыл. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – 476 б.

2.2 ҚАЗАҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ халқының дербестікке, еркіндікке ұмтылысының балғын қадамы, оянған ұлттық сананың нәтижесі іспетті Қазақ комитеттері Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Уақытша үкіметтің ресми органдарымен қатар қалыптасты.

1917 жылдың ақпан мен желтоксан айларының аралығында өзінің шарықтау шегіне көтерілген ұлт-азаттық қозғалыс тарихында өзіндік орны бар қоғамдық ұйым – Қазақ комитеттері өз ұлтының жоғын жоқтап, азаттық үшін күрестің мол ауыртпалығын өз мойнына алған қазақ интеллигенциясының белсенді қоғамдық қызметі нәтижесінде өмірге келді.

Орыс өкіметінің Қазақстандағы отаршыл саясатының меншендік дертіне шалдыққан переселен орыс жұртымен үзеңгілесе ұйым құрғанда қазақ зиялылары тек бір нәрсені – жалпыұлттық мүддені қорғауды басты мақсат етіп қойды.

Алайда осы уақытқа дейінгі ғылыми әдебиетте Қазақ комитеттері және онымен қатар өмірге келген басқа жұрттардың ұйымдарының бәріне де өз елдеріндегі ұлттық қозғалысқа «тапсыз», «жалпыұлттық» сипат бергендіктері, осы мақсатта жалпыұлттық атқару комитеттерін құрғандықтары кінә болып тағылды. Егер осы «таптық» көзқарасты алып тастап қарар болсақ, жалпыұлттық ұйымдардың құрылуы жаңа тарихи жағдайда ұлттық қозғалыстың жаңа серпін және соны сипат алғандығын, ендігі жерде мемлекет дербестігі сияқты нақты мақсаттың барлық жерде өмірлік қажеттілікке айналғандығын аңғартады. Осы мақсатқа жету жолында «ұлт бірлігі» сияқты ұранның барлық елдердегідей қазақ зиялылары үшін де басты тақырыпқа айналғаны толық заңды болатын. Олар өз елін дүниежүзілік өркениет жолына салудың отымен күйді, суығына тоңды, бірақ ұланғайыр кең даланы алып жатқан алаш баласының басын қосып, мәселені

ортаға салып, жан-жақты қарауға уақыт та, жағдай да көтермейтін еді. Соған байланысты «қалыптасқан саяси жағдайды, әрі уақытты бос жіберіп алып, қапы қалмайық» деген күдікті басшылыққа алып әрекетке көшкен қазақ зиялыларының қызметі нәтижесінде әр жерлерде қазақ комитеттері өмірге келе бастайды.

Бірақ қазақ комитеттерін құруда тәжірибелі, білімді азаматтар жетіспеді. Орыс патшалығы түрік-татар халықтарын мемлекеттік басқарудан жырақ ұстады, сондықтан да бұл елдердің өкілдерінен тұрған дайын чиновниктік аппарат болмады [1, 58-б.]. Елді басқарудың техникалық әзірлігі 1917 жылға дейін өте төмен еді. Соған қарамастан Қазақ комитеттері 1917 жылдың наурызында облыстық, уездік және болыстық деңгейде қалыптаса бастады.

Қазақ комитеттерінің құрыла бастағандығы туралы алғашқы хабарларды «Қазақ» газеті таратты. Газеттің 1917 жылғы 17 наурыздағы санында Орал қаласының ер өкілдері 10 наурызда жиналып, елдің тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін облыстық Қазақ комитетін ашқандығы және оның өкілдері Дәулетшах Көсепғалиев, Ғабдолла Әлібеков, 2-дума депутаты Б. Қаратаев Орал облыстық азаматтық комитетіне ағзалыққа сайланғандығын жариялайды [2]. Комитетке алғаш ұйымдастырушылық қызмет жүктелгендіктен «Орал облыстық қазақ бөлімін үйлестіруші және атқару комитеті» деп аталды, оның алғашқы төрағасы Ғ. Әлібеков болды [2].

Қазақ комитеттерінің қоғамдық ұйым ретінде Ережесі мен Жарғысы болғандығын архив құжаттары дәлелдеп отыр. Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің Жарғысы мен Ережесінің мазмұнымен танысу Қазақ комитеттерінің алғашқы кезде өзіне қандай міндеттер алғандығын және негізінен қандай мәселелерді шешуге күш салғанын аңғартады.

Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің Жарғысы:

1. Орал қаласында демократиялық республика негізінде облыстық қазақ бөлімін үйлестіруші және атқару комитеті, ал уездерде – уездік, аудандық, болыстық, ауылдық атқару комитеттері құрылады.

2. Комитеттердің мақсаты: а) қазақ халқын жаңа құрылыстың негіздерімен таныстыру және оны жүзеге асыру; ә) ел тыныштығын, бүтіндігін сақтау үшін және жалпы, тікелей, тең, әрі жабық дауыс беру бойынша мемлекеттік заңдардың негізін жасау үшін, сондай-ақ басқару формасын айқындау үшін шақырылатын Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлеу.

3. Қазақ комитеттері қазақ ұлтының мүшелерінен тұрады.

4. Комитеттердің қазынасын халықтың өз еркімен берген қаржысы құрайды.

5. Көздеген мақсатқа жету үшін комитеттер халықтық жиналыстар, көпшілік лекциялар ұйымдастырады, кітаптар, үндеу қағаздар т.б. шығарады және жер-жерлерге қолында өкілеттілігі, нұсқаулары бар өзінің зиялы мүшелерін жібереді.

6. Комитеттер өзінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша өзара, сондай-ақ басқа мекемелермен және ұйымдармен қарым-қатынаста болады.

7. Облыстық Қазақ комитеті өзінің өкілдерін Оралдағы атқару комитетіне, болыстық және ауылдық комитеттер облыстық комитетке екі өкілден делегат жібереді. Облыстық Қазақ атқару комитеті Орал облыстық атқару комитетімен, уездіктер – уездік атқару комитетімен қарым-қатынаста болады.

8. Комитеттердің өз мөрі және бұрыштамасы (штемпель), кіріс-шығыс квитанциялары мен журналдары болады.

9. Облыстық Қазақ комитетінің атқарушы органы 15 мүшеден тұратын басқарма болып табылады, бұлар өз арасынан төрағадан, оның екі серігінен, қазынашыдан, хатшы және оның екі көмекшісінен тұратын төралқа сайлайды.

10. Басқарма комитет мүшелерінің жалпы жиналысын шақырады [3,35-п.].

Ал осы ұйымның Ережесінде Қазақ комитеттерінің құрылымдық сипаты және сайлау тәртібі баяндалған. Онда комитетті құруға жасы кәмелетке жеткендердің бәрі қатысады және оның құрамы қоғамдық ұйғарыммен құрылады делінген [4, 25-26-пп.].

Қазақ комитеттері уақыт тығыздығына байланысты көбіне жоғарыда төмен қарай, яғни облыстық көлемде бірінші құрылып, кейін өз өкілдерін жіберіп, уездік бөлімшелерін ашады. Мәселен, Ойылда өлкелік Қазақ комитеті 15 наурызда ашылады (облыстық комитеттен 5 күннен кейін). Оның төрағасы болып дәрігер Халел Досмұхамедов сайланады. Ел ағалары адамдарының жиналысы бір ауыздан жаңа үкіметтің, қазақ және басқа жұрттың ұйымдарының өкілдерімен әріптесіп, ісімізді, күшімізді біріктіріп, халықты Құрылтай жиналысы сайлауында даңғыл, түзу жолға салайық деп келіседі [5].

Облыстық Қазақ комитетінің құрамын бекіту, әрі атқарар міндеттерінің нақты аумағын айқындап беруде Орал облыстық қазақ съезінің орны ерекше болды.

Облыстық Қазақ комитетінің ұйымдастыруымен ашылып, 800-ге тарта өкілдер қатысқан бұл съезд 1917 жылдың 19 сәуірінде өз жұмысын бастады. Алғашқы отырысты облыстық Қазақ комитетінің уақытша төрағасы Ғ. Әлібеков құттықтау сөз сөйлеп ашты. Съездің төралқасына Том өлкелік соты прокурорының серігі Ж. Досмұхамедов, I Мемлекеттік дума мүшесі А.Қ. Қалменов және Ғ.Ә. Әлібеков сайланады. Орталық өкіметтің өкілі ретінде бұл жиылысқа облыстық комиссар Бизянов та қатысады.

Жиылған қауым Қазақ комитетінің уақытша төрағасы Ғ. Әлібековтің 4 наурыздан 19 сәуірге дейінгі аралықтағы комитет қызметінің есебін тыңдап, алғысын білдірген соң, комитеттің жаңа құрамын (төрағасы – Жанша Досмұхамедов, серіктері – Алпысбай Қалменов, Ғабдолла Әлібеков) бекітеді.

Съезд облыстық Қазақ комитетіне қазақтарға тиесілі жергілікті мәселелердің бәрін шешуге өкілеттілік беріп, басқа қоғамдық ұйымдар және мекемелермен, қажет болған жағдайда, келісімдер жүргізу, 1-5 маусым аралығында өтетін Ойыл жәрмеңкесінде қазақтардың өзін-өзі

басқаруы туралы Ережесін талқылайтын 2-ші облыстық қазақ съезін өткізу ісін, әртүрлі мекемелердің қазынасын құрайтын қазақтардың қаражатын бақылауға алу және оның жұмсалуын қадағалау міндеттерін тапсырады [6].

Съезд азық-түлік мәселесі бойынша облыстық Қазақ комитетіне облыстық комиссиямен келісе отырып, қазақтарға тиесілі астық қорларын және азық-түлік дүкендерін уездік Қазақ комитеттерінің қарауына беруді шешуді міндеттейді. Сондай-ақ, қазақ халқынан жиналған қаражатты облыстық, орталық қайырымдылық қорларынан облыстық Қазақ комитетінің қарауына аударып алуды жүктейді [7,41-43-бб.]. Осылайша съезд облыстық Қазақ комитетінің алдына жаңа міндеттер, ауқымды істер қойды.

1917 жылы 5 наурызда Біріккен қоғамдық ұйымдардың Семей облыстық атқару комитеті құрылды. Оның құрамына облыстағы түрлі ұйымдардан екі адамнан кіріп, ал 800 мың қазаққа қоғамдық ұйымы жоқ деген желеумен еш орын қалдырмайды. Облыстың негізін құрайтын қазақ халқын басшылықтан шеттету, алалау сияқты кемсітілушілікке төзбеген Семей облысының зиялы қауымы 7 наурызда шұғыл түрде Семей облыстық Қазақ комитетін құрған еді.

Облыстық Қазақ комитеті уездік комитеттер құру үшін өзінің өкілдерін, яғни Халел Ғаббасовты – Зайсанға, Биахмет Сәрсеновты – Өскеменге, Ыдырыс Оразалин мен Құрмаш Есенғұловты – Семейге, Мұқыш Бөштаевты Кереку дуанына жібереді [8]. Бұл өкілдердің ұйымдастырушылық қызметі нәтижесінде Қазақ комитетінің уездік, болыстық ұйымдары ашыла бастайды. 28 наурызда Заречная Слободка (қазіргі Жаңа Семей) тұрғындары жиналып жалпы жиналыс өткізіп, жергілікті Қазақ комитетін құрады. Оның құрамына Жанғали Алдаоңғаров, Ысқақ Ахмедиев, Манан Тұрғанбаев, Кенжебай Кебеков, Ахмеджан Аңдамасов, Бекқожа Құлғарин т.б. кіреді. Комитет төрағасы қызметі Ж. Алдаоңғаровқа жүктеледі [9, 25-б.].

Нұрмамбет Ормамбетов басқарған Қарқаралы уездік Қазақ комитеті де осы мезгілде дүниеге келіп, оның құрамына Смахан Бөкейхан пен Жүніс Шоқпаевтар енеді [10].

Жер-жерлерде бой көтерген бұл ұйымдарға облыстық Қазақ комитеті басшылық жасап отырды. Райымжан Мәрсеков жетекшілік еткен облыстық Қазақ комитеті алғаш әмір жүргізіп, билік құру міндетін емес, қазақтың саяси жұмысына: жаңа тәртіпті жұртқа түсіндіру, ел арасында тыныштық орнату, Құрылтай жиналысына қамдану, қазақ пен орыс арасын жайластыру, билік құрған мекемелердің үстінен күзетші болу және тағы басқа қазаққа тиісті істерді ғана қарауды алдына мақсат етіп қояды. Алайда қазақтан бір өкіл алмаған облыстық атқару комитеті қазақ ісін алып кете алмайды. Істің ауырын да, жеңілін де облыстық Қазақ комитетіне ысыра салып отырады. Қазақ ісінің көбі Қазақ комитетіне қарай ағылғаннан кейін атқару комитетінің алдына қазақтан өкілдер алу және ортасынан қазақ ісін басқаратын бір бөлім ашу мәселесі қойылады, бірақ облыстық атқару комитеті қазақтардың бұл талабына міз бақпайды. Осылайша, Семей облыстық съезіне дейін мәселе шешілмейді.

Қазақ комитеттерінің ұйымдастыруымен 1917 жылдың көктемінде жер-жерлерде өткен қазақ съездері тарихшы А.К. Бочагов тура айтып көрсеткендей, «халықтың ескі патшалық тәртіпке қарсы жылдар бойы жиылған кегінің және халықтың өзін-өзі басқару, ұлттық мектеп, сот, милиция ұйымдастыру т.б. өкіметтерінің көрінісі болды» [11, 8-б.]. Облыстық съездер қазақ қоғамының ғасырлар бойы жиналып келген мұң-мұқтажын білдіріп қана қойған жоқ, сонымен бірге қоғамдық маңызды мәселелерді демократиялық жолмен шешуді де ұсынды, сөйтіп Қазақ комитеттерінің жетекшілері қоғамдық істерді жүргізуде халықтық тәжірибе мен білімді ұштастыра білді. Елдің қоғамдық-саяси өмірін жаңа құрылыстың талаптарына сай, әрі халықтың мұң-мұқтажына да сәйкес жоғары деңгейде шешу қабілетін Қазақ комитетінің жетекшілері көрсете алды. Бұл олардың облыстық, уездік қазақ съездеріндегі қабылдаған шешімдерінен байқалады.

Осындай шешімдердің қабылдаған съездің бірі Семей облыстық Қазақ комитеті бастамасымен 27 сәуірден 7 мамыр аралығында Семей қаласында өтті. Бұл съезге 200 өкіл, оның ішінде қазақ әйелдері де қатынасты. Съезді облыстық Қазақ комитетінің төрағасы Райымжан Мәрсеков ашты. Алғашқы күні жиналыс қазақтың әйгілі әдебиетшісі, әрі тарихшысы Шәкәрім Құдайбердиевтің, Кереку уездік Қазақ комитетінің төрағасы Омархан Күзембаевтың, Жетісу қазақтары атынан Сатылған Сабатаевтың, әйелдер атынан Назипа Құлжановалардың құттықтау сөздерімен ашылды.

Облыстық қазақ комитеті съезге өзінің бағдарламасын ұсынды. Бағдарлама қазақ қоғамы үшін жанды да жауапты Құрылтай жиналысы, мемлекеттік басқару түрі, автономия және жергілікті басқару, жалпықазақ съезі, халыққа білім беру, сот, қоғамдық қазына, 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты шығындарды өтеу сияқты мәселелерден құралған еді. Көпшілік бұл бағдарламаны бір ауыздан бекіткен соң, Семей облыстық Қазақ комитетінің осы мезгілге дейінгі есебі тыңдалды. «Комитет – делінген есеп беру баяндамасында,– өзінің басты міндеті жаңа құрылысты қолдау және қазақ халқын заман көшінен қалдырмау деп есептей отырып, негізінен ұйымдастырушылық жұмысты мойнына алды» [9, 19-б.].

Комитет мүшелеріне съезд делегаттары алғыстарын айтып, 20 адамнан тұратын құрамын бекітеді, мүшелікке кандидаттар да белгіленіп, тексеру комиссиясы да айқындалады. Комитет төрағасы болып Р. Мәрсеков қайта сайланады, мүшелерінің қатарына Ж. Ақбаев, М. Бөштаев, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, А. Қозбағаров, Б. Сәрсенов, Н. Құлжанова секілді Семей облысының зиялы азаматтары кіреді. Комитет мүшелігіне кандидат болып Жүсіпбек Аймауытов, М. Молдабаев т.б. жастар тіркеледі [12, 44-б.].

Қазақ комитеттерінің мүшелерінің іс-әрекеті, қолға алған ісі ұлттық сананың өсу жолында тұрғандығын байқатады. «Оның құрамында іскерлік өндіріске араласқан банктің директорлары, не басқарушылары, акционерлік қоғамдардың юрист-консультанттары, компаниялардың, трест пен синдикаттардың басқарма мүшелері, басқаша айтқанда, өндірісшілер мен финансистер болған жоқ. Олар халықты Абай, Шоқан, Ыбырай идеяларына,

одан қалды, дүниежүзілік мәдени мұралар негізінде тәрбиеледі» [13, 18-б.]. Қазақ комитеттерінің идеологиялық өзегі – отаршылдыққа қарсы күрес, өркениетке қарай қадам жасау болды.

Осы Семей облыстық қазақ съезі облыстағы саяси жағдайды ескере отырып, облыстық Қазақ комитетіне саяси жұмыстармен қатар әкімшілік, шаруашылық міндеттерін де жүктейді [14, 9-б.]. Қазақ съезінің шарасыздықтан жасалған бұл шешімін атқару комиттеті «қазақ бізден бөлінейін деп жатыр», «қазақ облыс билігінің шырқын бұзды» деген алып қашпа сөздер таратып, оянған қазақ санасының болмысына қорқыныш аралас үреймен қарайды [8].

Өткен заманнан қалған отаршылдықтың менмендігін көрсеткен Уақытша үкіметтің атқару комитетімен арақатынасты шешуде Қазақ атқару комитетінің алдында екі жолдың бірін таңдау қалды: не орыстармен қол ұстасып, көш біріктіріп, Құрылтай жиналысына дейін бірге жүре тұру, не орыспен араны ашып ат құйрығын кесу. Екі комитет қатар шапса, оның арты аяқтан қағысу, арбасу екенін сезген съезге қатысушылар ақыры салмақтап, ойлана келіп облыстық Қазақ комитетінен 20 кісіні облыстық атқару комитетіне мүше ретінде кіргізеді. Қазақ комитетінен Әлімхан Ермеков пен Биахмет Сәрсенов хатшысы, Райымжан Мәрсеков пен Ахмеджан Қозыбағаров төралқа мүшелері болып бекітіледі.

«Басында бізді орыс ағайындарымыз есепке алмап еді, 800 мың қазаққа екі орын бермей, көбі сырты жылтыраса да іші қара болғандай еді. Біз намыстанбадық та, кара көрсеттік. Зарлағанда тимеген екі орын ақыры 20 орын болды», – деп көрсеткен «Сарыарқа» газеті тілшісі: «Орыспен қоныстас болғаннан бері біздің жұрттың ұлы дүбір жарысқа кез болғаны осы шығар, іске сәт, азаматтар!» [8], – деп шабыттана жазды. Қазақ зиялылары арасында бұл мәселеге қатысты басқа пікір ұстағандар да болды. Мәселен, Нұрғали Құлжанов «Бірлік туы» газетінде: «Ақмола, Орал облыстарының қазақтары орыстан бөлек өз алдарына атқару комитетін жасап, қазаққа тиісті істерді өздері атқарып отыр. Торғай, Түркістанда қазақтан ірі облыстық комиссарлар бар. Семей облысында қазақтан ірі комиссар жоқ. Орыс пен қазақ аралас комитетте 20 кісі мүше бар. Оның 40-ы орыс, 20-сы қазақ.... Бір қазақ аузын үлкен ашайын десе, солдат пен жұмысшылар бірі мылтығын, бірі балтасын қағады» [15], – деп көрсетіп, Семейде қазақтардың жеке атқару комитетін аша алмағандығына реніш білдіреді.

Дегенмен де өз алдына жеке билік құрған комитет болмаса да ұлт бірлігін, ел амандығын бәрінен бұрын қойған Семей облысының зиялы қауымы облыстық Қазақ комитеті мен Уақытша үкіметтің атқару комитеті арақатынасына байланысты мәселелерді өз уақытында дұрыс шеше білді, ал дұрыс шешім өз кезегінде облыстағы орыс пен қазақ арасын шиеленістен сақтады, әрі қазақтарды ресми өкімет органымен табыстырып қана қоймай, оның құрамына өздеріне тиесілі орынын да ала білді.

Семей облыстық Қазақ комитетінің баспаханасынан «Сарыарқа» газеті шығарылып тұрды. «Сарыарқаның» редакторлары Р. Мәрсеков пен Х. Ғаббасов, бастырушы «Тендік» серіктігі болды [16, 16-б.]. «Сарыарқа» газеті 1917 жылдың маусым айынан бастап Семей қаласында аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің кейінгі нөмірлерін (1919 жылы) Имам мырза Әлімбеков шығарып тұрды [17].

Ақмола облысында Қазақ комитеттерін сайлау баска жерлердегідей қызу жүрді. «Елде қазір хүкімет жоқ...оған не қыламыз? Елді билеу керек. Қалай билеу керек?... Мына сайланайын деп тұрған уездік-қалалық құрама комитетке қырдағы ел атынан кісілер кіре ме? Қанша кіреді, қалай?» – деген мәселелердің талқыға түскендігін айта келіп С. Сейфуллин, – әркім өз ойын айтады. Әркім не қыларын білмейді. Тәжірибе жоқ, тәртіп жоқ, жоба жоқ» [18, 44-б.], – дейді. Қазақ комитетін жылдамырақ құру осындай сан сұрақтың, түйінді мәселелердің уақытылы шешілуін қамтамасыз ететін еді. Сондықтан Ақмола облысының орталығы Омбыдан Ережеп Итбаев басқарған облыстық Қазақ комитетінен жер-жерге өкілдер жіберіліп жатты. Ақмола облысы Ақмола уездік Қазақ комитетін құруға Орынбордан, «Қазақ» газетінен М. Дулатов, Ақмола облыстық Қазақ комитетінен Байсейіт Әділұлы, Қошмұхамед Кеменгерұлы сияқты өкілдер келді. Олар келген соң қазақ істерін басқаратын уездік Қазақ комитеті ашылады. Оның құрамы төмендегідей тәртіппен бекітіледі: төрағасы Рахымжан Дүйсенбайұлы, орынбасары Сәкен Сейфуллин (кейін төраға қызметін де атқарады), мүшелері Дінмұхамед Әділұлы, Баймұхамед Айбасұлы және т.б. Комитетке уездегі іс білетіндер қызметке алынып, қазақша газет шығару мақсатымен қаражат жиналып, Р. Дүйсенбайұлы баспахана жабдықтарын әкелуге Қазан қаласына жіберіледі [18, 48-б.].

Ақмола облысында Қазақ комитеттері уездік, болыстық деңгейде 25 сәуірден 7 мамыр аралығында өткен Ақмола облыстық қазақ съезінен соң кең қанат жая бастады. Омбыда 5 дуан елдің білімді басшы деген азаматтарының басын қосып, облыстық деңгейде съезд өткізуге Ақмола облыстық Қазақ комитеті мұрындық болады. Арнайы шақырумен съезге Орынбордан М. Дулатов, Омбы құрама комитетінің төрағасы Филатов, Омбы әскери округінің әскер басшысы Григорьев қатысады. Съезде дін, оқу, жер, сот, Құрылтай жиналысы мен соғыс, әйел жайы т.б. мәселелер қаралып, комиссиялар сайланады [19].

Делегаттар құрамы әртүрлі әлеуметтік топтардан құралуына байланысты қазаққа тиесілі жоғарыда аталған өзекті істерді шешуде талас-тартыс та болмай қалған жоқ. Съезд шығарған қаулылардың ішінде «мектепте қыз балалар ер балалардан бөлек оқытылсын», «қалың мал һәм неке ісі шариғат бойынша тексертілетін болып, муфтиге қаралсын» деген шешімдердің болуы ескілікті аңсаушы топтардың үстем болғандығын білдіреді. Бұл ойды М. Дулатовтың ОГПУ тергеушілеріне берген жауабы дәлелдей түседі: «Ақмола съезі делегаттарының құрамы ала-құла еді. Өкілдердің басым

бөлігі консервативтік пиғылдағы (молдалар, байлар, атқа мінерлер, бұрынғы чиновниктер) адамдардан, азшылығы революциялық позициядағы жастар мен мұғалімдерден тұрды. Көптеген мәселелерге байланысты бұл екі топтың арасында қызу айтыстар өтті. Молдалар мен байлар мені съезден қуып шығуды талап етті. Осы съезде бүгінгі коммунистерден Байділдин, Саматов және басқалар да қатынасқан еді» [20, 228-б.].

7 мамырда, съезд тарқар алдында, өкілдер облыстық Қазақ комитетінің жаңа құрамын сайлады. Төрағасы – Айдархан Тұрлыбаев, төрағаның серіктері – Сейілбек Жанайдаров пен Асылбек Сейтов, мүшелері: Садуақас Жаңатасов, Ерқосай Мұқышев, Байсейіт Әділов, Ермұхамет Тоқбаев, Қазы Торсанов, Мағжан Жұмабаев болып бекітілді [21, 74-п.].

Облыстық Қазақ комитетінің қолдауымен Омбы, Атбасар, Көкшетау, Қызылжар уездерінде Қазақ комитеттері өз жұмысын бастайды. Атбасар уезінде комитет төрағасы облыстық Қазақ комитетінің орынбасарының бірі С. Жанайдаров тағайындалып, ал мүшелігіне К. Жанғазин, Ә. Жылқайдаров, Ә. Аңсағанов кіреді [22, 14-б.].

Көкшетау уезінде комитеттің төрағалық қызметін Әлжан Жұманов атқарады, серіктері болып Ә. Темірбеков, Ш. Хасенов сайланады [23]. Көкшетау уезінің Айыртау болысында Қазақ комитетіне сайлау талас-тартыспен өтеді. «Председательдікке сайланған Ысқақ Баймұрат баласы қонақасыға көп қой, қара ту бие сойып, үш мың сом ақша шығарып үлкен партия жасап барып сайланып шықты. Махмұт төре Уәлиханов сайлауды бұзуға жол іздеп Көкшетауға келді» [23], – деген «Қазақтың» хабары төрағалыққа бұрынғы болыстыққа таласқандай түрлі топтар арасында келіспеушілік, тартыс болғандығын байқатады. Мұндай әрекеттер істі ақсатып, оңға бастырмайтын еді, себебі, бірлік, ынтымақтың болмауы комитетке іс білетін адамның сайлануын кешеуілдетіп, екіншіден, қазақтарға тиесілі тығыз шаруалардың шешілмей қалуына соқтыратын еді. Сондықтан «Қазақ» газеті комитеттегі әрбір кандидатқа сын көзбен қарауға, бірлік ынтымаққа шақырды. Мәселен, Омбыда уездік Қазақ комитеті құрылып, оның құрамына төрағалығына – Мұқан Әйтпенов, орынбасарлығына Хошмұхамет Кеменгеров және Мұхамедрахым Шахмарданов өткенде, соңғы кандидатура М. Шахмардановқа қарсы «Қазақ» газеті былайша күйініш білдірген: «25 маусым жарлығы кезінде барлық Омбы қазағы М. Шахмардановты шайнамай жұтатын жалмауыздың тап өзі деп шулаушы еді. Бұл қалай? Зиянды кісінің күні қараң деп тұрғанда Мұхамедрақымның уезной исполнительный комитет председательінің орынбасары болғаны таң-тамаша. Омбыда адал ниетті ақ жүрек бір адамның болмағаны ма?» [24].

Комитеттің белсенді мүшелерінің бірі Х. Кеменгерұлы: «Төңкерістен кейін қазақ даласы комитетпен даурықты, уездік комитеттер де қысқа күнде қырық сайланып отырды» [25, 59-б.], – деп жазды. Бұл жағдай, әсіресе, Ақмола облысының Омбы уездік Қазақ комитетінде үлкен орын алғанға ұқсайды. Расында, кей жерлерде талас-тартыстың, түсінбеушіліктің кесірінен Қазақ комитетінің басшылығына ел қамын емес, өз жайын ғана ойлаған азаматтар

да өтіп кеткен. Ондай ұйымдарда араздық, берекесіздікке жол берілді. «Қазақ» газетіндегі «Комитеттер саудасы» деген мақалада: «Бостандық туғалы бері сегіз ай, сонан бері өзге елдердің жайын білмейміз, біздің Ақмола облысының қазақтары дұрыс ұйқы көрген жоқ. Құдай берген бір комитеттері бар: ашады да жабады, жабады да ашады. Әйтеуір тыныштық жоқ», – деп жазды «Демократ» деген бүркеншік ат жамылған тілші [26]. Ақмола облысының тағы бір уезі Қызылжарда қазақтар өз ұйымын «Қазақ тектілердің комитеті» деп атады. Бұл комитетті ұйымдастыруға С. Көсемісов пен Ж. Тілеулиндей жастар ат салысады. Комитетке фельдшер Б. Малдыбаев, молда М. Мақұлов және мұғалім Ә. Жалмұхамедов басшылық етеді [27]. Қазақ комитеттерінің «әлеуметтік негізі» «әр тектілерден» тұрды: оған мүше болғандар немесе оны жақтаушылар арасында халықтың барлық қауымдарының өкілдері болды [28, 40-б.]. Жалпыұлттық ұрандар жетегінде олар біртұтас күш ретінде күреске шықты. Қазақ комитеттерінің әлеуметтік құрамы әртүрлі топтан тұрғанымен, халық оның басшылығына Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, А. Тұрлыбаев, Б. Малдыбаев, Р. Мәрсеков сияқты көзі ашық, көкірегі ояу азаматтарын сайлап отырған, соларға сенім артқан. Алайда талай жыл отарлық езгіде болып келген елдерде зиялы азаматтардың аздығы да сезілмей қалған жоқ. Мәселен, көрші түрікмен халқының облыстық Түрікмен комитетінде жетекші басшылардың жетіспеуін Түркістан комитетіне білдіруі осы жайды аңғартса керек [29,140-б.]. Өзгелер секілді қазақ халқы да оқығаны мен тоқығаны бар, ел жайын ойлар зерделі жасқа сусындап отырғаны, ал зиялы қауым да өз кезегінде ұлттық қоғалыстың күрделі де жауапты кезеңінде тәжірибесіздіктің қиындығын бастан кешті. Бұл Ресейдің 30 миллион мұсылман халықтарының басындағы жай болатын. Сондықтан кей жерлерде мұсылман зиялылары біріге отырып, мұсылмандық комитеттер құрды.

Зайнетдин Тазетдинов басқарған Жалпымұсылмандық комитет қазақ, қырғыз, ұйғыр мен дүнгендердің қоғамдық-саяси өміріне жетекшілік ету, жалпы Жетісу мұсылмандарының еркін білдіру мақсатында 7-наурызда Алматыда бой көтерді [30, 21-б.]. «Құрылтай» деп аталатын бұл комитетті құруға қазақ зиялылары И. Жайнаков, И. Тергеусізов, Қ. Ордабаевтар да үлес қосады. Ол Жетісу облыстық Қазақ комитетімен қатар қызмет істеді. Семей облысындағы мұсылмандар комитеті татар, сарттарды және түмен, тобыл мұсылмандарының басын қосып, басшылығына Р. Елкеевті сайлады [9, 37-б.]. Мұсылман қауымын біріктірген мұндай ұйымдар Доссорда [31, 73-б.], Закаспий облысында да [32, 56-б.] болды.

20 наурызда Жетісу облысы Үржар ауданында ашылған Мұсылман комитетін Садық Аманжолов басқарды [33], кейін ол шілдеде құрылған Үржар бөлімшелік Қазақ комитетіне де төрағалық етеді [34, 70-б.]. Мұсылман комитеттері мен Қазақ комитеттері тығыз байланыста болды және алдарына ортақ мақсат – Құрылтай жиналысына дейін елдің бірлік-берекесін келтіріп басқара тұруды қойды.

16-22 сәуірде Ташкентте Түркістан мұсылмандарының бірінші жалпы съезі болып өтті [35]. Бұл съезге қазақ, ноғай, түрікмен, өзбек халықтарының 150-дей өкілі жиналды. Съезді басқарушы төралқаның ішінде М. Қари, Ғ. Ходжаев, С. Лапин, М. Шоқай, С. Ақаевтар болды. Съезде «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық Кеңесі» атты ұйым құрылды, оған әр облыстан өкілдер кірді, атап айтқанда, Түркістан өлкесіндегі белгілі саяси қайраткерлер: М. Қари, М. Шоқай, М. Бехбудилер енді [36, 15-б.]. Делегаттар Кеңестің төрағалығына М. Шоқайды лайық деп тапты.

Мұсылман демократиялық қозғалысы Түркістан өлкесінде ұйымдық жағынан қалыптасып, белгілі саяси күшке айналады. Түркістандық мұсылман зиялы қауым ұлттың және туған жердің мүддесі үшін қызмет етудің маңыздылығын барынша сезінді [37]. Осы тарихи кезеңдегі Түркістандағы саяси жағдаймен жақсы таныс Г. Сафаров: «Қала жұмысшыларына пролетариат диктатурасын қорғау үшін нан қандай қажет болса, түз халықтарына ұлттық еркіндік сондай қажет еді» [38, 150-б.], – деп жазды.

Ыстық көл және Нарын қырғыздарының әкімшілік жағынан Жетісу облысы құрамында болуы қазақ пен қырғыз қайраткерлерінің ортақ мақсатқа бірлесіп қызмет жасауына жағдай тудырды. Жетісу облыстық Қазақ комитеті құрамына қырғыз бауырлардың ұлттық ұйымдары Пржевальск және Пішпек уездік комитеттері қарады. Пржевальскіде уездік Қырғыз комитетінің төрағасы қызметін И. Арабаев атқарды, ал Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетін К. Әлімбаев басқарды. Бұл екі ұлт өкілдерінің ұйымдары бірлік, ынтымақ туын бірге тігіп, бауырластықты іс жүзінде көрсете білді.

Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнаков болды. Комитеттің аяғынан нық тұруына оның К. Шегіров, Ә. Кәкенов, Н. Нұрмұхамедов, К. Абдуллин, К. Токсанбаев, К. Ордабаев секілді мүшелері аянбай қызмет етті. К. Шегіров аталған облыстың Верный уездік комитетін, Т. Есенқұлов Жаркент уездік Қазақ комитетін басқарды.

Жетісу облыстық Қазақ комитеті өкілдерінің атсалысуымен 1917 жылдың 12 сәуірінде Верный қаласында облыстық қазақ-қырғыз съезі шақырылды. И. Жайнаков төрағалық еткен бұл съезге 81 делегат, соның ішінде Пржевальск және Пішпек уезінен 17 уәкіл қатысады. Алты күнге созылған съезд жұмысы Уақытша үкіметке, соғысқа қатынас жайын, демократиялық республика, дін, сот, жергілікті басқару, халықтар қарым-қатынасы секілді күн тәртібіндегі шұғыл мәселелерді қарап, қазақ комитетінің Құрылтай жиналысына дейінгі міндеттерін белгілеп берді.

Съезд жергілікті басқару органдарында екі комиссар – біреуі орыс, біреуі мұсылман болуын, оларды сайлау облыстағы қоғамдық ұйымдар, әсіресе қазақ комитетімен, казак, шаруалар ұйымдарымен келісе отырып жүзеге асуын, басқаруда кеткен ағаттықтар болса, болыстық уездік (оқиғалардың болған жеріне қарай) Қазақ комитеттері араласуымен шешу тағы басқа мәселелерді қойды. Съезд Қазақ комитеттерін орыстармен жақсы қарым-қатынасты тезірек қалпына келтіруге көмектесуге шақырды, ол үшін майданға кеткен орыс отбасыларына егін жинауға жәрдем ұйымдастыруды

тапсырды. Комитеттерге Қытайдан қайтқан босқын қазақ-қырғыз мәселесін де реттеуге араласу міндеттелді [39, 1-8-бб.].

Түркістан өлкесі құрамындағы келесі облыс – Сырдарияда ұлттық комитеттерді құру аса қиын жағдайда жүргізілді. Аштыққа, қырғынға ұшыраған халықтың саясатқа ел билеуге құлқы болмай, ұлттық ұйымдардың басына кей жерлерде ысылған бұрынғы атқамінерлердің келуіне себеп болды. «Бірлік туы» газеті бұл туралы былай деп көрсетеді: «Халық жұмысын жөндеу орнына бұзып, өзі түсінген һәр пікірге қарсы шығып, өзіне ермеген жұртты кәпір қылып, шырық бұзып жүр» [40]. Ел ішінде осындай кертартпа күштер, халықтың басына түскен тағдыр тауқыметінен Түркістан халқы кей жерлерде алты ай бойы ұлттық ұйым құруда ымыраға келе алмады, ойлаған ойлардың көбі далаға кетті [40]. Ал халық үмітін арқалаған Ақмешіттегі Ералы Қасымов басқарған ұлттық комитеттің жағдайы қандай болғандығын М. Шоқайдың мына сөзі аңғартады: «Мен Ақмешітке келген кезде осында үш ұйым бар еді: 1) Ақмешіт аудандық ұлттық Кеңесі; 2) Ералы Қасымов жетекшілік ететін; 3) Ақмешіт жұмысшы-солдат депутаттарының Кеңесі (Құсан Ибраһим басшылық жасайтын). Кілең уақ хатшы, тілмаштар орыс жұмысшы-солдат депутаттары Кеңестеріне жабыла кірді. Ал ұлттық комитет орыс жұмысшы-солдат депутатары Кеңесінің көзіне шыққан сүйелдей еді. Сондықтан оны жоюға тырысты» [41, 115-118-бб.].

Ұлттық комитеттің басында Ералы Қасымұлындай жалған сөйлеуді білмейтін, дүниеге, ақшаға қызықпайтын, азғындық жолға түспеген рухани таза адамның тұруы оның қарсыластарына ұнамады және олардың тарапынан күшті кедергілерге кездесті. Амешітте бір-біріне қарам-қарсы екі партия (бірі Ералы Қасымовтікі, екіншісі – Ибрагимовтікі) билікке таласты [42, 120-б.].

Қазақтардың өз арасындағы алауыздық, тартыс, елдің тыныштығын бұзып, жұмысшы-солдат Кеңестерінің жұмысын жеңілдетті.

Сырдария облыстық ұлттық комитетін Ә. Көтібаров басқарды [43], ал уездік ұйымдар Әулиеатада, Қазалыда, Қармақшыда да болды [42, 120-б.].

Әулиеатада ұлттық Кеңеске Ә. Кенесарин басшылық қылды [44]. 1917 жылдың маусым айында жаңа құрылыспен көшпенділерді таныстыру және Құрылтай жиналысына дайындау, сондай-ақ қазақ-қырғыздың ұлттық мүддесін қорғау мақсатында Ферғана қазақтары жиылып, өздерінің ұлттық «Илятия» (Көшпенді) атты қауымын құрды. Қоңыркожа Қожықов төрағалыққа сайланып, серіктері К. Достаев, қазынашы – С. Келгенбаев, хатшысы Б. Мейірбеков болып тағайындалады. Ұйым басшылары өз міндеттерін айқындаған соң, Ферғана облысы қазақтарының Әндіжанда жалпы съезін шақыруды қолға алады.

Түркістан өлкесінде қазақ-қырғыздардың ұлттық қоғамдық ұйымдарын біріктіріп, бір орталықтан басқару үшін Түркістан аймақтық Қазақ-қырғыз Кеңесі құрылып, оның төрағасы қызметін М. Шоқай атқарды [45].

Қазақ комитеттері Астрахань губерниясына қараған Бөкей ордасында және Торғай облысында құрылған жоқ. Бұл жәйт аталған жерлерде қазақтың комитет құрарлық бас көтерлері болмады деген сөз емес. Торғай облысында наурыз айының ортасына қарай құрылған ресми өкімет орындарында, атап айтқанда, Уақытша үкіметтің атқару комитеттері – азаматтық комитеттерде, сондай-ақ комиссарлық қызметте қазақ өкілдері өзге жерлерге қарағанда басым болғандығын айта кету ләзім. Облыстық комиссар Ә. Бөкейхан, уездік комиссарлар А. Бірімжанов, А: Теміров, уездік азаматтық басқарма төрағасы К. Сейдалин, облыстық азаматтық комитетте А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов, И. Бегімбетов, М. Тұнғаншин, С. Кәдірбаев [46, 126-б.] т.б. болуы Торғай жерінде қазақ өміріне қатысты істердің уақытылы шешілуіне ықпал етіп отырды, сондықтан өз алдына жеке Қазақ атқару комитетін құру қажеттілігі болмады.

Облыстағы қазақтардың жайына, олардың азаматтық комитеттердегі мүшелерінің орнына көп назар аударылып отырғандығын Ә. Бөкейханның: «...Қостанайда орыстың 2 жүз мыңы артық, Ақтөбеде 4-ақ мың қазақ орыстан артық, Ақтөбеден қазақтан һәм орыстан ағза бірдей болмақ, уезной комитетте Қостанайда орыс ағзасы артық. Ырғыз, Торғай таза қазақ, бұлардың ағзалары қазақтан болмақ, орыс ағзалары орыстың санына кірмек» [47, 241-б.], – деп жазуынан байқауға болады.

Азаматтық комитеттердің атқарып жатқан істерінің айнасы іспетті «Известия областного гражданского комитета» газеті де алғашқы уақытта А. Байтұрсынов редакторлығымен шығып тұрды [48, 204-б.].

2-8 сәуірде өткізілген Торғай облысының қазақтары съезіндегі негізгі мәселелер қазақ қоғамындағы саяси-шаруашылық жайларын қарастырып, жалпы қазақтың съезін шақыру үшін ұйымдастыру бюросын (Ә. Бөкейхан бастаған 8 адамнан тұратын) және 1-8 мамырда Мәскеуде өтетін мұсылмандар съезіне делегаттар сайлайды. Торғай қазақтары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов және М. Дулатов сиякты зиялыларының бастауымен саяси өмірге белсене араласып жатты.

Жергілікті халықтың 97,5 пайызын құрайтын Бөкей ордасының қазақтары [49, 121-б.] да сәуір айының 21-де Ішкі Орданың барлық болыстарынан жиналған өкілдер съезін шақырды. Бұл съезге жергілікті демократиялық қайраткерлерден Б. Құлманов, И. Меңдіқанов, С. Меңдешов У. Танашев және басқалар қатысады. Съезде патшалық заманнан қалған Ішкі Орданы басқару Кеңесі жойылды деп жариялап, оның орнына қазақ халқының басқару мекемесі болып табылатын Орталық комитетті құрды. Қазақтардың мұң-мұқтажын ескере отырып, жер, шаруашылық, мәдениет, сот және жергілікті басқару мәселелері бойынша Құрылтай жиналысына ұсынатын жобаны жасауды көпшілік Орталық комитет жетекшілеріне тапсырды.

Съезде Астрахань өлкесіндегі қазақ халқының комиссары болып, Ішкі Ордада 1916 жылғы патша жарлығына батыл наразылық білдірген, университеттік білімі бар Б. Құлманов оның көмекшісі қызметіне мұғалім, әрі жазушы И. Меңдіханов сайланды [50, 714-б.].

Сонымен, 1917 жылы наурыз айында бой көтерген Қазақ комитеттері қазаққа тиісті істерді шешуде өзіндік бастама көтере алатын ұйым ретінде көріне бастады. Енді қазаққа тиісті мәселелерді Қазақ комитеттерінің ұйғарымы, келісімі болмайынша ресми органдар өз бетінше шеше алмайтын болды. Қазақ комитеттері қоғамдық ұйымдар дәрежесінде болғанымен ресми органдардың жұмысына ықпал ете алатын еді (мысалы, өз өкілдерін қоғамдық ұйымдардың комитеттеріне, азық-түлік, жер комитеттеріне өткізу арқылы).

Қазақ комитеттерін құруда кемшіліктер де белең алды. Талас-тартыс, түсінбеушілік кесірінен кей жерлерде болыстық, тіпті уездік комитеттер құрылмай қалды. Соған қарамастан, Қазақ комитеттері, біріншіден, жоғарыда айтылғандай, халықтың мемлекеттік еркіндікке ұмтылысы жолындағы творчестволық еңбегінің жемісі болатын. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайда ол тек осындай қоғамдық ұйымдасу арқылы ғана өз мүддесін қорғай алатын еді. Екіншіден, қазақ демократиялық интеллигенциясы Қазақ комитеттеріне болашақ ұлттық мемлекеттік жүйенің алғашқы үлгісі, осы мақсатқа жету жолындағы мақсатты әрекетінің бастапқы кезеңі ретінде қарады, сондықтан да олардың қалыптасуы мен қызмет мазмұнына аса көңіл аударды [20, 234 -б.].

Қазақ комитеттерінің құрылуы, алға қойған міндеттерінің маңыздылығы олардың қоғамдық-саяси қызметінен айқын көрініс табады.

1917 жылдың көктемінде барлық қазақ облыстарында өткізілген үлкенді-кішілі съездер қаулысымен қаруланған, нақты бағыт бағдары бар Қазақ комитеттерінің қызметі негізінен ұлттың өзін-өзі басқару құқын қанағаттандыру бағытында жүрді.

Омбы уездік Қазақ комитетінің облыстық комиссарға жолдаған хатында қазақ халқы өзін-өзі басқару үшін ауылдық, болыстық, уездік және облыстық комитеттерін құрды, комитеттің әрбір халық сайлаған қызметкері өзіне және өзінің сайлаушыларына қазақ халқы Құрылтай жиналысына сақадай-сай жетеріне және онда өкілдер халық еркін білдіреріне нық сенеді делінген [51].

Өмірлік мәні бар мәселелердің бәрін жаңа үкімет Құрылтай жиналысына қалдырғандықтан, Қазақ комитеттерінің жетекшілері осы ұлы жиында автономия алу мәселесі тура шешім табарына үлкен үміт артты. Қазақ қоғамында болып жатқан саяси жағдай Құрылтайға жеткенше Қазақ комитетін көптеген істердің, қазаққа тиесілі мәселелердің ортасынан табылуына, бас-көз болуына итермеледі. Өйткені, Жетісу қырғыны, орыс келімсектерінің озбырлығы азық-түлік тапшылығы, қазақтың өз жерінде өзі қысымшылыққа ұшырауы Қазақ комитеттерін жайбарақат қалдыра алмады. Әсіресе, 1916 жылы басталған Жетісу қырғыны тек қазақ пен қырғызды ғана емес, бүкіл мұсылман жұртының жанына батқан ауыр оқиға болды. 1916 жылғы патша жарлығына қарсы ереуілдің соңы ел іргесін бұзып, зор бүліншілікке ұшыратты. Қарсылық көрсеткендері үшін Түркістан өлкесінде әскери жағдай жарияланып, қарулы әскер шығып, Жызақ қаласының 20 мың

халқын жоқ қылды [52, 184-б.], Жетісуда 164 мың қырғыз-қазақтың Қытай жеріне босып, 83 мыңының қырылуына соқтырды [53]. Жетісу облыстық Қазақ комитетінс 1917 жылы мамыр айында түскен арызда Верный уезі Қызылбөрік болысындағы 1129 түтіннің 263-нсн өзгесі Құлжаға ауып кетті деп көрсетілді [54, 6-б.].

Көтеріліс әкелген бүліншілік Жетісудың жергілікті бұқарасы мен орыс қоныс аударушыларының ара қатынасын бұрынғыдан да қатты шиелсністіріп жіберді. Өшпенділік күшейіп, қарулы келімсектер тізгінсіз кетті. Жетісу облыстық статистикалық комитетінің 1913 жылғы мәліметіне қарағанда, орыс шаруалары қолында қорғаныс мақсатында өкімет тарапынан берілген 704 қару, 16226 оқ-дәрі, ал қоймалардағы, мекеме қызметкерлері мен әскери басшыларды қосканда 7257 қару, 412089 оқ-дәрі болған [55, 19-б.], ал 1917 жылы бір ғана Пржевальскі уезінде қару саны екі мыңнан асқан [56]. Патшалық заманнан бергі қаруландыру ісін (қоныстанушыларды) тек 1917 жылдың 1 ақпанында Түркістан өлкесінің уақытша әскер басшысы Черкестің бұйрығы тоқтатты, онда да қолдағы қару түгел қалдырылып, жергілікті қоғамдық ұйымдар тарапынан бақылау жасау тапсырылды [57, 356-б.].

Қолында қаруы бар келімсектер, соғыстан қайтқан ақ билеттілер, қашқын солдаттар бейбіт жаткан елдің шырқын бұзып, зорлы-зомбылық ылаңын салды. Верный уездік комиссары И. Бабкин Сергиевский селосының Василии Клименко деген шаруасы өз қауымының қолдауымен қолындағы қазына қаруына сүйеніп, қырдағы қазақтарды тонау әрекетін жүзеге асырып жүргенін, 30 оқтан 14-і қалғандығын қарақшының өзі де мойындағанын баяндайды [58, 86-б.].

Қырдағы қазақ осындай қысымшылыққа түскенде, жер ауып кеткен қазақ қырғыздың жайы мүлдем ауыр еді. Қытай жеріне арып-ашып жеткендердің орыс әскерінің талауынан қалған малдарын қытай, қалмақтар тағы тонап, үй, тамақ, киім жоқ, аштықтан, суықтан үштен екісі қырылып, Құлжаның көшесі тіленші қазақтарға толып кетті [59]. Адам базары ашылып, баланың құны бір шелек бидайға шықты [60, 3-4-бб.]. Жаркент бөлімшесінің бастығы: «Қазақтар қытайлардан көрген қорлығын ұзақ уақыт ұмыта алмас» [58, 2-б.], – деп жазды.

Шет жердегі адам төзгісіз жағдайлардың әсерімен қыскы суық пен таулы шатқалдардағы қар көшкініне қарамастан босқындар кері елге қайта бастады [61, 34-б.]. 1917 жылдың наурыз айынан, яғни Ақпан төңкерісінен кейін олардың елге оралуы Қашғар жағынан да, сондай ақ Құлжа жағынан да жиілей түсті [62, 34-б.]. Босқындардан өз елін тазалау, сөйтіп қалыпты тұрмыс-тіршілікті ретке келтіру міндетін алған Қытай басшылары тарапынан да 1917 жылдың көктеміне қарай Шығыс Түркістанға жер ауып келген қырғыз-қазақтарды қайтару шаралары басталды. Өз кезегінде Уақытша үкімет те қоғамдық күштердің қысымы мен Қытай билік органдарынан қырғыз қазақ босқындарын қайтаруды өтінуге мәжбүр болды.

Қытай жеріндегі босқындар жайлы М. Тынышбаевтың мағлұматы бойынша, 1 шілдеге дейін өз жеріне шұбырып жеткендері 69 мың, Қытай жерінде қалып, қайта алмай қалғаны 12 мың адамды құрады [53]. 1-4 мамыр аралығында Қытай үкіметі тарапынан қол хатпен полковник Путинцевтің қарамағына берілген босқындардың саны, архив дерегі бойынша 120 мыңдай адам, 64 мың бас жылқы, 46 мың бас ірі қара мал, 120 мың бас қой және 5400 бас түйе болған [63, 3-б.]. Қытай билік органдары қазақтардың асыл тұқымды малдарын алып қалып, нашарларын ғана қайтарды [61, 2-б.], қайтқандардың көбі теп-тегіс тоналып, мал-жайсыз оралды. Верный уезі Қызылбөрік болысының 500 түтін жанының құл сүлдері жеткен [54, 9-б.].

Қытай жерінен қуылған қазақ-қырғыздарды арып-ашып ата мекендеріне жеткенде қарулы келімсектер «күтіп алды». Жаркент уездік Қазақ комитетінің Мемлекеттік дума төрағасына, Түркістан комитетінің комиссарларына және «Қазақ» газетінің басқармасына жолдаған жеделхатында Жаркент уезіндегі албандар мен суандар қару-жарағы жиналып алынбаған орыс келімсектері тарапынан қырғынға ұшырап, азық-түлік комитеттер нан бермей, ашығып, жемтік жеп жатқандығы, сөйтіп кең де үлкен жердің казақтар үшін тар болып тұрғандығы айтылған [64, 6 б.; 225-б.].

Қытайдан қайтқан босқындарға бірінші қол созып, жанашырлық танытқан Қазақ комитеттері болды. Қазақ комитеттері тек жанашырлық танытып қоймай, босқындарды орналастыруға ыңғайлы жерлерді белгілеп, қоныс аударушы орыстар төндірген қауіптен қорғап, жұмыс тауып беру, аштарға тамақ ішетін пункттер ашу сияқты нақты көмектер ұйымдастырды, жан-жаққа өз кісілерін жіберіп, бақылауға алып, құлағанның қолтығынан демей білді.

Бәрінен бұрын Қытайдан екі бағыт бойынша, Қашқар, Ақсу ауданы және Құлжа жақтан арып-ашып қайтқандар аңдыған жаудың жеміне айналып, тағы қырылып кетпеуі үшін өзінің бұрынғы ата-жұртына, болмаса, қауіпсіздеу бос жерлерге орналастырып, жай тауып беру ісі аса маңызды болатын. Сондықтан Жетісу облыстық Қазақ комитеті сәуірдегі облыстық қазақ-қырғыз съезінде жан-жақты талқыланып қабылданған босқындарды орналастыру шешімін жүзеге асыруды қолға алды. Съезд шешімі бойынша Қашқар, Ақсу аудандары жақтан қайтқан босқындарды Пржевальск жақтағы қауіпсіздеу жерлер Ұлар, Семізбел, Тоң өңірлеріне, Пішпек уезінің Қошқар, Сусамыр, Жұмғал аңғарларына, Нарын жақтағы Тоғызтарау, Құланақ, Аңдалы өңірлеріне, Құлжадан қайтқандарды – Верный уезінің шығыс жағына және Жаркент уезінің Шонжы, Шөлшатыр аңғарларына, Бескарағай, Қарқара сондай-ақ Пржевальскідегі шаруалардың көңіл-күйі дұрыстау жерлерге орналастыру қарастырылған болатын [65, 117-б.]. Бірнеше мың десятинаға созылып жатқан бұл аймақ бұрын ешкім қоныстанбаған, жалға да берілмеген қазына жерлері еді. Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов 26 сәуірде Түркістан комитетінің басшысы Н.Н. Шепкинге съездің бұл шешімін жолдай отырып, оны іске

асыруда қақтығыстар, түсінбеушіліктер тумауы үшін Түркістан комитетінің комиссарлары мен жергілікті қазақ-қырғыз уездерінің өкілдері біріге отырып ойластырғаны ләзім екендігін айта келіп, жергілікті комитеттер арқылы жылу жинап, материалдық көмек көрсету, азық-түлік комитеттері және тағы басқа мекемелердің қарайласуына кепілдік беру, Шу өңіріне жеткендерді сол жерде қалдыруды өтінді [65, 117-б.]. И. Жайнаковқа жауапты Н.Н. Шепкин емес, М. Тынышбаев мынандай мазмұнда қайтарды: «30-нда (сәуір) Пішпекте болу ойымызда бар. Сіздің жеделхатыңыздың мазмұнын комитет құптап, Петербор, Пекин, Құлжа, Қашқардағы орыс өкілдеріне Қытай өкімет орындарына телеграф арқылы қазақ-қырғызды қайтаруға жәрдемдесу сұралып хабарланды» [65, 118-п.].

Өкімет орындарына дабыл қаққан Жетісу облыстық Қазақ комитетінің тағы бір жеделхатында Пішпек, Пржевальск, Токмақ комиссарларының Қытайдан қайтқан қазақтар арасынан орыс тұтқындарын іздеуге рұқсат куәлік беруді тоқтату талап етілген, мұндай куәлігі бар қарулы орыс солдаттары қырдағы қазақтарға келіп ойран салып жатқандығы мәлімделінген [66, 20-22-пп.].

Түркістан комиссары О. Шкапскийдің Құлжадағы консулға: «Қытай офицері Мадордын қазақ-қырғыз босқындарын қалмақтар тонауға дайындалып жатқан Музарт арқылы қайтуға мәжбүр болып отыр. Даотайдың уәдесі қайда? Петроград телеграфпен Пекинге ықпал етуін сұрармын. Бірақ бұған қарамастан босқын қазақтарға Жаркент арқылы ауру сырқаулардың малдарын жинастырып, біртіндеп өтуіне куәлік берілсін. Босқындарға Қапал, Лепсі қазақтары жай беретіндігін хабарлаңыз» [66, 4-п.], – деген өтініші Қазақ комитеттерінің талап-тілектерінен туған еді.

Алайда Қытайда қалған босқындар тағдырын шешуде Петроград та, Пекин де немқұрайлылық танытты. Түркістан комитетінің Қытайда қалған қазақ-қырғызды қуғынға ұшыратпай, күш жиғанша, бір қыс сонда қала тұруын өтінген жеделхатына Петорград Терещенко босқындардың Қытай бодандарына келтірген шығыны төленбегендіктен араласа алмайтынын айтып, шалқайса [67, 2-п.], Қытай жағы Жаркенттегі апиын плантациясында жүрген 17 мың дүнгенді орнында қалдыруды талап етті [66, 5-п.].

Қытай өкілі Даотай уәде беріп, қазақ-қырғызға тиіспейміз деп уақыт созғанымен, босқындарды Қытай әскерлері жол торығаң қалмақтар жатқан Нарынқол бағытына мал-жанын жиып үлгертпестен күштеп қуа бастады. Босқындардың хал-жайын көзімен көріп, басынан кешкен қырғыз халқының қайраткері Б. Солтоноев былай деп жазды: «Керенский заманында болған өкімет арыз қылсақ, ұқпады. «1916 жылғы қолыңмен істегендеріңді енді қаныңмен төле» деді. Қашқындарды өлтіріп жатқан мұжықтарға астыртын жәрдемші болды [68, 131-132-бб.]

Жетісудағы жағдай қазақтың Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтай зиялыларын шет қалдырмады, олар «Қазақ» газеті арқылы алаш баласын өлім халінде жатқан адамдардың аузына су тамызғандай аз-көп демей жәрдем етуге шақырды, адамшылық пен ағайыншылыққа

үгіттеді. Олар жақсы істі өздері бастап, елге үлгі бола білді. Мысалы, М. Дулатов патша өкіметі қолына түспей, сақталып қалған 1000 дана «Оян, қазағының» ақшасын босқын қырғыз бауырларыма арнадым деп мәлімдейді [69, 286-287-бб.]. Мұқтаждықтың мол шырмауында қалған халықтың бұл азаптан тезірек шығуына беріліп жатқан жәрдемдер аздық ететінін түсінген Ә. Бөкейхан: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп кеңесін айтып, М. Тынышбаев атына жеделхат жолдады [70].

13 мамырда Түркістан комитеті қазақ-қырғыздың қайыршылық жағдайымен танысқан соң, облыстық азық-түлік комитетінен 100 мың сом алып, Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнаковтың қолына табыс етуге бұйрық шығарады. Бұл қаражатқа Қазақ комитеттері Қытайдан оралған қазақ-қырғыз босқындарына жәрдемақы, азық-түлік беруді ұйымдастырды. 4-тамызда осындай жәрдемнің бірін Текестен оралған аш-жалаңаш Берікбаев отбасы алды (40 сом көлемінде бір жолғы жәрдем пұл) [71, 1-п.]. Кольцов ауданындағы аш қазақ-қырғызға 1350 пұт астық берілді [72, 31-б.].

Өзге жерлердегі ұлттық ұйымдар да Жетісу облыстық Қазақ комитетіне үн қосып қуаттап отырды. Семей облыстық Қазақ комитеті Пржевальск қырғыздарын қорғайтын бір қам қылыңыз деп аға министр Керенскийге, жұмысшы, солдат Кеңестеріне жеделхаттар жіберсе [73], Сырдария, Самарқанд, Ферғана облыстарындағы ұлттық ұйымдар жәрдем пұл жинауды қолға алды.

28 тамызда Жетісу облыстық Қазақ комитетінің кеңесі ақылдаса келіп, Пржевальск уезіндегі босқын қырғыздарды орналастыру үшін М. Исмаиловты Верный уезінің шығыс бөлігіне арнайы тапсырмамен жол шығынын комитет мойнына алып, 20 күндік жолсапарға жібереді [74, 5-п.]. Комитеттің Нарындағы өкілдері М. Солтаев пен Қ. Телтаев та Ақсу ауданынан оралған 800 түтін саяқ руының адамдары аш-жалаңаш, ауыр жағдайда екенін, шаруалар қонысы жақтан төнген қауіптің болып тұрғандығын И. Жайнаковқа хабарлап жатты [75, 66-67-пп.].

Ал И. Жайнаков және комитет мүшелері өздері жіберген өкілдердің талап-тілектерін тиісті орындарға уақытылы жеткізіп, істің қырғыз-қазақ пайдасына шешілуіне қолдан келгендерінше аянбай қызмет етті.

Түркістан комиссарларымен Пішпек, Пржевальск уездеріне барған И. Жайнаков жеделхат арқылы Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыздарды орналастыру облыстық қазақ-қырғыз съездерінің қарарларына сай шешілгендігін Верныйға мәлімдеді [76,1-3-пп.]. Қазақ-қырғызға қолайлы мұндай шешімді азулы переселен мекемелері тұрғанда қабылдата алу Қазақ комитеттеріне жеңіл түспегендігі айтпаса да түсінікті. Олардың қиын кезеңде қарлығаш қанатымен су сепкендей ерен еңбегін халық та бағалай білді. Қырғыз елінің ардақты ұлы, Қырғыз уездік комитетінің төрағасы И. Арабаев қазақ халқына үндеуінде Пржевальск қырғыздары атынан И. Жайнаковқа тәңір жарылқасын айтып, Алаш деп аяныш білдірер әлі

талай Жайнақовтар шығатынына сенім артып, М. Солтаев пен Қ. Телтаевқа да қырғыз бауырларын құтқару жолында аянбай еңбек еткендері үшін ризашылық білдіреді.

Түркістан мұсылмандарының, қазақ-қырғыздарының жалпы жиналыстары мен съездері Жетісудағы қырғынға қарсы қаулылар қабылдап, тамыз айында Түркістан мұсылмандарының демонстрациясы болып өтті [77]. Тарихтың сындарлы сәттерінде мұсылман дініндегі тағдырлас, туыстас халықтар босқын қазақ пен қырғызға көмек қалын соза білді. Құлжада ноғай ағайындар С. Ювашев төрағалық ететін «Босқын қырғыздарға жәрдем комитетін» құрып, Қытайда қырылған қырғыз-қазақтың халіне көпшілік қауымның назарын аударып, жәрдем беруге шақырды. Мамыр айының соңына қарай комитет шақыруына үн қосқан Алматы уездік Қазақ комитеті, Кереку мұсылмандар комитеті секілді ұйымдардан және жеке адамдардан 14716 сом жиналды [78]. Алматы, Қарғалыда ашылған тамақтандыру пункітінде босқындар 57 күн бағылды [68, 133-б.]

«Бірлік туы» газеті тілшісінің хабарына қарағанда, Пішпек уезіндегі 800 үй шамалы дүнгендер екі айдан аса 1700-дей аш қырғыз бен қазақты асырап, Ахун Маңкүй бас болып, азық-түлік жинап беріп, үстеріне күрке жасауға 20 мың бау қамыс және отын-су тасуға 7 арба мен жігіттерін қоса береді [79] (газет тілшісі Ахун Манкүй деп Қарақоңыз (қазіргі Қордай ауданының жерінде) дүнгендерінің болысы Булар Магуевті [80] атап отыр).

Қараша айында босқын қырғыз-қазақтарға жәрдемді күшейту үшін қазақ зиялылары айлықтарының 5 процентін босқындар пайдасына беріп отыруға шешім қабылдады. Бұдан біраз бұрын үкіметтің қазынадан 11 млн.150 мың сомды Жетісу облысы тұрғындарына жәрдемге бөлу, оның 6 млн.150 мыңын – қоныс аударушы орыстарға, 5 млн. – жергілікті халыққа, әр түтініне 100 сомнан беру ұйғарылды [81]. Бұл қаражат бір үйдің мұқтажын өтеуге, әрине, жетпейтін еді, сондықтан «Қазақ» газеті, Қазақ комитеттері арқылы жеке адамдардан да жәрдемдер жиналып, тиісті орындарға жіберіліп тұрды. Бірақ төрт жылға жақын соғыстың ылаңы мен қымбатшылық зардабын тартқан Түркістан халқы арасында 1917 жылдың сәуіріне қарай аштық басталды.

1916 жылдың аяғынан бастап өлкеге астық әкелудің қысқартылуы, ал мал басының, керісінше, шамадан тыс әкетілуі (соғыс қажетіне арналып), 1917 жылғы жұт пен құрғақшылық – бәрі қосылып, Түркістан өлкесі халқының ашығып, «1917-1918, тіпті 1918-1919 жылдары да қалаларға шұбыра ағылуын күшейтті» [82, 74-б.].

Сырдың аш қазақтарын қырғыннан құтқару үшін Қазақ комитеттері ұйымдастыруымен жылу комитеттері, асханалар ашылды. Семей облысының Алаш қаласында облыстық Қазақ комитеті мен жастардың «Жанар» ұйымы бірігіп 1918 жылы 5 наурызда басшылығы 5 кісіден тұратын жылу комитетін құрды. Комитеттің құрметті бастығы Ә. Бөкейхан мен

М. Боштайұлы, төрағасы М. Дулатов, орынбасары Ж. Аймауытов, хатшысы М. Әуезов, қазынашы Ғ. Есіргенов, тағы бір мүшесі Ғ. Қоснейұлы болды [60, 4-б.]. Комитетің ережесі «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналында басылып шықты. Ережеде комитет басқа жерден де өз бөлімдерін ашады деп көрсетілген.

Семей облыстық Қазақ комитеті аштық пен аурудан есеңгіреген елді қоныс аударушылардың талап-тонауы тоқтатылмай тұрғандығына қынжылыс білдіре келе: «Жетісудағы қазақ, қырғыз, өзіңді-өзің сақтамасаң, сендерді қорғайтын үкімет жоқ деп біліңдер. Баяғы заман өткен, жақсылықты аспанға қарап, жоғары ауылдар өзі әкеліп етегіме салар деген үміттен безу керек. Ұлт қазынасына пұл жинап қазақ жігіттерінен милиция жасау керек», – деп түйіндейді. Елді қорғаудың басты жолы болыс басы 40-50 милиция сайлап, зорлыққа қарсы өз бетінше әрекетке көшуге шақырды. Осы зорлықты көргендей боламыз ба деп Қазақ комитеттері қам жасап, Семейде 120 қазақ жігіттерін (милиционерлерін) үйретуге бір офицер алынғандығы баяндалады [83].

Қазақ комитеттерінің қазақ милициясын құрып, қорғаныс жасауға ұмтылуына 1916 жылғы бүліншіліктен соң, ұлт аралық қатынастың барынша шиеленісе түсуі, ал оны шешуге жаңа үкіметтің асықпауы себеп болды. Соғыстан қашқан солдаттарға, ақ билеттілерге (майданнан босатылғандар), қарақшы топтарға айдың күні аманда «ауылдарды шауып, малын-мүлікті тонау ойыншық есебінде болатын болды» [84].

Покровский селениесінің шаруаларының 30 адамдық қарақшы тобы 6-7 маусымда Турфаннан оралған қырғыздардың 59 жылқысын, 32 ірі қара малын, 400 қойын тартып әкеткен [85, 7-п.]. Қарулы казақтар Қордай қазақтарының -10, Батыс Қастек болысының 30 жылқысын алып кеткен [58, 62-п.].

Верныйға жолдаған жеделхатында Пішпек уездік комиссары көмекшісі А. Сыдықов қазақ-қырғызды қыру күн сайын күшейіп кеткендігін, бір түнде Георгиевка селосында 3 сарт, Күнту болысының 3 қазағы, одан өзге 8 қырғыз өлтірілгендігін, солдаттар өз бетінше тінту жүргізіп елдің ақшасын, мүлкін тартып алып жатқандығын хабарлайды [66, 51-п.]. Мұндай көңіл аландатар мұңға толы жеделхаттар Жетісу облыстық Қазақ комитетіне, оның төрағасы И. Жайнақовтың тікелей араласуын сұрап келіп жатты. Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақовқа жеделхатында Ұзыншығар болысында 25 адамның өлтірілгендігін [58, 132-133-п.], Тоң уезінен Барсакун, Покровский селениелерінің 20 қарулы шаруалары Ыстық деген жерде 42 адамды өлтіріп, 15-ін жаралағанын, аман қалғандары Тоң Қырғыз комитетіне келіп көмек сұрап 2100 қой, 30 жылқы, 10 түйе, 7600 сомға шығатын 30 кесек күміс, 300 түйір алтын тартып алғандығын баяндаған [58, 100-п.].

Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнақов бастаған комитет мүшелері кінәлілердің жазаға тартылуын талап етіп, облыстық, одан қалды Түркістан комитетіне сұраулар салды. Бірақ орталық өкімет

араласпай, насырға шапқан істі тоқтату мүмкін емес еді. Қарулы банданы сотка тартуды тездету мақсатында селолық комитет мүшелерінен Уақытша сот құру туралы Түркістан комиссарлары М. Тынышбаев пен О. Шкапский тарапынан жазбаша екі рет жасалған ұсынысқа (жүзеге асыру әбден мүмкін болса да) юстиция министрлігі еш жауап қатпайды.

«Біздің қазақ осы күнге дейін хахолдардың зорлығына қарсы келмей хакімдерге айтып, законмен бірге іс қыламын десе де, тексеріп, хахолдан қазақтың малын қайтарып әперер һеш бір хакім таба алмады» [86], – деп «Сарыарқа» газеті көрсеткеніндей, төзім мен шыдамның шегіне жеткен оқиғалар барысы ұлттық комитеттерді мәселені дербес шешуге итермеледі. Осындай жағдайларға байланысты Түркістан комитетінің алдына сот билігі мәселесін ұлттық комитеттер қойған болатын. Мысалы, Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің төрағасы К. Әлімбаев комитет төралқасы өзінің құрамынан білімді де тәжірибелі адамдарын шығарып, халыққа жайлы сот жасауды қажет деп тапқанын, сөйтіп әкімшілікке қоса сот қызметін қатар алып жүруді өтінсе [87, 15-п.], Жаркенттегі тараншы-дүнгендердің уездік мұсылман комитеті шариғатты білетін, әрі білімді азаматтардан сот билігін құруға рұқсат сұрады [88, 26-п.]. Бірақ Түркістан комитеті: «Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетінің шешімі мүлдем жарамайды, себебі ол Қырғыз-қазақ уездік комитетінен өкімет органын жасауға соғады» [88, 25-п.], – деп жауап қайтарады. Осылайша ұлттық комитеттердің дербестікке талпыныс ресми органдардың қарсылығына ұшырап отырды. Жоғарыдағы билік органдарының кедергілеріне, мүмкіндіктерін шектеуіне қарамастан Қазақ комитеттеріне күнделікті түсіп жатқан қазаққа қатысты істер ауқымы олардың қызметін барынша күрделендіре түсті. Өздерінің қамын жейтін бірден-бір ұйым Қазақ комитеттері деп білген халық бар талап-тілегін осы қоғамдық негізде құрылған мекемелер арқылы жүзеге асыруға ұмтылды. Оның бір мысалын Том губерниясы, Змеиногор уезі, Лаптев, Успенск және Қайынды болыстығына қарайтын қазақтардан келген хат мазмұны көрсетеді. Құланды даласының қазақтары өздерінің хаттарында Семей облыстық қазақ комитетінен өздерін осы облыстың құрамына қосуын өтінген, оның себебі орыс әкімшілігінің қырын қарауы, әрі орталықтан алыстығы болса, екінші шеті ағайынмен бірге болуға ұмтылуы табиғи нәрсе еді. Осы мәселе бойынша Семей облыстық Қазақ комитетінің Томға жасаған өтінішіне ондағылар істің мәніне бармай, жерімізді бөліп алмақшы деп өре түрегелді [89, 27-п.].

Комиссар Кайдалов бастаған Кереку чиновниктері Омбы Семейден өнерлі, ғылымды, шаруасы да ретті, сондықтан Керекуді Омбыға қосу керек деген мәселе көтереді. Бұған жауап ретінде Семей облыстық Қазақ комитеті халық еркі болмайынша қазақ жерін әкімшілік жағынан бөліп жаруға болмайтындығын, Павлодар қазағы мұны мойындамайтынын алға тартып, ел мүддесін қорғап бақты.

Ал Жетісу облыстық Қазақ комитетіне Ескі Іле, Мойынқұм, Кіші Алматы қазақтары казақтардың шабуылынан қорғайтын пана іздеп келсе [58, 100-п.], Пржевальск уезінің қырғыздары атынан И. Арабаев пен Қ. Телтаевтар

Тоң бөлімше комиссары А. Тюковтың орыс-қырғыз қатынасын реттеуден қашқақтайтынын, әрі қырғыздардың жайын да, тілін де білмейтінін айтып, оның бұл жұмыстын босатылуына шара қолдануға шақырды. Жетісу облыстық Қазақ комитетінің араласуымен Тоң бөлімшелік комиссары болып қазақ-қырғыздың тұрмыс тіршілігімен жақсы таныс А.И. Винтовкин, орынбасарлығына облыстық комитеттің өкілі Мақсұт Солтаев сайланады [90, 5-8-пп.].

Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті 1917 жылы 28 мамырда бірінші болып, тату көршілік қарым-қатынасқа шақырып, орыс тілінде үндеу таратты [66, 59-п.]. Осы ұйымның 1918 жылы 27 қаңтардағы тағы бір үндеуінде орыс шаруаларына арналған мынадай жолдар бар: «Егер достық қолдарыңды уақытында созбасаңдар, онда өздеріңе-өздерің жау болғандарың. Зорлық, ұрлық жасаушылар және күш көрсетушілер халықтың жаулары... Қырғыз-қазақ комитеті сіздерге қырғыз халқымен бірігуге көмектеседі» [91, 9-п.].

Қазақ комитеттерінің орыс жұртына астық жинауға көмек ұйымдастыруы да екі арадағы үзілген жіпті жалғауға жасалған алғашқы қадамы болатын. Әсіресе, азаматтары соғысқа кетіп, жетім-жесір қалған орыс отбасыларына жұмысшы қолы ауадай қажет еді. Бірақ екі ел арасына түскен сызаттың табын жою, екі жақты мәмілеге келтіру оңайға соққан жоқ. Өткен жылғы қырғыннан сескенген қазақтар жігіт беруге қиналса, орыстар оларды селениелеріне жіберуге қорықты. Қиын жағдайдан Қазақ комитеттерінің жақсылықтың екі жаққа ортақ екендігін жалықпай түсіндірген өкілдерінің еңбегі алып шықты.

Семей облыстық Қазақ комитеті ел ішіне жұмысшы қолын ұйымдастыру үшін Мұстақым Малдыбаевты, Жетісу облыстық Қазақ комитеті Серғозиев пен Сіргебаевты – Алматы облысының шығыс жағына, ал батыс бөлігіне Тоқсанбаев пен Ниязбековты жіберді [75, 64-п.].

Қазақ комитеттерінің үгіт-насихат жұмыстарының арқасында Семей облысының Александровский болысындағы 100 қаралы жігітке қосымша тағы да 70 шамалы жігіт берілді. Бесқарағай елі 250 жігіт шығарып, мұның 50-ін Сосновский болысына, 200-ін Александровский болысына бөлді. Өзінің сахара даласындай пейілінің кеңдігін, адамгершілік рухының жоғарылығын қазақтар осы қиын тұста да көрсете білді. Орыс отбасыларының ақы төлеуге жағдайлары жоқ екенін білген Семей қазақтары өз жанынан 25-30 сомнан қосып, жұмысшы жалдап берсе [92], ал комиссар Бабкин Пішпек қазақтары тіпті тегін көмек беруге дайын екендігін мәлімдеген [58, 82-п.].

Орыс отбасыларын егін жинауда жұмысшы қолымен қамтамасыз ету, Орал, Ақмола облыстарында да жүзеге асырылды.

Орыс пен қазақ арасында үлкен дауға айналған мал ұрлау, әсіресе жылқы ұрлау ісін тоқтатуға да Қазақ комитеттері жетекшілері білгірлігі мен жігерін аямады. Ел басқарудың халықтық тәжірибесі мен білімін ұштастыра білген Қазақ комитеттерінің жетекшілерінің бірі С. Аманжолов

болды. Үржардағы бөлімшелік Қазақ комитетінің төрағасы, сот төрағасы С. Аманжолов орыс пен қазақ арасындағы мал дауын, әсіресе жылқы ұрлау әрекетін тоқтату үшін алдымен қазақ арасындағы жылқы барымтаушылардың 18 басшысын анықтап, билер съезін шақырып, мәселені көпшілік талқысына салды. Жиналыс барысында жылқы ұрлаумен күресу бөлімі ашылды. Халықтың арасына іріткі салушы би-болыстар қызметтерінен алынып, ел ішіне тәртіп кіргізілген соң, С. Аманжолов Үржар уездік атқару комитетімен осы мәселе бойынша келіссөздер жүргізді [72, 67-70-пп.]. Ал Алматы уездік қазақ комитетінің төрағасы Шегіров қазақтар мен казактар арасындағы жер-су мәселесі бойынша Үлкен Алматы станицасы атаманы алдына қазақтарды жәбірлеуді тоқтату шараларын қолға алуды қойды [93, 96-п.].

Орыс пен қазақ арасына көпір салушы іспетті тілмаштардың адалдығы, іскерлігі, ел қамын ойлауы ұлтаралық қатынасты жақсартуда үлкен рөл атқаратын еді. Сондықтан, Қазақ комитеттері ресми органдарға тілмаштыққа кешегі патша заманындағы алаяқ кулардың өтіп кетпеуі үшін адал азаматтардың кандидатурасын өздері ұсынып отырды. Мысалы, Ақмола облыстық Қазақ комитеті Дала генерал-губернаторлығы бойынша комиссардың мекемесіне: ауызша және жазбаша аудармашы қажет болса, Ақмола облыстық қазақ комитетінің мүшесі Мұхтар Саматұлы азаматқа жолығыңыздар», – деп жөн сілтеп, мекен-жайын көрсетеді [93, 96-п.].

Ұлттық қатынастарды реттеудегі Қазақ комитеттерінің игі істері олармен билік етуші органдардың санасып отыруына мәжбүр етті.

1917 жылы 5 маусымда Семей облыстық шаруалар және казактар съезінің күн тәртібіндегі қазақ-орыс мәселесі облыстық Қазақ комитеті өкілдерінің қатысуымен қабылданды. Съезде құттықтау сөз сөйлеушілер арасында облыстық Қазақ комитетінің өкілі Х. Ғаббасов болды. Осы жиылыста екі жақ орыс-қазақ мәселесі бойынша келістіруші (примирительная) комиссия сайланып, оның қарамағына: егін мен пішенге мал түсу, жер туралы жанжал, ағаш кесу, ұрлық туралы анықтама, келісім шарттарды орындамаушылық, шығынды анықтау, алдын ала анықталған, бірақ аяқсыз қалған жұмыстарға төленген пұлды қайтару және тағы басқа істерді қарау кіргізілді [94, 219-220-пп.]. «Бұл дұрыс, әділ қаулы, – деп бағалады «Сарыарқа» газеті, – екі жағынан үш-үштен бола ма, төрт-төрттен бола ма, бірдей кісі шығып, кеңесіп бітірмек. Бұ кісілерді ел сайлайды. Біздің қазақ ескі, ұшты-қашты, жаман мінезді тастап, ағайыншылыққа келіп, берекеге жанасатын іс қылуы керек. Орыстың түзуі де – түзу, қисығы да түзу болмайды. Заман – әділдік заманы».

Торғай облысында өткен мұжық-қазақ съезіне қатынасқан комиссар Ә. Бөкейхан: «Айуан жоғалған өкіметтің саяси әдісімен қазақ пен мұжық біріне-бірі жау болды. Өткен қыс қазақ жеріне әскер шығарып, қазақты шапты. Міне, жұрт өзі бас қосып, айтысып еді, әділ жол туысқаны шыға келді» [47, 242-б.], – деп жазғанындай, қазақ пен орыс өкілдерінің мәселені ортаға салып, жан-жақты қарастыруы – ұлттық қатынастағы тығырықтан

шығарар, тату көршілікке бастар сара жол болатын. Осы сара жолды таңдай отырып, Қазақ комитеттері өзінің қызметін елдегі саяси ахуалдан туған шиеленістерді жергілікті халық мүддесі тұрғысынан шешуге, әрі тыныштық пен ынтымақтың, бірлік пен берекенің орнауына бағыттады.

1917 жылдың басы империалистік отарлау саясаты шығыршығы әлі де тоқтамай, Қазақстанда жер мәселесінің барынша шиеленісіп тұрған кезі еді. Ауыл шаруашылығымен 98,8 проценті айналысатын қазақ халқының [95, 3-б.] тұрмысында жердің тапшылығы, тарлығы қатты сезіле бастады. Ел өссе де, жер өспей, өз жерінде қысымшылық көрген халықтың «ішкі наразылығы ұлғая келе, ашық толкуларға ұласты» [96, 26-б.]. «Қазақ даласының тынышы кетті. Оның әр түкпірінде қазақтар мен казак-мұжықтардың қақтығысы болуда. Даланың әр жеріне жуасыту үшін казактар жіберілуде. Семей облысы, Өскемен уезінің Бөкен деген жерінде 25 маусым күні қазақтарды күштеп көшіруге казактардың жүздігі арнайы аттандырылды. Көшіру аймағы 29 мың десятинаны қамтиды. Көшіруге сылтау – қазақтардың мал табыны орыс тұрғындарының егініне түспекші», – деп жазды сол уақыттағы газеттердің бірі [97, 147-б.].

Қоныс аудару басқармалары қазақтың «басы артық жерін» осылайша көбейте түсті. Мұжыққа, монастырьға, кабинетке, казынаға тағы басқаға деп кесіп алынған жерлер де аздық қылып, енді қазақтарды егін егіп, мал баққан шұрайлы жерлерінен айыру ашық жүргізілді. Қоныс аудару саясаты құрығының алысқа кеткені сонша, «қолынан келгендер конышынан басып», алып сатарлық мақсатында меншігіне иелік алып, асыра асап жатты [98, 78-б.].

«Меженің мәнін ұға алмай, далада өскеннің бәрі малы барлардың ортақ игілігі деп түсінетін даланың еркін ұлы, қазақтар» енді казактардың күзетіне қарамай Жайықтағы казактардың жайылымын баса көктеп [99,95-б.], Түркістанға қоныс аударушыларға алып берілген бұрынғы арықтарын, шабындықтарын қайта тартып алып жатты [41, 161-162-бб.].

21 сәуірде үкімет Егіншілік министрлігі жетекшілігімен қызмет қылатын мемлекеттік органдар – жер комитеттерін ашу туралы қаулы қабылдады. Оларға мемлекет негізінен құратын Құрылтайға депутаттар жиналып, бас қосып, түпкілікті заң жасағанша жер жұмыстарын басқара тұру жүктелді [100,100-б.]. Орталықта Бас жер комитеті құрылды. Жер-жерлерде облыстық, уездік жер комитеттері, ал болыстарда халықтың немесе уездік комитеттер бастамасымен құрылды.

Бас комитетке жер реформасына қажетті мәліметтерді жинауға басшылық ету, жалпы жобаны құрастыру тапсырылды.

Бүкіл елдегі сияқты қазақ жерінде ашылатын жер комитеттері орталық өкімет орындарының шешімдерін жүзеге асыруы, жерге талас туа қалса, татуластырушы комиссия құруы, ең бастысы қазақ жерді қалай пайдаланып отыр, жерге мұқтаждығы қандай екендігін айтып, мәліметтер жинауы керек болды. Жер комитеттеріне елдің жайын, жер мұқтажын білмейтіндер кіріп алып, қазақтың сыртынан тон пішіп, өлшеп-кесіп қоймауы үшін жер

комитеттеріне қазақ өкілдерін кіргізу аса қажет болды. Сондықтан Қазақ комитеттері жер реформасына даярланар шақта жергілікті жер комитеттері қызметіне, жалпы жер мәселесіне жіті назар аударды. Жер мәселесіне байланысты Қазақ комитеттерінің ұстанар бағытын Ә. Бөкейхан былайша белгілеп берді: «Жер, жер дегенде, мұжық та, қазақ та ішкен асын жерге қойды. Жер туралы көрген зорлық көп. Жер десе, дірілдемей болмайды. Сонда да жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры. Жер ісін ала қашты тартып алды, тиіп кетті қылмай, ақылмен, сабырмен атқарған оң. Құрылтай жиналысы шейін жұрт шыдап, татулық қылған ғұмыр-жұртымыздың ілгері тілегіне жөн» [47, 238-б.].

Жұрт асыға күткен, қазақ үшін ауадай қажет жер мәселесінің түйінін шешу Құрылтай жиналысына қалдырылғандықтан, қазақ комитеттерінің жер жөніндегі ұстанған басты міндеттері мынадай шаралардан тұрды: орыс қоныстанушыларын көшіріп әкелуді дереу тоқтатуға және қоныс аударушыларға арнайы бөлінген, бірақ әзірге олардың қолына өте қоймаған жерлерді шұғыл қайтаруға күш салу, жер дауын ушықтырмай Құрылтайға дейін ел арасында тәртіп пен тыныштық сақтауына күзетші болу. Бұл бағдарлама Орынборда болып өткен бірінші жалпы қазақ съезінің жер туралы: «Қазақ халқы өзі еншілі жерге орнығып болғанша, қазақ жері ешкімге берілмесін, қазақ даласында жарамды жер аз болғандықтан қазақ пайдасынан алынып кеткен жерлер өзіне тоқтаусыз қайтарылсын, переселен орныққан учаскелер де, бос тұрған сыбаға жерлер де қазақтың өзіне тоқтаусыз қайтарылсын, қазақтан алынған қыстаулар, шабындықтар өзіне қайтарылсын» – деген қаулысымен үндесіп жатты [100].

Қазақ комитеттері өкіметке арка сүйеген келімсектердің зор қиянатынан елінің мұң-мұқтажын қорғады. Өрши түскен жер дауынан қабырғасы қайысқан, күйі кеткен қазақты көріп, шыдап отыруға шара қалмады.

Еркінсіген казақтар қазақтың ата-жұрт мекенінде жүргенін тіпті ұмытқандай, «бұл біздің қан төгіп, соғысып алған жеріміз» деп [101], Орал облысы Калмыков поселкесінде қазақтарға өздерімен бірдей мал ұстауға тиым салып, Жайықтың арғы бетіне малдарын үш күн ішінде айдап әкетуін талап еткен, олай болмаған күнде өзіміз айдаймыз деп қоқан-лоқыға басқан [102]. Олардың бұл әрекеті «есіктен кіріп, төр менікі» дегеннің керін келтіргендей еді. Мұндай жағдайларда Қазақ комитеттері қол қусырып отыра алмады.

Орал облысының Гурьев уездік атқару комитеті қазақтар малының қыстан зорға шыққандығын, енді уездегі бар шөп корын урядниктердің қымбат бағаға сатып әкетіп жатқандығын көріп, Доссор поселкелік атқару комитетінен дереу бұл істің тоқтатылуын, әрі қазақ жеріне өзгелердің малының жайылмауын талап етті [103].

Қармақшы қазақ ұлттық комитеті 1914-1915 жылдары Қармақшы қаласына деп қазақтардан алынған жерлерді, сондай-ақ Қоркыт, Қаратоғай, Елшібай елді мекендері маңындағы тоғайларды жерінен айырылған қазақтарға Құрылтайға дейін тегін пайдалануға беруді және бұдан былай

қазақтардың есебінен жер мәселесін шешуді шұғыл тоқтатуды қатаң ескертіп, заңсыз тартып алынған жерлері үшін қазақтар өзінің құқын қоғап, заң орындарына жүгінуі тиіс деп шешті [104].

Семей облыстық Қазақ комитеті қазақ халқына жерсіз жарық күннің қараңғы түнмен тең екендігін білдіре келе, бейқам жатпай жер жайын ойлау керектігін, хұқылы жері тартып алынып, жапа шеккендер болса, шолақ арызбен шектелмей, шаруасы жайлы толық баяндама жазып, онда: жер мөлшері мен жан есебі, кесілген һәм қалған жер қанша, жердің топырағы қандай, су қандай, жері таулы ма, сортаң ба – бәрін көрсету қажет деп түсіндіріп, бұл мағлұматты облыстық жер комитетіне, болмаса, облыстық Қазақ комитетіне салып жіберуді сұрады [105].

Жетісу облыстық Қазақ комитеті де Құрылтайға барған депутаттар өз жерінің мұн-мұқтажын ортаға салатынын, егер мұндай мағлұматы болмаса, жіберген депутаттар тиісті тәртіпті кіргізе алмайтынын айтып, жер туралы мағлұматтар жинауға кірісті. Жердің жақсысы кетіп, жаманы қалған себепті, қазақ-қырғыздың жерге мұқтаж болғанына бірінші дәлел – орыстардың һәм қазына учаскелерінен жер сатып алып, пайдаланып отырғаны. Өзінің жері көп, жеткілікті болса, жерге қазақ-қырғыз шығындалмас еді. Міне, осы сияқты һәр бір сөзге дәлел һәм құжат керек, тезірек Алматыдағы областной Қазақ-қырғыз комитетіне еліміздің хал-ахуалынан басынан аяқ хабар жіберсеңіздер», – деп түсіндіре отырып, комитет мағлұмат-хабарлама кестесінің үлгілерін көрсетіп берді [54, 3-4-пп.].

Ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялылары аграрлық саясат, атап айтқанда, қоныс аудару саясатының әділетсіздігі туралы ештеңе айтпады дейтін кейбір ғылыми тұжырымдардың [106, 84-б.] терістігін Семей облысы Қазақ комитетінің Қазақ халқына арнаған мақаласында: «Бұрын переселен мекемесі қазақ шаруасының жайына қарамай, жерін кесіп мұжыққа, мал өсірушіге, ешкім алмаған жерді жалдап қазақтың өзіне, я болмаса, кім кез келсе, соған берді. Мәселен, Зайсан уезінде Сорокин деген неше болыс ел жайлайтын «Шіліктіні», ең аяулы, жақсы жерді жалға алып отыр. Мемлекетке қазақтың малы, қазақтың шаруасы керек екені даусыз, бір Сорокин мал өсіреді екен деп, канша елдің шаруасын күйзелтуге болмайды. Сорокин секілді жерді бостан-босқа құры орыс едім деп алып отырғандар аз емес» [105], – деген мәлімдемесі дәлелдейді.

Кейбір қазақ комитеттері қоныс аудару саясатының қол шоқпары – қоныс аудару басқармаларын сынға алып қана қоймай, тіпті, басы артық ұйым ретінде бір жола жауып, жойып жіберу талабын да қойды. Мысалы, Жетісу облыстық Қазақ комитетінің мүшесі, Жетісудағы білікті зиялылардың бірі, жер жайын жақсы білетін ғалым-агроном Сатылған Сабатаев төрелік етумен өткен қазақтардың Жетісу облыстық екінші съезінің қаулысында: «Қоныс аудару басқармасының иемденуі нәтижесінше жерсіз қалған Жетісу қазақтарын жерге орналастыру жуық арадағы басты міндет болғандықтан қазіргі таңда отарлау қорын құру мәселесі тіпті қажетсіз. Жерге орналастыру мәселелерін ендігі жерде

қоныс аудару басқармасы емес, Құрылтай жиналысына жер реформасының жалпы негізін даярлайтын жер комитеттері аткарады. Жаңа қоныс аударушылар да болмайды, ал қоныстанып қойғандардың әкімшілік және шаруашылық құрылымы болашақ земство қолына өтпек. Ендігі жерде Жетісу облысындағы қоныс аудару басқармасына істейтін түк жоқ, сондықтан ол жойылуы тиіс, ал оның қарамағындағы дүние мүлкі мен қаражаты земствоға және жер комитеттеріне берілуі қажет» [107, 83-п.], – делінген.

Құрылтай жиналысында қабылданған жер реформасынан үлкен үміт күте отырып, Қазақ комитеттері енді бұрын заңсыз алынған жерлерге сұрау сала бастады. Бұрын «артық жер» деп алып қойған, бірақ ешкім қоныстанбаған қазына жерлерін уақытша жергілікті халыққа алып беру шаралары кеңнен жүргізілді. Бұл істі жер комитетіне кірген Қазақ комитетінің өкілдері атқарды. «Қазақтардан жер сұраған өтініш-арыздар жер комитетіне жиі түсіп жатыр, – деп хабарлайды «Сибирская речь» газеті, – облыстық жер басқармасына қазыналық бос жатқан жерлер нәсіліне, ұлтына қарамастан жергілікті барлық егінші халыққа пайдалана тұруға берілетіндігін айта келіп, облыстық қазақ комитеттерінен елді тыныштандырып, уақытша пайдалануға берілетін жерлердің әділ бөлінуі үшін қолғабыс етуді өтінді» [108, 44-п.]. Ақмола облыстық Қазақ комитеті облыстық жер басқармасы өтінішін қуана құп алып, қазақ халқының мүддесін қорғайтын өз өкілдерін жер комитеттеріне және татуластырушы комиссияға (примирительная комиссия) жіберді.

Қазақ даласында болыстық деңгейде де жер комитеттері жұмыс істей бастады. 1917 жылғы 28 маусымда Торғай облысы Талды болысының азаматтары өз болыстық жер комитетін ашып, басқармасына төраға етіп Сәтбай Тоқаловты сайлады [109, 31-32-пп.].

Семей облыстық жер комитеті төралқасы құрамына облыстық Қазақ комитетінен Халел Ғаббасов [110, 19-п.], жер комиссиясы төрағасы болып Райымжан Мәрсеков [111, 6-п.], ал Жетісу облысында облыстық жер комитетіне Төленбай Дүйсенбаев мүше болып кірді [112, 66-п.].

Дегенмен, кей жердердегі жер комитеттері өз құрамына жергілікті халықтан өкілдер кіру керектігін каперіне де алған жоқ. Ондай ұйымдардың жұмысында әділетсіздікке жол беріліп, жергілікті тұрғындардың құқығы аяқ асты етілді. Мұндай жағдайлар жер комитеттеріне деген реніш, наразылық тудырды. «Уездік деп аталатын, бірақ құрамында бірде-бір қырғыз өкілі жоқ Пржевальскідегі жер комитеті қара қырғыз жерін арендаға беріп, алыпсатарлықпен айналысып отырғандықтан жойылсын» [107, 76-п.], – деген үкімді жергілікті қырғыз халқы Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің төрағасы атына жолдады. Тоң-Семізбел және Торайғыр аудандарын арендаға бергенде уездік жер комитеті байырғы тұрғындардың өз жерінде өгейсіреп қалған халін ескерместен, халық еркіне қарсы жүрді.

Жаркент уезінде облыстық жер басқармасының төрағасы Гончаровский

тапсырмасымен қазақтар мен орыстар арасындағы мәселелерді реттеуге барған Войшивилло жергілікті ұйымдарға бас сұғып, ақылдаспастан, өзім білемдік қылып, орыс селолары арасында тұрған қазақ жерлерін ойып алып, орыс казактарға уақытша пайдалана тұруға деп үлестіріп, жергілікті халықты егін-жайсыз қалдырды [113, 1-п.]. Жаркент уездік қазақ комитетінің төрағасы Т. Есенғұлов Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы И. Жайнаковқа Вайшивиллоның кесірінен төрт болыс ел мүлдем дәнсіз қалды деп хабарлады [75, 66-п.]. Орыс қоныстанушыларын жарылқап жүрген Жаркенттегі қоныс аудару мекемесінің бұрынғы бастығы Вайшивиллоның бұл әрекетін комиссар О.А. Шкапский теріске шығарып, кесінді жерді кері қайтаруды шұғыл тоқтатуды талап еткенімен [114, 46-п.], қазақтардан күштеп алынған жерлер байырғы жұрт пен қоныстанушылар арасында өшпенділік қатынасты туғызып, қазақтардан қоныс аударушыларға басқыншы ретінде қарауына негіз болды.

Қостанай уезінде қазақтар қоныс аудару мекемесінің іс қағаздары мен қаражатын тартып алды [115, 25-п.]. Керекү, Қарқаралы уездерінде өздерін жерлерінен ығыстырған кулактарға жауап ретінде қазақтар олардың егіндерін бүлдіріп, ұрып соқты [116, 223-б.]. Жетісуда жер мәселесінің шешілмеуінен қазақтар да, казактар да, қоныстанушы мұжықтар мен мещандар – бәрі наразы еді [97, 66-б.].

1917 жылы тамыз айында Ташкентте өткен Түркістан мұсылмандары мәжілісінде қырғыз-қазақтарға өзінің бұрынғы иеліктеріне қоныстануға мүмкіндік беру керектігі баса көрсетілді [117].

Ел ішінде дау-шар өрши түсті. Мүмкіндігінше оның алдын алу мақсатында, Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін бір мәміле табу үшін Ташкентте «Түркістан орыс қоныстанушысы – қазақ кеңесі» – деген ұйым құрылды [41, 161-б.]. Бұл ұйымның төрағасы Мұстафа Шоқай болды, ұйымның мүшелері казактар мен орыс қоныстанушылары өкілдерінен тұрды. Жер мәселесіне байланысты істерді тексергенде, екі жақ өз талап-тілектерін ортаға салып, анық-қанығын айқындап, даудың бейбіт шешілуіне ықпал етіп отырды.

Пішпек уезіндегі Кегеті казактары мен Шамсы болысының қазақ-қырғыздары арасындағы жер дауын шешу үшін Жетісу облыстық мұсылман съезінің қаулысымен 1917 жылы 6 қазанда Ерекше комиссия құрылды. Оның құрамына Жетісу облыстық Қазақ комитетінен М. Мураталин, комиссар Филоненко, әкери кеңес өкілдері Д. Приезжаев, А. Иванов және басқа да казактар мен қазақ-қырғыздар кірді [118, 9-10-пп.]. Жер дауына байланысты құрылған осындай комиссиялардың жұмысы жайлы М. Тұрғанбаев былайша баяндайды: «Өскеменнің оңтүстік жағындағы Шар өзені бойындағы мұжықтардың «казақтардан зиян шегіп жатырмыз» деген арыздары жаңбырдай жауған соң, П. Костовпен екеуімізді 6 маусымда орыс пен қазақ дауын бітіру үшін облостной қазақ комитеті мен орыс Делбегкомитеті шығарды.

Делбегетей тауының күнбатыс жағынан Шардың жағасында Таувин деген мұжық қаласы бар. Таувин қаласы – 63 үй. Иемденген жері 17670 десятина, үй басына бөлгенде 280 жарым десятинадай келеді. Бір үйде 4 еркек бар деп есептесек, ер басы 15 десятина жер беріледі дегені қайда? Бұл жердің бәрі – Делбегетей болысы 8 – ауылдың жері. Олар – 100 үй. Іргесін батыра шабар шалғыны жоқ. Таувиндер бізге 8 – ауылды шақты: «жерімізге баса қонып, егін-пішенімізді жеп қойды.» деп». Біз барып қарасақ, егін-пішен аман, жерге өздерінен сұрап конған болып шықты. Таувиндер ұялып қалды, отырған орындарынан коныс берді» [119].

Жаркент уезінде Н. Бекимов орман күзетшілері қазақтарға отын мен жайылым, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына қажетті ағаш бермей жатқандығын орманшылар одағы кеңесі, облыстық жер басқармасы алдына қойып, ақыры қазақтарға құрылысқа қажет ағашты тегін алуға, мал жаю үшін ешкімге бөлінбеген орман алқаптарын пайдалануға және қаражатсыз қазақтардың алым-салықтан босатылуына рұқсат әперді [107].

Жергілікті халықтың мүддесін қорғап, Қазақ комитеттері жер мәселесінде осындай игі шараларға қатысты. Жер мәселесін түпкілікті шешпейінше, халық мүддесі бір жақты болмайтыны айқын еді. Қазақ комитеттері де, жұрт та бар жақсы үмітті құрылтай жиналысынан күтті. Құрылтай жиналысына үміт арта отырып, қазақ комитеттері қазақ халқының ғасырлар бойы шешілмей жатқан жер мәселесіне қатысып, бетінен қағу көрмеген коныс аудару мекемелеріне бірден-бір қарсы тұра алатын күштің қазақ даласында қалыптасып келе жатқандығын көрсете берді. Енді олар бар күшін Құрылтайда қазақ жерін қорғап алуға дайындап жатты.

Жер жайының шиеленісуінен ауылшаруашылығының өнімділігінің төмендеуі, мал басының кемуі, әрі I дүниежүзілік соғыс зардабы орталықта да, оның Қазақстан секілді аймағында да азық-түлік дағдарысын туғызды.

Торғай облысында 1913 жылдан 1915 жылдар аралығында егістік көлемі 568445 десятинаға қысқарып, мал саны осы мезгілде 259755 басқа, ал бір ғана Орал облысында 1917 жылы 391171 басқа кеміген [120, 163-б.]. Қазақ үшін жүрсе – көлігі, кисе – киімі, ішсе тамағы болатын мал басының азаюы елді аштыққа ұрындырды. «Өлке экономикасының негізгі саласы – ауылшаруашылығының күрт төмендеуінің де бір себебі көшпелі халық арасындағы аштық болды»[121, 163-б.].

1917 жылға қарай бағаның шарықтап өсуі, ел ішінде алыпсатарлықтың етек алуы, ең керекті тұрмыс заттарының зәрулігі – бәрі қосылып, халықтың тұрмыс жағдайын бұрынғыдан да ауырлатып жіберді. Түркістан өлкесінде 46,5 мың пұттан астам астық жетіспеді [122, 34-б.]. Ақмола және Семейде 1916 жылдың қаңтарынан 1917 жылдың қаңтарына дейін бидай ұны 250 процентке, ет 200 процентке көтерілді. Жетісу облыстық қазақ комитетінің хабарлауынша, 1917 жылы Алматыда бір нан 6 сом, ал қой 12 сом болды [123, 3-п.].

Азық-түлік дағдарысы төмендей түсті. Уақытша үкімет азық-түлік комитеттерін ашу туралы 1917 жылы 3 наурызда қаулы шығарды. Азық-түлік

комитеттерінің облыстық, уездік бөлімдеріне әр түрлі жергілікті қоғамдық ұйымдар өкілдері кірді. Бұл ұйымның негізгі міндетіне азық-түлік істеріне жетекшілік ету және орталық өкіметтің армия мен халық қажеттілігіне арналған тапсырмаларын орындау жұмыстары кірді.

Азық-түлік комитеттерін құру бастамасы губерниялық земство басқармаларына, ал земствосы жоқ Кавказ, Польша, Прибалтика және Қазақстан сияқты елдерде қалалық думаларға тапсырылды [124, 413-б.].

Азық-түлік комитеттері елге тарататын кездеме, былғары, қант шайға, ұнға нақты баға белгіледі. Бұл баға базардағы бағадан екі-үш есе арзан еді [125]. Құр сөзден бөз артық болып тұрған заманда аш-жалаңаш халыққа азық-түлік комитеттерінен керек-жарағын әперіп, шет қалдырмау ісі тағы да Қазақ комитеттерінің мойнына түсті.

Азық-түлік комитеттерінің жергілікті тұрғындардың қажеттерін ескеруі, халықтың санына қарай үлесін әділ алуы, кейбір пысықтардың елдің үстінен күн көруіне жол бермеу секілді істерге Қазақ комитеттері араласуы әбден қажет болатын.

Қазақстанда азық-түлік комитеттері 1917 жылдың сәуірінен ашыла бастады.

Ақмола облыстық азық-түлік комитеті Ақмола қалалық думасының жиналысында 7 тамызда құрылды.

Қаладағы әртүрлі ұйымдардан 21 адам мүшелікке өтіп, облыстық қазақ комитетінен С. Омаров сайланды [108, 27-29 пп.]. Ал осы облыстық Омбы уездік азық-түлік комитеті Сібір казактары әскери басқармасының, шаруалар депутаты Кеңесі және Ақмола уездік қазақ комитетінің біріккен жиналысында сайланып, оған қазақ комитетінің мүшелері Е. Мұқышев, О. Жүсіпов кірді.

Семей облысында азық-түлік комитетіне облыстық Қазақ комитетінен А. Қозыбағаров енген-ді [126].

1917 жылы 29 сәуірде құрылған Үржар уездік азық-түлік комитетіне мұсылман фракциясы С. Аманжолов, Ғаббасов, Көшкінбаев, Абдурашидов, Мұхамеджанов сияқты азаматтарды өткізді [34, 83-п.].

Жер-жерде ашылған азық-түлік комитеттеріне қазақ комитеттері ұлттық қоғамдық ұйым ретінде өкілдерін жіберіп, солар арқылы жұрттың тиесілі үлесін алуына көмектесті. Азық-түлік комитеттерінен қазақ болыстарына берілетін керек-жарақты жұрттың қолына табыс етуде Семей облыстық Қазақ комитеті мүшелері тамаша бастама көтерді. Алғашында берекесіздікке жол беріліп, ауылдардан кім болса сол мөр басылған қағаздарын көрсетіп, керек-жарақты әкетіп, халықты құр алақан қалдырды. Мұндай облыстық азық-түлік комитетіндегі бассыздықтың жолына облыстық қазақ комитеті тосқауын қойды. Семей облысы, Семей уезіне қарайтын қазақтардың үлесін Қазақ комитеті алсын деген қаулы шыққан соң, комитет басшылары азық-түлік комитеті алдына өз талаптарын қойды. Бірақ ондағылар көнбегендіктен, өз бағасына алып тарату қажет деп келіседі. Қазақ комитетіне қажетті азық-түлік, керек-жарақты облыстық азық-түлік

комитетінен сатып алуға Алаш қаласының ақ жүрек азаматтары қаражат жинап берді. «Осы ақшаға Семей дуанына қараған елге ұн, шай, былғары алып, болыс-болыстың арасына таратпақ болды. Семейдің 20 болыс еліне керек-жарақ, азық-түлік апарып үлестіріп беруге қазақ комитеті 20 комиссар сайлап шығарды» [126].

Елдің азық-түлікке зәрулігін пайдаланып, кей жерде орыс шаруалары алдын ала қазақтардан үлкен сомада ақша жинап алып, кейін азық-түлік комитетінің бұйрығы – сата алмаймын деп, не уәделі астығын бермей, не ақшасын қайтармаған ауыр жағдайлар да кездесіп тұрды [34, 393-п.]. Мұндай келеңсіз құбылыстарды болдырмау үшін қазақ комитеттері қазақтардың қаражат қорларын, азық-түлік жағдайын жіті қадағалап, қамқорлығына алуына мәжбүр болды. Орал облыстық қазақ съезі облыстық Қазақ комитетіне қазақтардың қоғамдық азық-түлік қаражатын, астық қорын және астық сақтау дүкендерінің уездік комитеттер қарамағына беруін тапсырған еді [7, 44-б.].

Әулиеата уезінің қазақ-қырғыз съезі де азық-түлік мәселесін қарап, қала мен поселкелердегі орыс тұрғындарына адам басына астықты жарты қадақтан үлестіріп, жергілікті қазақ-қырғызды несібесінен қағып келген азық-түлік комитетін сынға алды. Ақмола облысына Әулиеата уезіне арналып жіберілетін 20 мың пұт астықтың: 8 мыңын орыс поселкелеріне, 4 мыңы – қалаға, қалған 8 мың пұтын қазақ-қырғызға деп, алдын ала бөліп, 200 мыңнан аса жергілікті жұртпен 20 мың орыс тұрғынын теңестіріп қойғанына наразылық білдіріп, өз алдына бөлек азық-түлік мекемесін жасауға қаулы қылды [127].

Орал-Каспий мұнай қоғамы жұмысшылары да азық-түлік комитеті орыстар мен татарларға үлестірген тауарларды қазақтарға бермей, қорлап отырғандығын айтып, Доссор милициясының бастығы, әрі ұлттық мұсылман комитетінің төрағасы А. Ақберлинге шағым түсірген [103, 67-п.].

Сырдария облыстық Қазақ Кеңесі Мерке, Шу бөлімшелерінде астық шықпай, су болмағандықтан құрап кеткенін, енді басқа жақтан шөп, астық тасып алу үшін Жетісу теміржолын Әулиеатаға шейін қалайда жеткізу қамын жасауды Түркістан комитетінен сұрады [128]. Елдегі азық-түліктің жайында Қазақ комитеттері орталыққа хабарлап отырды.

Кешегі бұратана халықтың өздерімен қатар үзеңгі қағыстыруы, оның сауатты да қайратты азаматтарынан тұратын Қазақ комитеттерінің белсенді іс-қимылы, ұлт тізгінін қолға алуға жасаған батыл қадамдары отаршылдықтың уытымен уланғандардың көзіне шыққан сүйелдей болды. Ел басшылығынан кешегі бұратана өкілдерін көру оларға өзгенің тасы өрге домалағандай, ал өздері езгіге қалғандай болды. Ескі дәстүрдің кілт бұзылғанына іштері ашыды. Енді қалайда қолдан келсе, аяқтан шалып, Қазақ комитеттерін, оның басында тұрған зиялы қайраткерлерін құртып жіберуге амал жасады. Ескі мен жаңаның арпалысқан кезінде қазақ халқының азық-түлік комитеттерінен тиесілі үлесін алып беру көп жағдайда айтыс-тартыс, дау-жанжалмен қоса жүрді. Оның қаншалықты қиынға соққанын

Қарқаралы уезіндегі азық-түлік комитетіндегі ахуал дәл көрсетіп береді. Алдымен Қарқаралыдағы казактар мен казак әйелдердің З.В. Чернов төрағалығымен өткен жалпы жиналысының үкімімен танысып көрелік. Онда былай делінген: «Орыстар дүние мүлкінің түгелдігіне емес, казактар мен орыс тұрғындары сенбейтін кілең,қазақтардан және оларды жақтаушылардан тұратын азық-түлік басқармасына қарайтын азық-түлігі үшін алаңдайды. Бұл басқарма Ақбаев жетекшілік ететін Қазақ комитеті нұсқауымен жұмыс істейді. Бұл жерде айта кету керек, казактардың беделі Қарқаралыдан асып, өлкелік өкіметке дейін барады.

Қазіргі таңда казактар мен орыс халқы қалыптасқан жағдайды өзгерте алмаған әлсіздігіне, аштыққа бетпе-бет келгендігіне мазасызданып отыр. Казактардың мазасының кетуінің тағы бір себебі, мүддемізді қорғаушылар қазақ жетекшілерінің тарапынан соққы көруінен де болып отыр.

Казактар өзінің азаматтық міндетін атқармайтын, әскерге бармайтын, салық төлемейтін, бірақ өкімет билігіне ұмтылатын қараңғы казактар тарапынан қысымшылық көруде. Тек біздің казак әскери билік орындарының аралсуы ғана бұл жердегі жағдайды өзгерте алады» [129, 45-п.].

Казактардың бұл «ауыр жағдайымен» танысқан Сібір казактарының Әскери басқармасының төрағасы Дала өлкелік комиссары атына дереу «қазақтардың зорлығынан» қорғап, араша түсуін талап етіп жеделхат жөнелтті [129, 45-п.].

Қарқаралы уездік Қазақ комитетінің мүшесі және уездік тұтынушылар қоғамының төрағасы, уездік атқару комитетінің төрағасы Жақып Ақбаевтың баяндамасының мазмұнына назар салсақ, азық-түлік мәселесі бойынша орыс тұрғындарының мазасын кетірген жағдай мынау екен. 1917 жылы 23 наурызда Ж. Ақбаевтың нұсқауымен астық, ұн және басқа азықтарға нақты баға қойылады. Азық-түлік комитетіндегі ұн уезд тұрғындарына былайша бөлінеді: 200 пұты – казармаға, 30 пұты – ауруханаға, 270 пұты – казактар мен мещандарға сату үшін қалалық басқармаға және 480 пұты тек қана қазақтарға сату үшін Қазақ комитетіне [129, 15-22-пп.]. Адам санына қарай әділ бөлінген мұндай іс-әрекетін менмен казактар мен Қарқаралыдағы Лысенко, Азбукин, Вайсер сияқты чиновниктер түсіне алмады. Олар азық-түлік комитетінің 200 мың қазаққа арнап бөлген үлесін әділетсіздік, өздеріне істелген қастандық деп санады. Сондықтан бұл кертартпа күштерден құрылған топ Ж. Ақбаевтың 6 сағат ішінде уезден кетуін талап етті [130, 243-п.]. Бұл жайлы Ж. Ақбаевтың өзі: «... Кертартпа күштер 480 пұт ұнды қазақтарға сату туралы уездік комитет қаулысының іске асуын бұрмалап, мені бостандықтың мәнін теріс түсінуші деп жалған жаламен қаралады», – дейді. Бұл жайларға жаны күйген қайраткер: «Қазақ комитеті – казак-қырғыз деген аты бар бұрыш қалғанша, мәңгілік өмір сүретін қасиетті мекеме, ал атқару комитеті – Құрылтай жиналысына дейін ғана сақталатын уақытша мекеме» – деп, мәлімдеді [129, 23-п.]. Қарқаралы уездік Қазақ комитеті Ақбаевты қуаттап, түрлі ресми орындарға өз қаулыларын жөнелтті. Онда Ж. Ақбаевқа жабылған жаланың негізсіз екені жан-жақты дәлелденді. «Ақбаев бізге сонау гимназист және Петербор университетінің студенті, сонан соң,

1905 жылдан абсолютизмге, ескі құрылысқа қарсы күресуші кезінен таныс, ол қай жерде жүрмесін теңдік, бостандық, туысқандық, бауырластық және әлеуметтік сенім-нанымдарын насихаттады, саяси жетілмеген қазақтарға теңдік пен еркіндік мәнін дұрыс ұғындыра білді», – дей келіп, оған жабылған шағым-арыздарды Қазақ комитеті терiске шығарып, қате үкімнің жойылуын талап етті [130, 240-п.].

Уақытша үкіметтің милиция істері бойынша уақытша басқармасы 1917 жылы 12 мамырда Ж. Ақбаевқа тағылған бұл айыпты негізсіз деп тауып, күшін жойды [130, 21-23-пп.].

Жақып Ақбаевтай қазақтың қамын жеп, топқа түсіп, елін әділетсіздік тырнағынан құтқарған Қазақ комитетінің мүшелері аз емес еді. Осындай азаматтарының ерен еңбектерінің арқасында Қазақ комитеттерінің беделі ел ішінде өсе түсті.

Өскемен уезінде халыққа қолайлы азық-түлік комитеттерін ашуға септігін тигізген Семей облыстық Қазақ комитетінің мүшесі Биахмет Сәрсенов те көптің алғысына бөленді [126].

Орыс азаматтары ішінде де зиялы, түсініcтікпен жұмыс істей білгендер болды. Оларға жергілікті халық сенім білдіріп, қолдау көрсетіп отырды. Пішпек уезі, қазақ-қырғыздарынан О. Шкапский атына келген жеделхатта: «Пішпек Қырғыз-қазақ комитеті Пішпек уездік азық-түлік комитетінің төрағасы Петропавловтың әділ де белсенді қызметіне толық сенім білдіреді» [88, 279-п.], – делінген. Екі комитет өкілдері бірлесе отырып, уездегі астық тапшылығынан шығу жолдарын қарастырды. Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитеті 1917 жылы 11 қазандағы мәжілсінде азық-түлік басқармасына халықты нанмен қамтамасыз ету жұмысын жеңілдету мақсатымен ерекше азық-түлік фракциясын құруға қаулы шағарды. Уездік Қырғыз-қазақ комитеті жанынан ашылған бұл фракцияға басқа уездер мен облыстардан астық сатып алуға хұқы бар агенттерін жан-жаққа жіберу және қаржы мәселесімен айналысу тапсырылды [34, 369-п.].

Қырғыз-қазақ комитеті мен жергілікті халық мүддесін ескере білген Петропавлов басқаратын азық-түлік комитетінің бірлесе жұмыс істеуі Васильев сияқты орыс кертартпа күштеріне ұнамады. Уездік азық-түлік съезінде 60 орыс тұрғыны мен 120 жергілікті халық екі айырылды: орыстар жағы басқарманы қайта сайлауды, ал қазақ-қырғыздар оны толық қолдайтынын білдірді. Басы қатқан Петропавлов мұндай жағдайда төрағалық қызметті атқара алмайтынын, Алматыға жеке баяндамамен баратынын мәлімдеді. Екі арадағы көптеген айтыс-тартыстан кейін Верныйдан жіберілген комиссар Филоненконың араласуымен ақыры Васильев уездік азық-түлік комитетінің төрағалығы қызметін алып тынды [34, 160-162-пп., 164-168-пп., 232-п.].

Азық-түлік ісі қанша қиындықтарға соқтырса да, Қазақ комитеттері таңдаған жолынан таймады. Жетісу облыстық Қазақ комитеті облыстық азық-түлік мәжілістеріне қатынасып, қоян-қолтық қызмет атқарды. И. Жайнақов, Ғ. Ордабаев, И. Тергеусізов, Ш. Бекбаев, О. Әлжановтардың

белсене араласуымен астық жинау, жұмысшы артельдерін ұйымдастыру, азық-түлік тарату, тамақтандыру пункттерін ашу, т.б. шаруалар тындырымды аяқталды. Үлкен Алматы станциясы казактары азық-түлік комитеттеріне астықты диірменге тасу және тағы басқа жерлерге жеткізу қазақтардың ат-арба көліктерін пайдалануын қазақ жігіттерінен құралған жұмысшы артельдерінің көмегімен астық жинауына дәнекер болып, екі елдің арасына көпір салуға ұмтылды [28, 200-п.].

Елдегі азық-түлік тапшылығымен қатар, кездеме, аяқ-киімнің зәрулігі күшейгендіктен 1917 жылы маусым айында азық-түлік Министрлігі жанынан халықты кездемемен қамтамасыз ету бөлімі, тамыз айында былғары ісі бойынша Бас комитет құрылып, оның жер-жерде ашылған бөлімдерінде қазақ комитеттерінің өкілдері кірді. Бұл комитеттерге аяқ-киім тігу, былғары өңдеу, елді аяқ-киім, былғарымен қамтамасыз ету жүктелді.

Жетісу облыстық әскери – өнеркәсіп комитетінің былғары ісі бөліміне мұсылман-қазақ съезі Ғали Ордабаевты өкіл етіп тағайындады. Жұрттың тері шикізаттарының түріне, сапасына қарай баға қою, аяқ-киім тігу үшін қажетті былғары бөлу, аяқ-киім тігетін шеберханалар ашу, былғары өңдеу заводтарындағы қазақ жұмысшыларының жағдайын қадағалау тағы басқа істердің басы-қасында Жетісу облыстық Қазақ комитетінің мүшесі Ғ. Ордабаев, «Алаш» қаласы Қазақ комитетінің төрағасы Ж. Алдаоңғаров, Жаркент уезінде – Т. Есенғұловтар жүрді.

Азық-түлік дағдарысын тек комитеттер ашумен шешу, әрине, мүмкін емес-тін. Оның өзі амалсыздан ашылған ұйым еді. Біз тек Қазақ комитеттері мен азық-түлік комитеттері ара қатынасына тоқталып өттік. Азық-түлік мәселесіне қазақ комитеттері халық құқын қорғау тұрғысынан келді және осы жолда қызмет жасады.

1917 жылы 2 наурызда Мемлекеттік думаның уақытша комитеті мен Петербор Кеңесі атқару комитеті мүшелері арасындағы ұзақ та шиеленісті айтыстан соң қабылданған елді билеу құрылымы туралы келісіммен Құрылтай жиналысының нақты заңды статусы жасалды. Ол үш принципті қамтыды: жалпы, тең дауыс беру және сайлау (жалпы халықтық ерік), мемлекет өмірінің негізгі мәселелерін шешу, соның ішінде басқару формасын айқындау [131, 6-б.].

Құрылтай жиналысына сайлауды өткізу үшін Қазақстанда Жетісу, Сырдария (Әмудария бөлімі кірмейді), Торғай, Орал (Маңғышлақ уезін қоса), құрамына Ақмола, Семей, Ішкі Орда қазақтары кіретін Дала сайлау округтері құрылды [132, 13-б.].

Құрылтай жиналысына сайлаудың ауқымдылығы, аяқталмаған бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайындағы ұйымдастыру, техникалық қиындықтар бұрын-соңды дүниежүзі тарихында болмаған еді. Соған қарамастан елдегі демократиялық билеу тәсіліне деген құлшыныс нәтижесінде Құрылтай жиналысына дайындалу қызу жүрді. Қазақ комитеттерінің жетекшілері – ұлт зиялылары Құрылтайға сайлау науқанын

ойдағыдай өткізуге, ол үшін халықты бөліп жармай, ұлттық бірлікті, ынтымақты алға тосып, зор жігер, қайраттылық пен әзірлік жұмыстарына кірісті. Қазақ зиялылары автономия мәселесі шешілер деп күтілген осы мезгіл қазақ халқы үшін ең қолайлы, ең қажетті, ең әділетті уақыт деп санады. Тарихта бір кездесетін автономия алудың Құрылтай жиналысы сияқты ұлы дүбіріне қатысып, дербестік пен өзін-өзі басқару мүмкіндігіне ие болу қазаққа әрі қуаныш, әрі қатал сын екенін білдіре келе, сол жиында мемлекеттік мәселесінде ұлт мүддесін қалайда қорғап қалуды мақсат тұтты. Осы жолда Құрылтай жиналысына халықты әзірлеудің мол шаралары қарастырылды.

«Біздің қазақ Русияда қазіргі болған зор оқиғалар һәм өзгерістердің мақсат һәм мағынасына теріс түсініп, жете алмайтыны мағлұм. Ал мақсат-мағынасына түсініп, жетпеген соң, Учредительное собраниеге лайық адамдар жіберер деуге болмайды. Сондықтан әуелі қазіргі болған өзгерістердің мақсат-мағынасын түсіну үшін, екінші, Құрылтай жиналысқа лайық адамдар жіберуге, мәнісіне түсініп қану үшін қазақтар съезд жасау керек» [133], – деп жазды «Қазақ» газеті ұлт зиялыларының алғашқы Құрылтайға әзірлік шаралары туралы 1917 жылы наурызда болған Орынбор төңірегіндегі ұлт зиялыларының алғашқы кеңесі Жалпықазақтық съезд шақыру қажеттігін күн тәртібіне қойғанымен, жыл мезгілінің осы бір сай-саланың суға толып, тасып жатқан сәттерінде, әрі жердің шалғайлығы, темір жолдың жоқтығынан кейінге қалдырылып, әуелі облыстық көлемде қазақ съездерін өткізу керек деген шешім қабылдайды. Облыс дегенде бір ғана елдің емес, мүмкіндігінше бір-екі облыс қазақтары бірігіп, ірілеу съезд өткізгендері дұрыс деген мәмілеге келеді [133].

1917 жылдың көктемінде өткізілген облыстық, уездік қазақ съездерінде болашақ мемлекет құрылысы, Құрылтай жиналысына әзірлік мәселесі қаралды. Үлкенді-кішілі бұл съездердің бәрі мемлекет құрылысы – Ресейде федерациялық республика болсын, ал қазақ облыстарына автономия берілуі қажет деген тілекті қабылдап, жалпықазақ съезіне ұсынды.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана, Ішкі Бөкей Ордасының өкілдері қатынасқан бірінші жалпықазақ съезі өтті. Съезд мемлекеттік басқару формасы, автономия, жер мәселесі, ұлттық милиция, земство, халыққа білім беру, сот, дін-рухани тағы басқа мәселелерді қарады.

Құрылтай жиналысына әзірлік жұмысы да күн тәртібіне қойылып, әр облыстан сайлауға лайықты депутаттар мен кандидаттардың тізімі ұсынылды.

«Біздің алаштың баласы Құрылтай жиналыста партия жасамай, барша Алаштың шешенін, білгішін, таза пікірлісін сайлағаны алаштың пайдасы болады, – деп көрсетті Ә. Бөкейхан «Қазақ депутаттары» атты мақаласында, – осы ақыл жұрт пайдасы-ау деп, біз, жалпы қазақ съезінің бюросы, қазақ жұртынан депутат болатын жігіттердің атын атамақ болдық» [47, 249-б.].

Съезд ұсынған 43 депутат пен кандидаттардың арасында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты белгілі саяси қайраткерлер, сондай-

ақ Қазақ комитеттерінің Ж. Ақбаев, И. Жайнаков, Ж. Досмұхамедов, С. Жанайдаров, М. Жұмабаев, Қ. Қожықов, Р. Мәрсеков, А. Тұрлыбаев секілді жетекшілері бар еді.

Құрылтай жиналысына депутат болудың үлкен мәртебе болуымен қатар, ел сенімін, ұрпақ қамын арқалар зор жауапкершілігі де бар екенін қазақ съезі де, ұлт зиялылары да терең ұғынды. М. Тынышбаев: «Мен ұлы жүз, сен кіші жүз, анау орта жүз демей, мен атаның баласы, бұл кіші ұлдың баласы демей, бәсекеге түспей, жұрт жолына құрбан болатын келісті адамдарымызды сайлауымыз тиіс» [133], – деп баса көрсетті.

Өзге ұлттың саяси партиялары өз істерін жандандыра түскен осы тұста қазаққа да руға, жүзге бөлінбей, ұлттық тұтастық пен ауызбірлікті сақтап, бір партияға бірігу қажеттілігі туды. Бұл күрделі саяси жағдайда Құрылтай жиналысына халықты әзірлеудің аса қажетті шараларының бірі еді. Съездің күн тәртібіне қойылған жуық арада қойылуға тиіс жалпықазақтық саяси партияның жобасын және бағдарламасын жасау осы жиында Шура-и-Исламға сайланған депутаттарға тапсырылды. Бағдарлама дайын болғанша съезд қаулысын іске асыру Құрылтайға лайықтаған қазақ депутаттарына міндет болып есептелінді.

Депутаттарға съезд жүктеген зор міндеттің бірі – земство құру ісі болды. Уақытша үкімет Құрылтай жиналысы сайлауы 17 қыркүйекте, жиылуы 30 қыркүйекте болсын, сайлау жүзіндегі Құрылтай жиналысы жұмысы жаңа тәртіп бойынша жасалған қала һәм земство мекемелеріне тапсырылсын деп қаулы шығарды.

Қазақстанда земстволық мекемелердің ашылуы 1864 жылдан мұндай басқару институттарын құру тәжірибесі бар Ресейге қарағанда, осылайша, өте кеш басталды. Оның себебі патша үкіметі жергілікті басқарудағы барлық дербестікке, соның ішінде земстволық мекемелердің қоғамдық белсенділікті арттыратын қызмет түрлеріне жан-тәнімен қарсы болды. Бірақ оны тоқтатуға шамасы келмеді. Өмірдің өскелең талаптары басқарудың неғұрлым икемді формаларын талап етті. Сөйтіп, «земство қызметінсіз үкімет өмір сүре алмайтын жағдайға жетті» [134, 52-б.].

Әйтсе де патша үкіметі ұлттық шет аймақтарға земство бермек түгіл, оған тыйым салып келді. Бұған 1917 жылы қаңтар айында Торғай губернаторы М.М. Эверсманға ішкі істер министрі жолдаған жеделхаттағы: «Земстволар жергілікті шаруашылық органы ретінде саяси мәселелерге араласа алмайды, ал араласа қалса, ол заңсыз деп табылсын... бұл бағыттағы өрескел істер сотқа тартылсын» [135, 2-п.], – деген пікірі дәлел.

Патша үкіметінің тыйым салуына қарамастан земстволың Ресейдегі орыстарға беріп отырған пайдасын алдымен ұғынып, оны өз жұрты үшін де іске асыруға ұмтылған қазақ зиялылары сонау 1905 жылы-ақ 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясында (арыз-тілек) өкіметтен жер, мүфтилік мәселелерін шешіп берумен қатар земство сұраған еді [136].

Қазақ зиялыларының земствоның қазақ үшін қаншалықты маңызы бар екенін тереңнен ойлағандығын А. Байтұрсыновтың 1913 жылғы Орынбор

губерниясының земствосы ашылуына байланысты жазған «Земство» деп аталатын мақаласынан аңғаруға болады. Земстволың заманның жайсыз күйінде де пайдасы көп екендігін, өзге жұрттың земстволы не үшін сұрап қақсайтындығын егжей-тегжейлі түсіндіре келіп, автор: «Земствоға берген тиыннан жұрт сомдық пайда көреді. Земство жоқ жерде де земский сбор деген ақша алды, бірақ оның пайдасын ақша төлегендер көрмей, басқалар көреді. Мысалы, Торғай облысының қазағынан жиылған земский ақша окимын деген қазақ баласына беріле ме? Қазақ баласы гимназияға оқиын десе, стипендия жоқ, мұғалім мектепке земский стипендияға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынды – халық ақшасы далаға кету деген осы болады. Қазақ ақшасы боска кететін орын жалғыз осы деп айтып отырғаным емес, санаса, ұшы-қиырына жетіп болмас, мұны әншейін мысал үшін келтірдік, – дей келіп, – земство жайынан жазғандағы мақсат – қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құлағына салмақ» [137, 226-228-бб.], – деп түйіндейді.

XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлері Қазақстанға земстволық басқару жүйесінің енгізілуі біріншіден, қазақтарды Ресей азаматтары ретінде құқықтық жағынан қорғауға мүмкіндік береді, екіншіден, халықтың білім беру, денсаулық сақтау және шаруашылығын жүргізу секілді ...бірдсн-бір тиімді, үшіншіден, қазақтардың қоғамдық өмірін жандандыра түсетін, өзін-өзі басқаруға әзірлейді деп есептейді [138, 39-б.].

Қазақ өз алдына земство ашып, өзгелермен терезесі теңессе деген бұл кіршіксіз ақ тілеу 1917 жылы Уақытша үкіметтің 17 маусымдағы «дала облыстарына земство тәртібін жүргізу турасындағы» қаулысына сәйкес жүзеге асты. Бұл қаулыны қарсы алған алаш азаматтары земство ашу ісін бірінші жалпықазақ съезінің күн тәртібіне негізгі мәселенің бірі ретінде қойды. Земство жайлы съезд мынадай қаулы шығарды: «Көшпелі елдерде де, отырықшы елдердікі секілді тоқтаусыз волостной земство ашылсын; волостной һәм уезной гласнойлардың сайлауы бір мезгілде құрылсын; волостной земский управа бес ағзадан артық болмасын; орыс пен қазақтың съезіне уезной һәм областной комитеттер арқылы арнайы инструкторлар шақырылсын» [101].

Съезд қаулысынан кейін қазақ даласында земство мекемелерін ашу, мүшелерін сайлау мақсатында земство кіргізу комитеттері құрылды. Бұл істің басында Қазақ комитеттері тұрды. Талай жыл отаршылдық езгісінде еңсесі езілген халықтың рухын көтеріп, тізгінді өз қолына алуына сенімін арттырып, насихат жүргізу, земство жайынан анық, толық мағлұмат беру үшін жер-жерлерге инструкторлар жіберілді. 1917 жылы тамыз айында «Сарыарқа» газеті: «Өскемен, Зайсан уезі көшбасшы сияқты земство сайлауына жолын көрсетіп, жобасын ұқтыратын кісілерді (инструкторларды) елге шығарып, список жасатып жүр, – деп хабарлай келіп, – сегіз аудан болған Семей уезіне қазаққа қазақтың өзінен ел ішіндегі жүйрік, кесек ақсақалдардан бес кісі, ішінде Шәкәрім ақсақал мен Білəл Кәкетаев бар, мұжыққа үш орыс сайланды, бұлардан басқа төрт кісі запас болатын болды» [139], – десе, «Бірлік туы»

газеті «Ташкент уезінің земство кіргізу комитеті» деген хабарында 1917 жылдың қыркүйегінен бастап осы комитеттің жұмысқа кіріскендігінен мәлімет береді. Бұл хабар: «Ташкент уезінің земство кіргізу комитеті уездегі волостной һәм ауылдық атқарушы комитеттен өтінеді: уездегі земствоға өкілдер сайлау үшін ауыл сайын һәм волос сайын граждандардың тізімін жасауға жылдамырақ қам қылып, бұл туралы қолдарынан келген тәкбірлерін істей бастаса екен» [140], – деген өтінішпен аяқталған.

Бұлай земство өкілдерін сайлауды асықтырудың мәнісі бүкіл ел үлкен үміт артқан Құрылтай жиналысына өкілдер сайлау ісінің бәрі земство қолынан өту керек болатын. Сондықтан земство сайлауын кешіктіру Құрылтай жиналысынан шет қалу қаупін туғызды. 1917 жылы 21 тамыздағы нөмірінде «Қазақ» газеті бұл жайлы төмендегідей алаңдаушылығын білдіреді: «Учредительное собрание сайлауы үш айға кешіктірілді, үш ай көп уақыт емес, әсіресе біздің қазақ халқына үш айдың бер жағында земствомызды дұрыстап сайлап алсақ, құдайға мың мәртебе шүкіршілік айтуымызға лайық. Сайлаудың кешігу себебі, хүкімет земствосы жоқ елдер қамтамасыз болсын деп көрсетіп отыр. Земство сайлауын ең ұзартқанда да бір жарым айдан кешіктірсек, Құрылтай жиналысына депутат жібереміз деп текке тамақ ісірмеу керек» [141].

Расында, дайындық жұмыстары көп күш-жігерді қажет етті. Петербордағы бас комиссияға Сырдария облыстық Құрылтай жиналысына сайлау жұмысын жүргізетін өлкелік комиссия өздерінің жұмысқа кеш кіріскендіктерін айтып, елде әлі сайлау бөлімшелеріне бөлу болған жоқ, керекті қағаздар келмей жатыр, сайлау тізімі, земство туралы да әлі тізім жоқ деп, жергілікті себептерге қарай сайлауды екі айға кешіктіруді сұрады [140].

Қызылжар уезіне барған нұсқаушылар Раевский, Сергиевский және Ивановский сайлау округтерінің орыс шаруалары сайлау туралы еш хабары жоқ екендігін хабарлады.

Түркістан комитетінің мүшесі, комиссар Шкапский казактар арасында Құрылтай және земствоға дайындық, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін жан-жақтан казактарға жанашыр өкілдерді шақырды [142, 60-п.].

Қысқа мерзім ішінде земствосын құрып, Құрылтай жиналысына өкілдерін сайлап үлгеру қазақ халқы үшін де уақыт сынына түскендей, әрі өзін өзгеге танытқандай кезең болатын. Себебі, бұрын таныс емес істі қазақ алып кете ме, жоқ па деген күдік те бар еді. Сондықтан облыстық, уездік Қазақ комитеттері земстволың құрылу барысын жіті қадағалап, төменгі ұйымдарға нұсқау беріп отырды. Гурьев уездік Қазақ атқару комитеті 2 шілдеде Доссор атқару комитетіне: «үкіметтің 17 маусымдағы дала облыстарына земство кіргізу туралы қаулысына сәйкес шілде айының ішінде төрт данадан тұратын 20-жастан бастап барлық тұрғындардың тізімі тоқтаусыз жасалсын. Осы тізім негізінде болыстық, облыстық гласнойлар, сондай-ақ Құрылтай жиналысына өкілдер сайланады. Болыстық, уездік және облыстық земстволар құру тамыз айының ішінде аяқталсын, ал Құрылтайға өкілдер

сайлау 17 қыркүйекте бітуі тиіс» [103, 106-п.],–деген жеделхат жіберді. Ал 8 шілдеде № 427 жеделхатында Доссор мен Макатта бұрындары болыстыққа кірмеген поселкелер мен кен орындарындағы жұрт земство ашылғанда белгілі бір болыстықтарға кіргізілсін дейді [103, 107-п.]. «Баяғыдан боз қасқаны айтып, жете алмай жүрген – земство алдыңа келіп, қолыңа тиді. Жібекті жүн қыламыз ба, бұл бізге бір сын. Басқарып кете алсақ, жат жанынан түңілер, басқара алмасақ, мазақтап шетінер. Естиярлық, ер жеткендік сыналатын заман келді, қазақ» [143],– деп Семей облыстық Қазақ комитетінің мүшесі И. Әлімбеков жазғандай, елдің елдігі танылар сол тұста Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған қазақ зиялылары земство ісін ұлттық баспасөз беттерінде кеңінен насихаттап, халықтың бұл істі тезірек алып кетуіне ықпал етті. Орал облыстық Қазақ комитеті М. Дулатовтан земство ережесін қазақшаға аударып беруін өтініп, даяр болған соң, кітапшаның 5 мың данасын сатып алатындықтарын білдірді [69, 293-б.].

Земстволың не екендігін Ә. Бөкейхан халыққа былайша түсіндіреді: «Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство үш орында, үш дәрежеде де болады: волосной, уезной һәм обласной. Бұлар біріне-бірі қол. Әрқайсысында іс атқаратын жұрт сайлап қойған басшы мекеме болады, орысша управа. Бұл іс атқаратын мекеменің сыртынан бағып тұратын, мынаны істе деп іс беретін мәжіліс болады, бұл орысша гласнойлардың жиыны болады» [47, 251-б.].

1917 жылы 26 қарашада Семей облыстық Қазақ комитетінің Кеңесі болып, жиылыста облыстық земствоға мүше сайлау мәселесі қаралып, онда земство жұмысын атқару дуан басылық, аға сұлтандық, бектік емес, жұрт үшін жегіліп, жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу екендігі баса айтылды. Қазақ комитеттері земстволың тек қазаққа ғана емес, орыстарға да ортақ сыбаға екенін ескеріп, әрі олардың бұл істе білімдірек, шеберірек, ынталырақ болып, қазақтың жай басарлығын, бірден түсінбеушілігін пайдаланып кетпес үшін земствоға мүшелікке кімді, қай ұйымнан сайлауын көрсетіп, нұсқау беріп тұрды. Мәселен, Семей облыстық Қазақ комитеті земствоға төмендегідей азаматтардың тізімін көрсеткен.

«Қарқаралы уездік земствосынан гласнойлыққа:

1) Әлихан Бөкейхан, 2) Жақып Ақбаев, 3) Иманбек Тарабаев,

4) Әлімхан Ермеков, 5) Сатылған Сабатаев;

Павлодардың уездік земствосынан гласнойлыққа:

1) Мұқыш Бөштаев, 2) Имам Әлібеков, 3) Әбікей Сәтбаев;

Өскемен уездік земствосынан гласнойлыққа:

1) Әміре Айтбакин, 2) Райымжан Мәрсеков, 3) Садық Дүйсенбин;

Зайсанның уездік земствосынан гласнойлыққа:

1) Халел Ғаббасов, 2) Арынғазы Бөштаев;

Семейдің уездік земствосынан гласнойлыққа:

1) Ахметжан Қозыбағаров, 2) Биахмет Сәрсенов,

3) Әнуар Малдыбаев» [144].

Халық арасында жүргізілген ұзақ та терең үгіт-насихат, әзірлік жұмыстарынан кейін қазақ даласында земстволық мекемелер бой көтере бастайды.

Алғашқы қазақ земстволары Торғай облысында 1917 жылдың күз айларында ашылды. Жалпыұлттық «Қазақ» газетінің алқасы 16 қазанда ашылған Торғай уездік гласнойлар жиналысына қазақтың тұңғыш земстволық жиналысына құтты болсын деп құттықтау жазған [145].

Торғай облыстық земстволық басқармасына төрағалыққа А. Бірімжанов, орынбасарлыққа И. Болғанбаев, мүшелікке А. Қасымұлы, Б. Қарамолдаұлы, т.б. өтеді. Осы уездік жиналыс Торғай облыстық земствосына гласнойлар қылып А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Кәдірбаев т.б. сайлайды. Артынша Торғайдың өзге Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерінде земстволар жұмыс істей бастайды. Торғай облысының халқы енді облыстық земствосын сайлауға кіріседі [146, 105-п.].

Семей облысында земство мекемелері ашуда Қазақ комитеттері аса белсенділік көрсетті. Земство сайлауында қазақтардың жергілікті ұлт өкілдері ретінде көп дауыс алуына, сөйтіп елдің саяси белсенділігінің артуына септігін тигізді. Оның бір мысалы Р. Мәрсеков, С. Дүйсенбин, И. Әлімбеков сияқты Қазақ комитетінің өкілдері мұжықтар Кеңесіне (Крестьянский Совет) барып, қазақ пен мұжықтардың бірге сайлау өткізгендігі жөн екендігін, земствоға мүшеліктің тең жартысын алуды дәметкен (аздығына қарамай) мұжықтардың адам санына қарай сайлаудың дұрыстығына көзін жеткізіп, ақыры бір Семей уезінің өзінде қазаққа 32, мұжыққа 12 мүшелік орын болсын деген ортақ мәмілеге көндіреді.

Ақмола облысы Петропавл уездік земство гласнойларының арасында Мағжан Жұмабаев, Жұмағали Тілеулин, Ережеп Мұратовтар болды.

Қазақ даласында земство құру ісінде қиындықтар да кездесті. Торғай облысының кей жерлерінде жұрт болыстық земство құрудан бас тартты [147, 130-б.]. Әрине, бұл құбылыс земстволық мәнін түсінбегендіктен еді. Жетісу, Сырдария облыстарында земство кіргізу комитеттері құрылғанымен, земство толық құрылып үлгерген жоқ.

Комиссар О.А. Шкапский 1917 жылы тамызда Петерборға: «Құрылтай жиналысы, земство туралы заңдар әлі қолымызға тиген жоқ. Земствоны қарашадан ерте ұйымдастыра алмаймыз. Құрылтайға сайлауды ауыл, селолардан бір-бір адамнан алынған болыстық комиссияға жүктеуді ұсынамыз. Комиссия мүшелері бір ауыл, бір селодан болмауы қажет. Дауысты есептеуді барлық сайлауды өткізушілердің қатысуымен болыстық комиссия жүргізеді» [148, 11-п.], – деп хабарлады.

1918 жылы «Заря свободы» газеті Жетісу облысының халқы әлі күнге земстволық маңыздылығын түсінбей отыр деп жазды.

Земство ашу ісі 1918 жылы да жалғасты. Мәселен, Орал облыстық земстволық басқармасы 1918 жылы қаңтарда құрылып, Жанша Досмұхамедов төрағасы болып тағайындалды [149, 32-б.]. Қазақ земстволық басқармасы қазақтар арасындағы азаматтық істерді басқаруы тиіс болды. Орал облыстық земствосын ұйымдастырушылардың бірі Ж. Досмұхамедов земствоның маңыздылығы туралы өз ойын былайша білдіреді: «Земстволық мекемелер қазіргі таңда қазақтардың қоғамдық өмірін жандандыру үшін аса қажет, ағымдағы сәт үшін бірден-бір тиімді ұйым» [150, 96-б.].

1918 жылы 17 қаңтарда гласнойлардың бірінші төтенше Семей облыстық земстволық жиналысы өткізіліп, онда облыстық земство басқармасының құрамы бекітілді. 25 гласной қатынасқан жиналыста 21 дауыс алып Райымжан Мәрсеков басқарма төрағасы болып сайланды, мүшелікке К. Ляшкевич, Х. Ғаббасов, Д. Троицкий, Ә. Сәтбаев өтті. Әкімшілік басқаруға Р. Мәрсеков, азық-түлік, дәрігерлік бөлімдерге Х. Ғаббасов, бухгалтерияға К. Ляшкевич, оқу ісіне Ә. Сәтбаев басшылық ететін болды [151, 1-п.].

Құрылтай жиналысына даярлық барысында земство ашу жұмыстарымен қатар күз айларында жалпыұлттық «Алаш» партиясының комитеттерін құру ісі де қызу жүрді.

Бірінші жалпықазақтық съезд партияның жобасын жасауды «Шура-и-Исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырып, жоба дайын болған соң облыстық Қазақ комитеттерінің қарауына жіберілуі керек, онан кейін Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар бекітуі тиіс деп шешкен еді. Алайда Орал облыстық Қазақ комитетінің төрағасы, «Шуро-и-Ислам» делегаты Ж. Досмұхамедовтың Петербордан жіберген хатында, қазақ өкілдерінің жиналмай қалуына байланысты съездің бұл шешімі орындалмай жатқандығы хабарланды [152]. «Қазақ» газеті басқармасы 5 қазандағы санында Ж. Досмұхамедовтың бұл хатын жариялай отырып, барлық облыстардағы Қазақ комитеттеріне қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою туралы жеделхаттар жіберді [152]. Ә. Бөкейханның тікелей ұйымдастыруымен және басшылығымен, Қазақ комитеттерінің қолдауымен қазан айының ортасына қарай алдымен Семейде, содан соң Омбы мен Орынборда «Алаш» партиясының комитеттері ашылды.

Сайлау күні жақындаған сайын қарбалас жұмыстар да көбейе түсті. Қазақ комитеттерінің өкілдері сайлау ісіне белсене араласты. Семей облыстық Қазақ комитеті үшінші қарашада Кереку, Семей, Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды, Семей уезіне – М. Малдыбаев, М. Әуезов, Ш. Мұсатаев, Қ. Есенғұлов, Ә. Нұрмұхамедов, Өскеменге – С. Дүйсенбин, Керекуге – Ж. Аймауытов, Қ. Сәтбаев жіберілді [153, 47-49-пп.]. Облыстық Қазақ комитеті нұсқаушыларға уез-уездегі халықтың беделді ақсақал азаматтарымен сөйлесіп, сайлау мәселесіне түсіндірушілер шығару міндетін қойды. Маусым айында-ақ Ә. Бөкейхан 1 шілдеден басталатын ауыл шаруашылық есебін алу үшін шығарылатын қызметшілерді

земство, Құрылтай жиналысы сайлауларын түсіндіру, жұртқа үгіт айтуға пайдалануды ұсынған болатын. «Ал, қазақтың бастары, талапкер азаматтары, мына есепке кірісіп, қазақ жерін аралап, жұртқа үгіт айтыңдар», – деді ол. Орыстың саяси партияларының ақшасы бар, жұртқа қызмет қылатын кісісі бар, мұжыққа үгіт айтуға әдейі арнап кісі шығарып жатыр. Бізде ақша жоқ, бізде кісі аз. Есепті жамылып жүріп, жұрт ісін істеп қалған оң» [154]. Айтқандай-ақ жоғарыда аталған кісілер ауыл шаруашылық есебімен қатар облыстық комитеттің сайлау қарсаңындағы тапсырмаларын қоса атқаруы тиіс етілді.

Жетісу облысындағы ауыл шаруашылық есебін алу жұмысына басқа ұйымдармен бірге Жетісу облыстық Қазақ комитеті де қатысып, үгіт- насихат жұмыстарын қоса жүргізді, үндеу қағаздарын таратты.

Жаркент уездік Қазақ комитетінің төрағасы Т. Есенғұлов Торайғыр, Мерке, Шілік болыстарындағы албандар сайлау тізімінен тысқары қалғандығын Жетісу облыстық Қазақ комитетіне хабарлап, дереу сайлаушылар тізімін жасайтын жігіттерді жіберуді сұрады [155, 2-п.].

Жетісу облыстық Қазақ комитеті бұл мәселені талқылап, ақыры Мерке, Торайғыр, Шілік болыстарының Жаркенттен орыс поселкелері арқылы бөлініп қалғандығын ескере отырып, Верный уездік сайлау комиссиясына қосу керек деген шешім қабылдап, облыстық комиссар мен Жетісу өлкелік Құрылтай жиналысына сайлау істерін жүргізетін комиссияға баяндайды. Комиссия 1917 жылы 10 тамыздағы мәжілісінде Жетісу облыстық Қазақ комитеті төрағасының бұл мәселе жайлы өтінішін қанағаттандырды [156, 1-5-пп.].

Құрамына Қазақ комитеті мүшесі Б. Малдыбаев кіретін Қызылжар уездік Құрылтай жиналысына сайлау істерін жүргізетін комиссия қазақ ауылдарының бір-бірінен қашықтығын, шалғайлығын ескеріп, бір болысқа бірден төртке дейін дауыс беретін қағаздар салатын жылжымалы урна ұйымдастыруды қолға алды.

Кей жерлерде ұлттық комитеттердің шабан қимылдауынан ұсынылған депутаттар тізімі өтпей қалған оқиғалар да болды. Мысалы, Пішпек уезінің қазақ-қырғыз, дүнген және мұжықтар болып, бірігіп ұсынған кандидаттар тізімі комиссияға кешігіп жетуіне байланысты қабылданбай қалды [157, 40-п.]. Сөйтіп, Пішпек уезі тұрғындары өздері қалаған И.И. Хохуля, Л.Л. Матянью, М. Дулатов, М.П. Сушенко, М. Мұраталин, Р. Оразалин секілді өкілдері кіргізілген тізімге дауыс бере алмайтын болды [157, 30-п.]. «Облыстың бүкіл дүнгендері өз кандидаттарына дауыс беру мүмкіндігінен айрылды [157, 51-п.], – деді өкінішпен дүнген одағының төрағасы Магаза Ваньяфу. Бұл жай Пішпек уездік Қырғыз-қазақ комитетін де қапыда қалдырды [156, 12-п.].

Қазақ даласында Құрылтай жиналысына сайлауға әзірлік, жалпы алғанда белсенді де қызу жүргізілді. Қазақ комитеттері өкілдері басқа мұсылман саяси ұйымдарымен де тығыз байланыста болды. 1917 жылы қыркүйекте Орынбор қаласында қазақ, башқұрт және Түркістан өлкесі

өкілдерінің жиналысы болып, болашақта алар автономия және өзара қарым-қатынас мәселесімен қатар. Құрылтай жиналысында қазақ, башқұрт, Түркістан өлкесі өкілдерінің саяси құқықтарын қорғау жолында жалпы бағдарламалы бір партия жасау (бір фракция), бір ұйым құру қажеттігін жоспарлады [158]. Құрылтай жиналысында демократиялық мұсылман блогын құру идеясын мамырда өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде де айтылған-ды [159, 30-б.]. Осындай маңызды істер ауқымын қараған мәжіліске Ақмола, Семей, Орал облыстық Қазақ комитеттері өкілдері қатынасқан еді.

1917 жылы 9 тамызда Уақытша үкімет халық тағатсыздана күтіп отырған Құрылтай жиналысы сайлауын 12 қарашаға, ал шақырылуын 28 қарашаға қалдырды [160, 87-б.]. Оның себебі шет аймақтағы халықтар земстволарын құрып үлгермегендігіне байланысты болатын.

Уақытша үкімет 1917 жылы 23 қыркүйектегі қаулысында 73 сайлау округінен барлығы 730 адам Құрылтайға мүше болғандығын мәлімдеді [160, 144-б.]. Қазақ облыстары сайлау қарсаңында қызу саяси оқиғаларға толы болды. Құрылтай жиналысы сайлауына эсерлер, кадеттер, большевиктер партиялары және казактар, шаруалар т.б. топтар тізімін жасап, дауыс алудан үміттеніп жатты. Қазақ халқы негізінен өзінің ұлттық партиясы – «Алаштың» бағдарламасын жақтап, «Алаш» атынан басқа списокке қазақ баласы дауыс беремін деп ойламады» [161]. Алайда, сайлау қарсаңында қазақтың тағы бір партиясы «Үш жүз» де дауысқа түскенін айта кету керек. Қазақ комитеттері бұл екі қазақ партиясының алғашқысын, өздерін мүшесі санаған «Алаш» партиясын қолдап, үгіт-насихат жүргізді.

1917 жылдың қарашасынан 1918 жылдың қаңтары аралығында өткен қазақ даласындағы сайлау нәтижелері: «Алаш» партиясы Жетісу облысында 57,5 процент, Семейде – 85,6 процент, Торғай мен Оралда – 75 процент дауыс [162, 308, 311, 317-бб.] алғандығын көрсетті.

Кеңес өкіметі жеңгеннен кейін де «облыстық ұлттық ұйымдар (дүнгендердің, ұйғырлардың, қазақ-қырғыздың «Алашы») барлық өкімет билігін Құрылтай жиналысына беруді талап етті [163, 23-б.].

1918 жылы 21-22 қаңтарда Пішпек қаласында жасырын дауыс беру арқылы өткізілген референдумда Құрылтай жиналысы үшін 3000-нан көп дауыс, ал Кеңестер өкіметі үшін 277 дауыс берілген [91, 8-п.].

Ресейдің құрамындағы басқа халықтар сияқты қазақ халқы да Құрылтай жиналысынан көп үміт күткен еді. Ресейдің болашақта республикалар федерациясы болатынына ниет артып, автономиялық басқару туралы талабы Құрылтай жиналысында толық шешілетініне сенді.

«Қайтсек те ел боламыз, жұрт боламыз» деген мазасыз ойларға шырмалған зиялы қауым Ақпан төңкерісі ала келген демократиялық өзгерістер лебімен қанаттанып, қазақ арасында мәдени ағарту жұмысын жандандыра түсуге күш салды. Бұл жолда ұлт қамын жеген бірден-бір қоғамдық саяси ұйым – Қазақ комитеттері ұлттың оқу-ағарту, мәдени, діни мәселелерін қолға алып, оның талай жыл шешілмей жатқан түйіндерін

таратуға тырысты. Бәрінен бұрын қазақ жерінде кенже қалып келе жатқан оқу жайын жолға қоюға зор талпыныс жасады. «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» [164, 428-429-бб.], – деп келер ұрпақтың болашағына алаңдап, алыска көз тастаған ғалым ағартушы А. Байтұрсыновтың көрсетуінше, 1912 жылы бір ғана Торғай облысында 3 мың 561 кісіге бір ғана мектептен келген [164, 429-б.]. Басқа облыстарда да мектеп жайы осындай болатын. Бүкіл қазақ облыстарында 1913 жылға қарай 157 орыс-қазақ мектебі, 267 ауыл мектебі болды. Екі түрлі мектептің екеуі де қазақ баласына көңілдегідей білім бере алмады, ауыл мектептерінің оқу құралдары, тәртіп, мөлшер жоспары жоқ болса, орыс-қазақ школдарында жоспар да, тәртіп те, оқу құралдары да сай болғанымен, қазақ баласын орыстандыру мақсатын қойғандығымен қолайсыздық туғызды.

«1917 жылғы үлкен толқын қалғып отырған қазақ азаматын да қағып оятты. Саясат һәм шаруашылық жағынан елінің қолын жеткіземін деп ұмтылған азамат қазақ мектебін де жаңа, жайлы, таза негізге құрмақшы болды, – деп жазған еді Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мүшесі М. Жұмабаев, – Қала сайын дерлік курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқындары бар мұғалімдер шығарылды. Мектеп пен тірі дүние ортасындағы қытай қорғанын бұзып, мектепті білім беріп, тұрмысқа даярлайтын, келешекте ел ісінің иесі болатын азаматтар шығаратын жер жасауға бет алды» [165, 314-б.]. Расында, Қазақ комитеттерінің белсенді араласуымен жер-жерде мектептер ашу, қазақ балаларына стипендия тағайындау, мұғалімдер даярлау ісі қанат жая бастады.

Семей облыстық Қазақ комитеті қазақтан жиналған земство салығын орыс балалары пайдаланып келгендігін айқындап, қазақ балаларының қолы жетпей келген бұл қаржыдан бөлінген 70-ке жуық стипендияны енді Том техникалық институты, Семей әйелдер және ерлер гимназиясы, реальдық училище, «Алаш» қаласындағы екі бөлімді мұғалімдер курсы сияқты оқу орындарында оқушы қазақ жастарына алып берді [166].

Семей облыстық Қазақ комитетінің қазақ балаларын мектептерге тартуда істеген қажырлы еңбегінің арқасында облыстың 10 болысының жеткіншектері Семей қаласында оқуға мүмкіндік алды.

Ақмола облыстық Қазақ комитеті облыстық қазақ съезінің қаулысымен Ғалия, Хасения, Расулие, Мухамедие һәм Хусаиния медреселерінде оқитын шәкірттерге төмендегідей шарт қойды:

1) Съезд қаулысы бойынша стипендия пайдаланған шәкірттер Ақмола облысы қазағы болуға тиіс.

2) Стипендияны шәкірттер қанша жыл пайдаланса, медресе бітірген соң, сонша жыл Ақмола облысында қызмет етуге міндетті болсын [167].

Ақмола облыстық Қазақ комитетіне қазақ оқушыларына деп уездік Қазақ комитеттері, атап айтқанда Омбы уезі – 4200, Қызылжар уезі – 4620, Көкшетау уезі – 5000, Атбасар уезі – 4400, Ақмола уезі – 8500 сом

жинап беріп, кейін осы мақсатта тағы қаржы бөлетіндіктерін білдірді. Комитет шәкірттерге стипендия бөлгенде олардың қандай оқу орнында білім алып жүргендігіне көп көңіл аударды, соған қарай қаржыландырды. «Съезд қаулысы бойынша облыстық комитет хүкімет мектептерінде оқушы шәкірттерге ғана стипендия бере алады», – делінген Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мәлімдемесінде [168].

Қазақ комитеттерінің оқу-ағарту жұмыстарының бағыт-бағдарламасы бірінші жалпықазақтық съезде қабылданған қаулыны басшылыққа алып отырды. Онда: «Жалпы міндетті бастауыш оқу, бастапқы екі жылда оқуды ана тілінде жүргізу, мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын – бәрі де «Қазақ» газеті емілесімен жазылсын» [101], – деп көрсетілді.

Сол кездегі кітап жазушылардың көбі және кітап бастырушылар татар, қазақ, башқұрт, өзбек тағы басқа халықтардың сөздері араласа берсе, діни сөздер көбірек қолданылса, кітап, газет түрік тектес халықтарға түсінікті, жақын болады, осыдан жалпы түркі тіл жасалады деп ойлады. Алайда, әрі түрік жұртын бөлшектей билеген орыс басқыншылығы, әрі ортақ тілдік теориясы жасалмағандықтан бұл әрекет көбіне тіл шұбарлауға сая беретін [169, 12-б.]. Сондықтан қазақ тілін қызғыштай қорғап, өзге туыстас тілдердің бодандығына айналып кетпеуін қадағалап, ұлттық тілдің нақышын, көркемдік бояуын, тазалығын сақтау жолындағы күресімен көзге түсіп отырған бірден-бір қазақ баспасөзі [170, 156-б.] – «Қазақ» газетінің емлесін басшылыққа алудың басты себебі осы еді.

Қазақ комитеттері ұлттың ұлылығын білдіретін таза ана тілін сақтауға септігін тигізе отырып, ұлт тілінің өресін өсіріп, беделін арттырар қазақ тіліндегі мектептерді негізгі білім көзіне айналдыруды көздеді. Ой-сананы тұмшалаған сауатсыздықтың шеңгелінен шығарып, қалың бұқара халықтың жаппай сауатын ашып, білімнің кәусар бұлағын – ұлт мектептерін, яғни қазақтың ана тіліндегі бастауыш мектептерін ауыл-ауылдарда мүмкіндігінше ең таралуына жағдай жасау – күн тәртібіндегі өзекті мәселе еді.

Жергілікті халықты рухани құлдықта ұстау үшін пәрменді жүргізілген отарландыру, орыс мектептерін ұлғайту, зорайту саясаты ұлт тіліндегі мектептердің қыспаққа түсуіне әкелгенін Семей облысында 1914 жылы ауыл мектебі 124 адам, 1915 жылы 105, 1916 жылы 75 адам ғана бітіргенін байқауға болады [171, 257-п.].

Ауыл мектептерінде оқушы санының азаюына көп балалы қазақ отбасыларының тұрмыс ауыртпалығынан, ақы төлеп балаларын оқытуға шамалары жете бермеуі, әрі мектеп үйлерінің жетіспеуі немесе ескі, қолайсыз болуы да әсер еткені анық. Алматы уездік шаруашылық басқармасының мәліметтеріне қарағанда, бір уездің мектептерін жөндеуге 10500, ал жаңа мектеп үйлерін салуға 9000 сом қажет болған [225] «Жас азамат» газеті келтірген деректе Ақмола облысында оқу жасындағы (7-ден 13-ке дейінгі аралықта) 54 мың қазақ баласының 4%, орыстың 73 мың баласының 51% оқиды, қысқасы қазақтан 4-қана бала оқыса, орыстан 51 бала оқиды делінген [172].

Енді уақыт талабы қазақ балаларының оқу мәселесін ұлт мүддесі тұрғысынан шешу міндетін алға тосты.

1917 жылы 2-5 тамыз аралығында М. Тынышбаевтың төрағалық етуімен, Е. Қасымов, И. Қасымов, Қ. Қожыков, Ә. Кенесарин секілді уездік ұлттық ұйымдар өкілдері қатысуымен өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысы (мектеп мәселесін негізгі мәселенің бірі ретінде күн тәртібіне қоя отырып) «русско-туземный школдардың барлығы тоқтаусыз осы күннен жойылсын, оның орнына ұлт мектептері орнасын, орыс балаларымен қазақ-қырғыз балалары араласып оқып жүрген школдар да биылдан бастап қазақ-қырғыз балаларына ана тілі һәм мұсылман діні оқытылсын [173], – деген шешімді алға тартты.

Қазақ балалары оқитын орыс школдарын мектепке айналдыру жолында Қазақ комитеттерінің атқарған бір жарқын ісі жайлы «Сарыарқа» мынадай мәлімет береді: «Биыл Алаш қаласында болған қазақ облыстық қазақ съезі: қазақ үшін арналып ашылған школдардың бәрі ұлт мектептеріне айналдырылып, қазақша оқытылсын деп қаулы жасаған еді. Ол қаулы тиісті жерлеріне жіберілді. Сол қаулы бойынша Зайсан уезінің комиссары Халел мырза Ғаббасов Зайсанға қараған қазақтардың арасындағы көп школды мектепке айналдырып қайтты» [174].

Қапал уезіндегі бірлескен мұсылман комитеті де орыс-түземдік мектептердің ұлт мектептеріне айналуына талап ететіндіктерін, уездегі мұғалімдер жиналысы да өздерінің қолдайтындықтарын, тек ескі инспектор Соколов қарсылық білдіріп жатқандығын Ташкентте хабарлай отырып, осы жолда көмектесуді сұрады [175]. Ана тіліндегі оқу білімге сусап отырған халық өзі де бастама көтеріп, ұлттық ұйымдардың сүйемелдеуін сұрап жатты. Семей облысы, Зайсан уезі, Боран елді мекенінде тұратын қазақтар 1917 жылы 4 қарашада 30 үй бірігіп, жиналыс ашып, бастауыш мұсылман мектебін ашуға ұйғарым жасап, «Теңдік-серік» мұсылман комитетінің төрағасы Баязит Сәтбаевтан өздерін қолдауын өтінеді [176, 41-43-пп.].

Ақмола облысындағы коммерциялық институтта қазақ тілі пәні енгізілетін болғандықтан, оған қажетті қаржы және қазақ тілін оқытушы мұғаліммен қамтамасыз етуді Ақмола облыстық Қазақ комитетінен сұрауы [177, 29-п.] Қазақ комитеттерінің қазақ тілінің жанашыры ғана емес, қамқоршысы да болғандығын білдірсе керек.

1917 жылы 18 шілдеде Жетісу облыстық Қазақ комитеті ауылдар мен болыстарға күзде ашылуға даярланып жатқан ұлт мектептері медреселері үшін бай кітап қорлармен байланысы бар, өз ісіне тындырымды кітап сатушы Ахмед-Заки Зейнуллинге қажетті қаржы бөліп, оқулықтар әкелуге тапсырма берді [75, 70-п.].

Комитеттің облыстағы қазақ балаларының оқу жайына, ондағы мұғалімдер мен тәрбиеші азаматтардың білім деңгейіне, ұлт тілін меңгеру дәрежесіне қарай жұмысқа алуына араласып отырғандығын И. Жайнақовтың Алматыдағы мұсылман балалары оқитын ерлер

пансионындағы тәрбиеші Соколовтың басқа оқу орнына ауысуына алаңдаушылық білдіруі көрсетеді. Жергілікті ұлт тілін білетін оқытушы Соколовтың орнына келген Зданевич және Зверев деген тәрбиеші мұғалімдер тіл білмегендіктен даярлық курсында қазақ балаларына практикалық сабақтар өткізе алмайтындығын айтып, әрі тәжірибелі, білімді ұстаз ретінде қазақ-қырғыз балаларына тигізер шапағаты мол Соколовтың пансионға қайта жіберілуін сұрап, түрлі орындарға дабыл қағады. 50 қазақ баласы оқитын пансионға дін сабағын жүргізетін мұғалім жалдауға, сондай-ақ тәрбиешілер қатарын көбейтуге қаржы бөлу мәселесін де Жетісу облыстық Қазақ комитеті комиссарлар Шкапский мен Ивановтың алдына қойып, ақыры земство кіргізгеннен соң, қайтарылсын деген шешіммен комиссарлар Жетісу облыстық Қазақ комитетіне қарыз ақша беруге бұйрық шығарады [178, 14-18-пп.].

1917 жылы 13 тамызда Семей облыстық Қазақ комитеті мен Мұсылмандар комитеті, Облыстық комиссариат және мұғалімдер ұйымының біріккен мәжілісі ашылып, күн тәртібінде Семей облысының мұсылман балаларына арналған мектептер ашу мәселесі қойылды. Мәжілісте Семей облыстық Қазақ комитеті мен Мұсылмандар комитеті шығарған қаулылар талқыланды. Олар ұсынған облыста ашылар мектептер жобасы жан-жақты қаралғаннан кейін мәжіліс бірінші кезекте Зайсан, Өскемен, Семей, Баянауыл және Алаштағы екі кластық мектептерді жоғарғы бастауыш мектептерге айналдырсын деп және облыстық көшпелі халқын біріктіретін орталық болғандықтан Семейде оқытушылар семинариясы, жаңа негіздегі, бесінші кластан бастап оқытатын реальдық училище Семей, Керекужәне Қаркаралыда ашылсын, Семейде дәрігерлік-фельдшерлік мектеп болсын деген қаулыны бекітті [179, 23-24-пп.]. Бұл Қазақ комитеттерінің ұлттық мектептер ғана емес, кәсіптік білім беретін оқу орындарын ашуға жасалған батыл қадамдары болатын.

Алайда жаңа оқу орындарын ашу қаражат тапшылығы, мамандардың жетіспеуі секілді қиындықтармен қоса жүрді.

Осындай көп қиындықтармен ашылған Алаш қаласындағы екі жылдық оқытушылар шығаратын медресеге болашақ ұстаз болатын балалар қабылданып, тегін оқуға мүмкіндік беріліп, мынадай оқу бағдарламасы: ұлт тілі, ұлт тарихы, дін ғылымы, өлшеу-есеп ғылымы, жаратылыстану, ислам тарихы, жалпы тарих, оқыту тарихы, оқыту әдісі, тәрбие жолы, жағрафия, араб тілі, орыс тілі, дене тәрбиесі, сызу, ән-күй, денсаулық ғылымдары бекітілді.

Семей облысы Қазақ комитеті оқытушылар ұйымымен кеңес құрып, болашақ ұстаздар келешектегі кәсібімен тығыз байланыста болу үшін медресе жанынан «Үлгі мектебін» ашып, қазақ мұғалімдері ақсап жататын сабақ берудің әдістемесін бірден қолға алды.

Қазақ жастарын қамқорлығына ала білген Семей облыстық Қазақ комитеті бастауыш ауыл мектептерін қазақ тілінде оқытуға қажетті кітаптармен қамтамасыз еті ниетінде 10000 дана оқулық шығарып, облыс мектептеріне таратты. Қағаз тапшылығы, баспахана зәрулігі қолды

жіпсіз байлап, аяққа тұсау салып, кері тартып тұрғанда мұндай мөлшерде басылым шығару ұлт жолында жан кешті еңбек пен ерен ерлікке бара алар жандардың ғана қолынан келері хақ. Алған беттен тауы шағылып тез қайтпайтын қайсарлық пен жігерлілік, ұлтжандылықтың үлгісін көрсете білген Қазақ комитеттері жетекшілерінің іс-әрекетін Семей облыстық Қазақ комитетінің белсенді мүшесі Биахмет Сәрсеновті еске алуға арналған мына бір мақала жолдары да аша түседі: «... оның тағы бір қасиеті – нашарға, мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Жарлы шәкірттерге жанын салып болысып, «байғұстар бірдеме алып қалсын» деп, ылғи біреуді орналастырып, бірдеме тауып беріп, құрақ ұшып жүруші еді. Досшыл, жолдасшыл, ер көңіл еді. Жолдас үшін, ел үшін жалғыз қалуға жарайтын, жанын қиюға шыдайтын ер еді...» [180, 272-б.].

Қазақ комитеттерінің оқу-ағарту саласындағы қызметіне қолғабыс жасап, күш-қуат қосқан қазақ оқушы жастарының мәдени-ағартушылық бағыттағы ұйымдары болды.

Жас талапкер оқушы жастардың іс-әрекеті өз ұлтын өрге сүйреп, өркениетті ел қылсақ деген аға буынның асыл арманымен үндесіп, үйлесіп жатты. Құрылуына Ө. Ақбердин, М. Әуезов, М. Құнанбаев, С. Ғабитхановтар мұрындық болған Шыңғыстағы «Талап ұйымы» жалпы қазақ съезінің қаулысын басшылыққа ала отырып, іс қылу, халыққа пайдалы кітаптарды бастыру, келей оқушыларға жәрдем беру секілді міндеттерді өз мойнына алды [181].

Қызылжарда жастардың «Талап» қауымын ашуға уездік Қазақ комитетінің белсенді мүшелері А. Рамазанов, Ә. Қуанышов, Б. Малдыбаев бас болды. «Сарыарқа» газеті: «Бұл уақытта комитет ағзасы болып тұрған Әлиасқар Қуанышов, Абылай Рамазанов, Біләл Малдыбаев қазақтың осы күнгі бірсыпыра жастарының арасында өте ұлтшыл, таза ойлы, дін, дүния жұмыстарына бірдей көсемдер. Қызылжарда уездной комитет ашылғалы көпке көрсетіп отырған жұмыстарының бірі мынау: оқудан сусап отырған 21 болыстың мұғалімдерін Қызылжарға шақыртып алып, курс ашып, қазір 53 ер мектебін, Қызылжардың өз ішінен бір әйел мектебін ашып отыр. Қызылжардағы «Талап» ұйымының ашылуына басқа жастармен бірге басшылық қылған осы адамдар».

Басқармасы 12 адамнан тұратын бұл ұйымға Біләл Малдыбаев төрағалық етті. Ұйымның алдына қойған міндеттерінің бірі «халықты саяси істермен таныстырып, демократия жолына демеу, әрі саяси істерде халыққа жол-басшылық қылу» [182] болды.

Жас буынға ұлт тәрбиесін беріп, жастар арасына ұйымшылдық, ынтымақ дәнін егуге, қазақ қыздарының білім алуына көмектесуге талап қылған Қазалыдағы қазақ жастарының «Жаңа талап» ұйымының алғашқы қаулысы бастауыш ұлт мектебін құру керек деген тоқтамды бекітті.

«Омбыдағы оқып жүрген қазақ жастары 1914 жылдың басында жасырынып жүріп құрған қазақ жастарының тұңғыш ұйымы, 1917 жылы

ашылған көп қауымдардың ағасы – «Бірлік» қауымы қазанның 1-4-не дейін Ақмола облыстық Қазақ комитетінің мүшесі Мағжан Жұмабаевтың басшылығымен Омбы қаласында жалпы жиналыс өткізіп, қысқа уақытта мұғалімдер курстарын ашу, бастауыш мектептерге бағдарлама жасау және оқу құралдарын бастыру, халыққа газет-журнал, кітаптар тарату, жастардың көзін ашып, көңіл ояту үшін «Балапан» атты журнал шығару, сөйтіп ұлт қызметін жандандыра түсуге ықылас білдірді [183].

Қазақ даласының түкпір-түкпірінде құрылған ағартушылық бағыттағы жастар ұйымдары уақыт өте күш біріктіріп, тізе қосуға талпынды.

«Бүкіл қазақ оқушылары болып, бір жол, бір жобаны тұту үшін» жалпы жиналыс жасайық деп әр жердегі жастар ұйымдарына – Ақмешіттегі «Қазақ жастар тобы», Шымкенттегі «Игілік туы», Омбыдағы «Бірлік», Семейдегі «Талап», Қарақамыстағы «Жаңа талаптарға» хат жазып, үндеу тастаған Ақтөбедегі «Жас тілек» ұйымы болды.

Жастардың бұл әрекеті іргелі жұрт болып, күш біріктіріп, елдігімізді танытсақ деген аға ұрпақ бастамасын жас буын көтеріп әкеткендігін аңғарта отырып, Ахмет Байтұрсыновтың «Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын... Борышын берушілер көбейсе, тілеушілер де көбеюі ықтимал» деген қанатты сөздерін еске түсіреді.

XX ғасыр басындағы жанды мәселе – әйел мәселесінде Қазақ комитеттері айтарлықтай беделге ие болды. Әйелдердің теңдігін насихаттап, құрығы жеткен жерге қалың мал алдырмай қыз-келіншектердің құқығын қорғауға ат салысты. С. Сейфуллин өзі басқарған Ақмола уездік Қазақ комитетінен бір күнде 18 әйел бас бостандығын алғанын жазса, Семей облыстық Қазақ комитеті ұйымдастырған қазақтардың облыстық сотының алғашқы үкімі де осы әйел мәселесі жайлы шықты [184, 7-п.].

Қыз балалардың теңдігін қолдай отырып, Қазақ комитеттері олардың оқып білім алуына көп көңіл бөлді. Қазақ комитеттерінде оқу-ағартумен қатар, әйел теңдігі мәселесімен айналысатын арнайы бөлім болды. М. Әуезов те бұл туралы: «1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Семейде біз, Сұлтанмахмұт бастаған біраз жастар, оқу-ағарту, әйел теңдігі мәселесін қарайтын секцияға ендік» [185, 116-б.], – деп жазған болатын.

Қазақ қыздарының жайы, әйел мәселесі бірінші жалпықазақ съезінде, Түркістан қазақ-қырғыздары жиналысында қаралып, әйелдер саяси құқықта ерлермен тең болсын, қалыңмал жойылсын, 16 жасқа толмаған қызға құда түсу болмасын, жеті атаға келмеген ағайыннан қазақ-қырғызда қыз алу болмасын деп шешім қабылдады.

Қазақ комитеттері халықтың діни-наным сенімін де назардан тыс қалдырмады. Шоқындыруға, миссионерлік саясатқа наразылық білдіре отырды. «Алаш қаласында, – деп жазды «Сарыарқа» 10-15 жылдан бері орнаған бір діннен екінші дінге аударатын мекеме, миссия бар еді... Русия мемлекетінің басына тігілген туда жазылған ұран мынау еді: «орыс тұқымына, орыс дініне басқа тұқым, басқа дін келімсек болсын», сол тұтынған жолмен Алаш қаласындағы миссияның (мекеменің) төбесінде «айдың» үстіне

крест орнатылған еді... қазақ комитеті крестің «айға» міниП тұруының орасандығын областной комиссариатқа көрсетіп, «ай» алдырылсын деп әмір қылғызды» [186]. Семейдегі қазақ комитетінің бұл ісі миссионерлік мекемеге қарсылығы, дін бостандығын талап етуі еді.

Бірінші жалпықазақтық съезі Орал облысына қазылыққа Қ. Ахметжанұлын, Бөкейдің қазысы қылып Ғ. Қарашұлын бекітуі, қалған облыстар өздері қазы сайлап алсын, қазақтың діни істері ноғайлардікіндей болсын, әрі Орынбор мүфтилігіне қарасын деген қаулы шығаруы қазақ зиялыларының дін мәселесіне үлкен көңіл бөлуінің айғағы болып табылады. Қазақ комитеттерінің дін мәселесіне араласып отырғандығын олардың діни нұсқаушыларды тағайындауынан көреміз. Елен, Орал облыстық Қазақ комитетінің төрағасы Жанша Досмұхамедов Гурьев уезіне нұсқаушы молда ретінде қызыл-қоғалық хазірет молда Хасан Нұрмағамбетовті тағайындап, бөлімшелік, ауылдық, болыстық және өндіріс орындарында молдаларды сайлап, бекітуді міндеттеді. Орал облыстық Қазақ комитетінің тапсырмасымен молда Х. Нұрмағамбетов 1917 жылы 16 қыркүйекте Доссор ұлттық мұсылман комитеті жетекшілері – А. Есболов, А. Ақберлиндердің қатысуымен осында жалпы жиналыс өткізіп, Доссордың имам молдасы қылып Р. Тыншимовты, оның муазині (көмекшісі) етіп А. Исановты бекітеді [187, 10-11-пп.].

Қазақ комитеттерінің өздері ашқан мектеп, медреселерде ислам тарихы, дін ғылымы, араб тілі пәндерін енгізіп, діни тәрбиеші молдаларды тағайындауы талай жыл халық санасын улап келген саясатқа қарсы күресінен, қоғамдық моральдің төмендеуіне жол бермеу ниетінен туып жатқан әрекеттер болатын.

Қазақ комитеттері өздерінің ағартушылық-мәдени қызметін халықтың бодандықтың қамытын тастап, өркениетті елдер қатарына тезірек қосылуына бағыттады. Қазақ комитеттерінің рухани мәдениеті жоғары, ұлттық рухы мықты, діни наным-сенімі берік қазақ азаматтарын тәрбиелеуге деген талпынысы, осы жолда көрсеткен тамаша үлгі-өнегелері әлі күнге өз маңызын жоғалтқан жоқ.

Алаш қозғалысында өзіндік орны бар Қазақ комитеттері елді ұлттық еркіндікке үндей отырып, халықтың саяси жағынан оянуының, ұлт бірілігін нығайтудың ұйытқысы болды. Ұлт тәуелсіздігі жолындағы күрес барысында Қазақ комитеттерін құрып, оның қызметін атқарған Алаш зиялылары бар білімін, күш жігерін аяп қалмады. Қазақ комитеттерінің қызметі ұлт мүддесін қорғауға бағышталып, аз уақыт өмір сүргеніне қарамастан, 1917 жылдың наурыз айынан Кеңестер билігі орнағанға дейінгі кезеңде Алаш қозғалысында өзіндік із қалдырды. Қазақ комитеттері Кеңестер билігінің араласуымен 1918 жылдың ортасына қарай тоқтатылды. Қазақ комитеттері қоғамдық негізде құрылған ұйым болғанына қарамастан XX ғасыр басындағы тарихымызда ұлттық басқару жүйесінің алғашқы үлгісі ретінде орын алады.

1. Исхаки Г. Идель-Урал. – Казань: Татар. кн. изд., 1991. – 63 с.
2. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 17 наурыз.
3. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (Бұдан былай ҚР ОМА). ҚР ОМА. 544-қ., І6-т., 186-іс.
4. ҚР ОМА. 14-қ., 3-т., 2-іс.
5. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 24 наурыз.
6. Орал облысының съезі // Қазақ. – 1917. – 19 мамыр.
7. Алашорда. Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Кзыл-Орда, 1929 / 2-изд., – Алма-Ата: Айкап, 1992. – 192 с.
8. Семейдегі екі областной комитеттер жайынан // Сарыарка. – 1917. – 19 маусым.
9. ҚР ОМА. 15-қ., 2-т., 423-іс.
10. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 12 сәуір.
11. Бочагов А.К. Алаш Орда. Краткий истрический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1918 гг. – Кзыл-Орда: Госиздат, 1927. – 56 с.
12. ҚР ОМА. 15-қ., 2-т., – 422-іс.
13. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 272 б.
14. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері. – Алматы: Санат, 1995. – 23 б.
15. Құлжанов Н. «Қазаққа» жауап // Бірлік туы. – 1917. – 29 тамыз.
16. Субханбердина Ү.Х. Қазақ, Алаш, Сарыарка. – Алматы: Ғылым, – 1993. – 200 б.
17. Басқармадан // Сарыарқа. – 1919. – 11 шілде.
18. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1977. – 392 б.
19. Ақмола облысының съезі // Қазақ. – 1917. – 19 мамыр.
20. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы / Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
21. ҚР ОМА. 544-қ., І6-т., 54-іс.
22. Кумач И., Калюта Ф. В Акмолинских степях. – Алма-Ата – Москва: Казкрайиздат, 1936. – 84 с.
23. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 4 шілде.
24. Тілшілерден. Омбы // Қазақ. – 1917. – 3 маусым.
25. Кемеңгерұлы Х. Қазақ тарихынан. – М.: КССО халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 72 б.
26. Комитеттер саудасы // Қазақ. – 1917. – 21 қазан.
27. Тілшілерден. Қызылжар // Қазақ. – 1917. – 27 мамыр.
28. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы. Дөңгелек жозы / К. Нұрпейісовтің сөзі // Ақиқат. – 1992. – № 11.
29. Начало революционного движения в Туркмении в 1908-1917 гг. / Сб. документов. – Кн. 4. – Ашхабад, 1946.
30. Никишов П.П. Из истории краха левых эсеров в Туркестане. – Фрунзе: Киргизстан, 1965. – 160 с.
31. ҚР ОМА. 695-қ., І-т., 288-іс.
32. Языкова М. Борьба за установление и упрочение Советской власти в Западном Туркменстане /1917-1920 гг./. – Ашхабад: Изд. Ан ТуркССР, 1957. – 124 с.
33. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 1 сәуір. 34. ҚР ОМА. 9-қ., І-т., 22-іс.
35. Умумтуркистон мусулмонларининг курултойи // Ножот. – 1917. – 23 сәуір
36. Мингноров А. Туркистонда 1917-1918 йиллардаги миллий сиёсий ташкилотлар. – Тошкент: Маънавият, 2002. – 60 б.

37. Баёни хакихат // Ұлығ Түркістан. – 1917. – 7 қыркүйек.
38. Сафаров Г. Национальный вопрос и пролетариат. – Петроград: Госиздат, 1922. – 202 с.
39. ҚР ОМА. 9-қ., І-т., 51-іс.
40. Ташкент, 23 ағус // Бірлік туы. – 1917. – 20 тамыз.
41. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: Жалын, 1992. – 184 б.
42. Иноятов Х.Ш. Победа Советской власти в Туркестане. – М.: Мысль, 1978. – 364 с.
43. Жалпы мұсылмандар тізімі // Бірлік туы. – 1917. – 25 караша.
44. Әулиеатада қазақ-қырғыз болшевиктері // Бірлік туы. – 1918. – 18 қаңтар.
45. Уақытша хүкіметті қолдаймыз // Бірлік туы. – 1917. – 8 қыркүйек. 46. ҚР ОМА. 1441-қ., І-т., І-іс.
47. Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
48. Периодика Урала / Сост. Г.Н. Савиных. – Вып. І. – Свердловск: Свердлов. гос. публ. библиотека, 1976. – 290 с.
49. Варламов П. О 1917 годе в Букеевской Орде // Большевик Казахстана. –1935. – № 9-10.
50. Революционное движение в России в апреле 1917 года. Апрельский кризис / Документы и материалы / Главный ред. А.Л. Сидоров. – М.: Изд. АН СССР, 1958. – 857 с.
51. Сибирская жизнь. 1917. – № 164. – 30 июля
52. Дулатов М. Торғай һәм қырғыз уезінің халқына // Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1991. – 284-286-б.
53. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1917. – 24 шілде. 54. ҚР ОММ. 13-қ., 1-т., 1-іс.
55. ӨР ОММ. И-1-қ. 2-т. 1249-іс.
56. ҚР ОМА. 414-қ. 1-т. 6-іс.
57. Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905-1917 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 375 с.
58. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 98-іс.
59. Жетісу облысындағы қазақ-қырғыз жайы // Қазақ. – 1917. – 18 желтоқсан.
60. Алашқа // Абай. – 1918. – № 3. – 3-4-б.
61. Махаева А.Ш. Қазақ халқы мүддесін қорғаған комитеттер // Қазақ тарихы. – 1995. – № 1. – 32-39 – бб.
62. Рыскулов Т. Восстание туземцов Туркестана в 1916 году // Восстание киргизов и казахов в 1916 году. – Бишкек: Учкун, 1991. – 112 с.
63. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 30-іс.
64. ӨР ОММ. Р-1760-қ. 1-т. 5-іс 8-п.; ҚР ОММ. 9-қ., 1-т., 86-іс, 225-п.; Телеграммдар // Қазақ. –1917. – 27 мамыр.
65. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 28-іс.
66. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 90-іс.
67. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 147-іс.
68. Солтоноев Б. Кызыл к ыргыз тарыхы: Бишкек: Учкун, 1993. – 2-кітап. – 224-б.
69. Дулатов М. « Оян, қазақ!» // Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 286-287-б.
70. Боскын қырғыздарға жәрдем // Қазақ. – 1917. – 11 маусым. 71. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 14-іс.
72. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттерінің құрылуы және Уақытша үкімет тұсындағы қызметі // ҚазМУ хабаршысы. – 1994. – № 2. – 31-38-бб.

73. Қырғыздар жайы // Сарыарқа. – 1917. – 29 тамыз. 74. ҚР ОММ. 9-қ., 1-т., 23-іс.
75. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 9-іс.
76. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 85-іс.
77. Ташкент мұсылмандарының демонстратсиясы // Бірлік туы. – 1917. – 20 ағус.д
78. Ішкі хабаралар // Қазақ. –1917. – 3 маусым.
79. Жетісу қырғыздарының жайы // Бірлік туы. – 1918. – 22 наурыз.
80. Махаева А.Ш. Дольше века этой дружбе // Казахстанская правда. – 2013. – 7 июня.
81. Вестник Временного правительства. – 1917. – 6 октября.
82. Семенюта В. Голод в Туркестане // Человек и политика. – 1991. –№ 12
83. Жетісу қазақ қырғыздарына // Сарыарқа. – 1917. – 12 желтоқсан.
84. Жетісу қырғыны тақырыпты // Бірлік туы. – 1917. – 11 қазан. 85. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 97-іс.
86. Үржар төңірегінде // Сарыарқа. – 1918. – 2 қаңтар.
87. Қырғызстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (Бұдан былай Қыр ОММ). 1283-қ., 1-т., 79-іс.
88. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 86-іс.
89. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 2397-іс.
90. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 27-іс.
91. Қыр ОММ. 89-қ., 1-т., 3-іс.
92. Қазақ көмегі // Сарыарқа. – 1917. – 25 маусым. 93. ҚР ОММ. 992-қ., 1-т., 3-іс.
94. ҚР ОМА. 992-қ., 1-т., 11-іс.
95. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. – начала XX в. (1867-1907 гг.). – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1963. – 411 с.
96. Тынышбаев М. История казахского народа. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993, – 224 с.
97. 1917 год в Казахстане. Документы и материалы / сост. Ф.Н.Киреев, П.А. Абдулина. – Алма-Ата: Казахстан, 1977. – 282с.
98. Гаврилов Н. Переселенческое дело в туркестанском крае (области Сыр-Дарьинская, Самаркандская и Ферганская). – Спб., 1910. – 336 с.
99. Великая Октябрьская Социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. – Алма-Ата, 1967. – 295 с.
100. Костиркин В.И. Земельные комитеты в 1917 году. – М.: Наука, 1975. – 336 с.
101. Жалпықазақ сиезінің қаулысы // Қазақ. – 1917. – 31 шілде.
102. Жер туралы // Сарыарқа. – 1917. – 19 шілде. 103. ҚР ОММ. 695-қ., 1-т, 288-іс.
104. От редакции // Туркестанские ведомости. 1917. 3 августа.
105. Жер комитеттері // Сарыарқа. – 1917. – 15 тамыз.
106. Қабдиев Д. Развитие экономической мысли в Казахстане (конец XIX–нач. XX века.). – Алма-Ата: Казахстан, 1978. – 189 с.
107. ҚР ОМА. 19-қ., 1-т., 637-іс.
108. ҚР ОМА. 554-қ., 16-т., 58-іс.
109. ҚР ОМА. 18-қ., 1-т., 4-іс.
110. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 387-іс.
111. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 427-іс.
112. ҚР ОМА. 19-қ., 1-т., 654-іс.
113. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 5-іс.
114. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 101-іс.
115. ҚР ОММ. 17-қ., 1-т., 4-іс.

116. Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 238 с.

117. Қасымбаев Ж. Қытайға кеткен қазақтардың қайтып оралуы // Қазақ әдебиеті. 1992. 30 қазан.

118. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 4-іс.

119. Тұрғанбайұлы М. Орыс пен қазақ арасы // Сарыарқа. – 1917. – 15 шілде.

120. Елеуов Т. Установление Советской власти в Казахстане. Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1957. – 115 с.

121. Турсунбаев А. Казахский аул в трех революциях. – Алма-Ата: Казахстан, 1967. – 224 с.

122. Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление // Общественные науки в Узбекстане. – 1989. – № 12. – С.30-34.

123. ҚР ОММ. 9-қ., 1-т., 73-іс.

124. Революционные движение в России после свержения самодержавия / Документы и материалы. Гл.ред. А.Л. Сидоров. – М., АН СССР, 1967. – 857с.

125. Аймауытов Ж. Азық-түлік жайы // Сарыарқа. – 1917. – 15 шілде.

126. Азық-түлік жайы // Сарыарқа. – 1917. – 15 тамыз.

127. Әулие Атадан // Бірлік туы. – 1917. –12 желтоқсан.

128. Әулие Ата үйезі // Бірлік туы. – 1917. – 29 тамыз. 129. ҚР ОМА. 15-қ., 2-т., 430-іс.

130. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 5832-іс.

131. Протасов Л.Г. Всероссийское Учредительное собрание и демократическая альтернатива // Отечественная история. – 1993. – № 5. – С.6-9.

132. Учредительное собрание. Россия 1918. Стенограмма и другие документы. – М: Недра, 1991. – 159 с.

133. Учредительное собрание // Қазақ. – 1917. – 9 наурыз.

134. Пирумова Н.М. Земское либеральное движение. Социальные корни и эволюция до начала XX века. – М.: Наука, 1972. – 288 с.

135. ҚР ОММ. 25-қ., 1-т., 431-іс.

136. Әуезов М. Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей) // Ақ жол. – 1923. – 4 ақпан.

137. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1993. – 461 б.

138. Махаева А.Ш. Қазақ қоғамына земстволық басқару керек пе еді? // Ақиқат. – 1995. – № 3. – 36-40-б.

139. Земство кіргізу жайы // Сарыарқа. – 1917. – 29 тамыз.

140. Ташкент уезінің земство кіргізу комитеті // Бірлік туы. – 1917. – 20 қазан.

141. Учредительное собрание // Қазақ. – 1917. – 21 тамыз.

142. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 111-іс.

143. И.Әлімбеков. Естиярлық сыналатын болды //Сарыарқа. – 1917. – 19 маусым.

144. Областной земство сайлауы // Сарыарқа. – 1917. – 5 желтоқсан.

145. Орынбор, 21 октябрь // Қазақ. – 1917. – 21 қазан.

146. ҚРОМА. 1441-қ., 1-т., 1-іс.

147. Герасименко Г.А. Земское самоуправление в России. – М.: Наука, 1990. – 262 с.

148. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 107-іс.

149. Файн Л.Е., Темиргалиев С., Кожабаев С.Т. Из истории борьбы за установление и упрочение Советской власти в Гурьевской области. – Гурьев. – 1957. – 88с.

150. Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 184 б. 151. ҚР ОМА. 1396-қ., 1-т., 79-іс.
152. Алаш партиясы // Қазақ. – 1917. – 15 қазан. 153. ҚР ОММ. 15-қ., 1-т., 428-іс.
154. Қыр баласы. Алаштың талапты азаматына // Қазақ. – 1917. 24 маусым. 155. ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 12-іс.
156. ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 1-іс.
157. ҚР ОМА. 41-қ., 1-т., 3-іс.
158. Ташкент, 11 октябрь. Учредительное собрание сайлауы // Бірлік туы. – 1917. – 11 октябрь.
159. Программные документы мусульманских политических партий. 1917-1920 гг. – Оксфорд, 1985. – 131 с.
160. Скрипилев Е.А. Всероссийское Учредительное собрание. Историко-правовое исследование. – М.: Наука, 1982. – 216 с.
161. Алаштың балалары // Сарыарқа. – 1917. 19 қазан.
162. Спирин Л.М. Россия, 1917 год. Из истории борьбы политических партий. – М.: Мысль, 1987. – 332 с.
163. Никишов П. Борьба большевиков за упрочение власти Советов в Киргизии. – Фрунзе: Киргизстан, 1976. – 178 с.
164. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
165. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 449 б.
166. Қайтқан малда береке // Сарыарқа. – 1917. – 14 қыркүйек.
167. Шәкірттерге стипендия // Бірлік туы. – 1917. – 1 октябрь.
168. Ашық хат // Қазақ. – 1917. – 18 желтоқсан .
169. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1998. – 248 б.
170. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 166 б.
171. ҚР ОМА. 1398-қ., 1-т., 218-іс.
172. Көкшетау хабары // Жас азамат. – 1918. – 10 қазан.
173. Түркістан аймағы қазақ-қырғыз жалпы жиналысы // Бірлік туы . – 1917. – 20 ағуст.
174. Оқу уақыты жетті // Сарыарқа. – 1917. – 22 тамыз.
175. Қапалдан телеграм // Бірлік туы. – 1917. – 29 ағуст.
176. ҚР ОММ. 15-қ., 1-т., 459-іс.
177. ҚР ОМА. 544-қ., 1б-т., 58-іс.
178. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 4-іс.
179. ҚР ОМА. 15-қ., 1-т., 449-іс.
180. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 270 б.
181. Шыңғыстағы «Талап» ұйымы // Сарыарқа. – 1917. – 27 қараша.
182. «Талап» қауымы // Бірлік туы. – 1917. – 13 январь.
183. Омбыдағы «Бірлік» қауымы // Қазақ. – 1918. – 12 январь.
184. ҚР ОМА. 1399-қ., 1-т., 218-іс.
185. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақстан, 1958. – 116 б.
186. Дін бостандығы // Сарыарқа. – 1917. – 1 тамыз. 187.
187. ҚР ОМА. 695-қ., 1-т., 288-іс.

2.3 АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ

Ақпан революциясы патшалық-самодержавиелік билікті құлатып, Ресей империясының отар аймақтарына азаттық жолын ашты. Жаңадан күн тәртібіне қойылған өзгерістерді негіздеу мақсатында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру көзделді. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлікті отар аймақтардағы халықтар мемлекеттік дербестікке жету жолындағы белгілі бір кезең ретінде қабылдады.

Қазақстандағы Ресей саяси партиялары мен қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері жергілікті комитеттерін аша отырып, елдегі қалыптаса бастаған жалпыазаматтық келісім мен тыныштықты сақтап, халықты әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешуге атсалысуға шақырды. Бұл өзгерістерді саралап бекіту ісі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының құзырында екендігі түсіндірілді.

Қазақстандағы Халық бостандығы партиясының комитеті 1917 жылғы наурыз айынан бастап ұйымдық құрылым ретінде қалыптасып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өз өкілдерін өткізуге де күш салады. Партия өкілдері өз басылымдары арқылы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңындағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, бағдарламаларын жариялайды.

Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейінгі кезеңде отарлық бұғауынан арыла бастаған өлке халықтары азаттық жолындағы күресін мұсылмандық қозғалыспен байланыстырады. Ресей мұсылмандарының Уақытша Орталық бюросының және ұлттық аймақтарда мұсылман комитеттерінің құрылуы шет аймақтардағы мұсылмандық қозғалыстың дамуына әсер етті. Өлке мұсылмандары жалпыресейлік мұсылман съездеріне өкілдер жіберу арқылы әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелерді Ресей көлеміне шығарып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында ұтымды шешуге тырысты.

Билік мәселесіне байланысты басқаша көзқараста болған большевиктер Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күтпей-ақ үкімет билігін қару жұмсау арқылы басып алды. Алғашқы кезде тіпті үкімет билігі «Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін уақытша алынды» деп жариялады. Мұның өзі компромистік саясат болатын. Содан соң Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының шақырылуын декреттер арқылы кейінге қалдыра отырып, оның қаңтар айының бесінші жұлдызында өткізілуіне үнсіз келісім берді. Ал, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында кеңестер билігін негіздеу мәселесі жүзеге аспағандықтан жиналыс таратылды. Бұл халықты азамат соғысына итермелеу болатын. Өлкедегі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар бұл саясатты әшкерелей отырып, халықты Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қорғауға шақырды. Қазақ зиялылары да бұл қозғалысты қолдады, яғни барлық үміт осы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында болатын. Кеңестер билігін құлатып,

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қайта шақырудан Ресей саяси күштерімен бірге қазақ зиялылары да үміттенді.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлік қызу жүріп жатқан кезде Петерборда большевиктер бүлік шығарыпты деген хабар тарай бастады. Көп ұзамай олардың үкімет билігін өз қолдарына алғандығы, астаналық газеттердің біртіндеп жабыла бастағаны туралы да мағлұматтар келіп жетеді. Ал, өздері жасаған төңкерісті ақтап алуға тырысқан большевиктер бүкіл Ресей халықтарына үндеуін жариялады. Онда: «Петроград қаласында үкімет билігі Петроград кеңесінің әскери-революциялық комитеті қолына көшті. Керенский үкіметі құлатылды... жергілікті үкімет билігі жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңестеріне беріледі» – деп жазыла келе, халықтың бұл әрекетті қолдаған жағдайында Петроград кеңесі тез арада әділ соғыс бітімін ұсынып, жерді шаруаларға беріп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыратындығы тілге тиек етіледі [1].

Бұл өзара қайшылыққа толы үндеуді талқыға салған қазақ өлкесіндегі қоғамдық-саяси ұйымдар мен партиялар өз пікірлерін де айта бастады. Өлкедегі жұмысшы және солдат кеңестерінің бірі «Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы таянып қалғанда үкіметті басып алу әділетсіздік, үкімет құрылымын белгілеу тек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы құзырында» десе, екіншісі «кеңестер үкіметін уақытша түрде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін мойындай тұратындығы» [2] жөнінде қаулылар қабылдайды.

Павлодар қаласы мен уезіндегі үкімет және қоғамдық ұйымдардың 1917 жылғы 29-қазанда шақырылған төтенше жиналысы «большевиктердің Уақытша үкіметті құлатып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын кешеуілдетуін» айыптай келе, оларға қарсы енді «сөз орнына іспен» жауап беретін уақыт таянғанын ескертеді [3]. Семей облысы Қарқаралы уезінің барлық ұйымдарынан келген өкілдері де бас қосып, «большевиктердің үкіметті басып алуына теріс көзқарас білдіре келе, Уақытша үкіметке толық сенім білдіретіндігін» жария етеді [4]. Большевиктердің шұғыл түрде үкіметті басып алуы жөнінде өз пікірін білдіргісі келген «Туркестанские ведомости» газеті: «Олардың бұл асығуы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысымен байланысты еді. Себебі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауында көпшіліктің большевиктерді қолдамайтындығы туралы ащы шындықты басқалардан гөрі өздері ерекше сезінді», – деп түсіндіреді [5].

Өлкедегі үлкен әскери күш ретінде саналатын казактар да большевиктердің бұл әрекетін айыптап, олардың үкіметін мойындамауға шақырады. Орал казактары «большевиктер Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңында Отан, армия және революция тағдырымен ойнап отырғандығы», «сондықтан елді аштықтан, анархиядан қорғау жолында» және тәуелсіз Ресей республикасы үшін күреске шығатындықтарын ескертсе [6], Жетісу казактары да «Уақытша үкіметпен қайта байланыс орнағанша өз алдына дербес үкімет құратындығын» жария етеді. Сонымен қатар, Жетісу казактары «болшевиктік-бұзақылық қозғалыс Ташкенттен Жетісуға ауып келіп, мұндағы

тәртіпті бұзуына жол бермеуге», «кез-келген жауапкершілікті түсінбеген топтар бас көтерсе, оларды да аяусыз жазалауға» дайын екендіктерін айта келе, казактар бар күш-жігерін «Отанын құтқаруға және оны Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін жеткізуге» күш салатындықтарынан Жетісу өлкесі азаматтарын хабардар етеді [7]. Ресейдегі таяу арада болған өзгерістерді сараптау максатында өлкеде әртүрлі қоғамдық ұйымдардың съездері де шақырылады. 1917 жылдың 22-27 қараша аралықтарында Торғай облысы шаруа, қазақ, жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің съезі болып өтіп, онда «большевиктер бүлігі азамат соғысы өртін тұтандырғаны және жоғарғы билік тек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына ғана тиесілі екені» айтыла келе, осы тұрғыда қаулылар қабылданып, «Билік үшін тұтанған азамат соғысы жойылсын, бүкіл үкімет билігі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына берілсін!» деген ұран көтеріледі [8]. Жетісу облысы татарлары да сол жылдың аяғына таман өз съездерін өткізіп, төмендегідей қаулы қабылдайды:

1) Татар халқының тыныштығы мен өзіндік көзқарастары кез-келген партиялық көзқарастардан жоғары тұруы керек. Сондықтан, татарлар ешқашан партиялық араздықтарға араласпайды және облыстағы тәртіп пен тыныштықты сақтауға бар күшін салады;

2) Мемлекет тыныштығы оның аймақтарындағы қалыпты жағдайға байланысты болғандықтан татарлар өзге облыстардағы халық қалаған сайланбалы үкіметтерді қолдайды;

3) Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күтпей большевиктердің мемлекеттік билікті басып алуы, депутаттар құқығын аяқ асты етуі, большевиктік идеяны қолдамаған азаматтардың қудалануы ескеріліп, бұл аталған шараларға табанды түрде қарсылық көрсетеміз және Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының тез арада шақырылуын талап етеміз;

4) Сібір автономиясына байланысты облыс татарлары жергілікті халық қырғыздар (казақтар) екендігін ескеріп, олармен діни, саяси және экономикалық көзқарастары бір болғандықтан, солардың позициясын қолдайды.

Қаулы соңында өлкедегі мұсылман халықтары өз бірлігін сақтау керектігі, облыста орын алып жатқан кісі өлтіру, тонау әрекеттерімен бірігіп күресу шаралары көрсетіледі [9].

Большевиктердің жасаған төңкерісінің мәнін әшкерелеу хақында «Қазақ» газетінде мақала жариялаған М. Дулатов олардың ұстанған саясатының дәйексіздігін, «бай мен жарлы болмасын, XX ғасыр аяқталғанша жұрттың бәрі тату болады деу» асығыс айтылған көркем қиял екендігін тілге тиек ете келе, қазақ халқына «мемлекет пен бостандық қыл көпір үстінде тұрғанда өзара тыныш һәм көрші халықтармен тату тұру керектігін және... земство һәм Учредительное собрание сайлауын көңілдегідей өткізіп, әскерге азық-түлік беруден бас тартпасаңдар Учредительное собраниеде сыбаға бөліскенде депутаттардың жүзі жаркын, сөзі өтімді болатындығын» айтады [10]. Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары ретінде

Ә. Бөкейхан облыстағы шаруа, жұмысшы және солдаттарға болып жатқан саяси оқиғалардың мәнінтүсіндіру мақсатында жазған «Жаднамасында»: «Безответственность правителей мы видали при царе Николае. Большевикский председатель Ленин как Николай распоряжается самодержавно. Ульянов-Ленин как Николай считает народ за бессловесное животное.

Большевики разогнали Московскую и Петроградскую Городские Думы. Оны были избрано всеобщим, прямым, тайным голосованием всем населением Москвы и Петрограда. Демократия слово иностранное, оно означает народовластие – власть народа. Большевики власть народа считают буржуазным прерассудком. Большевики закрывают газеты, разгоняют собрания. Комиссар большевиков Ованесов, раньше собиравший объявления для буржуазных газет, свободу собрания и свободу слова назвал буржуазным предрассудком. Большевики заявили, что они разгоняют само Учредительное собрание, избранное всеобщим, прямым, тайным голосованием народа. Запомните, крестьяне, рабочие и солдаты. Большевики считают:

1) Ответственность перед народом правителей; 2) Свободу слова, свободу печати, свободу собраний; 3) Всеобщее, прямое, тайное голосование; 4) неприкосновенность граждан и депутатов; 5) власть народа – буржуазным предрассудком», – деп айта келе, олардың ұстанған бағыты қызыл бетперде астындағы «қаражүздіктер саясаты» екендігін жария етеді [11].

Сол кездегі Жетісу оқиғаларын реттеуге Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті атынан жіберілген комиссар О. Шкапский де большевиктердің қоғамның табиғи-тарихи дамуына жасаған қиянатын сөз етеді. Ол большевиктік үгіттеу әзірге тек бақытсыздық әкеліп жатқандығын айта келе «төртінші шілдедегі Петроград қарулы көтерілісі үкімет артиллериясы мен пулемет оғына солдаттарды душар еткенін және майдан даласындағы «Соғыс жойылсын!» ұраны бірқатар полктердің алдыңғы шепті тастап кетуіне, соның нәтижесінде неміс әскерлері Тернополь түбінен майдан шебін бұзып өтіп, бүкіл әскерді кейін шегінуге мәжбүр еткенін» ескертеді. Сондықтан, «тылдағы тәртіп пен ерен еңбек қана революция берген бостандықты, бүкіл халықтық өркендеуді қамтамасыз ететіндігін» тілге тиек етіп, халықты большевиктік үгіттеуді тыңдамауға шақырады [12].

Уақытша Жетісу облыстық комиссарының қызметін атқарып тұрған В. Балабанов та барлық уезд комиссарларына «большевиктер билігін мойындамай, барлық шаруа, казак, солдат, қырғыздардың (қазақтардың – С.Е.) демократиялық элементтерімен тығыз байланыста жұмыс істеу керектігі» жөніндегі нұсқауын телеграммалар арқылы жөнелтеді [13].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына дейін Петроградтағы үкіметті басып алған большевиктердің көсемі В. Ульянов-Лениннің өзі де 1917 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мәселесіне елу мәрте өз пікірін арнайды. Бұл сөздерінде

ол Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын шақыру мәселесі әзірге тек Уақытша үкіметтің бос уәдесі» екенін тілге тиек ете келе, «Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауына ескі бағдарламамен бармау керектігін» большевиктерге ескертеді [14]. Ал, кейіннен үкіметті басып алуға бел байлаған В.И. Ленин: «Барлық жерде билік кеңестерге берілсін. Үкімет құрылғаннан кейін ол Орталық кеңес, Халық жиналысы немесе Құрылтай жиналысы немесе Кеңестер кеңесі деп атала ма, мәселе оның атында емес, мәселе билікте» [15], – деп өзі мен өзінің соңынан ергендердің әрекетін ақтауға тырысқан болатын.

Үкіметті басып алғаннан кейін де большевиктер Ульянов-Ленин басқарған халық комиссарлары кеңесін құрумен қатар, оның қызмет мерзімі «Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін созылатындығын» атап көрсеткен болатын [16]. Мұның өзі халықтың өздерін мойындамай қоятындығынан сескенгендіктің белгісі еді.

1917 жылдың 15 қарашасында атаман А.И. Дутов басқарған «Отан мен революцияны қорғау комитеті» Орынбор қаласындағы билікті өзіне қаратты. Комитет құрамына анархистер мен большевиктерден басқа барлық Ресей партияларының өкілдері кірді. Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланған Ә. Бөкейхан 18 желтоқсанда Орынбор округтік сотына С. Қадырбаевты Торғай облыстық комиссары болып тағайындалуына байланысты судья қызметінен босату туралы өтініш жазған. Бұл қызметте ол Семейге ауысып жатқан Ә. Бөкейханды алмастыруы тиіс еді [17].

Бүкіл Ресей көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық ел қамын ойлаған қазақ зиялыларын уақыт талабына сай іс-шаралар атқаруға итермеледі. Сол жылғы қараша айының соңында Қоқан қаласында Түркістан автономиясы жарияланса, желтоқсан айында Орынборда шақырылған екінші Жалпықазақ съезі «Ұлт кеңесін» сайлап, Алаш автономиясын жариялауға бел байлады. Ресей мен бұрынғы отар аймақтардағы кез-келген мемлекеттік деңгейде қабылданған қаулыларды негіздейтін және жариялаған автономияларды бекітетін Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы деп танылған болатын. Бірақ, қазақ өлкесінен сайланған депутаттар барып үлгермей-ақ, большевиктердің ықпалымен мерзімінен кешігіп шақырылған бұл «мемлекет негізін құрайтын кеңес» 1918 жылдың 5-қаңтарында қарудың күшімен қуып таратылды. Бұл оқиға туралы өз пікірін жазған Ә. Бөкейхан: «Николай түскеннен бері жұрттың сүйенгені, таянғаны... Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы еді. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы ашылған күні, көп жұмысшылар, өзге көп қала кісілері «хакімшілік Құрылтайға» деп ту алып, көшеге шыққан. Осы топты большевик әскері пулемет астына алып, көп кісіні өлтіріп, қуып тастаған», – дей келе, 1905 жылғы 9 қаңтардағы «қанды жексенбі» оқиғасын большевиктердің де тағы қайталайтындығын, ...Николай патшаның да, большевиктердің де пулеметтеп жатқаны жалпы жұрт, екеуінің де сүйенгені қараңғы солдат» [18] екендігін тарихи сабақтастық арқылы дәлелдейді.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының күшпен қуып таратылуы Ресейдегі саяси тұрақсыздықты одан әрі ушықтырып, азаматтық текетіресті кке алып келді. Ал, бұл құбылыстың қазақ өлкесіне таралуынан сақтанған ұлт зиялылары алдын-ала екінші Жалпықазақ съезінде Ұлт кеңесін сайлаумен қатар, Ұлттық милиция, яғни қазақ әскери қарулы күштерінің негізін қалау туралы қаулы алған болатын.

1917 жылғы желтоқсан айының 5-13 жұлдыздары аралығында Орынбор қаласында өткен сол съезде милиция түзудің уақытша тәртібі жарияланады. Онда милиция қызметіне 20 мен 35 жастағы әскери қызметке жарайтын азаматтар алынатындығы, алғашқы кезде әрбір ауылнай өзінен милицияға алынатын азаматтарға ер-тұрман, киім-кешек түзеп беруге міндеттілігі, милиция қаржысын қалыптастыру мәселелері айтылған еді. Милиция құруға кететін шығын мөлшерін съезд мына төмендегідей етіп белгілеген болатын: 1) қару-жарақ, оқ-дәрі және қылыш алу үшін – 16 300 000 р., 2) жылдық жалақы: офицерлерге – 810000 р., нұсқаушыларға – 810 000 р; 3) милиционерлерге арналған баспана үшін – 1620 000 р., 4) милицияның басқармасына – 720 000 р., 5) 24 адамнан үш мерзімге қабылдау арқылы оқытылатын юнкерлер дайындауға – 100 000 р. барлығы: 68 960 000 р. Сонымен қатар, съезде «Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиционерлердің жалпы саны 13 500» болуы керектігі айтылып, «әр облыстан әскер қатарына шақырылғандар саны мына төмендегі мөлшерде белгіленді: Бөкей – 1000, Орал – 2000, Торғай – 3000, Ақмола – 4000, Семей – 1500, және Жетісу – 2000 адам. Жоғарыда көрсетілген милиция қаржысы аталған алты облыстың қазақтары есебінен жиналатын болды» [19]. Милицияға алынған жігіттерді арнайы дайындықтан өткізу үшін «100 милиционерге 1 офицер, 50 милиционерге 1 нұсқаушыны шақыру белгіленді. Қазақ офицерлерін дайындауда Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажеттігі де» [20] съезд шешімдерінен көрініс табады.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының қуып таратылғаннан кейінгі кезеңінде өлкеде қалыптасқан жағдайды сарапқа салу мақсатында бірқатар жерлерде референдумдар мен басқосулар өткізіледі. Верный қаласында өткен қоғамдық ұйымдардың басқосуында большевиктер әрекеті айыпталып, ұйымдар мақсаты елді Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына жеткізу екендігі анықталады [21]. Пішпек қалалық Думасы да әр қоғамдық ұйымнан екі өкілден шақырып, елдегі орын алған ахуалды сөз етеді. Нәтижесінде, ұстанатын бағытты көпшіліктің дауыс беруі арқылы анықтау жөнінде шешім қабылданады. Бүкіл қала халқына хабарландырулар арқылы Орталық Ресейлік үкіметке, Сібірге қосылу немесе Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын күту туралы өз пікірлерін білдіру міндеті күн тәртібіне қойылғандығы айтылып, әр дауыс берушіге үш қағаздан таратылады. Оның бірінде «Петроград-Ташкент», екіншісінде «Сібір», ал үшіншісінде «Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы» деп жазылған болатын. Пішпек қаласы алты дауыс беру бөлімшелеріне бөлініп, 1918 жылғы қаңтардың 20-21 жұлдыздарында құпия дауыс берілді [22]. Дауыс беру қорытындысы мына төмендегідей болып анықталады: «Петроград-Ташкент» үшін –

277 дауыс, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы үшін – 3027 дауыс және «Сібір» үшін – 21 дауыс. Барлық дауыс бергендер саны – 3 325 адам [23]. Мұның өзі өлкедегі қоғамдық ұйымдар мен партиялардың Бүкілресейлік Құрылтайдан әлі де болса күдер үзбегендігін байқатады.

Түркістан өлкесіндегі халықтардың біріккен автономиясын құруды аңсаған М. Шоқай қалыптастырған Қоқан автономиясы 1918 жылдың қаңтар айында құлатылды. Түркістан автономиясын жойған большевиктер Петербургтегі Кеңес үкіметінің қолдауымен өлкеде өз саяси билігін қалыптастыра бастады. Большевиктер 1918 жылғы сәуір айының соңында РСФСР құрамына кіретін Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын жариялады [24].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қайта шақыру бағытын таңдаған Алаш зиялылары Ресейдегі ірі саяси орталықтармен байланысқа шыға бастады. Алғашқы байланыс Москвадағы Кеңес үкіметі басшыларымен жасалады. 1918 жылдың наурыз айында Оралдан Мәскеуге Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер аттанып, барған бетте Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы В.И. Ленинмен және ұлт істері бойынша халық комиссары И.В. Сталинмен кездесіп, оларға екінші Жалпықазақ съезінің (Орынбор, 1917 желтоқсан) қаулысын табыс етеді. И. Сталин қаулымен танысқан соң, 19 наурыз күні Семейге телеграфпен хабарлап, Ә. Бөкейхан және оның орынбасары Х. Ғаббасовты телефон арқылы келіссөзге шақырады. Ертеңіне, 20 наурыз күні Сталинмен телеграф арқылы келіссөзді Х. Ғаббасов жүргізеді. Әңгіме «Алашорда» үкіметінің статусы жөнінде болады. И. Сталин халық комиссарлары шығарған Ресей халықтарының құқықтары туралы декларация Кеңес үкіметінің ұлт мәселесі қызметінде негізгі құжат болып отырғандығы, жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы да жоғарыдағы құжатпен астарлас келетіндігі жөнінде айта келе, Алашорданың өз ретінде Кеңес өкіметін тануға қарсы болмағандығын қалайтындығын білдіреді [25].

Келіссөзден кейінгі күні Алашорда мүшелері Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқан сөзін талқылап, төмендегідей қаулы қабылдайды:

«1) Желтоқсанның 5-інен 13-іне дейін Орынборда болған жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялаймыз. Алаш автономиясына кіретін облыстар: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей Ордасы, Закаспий облысының Маңғышлақ уезі, Самарқан облысының Жизақ уезі, Әмудария бөлімі, Алтай губерниясына қараған Бийск, Барнауыл, Змейнегор уездеріндегі қазақтар;

2) Жалпықазақ-қырғыз съезінің қаулысы бойынша Алашордаға қазақтан басқа халықтардан, көбінен көп, азынан аз он кісі сайланып кіреді.

3) Алаш автономиясында закон шығаратын һәм ел билейтін Алашорда болады» [26].

Жалпы саны 11 бөлімнен тұратын бұл қаулыда, сонымен қатар, облыс және уезд билігі сайланбалы депутаттар кеңесі қолында болатындығы, съезд қаулысы бойынша милиция құрылатындығы... жөнінде айтылады.

Кеңес үкіметінің біржақты саясаты жер мәселесін шешуде де байқалады. Петербургте орналаскан Орталық переселен мекемесінен Семейдегі переселен мекемесі мен шаруа, жұмысшы және жұмысшы депутаттарының кеңесіне келген жеделхатта ішкі Ресей территориясынан шаруалар қазақ өлкесіне көше бастағандығы, сондықтан оларға тез арада жағдай жасауға әзірленіп, қажетті шаралар туралы Орталыққа хабарласуы керектігі айтылған болатын. Бұл мәселе Семейде өтіп жатқан облыстық шаруалар съезінің күн тәртібіне қойылып, талқыға салынады. Сөз тартысында төмендегідей дәлелдер мәлім болды:

1) Бұрынғы Уақытша үкіметтің, осы күнгі Кеңес үкіметінің шығарған заңы бойынша переселен мекемесінің мойнына алайын деп отырған мына жұмыстары жер комитеттеріне тапсырылған. Сондықтан бір жұмыска екі мекеменің ортақ боп мінгесуінің қажеті қандай?

2) Семей облысындағы жер мөлшері, оның ерекшеліктері әзірге мәлім емес. Мүмкін артық жер шыға қоймас. «Қазақ жерін алғанда артық жерін біліп алмаған, тек келгендерді отырғыза беру үшін ғана алған» (бұл Семейдегі переселен бастшысының сөзі);

3) Переселен мекемесінің бұрынғы істеген жұмысына казак пен шаруаның «кемпір наз» өкпесі бар екен;

4) Переселен мекемесі бетімен келген шаруаларды орналастыра берсе, біріншіден тұрғын жұрттың шаруасын күйзелтпек, екіншіден жер мәселесін Бүкілресейлік Құрылтай жиналысынан бұрын өзіміз шешкен боламыз. Міне осы айтылған дәлелдер бойынша шаруалар съезі қазақ комитетінің ұсынған жобасын қабылдайды:

а) жер өлшеніп, топырағының түгі байқалып, тұрған жұрттың шаруасына лайық жер тигенше сырттан шаруалар алынбасын;

ә) осы қаулылар телеграф арқылы Петроградқа білдірілсін;

б) бірен-саран келіп қалған шаруалар болса, олар артық жері бар шаруалар қалаларынан орын алсын;

в) переселен мекемесі облыстық жер комитетіне бағынсын [27].

Қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыруды Кеңес үкіметі уақытша тоқтата тұрғанымен, бұл мәселені күн тәртібінен алмайды. Бұл туралы «Жас азамат» газеті «Қазақ жерінің бір кезде әзірейілі болған переселен мекемесі қайтадан тіріледі деген қауесет бар. Ондағы мақсат: Оралдың арғы жағында жерсіз қара құрттай қаптап, миллиондап, жері тар келіп жатқан мұжықтарды Сібір жеріне орнықтыру» деп жаза келе, «Өткен жылғы Уақытша үкіметтің Сібірге переселен жіберілмейтіндігі туралы бекіткен қаулысын Кеңес үкіметінің қолданғысы келмейтіндігі», «жергілікті үкіметтер мен қашақтар сыйыса алмай жатқанда, тағы қанша переселен әкелу үшін переселен мекемесін тірілту саясат жағынан көзқарастың өзгергендігін» көрсететінін айтады. Бұл шараларға осы жердегі «мұжықтар да қарсы екендігін» есепке алып, «қашан ұлылы-кішілі Құрылтайлар құрылғанша, қазақ жерінің үлеске түспесіне іс басындағы Алаш азаматтары жергілікті мұжықтармен қосылып» әрекет жасауы керектігін ескертеді [28].

Сол тарихи кезеңдегі қазақ халқының жағдайын Ә. Ермеков төмендегідей баяндайды:

«...Жазалау отрядтары, зорлық-зомбылық және Дала әскери соты әрекеттері жаппай орын алған еді. Жұмысшылармен, шаруалармен бірге қазақ елі де майдан даласына тән терроруды басынан кешті... Семейдегі кеңес өкіметі Алаш қаласын басып алып, тонай бастады. Оған қарсы жауап ретінде Алашорда үкіметі «Алаш автономиясының территориясында кеңес өкіметінің барлық декреттері заңсыз, орындауға жатпайды» деп қаулы қабылдады. Капитан Х. Тоқтамышев басқарған Алашорда милициясы Ертістің қыр жағалауындағы Алаш қаласын қорғанысқа алды. Әскери іске Х. Ғаббасов, Б. Сәрсенов, М. Тынышбаев, А. Тұрлыбаев, Б. Мәметов жетекшілік етті» [29].

Қазақ зиялыларының көпшілігі жоғарыда айтылған зорлық-зомбылықты өз бастарынан кешті. Азамат соғысы жылдары Колчак және басқа да уақытша үкіметтер тарапынан Ж. Ақбаев бірнеше рет абақтыға жабылып, Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде халық ісіне бел шеше араласу мүмкіндігінен айрылады [30].

1918 жылдың қаңтар-мамыр айларында большевиктер Орынборды басып алып, Орал облысының бірқатар уездерінде кеңес өкіметін орнатты. Кеңестердің Торғай облыстық съезі «Қазақ» газетінің баспаханасын жапты.

1918 жылдың 31 сәуірінде Алашорда Ұлт кеңесі Орал әскери үкіметімен әскери одақ құрып, қазақтардың кеңестер съездеріне қатысуына қарсы шықты. Осы жылғы сәуір айының соңында атаман А.И. Дутов Торғай далалық аймағына шегіне отырып, Сібірдегі Чехословак корпусының бүлігін пайдаланып, Орынборды қоршады [31].

Кеңес өкіметінің ынтымақ пен ұлттық тұтастық негізіндегі қазақ мемлекеттілігін мойындамайтындығы, керісінше қазақ халқына таптық жіктелуге негізделген кеңестік тұрпаттағы автономия беруге даяр екендігі [32] белгілі болған соң, Халел һәм Жаһанша Досмұхамедовтер енді «көршілес атты казактар мен жұрттың беті советке бағынуға теріс екендігін байқап, облыстық қазақ съезін шақырады» [33].

Орал облысы қазақтарының съезі 1918 жылдың 18 мамырында Жымпиты поселкесінде ашылды. Съезге Орал казак әскерлерінің төрағасы да шақырылады. Съезде Ж. Досмұхамедов пен Х. Досмұхамедов сөз сөйлеп, мынадай ұсыныс жасайды:

1) 1918 жылдың ақпан айында Кеңес өкіметіне қарсы күрес мақсатында жасалған қырғыз (қазақ) земствосы мен орыс казактары арасындағы одақты енді қағаз жүзінде бекіту;

2) Орал әскери үкіметін ақшамен және малмен, әсіресе атты әскерді жылқы малымен жабдықтау;

3) Қырғыз (қазақ) милициясының, яғни қырғыз (қазақ) ұлттық армиясының құрамына қырғыз (қазақ) жігіттерін алу және оларды жоғарыда Орал әскери үкіметімен жасалған келісім-шарт арқылы әскери өнерге баулу;

4) Жымпиты поселкесінде алты айлық юнкерлік училище ашып, оған сауатты қырғыз (қазақ) жастарын, мұғалімдерді шақыру және әскери өнер оқытушыларын Орал казак әскері офицерлері құрамынан алу;

5) Орал облысы қырғыздарын (қазақтарын) өз алдына «Ойыл уәлаяты» ретінде бөліп алып, уақытша үкімет құрамын бекіту: төраға – Ж Досмұхамедов, мүшелері: Х. Досмұхамедов, Иса Көпжасаров, Жанғожа Мергенов, молдалар (хазіреттер) Сағидолла Ізтілеуов пен Салих Омаров және «Ойыл уәлаятын» бес уезге бөлу: а) Орал уезі орнына Шынжырлы уезі; б) Лбищенск орнына Жымпиты; в) Гурьев орнына Сағыз уезі; г) Темір уезі; д) Ойыл уезі;

6) Халық милициясына қару-жарақ Орал әскери үкіметінен алынады [34]; Үкімет құрамына сонымен қатар Құрман Ғалиев, Әбу Әлімхожин де тартылды [35]. Құрылған өкіметті қорғау мақсатында оның жоғарыда аталған мүшелері екінші Жалпықазақ съезінің шешімдерін басшылыққа ала отырып, милиция жасақтайды. Милицияға екі мыңнан астам адам алынады [36]. Бұл ұлттық әскерді қаруландыруға Самарадағы Бүкілресейлік Құрылтай мүшелерінен құрылған комитет те қол ұшын беріп, екі мың мылтық, отыз сегіз пулемет, екі зеңбірек, екі автомобиль алуға мүмкіндік жасайды [37].

Милиция, яғни ұлттық әскер түзгісі келгендерге қамқорлық жасайтын бұл қандай комитет деген заңды сұрақ өзінен өзі туындайды. Бұл сұраққа толығырақ жауап беру мақсатында біз мәселені басынан бастап баяндауды жөн көріп отырмыз.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы большевиктердің күшімен қуылып, таратылғаннан кейін Самара қаласындағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутат болып сайланғандар Ресейдегі өкімет билігін негіздеу өздеріне тиесілі екендігін халыққа таныта бастайды. Бұл әрекеттер 1918 жылдың қаңтар айының ортасынан бастап маусым айына дейін созылады. Қызыл армияға қарсы тұратын нақты әскери күш жасақтау шараларының барлығы да сәтсіздікпен аяқталады. Ал, сол жылғы мамыр айының бас кезінде Чехославак корпусы толқуы дайындалып жатқандығы туралы хабар алынып, олармен келіссөзге Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшесі И.М. Брушвит Пенза қаласына аттандырылады. Нәтижесінде, чехтар бас көтеруі жақын арада болатындығы және олардың Самара жері арқылы өтетіндігі айқындалады. Бірақ, чех қозғалысы өкілдері өздерінің саясаттан тыс екендігін және олардың мақсаты Владивосток бағытында сапар шегіп, жолында кедергі болғандармен соғыса отырып, өз Отанына жету екендігін мәлімдейді. Бұл мәлімдеме чех қозғалысы өкілдерінің орыс демократиясына сенімсіздік танытып, олардың қандай да бір халық билігі үшін күреске шығуға дәрменсіз деп бағалануынан да туындағаны даусыз.

Чех әскері Самара губерниясына аяқ басқанда мұндағы жағдай Пензаға қарағанда өзгеше екенін байқайды. Жергілікті жерлерде шаруалар бас көтеріп, советтерді жойып, өз алдына әскер жасақтап, большевиктермен күрес жолына түскен болатын. Сонымен қатар, еріктілерден де әскери құрамалар жасақтала бастайды. Енді алдымен бұл қарулы көтеріліске басшылық жасайтын, сонымен бірге барлық қоғамдық ұйымдар мен

партиялар оны мойындайтын, қаржы-қайратымен қатар басқаруға сәл де болса заңдық тұрғыдан құқығы бар билік орнын құру керек болады. Ал, елдегі барлық толғағы жеткен мәселелер Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында шешілетін болғандықтан оған сайланған өкілдер осы үкімет орнын басады. Құрылған комитет құрамы 5 адамнан тұрады. Оның үшеуі Самара губерниясынан (И.М. Брушвит, П.Д. Климушкин, В.К. Фортунатов) екеуі басқа губерниялардан келген (В.К. Кольский, Н.Н. Нестеров) өкілдер еді. Көп ұзамай чех әскері Самара қаласына да кіреді. Халық оларды үлкен қуанышпен қарсы алады [38]. Міне, осы комитет өкілдері Орынбор губерниясы мен Торғай облысына келіп, большевиктен босаған жерлердің барлығының әкімшілігін қайта түзеп, тыныштық орнатқан соң Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қайта шақыру қамына кіріспек болды [39].

Самарадағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы өкілдерінің комитеті Торғай облысы халқына арналған үндеуінде большевиктердің аяздан ызғарлы комиссарларының елге жасаған қиянатын әшкерелей келе, облыс қазақтарына пайдалы үкім ететін ол өздерінің өкілі бар Құрылтай жиналысы ғана екендігін, сондықтан «жоғалсын Кеңес өкіметі» деп ұран шығарып, қолға қару алып, Бүкілресейлік Құрылтайды қорғауға аттануы керек екендігін уағыздайды. Сонымен бірге, бұл үндеуде Торғай облысында Кеңес өкіметі құлатылғандықтан енді болшевиктер таратқан уездік, облыстық деңгейдегі земстволық басқаруды қайта қалпына келтіру, қалалардағы өзін-өзі басқару мекемелерінің жұмысын жандандыру сәті түскендігін және Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өкіл сайлау комиссиясы ақтық санау қорытындысын жасап, облысты уақытша басқару билігін тек Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған өкілдердің қолына беру қажеттігі халыққа ескертіледі. Үндеу соңына қол қойғандар ішінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің Торғай облысына сайлаған өкілі Сейдазым Қадырбаев та бар болатын [40].

Самарадағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті оны қайта шақыру ұранын жария ете отырып, большевиктерге қарсы бүкілресейлік қозғалыс қалыптастыру мақсатын көздеді. Келесі үндеу «Ресей мемлекетінің түркі-татар халықтарына» арналады. Бұл үндеуде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті Ресейдің европалық бөлігіндегі облыстардың уақытша жоғарғы билігінің заңды иесі ретінде халық еркіне қол сұққан большевиктерден бірқатар жерді азат еткенін және билікке келген алғашқы күннен бастап түркі-татар халықтарының мұңы мен мұқтажына назар аударғандықтарын паш етеді. Сонымен қатар, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы өзі жұмыс істеген алғашқы күннен бастап, Ресей демократиялық федеративтік республикасын жариялағанын және Ресей халықтарының ұлттық-мәдени ғана емес, саяси-территориялық автономияларын да танығанын тілге тиек етеді. Бірақ, оның жұмысы большевиктер тарапынан қарудың күшімен тоқтатылғанын, еске сала келе, комитет өзінің жанынан ұлт істері жөніндегі ерекше басқарма құрғанын және бұл басқарма Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шақырылғанша түркі-татар халықтарының ұлттық

проблемаларымен айналысатындығын ескертеді. Сондықтан, түркі-татар мұсылмандары Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын, яғни халық билігі идеяларын қорғауға шығып, Ресейдің қайта өрлеуіне өз үлестерін қосатындықтарына сенім білдіріледі [41].

Жоғарыда айтылған Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті (Комуч) сол жылдың 3 маусымынан бастап Орта Еділ бойын, Оңтүстік Орал өңірін және Екатеринбург губерниясын басқарды. Ол заң шығарушы орган ретінде қызмет атқарды. Ал, атқарушы билік өзі құрған мекеме басшыларының Кеңесіне берілді. Барлық мекеме басшылығында эсерлер отырды, тек еңбек мекемесін ғана меньшевик И.М. Майский басқарды. 15 шілдеде Комуч құрамына атаман А.И. Дутов және Орал облыстық үкіметі қосылды. 1918 жылдың қыркүйек айының ортасына қарай Комитет 100-ге жуық мүшелерінің басын қосты. Оның құрамында қазақ зиялыларынан А. Байтұрсынов, С. Досжанов, С. Қадырбаев, А. Бірімжанов, Жанша мен Халел Досмухамедовтар, У. Танашев, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Н. Ипмағанбетов, Г. Алибеков бар еді. Алибеков пен Жанша мен Халел Досмухамедовтар қазақ атқару комитеттерінен, ал қалған зиялылар «Алаш» партиясы атынан ұсынылғандар болатын [42].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің Комитеті өзге облыстық үкіметтер секілді заң шығару ісін қолға алып, Бүкілресейлік үкімет билігінің заңды үміткері екендігін ескертті. 1918 жылдың 8 маусымында ол шұғыл түрде Халық армиясын құру туралы № 2 бұйрығын шығарып, онда «қайта қалпына келтірілген шынайы халық билігін большевиктер мен неміс бандаларынан қорғау мақсатын» көздейтіндігін білдірді. Бір айдан кейін Комуч армия қатарына «бұратаналарды шақыру» туралы бұйрық жариялап, олардың Ресей республикасындағы азаматтармен бірдей барлық құқықтық нормаларды пайдаланатындығын, сондықтан әскери қызмет атқаруы міндетті екендігін ескертеді [43] .

1918 жылдың маусым айында Семей облысы большевиктерден азат етілгеннен кейін, Алашорда үкіметі ресми түрде жарияланып, автономияны басқару туралы қаулылар шыға бастайды. Алашорда үкіметі жанынан 1918 жылдың 11 (24) маусымындағы қаулыға сәйкес «әскери кеңес» құрылып, оған «большевиктермен күресу үшін жігіттер шақыру міндеті» жүктеледі [44]. Міне, осы кезден бастап жарияланған қазақ милициясына жігіттер алу арнайы бұйрық бойынша жүргізіледі. Милиция бөлімдерін жасақтау Жетісу, Орал сияқты казак әскерлерінің шоғырланған жерінде ертерек, яғни ақпан айынан бастап-ақ қолға алына бастаған еді. Жетісуда құрылып жатқан атты милицияны қаруландыру жөніндегі облыс комиссарының уезд комиссарларына арналған телеграммасында «қару-жарақтың тапшылығына байланысты қолдарына түскен барлық винтовкаларды, атап айтқанда демалысқа жіберілген солдаттардан тартып алынғандығы айтылады. Сонымен қатар, христиан дініндегі тұрғын халықты қаруландыруға арналған және сол сияқты қарулар түгелімен, қажет болған жағдайда тізім (опись) бойынша милиция басшыларына тікелей өткізілуі керектігі» айтылды [45].

Алашорда үкіметінің бұйрығы бойынша Торғай облыстық Алашорда бөлімі милиция алу туралы төмендегі тәртіптерді шығарды: 1) Әрбір 25 үйден 1 жігіт алынды. Үй саны 25-ке толмаса (яғни дөңгелектенбесе – автор), жігіт алынбайды... 2) милицияға алынатын жігіттердің жасы 20-дан кем емес, 35-тен артық болмауы қажет; 3) Милицияға дені сау, мүшелерінде кемшілік жоқ жігіттер алынады; 4) Бір үйдегі жалғыз жігіт алынбайды... [46]. Сондай-ақ Алашорда еркі бойынша «Қостанайда – 2-ші қазақ полкі, Жаманқалада (Орск) – 3-ші және Оралда 5-ші, 6-шы қазақ полктері жасақталады... Бұлардан басқа... қазақ жігіттерінен 1-ші полк пен офицер шығаратын медресені өзіміздің қазақ капитаны Хамит Тоқтамышев Өскеменде ашқандығы» [47] жөнінде баспасөз деректері сыр шертеді.

Алашорда үкіметін қорғап, оны Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қайта шақырғанға дейін жеткізетін ұлттық әскер біршама қалыптасады. Енді Алашорда үкіметі мүшелері екінші Жалпықазақ съезінде қабылданған стратегиялық маңызы бар мәселелермен айналыса бастады. Ахмет Байтұрсынов, Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер 1918 жылдың 19-тамызында Самарадағы Құрылтай мүшелерінен құрылған комитетке барады. Сол жерден олар Омбыда Сібір үкіметімен сөйлесіп жатқан «Алашорда» бастығы Әлихан Бөкейханды... телеграфқа шақырып мына төмендегідей мәселелерді баяндайды: «...Самарадағы Учредительное собрание үкіметін былай қойып, алдымен Сібір үкіметімен сөйлескендеріңізге ғажап қалып тұрмыз... Біз үшінші күні жоғарыда айтылған Самар үкіметінің шет мемлекеттермен хабарласып тұратын министрі Вениняпинмен сөйлесіп, екінші Жалпықазақ съезінің қаулысын көрсеттік. Вениняпин қаулыны үкіметтің қалған мүшелерімен таныс қылып, хабарын бізге жеткізбекші болды».

Мұнан кейінгі келіссөз нәтижесін баяндаған Алашорда үкіметінің мүшелері Самар үкіметінің бастығы Вольский және басқалары Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қайта жиылып, Алашорданы және басқа жұрттардың үкіметтерін бекіткенше, бұл сайланып қойылған үкіметтерді ресми билік ретінде танығандығын тілге тиек етеді. Сонымен қатар, Самар үкіметі Алашорда милициясына қару-жарақ беруден де тартынбайды [48]. Ал, Торғай облысының милициясы үшін келісілген бұл қару-жарақтың алдын Мырзағазы (Есболов – автор) барып, алып та келеді [49].

Өлкеде жасақталған қазақ милициясы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қорғауға аттанған еріктілер құрамалары және казак-орыс әскери бөлімдерімен бірге большевиктерге қарсы күреседі. Алаш милициясын алғаш атты казак офицерлері басқарғанымен, кейіннен қазақ әскери үйретушілері мен офицерлері даярлана бастайды. Тұңғыш қазақ әскери үйретушілері Орал облысында ашылған әскери үйретушілер әзірлейтін мектептен 1918 жылдың 1 қазан айында оқу бітіріп, қазақ жігіттерін әскери өнердің соңғы жетістіктеріне сай баулуға шығады [50].

Ал, қазақ офицерлері осы жылдың желтоқсан айынан бастап даярлана бастайды. Алаш қаласында келесі қазақ полкін жасақтау қамына кіріскен капитан Хамит Тоқтамышев 20 шақты орысша оқыған, жүрегінде ұлттық намысы бар қазақ жігіттерін әскери ғылымға үйрету мақсатында офицерлік медресе (учебная команда) ашады [51].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы таратылған кезден бастап оны қайта шақыру мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Большевиктерге қарсы күрескен барлық саяси және әскери күштер бұл мәселені ұран ретінде көтереді.

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының төрағасы болған В.М. Чернов барлық Ресей халықтарына өздері қалаған жиналыстың «қайда жиналып, қай орында болатынын уақытыменен бірге хабар қыламыз» деп жариялайды [52].

Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінен құрылған комитеттің кезекті отырысында Воронеж губерниясынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған өкіл М.А. Кагачь-Бернштейн ұсынысы бойынша күн тәртібіне екі мәселе қойылады:

1) комитет бас қосуларының жариялылығы мен көпшілікке танымал болуы ол демократия жолындағы күресте бірден-бір қажетті құрал екендігі;

2) Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын тез арада шақыру іс-шараларын талқылау және осы мақсатпен Самараға Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының төрағасы В.М. Черновты шақыру [53]. Сонымен қатар, 1918 жылдың 27 қыркүйегінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің съезі Уфа қаласында шақырылып, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын ашуға әзірлік, оның мүшелеріне хабар жіберу тағы басқа мәселелер талқыланады [54].

Иә, 1917 жылғы Ақпан революциясы қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің бір белесіндей болды. Революциямен бірге келген бостандықтар қазақ халқы мен оның зиялы қауымын бір серпілтіп тастады. Ал, сол жылғы қазан айының соңындағы большевиктер төңкерісі ұлт зиялыларының өз халқына тәуелсіз мемлекет негізін қалап беру жолындағы күресінің өрісін тарылта келе, Ресей демократиялық күштерімен бірге большевиктерге қарсы аяусыз күреске шығуына мәжбүр етті.

Бүкіл Ресейді қамтыған азамат соғысына қазақ ұлтының да тартылуы заңды құбылыс болатын. Барлық сайланбалы үкіметтерді қолдаған Самара Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті де қазақ ұлтының тәуелсіздік үшін жүргізген күресіне өз үлесін қосады. Бірақ, Ресей демократиясы өте әлсіз болатын. Оның жүргізген саясатын, яғни жалпыға бірдей демократиялық бостандықтарды уағыздауын Ресей халқы өз дәрежесінде бағаламады. Қазақ ұлтының зиялылары да халық пен мұсылман қауымдары тараптарынан үлкен қолдау тапқанымен, Ресей демократиясының тағдырына тәуелді еді.

Ресейдегі ресми билікті өз қолдарына шоғырландырғысы келген оңшыл күштер 1918 жылдың 23 тамызында Челябинск қаласына жиналып,

мемлекеттік кеңес өткізеді. Олар өз араларынан Орталық Бүкілресейлік үкімет сайлауға тырысады [55]. Оңшыл эсерлер мен кадеттер одақтасып, мемлекеттік кеңеске Милюков, Набоков, Аксентьев, Аргунов және генерал Болдыревті ұсынады [56]. Нәтижесінде Бүкілресейлік Уақытша үкімет құрылып, оның құрамына Аксентьев – төраға, В. Болдырев, П. Вологодский, В. Виноградов, А. Зинизинов, А. Кругликов алынады. Жаңадан құрылған үкіметтің басқармасы Омбы қаласында орналасады [57]. Бұл үкімет 1918 жылғы 22 қазанда (4 қарашада) Ресей территориясындағы барлық сайланбалы үкіметтерді арнайы қаулымен таратып, қаулы көшірмелерін сол үкіметтердің мекен-жайларына жөнелтеді.

Бірақ, сол жылғы қараша айының 18-жұлдызында адмирал А.В. Колчак Бүкілресейлік Уақытша үкімет мүшелері Н. Аксентьевті, А. Зинизинов, Аргуновты, Роговскийді тұтқындайды. Кейіннен осы үкімет мүшелерін тұтқыннан босатып, олардың құпия дауыс беруі нәтижесінде адмирал А.В. Колчак «жоғарғы билеуші» сайланады [58]. Осыдан кейін адмирал Колчак большевиктермен аяусыз күресті желеу етіп, барлық билікті өзінің қолына шоғырландыра бастайды. Билігіне бағынбаған Самара Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитетін қуғындап, қолға түскен Филиповский мен Нестеровты соттауға әрекет жасайды [59]. ...Сол жылғы 19 қарашада Екатеринбургте бас қосып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын қайта шақыру қамын жасап жатқан А. Чернов, В. Вольский, В. Чайкин, М. Шоқай, И. Алкин, Ю. Минар тағы басқа Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының мүшелері тұрған жерді атқылап, Колчак үкіметінен басқа үкіметтің барлығы жойылуы тиіс екендігін байқатады... [60]. Осы кезден бастап Ресей демократиялық күштері талқандалып, монархиялық билікті жақтаған оңшыл күштер мен большевиктер арасындағы аяусыз күрес кезеңі басталады деп айтуға біршама негіз бар. Себебі, самодержавиелік Ресей империясының негізгі әскери тірегі казактар болғаны белгілі. Енді олар большевиктермен күрес барысында өздерінің саяси күш екендігін толық сезінеді. Демократиялық қозғалыс өкілдерін жаппай тұтқындау арқылы олар оңшыл күштер үстемдігін орнатуға тырысқан еді.

---

1. Воззвание к народам России // Рабочий и солдат. – 1917. – № 8. – 25 октября.

2. Жамбыл облыстық мемлекеттік архиві, 50-к., 2-т., 4-іс. 30-п.; Краевой съезд крестянских депутатов // Туркестанские ведомости. – 1917. – № 169. – 25 октября

3. Телеграмма из Павлодара // Дело. – 1917. – № 120. – 31 октября.

4. Телеграмма из Каркаралов // Дело. – 1917. – № 120. – 31 октября.

5. Безумие или предательство // Туркестанские ведомости. – 1917. – № 171. – 27 октября.

6. Телеграмма из Уральска. ҚР ОМА 39-қ. 2-т., 244-іс., 322-323-п.

7. Военный совет. ҚР ОМА 9-қ., 1-т., 5-іс., 78-п.

8. Тургайский областной съезд // Южный Урал. – 1917. – № 67. –3 декабря.

9. Постанавление Семиреченского областного татарского съезда (26-ХП. 1917-3-1,1918) // Семиреченские ведомости.– 1918. – № 25 – 31 января.

10. Мемлекет халі // Қазақ. – 1917. – № 248. – 3 қараша.
11. Памятка рабочим и солдатам Тургайской области. ҚР ОМА 17-к., 1-т., 21-іс., 1-2 пп.
12. О большевиках. ҚР ОМА, 9-к., 1-т., 90-іс., 16п.
13. Телеграмма из Верного. ҚР ОМА, 9-к., 1-т., 68-іс., 141-п.
14. Скрипилев Е.А. Всероссийское Учредительное собрание. – М., 1982. – С. 57
15. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 31-том. – Алматы, – 1975. – Б.115.
16. Декреты Советской власти. – Москва, 1957. – Т-1. С.20.
17. Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с. – С. 243.
18. Бөкейхан Ә. Шығармалар – Б. 270.
19. ҚР ОМА 17-к., 1-т., 1-с, 2-3 пп; Сарыарка. – 1918. – № 29. – 25 қаңтар.
20. Мартыненко Н. Алашорда... С.73.
21. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда .... – Б.159. 22. ҚР ОМА 9-к., 1-т., 28-іс, 358-п.
23. Областные новости. Пишкек // Семиреченские ведомости. – 1918. – № 24. – 30 января.
24. Пишкек. Городская управа // Семиреченские ведомости. – 1918. – № 24. – 1 февраля.
25. Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости. – Ташкент, 2000. – С. 113.
26. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы... – Б. 350-351.
27. Аманжолова Д. На изломе. Алматы: «Таймас, 2009. – С. 243-245.
28. Жер мәселесі // Сарыарқа. – 1918. – № 32. – 7 наурыз.
29. Өлген тірілмекші // Жас азамат. – 1918. – № 3-18 тамыз.
30. Алаш ардагерлерінің бірі Алимхан Ермеков. – Қарағанды, 2010. – Б. 141.
31. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. – Қарағанды: Болашақ – Баспа, 2012. – 188 б. – Б. 25.
32. Аманжолова Д. На изломе ... – С. 250-251.
33. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда ... – Б. 161.
34. Уақытша Ойыл уәлаятының үкіметі // Қазақ.– 1918. – № 262. – 30 маусым.
35. Уақытша Ойыл уәлаятының үкіметі // Қазақ.–1918. – № 262. – 30 маусым.
36. ҚР ОМА, 1227 к., 1-т., 7-іс, 49-п.
37. Уақытша Ойыл уәлаятының үкіметі // Қазақ. – 1918. –№ 262. – 30 маусым.
38. Ойыл уәлаяты // Қазақ. – 1918. – № 264. – 10 қыркүйек.
39. Орал облысы // Сарыарқа. – 1918. – № 57. – 12 (30) қараша
40. История Самарского переворота и комитета членов Учредительного собрание // Голос Сибири. – 1919. – № 4. – 24 января.
41. Учредительное собрание // Қазақ. – 1918. – № 262. – 30 маусым.
42. Воззвание к Тургайскому народу. ҚР ОМА 18-к., 1-т., 29-іс., 1-2пп.
43. Аманжолова Д. На изломе .... – С. 260.
44. Тюрко-татарскому народу Государства Российского // Рабочее утро. – 1918. – № 85.
45. Алашорда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алматы, – 1992. – С. 109.

46. О вооружении милиции. ҚР ОМА 9-к., 1-т. 137-іс., 1-п.
47. Торғай облысы қазағынан милиция алу туралы // Қазақ. – 1918. – № 236. – 5 қыркүйек.
48. Саяси әңгіме // Сарыарқа. – 1919. – № 74. – 26 наурыз.
49. Алаш Орда // Жас Азамат. – 1918. – № 5. – 1 қыркүйек.
50. Қару ала бастады // Қазақ. – 1918. – № 264. – 10 қыркүйек.
51. Тұңғыш қазақ инструкторлары // Сарыарқа. – 1918. – № 57. – 2 қазан.
52. Офицерлік медресе ашылу // Сарыарқа. – 1918. – № 63. – 25 желтоқсан.
53. Құрылтай ашу туралы жігер // Бірлік туы. – 1918. – № 27. – 30 наурыз.
54. О публичности заседании комитета // Рабочее утро. – 1918. – № 78. – 1 сентября.
55. Съезд членов Учредительного собрания // Рабочее утро. – 1918. – № 100. – 2 октября.
56. Государственное совещание // Рабочее утро. – 1918. – № 47. – 27 августа.
57. Именитая пятерка // Рабочее утро. – 1918. – № 75. – 28 августа.
58. Жалпы Руссианың уақытша үкіметінің уәлаят үкіметтеріне һәм Русиа мемлекеттің азаматтарына берген уәде хаты // Сарыарқа.– 1918. – № 59. – 8 караша.
59. Соңғы хабарлар // Жас Азамат. – 1918. – № 12. – 23 караша.
60. Баскармадан // Жас Азамат.-1918.-№ 13. – 29 караша. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер – Б. 130-132.

2.4 ТОРҒАЙ ӨҢІРІНДЕГІ АЛАШОРДАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тарихын, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметін толыққанды баяндау, тек қана оның жекелеген облыстар мен уездердегі бөлімшелерінің қызметін жан-жақты талдау арқылы ғана мүмкін болады [1, 6-б.] – деген зерттеуші Нұрбек Шаяхметовтың тұжырымымен келісе отыра біз 1917-1919 жылдар аралығындағы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес Қазақстанның Солтүстік батысындағы бұрынғы Торғай облысы қазіргі Қостанай және Ақтөбе облыстарындағы Алаш партиясы, Алаш үкіметіне қатысты тарихи мәселелердің жиынтығын қарастырамыз.

Орыс патша үкіметіне қазақ бодан болып, Орынбор, Ор, Елек, Айдарлы бекіністері салынып, отаршылық бұғауы мойынға түскен шақта Торғай елі 1841 жылы Кенесарыдай батырды ақ киізге көтеріп, Орта жүздің ханы етіп сайлады. Торғай сахарасын жайлаған арғын-қыпшақтар хан Кененің тірегі бола білді, қолына қару ұстауға жараған ұлдары мен қыздары қамал бұзар қалың қолға ерді. Хан Кененің: «Қан майданнан Иман келді, аман келді», – деп сүйсінетін Иман батыры Торғай жасағын бастады.

Ал, XX ғ. басында Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сатыға көтерілді. Ағартушылар қозғалысының туын ұстаған Абай, Ыбырай, Шоқан жолын жаңа реформатор ұрпақ жалғады. Олардың көсемі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар ұлт-азаттық көтерілісті азиаттық бағыттан еуропалық, өркениеттік ізге салуға құлшынды. Қолы ұзын,

тоқпағы жуан, шынжыр бұғауы бар Ресейдің қол астынан шыға алмайтынын сезген олар Ресей империясының демократиялық жолға түскен сәтін пайдаланып, Қазақ елінің демократиялық автономиялы билігі бар мемлекет болуын мақсат тұтты. Торғайдан шыққан зиялылар Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар сахараны оятқан халықтың ұлы перзенттері болды. XX ғасырдың басында киелі Торғай қазақ халқы еркіндігінің символына осылай айналды [2, 159-160-бб.].

Сол кездегі әкімшілік бөлініске орай Торғай солтүстігінде Орынбор губерниясымен, батысында Орал облысымен, оңтүстігінде Сырдария, шығысында Ақмола облыстарымен шектесті. Облыс 4 уезге: Торғай, Ырғыз, Елек, Николаевск (Қостанай) болып бөлінді. Облыстың бас басқармасы Орынбор қаласында орналасты. Торғай уезінің орталығы – Торғайда, Елек (Ақтөбе) уездерінің орталығы – Илецкая Защитада, Николаевск уезінің орталығы Тройцкіде орналасты [3, 263-б.].

Осылай барлық облыстармен шектесіп жатқан Торғайдағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс Қазақ елінің басқа жерлеріне қарағанда анағұрлым күшті болды. Патшалық Ресей державасы оларды жеңе алмады. Сөйтіп бұл қозғалыс Ақпан революциясына ұласты. 1917 жылы ақпанда буржуазиялық-демократиялық революция жеңіске жетті. Ақ патшаның тақтан құлағанын Қазақстан тұрғындары қуанышпен қарсы алды. Олар елде саяси және экономикалық үлкен өзгерістер болатынына үміт артты. Сондықтан да осы кезде майданда жүрген Әлихан бастаған он бес қазақ зиялылары Минскіден Қазақстанның негізгі орталығындағы сол уақыттағы танымал тұлғаларға яғни жиырма бес мекенжайға жіберілген хаттың мәтінін газетте жариялады. Олардың ішінде Торғай облысындағы Омар Алмасов, Байқадам Қаралдин, Кәрім Тоқтабаев та бар еді [4, 215-б.]. Бұл хаттың мәтіні белгілі Алаштанушы Мәмбет Қойгелдиев еңбегінде айтылатындықтан тоқталмаймыз. Бұл кезеңде билікті қолына алған Уақытша үкімет ұйымдастыру жұмыстарын өткізіп, жергілікті жерлерде билік органын құрып жатты. Мәселен ескі губернаторлық, уездік, болыстық және аулнайлық басқару жүйелері жойыла бастады. Олардың орнына Уақытша үкіметтің облыстық, уездік комиссарлық басқару жүйесі мен комитеттері құрыла бастады. Осыған орай Әлихан Бөкейхан 1917 жылы 16 наурызда Петроградқа шақырылып, 20 наурыз күні Торғай облыстық комиссары қызметіне тағайындалады [4, 239-б.].

Бұған қоса осы Уақытша үкімет тұсында яғни 1917 жылдың наурыз айының екінші жартысынан бастап Қазақ комитеттері облыстық, уездік және болыстық деңгейде құрыла бастады. Қазақ комитеттері Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрылғанымен тек Астрахань губерниясына қарасты Бөкей ордасында және Торғай облысында ғана құрылған жоқ. Қазақ комитетінің Торғай облысында құрылмауының өзіндік ерекшелігі бар. Бұны Торғай облысындағы жетекші мемлекеттік қызметтерде, соның ішінде облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ өкілдерінің көптеп болуымен, яғни олардың аймақтағы қазақтардың мәселелерін белгілі бір

деңгейде шешіп отыруымен байланыстырамыз деп – тұжырымдайды Ерлан Сайлаубай [5, 26-б.].

Біздіңше, Ерлан Сайлаубайдың бұл қорытынды сөзі өте қисынды. Олай дейтініміз, Ә. Бөкейханның қызметке кіріскеннен кейін уездік комиссарларды тағайындау ісімен айналысқанын байқаймыз. Мәселен, ол 5 сәуірде Ішкі істер министрі Щепкиннің Қостанай уездік комиссарын тездетіп бекіту туралы ұсынысына байланысты, бұл қызметке заңгер Ахмет Бірімжановты, Торғай уезіне мұғалім Омар Алмасовты, Ырғыз уезіне Тобыл округтік сотының мүшесі Ғабдолла Теміровті бекітеді. Ал өзі негізгі қызметімен бір мезгілде Ақтөбе уездік комиссары болып тағайындалады. Облыстық комиссар өзіне көмекке қазақ қызметкерлерін де тарта бастайды. Облыстық комиссар кеңсесінде ерекше тапсырмалар чиновнигі қызметін Есен Тұрмұхамедов және Абдул-Хамид Жолдыбаев атқара бастайды. Шамамен, осындай қызметке Сағындық Досжанов та тартылған еді. Әлихан Бөкейхан комиссарлық қызмет атқара жүріп өзінің артынан ерген, әсіресе майдандағы бұратана бөлімінде бірге болған белсенді жастар алдындағы борышын ұмытқан емес. Мәселен, оның бұйрығы бойынша Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есболов Богуруслан уездік комиссарының орынбасары, Минскіде бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаров Торғай уезі 2 учаскесінің Шаруалар бастығы міндетін уақытша атқарушы болып бекітіледі. Ал, облыстық комиссар 1917 жылы 5 тамызда Орынбор округтік сотының төрағасына Әзімбек Бірімжановты тілмаштық қызметке ұсынды [4, 242-243-бб.]. Келесі С.Қ. Нысанованың келтірген мәліметі бойынша Торғай облысында наурыз айының ортасына қарай құрылған билік орындарына, атап айтқанда, Уақытша үкіметтің атқару комитеттері – азаматтық комитеттерге, комиссарлық қызметке қазақ өкілдерін тарту жүзеге асырыла бастады. Облыстық комиссар Ә. Бөкейхан, уездік комиссар А. Бірімжанов, А. Теміров, уездік азаматтық басқарма төрағасы К. Сейдалин болса, облыстық азаматтық комитетте А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов, И. Бегімбетов секілді т.б. қайраткерлер қызмет етті. Олардың басшылық қызметте жүруі Торғай жерінде қазақ өміріне қатысты істердің уақытылы шешілуіне игі әсерін тигізгендігін білдіреді деп айтуымызға болады.

Торғай облысындағы қазақтардың жайына, олардың азаматтық комитеттердегі мүшелерінің орнына көп назар аударылғанын Ә. Бөкейхантың «Қостанайда орыстың 2 жүз мыңы артық, Ақтөбеде қазақтан һәм орыстан ағза бірдей болмақ, уезной комитетте Қостанайда орыс ағзасы артық. Ырғыз, Торғай таза қазақ, бұлардың ағзалары қазақтан болмақ, орыс ағзалары орыстың санына кірмек» – деп жазғанынан да аңғаруға болады [6, 98-99-бб.].

Біздіңше біріншіден, Семей облысының тумасы Ә. Бөкейхан өз қызметінде жергілікті жердің салт-дәстүрін, ерекшеліктерін білетін азаматтарды, әсіресе қазақтың зиялы азаматтарын мемлекеттік басқару орындарына тағайындауды басшылыққа алса, екіншіден, көзі ашық оқыған

азаматтардың саны Торғайда басқа облыстарға қарағанда көбірек еді. Міне сондықтан Уақытша үкіметтің аткару комитетінің құрамында Қазақ комитеті болған жоқ.

Ақпан революциясынан кейін көп ұзамай, яғни 1917 жылдың 18 наурызында А. Имановтың басшылығымен Торғай уезіне қарасты Қаратоғай деген жерде съезд шақырылды. Оған уездің барлық болыстарынан өкілдер қатысып, Торғай уезін басқару жөнінде Уақытша Комитет сайланады. Алайда, Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен «буржуазиялық ұлтшылдар» бұл комитетті заңсыз орган деп жариялап, мойындамаған, ақырында Торғай уезіндегі билікті уездік комиссар О. Алмасовтың басшылығымен ескі болыстық басшылар мен ақсақалдарға берген [7,110-б.]. Кейін Ә. Бөкейханның қатысуымен 20-28 сәуір аралығында өткен Торғай облыстық орыс-қазақ біріккен съезінде облыстық аткару комитеті сайланды. Оның төрағасына заңгер Ткаченко, орынбасарлығына С. Кәдірбаев, мүшелері болып қазақ зиялыларынан А. Байтұрсынов, М. Дулатов және Н. Бегімбетов, мүшелікке кандидат болып С. Досжанов бекітілді. Съезд облыстағы ескі болыстық, ауылдық әкімшілік мекемелерін жойып, олардың орнына аткару комитеттерін құру туралы қаулы қабылдады [8, 73-б.].

Торғай Облыстық азаматтық аткару комитетінің басқармасы мамыр айында Ақтөбе уезіне болыстық және поселкелік азаматтық комитеттер құру үшін құрамында И.П. Самохвалов пен Ф.П. Казанцев бар комиссияны жібереді. Осы комиссияның өкілдерінің қатысуымен Ақтөбе уезінің 2 маусымда өткен съезінде Ақтөбе уездік аткару комитеті құрылып, құрамы бекітілді. Комитеттің төрағасына М.Н. Яшкин, оның серігі болып А. Қосбаков тағайындалды, басқарма мүшелері сайланды. Осылайша уездік аткару комитеттері жүйесі Қазақстанның басқа да жерлерінде құрылып жұмыс істей бастады [8, 78-б.].

Сонымен бірге Әлихан Бөкейхан комиссарлық қызметінде ескі билік тұсында түрлі заңсыздықтар мен зорлықтарға жол берген патша шенеуніктерін қызметтен тайдыру істерін жаңа билікті ұйымдастырумен қатар жүргізді [8, 73-б.].

Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың атап көрсетуіне қарағанда, Әлихан Бөкейханның Орынборға Уақытша үкімет комиссары ретінде барғандағы Торғай облысының ахуалы төмендегідей болды: «Революцияның алғашқы айында Торғай уезінің жағдайы мынадай сипат алды: Торғай, Ырғыз қалаларында, Қарабұтақ, Шалқар, Семиозерный ауылдарында 1916 жылдың күзінен бастап бүлікшілерді тыныштандыратын ескі үкімет жіберген әскер тұрды. Ұрлық пен кісі өлтіру әлі тоқтай қойған жоқ. Облыс комиссары Әлихан Бөкейхан Орынборға барысымен бірінші мамырға Торғай қаласына әр болыстың құрметті қазақтарын шақыртты. Ондағы мақсат бұрынғы және әлі жалғасып жатқан тәртіпсіздіктерді бейбіт жолмен жою еді. Сондықтан уезд қазақтарына еркіндік, теңдік пен бауырластыққа негізделген жаңа үкіметтің мәні мен маңыздылығын түсіндіру үшін Торғай облыстық кеңесінің мүшесі Міржақып Дулатұлын жіберді.

Сонымен қатар, бұл съезге Әлихан Бөкейхан көрші Қостанай облысының танымал құрметті екі делдал-ақсақалын шақыртады: Олардың бірі Арғын, екіншісі Қыпшақ руынан. Өйткені Торғай уезіндегі бір-бірімен қарсыласқан қазақтар осы Арғын және Қыпшақ руынан болды. Бұл съезге екі тараптың да ақсақалдары теңдей қатысты және дауды төрелік сот арқылы шешті. Төрелік сот бірде-бір жанды Сібірге жер аудартуға да, тұтқындауға да үкім шығармады» [9,184-б.].

Енді біз 1-8 сәуір аралығында Торғай облысы қазағының облыс орталығы Орынборда өткізген съезіне тоқталсақ. Мәселен, Кеңес Нұрпейісов өз зерттеуінде Торғай облыстық қазақтары өкілдерінің съезіне толық тоқталып, екі себебін келтіреді. Біріншіден, бұл съезді дайындап, оны басқаруға сол жылғы шілдеде құрылған «Алаш» партиясының жетекшілерінің бірі болған Ахмет Байтұрсынов белсенді түрде араласты; съездің жұмысы Ахмет Байтұрсынов, Сейідәзім Қадырбаев, Уәлихан Танашев, Омар Алмасов сияқты Алашорда қозғалысының белсенді қайраткерлерінің ықпалымен өтті және онда келешектегі «Алаш» партиясының кейбір бағдарламалық тұжырымдары оған қатысушылардың талқысына түсті. Екіншіден, бұл съезд қабылдаған қарарлар бір ғана Торғай облысына емес, олар бүкіл Қазақстандық мәнге ие болды, – дейді. Съезге жалпы алғанда 300-ден астам адам қатынасты. Олардың қатарында Торғай облысынан келген делегаттармен қатар Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей облыстары қазақтарының да өкілдері болды. Сондықтан да Торғай облыстық қазақтары баскосулар үшін белгілі дәрежеде үлгі болды деген тұжырым жасайды [10, 93-б.].

Келесі, Қазақ съездерін зерттеуші Күлпәш Ілиясова: «Торғай облыстық Қазақ съезінің басқа облыстық съездермен салыстырғанда облыстық деңгейден асып, ұлттық деңгейге көтерілгенін негіздейді» десе [7, 41-б.], Әлихантанушы Сұлтанхан Аққұлұлы: «Облыстық деп жарияланған бірінші жалпы Қазақ съезі Торғайда болып өтті. 1917-1918 жылдар ішінде Дала және Түркістан өлкелерінде, Астрахань губерниясының Бөкей ордасында және Каспий өңіріндегі облыстарда өткен Қазақ съездері мен құрылтайы ішіндегі ең ірісі осы Торғай съезі болып саналады» – деп қорытады [9, 197-б.]. Автор қалғандарын хронологиялық ретпен екінші, үшінші деп атайды.

«Сонымен съезд А. Байтұрсыновтың ұйымдастыруымен, оны қолдайтын торғайлық қазақ зиялыларының қатысуымен бұрынғы генерал-губернатордың немесе жақында ғана Торғайға комиссар болып келген Әлихан Бөкейхан басқаратын Уақытша үкіметтің ғимаратында өткізіледі. Съезге жоғарыда айтылғандай Ақмола, Семей, Сырдария, Бөкей облыстары қазақтары, Башқұрт, Татар, Өзбектердің мұсылман ұйымдарының өкілдері, Әлихан бастаған қазақтың танымал зиялы қауымы, елден арнайы келген ақсақалдар, мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер және әртүрлі дәрежедегі патша үкіметі тұсындағы 12 өкіл ал, қыпшақтар жағынан мен ғана болдым», – дейді Байқадам Қаралдин [11, 55-б.]. Съезді кіріспе сөзбен ашқан А. Байтұрсынов қазақ қауымын бірлікке, жаңа үкіметті қолдауға, сөйтіп,

елде тәртіп пен тыныштық сақтауға шақырды. Мәжілістің төрағалығына А. Байтұрсынов, орынбасарлығына 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі А. Кәлменов пен У. Танашев, хатшылығына С. Қадырбаев, О. Алмасов, Ш. Бекмұхамедов сайланды. Съездің атына түрлі қоғамдық ұйымдар мен азаматтар тарапынан құттықтаулар келіп түсті. Мысалы, Киевтегі оңтүстік-күнбатыс майданы комитетінен келген, Қазан қаласындағы мұсылмандар комитеті атынан жолданған және Семей облыстық Қазақ комитетінің мүшесі торғайлық Нәзипа Құлжанованың атынан келген жеделхаттарды айтуға болады [7, 41-б.].

Бұл съезд негізінен патшалық тәртіп құлатылғаннан кейінгі жергілікті өкімет және басқару органдарын құру, жалпы қазақ және жалпы мұсылмандық съездер шақыру, мәдени, шаруашылық, дін ісі, Уақытша үкімет пен ол жалғастырып отырған соғысқа көзқарас, жаңа сот, байланыс жүйелерін қалыптастыру секілді маңызды мәселелерді өз жұмысының күн тәртібіне енгізді. Атап айтқанда, съездің күн тәртібі 14 мәселеден тұрды:

1) Жер-жердегі азаматтық комитеттер;
2) Жалпы қазақтық және жалпы мұсылмандық съездер;
3) Мемлекеттік басқару түрлері және Құрылтай жиналысы;
4) Діни басқарма;
5) Халыққа білім беру;
6) Аграрлық мәселе;
7) Сот;
8) Земство;
9) Баспасөз;
10) Почта;
11) Қоғамдық қаражат;
12) Уездік бастықтар мен зиянды чиновниктер;
13) Соғысқа көзқарас;
14) Қазақтарды тыл жұмысына шақыруға байланысты Торғай облысында болған оқиғалар [7, 41-б.].

Міне, осындағы 12-14 пунктегі мәселеге қысқаша тоқтала кетсек, съезде Омар Алмасұлы, Кәрім Тоқтабайұлы, Әлмұхамед Қасымұлы және Тоймұхамед Көтібарұлы сияқтылар өз баяндамаларында облыстың бірқатар отарлық шенеуніктерінің лауазымдық қызметтерін асыра пайдалану арқылы жасаған көптеген қылмыстарының бетін ашты [9, 202-б.]. Осыған қарап съездің демократиялық бағытта өткендігін және ел ісіне байланысты жағдайлардың бәріне мән бергендігін көруімізге болады.

Сонымен қатар съезд барысында Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Амангелді Үдербайұлының қарулы жасағын Уақытша үкіметке бағындыру мәселесі талқыланды. Осы мәселеге араласқан Байқадам Қаралдин әскер жіберіп Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Амангелді Үдербайұлының көтерілісін басуға қарсылық танытты. Ол, бұл мәселені Торғай уезінің ақсақалдар кеңесіне салуды ұсынды [11, 55-56-бб.]. Өзі қыпшақ руынан шыққан Жарылғап бидің ұрпағы, Ахмет Байтұрсыновтың мектептегі сыныптасы

Байқадам Қаралдин Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Әліби Жангелдинді жақсы білетін. Съезд шешіміне сәйкес 1-8 мамыр аралығында Мәскеуде жоспарланған Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне Торғай облысынан 4 делегат таңдалды. Олар: Ораз ақсақал Тәтіұлы, Сейдазым Қадырбайұлы, Аққағаз Досжанқызы және Сұлтанғазы Ысқақұлы [9, 209-б.].

Сондай-ақ, осы кезеңде ішкі Ресейден орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы тоқтаған жоқ еді. Қазақ зиялылары бұған қатты алаңдап, переселен мекемелерін жою т.б. жөнінде Уақытша Үкіметке өтініш етті. Жер туралы мәселені дұрыс шешу мақсатында 1917 жылдың 22 сәуірінде болған Торғай облыстық Құрылтай съезі аграрлық комиссия құрады. Онда халықты жермен қамтамасыз ету тағы басқа мәселелер талқыланды. Осыған байланысты комиссия бұл мәселенің жергілікті қазақ халқына да, сырттан қоныстанушыларға да ортақ мәселе екендігін ескере отырып, мыналарды қажет деп тапты:

1) 2-8 сәуірде болған Торғай облыстық Қазақ съезіндегі жер мәселесіне орай қабылданған шешімді толық мақұлдау. Облыстық Қазақ съезінің «патшалық тәртіптің қоныстандыру саясатын әшкерелеуіне» толық қосыла отырып, облыстағы қырғыз және орыс халықтарының қарым-қатынасын реттеу мәселесін шешуді жергілікті басқару органдарына тапсыруды жөн көрді. Қоныстандыру басқармасына емес, жергілікті орыс-қырғыз комитеттеріне тапсырғанды мақұл санап, мынадай тұжырымға келді:

– уездік азаматтық комитеттер жанынан 6 орыс және қырғыз өкілдерінен тұратын жер комиссиясын құру. Олар кеңесу дауысына ие бола алады;

– қазақ пен орыс халқы арасындағы түсініспеушіліктерді шешетін ұйымдарды құру. Осы ретте Торғай облыстық қазақ съезіне Қостанай уезі Шұбар болысынан келген Мұхамеджан Сералин Торғай облыстық комитеті жанынан Құрылтайда жер мәселесін баяндауға арналған материалдарды сұрыптау жөніндегі ерекше бюро құру керектігін ашып айтқан [7, 44-б.].

Сонымен қатар, Торғайда өткен бұл съезде Жалпы Қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылданып, оны даярлау үшін «айрықша» бюро құрылған еді. Осы бюроның ұйғаруымен Жалпықазақ съезі 1 тамызда болады деп тұрғанда, «ел ішінде Петроградтағы, Шура-и-Ислам председателі Ахметбек Сәлиқовтан һәм сондағы қазақ өкілдері Уәлихан Танашев, Жақып Ақбаев һәм Жаханша Досмұхамедовтен «Қазақ» басқармасына: «Учредительное собрание 17 қыркүйекте болатын болды. Депутаттар тізімі 1 ай бұрын, яғни 17 тамызда тапсырылмақ болды. Соның үшін жалпы Қазақ съезін 20 шілдеден кеш қалдыруға мүмкін емес. Қазанда ашылуға ұйғарылған жалпы мұсылман съезінің де күні солай өзгертілді», – деген жеделхат келеді. Мұндай жағдай земство сайлауын да тезірек өткізуді талап етті. Сөйтіп, съезге болыс басы кісі шақыру түгіл, уезд басы кісі шақырудың өзі қиындап кетті. Айналдырған 12-13 күннің ішінде шет облыстардың уездеріне қайта хабар беру, олардың 20 шілдеге жетуі мүмкін емес еді. Сонан кейін бюро амалсыз әуелгі қаулысын өзгертіп, съездің күні 20 шілде болсын һәм әр облыстан

болыстық комитет ағзаларынан 2 өкіл келсін деген шешімге тоқтады. Одан басқа лаж болмады, бұрылуға, бұлтаруға болмады.

Осы ретпен Орынбор қаласында 1917 жылдың 21 шілдесінде 1-ші Жалпы Қазақ съезі өз жұмысын бастайды. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей Ордасынан және Ферғана облысының қазақтарынан өкілдер қатынасты. Сырттан қарағанда съезге келген 20-дан астам өкілдердің саны «Жалпы Қазақ съезі» деп ауыз толтыруға олқы көрінсе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ. Оның күн тәртібіне Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді [7, 136-б.].

Ал, Торғай облысы қазақтарының екінші съезі 1917 жылдың 20-25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында болды. Оған Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінен 150 өкіл қатынасты. Съезд төралқасына Мырзағазы Есболов (төрағасы), Сағындық Досжанов, Ахмет Тұнғаншин (серіктері), Тел Жаманмұрынов, Абдулхамид Жүндібаев (хатшылары) сайланды. Съездің күн тәртібіне 15 мәселе қойылды [7, 45-46-бб.]. Қазақ халқының кең ауқымды мәселелерін қамтыған осы съезде қабылданған қаулыларын Ерлан Сайлаубай былай көрсетеді: «Ресейде мемлекеттік құрылым федерация болсын, өлкеде автономия құрылсын, сондай-ақ жер, дін, әйел теңдігі, сот, земство, халыққа білім беру және жергілікті мәселелерді шешу тездетілсін» – делінді. Съезде сонымен қатар, бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне делегаттар сайлануы және қазақ пен шаруа депутаттары кеңесіне қатысатын депутаттардың саны анықталды [5. 35-б.]. Мәселен 10-шы қыркүйекте Орынборда болатын қазақ және шаруа депутаттары Кеңесінің облыстық съезіне Қостанайдан – 20 өкіл, Ақтөбеден – 13, Торғай мен Ырғыздан – 7 өкілден делегат жіберуге шешім қабылдады [7, 45-46-бб.].

Сонымен қатар, съезде Мұхамедияр Тұнғаншиннің жеке басын ақтау және оны өз орталарына қабылдау жөнінде қаулы қабылданады. Съезде оның жеке ісін қарауға біршама уақыт өтті [7, 47-б.].

Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде бұл съездерді өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы, съезд жұмысына мән беру мақсатында мақалаларын жариялады. Атап көрсетсек, «Ел қамы», «Елге комитет сайлауға комиссарлар шығады», «Орынбор 21 октябрь» т.б. Міржақып Дулатов «Орынбор 21 октябрь», – атты мақаласында, зор өзгеріс болды, ескі үкімет жоғалды, Теңдік заманы туды, әр жұрттың тізгіні өзіне берілді. Бұл сөздер неше айдан бері халықтың құлағына сіңулі. Бірақ шын тізгіннің қолға алынуы – земство алуымыз. Біздің қазақтың өз арасындағы ісі ілгері баспаса, өз шаруасын өзі басқара алмаса, өнер-білімге өзі ұмтылмаса, теңдікке жетуге өзі талпынбаса, Николайдың айдалғанынан, министрлердің абақтыда жатқанынан, бостандық болды деп жұрттың шулап жүргенінен түк пайда жоқ. Бостандық жемісінен жұрт қатарлы пайдалану үшін көзіміз ашық, көңіліміз ояу болуы керек. Не нәрсені түсініп пайда-зиянын айырып іске кірісуіміз керек.

Біз енді өз тізгініміз өзімізге тиді деп кеудемізді қаққанда, істейтін ісіміз бұрынғы ескі күпімізді қайта айналдырып кию болса, бізге бостандық

болмағаны, бостандықты түсінбегеніміз, – деп негізді тұжырым жасап жұртты мақсатты, саналы әрекетке үндеп ағартушы, публицист ретінде өз міндетін адал, белсенді орындауға күш салды. Бұл тарихи кезеңде Қазақстанда түрлі деңгейде Қазақ съездері өтіп жатты. Әр облыс орталықтарында өткен съездердің өзіндік ерекшеліктері болды [12, 81-б.]

8-15 қазанда Томскіде өткен Сібір облыстық Бірінші съезінің жұмысына Қазақстаннан 9 өкіл қатысты. Сол қатысқан делегаттардың толтырған анкеталары мұрағатта сақталған. Сонымен, 1. А.А. Айтленов 45 жаста, қазақ, партияда жоқ, Қостанай уезінен Қостанай қаласы Қазақ шаруалар депутаттары кеңесі ұсынған делегат; 2. Ә.Н. Бөкейхан 48 жаста, қазақ, кадет партиясының мүшесі, Торғай облысы Қазақ шаруалар депутаттары кеңесі ұсынған делегат, білімі – жоғары, журналист; 3. Х.А. Ғаббасов 29 жаста, қазақ, партияда жоқ, Семей облыстық Қазақ комитетінен ұсынылған, Мәскеу университетін бітірген, газет редакторы; 4. С.Ш. Жылкелдинов 41 жаста, қазақ, эсер, Құлынды Қазақ депутаттары кеңесі ұсынған, білімі – үйде оқыған, малшы; 5. Ә. Ермеков 25 жаста, қазақ, партияда жоқ, Қарқаралы уезі Қазақ комитеті ұсынған, Томск политехникалық институтының 5 курс студенті; 6. Е.И. Итбаев 50 жаста, қазақ, «Алаш» партиясының мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ комитеті ұсынған, гимназия бітірген, мұғалім; 7. Р.М. Мәрсеков 39 жаста, қазақ, партияда жоқ, Семей облыстық Қазақ комитеті ұсынған, білімі – жоғары, заңгер; 8. А.Д. Сейтов 25 жаста, қазақ, «Алаш» партиясының мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ атқару комитеті ұсынған, Томск университетін бітірген, дәрігер; 9. И.Т. Тұрмұханбетов 34 жаста, қазақ, эсер, Торғай Қазақ шаруалары, солдаттар және жұмысшы депутаттары кеңесі ұсынған, білімі – бастауыш, малшы [13, 178-179-бб.] – деген дәйектер бар. Жоғарыда аталған үшеуі Торғай облысынан еді. Бұл жерде Ә. Бөкейхан Торғай облысының уақытша комиссары болғандықтан біз Ә. Бөкейханды да Торғай облысына қостық. Міне осы Жалпы Сібір съезінде Ә. Бөкейхан бастаған топ, уақытша Сібір автономиясымен бірге болатындығын мәлімдейді. Съезд бекіткен Кеңеске Торғай облысынан Ә. Бөкейхан мен С. Досжанов сайланады.

1917 жылдың қазан-желтоқсан айларында ашылған жергілікті органдар Торғай облыстық комитеті құрамына Ә. Бөкейхан (төраға), А. Байтұрсынов, М. Дулатов, А. Бірімжанов, Ж. Жәнібекұлы, Е. Омаров, О. Жәнібеков, Ғ. Жүндібаев, С. Досжанов, Ғ. Бірімжанов, Қ. Арынғазов, Ғ. Досжанов, Т. Шонанов, Е. Нұрмақамбетов, М. Есболовтарды сайлады [3, 213-б.]. Оның орталығы Орынбор қаласында болды. «Қазақ» газеті 14 қарашадағы санында комитетке мүшелікке 14 адам тартылғанын, оның ішінде 10 адам Орынбордан, 4 адам уездерден екендігін, комитет төрағасы Ә. Бөкейхан, орынбасары А. Байтұрсынов, хатшысы М. Дулатов, қазынашысы Ж. Жәнібеков болғандығын жариялаған. Олар арнайы жиналыста сайланған. Сөйтіп, партияның бағдарламасы мен жарлығы жарияланбай тұрып-ақ, оның облыстық, уездік ұйымдары құрылған. Партияның ұйымдарын қазан айынан бастап тездетіп құру істерін, бір жағынан Жалпысібір съезінен кейін қолға алынғанын, өйткені Сібір съезі Қазақ облыстық автономиясын

құруды қолдауынан деп түсінеміз, екінші жағынан Құрылтай жиналысына қазақ өкілдері қазақ саяси партиясы атынан сайлауға түседі деп ұйғарылғаннан кейін бұл партияны құру міндеті тұрған-ды [5, 37-38-бб.]. Алайда 1917 жылдың 25 қазанында билік басына келген большевиктер Уақытша үкіметті әскер күшімен абақтыға жапқаннан кейін өздерінің дегендеріне «көнбеген» халықтарды күшпен, адамын қырғынға, мал-мүлкін талауға ұшыратып жатты. Міне осындай қиын саяси жағдайда тездетіп екінші жалпы Қазақ съезін шақыру керек болды. Бұл елдік маңызы бар жауапкершілікті шара Торғай облысында өткізілді.

Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық Қазақ комитеттерінен келетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжанов және Елдес Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты. «...Бүкіл Алаштан съезге 81 өкіл келді, съезде қаралатын мәселелер зор болғандықтан, өкіл емес кісілер де көп келді. Барлығы 200-ден аса адам жиналды» [7, 149-б.].

1918 жылдың 22 тамызында Айдархан Тұрлыбаев тапсырған Томск мұрағатындағы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінің хаттамасының көшірмесіне тоқталсақ, съезге Бөкей Ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқант, Алтай губерниясы және әртүрлі қазақ ұйымдарынан өкілдер қатысады. Біз қарастырып отырған Торғай облысынан Сейдазым Қадірбаев, Омар Алмасов, Намазбай Шауменев, Сағнай Ильшин, Сұлтанғазы Исхаков, Кәрім Батишев, Хусейн Бекентаев және Абубәкір Алдияровтар қатысты [14, 1-б.]. Осылардың ішінде Қадірбаев пен Алмасовтың есімі Алашқа қатысты тарихи деректерде кездеседі. Ал, қалғандары әзірге белгісіз. Біздіңше Торғай облысының түкпір-түкпірінен келген ел ақсақалдары да болуы мүмкін деген ойдамыз. Ұйымдастырушылары елге танымал, мойындалған тұлғалар еді. Атап айтсақ: Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатов. Бұлардың ішінде тек Әлихан Бөкейхан ғана Семей облысынан, қалғандарының барлығы Торғай облысынан. Бірақ Уақытша үкімет кезінде комиссарлық қызметті таңдап алған Әлихан Бөкейхан Торғай атынан үміткерлікке түсіп жүргенін деректерден білеміз. Бұның өзі Торғай облысы зиялыларының басқа облыстармен салыстырғанда саясат майданында ысылғандарының көп екендігін білдірсе керек.

Съезде демократиялық жолмен сайлау арқылы төрағалыққа Бақытқерей Құлмановты, серіктестікке Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедов, Әзімхан Кенесарин, Ғұмар Қарашев, хатшылыққа Дәулетшах Күсепқалиев, Міржақып Дулатов және Сейдәзім Қадірбаев таңдалып алынады [14, 2-п.].

Съезд ашылғаннан кейін, өкілдер елдің қал-жағдайы туралы мәліметтерді тыңдай келе жеті бөлімнен тұратын қаулы қабылдады. Съездің бағдарламасына

мынадай мәселелер қойылды: 1) Оңтүстік-шығыс одағына Сібір, Түркістан автономиясы; 2) Қазақ автономиясы; 3) Милиция; 4) Ұлт Кеңесі; 5) Оқу мәселесі; 6) Ұлт қазынасы; 7) Муфтият; 8) Халықтық сот; 9) Ауылдық басқарма; 10) Азық-түлік мәселесі.

Сонымен съезде Ә. Бөкейханның баяндамасы тыңдалып, Қазақ автономиясының мәселесі, милицияны ұйымдастыру және Ұлттық Кеңес жөніндегі мәселелерін жеті адамнан тұратын ерекше комиссияға тапсырып, білім беру ісіне көшті. Бұл сұрақ жөнінде Торғайлық Міржақып Дулатов баяндама жасайды. Оның қаулысын біз түпнұсқада келтірсек: «...Образовать из 5 лиц комиссию по составлению для киргизских начальных и средних школ учебников на киргизском языке, предоставив комиссии право кооптации следующих лиц. Комиссия же должна находиться в месте пребывания Центрального национального совета. Помимо учебников комиссия должна составлять: а) программы для национальных школ; б) руководства для мугалимов; в) книги о воспитании детей; г) правила о постановке дела народного образования во всех казах-киргизских школах; д) выработать правописание киргизского языка; е) переводить на киргизский язык полезные книги и брошюры...» [14, 3-б.].

Міржақып Дулатовтан басқа, Түркістан автономиясы үкіметінен келген Мұстафа Шоқайдың айтуынша Сырдария мен Жетісу облысының қазағының Түркістанға әзірге қосылмағанын айта келіп, Қазақ автономиясы жарияланатын болса оған қосылатындықтарын жеткізді. Комиссия мүшелері атынан сөз алған Хәлел Ғаббасов қазақ автономиясының мәселесі, милицияны ұйымдастыру және Ұлттық Кеңес жөніндегі баяндамасын жасады. Баяндама тыңдалып, талқыланғаннан кейін, съезд бір ауыздан қаулы қабылдады. Оны түпнұсқада келтірсек:

«I. Образовать территориально-национальную автономию областей Букеевской орды, Уральской, Тургайской, Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Сыр-Дарьинской, киргизских уездов Ферганской, Самаркандской, Аму-Дарьинского отдела, Закаспийской области, смешанных киргизских волостей Алтайской губернии, представляющих сплошную территорию с господствующим населением казах-киргизского единого происхождения, единой культуры, истории и единого языка.

I. Автономии казак-киргизских областей присвоить название Алаш.

II. Территория автономных областей Алаш со всеми богатствами, находящимися на поверхности земли, водами, их богатствами, а также недрами земли составляет собственность Алаш.

III. Конституция автономии Алаш утверждается Всероссийским учредительным собранием.

IV. Всем, кто живет среди казак-киргиз, гарантируются права меньшинства. Во всех учреждениях автономии Алаш представители всех наций должны быть представлены пропорционально. Представляется также экстерриториальная и культурная автономия тем, кто без территории окажется в пределах автономии Алаш.

V. В целях спасения области Алаш от общего развала анархии, организовать Временный Народный Совет «Алашорда», состоящий из 25 членов, 10 мест из которых предоставить русским и другим народам, живущим среди казак-киргиз. Местом пребывания Алашорда временно избрать Семипалатинск. Алашорда должна немедленно взять в свои руки всю исполнительную власть над казак-киргизским населением.

VI. Алашорда обязуется принять энергичные меры к созданию народной милиции.

VII. Алашорда обязана в ближайшее время созвать Учредительное Собрание автономии Алаш на началах, выработанных применительно к существующим правилам о производстве выборов в Общее Российское Учредительное Собрание.

VIII. Алашорда уполномачивается Съездом: 1) заключать займы; 2) вести переговоры в блоках с другими автономными соседями, при чем самое заключение договора предоставляется учредительному собранию Алаш.

IX. К Учредительному собранию Алаш Народный Совет обязан представить выработанный им проект конституции Автономии Алаш» [14, 4-б.].

Съезд өкілдері автономия жариялауға келгенде екіге жарылып, Орал, Сырдария облыстары мен Бөкей ордасының өкілдері тез арада автономияны жариялауды ұсынса, қалған облыстар автономияны кейінге қалдыруды ұсынды. Дауыска салынғанда 33 өкіл, жоғарыда аталған өлкенің зиялылары азшылықта болды. Автономияны жариялауды кейінге қалдыруды қолдаған топтың саны 42 болды [14, 5-б.]. Бұл жөнінде Жапондық зерттеуші Томихико Уяма: 33 өкілден тұратын тез арада автономияны жариялауды қолдағандар:

Орал (13): Д. Айсарин, Н. Қалменов, А. Кенжин, Ғ. Досжанов, К. Есенғұлов, Т. Жамашев, Х. Нұрмұхаметов, Н. Ипмағамбетов, Д. Көсепғалиев, Ж. Мергенов, Х. Досмұхаметов, Ғ. Әлібеков, Ж. Досмұхамедов;

Бөкей (9): Ғ. Мұсағалиев, С. Әжігереев, И. Малкешев, И. Көшеков, М. Жұмалиев; Ғ. Мұқашев, У. Танашев, Ғ. Қарашев, Б. Құлманов;

Торғай (7): Ғ. Жүндібаев, Ғ. Өлкешов, С. Елшин, Н. Шауменов, А. Қосуақов, Ғ. Ешмұхаметов, С. Досжанов;

Сырдария (3): М. Байзақов, С. Алдабергенов, И. Ержігітов; белгісіз (1): А. Мұртазин.

Қарсы жауап берген өкілдер саны 42. Олар:

Торғай (11): А. Алдияров, Қ. Бекентаев, К. Батишев, С. Ишаков, О. Алмасов, С. Қадірбаев, О. Қондыбаев, С. Қарпықов, М. Дулатов, Е. Омаров; А. Байтұрсынов;

Ақмола (10): Қ. Кеменгеров, К. Баенов, Қ. Ғабдулин, Е. Жанбаев, С. Жағанов, М. Жұмабаев, Б. Күрлеуітов, И. Малдыбаев, Ж. Гайсин, Ж. Мурзалин;

Жетісу (8): Н. Жақыпбаев, Н. Хамидов, С. Сабатаев, И. Тергеусізов, М. Исмайлов, Ж. Отарбаев, О. Айдабосонов, И. Арабаев;

Семей (7): А. Барлыбаев, К. Бердалин, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Т. Ибраев, Ж. Оразалин, Ә. Бөкейхан;

Алтай губерниясы (1): С. Шаймарданов;

Самарканд (1): Е. Ақжолов;

Белгісіз (4): Х. Болғанбаев, М. Нұрсейтов, І. Жанқарин, М. Макулов [15, 85-86-бб.] – деген өзінің есептеуін келтіреді. Біздің қолымыздағы құжаттар 33 және 42 адамның аты-жөні жазылған тізімнен біз Торғай облысының өкілдері екі жақта та да болды. Мәселен, есімдерін айтсақ ол Жүндібаев Әбділхамит және Досжанов Сағындық. Біздіңше, олар қазіргі Ақтөбе облысының тумалары болғандықтан, Орал, Бөкей және Сырдариялықтарды қолдаған болу керек. Дегенмен, Алаштың рухани көсеміне айналған А. Байтұрсынов бастаған топ көпшілікте болды.

Нәтижесінде елдік мүдде үшін ымыраға келіп, барлығы бірауыздан төмендегідей шешім қабылдады. Мәтінді түпнұсқада келтірсек:

«I) Общекиргизский Народный Совет Алаш-Орды обязуется в месячный срок со дня своего сформирования выяснить возможность присоединения всех казах-киргиз Туркестанского края к автономии Алаш.

II) Если в месячный срок Туркестанские казах-киргизы не присоединятся к автономии Алаш, Народный Совет Алашорда обязуется официально объявить автономию от имени всех остальных киргизских областей.

III) В случае неприсоединения Туркестанских казак-киргиз к автономии Алаш в месячный срок и не объявления Алаш-Ордой автономии, населению каждой области предоставляется действовать по своему усмотрению.

IV) В случае присоединения Туркестанских казак-киргиз в течение месяца к автономии Алаш Народному Совету «Алашорда» предоставляется право объявить автономию Алаш при первой возможности» [14, 5-б.].

Съезд өкілдері көрегенділік танытты. Аумалы-төкпелі кезеңде өмір сүріп отырғанын ескеріп, Азамат соғысы келе жатқанын болжап білді. Оның соңы анархияға ұласатынын түсініп, қазақ ұлтын аман алып қалу үшін милиция мәселесін көтеріп, өте маңызды 13 бөлімнен тұратын шешім қабылдады. Міне осылардың ішінде бізге қатысты Торғай облысындағы милициялардың саны 3000-ға белгіленді. Алашорда үкіметі құрамына Торғай облысынан жоғары білімді заңгер Ахмет Бірімжанов сайланды [14. 6-б.]. Міне сол ұлт кеңесі мүшелерінің орынбасарлығына Ахмет Бірімжановтың көмекшісі болып Торғай облысынан Сейдәзім Қадірбайұлы сайланады.

Қазақ зиялылары көп шыққан Торғай облысынан Алаш үкіметінің төрағалығына Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов неге түспеді? деген сұраққа жауап іздесек. Сұлтанхан Аққұлұлының көрсетуінше, Омбы қаласында 1904 жылы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы үштігі құрылуымен ұлт-азаттық қозғалыстың құрылымы айқындалып, нақты идеологиялық негіз, іс-әрекеттерінде жүйелілік пен нысаналық дәйектілік пайда болды [16, 227-б.] – дейді. Міне осы үштіктің мойындалған көсемі Әлихан Бөкейханның шешімімен шешілсе керек. Сонымен Әлихан Бөкейхан демократиялық негіздегі сайлау жүйесімен Алашорда төрағалығына өтсе, Ахмет Байтұрсынов бастаған Торғай облысының өкілдері Елдес Омаров пен Телжан Шонановтар оқулық жөніндегі комиссия құрамына сайланады. Сонымен, Алаштанушы Мәмбет Қойгелдиевтің сөзімен

айтсақ Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын және сонымен бірге оқу-ағарту мәселесін енгізді. Соңғы мәселе бойынша Міржақып Дулатұлы баяндамасынан кейін бес адамнан тұратын комиссия құрады. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған бұл комиссия құрамына Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы және Телжан Шонанұлы сияқты кейіннен бұл салада сіңірген еңбегімен елге аты мәлім болған адамдар енді [4, 333-б.]. Қарап отырсақ осы бес адамның үшеуі Торғай облысынан екен.

Алаш Автономиясы жарияланатын Екінші Жалпықазақ съезімен қатар бір уақытта 1917 жылдың 6-19 желтоқсан аралығында Томск қаласында өткен облыстық төтенше Жалпысібір съезінің жұмысына Ресейлік В. Ламин мен М. Шиловтың айтуы бойынша қазақтың ұлттық ұйымдары атынан төрт өкіл қатысты: 1. А.М. Баймұрат, 22 жаста, қазақ, Қостанай уезі ұлттық комитетінен; 2. К.М. Сейдалин, 46 жаста Алаш мүшесі, Торғай облысы азаматтық бөлімінен, білімі орта малшы; 3. А. Тұрлыбаев 40 жаста қазақ Алаштың мүшесі, Ақмола облыстық Қазақ комитетінен білімі жоғары заңгер; 4. И.Т. Тұрмұхамбетов, 34 жаста, қазақ, Орынбор шаруалары, солдаттар және жұмысшы депутаттары кеңесі ұсынған, білімі – бастауыш, малшы [13, 181-б.]. Бұл жерде анықтауды қажет ететін бір нәрсе Сейдалинге байланысты. Ресейлік ғалымдар Сейдалинді білімі орта деп көрсетеді. Біз білетін Сейдалиндердің барлығы жоғары білімді. Сейдалин Жансұлтан мен оның немере інісі Сейдалин Жанша екеуі де жоғары білімді және жастары сәйкес келмей тұр. Қай Сейдалин екенін анықтауды болашақ қажет етеді. Қалай дегенмен төрт адамның ішінде үшеуі Торғай облысынан болды. Торғай облысының өкілдері облыстық съездерден де бөлек Сібір съездеріне белсене қатысқанын көреміз.

Келесі Торғай облысы Ырғыз уездік Қазақ съезі 1917 жылдың 28-желтоқсанында өтті. Күн тәртібін айтпас бұрын осы өңірдегі хал-ахуалды білдіретін мына мәліметке көңіл бөлелік. Онда: «...Торғай, Ырғыз уездері қараңғы бір түкпірде жатыр, дүниеде не болып жатқанынан бейхабар. Почта жүріп, Алашорданың бұйрық – жарлығы тараса, біздің ел Алашорданың тілегінен бас тартпас еді, халық қатарынан қалмас еді» делінген. Бұдан бұл аймақта большевиктердің ықпалы күшті болғандығын және оның орталықтан қашықта жатқандығы байқалады [7, 111-б.] – дейді Зерттеуші Күлпәш Ілиясова. Шынында да Торғай облысында Әліби Жангелдин бастаған болшевиктердің ықпалы болғанын біз де растаймыз.

Алашорда Үкіметі жарияланғаннан кейін, соның шешіміне сәйкес Қостанай қаласында 2-ші қазақ полкі құрылады. Осы тұста Қостанайдағы 2-ші қазақ полкінің құрамы туралы «Сарыарқа» газеті: «...ең алдымен бас боламыз деп учительдер, оқушы жастар жазылып, бұларды көрген соң, қырдағы жігіттер де өз еркімен жазылды», – дей келіп, онда оқу командасының ашылғандығын, құрамында оқыған азаматтардың болғандығын және 29 желтоқсанда полктағы жігіттер Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясына) бет алғандығын, сонымен қатар Алашорда тарапынан «әскери бөлім» ашылып, Елдес Омаровтың да бірге кеткенін жазады [7,163-б.]. Бұл

деректен көріп отырғанымыздай Алаш үкіметінің Торғай өңірінде әскери кеңес ашылғанын көреміз. Ал, «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 4 мамырда шыққан 41-ші санында Хасен Сәрсенбайұлы Қостанайда 1918 жылдың 10-15 қаңтар аралығында уездік съезд болғандығы және онда Орынбордағы съезд қаулылары талқыланғандығы жөнінде хабар береді. Съезде тыңдалған баяндамалардан жергілікті халықтың басым көпшілігі Алашорда үкіметін және оның ұлт қазынасын жинау туралы қаулысын мақұлдайтындықтары, соған орай байлардың алды 10 мың, арты 100-ден, барлығы – 35-40 мыңдай қаржы жиналғандығы анғарылады. Автор Орынборға большевиктердің келуіне байланысты ел арасында бүлінушілік болғандығын жазады. Қостанайда өткен бұл съезден большевиктің ықпалымен жүрген Омар Досжанов сияқты ұлт зиялыларының Орынбордағы жалпы Қазақ съезінің қаулыларын мойындамай, тек большевиктік бағытты ұстанғандары нақтыланады [7, 115-б.]. Міне осындай жағдайларға байланысты Орынбордағы Алаш үкіметінің қызметкерлері Семейге, Алаш қаласына ауысса керек.

Сонымен, 1918 жылғы ескі күн санаудағы 11 маусым, жаңа күн санаудағы 24 маусымда Алашорда өз қызметін ресми бастады. Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхан қол қойған жеделхатта екінші Жалпықазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорданың қызметке кіріскені, сырткы істерде Башқұрт автономиясымен одақтас екенін, земстволық өзін-өзі басқару органдарымен бөгетсіз қарым-қатынаста болатындығы, милиция жасағын (әскери жасақ) құруды бастайтындықтарын және оны жергілікті Сібір үкіметі ұйымдары арқылы реттейтіндіктерін, қаржылық мәселелерді шешу қадамдарын бастайтындықтарын баса атап көрсетеді. Сондай-ақ Алаш әскерінің Сібір уақытша үкіметі әскері және Сібір қазақтары әскерімен бірлесе майдандас тұрғысында күрес жүргізіп жатқанын атап көрсеткен [17, 152-153 бб.].

Осындай басқосу 1918 жылдың 27 тамызында Торғай облысының Ақтөбе жерінде Ақбұлақтағы 7 болыс қазағын біріктірген съезд болды. Осы съезде Ақтөбе уезінің Алашорда бөлімі жұмысын Әбдірахман Мұратжанұлы, Әбдухамит Жүндібайұлы һәм Бейсенбай Тыныштықбайұлы жүргізетін болып сайланды. Осы съездегі «Уақытша уездной қазақ соты сайланды» – деген ақпарат бұл съезде тек жоғарыда айтылған мәселе ғана қаралмай, басқа да өзекті мәселелердің талқыланғандығынан хабар береді [7, 114-б.]. Әсіресе, Орскіні қоршау кезінде, – деп жазады З. Валиди, – біздің Қазақстанмен байланысымыз нығайды. Торғай губерниясында Қазақ ұлттық әскерін құру ісіне Ғ. Бірімжановпен бірге башқұрт офицері Ғ. Ғабитов тағы басқалар ат салысты. Башқұрт әскери басқармасы оларды әскери қару-жарақпен қамтамасыз етті. Самар үкіметі тарапынан Қазақ әскеріне бөлінген қару-жарақ «Башқұртстанның Әскери Шуросы» арқылы жіберілді.Осы кезде башқұрт-қазақ әскери корпусын құруға және басшылығына генерал Қажы-Ахмет Ишбулатовты тағайындауға әрекет жасалды [7, 114-б.].

1918 жылы қыркүйектің 8-інде болған Орынбор казак әскерлерінің үшінші төтенше съезінде әскери атаман генерал-майор Александр Дутов

Алашорданың Торғай өңіріндегі өкілі Қадырбаевтың құттықтау жеделхатын жариялады. Онда: «Қазақ халқы таяу уақытта казактармен бірге большевиктік бандиттерге қарсы күреске шығады деп сендіремін...» [10, 187-б.], – деп жазылған.

Алашорданың төрағасы Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермековпен және Алашорданың әскери бөлімінің бастығы Хамит Тоқтамышевпен бірге 1918 жылғы шілде және тамыз айларында Самара және Омбы қалаларында Комуч пен Уақытша Сібір үкіметтерінің әскери мекемелерінің өкілдерімен Алашордаға қарулы күштерді құруға көмек көрсету жөнінде келіссөздер жүргізді. Комуч пен Уақытша Сібір үкіметі Алашорданың қарулы күштерін жасақтауына қару-жарақпен, киім-кешекпен және нұсқаушы-офицерлермен көмек беруге дайын екендігін білдірді. Торғайдағы алашордалықтар 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Александр Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полкты жасақтау жүзеге асырылды [10, 187-188-бб.]

Жоғарыда айтқанымыздай, Қостанайдағы келесі уездік съезд шақыру әрекеті большевиктер билігі құласымен жасалды. Алайда, оған жиналғандардың санының аз болуына байланысты уездің қазақ шаруалары мен коныс аударушы шаруалар өкілдері біріккен мәжіліс өткізді. Мұнда қабылданған қарарлардың Алашорданы ойландыратын мәселелерге қатысы шамалы болды. Сондықтан 1918 жылдың 14-17 қазан аралығында Қостанай уезі қазағының төтенше съезі – 100-ден астам өкілдердің қатысуымен болып өтті. Съезді Алашорданың жергілікті жетекшісі А. Алдияров ашып, «Алаш автономиясы туралы» арнайы баяндама жасады. Съезде сонымен бірге Байғариннің баяндамасы тыңдалды. Съезд төралқа сайлады. Оның төрағасы болып А. Бірімжанов, төрағаның серігі болып Е. Омаров, хатшылары болып Ғайсин мен Тұяков сайланды. Съезге Ырғыз, Торғай уездерінің өкілдері қатысты. Бұл төрт күнге созылған съезд Алаш автономиясы, Қазақ полкі, Алашорданың жергілікті мүшелерін сайлау, уездік сот, жер мәселесі, қаржы т.б. мәселелерді қарастырды. Съезд соңында Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылады және Алаш үкіметін ғана мойындайды деген қаулы қабылдады [3, 243-б.]. Бұл жерде Алашорда үкіметі министрлерінің бірі А. Бірімжанов пен Алаштың оқу-ағарту мәселесі бойынша белсенді мүшесі Е. Омаровтың қатысуынан біз Алашорда үкіметінің Тобыл-Торғай өңіріндегілердің нақты жұмысқа белсене кіріскенін аңғарамыз. Сондай-ақ, Қостанай уездік милициясы құрылып, уезд Алаш автономиясының құрамына қосылғанын көреміз.

Алашорданың Торғай өңіріндегі қызметіне қатысты мәліметтерді 1929 жылы бірнеше рет жүрген тергеу ісі толықтыра түседі. Мәселен, М. Дулатовтың «Енді «Алашорда» үкіметінің желтоқсандағы қаулысын жүзеге асыруға тапсырма алдық. Соның ішінде ең басты мәселе – халық жасағын ұйымдастыру және тұрғындардан қаражат жинау еді. Сол үшін «Алашорданың» облыстық бөлімі құрылды. Бұл кейін Облыстық әскери кеңес деп аталды. Кеңестің төрағасы М. Есболов, ал мүшелігіне А. Байтұрсынов,

С. Қадырбаев және мен сайландым. Біз Ақтөбе, кейіннен Қостанай уездеріне барып жасақ құрамына жігіттерді қабылдадық, қаржы жинадық. Қару-жарақ пен әскери киімді Самарадағы құрылтай мәжілісі комитетінің үкіметі арқылы алдық. Ал командалық құрамына Орынбор әскери басқармасы берді» – деген [18, 330-б.]. Ал, келесі құжатта: «Сұрақ: Сіз өз жауабыңызда: Колчак үкіметінің «Алашорданы» тарату туралы ұсынысымен келіспегендіктен де, Торғай қаласына аттанып, үкіметтің жұмысын сонда жалғастырдық, – деп жаздыңыз. Торғай қаласындағы осы ұйымның калай деп аталғанын менің білгім келіп отыр.

Жауап: Ол – Торғай бөлімі деп аталды. Семейде-Шығыс бөлімі, Оралда-Батыс бөлімі болды. Сондықтан да, біздің бөліміміз – «Алашорданың» Торғай бөлімі деп аталды.

Сұрақ: «Алашорданың» Торғай бөлімінде атап айтқанда кімдер болды?

Жауап: Мен, Есболов, Қадырбаев және Байтұрсынов.

Сұрақ: Сіздер өз араларыңыздағы міндеттерді калай бөлістіңіздер?

Жауап: Біз жұмысты жұмыла істедік, ешкім де нақты бір саланы бөліп істеген жоқ, өйткені біз көшпелі өмір сүрдік.

Сұрақ: Дегенмен де сіздерде қандай да болмасын белгілі бір бөлім болды емес пе?

Жауап: Генерал Дашкин басқарған әскери бөлім болды. Екінші бөлім «Әскери Кеңес» деп аталды.

Сұрақ: Азаматтық істерді кім басқарды? Жауап: Әскери Кеңес.

Сұрақ: Торғайда сіздерге бағынышты қандай әскери бөлімдер болды?

Жауап: Генерал Дашкин кеткеннен кейін біздің жасақты Қасымов басқарды, ол оққа ұшты. Бізге тек өзіміздің жасағымыз ғана бағынды.

Сұрақ: Ол калай деп аталды және оған кім колбасшылық етті?

Жауап: Ол – «Алашорданың» жасағы деп аталды және оған Қасымов басшылық етті. Өзге әскери бөлім болған жоқ. Казақтардан (орыстардан) құралған Могилевтің полкі болды.

Сұрақ: Басқа әскери бөлімдер, яғни, тек қана казақтардан құралған жасақ болған жоқ қой?

Жауап: Жоқ. «Алашорданың» жасақтарынан басқа казақтардан құралған әскери бөлім болған жоқ.

Сұрақ: Сіздің берген жауабыңызға қарағанда Колчакқа бағынғыңыз келмей, Торғай даласына кетуді ұйғарыпсыз. Демек, Сіз Колчак үкіметімен ешқандай да байланыс жасамаған болып шығасыз ғой?

Жауап: Ол түгіл біз Шығыс және Батыс бөлімдерімен де байланыс жасағамыз жоқ. Ал Колчак үкіметімен не менің өзім, не өзгелердің ешқайсысы байланыс жасаған жоқ. Алғашында «Алашорда» құрылтай мәжілісінің Комитеті мен Колчақтың үкіметі бірлесіп жұмыс істеген кезде «Алашорданың» олармен байланысы болды. Бірақ та, мен Торғайға кеткен соң байланыс та, хабар алмасу да болған жоқ, яғни, кәдімгі әскери отрядтармен тікелей қарым-қатынас жасалған жоқ.

Сұрақ: Демек, Торғай қаласындағы «Алашорда» үкіметі Колчак үкіметімен ауызша да, жазбаша да байланыс жасаған жоқ қой?

Жауап: Жоқ, кейіннен біз Кеңес өкіметіне (совдепке) қосылған соң оларға өзіміздің өкілімізді жібердік.

Сұрақ: «Алашорданың» Торғайдағы бөлімі сот-тергеу ісімен айналысты ма? Жауап: Жоқ», – дейді [18, 364-365-бб.].

1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы дирекция құлап, үкімет билігі адмирал Колчакка өткен кезде, Алашорда Үкіметі Қазақ съездерінің шешімдеріне сүйеніп, Ресейдің Федеративті құрылымын жақтап, Қазақ халқының Автономиясын мойындатуды көздеп онымен келіссөздер жүргізеді. Алайда, бұл келіссөздерден нәтиже шықпағасын ұлт зиялылары автономияға жетер жолдың басқа бағытын іздей бастады. Бұл уақытта 1919 жылдың басында Башқұрттар Совет үкіметі жағына шыға бастады. Ақтар шегінгеннен кейінгі жағдай туралы Міржақып Дулатов 1929 жылы қарашаның 30-да ОГПУ-дің тергеушісіне өз қолымен жазып берген жауабында былай дейді: «Орынбор мен Орск соғыс аренасына айналғаннан соң біз яғни, Алашорданың Торғай бөлімшесі мен ол ұйымдастырған қарулы жасақ Қостанай уезінің Денисовка селосына келіп, сонда өз адамдарымызды үйретуді (соғыс өнеріне) жалғастырдық. Алашорданы тарату туралы хабар алысымен Торғай уезіне ауыстық. Осы кезде казак әскери штабынан Орынборға қайту жөнінде бұйрық алдық. Біз оған көнбедік, ал біздің отрядтың командирлері жігіттерді Орынборға баруға үгіттеді... Біз офицерлерді алғашында тұтқындап, кейін олардың Орынборға кетуіне мүмкіндік бердік. Сол кезде Торғайда болған Әліби Жангелдин біздің Орынбор казактарымен дау-жанжалда болғанымызды біліп, біздерді келіссөзге шақыртып өз өкілін жіберді» [10, 197-б.]. Совет үкіметімен байланысты жандандыру бұл жолы бүкіл Алашорда атынан емес, оның Ахмет Байтұрсынов басқарған Торғайлық тобының атынан жүргізілді [10, 197-б.] – дейді Кеңес Нұрпейісов. Осы оқиғалар жөнінде Міржақып Дулатовтың өз сөзін куәлікке тартуды жөн көрдік: «Келісім жүргізу үшін Торғайға Ахмет Байтұрсынов және мен бардым. Келісімнің нәтижесінде біз уақытша Кеңес үкіметі жағына шығатын болдық, ал біздің түбегейлі шешім қабылдауымыз үшін Ахмет Байтұрсыновты Москваға жіберу керек деп шештік, келесі күні Ахмет Байтұрсынов Москваға жүріп кетті. Келісім бойынша Торғай қаласына кірдік, өз отрядымызды жергілікті Қызыл армия отрядымен біріктірдік, біздің біраз адамдарымыз совдептің құрамына кірді. Бұл 1919 жылдың көктемінің бас кезі еді. Торғай уезіне Амангелді Иманов әскери комиссар болып тағайындалыпты» [18, 334-б.]. «Бір күні тікелей сым арқылы Шалқардағы Қызыл армия штабынан Торғайдағы біріккен әскерден 24 сағаттың ішінде Шалқарға жетуі жөнінде бұйрық келеді. Ол кез қар еріп, жолдың бұзылған уақыты еді. Мұндай жағдайда әскери керуен тұрмақ жеке салт аттының жүруі мүмкін емес еді. Амангелді Иманов шұғыл мәжіліс шақырып, онда жоғарыдағы айтылған себептерге байланысты дәл сол кезде Шалқарға жету мүмкін еместігін штабқа хабарлайтын болып келісті. ...Бірнеше күннен – штабтың бұйрығын орындауға Алашорда кедергі

жасап отыр – деген жалған сөздер айтқанын білдік. Амангелді Имановтың осы арандатуынан кейін Шалқарда, Ақтөбеде Алашорданың торғайлық ұйымы Совет өкіметі жағына шықпақ болған уәдеден бас тартты деген пікір қалыптасты. Осыдан кейін біз ынғайсыз жағдайда қалдық, ақтармен байланысты үзген біздер енді қызылдардың негізсіз сенімсіздігіне тап болдық. Бірде Амангелді Иманов бізді тұтқындайды екен, оның пәтерінде Қостанай жақтан келе жатқан отрядтың барлаушысы жасырынуда екен – деген хабар алдық. Сол күні Амангелді Имановты және оның үйіндегі бейтаныс адамды тұтқындадық. Әскеріміздің бір бөлігін Торғайға Лаврентий Тараннның партизан жасағы жақын келіп қалған екен, – деп сонда жібердік. Соңында Амангелді Имановтың үйінде тұтқындалған адам Лаврентий Тараннның өзі болып шықты. Біз қызылдар әскерін қарусыздандырып, адамдарын таратып жібердік. Келесі күні кешкісін Торғайға қайтып келгесін қарбалас сәтте осында қалған жасақтың бір бөлігі Амангелді Иманов пен Лаврентий Таранды өлтіргенін білдік» [10, 199-б.].

Осы жерде Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалыстың жетекшісі Амангелді Имановтың кімнің қолынан немесе сатқындығынан өлгені туралы шындықты ашу болашақтың еншісінде қалып отырғандығын айта кеткен орынды. Бұл жайында Манаш Қозыбаев: «Амангелді батырдың өлімі туралы мәселенің әлі де беті ашық. Бірақ, дау-дамайсыз белгілі дүние де аз емес. Біріншіден, Алаш қозғалысы большевизмге белсеніп, күрес жолына шыққан кезде, Торғай Алашорда билігінің шешімімен Амангелді өлім жазасына кесілді. Ендеше, бұл Алашорданың Торғай тобының Әскери Кеңесінің шешімі, оны бір кісіге арқалатуға болмайды. Ол кезде ояз әкімшілігінің билігі Омар Алмасовта болатын, оның белсенді көмекшісінің бірі Мұзафар Қасымовтың есімі сол 1919 жылдың аяғында аталғанды. Екінші басы ашық мәселе Ахмет Байтұрсынов большевиктермен келіссөз жүргізуге Москваға аттанғанды. Бұл өлімнің жауапкершілігін Ахметке аударуға талай әрекет жасалды. Үшінші, басы ашық іс – ол өкімді орындап, батырдың түрме ішінде мойнына қыл арқан салып, ат құйрығына сүйреткен 18 жасар алашорданың 2-атты полкінің вахмистрі Б.Сисекенов 10 жыл жазасын кейін түрмеде өтеген. Әзірше, біздің қолдағы деректер ойды осы төңіректе өрбітеді. Қалай болғанда да бұл мәселе болашақта арнайы зерттеуді керек етеді [2, 188-б.] – деп тұжырымдайды. Ал, Кеңес Нұрпейісов болса Амангелді Иманов Азамат соғысы жағдайында бір-біріне қарсы екіге бөлінудің құрбаны болды [10, 200-б.] – деп қорытады. Тұрсын Жұртбай революция мүддесі үшін қызылдардың құпия операциясы емес пе екен? – десе [18, 350-351-бб.], Майсара Бекмағамбетованың зерттеуі бойынша: Рүстем Әбідұлғапар, Әбдіғапар Жанбосын мен Әліби Жангелдиннің пікірінше, Амангелді Имановтың тұтқындалуына және өліміне негізгі кінәлілер Амангелді Имановтың өз туыстары Балықов Көшімбек пен Үдербаев Бектепбергендер [11, 70-б.] – дейді.

Әйтеуір қазіргі күні біз білетін ақиқат, Торғайдан шыққан Амангелді батырдың өлімінен кейін де елінің тағдыры үшін Ахмет Байтұрсынов (өзі

жазғандай) Алашорданың Торғайлық тобының өкілі ретінде Совет өкіметімен келіссөз жүргізіп, Кеңес үкіметі құрамындағы автономияға қол жеткізді.

Қорыта айтқанда, Біріншіден, Торғай облысы немесе Қостанай уезі мен Торғай уезінің оқығандары басқа өңірлермен салыстырғанда саны көбірек болды. Екіншіден, 1916 жылғы Торғай жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыста қыпшақтардың Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Кейкі Көкімбайұлы революцияға дейін танылып үлгерген тұлғалары уақытша болсада қыпшақ руы болып топтасады. Ал, кейін оның соңы Ақпан төңкерісінен кейін қыпшақ большевик, арғын Алаш болып рушылдыққа бөлінуі ортақ іске кесірін тигізеді. Үшіншіден, Торғай облысының орталығы Орынбор қаласына Уақытша үкіметтің комиссары болып Әлихан Бөкейханның келуімен Алаш зиялылары осы Орынборда қайта топтасты. Төртіншіден, Торғай облысында басталған съезд басқа облыстарға үлгі болды және облыстық қазақ съездерін бастап берді. Бесіншіден, Бірінші және Екінші жалпықазақ съезі Торғай облысының орталығы Орынборда болып өтті. Сондай-ақ, оның негізгі ұйымдастырушылары да Торғай облысының оқығандары еді. Міне осындай ерекшеліктеріне байланысты біз қарастырған Торғай өңіріндегі Алашорданың қызметі қазақ халқын сақтап қалу үшін, автономиялық мемлекет құруды мақсат ету жолындағы қиын да күрделі, саяси мәселелерді шешуге қадам жасаған өңірлердің бірі болды. Бұл жерде біз азғана Алаштың баласын бөліп жармай, рушылдыққа бұрмай Торғай өңіріндегі Алашорданың қызметін қарастыру арқылы көпқырлы Алашорданың тарихын зерттеуге талпыныс жасадық.

1. Шаяхметов Н.У. Ел бүгіншіл менікі-ертенгі үшін. – Алматы, 2001. – 149 б.

2. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап, – Алматы, 1994. – 192 б.

3. Алаш қозғалысы, Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. – Алматы, «Сардар». – 2008. – 324 б.

4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

5. Сайлаубай Е.Е. Алашорда үкіметінің шығыс бөлімі: 07.00.02 тарих ғыл. канд... дис. – Алматы, 2001. – 179 б.

6. Нысанова С.Қ. Мұхамеджан Сералиннің қоғамдық-саяси қызметі: 07.00.02 тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 2008. – 140 б.

7. Ілиясова К.М. Қазақ ұлт-азаттық козғалысы. Қазақ съездері. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Т. 4. – 352 б.

8. Мекебаев Т.Қ. Уақытша үкіметтің Қазақстандағы билік орындарының қызметі (1917 жылдың ақпаны – 1918 жылдың басы): 07.00.02 тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 1996. – 185 б.

9. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Қазақ жерінің жоқшысы. II том. – Астана: «Алашорда», 2017. – 904 б.

10. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

11. Бекмагамбетова М.Ж. Жизнь и деятелность Байкадама Каралдина: – Костанай, 2016. – 176 с.

12. Иманбаева С.С. М. Дулатовтың өмірі мен қызметі (1885-1935 жж.): 07.00.02 тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 1999. – 186 б.

13. Ламин В. Шиловский М. Сибирские автономисты (областники) и деятели «Алаш-орды» в книге Алаш-таным. Ғылыми мақалалар жинағы, 1-т. – Семей, 2012, – 420 б.

14. Томск облысының мемелекеттік архиві (ТОМА). Р.72 к. Томск к. Сібір областымың Думасы (1918 ж. қантар – 1918 ж. караша 1 т., 2-іс.) «Уақытша үкіметтің Әскері кенесінің хаттамалары»

15. Tomohiko U. The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. – Sapporo, 2000. – P. 70-99.

16. Аққұлұлы С. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения // Қазақ жерінің жоқшысы – Собиратель казахских земель. – Астана: «Сарыарқа», 2016. – Т. 15. – 223 б

17. Сайлаубай Е.Е. Ә. Бөкейхан және Алашорда үкіметі // ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 145 жылдығына арналған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты халық. ғыл.-практ. конф. матер. жинағы. – Астана: ТОО «Беркут-Принт», 2011. – Б. 146-165.

18. Жұртбай Т. «Ұраным-Алаш», – Алматы: «Ел-шежіре», – 2008. – 472 б.

2.5 АЛАШ ӘСКЕРІНІҢ ТАРИХЫ

1917 жылы белең алған саяси өзгерістер Алаш қозғалысына жаңа мүмкіндіктер мен жауапты міндеттер жүктеді. Қазақ халқының тағдырына өздерін жауапты санаған Алаш қайраткерлері 1905 жылдан бері қарай қозғалып келе жатқан автономия мәселесін күн тәртібіне қойды. Ал автономияның басты негізі – ұлттық әскер екендігі анық.

Тарихнамалық шолу. Алаш қозғалысы мәселесінде күні бүгінге дейін жете зерттелмеген тақырыптардың бірі – Алаш әскері. Кеңестік тарихнама шеңберінде Азаматтық қарсыласу жылдарындағы Алаш қарулы күштерінің іс-қимылдары мен ерліктері жайында мүлде айтылмады. Аталған мәселе турасында зерттеулер тек XX ғасырдың соңындағы саяси өзгерістер арқасында жүзеге асты.

Алаш полктерінің тарихы мен әскери іс-қимылдарына ғылыми тұрғыда Кеңес Нұрпейісов [1], М. Қойгелдиев [2], Д. Аманжолова [3], Е. Сайлаубай, К.Ілиясова, Б. Әдбіғали [4] сынды тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде баға берілді. Алайда жоғарыда аталған авторлардың еңбектерінде ішінара аталғаны немесе ғылыми мақала көлемінде зерттелгені болмаса, Алаш әскері тақырыбына жекелей ғылыми зерттеу еңбегі жарық көрген жоқ.

Ресей тарихнамасында Азамат соғысы, сібірлік саяси күштер тарихын зерттеушілер арасында Д. Г. Симонов [5], В.А. Шулдяков [6], В.И. Шишкин [7] еңбектерінің және С.М. Исхаков [8] құрастырған құжаттар жинағының, сондай-ақ естеліктер мен мемуарлардың [9] Сібірдегі әскери құрылымдар үшін, оның ішінде Алаш әскері тарихы турасында ғылыми-деректік маңызы айрықша орын алады.

Алашорданың әскери тарихына қатысты құжаттар кешені Мәскеу, Орынбор, Томск қалаларында орналасқан мемлекеттік, губерниялық және салалық архивтардағы қорларда және Қазақстан бойынша Алматы, Астана, Семей, Орал қалаларындағы архивтерде сақталуда. Сондай-ақ, 1920 жылдардан кейін саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш қайраткерлерінің жеке іс-қағаздары Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің орталық, облыстық және қалалық комитеттерінде де кездеседі.

Ұлттық әскер құрудың тарихи алғышарттары. Алаш Автономиясының ресми үкіметтік құрылымы – Алашорданың 1917-1918 жылдарғы қызметінде ең маңызды әрі шешуші мәселе деп қарастырылған жайт – Алаш милициясын (болашақ мемлекеттік әскери құрылым) құру және оны тұрақты сипатқа көшірту болды. Қазақ әскері мәселесі және оның тарихы ұлттық тарихымызда ең аз қамтылған тақырып десек қателеспейміз. «Қазақ» газеті шыға бастаған уақыттан бастап қазақ әскері мәселесіне қатысты мақалалар бір сәтте толастаған емес. Қаһарлы 1916 жылғы ұлт-азаттық сарындағы қозғалыстар қазақ әскері мәселесін тарих сахнасына тағы да алып шықты. Қазақ даласын дүбірлеткен қарулы көтерілістер патшалық Ресей империясының қазақ өлкесінде жүргізген отарлау саясатының озбырлығына қарсы күрестің ең серпіндісі болғанымен түпкілікті жағдайда патшалық жазалаушы әскери құрылымдарға өтімді соққы бере алмады. Оған соғыс жағдайына бейімделген арнайы әскери құрылымның және оның тиесілі жабдықталу негіздерінің болмауы басты себеп болды. 1916 жылғы көтеріліске қатысты Алаш қозғалысы жетекшілерінің ұстанымдарының айқындалуына ұлттық әскердің болмауының шешуші фактор ретінде ықпал еткені сөзсіз.

Алаш әскерін құру мәселесі Ақпан төңкерісінен кейінгі жиындарда жиі көтеріліп тұрды. Мәселен, 1917 жылы 21-26 шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ съезі. Съез бағдарламасына: «Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын» деген тармақ енгізілді [10, 406-б.].

Тіпті, осы съезде қолға алынған Алаш партиясының бағдарламасы жобасының VI тармағында: «Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы» [11, 44-б.] деп әскер мәселесіне тоқталып өтеді. Алайда бірінші жалпы қазақ съезінде қозғалған милиция мәселесі нәтиже бермеді.

Ұлттық әскер құру ісінде ілгерілік танытқан Семей өңіріндегі жағдай жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Милиция жасау мәселесі» мақаласында былай сипаттайды: «Бұл Орынбордағы жалпы қазақ сиезінде қаралып шешілетін мәссле. Әзірге тыныштықты сақтап, талаудан аман болу үшін ғана волосной, уездной, областной милиция түрінде жасала бермек. Қарқаралыда 100, Баян Ауылда 100, Зайсанда 400, Алаш шаһарында 160 бақылаушы дайындалып жатыр. Делегатское собрание мен областной комиссариат жөн көріп, мылтық әперіп, үйретуші табуға ризалығын берді.

Әр уезд, әр волос милиция жасау үшін күздігүні областной кеңес бекіткен

қаулыны орындауға кірісе беруі жөн. Кісі болса жалдап, болмаса ықтиярымен кірушілерді жазып, әр ел, әр ауылнай тиісті ақшаны жинай беруі керек» [12].

«Сарыарқа» газетінің № 24 санында: «Семей облысында ешкім солдаттан, я басқадан зорлық көрген жоқ. Осы зорлықты, қоршылықты көргендей боламыз ба деп күн бұрын қазақ комитеттері һәм обласной сиезд қам қылды. Зайсан уезі басы 100 милиция сайламақ болды. Басқа дуандар ауылнай басы бір-бір бақылаушының қаражатын көтермек. Осы кезде Семейде 160 қазақ жігіттерін (милицияларын) үйретуге бір офицер алынды. Обласной комиссариат мылтық бермек. Әр үйезде осындай милиция сайлап, оларға да үйретуге офицер алынбақ һәм мылтықты комиссариат тауып беруге уағда қылды» – делінген [13]. Яғни ұлттық әскер құру ісінде 1917 жылы жергілікті өңірлердегі қазақ комитеттерінің ықпалымен біршама талпыныстар жасалды.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы қарашаның он төртіндегі санында жарияланған үндеуде «Өзімізді өзіміз қорғау үшін, бізге жалпықазақ милициясын құру керек... Егер өзімізді өзіміз қорғай алмасақ, бүлікшілдік зорайып, қиыншылық айналғанда, қазақ халқы құрбан болады...» – делінген. Осы мақалада 5 желтоқсанда Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезін шақыру жөнінде үндеу жарияланып, барша аймақтардағы абыройлы азаматтарға сауын айтылады [14, 146-147-бб.].

Сондай-ақ, «Сарыарқа» газетінің қараша айындағы жарияланған санында: «Біз жұмыстың аса керектігі һәм шұғылдығына қарап, жалпы қазақ сиезін жасамақ болдық. Құрметті ақсақалдар, көзі ашық оқығандар, 5-ші декабрьге қарсы Орынборға келе көріңдер, бас қорғаудың қамы – милиция жасауды кеңесеміз... Біздің сиез болатын кезде жалпы казак атаулының әскерлерінің сиезі болады. Сонда біздің де сөйлесуіміз керек» [15] деп Әлихан Бөкейхан бастаған Алашорда басшылары үндеу тастады. Міне, бұл телеграмда ұлттық әскер құрудың аса өзектілігі және казак әскерлерімен жақындасудың қамы жатқандығы анық байқалады.

Қазақтың қамын ойлаған азаматтар 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өтетін екінші жалпы қазақ съезіне үлкен үміт артты.

Екінші жалпы қазақ съезінде Алаш қайраткерлері автономия жариялау, ұлттық әскер құру және Алашорда автономиясының Ұлттық Кеңесін жасақтау мәселесін күн тәртібіне қойды.

Съездің ең басты нәтижесі – Алаш автономиясын жариялап, Алаш әскерін құру ісінің жолға қойылуы болды. Съез жұмысында әскер түзу мәселесі әр облысқа төмендегідей міндеттелді: Бөкейлік, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, һәм Жетісу облыстарында милиция саны 13500 болуға тиіс. Бөкейлікте – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500, Жетісуда – 2000 [16].

Мұхтар Құл-Мұхаммед өз еңбегінде: «Екінші жалпы қазақ сьезінде халық әскерінің әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға соғыс өнерін үйрету, қажетті қару-жарақ, қаржы, көлік және тағы басқа заттармен қамтамасыз ету тәртібі анықталып, «26 500 адам тіркелген халықтық милиция құру қажет»

деген қаулы қабылданады. Бұл идеяны Ж. Ақбаев ұсынған болатын» [17, 29-б.], – деп дерек келтіреді. Алайда аталған еңбекте бұл мәліметтердің сілтемесі берілмеген. Сондай-ақ, сол кезеңнің тарихи дерегі болып табылатын «Қазақ», «Сарыарка», «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналында және Алашорда үкіметіне қатысты архив құжаттарында мұндай мәлімет кездеспейді және Орынборда өткен екіншісі жалпықазақ съезіне қатысқан делегаттардың тізімінде Ж. Ақпаевтың есімі кездеспейді.

Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінің атқарған тарихи миссиясының бірі мемлекеттің тірегі саналатын ұлттық әскер құру ісінің Алаш автономиясы негізінде заңды түрде қолға алынуы болды. Алайда Алаш әскерінің құрылуы саяси оқиғаларға байланысты Қазақстанның әр аймағында әркилы жүзеге асырылды. Әскер жасақтау мәселесі Алашорда үкіметін Уақытша үкіметпен, Сібірлік саяси ұйымдармен ымыраласуға итермеледі. Мәселен, Алаш автономиясына қарасты аймақтардан жиналуға тиіс 13500 милицияны үйретуге 135 офицер, 270 инструктор керек болған. Әскер үйретуге қатысты мұндай мамандарды атты казақтардан алуға мәжбүр болды.

Алаш полктерінің құрылу тарихынан. 1918 жылдың маусым айында Орталық Алашорда комитеті атынан бірнеше қаулылар қабылданды. Қаулылар Алаш автономиясынының негізінде Кеңестік билік күші жойылғандығы туралы, Алаш автономиясы жерінде земствоны қайта енгізу, Алашорданың әскери кеңесін құру және оның соғыс жағдайындағы негізгі қызметі әскери жасақтарды құру туралы, Алашорданың Облыстық және уездік комитеттерін құру және осы комитеттердің қызмет аясы туралы, демократиялық бостандықтар туралы, жерге иелік ету туралы, мемлекеттік салық туралы, қазақ соты мен тергеу коммисиялары туралы болып келді. Бір сөзбен айтқанда кең ауқымда мемлекеттік іс-әрекеттер жүйесі түзілді және оған қатысты, тиісті нұсқаулар берілді. Осы құжаттарға Алашорда төрағасы ретінде, мүшелер ретінде Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев және Х. Ғаббасовтар қол қойған. Сөйтіп, Алашорда Алаш автономиясының іс-жүзіндегі саяси өмірінің бастапқы көріністерін құжатта негіздеп берді.

Қазақстандағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің ресейлік саяси күштердің билік жолындағы саяси күресінің біртіндеп соғыс жағдайына бет алуына қарай Алашорда әскерін жасақтау ісі қазақ өлкесінің әр аймағында әр түрлі уақытта іске асырылды және ұзағырақ мерзімге созылды. Оны Семейдегі Алашорда әскерінің құрылу тарихынан анық байқаймыз. Семей облысындағы Алашорда әскері алғашқы отрядтары 1918 жылдың қаңтар мен мамыр айлары аралығында жасақтала бастайды.

Алашорданың Орталық және Батыс бөлімінің Кеңес өкіметімен жақындасу және жүргізілген келіссөздерінің нәтиже бермеуі, олардың біртіндеп Кеңестерге қарсы күштермен жақындасуына итермеледі. Бұл қатынастар Кеңестер билігі кезінде жасырын түрде жүргізілген. Алашорда өкілдері Х. Ғаббасов пен И. Әлімбековтер Кеңес өкіметі мекемелерінде жауапты қызметте жүріп-ақ, Кеңестерден жасырын жүрген кадеттер мен эсерлерге қаражаттық көмек көрсеткен. Оның үстіне қажетті

мәліметтермен де жабдықтап тұрған. Көрнекті Алаш қайраткері Б. Сәрсенев поручик Давыдов-Зубаревтің басшылығымен Семей қаласында құрылған әскерлердің әскери ұйымына мүше болып енген. Поручик Давыдов-Зубарев Семей қаласына Барнаулдағы облыстық штабтан келгендегі мақсаты, ол жергілікті Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс ұйымдастыру болды. Алашорда басшылары ортақ жауға қарсы күрес үшін деп поручик Давыдов-Зубаревке Б. Сәрсенев арқылы 29000 сом ақша бергізген. Тікелей көтеріліске Алашорда атынан 100 адамдық атты әскер қатыскан.

Семейдегі Алашорданың әскери санаттағы халықтық милиция жасағын құрудағы Алашорда төрағасы Ә. Бөкейхан, үкімет мүшелері М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов, А. Тұрлыбаев, Б. Сәрсенев, Семей уездік земстволық басқарма төрағасы А. Қозыбағаровтың қызметтері ерекше болды.

Тарихи деректерге қарағанда, Семей облысында Алашорда әскері 1918 жылы қаңтар және мамыр айларында жасақтала бастайды. Екінші жалпы қазақ съезінің қаулысына сәйкес Алашорда үкіметінің Орталық комитеті Семей қаласының Заречная слободка деген бөлігіне 1918 жылдың қаңтар айының бас кезінде келіп орналасады. Заречная слободка Семей жұртшылығы арасында Алаш қаласы атауымен 1917 жылдың желтоқсан айынан бастап белгілі бола бастаған.

Саяси оқиғалар шиленіскен 1918 жылдың басында Семейде ұлттық әскер құру ісі қарқынды жүре бастады.

Міне сол Алаш қаласы маңындағы қырда I Алаш атты әскер полкінің жасақталу тарихы басталады [18, 11-б.]. Семейде Алаш әскерінің құрылу барасында бүкіл жұртты елең еткізген оқиға – 6 наурыз күні таңертең сағат 9 шамасында Алаш қаласында мылтықсыз жаттығу өткізіп жатқан милиция басшысы Қазы Нұрмұхамедұлының большевиктердің қолынан оққа ұшуы болды [9]. Бұл кезде Семейде Алашордамен қатар большевиктік билік те үстемдікке ие болатын.

1918 жылдың 18 маусымында «Свободная речь» газетінде облыстық қазақ комитеті мүшесінің хабарлауынша, Алашорда басшылары бастаған 300-ге жуық жасақ және 35 орыс офицер-нұсқаушылары бар топ қалаға келіп кіргені баяндалса [19], сол күні шаңқай түсте Алаш қаласына ұйымдасқан 500 аттылы әскер офицер-нұсқаушылармен бірге келген. Қала тұрғындарымен кездесуге келген әскерді земство өкілдері жалынды сөздерімен қарсы алды. Бұл топтың арасында Алашорда Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейхан да болды [20]. Сол кезеңдегі саяси ахуалға байланысты жергілікті аймақтарда үстемдік ету большевиктік үкімет пен Уақытша үкімет билігін арқа тұтқан Алашорда үкіметі арасында алма-кезек ауысып отырды.

Жергілікті «Свободная речь» газетінің кезекті санында: «19 маусым күні кешкі 6-лар шамасында жасақ қалада болып, Никольский шіркеуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Уақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдовтар сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген ұлт қайраткері Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тохтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады.

Әскердің ақ түсті туында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» [21] деп баяндалады. Мұндай әскери шерулердің өткізілуі жергілікті халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және халық арасында ел қорғау ісіне қазақ жастарын тарту мақсатында болды деп тұжырымдауға болады.

Ұлттық әскер құру жолында Алаш қайраткерлерінің Уақытша Сібір үкіметімен арадағы жазысқан іс-қағаздары мен кеңсе құжаттарынан екі тараптың да талап-мүдделерін аңғару қиын емес. Томск мұрағат қорларындағы құжаттарда Алаш әскерін құрудағы талпыныстар төмендегідей сипат алады.

Алашорда өкіметінің Әскери бөлімі 1918 жылдың 26 шілдесінде Әскери Министрлік басқармасына жолдаған № 235 жазбасында былай деп жазылған: «Алашорда өкіметі Уақытша Сібір өкіметімен бірге большевиктермен күресеміз және елді Құрылтай Жиналысына дейін жеткізеді деп шешті. «Алашорда» өкіметі өз армиясын құру туралы қаулы қабылдады; қару-жарағы, Армияны ұстайтын айтарлықтай қаражаты жоқ. «Алашорда» өкіметі Уақытша Сібір өкіметінен қазақ армиясын нұсқаушылармен, қару-жарақпен, және азық-түліктің барлық түрімен қамтамасыз етуді сұрайды.

«Алашорда» өкіметі қазақ армиясын құру туралы мәселе көтергенде 4-атты Корпусты және бір жекелей дивизияны құрамыз деген шешімге келді.

Қырғыз армиясы төмендегі шарт бойынша құрылады:

1) Командалық құраманы тағайындағанда сайлау бастамасына жол берілмейді.

2) Басқару лауазымына тағайындалғанда шені, жасы, ұлты есепке алынбайды, тек білімі мен тәжірибесі есептеледі.

3) Басқару лауазымына тағайындауды Қырғыз Әскери Штабы жүзеге асырады.

4) Әскерде қандай да бір құрамалық не шаруашылық Комитеттің болуына жол берілмейді.

5) Армияның негізі басшының еркіне сөзсіз бағыну түрінде бейнеленетін қатаң тәртіп болып табылады.

6) Қазақ Армиясы қандай жағдай болмасын өз Штабына тікелей бағынады, алайда Уақытша Сібір өкіметі әскерімен бірлескен іс-қимыл барысында ұлтына қарамай Жоғары Штабқа бағынады», – деп жазылып, Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышевтың қолы қойылған [22, 7-8-пп.].

Жоғарыда аталған Алашорданың ұсыныстарын 29 шілде және 3 тамыз аралығында 4 күн бойы талқылаған Уақытша Сібір үкіметі ұлттық әскер құру мәселесіне қатысты Алашорда қазақ халқын басқаратын өкімет органы болып мойындалуы, оған түтін салығы және қазына қажеттілігіне салық жинауға, сондай-ақ ұлттық сот құруға құқығы мақұлданып, ұлттық әскер жасақтау турасында келесі талаптары сақталды:

1 Қазақ әскери құрылымдары Сібір армиясымен бірге Алаш территориясын қорғайды, сондай-ақ Сібір армиясы қоятын шарттарды орындайды.

2. Алашорда тарапынан әскерге алу Уақытша Сібір үкіметі Әскери Министрлігінің келісімі арқылы жүзеге асырылады, әскер қатарына шақырылатындар саны Уақытша Сібір Үкіметі тарапынан бөлінетін қаржылай және материалдық көмекке байланысты.

3. Ұлттық әскер құру территориялық негізде құрылады.

4. Біртұтас федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының ережелері бойынша басқарылады, алайда жергілікті территориялық ерекшеліктер де есепке алынады.

5. Федеративті армия құрылғанша Қазақ әскері Сібір армиясының бөлінбес бөлігі саналады.

6. Әскери іс-қимылдар уақытында Қазақ әскері Сібір армиясының басшылығына бағынады.

7. Қазақ әскері Алашорда үкіметінің қолдауымен және Сібір үкіметінің көмегі арқылы қару-жарақ, киім, азық-түлікпен және әскери инструктормен қамтамасыз етіледі.

8. Сондай-ақ Қазақ әскерінің басшысы мен бөлімше командирлері Сібір армиясы тарапынан Алашорда үкіметінің келісімімен тағайындалады [23, 11-12-пп.].

Алаш полктері құрылу барысында өздерін Сібір армиясының құрамдас бөлігіміз деп есептеді. Себебі, Ұлттық әскерді басқару екі жақты, яғни Алашорданың келісімімен, Сібір армиясының құзырында болды. Хамит Тоқтамышевтың әскери министрлікке жолдаған қатынас хаттарынан осы жағдайды аңғаруға болады [24, 6-п.].

Алашорда әскери бөлімінің меңгерушісінің 12 тамыз 1918 ж. Омбы қаласынан № 237 Әскери Министрге жазған хатының мәтінін толық келтірейік: «Уақытша Сібір өкіметі мәжілісінің осы жылдың 9 тамызындағы № 39 журналының көшірмесіне сәйкес Министрлер Кеңесі Қырғыз Армиясын құру мәселесі бойынша Алашорда өкілдерімен келісімге келуді Сізге тапсырды.

Алашорда өкілдері бұл келісімге қол жеткізілді деп санайды, өйткені Сіздің өкіліңіз Генерал Поповпен келіссөз кезінде бұл мәселе бойынша алауыздық болған жоқ.

Сіздің өкіліңіздің Қырғыз бөлімдерін құру үшін Сізге қазіргі уақытта тек жеті жүз ғана винтовка және қажетті қылыштар беретіні туралы ауызша мәлімдемесін назарға ала отырып, Алашорда өкіметі әуелі 4 полктен және бір атты артиллерия дивизиясынан тұратын бір атты дивизия құрамыз деп шешті.

Дивизия құрылатын пунктер болып мына қалалар тағайындалды: Семей облысында – Семей, Павлодар; Ақмола облысында – Көкшетау мен Ақмола.

Штаб дивизиялары мен Семей қаласы, бірінші бригаданың штабы және атты артиллерия дивизиясы Семей қаласында, екінші бригаданың штабы Көкшетау қаласында орналасады.

Қазіргі кезде Алашордада «Бердань» жүйесіндегі 300 винтовка бар, оны Алашорда 3 линиялы винтовкамен біркелкі қаруландыру үшін Сізден ауыстыруын сұрайды (Сіз уәде берген 700 винтовкадан тыс).

Винтовкалар былай бөлінеді: алғашқы екі полктің әрқайсысы 400 винтовкамен, ал екінші кезектегі екі полк әрқайсысы 100 винтовкамен жабдықталады.

Екінші кезектегі полктерді құру қажеттігі мына мақсаттан туындайды:

1) жұмыс істеп тұрған полктерді оқытылған адамдармен және аттармен толықтыру, 2) болашақта құру жағдайына сай толық оқыған кадрлардың болуы.

Атты артиллерия дивиязиясын құру қажеттігі мына мақсатқа байланысты: 1) артиллерияның жеке құрамын оқытудың күрделілігі, қарудың басқа түріне қарағанда оқытуға уақыт көп кетеді; 2) қарсыластар жаулап алған жағдайда қазақ полктерінде қаруды игеретін мамандардың болуы; 3) одан әрі құрылу үшін оқытылған адамдардан қажетті кадрлардың болуы.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін осы дивизияны құру туралы армия бойынша бұйрыққа енгізуіңізді өтінемін.

Қазіргі кезде Семей қаласында құрамында 28 офицер және жаттығуды бастаған 750 атты жігіттері бар бірінші Алаш Атты Полкі құрылды.

Сонымен бірге қаражатсыз, қару-жарақсыз, киімсіз, нұсқаушысыз отырған Павлодар қаласында 150 жігіт, Зайсанда 200, Қаркаралыда 250 және Өскеменде 250 жиналды [25,15-16-пп.] Хат соңына Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышев пен подпоручик Марцевич қол қойған.

Әлихан Бөкейхан 1918 жылы 12 маусымда «Бек тығыз. Семей уезінің земский управасының бастығы Ахметжан Қозыбағарұлына. Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қаулы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жиылған азамат, ат Семейге келеді. Алаш Орда бастығы Ғалихан» [26, 2-п.] деп қойған № 2 қатынас қағазындағы нұсқауға орай Ахметжан Қозыбағаров іле-шала 26 маусымда Семей уезінің барлық болыстарынан ат-әбзелдерін сайлап, 30 жігіттен милиция даярлауды қатаң тапсырады. Семей уездік Земство басқармасының тапсырысы жіберілген болыстар мыналар: Айғыржал, Аршалы, Аққұм, Белағаш, Беген, Бескарағай, Бұғылы, Еңірекей, Делбегетей, Кеңтүбек, Көкен, Қайынды, Қызыладыр, Қызылмола, Қандығатай, Малыбай, Машан, Мұқыр, Сейтен, Семейтау, Свободный, Төлентай, Шаған, Шыңғыс және Уақ.

Алашорда әскері құрамына шақырылуға тиіс 30 адамды кейбір болыстар жібермеген. Мәселен, Айғыржал болысынан даярланған 30 жігіт қосымша шақыруды 1919 жылдың ақпан айына дейін күткен. Олар кейін саяси жағдайға байланысты әскер қатарына шақырудан мүлдем босатылады. Бескарағай, Кеңтүбек, Сейтен, Свободный, Малыбай, Қайынды болыстарынан да әскер қатарына ешқандай жігіт алынбаған. Бұлардың түрлі себептері болды. Бескарағай, Кеңтүбек және Малыбай болыстары сүзек ауруының таралуына байланысты әскерге алынатын жігіттерді кейінірек шақыру ұйғарылған. Сейтен және Свободный болысының халқы әскерге жігіттер беруге қарсы болған. Қайынды болысына қатысты нақтылы дерек жоқ.

Семей өңірінде Алаш полктерін құру ісі кедергісіз өтті деуге болмайды. Атап айтар болсақ, Аққұм, Делбегетей және Уақ болыстарында ішінара түрлі арандатушылық әрекеттер орын алған. Большевиктік бағыттағылар Алашорда

әскеріне жігіттер бермеу үшін азғыру жұмыстарын жүргізген. Өз кезегінде Алашорда үкіметі мен Семей уезі Земстволық басқармасы бірлесе қимылдап, арандатушыларға қарсы тиісті шаралар қолданған [27].

Осындай бөгеттерге қарамастан, I Алаш атты әскер полкін жасақтауға Семей уезінің 18 болысының жасы 16 мен 50-дің аралығындағы жігіттер қамтылды. Шақырудан тысқары өз еріктерімен Алашорда әскері қатарына жазылған жігіттер де болған.

Семейдегі Құжатнама орталығында сақталған мұрағат парақтарында I Алаш атты әскер полкі қатарына 18 болыстан шақырылған 430-дан астам жауынгерлердің аты-жөні белгілі. Әр болыстан әскер қатарына деп шақырылған жігіттер саны міндетті 30 адамнан көбірек болған.

Семейде жасақталған I Алаш атты әскер полкіне Семей уезінен басқа Қарқаралы уезінен де қазақ жігіттері шақырылған жайлы Семейдегі Құжатнама орталығында мәліметтер кездеспейді. Тек, I Алаш атты әскер полкінің 2-эскадрон құрамында болған 70-тен астам адамның аты-жөні көрсетілген тізімде Қарқаралы уезіне қарасты Абыралы, Дегелең, Тоқырауын және Дастар болыстарының жігіттері бар. Жоғарыдағы деректер I Алаш атты әскер полкін жасақтауда Семей мен Қарқаралы уездерінің болыстары ерекше қызмет атқарғанын байқатады. Алашорда әскерін жасақтау ісі Павлодар, Зайсан және Өскемен уездерінде кейінірек қолға алынды. Оның себебі аталған уездерде Алашорда комитеттерінің кейінірек құрылуымен байланысты болды.

I Алаш далалық атты әскер полкін жасақтау ісі 1918 жылдың жаз-күз айларын қамтылды. Кейінгі жасақталған Алашорда әскері 700-ден астам қазақ жігіттерінен түзілген және оның құрамында бірнеше ондаған орыс офицерлері болған. Әскердің жасақталу үлгісі казак кавалериясының жүйесі негізінде болды.

I Алаш полкінен басқа бірнеше әскери құрылымдар болған. Тіпті олардың саны 12-ге дейін жеткен. Бірақ кейбір полктер құрылғаннан кейін, қаржылық және жергілікті жағдайларға байланысты соғыс қимылдарына қатыспай таратылып кеткен. Мәселен, Қостанайда II-ші қазақ полкі, Жаманқалада (Орск) III-ші, IV-ші, Оралда V-ші,VI-шы және Үржарда қазақ полктері құрылған деген деректер кездеседі.

I полк Алаш қаласында орналастырылды. Полктің әскери штабы алғашқыда 1-Заречно-Слободское училищесінің оқу тұрағында болған, кейін 1918 жылдың қыркүйек айында Ерыкаловтың үйіне ауысты. Бұған Алаш қалалық басқармасы, Семей уездік Земство басқармасы және I Алаш далалық атты әскер полкі өзара келісімдер жасаған құжат дәлел. Полк жауынгерлері де Алаш қаласының арнайы босатылған мекеме үйлері мен тұрғын үй пәтерлеріне орналастырылады. Ал әскери-жаттығу істері қала маңындағы қырда өткізілген. Алаш әскерін пәтермен қамтамасыз ету ісімен айналысу полк командирі Х. Тохтамышевтың бұйрығымен (№ 124, 22 қазан 1918 жыл, Алаш қаласы) поручик Бобыревке жүктеледі. Әрі осы бұйрық бойынша поручик Бобырев Алаш қаласында орналасқан барлық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен арнайы комиссия шақырту құқына ие болған. Бұл

комиссия поручик Бобыревтің басшылығымен қаладағы бос мекеме және түрғын-үй пәтерлерін есепке алып, оған Алаш әскерін орналастырумен айналысқан.

І Алаш далалық атты әскер полкін жасақтауға байланысты қажеттіліктер (мініс ат, ер-тұрман, жем-шөп, азық-түлік, т.б.) полк командирінің Алашорда орталық комитетіне жіберген хабарламасынан кейін тиісінше орындалып тұрды. Орталық комитет және облыстық комитет өз кезегінде Семей уездік земство басқармасына қатынас қағаздарын жолдап, қажеттіліктерді табу мәселесін сұраған. Ал, Семей уездік земство басқармасы орындалуы мүмкін және мүмкін емес тапсырыстар туралы мәлімдеме жасап отырған. Семей уезі земстволық басқармасы және Алашорданың орталық және облыстық комитеттері өзара тығыз байланыста жұмыс жасаған. Өйткені, Алашорда үкіметі осы уезд территориясында орналасқан, және уездің материалдық жағдайы да біршама жақсы еді.

Семей облысы уездері ішінде Алашорда үкіметі мен әскерін қаражат-материалдық жағынан қамтамасыз етуде Семей уезі земстволық басқармасы айрықша үлес қосқанын архив құжаттары растайды.

Ал, Алаш әскеріне қажетті әскери киімді даярлауда Алашорда қайраткерлерінің үй-іштері аса ынталылық танытқан. Мәселен, Алашорда үкіметінің мүшесі Мұхаметжан Тынышбаевтың зайыбы Гүлбаһрам Тынышбаеваның бастауымен Алаш қаласының түрғын әйелдері әскери киім тігу мақсатында арнайы «әйелдер қоғамын» құрғанын «Воля народа» газеті 37-санында (30 қазан 1918 жыл) хабарлаған. Алаш әскерінің әскери киім үлгілері туралы нақты деректер әзірге жоқ. Бізге белгілісі М. Дулатовтың жағасы теріден қысқалау тігілген ішікке ұқсас сырт киімі.

Алашорда әскерінің казак-орыс әскері үлгісінде құрылуына байланысты, оның әскери-командалық құрылымының негізін орыс офицерлері түзгені белгілі. Өйткені, ол кезде ұлттық әскери кадрлар бірен-саран ғана еді. Орыс офицерлерінің үйретуімен қазақ жігіттері әскери өмір тәртібіне, кәсіби шеберлікке шыныға түсті. Ұлттық әскери мамандардың жетіспеуі себепті Алашорда әскерін мамандармен толықтыру орыс офицерлерін қызметке шақыру арқылы жүргізілген.

Ол жөнінде «Свободная речь» газетінің 223 санында (3 қыркүйек, 1918 ж.) төмендегідей хабарлама берілген: «В І-й Алашский Степной Конный полк. Требуются вахмистры (фельдфебеля артиллерийские), кавалерийские и артиллерийские унтер-офицеры на должности вахмистров и взводных командиров... Обращаться в штаб полка г. Алаш уг. Береговой и Иртышской ул. Вр.И.Д.К-ра І-го Алашского Степного Конного полка – Корнет Анцыферов. Вр. И.Д. полкового Адьютанта – корнет Гладилин» [28].

Семейдің мұрағаттар қорындағы: «Материалы об организации боевого отряда милиции Все киргизским Народным Советом Алаш-Орды» – деген деректен Семей қаласында жасақталаған Алаш әскеріне Шыңғыс елінен көп азамат қатынасқанын көруге болады:

Аршалыдан – 12, Қызылмоладан – 29, Мұқыр болысынан – 99, Шыңғыс болысынан – 21, Бұғылыдан – 27, Машан, Шағаннан – 26, жиыны 144 адам тіркелген.

Атты эскадронға: Қызылмоладан – 22, Бұғылыдан – 8, Машаннан – 4, Аршалыдан – 12, Шағаннан – 12, жиыны 48 адам өздерінің атымен, азығымен келгені айтылған [4].

Алашорда үкіметінің заңнамалық құжаттарындағы Алашорда әскери кеңесін құру туралы 11-24 маусымдағы үкімет төрағасы Ә. Бөкейхан, мүшелері М. Тынышбаев мен Х. Ғаббасов қол қойған қаулыда: «Алашорда жанынан үш адамнан тұратын әскери кеңес құрылсын, оларға әскери министрліктің қызметі кіреді. Алашоданың уездік және облыстық бөлімшелерінің жанынан әскери кеңестер ашылсын. Әскери кеңес большевиктерге қарсы күресте әскер қатарына жігіттерді шақыруға міндеттеледі» [29, 109-б.] деп көрсетілген. Яғни әскери кеңес құру арқылы Алашорда үкіметінің әскери жүйесі біршама жолға қойылған.

Жалпы, милицияға ең алдымен еріктілерді, ал егер ерікті азаматтар табылмаған жағдайда міндеттеу негізінде алуды тапсырған еді. Ұлт Кеңесі үйленбеген бойдақ милиционерге айына 60 сом, ал жанұясы бар милиционерге 160 сом жалақы белгіледі [30, 113-б.].

Алашорда әскерін жасақтауда Алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Әбікей Сәтбаев, Ахметжан Қозыбағаров, Биахмет Сәрсеновтар белсенді атсалысты. Мысалы, Сібір үкіметінің Семейдегі әскери штабында өкіл болып қызмет атқарған Ахмет Байтұрсыновтың орнына Әлихан Бөкейханның бұйрығымен Әбікей Сәтбаев тағайындалды [30].

Алашорда әскеріне қатысты қаулылар мен заңдық күші бар құжаттарда үкімет басшысы ретінде Әлихан Бөкейханның қолы мен Алаш полкінің командирі Хамит Тохтамышевтың аты-жөні кездеседі.

Семей Алаш әскерін қаруландыру мәселесі тікелей Сібір үкіметі әскери министрлігінің келісімімен жүзеге асырылды.

«Большевиктен қалған жер Түркістан мен Жетісу еді. Біздің қазақ әскері Жетісуға жүруге Омбыдан қару-жарақ күтіп тұр. Жуық арада Жетісуды большевиктен тазартады» [31] деп жазды 1918 жылдың ақпан айынан бастап шығарылған, сол кездегі қазақ тіліндегі жалғыз журнал болған «Абай» басылымы.

Алашорда әскеріне аянбай қызмет етіп, сол жолда құрбан болған қайраткерлердің бірі – Отыншы Әлжанов. Отыншы 1917 жылдың 5-13 желтоқсаны өткен екінші жалпы қазақ съезінде құрылған Алашорда үкіметінің Ұлт кеңесі құрамына қабылданған 15 қайраткердің бірі болды. Азамат соғысы жылдарында Жетісу өңірінде бұқара халыққа қорған болу үшін Алаш әскерінің Жетісу бөлімін жасақтады. Шілде айында еліне жолдаған хатында: «мұндағы жұрттың басына қиямет-қайым туды, қатын-баламды алып кетіңдер, бұл ел қан жылап, қырғынға ұшырып жатқанда, мен жан сақтап, бұларды тастап кете алмаймын. Өлсем-тірілсем де бірге көремін» деп өңірде орын алған соғыс сипатын аңғартқан. Жетісу өңірінен Үржар арқылы Қытайға өтіп

кетпекші болған Отыншы жасағы Көктұмада большевиктермен қақтығыска түседі. Жау әскер Отыншы бекінген диірменді өртеп жіберіп, ол ерлікпен қаза табады [32, 131-б.]. Отыншының қазасы туралы үзеңгілестерінің басылым беттерінде жариялаған қазанамалары қайраткердің Алаш мүддесі үшін орны толмас ер екендігін аңғартады. Атап айтсақ, М. Дулатов «Жас азамат» газетінде жариялаған қазанамасында: «Ұлтың үшін қан жыладың, қамын жедің, қызықты ғұмырың абақтыда, айдауда өтті. Сонда да тауың шағылмады. Қамалға шаптың, қанға боялдың, қаза таптың, бірақ, «арманда кеттім, Алаш көргенін көре алмадым», деме. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас. Хош, бауырым!» [33] – деп егіле жазды.

Жалпы әскер мәселесі автономия жариялаудан бұрын қозғалған болатын. Әскер құру үшін арнайы офицер-нұсқаушылармен юнкерлерлер дайындайтын оқу орындарын ашу міндеті тұрды.

Алаш қаласында әскер құру ісіне байланысты қазақ ұлтынан офицер мамандарды даярлау үшін 1918 жылдың күзінде офицерлер дайындайтын медресе ашылады. Бұл медреседе Ғабдолла Қоскеев, Ахмет Әуезов, Смағұл Әмзин, Омар Ермұхаметов, Ғабдолхақ Ғабдолрахимов, Хәкім Бейсекеев сынды қазақ жастары оқып, әскери өнерді меңгере бастаған. Офицерлік мектептің ашылуына Хамит Тохтамышев ұйытқы болды. Атап өтерлігі осындай юнкерлік училище Жымпитыда да ашылды [30, 114-б.].

Алашорда тілегіндегі қазақ басылымдары «Қазақ», «Сарыарка», «Жас азамат» газеттері мен «Абай» журналында әскер мәселесі козғалған мақалалар жиі жарияланып тұрды.

1918 жылы тамызда Құрылтай жиналысы комитетіне Алаш автономиясын мойындату мақсатында барған Әлихан Бөкейхан Алашорданың орталық басқармасына телеграмма жолдап: «Бар күшті ұлт әскерін жасауға салыңдар; Россияны тірілтетін тіреу – бар жұртының әскері; Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі; сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкын, не керегін тауып беріп, таратпаңдар. Керек нәрсені қаншаға болсын қарыздануға қорғанбаңдар. Жеткілікті қару алыңдар...» [34] деп ұлттық әскер жасақтау ісін жетілдіруге шұғыл тапсырмалар берді.

Жетісу майданының дайындығын бақылауға келген Антанта өкілі Ч. Элиоттың келуіне орай шеруде көзге түскен Алаш жасақтары туралы «Рабочий день» басылымы 1918 жылғы 6 қараша күнгі санында: «Қазір құрамында 500 адамы бар қазақ жасағы Жетісуда большевиктерге қарсы соғысып жатыр. Сонымен қатар Жетісу облысында – 8 мың ерікті бар, Семейде – 2 мың, Оралда – 2 мың, Қостанайда – 450 жасақ бар. Таяуда сэр Элиот және Бірінші Дала корпусының командирі Матковский Семейге барып, қазақ атты әскерлері бөліміне өте риза болып қайтты. Жан саны 6 миллионға жуық, ұланғайыр жерді алып жатқан қазақтар қалыпты жағдайда 40 мың солдат шығара алады»,– [35] деп жазды.

Алаш полктерінің әскери іс-кимылдары мен ерліктері. Алашорда әскерін оңтүстік-шығыс майданда елеулі жетістіктерге жеткендігі мұрағат құжаттары мен сол кезеңнің тыныс-тіршілігінен хабар беретін басылымдарынан анық байқалады.

1918 жылдың 6 шілдесінде Әлихан Бөкейханның Башқұрт автономиясының төрағасы Зәки Уалидиге жазған жеделхатында: «Жетісу облысы большевиктерден тазартылды. Қазақтар, казактар мен офицерлер большевиктік әскерлердің қалдықтарын жоюда. Алтай губернясына біздің әскери жасақтар жіберілді» [36] деп өңірдегі саяси жағдайды айтып өтеді. Атап өтерлігі, Зәки Уәлиди Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейханның негізгі одақтастарының бірі болды.

Свободная речь газетінің 1918 жылдың 30 қыркүйегіндегі санында жарияланған «Киргизская конница» деген мақалада: «І-ші Алаш полкінің «Алаш жүздігі» атанған қазақ отряды полковник Ступиннің басшылығымен тамыз айының басынан бері Жетісу майданында үздіксіз ұрыстар жүргізіп келеді. Олар «қызылдармен» Андреевка, Үржар, Лепсі ауылының түбіндегі Жаңа-Андреевка, Сарқан және Покатилов елді мекендерінде ұрыстар жүргізді. Отрядта қаза тапқандар мен жаралылар бар. Қазақ-кавалеристерінің шабуылы шапшаң, әсіресе таптырмайтын барлаушылар екендігін көрсетті. Елден тартып алынған аттарға мінген салт жүріске шорқақ «қызылдардың» атты әскері қазақ әскерінің карасы көрінгенде-ақ шегініп кетеді. Жігіттер мемлекеттік «казак» болғандықтарын, өздерінің «нағыз казактармен» бірге соғысып жүргендіктерін мақтан етеді. ...Бұл «қызылдарға» қарсы ұрыстарға қатысқан қазақ әскерінің екінші отряды. Мұның алдында жаңа ғана әскер ісіне жаттықтырылған бірінші қазақ отряды үкімет әскерімен бірге Семей қаласына беттеген Қызыл Армиямен Рубцовск майданында соғысқан болатын» деп жазды [37].

«Сарыарқа» газеті әскерге алынған қазақ жігіттерінің көп уақытқа дейін қару-жарақтары болмаса да, ұрыстан беттері қайтпағандығын, Саратовкаға шабуыл кезінде (28 қазан 1918 ж.) Балтай Бисебековтың, Андреевкада Ахметқали Орманбетовтың ұтымды ұрыс тәсілдерін, Қағазбек Дәшке баласының 150 большевикті бір жарым сағат бөгеп, Алаш әскерінің шығынсыз шыққандығын жазды. Сонымен бірге, 1918 жылы наурыз айында Антоновка қаласы үшін болған ұрыста жау қолында қоршауда қалған 12-ші Алаш полкінің 98 жігітінің қайраттылығы жөнінде: «...қамалып қалған 98 жігіт... неше күн, неше түн атысады. Атысқанда өздерінің паналаған үйлерінің қабырғасын тесіп алып, большевиктерді мылтықпен, бомбамен атқылап, жақын келтірмейді. Большевиктердің оғы бұларға тимейді, себебі, бұл жақтың үйі тастан салынған еді... олар екі күн екі түн атысқан соң, араларынан бір епті жігітті не болса да, Алаш әскеріне хабар бер деп жұмсайды Бұл жігіт большевиктердің бір жақсы атын қолға түсіріп, ұстап мініп, неше қабат жаудың арасынан оқты жаңбырша жаудырса да, аман-есен құтылып, көп әскерге хабар береді. Мұны естігеннен кейін біздің әскерден Антоновкаға көмек жіберіліп, 4-5 күн қамалып жатқан 98 жігіттің аман-есен құтылады» [38, 163-б.] – деп жазды.

Алашорда үкіметі ел ішінен арнайы нұсқау арқылы жігіттер жинаумен қатар ерікті қазақ жасақтарын да ұйымдастыру ісін қолға алды. Бұл әрекет нәтижесін берді. Мысалы, кейбір осындай ерікті қазақ жасақтары оңтүстік

майданда ерлікпен шайқасып жатқандығы орыс тілді басылымдар жариялап жатты.

Осындай қазақ еріктілерінің әрекеттері туралы Алашорда үкіметінің іс басқарушысы Серікбол Ақаев Әлихан Бөкейханға жіберген жеделхатында: «Мұса Сергиопольды алуға қатысты және бір өзі тоғыз қызылдың басын алды. Большевиктер Үржардан қашып кетті. Олардың соңынан Ғабитхановтың жасағы жіберілді» [39] деп Алаш әскерінің кезекті жеңісін хабарлайды.

«Сергиополь – Шәуешек жолы бос. Маңаншыда ешкім жоқ, өйткені оның іші толған өлікке үйіліп жатыр, тіпті, құдықтар да бос емес. Тек атты қазақтар ғана байланыс жасай алады... Маған Шәуешекке барып консул Долбежевпен, облыс комиссары В.В. Балабановпен, «Алашорданың» Жетісудағы кеңесінің мүшесі Тергеусізовпен кездесуге рұқсат беруіңізді сұраймын. Өйткені офицерлер мен жүздіктер, оның ішінде Көкпекті жүздігі, кейбір партизан жасақтары соғыста сенімсіздік байқатты. 400 казак жасағы қашып кетті, майданда тек «Алашорда» еріктілері ғана қалды, олар жан аямай шайқасты, өздері қаза тапса да казақтардың қалдығын тауды паналауға мәжбүр етті... Бақты бекетінде осы маңдағы үш болыстан құрамында 150 алаш еріктісі бар екі жүздік жасақталды. Олар облыстық комиссар Балабанов пен алаш өкілі Тергеусізовтің қарамағына берілді... Қалғандары Бақты мен Үржар арасындағы жергілікті тұрғындардан құралған қорғаныс жасақтарына көмектесуге кетті. Сергиополь мен Үржарда да жасақтар ұйымдастырылды. Олардың барлығы Семейден келе жатқан Алаш атты әскер полкінің құрамын толықтырады»,– деген [35, 216-217-бб.] жеделхат жолдады.

1919 жылы 11 ақпанда адмирал Колчактың Сібір үкіметімен келіссөз барысында Сібір үкіметі өкілінің «милицияны қалай түсінуге болады?» – деген сауалына Алашорда төрағасы Әлихан Бөкейхан: «Біздің милиция – бұл әскер. Олар іс жүзінде әрекет етуде: біздің 700 жауынгеріміз Жетісу майданында, 540 Троицкіде, 2000 адам Орал облысында. Жетісу майданындағы жеңістер біздің жігіттердің ерен ерлігінің арқасында» [29] деп жауап қатты.

Милицияның керектігі: заман күштінікі, қару-жарақтынікі, атты-тондынікі. Әскер жасап алмасақ, осындай астан-кестең аударыспақ заманда елімізді, жерімізді, мал басымызды қорғап ала алмаймыз, көрінгеннің ауызында кетеміз, жұрттығымыздан айырыламыз, бұл – бір.

Сыртқа елеулі ел бола алмаймыз, сыбаға ала алмаймыз, осы күнде ұялғанынан бермейді, қорыққанын сыйлайтын заман – екі.

Милициямыз болмаса, елге айбарлы, әмірін тыңдатарлық, тәртіп, тыныштық орнатарлық үкімет бола алмаймыз, халық бассызданып малша жайылып кетеді – үш [40].

Құрылған әскерді ұстап тұру мәселесінде біршама қиындықтар кездесті. Атап айтсақ, әскерді қаржыландыру және ұстап тұру оңайға соқпады. Бұл туралы мұрағат құжаттарында Алаш қайраткерлерінің өзара хат алмасуларында байқалады.

Қаржыландырудың жоқтығына байланысты Тынышбаев тамыз басында Омбыға Ә.Н. Бөкейхан мен Х. Тоқтамышевқа телеграфпен хабарласты «Алыс жатқан болыстардан, тіпті, басқа уездерден келіп жатыр. Екінші полк

құруға, екі полкті бұйрық бойынша өткізуге кол жеткізіңіз, әйтпесе, индендант барлығынан бас тартады; қаражат бітті. Бұдан әрі қаражат бөлуді жергілікті штаб тоқтатты. Бірінші Алаш полкін тарату мәселесі тұр. Күн сайын жаңа шақырылушылар келіп жатыр. Амалсыз жағдай орнығуда. Дереу телеграфпен хабарласыңыз» [41, 5-п.].

Жетісу майданында әскерге қару-жарақтың жетіспеушілігіне байланысты М. Тынышбаев 13 тамызда Уақытша Сібір үкіметіне телеграф арқылы байланысқа шықты: «Жетісу большевиктерден тез арада босатылуға мұқтаж болып отыр, үшінші жыл кан төгілуде, Алашорда Уақытша Сібір үкіметінен: біріншіден – басынан бастап Алашорда ұсынғандай он мыңнан астам большевиктер қаруланған Жетісуға баса назар аударуды, Жетісу майданына қатысу үшін Алаш жасағына қару-жарақ беруді жылдамдатуыңызды сұрайды» [42, 246-247-пп.].

Алаш әскерін жасақтау ісіне Алашорда қайраткерлерімен қатар елдің ауқатты азаматтары да үлкен үлес қосқан. Тіпті әскер қажетіне жігіттерді тарту, ат-көлікпен қамтамасыз ету мәселесі де солардың тарапынан өтеліп отырды.

Семей қаласының қазіргі заман құжаттама орталығындағы Алаш қозғалысына қатысты «Список организатров Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти 1918 года Правительства Восточной Алаш-Орды» деп аталатын құжатта Алаш атты әскерін ұйымдастырушылардың қатарында Алаш қайраткерлерімен бір қатарда ел ағалары, қазаққа абыройлы азаматтардың есімдері аталады [43].

Тіпті «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы № 44 санында Алаш әскерінің Алтай өлкесіндегі ерліктерін былайша баяндаған: «Алтай губерниясы бағыты бойынша большевиктердің ізіне түскен алаш жасағы 17 шілдеде сәтті оралды. Осы жасақ 52 қазақ бен 21 офицерден тұрды. Жасақ басшылары Тұрағыл Абаев, Биахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібаев, Тоқтар Бегметов, Ғабдолла Қаскеев және басқа да мырзалар болды. Батыл дала жастары көптеген большевиктермен бірнеше рет күреске шықты, соңғылары қысымға шыдай алмай, қаша бастады. Тұрағылдың айтуы бойынша, қазақ жастары күресе алған, қорықпаған. Күрес кезінде «Алаш» сөзін айтқанда, өз өмірлерін ұмытқан. Большевиктер жағынан үшеуі өлтірілген, екеуі жараланған, 11-і қамауға алынып, бізде 8 ат, шамамен ақшалай 100 рубль және көп қару қалған. Қамауға алынғандар арасында Қазиді өлтірген большевик бар. Жігіт Момынжан деген большевиктің басын шапқан. Алаш жасағы бір адамды жоғалтқан. Қайта оралған жасақтың рухы көтеріңкі» [44].

Мәселен, Семей өңірінде Алашордаға ниеттес болған Қаражан Үкібаев [45], Ике Әділов [46], Аққенже Аймағамбетов [47, 239-б.], Ыбырай Ақпаевтардың [47, 452-б.] 1928 жылғы тәркілеуге қатысты жеке істерінде олардың Алашорда үкіметімен байланыстары, Алаш әскеріне қызмет жасағандығы, қаржылық және материалдық тұрғыда колдау көрсеткендігі негізгі айыптары ретінде көрсетілген.

Сонымен қатар, Қаркаралы өңіріне аты шыққан бай, әрі Алаш қайраткері Жақып Ақпаевтың туған ағасы Ақпаев Ыбырайды тәркілеуге байланысты декреттегі жеке ісінде мынадай мәліметтер кездеседі: «...1918 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Алашорда жасағы үшін Алаш полкінің полковнигі Тоқтамышевка 600 жігіт аттандырды және осы қызметіне орай 2 корпус командирі генерал Лукин атаман Анненков арқылы 13. 08. 1918 ж. Ақпаев Ыбырайды алтын медалмен марапаттаған» [47, 452-б.]. Ақпаев Ыбырайдың 600 жігіт шығарып беруі қисынға келмесі анық. Бұл ОГПУ-дің Ақпаевтарға жала жауып, қылмысын көбейтуге арналған әрекеттері болса керек. Алайда Ақпаев Ыбырайдың Алаш қозғалысына, Алаш милициясына қатысы бары анық. Бұл жағы әлі де зерттеуді қажет етері сөзсіз.

1918 жылы «Қазақ» газетінің 12 қаңтардағы 259 санында қазақ халқының басын қорғауға милиция (ұлттық армия) құру қажеттілігі, милицияны үйрететін офицерлер керектігі айрықша өзекті мәселе ретінде көтеріліп, осы шараны жүзеге асыру мақсатында ел ауқаттыларына төмендегідей сауын айтылады: «Юнкер школына жастардың кіру әзірлігіне ең аз боса 30 мың сомдай қаржы керек, ақшаны Алашордасы жасар, школға кіруден бұрын даярлау керек. Қазірде Алашорданың қолында съез тарқарда берген Отарбай қажы Қондыбайұлының 12 мың 500 сомынан баска ақша жоқ. Елден ақша тез жиылмайтыны мағлұм. Солай болған соң байлар Отарбай қажының істегенін істеп, Алаш автономиясын әуелгі кезде көтермелеп жіберулері тиіс еді. Ноғайлар автономия болса, ұлт қазынасына деп, байларынан ақша ағылтегіл құйылып қалады. Біздің байлар да әуелі өздері үшін, екінші, ұлт игілігі үшін шабандық қылмай, Алашордасына, ең болмағанда, қарызға қаржы беретін жөні жоқ па?» [48, 508-б.].

Алашорданың батыс бөлімінде әскер жасақтау ісінде Жымпитыдағы 18-23 мамыр аралығында өткен қазақ съезінің өзіндік маңызы бар. Бұл съезде Орал әскери үкіметімен большевиктерге қарсы бірлесіп күресуге келісім жасалды. Келісім бойынша Батыс Алашорда басшылары Орал әскери үкіметіне қаржылай және әскерге керекті ат-көлікпен қамтамасыз етуге міндеттелсе, қарсы тарап Жымпитыда 6 айлық юнкерлік училище ашуға, қазақ жігіттерінен әскери мамандар даярлауға тиісті болды [49, 388-389-бб.].

Тіпті Алашорда басшылары 1918 жылдың шілде-тамыз айларында Құрылтай жиналысы комитеті және Сібір үкіметі басшылармен болған кездесуде Алашорда әскеріне қажетті көмек алуға кол жеткізді. Бұл туралы «Жас азамат» газетінде: «Қазақтың милиция – әскеріне қару-жарақ беру жағынан бұлар тоқтау қылатын емес. Жоғарыда Досмұхамедовтер Орал қазағының әскері үшін Самар үкіметінен 600 мылтық, бірнеше пулемет алып, Орынбор арқылы елдеріне жіберді» [50] деп айтылды.

Алашорданың батыс бөлімінде әскер құру ісінде ауқатты азаматтары да аянып қалмаған. Мысалы, Алашорда қайраткері, ауқатты азамат Иса Көпжасаров әскер қажетіне 100 жылқы атаса [51, 39-б.], Сырым Датұлының

шөбересі Салық Омаров 1918 жылы ақпанда Орал қазақтарының Қаратөбеде өткен үшінші съезінде Алаш әскеріне өз табынынан 200 бас мініс жылқы бөліп берген [52].

Сонымен қатар, Алаш қозғалысына Маңғыстау өңірінде Тобанияз тобы да тілекші болып, әскери қолдау көрсеткен [53, 91-б.]. Мәселен, Жымпитыда 1918 жылы мамырда өткен қазақ съезінің шешіміне сәйкес Жаһанша бастаған «Ойыл уәлаятының» уақытша үкіметі Жымпиты қалашығына келіп орналасты, орны Мектеп үйі. ... Съезде сөз бастаған Тобанияз: «Жаһанша мырза, батаған ісің оң болсын, Құдайым алдыңнан жарылқасын. Қолға алған ісіңді орындап шығуыңа адайлар мықты тірегің болады деп сен. Ойылдан ашқалы отырған кадеттер мектебіне 100 жігіт беремін. Олардың оқуды бітіріп шыққанына дейінгі барлық шығынын өз мойныма аламын, сонымен бірге олардың кейінгі астарына мінетін аттары да, барлық құрал-саймандары да менен болады деп есеп жаса. Осы айтылғандарға қоса үкіметтің адай полкін жасақтауға 2000 жігіт береміз», – деп сөзін аяқтады [54, 289-290-бб.].

Сондай-ақ Алашорданың Торғай бөлімшесі 300 мылтық пен 20 мың патронға ие болды. Орынбор казак әскерлерінің атаманы Дутовтың тікелей көмегімен Қостанай және Ырғыз уездерінде екі атты полк жасақтау жүзеге асырылды [1].

Алашорда үкіметінің әскер қатарына 30 жігіттен мобилизация жасауы III кезеңнен тұратындығы деректер арқылы анықталып отыр.

I-кезең: 1918 ж. 25 (12) маусым бұйрығы бойынша әскер қатарына шақырту басталды.

II-кезең: 1918 ж. 25 қазанындағы № 218 қаулыға сәйкес Алашорда Ұлт Кеңесінің мүшесі М. Тынышбаевтың бұйрығымен I мобилизацияға ілінбеген болыстардан жедел түрде 30 жігіттен шақыртуды тапсырды.

III-кезең: 1919 жылдың 1 қазанынан бастап 2-арнайы Далалық Сібір корпусының бұйрығы негізінде капитан Х. Тохтамышевтың бақылауымен және Алашорданың облыстық кеңестеріне жүктелген міндет бойынша шақырту тапсырылды.

III-кезеңдегі мобилизация Колчак үкіметі әскерлерінің Шығыс майдандағы ауыр жағдайына байланысты мәжбүрліктен туындаған шара болатын [30, 112-113-бб.].

1919 жылдың басында-ақ ұлттық мемлекеттік құрылымдар ақ гвардияшылардан теріс айнала бастады. Ең алдымен татарлар, одан соң башқұрттар әскерімен қоса Кеңес үкіметі жағына өтті. Бұл шынымен де онсыз да әлсіреп тұрған антибольшевиктік күштердің ыдырауына басты себептердің бірі болды. 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Алашорда таратылды. Алашорданың әскери құрылымдары толықтай қызыл әскери құрамына өтті.

1920 жылдың 6 қаңтарында Түркістан майданының қолбасшысы М.В. Фрунзенің В.И. Ленин мен Л.Д. Троцкийге жолдаған жеделхатында Алашорданың батыс бөлімшесінің әскери бөлімшелерінің Қызыл әскер қатарына өтіп, соғыс қимылдарына қатынасуы баяндалады [55, 7-п.].

Алашорда әскерінің рәміздері. Гүлнәр Дулатова Е. Омаров пен тұңғыш рет Алаш маршын орындаған Ғ. Нұрымов жайлы тебірене жазады. Ғаббас Нұрымов – қазіргі Қостанай облысының Қарабалық өңірінде туып-өскен, М. Дулатовтың үзеңгілес серіктерінің бірі. Гүлнар апай «Өмір өткелдерінде» Алаш маршы жайлы: «Торғайда төңкеріс қызу жүріп жатқан. Әлі есімде, тәтемдер елге келгенде, өлең-жыр ағылатын. Сонда Ғаббас Нұрымов бастап, қалғандары шырқай қостап, мына өленді айтып бара жатты: Ол «Арғы атам – ер Түрік, Біз – қазақ еліміз...» – деген жолдардан басталатын. Жүсіпбек Аймауытовтың бұл өленінен басқа Міржақып Дулатовтың «Алаш гимні», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаш ұраны» өленделері Алашорданың әнұраны рөлін атқарған.

Түйін. Алаш қайраткерлері үшін автономия мәселесі қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттік құрылымның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұлттық әскер құру ісі де басты назарда тұрғаны анық. Содан болар, автономия жариялау барысында ең алдымен әскер құру ісіне аса мән берді. Екінші жалпы қазақ съезінің өзекті мәселелерінің бірі – әскер құру болғандығы құжаттарда айқын көрініс тапқан. Саяси тұраксыздық белең алған кезеңде Алаш автономиясының 2 жыл үш ай мерзімде өмір сүруіне тірек болған ұлттық әскер екендігі дау тудырмайды.

Алаш әскерінің Алашорда үкіметінің қорғаныс жүйесі, мемлекеттік мәртебесін айғақтайтын негізгі тетік болғандығы ақиқат. Ендеше Алашорда әскерінің құрылған күні, яғни 25 маусым әр қазақтың тарихи жадында Алаштың айбынды рухы ретінде сақталуы тиіс.

---

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 256 б.

2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Т.1. – А., 2008. – 480 с.

3. Аманжолова Д.А. Казахстанский автономизм и Россия. М., 1994. – 224 б.

4. Е. Сайлаубай. Алашорда әскері. // Абай журналы. 2000. № 1, 11-18 б.;

К. Ілиясова. Алаш әскері. // Қазақ тарихы. 1997. № 6, 58-62 б.; Б. Әбдіғалиұлы. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. 2017. № 1, 14-54 б.

5. Симонов Д. Г. Белая Сибирская армия в 1918 году / Новосибирск: НГУ, 2010. – с. 610.

6. Шулдяков В. А. Гибель Сибирского казачьего войска. 1917–1920., 1-том. – М., 2004.

7. Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия УрГУ. Серия 2. 2011, № 4, – 110-123 б.

8. Гражданская война в России и мусульмане. Сб.док. Сост. С.М. Исхаков. – М., 2014. – 816 с.

9. Крах Белой мечты в Синьцзяне: воспоминания сотника В.Н. Ефремова и книга В.А. Гольцева «Кульджинский эндшпиль полковника Сидорова» / Вадим Гольцев, Василий Ефремов. СПб.: Алетейя. 2015. – с. 140.; Болдырев В.Г. Директория. Колчак. Интервенты. воспоминания (из цикла «Шесть лет» 1917-1922 г.г.) под ред., с предисл. и прим. В. Д. Вегмана. Новониколаевск. Сибкрайиздат. 1925. – с. 562

10. «Қазақ» газеті – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.

11. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Полное собрание сочинений в 9 томах. / Құрастыран: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: Сарыарқа, 2013. Т. 7. – 530 б.
12. Сарыарқа. – 1917. – № 23. – 5 декабрь
13. Сарыарқа. – 1917. – № 24. – 12 декабрь
14. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: – Ататек. – 1995. – 256 б.
15. Сарыарқа, – 1917, – № 20, – 13 ноябрь
16. Сарыарқа. – 1918. – № 29. – 25 қаңтар.
17. Құл-Мұхамед М. Алаш ардагері. Ж. Акбаевтың саяси-құқылық көзқарстары. Алматы: «Жеті жарғы», 1996. – 224 б.
18. Сайлаубай Е. Алашорда әскері // Абай. 2000, № 1, 11-16 бб.
19. Сарыарқа. 1918. № 34. 18 март
20. «Свободная речь», 19 июня 1918 года, № 162.
21. «Свободная речь», 21 июня 1918 года, № 164.
22. Томск облыстық мемлекеттік архиві. Ф. Р72, тізім. 1, іс. 5, п. 7-8.
23. Томск облыстық мемлекеттік архиві. Ф. Р72, тізім. 1, іс. 5, п. 11-12
24. Томск облыстық мемлекеттік архиві. Ф. Р72, тізім. 1, іс. 5, п. 6
25. Томск облыстық мемлекеттік архиві. Ф. Р72, тізім. 1, іс. 5, п. 15-16
26. ШҚО ҚЗТҚО. Ф. 37, тізім 1, іс. 126. 2 п.
27. ШҚО ҚЗТҚО. Р-37 кор, 1 тізбе, 126 іс, 20-22, 29, 31 п.
28. Свободная речь. 3 сентябрь. – 1918.
29. Алаш-Орда: Сборник документов. / Составитель Н. Мартыненко. – Алматы: Малое издательство «Айкап», – 1992. – 192 с.
30. Шаяхметов У. Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін: Оқу құралы. – Алматы, – 2001. – 149 б.
31. Абай. – 1918 – № 7.
32. Альжанова С., Тулемисова Г. Беркут Алаш-Орды. – Алматы, 2008, 180 с.
33. Жас азамат. 1918. № 4, 25 тамыз
34. Абай, № 10, сейсенбі, 25 тамыз, 1918 жыл
35. Аманжолова Д.А. На изломе. – А., 2009. – 225 с.
36. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан, 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: «Алаш», 2005. Т. 2, 445 б.
37. Свободная речь, 30 қыркүйек 1918 ж., № 255
38. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 4-том. Қазақ съездері. – Астана. 2007. 352.
39. Газета «Сибирская речь». – 1918 года, – № 32.
40. Абай, 1918, № 8, 1 август
41. Томск облыстық мемлекеттік архиві. Р72 к.1 т., 5-іс., 5 п.
42. Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві. 176 к. 1 т, 1-іс, 246-247 пп.
43. ШҚО ҚЗТҚО, 1п к.1 т. ,21-іс, 7 п.
44. Сарыарқа, 1918, № 44.
45. ШҚО ҚЗТҚО 74 к, 4 т, 71 іс, 14 п.
46. ШҚО ҚЗТҚО 74 к, 1а т, 17 іс, 53-54 б.
47. Нәсенов Б. «Абыралы қанды жылдары (1905 – 1945)». Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы – Новосибирск. 2006 ж. 644 б.
48. Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 бет.

49. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Т. 1., Уральск, 2012 – 464 стр.

50. Жас азамат. 1918. № 5, 1 қыркүйек

51. Жетпісбай Н. Қобдалық Алаш қайраткерлері // Қазакстан мұрағаттары. № 3 (11)/ 2009. 34-46 бб.

52. Орал өңірі. 27 караша. 2008.

53. Сүлейменова Д.Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы. Тарих ғылымдарының кандидаттығына дайындаған диссертациясы, – Алматы. – 2004. – 138 бет.

54. Сүлейменова Д. Батыс Алашорда үкіметінің құрылуы және оның азамат соғысы жылдарындағы қызметі / Алаштану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т. – Семей: Таным, – 2010, – 420 бет.

55. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы мұрағаты (РГАСПИ) 17 к., 86 т, 129 іс, 7 п.

III ТАРАУ
АЛАШ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

3.1 АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ-МҰСЫЛМАН ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТҮРКІСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ЕГЕМЕНДІК ҮШІН ЖҮРГІЗГЕН САЯСИ КҮРЕСІ (1917-1920 ЖЖ.)

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Түркістан өлкесі Ресей империясының саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени қатынастар жүйесінде өмір сүруге мәжбүр болды. Ресейдің отарлық жүйесі Түркістан өлкесінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық қатынастарды қиратып, өзіне тән табиғи даму жолынан айырды. Ресей мен Түркістан арасындағы «отар-метрополия» үлгісіндегі қатынастар Түркістан өлкесін Ресей империясының арзан шикізат көзіне, өткізу нарығына айналдырды [1].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патшалық биліктің іргетасына соққы беріп, Түркістан халықтарының ұлттық санасының оянуына түрткі болды [2].

1917 жылы Түркістан халықтары Ресей империясын шарпыған революциялық қозғалысқа тартылып, өлке халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бірінші дүние жүзілік соғысқа даярлықсыз кірген және блок құрып соғысушы империалистік елдер арасында экономикалық жағынан ең әлсізі болған Ресейде 1917 жылдың қыс айларында мемлекеттік құрылыс пен қоғамдық өмірде дағдарысты жағдай қалыптасты. Орасан зор құрбандық әкелген соғыстың мақсаты халық бұқарасына түсініксіз болды. Билік басында 300 жылдан аса отырған Романовтар әулеті бар беделінен айырылып, соғыстан қалжыраған орасан зор империяны өз уысында ұстап отыра алмайтын жағдайға жетті. 1917 жылғы Ақпан революциясы қарсаңында Ресей империясында 130-дай ұлттар мен ұлыстардың өкілдерінен құралған 180 миллиондай адам өмір сүрді. Империя бұғауындағы бұратана халықтар екі жақты езгіге, яғни бір жағынан, отарлық езгіге, екінші жағынан, жергілікті феодалдық езгіге ұшырап, әлеуметтік жағынан барынша жаншылған болатын. Соғыс жылдарында бұратана халықтардың ұлт-азаттық қозғалыстары ұйымдасқан түрге ие болып, саяси сипат алған еді.

Жалпыресейлік саяси партиялардың ортасында «революция» сөзі 1915 жылдың өзінде ең көп қолданылатын сөзге айналып, таяу жылдардағы саяси төңкеріс туралы пікірлер кең тарай бастаған-ды. Десек те, 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық революциясы алғашында жалпы халық үшін кенеттен болған, күтпеген саяси оқиға ретінде қабылданды.

1917 жылы ақпан айының екінші жартысында азық-түліктің жетіспеуі салдарынан империя астанасы – Петроград қаласында халық толқуы басталды. Наразы халық көшеге шығып саяси талаптар («соғыс

тоқтасын», «монархиялық билік жойылсын» және т.б.) қояды. Халық бұқарасын солдаттар мен матростар қолдап, толқу қарулы қақтығысқа ұласады. Көтеріліске шыққан жұмысшылар мен солдаттар өз органдарын, яғни жергілікті кеңестерді ұйымдастыра бастады, артынша жекелеген кеңестердің негізінде біріккен Петроград кеңесі құрылады.

Петроград кеңесімен бір мезгілде Мемлекеттік думаның Уақытша комитеті ұйымдастырылды. Уақытша комитет Ресейдегі монархиялық билікке шектеу қойып, конституциялық монархия жариялауды және Мемлекеттік думаға тікелей бағынатын үкімет жасақтауды талап етеді. II Николай келіссөздерде бір шешімге келе алмай, көп кешікпей биліктен мүлдем бас тартуға мәжбүр болады. Наурыз айының алғашқы күндері Уақытша комитет пен Петроград кеңесі арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде князь Г. Львов басқарған Уақытша үкімет құрылады [3]. Романовтар әулетінің биліктен кетіп, монархияның жойылуы бүкіл Ресейде, әсіресе отарлық жағдайдағы ұлт аймақтарында, оның ішінде Түркістан мен қазақ даласында зор қуанышпен қабылданды.

Ақпан революциясының жеңісі туралы хабар Ташкентке 1917 жылдың 1 наурызында телеграф арқылы жетіп, тез арада бүкіл өлкеге тарала бастады. Бұл туралы «Туркестанские ведомости» және «Туркестанский курьер» газеттерінде 3 наурызда, ал «Ферганские областные ведомости» және «Семиреченские областные ведомости» газеттері 4 наурызда жариялады [4]. 1917 жылы 4 наурызда Түркістан генерал-губернаторы А. Куропаткин Түркістан әскери округы бойынша II Николай мен оның мұрагері Михаилдың тақтан бас тартқаны туралы мәлімдеме жариялайды. Уақытша үкіметті жоғарғы билік ретінде мойындап, онымен қарым-қатынас орнатуға тырысқан А. Куропаткин Түркістан өлкесінің бас комиссары болып тағайындалады. Монархиялық биліктің құлауына қарамастан Түркістан өлкесінде патша генералдары мен офицерлерінен құралған бұрынғы билік аппараты өз қызметін бір айға жуық жалғастырды. Ташкентте 1917 жылы 3 наурызда жұмысшы, 4 наурызда солдат депутаттары кеңестері құрылып, көп ұзамай олар ортақ кеңеске бірікті. Айдың аяғына дейін өлкеде жұмысшы және солдат кеңестерінің саны 75-ке жетті [5]. Кеңестердің құрылуының бастапқы кезеңінде таптық ұстаным берік болғандықтан, олардың құрамына сайланған депутаттардың көпшілігін еуропалық ұлт өкілдері құрады.

Ақпан революциясы өлім жазасының тоқтатылғанын, Ресейдің барлық азаматтарына ұлтына, діни наным-сеніміне, жынысына қарамай теңдей құқықтар берілетіндігін жариялады. Ресей азаматтары өз еркімен бірлестіктерге кіруге және жиналыстарға қатынасуға мүмкіндік алды. Бүкіл Ресейде, соның ішінде Түркістанда кәсіподақ қозғалысы кең етек жая бастады. Патша полициясы мен жандармериясы таратылып, олардың функциялары жаңадан құрылған халық милициясының қолына көшті. Полицияда қызмет еткен офицерлер қудалауға ұшырап, оларға құқық қорғау орындарында жұмыс істеуге тыйым салынды.

Өлке халықтарының қысымымен А. Куропаткин 1917 жылы 6 наурызда Уақытша үкімет жариялаған жалпыға ортақ амнистияны іс жүзіне асыруға мәжбүр болды. Түркістан абақтыларында отырған саяси тұтқындар, соның ішінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көзғалыс жетекшілері бостандыққа шықты. 1917 жылы 8 наурызда Түркістан күзет бөлімінің қызметі тоқтатылды.

1917 жылы 30 наурызда Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің, мұсылман депутаттары кеңесінің, шаруалар одағы өкілдерінің, сондай-ақ, атқару комитетінің бірлесіп қабылдаған қаулысының нәтижесінде А. Куропаткин биліктен шеттетіліп, үй қамауына алынады. Оның орнына әскер басшысы қызметіне полковник Л. Черкес тағайындалды. 4 сәуірде генерал А. Куропаткинге, көмекшісі М. Ерофеевке және әскери округ штабының бастығы Н. Сиверске Түркістаннан кетуге рұқсат берілді. Осылайша, Түркістан өлкесін жарты ғасырға жуық билеп-төстеген отарлық әкімшіліктің жоғарғы шенеуніктері қызметтен қуылып, Уақытша үкімет өлкеде жаңа билік мекемелерін құру ісін қолға алды.

1917 жылы 6 сәуірде Уақытша үкіметтің қаулысымен Түркістан комитеті құрылды. Түркістан комитетінің құзырына Түркістан өлкесі, Бұхар әмірлігі мен Хиуа хандығы территориясындағы барлық жоғарғы билік берілді. Түркістан комитетінің төрағасы болып Петроградтан арнайы жіберілген кадет Н. Щепкин тағайындалды, комитеттің алғашқы құрамына Мемлекеттік думаның 1, 2, 3 шақырылым мүшелері, жергілікті ұлт өкілдері – Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, С. Мақсұтов, кадеттер партиясымен байланыста болған генерал-майор А. Даулетшин, эсер О. Шкапский, кадет В. Елпатьевский, партиялылығы анық емес П. Преображенский мен А. Липовский кірді [6]. Түркістан комитетінің құрамына жергілікті ұлт қайраткерлерін енгізе отырып, Уақытша үкімет өлке халықтарының мүддесін ескеретіндігін көрсеткісі келді. Комитет мүшелерінің көпшілігі Түркістан өлкесінде жүріп жатқан күрделі де қайшылықты процестердің түпкі мәнін толық ұғына алмады. Комитет мүшелері ішінен жергілікті жағдаймен жақсы таныс болған М. Тынышбаев Жетісудағы шиеленіскен жағдайға байланысты Түркістан комитеті комитеттің жұмысына толыққанды араласа алмады. Мүшелерінің міндеттері былайша бөлінді: Халық ағарту және мәдениет мәселелеріне А. Липовский мен С. Мақсұтов, Бұхара мен Хиуаға, сондай-ақ, өлке шекаралас жерлерге қатысты істерге П. Преображенский мен А. Дәулетшин, Жетісуды басқару және Түркістан өлкесіндегі қазақтардың тұрмысын ұйымдастыру ісіне Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев пен О. Шкапский, сауда мен өнеркәсіпке В. Елпатьевский, П. Преображенский және Н. Щепкин, жергілікті болыстықтарда жерге орналастыру мәселесіне А. Дәулетшин мен Н.Щепкин, облыстық әскери ведомство мәселесіне А. Дәулетшин жауап беретін болды. Сот және бақылау мәселелері бүкіл комитет мүшелеріне жүктелді [7].

Түркістан комитеті төрағасының және оның еуропалық мүшелерінің өлкені басқаруға қатысты алғашқы қадамдары түркі-мұсылман зиялыларының алаңдаушылығы тудырды. Уақытша үкімет Түркістан генерал-губернаторлығын жойып, оның орнына Түркістан комитетін құру арқылы

өлкені басқарудың тек сыртқы келбетін ғана алмастырып, ішкі отарлық мән-мағынасын өзгертусіз қалдыруға тырысқан еді. Осылайша, Түркістан комитеті және мұсылман ұйымдары арасындағы қарым-қатынас шиеленісе бастады. Түркістан комитеті ескі басқару жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізуге тырыспады. Комитет облыстар мен уездерде мекемелер құрып, олардың құрамына жаңа қызметкерлер тартқанымен, ескі сот, әкімшілік-шаруашылық, қаржы, әскери органдар өз жұмыстарын жалғастырып жатты. Уезд комиссарлары қызметіне патша үкіметіне адал қызмет еткен шенеуніктер мен приставтар тағайындалып, биліктің төменгі сатысы мүлдем өзгеріссіз қалды. Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдарының функцияларын нақты анықтайтын ереже құрастырылмай, басқару ісінде берекесіздік орын алды. Түркістан комитетінің жанынан жергілікті ұлт өкілдерінен құралған кеңес ашылғанымен де, оның қолында ешқандай өкілеттілік болмады.

1917 жылы 7-15 сәуірде Ташкентте өткен I Жұмысшы және солдат кеңестерінің съезі өлкелік кеңес құрып, оның шешімдері Уақытша үкіметтің саясатына қолдау көрсетуге бағытталды. Бұл съезге қатынасқан 263 делегаттың барлығы еуропалық ұлт өкілдері еді. Аталған съезге жергілікті халықтардың бірде-бір өкілі қатыстырылмады. 1917 жылы 9-16 сәуір аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі қоғамдық ұйымдарының атқару комитеттерінің съезі (171 делегат, оның 72-і жергілікті ұлт өкілдері), Ресейдегі болашақ басқару формасы туралы мәселені талқыға салып, делегаттардың бір тобы федеративтік құрылысты, екінші тобы ұлттық автономияны, басқалары территориялық автономияны қолдап, ортақ шешімге келе алмады.

Түркістандағы саяси дағдарыс Петроградтағы саяси оқиғалармен тығыз байланыста болды. Уақытша үкімет пен Түркістан комитетінің саясаты жергілікті халықтардың мақсат-мүддесіне сай келмеді. 1917 жылы сәуірде Түркістан комитеті жанындағы кеңес Түркістанға толық саяси автономия беру мүмкін емес деп мәлімдеді [8].

1917 жылы 30 сәуірде Ташкентте өткен теміржол жұмысшыларының жиналысы Түркістан комитетінің төрағасы Н. Щепкинге сенімсіздік білдірді. Н. Щепкиннің қызметін өлке үшін зиянды деп тауып, милицияның толық қайта ұйымдастырылуын және оның құрамынан барлық бұрынғы полицейлерді қуып жіберуді талап етті [9]. Ташкент жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі Түркістан комитетінің облыс пен уезд комиссарларын (Тризна, Иванов және т.б.) кеңестермен келіспей өз бетінше тағайындауыға қарсы шықты [10]. Н. Щепкин Уақытша үкіметке жеделхат жолдап, Түркістан сияқты орасан үлкен аймақты бір орталықтан басқару мүмкін емес, өйткені революциядан кейін еркіндікті сезінген мұсылмандар сандық басымдығын пайдаланып, билікке қарсы тұра бастады, ал оларды тек қарудың күшімен ғана ұстап тұруға болады деп мәлімдеді [11]. Өлкені басқару мәселесін тиімді шеше алмаған Түркістан комитетінің мүшелері Уақытша үкіметтің төрағасы Г. Львовтан өздерін қызметтен босату туралы өтініп, жеделхат жолдады (бұл жеделхатқа Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, О. Шкапский қол қойған жоқ).

1917 жылы 1 шілдеде Түркістан комитетінің алғашқы құрамы қызметтен босатылды.

1917 жылы шілдеде Түркістан комитетінің жаңа құрамы бекітілді. Оның құрамына меньшевиктер мен эсерлер партияларының өкілдері – И. Шендриков пен В. Чайкин кіргізілді. Комитет төрағасы болып II Мемлекеттік думаның мүшесі, Ферғана облысының бұрынғы вице-губернаторы В. Наливкин тағайындалды. Түркістан комитетінің құрамы кейінірек мұсылман ұйымдары ұсынған М. Шоқай және Ташкент қаласының бастығы И. Ивановпен толықтырылды. Алайда, Түркістан комитетінің жаңа құрамы да өлкеде шиеленіскен азық-түлік дағдарысын, ашаршылықты тоқтату, ұлт мәселесін шешуге қабілетсіздік танытты. В. Наливкиннің өзара қарсыласушы жақтарды бітістіруге талпынған іс-әрекеті нәтижесіз қалды.

Уақытша үкіметті қолдау арқылы ұлттық мәселелерді шешуге бағытталған қайраткерлердің ұмтылысы тығырыққа тірелді. Өкінішке орай, өлкеде құрылып үлгерген мұсылман ұйымдары билік мәселесінде жаңа сапалық деңгейге шыға алмады. Күн өткен сайын өрістеп келе жатқан ұлтаралық текетірес өлкедегі саяси жағдайды одан әрі шиеленістіріп жіберді.

1917 жылы наурызда Шура-и-Ислам ұйымы құрылды. Шура-и-Ислам ұйымы қалаларда, ауылдарда қоғамдық-саяси бағыттағы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, ұлттық комитеттермен және партиялармен байланыс орнатып, олардың бағдарламаларын бұқара халыққа жеткізу, Түркістан мұсылмандарының съезін шақыру сынды міндеттерді алға қойды. Шура-и-Ислам ұйымының құрылуы өлкедегі саяси күштердің арақатынасына өзгеріс алып келді. Қысқа уақыт ішінде Түркістанда үш саяси орталық құрылып үлгерді: солдаттар мен еуропалық жұмысшылар депутаттарының кеңестері; түрлі қоғамдық ұйымдардың атқару комитеттері; өлкедегі мұсылмандардың мүддесін қорғаған ұлттық ұйымдар мен партиялар. Олардың қатарына Ақпан революциясынан кейін Қазақстан мен Түркістанда құрылып, үлкен беделге ие болған Алаш, Шура-и-Ислам, Тұран, Түрік адами марказият және өзге де саяси партиялар мен ұйымдарды жатқызуға болады.

Ұлттық бағыттағы партиялар мен ұйымдар мұсылман халықтарының мақсат-мүддесін білдіруге тырысқанымен, олардың арасында империалистік соғысқа, Уақытша үкіметке, Құрылтай жиналысына, Ресейдің болашақ басқару жүйесіне, азық-түлік мәселесіне қатысты ортақ позициясы болмады. Белгілі итальян тарихшысы М. Буттино 1917 жылғы революциялық және демократиялық қозғалыс кезінде белсенді әрекет ете бастаған түркі-мұсылман саяси элитасын үш топқа бөледі: монархиялық режим кезінде-ақ қалыптасып үлгерген тәжірибелі аға буын өкілдері (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Тынышбаев, т.б.); Түркістан қоғамын реформалар арқылы жаңартуға ұмтылған жас түріктердің ықпалындағы жәдидшілер (М. Бехбуди, М. Қары, У. Қожаев және т.б.); консервативті көзқарастағы үлемдер (С. Лапин және т.б.) [12]. Түркістанның саяси аренасында жоғарыда аталған топтардан өзгеше жастар тобы көтеріліп келе жатты. Олардың қатарына М. Шоқай, С. Асфендиаров, Т. Рысқұлов сынды қайраткерлерді жатқызуға болады. Олардың әркайсысы революциялық және демократиялық қозғалыска, азаттық

пен теңдік үшін күреске әр түрлі жолмен келгенімен, ұлттық идеялары ортақ болатын.

1917 жылы 16-21 сәуір аралығында Ташкент қаласында өткен Түркістан мұсылмандарының I съезінде Түркістан өлкелік мұсылман кеңесі құрылды. Бұл кеңес байланысы нашар, оқшауланған мұсылман қоғамдарын, одақтары мен комитеттерін бір орталыққа біріктіруді ұйғарды. 1917 жылы 12 маусымда қабылданған Түркістан өлкелік мұсылман кеңесінің жарғысына сәйкес барлық қалалық, уездік, болыстық мұсылман кеңестері және Шура-Исламия, Равнакул Ислам, Мирважул Ислам, Муаллимдер жамияты сынды қоғамдық ұйымдар ұлттық және таптық өзгешеліктерге қарамастан болыстық, қалалық, уездік және облыстық мұсылман депутаттарының кеңестеріне бірігуге міндетті болды. Жарғыда Түркістан өлкелік мұсылман кеңесі бірде-бір таптың немесе партияның органы болып табылмайтындығы туралы ашық айтылды. Түркістан өлкелік мұсылман кеңесінің төрағасы болып М. Шоқай, хатшысы – А. Уәлиди, төралқа мүшелері – М. Қары, М. Бехбуди, У. Қожаев, Т. Нарботабеков және тағы басқалар сайланды [13].

Шура-и-Ислам ұйымы түркі-мұсылман қоғамын іштей біріктіруге тырысып, осы ұмтылыстарында мұсылмандардың жалпы ресейлік демократиялық қозғалысына, оның жетекші органдары мен басшыларына арқа сүйеді. Шура-и-Ислам алдына маңызды міндеттер қойғанымен, объективті қиыншылықтардың салдарынан оларды орындауға шамасы келмеді. Оның үстіне бастапқы кезеңде ұйымның құрамында болған дін басылары 1917 жылы маусымда жеке бөлініп шығып, Шура-и-Улема ұйымын (Дін басыларының кеңесі) құрған болатын. Бұл ұйымға жетекшілікті белгілі заңгер С. Лапин жүргізді. Бұқаралық сипатқа ие бола бастаған мұсылман ұйымының ішінде орын алған қисынсыз оқиғалар жергілікті халық арасында беделінің төмендеуіне, сондай-ақ мұсылман жұмысшыларының олардан біртіндеп алшақтауына септігін тигізбей қоймады.

Күн өткен сайын өріс алып келе жатқан революциялық-демократиялық қозғалыс жаңа саяси күштердің алдыңғы қатардан көріне бастауына ықпал етті. 1917 жылдың мамыр-тамыз айларында Түркістан өлкесінің ірі қалалары Ташкентте, Қоқанда, Әндіжан мен Самарқанда мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңестері бой көтерді. Жұмысшы мұсылмандардың одақтары әр түрлі салаларда еңбек етіп жатқан жұмысшылардың кәсіподақтарын құру ісін қолдарына алды. 1917 жылы мамыр айына қарай Ташкентте – 44, Самарқанда – 23, Қоқанда – 15 кәсіподақтар құрылып, олар жұмысшылар мен қызметкерлерді біріктірген бұқаралық ұйымдарға айналды. Оларды құруға ерік танытушылардың көпшілігін майданның қара жұмысынан қайтып оралған 100 мыңға жуық түркістандықтар құрады.

1917 жылдың сәуір-мамыр айларында Торғай, Жетісу, Орал, Семей, Ақмола облыстарының және Бөкей ордасы қазақтарының съездері болып өтті. Аталған съездердің ішінде ең ірісі – I Торғай облыстық съезі 1917 жылы 2-8 сәуірде Торғай қаласында өтіп [14], оған Орал, Ақмола, Семей, Сырдария

облыстарының және Бөкей ордасының өкілдері қатысты. А. Байтұрсынов төрағалық еткен бұл съезде I Жалпықазақ съезін ұйымдастыру, өткізу орны мен уақытын анықтау міндеттері жүктелген, құрамына Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Қадырбаев, О. Есенқұлов, И. Әлімбеков, Е. Тұрмұхамедов, К. Тұрымов кірген ұйымдастыру бюросы құрылды [15].

1917 жылы 21-26 шілде Орынбор қаласында өткен I жалпықазақ съезіне Ақмола, Орал, Семей, Торғай, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан қазақ ұлтының өкілдері қатысып, күн тәртібінде тұрған 14 мәселені (мемлекет билеу түрі, қазақ облыстарындағы автономия, жер мәселесі, халық милициясы, земство, оқу мәселесі, сот мәселесі, дін мәселесі, әйел мәселесі, Құрылтай жиналысына сайлауға даярлану және қазақ облыстарынан сайланатын депутаттарды іріктеу, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі, қазақ саяси партиясын құру, Жетісу оқиғалары, Киев қаласында өтетін Бүкілресейлік федералистер съезіне қазақтан өкіл жіберу) талқыға салды. Съезге төрағалықты Х. Досмұхамедов жүргізіп, оның серіктерінің міндеттерін А. Байтұрсынов және Ә. Көтібаров атқарды [16]. Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде Сырдария облысынан С. Асфендиаров, М. Шоқай, Ә. Кенесарин, С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, Х. Ибрагимов, З. Сейдалин, Е. Қасымов, П. Пулатханов, С. Айзонов, Е. Табынбаев, С. Қожанов, У. Қожаев және О. Жанғалинов ұсынылды [17].

1917 жылы 2-5 тамыз күндері Ташкент қаласында Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының съезі ұйымдастырылды. М. Тынышбаев төрағалық еткен бұл съездің жұмысына Т. Рысқұлов, Қ. Сарымолдаев, С. Қожанов, С. Асфендиаров сынды жас қайраткерлер де белсене қатысты [18]. Съезге Сырдария және Ферғана облыстарынан дауыс беруге құқығы бар 84 өкіл қатысып, күн тәртібінде тұрған төмендегідей мәселелерді талқыға салды: 1) Ресейдің қазіргі жағдайы; 2) Жалпы қазақ съезіне көзқарас; 3) Ресейдегі мемлекет билеу түрі және келешектегі Түркістанды басқару мәселесі; 4) Жер, су және қоныстанушылар мәселесі; 5) Азық-түлік, малшаруашылығы және отын мәселелері; 6) Земство; 7) Мектеп мәселесі; 8) Халық соты; 9) Руханидіни іс; 10) Баспасөз; 11) Бүкілресейлік Мұсылман кеңесіне және оның атқару комитетіне көзқарас; 12) Жетісудағы қырғыздардың жағдайы; 13) «Бірлік туы» ұйымы; 14) Екінші Бүкілресейлік ауылшаруашылығы санағы; 15) Жер комитеттері; 16) Әйел мәселесі; 17) Құрылтай жиналысы туралы; 18) Ұлттық қазына [19]. Съезге қатысушылар бірнеше баптардан тұратын қаулы қабылдады. Олардың ішінде ең маңыздыларына төмендегідей қаулыларды жатқызуға болады: Уақытша үкіметке қолдау көрсету және оның бағдарламасын кеңейту; Ресейдің болашақтағы мемлекеттік құрылысы федеративті демократиялық парламенттік республика болуы қажет және қазақ-қырғыз облыстарына ұлттық-территориалдық автономия берілсін; қазақтар мен қырғыздардың атақоныстарының тартып алынуы тоқтатылсын, орыс келімсектерінің қолында шоғырланған жерлер иелеріне қайтарылсын; көшпелі халықтан арзан бағаға мал сатып алу тоқтатылсын, арнайы комиссия тұрақты бағаны анықтасын; отырықшы халық арасында

болыстық земство кіргізілсін, ал көшпелі халық арасында болыстық земстволық жиналыс кіргізілсін; мектептердегі бастауыш білім беру жалпыға міндетті болсын және балалар ана тілінде оқытылсын, орыс-түземдік мектептері жабылып, ұлттық мектептер ашылсын; қазақ-қырғыздардың халық соттарының билігі жойылсын; қазақ-қырғыздарға ортақ өз алдына мүфтилік құрылсын; «Бірлік туы» газеті қазақтар мен қырғыздардың өлкелік газеті болсын; Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі жанында қазақ-қырғыздардың жеке өкілі болсын; Петроградқа және барлық мұсылман ұйымдарына Жетісуда қазақ-қырғыздарды қырып-жою тоқтатылсын деген телеграмма жіберілсін және орыс шаруалары мен майданнан қайтқан орыс солдаттарының қолдарындағы қару тартып алынсын; әйелдердің саяси құқықтары ер адамдардың құқықтарымен теңестірілсін, қалың мал жойылып, 16 жасқа толмаған қызға және 18 жасқа толмаған жігітке некеге тұру рұқсаты берілмесін; ұлттық қазына құрылсын [20].

Съезд Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттарды жасырын дауыс беру арқылы белгілеп, Сырдария облысынан М. Шоқай, Ә. Кенесарин, Е. Қасымов, С. Өтегенов, Қ. Қожықов, С. Ақаев, Ә. Көтібаров, З. Сейдалин, С. Мангелдин, Х. Ибрагимов, С. Асфендиаров, С. Лапин, С. Айзонов ұсынылды. Түркістан өлкесінің қазақ және қырғыз халықтарының іс-қимылдарына ұйымдасқан сипат беру үшін Түркістан өлкелік қазақ-қырғыздарының орталық кеңесін және оған бағынышты болатын Сырдария және Ферғана облыстарындағы қазақ-қырғыздардың кеңестерін құру туралы қабылданған шешімдер маңызды болды. Съезд делегаттары Сырдария облысы кеңесінің төрағалығына Ә. Көтібаровты, уақытша мүшелері ретінде Т. Рысқұловты, С. Өтегеновты, Е. Қасымовты, И. Тоқтыбаевты және С. Қожановты, Ферғана облыстық кеңесінің мүшелігіне К. Бөриевті сайлады [21]. Сайланған мүшелерді өзге адамдармен алмастыру немесе олардың қатарын толықтыру ісі әр облыстың қарауына қалдырылды. Съезд шешімі бойынша уездік деңгейдегі кеңестерден бір өкіл облыстық кеңеске, олардан екі өкіл Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының орталық кеңесіне сайланып жіберілуі және қазақ-қырғыз кеңестері ашылмаған облыстарда олар тез арада құрылып, мүшелері жұмысқа кірісулері тиіс еді.

Түркістан өлкелік Қазақ-қырғыз орталық кеңесінің құрметті төрағасы ретінде М. Шоқайды және уақытша төрағасы қызметіне Е. Қасымовты ұсынып, хатшылықты Т. Рысқұловқа жүктеді [22].

1917 жылдың шілдесінде Ташкент қаласында Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесінің құрылуы өлкеде маңызды саяси оқиға болды. 1917 жылы шілденің аяғында Ташкент қалалық думасына өткен сайлаудың нәтижесінде Шура-Улема ұйымы 112 орынның ішінен 62 орынды, ал Шура-Исламия 11 орын иеленді [23]. Сайлауда Ташкент Мұсылман жұмысшы депутаттарының кеңесі қалалық думаның құрамына тек бір ғана өкіл өткізе алды. Қаланың еуропалық ұлт өкілдері үшін ұйымдастырылған сайлау учаскілеріне 40 704 сайлаушылардан 25 052 адам (60%) қатысқан болса, ескі қала бөлігіндегі 93 674 жергілікті ұлт өкілдерінен сайлау құқығына ие болған 47 189 адам (50%) дауыс берген [24].

1917 жылы тамызда Ташкент қаласының жергілікті тұрғындары Жетісуда орын алып отырған оқиғаларға наразылық танытып, үлкен жиын өткізеді. Түркі-мұсылман жұрты жазалаушы әскери бөлімдер және жергілікті қаруланған орыс-казактардың Жетісудың қазақ-қырғыз халқына қатысты саясатына қарсылық білдіріп, оларды тоқтатуды талап етті [25]. Түркістан комитетінің төрағасы В. Наливкин Жетісу мәселесі бойынша тиісті шара қолданатындығы туралы сөз берді. Жетісудағы жағдайды реттеу үшін И. Шендриков төрағалық ететін арнайы комиссия құру туралы шешім қабылданды [26].

Түркістан өлкесінде әлеуметтік-экономикалық дағдарыс барған сайын тереңдей берді. 1917 жылғы қуаңшылық жағдайды одан бетер шиеленістіріп жіберді. Ташкент қаласында азық-түлікке енгізілген карточкалық жүйе сенімді ақтамады. Ташкент қаласында нанның бір адамға нормасы 0,454 кг, ұн 0,1135 кг дейін қысқарды. Нанның бағасы үздіксіз өсіп отырды, мысалы, 1916 жылдан 1917 жылға дейін бір пұт нанның бағасы 32,4 есе өскен болса, ұн – 157, май – 300, аяқ-киім – 125, сиса – 300, сабын – 650, дәрі-дәрмек – 900 пайызға қымбаттады [27]. Түркістан өлкесін жұмыссыздық жайлап, қаржы жүйесі толық күйреді. Уақытша үкімет бірнеше айдың ішінде 9 млрд. рубльге жуық несие билеттерін шығарды. Соғыстың алғашқы үш жылында II Николай үкіметі айналымға 8,3 млрд. рубль ғана шығарған болатын. «Керенка» атауына ие болған қағаз ақшалар бұрын-соңды болмаған инфляцияны өмірге алып келді. 1917 жылдың қазан айына қарай рубльдің сатып алу мүмкіндігі небәрі 6-7 тиынды ғана құрады [28]. Ташкент қаласында солдаттар мен жұмысшылардың байлар мен базарлардағы алыпсатарлардан азық-түлік пен тауарларды күшпен тартып алуы, көкөніс пен жеміс сататын дүкендерді талқандауы, бау-бақшалардан базарларға жеміс тасымалданған арбаларды тонауы жиі тіркеле бастады.

Түркістан комитетінің төрағасы В. Наливкин 1917 жылы 14 қыркүйекте А. Керенскийге Түркістанда әскери басқару формасын енгізуге ұсыныс жасайды [29]. 19 қыркүйекте Ташкентке Уақытша үкімет жіберген әскери бөлімнің алғашқы эшелоны келді. Оларды Түркістан комитетінің мүшелері мен Уақытша үкіметті қолдаған мұсылман ұйымдарының өкілдері вокзалда салтанатты жағдайда қарсы алады. Түркістан өлкесінің бас комиссары және Түркістан әскери округының бас қолбасшысы болып жарияланған генерал П. Коровиченко 1917 жылы 24 қыркүйекте Ташкентке келген соң, В. Наливкин Түркістан комитеті төрағасы қызметінен босатылды [30]. 1917 жылы 27 қазанда Петроградта большевиктердің қарулы төңкерісі жеңіске жеткендігі туралы хабарды естіген генерал П. Коровиченко шара қолдануға ұмтылып, юнкерлер мен казактарға Ташкент кеңесінің атқару комитетін тұтқындауды және оның басты әскери тірегі болған I және II Сібір полктарын қарусыздандыруды бұйырады. Қала көшелерінде төрт күнге созылған қарулы қақтығыстардан соң, 1917 жылы 1 қарашада Ташкент кеңесі билікті өз колына тартып алады. Генерал Коровиченко және Түркістан комитетінің мүшелері тұтқындалып (Түркістан комитеті мүшелерінен бостандықта жалғыз М. Шоқай ғана қалды),

казактар мен юнкерлердің бөлімдері қарусыздандырылды. Ташкент кеңесі Түркістан өлкесінің барлық кеңестеріне жергілікті билікті өз қолдарына алуды тапсырып, жеделхат жолдайды. Ташкентте қарулы көтеріліс жеңіске жеткеннен кейін де ұлттық-демократиялық күштер большевиктерді қолдау көрсетуден бас тартып, құлаған Уақытша үкіметті жақтаумен болды [31].

1917 жылы 15 қарашада Түркістан Жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің III съезі ашылды. Солшыл эсер К. Успенский төрағалық жүргізген съезге шешуші дауыс құқығына ие болған 114 делегат қатынасты. Съезде өлкелік билікті ұйымдастыру, жерлікті билік мекемелерін құру және Құрылтай жиналысына сайлау өткізу сынды мәселелер қарастырылды. Ф. Колесов өлкедегі бүкіл биліктің жұмысшы, солдат және шаруа депутаттар кеңестерінің қолдарына өтуін талап етті [32]. Съезге түркі-мұсылман зиялы қауымының атынан барған С. Лапин өлкелік билік органдарында мұсылмандарға 3/4 орын берілуі тиіс деп мәлімдеді [33]. Қолдау таппаған С. Лапин съезді тастап кетуге мәжбүр болды. 1917 жылы 19 қарашада өлкедегі билікті құруға қатысты большевиктер мен максималистер фракциясы ұсынған резолюцияның жобасы қабылданды. Онда Түркістанның жергілікті халқының Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңестерінің билігіне қатысты көзқарасының айқын еместігі және мұсылмандар арасында пролетарлық таптық ұйымдардың жоқтығы себепті өлкелік революциялық биліктің жоғарғы органдарына мұсылмандарды енгізу мүмкін емес деп мәлімделді [34].

Съезде Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі құрылды [35]. 15 адамнан құралған Түркістан үкіметінің – Халық Комиссарлар Кеңесінің – құрамына 5 большевик – А. Казаков, азық-түлік комиссары; В. Ляпин, сауда және өнеркәсіп комиссары; П. Полторацкий, еңбек комиссары, В. Агапов, азаматтық-әкімшілік істер комиссары, 2 максималист және 8 солшыл эсер кіріп, төраға ретінде БОАК мүшесі Ф. Колесов сайланды. Осылайша, Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңестерінің III съезі өлкедегі билік пен үкімет органдарын құрудың құқығын заңсыз иемденіп, таптық позицияны алға тартып Түркістан үкіметіне жергілікті түркі-мұсылман халықтарының бірде-бір өкілін кіргізбеді. Түркістан өлкесіндегі саяси билік біржолата еуропалық большевиктер мен солшыл эсерлерден құралған топтың қолына өтті. Түркістанның жергілікті халықтарына өлкені басқару ісіне қатысуға саналы түрде тосқауыл қоя отырып, саяси билікті күшпен иеленіп алған бұл топ билік мәселесін бейбіт жолмен шешу мүмкіндігінен бас тартты. Түркістанды жеке дара билеуге ұмтылған бұл партия өкілдері еуропалықтар мен түркі-мұсылман халықтары арасында болатын саяси күрестің сипатын анықтап берді. III съезде қабылдаған шешімдер коалициялық үкіметтің құрылуынан үміттенген саяси күштердің үмітін кесіп, ымырасыз қайшылықтар тудырды.

Ташкенттегі кеңестік билікке қарсы позиция ұстанған түркі-мұсылман қайраткерлері Қоқан қаласына Түркістан мұсылмандарының төтенше IV съезін шақыру туралы шешім шығарады. 1917 жылы 26 қарашада Ұйымдастыру бюросының мүшесі М. Шоқай салтанатты түрде ашқан съезге Ферғана облысынан – 150, Сырдария облысынан – 22, Самарқан облысынан

– 21, Закаспий облысынан – 1, Бұқарадан – 4 делегат қатынасты, ал «Ұлық Түркістан» газетінің мәлімдеуінше делегаттардың жалпы саны 250 адамға жеткен [36]. Облыстардан келген делегаттармен қоса, съезге Шура-и-Исламның, Шура-Улеманың, Жауынгер мұсылмандар одағының, Татар бюросының, Өлкелік еврейлер ұйымының өкілдері де қатысты. Осыған байланысты «Ұлық Түркістан» газеті бұл съезді тек мұсылмандардың съезі емес, кең мағынада Түркістан халықтарының съезі деп атаған жөн деген мәлімдеме таратады [37].

Өз жұмысын демократиялық және интернационалдық ұстанымдардың, өлкеде өмір сүріп отырған барлық халықтардың мүддесін есепке алу негізінде құруға ұмтылғандығы съездің жұмысшы органдарын сайлау кезінде бірден байқалды. М. Бехбуди съезд қабылдайтын шешімдердің беделін өсіру үшін төралқаның құрамына адамдарды ұлтына, жынысына және наным-сеніміне қарай емес, біліктілігіне, іскерлігі мен қабілетіне қарай қосу қажет екендігін ұсынды [38]. Съезд төралқасына М. Шоқай, У. Қожаев, Ю. Агаев, С. Ақаев, С. Герцфельд, А. Махмұдов, И. Шагиахмедов сынды қайраткерлер сайланды. Съездің күн тәртібіне: Түркістанды басқару формасы, Түркістанның Оңтүстік-шығыс одаққа кіруі туралы, Атқару комитетіне сайлау өткізу, Түркістан мұсылман депутаттары кеңесінің құрамын қайта сайлау, жергілікті жерлердің баяндамалары, ағымдағы жағдай, Түркістан Құрылтай жиналысы туралы, милиция, қаржы және т.б. мәселелер қойылды. 1917 жылы 27 қарашада съезд делегаттары бірауыздан Түркістанды Федеративті Ресей республикасының құрамындағы территориялық автономия деп жариялады [39]. Бірақ, съезд делегаттары Түркістанның автономиялық статусын жариялай отырып, Ресейден біржолата қол үзу мәселесін көтермеген еді. Түркістан зиялылары Ресейдің демократиялық күштерінің көмегімен заман талабына сай дамыған қоғам құруға ұмтылды. 1917 жылы 28 қарашада Түркістан автономиясының билік құрылымы анықталды. Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін билік Түркістан Уақытша Кеңесінің және Түркістан Халық жиналысының қолына шоғырланды. 52 адамнан құралған Халық жиналысының 18-і Түркістанды мекендеп отырған еуропалық халықтардың өкілдеріне берілді [40]. Уақытша Кеңестің құрамы былайша бекітілді: Премьер-министр және Ішкі істер министрі – М. Тынышбаев, Премьер-министрдің орынбасары – И. Шагиахмедов, Сыртқы істер министрі – М. Шоқай, Әскери министр – У. Қожаев, Жер шаруашылығы және су ресурстары министрі – Ю. Агаев, Азық-түлік министрі – А. Махмұдов, Ішкі істер министрінің орынбасары – Ә. Оразаев, Қаржы министрі – С. Герцфельд. Қалған 4 орын Түркістанның еуропалық ұлт өкілдері үшін бос қалдырылды [41].

«Ұлық Түркістан» газеті автономияның құрылуын құттықтай отырып: «...кейінгі уақытта барлық халықтар автономия жариялауға көшті. Соңғы мәліметтерге қарайтын болсақ, 60 % құрайтын халықтар автономия жариялауға құқылы. Олай болса, Түркістан халқының 95 пайызына жуығын құрайтын мұсылмандардың автономия жариялау құқығын ешкім жоққа шығара қоймас ...Автономияның жариялануы ешкімнің

құқықтарын шектемейді. Түркістан Ресейден бөлініп кетуге ұмтылмайды, оның тәуелсіз бөлігі ретінде сақталады. Түркістанда өмір сүріп жатқан орыстарға, еврейлерге, армяндарға және басқа да ұлттарға тиісті құқықтар беріледі. Олар Түркістан автономиясының тең құқылы азаматтары ретінде өмір сүруін жалғастырады» [42], – деп жазды.

1917 жылы 1 желтоқсанда автономия үкіметі халыққа үндеу жолдап, IV мұсылман съезі Түркістанды Ресей федерациясының автономиялы республикасы деп жариялағанын, Түркістан Құрылтай жиналысын шақыруға, халықты азық-түлікпен және қажетті заттармен қамтамасыз етуге, Оңтүстік-шығыс одақпен келіссөздер жүргізуге, Түркістанның қаржы қорын құруға, халық милициясын ұйымдастыруға, өлкеде өмір сүріп жатқан халықтардың құқықтарын қорғауға бағытталған шараларды қолға алатындығын мәлім етті. Бұл үндеуді халық қуанышпен қарсы алып, бүкіл Түркістан өлкесінде автономияны қолдаған шерулер өтті. 1917 жылы 6 желтоқсанда Ташкенттің ескі бөлігінде өткен, 60 мың адам қатысқан шеру Түркістан өлкесінде автономия үкіметінен басқа бірде-бір билікті мойындамау туралы [43] мәлімдеме жасады. 1917 жылы 13 желтоқсанда Шейхантаур мешітінің алдына 150 мың кісі жиналған манифестация ұйымдастырылды. Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі атынан жиынға Ф. Колесов пен И. Тоболин келіп, Құрылтай жиналысының шақырылатындығы туралы уәде берді [44]. Бірақ бейбіт түрде басталған манифестацияның соңы қарулы қақтығыспен аяқталып, Ташкент кеңесі 13 желтоқсанда қалада әскери жағдай жариялайды.

Қол жеткен табысты одан әрі бекіту мақсатында автономия басшылары Қоқан қаласында Мұсылман жұмысшы, солдат және дехқан депутаттарының I төтенше съезін шақырады. 1917 жылы 25 желтоқсанда ашылған съезде Түркістандағы билік формасын анықтау мәселесі талқыланды [45]. Съезд делегаттары 1917 жылы 28 желтоқсанда Ресей Халық Комиссарлар Кеңесіне жолдаған жеделхатында Қоқан қаласында өткен мұсылман съезінде Түркістан автономиясының жарияланғаны және автономиялы үкіметтің өлке қалалары мен елді мекендерінде болып өткен көптеген жиналыстар мен шерулерде қолдау тапқаны туралы айтылды. Сонымен қатар, Түркістанда саяси анархия мен қос үкіметтілікті болдырмау мақсатында Халық Комиссарлар Кеңесі Түркістанның автономиялы үкіметіне билікті бейбіт жолмен тапсыруы қажеттігін атап көрсетті [46].

Халық Комиссарлар Кеңесінің мүшесі, Еңбек халық комиссары П. Полторацкий Түркістан кеңестерінің кезекті съезінде Түркістанның автономиялық статусы туралы мәселе қарастырылатындығы, ал Қоқанда жарияланған автономия – «мұсылман буржуазиясының автономиясы» екендігі туралы мәлімдеме жасады [47].

Бүкілресейлік мұсылман кеңесі Түркістан автономиясын қолдап, 1918 жылы 12 қаңтарда РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарынан Түркістанда орнаған қосүкіметтілікке алаңдап, жағдайды реттеуге шақырады [48]. И. Сталин өлкелік кеңестердің дербес құқықтары барын, егер шамалары жетсе ол кеңестерді мұсылмандар өздері күшпен таратып жібере алады деп жауап береді [49]. И. Сталиннің жауабынан кейін автономия

басшылығы күрделі таңдаудың алдында тұрды: 1) Халық Комиссарлар Кеңесімен қарулы қақтығысқа түсіп, саяси билікті күшпен тартып алу; 2) Автономияны мойындату талаптарынан бас тарту. Бұл автономия үкіметі үшін өз дәрменсіздігін мойындап, халық алдында беделден жұрдай болу және бостандық аңсаған мыңдаған адамдардың үмітін үзу болатын.

1918 жылы 8-10 қаңтарда Қоқан қаласында өткен Түркістандық солшыл эсерлердің II съезі Түркістан автономиясын қолдап, Ұлттық кеңестің құрамына өз өкілін – Скомороховты енгізу туралы шешім қабылдайды [50]. Құрылтай жиналысына үлкен сеніммен қараған солшыл эсерлер жергілікті мұсылман ұйымдарымен қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылды. 1918 жылы 10 қаңтарда Ташкенттегі Жами мешітінің алдында өткен мұсылман саяси ұйымдарының жиналысында С. Лапин бастаған Шура-Улема өкілдері автономиялы үкіметтің қызметін сынға алып, мұсылман халықтарының мүддесін қорғауда көрсеткен дәрменсіздігі үшін оның билігін мойындамау туралы қаулы қабылдайды [51]. Жетісу облысының қазақтары да Түркістан автономиясына қосылудан бас тартып, өз өкілдерін 1917 жылдың 5-13 желтоқсаны арасында Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезіне аттандыруды жөн деп тапты.

Мұсылман жұмысшы, солдат және дехкан депутаттарының төтенше I съезі аяқталған соң, Түркістан автономиялық үкіметі тарапынан Ташкент билігімен келіссөздер жүргізуге талпыныстары жасалынды. 1917 жылы 19-26 қаңтарға шақырылған Түркістан кеңестерінің төтенше IV съезіне қатысуға ерік танытқан автономия басшылары Халық Комиссарлар Кеңесіне жеделхат жолдайды. Съезде мұсылман оппозициялық күштерінің болуын қаламаған орыс революционерлері автономияшылардың бұл ұсынысын қабылдамады [52].

Түркістан кеңестерінің төтенше IV съезінде қызу талқыланған мәселенің бірі – өлкенің автономиялық статусы туралы мәселе болды. Съезд делегаттары Түркістан автономиялы үкіметін заңсыз деп жариялап, басшыларын қамауға алу туралы шешім қабылдайды [53]. Кеңестер съезінің шешімдері мұсылмандар арасында үлкен наразылық тудырғаны туралы «Ұлық Түркістан» газеті «Саяси жағдай» деген мақалада былай деп жазады: «Түркістан большевиктері өлке мұсылмандарына қарсы ашық түрде соғыс жүргізу бұйрығын шығарды. Осы шешімді қабылдаған большевиктер Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі мен Ұлттық кеңесі артында қарапайым жұмысшыдан, ірі байлардан, дін қызметкерлерінен және зиялы қауым өкілдерінен құралған 10 миллион түркістандықтардың тұрғандығын түсінуі тиіс. Уақытша үкіметтің мүшелеріне қарсы соғыс ашу – бұл Түркістанның барша мұсылмандарына қарсы соғыс ашумен тең» [54].

Халық Комиссарлар Кеңесі Түркістан автономиялы үкіметін әлсіретуге тырысып, Еңбек халық комиссары П. Полторацкий Қоқан банкілерінің мемлекет меншігіне алынғанын жариялады. Мемлекеттік банктің Қоқан қалалық бөлімшесінен және өзге де жеке меншік банктерден 8 миллионнан астам қаражат тәркіленді [55]. Бұл шара Түркістан автономиялы үкіметін

қаржылай дағдарысқа түсіріп, автономияға ақшалай қолдау көрсеткен мұсылман байлары мен саудагерлерін тығырыққа тіреді.

Автономия үкіметі өзінің жеке қаржы қорын құруға ұмтылып, 30 миллиондық заем шығарады. Қаржы тапшылығын айқын сезіне бастаған үкімет мүшелері қаражат жинастыру мақсатында Түркістан қалалары мен елді мекендеріне сапар жасағандарымен, жиналған мардымсыз қаражат күрделі мәселелері шешуге ықпал ете алмады. Түркістан автономиясының әскері қаржыландыруды талап ете бастады. «Ұлық Түркістан» газетінің мәліметі бойынша 1918 жылы қаңтар айының басында автономия әскерінің қатарында 1 000 адам болған [56]. Көп кешікпей автономияның әскери министрі У. Қожаевтың жігерлі қызметінің арқасында Түркістан автономиясының тұрақты әскерінің саны 2 000 жетті. Автономияның тұрақты әскеріне Қоқан милициясының бастығы Кіші Иргаштың қарамағындағы қаруланған топтар қолдау көрсеткендіктерін де айта кеткен жөн. П. Алексеенков бұл топтардың саны 4 мыңға дейін жеткеніне назар аударады [57].

1918 жылы қаңтар айының соңғы күндері қаруланған белгісіз адамдар Қоқан бекінісіне шабуыл жасап, қаланың орыс бөлігінің телефон желісін өшіріп тастайды. Бүлікшілер Қоқан кеңесінің ғимаратына шабуылдайды. Қоқан кеңесі ревком ұйымдастырып, жұмысшылар мен теміржолшыларға қару таратады. Қоқан темір жолының қиратылуы мен телеграф желілерінің кесілуі, қала маңайындағы көпірлердің өртелуі туралы мәліметтерден шошынған орыс тұрғындары шұғыл түрде мобилизацияға көшті. Қоқан ревкомы Түркістан автономиясының үкіметіне өз қолдарындағы барлық қару-жарақты өткізуді және қамалға шабуыл жасаған белгісіз адамдарды ұстап беруді талап етті [58]. Түркістан автономиясының басшылары ревкомның Қоқан қамалына жасалған шабуылды мұсылман үкіметі ұйымдастырып отыр деген айыптауларын жоққа шығарды. Екі жақты келіссөздер шиеленісті сипатқа ие болып, Қоқан ревкомының мүшелері де, Түркістан автономиясының басшылары да өз позицияларынан қайтпады.

Қоқан ревкомы Ташкент, Скобелев, Әндіжан мен Наманғанға хабар жіберіп, шұғыл әскери көмек сұрайды [59]. Халық Комиссарлар Кеңесі Ферғана облысында әскери жағдай жариялағанымен, қызыл гвардияның негізгі күштері Самарқанда атаман Зайцевтің казак әскерімен соғысып жатқандықтан да, көмек көрсетуге мүмкіндігі болмады. Қоқан ревкомының әскери жәрдем көрсету туралы өтінішіне Скобелев кеңесі үн қатып, 4 зеңбірек, 4 пулеметпен қаруланған К. Осипов басқарған 120 адамдық әскери бөлімше аттандырады [60].

Автономия басшылары мен Қоқан ревкомы арасында жүргізілген келіссөздер еш нәтиже бермеген соң, ревком К. Осиповке автономиялық үкіметті тұтқындауды бұйырады. Алайда, ескі қалада табанды қарсылыққа тап болған К. Осипов бұл бұйрықты жүзеге асыра алмай, кері шегінеді. 1918 жылы 31 қаңтарда Қоқан бекінісінен ескі қалаға қарай зеңбіректен 10 рет, келесі күні 20 рет оқ атылды [61]. Скобелев отрядының бейбіт тұрғындарға қарсы артиллерия қолдануы мұсылмандардың наразылығын тудырып, жеңіл

қаруланған мыңдаған адамдар автономиялы үкімет жағына шыға бастады. Қалада орын алған тәртіпсіздік пен берекесіздікті өз мүдделеріне пайдалануға ұмтылған қарақшылар тобы да қалаға кіріп, бейбіт тұрғындардың мал-мүлкін тонауға кірісті.

Мұсылман жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары кеңесінің қысымымен келіссөздер қайта басталады. Автономиялы үкіметті жақтаған адамдардың ішінде келіссөздерден бас тартып, белсенді әскери қимылдарды жүргізуді талап еткендер болғанымен, бейбітшілікті жақтаушылар басымдылыққа қол жеткізді. Радикалды топтар М. Шоқай үкіметінен алыстап, Иргашқа бағына бастады.

1918 жылы 5-6 ақпан күндері қалаға кавалериядан, артиллериядан және жаяу әскерден құралған 11 эшелон келіп жетті. Ташкенттен Қоқанға келген әскери комиссар Е. Перфильев Түркістан автономиясын талқандау операциясын басқарды. Тығырыққа тірелген келіссөздер нәтижесіз аяқталған соң, кеңес әскері қаланы блокадаға алады. 1918 жылы 6 ақпанда Е. Перфильев Иргашқа барлық қаруды тапсыру талабын қойғанымен, Иргаш кеңес үкіметінің талаптарын орындаудан бас тартты. Қоқан шиеленісін одан бетер өршітуге тырысқан Е. Перфильев артиллеристерге оқ атуды бұйырып, Қоқан қаласының ескі бөлігін ойран етті. Одан кейін ескі қалаға қызыл жаяу әскерлері мен дашнактар бөлімдері басып кірді. Иргаштың қарсылық көрсеткеніне қарамастан әскери басымдылыққа ие болған Е. Перфильев жеңіске жетті. Қызыл әскер бейбіт халықты аяусыз қырды. Ағылшын тыңшысы майор Блэккердің мәлімдеуінше, Қоқан қаласы толығымен қиратылып, мыңдаған адам көз жұмды [62].

«Ұлық Түркістан» газеті Қоқандағы қанды оқиғаларды баяндай отырып: «Қаланың сауда бөлігі толығымен өрт астында қалып, еш қарсылық көрсетуге мүмкіндігі болмаған мұсылмандар өлімнен қашып құтылуға тырысты... Бақылаудан шығып кеткен солдаттар, қызыл гвардияшылар, ұсақ буржуазия тонаушылыққа кірісті... Ескі қалада барлық дүкендер, сауда орындары, банктер, дәулетті пәтерлер талан-таражға салынды. Тоналған мүлік арбаға тиеліп, вокзал мен бекіністе тасылды. Сол жерде бар мүлік бөлініске салынды» [63], – деп жазған болатын.

Қарулы қарсылық басылған соң, жеңіске жеткен қызыл әскер автономиялы үкіметке қатысы бар барлық адамдарды тұтқынға алуға көшіп, сотсыз және тергеусіз атты. Қырғын кезінде Түркістан автономиялық үкіметінің мүшелері – Ю. Агаев пен М. Мырзахмедов өлтіріліп, Н. Тура, С. Герцфельд, А. Махмұдов Бұқара, Наманған мен Самарқанда жасырынып жүрген жерлерінен ұсталып, сотталды.

Түркістан автономиясы күшпен талқандалғаннан кейін, қызыл әскер мен «Дашнакцютун» армян ұлттық партиясының қаруланған бөлімдерінің Қоқан қаласының бейбіт тұрғындарына жасаған зорлық-зомбылығы мұсылмандар арасында үлкен наразылық тудырып, баспасөз беттерінде қатаң сынға алынды. Халық Комиссарлар Кеңесі қанды оқиғалардың жауапкершілігін Түркістанның автономиялық үкіметіне тағып, өзін ақтап алуға тырысты.

Түркістан автономиясының талқандалуы большевиктердің өздері жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы туралы декларацияға қайшы әрекет болды. Түркістан автономиясы заңды жолмен жарияланып, онда егемендік туралы мұсылман зиялыларының бағдарламасы мен идеялары өз көрінісін тапқан болатын. Түркістан автономиясының жариялануы ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің қалыптасуындағы маңызды қадам болған еді. Өлкедегі билікті күшпен тартып алған орыс революционерлерінің шовинистік саясаты мұсылман зиялыларына егемендік пен ұлттық теңдік туралы асқақ идеяларды іске асыруға мүмкіндік бермеді. Жергілікті түркі-мұсылман халықтарының кең қолдауына ие болған Түркістан автономиясы небәрі екі ай өмір сүріп, кеңес үкіметі тарапынан талқандалды. 1918 жылы ақпан айында Қоқанда орын алған қанды қырғын және автономияның жойылуы Түркістан өлкесінде кеңес режиміне қарсы қарулы қозғалыстың (кеңес әдебиетінде «басмашылар қозғалысы» деп айдар тағылған қозғалыстың) басталуына түрткі болды. Автономиялық үкімет талқандалмағанда да, бұл үкімет тіпті мүлдем болмаған жағдайда да, қарулы қозғалыстың басталуы сөзсіз еді. Бұл кезеңде Түркістанда қалыптасқан саяси жағдайда қарулы қозғалыстың өріс алуына барлық алғышарттар қалыптасып үлгерді. Қорыта айтқанда, Түркістан өлкесінде кеңес билігіне қарсы қарулы қозғалыстың басты себептері төмендегідей болды: Түркістан өлкесінің Ресей империясы тарапынан басып алынғанынан кейін жарты ғасыр бойы тәуелсіздік үшін күрес бірде ашық, бірде жасырын түрде үздіксіз жалғасып отырды. Тек күрес тактикасы өзгеріп тұрған. 1917 жылы Уақытша үкімет Түркістан өлкесіне тәуелсіздік беруді қаламаған болатын. Ташкентте билікті күшпен тартып алған большевиктердің таптық идеологиясы Түркістан халықтары үшін мүлдем жат еді. Большевиктер мен солшыл эсерлер билеп-төстеген кеңес үкіметі Түркістанда патшалық Ресей дәуіріндегі отаршылдық пен шовинистік саясатты одан әрі жалғастырды. Кеңес билігі жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптарымен, ұлттық және діни құндылықтарымен санаспай, олардың мүддесін аяқ асты етті. Кеңес билігінің Түркістан автономиялық үкіметін қатыгездікпен талқандауы өлкенің жергілікті халықтарын жаңа режимге қарсы қойды [64].

Бұл уақытта Түркістанды саяси дағдарыспен қатар экономикалық апат та қоса шарпыды. Өлкедегі билікті толық монополиялап алған кеңестердің қолында ешқандай нақты экономикалық бағдарлама болған жоқ. Большевиктер онсыз да дағдарыстағы экономиканы одан әрі тереңдете түсті. Экономикалық дағдарыстың салдары ең алдымен халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесінде айқын сезілді. Мысалы, XX ғасырдың басында Ресейдің мақта өсіретін отарына айналған Түркістан халқына өз астығы жетіспейтін. Астықтың көп бөлігі басқа аудандардан әкелінетін. 1915 жылы 12 млн. пұт астық сырттан жеткізілді [65]. Бірінші дүние жүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы қос бірдей орыс революциясы мен басталған азамат соғысы Түркістан экономикасына орасан зор бүліншілік әкелді. 1917 жылы астық тапшылығы 46,5 мың пұт [66] болса, ал 1918 жылдың

ортасында бұл көрсеткіш 60 млн. пұтқа жетті. 1917-1918 жылдары қатарынан екі жыл қайталанған қуаңшылық жағдайды одан әрі асқындыра түсті. Егістік көлемі күрт кеміді. 1915 жылы 3,5 млн. десятина [67] болған егіс көлемі 1916 жылы 3 млн. десятинаға дейін қысқарды, келесі 1917 жылы бұл мөлшер тағы да 400 мың десятинаға [68] құлдырады. Мақта егістігінің көлемі 1916 жылы 608 мың десятинадан 1918 жылы 80 мың десятинаға дейін кеміді [69]. Өлке тарихында бұрын-соңды осыншалық бүліншілік орын алмаған болатын. Бірінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін керекті күнделікті тұтыну заттары да үнемі еселеп қымбаттап отырды. 1914-ші жылмен салыстырғанда 1919 жылы ұн 20 есе, қант 25 есе, бір қорап сіріңке 350 есе, мата 100 есе қымбаттады [70].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде үлкен зардап шеккен Түркістан мұсылмандары 1917 жылы басталған ашаршылыққа бірінші болып ілікті. 1918 жылы ашаршылық үдей түсті. Күн көрудің барлық көзінен айырылған халық баудай түсе бастады. Көшпелілер арасында өлім ересек тұрғындардың 30 пайызын қамтыса, ал кейбір аудандарда халықтың 75 пайызы қырылды [71].

Құрамына Түркістанның жергілікті халықтарының бірде-бір өкілі енгізілмеген Халық Комиссарлар Кеңесі мұсылмандар ортасындағы аштыққа немқұрайлылықпен қарады. Кеңес өкіметі Түркістанның мұсылман халықтарына ашығу мен аштан қырылудың кең бостандығын берді [72]. Кеңес үкіметінің азық-түлік бойынша 1918 жылдың күзіне дейін қабылдаған құжаттарында мәселенің ұлттық астары мүлдем ескерілмеді. Түркістанда азық-түлік саясаты Азық-түлік директориясы мен Азық-түлік халық комиссариаты арқылы іске асырылды. Бұл мекемелерде паракорлық пен азық-түлікті талан-таражға салу күнделікті құбылыс болатын. Мысалы, Азық-түлік халық комиссары Поваров 1918 жылы азық-түлікті талан-таражға салғаны үшін 5 жылға сотталса [73], ал келесі комиссар А. Казаков Түркістанның ашыққан халқы үшін Бұхарадан сатып алынған шәйді 3 млн. рубльге бұхаралық саудагерлерге қайта салып, ақшаны қымқырып кеткен деп айыпталды [74]. Бірақ А. Казаков артынан Түрікатком төрағасы, яғни республика президенті болып сайланды.

Түркістандағы Кеңестік билік мұсылмандарға екінші сортты халықтар ретінде қарады. Еуропалық революционерлер Түркістан мұсылмандарына қатысты экономикалық террор саясатын қолданды. Мысалы, 1917-1918 жылдардағы жұт пен қуаңшылықтан зардап шеккен Черняев уезі Байшұған болысының қазақтары 338 мың рубль жинастырып, Семей жәрмеңкесінен 2 450 қой, 21 жылқы және 5 түйе сатып алады. Түркістан қаласына жеткізілген малды жергілікті билік орындары тартып алып, Ташкент қалалық азық-түлік комитетінің қорына жібереді [75]. Түрікатком мүшелері 1918 жылы қыркүйекте Түркістан уезінің қазақтарынан 25 000 қой тартып алады [76]. М. Шоқай Түркістанда 1919 жылы 1914 жылғы 4,3 млн. жылқы мен сиырдың 3,7 млн. басы тартып алынғанын, 15 млн. бас қойдан не бәрі 2 млн. 116 мың тұяқ қалғанын, тартып алынған малдың 90 пайызы қазақтардікі екенін айтады [77].

Ашаршылыққа ұшыраған мұсылман халықтарының қасіретті жағдайын негізгі құрамы теміржолшылар мен келімсек мұжықтардан іріктелінген Қызыл армия бөлімдерінің сорақы іс-әрекеті асқындырып отырды. 1918 жылы қараша айында әскери комиссар К. Осипов басқарған бөлім бір жарым мың шаңырақтан тұратын халқы бар Созақ елді мекенін тонап, өртеді, барлық мүлікті қызыл әскер тиеп алып кетеді. Бұл мекеннің өлтірілген жергілікті тұрғындарының саны 1000 адамнан асып жығылды. Өліктер ит-құсқа жем болып өзен арналарында шашылып жатты [78]. Түркістанда отарлық саясаттың топырағынан нәр алған анархия орнады, орыс тұрғындары арасындағы әскери- тұтынушылық сипаттағы коммунизм үшін жергілікті түздік бұқара есебінен алғашқы қорлану [79] процесі жүргізілді.

Осындай ауыр кезеңде, Түркістанның мұсылман қайраткерлері қай саяси бағытты қолдауды білмей дағдарды, олардың бір бөлігі, әсіресе көзқарастары революцияға дейін либералдық-демократиялық бағытта қалыптасып үлгерген аға ұрпақ өкілдері кеңестік билікке қарсы күштерге қосылса, жастар жағы амалсыздан саяси билік пен әскери күшке ие болып отырған большевиктермен істесуге мәжбүр болады. Олар мұсылман жұртшылығын еуропалық коммунистер басқарып отырған кеңестердің озбырлығынан қорғау, жаппай билік мекемелеріне өтіп, саясатқа ықпал ету тәсілін қабылдады. Сұрапыл ашаршылықтан қатты қырыла бастаған Түркістан мұсылмандарын құтқарып алудың жалғыз да тиімді жолы осы болатын. Бұл тәсілдің дұрыстығын жас қазақ қайраткері Т. Рысқұловтың басшылығымен 1918 жылы күзде құрылып, Түркістанның миллионнан аса мұсылмандарын өлім аузынан арашалап алған Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның тәжірибесі анық көрсетті.

1918 жылы көктемде кеңестер жағына шығып, Әулиеата уезіндегі ашаршылықты тоқтатқан Т. Рысқұлов сол жылы күзде Ташкент қаласында өткен Түркістан кеңестерінің VI съезінде Түрікатком құрамына еніп, республиканың Денсаулық сақтау халық комиссары болып тағайындалады. Комиссариаттың жұмысы қайта құрылып, негізгі күш мұсылмандар арасында кең тараған жұқпалы ауруларды жою ісін ұйымдастыруға, дәрігерлік көмекті дұрыс жолға қоюға жұмсалды. Комиссариаттың ашаршылыққа ұшырап, аурудан баудай түсіп жатқан жергілікті халықтың жағдайын жеңілдету мақсатында атқарған қызметі көптеген кедергілерге ұшырады. Аштық жайлаған жерде оның салдары ретінде тарайтын жұқпалы аурулармен күрес өз мақсатына жетпейтін. Бұл уақытта республикадағы аштардың саны 2 млн. адамға таяп қалған болатын, олардың негізгі бөлігін көшпелі халық құрады. Аштықпен күрес ісі тапсырылған комиссариаттың күш-қуаты мүлдем жеткіліксіз екені айқын болды. Сондықтан да, Т. Рысқұлов өзін комиссар қызметінен босатуды, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия құрып, басшылыққа жіберуді өтінеді [80]. Т. Рысқұловтың талабы бойынша, Түрікатком 1918 жылы 28 қарашада Аштықпен күресетін Орталық комиссия құру туралы № 91 бұйрық шығарады, онда Түркістанда ашаршылықтың кең тарап және ол негізінен

мұсылман бұқарасын қамтып отырғаны, жергілікті халықтың тұрмысы мен экономикалық жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып, шұғыл шаралар қолдану қажеттігі атап көрсетілді. Республиканың ашыққан халқына көмек беру ісі Азық-түлік, Жер шаруашылығы, Денсаулық сақтау, Қаржы, Темір жол, Халық шаруашылығының Орталық Кеңесі мен Отын ісін басқарушы өлкелік директория комиссарлары мен олардың өкілдеріне жүктелді. Осы саладағы барлық істерді жүйелендіру үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссия ұйымдастырылады. Комиссия төрағасы болып, өз қалауы бойынша комиссарлық қызметті тастап шыққан Түрікатком мүшесі Т. Рысқұлов тағайындалды [81].

Осылайша, Түркістанда азық-түлік мәселесіне қатынасы бар және аштықпен күресуге міндетті үш бірдей арнайы ұйым: Өлкелік Азық-түлік директориясы, Азық-түлік халық комиссариаты және Аштықпен күресетін Орталық Комиссия құрылады. Бұл ұйымдардың алғашқылары Түркістандағы еуропалық коныс аударушылардың мүддесі үшін жұмыс жасаса, соңғысы ашаршылыққа ұшырап, қырылып жатқан жергілікті халықтың мүддесі үшін күресті. Сонымен қатар, бұл аталған ұйымдардан басқа, негізгі мақсаты армия мен темір жолшыларды асырау болған, қолына шектеусіз құқықтар берілген арнайы азық-түлік ұйымдары да қызмет жасады.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның жұмысы көптеген объективті қиыншылықтармен қатар, өзі тектес азық-түлік ісіне қатысы бар басқа ұйымдардың тарапынан жасалған қасақана іріткі салу әрекеттерінің салдарынан қиын жүрді. Жергілікті халықтарды аштықтан құтқару ісіне бұрын да құлық танытпаған бұл ұйымдар, енді Орталық Комиссияның құрылғанын сылтаурата бастады. Олардың бұл саясатын Т. Рысқұлов бірнеше рет сынға алып, аштықтың ауыртпалығы иығына түспегендердің әрекетсіздігін әшкереледі. Ол Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ашаршылық әбден шегіне жеткен кезде ғана құрылғанын, ал аштарға адамдардың қалдығы деп қарамауды, тек сондай жағдайда ғана миллиондаған мұсылмандарды арашалап алуға болатындығын түсіндірумен болды [82]. Т. Рысқұлов Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның атқарып жатқан шараларына орталық және жергілікті атқару комитеттері ешқандай көмек көрсетпейтінін, оларды басқарып отырған революционерлердің шовинистік ауруға ұшырағанын ашына атап көрсетеді [83]. 1918 жылы 21 желтоқсанда Халық Комиссарлар Кеңесіне жіберген хатында ол Ходжент қалалық азық-түлік бөлімінің қатыгездігін сынға алады [84]. Бұл бөлім 1918 жылы ақпан-қыркүйек айларында ашыққан мұсылмандарға көмек көрсеткен едік деп Орталық Комиссиядан соның шығынын, яғни 341 445 рубльды қайтарып беруді талап еткен. Қоқан қаласында кәсіподақтардың жұмыссыз мүшелеріне азық-түлік ұлттық белгілеріне қарай таратылған: егер ол орыс болса 400 грамм нан 80 тиынға, ал мұсылмандар үшін 100 грамм нан 1 рубль 70 тиынға сатылған [85]. Орыс тұрғындарын азық-түлікпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету үшін түрліше аярлықтарға барған жергілікті азық-түлік бөлімдері асқынған шовинизмнің үлгісін көрсетті. Азық-түлік олардың арасында: бір жағынан,

азық-түлік бөлімдері тарапынан, екінші жағынан, кәсіподақ ұйымдары арқылы таратылып, орыс тұрғындарының екі есе үстеме азық-түлік алуы қамтамасыз етілген [86]. Барлық жерлерде Азық-түлік директориясының бөлімдері құрылып, олардың қызметі қышлақтарды тонаудың үлгілі әдісіне айналды. Азық-түлік бөлімдерінің қолында ешқандай нақты деректер болмады. Халықтан алынатын салықтың мөлшерін әркім өзінше белгілейтін [87]. Мысалы, 1917-1918 жылдардағы үлкен құрбандықтарға ұшыраған Әулиеата халқына салынатын салықтың мөлшері 1917 жылы жүргізілген ауылшаруашылығы санағы деректеріне сүйеніп белгіленген, ал бұл кезде халықтың бір бөлігі қырылып, қалғаны қайыршыланып үлгерген болатын. Уезд халқына салынатын 5 млн. сом үстеме салықтың жиналуы тұрғындарды ең соңғы күн көріс көзінен айыратын. 1918 жылы 25 қарашада өткен үкімет мәжілісі Орталық Комиссияның талап етуімен бұл салықты заңсыз деп жариялауға мәжбүр болады [88].

Түрікатком мен Халық Комиссарлар Кеңесі Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның төрағасы Т. Рысқұловтың талабынан кейін, комиссия қорына республикалық бюджеттен біршама қаржы бөлуге мәжбүр болады [89]. Орталық Комиссияның ұйымдастырылуының өзі – дені дұрыс құбылыс емес еді, өйткені үкіметтің құрамында аштықпен күресуге міндетті экономикалық органдар бола тұра, мұсылман жастары аштықпен күресетін ерекше комиссия құруға мәжбүр болды. Комиссияға үстеме бағамен астық сатып алу үшін базарға жұмсалатын құнсызданған қағаз ақша бөлінді, тұрақты бағаға алудың мүмкіндігі жоқ еді, өйткені Азық-түлік директориясы тұрақты бағаға астық босатудан бас тартты [90]. Ал, бұл уақытта республика базарларында бағаның қымбаттау шегіне жеткен еді, мысалы, 1918 жылы 22 желтоқсанда оның көрсеткіші мынандай болды (1 кг есебімен алғанда): бидай – 120 рубль, 1-ші сортты бидай ұны – 230 рубль, күріш – 85 рубль, жүгері – 40 рубль, және жүгері ұны – 60 рубль [91].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның облыстар мен уездерде, болыстар мен қалаларда жергілікті бөлімшелері ашылып, олардың басына сауатты мамандар отырғызылды [92]. Ал, комиссияның қызметіне қарсылық жасаған, іске жауапсыздықпен қараған қалалық, уездік комиссиялардың қызметкерлері орындарынан алынды [93]. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия істің шын барысымен жан-жақты, тиянақты таныса келе, аштықпен күресудің мүмкін болған барлық шараларының жоспарын жасайды. Комиссияның жұмысы мынандай бағыттарды қамтыды: республика көлемінде ашыққан халыққа жедел көмек ұйымдастыру үшін арнайы қоғамдық тамақтандыру орындары мен жетім балалар үйлерін ашу, оларға дәрігерлік көмек ұйымдастыру; Азық-түлік директориясымен бірлесе отырып қоғамдық тамақтандыру орындарын етпен, нанмен және басқа да азық-түліктермен қамтамасыз ету; ұсақ тауарлар өнеркәсіп орындарын: тоқыма, етікшілік, аспаздық, жібек пілләсі, қағаз және қолөнер шаруашылықтарын жандандыру; отырықшы халықтың егіншілікпен шұғылдануы үшін мемлекеттік қордан жер үлесін беріп, егіншілер коммунасын

ұйымдастыру және оларды ауылшаруашылығы құрал-саймандарымен, тұқыммен жабдықтау; көшпелі халыққа малшаруашылығын қалпына келтіруге мүмкіндіктер ашу; қоғамдық тамақтандыру орындарында әлдене бастаған аштардың еңбекке жарамдыларын экономикалық ұйымдардың көмегімен түрліше қоғамдық жұмыстарға: жолдар салу, суландыру жүйелерін қалпына келтіру, отын даярлау, құрылыстар жүргізу және т.б. жұмыстарға тарту [94].

Бекітілген жоспарды іске асыру үшін күрес басталды. Комиссияның ерекше көңіл бөлген мәселесі – жас ұрпақты аштықтан аман құткарып қалу болды. Республиканың ашыққан, ауруға шалдыққан қорғансыз жетім балалары үшін мемлекеттің арнайы қамқорлығында болатын балалар үйлерін ашуды ұйымдастыру туралы ереже даярланды [95]. Республикадағы әрбір ірі елді мекендер мен қалаларда, қоғамдық тамақтандыру орындарында аш және ауру балалар үшін баспаналар босатып берілді. Мүмкін болған дәрігерлік көмек пен азық-түліктің бала асқазанына құнарлы бөлігі ең алдымен балалар үйіне жеткізіліп отырылды. Бұл үйлерге бөлінген азық-түлік пен дәрі-дәрмекті талан-таражға түсірушілерге қатаң жаза қолданылды. Қолда бар мақта мен жүннен тоқылған киім-кешектің тәуірі балаларға берілді. Комиссия бала өмірін арашалап қалу жолында жан аямай арпалысты, бұл мақсатқа кедергі келтіруші кез келген ұйымға қарсы ымырасыз күрес жарияланды. Мысалы, Түрікатком жанындағы Тұрмыстық баспана басқармасының 1919 жылғы 17 ақпандағы № 966-шы кепілдемесі бойынша, Ташкент қаласының Қашқар көшесіндегі № 8 үй жетім балаларды орналастыруы үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға берілген болатын. Бірақ, аталған үйге Закаспий майданының бөлімшесі орналасып алады. Республиканың әскери комиссариатына жолданған шағымның нәтиже бермеуі мәселені тікелей Түрікатком алдына қоюға мәжбүр етті [96].

Аштықпен күресетін Комиссия ашыққандарға азық-түлік жағынан көмектесумен қатар, бір мезгілде ауруларды емдеп, дәрігерлік көмек беру ісін де ұйымдастырды. 1919 жылы 4 қаңтарда Денсаулық сақтау комиссариаты жанындағы дәрігерлік коллегияның мәжілісінде Т. Рысқұлов осы мәселе бойынша баяндама жасайды. Баяндама бойынша қаулы қабылдап, әрбір қоғамдық тамақтандыру орындарында жергілікті дәрігерлердің тұрақты жұмыс істеуі талап етілді. Ал, дәрігер жетіспейтін аудандарға комиссариат қарамағындағы және қалаларда шоғырланған ауруханалардың қызметкерлері жіберілді [97].

1919 жылы 12 ақпанда Аштықпен күресетін Орталық Комиссия Революциялық-әскери кеңеске темір жол бойындағы бекеттер мен елді мекендерде аштардың үлкен топтары шоғырланып қалғанын, олардың арасында жұқпалы аурулардың жаппай етек ала бастауына байланысты қатты алаңдаушылық білдіріп хат жолдайды. Тез арада бір дәрігерлік және екі емдеу пойыздарын жабдықтап, оларды темір жол бойымен аталған бекеттерге жөнелту үшін, республиканың Темір жолдар басқармасына ықпал етуді өтінеді. Т. Рысқұлов дәрігерлік пойыздың басшылығына Аштықпен күресетін Орталық

Комиссияның өкілетті өкілі С. Асфендиаровтың тағайындалатынын, оның қолына темір жолдар бойында кезекшілікте жүрген кез келген паровозды пайдалану құқығы берілетінін мәлімдейді [98]. Арнайы дәрігерлік пойыздың Ташкент-Қоқан-Әндіжан-Наманған және Ташкент-Черняев-Түркістан-Перовск-Қазалы бағыттарында қозғалу кестесі даярланды. Бұл пойыздарға темір жол бойындағы бекеттерге шоғырланып қалған аштарды жинап, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуден соң таяу маңдағы қоғамдық тамақтандыру орындарына жеткізу міндеті жүктелді. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға бұл істе де Темір жолдар басқармасы қызметкерлерінің асқынған шовинизмі мен қойыртпақ бюрократизміне қарсы күресуге тура келді. Өйткені олар, барынша парасатты да қайырымды іске, яғни аштар мен ауруларды жинап, емдеуге бөлінген вагондарды пайдаланғаны үшін ақша төлеуді талап етіп отырып алады [99]. Ақша алу істің мағынасыз күрделенуі болып табылады, өйткені мемлекеттің кассасынан алынған, адамдарды аштықтан құтқару сияқты қасиетті іске бөлінген ақшаны қайтадан сол кассаға жіберу қажет болады. Мұншалықты дәрежедегі қатыгездікке жаны ауырған Т. Рысқұлов Уақытша Революциялық-әскери кеңеске хат жазып, Темір жолдар басқармасының бұл ісіне тыйым салғызды [100].

1919 жылы 2 қаңтарда Азық-түлік директориясының мәжілісінде Т. Рысқұлов аштыққа қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін артыру үшін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның құзырына кеңірек құқықтар берілуін талап етеді. Азық-түлік директориясының жүргізіп отырған саясаты айыпталынды. Мәжіліс қабылдаған қаулыда Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның талаптары толығымен ескерілді: а) Өлкелік Азық-түлік директориясы, делінген қаулыда, Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға қажетті азық-түліктің мүмкін болған мөлшерін бөлуге міндеттенеді; б) Азық-түлік директориясы Аштықпен күресетін Орталық Комиссия қорына астыққа айырбастап алуы үшін мүмкін болған тауар мөлшерін бөлуге міндеттенеді; в) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға төтенше жағдайда Азық-түлік директориясынан азық-түліктердің 4 пұттық (тіркелген аш адам басына) бөлінуін талап ету құқығы беріледі; г) Азық-түлік директориясы Аштықпен күресетін орталық комиссия даярлаған азық-түліктерді қоғамдық тамақтандыру орындарына жеткізіп алу үшін көлік жағынан көмектесуге міндеттенеді; е) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға азық-түлік қорын өз бетінше даярлау құқығы беріледі; ж) Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның саудагерлерге, байларға, ауқатты адамдарға азық-түлік салығын салуына Азық-түлік директориясы кедергі келтірмейді [101].

Республиканы жайлаған сұрапыл ашаршылыққа немқұрайлы қарап отырған Азық-түлік директориясының саясатын үздіксіз әшкерелеген Т. Рысқұлов 1919 жылы 31 қаңтарда азық-түлік комиссарына хат жазып, Азық-түлік директориясының аярлығын бетіне басу үшін оның азық-түлік қоймаларының орналасқан жері мен олардағы азық-түлік қорының жалпы мөлшерін анықтауға көмек беруін өтінді [102]. Бірақ, қанағаттанарлық мәлімет алынбады. Азық-түлік комиссариаты сыбайласы ретінде Азық-түлік директориясының құпиясын әшкерелеуге құлықсыздық танытады.

Республиканың түрліше комиссариаты мен кеңес мекемелерінің аштықпен күрес ісіне немқұрайлы қарағаны соншалық, Т. Рысқұловтың талап етуімен Революциялық-әскери кеңес 1919 жылы 3 ақпанда барлық облыстық, уездік, қалалық және аудандық кеңестерге арналған № 17 бұйрығын [103] жариялауға мәжбүр болады. Бұйрықта жергілікті кеңестердің республиканы жайлаған сұрапыл аштықпен күреске немқұрайлы қарап отырғаны ескертіліп, бұл бағыттағы жұмыстардың табысты жүргізілуі үшін төмендегі шаралардың орындалуы талап етілді: аштықпен күрес ісінің барлық дәрежедегі кеңестер үшін кезек күттірмейтін іс ретінде танылуы; азық-түлік қорының ұлттар арасында теңдей бөлінуі; азық-түлік бөлімдерінің қызметі ай сайын тексеру комиссиялары арқылы қадағаланып, қорытындысының Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға үздіксіз мәлімделіп отырылуы; іске кесір келтіріп, қызмет бабында қылмысты болғандардың жауапкершілікке тартылуы; жоғарыда аталған талаптардың орындалу жауапкершілігінің кеңес төрағаларына тікелей жүктелетіндігі ескертілді. Бірақ, өкінішке орай, үлкен үміт артылған бұл бұйрықтың іс жүзіне асырыла қалатыны күмән тудырды. Өйткені, Түрікаткомның аталған бұйрықтан еш кемдігі болмаған 1918 жылғы 28 қарашадағы № 91-ші [104] және 30 желтоқсандағы № 116-шы [105] бұйрықтарынан нәтиже шыға қоймағаны барлығына да мәлім болатын. Ал, Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға қалыптасқан саяси ахуалда босаңдық таныту – құрып бітумен тең екені айқындалды да, еңсені басар, жігерді жасытар психологиялық жағдайда жүріп, өз құрамына жергілікті халықтың отаншыл жастарын топтастыру арқылы аштыққа қарсы күресті жандандыра түсті.

Бұқара халық қатты ашығып жатқан кезде тұрғындардың ауқатты бөлігі оны сезіне қоймады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қолындағы құнсызданған қағаз ақшаға олар артық астығын сатудан бас тартады. Сондықтан да, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия 1919 жылы қаңтар айында Түрікаткомнан тұрғындардың ауқатты бөліктеріндегі артық астықты 10 пайыздық салық салу жолымен тартып алу шарасын қолдануды талап етеді [106]. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия бұл талабын 1919 жылы 12 ақпанда өткен Революциялық-әскери кеңес пен Түрікаткомның біріккен мәжілісінде тағы да қайталайды. Ашаршылыққа ұшыраған халықтың пайдасына ауқатты адамдардан заттай салық алу туралы бұйрықтың жариялануы тиіс екенін атап көрсетті [107]. Бірақ бұл әділетті талапты Революциялық-әскери кеңес төрағасы А. Казаков қабылдатпай тастады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін жазалаудан ығысып Қытайға ауған босқындардың туған жеріне оралуына Аштықпен күресетін Орталық Комиссия үлкен қолғабыс көрсетті. Босқындар – ашыққан, ауруға шалдыққан, барлық малы мен күнкөріс көзінен айырылған жүздеген мың адамдар тобы болатын. Олар үшін арнайы ауруханалар мен асханалар ашылды, дәрігерлік көмек көрсетілді. Еңбекке жарамдылары жұмысқа орналастырылып, шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін материалдық көмек көрсетілді.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссия аштарды жұмысқа орналастыру мәселесімен де тығыз шұғылданды. Голодностепь, Ташкент, Перовск, Әулиеата және Черняев уездеріндегі ескі суландыру жүйелерін жөндеуден өткізу және жаңадан салу жұмыстарына 1919 жылдың ақпан айынан бастап күнбе-күн 137 520 адамды тарту көзделді. Оларды тамақтандыру үшін 78 187 пұт ұн, 6 951 пұт күріш, 13 913 пұт ет және 1 849 пұт мейіз бөлінді. Аткарылар жұмыстың көлемі 15 812 000 рубль мөлшерінде белгіленді [108]. Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің 1919 жылы 7 ақпанда өткен мәжілісінде Т. Рысқұлов ашыққандар үшін кәсіптік шеберханалар ашудың барысы жайлы баяндама жасайды [109].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ерекше көңіл бөлген мәселесінің бірі – көктемгі егістікке даярлық барысы болды. 1919 жылы 18 ақпанда өткен Жершаруашылығы комиссариаты жанындағы коллегия мәжілісінде Т. Рысқұлов көктемгі егіс туралы хабарлама жасады. 1919 жылғы көктемгі егіс науқаны кезінде ашаршылыққа ұшыраған халық үшін арнайы егілетін егіс алқабы: Сырдария облысы бойынша – 25 000 десятина, оның ішінде – Ташкент уезінде – 12 000 десятина, Черняев және Түркістан уездерінде – 6 000, Қазалы уезінде – 2 000, Әулиеата уезінде – 5 000, Самарқан облысы бойынша – 22 000, Ферғана облысы бойынша – 26 000, Жетісу облысы бойынша – 22 000, ал Закаспий облысын есептемей, жалпы алғанда республиканың барлық облыстары мен уездерінде 100 000 десятинаға дейін мөлшерленді. Аталған көлемдегі егістік алқабын өңдеу үшін көп көлемде ауылшаруашылығы еңбек құралдары мен күш-көлік қажет болатын. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия 1919 жылдың наурыз-қазан айлары аралығында аткарылар ауылшаруашылығы жұмыстарына жұмсалар қаржы мөлшері 303 580 000 рубль болатынын есептеп шығады [110]. Аштыққа ұшырағандар үшін бөлінетін 100 000 десятина егіс алқабына: 100 мың пұт бидай, 80 мың пұт тары, 40 мың пұт жүгері және 190 мың пұт басқа да дәнді дақылдар егілетіні жоспарланды [111]. Коллегия Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның есебін [112] талқылай келе, егілетін 100 000 десятина егістік үшін 37 млн. рубль қаржы бөлу туралы қаулы қабылдайды. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия бұл қаржының аздығына наразылық білдіреді. Миллиондаған аштар үшін 2 млн. десятина егістік жер өңделіп, себілуі қажет болғанымен де, бірақ дәл қазір мұншалықты көлемдегі істі ұйымдастыруға уақыт тапшы, сондықтан да ағымдағы жылы республиканың 4 облысында не бәрі 100 000 десятина егістік көлемін өңдеп, егумен ғана шектелу жоспарланған [113]. Коллегия мүшелерінің пайымдауымен 1 десятина егістік үшін жұмсалар шығын 3 700 рубльге, ал 1 пұт астықтың өзіндік құны 67 рубльге теңгерілді. 100 мың десятина егіс алқабынан алынар астық 5,5 млн. пұт болған жағдайда, әр аш адамға шаққанда 6 пұт астық алынады делінді [114]. Аштыққа ұшырағандардың жан басына келетін 6 пұт астық, егер ол мүмкін болып, жоспарға сәйкес жинап алынған жағдайдың өзінде де, мәселені тіпті де шешпейтін, бұл көрсеткіш келер жылдың қысы тағы да аштарды құтқару жолындағы арпалыс күреспен өтуі қаупінен хабар беретін.

Келешекте қайталануы мүмкін қасіретті болдырмау мақсатында мұсылман қайраткерлері аштар үшін ұйымдастырылып жатқан егістік жұмыстарына бөлінер қаржыны көбейту үшін қажырлы күрес жүргізді. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия өз талабын Революциялық-әскери кеңес, Халық Комиссарлар Кеңесі және Халық шаруашылығы Орталық Кеңесі мәжілістерінде бірнеше дүркін қайталап қояды. 1919 жылы 11 наурызда Халық Комиссарлар Кеңесі көктемгі егістік үшін бөлінер қаржының мөлшерін 110 млн. сомға дейін өсіреді [115].

1919 жылы наурыз айында өткен Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің пленумы Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның ашаршылыққа ұшырағандардың көмегімен мемлекеттік астық егістігін ұйымдастыру мәселесі бойынша жасаған баяндамасын талқылай келе, мемлекеттік астық егістігі жұмыстарын ұйымдастыруды үш ұйымға: а) жарамды, суармалы егіс алқабын анықтап, техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге міндетті Жер шаруашылығы комиссариатына; б) тұқыммен қамтамасыз етуге міндетті өлкелік Азық-түлік директориясына; в) егістік аудандарын белгілеп, жұмыссыз аштардың арасынан жұмыс қолын іріктеуге міндетті Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға жүктелетіндігі туралы қаулы қабылдайды [116].

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның табандылығымен республиканың жоғарғы басқару ұйымдарына қабылдатқан осындай шешімдерге қарамай, кейбір жергілікті билік орындары мұндай маңызды іске немкеттілік танытқан. Мысалы, Әндіжан уездік кеңесінің жершаруашылығы бөлімі аштыққа ұшырағандар үшін бөлінуі тиісті 6 000 десятина егіс алқабын беруден бас тартады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия Жер шаруашылығы комиссариатына хат жазып, уездік кеңестің бұл ісі бірлескен қаулыға қайшы келетінін және одан бөлінуі тиісті егіс алқабын анықтап, қажетті мөлшерде еңбек құралдары мен тұқым босатуын талап ету қажеттігін ескертеді [117]. Ал, сол жылы 20 наурызда Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға жолдаған жеделхатында Перовск уездік атқару комитетінің төрағасы И. Гержод ашыққандар үшін егілуі тиіс 3 000 десятина егіс алқабы үшін жауап бермейтінін мәлімдеген [118].

Шовинистік биліктің қолдан ұйымдастырған кедергілерін жеңе отырып, Аштықпен күресетін Орталық Комиссия көктемгі егістік жұмыстарына үлкен көңіл бөлді, өйткені республикаға сырт аймақтардан жеткізілер астыққа сенім жоқ еді. Азық-түлік директориясы әзірлеген жоспар бойынша 1919 жылы республикада себілетін астық егісінің көлемі 1 568 мың десятина болатыны, ал жиналатын астық өнімінің мөлшері 35 млн. пұтқа жететіні атап көрсетілген [119]. Бұл республика халқына қажетті, жан басына 19-22 пұттан, барлығы 96 млн. пұт астықтың тек 40 пайызын ғана толтыра алатын, ал қажетті астықтың басым бөлігі, яғни 61 млн. пұт астық тағы да республикадағы басқа аймақтардан жеткізілуге тиіс еді [120].

1919 жылы наурызда, Түркістан кеңестерінің төтенше VII съезінде Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның төрт айлық қызметі

талқыланды [121]. Түркістан халқының сұрапыл аштыққа ұшырап, қатты қырылуына монархиялық биліктің отарлық саясаты мен орыс революционерлерінің шовинистік саясаты басты себеп болғандығы ашық атап көрсетілді [122]. Кеңес үкіметінің азық-түлік саясатын іске асырушы Азық-түлік директориясының қатыгез саясаты сынға алынды [123]. Азық-түлік директориясы мен Азық-түлік комиссариатының атқаруға тиісті ісін Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның өз мойнына алуына тура келді. Съезде жасалған Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның баяндамасы делегаттар арасында өткір саяси пікірталас тудырды. Баяндама «мұсылман еңбекшілерінің үні» [124], ретінде бағаланды. Үлкен мүмкіндіктер мен күшке ие болып отырған Азық-түлік директориясы ашаршылыққа ұшыраған мұсылман халқына көмектесуге міндетті болатын. Бірақ бұл ұйымның әрекетсіздігі Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қызметіне қол байлау болды. Республиканың ресми азық-түлік ұйымдары қалалардың еуропалық тұрғындары мен армияны асыраудан аспады, ал республиканың ашаршылыққа ұшырап, қырылып жатқан жергілікті халықтары осы мақсатты орындау үшін материалдық қанау объектісі ретінде танылған болатын. Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның жанкешті күресіне жеткілікті қолдау көрсетіліп, аштықпен күрес ісі республиканың барлық экономикалық органдарының қатысуымен мемлекеттік тұрғыдан жүргізілгенде, жазықсыз опат болған жүздеген мың адамның өмірін арашалап қалуға толық мүмкіндіктер бар еді.

Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның белсенді қызметінің арқасында Түркістанда 1200-дей қоғамдық тамақтандыру орындары мен асханалар ашылды. Қоғамдық тамақтандыру орындарында 1918 жылы күзде 3 млн. адам (қайыра тамақтандыруды есептегенде), 1919 жылдың 5 айы ішінде 32 млн. адам тамақтандырылды. Төніп тұрған ажал тырнағынан статистикалық деректердің мәліметінше тура 1 000 000-ға дейін адам құтқарылды [125].

Осылайша, Түркістанда басталған сұрапыл ашаршылықты ауыздықтау үшін билік басындағы орыс революционерлерімен істесуге мәжбүр болып, тактикалық көрегендік танытқан мұсылман жастары ажал тырнағына ілінген миллиондаған мұсылман баласын арашалап алды. Егер мұсылман жастары жанын салып күреспегенде қасірет ауқымының бұдан бірнеше есе асып түсу қаупінің өзі, ол күрестің дер кезінде және табанды жүргізілген күрес болғандығын тарихи тұрғыдан тағы да дәлелдей түседі. Бұл баға жетпес маңызы бар тарихи еңбек болды.

Түркістанды жайлаған сұрапыл ашаршылықпен күрес барысында мұсылман жастары саяси билікті қолға алмай жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мүмкін еместігін жақсы түсінеді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл уақытта республикалық билікте жергілікті халықтардың өкілдері мүлдем жоқ болатын, оған бір жағынан, мұсылман зиялыларының саяси тәжірибесіздігі, большевиктік революцияны сенімсіздікпен қабылдауы себеп болса, екінші жағынан, орыс революционерлерінің шовинистік саясаты жол бермеді.

Түркі-мұсылман жастары 1919 жылы наурызда өткен Түркістан кеңестерінің төтенше VII съезі мен Өлкелік партия комитетінің II конференциясына белсене қатынасады. Мұсылман жастарының белсенді өкілдері съезде республикалық деңгейдегі қызметтерге сайланады. Аштықпен күресетін Орталық Комиссия төрағасы Т. Рысқұлов Түрікатком төрағасының орынбасарлығына қол жеткізеді.

Мұсылман жастарының қысымымен ТКП II конференциясы партияның мұсылман бөлігіндегі партия жұмысына басшылық жасау үшін Мұсылман бюросын құру туралы шешім қабылдайды [126]. Мұсылман бюросының құрамына: Т. Рысқұлов (төрағасы), Н. Қожаев, Ю. Алиев, Қ. Ибрагимов және А. Мұхитдинов кірді [127]. Өлкелік партия комитеті 1919 жылы 6 сәуірде Мұсылман бюросы туралы ережені бекітеді [128]. Мұсылман бюросы өлкедегі РКП (б) мұсылман ұйымдарының жоғарғы басқару органы құқығын пайдаланады. 1919 жылы көктемде Түркістанның барлық облыстары, уездері мен қалаларында Мұсылман бюроның жергілікті ұйымдары құрылды. Мұсылман бюросына өз конференцияларын шақырып отыру құқығы берілді. 1919 жылы 18 сәуірде РКП (б) ОК Мұсылман бюросына Мәскеудегі Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Орталық бюросымен радиобайланыс жасауына рұқсат етті [129].

Мұсылман бюросы алғаш құрылған күнінен бастап-ақ, Түркістанның түркі-мұсылман халқының құқығын қорғайтын саяси ұйымға айналды. Ашаршылықпен күрес айларында қоғамдық тамақтандыру орындарында белсенді қызмет атқарған Түркістанның 11 000 отаншыл жастары Мұсылман бюросы құрылғаннан кейін жаппай партия қатарына өтіп, басқару ісіне қызу араласа бастады.

Мұсылмандар арасынан мемлекеттік қызметке кадрлар даярлау мақсатымен Мұсылман бюросы жанынан ұйымдастырылған Ұйымдастыру-үгіт курсының тыңдаушыларына арнайы бағдарлама даярланды. Бағдарлама бойынша тыңдаушылардың мынандай бағыттарда білім алып, мамандануы көзделді: конституция негіздері; экономикалық өмірдің негіздері; кооперация; кәсіподақ қозғалысы; мемлекеттік басқарудың түрлері; ұлт мәселесі; орыс тілі; түркі тілдері; іс жүргізу мен есеп-қисап; география; түркістантану; армия және әскери құрылыс және т.б. [130]. Курс бағдарламасы қоғамдық-саяси және экономикалық өмірдің көптеген қырларын қамтыған. Кейбір пәндер қазіргі таңда да өз мәнін жоя қоймаған, мысалы: «түркістантану», «түркі тілдері», «әскери құрылыс», «ұлт мәселесі», «кооперация», «мемлекеттік басқарудың түрлері мен әдістері» және т.б. Курсқа әр қабылдау кезінде 100 адамнан оқыды. Тыңдаушыларға қойылар талап өте қатаң болды, оған негізінен бұрын қылмысты болмаған, жасы 18-ге толған, түркі тілдерінде сауатты, курста оқылатын міндетті пәндерді оқып-үйренуге қабілеті бар жергілікті халықтардың өкілдері алынды. Дәрістер түркі тілдерінде оқытылды, ал мамандар жетіспеген пәндер орыс тілінде жүргізіліп, міндетті түрде тәржімеленді [131]. Аталған курс Түркістанда мемлекеттік өмірдің түрліше салалары бойынша білікті мамандар даярлауға зор ықпал

етті. Курсты бітірушілер қабілеті мен біліміне қарай кеңес, партия қызметіне, үкімет мекемелері мен комиссариаттарға, армия бөлімдеріне жіберілді. Олардың арасынан кейінірек ірі қоғам қайраткерлері, ғылыми қызметкерлер, әскери мамандар өсіп жетілді.

1919 жылы көктемге таман Түркістанда сұрапыл ашаршылықтың бетін қайтара алған мұсылман жастары мамыр айынан бастап Ферғана облысындағы қарулы қақтығысты тоқтату ісімен шұғылдана бастады. Ташкент революционерлері 1918 жылы ақпанда Түркістан автономиялы республикасын (Түркістан Мұхториятын) әскер күшімен қиратқаннан кейін, жергілікті халық ортасында кеңестік билікке қарсы қарулы қозғалыс өрістей бастаған болатын [132]. Орыс большевиктері бұл қозғалысқа «басмашылар қозғалысы» деген атау берді. Басмашылық топтар революцияға дейін де әрекет ететін, бірақ ол кезде мұндай топтарды – түрліше қылмыстары үшін сотталып, бірінші дүние жүзілік соғыс майданынан қайтқан солдаттардан көп мөлшерде қару-жарақ сатып алып, кәсіби қарақшылық жасаумен айналысқан адамдар құрған еді. Кеңес өкіметін зорлықпен, қарудың күшімен орнату жолындағы қанды оқиғалардан соң, жергілікті халықтың арасында бұл саясатқа наразылық туды да, олар қарулы топтарды осы саясатқа қарсы тұра алатын бірден-бір әскери күш ретінде қабылдады. Осылайша, қарапайым түрдегі қарақшылар топтары құрамына ондаған мың адамдарды біріктірген қарулы армияға айналып шыға келді, қозғалыс жалпы халықтық, ұлт-азаттық сипатқа ие бола бастады. Саяси билік басындағы орыс революционерлері енді ұлт-азаттық сипат алып отырған жалпыхалықтық қозғалыспен соғысуға мәжбүр болды. Қарсыласушы күштердің ымыраға келуі күн өткен сайын қиындай түсті, себебі орыс революционерлері қарулы қозғалыстың ішкі мәнін түсіне алмады, оны қарақшылардың іс-әрекетіне жатқызып шатасты, ал қозғалысқа қатысқан жергілікті халықтар өзінің зорлық-зомбылығы мен заңсыз іс-әрекеттері жағынан патша өкіметінен асып түскен жаңа өкіметті заңды билік ретінде қабылдағысы келмеді.

Күн өткен сайын өршіп, қанатын жая бастаған қарулы қозғалысты басып-жаншу үшін орыс большевиктері Ферғанаға армия бөлімшелерін үсті-үстіне аттандырып жатты. Ферғанада ұлтаралық қақтығыс қолдан өршітіліп, орыс мұжықтары қаруландырылды, армян ұлтшылдарының «Дашнакцютун» партиясының қарулы топтарының мұсылмандарға қарсы арандатушылық іс-әрекеттеріне ашық қолдау көрсетілді. Ферғанадағы қарулы қақтығысты тоқтату үшін ең алдымен орыс революционерлерінің бұл мәселеге көзқарасын өзгерту қажет еді. Сондықтан да, 1919 жылы 22 сәуірде Мұсылман бюросының Ферғана облысының жағдайын талқыға салған мәжілісі ұйымдастырылады. Ферғанада асқынып кеткен ұлттық қақтығысқа ең алдымен Қызыл армия бөлімдері мен «Дашнакцутюн» партиясының дем беруімен армян содырларының қанды қырғындары себеп болғаны атап көрсетілді [133]. Мұсылман бюросы жағдайды тыныштандыру үшін кеңес әскеріне қарсы күрес жүргізіп жатқан барлық мұсылман жасақтарына амнистия жариялауды, оларды қаруларын тапсырып, бейбіт еңбекпен

шұғылдануға шақыруды, бүлінген шаруашылықтарын қалпына келтіру үшін материалдық көмек беруді, тез арада армян содырларын қарусыздандыруды талап етті [134].

Мұсылман бюросының талап етуімен Түрікатком 1919 жылы 29 сәуірде Ферғана облысына байланысты арнайы үкімет комиссиясы тағайындайды [135]. Комиссия құрамына: Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин, Мұсылман бюросының төрағасы Т. Рысқұлов [136], Ұлт істері комиссариатының, Өлкелік партия комитетінің бірнеше өкілдері кіргізілді. Комиссияға Ферғана облысына қатысты барлық шаралар туралы ерекше құқық берілді: кеңес органдарының қызметін қадағалау және тексеру; қажет кезде жергілікті кеңестер мен мемлекеттік ұйымдарды тарату; қызмет бабында қылмысты болған кеңес және партия қызметкерлерін тұтқындау; революциялық трибунал мен әскери-дала соттарына тарту және т.б. [137] Түрікаткомның Ферғана халқына арналған үндеуі [138] жарияланды, бұл үндеуді Т. Рысқұлов пен К. Сорокин дайындаған еді.

Ферғана комиссиясы мамыр айында аталған облыста болып, жағдаймен танысып шықты. К. Сорокин мен Т. Рысқұлов қол қойған 1919 жылғы 9 мамырдағы № 9 бұйрық бойынша мүшелері мен төрағасы үздіксіз маскүнемдікке салынғаны үшін Скобелев уездік атқару комитеті таратылып, орнына уақытша революциялық комитет ұйымдастырылды. Ревком құрамына Скобелев қалалық кеңесінен бір, Скобелев уездік партия ұйымы комитетінен екі және Скобелев қалалық мұсбюродан үш адам мүшелікке кіргізілді [139].

Ферғанада орын алып отырған жағдайға негізінен Қызыл армия мен билік басындағы шовинистік пиғылдағы еуропалықтар кінәлі екені айқын болды. 1919 жылы 11 мамырда Әндіжан қаласынан Ташкентке, Түрікатком төрағасы А. Казаковқа жолдаған хатында Т. Рысқұлов былай деп жазады: «Ташкенттен Ферғанаға келген барлық делегаттардың пікірі, бұдан арғы күрес жолдары туралы біздің пікіріміз дұрыс болып шықты: (Ферғана) майданы Қоқан оқиғаларынан бергі уақыттағы кеңес қайраткерлерінің теріс іс-әрекеті негізінде туған. Ферғана облысындағы барлық оқиғалар желісінен армяндардың «Дашнакцютун» партиясының арандатушылық әрекеті сезіліп отырады. Қызыл армия бөлімдері басмашылармен күресудің орнына жаппай маскүнемдікке салынған, қару мен патрондарды сол қарақшылардың өздеріне сатқан (әсіресе, армяндар), уездерден өткенде қарақшыларды жасырды деп кінәлап, бейбіт тұрғындарды тонаған. Армяндар жаппай сарт қыздарын зорлап, әйелдер мен балаларды кескілеген. Осының барлығы мұсылмандардың діни сеніміне тиіп, намысын қорлаған, содан олар қашып басмашылар тобына қосылған... Тек уездерде ғана емес, тіпті қалаларда да шын мәнінде кеңес өкіметі жоқ... Мұсылман коммунистерін Ерғаш пен Мадаминнің жансыздары деп сенбей қуғындаған... Мұсылман коммунистері екі оттың – кеңестердегі жолдастары мен өздерін ерекше қатігездікпен жазалайтын қарақшы топтардың ортасында қалған... Партия ұйымдары өте көп залал келтірген (маскүнемдік, парақорлық күнделікті құбылысқа айналған) алуан түрлі лайықсыз элементтермен былғанған» [140].

Комиссия Ферғана облысының көптеген қалалары мен елді мекендерінде болып, халыққа Мұсылман бюросының қызметі туралы баяндайды. Қызметінде берекесіздік пен тәртіпсіздік жайлаған қалалық-уездік атқару комитеттері таратылып, уақытша ревкомдер тағайындалады [141]. Қалалар мен уездерде Мұсылман бюросының жергілікті ұйымдары ашылады. Ферғана облысында мұсылман ұйымдары пайда болып, белсенді саяси қызметке кіріседі. Партия қатарында тазалау жүргізіліп, Скобелевте 150 адам, ал Әндіжанда 200 адам оның қатарынан аластатылды [142].

1919 жылы 20 мамырда Түрікатком мәжілісінде Т. Рысқұлов Ферғана комиссиясының жұмысы жайлы баяндама жасайды. Ферғанадағы қырғынды тоқтату үшін Қызыл армияның маскүнемдікке салынған бөлімшелерін алмастыру, арандатушы «Дашнакцютун» партиясын заңсыз деп жариялап, қылмысты мүшелерін сотқа тарту, облысты басқару ісін мұсылман жастарына тапсыру қажеттігін ұсынды [143]. Ал, 1919 жылы 27 мамырда Ферғана комиссиясы өзінің № 36 бұйрығымен «Дашнакцютун» партиясының барлық мүшелерін, Қызыл армия қатарында есепте тұрмаған армян тұрғындарын өздерінде бар барлық ок-дәрімен атылатын қарулары мен суық қаруларын тапсыруға міндеттейді [144]. Өлкелік партия комитетінің 1919 жылғы 30 маусымдағы мәжілісінде Т. Рысқұловтың «Дашнакцютун» партиясын заңсыз деп жариялауды табандылықпен талап етуімен, мәжіліс ол партияның Түркістан аумағында өмір сүруін тоқтату туралы қаулы қабылдады [145]. Мұсылман бюросының қысымымен шовинистік ниеттегі әскери бөлімдер Ферғанадан шығарылып, орыс мұжықтары мен армяндардан қару тартып алынды. Армяндардың қылмысты топтары тұтқындалып, белсенді мүшелері Түркістаннан қуылды. Мұсылман бюросы – мұсылмандар үшін үміт сәулесін тұтатқан ұйымға айналса, ал озбыр еуропалықтар үшін қаһарлы күшке айналды.

1919 жылы 24-30 мамыр аралығында Ташкент қаласында Мұсылман бюросының I конференциясы болып өтті. Конференцияға Түркістанның 5 облысынан және одан тысқары аймақтардан 130-ға жуық түркі-мұсылман делегаттары келді. Конференция жұмысына Түрікатком төрағасы А. Казаков, ТКП Өлкелік комитетінің төрағасы А. Солькин, РКП (б) ОК мен БОАК-нің өкілетті өкілі П. Кобозев қатынасады. П. Кобозев Түркістанда жүргізіліп келген ұлт саясатын сынға алады. Түркістан халқының 95 пайызы мұсылмандар, тек 5 пайызы ғана еуропалықтар, осы 5 пайыз еуропалықтар өлкедегі барлық билікті өз қолдарында ұстап тұр, яғни бұл дегеніміз – Түркістанда ұлттық езгі, орыстардың озбырлығы әлі жалғасып жатыр деген сөз!

Конференцияда Мұсылман бюросының төрағасы Т. Рысқұлов баяндама жасап, Түркістанның ішкі-сыртқы жағдайын талқыға салады. Армяндардың «Дашнакцутюн» партиясының Ферғана облысының бейбіт тұрғындарына қарсы жасаған зорлық-зомбылықтарын қатаң сынға алады. Түркістандағы билік тізгінін ұстаған орыс большевиктерінің жергілікті түркі-мұсылман қайраткерлеріне сенімсіздік таныту арқылы оларды мемлекеттік басқарудан шет қалдыруға ұмтылып отырғандығын айыптайды.

1919 жылы жазда Мұсылман бюросының қызметі жандана бастады, оның құрамынан: Ұйымдастыру-үгіт, Редакция-баспа, Мәдени-ағарту және Әскери бөлімдер ашылды. Мұсылман бюросының әскери бөлімі Түркістандағы Қызыл армия бөлімдеріндегі мұсылман ұйымдарына басшылық жасады [146]. Әскери бөлім армия қатарында жергілікті халықтар өкілдерінің көбеюіне, олардың әскери өнерді үйреніп, мамандануына қолғабыс етті. Революциялық-әскери кеңестің Саяси бөлімі жанынан Мұсылман саяси бөлімі ұйымдастырылып, оның құрамына жергілікті халықтар өкілдерінен мамандар кіргізілді [147]. Мұсылман Саяси бөлімінің ережесі бекітілді. Мұсылман Саяси бөлімінің меңгерушісі Революциялық-әскери кеңестің барлық мәжілістеріне қатысуға құқылы болды [148]. Мұсылман Саяси бөлімінің меңгерушісі болып Данияров бекітілді [149]. Еуропалық революционерлер мен мұсылман қайраткерлерінің ұлт мәселесі бойынша ымыраға келе алмауы жалпы жағдайды шиеленістіріп жіберді. Шиеленісті бәсеңдетудің жалғыз жолы – Түркістанның жергілікті халқын мемлекеттік іске қатыстыру болатын. Сондықтан да, 1919 жылы 10 шілдеде РКП (б) ОК-і Ташкентке Түркістанның жергілікті халықтарын мемлекеттік қызметке тарту туралы радиограмма жібереді. Радиограммада ұсынылатын кандидаттарды мұсылман ұйымдары іріктесе жеткілікті екені, мұсылман ұйымдарының келісімінсіз мұсылмандардың мүліктерін тәркілеуге тыйым салынатыны атап көрсетілді [150].

Радиограмма Түркістанда түрлі көңіл-күйде қабылданды, еуропалық революционерлер бұл шараны іске асыру мүмкін емес деп жар салды, өйткені тұрғындардың сандық арақатынасы бойынша үкімет мекемелеріндегі мұсылмандардың саны бірден 95 пайызға артар еді. Ал, мұсылмандар Мұсылман бюросының ұйымдастыруымен радиограммаға қызу қолдау білдіреді [151]. Түрікатком төрағасы А. Казаков радиограмманы халықтан жасырып қалуға тырысқан кезде, 1919 жылы 16 шілдеде Мұсылман бюросы Ташкент қаласының ескі бөлігінде мыңдаған мұсылмандар қатынасқан жиын ұйымдастырып, радиограмманың мазмұнын қалың бұқараға жариялап жібереді. Бірақ, Түркістанның саяси өмірінде үлкен серпіліс тудырған радиограмма РКП (б) ОК-нің екіұшты саясатының кесірінен іске аспай қалды. Бұл РКП (б) ОК-нің мұсылман халықтарына қатысты астарлы саясатының көрінісі болатын.

Мұсылман бюросы Түркістанның орталық саяси билігін өзгерте алмағанымен, республиканың түрлі аймақтарында күш ала бастайды. Мұсылман бюросының арнайы комиссиялары барлық аймақтарда тексеру жұмыстарын жүргізіп, облыстық, уездік билік орындарындағы толып жатқан келеңсіз істердің бетін ашады, шовинистік элементтерді ығыстырып, жергілікті қайраткерлердің жоғарылауына мүмкіндік жасайды [152].

Мұсылман бюросы республиканың экономикалық саясатына да белсене араласа бастады. Түркістан тұрғындарының ұлттық ерекшелігі мен ұлттық құрамына негізделген өндіріс орындарын дамытуға тырысты. Қолөнер, жібек пілләсін өндіру, ауылшаруашылығы мен малшаруашылығы өнімдерін өңдейтін жеңіл өнеркәсіп орындарының жұмысын жандандыру қажет

болды, өйткені жергілікті халықтың басым көпшілігі осы салада еңбектенді. Мемлекет тарапынан несие беру арқылы бүкіл республиканы қамтитын кооперативтер жүйесін ұйымдастырды [153]. Түркістан тұрғындарына қажетті азық-түліктің нақты мөлшерін анықтап, азық-түлікті бөлетін кооперативтер мен одақтар ұйымдастырды. Азық-түлікті ұлттық белгілеріне қарай бөлуге, қарапайым халықтан азық-түлікті не салық арқылы, не тонап алатын саясатқа тыйым салынды [154]. Тұрғындар өздерінде бар артық астықты белгіленген баға бойынша мемлекетке сату құқығына ие болды [155].

Азық-түлік директориясының шовинистік саясатына наразы шағымдар Мұсылман бюросына үздіксіз түсіп жатты. Директория азық-түлікті халықтың басым көпшілігін құраған мұсылмандарға емес, орыстарға үлестірген. Өсімдік майы орыстар үшін жан басына 3 фунттан,ал мұсылмандар үшін 0,5 фунттан таратылған [156]. Осындай әрекеттерден жапа шеккен мұсылман жұртшылығы көмек сұрап жаппай Мұсылман бюросына шағымданады. Бұл фактілер, бір жағынан, биліктің жергілікті халықтың жағдайымен есептеспейтінін, отарлық санадан арыла алмағанын көрсетсе, екінші жағынан, Мұсылман бюросының жергілікті халықтардың мұң-мұқтажын, құқығын қорғаушы ұйым ретінде халық бұқарасының көз алдында саяси беделінің өскенін дәлелдейтін еді.

Мұсылман бюросын Түркістанды билеп-төстеп отырған еуропалық революционерлер де еріксіз мойындай бастайды. Өлкелік партия комитеті 1919 жылы шілдеде республиканың жергілікті партия ұйымдарына таратқан мәлімдемесінде мұсылмандардың мүддесіне қатысты кез келген мәселеде Мұсылман бюросының бірден-бір беделді ұйым болып саналатындығы, жергілікті партия комитеттері де, кеңес мекемелері де онымен санасуы керектігі тапсырылды [157].

Қысқа уақыт ішінде Түркістанда үлкен беделге ие болған Мұсылман бюросына барлық сала бойынша сауатты мамандар аса қажет еді. Мұсылман бюросының ұсынысымен Өлкелік партия комитеті 1919 жылы 23 маусымда мұсылман зиялыларын мәдени құрылысқа тарту мәселесін талқылады. Мұсылман зиялылары арасынан жоғары, орта және төмен білімі бар адамдарды қызметке шақыру көзделді. Сауатты мұсылман зиялылары Мұсылман бюросына келіп тіркелуін талап еткен арнайы бұйрық шығаруды Түрікаткомның мәжілісінде талқылау Т. Рысқұловқа жүктелді [158]. 1919 жылы 23 шілдеде Түрікатком Т. Рысқұлов даярлаған № 213 бұйрықты жариялайды, онда республиканың жергілікті кеңес ұйымдарына мұсылман өкілдерінен интеллектуалды маман қызметкерлер даярлап, оларды партия және кеңес мекемелеріндегі қызметке жоспарлы түрде қатыстыру үшін мұсылман бұқарасы арасындағы орыс мектептерін бітірген жоғары, орта және төменгі дәрежелі білімі бар азаматтар мен мұсылманша жоғары және орта білімі бар азаматтардың және қоғамдық өмірдің түрліше салаларында еңбек етіп жүрген басқа да интеллектуалды мамандардың тізімін екі аптаның ішінде тапсыру міндетін жүктеді [159]. Сөйтіп, Мұсылман бюросы осы бағыттағы барлық жұмыстарды үйлестіруші ұйым болып танылды.

Мұсылман бюросы мұсылмандарға түсінікті тілде мерзімді басылымдар шығару ісіне де ерекше көңіл бөлді. Жергілікті халықтардың тілінде әдебиеттер басып шығаратын баспалардың болмауы мен газет-журналдың жоқтығы себепті Ұлт істері комиссариатының құзырындағы «Иштракун» газетін Мұсылман бюросына беруді талап етті. 1919 жылы 30 маусымда «Иштракун» газеті Түрікатком мен Мұсылман бюросының ресми газеті болып қайта құрылды [160]. 1919 жылы 20 шілдеде Мұсылман бюросы мұсылмандар тілінде баспалардың болмауы себепті мерзімді басылымдар шығарудың қиындығын айта келіп, мұсылман газеттері үшін жедел түрде қызметкерлер мен техникалық құрал-жабдықтардың бөлінуін, Ташкент қаласындағы барлық баспалардағы мұсылман әрпіндегі техникалық құрал-жабдықтарды бір баспаға жинастырып, Мұсылман бюросына бағындырылуын өтінеді. Қажетті қаражат пен қағаз тапшылығына байланысты жалпы мұсылмандар газетін шығаруды, онда партиялық, мәдени-ағарту, әскери, ақпараттық және т.б. қоғамдық-саяси мәліметтер мен хабарлар басуды ұсынды. «Иштракун» газетінің толығымен Мұсылман бюросының қарамағына өтуі тиіс екені ескертілді [161]. Мұсылмандар тілінде тағы да екі газет, түркі тілінде – «Салай фугара» және парсы тілінде – «Ниджать» шыға бастады [162].

Мемлекеттік басқару аппараты мен Түрікаткомның ағымдағы іс-құжаттарын орыс тілімен қатар, жергілікті халықтардың тілінде де жүргізу үшін Мұсылман бюросы өз тарапынан тәжірибелі тәржімешілер жібергізді [163]. 1919 жылы 27 шілдеде Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде Мұсылман бюросының Түркістан Халық Комиссарлар Кеңесі мен Әскери комиссариатқа жолдаған қатынас хаты талқыланады. Бұл құжатта тұрғындардың мұсылман бөлігіне қатысты құжаттардың Мұсылман бюросының мақұлдануымен ғана қабылданып, бір данасының міндетті түрде жергілікті халықтардың тілінде жазылуы тиіс екені атап көрсетілген [164].

1919 жылы күзде Мәскеуге барған Мұсылман бюросының делегациясы 2 000 пұт баспа қағаздарын сатып алып, Ташкентке жеткізеді. Сонымен қатар, түрліше саяси әдебиеттер, кеңсе мүліктері, Мұсылман бюросы жанындағы фотография бөлімі үшін қажетті фото материалдары, географиялық карталар да әкелінді. Ташкентке келіп мұсылман баспаларында қызмет істеу үшін Мәскеуден тәжірбиелі баспагерлер, аудармашылар, құюшылар, әріп терушілер шақырылды. Мұсылман бюросының мәдени-ағарту бөлімі үшін Қазан қаласынан бай кітапхана сатып алынды [165]. Делегация мүшелері Мұсылман бюросынан тағы да 1 000 маман шақырып, 700 пұт шрифт, 10 000 пұт қағаз және типография машиналарын сатып алу үшін қосымша 5 000 000 рубль бөлдіртуді өтінеді. Бұл шаралар жергілікті халықтар тілінің қолданыс аясын жан-жақты кеңейте түсті. Түркістанда шиеленіскен саяси күрес жүріп жатқан шақта, яғни 1919 жылы қыркүйекте Мұсылман бюросының (Мұсылман коммунистік ұйымдарының) II конференциясы ұйымдастырылды. Мандат комиссиясы конференцияға келген 105 делегаттың

97-ін шешуші дауыспен, 8-ін кеңесші дауыспен тіркейді. Конференцияның төралқа құрамына: Т. Рысқұлов (төраға), С. Тұрсынкожаев, А. Шамансұров пен М. Эфендиев (төраға орынбасарлары), Г. Юнусов, М. Бисеров пен Ю. Алиев (хатшылары) кірді. II мұсконференция Мұсылман бюросының қызметін жоғары бағалап, атқарылар істердің жоспарын бекітеді: жергілікті халықтарға қатысты саясатты түбірімен өзгерту; еңбекшілер бұқарасының белсенділігін арттыру; мектептер ұйымдастыру; газет шығару; мұсылман зиялы қауым өкілдерін мемлекеттік аппаратқа тарту; мұсылман әскери бөлімдерін ұйымдастыру; жергілікті халық арасында ағарту жұмыстарын күшейту, ескі мектептерді реформалау және т.б. Мұсылман коммунистік ұйымдарының II конференциясымен қатар өткен ТКП IV съезі мен Түркістан кеңестерінің VIII съезі Мұсылман бюросының саяси беделінің өскенін көрсетті. Съездердегі ең басты мәселенің бірі – ұлт мәселесі болды. Съездер ұлт мәселесі бойынша ымыраға келмейтін екі саяси күштің, яғни өздерін «ескі коммунистер» атандырған еуропалық революционерлердің шовинистік тобы мен Мұсылман бюросы арасындағы саяси күрес жағдайында өтті.

Кеңестердің VIII съезінде пікірталас ең алдымен тіл мәселесінде өрбіді. Мұсылман бюросы Түркістанда мемлекеттік деп жарияланған тілдердің тең құқылығын сақтауды талап етеді. Мәжілістердегі орысша жасалынған баяндамалар мен сөйлеген сөздерді мұсылман өкілдері ыждағаттылықпен тыңдаса, ал еуропалықтар түркі тілдерінде жасалынып жатқан баяндамалар кезінде залды тастап кететін [166].

Съездерде «ескі коммунистер» – Түрікатком төрағасы А. Казаков, оның орынбасары К.Успенский, Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы К. Сорокин бастаған шовинистік топ Мұсылман бюросын саясаттан ығыстыруға әрекеттенеді. Түркістанның саяси басшылығына мұсылман коммунистерінің келуінен қатты сескенді. Мұсылман бюросы бұл топтың бет-пердесін аяусыз әшкерелейді [167].

1919 жылы 29 қыркүйекте Түрікаткомның жаңа құрамы сайланады. А. Казаков пен К. Успенский орындарынан алынып, төрағалыққа И. Апин тағайындалды. Т. Рысқұлов Мұсылман бюросының төрағасы, Түрікатком төрағасының бірінші орынбасары және Түркістан Экономикалық кеңесінің төрағасы болып бекітіледі 168]. Мұсылман бюросының талап етуімен А. Казаков, К. Сорокин және Гемлянцев партиядан шығарылып, Түркістаннан қуылады [169].

Мұсылман бюросы Түркістанның басқару мекемелерінде жергілікті халықтың үлес салмағын арттыру үшін күресті одан әрі жалғастырды. 1919 жылы 13 қазанда Т. Рысқұлов Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде республиканың жауапты басшылық орындарына ұсынылатын мұсылман өкілдерінің тізімін жариялайды. Бұл кандидаттарды Түрікаткомның алдағы сессиясында бекіту көзделді, әрі кандидаттардың әрбірінің жеке қабілеті мен білім дәрежесіне сай, оларды түрліше комиссариаттардың құрамына жіберу жоспарланды [170]. 1919 жылы 18 қазанда Т. Рысқұловтың талап етуімен С. Асфендиаров Денсаулық сақтау комиссары болып тағайындалады [171].

1919 жылғы 22 қазанда Мұсылман бюросы Б. Шагабудиновты Түркістан қарулы күштерінің бас қолбасшысының көмекшісі қызметіне бекіттіреді [172].

1919 жылы күзде Түркістанның саяси жағдайы ауырлай түсті. Еуропалық революционерлер мен мұсылман қайраткерлерінің ортасында идеялық бірлік болмады. Еуропалық революционерлер Т. Рысқұловтың ұлт саясатына «рысқұловшылдық» деген айдар тағады [173].

РКП (б) ОК-і Түркістандағы саяси жағдайды жіті бақылап отырды. Мұсылман бюросының ұлт саясатынан қауіптеніп, Түркістан өлкесінің тізгінінен айырылып қалудан сескенді. Өздері жариялаған ұлттардың өзін өзі билеуі туралы ұранды ұмыт қалдырып, БОАК пен РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Түркістан ісі бойынша комиссия (Түріккомиссия) тағайындайды. Түріккомиссия 1919 жылы 8 қазанда В.И. Ленин қол қойған қаулымен құрылды, оның құрамына: Ш. Элиава (төрағасы), Ф. Голощекин, В. Куйбышев, М. Фрунзе, Я. Рудзутак сынды мүшелер енгізілді [174]. Түріккомиссияға жүктелген міндеттердің ең бастысы – Түркістанға коммунизм принциптерін енгізу болатын. 1919 жылы 4 қарашада Ташкентке келген Түріккомиссия (М. Фрунзеден басқалар) Түркістанның саяси өміріне белсене араласа бастайды. Түріккомиссия Түркістан майданының қолдауына сүйене отырып республикадағы саяси билікті өз қолына жинап алады. Түріккомиссиясыз Түркістанда бірді-бір мәселе шешілмейтін болды. Түріккомиссияның шақыруымен Түркістанға Ресейден кеңес-партия қызметкерлері ағылып келе бастады. 1919 жылы қарашада Түріккомиссиямен ілесіп 117 кеңес-партия қызметкері келген болса, ал желтоқсан айында 150 адамтағы шақырылды. Келімсек қызметкерлерге республиканың түрліше мекемелеріндегі басшылық орындар босатылып берілді. Бұлардың басым бөлігі бұрын Түркістанда болмаған, оның тарихымен, тілімен таныстығы жоқ кеңсе қызметкерлері еді. Ал, мұсылмандардың мемлекеттік мекемелерде тәжірибе жинап ысылған сауатты өкілдері діни, таптық, ұлттық белгілері бойынша қуғындала бастады. Түріккомиссияның шовинистік саясаты Түркістанның онсыз да қайшылықты жағдайын одан әрі асқындыра түсті.

Мұсылман бюросы Түріккомиссияға қарсы тұрудың амалдарын іздестіре бастайды. Кремльдің сыннан өткен «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсы Мұсылман бюросы «Тұтас Түркістан» идеясын қойды. Мұсылмандарды жалпытүркілік идеяға біріктіру, Түркістанды түркі халықтарының республикасына айналдыру жолындағы күрес басталды. 1919 жылы қарашада Мұсылман бюросы Түркістанның Ұлт істері жөніндегі комиссариаты құрамындағы қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз бөлімдерін жойып, біртұтас түркі бөлімін ұйымдастырады [175].

Түріккомиссия өз саясатына бағынбай отырған Мұсылман бюросын таратып жіберуді жоспарлай бастады. Түріккомиссияның ұйымдастыруымен 1919 жылғы 18 қарашада өткен біріккен мәжілісте Т. Рысқұлов Мұсылман бюросының Түркістанның мұсылман халықтарының құқығын қорғаушы

жалғыз ұйым екенін, сондықтан оны таратуға болмайтындығын айтып қарсы шығады [176]. Түріккомиссия жалған мәліметтер жинастырып, Мұсылман бюросының төрағасы Т. Рысқұловты тұтқындауға әрекет жасайды [177]. Түріккомиссия Мұсылман бюросының уездердегі белсенді мүшелерін де қуғындауды ұйымдастырды. 1920 жылы қаңтарда Мұсылман бюросы Түркістандағы ұлт мәселесі бойынша өз тұжырымын жариялайды, онда патша үкіметінің отарлау саясаты, тәркілеу мен зорлық-зомбылық арқылы коммунизм орнатпақ болған еуропалық революционерлердің саясаты мұсылмандардың еуропалықтарға деген сенімсіздігін жоя алмағандығы ерекше атап көрсетілді. Коммунистік партия біртұтас, бірақ қандай елде, қандай ұлт ортасында жұмыс жасайтынына қарап оның іс-әрекет тәсілдері түрліше болуы мүмкін. Отарланған Түркістан мұсылмандарының арасында фабрика-зауыт пролетариаты жоқ, сондықтан қалыптасып үлгерген капиталистік тап та жоқ, бұл жағдай мұсылмандардың бір бөлігінің екінші бөлігінің үстінен жүргізер диктатурасының қажеттілігіне күмән туғызады. Егер езілген ұлт еңбекшілері кеңес платформасында тұрған болса, олардың мемлекеттік өмірдің саяси, экономикалық салаларында өздеріне тән ұлттық ерекшеліктерімен көрінуіне кедергі келтірілмеуі қажет [178].

Түркістанда монополиялы билік орнатуға кіріскен Түріккомиссияға Мұсылман бюросының бұл ұстанымы мүлдем ұнаған жоқ. 1920 жылы қаңтарда Түріккомиссия Түркістан конституциясына қайшы ұсыныс жасап, Түрікатком құрамына өз өкілдерін енгізуге күш салады [179]. Мұсылман бюросы Түріккомиссияның бұл әрекетін болдырмай тастады. Өйткені, Түрікатком құрамы съезде сайланған болатын, сондықтан да Түріккомиссия оның құрамын өз бетінше өзгертуге құқылы емес еді [180].

Түріккомиссияның саясаты іске аспай, мұсылман және еуропалық коммунистердің шиеленісі шарықтау шегіне жетеді. Ұлт мәселесі бойынша түбірлі өзгеріссіз бұл шиеленісті бәсеңдету мүмкін емес еді. Мұсылман бюросы мен Түріккомиссияның Түркістан халықтарының өзін-өзі билеу құқығын баянды ету мәселесі бойынша тіл табысуы қиындай түсті. Ресейде өмірге енгізіліп жатқан коммунизм принциптері Түркістан өміріне мүлдем сай еместігі, оны қарудың күшімен енгізу жолындағы әрекеттер жергілікті халыққа орасан зор құрбандықтар әкелгені, большевиктік биліктің ұлт саясаты патшаның отарлау саясатының коммунистік ұрандармен бүркемеленген жаңа үлгісі болып шыққаны барлығына белгілі еді. Ұлт мәселесі шешілмеген жерде революциялық ұрандар бар мағынасынан айрылған еді. Түркістанда пролетариат табы жоқ, өнеркәсіп дамымаған. Қазақтардың жартысы Түркістаннан тыс аймақтарда өмір сүріп жатыр, әкімшілік жағынан өзбектер де, түркімендер де, тәжіктер де, қырғыздар да біртұтас емес. Ұлт өкілдері мекендеген аймақтарды ұлттық республикаларға біріктіру жолымен ұлттың өзін-өзі билеу құқын негіздеуге болар еді, бірақ қазіргі саяси даму Мәскеудің орталықтанған жаңа империялық мемлекет құруға бағыт ұстап отырғанын айқын көрсетті, сондықтан да, құрылып жатқан республикалардың Ресейдің ішкі облыстарынан ешбір айырмашылығы болмай қалды.

Мұсылман қайраткерлері қалыптасқан жағдайды талқылай келе Түркістанда түбірлі саяси өзгерістер жасауға бекінеді. 1920 жылы 20-26 қаңтар аралығында өткен ТКП V конференциясы мен мұсылман коммунистерінің төтенше III конференциясы Түркістан тарихында зор рөл атқарған оқиға болды. Конференцияның 1920 жылғы 21 қаңтардағы мәжілісінде Т. Рысқұлов «Ұлт мәселесі және ұлттық секциялар» туралы баяндама жасады. Т. Рысқұлов Түркістанда саяси басшылықты дұрыс алып жүру үшін біртұтас партия ұйымын құруға шақырады [181]. Конференция ТКП жанындағы барлық ұлттық секциялардың біріктірілгендігін жариялады. Партия ұйымдарының біріктірілуіне қол жеткізген Т. Рысқұлов оның атын Түрік халықтарының Коммунистік партиясы деп өзгертуді ұсынады. Түркістан Коммунистік партиясын Түрік халықтарының Коммунистік партиясы деп өзгертсек, Шығыстың мұсылман еңбекшілері бұл шешімді қанағаттанушылықпен қарсы алар еді, өйткені олар Түркістанның жергілікті ұлттарының өз тағдырына өзі ие екенін көрген болар еді деген дәлел келтіреді. Бірақ Түрік халықтарының Коммунистік партиясын РКП (б) құрамынан бөліп алу көзделмеген. Бұл тактикалық айла-тәсіл болатын, негізінде ұсыныс басқа мақсатқа, яғни тәуелсіз құрылымдық басшылығы болатын болашақ партияны РКП (б)-нің шовинистік зорлық-зомбылығынан құтқару мақсатына бағындырылған. Көзделген мақсатқа қол жеткізген жағдайда Түріккомиссия сынды эмиссарлық органның қажетсіздігі көрінген болар еді, ал саяси билік Түркістан өлкесінің саяси, тарихи, әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайын жақсы білетін, жергілікті халықтардың өмір салтын, тұрмыс ерекшелігін, тілін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын терең түсінетін Мұсылман бюросының құзырына өтетін. Тап күресін қолдан өршіту сынды әрекетке тыйым салынып, ұлттардың ішкі бірлігін қамтамасыз етуге, күш-жігерді жасампаз сңбекке бағыттауға кең мүмкіндіктер ашылар еді. Орыс коммунистерінің шовинистік тобының қарсылығына қарамай, конференцияда Т. Рысқұловтың ұсынысы көпшілік дауыспен қабылданады [182].

1920 жылы 25 қаңтарда жаңадан құрылған Түрік халықтарының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті сайланады. Түрік халықтарының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне ашық дауыс беру жолымен мүшелер сайланды: Рысқұлов – 92 дауыс (қалыс қалған, не қарсы дауыс берген ешкім жоқ), Субхи – 80, Шакиров – 77, Домбровский – 74, Құлмұхамедов – 71, Савельев – 68, Габор – 67, Свобода – 62, Купер – 59, Эфендиев – 58, Кактынь – 56, Н. Қожаев – 53, Асфендиаров – 53, Әмірханов – 51 және Тұрсынқожаев – 46. Кандидаттыққа ұсынылған Максимов – 45, Смирнов – 42 дауыс жинаған. Барлығы 15 мүше, 2 адам мүшелікке кандидат [183].

Түрік халықтары Коммунистік партиясының Орталық Комитеті таза интернационалды сипатта құрылды, өйткені комитет құрамындағы 17 (15+2) мүшенің 8-і еуропалық ұлттардың өкілі болатын, сондықтан да, конференция шешімдерінде ұлтшылдық, пантүрікшілдік пиғылдар үстем болды дейтін

пікірлер негізсіз. Түрік халықтары Коммунистік партиясының құрамы ТКП-ның V съезінде сайланған Орталық Комитет құрамымен салыстырғанда анағұрлым интернационалды болып шықты, өйткені ТКП ОК құрамындағы 15 мүшенің тек 5-і, мүшелікке кандидат 9 адамның 2-і ғана мұсылман коммунистері болды. Мұсылман коммунистері дауыс беру басымдығын пайдаланып ТКП Орталық Комитетінің ескі құрамындағы шовинистік пиғылдағы еуропалық коммунистерді жаңадан құрылған Түрік халықтары Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің құрамына сайламай тастады, әрине олар мұндай «қорлыққа» төзе алмайтын еді. Сондықтан, конференциялар аяқталысымен мұсылман қайраткерлерінің ұлтшылдығы, пантүрікшілдігі, панисламшылдығы туралы даңғаза шу ұйымдастырылды.

Конференцияның шешімдерін бекіту үшін партия съезін шақырып, Түркістан Коммунистік партиясының атын ресми түрде Түрік халықтарының Коммунистік партиясы деп жариялау ұйғарылды. Партия ұйымының атын өзгертуді сұраған хат РКП (б) ОК-не де жіберілді. Жергілікті партия ұйымдары Түрік халықтарының Коммунистік партиясы деген атты ресми түрде қолдана бастады.

Мұсылман қайраткерлері енді Түркістан АКСР-інің атын Түрік Кеңес Республикасы деп өзгертуге кіріседі. III мұсконференциясының 1920 жылы 25 қаңтардағы мәжілісінде Т. Рысқұлов «Түркістанның автономиялық статусы туралы» тезистерін талқылауға ұсынады. Қамтыған мәселелерінің ауқымдығы мен ішкі мазмұнының байлығы жағынан Түркістан тарихында мұндай бірде бір тезис қабылданбаған. Түркістанның объективті жағдайын басшылыққа алып құрылған бұл тезистер сол уақыттың саяси өміріндегі аса маңызды тарихи құжат болып табылады. Тезистер мынадай аса маңызды жайттарды қамтыған: Түркістан – түркі тілдес халықтардың тарихи отаны, олар өздерінің шаруашылық және тұрмыстық өмір салты бойынша жергілікті көшпелі және жергілікті отырықшы халықтар болып екіге бөлінеді, ал тұрғындардың қалған бөлігі (жергілікті түркі тұқымдас емес мұсылман халықтарын санамағанда) келімсек элементтер деп есептелуі тиіс. Әр топқа қатысты жүргізілер саясат та әр түрлі болуы шарт; Түркістанның түркі тілдес халықтардың тарихи отаны болуына байланысты республикасының аты Түрік Кеңес Республикасы болып өзгереді; Түрік Кеңес Республикасының шекарасы түркі республикаларының қосылуы үшін әрқашан ашық, келешекте түркілердің конфедерациялық мемлекетін құру үшін алғы шарт әзірлеу керек; Түрік Кеңес Республикасының жаңа конституциясын қабылдап, республиканың РКФСР-мен арақатынасы құқылық тұрғыдан бекітілуі тиіс. Түрік Кеңес Республикасының тарихи объективті жағдайына сай заңдар жүйесін қабылдауға РКФСР басшылары кедергі келтірмеуі керек; Түрік Кеңес Республикасының мемлекеттік тілі – түркі тілдері; Түрік Кеңес Республикасында өзін-өзі билеуші халық – түркі халықтары болатындықтан, мемлекеттің басқару тізгіні осы халықтардың қолындаболады,сондаТүріккомиссиясындыэмиссарлықорганнықажетсіздігі өзінен-өзі түсінікті нәрсе; Түрік Кеңес Республикасындағы саяси билік Түрік

халықтарының Коммунистік партиясының қолына шоғырландырылады. Түрік халықтарының Коммунистік партиясы – Түркістанның түркі халықтарының таптық емес, ұлттық мүддесін басшылыққа алып құрылған саяси партия болады. Түрік халықтарының Коммунистік партиясы РКП (б)-мен қарым-қатынасын оның құрамындағы автономиялы партия дәрежесінде шешіп отырады, ал Түрік Кеңес Республикасының түркі тілдес емес халықтары үшін Түрік халықтарының Коммунистік партиясының құрамында ұлттық үгіт-насихат бөлімшелерін ашу құқығы беріледі. Кезінде осы идея РКП (б) ОК-і тарапынан қолдау тауып кеткенде Түркістан тарихы мүлдем басқаша арнада дамыр еді. Түркі халықтары Түрік халықтарының Коммунистік партиясының басшылығымен түркі халықтарының мүддесіне сай саясат жүргізген болар еді. Бірақ тарих басқаша жолмен дамыды да, идеяны іске асыруға мүмкіндік бермеді.

Конференциялар аяқталысымен Мұсылман бюросы қабылданған қаулыларды бекітуді өтініп РКП (б) ОК-не сұрау салады [184]. РКП (б) ОК-і бұл шешімді салқын қабылдап, ұзақ уақыт жауапсыз қалдырады. Мұсылман бюросы ақпан айының басында В.И. Лениннің атына жаңа жеделхат жолдайды.

Мұсылман бюросына төтеп бере алмаған Түріккомиссия мүшелеріне ызаланған В.И. Ленин таяу арада армиясын ертіп Түркістанға баратын М.Фрунзеге сенім артты. Арнайы нұсқау алған М. Фрунзе – Мұсылман бюросының идеяларын іске асыртпау үшін белсенділік танытқан адам. М.Фрунзе Түркістанның мұсылман қайраткерлеріне сенімсіздікпен қарады. М. Фрунзе бұл уақытта Самара қаласында еді және өзі келіп жеткенге дейін Мұсылман бюросының тегеуріне шыдай тұруды Түріккомиссия мүшелерінен қатты талап еткен. М. Фрунзе мұсылман қайраткерлерінің Мұсылман қызыл армиясын құру туралы талаптарынан шошынды, бұл идеяны түп тамырымен құрту үшін жанталаса әрекеттенді [185]. 1920 жылы ақпан айының екінші жартысында Ташкентке келген М. Фрунзе Түркістандағы саяси жағдайды күрт шиеленістіріп жіберді. 1920 жылы 23 ақпанда толық құрамда жиналған Түріккомиссия ТКП V конференциясы мен III мұсконференцияның шешімдерін – «пантүрікшілдік», «панисламшылдық» және «буржуазиялық ұлтшылдық» шешімдер ретінде барынша қаралайды [186]. Конференция шешімдері жоққа шығарылып, жағдай бұрынғы қалпында өзгеріссіз қалатыны жарияланды.

Түріккомиссияның жалған мәліметтерін басшылыққа алған РКП (б) ОК-і Түркістандағы жағдайды түсінбей отыр деп сенген Мұсбюро жетекшілері В.И. Ленинге үсті-үстіне жеделхат жіберуге мәжбүр болды. Мұсылман бюросы 1920 жылы 24 ақпанда конференция шешімдерін бекітуді өтініп, тағы да әрекеттенеді. 1920 жылы 15 наурызда РКП (б) ОК-і ақырғы шешім қабылдап, ол туралы Н. Крестинский 23 наурызда Ташкентке радиограмма жолдайды [187]. Радиограммада РКФСР мен Түркістан АКСР-інің қарым-қатынасы 7 бөлімге топтап берілген: қорғаныс, қаржы, теміржол, сыртқы саясат, пошта-телеграф, азаматтық мәселелердің Мәскеу қолында қалатыны, Түркістанның экономикасы мен мәдени өмірі Мәскеуде шығарылған заңдар

негізінде басқарылатыны атап көрсетілген. Осылайша, 1920 жылы көктемде Түрік Кеңес Республикасы мен Түрік халықтарының Коммунистік партиясын құру туралы идея іске асырылмай тасталды.

1920 жылы 21 қаңтарда Мұсылман бюросының жетекшісі Т. Рысқұлов Түрікатком төрағасы болып сайланады [188], ол бұл қызметке қол жеткізген жергілікті халықтың тұңғыш өкілі еді. Мұсылман бюросы өз құрамынан республиканың барлық жергілікті кеңестеріне білікті мамандар аттандырып, кеңес органдарын мұсылман коммунистерінің қолына тапсыра бастады.

1919 жылы күзде Түркістанда Халық Комиссарлар Кеңесінің жойылуына байланысты, Түрікатком заң шығарушы және атқарушы, яғни өкімет билігі мен үкімет билігін қатар алған органға айналған-ды. Түрікатком атқару комитеттерінің, ревкомдардың, шаруашылық мекемелері мен комиссариаттардың жұмысын үйлестіріп отыруға міндетті болды. Комиссариаттардың жұмысын бір мақсатқа жұмылдыру кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Түрікатком төрағасы Т. Рысқұлов 1920 жылы 9 ақпандағы № 5705 бұйрығында барлық комиссариаттардың қызметі Түркістанның жергілікті халықтарының тұрмыс ерекшеліктері мен салт-дәстүріне сай қайта құрылатындығын жария етті [189]. Комиссариаттардың жергілікті халыққа қатысты ұсыныстарын Түрікаткомға тапсыруды талап етті. Түрікаткоммен санаспай, Түріккомиссиямен өз бетінше байланыс орнатуға талаптанушы комиссарлар заң бойынша жауапқа тартылатыны ескертілді [190].

Түрікатком облыстар мен уездеріндегі жағдайды бақылауға алып, жергілікті биліктегі шовинистік элементтерді басшылық қызметтерден ығыстырып шығару үшін 1920 жылы 5 ақпанда «Облыстық революциялық комитеттер туралы» ереже жариялайды. Сырдария, Ферғана, Самарқан, Закаспий және Жетісу облыстарында революциялық комитеттер тағайындалып, олардың қолына облаткомдардың басқару құқықтары берілді [191]. 1920 жылы 19 ақпанда ревкомдардың басшылығына жергілікті халықтардың өкілдері тағайындалған № 215 бұйрық жарияланды. Облаткомдарды ревкомдармен алмастыруда үлкен саясат жатты, өйткені ол кезде облаткомдарда негізінен еуропалық коммунистер билік жүргізетін де, жергілікті халықтардың өкілдері жолатылмайтын, ал ревкомдар Түрікаткомға тікелей бағынатындықтанда, оның басшыларын жергілікті халықтардың тұрмыс ерекшелігін жақсы білетін мұсылман қайраткерлері арасынан іріктеп тағайындауға мүмкіндіктер ашылды.

Түрікаткомның қызметін Түркістанның жергілікті халықтарының өмір жағдайына жақындату – кезек күттірмейтін аса маңызды шара болатын. Түркістан тұрғындарының ұлттық құрамы осы принциптің қатаң сақталуын талап етті. Мысалы, 1920 жылы Түркістан халқы 5 221 963 адам болса, оның ішінде – 2 050 755 өзбек (39,3%), 1 091 925 қазақ (20,8%), 522 292 қырғыз (10,0%), 399 912 тәжік (7,7%), 266 681 түркімен (5,1%), 75 324 қарақалпақ (1,4%), 536 571 орыс (10,3%) және 278 393 адам (5,4%) басқа халықтарың өкілдері болатын [192]. Революциядан кейінгі 3 жыл мерзім ішінде Түркістанның демографиялық жағдайы қатты өзгерді. 1917 жылы Түркістан

өлкесін 7 668 000 адам мекендеген болса, 1920 жылы 5 221 963 адамға дейін құлдырады, яғни 2 447 037 адамға кеміді. Революция тудырған қатыгез азамат соғысы мен сұрапыл ашаршылықтың зардабын ең алдымен көшпелі қазақ және қырғыз халықтары тартты. 1917 жылы Түркістан өлкесін мекендеген қазақ пен қырғыздардың үлес салмағы тұрғындардың 44,36 пайызын құраса, ал 1920 жылы 30,8 пайызына әзер жетті [193]. Қоныс аударған еуропалықтардың үлесі 1917 жылғы 5,9 пайыздан 1920 жылы 15,7 пайызға дейін өскен. Түркістанның жағдайынан бейхабар орыс революционерлері басқарған кеңес өкіметі – жергілікті халықтардың қырғынға ұшырауына басты себепші болды.

Түрікаткомның Түріккомиссиямен арақатынасы барған сайын ауырлай түсті. Түріккомиссия Түрікаткомның барлық жұмысына араласып, басшылық нұсқаулар беріп отыруға тырысты. Мұсылман коммунистері республиканың атқару комитеттері, ревкомдар мен комиссариаттарына жұмыска тартылып, бұл мекемелердің қызметіне жаңа серпін бере бастаған еді. Түрікатком өз тарихында алғаш рет Түркістанның жергілікті халықтарының өмір ерекшеліктерін басшылыққа алып, жұмыс істейтін органға айнала бастады. Түрікаткомның ескі құрамына нұсқаулар беру арқылы өз саясатын өткізіп отырған Түріккомиссияға бұл жағдай ауыр тиді. Түріккомиссия Түрікатком тағайындаған мұсылман мамандарын «мемлекет өмірінен бейхабар ұлтшылдар» деп жариялады [194]. Түркістан мұсылмандары еуропалықтардың көмегінсіз мемлекет құра алмайтындығы туралы «теорияны» дамытуға тырысты [195]. Мұсылман қайраткерлері Түріккомиссияның бұл «теориясына» қарсы соққы берді [196].

1920 жылы 20 наурызда Т. Рысқұлов Түрікаткомның арнайы мәжілісін шақырып, 22 наурызды бүкілхалықтық мереке – Наурыз күні деп жариялау туралы өзі даярлаған бұйрықты қабылдауға ұсынады. Түрікатком мүшесі И. Любимов Наурыз мерекесінің ислам дінімен байланысты өмірге келгені туралы дау туғызбақ болған кезде, Т. Рысқұлов бұл мерекенің Түркістанның жергілікті халықтары үшін жаңару, бейбітшілік сипаттағы мәні өте үлкен екенін және мерекенің діни фанатизммен ешқандай байланысы жоғын сабырлылықпен түсіндірді. 22 наурыз – Түркістанның күн тізбегінде демалыс күн деп жарияланды [197].

Мұсылман қайраткерлері республикадағы оқу-ағарту, мәдени шараларға көп көңіл бөліп, салалық мекемелердің қалыптасып, тұрақты жұмыс істеуіне қолғабыс жасап отырды. Кең көлемдегі оқу-ағарту, мәдени жұмыстарды өрістету үшін маман кадрлар даярлау ісі шұғыл қолға алына бастады. 1920 жылы 22 сәуірде облревкомдарға жіберген бұйрығында Түрікатком: жасы 16-ға толған, училищелердің, орыс-түздік мектептердің, медреселердің курстарын бітірген барлық сауатты қазақ азаматтары мен қысқа мерзімді уездік-қалалық және өлкелік педагогикалық курстарды бітірген қазақ мұғалімдерін жаңадан ашылған қазақ педагогикалық курстарына түсу үшін 10 мамырдан кешікпей Ташкент, немесе Шымкент қалаларына жеткізуді тапсырады. Бұйрыққа бағынғысы келмеген мұғалімдерді куәліктерінен айырып, жауапқа тарту туралы ескертілді [198].

Түркістан конституциясына сай республикадағы ең жоғары билік органы болып табылатын Түрікаткомға Түріккомиссия, Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесі, БОАК пен РКП (б) ОК-і тарапынан үнемі қысым жасалып отырды. Түрікаткомның конституциялық құқықтарымен есептеспеу әдетке айнала бастады. БОАК-тың Түркістанның жергілікті мекемелерімен өз бетінше байланыс орнатуы, Түрікатком қаулыларының күшін өзімен келіспей жоя салуы республиканы басқару ісінде берекесіздікке әкеліп соқты. Мысалы, шекарашылар «Мәскеу алдында ғана жауаптымыз» деп мәлімдеп, жағдайды Түрікаткомға хабарлаудан бас тартады. Қаржы комиссариаты салық бойынша Түрікатком нұсқауларымен есептеспейді [199].

Түрікатком 1920 жылы 19 сәуірде бағынғысы келмеген органдар мен мекемелердің заң алдында жазаланатындығы туралы ескертті [200]. Өлкелік партия комитетінің 1920 жылы 30 сәуірдегі мәжілісінде мұсылман қайраткерлері Түркістанда отарлық саясаттың жалғасып отырғанын, Ресейде іске асырылып жатқан реформалардың Түркістан өміріне сай еместігін тағы да мәлімдейді. Түркістанда пролетариат диктатурасын жүзеге асыруға мүмкіндік жоқ, тек кеңестік үлгімен ғана басқаруға болады деген көзқарастарын білдіреді [201].

Мұсылман қайраткерлері республиканы түркі халықтарының егеменді мемлекетіне айналдыру мақсатын қойып, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын өмірге демократиялық жолмен енгізу үшін қажырлы күрес жүргізді. Түркістанның егемендігі – саяси, экономикалық, дипломатиялық, әскери және мәдени мәселелер бойынша нақты болуы тиіс дербестік құқықтарын қамтитын. Түркістан халықтарының құқықтары аталған салалардың бірде-біреуінде нақты мазмұнға ие бола алмады, өлке РКП (б) ОК тізгінінде, Түріккомиссия құзырында болып шықты. Мұсылман қайраткерлері осы құқықтарға ие болу үшін табанды күресті жалғастыра берді. Түркістан шегінде күресе отырып жеңіске жету мүмкіндігі қиындай бастады.

Түркістанның егемендігін тікелей В.И. Лениннің алдында талқылау мақсатымен 1920 жылы мамырда Т. Рысқұлов басқарған Түркістан делегациясы тағайындалды. Т. Рысқұлов В.И. Ленин үшін арнайы баяндама даярлайды. Баяндамада Түркістанның жағдайы, саяси, әлеуметтік, экономикалық, ұлтаралық және мәдени дағдарыстардың себептері, одан шығудың жолдары ашып көрсетілген. Құжатта мұсылман коммунистерінің ұлт мәселесі және ұлттық мемлекеттік туралы идеялары толық қамтылған. Мұсылман коммунистерінің Түркістанда Ресейдегі сияқты халықты әлеуметтік жікке бөлу, тап күресін өршітіп, пролетариат диктатурасын орнату жолымен емес, өлкенің тарихи ерекшеліктерімен санасып отырды. Большевиктік партия жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын өмірге демократиялық жолмен енгізу арқылы, жергілікті ұлттардың мемлекеттігін қалпына келтіру, елді сайланбалы кеңестер арқылы басқару, өкімет билігін жергілікті халық өкілдеріне берді; Республиканың ішкі өзін-өзі қорғау күштері мен сыртқы жаудан қорғанатын қуатты Мұсылман қызыл армиясын құру, сырттан келетін эмиссарлық органдарды жою жолымен ғана дамытуға болатындығын атап көрсетті.

1920 жылы 25 мамырда РКП (б) ОК Саяси бюросы Түркістан мәселелерін талқылайды. Бұған дейін Түркістан делегациясы В.И. Ленинмен тікелей келіссөздер жүргізген еді [202]. Саяси бюро мәжілісіне делегация төрағасы Т. Рысқұлов, Түріккомиссияның Мәскеуге ілесе келген мүшелері Ш. Элиава мен Я. Рудзутак шақырылды. Ресей мен Түркістан арасындағы қатынас туралы ережені даярлау үшін құрамына Г. Чичерин, Н. Крестинский және Ш. Элиава кіргізілген комиссия тағайындалды [203]. Комиссия құрамына Түркістан делегациясының бірде-бір мүшесі енгізілмеді. Аталған комиссия РКП(б)-ның Түркістандағы міндеттері туралы ОК шешімінің жобасын жасап, оны 1920 жылы 13 маусымда талқылауға ұсынады. Қаулы жобасымен танысқан В.И. Ленин бірқатар сын-ескертпелер жазады [204].

Қаулы жобасында Ресей самодержавиесінің Түркістандағы жарты ғасырлық отарлық саясатының нәтижесінде қалыптасқан қатынастарды жою РКП (б)-ның басты міндеті ретінде атап көрсетілген. Орыс жұмысшыларының отаршылдық дертіне шалдыққан тобы кеңес билігін қолында ұстаған екі жарым жыл ішінде, бұл қатынастардың жақсылыққа қарай өзгермегені былай тұрсын, «коммунистік» қимылдардың арқасында бұрынғыдан да шиеленісе түсті, езгіге түскен жергілікті халық бұл қимылды бұрынғы патша өкіметінің агенттері қимылының жалғасы деп қарады. Қаулы жобасында бар кінә патша өкіметінің отарлық саясаты мен революциядан соң кеңес өкіметін басқарған «орыс жұмысшыларының шовинистік тобына» аударылып, Түркістанның нағыз қожасы болып отырған қаруланған орыс мұжықтары мен кулактары тыс қалдырылған, Түріккомиссия өз саясатында әлеуметтік база ретінде ең алдымен соларға сүйенетін. Өз ескертпесінде В.И. Ленин қаулы жобасында орыс мұжықтары мен кулактарының назардан тыс қалдырылғанын дұрыс атап көрсетеді [205]. Жобада Түркістанда Түріккомиссияның болу қажеттігі атап көрсетілген [206]. Сыртқы саясат, сыртқы сауда, әскери іс, қатынас жолдары, пошта-телеграф, қаржы мәселесі тек Мәскеуде шешілетіні, қалған мәселелерде билік Түркістан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесіне берілетіндігі айтылған [207].

Қаулы жобасымен Түркістан делегациясы да танысып шығады. Делегация 1920 жылы 16 маусымда В.И. Ленин мен Н. Крестинскийге қосымша баяндама тапсырады [208].

1920 жылы 29 маусымда РКП (б) ОК Саяси бюросы В.И. Лениннің нұсқауларын негізге ала отырып Түркістан бойынша соңғы шешімдерін жариялайды. РКП (б) ОК-нің қаулыларында большевиктер партиясы мен кеңес өкіметінің Түркістандағы негізгі міндеті ретінде атап көрсетті: 1) жергілікті халықтар мен еуропалық қоныс аударушылардың арақатынасын реттеу; 2) жергілікті халықтардың қоғамдық қатынасында үстем болып отырған патриархалдық-феодалдық сарқыншақтарды жою; 3) келімсек орыс кулактарынан жергілікті халықтың атақоныс жерлерін тартып алып, иелеріне қайтару; 4) көшпелі халықтарды отырықшылдыққа көшіруге даярлану; 5) орыс кулактарының экономикалық күш-қуатын әлсірету, оларды қарусыздандыру және Орталық Ресейге жер аудару; 6) патша өкіметінің

әкімшілік қызметкерлерін, шенеуніктерін, полиция мүшелерін Түркістаннан кетіру, жергілікті орыс коммунистерінің шовинистік пиғылмен ауырған бөлігін Орталықтан келетін басқа коммунистермен алмастыру және т.б. [209]. Бірақ қаулыда Түркістан делегациясы ұсынған негізгі талаптар: Түріккомиссияны жою, Түркістан майданы Революциялық-әскери кеңесінің билігін шектеу арқылы бүкіл өкімет билігін республикадағы заңды, конституциялы органдар – Түрікатком мен Халық Комиссарлар Кеңесіне беру, республиканың егемендігі, армияны жергілікті халықтан жасақтау, қаржы, сыртқы дипломатия, сауда-экономикалық байланыстар, РКФСР құрамындағы ұлт республикаларымен арақатынас мәселелері, жергілікті халықтарға қатысты саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саясаттың жолдары, РКФСР үкіметінің құрамында Түркістан өкілдерінің болуы туралы аса маңызды талаптар қабылданбады. Десек те, Түркістан делегациясының Кремльдегі кездесулерінің тарихи маңызы зор болды. Кремль Түркістаннан бұрынғы патша шенеуніктерін, полиция мүшелерін, казак атамандарын, ірі саудагерлер мен кулактарды, еуропалық коммунистердің шовинистік тобын қуып, жергілікті халықтар мен қоныс аударушылардың қатынасын реттеу, көшпелілердің атақоныс жерлерін қайтару, орыс мұжықтарын қарусыздандыру туралы тапсырмалар берді. Түркістанда жер-су реформасын іске асыру қажеттігін мойындады. Түркістан делегациясының үлкен саяси жеңісі болатын.

1920 жылы 16 маусымда Түркістан делегациясы Мәскеуде жүрген Башқұртстан, Татарстан және Қазакстан қайраткерлерімен келісе отырып, Лениннің Коммунистік Интернационалдың II конгресіне арнап жазған тезистеріне түзетулері мен ұсыныстарын енгізеді. Лениннің атына жіберілген құжаттың түпнұсқасына Түркістаннан Т. Рысқұлов, Н. Қожаев, Қазақстаннан А.Байтұрсынов, Башқұртстаннан А-З. Уәлиди мен Х. Ымағұлов қол қойған [210].

Түркі қайраткерлері В.И. Лениннің тезистеріндегі орыс пролетариаты Кеңес өкіметі дәуірінде қатты өзгергенін, оның патша заманындағы пролетариаттан түбірлі айырмашылығы бар екенін, сондықтан да орыс пролетариатының отар елдердің еңбекшілерін азат етудегі рөлінің зор екендігі туралы қағидаларына наразылық білдіреді, нақты мысалдармен керісінше құбылысты дәлелдейді, панисламизмге қарсы күрестің қажеттігі туралы ұсыныстарын сынға айтады. Олар В.И. Ленинге бодан халықтарды отаршылардың қолымен, немесе отаршыларға арқа сүйейтін жергілікті биліктің қолымен босатуға болмайтынын ескертеді [211]. Орыс шовинистерінің мұсылмандарды еркімен жіберуге болмайды, олар мемлекет те, қуатты экономика да құра алмайды, барды қиратып бітеді дейтін уағызына соққы береді [212].

Түркістан делегациясы 1920 жылы маусым айының ортасында Мәскеуде түркі-мұсылман аймақтарынан келген ұлт қайраткерлерімен кездесіп, жиын ұйымдастырады [213]. Оған Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық бюросынан Мірсейіт Сұлтанғалиев [214], Сахибкерей Саидғалиев [215], Шаймардан Ибрагимов [216], Татарстаннан

Микдат Брундуков [217], Қазақстаннан А. Байтұрсынов [218] пен Ғ. Бөкейхан [219], Башқұртстаннан Ахметзаки Уәлидов [220] пен Харис Юмағұлов [221], Түркістаннан Т. Рысқұлов пен Низамедин Қожаев [222], Түркиядан Баха-Али Саидбек [223] пен Фуат бей Сабит [224] қатынасады. Жиында түркі кайраткерлері РКП (б)-ның ұлт саясаты, оған қарсы тұрудың жолдары мен амалдары туралы кең тұрғыда ойластырды.

Түркістан өкілі Н. Қожаев РКП (б) бағдарламасының Шығыс өлкелеріне сай еместігін, сондықтан да ол бағдарламаға өзгерістер енгізбей, қолдану мүмкін еместігін баяндайды. Басқару аппаратында әлі күнге бұрынғы патша әкімдерінің отырғанын, олардың отарлық саясатты жалғастырып, мұсылмандарды билікке жолатқысы келмейтінін мәлімдейді. Сондықтан да, дейді Н. Қожаев, РКП (б) бағдарламасын қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізу үшін мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін шақыру қажеттілігін айтады.

РКП (б) бағдарламасы, дейді Башқұртстан өкілі Х. Юмагулов, Шығыс үшін емес, Батыс үшін жазылған. Осы бағдарламаны басшылыққа алған жергілікті орыс большевиктері мұсылмандарда қалыптасқан пролетариаттың болмауына байланысты, кеңес өкіметі ол аймақтарда тек орыс тұрғындарына ғана арқа сүйей алады деген саясат ұстанып отыр, сондықтан да партияның бағдарламасына міндетті түрде өзгерістер енгізу керектігін пайымдайды.

Башқұртстанның келесі өкілі А. Уәлидов Шығыс халықтары орыс революциясының ізімен жүре алмайды, бірақ Шығыста революциялық қозғалыс қажет. Экономикалық кіріптарлық сақталып отырған жағдайда республикалардың егемендігі туралы сөз болуы мүмкін емес. Ұлт аймақтарында кеңестік билік патша отаршыларының қолында тұр. Сондықтан да, Шығыс аймақтарында ұлттық күштердің революцияланып, билікті өз қолдарына алуы тиіс деп тұжырымдайды.

Түркістан өкілі ретінде сөйлеген Т. Рысқұлов кеңес өкіметінің ұлт мәселесін шеше алмай отырғанын айыптайды. Батыстың езгісінен құтылу үшін Шығыс аймақтарында ұлттық революция қажет. Түркістанда, Башқұртстанда, Қазақстанда орыс революционерлері билікті тартып алды да, билеп-төстей бастады. Қазір губернаторлардың билігін орыс жұмысшысының билігі алмастырған. Өзгерген еш нәрсе жоқ. Шығысты Қызыл армияның күшімен азат ету мүмкін емес. Орыс отаршылары мен Орыс Қызыл армиясын Ресейге қайтару керек. Құрылып жатқан ұлттық республикалар тек қағаз жүзінде ғана өмір сүріп отыр. Кеңес өкіметі ұлттық қозғалыстарға дем беріп, қолдауы тиіс. Шығысты азат ету үшін тез арада барлық Шығыс республикаларынан орыс отаршы-шовинистері кері шақырып алынсын, ұлт аймақтарында мұсылман партия ұйымдары құрылсын, Шығыс республикаларында Қызыл армияның құрамы түгелдей мұсылман өкілдерінен жасақталатын болсын, ал мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін Мәскеуде емес, Бакуде немесе Ташкентке шақыру қажет екендігін алға тартады.

Жиынның соңына таман сөз алған А. Байтұрсынов өзіне дейін сөйлеген шешендердің пікірлерін толық қостайтынын, Қазақстанның билігі қазір

Пестковский сияқты эмиссарлардың қолына көшкенін, жағдайды талқылау үшін мұсылман коммунистерінің съезін шақырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Ұлт аймақтарында қалыптасқан саяси жағдайды жан-жақты талқылаған қайраткерлер жиында 1920 жылы 1 тамызда Баку қаласына мұсылман коммунистерінің Бүкілресейлік съезін шақыру туралы бірауыздан қаулы қабылдайды. Съезге мұсылман партия ұйымдарынан 500 мүшеден 1 делегат, ал жасырын жағдайда жұмыс істеп жатқан Түркия коммунистерінің ұйымдарынан әр 100 мүшеден 1 делегат жіберу туралы шешім шығарды. Жиын қаулының соңғы нұсқасын даярлау үшін құрамына Мірсейіт Сұлтанғалиев, Сахибкерей Саидғалиев, Ахметзаки Уәлиди және Тұрар Рысқұлов кірген арнайы комиссия құрады. Бірақ РКП (б) ОК түркі қайраткерлерінің бұл ұсынысын да іске асыртпай тастады.

Түркістан делегациясы Мәскеуде жүрген уақытта Ташкенттегі Түріккомиссия мүшелері – М. Фрунзе, В. Куйбышев пен Ф. Голощекин қауырт қимылдап, делегация жетекшілеріне қарсы топ ұйымдастырып, оларды қаралауға кірісті. Жергілікті орыс коммунистерінің қолдауына сүйенген Түріккомиссия мұсылмандар ортасына жік түсіру үшін түрліше айла-шарғы қолданып бақты, нәтижесінде мұсылман қайраткерлері әлеуметтік, ұлттық, тіпті рулық-тайпалық белгілері бойынша бір-бірімен өштескен топтарға жіктеліп тынды. Енді ғана ұйымдасып, жұмылып келе жатқан мұсылман коммунистерінің ұлттық мүдде жолында күш біріктіруіне жол берілмеді [225].

РКП (б) ОК-мен күрес барысында Түркістан делегациясы теория мен саясаттың, көтерілген ұран мен қайнаған өмірдің үйлеспейтіндігі, жүргізіліп жатқан саясаттың екіжүзділігі мен жалғандығын айқын түсінеді. Ұзаққа созылған күрестің нәтижесіз аяқталуы мұсылман қайраткерлерінің сенімін жоғалтты. Ташкентке оралғаннан кейін, 1920 жылы 18 шілдеде Түркістан делегациясының барлық мүшелері қызметтерінен бас тартып, отставкаға кетеді. 1920 жылы 22 шілдеде Т. Рысқұловтың саяси қызметтен кетіп, шығармашылықпен айналысу туралы өтініші қанағаттандырылды [226]. 1920 жылы 29 шілдеде РКП (б) ОК-і Түркістанды жеке-дара билеп-төстеуге көшкен Түріккомиссияға қосымша тағы бір эмиссарлық орган – Түрікбюроны тағайындайды [227]. Түрікбюро құрамына Я. Петерс, Л. Каганович сияқты сыннан өткен большевиктер кіргізілді. Тамыз айында Түркістанға Ресейден түрлі жұмыстар үшін тағы да 150 адам жіберілді [228]. Түркістанның саяси тізгіні Мәскеудің қолына біржола көшті, жергілікті жерде оның саясатына қарсы тұратын саяси күш қалмады. 1920 жылы 19 шілдеде Түріккомиссия Түркістан Өлкелік партия комитетін таратып, Уақытша Орталық Комитет ұйымдастырады [229]. Түріккомиссия тарапынан жасалынған қысымның нәтижесінде жергілікті коммунистердің жаңа тобы билікке баруға мәжбүр болады. 1920 жылы шілде айының соңында Петерс Преображенскийге Рысқұлов бастаған мұсылмандардың ұлттық козғалысы құртылғандығы туралы қуана хабарлайды. Петерс Түркістан мұсылмандарының ұлттық козғалысын құрту үшін Түріккомиссияның қандай тактика қолданғанына

тоқталады. Біздің ұстанған тәсіліміз, дейді Петерс, өзіміз көлеңкеде тұрып, мұсылмандардың жаңа тобын билікке жылжыту болды. Олар Халық Комиссарлар Кеңесі мен Түрікатком басына барғылары келмеді, бірақ біз оларды зорлап көндірдік [230].

Осылайша, 1920 жылы жазда Түріккомиссияның тілегі орындалып, Түркістанның саяси егемендігі, мұсылман халықтарының теңдігі жолында күрескен, өз мақсаттарын орындау жолында табандылығымен көзге түскен мұсылман қайраткерлері жаппай саяси қуғынға ұшыратылды.

Мұсылман бюросына топтасқан Түркістанның жас мұсылман қайраткерлері кеңестік билік жағдайында Алаш қозғалысы мен Түркістан Мұхториятының ізгі идеяларын іс жүзіне асыру жолында табанды күрес жүргізген болатын.

1.Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости /Коллектив авт.: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000. – 672 с.

2. Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов. Ред. колл.: А.В. Пятковский (отв. ред.) и др. – М.: АН СССР, 1960. – 795 с.

3. Катков Г. Февральская революция. – М.: Центрполиграф, 2006. – 448 с.

4. Абдурахимова Н.А., Рустамова Г. Колониальная система власти в Туркестане во второй половине XIX – первой четверти XX вв. – Ташкент: Университет, 1999. – С. 89.

5. Туркестан в начале XX века. – С. 20.

6. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. В 2-х томах. Т. 1. – Ташкент: Издательство АН Узбекской ССР, 1963. – С. 57-58.

7. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨРОМА). И-1044-к., 1-т., 10-іс, 1-п.

8. Пролетарская революция. – 1928. – № 8 (79). – С. 107-108.

9. Туркестанские ведомости. – 1917. – 4 мая. – № 35. 10. Наша газета. – 1917. – 5-7 мая. – № 9, 11-13.

11. Туркестан в начале XX века. – С. 40.

12. Буттино М. Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР. / Перевод с итальянского Николая Охотина. – М.: Звенья, 2007. – С. 112-113.

13. Туркестан в начале XX века. – С. 30-32.

14. 1917 жылы 20-25 тамыз күндері Ақтөбе қаласында II Торғай облыстық съезі өтіп, оған төрағалықты Сағындық Досжанов жүргізді.

15. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 жыл – желтоқсан 1917 жыл. 1 том. – Алматы: Алаш, 2004. – 229-242 б.

16. Алаш қозғалысы. 1 том. – 362-363 б.

17. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. 4 том: Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. Т. 4. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 276-277 б.

18. Алаш қозғалысы. Т.1. – 389-398 б.

19. Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиналысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 тамыз. – № 6.

20. Алаш қозғалысы. 1 том. – 389-398 б.
21. Махаева А.Ш. 1917 жылғы саяси өзгерістер кезінде Алаш қозғалысы және қырғыз ұлттық саяси элитасы // Қазақстан мұрағаттары. – 2007. – № 2 (4). – 6-7 б.
22. ӨРОМА. 1044-к., 1-т., 3-іс, 208-п.
23. Туркестанский курьер. – 1917. – 2 августа. – № 171.
24. Туркестанский курьер. – 1917. – 3 августа. – № 172.
25. Туркестанский курьер. – 1917. – 19 августа.
26. Шадманова С. Нарушение прав и свобод человека через призму истории: Семиреченская трагедия на страницах Туркестанской периодической печати // Отан тарихы. – 2007. – № 3. – С. 39.
27. Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент: Фан, 1967. – С. 105.
28. История Казахстана и Центральной Азии: Учебное пособие/Абусеитова М.Х. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 434.
29. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Т. 1. – С. 324-325.
30. Муравейский Б. Д. Материалы по истории Октябрьской революции в Туркестане. – Ташкент: Издательство Подотдела печати ЦК КПТ, 1922. – С. 47.
31. Туркестан в начале XX века. – С. 67-68.
32. Наша газета. – 1917. – 18 ноября. – № 130.
33. Туркестан в начале XX века. – С. 72.
34. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – М., 1921. – С. 114.
35. Наша газета. – 1917. – 23 ноября. – № 133.
36. Ұлық Түркістан. – 1917. – 8 желтоқсан.
37. Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии (Туркистон Мухторияти). – Ташкент: «Ташкент ислом университети», 2006. – С. 189.
38. Туркестанский вестник. – 1917. – 9 декабря.
39. Известия Временного правительства Автономного Туркестана. – 1917. – 13 декабря. – № 1.
40. Туркестан в начале XX века. – С. 83.
41. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. – С. 194.
42. Ұлық Түркістан. – 1917 ж. – 8 желтоқсан.
43. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. – С. 197-198.
44. Сафаров Г. Колониальная революция. – С. 120.
45. Туркестан в начале XX века. – С. 92.
46. История гражданской войны в Узбекистане. В 2-х т. Т. 1. – Т., 1964. – С. 127.
47. ӨРОМА. Р-25-к. 1-т. 6-іс. 74-75-пп.
48. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. – С. 214-215.
49. Буттино М. Революция наоборот. – С. 247.
50. Ұлық Түркістан. – 1917. – 19 қаңтар.
51. Наша газета. – 10 января 1918 г. – № 7.
52. Наша газета. – 18 января 1918 г. – № 14.
53. Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. – С. 587.
54. Ұлық Түркістан. – 1918. – 28 қаңтар.
55. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. – С. 221.
56. Ұлық Түркістан. – 1918. – 21 қаңтар.
57. Алексеенков П. Кокандская автономия. – Ташкент: Узгосиздат, 1931. – С. 45.

58. История гражданской войны в Узбекистане. Т. 1. – С. 135.
59. Новый Туркестан. – 1918. – 12 марта.
60. За Советский Туркестан. Сборник воспоминаний. – Ташкент, 1963. – С. 91.
61. Агзамходжаев С. История Туркестанской автономии. – С. 227.
62. Туркестан в начале XX века. – С. 108.
63. Ұлық Түркістан. – 1918. – 12, 14, 19 наурыз.
64. Раджабов К.К. Вооруженное движение в Туркестанском крае против советского режима (1918-1924 гг.). Автореферат ... д.и.н. – Ташкент, 2005. – 65 с.
65. Сельскохозяйственный обзор Туркестанского края (Сырдарьинская, Самаркандская и Закаспийская области) за 1915 г. По данным текущей статистики. Вып. 1. – Ташкент, 1916. – С. 10-11.
66. Среднеазиатский экономический район: Очерки по экономике Средней Азии. – Ташкент, 1922. – С. 43.
67. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 366-іс, 95-п.
68. Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление // Общественные науки в Узбекистане. – 1989. – № 12. – С. 34.
69. Набиев Ф. Из истории ликвидации разрухи в сельском хозяйстве Туркестана (1918-1920 гг.) // Общественные науки в Узбекистане. – 1985. – № 10. – С. 23.
70. Зиманов С. От освободительных идей к советской государственности в Бухаре и Хиве. – Алма-Ата, 1976. – С 137.
71. Зуев Д.Д. Ферганское басмачество (1918-1922). // Гражданская война. Том III. Материалы по истории ферганского басмачества и боевых операций в Бухаре. – М., 1924. – С. 32.
72. Наша газета. – 1918. – 31 июля. – № 156. – С. 2. 73. РӘСТМА. 17-к., 65-т., 380-іс, 5-п.
74. Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының мұрағаты (ӨРПАА). 60-к., 1-т., 60-іс, 43-арт.п.
75. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 909-іс, 165-165-арт. пп.
76. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 909-іс, 164-п.
77. Ақиқат (Алматы). – 1992. – № 1. – 19-б.
78. Четвертое совещание ЦК РКП (б) с ответственными работниками национальных республик и областей в Москве 9-12 июня 1923 г. Стенографический отчет. – М.: Бюро Секретариата ЦК РКП (б), 1923. – С. 103.
79. Сафаров Г. Колониальная революция. – С. 107.
80. Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана (Сборник главнейших статей, докладов, речей и тезисов). С предисловием автора. Часть I. 1917-1919. – Ташкент, Узгосиздат, 1925. – С. 37.
81. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 171-іс, 118-120-пп.
82. Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – С. 41-42. 83. Наша газета. –-1919. – 18 января. – № 12. – С. 3.
84. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 103-іс, 47-п.
85. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 11-іс, 43-п.
86. ӨРОМА. Р-31-к., 1-т., 60-іс, 33-п.
87. Семенюта В.А. Продовольственный кризис в Туркестане в 1917-1918 годах и его преодоление. – С. 35.
88. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 103-іс, 33-п.

89. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 33-п.
90. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – С. 53. 91. ӨРОМА. Р-31-к., 1-т., 3-іс, 119-п.
92. Наша газета. – 1919. – 2 февраля. – № 21.
93. Наша газета. – 1919. – 31 января. – № 19.
94. Рыскулов Т. Избранные труды. – С. 50-51. 95. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 11-іс, 165-п.
96. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 29-п.
97. ӨРОМА. Р-40-к., 1-т., 16-іс, 11-арт. п.
98. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 198-іс, 8-8 арт. пп.
99. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 26-п.
100. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 25-25 арт. пп.
101. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 113-іс, 86-86-арт. пп.
102. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 10-10-арт. пп.
103. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 184-іс, 70-70-арт. пп.
104. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 171-іс, 118-120-пп.
105. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 173-іс, 29-п.
106. Наша газета. – 1919. – 18 января. – № 12. – С. 3. 107. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 144-іс, 46-арт. п.
108. ӨРОМА. Р-29-к., 3-т., 1340-іс, 1-п.
109. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 223-іс, 4-п.
110. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 13-п.
111. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 8-8 арт. пп.
112. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 20-20-арт. пп.
113. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 20-20-арт. пп.
114. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 13-арт. п.
115. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 5, 31-п.п.
116. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 197-іс, 15-п.
117. ӨРОМА. Р-29-к., 3-т., 1340-іс, 56-п.
118. ӨРОМА. Р-29-к., 3-т., 1340-іс, 14-п.
119. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 92-іс, 77-п.
120. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 92-іс, 77-п.
121. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 99-іс, 61-62-пп.
122. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 99-іс, 92-п.
123. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 99-іс, 62-п.
124. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 99-іс, 63-п.
125. Рыскулов Т. Революция и коренное население Туркестана. – С. XII.
126. Туркестанский коммунист. – 1919. – 10 апреля. 127. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 85-іс, 26-арт. п.
128. Известия ТурЦИКа. – 1919. – 27 апреля. 129. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 59-іс, 32-п.
130. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 299-іс, 19-п.
131. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 299-іс, 18-18-арт. пп.
132. Хасанов М.К. «Кокандская автономия» и некоторые ее уроки // Общественные науки в Узбекистане. – 1990. – № 2. – С. 41-52.
133. ӨРОМА. Р-36-к., 1-т., 17-іс, 217-п.
134. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 3-3-арт. пп.

135. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 36-п.
136. ӨРОМА. Р-17-к., 2-т., 23-іс, 220-п.
137. ӨРОМА. Р-17-к., 2-т., 23-іс, 220-п.
138. Известия (Ферганского облсовдепа). – 1919. – 7 мая. – № 93. 139. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 699-іс, 29-п.
140. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 14-іс, 75-75-арт. пп.
141. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 695-іс, 297-299-пп.
142. Известия ТурЦИКа. – 1919. – 8 июня. – № 117. 143. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 14-іс, 10-іс, 63-п.
144. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 14-іс, 699-іс, 15-п.
145. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 59-іс, 95-арт. п.
146. Туркестанский коммунист. – 1919. – 23 июля. 147. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 236-іс, 9-п.
148. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 236-іс, 9-п.
149. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 66-п.
150. Из истории гражданской войны в СССР. Сборник документов и материалов. В 3-х томах. (1918-1922). Т. 2 (март 1919 – февраль 1920). – М.: Современная Россия, 1961. – С. 736.
151. Туркестанский коммунист. – 1919. – № 127. 152. ӨРОМА. Р-25-к., 1-т., 143-іс, 82-арт. п.
153. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 136-п.
154. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 136-арт.п.
155. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 136-арт.п.
156. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 10-іс, 243-іс, 118-п.
157. РӘСТМА. 122-к., 1-т., 47-іс, 10-п.
158. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 200-іс, 10-п.
159. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 106-п.
160. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 67-п.
161. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 243-іс, 21-21-арт. пп.
162. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 688-іс, 6-п.
163. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 111-п.
164. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 60-іс, 22-п.
165. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 228-іс, 131-132-пп.
166. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 31-іс, 27-п.
167. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 131-іс, 1-п.
168. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 260-іс, 30-п.
169. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 69-іс, 12-п.
170. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 61-іс, 35-35-арт.пп.
171. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 61-іс, 61-п.
172. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 244-іс, 64-арт.п.
173. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 413-іс, 7-п.
174. Из истории гражданской войны в СССР. Т. II. – С. 739 -740. 175. ӨРОМА. Р-36-к., 1-т., 15-іс, 80-п.
176. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 62-іс, 5-п.
177. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 289-іс, 13-п.
178. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 62-іс, 10-арт.п.

179. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 405-іс, 29-арт.п.
180. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 405-іс, 29-п.
181. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 493-іс, 68-69-пп.
182. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 493-іс, 41-п.
183. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 493-іс, 158-п.
184. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 214-іс, 203-203-арт.пп.
185. РӘСТМА. 122-к., 1-т., 44-іс, 21-п.
186. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 403-іс, 22-п.
187. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 526-іс, 161-п.
188. Известия ТурЦИКа. – 1920. – 27 января. – № 18. 189. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 210-іс, 294-п.
190. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 210-іс, 283-арт.п.
191. Известия ТурЦИКа. – 1920. – 13 февраля. – № 13.
192. Отчет о деятельности Совета Народных Комиссаров и Экономического Совета Туркестанской Республики на 1-е октября 1922 года. Составлен ЦСУ Туркреспублики под редакцией Д.П. Красновского. – Ташкент: Издание ТЭС-а, 1922. – С. 53.
193. Отчет о деятельности Совета Народных Комиссаров и Экономического Совета Туркестанской Республики на 1 октября 1922 г. – С.53.
194. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 406-іс, 126-арт. п. – 127-арт. п.
195. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 406-іс, 127-арт. п.
196. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 406-іс, 126-п.
197. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 214-іс, 184-п.
198. АОМА. 350-к., 1-т., 42-іс, 77-78-пп.
199. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 39 а – іс, 42-43-пп.
200. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 257-іс, 176-арт.п.
201. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 404-іс, 28-п.
202. Рыскулов Т.Р. Избранные труды. – С. 43. 203. РӘСТМА. 122-к., 1-т., 23-іс, 136-139-пп.
204. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 5-бас. 41-т. 473-477-бб.
205. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 41-т. 473-474-бб.
206. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 41-т. 474-б.
207. Ленин В.И. Шығармаларының толық жинағы. 41-т. 474-475-бб. 208. РӘСТМА. 17-к., 84-т., 89-іс, 1-10-пп.
209. РӘСТМА. 17-к., 1-т., 158-іс, 1-1-арт. пп.
210. РӘСТМА. 5-к., 3-т., 3-іс, 23-26-пп.
211. РӘСТМА. 5-к., 3-т., 3-іс, 23-24-п.
212. РӘСТМА. 5-к., 3-т., 3-іс, 25-п.
213. РӘСТМА. Ұлт істері жөніндегі комиссариат коллекциясы. 2 папка. 558-к. 37-іс. 70-п және арт. п.
214. Сұлтанғалиев Мірсейіт Хайдарғалиұлы (1892-1940 жж.) – мемлекет және қоғам қайраткері. РКП (б) мүшесі (1917-1923 жж.). Бүкілресейлік Мұсылман кеңесі Орталық Комитетінің хатшысы және іс жүргізушісі (1917 ж.), РКФСР Әскери халық комиссарияты жанындағы Орталық мұсылман әскери коллегиясының төрағасы, РКП (б) Орталық Комитетінің Шығыс халықтары коммунистік ұйымдары Орталық бюросының төрағасы, РКФСР Ұлттістеріжөніндегіхалыккомиссариатыколлегиясының

мүшесі (1917-1920); 1920-1921 жж. – Қызыл Армияның Саяси басқармасының Шығыс бөлімінің бастығы, 1923 жылы мамырда «контрреволюциялық қызметі» үшін деген жалған айыппен партия құрамынан шығарылып, тұтқындалады, бірақ үш айдан соң босатылды. 1928-1934 жж. екінші рет тұтқындалып, Соловки лагерінде айдауда болды, артынан мерзімінен бұрын босатылып, Саратов облысында тұруға рұқсат беріледі. 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1940 жылы атылды. 1990 жылы М. Сұлтанғалиев толық ақталды.

215. Саидғалиев Сахибкерей (1894-1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1894 жылы Уфа қаласында дүниеге келген. Тұрмыс жағдайының нашарлығына байланысты бастауыш білім ала алмаған. Ақпан революциясын әскер қатарында Екатеринбургта қарсы алған ол қалалық жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесіне мүше болып сайланып, 1917 жылы наурызда РСДРП қатарына қабылданады. Орал облыстық мұсылман әскери кеңесінің төрағасы (1917 ж.), Қазан кеңесі жанындағы ұлт істер жөніндегі комиссар (1917-1918 жж.), Уфа, Белебей, Аксаков қалаларында партиялық қызметпен айналысады. 1919 жылдың қарашасынан РКП (б) Орталық Комитетінің Шығыс халықтары мұсылман ұйымдарының Орталық Бюросының төрағасы; 1920 жылы алдымен Татар АКСР революциялық комитетінің, артынан Татар АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, 1921-1924 жж.– Қырым АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, 1924-1929 жж.– РКФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы Орталық Бақылау Комиссиясы қаржы және ауылшаруашылық инспекциясының меңгерушісі. Коммунистік Академияның тыңдаушысы, 1931-1937 жж. – КСРО Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Саратов-Рязань-Орал темір жолы саяси бөлімінің бастығы, 1937 жылғы сталиндік репрессияның құрбаны. 1955 жылы толық ақталды.

216. Ибрагимов Шаймардан Нуриманұлы (1899-1957) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1917-1918 жж. – РКП (б) Благуше-Лефортов аудандық комитетінің хатшысы, 1918-1919 жж.– Саранск қаласындағы 1-ші армиясының мобилизациялық бөлімінің бастығы, 1919 жылы 1-ші армияның арнайы әскер тобының бастығы ретінде бірқатар көтерілістерді басуға қатынасқан. Шығыс халықтары коммунистік ұйымдарының Орталық Бюросының хатшысы, Татар және Башқұрт республикаларының Мәскеудегі өкілетті өкілі; 1920 жылы Татар АКСР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, Қырым АКСР-ның Мәскеудегі өкілетті өкілі, 1922-1923 жж. – БАОК жанындағы Башқұрт АКСР-ның тұрақты өкілі, 1923-1926 жж. – БКП (б) ОК ұйымдастыру-үйлестіру бөлім меңгерушісінің көмекшісі, БКП (б) ОК жауапты инструкторы, Шығыс халықтарының Орталық баспасының меңгерушісі; 1926-1928 жж. – Түркіменстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жауапты хатшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері.

217. Брундуков Микдат Юнусұлы (1896-1965 жж.) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1918 жылы Пермь губерниялық мұсылман әскери коллегиясының төрағасы, 1919 жылы губерниялық ұлт бөлімінің баспа меңгерушісі, «Коммунист» атты татар газетінің редакторы, Вятка татар коммунистерінің губерниялық бюросының мүшесі; 1920-1921 жылдары Орталық мұсылман әскери коллегиясының әскери жетекшісі; 1921-1922 жылдары Бүкілресейлік Бас штабтың Шығыс бөлімінің бастығы, РКФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы және Ұлт істері жөніндегі халық комиссарларының жеке хатшысы; 1922-1924 жылдары Татар АКСР Халық ағарту комиссары; 1925-

1927 жылдары КСРО Мемлекеттік банкінің татар бөлімінің меңгерушісі; 1927-1929 жылдары «Терісиндикат» татар бөлімінің директоры, Татар АКСР Орталық Атқару Комитеті төралқасының мүшесі; 1930 жылы жазықсыз тұтқындалып, 5 жыл мерзімге лагерьге жер аударылады. 1935 жылдан кейін Архангельск қаласында өмір сүрді. 1938 жылы «Антикеңестік ұлттық ұйым» ісі бойынша қайтадан қуғынға ұшырап, лагерьге аттандырылды. 1955 жылдан бастап өмірінің аяғына дейін Самарқан қаласында педагогикалық қызметпен айналысты.

218. Байтұрсынов Ахмет (1873-1937 жж.) – қоғам қайраткері, ағартушы – ғалым. 1895 жылы Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін аяқтады. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінің болыстық училищелерінде, 2-сыныптық қазақ-орыс училищесінде педагогикалық қызметпен айналысты, 1907 жылы қысқа мерзімге тұтқындылған; 1910-1917 жылдары Орынбор мектептерінде мұғалім; 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы; 1917 жылы сәуірде I Торғай облыстық қазақ съезінің төрағасы; 1917 жылы жалпықазақ съезін шақыруды ұйымдастыру бюросының мүшесі, 1917 жылы шілдеде I жалпықазақ съезі төрағасының орынбасары; 1917 жылы желтоқсанда II жалпықазақ съезінің делегаты; 1917-1919 жылдары «Алашорда» үкіметінің оқу комиссиясының мүшесі; 1917-1918 жылдары Торғай облысынан Ресей Құрылтай жиналысы мүшелігіне кандидат; 1918-1919 жылдары «Алашорда» Торғай облыстық комитетінің және оның әскери кеңесінің мүшесі; 1919 жылы қыркүйекте Қазревком төрағасының міндетін уақытша атқарушы; 1919-1920 жылдары Қазревком төрағасының орынбасары, Қазревкомның ішкі басқару бөлімінің меңгерушісі; 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР Ағарту халкомы; 1921-1922 жылдары Қазақ АКСР Ағарту халкомының орынбасары, Қазақ АКСР Ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы; 1922-1925 жылдары Қазақ АКСР Ағарту халық комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, «Ақ жол» газетінің қызметкері, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы; 1925-1929 жылдары Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтының және Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының оқытушысы; 1929 жылы маусымда тұтқындалып, 1930 жылы сәуірде КСРО Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма коллегиясының шешімімен ату жазасына кесілген. 1931 жылы қаңтарда ату жазасы 10 жыл еңбекпен түзету лагерьлерімен алмастырылып, Архангельск облысына жер аударылады. 1932 жылы тұтқыннан босатылып, Томск облысының Жуково деревнясына 3 жылға жіберілді. 1935 жылы тұтқыннан босап шыққан соң, Алматыда тұрды. 1937 жылы тамызда тұтқындалып, қарашада атылды. 1989 жылы қарашада толық ақталды.

219. Бөкейхан Ғабдулхаким (Абдул) Нұрмұхамедұлы (1896-1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1896 жылы Орал облысының Орда уезінде Шұғай ауылында дүниеге келген. 1917-1918 жылдары Мәскеу ауылшаруашылық академиясында білім алған; 1919 жылы Бөкей губерниялық атқару комитеті төрағасының орынбасары; 1919-1920 жылдары Қазақ ревкомының мүшесі, БАОК және РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Қазақ ревкомының өкілі; 1920-1921 жылдары Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің жауапты хатшысы; 1921-1922 жылдары Ақмола және Семей губерниялық атқару комитеттерінің төрағасы; 1922-1925 жылдары Мәскеу Ауылшаруашылық академиясының студенті; 1925-1926 жылдары Орал губерниялық жер басқармасының бастығы; 1926 жылы Жетісу губерниялық

жер басқармасының бастығы; 1926-1927 жылдары Қазақ АКСР Жер шаруашылығы халық комиссариаты жанындағы Жерге орналастыру басқармасының бастығы; 1927-1930 жылдары Қарақалпақ облыстық Жоспарлау комитетінің бастығы және облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары; 1930 жылы Қазақ АКСР Сауда комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1930-1931 жылдары Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің жанындағы КСРО Бас мақта комитетінің өкілетті өкілі және Қазақ сушаруашылығы бастығының орынбасары; 1931-1933 жылдары Қазақ мақта комитеті басқармасының төрағасы және Қазақ АКСР Жер шаруашылығы комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1933-1934 жылдары Қазақстан бойынша КСРО Жер шаруашылығы комиссариатының Мақта-трактор орталығының өкілетті өкілі; 1934 жылы Қазақ АКСР Жер шаруашылығы комиссариатының жоспарлау, жерге орналастыру және мелиорация бөлімінің бастығы; 1934-1935 жылдары Қазақ АКСР Жер шаруашылығы комиссариатының мақта басқармасының бастығы, 1935-1937 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық жер басқармасының бастығы. 1937 жылы жазықсыз тұтқындалып, 1938 жылы ақпанда атылды. 1958 жылы ақталды.

220. Уәлидов Ахметзаки Ахметшаңұлы (Уәлиди Тоған) (1890-1970) – башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, мемлекет және қоғам қайраткері, шығыстанушы-түркітанушы, философия докторы (1935 ж.), профессор. Уфа губерниясында дүниеге келген. Утяково медресесінде білім алған. 1912-1915 жылдары Қазандағы «Қасымия» медресесінде сабақ берді; 1912 жылы алғашқы ғылыми еңбегін – «Түрік-татарлар тарихы» кітабын жарыққа шығарады; 1913-1915 жылдары Ресей Ғылым Академиясының тапсырмасымен Ферғана облысына және Бұқара әмірлігіне ғылыми іссапар жасайды; 1914 жылы Ресей IV Мемлекеттік думасының өкілі, Ресей мұсылмандарының Уақытша Орталық бюросының мүшесі, Уфа губерниясынан Ресей Құрылтай жиналысы мүшелігіне кандидат болып сайланды; 1917-1918 жж. Миллет мәжілісінің депутаты, Мәскеуде құрылған башқұрт облыстық бюросының мүшесі ретінде I және II Жалпыбашқұрт съездерін шақырумен айналысты, Башқұрт Орталық кеңесін құрды, 1917 жылы 15 қарашада Орынборда федеративті Ресейдің бөлігі ретінде Башқұртстан ұлттық-территориалдық автономиясын жариялады; 1918 жылы А.И. Дутов пен А.В. Колчак армиялары құрамында большевиктерге қарсы қарулы күреске қатысты. 1919 жылы Уәлидовтың басшылығымен башқұрт әскері кеңес өкіметі жағына өтіп, Кремльмен Башқұрт республикасын заңдастыру туралы келіссөздер жүргізді; 1919-1920 жж. Башқұрт ревкомының төрағасы; Артынан БАОК және РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің «Башқұртстан Автономиялы Кеңес Республикасының мемлекеттік құрылысы туралы» қаулысына наразылық білдіріп, большевиктерге қарсы бүлік ұйымдастырып, Хиуа хандығы мен Бұқара әмірлігі территориясында жасырынуға мәжбүр болады. Бұхара әмірі Саид Алимханмен біріге отырып, басмашылар қозғалысын ұйымдастырды. 1921 жылы жазда Түркістан Ұлттық Кеңесін құрады. Басмашылар қозғалысы бәсеңдеген соң, эмиграцияға кету туралы шешім қабылдайды. 1924 ж. Германияға келіп, Гаяз Исхакимен байланыс орнатады. 1925 ж. Түркия азаматтығын қабылдайды. Стамбул университетінде ғылыми-педагогикалық қызметпен айналыса жүріп, профессор атағына қол жеткізеді. «Джамият» Түркістан ұлттық бірлестігін жаңғыртуға қатысып, «Түркістан» газетін шығарады. 1935 ж. Вена университетін аяқтап, докторлық диссертация қорғайды. 1935-1970 жж. Бонн, Стамбул университеттерінде педагогикалық қызметпен айналысады, 1953 ж. Ислам зерттеу институтын құрып, директор болды. 1967 ж.

Манчестер университетінде құрметті доктор атағына қол жеткізеді. А. Уәлиди түркі тарихы бойынша мол ғылыми еңбектер жариялаған.

221. Юмагулов Харис Юмагулұлы (1891-1937) – мемлекет және қоғам қайраткері. Самара губерниясының Хасаново деревнясында дүниеге келген. 1914-1916 жылдары Мәскеу ауылшаруашылық академиясында білім алады, 1917 жылы Мәскеу прапорщиктер мектебін аяқтайды. 1917 жылы Башқұрт облыстық кеңесінің және Башқұрт үкіметінің мүшесі; 1919-1920 жылдары Башқұрт ревкомның төрағасы, «Ирек» башқұрт ұлттық партиясының төрағасы, РКП (б) Башқұрт облыстық комитетінің төрағасы; 1920 жылы «контрреволюциялық және антикеңестік қызметі» үшін РКП (б) қатарынан шығарылады; 1921-1931 жылдары Башқұрт АКСР мұғалімдер курстарының жетекшісі, БАОК жанындағы Башқұрт АКСР-ның өкілетті өкілі, БАОК төралқасы жанындағы Башқұрт АКСР-ның өкілдігінде қызмет істейді, 1931 жылы ВКП (б) қатарына қайта алынады; КСРО Астық және малшаруашылық совхоздар халық комиссариатының Батыс Сібір сүт-ет совхоздар басқармасының Есеп пен статистика бөлімінің бастығы; 1935 жылы ВКП (б) қатарынан шығарылып, 1937 жылы желтоқсанда атылды. 1956 жылы ақталды.

222. Қожаев Низаметдин Исаметдинұлы (1885-1942 жж.) – қоғам және мемлекет қайраткері. 1901 жылы Ташкенттегі орыс-түздік бастауыш мектепті, 1904-1905 жылдары баспа қызметкерлерінің митингтері мен ереуілдерінің қатысушысы, түрлі революциялық үйірмелердің мүшесі. 1914 жылы революциялық қызметі үшін баспадан жұмыстан шығарылған. 1916 жылғы халықты патша өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шақырды. 1917 жылы ескі Ташкент қалалық азық-түлік басқармасының мүшесі; «Тұран» қоғамының мүшесі; Ташкент қалалық кеңесінің депутаты; 1917 жылы 13 желтоқсанда Ташкентте кеңестердің қарулы бөлімдерімен қақтығысқа түскен мұсылман шерушілері жетекшілерінің бірі; 1918 жылы РКП (б) қатарына қабылданды; ТКП ескі Ташкент қалалық мұсылман комитетінің хатшысы, ескі қалалық атқару комитетінің төрағасы; Н.Қожаев М. Миршариповпен бірге 1919 жылы қаңтарда Ташкентте Осипов бүлігін басуға қатынасты. ТКП Орталық Комитетінің мүшесі (II және IV съездерде сайланған), Түрікатком мүшесі, РКП (б) Мұсылман бюросы төралқасының мүшесі, 1919 жылдың шілдесінен бастап ТКП Өлкелік комитетінің Ақтөбе майданындағы өкілетті өкілі; 1919 жылы күзде Ферғана облыстық ревкомының басшысы; 1919-1920 жылдары Түрікатком төрағасы Т.Рысқұловтың орынбасары, ТКП Орталық Бақылау комиссиясының мүшесі, «Түрік Кеңес Республикасын» құрған Т. Рысқұлов тобының белді мүшесі, 1920 жылы Мәскеуге аттанған Түркістан делегациясының мүшесі. Басмашылармен бейбіт көліссөздер жүргізу, құрбашыларды Мұсылман Қызыл Армиясына келуді жақтады. РКП (б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының Хорезм Республикасындағы өкілі. 1931-1932 жылдары Өзбек КСР Мемлекеттік Жоспарлау Комитет төралқасының мүшесі, Өзбек КСР Көне ескерткіштерді қорғау комитетінің төрағасы. 1931 жылы Орта Азия Мемлекеттік университетін аяқтаған. Сталиндік қуғын-сүргін құрбаны.

223. Баха Али Саидбек – бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары Осман армиясының офицері, 1918-1922 жылдары Түркияның азаттығы үшін күрес жетекшілерінің бірі, 1918 жылы 20 қазанда «Қаракөл» қоғамын ұйымдастырады. «Қаракөл» қоғамы Анатолиядағы ұлттық козғалысты қару-жарақпен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды. «Қаракөл» қоғамы большевиктермен байланыс орнатуға көп көңіл бөледі. 1919 жылы қыркүйекте Мұстафа Кемал мен Шығыс армияның қолбасшысы Қазым Қарабекірдің тапсырмасы бойынша құрамына – генералдар Халил-паша мен Якуб-

паша, доктор Фуад Сәбит пен Юсуф Зиядан сынды коммунистер кірген топпен Баха Али Саидбек Бакуға келіп, түрік коммунистік бөлімшесін ашады. РКП (б) Кавказ комитетімен біріге отырып, түрік коммунистерінің бұл тобы Әзірбайжанда кеңес өкіметін қайта орнатуға ат салысты. 1919 жылы қарашада Баха Саидбектің Кавказ комитеті өкілдерімен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде 1920 жылы 11 қаңтарда қол қойылған келісім-шарттың мәтіні даярланды. Бұл келісімге Кеңестік Ресейдің жағынан Ш. Элиава, ал Түркияның уақытша революциялық үкіметінің жағынан Баха Саидбек қол қойды. «Батыс Еуропа империалистерінің езгісінен барша мұсылман елдерін азат ету» келісімнің басты мақсаты болып бекітілді. Келісім бойынша Кеңестік Ресей түрік революциялық қозғалысын қару-жарақпен, қаржымен қамтамасыз етуді және басқа да көмек көрсетуді мойнына алған болатын. Түркия жағы өз кезегінде Ресейге ақ гвардияшыларға қарсы күресте, Батумда, Иранда, Ауғанстан мен Үндістандағы Британия империясына қарсы бағытталған көтерілістерге көмек көрсетуге міндеттенді.

1920 жылдың басында Әзірбайжанда жергілікті және орыс большевиктерімен қатар әрекет еткен түрік коммунистері «Түрік коммунистік партиясы» деп аталып, Халил-паша, доктор Фуад Сәбит, Сүлеймен, Баха Саидбек, Эркани Қарып Мұстафа, Юзбаши Якуб, Кішік Тағат, Салих Зеки, Сүлеймен Нури, Хилми және тағы басқалар белсенді әрекет етті. Аталған ұйым Бакуде «Жаңа жол» газетін шығарумен де айналысты. 1920 жылы маусымда түрік коммунистері – генерал Халил-паша, Баха Саидбек және доктор Фуат Сабит Мәскеуге келіп, Кеңестік Ресей басшылары – Каменевпен, Караханмен және Чичеринмен келіссөздер жүргізеді.

224. Фуат бей Сабит – түрік зиялы қауым өкілі, доктор, 1918-1922 жылдары Түркиядағы ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді қатысушысы, Бакудегі «Түрік коммунистік партиясының» және 1920 жылы Мәскеуге аттанған түрік делегациясының мүшесі. Фуат Сабит социалистік идеялармен алғаш рет Германияда жүріп танысады. Осы жерде ол бірінші дүние жүзілік соғыстың соңғы кезеңінде белсенді әрекет ете бастаған «Спартак» одағының мүшелерімен жақындасады. 1918 жылы Түркияға қайтып оралған соң, Фуат Сабит Мұстафа Кемал қозғалысына еніп, Ұлы Ұлттық Жиналыска депутат болып сайланды. 1919 жылы күзде М. Кемалдың тапсырмасымен ол Иран және Әзербайжан арқылы Мәскеуге аттанады. 1919 жылы Бакудегі «Түрік коммунистік партиясына» көмек көрсету мақсатында ол біраз уақыт Кавказда кідіріп қалады. Бакуде ол пантүрікшіл ұйымдардың бағдарламаларымен танысады. Фуат Сабит «Гуммет» партиясы арқылы Әзербайжанда РКП (б) Кавказ комитетінің мүшелері – В. Нанейшвилимен, И. Давлатовпен, М. Гусейновпен және түрік коммунисі Сүлеймен Нуримен байланысады. Әзербайжан Республикасының премьер-министрі Насиббек Усуббековпен кездеседі. Фуат Сабит Закавказье пантүрікшілерінің қызметі Түркияның ұлттық мүддесіне нұқсан сай емес деген қорытынды жасайды, өйткені, пантүрікшілдіктің мақсаттары М. Кемал бастаған түрік халқының ұлт-азаттық қозғалысына қайшы келеді деп түйді. 1920 жылы Фуат Сабит Баха Саидбекпен және генерал Халил-пашамен бірге Мәскеуге келіп, Кеңестік Ресей жетекшілігімен өзара көмек туралы келісім шартты жасасуға бағытталған келіссөздер жүргізуге белсене қатысады. Бұл келіссөздер Ресей мен Түркияның өзара көмек көрсету туралы шартқа қол қоюымен аяқталды. 1920 жылы шілдеде Мәскеуден Туапсеге келген Фуат Сабит генерал Халил-пашамен және түрік коммунисі Салих Зекимен біріге отырып, моторлы және желкенді қайықтармен Түркияға қару-жарақ тасымалын ұйымдастырады.

225. Қоңыратбаев О.М. «Рыскұловшылдық» дегеніміз не? // Жалын. – 1992. – № 4. – 44-52-б.

226. ӨРОМА. Р-17-к., 1-т., 181-іс, 177-п.

227. Азизханов А. Туркбюро – полномочный орган ЦК РКП (б). – Т., – 1977. – С.17.

228. Правда (Орган ЦК РКП (б)). – 1920. – 18 августа. 229. ӨРПАА. 60-к., 1-т., 426-іс, 2-п.

230. РӘСТМА. 17-к., 84-т., 79-іс, 107-арт.п.

3.2 АЛАШ ОРДА ЖӘНЕ РЕСЕЙ ДЕМОКРАТИЯСЫ

1905-1907 ж.ж. жинақталған саяси күрес тәжірибесі арқасында бостандық пен демократия идеясы зиялы қауым мен халық бұқарасының белгілі бөлігі арасында өз жақтаушыларын тапты. Оның дәлелі Екінші Мемлекеттік Думаның сайлауында Ә. Бөкейханның жақтастарының Қазақстанның барлық облыстарында дерлік жеңіске жетуі болды. Екінші Мемлекеттік Дума депуттары қатарында Ақмола облысынан Ш. Қосшұғылов, Орал облысынан Б. Қаратаев, Торғай облысынан А.Бірімжанов, Жетісу облысынан М. Тынышбаев, Семей облысынан Норакенов те болды. Екінші Мемлекеттік Думаның аз-ақ уақыт (1907 жылғы ақпанның 20-нан маусымның 2-не дейін) жұмыс істегеніне қарамастан, оның қазақ депуттары Ресей парламентіне өлкедегі жағдайдың шындығын жеткізуге мүмкін болғанның бәрін істеді.

Деректік мәліметтерге қарағанда алашшыл ұлт зиялылары саяси күрес жүргізуді, дипломатиялық, идеологиялық әдістерді кең қолданған. Өйткені, сол тарихи кезеңде (бүгінгі таңда да) қазақ қоғамының ішкі және сыртқы факторлары, яғни демографиялық ара салмақ, орыс халқының шовинистік пиғылы, автономия ісін жүзеге асыруда әрдайым тыңғылықты дипломатия қажет болды. Өйтпеген жағдайда елді азамат соғысына алып келетін еді. Бұл кезеңдегі қазақ зиялыларының әр бағыттағы ұлттық козғалыстармен қарым-қатынасы қызметінің нәтижесінде алаштық дипломатия мектебі қалыптасты деген қорытынды жасауымызға болады. Идеологиялық әдіс-қазақ қоғамын идеялық тұрғыда біріктіруде, халықтың саяси сана-сезімін оятуда және большевизмге қарсы үгіт-насихат жұмыстарында кеңінен қолданыды. Алаштықтардың Ресейдің шет аймақтарындағы азаттық бағытында жүргізілген ұлттық козғалыстармен тең дәрежелі қарым-қатынас орнатуға ұмтылуынан айқын көрінеді.

Қазақ зиялылары көзқарастарының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына Ресейдегі оқиғалар белгілі дәрежеде ықпал жасады. Ресейдегі бірінші буржуазиялық-демократиялық революция қазақ еңбекшілерінің саяси санасын өрістетті. Бұл оқиғаға Ресейдің өзіндегі түрлі топтардың көзқарасы мен қатынасы әрқалай болды. Өлкедегі әлеуметтік-саяси даму төмен болса да, революция кезінде ұлттық және жұмысшы козғалыстары жаңа сатыға көтеріліп, елдегі саяси-әлеуметтік оқиғаларға белсене араласты.

Ресейде Облысшылар деген атпен белгілі болған қоғамдық ағым Сібір тарихындағы ірі құбылыс болды. Ол шамамен XIX ғ. ортасынан бастап өңіріндегі Сібірдің экономикалық дамуымен байланысты болды. Оның пайда болып, дамуы Сібір өмірінің экономикалық, саяси және мәдени факторларының нәтижесі еді.

Бұл кезде капитализм кең түрде дамып, Сібір өлкесіне де енді. Крепостниктік құқық жойылғаннан кейін Ресейдің еуропалық бөлігінен Сібірге қоныстанушылар көбейді. Капитализм Сібір деревнясын да қамтыды. Өлкеде өнеркәсіп дамып, алтын өндірісі, ішкі және сыртқы сауда, транспорт, байланыс жүйелері дамыды. Сібір буржуазиясы күш жинап, қуаттанды, сонымен қатар жұмысшы табы қалыптасты. Сібір буржуазиясы өзін экономикалық жағынан шектегенді доғаруды талап етті, ал егер протекционизм болмаса, Ресейдің Еуропалық бөлігіндегі буржуазиямен теңестіруді қалады. Орталық пен шет аймақтың «Москва мен Сібірдің» мүддесін қарама-қайшы қоюдың экономикалық негізі осындай болды, ал оны Сібір облысшыларының көсемі Г.Н. Потанин бұл идеяны «Сібір буржуазиясының инстинктісінің оянғанына міндетті» болғанын атап өткен [1, 296-б.].

Экономикалық қанау саяси тәртіппен, чиновниктердің тонауымен, Сібір халқын қанаумен қатар жүрді. Сонымен қатар Сібір қылмыстың, саяси айдалғандардың орталығы болды, қазақтар «итжеккен» деп бекер атамады. Мемлекеттің тонаушылық саясаты нәтижесінде Сібір патша үкіметінің экономикалық және саяси жүйесінің қалдықтарын алды, рухани жағынан дамуын тежеді. Сібір қоғамында интеллигенция тобы қалыптасып, олар патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы күресті. Бұл идеялар баяу болса да, үздіксіз, ұзақ уақыт дамыды. Сібірдің мұқтажы туралы алғаш рет П.А. Словцов айтып, «сібірлік патриотизмді» шығыс аймақтың прогресі ретінде жариялады [2, 21-б.]. Бұл пікірді әйгілі Сібір жазушысы П.П. Ершов қолдап, Сібірдің пайдасы үшін қимыл жасап, рухани өмірді жандандыруды ұсынды.

Алайда алғашқы «Сібірлік патриоттардың» іс-әрекетін замандастары елеп-ескерген жоқ , тек облысшыларды идеялық жағынан дайындауда үлкен із қалдырды. Оның қоғамдық қозғалыс ретінде пайда болуы XIX ғ. 60-жж. байланысты, өйткені бұл кезде орыстың қоғамдық ойы өрістеп, крепостниктік қалдықтар мемлекеттік қана емес, елдің рухани өмірінде де күйрей бастады. Сібір өңіріндегі облысшылары туралы тарихи әдебиеттерде XIX ғасырдың 50-60-жж. қоғамдық қозғалыстың өрлеуі Потанин мен Ядринцев дүниетанымының қалыптасуына әсері қалай болғаны ғылыми әдебиеттерде арнайы айтыла қойған жоқ.

Потанин мен Ядринцевтің өзі бұл жөнінде «Біздің жергілікті өзіндік санамыздың актісі орыс өмірі оянуының ұлы актісімен бірге келді», – деп, Қырым соғысының біткен кезіне сай келгенін айтты [3, 7-б.]. Бұл дәуірді орыс өмірінің жаңарған кезі дей отыра, өздері де осы дәуірде өмір сүріп, ыдырағанын да атап өтеді [3, 7-б.].

Облысшыл идеялар алғаш рет Сібірде емес, Петербургте пайда болып, рәсімделді, ал ол кездегі азаматтық және қоғамдық өмір қиын жағдайда болды. Облыстық идея пайда болған орта сібірлік жерлестікті құрған студент жастар болды. Оған Сібір облысшыларының негізін қалаған Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев ақын И.В. Федоров (Омулевский), жазушы Н.И. Наумов, тарихшы С.С. Шашков т.б. кірді. Олар түрлі сословиеден шыққан, кәдімгі кедей студенттер болатын, әр тектілер еді. Бұл жастар еркін білім мен азаматтықты өз отанында, Сібірде, ақсақал болған декабристердсн жәнс айдауда жүрген петрашевшілерден алған болатын. Петерборда қайнап жатқан қоғамдық өмірге кіріп кеткен Сібір жерлестігінің мүшелері сол кездегі алдыңғы қатарлы социалистік ілімнің әсеріне тап болды. Облысшылардың ықпалды идеологтары Потанин мен Ядринцевке Н.Г. Чернышевский мен Д.И. Писарев, ал батысшыл социалистерден Луи Блан, Прудон, Лассальдың ықпалы күшті болды. Халықшылдық идеологтары Лавров пен Михайловскийдің де әсері аз болған жоқ. Маркстің ілімі де оларға белгілі болатын.

1859-1860 жж. Сібірден Петербургке Г.Н. Потанин, .М. Ядринцев, Н.И. Наумов, С.С. Шашков, Ф. Усов т.б. келеді. Потанин мен Ядринцев Сібірде жүріп-ақ, В.Г. Белинскийдің мақалаларымен танысып, «Современникті» бас алмай оқып келген болатын. Сібір жастарының басым көпшілігі Петербургте жоғары білім алды, барлық қоғамдық мәселелерді біліп жүрді, алдыңғы қатарлы орыс әдебиетімен таныс болды. Н.Г. Чернышевский, Н.А. Добролюбов, А.И. Герцен шығармаларын құмартып оқыды, «Полярная звезда», «Колоколды» үнемі талдап отырды. Орыс әдебиеті оларды қоғамдық мәселені терең қабылдауға, адамзат прогресіне деген сенімді қалыптастырды [3, 22-23-бб.].

Потанин Омбыда жүріп Чернышевскийдің мақалаларымен таныс болумен қатар, оның досы Лободовскиймен бірнеше рет сұхбаттасқан еді. Патша үкіметінің крепостной шаруалардың толқуларын аяусыз басып жаншуы Потаниннің ызасын келтірмей қойған жоқ. Петербургтен кетер алдында ол Герценнің «Былое и думы» романын шабыттана оқыды. Жалпы жас сібірліктердің көпшілігі Петербургтегі студенттердің қатарын молайтып, барлық қоғамдық оқиғалардың ішінде жүрді, сол кездегі революциялық-демократиялық рухтағы орыс әдебиетімен айналысты.

Г.Н. Потаниннің анықтауынша жерлестік облысшылар қызметінің негізі болып қалған «жергілікті басты сібірлік мәселелерді» қарады. Ол мына проблемалар болатын: 1) Сібірге қылмыстық айдауды жою; 2) экономикалық шектеуді жою және халық шаруашылығы мен Сібірде сауданы дамыту үшін тиімді жағдай жасау; 3) Сібірде өзінің жергілікті интеллигенциясын қалыптастырып, шығыс өлкесінің ақылды көсемдерін шығару; 4) Сібірге шаруаларды қоныстандыруды ұйымдастыру, жер қорын орнымен қолдану; 5) «бұратана» халықтың жағдайын түбегейлі жақсартуға бағытталған шараларды жасау [1, 298-б.]. Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцев Омбы түрмесінде, кейіннен айдауда жүрсе де олар өздерінің облыстық бағдарламасын жасауды тоқтатқан жоқ, қайта оның теориялық базасын жасауды қолға алды.

«Сепартистер ісі» бойынша тергеу 1865 ж. 28 қараша бітті, содан кейін ол материалдарды Петербург Тергеу Комиссиясы қарап, Сенатқа ұсыну үшін Әділет министрлігіне береді. Әділет министрлігі 1868 ж. басында ғана «үкім мен анықтаманы» шығарады. Мемлекеттік Кеңестің ықпалымен жаза жеңілдеп, Финляндияға бес жылға каторгалық жұмысқа жіберілген Г.Н. Потанин, Свеаборгте үш жыл крепостник жұмысқа, одан кейін Вологда губерниясының Никольск қаласына жіберіледі. Ол жерде 1874 жылға дейін болады. Ал Н. Ядринцев айдауда Архангельск губерниясының Шенкурскісінде 1873 ж. аяғына дейін болады. Екеуі де түрмеде көп оқып, облысшылар бағдарламасын жасауға күш жинады [4]. 1873 жылдың ақпанынан бастап Ядринцев пен Потанин үзбей хат жазысып тұрады. Бұл хаттар олардың облыстық дүниетанымының қалыптасқанын байқатады. Ядринцевтің хаттары 1918 ж. Красноярскіде біраз басылған, ал Потаниннің хаттары көп жыл бойы жоғалып кетті деп есептелді. Олар Томск облыстық өлкетану мұражайында сақталған. Потанин Ядринцевтің публицистикалық қызметіне бағыт бере отырып, барлық мәселені Сібірмен байланыстыру қажеттігін айтты. Потанин Москваның мануфактуралық қанауын, өлкеде интеллигенцияның жоқтығын жазуға кеңес береді [5].

Барлық құбылысқа сібірлік көзқараспен қарағандарын Потанин мен Ядринцевтің хаттары ғана емес, олардың мақалалары да дәлелдейді. Ол мақалалар «Дело», «Сібір», «Камск-Волга газеті», «Неделя», «Искрада» жарияланып тұрды. М.Г. Сесюнина сияқты зерттеушілер Ресейде федалдық қалдыққа қарсы күресіп жатқанда облысшылар Сібірмен ғана шектеліп, жалпыресейлік мәселені жергілікті мәселеге бағындырғысы келді, облысты бүкіл мемлкетке қарсы қойды, жасанды түрде Сібірді Ресейден бөліп алғысы келді, жалпыреволюциялық қозғалысқа Сібірдің қосылуын қаламады деп түйіндеді [6, 90-б.]. Әрине, кезінде IV Иванның шығыстағы саясаты нәтижесінде Ресейдің Сібірді жаулап алғаны белгілі. Отарланушы елдің азаматтары ретінде Потанин мен Ядринцевтің ойлары, ұстанымдары дұрыс деп есептейміз.

Бұл кездері Ресейде халықшылдық қозғалыс етек алды. Ол біртекті болған жоқ, өзінің пайда болған кезінен бастап түрлі ағымдар дамыды. Халықшылдардың қозғалысын сипаттаған В.И. Ленин Ресейдегі капитализмді прогресс де мойындады [7, 528-529-бб.]. Облысшылардың пікірі басқаша болды. Ядринцев «фабрикалық еңбекті қанауға» қарсы болды. Фабрика жұмысынан гөрі «шикізат көзін беретін егінші (землевладелец-сырьевик) жақсы тұратын еді, әрі дамыған» депесептеді. Ол Сібірде заводтар салып, өндіріс орталықтарын құру қажеттігін айтты [8, 51-б.]. Ядринцев капитализмнің дамуы туралы халықтың көзқарсын сынады. Оның мұраты – капиталистік Америка болды. Егер халықтар капитализмнің жаман жақтарын көріп, ол тек кедейлік әкеледі деп түсінсе, Ядринцев капитализмді конфликтісіз үрдіс ретінде қарады, сондықтан Сібір буржуазиясын жақтауға шақырды. «Ұлт, мемлекет өнеркәсібін айқындауда буржуазиямен санаспау мүмкін емес», «Бізде буржуазиямен соғысу сағаты соққан жоқ», – деді [8, 180-б.].

Егер халықшылдар орыстың алдыңғы қатарлы интеллегенциясының міндеті «орыстық негізде буржузиялық дамуымен күресу» деп санаса, облысшылар Сібір интеллигенциясының алдына буржуазияға ықпал ету керектігін айтты [8, 216-б.].

Облысшылар пролетариаттан революциялық тапты көрмеді, олар революцияны жоққа шығарды. Тап күресін прогреске кедергі жасайтын күйретуші күш деп есептеді. «... фабрикалар өртенеді, жакерия көтерілді, бұл күйреу емей немене?» – деді [9].

Сонымен халықшылдық теория капитализмді прогресс деп түсініп, Ресейдің капиталистік емес жолмен даму мүмкіндігінің барын мойындаса, облысшылар, керісінше, капитализм мен сібір буржуазиясын идеалдандырды. Олардың ұстанымы орыс буржуазиясы либералдарының ұстанымына ұқсас.

Халықшылдық көзқарастың екінші белгісі жалпы орыстың экономикалық құрылысын шаруалар қауымымен, артелімен қоса мойындау болды [10, 250-б.]. Бұл бағыттағы облысшылардың пікірі басқаша. XIX ғ. 70 жж. басында Ядринцев шаруалар қауымының ыдырау үрдісін байқап қана қоймай, бұл үрдістің себептерін түсіндіргісі келді. Мұның бәрін Потанинге жазды. «Тарихи заңдылық барлық қауыммен солай істесе, неге орыс қауымы басқаша болуы керектігін түсінбеймін», – деді [8, 65-б.]. Қауымнан интеллигенция құтылдырады деп есептеді, ал Сібір зиялылары сан жағынан аз, әрі әлсіз еді.

Ядринцевтің шаруа қауымы тағдырына дұрыс қарауына Г.Н. Потаниннің әсері болды. Айдауда жүрген кезде жазған хаттарында Потанин қауымның сөзсіз ыдырауын жақтаған жоқ [11]. «Неге біз Еуропа жүрген жолмен жүруіміз керек, неге ескі кірпіш жаңа үйге жарамайды», Сібір қауымы капиталистермен күресте жеңетінін айтып үміттенді [11]. Кулактар «сыртқы күш» қана, қауымның өз ішінде болатын үрдістердің өнімі емес деп санады. Потаниннің бұл пікірі деревняның экономикалық дамуымен байланысы жоқ «сыртқы өсім» деп есептеген халықшылдарға жақын болды.

1874 ж. Потанин «қауымдық дағдарыс» Орта Ресейде бар дегенімен Сібірге қатысты бұрынғы ұстанымында қалған, яғни «Қауымдық жер иелігінен қауымдық шаруашылыққа өту жүзеге асатын ел. Біздің отанымыздың дүниежүзілік маңызы осы», – деп санаған [12]. Облысшылар дүниетанымына қарағанда олар Сібір қауымдастығы тағдырына ерекше қарайды, ол өлкенің өнеркәсібі дамуымен қатар сақталды деп санады. Халықтар үшін шаруа қауымы болашақ социалистік құрылымның негізі болды, Ресей оған капитализмді аттап өтті деп түсініп келдік. Олар социализмге қарайғы жолды жерді шаруаға беру, яғни помещиктік жер иеленуді жойып, шаруалар көтерілісі көмегімен самодержавиені құлатуды көздеді. Облысшылар қауымдық жерді сақтап, оны одан әрі дамытуда капитализмді жоққа шығармады, қауымды өмір сүріп тұрған экономикалық және саяси құрылыста өкіметтің іс-шаралары және реформаларымен жүзеге асыруға болады деп есептеді. Ұзақ буржуазиялық реформизм оларға түсінікті еді. «Сібір отар ретінде» деген кітабында Ядринцев Сібірді болашақ үлес ретінде

«тыныш азаматтық даму, мәдени даму, бейбіт прогресс» деп анықтады [13, 122-б.].

Сонымен, облысшылар либералды халықшылдар сияқты революциялық күрестен бас тартып, қоғам мен мемлекеттің «іс-шаралары» жолымен шешуді дәріптеді. Егер халықшылдар XIX ғ. 80-90 жж. көрінсе, облысшылар 70-ші жылдары-ақ өз іс-әрекетінің басты мазмұнын айқындаған болатын: облысшылар мен орыс либералының ұқсастығы земстводан да көрінді. В.И. Лениннің «Земство куғыншылары және либерализм Аннибалдары» еңбегінде сипатталынды [14, 25-72-бб.]. Халықшылдардың үшінші белгісі «елдегі интеллигенция және заңдық-саяси мекемелердің нақты қоғамдық таптардың материалдық мүдделерімен байланысын жоққа шығаруы» [7, 29-б.]. Халықшылдардан айырмашылығы облысшылар интеллегенцияның таптық байланысы деген мәселені қозғады. Жоғары топтағы интеллигенция туралы айта отырып, Ядринцев «оның қызмет етуі белгілі тапқа жатқанымен байланысты, бұл интеллигенцияның біраз бөлігі өзінің сословиелік мүддесіне қызмет ететін болды», – деді [8, 71-б.]. Г. Потанин екеуі Сібірде ерекше демократиялық интеллилгенцияны құруды ойлады, оны орыс интеллигенциясына қарама-қарсы қойды. 1875 ж. Потанин «Сібір интеллигенциясы орыстық сияқты қанаушы бола алмайды: біріншіден, ол жер иеленушілерден тұрмайды; екіншіден, ірі капиталистерден, бұл бай емес, әр тектілердің, чиновниктердің балалары болады» [15]. Облысшылардың самодержавиеге қатынасына келсек, барлық мәселені халықтың мүддесі тұрғысынан шешу керек деп санады. Олар самодержавиені жою қажеттігін айта қойған жоқ. Сібірде «ұлы реформалар» жүргізу қажеттігін өкіметке түсіндіру керек деп ұқты. Облысшылардың мақалаларының айыптаушылық мәні осы, оған революциялық мән берілмейді. Айыптау либералды мәнде де, революциялық мәнде де болады. Осындай айырмашылықты түсінбегендіктен, «Колокол» мен «Современник» редакторлары арасында алауыздық туған болатын. Облысшылар өмір сүріп тұрған құрылысты айыптаған жоқ, ол таза либералдық айыптау болды. Н. Чернышевский Герценге осылай айтқан болатын. «Егер бздің өкімет кішкене ақылды болса, ол сіздің айыптауларыңыз үшін алғыс айтатын еді: бұл айыптаулар уезде қалыпты жағдайда өз агенттерін ұстауға мүмкіндік береді, мемлекеттік құрылысқа тиіспейді, мәселенің мәнісі құрылыста, агенттерде емес» [16, 129-б.]. Либералдар жергілікті өкіметті әшкерелеуге дейін барды. Ядринцевтің өзі де жергілікті баспасөз туралы жазбаларында әшкерелеудің шын мәнін анықтады. Бұл қоғамдық ызаны ашық мәлімдеу еді, оны өкімет пен қоғам білу қажет. В.И. Ленин халықшылдықты кең мағынада айта отырып, онда «әлеуметтік реализм жоқ» екенін айтты. Облысшылар «халықтың түрлі таптарына дербес тарихи қайраткерлер ретінде қарамады», халық туралы, жалпы еңбекші халық туралы қандай да бір бағытқа жататын материал ретінде талдады [14, 39-б.]. Егер революцияшыл халықшылдықты алсақ, олар помещиктік жер иелену мен самодержавиені жою үшін шараларды революциялық жолға бағыттауды жоспарлады, ал

бұл өз кезегінде еңбекшілерді қанаудың қандай да бір түрінен азат етеді деп қателесті. Революцияшыл халықшылдар интеллигенцияға революцияға жетекші етуге қабілетті күш ретінде қарады.

Облысшылар идеологы Ядринцев пен Потанин революциялық төңкеріс жасайтын таптар жөнінде мәселе қоймады. Олар еңбекші халықты қоғам мен мемлекет тарапынан көмекке зәру тап ретінде ғана қарады. Интеллигенцияның ролін мәдени-ағарту жұмысымен ғана шектеді, ал қоғамға «өмір мен құрылысқа бағыт бсру» ксрск. XIX ғ. 70 жж. басында өкімет реформа жүргізу арқылы еңбекшілердің жағдайын жақсарту мәселесін шешеді деп санады. Революциялық-демократиялық қозғалыстың әсерімен олар «Сібір патриоттарына», «Сібірлік патриоттарға» деген үндеу жазды. Ядринцев өмір бойы Еуропалық Ресей интеллигенциясына, оның теориясы мен ағымына сенімсіз болды [17, 166-б.]. Ядренцев сібірліктерді жалпыресейлік қоғамдық қозғалыстан аулақ ұстағысы келді. Бірақ өлер алдында бұл ойларының нәтижесіз екенін түсінген болды [17, 157-б.].

Сонда Сібір облысшылары мен халықшылдарды салыстырғанда олар бір-бірімен үндеспейтінін байқауға болады. Облысшылар самодержавиені жоятындай ой айтқан жоқ. Ал мұндай ойды халықшылдар ашық айтты. Бірақ облысшылар 80-жж. буржуазиялық либералистермен пара-пар келді; революциялық күрестен бас тартты, самодержавиемен тіл табысу керек, өкімет реформаларын дәріптеу.

Осы бағытта облысшылар либералдар ұстанымына көшеді. Іс жүзінде облысшылар бағдарламасын өзгерткен емес, тек тереңдетті, XIX ғ. 60-70-жж. бойы толықтырылып жасалды. Оның негізгі пункттеріне қылмыстық айдауды, отарлық айыппұлды жою; Сібірдің Еуропалық Ресейге тәуелділігін жою; Сібірде жоғары оқу орнын ашып, сібірлік интеллигенцияны қалыптастыру; приискідегі «бұратаналар» мен жұмысшылардың жағдайын жақсарту; қауымды кулактардан қорғау; Сібірге қоныстанушыларды көбейту; Осының бәріне қол жеткізудің басты құралы Сібірде сот және земск реформаларын тарату керек деп білді. Революционер-демократтардың помещиктік жер иеленуді жою туралы талаптарына облысшылар пікір білдірмеді, өйткені мұның Сібірге қатысы жоқ деп санады. Ал, облысшылар революцияға шақырса, тек Сібірді Ресейден бөліп алуды мақсат етіп қойды. Олардың бағдарламасы мен әрекеті буржуазиялық-реформистік мәнде болды деп пайымдаймыз. Олардың платформасы либералдардың оң қанатының платформасына ұқсас болды. Оңшыл либералдар да 60-жылдары революциялық күресті жақтай қойған жоқ. Олар самодержавиені сақтай отырып, Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылысында біраз өзгеріс енгізсе болды деп санады. Облысшыл ағымның тарихын бірінші жазған Григорий Потаниннің өзі. Оның «Сібірдегі облыстық тенденция» брошюрасында облысшылдықтың теориясын жасағанын көреміз [18]. Потанин облысшыл ағымның әлеуметтік базасын іздейді, оған сібірлік шаруаларды жатқызады. Сібір мен Ресей арасындағы тауар алмасудың теңсіздігі, өлкені шикізат көзіне айналдыру отарлық саясаттың көрінісі еді. Облысшылар идеясын шаруалар тегінен

шыққан жергілікті интеллигенция жасады. Потанин облысшылдықтың екі кезеңін көрсетті: біріншісі, XIX ғ. 60-жж. дейін – «сібірлік патриотизм», екіншісі, XIX ғ. 60-жж. басталатын «сібірлік сепаратизм».

Григорий Потанин «патриоттық» деп есептеген Сібір баспасөзінің шынайы досы болды, өйткені ол баспасөз облысшылдық ұстанымды жақтады. Н.М. Мендельсон Г. Потанин туралы «Сібір патриоты» деген естелігінде Иркутскіде шығатын «Сібір» газеті туралы «Отечественные записките» XIX ғ. 80-жж. жарияланған мақаласында ол газеттің жұмысын тоқтату туралы сөз қозғалған. Потанин кейіннен Мендельсонмен әңгімесінде бұл мақаланы жазу оған оңай соқпағанын айтқан. «Мен оны тез жаздым, мұндай жағдай менде сирек болатын. Елисеевке келсем, маған иркутскілік істерді айтты да, маған мақала жазуды ұсынды. Мен сол сәтте қатты қынжылдым, сондықтан мақала ашулы болып шықты» [19].

Николай Михайлович Мендельсон (1872-1934) педагог, этнограф, фольклортанушы, әдебиет тарихшысы. Потанинмен көп жылдар бойы хат жазысып тұрған. Петербургтен Иркутскіге көшіп келген «Восточное обозрение» редакциясында Потанинді көрген Мендельсон оны газеттің тірі орталығы, одан идеялар ағып тұр, елдің бәрін өзіне тарта біледі, әлі жап-жас жастардың өзіне жұмыс тауып береді деп еске алып жазған [19]. «Голос минувшего» (1922. № 1) журналында «Сібір патриоты» деген мақаласында былай деп жазды: Потанин Сібір баспасөзінің адал досы болды, өйткені баспасөз облысшыл ұстанымда болды. Потанин Сібір баспасөзі туралы қорытынды жасағанда қатты толқитын.

Студент кезінде Мендельсонның өзі «Восточное обозрение» және Петербургте К.П. Михайлов шығаратын «Сібір» газеттерінде белсенді қызмет атқарады. Сол кезде Г. Потаниннің жазған хаттары сол газеттердің мүддесін қорғағаны білінеді. Григорий Николаевич «Восточное обозрениені» ұмытпаңдар, жиі жазыңдар» деп үгіттейтін [19]. «Этнографиялық шолуға» «Сібір жинағы» туралы пікір жазуды ұмытпаңдар; астанада сібірлік баспалар туралы мүмкіндігінше көп білуі керек», – деп жазады кейіннен [19].

Облысшыл теорияның басты ұстанымы Сібірдің Еуропалық Ресейдің отары екенін мойындау. Облысшылардың пікірінше, Сібір географиялық және экономикалық жағынан жеке аймақ, сондықтан өз мүддесін жалпы орыстық мүддеге қарсы қояды. Қоғамдағы таптарды облысшылар білгенімен, тап күресін айыра алмады. Тап күресінің жеке көріністерін қосалқы деп есептеді, олар үшін ең бастысы Еуропалық Ресей мен Сібір арасындағы антогонизм болды.

Облысшыл идеяның алғашқы кезінде олар Сібірдің жарқын болашағын айта алған жоқ. Сібір Ресей құрамындағы федеративті автономия болады деп түсінді. Облысшылар ешқашан партия құрмады. Бұл дүниетанымның негізгі белгісі «надпартийность» болды. Сондықтан бағдарламасы бытыраңқы, мазмұны да нақты емес еді. Бұл облысшыларға өзіне көптеген жақтастар жинауға деген талпынысына сай келді.

Облысшылардың әрекеті Сібірге қатысты отарлау саясатымен парапар келді. Метрополиядағы билік түрі не болса, ол болсын деп карады,

өйткені облысшылардың мақсаты автономия еді. Облысшыл қозғалыстың тарихы басқа қоғамдық қозғалыстармен салыстырғанда керісінше түрде болды. Оның алғашқы қадамдары қозғалыстың шарықтау шегін көрсетті, тарих біртіндеп болады, бірақ алғашқы позициясынан оңға кетеді – демократизмнен, социализмнен буржуазиялық либерализмге қарай және одан контрреволюцияға қарай жүреді.

Жас облысшылардың көңіл-күйін алғашқы кезде-ақ білдірген революцияшыл құжат көтеріліске шақырумен аяқталған «Сібір патриоттарына» деп аталған шақыру еді. Ол облысшылардың белсенділері үшін жақсы болған жоқ, өйткені оларды тұтқындады, соттады, каторгаға жіберді. Омбыдағы тергеу комиссиясы мен соты түймедейді түйедей қылды. Тіпті Мемлекеттік кеңестің өзі облысшыларды әйтеуір қылмысты етіп көрсету еді.

Потанин де Ядринцев сияқты Сібір Ресейдің отары деп санап, оның тонаушылық сипатын баса айтты. Әуелі Сібірдің бұлғындары, одан кейін алтыны мен ормандары тоналды. Дәл осыны Потанин Еуропалық Ресейге қатысты Сібір халқының антогонизмінің себебі болғанын айқындады. Өлкедегі таптардың үйлесімділігі туралы айта отырып, Потанин буржуазияға қарсы шықты, бірақ ол сібірлік буржуазия емес, мәскеулік қуатты буржуазия еді, өйткені Сібірдегі антогонистер Москва буржуазиясы еді деп санады. Потанин бұл кезде революциялық идеялардан бас тарта отырып, қоғамды ағартушылық жолмен өзгертуге болатынын айтты.

Облысшылдардың үшінші идеологы С.С. Шашков (1841-1882) болды. Өзінің талабымен Қазан діни академиясына түсіп, кейіннен оны тастап Петербург университетіне түседі. Астанада Сібір жерлестігіне жақын болып, әсіресе Ядринцевпен тығыз араласады. Университетте оқып жүріп, журналистік қызметпен де айналысады. Петербургте екі жыл жүріп, достары Потанин және Ядринцевпен бірге Шашков облысшылдардың жоспарын жүзеге асыру үшін Сібірге кетеді. Ол Красноярскіде педагогикалық қызметте болады. Сібір тарихын облысшылар ұстанымы тұрғысында қарастырады.

«Сепаратистер ісі» қозғалғанда Шашковтың ашық дәрістері мен мақалалары қылмыс деп танылып, тергеуге алынады. Омбыда болған тергеуде ол тарихтағы басты фактор халық, халықтық өмір деп қалай батылы барып айтты деген кінә тағылады. Потанин – Ядринцев – Шашков үштігі деп алсақ, Шашков радикалды пиғылда болды. Оның көңіл-күйі Чернышевский мен Добролюбовке жақын болды, «Дело» журналының редакторы Н.В. Шелгуновпен араласты. Өзі де осы журналдың белсенді қызметкері болады. Сібір қоғамындағы надандықты көрсете білді.

Мерзімді баспаға ең басты белгісі мерзімділігімен айқындалатын түрлі басылымдар: газеттер, журналдар, белгілі бір уақытта шығып тұратын жинақтар, ғылыми еңбектер және жазбалар жатады. Мерзімділік принципіне сай олардың екі негізгі түрін атап көрсетуге болады: 1. Газет – жиі шығып тұратын (әдетте күнделікті) мерзімді басылым; оның ең басты міндеті – болып жатқан ағымдағы оқиғалар туралы мәліметтер жеткізу және әр түрлі ақпараттық маңызды материалдар жариялау. 2. Журнал – жиілігі аптасына

бір реттен аспайтын (әдетте ай сайын шығатын мерзімді басылым, ол кітап түрінде әр алуан саяси, ғылыми, әдеби материалдармен шығады [20, 36-б.].

XIX ғ. 60-90-шы жж. Сібір облысшылары біркелкі болған жоқ. Егер Потанин мен Ядринцев бірінші орынға саяси мәселелерді қойса, әсіресе өздерінің автономистік ойларын баса көрсетсе, облысшылардың М.В. Загоскин, В.И. Вагин бастаған екінші тобы Потаниннің анықтауынша, «сепаратистік» болған жоқ, тек «патриоттық» болды. Загоскин мен Вагин Иркутскіде «Сібір» газетіне басшылық жасады. Газеттің мақсаты сібірліктердің азаматтығын көтеру, өлкедегі маңызды әлеуметтік мәселелер туралы қоғамдық пікір қалыптастыру болды.

Потанин мен Ядринцевтің абырой – беделі кейбір кездері бәсеңсіп қалған облысшылардың қызметін жандандырды. Олардың қозғалысы тұтас біркелкі қозғалыс болды деп айту қиын. Оның тарихы үш кезеңге бөлінеді: 1) XIX ғ. 60-90-жж. – демократиялық кезең, сипаты жағынан социалистік ілімге жақын; 2) 1900-1916 жж. буржуазиялық-либералдық, біртіндеп сібір буржуазиясының мүддесін қорғады; 3) 1917-1920 жж. – ақтардың жағына ашық түрде шығуы. Облысшылардың оңшылдарға кетуі олардың таптық позициясына байланысты болды. Бұлар сібірлік ұсақ буржуазияның мүддесін білдіретін интеллигенция тобы болатын. Бұл әлеуметтік топ көп толқыған, саяси жағынан тұрақсыз да болған. Өз ортасында қарама-қайшылық болған облысшылардың ауыз бірлігі болған жоқ, олар оңшыл, солшыл, орталық болып бөлінді. Оларды қаладағы интеллигенттер қолдады.

XX ғ. Сібір облысшыларының контрреволюциялық мәнін тарихшылар анықтаған болатын, ал оның XIX ғ. 60-жж. алғашқы кезеңі жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп ойлаймыз, өйткені көптеген зерттеушілер оны тек XX ғасырдағы облысшылар позициясы тұрғысынан ғана қарастырады, оның эволюциялық дамуына назар аудармайды. Сібір облысшылары өз кезегінде либерализмнің дамуымен сәйкес келетін, В.И. Ленин «демократиядан реакцияны қорғауға» бетбұрыс деп сипаттаған кезеңдерден [21, 44-б.] өтті.

XIX ғ. 60-жж. бастап Сібірдегі Колчак тәртібін қолдауға дейін осындай жолдан Сібір облысшылары да өтті. Оның ең бастапқы кезеңінде (1863 жылға дейін) облысшылардың негізін қалаушылар революциялық-демократиялық қозғалысқа қатысып, самодержавиемен күреске қатысты. Олар Петербургтен Сібірге келіп, тұтқындалғанға дейін (1865 ж. мамыр) революциялық-демократиялық идеялардан біртіндеп алшақтай бастайды. Н.М. Ядринцев пен Г.Н. Потанин айдаудан келгеннен кейін (1875 ж. аяғы) (1874 ж. жазы) олардың буржуазиялық либерализм позициясына көшуі ашық байқалды, 80-ші жылдары халықтық көзқараспен қабаттасып жатты. Бұл күрделі сабақтастық Сібір патриотизмінен де қиын бола түсті, оның бағдарламасы мен қызметіндегі көрінісін әлі де терең зерттеуіміз керек деп түсінеміз. 1905 жылдан кейін облысшылық контрреволюциялық ағымға ұласып кетті.

Болашақ облысшыларға либералды лагерьдің әсері болды. Осы 60-жж. туралы В.И. Ленин: «Либералдар басын көтеріп, Прогресс,

ғылым, қайырымдылық, әділетсіздікпен күрес, халықтық мүдде, халықтық ар-ұят, халық күші, т.б. туралы либералды фразалар судай ақты» [10, 294-б.]. Осы уақыт жөнінде Г. Потанин: «Жаңа идеялар, жаңа ағымдар біздің басымызға көптеп құйылды» және «Петербургте Ядринцевпен өткізген үш жылым біздің өміріміздегі ең бастысы болуы мүмкін, бұл жылдар біздің саяси тәрбиеден өткен жылдарымыз еді» – деп еске түсіреді [22]. Алайда Потанин мен Ядринцев Петербургке келгенде революциялық-демократиялық идеялардың ықпалы либералдық идеядан да күшті болатын.

Облысшылық ешқашан біркелкі болған жоқ, ол рәсімделген козғалыс не партия емес еді. Сібірдегі бірде-бір партия облысшылар көтерген мәселелерді жоққа шығара алмады. Облысшылдықтың өзі саяси доктринадан гөрі ойлау мен әрекеттің бейнесі. Ол сібірлік ойлау, сол менталитетке тән жергілікті жағдайға қарай өзгеруі де мүмкін еді.

Қазақ зиялыларының облысшыларды қолдауы және олардан көмек сұрауы заңды құбылыс еді, өйткені Сібір облысшыларының белсенді басшысы қазақ халқының досы Григорий Потаниннің Алаш зиялыларымен пікірлес болуы және Сібірдің жағдайы Қазақстанның сол кездегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени жағдайымен ұқсас болды. Алашорданың бағдарламасы шыққанша сібірлік облысшылар онымен таныс болған. Бұл құжатты 1917 жылы қазанда Семейден Томскіге Ә. Бөкейхан мен Ә. Ермеков әкелген болатын. Олар Алашорданың өкілі ретінде сібір облысшылар потаниндіктердің Бірінші съезіне келген еді. Сібір облысшыларының лидері Г.Н. Потанин алашордалықтарға дән риза болған. Потаниннің ықпал етуімен Ә. Бөкейхан съезд президиумына сайланды. Томскіде шығатын «Путь народа» газетінде Потанин қуана хабарлаған: «Қырғыздар арасында тап күресі байқалмайды, олардың ортасында жұмысшы партиясы жоқ, не социал-революционерлер, не социал-демократтар, не большевиктер жоқ... Бір сөзбен айтқанда, қырғыз бағдарламасы ұлттардың өзін-өзі анықтау мәселесімен тынады» [46]. Осының соңғы сөйлемі Ә. Бөкейхан атынан 14 қазан 1917 жылы «Сибирская жизнь» газетінде жарияланады. Ә. Ермеков Сібірдің аборигенді халқының өкілі ретінде Сібір облыстық кеңесінің атқару комитетіне енгізілді. Облысшылардың съезі Алашорданы құрметтеп Семеймен де, Орынбормен де, сібірліктермен де еш қақтығыс болмайтынына кәміл сенеді. «Сібірдің бұратана халықтарын жақтаушы» Григорий Потанин алашордалықтардан орыстың земство қайраткерлерін көргендей болды, бірақ оларға қарағанда алашордалықтардың «руханиятты, ұлттық және діни ерекшеліктерді қорғау» сияқты қосымша міндеті болды. Облысшылар лидері жерді пайдаланудың ескі формасын сақтап қалу туралы қазақ зиялыларының мәлімдемесіне онша мән бермесе керек, не оны өзі түсінген жоқ. Алаш зиялылары нақты талап қойды: «Қоныс аударғандар тартып алған жерлерді қайтадан қайтаруы керек». Бұл негізінен Ақмола, Семей облыстарының жері болатын.

Өз тарапынан Алашорда большевиктермен күресте ықпал жасауға уәде берді. Алашорданы ұлттық-территориялық автономия ретінде Сібір өкіметінің мойындамау себебі Қазақстандағы ұлттық козғалыстың күшейіп кетуін қалаған жоқ.

Г. Потаниннің Шоқанмен, Мұса Шормaнмен басталған таныстығы одан кейінгі Алаш арыстарымен шығармашылық байланысы ретінде жалғасып дамыды. Атап айтқанда, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев, Назипа және Нұрғали Құлжановтар, Ахмет Біржақсин, Әлімхан Ермеков т.б. Г. Потанин де, Ж. Ақбаев та студент кездерінде тамаша ғалымдардан дәріс алып, әділет үшін күрескен. Осы жағынан болар олар бір-бірімен тез табысып, жақсы қарым-қатынаста болған. Мысалы, Ж. Ақбаев оқыған заң факультетінің В. Милютин (орыс мемлекеттік құқығы), И. Ивановский (дипломатия), К. Неволин, К. Кавелин (азаматтық құқық), Я. Баршев (орыстың қылмыстық және полициялық құқығы), В. Спасович (қылмыстық құқық), В. Порошин мен И. Горлов (саяси экономия және статистика) т.б. ғалымдармен аты шыққан. Жақыптың магистрлік диссертациясының ғылыми жетекшісі ректордың өзі А.Х. Гольмстен болған. Ұстазының ғылыми кеңесі мен білікті жетекшілігі арқасында Жақып тамаша еңбегін жазып шыққан.

Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі туралы зерттеулер аз. Оның қызы Аспазия Жақыпованың әкесі туралы жазған мақаласы 1964 ж. ҚазМУ-дың 30 жылдығына байланысты шығарылған рефераттар жинағында жарық көреді. Бұл Ж. Ақбаев туралы жазылған алғашқы еңбек еді. 1966 ж. «Қазақ ССР Ғылым академиясының жаршысында» (№ 4) Б. Сүлейменовтың Ақбаевтың қоғамдық-саяси қызметі туралы мақаласы, 1967 ж. ҚазМУ-дың ғылыми еңбектер жинағында (№ 8) тұңғыш құқық магистрі туралы А. Жақыпова мен Ғ. Сапарғалиевтың мақаласы жарияланады. Ал, XX ғ. 60-жж. Алаш зиялылары туралы жазуға тиым салынғаны белгілі. 1970 ж. академик Салық Зиманов еңбегінде Ж. Ақбаев қызметіне орынды баға беріледі [23, 70-б.]. 90-жж. Ж. Ақбаев туралы Қарағанды [24], Ақмола қалалары туралы [25], Қазақ КСР қысқаша энциклопедияларында жазылды [26]. Р. Сағымбаевтың «Қарқаралы» журналында шыққан «Жақып мырза Ақбайұлы» атты очеркі шықса, қызы Аргуния Жақыпованың «Мен әкемді мақтан тұтамын» атты естелігі бар. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің зерттеулері жақыптануға үлкен үлес қосып, Ж. Ақбаевтың саяси-құқықтық көзқарастарына терең талдау жасады [27]. Осы мағынадағы еңбегі орыс тілінде де жарық көрді [28]. Бұл еңбектер Санкт-Петербург университетін бітірген тұңғыш құқық магистрі Ж. Ақбаевтың өмірі мен қызметіне арналған.

1898 жылы Жақып Ақбаев Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Студенттерге саясатпен айналыспауға, қоғамдық ұйымдардың жасырын да, жария да істеріне қатыспау талаптары қойылған болатын. Ж. Ақбаев та осы мағынада жазылған қолхат береді. Оның мәтіні мынадай: «Төменде қол қойып отырған мен 1898 жылдың 3 қыркүйек күні өзімнің Императорлық С.-Петербург университетінің студенттері немесе тыңдаушылары қатарында болу кезімде қандай да бір құпия қоғамға кірмеуге осы қолхатты беріп, әрбір жеке жағдайда ең жақын бастықтардың рұқсаты болмайынша, тіпті заңда рұқсат етілген қоғамдарға да кірмеуге, сондай-ақ ешқандай да ақша жинауға қатыспауға міндеттенемін; осы уәдемді

бұзған жағдайда мен оқу орнынан дереу шығарылып, өзім рұқсат етілмей жиналған ақшаға қандай да болсын құқықтан айырылуға тиіспін.

Заң факультетінің студенті Жақып Ақбаев. Куәлік, билет және студенттерге арналған ережелерді сақтауға міндеттенуші Жақып Ақбаев.» [27, 9-б.]. Патша үкіметі зиялы қауымның саясатқа араласқанын ұната қойған жоқ. Бірақ алдыңғы қатарлы студенттер білім алумен қатар демократиялық идеяларды бойына сіңіре білді. Жоғарыда аталған қолхатты берсе де Ж. Ақбаев ондағы уәдесін орындай қойған жоқ. Өйткені бұл кезде оның көзқарасында да ұлттық идея қалыптаса бастаған еді.

Заң факультетінің 3-курсын бітіргеннен кейін 1901 тамыз айынан бастап Археологиялық институтта дәріс тыңдаумен ұштастырған. Тарихтан білімін жетілдіруге бағытталған ісін мына анықтама дәлелдейді: «Бұл Императорлық Санкт-Петербург университетінің студенті Жақып Ақбаевқа С.-Петербург Археология институтына көрсету үшін оның аталған Институтта дәріс тыңдауына бастықтар тарапынан кедергі жасалмайтынына беріліп отыр» (№ 8418 анықтама, Ж. Ақбаевтың жеке ісінің 52-беті) [27, 11-б.]. Келесі жылы да осындай анықтама (№ 5394) берілген, өйткені Археология институтында оқу мерзімі екі жыл болатын, оның үстіне оқушылар оқу аяқталып, сынақтан ойдағыдай өткеннен кейін институттың толық мүшесі дәрежесін алатын студенттер мен осы шарттар сақталған жағдайда корреспондент мүше дәрежесі берілетін тыңдаушылар болып бөлінетін [27, 11-б.]. Университет студенті Ж. Ақбаев тыңдаушы ғана бола алатын, ал оқуды бітіргеннен кейін Ресейдегі ғылыми орталықтардың біріне корреспондент-мүше болады. Болашақ заңгерлер университетте де тарихтан арнаулы курстар өтетін, дегенмен де Археология институтында Ж. Ақбаев тарихпен ғылыми түрде танысты.

1900 жылы жазда заңгер-студент Ж. Ақбаев еліне демалысқа келеді. Петербургте оқып, білімнің кәусар бұлағымен сусындап, толысқан адам ретінде қалыптасып қалған болатын. Сондықтан қазақ даласындағы құбылыстарға енді басқа көзқарастармен қарайды. 1900 жылдың жазында – Ж. Ақбаев өмірінің жаңа кезеңі басталды, ол саналы түрде өз халқын қорғауға, отаршылдық құрылысты әшкерлеуге бағытталған, қоғамдық-саяси қызмет жолына түсті. Сөйтіп бірінші іс қозғалды. Мұны жергілікті мәні бар ұсақ, болмашы жанжал деп ойлауға болады. Істі жергілікті әкімшіліктің шенеуніктері солай деп санады.Әңгіме уездік әкімшіліктің шабарманына көлік беруден бас тарту жайында болған еді: шенеуніктер жергілікті тұрғындардың көлігін тегін пайдаланып,олардың аттарын күшпен тартып алатын. Ж.Ақбаев әбден тамыр жайып алған бұл зұлымдыққа басқа тұрғыдан қарап, оны заңсыздықтың көрінісі деп бағалады. Бұл заңсыздық заң арқылы дәріптелген еді. 1891 жылы 25 наурыздағы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей, Жетісу облыстарын басқару туралы» Ережеде жергілікті басқарма адамдарын, яғни болыстарды, ауыл старшындарын, олардың жанындағы шабармандарды күтіп бағу көшпелі халықтың міндетіне жүктеледі делінген. Онда «командировкаға жіберілген шенеуніктердің почта және земство

жолдарынан тыс жерлерде жүруі үшін аттарды заңдастырылған кіре үшін ғана беруге рұқсат етілетіні» туралы бап болды.

Демек, отаршыл өкіметтің жергілікті өкілдерін халық өз есебінен күтіп-бағуға тиіс болды. Болыстың шығынын өтеуге және оған хатшы жалдауға 300-500 сом мөлшерінде ақша белгіленді. Көрініп отырғандай, бұл жергілікті болыстық басқарманың пайдасына қаржы белгілеуге өзінен-өзі бағдарлайтын. Ал ауыл старшындарына бөлінетін қаржыны болыстық өкілдер белгілейтін. Болыс басқарушыларын, старшындарды, олардың аппаратын ұстауға жиналатын қаражат земстволық міндеткерлік деп саналды және түтін салығымен бірге өндіріліп алынды. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының жанында қызмет адамдарға – шабармандарға, хатшыларға Ережеде жалақы белгіленбеген еді. Олар толығымен халық есебінен ұсталатын. Мұнда жүгенсіздікке кең өріс ашылған еді. Әсіресе шабармандар өз жағдайын пайдаланып қиянат жасайтын Дала генерал-губернаторы шабармандардың далада уезд бастықтарының тікелей жарлықтары бойынша жергілікті қазақтардың аттарымен жол жүретінін, «олардың байлардың аттарын сирек алып, атты көбінесе бір-екі жылқысы бар кедейлерден алатынын» мойындаған.

Әрине шабармандар далада жүгенсіздікті болыс басқарушыларының ғана емес, сонымен қатар уезд бастықтарының да қолдауымен және мақұлдауымен істеп отырды. Олардың жүгенсіздіктері туралы дала жыршылары әндер шығарды. Нақ сондай Жанбота есімді қызметші тарапынан зорлық көрген қазақтың ұлы ақын-сазгері Біржан өз өлеңінде оны жырға қосты:

«Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау баурайына көмген жерің,
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьядан көргендерің
Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы,
Бір қойып домбырамды алды тартып.
Айтады Біржан өлең ентелетіп,
Біржанды қойды халқым еркелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдында,
Біржанды қойғаның ба желкелетіп».

Осынау ұсақ шенеуіктердің озбырлығына даланың ұлы жыршысы ғана ызаланып қойған жоқ, халық оларға жиренішпен және өшпенділікпен қарады. Міне, сөйтіп, осындай оқиғаның куәсі болған Ж. Ақбаев әділеттік орнатуға тырысқан еді, алайда жергілікті бастықтардан қолдау таппады. Керісінше, өзі зардап шеге жаздады. 1901 жылдың ақпанында Семей облысының әскери губернаторы Императорлық Санк-Петербург университеті ректорының атына студент Ж. Ақбаев жөнінде, оның зығырданын қайнатарлық мінез-құлқы туралы шағым айтылған хабарлама жазды [27, 37-б.]. Бұл істің мәніне келсек, шабарман Бекет Өтеулин қызметпен Қарқаралы уезінен Беркара болысы

арқылы өтіп бара жатқан кезінде жол жүру үшін қазақ Ақбай Бақаловтың атын алып, зорықтырып өлтіреді. Бұл шабарман арсыздық көрсетіп, әлбетте, зорықтырылған ат үшін құн төлегісі келмеген [27, 37-б.]. Сөйтіп, Жақып пен басқаларының арасында қақтығыс туып, бұл жөнінде Ж. Ақбаев 1900 жылы шілдеде Семей округтік сотының прокурорына шағым айтады. Прокурор шағымды әскери губернаторға жолдап, ол Ж. Ақбаевтың шабарман Б. Өтеулиннің өзі және басқа қазақтарға дөрекілік көрсеткені туралы арызын, сондай-ақ Ақбай Бақаловтың нақ сол Өтеулинге ол зорықтырған ат үшін талап қойған арызын Қаркаралы уезінің бастығына жіберіп, тергеу жүргізуді ұсынады [27, 37-б.]. Әрине, әскери губернатор шенеуніктер далада жүргенде озбырлық жасамайтынын білді және мұндай заңсыздық етек алғандықтан, онымен жөндеп айналысу мүмкін емес деп санады. Өз кезегінде уезд бастығы шағым жасаушылар арасынан айғақтар табады деп сенді. Қаркаралы уезінің бастығы тергеу жүргізіп, әскери губернатор Өтеулиннің заң бойынша әрекет еткенін айтқан. «Өтеулин далаға кейінгі қалдыруға болмайтын іс бойынша жіберілген болатын, сондықтан оны далада сәл кідіртудің өзі тапсырманың орындалуына қолайсыз әсер етуі мүмкін еді. Солай бола тұрса да, жоғарыда аталған істі тексеру кезінде анықталғанындай, Өтеулин Бесқара болысы арқылы өтіп бара жатқанда, өзіне берілген салт мінетін атты заңды түрде талап еткен, бірақ сол арада болған қырғыз студент Ж. Ақбаев бұл іске дөрекі түрде, әдепсіздікпен араласқан және зиялы адам ретінде шабарманға оның қызмет бабымен одан әрі далаға дереу жүріп кетуіне жәрдемдесудің орнына, өз туыстарына шабарманға ат беруге болмайды деп мәлімдей бастаған, сөйтіп осы негізде Өтеулин мен Ақбаев керісіп қалып, мұның өзі Ақбаевтың прокурор мырзаға арыз беруіне себеп болған. Бірақ Ақбаев бұған қанағаттанбай, өз шағымын күшейте түсу үшін оның үстіне Омбы Қазыналық Палатасына да шағым жазып, оны өз қырғызы Бақаловтың әкесі атынан жіберген, онда Бақалов шабарман Өтеулиннен атын іздестіреді» [27, 38-б.].

Уезд бастығы былай деп жазған: «Студент Ж. Ақбаев Қаркаралы уезінің Бесқара уезіндегі өз әкесіне каникулға келіп, даладағы қырғыздар арасында өзінің жалған көзқарастарын таратуға, мысалы, қырғыздар лауазымды адамдарға және басқаларға ат беруге міндетті емес деуге дейін барып жүр, ал бұл пікірлерді қырғыз халқы арасында өзінің қоғамдық жағдайы бойынша беделі бар адам айтқандықтан, халықты бұзып, оған зиянды ықпал етуде» [27, 38-б.]. Әскери губернатор уезд бастығының осы пікірімен келісіп, А. Бақаловқа келтірілген материалдық зияннның орнын толтыру туралы шешімнің орнына университетке Ж. Ақбаев жөнінде жала жазып жіберді.

Ол университет ректорына былай деп жазады: «Студент Жақып Ақбаевтың арыздары «жалақорлық сипатта» және оның өзі «өзінің туыс қырғыздарын өкімет орындарының заңды талаптарын орындамауға... айдап салумен» айналысып, «айтылғандарды Жоғары мәртебелі Сіздің қарауыңызға хабарлау жөнінде мені қолайсыз жағдайға қалдырып отыр» [27, 39-б.]. Ректор губернатордың бұл хабарына мән бермеген. Ж. Ақбаев губернатордың хабарламасымен танысып, былай деп қол қойған: «СП универ. студенті оқып шықты. Жақып Ақбаев. 1901 ж. 10 наурыз» [27, 39-б.].

Бұл оқиға Жақып үшін өмір бойғы қоғамдық-саяси қызметінің негізі болды. Бұл оқиғадан оның мінез-құлқы, сенімі, жанқиярлығы, отаршылдық өкімет орындары қорлап, кіріптар еткендердің, езгіге салып, қысым көрсеткендердің мүдделеріне қызмет ету тілегі көрінді. Ж. Ақбаев жеке шенеуніктерге емес, қайта отаршылдық тәртіптерге, губернатордан бастап, шабармандарға дейінгі сол тәртіптерді қорғаушылардың бәріне қарсы шығып отырғанын бұған кейінгі бүкіл қызметі оның озбырлыққа, әділетсіздікке, кертартпа тәртіптерге қарсы күрес жолына саналы түрде және біржола түскенін дәлелдейді [27, 39-40-бб.]. Сот органдарының қызметшісі болып жүргенде Ж. Ақбаев Патша манифесі жарияланғаннан кейін 1905 жылғы қазан айында Омбы қаласында болған оқиғаларға белсене қатысады. Ол демонстрацияларға қатысып, сөз сөйледі, баспасөз беттеріне әшкерелеген мақалалар жазды. Омбыдағы қазақ алаңындағы әр түрлі революциялық және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері Патша манифесін түрліше бағалады. Социал-демократтар адамдарды патша өкіметіне қарсы қарулы күреске жаппай ереуіл жасауға шақырды [27, 40-б.]. Осы митингіде Ж. Ақбаев жалынды сөз сөйлеп, революциялық қозғалыстың қысымымен патшаның манифест шығаруға мәжбүр болғаны, саяси күрес майданына тұңғыш рет жұмысшы табының ұйымдасқан түрде шыққаны туралы айтты. Сот өкілінің сөз сөйлеуі адамдардың ой-пиғылына игі ықпал жасады. Сонымен бірге жергілікті әкімшілік Ж. Ақбаевтың саяси белсенділігіне мейлінше теріс көзқараста болды. Алайда, Жақып Ақбаев патшаға қарсы әрекетінің өзіне теріс зардаптарын тигізу мүмкін екенін қорықпай, өмір сүріп отырған тәртіптерге ашық қарсы шыға бастады. Ақбаев патша самодержавиесі деген полициялық мемлекет, «Ресейде әкімшілікке қарағанда жандармдар маңыздырақ, сот пен заңның өзі және бүкіл Ресей жандармдармен күшті», – деп ашық жазды [27, 40-б.]. «Миллион халықты езгіге салу, патша әкімшілігі шенділерінің озбырлығы мен қиянатшылдығы,сондай-ақ патшалық режимнің орыс-жапон соғысында жеңіліс табуы, – деп жазды Ж. Ақбаев, – орыс жұмысшылары мен шаруаларының санасын оятты және ақыл-ойдың өзіне саяси және азаматтық құқықтарды жеңіп алуға бағытталған жаппай қозуын бастап берді. Біз: үкімет тізе бүгуге және 1904 жылғы 11 тамызда, 1905 жылғы 5 тамызда, 1905 жылғы 17 қазанда алуан түрлі заң құжаттарын қабылдауға мәжбүр болды деп мақтанышпен мәлімдейміз».

Патша самодержавиесін ол «қаратүнек – рух» деп атады және өз пікірінше, ол жартылай табытта жатыр, бірақ жанталаса қарсылық жасауда. «Міне осы «қаратүнек-рух» қазіргі уақытта жарықпен өліспей беріспейтін күрес жүргізіп, соңғысына «жарықтың» «қаратүнекке», былық пен кеселге құрметтемей қарайтын көзқарасы, «жарықтың» азаттық, теңдік және туысқандық құрметіне шыркаған асқақ әні үшін алуан түрлі айып тағуда». Ж. Ақбаев «қаратүнек» пен «жауыз рух» жартастан түпсіз тұңғиыққа құлап түседі де, Ресей халқы дүниеге қайта келіп, ол адамгершілік жағынан жаңарады деген сенім білдірді. Патша үкіметіне қарсы күрестің аяусыз болатынын және бостандық жолында күресушілерден батылдық пен жанқиярлықты

талап ететінін айкын түсіне отырып, ол осы бір қасиетті іс үшін тіпті өлім жазасына, каторгалық жұмысқа баруға да әзір екенін білдірді. Ол «заңдылық және полицейлік озбырлықты ауыздықтау үшін камераны жауып, бостандық жолындағы күресте төгілген халық қанының нышаны болып табылатын қызыл жалауды бірінші болып көтеріп жүруге әзірмін», – деп жазды.

Кейбіреулер азаттық қозғалысына жеке басының көздеген пікірлерімен және популистік мақсаттармен қосылды. Бұл қозғалыс саябырлағаннан кейін мұндай адамдар одан дереу тайқып шығып, саяси аренадан ғайып болды. Ал Ж. Ақбаев болса, оның өзі айтып, жазғанындай, қайғылы зардаптарынан шынында да қорықпай, патшалық режимге қарсы күрес жолына біржола түсіп, бірде-бір рет жасықтық пен жасқаншақтық көрсетпей, ақырына дейін осы жолдан таймады.

Енді Семей губернаторына сөз берейік. Ол Дала генерал-губернаторына өзінің 1908 жылғы қарашадағы құпия рапортында 1905 жылғы 15 қарашада Қарқаралы қаласында аланға жиналған халыққа уезд бастығы Оссовскийдің Ұлы мәртебелінің 17 қазандағы Манифесін жариялағандығын жазған. «Манифесті оқу кезінде сөз сөйлеген шешендер арасында... Жақып Мырза Ақбаев та болды; өз сөздерінде Манифест берген бостандықты көрсетті, Ақбаев негізінен қырғыздар мен татарлардан тұрған қауымды ендігі жерде шаруа және уезд бастықтары керек емес,олардың талаптарын орындамау керек деп сендірді; егер олар далаға келсе, көлік бермей, жаяу қуылып жіберілсін, ал егер қазақ шабарман келсе, оған суық су құйылсын, ал егер орыс стражнигі келсе, оны сабап жіберу керек. Бұрын қырғыздарды орыстар билеп келді, ал енді орыстарды қырғыздар билейтін болды, – деді Ақбаев. – Манифестің мағынасын түсіндіре келіп, Ақбаев Император ағзамның қасиетті жеке басына дөрекілікпен тіл тигізуге дейін барды, сөйтіп: «Патша қазірдің өзінде-ақ патша емес, қайта біздің құлымыз, бостандықты патша өз еркімен берген жоқ, одан күшпен тартып алынды» деген сөздер айтты» [27, 42-б.].

Патша әкімшілігі Ж. Ақбаевтың саяси әрекеттерін елеусіз қалдыра алмады. Оған бірнеше қылмыс жасады деп тағылған айыптар мынадай: 1. Үкімет рұқсат етпеген демонстрацияларға қатысу. 2. Жандарм басқармасы мен прокуратура органдарына қарсы шығу. 3. «Меңгерушілдік» деп атап Омбы қала басшысын қорлау. 4. 1905 жылдың жазында үндеухат тарату.

Әлбетте мұндай айыптар тағылғаннан кейін Ж. Ақбаев сот қызметінде қала алмайтын. Омбы сот палатасы мүшелерінің 1905 жылғы 29 қазандағы жалпы жиналысының ұйғарымымен Ж. Ақбаев үкімет талаптарына сай келмейді деп мемлекеттік қызметтен босатылды. Заң факультетін бітіргеннен кейін Жақып екі жылдай уақыт бойы сот әділдігі органдарында жұмыс істеп, тіпті құқық қорғау органдарының өз ішінде де жасалып жатқан озбырлық пен заңсыздықты өз көзімен көрді [27, 42-б.]. Ол мемлекеттік органдарда қызмет істеу құқығынан айрылды. Ж. Ақбаевқа жалған жала жабылып, ұлтаралық араздықты қоздыру жөнінде айып тағуға да әрекет жасалды.

1906 жылы тамызда Омбы сот палатасының көшпелі сессиясы Қарқаралыда Ж. Ақбаевқа қарсы қылмыстық істі қарады. Оны сотта белгілі саяси жер аударылған халықшыл Н. Коншин қорғады. Коншиннің қазақ Ақбаевтың қорғаушысы болуының өзі алдыңғы қатарлы орыс қайраткерлерінің Ж. Ақбаев ұлтшыл емес, оның орын алып отырған тәртіпке қарсы екенін жақсы білетіндігін дәлелдеді. Н. Коншин Ж. Ақбаевқа тағылған барлық айыптардың негізсіздігін дәлелдеді [27, 43-б.]. Жақыптың өзі тергеу істерін жақсы білді. Сотта сөйлеген сөздерінде ол патша манифесіне қарамастан, жергілікті әкімшіліктің демократиялық қозғалыстың кез-келген көрінісіне қарсы жазалау шараларын қолдануды қалай жалғастырып отырғанына нақты мысалдар келтіріп береді. Жақып өзіне тағылған барлық айыптардың негізсіз екенін айтып, Манифесті, оның қабылдану себептерін және ол Манифест жүзеге асырылмайтынын айтты.

Ж. Ақбаев өзін ұлтаралық араздыққа шақырды деп айыптаудың негізсіз және орынсыз екенін дәлелдеп берді. Қазақ халқы арасында ол мұндай ұрандар таратқан жоқ. Оның жергілікті әкімшілік шенеуніктеріне қарсы сөйлеген сөздері жалпы орыстарға қарсы сөйлеген сөз деп есептеліп отыр [27, 43-б.]. Ол қазақтарға да, орыстарға да қысым жасалып отырғаны, көптеген қазақтар сияқты, өзінің де орыстармен ынтымақтасып, азаттық жолындағы күресте қаза тапқандарды бәрінің тізе бүгіп еске алғанын көз жеткізе дәлелдеп берді [27, 43-б.]. Ақбаев орыс пен қазақ арасында ешқандай араздық тудырған жоқ, қайта жақындасуына жәрдемдескенін дәлелдеп береді. Жалған куәлердің айғақтары негізсіз екенін де ашып береді.

Ақыр, соңында, Сот Қылмыстық жинақтың 103 және 129-баптары (императорға тіл тигізу, қазіргі құрылысты құлату үшін үгіт жүргізу) және Жазалар туралы жинақтың 274-бабы бойынша мемлекеттік қылмыстар жасады деп айыпталған Ж. Ақбаевты ақтауға мәжбүр болды [27, 44-б.]. Бірақ ол енді судья қызметін істей алмайтын. Ол кезде қазақтар арасында білімді заңгерлер аз еді.

XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында Санкт-Петербург университеті алдыңғы қатарлы жоғары оқу орны болатын. Университет профессорлары мен оқытушылары арасында Ресейдің дүние жүзіне әйгілі профессорлары дәріс оқыған. Қазақ даласынан барған жастарға үлкен де шулы қала үлкен әсер еткен. «Жерлестер» ұйымы да бір губерния мен өлкеден келген студенттерді біріктірді. Мұндай ұйымды құрудағы мақсат жерлестер арасында тығыз байланыс жасап, бір-біріне қамқор болу еді [29, 25-б.]. Алғашқы кезде тек материалдық көмек берумен шектелсе, кейіннен олардың мақсаты саясатқа айналып, біртіндеп «Жерлестер» үйірмесі айналасына көптеген студенттерді жинап, «Жерлестер одағын» ұйымдастырады. Олардың өз Жарғысы болды, жарна төледі. XIX ғ. 80-жж. бір ғана Санкт-Петербургте 1500 студент мүше болған «Жерлестер» атты 20 үйірмесі болған. Сібірлік студенттердің де үйірмесі тұрақты жұмыс істеген. Міне, осындай ортада Ж. Ақбаев тәлім-тәрбие алған.

Ж. Ақбаев Семей Орыс Географиялық Қоғамына мүше болған. Орыс зерттеушілері Ю. Попов пен В. Новиков «Григорий Потаниннің соңғы саяхаты» атты еңбегінде саяхатшылар ат басын Ақбаевтың ауылы орналасқан Мыңбұлаққа бұрды. Жақып Ақбаев қазақтың тұңғыш құқықтанушысы болатын. Ол Петербург университетін бітіріп, Омбы сот палатасында қызмет істеді. Географиялық қоғамның да мүшесі болған Ақбаев Потанинді жақсы білетін. Сондықтан ол меймандарды құшақ жайып, қарсы алды... Г.Н. Потанинге әрі пайдалы, әрі ұнамды ету мақсатымен Жақып Ақбаев музыкалық-әдеби кеш өткізді. Онда мектеп пен гимназия оқушыларына ән шырқап, өлеңдер оқыды, ұлттық музыкалық шығармаларды орындағаны айтылған.

Семей Орыс Географиялық Қоғамының «Запискиінің» 1907 жылғы 3-ші басылымында Жақып Ақбаевтың «Наброски по обычному, в частности брачному, праву киргизов-казахов» атты еңбегі жарық көрген. Ж. Ақбаев қазақтың ұлы ғалымы Шоқаннан кейін қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарын маман-заңгер ретінде зерттеп, көптеген құқық терминдерін ғылыми айналымға енгізді. Осы еңбектер негізінде бірқатар орыс ғалымдары аталған тақырыпқа қалам тартып, қазақтардың көне заманнан келе жатқан әдет-ғұрып заңдары туралы зерттеулерін ғылыми басылымдарда жариялады. Бұл еңбектің тағы бір ерекшелігі Жақып Ақбаевтан кейін аталған тақырыпқа ұзақ жылдар бойы кеңестік дәуірдегі «ұлтшылдық» желеуінен қорқып, қазақ заңгерлері көп қалам тартпаған. Жақып Ақбаевтың қазақтың әдет-ғұрып заңдары жөніндегі еңбегі осы саладағы бірден-бір іргелі еңбек ретінде бағаланып келді.

Ж. Ақбаев Г. Потанин сиякты монғол тайпалары туралы да жазған. Потанин Монғолияға жасаған экспедициясында ондай бір көп қаражат болған жоқ, бірақ көпшілік оған қатты назар аударды. Потанин солтүстік-батыс Монғолияға, Алтай мен Хинган арасына 1876-1877 жж. жасаған саяхаты туралы Географиялық қоғамда үлкен баяндама жасаған [33, 262 -б.]. Тарихшы ретінде де аты қалды [34].

1927 жылы 23 қаңтарда Семей техникумында ғылыми конференция өткізіліп, онда Ж. Ақбаев географиялық қоғамның мүшесі ретінде қазақтардың шығу тегі туралы көлемді баяндама жасады. Осы күнге дейін жарияланбаған Ж. Ақбаевтың бұл ғылыми еңбегінің көшірмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ. Сапарғалиевтің жеке архивінде сақталған. Бұл еңбегінде Ж. Ақбаев қазақ мемлекетінің саяси және құқықтық жақтарын көрсетуге тырысып, қазақ мемлекетінің пайда болуы, қалыптасуы, даму және ыдырау тарихы зерттеліп қарастырылған. Бұл ғалымның соңғы еңбектерінің бірі.

Жоғарыда айтылған хаттарда көрсетілген жерлерде Ж. Ақбаевтың қандай қызметте болғанын өзінің өмірбаянында қалай жазғанына назар аударайық. Бұл өмірбаян қызы Аргуния Жақыпқызының жеке мұрағатында сақталған. Онда «1908 жылы мен үкіметке қарсы насихат жүргізгенім үшін Қарқаралының қарулы айдауылдарымен одан әрі Якутск облысына бес жылға айдауға жіберу үшін Омбы қаласына жөнелтілдім, бірақ орталық мені дала

өлкесіне жер аударуға рұқсат берді де, мен полицияның қадағалауымен Жетісу облысындағы Қапал қаласынан бір-ақ шықтым; ол жерде мен қылмыстық және үкіметке қарсы насихат жүргізгенім үшін 1910 жылы Тобыл губерниясына жер аударылдым.

1915 жылдың күзінде жандармдар маған Қылмыстық Заңдар Жинағының атақты 103, 108, 129-баптары бойынша «ұлы мәртебеліге тіл тигізу, сатқындық және өмір сүріп отырған құрылысты құлату мақсатымен үгіт, насихат жүргізу) мемлекеттік қылмыс жасады деп айып тақты. Әдеттегісіндей мен тұтқынға алынып, отбасыммен бірге қарулы айдауылдармен Қарқаралы түрмесінен Павлодар (Кереку) қаласы арқылы Семей түрмесінің абақтысына жөнелтілдім, Павлодарда қараңғы, ылғал, сасық орында қос құлыппен құлыпталып жападан-жалғыз отырдым», – деп жазады [27, 145-146-бб.]. Өмірбаян соңында «1907 жылдан осы уақытқа дейін Семей географиялық қоғамының мүшесімін, оған мен қазақ халқының шығу тегі туралы тақырыпта баяндама табыс еттім», – дейді [27, 146-б.].

Осы жылдары Г. Потанин, Ж. Ақбаевпен бірге Ә. Бөкейхан, Ә. Ермековтермен де бірге болғаны жоғарыда келтірілген Былқылдақтан жазылған хатынан байқалады. «Ақпаев [мырза] почтаға кіріп, бізге келген хаттарды алып келуге уәде берді, бірақ ол қалаға баратын уақытын кейінге қалдырды, сондықтан мен Ермековтің жәрмеңкеге баратынын күтуіме тура келеді. Ол ертең кетеді, Қаркаралыда екі күннен кейін болады, содан кейін одан әрі Қояндыға кетеді, демек, жәрмеңкеде екі-үш күн болады; қайтатын жолы үш күн, демек, мен сенің хатыңды аламын, егер ол почтадан табылса, 9 күннен кейін... . Маған осындағы белгілі адамдар келеді. Әлихан Бөкейхантың ағасы Смахан келіп кетті, осы жерден 100 шақырымдай жердегі өз ауылына мені апаруға уәде берді, басқа ағасы Қасымхан бізде тұрады, менімен бірге бір киіз үйде ұйықтайды» [35, 394-б.].

Қос өкіметтілік өзінің дүниеге келу арқылы ақпан төңкерісінің ішкі қайшылықтарын бейнеледі, елдің қоғамдық-саяси өмірінің тұрақсыз екендігін көрсетті. Мұндай жағдай ұзаққа бармайтын еді: ерте ме, кеш пе, қос өкіметтілік жойылып, барлық билік империалистік буржуазия мен оның одақтастарының мүддесін қорғайтын Уақытша үкіметтің немесе әлеуметтік және ұлттық езгінің ауыртпалығын көтерген халықтың басым көпшілігі болған жұмысшылар мен шаруалырдың революцияшыл-демократиялық өкімет органы болған кеңестердің қолына көшуге тиіс еді.

1917 жылғы көктем мен жаз айлары қазақ кәсіби элитасының қоғамдық-саяси өмірінің барынша жанданған кезеңі болды. Ол бірнеше бағытта: халық өкілдерінің Ақпан революциясынан кейін мемлекеттік құрылысқа қатынасу, ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау және елдің саяси өміріне араласу бағыттарында көрініс тапты.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда съезд шақыру туралы мәселе қайтадан көтеріледі. Торғай, Орал сияқты қалаларда әуелі облыстық съездер өтсе, одан кейін 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Жалпықазақтық съезд өтеді. Съездің күн тәртібінде он беске жуық ұйымдық

мәселе қаралады. Осы съезде бұрын Ж. Ақбаев баспасөз беттерінде көтерген мәселелер де айтылады.

Ресей құрылтай жиналысына әр облыстан сайланатын депутаттар мен оларға кандидаттарды съезд белгілейді. Семей облысынан ұсынылғандар арасында Г.Н. Потанин, Ә. Бөкейхан, Ж. Ақбаевтар болды. Осы тізімде Григорий Потаниннің есімі көзге түседі. Осыған қарағанда, Ақбаевтың орыстарға қарсы шыққаны былай тұрсын, қайта олармен жақын дос болған. Ал ең бастысы – Қазақстан Ресей демократиялық мемлекетінің құрамдас бір бөлігі болады деп санады [27, 74-б.].

Томск мұрағатының материалдары Потаниннің қазақ зиялыларымен тығыз байланыс жасағанын дәлелдейді. Өзінің барлық қазынасын сақтаған Г. Потаниннің табиғаты ұқыпты болған. Ж. Ақбаевпен жазысқан хаттарынан екеуінің арасында қарапайым адамға тән жылы қатынас болғанын байқауға болады.

1913 жылдың көктемінде Григорий Николаевич Потанин өзінің достарына аңыздар, ертегілер, өлеңдер жинау үшін экспедицияға баратынын хабарлады. Потанин өзінің жас досы Ә. Ермековпен алдын-ала келісіп, соның ауылында тұрақтады.

Потаниннің сапар желісін таңдау, Сібірлік линиялық казак әскерінің хорунжиі өзінің әкесін еске алуымен байланысты, қосымша жағдайға мүмкіндік берді. Николай Ильич Потанин Батыс Сібір әскерлерінің қолбасшысының ерекше тапсырмаларын орындады. Ол 1829 ж. қыркүйекте Қоқан елшілігінің құрметті қарауылшы отрядын басқарды. Оның кішкентай отряды Семейден Қоқанға дейін жүріп өтті. Кішкентай Гришаның есінде өмір бойы әкесі айтқан тасты тау, адамның бейнесі суреттелген тасты бағаналар, қиратылған ғимараттардың қалдықтары туралы қалды.

Сапарға шығайын деп жатқан Григорий Николаевич 1831 жылы «Әскери журналда» басылған «Записки о Кокандском ханстве хорунжего Потанина» еңбегін қайтадан тағы бір оқып шықты. Ол әкесінің естеліктерінен Қызылрай тауларының ең есте қаларлық жерлерінің атауларын жазып шықты. Этнографтың көп жылдық тәжірбиесі өткеннің бай ескерткіштері мен орындары аңыздар санының көптілігімен байланыстырылғанын көрсетеді.

Империялық Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесінің мұрағат хаттарынан Потаниннің Қарқаралы уезінде болғаны туралы екі құжат қолға түсті. Оның біріншісінде, 1913 ж. 5-ші сәуірде Басқарушы комитеттің бөлімшесінде В.К. Зайковскийдің төрағалығымен отырыс ұйымдастырылғандығы туралы айтылады. «Батыс Сібір бөлімі ісінің басқарушысы А.Н. Сидельниковтың Г.Н. Потаниннің осы жылғы жазда Қарқаралы уезіне қырғыз фольклорын зерттсу үшін баратын ниеті туралы хабар беретін хаттары тыңдалды». Осы сапарда 50 рубль қаржы бөлінетіні және оған интеллигентті қазақ аудармашысын табу туралы қаулы шығарылды.

Екіншісі, бұл 1913 ж. 30-шы мамыры деп белгіленген құжат. Осында көрсетілгендей, ғалымға «оның Қарқаралы уезіне сапарына аудармашы, Григорий Николаевичті Қарқаралыда күтіп қалған ауыл мектебінің мұғалімі Рахымбай Сапақов болатыны туралы айтылады. Дәл сол уақытта Р. Сапақов

отбасылық жағдайына байланысты Потанинге серік бола алмайтынын, бірақ өзінің орнына мамыр айының аяғында Қаркаралыда болатын студенті Чалымбековті алуын ұсынғанын хатпен хабарлайды». Соған қарағанда, Томскі студенттерінің бірі Қарқаралы уезінің тұрғыны Потанинге аудармашы болуға келісіп қойған еді, сондықтан ол Салымбековке хабарласуды артық деп есептеді.

Әлімхан Ермеков те Томскі студенті болды. Семейліктер басында Потанин мен Ермековтың арасындағы келісімді білмей, Қарқаралы қаласынан аудармашы іздеді.

Потанин экспедицияға Томскілік апалы-сіңлілі Вороииналарды шақырды. Олардың үлкені – Антонина – Уткина – Воронина – жаксы суретші еді, қырғыз даласындағы жаз мезгілінің суретін салуға кіріседі. Кішісі – Екатерина. Петербург студенті еді. Ол болашақта гимназияда жаратылыстану ғылымынан оқытушы болуға дайындалды. Оны кең өлкенің ағаштары, бұталы өсімдіктері, шөптері қызықтырды.

1913 жылдың сәуір-мамыр айларында Семей подотделінің ЗСОИРГО Жіктеу комитетінің екі отырысы өтті. Бірінші отырыста (5 сәуірде) «Батыс-Сібірдің РГО бөлімінің жұмыстарын басқаратын А. Н. Седельниковтың хаты тыңдалды, онда Г. Н. Потаниннің осы жазда Бөлімнен Қаркаралыға қырғыз фольклорын зерттеу үшін баратындығы жазылған. Ол үшін 50 рубль бөлінетіндігі және интеллигентті қазақтан аудармашы берілетіндігі күн тәртібіне қойылған...» көп іздеудің қажеті жоқ болды, себебі А.А. Ермеков Г.Н. Потаниннің экспедицияда қасында болып көмектесумен қатар, өзінің туған ауылынан тұратын үй де ұсынды. ЗСОИРГО-ң екінші отырсында (30 мамырда) А.А. Ермеков аудармашы болып бекітілді. Апалы-сіңлілі Вороииналардың отырыста аттары аталған жоқ, себебі олар «Томскте... өз қаржыларына қосылды». Потанинді тегін Омбыдан Семейге апарып тастайтын және кейін қайтаратын «демеуші» Батыс-Сібірдің кеме және саудамен айналысатын Серіктестік табылған соң экспедиция жолға шықты. Оның негізгі мақсаты қазақтардың тарихи-этнографиялық материалдарын және бұрын жазылған ертегі, аңыздардың жаңа нұсқаларын жинастыру болды.

Г.Н. Потаниннің тарихи-этнографиялық экспедициясы 2 ай өнімді жұмыс жасап, тамызда Сары-Арқадан кетеді. Потаниннің саяхатының нәтижесі Омбыда 1914 жылы 10 ақпанда Батыс-Сібірдің географиялық қоғам мүшелерінің жиналысында баяндалады. Ғалым «қазақтардың ән мәдениетінің бар екенін, орыс мәдениеті қазақтарға әсер ететінін, қазақ халқының қолынан бәрі келетіні» туралы айтады.

Мамырдың соңында Томскіден кетіп, Омбыға бет алды. Осында бірнеше күн болды. Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімінің басқарушы Комитеті Григорий Николаевич Потаниннің сапары туралы біліп, отырысқа жиналды. Қонақтарға арнайы кішкентай концерт ұйымдастырды. Онда бірнеше қазақ әншілері «өнер» көрсетті. Сол уақытта олар көрсеткен «Дуаналарды» (сықыршы) Потанин жазбасында сипаттаған. Оны Қарқаралы уезінің Едірей болыстығынан С. Жұбандыков айқайлап әулиелерді шақырып, жын-шайтандардан арылуды көрсетті. Семей болыстығына халық әндерін

орындаушы С. Жиенбаев бірнеше халық әндерін орындады, әсіресе, «Файзулла», «Құлагер», «Акжан», «Дариға». С. Сағалиев мақтаулы палуан Балуан Шолақты бұрынғы казак гуслярлары айтқандай етіп, жартылай әнмен жеткізді.

Ертіс жағалауынан саяхатшылар тіке жолмен Қоянды жәрмеңкесіне жол тартты. Олар осында қажетті заттарын алу үшін тоқтатады. Бірақ, ең бастысы Григорий Николаевичті қызықтырғаны – жәрмеңкедегі әншілердің әндері мен халық шеберлерінің бұйымдары еді.

Саяхат уақытында Потанин бақылаулар жасап, жазбалар жазуына аз да болса мүмкіндіктерді пайдаланды. Оған кездескен жолаушылар көптеген қызықты әңгімелер айтты. Көшпелі шаруашылықпен айналысудың қиыншылықтары, жаздың құрғақ кезеңінде, кең территорияда жайылымның тапшылығы болды. Қаладан өркениет ошақтарынан алыс жердегі адамдар өмір сүрудің қажеттіліктерінің ең азына да қанағат тұтты.

Таң қалырлықпен көрген жерлерін көркемдеп суреттейді. «Мұнда кең көлемді, бірақ биік емес тау тізбектері өтеді. Ол Зайсан көлінен Тобылдың жоғарғы жағына дейін 500 верст көлемінен меридиан бойынша 300 верстке созылып жатыр. Балқаш өзенінің оңтүстігінен өтіп бара жатып, саяхатшы осы тізбекті кесе көлденең кесіп өтеді: бірінші, ол тегіс жазықтықпен жүреді, кейін жол төбелі жерлермен ауысады. Бұл тізбек Ертіс ойпатын Балхаш ойпатынан бөліп тұрады, бұл Қаркаралы қазақтарына «Сарыарқа» деген атаумен белгілі. Бұл тізбек көлемді жаншылған бөктерден, кең жайпақ алқап пен бөліктерден тұрады. Жартасты қыркалар, тығыз орналасқан жыралар аз кездеседі. Зерттеушінің көзі пейзаждың біркалыптылығынан жалықты. Күн сайын оңтүстік Балқаш қалалары жақындай түсті. Арал – Балқаш су айырығы өтіп кетті. Сол жердің айналасы жүздеген үлкенді-кішілі төбелерден тұрғанына қарамастан, белгіленген кең даланың бүкіл қатары саяхатшының Балқаш жағалауындағы құрғақшылыққа көзқарасы» айтылып өтеді.

Сондай кең даланың бірінен ағатын өзен – Былқылдақ, осында Әлімхан Ермековтың туыскандары тұрды. Бұл жер Григорий Николаевичке ұнады, бірақ ол тоқыраудың құнарлы жерлері Балқаштың жағалауына жақындап бару туралы ойланып қалды. Содан 90 шақырым оңтүстікте Смахан деген қазақ тұрды. Потанинге таныстарының бірі сонда баруға кеңес берген еді.

Томскіде Ермеков маған аңыз-әңгімелерді жазуда аудармашы болуға ұсыныс жасаса да, соған байланысты мен оның ауылында тұрақтадым да, Смахан ауылына бара алмадым, кейін ол өзі осында келді. Ауылға қонақтардың келуіне байланысты тағы екі киіз үй тігілді. Бірі Потанинге, екіншісі әпкелі-сіңлілі Воронналарға арналған еді. Потаниннің киіз үйіне Ермеков көптеген аңыздарды білетін аңыз айтушыларды шақырды. Басында бұл өзінің жергілікті адамдары еді, кейін алыс болыстардан алдыртуға тура келді. Григорий Николаевичтің жұмыс күні таңғы сағат 10-нан басталды. Киізге жайғасқан ол, сол жерде Ермековтың аударуымен аңыздардың аудармасын қойын дәптеріне түсірді. Бірақ, ол өзі көп жаза алмады, себебі көзі ауырды, сөйтіп Потанин уақытша аудармашыға қол дәптері мен қаламын берді.

Өздеріңіз жаза беріңіздер, ал мен тек тыңдаймын. Айталық, өте сауатты аңыз-әңгіме айтушылар да кездесті. Олар өздері мәтінді жазды, кейін Ермеков оны орыс тіліне аударды.

«Барлығы 27 аңыз жазылды. Онда жаңа сюжеттер аз. Себебі менің бірінші жоспарымда жаңа сюжеттерді іздеу болмады. Мен басқа аңыз жинаушыларда жазылған, әсіресе Әз-Жәнібек хан, Жиренше шешен, Алдар көсе, Еркөкше, Ер Төстік туралы айтылғандардың нұсқасын көбірек жинауға тырыстым. Бұл жағынан мен өзімнің жинағаныма қанағаттанамын. Бірақ, қанағаттанбайтын да тұстары бар. Жинақтаушы ертегілерді жинақтай отырып, болжамдарын нақтылайтын жеке табыстарға жетуді мақсат тұтты. Бұл мақсаттары ешқашан толығымен жүзеге аспады. Қысқа ғана мерзімде шағын кеңістікте іздеуші толық қанағат табуы қиын еді».

Жазылған аңыз-әңгімелердің кейбіреулерінің нұсқаларына түсініктемемен «Известия Семипалатинского подотдела Императорского Русского Географического общества» беттерінен көруге болады. Сол еңбектерді карап отырып, ғалымның осы жаздағы жақын көмекшісі болған Әлімхан Ермековтың фамилиясын бірнеше рет кездестіруге болады.

Бір айдан кейін Потанин жиналған ертегілердің нұсқаларынан қызықты қорытынды шығарды. Ол қарқаралық ертегілер Балқаш – Ертіс су айрығының тауларымен тікелей байланысын байқады. Әр ертегі айтушы Кент, Қызылрай, Қарқаралы, Қу, Едірей, Көшубай тауларының кескінді алаптарын өтуді жөн санаған – Әлімхан, сіз білесіз, – бұл кездейсоқ емес қой, – деді Потанин. Мұндай тұрақтылық, кең кеңістіктерде қазақтардың бұрыннан көшіп жүргендігін көрсетеді.

Потанин жергілікті ертегілерден өзінің бұрынғы пікірлерін одан әрі нақтылады. Көшпенділердің халықтық сарыны отырықшы өмір сүретін ұлттардың ертегілерінен бірден ажыратылады. Оның пікірінше, бұл негізінен көшпелі халықтың қатаң өмір жағдайына байланысты болды.

Г. Потанинге қазақтың халық ауыз әдебиеті туралы материалдарды жинауына Баржаксин де көп көмек көрсеткен. «Менің окушыларымның арасында ертегі айтатындар табылды. Александр Никитичтен жазып алған Сіздің ертегілеріңіздің аттары менде бар. Мен «Ер Төстік» ертегісінің нұсқаларын жазып алдым, жазып алған ертегілердің аты мыналар: «Ер Төстік», «Темір-қазық», «Ер-туған», «Керуен-басшы», «Гадхана», «9 ұл», «Аққу-бай», «Бір-тұтам», «Қара мерген», «Алып қара-құс», «Кодем батыр»... Бұдан басқа менің алдымда басқа да ертегілердің тізімі жатыр, оларды кейін жазуға уәде беремін. Егер жинаған ертегілерді жібергенімді қаласаңыз, онда мен оларды қырғыз тіліндегі (қазақ – Т.Ж.) транскрипциясымен жіберемін.

Сіз білетін мақалаларды жазып баяғыда бітетін едім, алайда түрлі жағдайлар кедергі жасайды. Сіз бұған ешқандай қарсылық білдірмейсіз деп үміттенемін.

Сіздің кеңесіңіз бойынша мен жұмбақтарды жинай бастадым, алайда олардың саны аз. Мен «Қырғыз бен татардың арасындағы айтысты» жазып алдым, маған ұнады, сөйтіп мұражайға жібердім. Сізде бар да болуы

мүмкін. Осы үзіндіге қарағанда Баржаксин Потаниннің тапсырмасын аса бір жауапкершілікпен орындаған. Тіпті алдында отырған шәкірттерінің де көмегін пайдаланған. Ол түсінікті де еді, өйткені қазақ даласында өскен баланың ертегі-аңыз, эпостарды білмеуі мүмкін емес еді. Хатты одан әрі оқығанда Баржаксин Потанинің мұндай жинақтарды қай баспада жариялайтынына баса назар аударған сияқты: «Мен Сіздің ертегілер жинағын қайда шығаратыныңызды білгім келеді. Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімінде ме әлде басқаға бересіз бе? Сіз жинаған ертегілер атауларын көбейте түскен дұрыс, өйткені мен де нұсқаларды жинақтадым» [36, 2-б.]. Демек, егер Потанин Орыс Географиялық қоғамының баспаларына мақаласын беріп қалса, оның мазмұнды болғанын Баржаксин қалаған деп пайымдаймыз. Ертегілер тізімі аз болып қалмағанын қалағаны хаттан байқалып тұр. Ал, Баржаксин қаншама ертегі нұсқаларының мазмұнын жазған. Ол кезде бәрі қолмен жазылатыны белгілі. Қазіргі кездегідей жоғары технология жоқ.

Осы хатта А. Баржаксин Потаниннің жұбайына да сәлем айтқан. Хат соңында «Сізге барлық қызметіңізге даяр Ахмет Баржаксин», – деп аяқтаған [36, 3-б.]. «Егер маған хат жазамын деп ойласаңыз, менің мекен-жайым мынау: Петропавл уезінің Камышловка стансасы, Жамантұяқ ауыл мектебінің мұғалімі», – деп жазады [36, 3-б.].

Көптеген аңыздардан «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» Г. Потанин де назар аударған. Жырды жинап, пікір жазушылар ішінде Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, Абай, Н. Березин, Ә. Марғұлан т.б. бар. Абай жазып алған жыр нұсқасы құндырақ, өйткені оны Жанақтан, Сыбанбайдан, Найман бала, Айтпай ақыннан жазып алғандарын бір сюжет төңірегіне топтастырады. 1884 жыла Жанақ ақын нұсқасын Г.Н. Потанинге сыйға тартады [37, 76-б.].

П.П. Семенов Тянь-Шанский XIX ғ. 60-жж. Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесіне әдейілеп іздеп барған кезде көргенін жол дәптеріне былай деп жазған: «Кішкене Аягөз бекетіне таяу жерде қазақ аңызында айтылатын Қозы Көрпеш мұнарасын көрдім, бір аянышты нәрсе – оның ұшар басын біреу зеңбірекпен атып түсірген. Ондай вандализм кімге керек болды екен. Мен түсіне алмадым» [37, 78-б.].

Г.Н.Потаниннің сұрауымен Семейден жолдаған хатында А.Н. Белослюдов былай деген: «Қозы Көрпештің кесенесіне екі рет бардым, онда мүсін тастар бүтіндей жоқ. Кесенесінің бір жақ бүйірін артиллерист нысана ғып атқан, ол қазір бұзыла бастаған. Марқұм ағамның (Виктор Николаевич) маған айтуынша, Қозы Көрпештің екі мүсін тасын Германияға алып кеткен» [37, 78-б.]. В.Н. Белослюдов Қозы Көрпештің өліп жатқан суретін бейнелеу үшін көп мәлімет жинаған. Бірақ бұл жоспарын іске асыра алмай кеткен.

Ағайынды Белослюдовтер Ертіс өңірін мекендеген қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлкен үлес қосып, Абай шығармаларын орыс тіліне аударып, бастыру ісіне көп үлес қосқан [38]. Н. Белослюдов Ә. Ермеков, Н. Құлжановамен пікірлес болған. Ағайындылардың ең кішісі, ұстаз Алексей Белослюдов 1915 жылы Семейден Г.Н. Потанинге:

«Шоқандардың қалаға, мәдениетке ұмтылуы жыл сайын көбеюде. Олардың көпшілігі сіздің қадірлі досыңыз Шоқанды еске түсіреді. Бәрі де ұстамды, бәрі де тұңғиық, бәрінің де жүрегі мөлдір, таза, адамға дос болып, қауымға, өзінің жұртына жұмыс істеуді мақсат етеді», – деп терең тебіреніспен хат жазып, қазақ жастарының болашағынан үлкен үміт күткен [39].

Ахмет Баржаксин мен Г. Потаниннің бір-біріне жазған хаттарынан шығармашылық байланысты байқауға болады. 1914 ж. 22 қарашада жазған хатында А. Баржаксин Петропавл уезіндегі ауылдық мектепке орналасқанын жазған [36]. Бұл хаты үш беттен тұрады. Хаттардың мәтініне қарағанда А. Баржаксин Потаниннің уақытын алмауға тырысқанын байқауға болады. «Жағдайды айтатын болсам, онда Сіздің көп уақытыңызды аламын, сондықтан көп жазбайын деп шештім», – дейді [36, 1-б.].

Баржаксиннің Потанинге Атбасардан жазған мына бір хатының жылы көрсетілмеген, тек хаттың басында «Атбасар қаласы. 10 қараша» екені көрсетілген [40, 1-б.]. Бұл хат екі беттен тұрады. «Құрметті Григорий Николаевич! Сізге және Сіздің жұбайыңызға сәлем жолдаймын. «Сібір өмірінен» көптеген жазбаларды көрдім», деп Потанинді мойындайтынын айта отырып, «Атбасарда қандай жаңалықтар болса, әрқашан редакцияға хабарлап отырамын», деп уәде бере отырып, өзі екі мақала жібергенін айтады. Оның соңғысына «Сіз арқылы олар назар аударады деп үміттенемін. Енді тікелей жіберіп отырамын. Сізге мақалаларыммен мазаңызды алғаныма кешірім сұраймын», – деп жазады [40, 1-2 -бб.].

Григорий Николаевич өзін қоршаған балқаштық тайпалар туралы ерекше көзқараста болды. Ертегі ертегілігімен, бірақ зерттеушіні бұл халық тағы несімен қызықтырады? Ол ауылдарды аралап, киіз үйлерге кірді, тұрмыстық өмірдің ерекшеліктерін т.б. бәрін жазып алып отырды. Зерттеу нәтижесі тұрмыс өнерінің жоғары дамыған саласы көркем ою-өрнек туралы айтуға негіз береді.

Қазақ оюы бай болып саналады, ол үй жабдықтарының барлығына енгізілген. Еңбекші шаруа әйелінің арқасында ешкандай бір үзім киізде, теріде, ағаштан жасалған бұйымдарда да ою – өрнек бар. Киіз үйде ақ, яғни үстіңгі жағына қызыл және қара түстерден симметриялы түрде ойылып істелген киіз төселген.

Арткы қабырға жаққа киізбен қапталған сандықтар тұтасымен қойылған, олардың үстіңгі жағы әшекеймен безендірілген. Еңбек сүйгіш қырғыз қызы киіз үйді суретті галереяға, нақтырағы ою көрмесіне айналдырып жібереді.

Бір қарағанда ою суреті өсімдіктер дүниесінен алынғандай, жапырақ пен гүл көріп тұрған сияқты көрінеді. Негізінен бұл – Қошқар мүйізі деп түсіндіріледі. Тағы басқа Қобыз тал деп аталатын ою бар. Ою-өрнектер көбінесе геометриялық түрде болып келеді.

Чиі – бұл қырғыздардың тұс кілемі, негізінен адал дақылдарының сабағы бейнеленген жүннен тоқылып, жіппен жиектелген. Потанинге қазақ әндерінен лирикалық ән-күйлер ұнады. Ол «қазақ әндері өте бай», «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» – деп, үнемі айтатын Потанин [41, 8-б.].

Григорий Николаевичтің баяндамасы туралы газеттер бүкіл Ресей бойынша тез хабар таратты. Бұл қысқа ақпараттық жаңалық білімді оқырмандарды қанағаттандыра алмады. Сол себептен 1914 ж. сәуірде «Сибирская жизнь» деп аталатын Томскі газетінің үшінші санында саяхатшы өзінің баяндамасын толығымен жариялады. Ол «Тоқырау өзенінің тармағында» деген атпен шықты.

Саяхат экспедициясының басқа мүшелері үшін де жемісті, нәтижелі болды. Жоғарыда аталған жиналыста Географиялық қоғамның мүшесі Е.А. Воронина Ертіс-Балқаш су айрығындағы гербарий өсімдіктерін көрсетіп, жариялап өтті. Ал Уткина – Воронина қазақ халқының тұрмыстық өмірінің бір белгілерін және өрнектің элементтері өзінің көрінісін тапқан үлкен акварель альбомын көрсетті [41, 9-б.].

Потанин Ә. Ермековпен Алаш ісіне қатысты мәселелер бойынша да тығыз байланыста болған. Алашорданың бағдарламасы шыққанша сібірлік облысшылар онымен таныс болған. Бұл құжатты 1917 ж. қазанда Семейден Томскіге Әлихан Бөкейхан мен Әлімхан Ермеков әкелген болатын. Олар Алашорданың өкілі ретінде Сібір облысшылар-потаниндіктердің Бірінші съезіне келген еді [41, 33-б.]. Әлімхан Ермековтың көмегімен Потанин Арқаның біраз жерінде болған. Ол жерлердің табиғатын, шаруашылығы мен мәдениеті жөнінде еңбектерін де жазды. Атап айтқанда, «Дала астықтары» еңбегінде Г. Потанин «Семейдің қасында бидайдың китайка немесе калмынка, теремкова деген атпен белгілі түрлері бар. Олар бірге егіледі, олардың таралу шекарасы орыстың дәні ұсақ бидайынан айырмашылығы бар. Бұл тұқымдар Қазақ даласының шығыс бөлігінде, қазіргі Семей облысында егіледі», – деп жазған [42, 528-б.]. Көкпекті аймағында, қырғыздар орыс дәнін себеді, ал Тарбағатай мен Алатауда, Іле дельтасында, Шәуешек пен Құлжада, Қоқан хандығында китайка мен теремкованы егетінін жазған [42, 528-б.]. Ал калмынка деген бидайдың түрі орыстар келгенше Семей жақта егілген көрінеді. Китайка болса Семейге 1810 жылы Құлжадан әкелінген, оны Торопов деген мещан бірінші рет еккен [42, 529-б.].

Әлімхан Ермеков өмірінің Семей жерімен байланысы оның балалық кезінен басталған. Әкесі Әбеу Әлімханды сегіз жасында Қарқаралыдағы қалалық училищеге түсіріп, оны үздік бітірген соң Семейдегі гимназияға береді. 1912 жылы гимназияны алтын медальмен бітіріп шыққан Ә. Ермеков сол жылы т.б. мүше болып жарна төлеп тұрған, сонымен қатар қоғам қаланың мәдени өмірінің өркендеуіне өз үлесін қосқан. 5-13 желтоқсан 1917 ж. Орынборда өткен Жалпықазақ съезі мәжілісінің хаттамасында Семей облысынан қатысқандар ішінде Ә. Ермековтың да аты жазылған [43].

Қорыта айтқанда, Г. Потаниннің соңғы саяхатының басы-қасында жүрген Әлімхан Ермеков Алашордадағы игі істері бойынша да Сібір облысшыларының басшысымен тығыз байланыс жасап тұрған [43].

---

1. Мирзоев В.Г. Историография Сибири. (Домарксисткий период). – М.: Мысль, 1970. – 391 с.

2. Словцов П.А. Историческое обозрение Сибири. Кн. 1. – Спб., 1886.

3. Ядринцев Н.М. Сибирские литературные воспоминания. – Красноярск, 1919.
4. Архив Г.Н. Потанина. Научная биб. Таиского государства. Опись 103. л. 44367.
5. ТОКМ. Научный архив. Фонд Г.Н. Потанина. оп. 14. д. 3. л. 46.
6. Сесюнина М.Г. К вопросу об эволюции Сибирского областничества (70-е-начало 90-х годов XIX в.) // Труды Томского Ордена Трудового Красного Знамени Государственного университета им. В.В. Куйбышева. Т. 190. Серия историческая.
7. Ленин. ПСС. Т. 2.
8. Письма Ядринцева к Потанину. Красноярск, – 1918.
9. Восточное обозрение. 1904. № 86.
10. Ленин В.И. ПСС. Т. 1.
11. ТОКМ. Науч. архив. оп. 14. Д. 3. лл. 34-35.
12. ТОКМ. Науч. архив. оп. 14. Д. 14. л. 29.
13. Ядринцев Н.М. Сибирь как колония. – Спб., 1892.
14. Ленин В.И. ПСС. Т. 5.
15. ТОКМ. Оп. 14.Д. 7. Л. 17.
16. Порох И.В. Герцен и Чернышевский. – Саратов, – 1963.
17. Ядринцев К моей автобиографии // Русская мысль. – 1904. № 6.
18. Потанин Г.Н. Областническая тенденция в Сибири. – Томск, 1907.
19. Шашков С.С. Очерки русских нравов в старинной Сибири // Отечественные записки. 1867. – Т. 175. – № 10. Отечественные записки. 1880.
20. Атабаев Қ.А. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, – 2002.
21. Ленин В.И. ПСС. Т. 22.
22. Восточная Сибирская жизнь.19 мая. – 1913.
23. Зиманов С. В.И. Ленин және Қазақстандағы советтік ұлттық мемлекеттілік. – Алматы, – 1970.
24. Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. – Алматы, 1990. – С. 608-609.
25. Акмола. Энциклопедия. – Алматы, 1995. –С. 286-287.
26. Краткая энциклопедия. «Казахская ССР». – Алматы, 1991. Т. 4. – С. 621.
27. Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. Ж. Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 224 б.
28. Кул-Мухаммед М. Патриот. Политик. Правовед. Политико-правовые взгляды Ж. Акпаева. – Алматы, 1995.
29. Созакбаев С.У. Петербургский университет в истории политической и правовой мысли Казахстана: Автореф. дис. канд. юрид.наук. – Алма-Ата, 1985. – 25с.
30. Г.Н. Потаниннің мұрағаты. Ж. Ақбаевтан хаттар // Томск мемлекеттік университеті мұрағаты. № 11 хат.
31. Г.Н. Потаниннің мұрағаты. Ж. Ақбаевтан хаттар // Томск мемлекеттік университеті мұрағаты. № 12 хат.
32. Г.Н. Потаниннің мұрағаты. Ж. Ақбаевтан хаттар // Томск мемлекеттік университеті мұрағаты. № 13 хат.
33. Ядринцев Н.М. Современная мания к путешествиям // Литературное наследство Сибири. Т. 7. – Новосибирск, 1986. – С. 261-265.
34. Мұхатова О.Х. Ж. Ақбаев – тарихшы // Алаш. 2007. № 5.
35. Потанин Г.Н., Васильева М.Г. «Мне хочется служить Вам, одеть Вас своей любовью». Переписка. Сост. Н.В. Васенькин, Г.И. Колосова. – Томск: изд. Томского университета, 2004. – 418 с.

36. Г.Н. Потаниннің мұрағаты. А. Баржаксиннен хаттар // Томск мемлекеттік университеті мұрағаты. № 19 хат.

37. Сағындықов Е. Махаббат мұнарасы // Ақиқат. 1997. № 1. – 74-79.

38. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1995. – 154-155 бб.

39. Сапаралы Б. Адалбақан: Ғылыми көсемсөз желілер. – Алматы: Өнер, 1992.

40. Г.Н. Потаниннің мұрағаты. А. Баржаксиннен хаттар // Томск мемлекеттік университеті мұрағаты. № 1014 хат.

41. Сибирская старина. Томск, 1995. № 10(15).

42. Потанин Г. Степные пшеницы // Тобольские губернские ведомости. Сотрудники и авторы. Антология тобольской журналистики конца XIX – начала XX в. Составитель Мандрик Ю.Л. – Тюмень: Мандр и К, 2004.– 624 с.

43. Географического Общества. Вып. XVI. – Семипалатинск: Типография Семгубиздата, 1927. – С. 1-13.

44. Таңатарова Ж.Т. Г.Н.Потанин және қазақ зиялылары: саяси және рухани көзқарастарды тарихи талдау. Т.ғ.д. дәрежесін алуы үшін дайындаған автореферат. Алматы, 2008. 42-б.

3.3 АЛАШ ЖӘНЕ БАШҚҰРТ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Башқұрт ұлттық қозғалысының жетекшілері Зәки Уәлиди Тоған, Ильяс Алкин, Мухаметғали Кулаев, Сагит Мрясов, Абдулқадыр Инан, Галимьян Таган, Саитгарей Магазов және басқалары, қазақ қозғалысының жетекшілері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Жаханша Досмұхамедов, Әзімбек Берімжанов, Мұхаметжан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай және басқалары арасындағы өзара қарым-қатынастар 1917 жылдан 1920 жылдың ортасына дейін қазақ және башқұрт тәуелсіздігі үшін бірлескен күрестің негізін құрайды.

Сонымен бірге, башқұрт ұлттық қозғалысының басты көшбасшысы ретінде Зәки Уәлиди Тоғанның, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері – Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Ж. Досмұхамедов және басқаларының айрықша рөл атқарғанын атап өту керек. Уәлидидің қазақ халқына деген құрметі мен сүйіспеншілігі қазақ және башқұрт ұлт-азаттық қозғалыстары арасындағы қарым-қатынаста, сондай-ақ түркі және мұсылман халықтарының ұлттық тәуелсіздігі үшін күрестегі маңызды факторы болды. Зәки Уәлиди Тоған қазақ халқына, қазақ дәстүрлері мен мәдениетіне мейірімділікпен қарады. Түркітанушы ретінде Уәлиди қазақтың тарихы мен қазақ-башқұрт қарым-қатынастарын жақсы біледі. Уәлиди өзінің мемуарында қазақ және башқұрттардың ортақ шығу тегі, ұқсас тарихи тағдыры бар, азаттық жолындағы күресте де мазмұндас қиындықтарға кезіккенін атап өтті. Екі халықты да Ресей империясы басып алды, отаршылдық режимге қарсы тұрып, жиі бірге көтерілістерге

шықты. Башқұрт бүлікшілері патшалық жазалау отрядынан жасырынып, башқұрттар жеріне жақын орналаскан қазақтың қыпшақ тайпасынан пана тапқан. Қазақтар қашқын башқұрттарды патша билігіне ұстап берген жоқ, бұл қонақжайлылық дәстүрімен түсіндіріледі (конақ болғандықтан ұстап беруге болмайды). Қазақтар мен Башқұрттар жер аудару мен шектеуге ұшырады. Патшалық отарлаушы шенеуніктер (Неплюев) екі бауырлас халықтарды араздату үшін көп күш-жігер жұмсады [1, 50,160 -б.]. Уәлидидің айтуынша, XVIII-XIX ғғ. қазақтар мен башқұрттар жер аудару кезінде олар бір-бірінен аумақтық тұрғыдан алыстады, алайда XX ғасырдың басында халық өздерінің көшпенділігімен байланыста болған. Атап айтқанда, қазақтардың қыпшақ тайпасы башқұрт көшпенділерінің жанында жайылымда болған [1, 50-б.]. Мұндай көршілік қазақ және башқұрт отбасыларының немесе жеке тұлға өкілдері арасындағы достық қарым-қатынасты туындатты. Бұған дәлел Уәлиди отбасының қазақтармен қарым-қатынасы.

Уәлидидің әкесі өте бақуатты және бай қазақтар Найзабай мен Нұрпейіс-қажымен дос болды. Ахмет-Заки мен оның әкесі жиі Еркарағай қаласынан алыс емес жерде, Троицк қаласына жақын жерге қонаққа барып тұрған [1, 50-б.]. Уәлидовтардың достары, башқұрт Қасқынбаевтар отбасы, қазақтың қыпшақ тайпаларының отбасыларымен достық қарым-қатынаста болды. Қасқынбаевтар отбасының үлкені Шамсетдин. Мұхаметжан Сейдалинмен дос болған. Шамсетдиннің ұлы Ибрахим, Ахмет-Закидің досы Сейдалиннің өлеңдерін, «Қыз Жібек» дастанын, Пушкиннің қазақ тіліндегі аудармаларын оқитын [1, 53, 134-бб.]. Уәлидидің көкесі Галикиррар молда болды және ұзақ жылдар бойы қазақтар арасында мұғалім болған, сондықтан оның сөзінде қазақ тілінің әсері білінеді. Галикиррар ағай Уәлидидің қазақ әдебиетіне қызығушылығын тудырды. Уәлиди көкесінің ықпалымен Қазаннан қазақ тілінде шыққан барлық газеттер мен журналдарды жазып алды. Шоқан Уәлихановтың туындыларын оқыды. Уәлиди Алтай түріктерінің және қазақтарының шаманистік дұғаларын білетінін жазды [1, 58,99 б.].Уәлидидің досы мен одақтасы, башқұрт ақыны Саидгари Мағазов – Башқұрт ұлттық үкіметінің болашақ мүшесі, қазақ тілінде қазақтар арасында танымал болған жақсы өлеңдерді жазды [1, 249-б.].

Кенесары хан мен оның ұлы Садықтың тарихы мен тұлғасы Уәлидиге тамаша әсер қалдырды [1, 59-б.]. Бұл мысалдың әсерімен Уәлиди башқұрт халқының азат етілуі үшін күресу керек деген тұжырымға келді. Уәлиди Башқұрт ұлттық автономиясының жақтаушысы, башқұрттардың патшалыққа қарсы көтерілістеріне қатысқан қазақ хандарының ұрпағы Саитгари Жантуринді құрметтеген [1, 161-б.]. Бұл факт Уалидиде қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатты.

1912-1913 жж. Уәлиди өзінің «Түріктер мен татарлардың тарихы» атты керемет жұмысын жариялады. Бұл жұмыс көптеген түркі халықтарының ұлттық интеллигенциясынан жақсы кері байланыс тудырды. Сол кезде Уәлиди, Бөкей ордасынан Шахинарей Сұлтан Ә. Бөкейханнан шақыру алды. Уәлиди сол уақытта Самарада өмір сүріп, жұмыс істеген Ә. Бөкейхантың

шақыруын қабылдады. Онда барған соң Уәлиди Ә. Бөкейханпен кездесіп, Ахмет Байтұрсыновпен танысты [1, 129-б.]. Алаш жетекшілері Уәлидидің жұмысын өте жақсы бағалап, түркі халықтарының тарихы туралы көп әңгімелесті де Уәлиди жұмысының екінші томына қазақ хандарының басшыларын қосу кеңесіне келісімін берді. Кейінірек, Ә. Бөкейхан Уәлидиді Ш.Ш. Уәлихановтың досы, танымал орыс ғалымы Г.Н. Потанинмен таныстырды [1, 160-б.]. Сондай-ақ, 1915 жылы Орынбордағы «Қазақ» газетінің редакциясында Уәлиди Міржақып Дулатовпен кездесті. Түркі әдебиеті туралы әңгімелесті. Басқа қазақ интеллигенті Хайретдин Болғанбаев медреседе оқыған жылдары Уәлидидің «Түріктер мен татарлардың тарихы» кітабын зерттеді [5, 329-б.].

Уәлидидің өзінің қазақ досы, заңгер Серікпай Акаевпен әңгімесін еске алу қызықты. Содан кейін С. Ақаев Уәлидиге қазақ және өзбек тұрғындары тұратын Төменгі Сырдария аймағының болашақта Түркістанның мәдени және әкімшілік астанасы бола алатынын айтқан. Уәлди, өз кезегінде, осы аймақтың тұрғындары, ежелгі Оғыз мәдениетімен таныстырды. Содан кейін Ақаев осы әңгімені «Бірлік туы» газетінде мақала түрінде баяндады, ол кейінірек Қызылорданы Қазақстанның астанасы етіп таңдауға әсер етті [1, 194-б.].

Уәлиди қазақ жазушысы Аққағыт Досжановаңың түркі халықтарының көрнекті әйел жазушысы екенін айтады. Уәлиди Мағжан Жұмабаевтың «Орал» өлеңін еске түсірді, онда башқұрттардың патшалық басқыншыларға қарсы күресі көрсетілген және оны тәуелсіздік үшін түркі халықтарының ұлттық күресіндегі рухани ынталандыру деп атауға болады [1, 266, 282-бб.], – де тұжырымдаған.

Өмір бойы Уәлиди башқұрт халқының өмірінде маңызды рөл атқарған қазақтармен кездесті. Уәлиди Мәскеуден қашқан кезде, ол Орталық Азияға жол тартты, оның жолы Батыс Қазақстан – Адайлардың жері болды. Уәлиди сауда-саттық үшін Хорезмге барған Адай тайпаларының керуеніне қосылды. Жолда адай тайпасы арасында ескі дау туындады, Уәлидиге олардың арасында би болуды ұсынды. Уәлиди келісіп, екі тарапты қанағаттандыратын шешім шығарды. Кейінірек Ә. Бөкейхан Уәлидиге құттықтау хатында: «Сіз ұзақ уақыт бойына шешілмеген, қиналған қазақ халқының жарасын жаздыңыз» [1, 23-24-бб.], – деп ризашылығын білдірді. Сонымен қатар, Уәлидидің 1921 немесе 1922 жылдары Бұхарадан Ташкентке жасаған сапары кезінде оның оққағары ретінде Мәскеуде әскери училищесін бітірген офицер қазақ жігіт – Қалкаман жанында бірге жүрді [2, 121-б.]. Ауғанстан арқылы саяхат кезінде Уәлидиге қазақтың Табын руынан Абдыхалық Қонысбай сенімді жол серік болды [2, 204, 206-бб.]. Әлеуметтік-саяси салада Алаш, қазақ интеллигенциясының өкілдері және Ахмет-Заки Уалиди орыс мұсылмандарының саяси құқықтарын қорғауға бағытталған Бүкілресейлік мұсылман қозғалысы кезінде ынтымақтастықты бастайды. Бұл Бүкілресейлік мұсылман съездеріне, сондай-ақ Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының жұмысына қатысуда көрінді. 1917 жылдың қазан айында революцияға дейін Ә. Бөкейхан, М. Шоқай, А. Уәлиди

Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының хатшылығында жұмыс істеді [1, 164-б; 7, 181-б.]. Хатшылық барысында маңызды жұмыс жасады: ол бүкіл Ресейдің мұсылмандары тарапынан талаптар мен шағымдарды алды, мұсылман халықтары мен қоғамдастықтардың әлеуметтік және саяси құқықтар саласындағы ахуалды зерттеді. 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін М. Шоқай және Уәлиди, Керенскийдің қолдауымен, жұмылдырылған Түркістандық және қазақстандық жұмысшылардың жағдайын анықтау үшін майданға аттанды [1, 164 б.]. Уәлиди өзінің естеліктерінде, Әлихан Бөкейхан оған Ресей мұсылмандары мен Түркістан мұсылмандарына қатысты мәселелерді жақсы білуге және түсінуге көмектескенін жазған [1, 172-б.].

Ақпан төңкерісі бұрынғы патшалық Ресейдің әлеуметтік және саяси өміріндегі өзгерістерге алып келді, мұсылман ұйымдарының қызметін жандандырды. 1917 жылдың мамырында Мәскеуде Бүкілресейлік мұсылмандар конгресін және осы жылдың сәуірінде Ташкенттегі «Бүкіл Түркістан мұсылмандары» конгресін өткізу туралы шешім қабылданды [1, 181-б.; 8, 51-б.].

Бұл съездер өте маңызды болды, өйткені онда Ресей мұсылмандарының саяси және тарихи тағдырына қатысты шешім қабылданды. Атап айтқанда, жер мәселесінен және мұсылман елдерінен әскери құрылымдарды қалыптастырудан бастап, революциядан кейінгі Ресейді саяси қайта құру туралы мәселелерге дейін қарастырылды. А.-З. Уәлиди, Ә. Бөкейхан, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Ж. Досмұхамедов, В. Танашев осы бүкіләлемдік мұсылман қозғалысына тікелей қатысты. Уәлиди, сол кезде Торғай облысының губернаторы болған Бөкейханмен танысып, 1917 жылы наурызда Орынборда және басқа да қазақ интеллигенциясының өкілдерімен кездесті. Бұл кездесуде қазақтар Мәскеудегі Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде өздерінің өкілдерінің сайлануын ұйымдастыруға міндетті [1, 173-б.]. 1917 жылғы сәуірде Орал өңіріндегі қазақстандық съезде Мәскеудегі съезге делегаттар сайланды, оның ішінде Ж. Досмұхамедов пен Х. Досмұхамедов болды [8, 51-б.]. Сол уақытта Түркістан қаласында жұмыс жүргізіліп жатты, онда Шоқай және Уәлиди облыстың ірі қалаларында қазақ және қырғыз өкілдерінің съезіне өкілдер сайлауын ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізді [1, 180, – 181-бб.].

Сол сәтте мұсылман ұйымдары мен белсенділерінде Ресейде мұсылмандардың федерациялық немесе унитарлық қағидаттардың (яғни біріккен Ресей құрамдас бөлігі ретінде) қайсысымен өмір сүретіні туралы сұрақ туындады. Мұнда мұсылмандардың пікірлері бөлінеді. Қазақ, башқұрт, Түркістан, Әзірбайжан және татар интеллигенциясының бір бөлігі Ресейдің федералды құрылымы ретінде мұсылман халықтары үшін аумақтық автономды бірліктерді қолдады. Басқа бөлігі, негізінен Қазан татар интеллигенциясының өкілдерінен құралғандар, біртұтас және бөлінбейтін Ресейдің жақтаушысы болды. Бұл басты мәселе – Ташкенттегі және Мәскеудегі мұсылман съездерінде қызу талқыға түсті. Түркістандық

қазақ зиялылары Әбдірахман Уразаев, Гайси Қошқанбаев Мұхаметжан Тынышбаевтың қолдауымен Уәлиди Ташкент конгресінде Ресейдің федералды құрылымының идеясын қорғады [1, 178,181-бб.]. Бұл ұмтылыстар кадеттердің өкілдері мен жақтаушылары, сондай-ақ консервативті-монархистік топтар тарапынан бұғатталған. Мәселен, кадет болған М. Шоқай федерация идеясы есебінен біраз уақыт ойланып, бірақ кейін ол осы лагерьге қосылды. Белгілі қазақ қоғам қайраткері Шералі Лапин консервативті-монархиялық қозғалысқа тиесілі болды. Татар интеллигенциясының өкілдері – унитаризмді қолдаушылар Ташкенттегі съезге өз өкілдерін жіберіп, Түркістан басшыларын федерация идеясынан бас тартуға ынталандырды [1, 181-б.]. Кездесулерде ең нақты ауызша шайқастар болды. Мұнда бұрынғы өте ықпалды тұлға М. Тынышбаевтың (кейіннен Түркістанның уақытша үкіметінің комиссары) Уәлиди және ұлттық автономияға ұмтылған қазақ және түркістан прогрессивті интеллигенциясының басқа өкілдерінің ұстанымы өте маңызды болды. Мұнда федерация жақтаушыларының жеңісі, уақытша үкімет, оның Түркістан комитеті, Британдық Үндістан үлгісінде Түркістан аймағын басқарудың әкімшілік реформасын дайындағандығына байланысты болды. Бұл өз кезегінде Түркістан зиялыларының арасында келіспеушілік пен наразылық тудырды.

Уақытша үкіметтің билікке келуі және билік пен болашақ үкімет мәселелері шешілетін Бүкілресейлік съезге делегаттар сайлау науқанын ұйымдастыру – қырғыз бен қазақ халқы үшін үлкен сынақ болды. Қырғыздар мен қазақтарда жер, азық-түлік, білім беру және т.б. мәселелер бойынша әлі де шешілмеген мәселелер жеткілікті болды. Мұндай мәселелер тек осындай үлкен жиналыстың қарарымен шешілуі мүмкін еді. Сондықтан, жер-жерде ұлттық-саяси ұйымдардың жұмысы басталды. Мұндай ұйымдарға уездер мен облыстар деңгейінде ұлттық саяси элитаның бәсекелестігі нәтижесінде қалыптасқан Қазақ комитеті кіреді. Айта кететін жайт, Ыстықкөл және Нарын аңғарлары Жетісу облысына кіргендіктен, қырғыз ұлттық элитасының өкілдері қазақ ұлт зиялылары өкілдерімен ынтымақтастықта болды және Жетісу облыстық Қазақ комитеті жұмысына тартылды. Нәтижесінде Жетісу облыстық Қазақ комитеті қазақ-қырғыз комитеті болып өзгертілді және оның құрамына қырғыздың Пржевальский мен Пішпек уездік комитеттері енді.

Жетісу облыстық Қазақ-қырғыз комитетінің төрағасы болып танымал тұлға И. Жайнақов сайланды. Бұл комитеттің құрылуына елеулі ықпал еткен тұлғалардың қатарында К. Шегиров, А. Какенов, Н. Нұрмұхамедов, К. Абдулин, М. Солтаев, К. Тоқсанбаев, К. Ордабаев, Э. Арабаев, К. Телтаев, М. Алимбаев, Т. Есенқұлов болды [12]. Сонымен қатар олар облыстық комитеттерде жұмыс істеді. Мысалы, Верныйда К. Шегиров, Пішпекте М. Әлімбаев, Жаркентте Т. Есенқұлов, Пржевальскіде Э. Арабаев басқарды. Кейбір қазақ аудандары Пішпек уездіне тиесілі болғандықтан, жергілікті уездік ұйым «Қырғыз-қазақ Пішпек уездік комитеті» деп аталды. Оның құрамына екі елдің беделді өкілдері кірді: Дардаил Абдуллин, Өмүркұл Өмүралин, Аалы Бердіғұлов, Қорабай Бодыков, Найзабек Тулин, Ахметбек Қойбағаров [13].

Сонымен бірге, 1917 жылдың сәуір айында Верный қаласында қырғыз-қазақ облыстық съезі шақырылды. И. Жайнаковтың төрағалығымен өткен осы съезге 81 делегат қатысты, оның ішінде Пржевальск және Пішпек уездерінен 17 адам қатысты. 6 күнге созылған осы съезде Уақытша үкіметке, соғысқа, мемлекеттік жүйеге, дінге, сот жүйесіне, жергілікті билікке, этносаралық қатынастарға және басқа да маңызды проблемаларға қатысты мәселелер қаралды. Бүкілресейлік съезд қарсаңында Қазақ комитетінің міндеттері анықталды. Сонымен қатар, осы съезде жергілікті әкімшілік кеңсесіне екі комиссарды таңдау туралы ұсыныс бекітілді: біреуі – орыс, екіншісі – мұсылман халқынан. Ал оларды сайлау облыстық қоғамдық ұйымдар немесе Қазақ-қырғыз комитеті мен қазақ шаруашылық ұйымдары арасындағы келісімнің нәтижесінде өткізілді, ал егер басқарудағы қандай да бір кемшіліктер туындаса, бұл мәселелер Қазақ-қырғыз комитетінің қатысуымен шешілуі тиіс болды. Съезд орыс және қазақ-қырғыз халықтарының достық қарым-қатынасын мақұлдады және уездік пен облыстық Қазақ-қырғыз комитеттерін осындай қарым-қатынастарды тудыруға міндеттеді. Сондай-ақ, сол комитеттер Қытайдан келген қазақ-қырғыз босқындарына қатысты мәселелерді шешуге тиіс еді. Нәтижесінде Ақпан революциясынан кейін Жетісу өңірінде тұратын қырғыздар мен қазақтардың мүдделерін қорғаушы жаңа саяси-қоғамдық Жетісу облыстық қазақ-қырғыз комитеті болды.

Уақытша Үкімет кезіндегі әлеуметтік-саяси жағдай, Жетісу өңірінде ғана емес, сонымен қатар басқа өңірлерде де қырғыздар мен қазақ халқының мүдделерін қорғайтын комитеттер құру үшін жағдай тудырды. Бұған мысал ретінде А. Кенесариннің басшылығымен Әулиеатада құрылған Қазақ-қырғыз Ұлттық Кеңесі, Ферғана алқабында Қ. Қожықовтың басшылығымен құрылған «Иллятия» («Көшпенділер») қоғамдық-саяси ұйымын атап өтуге болады [14]. 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Түркістан Республикасының қазақтары мен қырғыздары Ташкент қаласында съезд өткізді. Бұл съезге Сырдария облысының Қазалы, Әулиеата, Перовскі, Черняевск, Ташкент уездері мен Ферғана облысының Әндіжан уезінен 82 делегат қатысты. Олардың қатарында көрнекті қырғыз және қазақ қоғам қайраткерлері болды: С. Аспендиаров, М. Тынышбаев, К. Сармолдоев, Қ. Қожықов, А. Кенесарин, С. Қожанов, И. Қасымов К. Ғалымбеков, Т. Жанұзақов, К. Бөриев. Съездің төрағасы М. Тынышбаев болды. Бұл съезде Түркістанның қырғыздары мен қазақтары Уақытша үкіметке қолдау көрсетуге шақырды. Бұл мәселеге қосымша: Ресейдің болашақ мемлекеттік жүйесі, жер және су ресурстары мәселелері, қоғамдық білім беру, сот, дін, баспасөз мәселелері, Жетісудағы қазақтар мен қырғыздардың көтерілісі, әйелдер мәселесі, Бүкілресейлік съезге депутаттыққа үміткерлерді бекіту және т.б. мәселелер қаралды.

Съезге қатысқан депутаттардың басым көпшілігі Ресейдің Федералды демократиялық республикалық құрылымының пайдасына өз пікірлерін білдірді және Түркістан Республикасы тәуелсіз автономия болуы туралы пікірді қолдады. Съезде келесідей шешімдер қабылданды: ресейлік

қоныстанушылар мен аристократия өкілдері басып алған жерді қазақтар мен қырғыздарға дереу қайтару туралы; қазақтар мен қырғыздарға өз малдарын ормандарда бағуға мүмкіндік беру; суғару жүйесін жекеменшік иелердің қолынан земстволарға беру; орыс переселендерін Шу мен Сырдария өзендерінің су ресурстарын рұқсатсыз пайдалануына шектеу қою; мемлекеттік азық-түлік комитетінің қазақтар мен қырғыздарды күнделікті азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етуі; барлық адамдар үшін міндетті (бастапқы) білім туралы; мектептерде балаларды ана тілінде оқыту туралы; оқу-әдістемелік кітаптар мен баспа ісі «Қазақ» газеті қолданатын ережелер негізінде жүргізілуі тиіс; орыс-түзем мектептерінің жабылуы туралы; орнына ұлттық мектептердің ашылуы; қазақ және қырғыз халқының тәуелсіз мүфтиятын құру; «Бірлік туы» газеті қазақтар мен қырғыздардың жалпы баспа басылымына айналуы тиіс; барлық қазақ және қырғыз комитеттерінің осы басылымды құруға қатысуы; Бүкілресейлік Мұсылман Кеңесі жанында қазақ және қырғыз діни өкілдері болуы тиіс; әйелдер мен ерлер арасындағы теңдік; қалың-малды жою; 16 жасқа толмаған қыздардың некеге тұруына тыйым салу, ұлдар үшін 18 жас; екінші әйелге үйленуіне бірінші әйелінің міндетті келісімі; жақын туыскандар арасында үйлену немесе некеге тұруға тыйым салу; қазақтар мен қырғыздардың ұлттық қазынасын құру; бұл үшін мемлекеттік салықты жинаған кезде салықтың әрбір сомына 5 тыйын қосу қажет; Жетісудағы 1916 жылғы көтеріліс кезінде Қытай шекарасын кесіп өткен қазақ және қырғыз босқындарына мемлекеттік көмек көрсету; Қытайдан өз Отанына оралған босқындарға переселендердің қысымын тоқтату; босқындарға ұлттық ұйымдар арқылы көмек көрсету.

Съезд барысында Бүкілресейлік съезге депутаттыққа үміткерлерді мақұлдаған кезде, қазақтар мен қырғыздар екі халықтың да үміткерлерін қолдады. Нәтижесінде Сырдария облысынан келесі үміткерлер бекітілді: М. Шоқай, А. Кенесарин, Е. Қасымов, С. Өтегенов, Қ. Қожықов, С. Ақаев, А. Көтұбаров, З. Сейдалин, С. Аспандияров, С. Лапин, А. Мангелдин, Г. Аспандияр, С. Қожанов, Х. Ибрагимов, С. Еренов [15]. Қазақтар мен қырғыздар қатар өмір сүрген Түркістанның басқа да өңірлері Бүкілресейлік съезге үміткерлерді өздері таңдап, осы өңірдің өкілдерінен бұл мәселені жедел шешу сұралды.

Бұл съезд қырғыздар мен қазақтардың саяси әрекеттерін біріктіріп, осы іс-әрекеттердің біртұтастығын қамтамасыз ету максатында «Түркістан қазақтары мен қырғыздарының Орталық Кеңесі» қоғамдық-саяси ұйымын құру туралы шешім қабылдады. Осыған орай, Сырдария және Ферғана облыстарындағы Қазақ-қырғыз кеңестерін ұйымдастыруды дұрыс деп ескере отырып, осы кеңестердің уақытша мүшелері тағайындалды: Сырдария облыстық кеңесіне – А. Көтұбаров (төраға), С. Өтегенов, С. Қожанов, Т. Рысқұлов, ал Ферғана облыстық кеңесіне – К. Бөриев. Бұл кеңестердің мүшелерін толықтыру немесе оларды ауыстыру туралы мәселелерді облыстар өздері шешті. Съездің құзыретіне сәйкес, облыстық қазақ-қырғыз кеңестері өздерінің өкілдерін орталық кеңеске жібере алды [16]. Түркістан Қазақ-

қырғыз Орталық Кеңесінің толыққанды жұмысы басталғанға дейін төраға міндеттері Е. Қасымовқа жүктелді, хатшы міндетін Т. Рысқұлов атқарды, Кеңестің құрметті төрағалығына М. Шоқай ұсынылды.

Түркістан Қазақ-қырғыз Орталық Кеңесінің жұмысын дереу бастау туралы ұсынысты «Бірлік туы» газетінің редакторлары Х. Болғанбаев пен С. Қожановтың қатысуымен шығарған. Газеттің беттерінде «Қазақ-қырғыз кеңестері» мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада: «Уездік жиналыстың шарттарына сәйкес, әр облыстың бір өкілі қазақ-қырғыз кеңесіне сайлануы керек және бұл жұмысты осы өкілдер істеуі керек. Таяу уақытта ел мен өңірлерде Қазақ-қырғыз Кеңестері ашылуы тиіс. Түркістан аумағында земство енгізіледі және біз оған дайын болуымыз керек. Барлық сайлау учаскелерінде, округтерде және өңірлерде Қазақ-қырғыз Кеңесі болуы тиіс, ол барлығы үшін және кез келген жерде екі халықтың мүдделерін қорғайды. Онсыз адамдар өздеріне тиесіліні жоғалтып алады» [17]. «Бірлік туы» газеті тек қазақтардың ғана емес, қырғыздардың өмірі мен тұрмысы туралы мақалалар жариялады. Мақала авторлары: Төрекұл Жанұзақов, Қасымбек Ғалымбеков сияқты танымал қоғам қайраткерлері болды. Мысалға, олар «Ақ калпақты қырғызға» мақаласын жазды, онда газеттердің ана тілінде жариялануына, қырғыздардың Бүкілресейлік Кеңестер съезіне сайлануға үндеуі бар: «... Ресейде тұратын барлық халықтар 160 млн. адамды құрайтынын болжасақ, съезге 800 адам сайлануы керек. Олардың ішінде егер біздің санымыз екі миллионға жетсе, қырғыздарға – он адамдық орын тиесілі. Ферғанада 13 болыс, Жетісуда 20 болыс, Сырдарияда 13 қырғыз болысы бар. Өз адамдарыңызды Ташкентке жіберіңіз, әрбір болыстан бір немесе екі адамнан болады. Көптеген мәселелерді қарастыру қажет. Қазіргі уақытта ең бастысы – газеттің қырғыз тілінде жариялануы. Қазір біз қазақ бауырластарымызбен біргеміз». Мұндай мақалалардың жариялануы бұл газеттің қырғыздар арасында кеңінен таралып, Түркістанда өткен Қазақ-қырғыз съезінің шешімдері екі бауырлас халық мүддесі үшін іске асырылғандығын көрсетеді [18].

Қазақ және қырғыз Алаш мүшелерінің бірлескен серіктестігі Қазақ-қырғыз ағарту институтын ашқаннан кейін одан да жақындай түсті. 1917 жылдың қазанындағы революциядан кейін 1918 жылы 15 қарашада қазақтар мен қырғыздарға арналған семинария ашылды. Бұл семинария 150 түлек шығарып, 1920 жылдың 1 қыркүйегіне дейін өз қызметін жалғастырды. Одан кейін, 1920 жылдың 10 қарашасынан бастап ол Қазақ-қырғыз институты деп атала бастады. Семинарияның институттан айырмашылығы, семинария бастауыш мектепке мұғалімдерді дайындаған орта білім беретін оқыту мекемесі болып саналды. Ал институттың негізгі қызметі бала-бақшаларға, бастауыш мектепке мұғалімдерді дайындау, басқа да оқыту мекемелеріне оқытушыларды дайындайтын жоғарғы оқу мекемесі болып саналды.

Бұл туралы А. Табынбаев 1921 жылы 16 қаңтарда «Ақ жол» газетінің № 15 нөмірінің беттерінде өзінің «Қазақ-қырғыз институтына» мақаласында айтып кетті. Автор былай дейді: «Қазақ-қырғыз институтының ашылуы

тарихта қалуы керек. Себебі, бүгінгі күні балаларды балабақша жасынан университетке дейін туған тілінде оқыту ниеті бар. Кеңес билігінің бастауларының арқасында, шенеуніктер теңдік саясатын жалғастырып, жиналыстар санын қысқартып іс-әрекеттерге көшті. Және сондықтан қазақтардан және қырғыздардан шыққан белсенді жігіттер киын уақытка сілтеніп, өздерінің жан тыныштықтарын ғана ойламағаны жөн»,-деп, ол қазақ және қырғыз жастарының намысын оятқысы келді [19].

Эшенаалы Арабаев осы институтта оқыған жастарды ойлап, оқитын жастардың табыстары мен істері туралы директорға және басқа да жоғарыда тұрған басшыларға хабарлап, олардың қызметін «Ақ жол» газетінің беттерінде жариялады. Мұндай мақалалардың бірі – «Қырғыз шәкірттері» («қырғыз студенттері») деп аталды. Осы Ташкент қазақ-қырғыз ағарту институтын аяқтаған қырғыздардың ішінде 1923 жыл – Осмонқұл Алиев, Базаркұл Данияров, Адигине Ырысбеков, 1924 жылы – Қасым Тыныстанов, 1925 жылы – Жоробек Сарногоев, Мұрат Салихов, ал 1928 жылы Кусейин Қарасаев, Токо Әбдірахманов және Жапар Шүкіров болды.

Осы түлектердің әрбіреуі озық қазақтың зиялы қауымымен құрылған «Алашордамен» тығыз байланыста болды және олармен бірге бірыңғай түркі мемлекетінің құрылуы үшін күресті. Белгілі жазушы Эшенаалы Арабаевтың қазақ зиялы қауымының ішінен ең жақын досы «Алаш» партиясының көшбасшысы, көрнекті қазақ ағартушысы Ахмет Байтұрсынов болды.

Олардың серіктестігі Э. Арабаевтың «Алаш» партиясының қырғыз бөлімін ашып, «Қазақ» газетінің редакторы болған Пішпек уездінде басталады.

Көрнекті қазақ ағартушысы, ақын-жазушы, «Алашорда» партиясының негізін қалаушылардың бірі, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов 1917-1918 жылдары «Қазақ» газетінің редакторы болды, осы жылдары «Алашорда» жетекшілерінің бірі болды. Дәл осы уақытта Э. Арабаев «Қазақ» газетіне өзінің үндеуін жазады, партияның қырғыз бөлімін ашып, М. Дулатовпен жақын танысады.

Бұл достық қатынастары олар «Ақ жол» газетінің редакциясында жұмыс істеген 1920-1924 жылдардан кейін де үзілмеді. Дәл осындай достық қарым-қатынас «Ақ жол» газетінің редакторы Сұлтанбек Қожановпен және редакцияға 1920-1921 жылдары басшылық еткен Ғазымбек Бірімжановпен де болды [20]. Түркістан өлкелік Халыққа білім беру Кеңесінің мүшесі, Қырғыз-қазақ ағарту институтының ұйымдастырушысы және оның директоры, ұлтының айбынды ұлдарының бірі Иса Тохтыбаев сұрақ кою кезінде жазылған автобиографияларының бірінде 1916 жылы Қырғызстанда Жер ісі министрлігінің экспедициясымен бірге өзінің дайындалып жатқан ереуіл туралы естімей қалғандығын, экспедиция мүшелерінің ұлттары орыс болғандықтан оларды Токмақ қаласына аман-есен жеткізгендігін жазады.

Ол сонымен қатар, өзінің осы іс-әрекеті жайлы ереуілдің бастаушылары Сарықұлаков, Э. Арабаев, Сыдыков білетінін жазады [21]. И. Тохтыбаевтың биографиясынан, оның Э. Арабаевпен Ташкенттегі Қырғыз-қазақ ағарту институтымен таныс екендігі белгілі, ол 1920 жылдан кейін «Ақ жол»

газетінде жауапты редактор болған кезде ол кісімен әлі байланыс үзбеген. Эшенаалы Арабаев сонымен қатар қазақтың тағы бір көрнекті әдебиетшісі, фольклоршысы, аудармашысы және сыншысы Ілияс Жансүгіровпен жақын таныс болған. Олардың арасын қосқан шығармашылық қызметтері мен достық қатынастары. Ілияс Жансүгіров 1922 жылы Алматы қаласындағы «Тілші» газетінде жұмыс істеді. Бір мезгілде Халық ағарту институтының директоры лауазымында болды. Эшенаалы Арабаев 1922 жылы Жетісу облыстық қалалық атқару комитетінің шешімі бойынша «Тілші» газетінің тұрақты тілшісі атанды [22]. Дәл осы жылдары қазақ және қырғыз халықтарының осы екі абыройлы өкілдері екі халықтың фольклорлық туындыларының жинағына барынша үлесін қосып, «Тілші» газетіндегі өздерінің мақалаларының көмегімен қарапайым халыққа өздерінің ауызша халық шығармашылығын жинаудағы жетістіктерін жеткізді.

1924 жылы маусым айында Эшанаалы Арабаев Түркістан АКСР Халық ағартуы атынан Орынбор қаласында өткен қазақ және қырғыз ғалымдарының бірінші съезіне қатыстып, съезд президиумына тағайындалды. Осы съезде ол А. Бөкейханмен, А. Байтұрсыновпен, М. Дулатовпен және басқаларымен бірге ғылыми жұмыстардағы мәселелерді, қазақ және қырғыз әріптерінің мәселелерін қарастырды. Және осы съездің жабылуында Э. Арабаев былай деп айтты: «Съезде талқылауға шығарылған барлық сұрақтар қарастырылды. Бұл съезд қазақ және қырғыз халықтарының бұрындары көтерілмеген ғылыми мәселелерін қарастыратын қазақ және қырғыз оқымыстыларын біріктірген алғашқы съезд болды. Съездің мағынасы терең, мақсаты ерекше. Съезд негізгі сұрақтарды шешті. Бұл съезд халықтың болашағына жол салды. Қазақ және қырғыз халқы өткеннің қараңғы зұлматынан босап, мәдени даму жолымен жүріп келеді. Мұның барлығы Октябрь революциясының халықтың күнделікті өміріне ғана емес, мәдени саласына да өзінің түзетулерін енгізгендігінің арқасында. Және біздің сіздермен осы съезді өткізуіміз – бұл да революцияның бір жемісі. Большевиктердің бастауымен коммунистік партия басқаратын кеңес билігі революциялық кезеңді басынан өткізді және енді ғана ғылыми және әдеби саланы қолға алды. Бізге қуаныш әкеліп, бізді қанағаттандыратын біздің бүгінгі күнгі істеріміз – бұл өте қысқа мерзім ішіндегі жұмыс қорытындылары. Қазақ және қырғыз халқы ұйқыдан тұрды, және енді біздің халқымыз бізге кеңес билігінің жүктеген жауапты борышын ақтап, мәдени ағарту үшін барлық күшті салуымыз керек. Біз Кеңес билігімен ниеттес болып, күмәнсіз іске кірісуіміз қажет.

Кеңес билігі жасасын!

Біздің бабамыз Лениннің салған жолы жасасын!» [23].

Қырғыз зиялы қауым өкілдерінің арасында Э. Арабаев «Алаш» партиясының негізін қалаушыларымен, қазақ зиялы қауымының элитасымен, ағартушы-мәдени, қоғамдық-саяси және басқа саласының өкілдерімен тығыз журналистік байланыста болды және бұл қарым-қатынастар өте жоғары деңгейде қалыптсты. Шығармашылық қатынастар, одан кейін қырғыздың

көрнекті ғалымы Қасым Тыныстанов пен Мағжан Жұмабаевтың арасындағы қоғамдық-саяси тұрғыдағы байланыстары да тығыз болды. Ташкент Қазақ-қырғыз ағарту институтында оқу кезінде Қасым Тыныстанов қазақ, татар, өзбек және орыс әдебиеті туындыларының үлгілерімен танысты. Ол сол жердегі қырғыз студенттерінің әдеби үйірмесін басқарды. М. Жұмабаев 1922 жылдан бастап институтта жұмыс істеді, оның студенттерінің арасында Қ. Тыныстанов болды. Сол жылдары ол оның шәкірті болды. М. Жұмабаев «Түркістан дауысы» әдеби үйірмесін басқарды. Қ. Тыныстанов 1920 жылдың мамырынан Түркістан АКП(б) өлкелік комитетінің, Түркістан Орталық атқарушы комитетінің басшысы болып және қырғыз студенттік жастарының ұсынысы бойынша Түркістан аймағының «Жаңыоруш» газетінің саяси бөлімінің Коммунисттік жастар одағының басшысы болып тағайындалды. Сол уақытта Қазақ интернатының қатысуымен Ташкент қаласындағы Түркістен жастар ұяшығы одағының ұйымдастырушысы болып тағайындалды. 1923 жылдан бастап «Ақжол», «Жашқайрат» газетінде, «Сана» журналында редакция алқасының мүшесі, жоғарыда аталған баспаларда қырғыз тілінде материалдардың шығарылуын ұйымдастырушы және жауапты болып жұмыс істеді. Дәл сол жылдары осы газеттерде М. Жұмабаев та жұмыс істеген болатын.

Рақымшылық және кеңестік мемлекеттік құрылыс жылдарындағы Алаштың көрнекті қайраткерлері (1924-1937). «Алаш» партиясының қырғыз бөлімі басшыларының саяси қызметі Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік бөлу кезінде анық байқалды. 1924 жылдың қаңтарында өткен XII Бүкілтүркістандық съезінен кейін Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік бөлу жұмыстары басталды. Ресей КП(б) Саяси бюросының Орталық комитеті Орта Азияда өмір сүрген халықтардың талаптарын ескере отырып, Түркістанды, Бұхараны, Хорезмді ұлттық-мемлекеттік бөлу туралы мәселені алдын-ала қарастырды және осы мәселені қолдай отырып, РКП(б) Саяси бюросының Орталық комитетінің Орта Азиялық бюросына қажетті материалдар дайындауды тапсырды.

Түркістан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Атқарушы бюросы 1924 жылдың 10 наурызында Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік бөлу жұмыстарын дайындау мақсатымен Түркістан Атқарушы комитеті президиумының мүшелері мен аймақтардың кейбір жетекшілері, мүшелікке үміткерлер, Партияның орталық комитетінің мүшелерін жинады. Жиналыстың басты баяндаушысы А. Рахимбаев күн тәртібінен «дұрыс емес және алауыздық туғызатын» сұрақ ретінде қырғыз және түрікмен халықтары өкілдерінің алға шығарған «автономия алу» мәселесін алып тастауды ұсынды. Баяндамада қара қырғыздар мен тәжіктердің тағдыры туралы бір сөз қозғалмады, қорытындысында баяндама жасаушы Өзбек, Түркмен, Қырғыз (Қазақ АКСР) Республикаларын құруды ұсынды. Жиындағы бір сұраққа ол, Ферғана облысындағы қара-қырғыздарды Жетісудағылармен біріктіріп, Қырғыз (Қазақ) республикасының құрамында автономиялық облыс құрылатынын мәлімдеді [24].

12 баяндама жасаушылардың ішінен жалғыз Э. Арабаев қарсылығын білдірді, ол әсіресе қырғыздардың (қара қырғыздардың) сан бойынша қазақтардан (қайсақ-қазақтардан) басым болуына қарамастан, мүдделерінің мүлде ескерілмегендігін алға тартты. Жеке өзіндік республика құруға құқығының жоқ екендігіне қатысты, сонымен қатар, Ферғана мен Жетісу қырғыздарының арасында экономикалық байланыстың жоқтығы туралы айтылған сөзге, Жетісу облысының Қырғыз (Қазақ) АКСР құрамына кіруіне қарсы болды. Түркістан құрамында автономиялық облыс құру туралы мәселені алға тартты. Оған қоса, Э. Арабаев қырғыз халқының Түркістанға, Қырғыз (Қазақ) АКСР-не немесе РКФСР-ге қосылуы қосылмау туралы мәселені өздеріне беруін талап етті [25].

РКП(б) Орталық комитетінің Орта Азиялық бюросының 1924 жылдың 8 сәуірінде республикалардың ұлттық-аумақтық белгісі бойынша бөлудің мақсаттылығы туралы қаулыны қабылдады. Нәтижесінде, уақытша аумақтық (өзбек, қырғыз, қазақ және тәжік) комиссиялары ұйымдастырылды. РКП(б) Орталық комитетінің Саяси бюросы 1924 жылдың 12 маусымында «Орта Азия (Түркістан, Бұхара, Хорезм) республикаларының ұлттық-мемлекеттік бөлінуі туралы» қаулысын қабылдады. Ұлттық бөліну бойынша Орталық комиссияның құрамында «Алаш» қырғыз бөлімін құру бойынша белсенді қатысушысы Иманалы Айдарбеков болды [26].

Түркістан АКСР Орталық Атқарушы комитеті 1924 жылдың 15-16 қыркүйегінде «Ұлттық-мемлекеттік бөліну туралы» қаулыны қабылдайтын кезектен тыс сессиясын өткізеді. Осы қаулының шешімдерінде қара-қырғыз халқының дикандары мен жұмыскерлерінің талаптары ескеріліп, Түркістан Кеңес Республикасының құрамынан шығу құқығы ұсынылып, Қара-Қырғыз Автономиялық облысының құрылуы туралы сөз айтылды.

1924 жылы 14 қазанда Бүкілодақтық Кеңестердің Орталық Атқару Комитетінің II сессиясы өтіп, онда Түркістан АКСР-нің Орталық Атқарушы комитетінің «Республикалардың ұлттық-мемлекеттік бөлу туралы» қаулысы бекітілді. Онда келесідей маңызды заттар белгіленді: Өзбек КСР құрамына Тәжік АКСР кірді; Қырғыз (Қазақ) АКСР құрамына Қарақалпақ автономиялық облысы; ал РКФСР құрамына Қара-қырғыз (Қырғыз)11 автономиялық облысы кірді.

Ұлттық автономия туралы мәселе қырғыз халқының тарихындағы елеулі оқиға. Қырғыз АО алғаш рет қырғыз халқының саяси, ұлттық-аумақтық қалыптасуы ретінде мойындалды. Ұлттық мемлекеттілікті құрумен бірге облысты басқаруға арналған мемлекеттік билік органдарын ұйымдастыру қажеттілігі пайда болды. 1924 жылы 21 қазанда Кеңестердің Бүкілресейлік Орталық Атқарушы комитетінің президиумының отырысында № 36 хаттамасы бойынша Қара-қырғыз ревкомы бекітілді.

РКФСР ОАК Президиумының шешімі бойынша Иманалы Айдарбековтың басшылығымен 17 адамнан тұратын Қара қырғыз облревкомы – мемлекеттік биліктің уақытша жоғарғы органы құрылды. 11 осы ревкомның басында «Алаш» қырғыз бөлімін құрушысы Иманалы Айдарбеков тұрды, ал мүшесі ретінде «Алашты» құрушылардың бірі Эшенаалы Арабаев бекітілді.

Ұлттық автономия туралы декларация қырғыз халқының тарихында маңызды оқиға болды: а) ежелден бері әкімшілік бөліністерге бөлінген қырғыз халқының жерлері алғаш рет автономиялық облыстың шекаралары шеңберінде біріктірілді және анықталды; ә) Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының аумақтарында бөлініп қалған қырғыздар біркелкі Қырғыз автономиялық облысына біріктірілді; б) Қырғызстан мемлекеттік билік пен үкімет жүйесін құру құқығына ие болды; в) аймақтағы экономикалық және мәдени құрылыстың қарқыны өсті. Қырғыз АО алғаш рет қырғыз халқының саяси, ұлттық-аумақтық бірлігі ретінде танылды.

Э. Арабаев «Ак жол» газетінде (1920 жылдан бері Түркістан Орталық атқару комитеті мен Түркістан КП ОК органы ретінде аптасына екі рет жарық көрген) «Біздің қырғыздар қандай орын алады?» деген маңызды мәселе бойынша мақала жазды. Бұл мақалада Орталық Азияның барлық ұлттары тәуелсіз республикаға айналды делінген. Әрбір ұлт жеке-жеке сипатталады: өзбектер – бай мәдениеті бар, көптеген қалалары бар, тұрмыстық қиындықтарға төтеп бере алады; түрікмендер құмда туылған, жол бойында өскен, жарқын болашағы бар және басқара алатын адамдары бар батыл адамдар; тәжіктерді мәдениеті өзбек халқының мәдениетіне ұқсас халық деп сипаттайды. Қырғыздар туралы келесіні жазады: «...мәдениеттен алыс, сауатсыз және қараңғы қырғыздар бүгін бауырлас өзбек және қазақ халықтарынан бөлініп, тәуелсіз аймақ болды және тікелей Мәскеуге бағынады. Алайда Орталық Азиядағы меншік және саяси байланыстар бірдей. Комитеттер халықтарды бөлек ұлттарға бөлді, ендігі жерде алда тұрған кім, кім артта қалды деген сұрақ тұр; Табиғи іріктеуде кім күшті болады? Жеңімпаз кім болады? Кім жеңіліске ұшырайды? Барлық сұрақтарға жауап беру артта қалған адамдарды тарту, оларды алдыңғы қатарға теңестіру, оларды халық ретінде қалыптастыру». «Оны жоғарыда ұстап, алға жетелеп, алға қарай қосылуға үміттеніп, мақтан тұтады, мынадан сақ болу керек: дүрбелеңге бармау үшін батылдық бар ма, бізді қайда тарту керек, ал біз жолымыздың ортасында тұрып қалмаймыз ба, табысқа жетуіші өзгелердің қатарында боламыз ба?

Міне жаңа үкімет, егер біз жастарға арналған мектеп салуды бастасақ және ақшаны қажетсіз шығындарға жұмсамасақ, сонда ғана біз басқа республикалармен теңдесе аламыз.

Бұдан басқа тағы бір жағдай бар: қырғыздар мен қазақ халқы барлық жайттан құр қалған халық. Алдағы міндетті шешуге тиіспіз: біріншіден, Ташкентті біздің астанамыз деп белгілеу, ол біздің басты қаламыз. Екіншіден, қырғыздар үшін құстың қос қанатындай Ферғана мен Жетісудағы болыстардың байлығын бөліскен кезде, кішкентай ұлтардың қажеттіліктеріне қамқорлық жасайтын өзбек және қазақ жастарынан келген коммунистер, адами міндетті ұмытпай және шағын ұлттардың пайдасына басымдықтарды белгілеуі керек деп ойлаймын. Қырғыз жастары уақытты зая кетірмей, бұл туралы ойланулары керек» [27].

Қырғыз автономиялық облысы экономика мен мәдени құрылыста бірқатар жетістіктерге жеткендіктен, Қырғыз автономиялық облысының Кеңестері құрылтайшыларының бірінші съезінде РКФСР құрамындағы автономиялық облысты – жаңа ұлттық-мемлекеттік автономия формасы – Қырғыз АКСР-не өзгерту туралы ұсыныс жасалды.

Нәтижесінде, 1926 жылғы 1 ақпанда Орталық Атқару Комитетінің Президиумы: «Қырғыз автономиялық облысын бұрынғы шекарасы негізінде РКФСР құрамындағы Қырғыз АКСР-іне өзгертілсін» деп шешті. Бұл шешім А. Орозбековтың, И. Фатьяновтың Қырғыз автономиялық облысы Атқару Комитетінің атқарған жұмыстары туралы баяндамаларынан кейін 1926 жылғы 8-18 қарашада Мәскеу қаласында өткен ОАК-нің III сессиясының күн тәртібіне қойылды. 1927 жылы 1 наурызда РКФСР ОАК және Халық Комиссарлары Кеңесі «Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республиканың Мемлекеттік білім беру туралы ережесін» бекітті [28].

1927 жылы 7 наурызда Фрунзе қаласында Қырғыз АКСР-і Кеңестері құрылтайшыларының I съезі өтті, онда Қырғыз АКСР-нің құрылуы туралы декларация қабылданды [29]. Съезде Қырғыз АКСР-нің Орталық Атқару Комитеті сайланды. Оның құрамына 123 мүше және 27 үміткер кіреді, бұл Кеңестердің ең жоғары съезд аралық мемлекеттік органы болып табылады. Комитет қатарында: Н. Узюков, Ж. Саадаев, А. Орозбеков, Ж. Әбдірахманов, О. Алиев, Г. Булатов, О. Тынаев, Т. Усманова, С. Кулматов, Қ. Тыныстанов, И. Айдарбеков, Таш-Кудайбергенов, Э. Эсенаманов, Т. Айтматов және басқа да партиялық, кеңестік, ғылыми және мәдени қайраткерлер болды [30]. Қырғызстандық мемлекеттілікті қалыптастырған осы адамдардың көпшілігі кейінірек «Алаш» партиясының белсенді қатысушылары ретінде репрессияға ұшырады.

XX ғасырдың 20-шы жылдарының басында Қырғыз элитасының ең басты өкілдері: Эшенаалы Арабаев, Қасым Тыныстанов, Абдыкерим Сыдықов, Жүсіп Әбдірахманов, Иманалы Айдарбеков, Абдықадыр Орозбеков, Баялы Исакеев, Төрекұл Айтматов, Осмонкул Алиев және басқа да беделді тұлғалардың күш-жігерлері арқасында қырғыз мемлекеттігінің жаңа кезеңі пайда болды. Көптеген шығындарға ұшыраған, еркіндікке үміт артқан сауатсыз және қараңғы халық жаңа өмір жолын тапты. Осы сәттен бастап қырғыз халқының өмірінде жаңа Кеңестік дәуір басталды.

Мемлекеттіліктің басында тұрған қырғыздардың саяси элитасының ең көрнекті өкілдері тек әлеуметтік-саяси қызметте ғана емес, сонымен қатар, олар халықтың мәдени-ағартушылық дамуының басында да тұрды.

1922-1924 жылдары Эшенаалы Арабаев Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының халық ағартуында жұмыс істеді. 1922 жылы Қара-қырғыз Автономиялық облысының Білім беру басқармасының төрағасы болып тағайындалды. Бұл оқиға Э. Арабаевтың өмірінде ғана емес, қазіргі Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының өмірінде де зор маңызға ие болды және бүкіл Қырғыз ғылымының қалыптасуының негізі болды. 1924 жылы 20 желтоқсанда

Ғылыми комиссия Қырғыз автономиялық облысы Революциялық комитетінің № 14 қарарымен Академиялық орталыққа айналды. Бұл Академиялық орталық, негізінен Қырғызстандағы алғашқы ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Орталықты Эшенаалы Арабаев басқарды, оның орынбасары Қасым Тыныстанов, мүшелері Базаркұл Данияров, Осмонкул Әлиев, ғылыми хатшы – П.К. Юдахин, Иванов болды. Бұл кішігірім топ қысқа уақыт ішінде көп нәрсе жасады: кітаптар шығарды, аударма жұмыстары жүргізілді, халық шығармашылығы жиналып олар қағаз бетіне түсірілді. Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Кусеин Қарасаев өздерінің жұмысы туралы былай деп жазды: «Комиссияда тек екі адам болған. 1922 жылдан бастап, Сағымбай-манасшымен келісіп, олар «Манас» эпосын жаза бастады. Эшенаалы Арабаевтың нұсқауы бойынша, мен Сағымбайды Ташкенттегі хайуанаттар бағына апардым. Э. Арабаевтың нұсқауы бойынша Тынышбек-манасшының «Семетей» қолжазбасын қайта жазып алдым. Ол 1925 жылы Мәскеуде жарық көрді [31].

Э. Арабаев еңбегінің келесі бір маңызды қыры – Қырғызстанның ғылымы мен білімінің дамуына қосқан үлесі болып табылады. Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Халықтық Комиссариатындағы Ғылыми Комиссиясының төрағасы, кейіннен Қара-қырғыз автономиялық облысы Білім беру бөлімінің Академиялық орталығының төрағасы болған кезінде – қырғыз тілінің мәселелеріне дұрыс шешімдермен, қырғыз тіліндегі шет тілдерінен енгізілген сөздердегі қырғыз жазуы мен әріптерге, ғылыми терминдерге, неологизмдерге байланысты мәселелермен шұғылданды.

Белгілі профессор Е.Д. Поливанов 1935 жылы араб жазба негізінде қырғыз әліпбиін құру туралы мемлекеттік тапсырыс туралы: «1924 жылы бұл жұмыс жай ғана Ғылыми комиссияның балаларына тапсырылмады, олар өз ісінің шеберлері», – деді [32]. Біз білетіндей, 1924 жылы маусым айында Орынбор қаласындағы қазақ және қырғыз ғалымдарының алғашқы ғылыми съезінде Түркістанның Ағарту Халық Комиссариаты атынан қазақ және қырғыз зиялылары А. Байтұрсынов, А. Бөкейхан, М. Дулатов, Е. Омаров, Н. Төркұлов және басқалары президиумға сайланды. Съездің күн тәртібінде келесі мәселелер қаралды:

1. Емле ережелері;
2. Әліппе туралы мәселе;
3. Қазақ ғылыми терминдері;
4. Ауызша халық өнерін жинау шаралары;
5. Оқу, ғылыми әдебиеттерді жетілдіру шаралары;
6. Бастауыш мектеп бағдарламасы;
7. Техникалық мектептер мен институттардың бағдарламаларының негіздерін қарау.

Емле ережелерін талқылағанда, Э. Арабаев пікірталаста сөз сөйлеп, былай деді: «егер біз әліпбиден төрт әріпті (х, ф, в, п) алып тастасақ, онда біз басқа

түркі жазуларын оқи алмаймыз. Олар да біздің әдебиетімізді оқи алмайды. Бұл үлкен қателік. Біз төрт әріптен бас тартпауымыз керек. Егер біз қазақ тіліндегі сөздерді жазған кезде оларды қолданбайтын болсақ та, біз оларды әліпбиге қосуымыз керек және біз балаларға бұл әріптерді кірме сөздерде қолданылатын әріптер тұрғысында үйретуіміз керек».

Съездің жабылуында Э. Арабаев: «Біз күн тәртібіне қойылған барлық мәселелерді қарадық. Бұл съезд қазақ және қырғыз ғалымдарының алғашқы бірлескен жиыны болды, онда бұрын қаралмаған мәселелер қаралды. Бұл қазақ және қырғыз халқы қараңғылықтан, надандықтан шығып, мәдени және ағартушылық даму жолын таңдағанын көрсетеді [33], – деп өз тұжырымын жеткізеді.

1925 жылдың 13-ші сәуірінде Қара қырғыз Автономиялық облысының Білім беру басқармасының бұйрығымен Академиялық орталық Ғылыми комиссия болып қайта аталды, Э. Арабаев төраға, ал Қ. Тыныстанов орынбасары болды. Кейінірек К. Юдахиннің орнына ғылыми хатшы Базаркүл Данияров тағайындалды. Базаркүл Данияров Ғылыми комиссияда құрылған сәттен бастап жұмыс істеді. Қара-қырғыз Автономиялық облысының Білім беру басқармасының Академиялық орталығы жұмысының үшінші ғылыми-әдістемелік бағыты мен негізгі міндеті – оқу кітаптарын құрастыру, басқа тілдердегі оқулықтарды аудару және басқа да іс-шаралар болды. Осы бағытта 1925 жылдың қаңтарында Э. Арабаев бастаған Ғылыми орталыққа академиялық хатшылар Б. Данияров, К.К. Юдахиндерге әліппе жасау, оқу кітаптарын аудару, пионерлер арасында жұмыстарға арналған материалдарды дайындау бойынша жұмыстар тапсырылды [34].

Жоспарланған іс-шаралардан басқа, қызметкерлер қырғыз тіліне мемлекеттік маңызы бар құжаттар, формалар мен шешімдерді қосымша аударған. Ғылыми орталықтың қызметкерлері Э. Арабаевтың жетекшілігімен, Қ. Тыныстанов, Б. Данияров, П.К. Юдахин және т.б. 1925 жылы Мәскеуде жариялауға арналған бірқатар жұмыстар дайындады. Э. Арабаев Сағымбай Оразбақовтың «Манас» эпосының қолжазбаларын жариялаутуралы келісімгеқолқойды, олекімың парақтан тұрды [35]. Ғылыми комиссияның қызметінде әсіресе 1924 жылы Ташкенттегі Орта Азиялық баспа үйінде 4000 дана таралыммен араб әріптерімен «Қырғыз әліпбиі» басылып шыққан болатын.

1926 жылы Бакуде өткен түркітанушылардың ғылыми форумында ғылыми интеллигенцияның күш-жігеріменен әліпби мен жазуды өзгерту мәселелері кеңінен талқыланды. Бұл форумға атақты ғалымдар В.В. Бартольд, Е.А.Крымский, С.Ф. Ольденбург, А.А. Миллер, А.И. Самойлович, К.К. Юдахин, Б. Чабан-заде, Н.И. Ашмарин және басқалары, қырғыз ғалымдарынан Э. Арабаев, О. Бөлөбалаев, О. Алиевтер қатысты [36]. Педагогтарды әліпбиді өзгерту халықтың мәдени дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігі, ұрпақтар сабақтастығының жоғалтылуына, дәстүрлер мен тарихи естеліктердің болашақ ұрпақтарға ұмтылуына, Шығыс мәдениетімен байланысын үзуге әкелуі мүмкін деген пікір катты алаңдатты.

Форумның трибунасынан қазақ халқының Ұлы ұстазы – А. Байтұрсынов өзінің келесідей пікірін білдірді: «...ежелгі дәуірден бастап, түркі тілдес халықтардың 30% араб жазуын қолдануда және араб жазуына негізделген өздерінің жазбаша мәдениетін қалыптастырды... Сондықтан, нақты әлеуетті ескерместен жаңа әліпбиді қабылдау арқылы біз ауыр зардаптарға кенелуіміз мүмкін: жаңа әліппені қабылдау – бұл барлық істі жаңадан бастауды білдіреді» [37].

Э. Арабаев А. Байтұрсыновтың пікірін белсенді түрде қолдады. Алайда, мұндай қарама-қайшы пікірлерге қарамастан, әліппе алғаш рет латын тіліне, содан кейін екі рет кириллицаға ауысты. Әрине, әліпбидегі жиі өзгеріс мәдениет пен әдебиеттің дамуына теріс әсер етті. Бүгін А. Байтұрсынов пен Э. Арабаевтың араб жазуын сақтап қалуға талпыныстарының қаншалықты маңызды екені анық. Себебі, араб жазуы Шығыс ойшылдарының, ғұламалардың маңызды шығармаларына, тарихи деректерді емін еркін оқуға мүмкіндік беретін еді. Тіпті біздің жазушыларымыздың туындылары мен шығармалары да араб графикасында жазылғандықтан, біз, өкінішке орай, түпнұсқа түрінде оларды оқи алмаймыз.

1930 жылдың 28 мамырында Ғылыми комиссияның отырысы өткізілді, онда «Манас» эпосын жариялауға дайындық мәселесі қаралды. Бұл кездесуде ғылыми-ағартушылық интеллигенция өкілдері қатысты. Мысалға, Абрамзон, Арабаев, Данияров, Байишов, Аилчинов, Михтишенков, Медетов, Наматов, Кулматов, Тойчинов, Мураталинов, Кенесарин, Мифтаков сияқты ғалымдар және басқалары болды. Жиында Қ. Қарасаев төрағалық етті, ал Шабданов хатшысы болды [38].

Эшенаалы Арабаев басшылығындағы қырғыз зиялыларының күші арқасында 1927 жылдың 7 қарашасында қырғыз тілінде «Эркин-Тоо» газетінің бірінші нөмірі жарық көрді. Бірінші ұлттық басылымның тұңғыш редакторы О. Алиев болса, редакциялық алқаның құрамында Э. Арабаев, Қ. Тыныстанов, С. Карачев болды. Журналист мамандар жетіспегендіктен, Ташкентте оқитын қырғыз студенттерін жұмысқа тартуға тура келді.

1924 жылдың 7 қарашасында тұңғыш ұлттық «Эркин-Тоо» газетінің шығуы қырғыз халқы үшін нағыз мереке, қуанышты оқиға болды. Бұл ұлттық жазудың, басылым қызметінің, кәсіптік әдебиеттің, қоғамдық мәдениет пен ағартушылықтың дамуына негіз болды [39]. «Эркин-Тоо» газеті жаңа өмірдің, сондай-ақ қырғыз халқының ұлттық мәдениеті, тілі, әдебиеті, дәстүрі, әдет-ғұрыптарының жаршысы атанды, осылайша халық дамуына үлкен үлесін қосты. Газеттің бірінші нөмірлері мектептерде оқушылар үшін оқу құралы міндетін атқарды. Оқымаған халық газеттің беттерінен білім алуды бастады. «Эркин-Тоо» газетінің көмегімен халық арасындағы сауатсыздық жойылды және халықты өзге білімді халықтармен бір қатарға тұруына септігін тигізді.

«Эркин-Тоо» газетінің жұмысы туралы Қырғыз КСР тарихының беттерінде «Ұзақ жылдар бойы бұл газет қырғыз еңбекшілеріне ұстаз, тәлімгер, дос, кеңесші ретінде қызмет етті, ал оқушылар үшін журнал да,

кітап та, тіпті сауатсыздар және шала сауаттылар үшін оқу құралы болды» деп жазылған [40]. Газетке «Эркин-Тоо» (Еркін тау) деген атауды ағартушы Э. Арабаев берді. Ол газеттің бірінші нөмірінде өзінің кіріспе мақалын жариялады [41]. «...Қырғыз қырғыз болғаннан бастап, өзінің өмірін ана тіліндегі газеттерсіз, кітаптарсыз сүрді, тұрмыста, саясатта, мәдениетте туыстарынан, жалпы бүкіл әлемнен қалып, өзінің қараңғы әлемінде азап шекті. Енді жеке облыс болғанда, халықтың аңсаған тілегі орындалды, Совет үкіметі біз, қырғыздар жаңа өмірден, саясаттан, мәдениеттен, білімнен хабардар болсын деген ниетпен газет басып шығарды. Біз тәуелсіздіктің тәтті дәмі мен көздің жауын алатын тау әсемдігін қосып «Эркин Тоо» деп атадық...».

Саясат элитаның ғылымнан, білімнен, тұңғыш басылымнан бастау алатын негізгі мақсаты оқу орындарының бірі Халық Ағарту Институтынын ашу болды. Э. Арабаев басшылығындағы Ұлттық комиссия мүшелері Б. Данияров, Қ. Тыныстанов, П. Юдахин Ташкенттегі Түркістан Ағарту университетінің (1918 жылдың 15 қарашасында мұғалімдер семинариясы ретінде негізі қаланды) бөлімшесі болған Қазақ-қырғыз институтына (1920 жылдың 10 қарашасынан бастап Қазақ-қырғыз Ағарту университеті) қырғыз жастарын шақырды және өздері оқытушылар болып еңбектенді. П. Юдахин оқу бөлімін басқарды, қалғандары оқытушы қызметін атқарды.

Ағартушылар қырғыз жерінде де оқу орнын ашқысы келді және оның жүзеге асуына өте көп күш салды. Осылайша, 1924 жылы Түркістан ОАК II Пленумында келесі қаулы қабылданды: «Саны аз түркі тілдес халықтардың мектептері үшін оқытушыларды дайындауға байланысты Пленум қара-қырғыздар мен тәжіктерге арнайы халық ағарту институтын ашуды қажет деп есептейді». Бұл оқу орны 1924 жылдың ортасынан бастап ашық деп есептелді, П.К. Юдахин директор болып, ал Б. Данияров оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Алматы және Ташкент Халық Ағарту институтында оқитын 60 оқушы Пішпекке ауыстырылды, шілде-тамызда қабылдау емтихандары ұйымдастырылып, 80 жаңа оқушылар қабылданды.

Сонымен, Қырғыз Халық Ағарту институтында 140 студент оқыды, 1925 жылдың 25 қазанында Пішпек қаласында ресми ашылу салтанаты болды [42]. Қырғызстандағы Халық ағарту институтының ашылуын мақсат еткен Э. Арабаев, К. Тыныстанов, Б. Данияров ағартушылары сол уақыттағы А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Бехбуди сияқты қоғам қайраткерлерімен және басқа да ағартушылармен тығыз қарым-қатынаста болды.

Қырғыз ғылыми зиялылардың өкілдері ғылыми мекемелерді, жоғары оқу орындарының негізін қалады, тек газеттерді, оқу кітаптарын жазған жоқ, сондай-ақ, білім және ғылым саласындағы жоғары мемлекеттік лауазымдарды, жауапты қызметтерді иеленді, олар қырғыз халқы арасындағы сауатсыздықты жоюға үлкен үлес қосты.

1927 жылдың 17 наурызында Қырғыз АКСР Халық Комиссарларының Кеңесі № 1 қаулысының негізінде облыстық Білім бөлімінің атауын Қырғыз АКСР Халық Ағарту Комиссариатына ауыстырды және 26 жастағы Қ. Тыныстановты комиссар етіп тағайындады. Ол 1930 жылға дейін осы лауазымды иеленді. 1930-1932 жылдары бұл қызметке 27

жастағы Осмонкул Алиев тағайындалды. Ол бірнеше рет осы қызметке тағайындалған. Соңғы рет 1937 жылдың қаңтарында комиссар қызметіне тағайындалды, ал 1937 жылдың тамызында «Алашорда» мүшесі ретінде Фрунзе абақтысына қамалды.

1924 жылдан 1937 жылға дейін қырғыз саяси зиялыларының өкілдері автономиялық мемлекет құрды, қоғамдық-саяси, шаруашылық-экономикалық, ғылыми-ағарту қызметтерінің басшылығында тұрып, бар күш-жігерлерін жұмсады, алайда бастаған істерін аяқтай алмады, олар «Алашорда», «Социал-Тұран» контрреволюциялық партиялардың мүшесі әрі ұйымдастырушылары ретінде айыпталып, «халық жауы» атанды және 1937-38 жылдары сталиндік репрессия құрбандары болды.

Қырғызстандағы Алаш қайраткерлерінің қуғындалуы. КСРО-да қалыптасқан әкімшілік-бұйрық жүйесі жаппай қудалауды ұйымдастырды және репрессияның жалғасуы үшін қолайлы жағдай жасады.

XX ғасырдың 30-шы жылдарында сталиндік бұл саясат барлық одақтас республикаларға, соның ішінде Қырғызстанға жетті. Буржуазия идеологиясын қолдайтындармен күрес күшейіп, оларды іздестіру жұмыстары жүргізілді. Орталықтың саясатына сәйкес, партияның көшбасшылары мен интеллигенция өкілдерінің арасында «троцкийшілдерге» және солшыл оппортунистерге қарсы қудалау басталды. Біраз уақыттан кейін, 1933 жылы 6 маусымда сол кезде сотталған, есімі атақты ағартушы Э. Арабаевты Фрунзе қаласынан Ташкент қаласына жер аударды. Келесі күні тергеуші Левшин оның камерасына кіреді, ал сол күні кешке камера ішінде Э. Арабаевтың мәйіті табылады. Оның өлімі әлі күнге дейін құпия болып қалды [43]. 1933 жылдың маусымында Қырғыз АКСР Мемлекеттік Саяси Басқармасы партиялық билікке қарсы «ұлтшыл, контрреволюцияшыл, антисоветтік бүлікшіл» ұйымның басшысы А. Сыдықовтың әшкере болғанын жариялады. Тергеу барысында А. Сыдықов: «Мен бұрын берген айғақтарға сәйкес өзімді кінәлі деп есептеймін. Бірақ, 1932-33 жж. Кеңес өкіметінің билігіне қарсы халықты ұйымдастырғаным, көтеріліс жасап, Кеңес үкіметінің маңызды экономикалық және саяси шараларына кедергі жасағаным туралы айыптаумен келіспеймін», – деген болатын [44]. 1933 жылдың соңында Ж. Әбдірахманов «ұлтшыл» деп айыпталды. 1933 жылы 14 қазанда ол партия қатарынан қуылды, тағылған айыбы: «Партия мүшелерінің мінез-құлқына сәйкес келмеуі» және «троцкийшілдердің ықпалымен партияның істерін бұрмалады». Ж. Әбдірахманов 1933-1935 жылдары Самара қаласында тұрды, 1935 жылдан бастап 1937 жылдың 4 сәуіріне дейін Орынбор облыстық Жер бөлімінің Мал шаруашылығы басқармасы басқарушы директорының орынбасары болып жұмыс істеді. 1937 жылғы Орынбор облыстық архивінің мұрағаттық құжаттарынан Ж. Әбдірахмановқа берілген анықтамалардан оның қаншалықты қудалауға ұшырағаны көрінеді [45]. Сталинге, Кагановичке сыни пікірлер оның күнделіктерінен табылған және олар БКП(б) ОАК басшыларының қолына түскен. Оның кінәсі, Қырғызстандағы аштықтың алдын алу үшін республикадан егінді алып шығуға жеткілікті күш жұмсамағандығында [46]. Саяси қудалау 30-шы жылдардың басында басталды. 1932 жылғы 28 сәуірде

Облыстық комитет бюросында қырғыз әдебиетінің мәселесі қарастырылды. Хаттамалық материалдарда буржуазиялық ұлтшылдық және бай мен манаптардың идеологиясы кітаптарда және қырғыз ағартушылары мен жазушыларының көркем туындыларында кездесетіндігі айтылады [47].

Осындай алғашқы ағартушылардың бірі Қасым Тыныстанов болды, оның кітаптары мен өлеңдер жинақтары теріс идеологияға үндеуші әдебиет деп саналды. Онда бірнеше кітаптар мен әдеби басылымдар туралы айтылды. Оқулық кітаптарында келесі мысалдар келтірілген: К. Тыныстановтың «Ана тілі» кітабының 1-бөлімі 1927 жылы жарық көрді, 1929 жылы ол қайта басылып шықты. Кітап теориялық және әдістемелік тұрғыдан құнды болса да, бұл кітапта К. Тыныстановтың өлеңдерінен және басқа да буржуазиялық-ұлтшылдардың өлеңдерінен үзінділер бар. К. Тыныстановтың «Ана тілі» кітабының екінші бөлігі – 1928 жылы құрастырылған бірінші бөлімінің жалғасы, 1931 жылы Мәскеуде жарық көрді. Осы кітаптың 2-бөлімінде және Шабдановтың «Қырғыз тілінің синтаксисі» атты оқулық кітабында бай-манаптық идеология мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар арқылы берілген. 1933 жылы 29 наурызда Қырғыз облыстық комитеттің партиялық бюросы «Правда» газетінде жарияланған «Пролетариат туының жоғарылауы – интернационализм» деп аталатын бірінші мақаланы және Мануйловтың «Буржуазиялық ұлтшылдықтың қалдықтарын толығымен жоямыз» деп аталатын екінші мақаласын қарастырды. Нәтижесінде, бюро «Правда» газетінің пікірімен келісті, К. Тыныстановтың шығармашылығы мен оның драма театрының сахнасында қойылған драмалық қойылымдары («Манас», «Шабдан») буржуазиялық, кулактық-ұлтшыл құбылыс деп бағаланды [48].

1933 жылы наурызда Қырғыз облыстық комитетінің Атқарушы комитеті К. Тыныстановқа қарсы «буржуазиялық-кулактықты қалыптастырғаны» туралы қарарды қабылдады [49]. Қырғыз облыстық комитетінің 1932 жылғы 7 наурыздағы қырғыз әдебиеті туралы осы шешімде идеологиялық күреске айрықша маңыз беруге үнделіп, әдебиет саласындағы мұндай теріс пікірлермен күресу керектігі алға тартылды. Пролетарияттың көшбасшысы – Коммунистік партия мүдделеріне қарсы келетін қырғыз әдебиетіндегі «Алашордашыл» буржуазиялық-ұлтшыл, контрреволюциялық идеяларды алып тастау, бай-манаптық идеологияны жою. Пролетариаттың сыныптық жауларының мүдделерін көздейтін танымал шығармаларда («Кошоктор», «Құрманбек», «Семетей» және т.б.) маркстік-лениндік идеяның жоқтығы.

1932 жылғы 7 наурыздағы хатшылықтың шешімі бойынша, академиялық кештер саяси өмірді аша алмады және «Манас» пен «Шабдан» драмалары буржуазиялық-кулактық ұлтшыл сарқыншақтары бар деп саналды. Хатшылықтың 1932 жылғы 31 наурыздағы шешімі бойынша Қырғыз Ұлттық драма театрының сахнасында «Манас» пен «Шабдан» шығармаларын тоқтату туралы шешім қабылданды. 1933 жылдың 25 шілдесінде Кеңестік Қырғызстанның Жазушылар одағы Коммунистік фракциясының отырысында «Алашорда» ісін жалғастырушысы Қ. Тыныстановты партиядан шығарып тастау ұсынылды және Тыныстановтың жақтаушыларына орынсыз айыптаулар орын алды [50].

Сол жылдары ағартушы және әдебиетші Байсерке Қалпақовтың шығармаларында өткен дәуірді аңсауға қатысты «буржуазиялық ұлтшылдықтың» көрінісі табылады. 1930-шы жылдары қырғыз зиялыларының басым көпшілігі «Алашорда» ұйымының мүшесі және әдеби контрреволюцияшыл «Талап» үйірмесінің мүшесі болды деп кудаланды. К. Тыныстанов және Б. Қалпақов секілді ағартушыларға, әдебиетшілерге қатысты айыптаулар негізінен «Талап» әдеби үйірмесімен байланысты.

1937 жылы 16 мамырда ағартушы-жазушы Байсерке Қалпақовтан ІІХК Балықшы аудандық бөлімшесінің меңгерушісі, Мемлекеттік Қауіпсіздік лейтенанты Катаев жауап алады. Жауап алу барысында күмәнді сұрақтар қойылады: «Сіз Арабаев Эшенаалиді білесіз бе? Ол туралы білетін бар мағлұматты айтыңыз». Жауап: «Эшенаали Арабаев Қырғыз КСР-нің Қошқар ауданынан. 1914-1916 жылдары Төрт-Көл ауылында мұғалім болып жұмыс істеді». Жауап алу барысында олар Арабаев туралы ғана емес, сондай-ақ «Социал-Тұран» партиясы туралы, «Алашорда» қозғалысы туралы, «Талап» әдеби үйірмесі туралы, контрреволюциялық іс-шараларға кімнің қатыстырғандығы жайлы сұрады [51].

1937 жылдың 1 желтоқсанында Қырғыз КСР-нің ІІХК-ның «Үштігінің» жиналысында «Алашорда» ұйымының жақтастарының бірі болған Байсерке Қалпақовты айыптау туралы шешім қабылданды. Оған сондай-ақ, «Талап» контрреволюциялық әдеби үйірмелерін қаржыландыру үшін жергілікті халықтан ірі қара мал жинауға белсенді қатысты деген де айып тағылды. РКФСР-дың Қылмыстық кодексінің баптары көрсетілмеген, бас бостандығынан айыру мерзімі концлагерьге қамалған күннен бастап 10 жыл болды. Байсерке Қалпақовтың жазасын қай жерде өтегендігі туралы ақпарат жоқ [52].

Жүсіп Әбдірахманов Орынбор ІІХКБ қаулысымен 1937 жылы 4 сәуірде РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-1 «а», 58-7, 58-8, 58-9, 58-11 баптары бойынша айыпталып түрмеге қамалған. 5 қарашада атылған [53]. Иманали Айдарбеков «Алашорда» контрреволюциялық ұйымының жұмысына белсенді қатысты деп айыпталып, 1937 жылы 4 тамызда Қырғыз КСР ІІХК-ның қаулысымен ұсталды. РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 баптарына сәйкес айыпталып, 5 қарашада атылды [54]. 1937 жылдың 1-желтоқсанында Мәскеуде Төрекұл Айтматов тұрып жатқан Воровской көшесі № 2 үйінде тінту жүргізіліп, 1938 жылы 14 қаңтарда ол Фрунзеде түрмеге қамалады. РКФСР ҚК-нің 58-бабының 1, 2, 4, 7, 10, 11-тармақтары бойынша айыптаулар тағылып, 5 қарашада сот үкімі орындалады [55].

1938 жылы 5 қарашада КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының жылжымалы сессиясының ашық сот отырысы Қасым Тыныстановты «Алашорда» қозғалысының қатысушысы ретінде, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-7, 58-8, 58-11 баптарына сәйкес айыптады. Ол 1921 жылдан бері «Алашорда» антисоветтік көтерілісшіл ұйымының қызметіне және буржуазиялық-ұлтшыл, диверсияшыл, контрреволюцияшыл және лаңкесшіл «Социал-Тұран» партиясының әрекеттеріне белсенді араласқандығы үшін

ату жазасына кесілді [56]. Базаркұл Данияров 1939 жылдың 26 мамырдына Қырғыз КСР-нің Ош аудандық сотының жабық отырысында «Алашорда» және «Социал-Тұран» секілді ланкесшіл-бүлікшіл, антисоветтік, ұлтшыл, контрреволюцияшыл ұйымдардың қызметіне белсенді түрде қатысқаны үшін РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-10, 58-11 баптарына сәйкес мемлекеттің пайдасына мүлкінен айырылып, тәркіленген. Бас бостандығынан айыру мерзімі концлагерде қамалған күннен бастап 15 жыл, 5 жылға дейін сайлау құқығынсыз [57].

1937-38 жылдары қуғын-сүргін саясаты күшейе түсті және рухани өмір саласын қамтыды. Қырғызстан Коммунистік партиясының (б) ОАК-нің шешімімен, 1938 жылы мамырда «халық жаулары», «буржуазиялық ұлтшылдар» кітап авторларының ұзақ тізімі бекітілді. Оған Ж. Әбдірахманов, О. Алиев, Т. Айтматов, Ж. Абдуллин, М. Белоцкий, Т. Жолдошов, Е. Поливанов, Б. Данияров, Х. Жээнбаев, Б. Исакеев, А. Идирисов, К. Қамбаров, С. Сарманов, А. Токомбаев, К. Тыныстанов, И. Тойчинов, А. Орозбеков, Р. Шукурбеков, А. Шабданов, Э. Эсенаманов және басқалары енді [58]. Жоғарыда аталған «халық жаулары», «буржуазиялық ұлтшылдардың» кітаптарын сатуға тыйым салынды [59].

Қырғызстанда, бүкіл Одақтағыдай 1937-1938 жылдары қуғын-сүргін саясатының ең қатал жылдары болды. Ежовтың ұсынысы бойынша, 1937 жылы 4 қыркүйекте Қырғыз КП(б) ОАК-ің шешімімен Қырғыз КСР ІІХК-нің Халық комиссары И.П. Лоцманов тағайындалды.

Ол қуғындауды одан да қатал түрде жүргізе бастады, ІІХК-ры бөлімшелері арасында социалистік жарыстарды жариялады. П. Лоцмановтың контрреволюцияшылдарға қарсы жүргізген қатал жұмысын жоғары бағалап, А.Ваговтың нұсқауы бойынша, Қырғыз КСР-нің Президиумы 1937 жылы 31 желтоқсанда оны автокөлікпен марапаттады, шабыттанған ол қуғын-сүргін саясатын 1938 жылға қарай одан әрі күшейтті [60]. Қырғызстанда бүгінгі таңда 40 мыңға жуық қуғын-сүргінге ұшырағандар туралы айтылуда.

«Алаш» қайраткерлері отбасыларының тағдыры. Алаш қайраткерлерінің ақталуы және тарихи ескерткіштер. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың отбасылары ұзақ жылдар бойы әділдік пен өз әкелерінің ақталуын күтті. Қаншама бала жетім қалды. Қаншама еріне адал әйел жесір қалды. «Халық жаулары» отбасыларының басына төнген қайғы-қасірет пен олардың бастан кешкен қиындықтары – зұлама ұлттық трагедияға айналды. 1937-38 жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандар ғана емес, олардың отбасылары да қатты азап шекті. «Халық жауының ұлы» деген тіркес қуғын-сүргінге ұшыраған жандардың балаларының жүректеріне семсер болып қадалды. Ұлы ағартушы Эшенаалы Арабаевтың ұлы Еркін Арабаев, Кеңес дәуірі тұсында Қырғыз ауылшаруашылығы институтының ректоры болған кезінде, еш уақытта Э.Арабаевтың ұлы болғанын айтқан емес. Жүсіп Әбдірахмановтың қызы Ленинаның берген сұхбатынан, Баялы Исакеевтің қызы Ларисаның, Төрекұл Айтматовтың қызы Розаның және Әбдіқадыр

Оразбековтың ұлы Озгорушпен кездесулерде, конференцияларда, олардың сол қанды жәбір кезіндегі естеліктерінен, отбасыларының қуғын-сүргіннен қаншалықты қиналып азап көргендіктерін байқамау мүмкін емес.

Қырғыздың алғашқы профессоры Қасым Тыныстановтың ұлы, медицина ғылымдарының кандидаты, хирург Еркін Тыныстанов 30-шы жылдар туралы естеліктерінде былай дейді: «1937 жылы ағам Теңдік екеуміз Ыстықкөлге демалуға бардық. Онда біз әкем Қасымның тұтқындалғанын естідік. Оралғанымызда ол қамауға алынған екен. Мен 7 жаста едім. Осы уақыттан бастап қиын күндер басталды. Бірге ойнайтын балалар бұдан былай бізбен ойнамайтын болды, ата-аналары оларды бізден аулақ ұстайтын. Сөйтсек, олар бізді «контра»-ның балалары деп қорқады екен. Бір күні түн ортасында ІІХК-ның әскерилері келіп, үйді мұқият тінтіп, алып кетуге тұрарлық барлық нәрселерді, сүйікті граммофонды, кілемдерді және тағы басқа да заттарды алып кетті. Біз жылап қалдық. Өте қорқынышты болды. Содан бері мен кекештене бастадым».

Ағартушы Бауыржан Қалпаковтың сол кездегі 12 жасар ұлы Мұратбектің естеліктерінен: «Біз, үлкен апам, кіші қарындасым және мен мектепке баратын кез болатын, 4-5-6 сыныптарда. 1937-1938 оқу жылының басталуынан жарты ай өткен соң, «Кенеш» мектебі орналасқан көшенің соңында комбайн дақыл жинап жатқан болатын, біз жүгерінің қалдықтарын жинап жаттық. Кенеттен мұғалімдер комбайнның маңайына оқушыларды жинады. Жиналысты Аудандық комитеттің бірінші хатшысы бастады. Оның айтуынша, олардың арасында халық жаулары бар, біздің де арамызда жаулардың ұрпақтары бар екенін қоса айтты. Ол менің апам Шайгүлге келіп, мені, Тоқтарбаев Тоқмәмбеттің інісі Тоқтарбаев Мамытбекті, Тулоберди Тулобердиевтің ұлы Бейшені және тағы да бірнеше баланы қатарға алып шығып, бізді басқа балалардан алыстатып, бізді «контры»-ның балалары деп жариялады, біздің тіпті масақты жинауға құқымыз жоқтығын айтып, үйімізге қуып жіберді.

Осылайша, біз қоғамнан оқшауланған болатынбыз. Үйге жылап келдік. Үйде, анамыз біздің жылауымызға тыйым салды: «Бұл уақытша. Мүмкін әкелерің қайта оралар. Егер олай болмаса, біз ауылымызға ораламыз. Мүмкін, жеңілірек болар», – деп бізді жұбатты. Біздің ауылымыз ол кезде Исакеев атындағы колхоз деп аталатын. Біраз уақыттан кейін біз мектептен қуылдық».

Қуғындалғандардың отбасылары әділеттікті іздеп талай жерге барып табандарын тоздырды, тиісті ұйымдарға жүгінді. Бірнеше көрнекті мысал келтіре кететін болсақ, мысалға, Ш. Айтматов КСРО Бас Әскери прокуратурасына өзінің әкесін ақтау туралы өтінішпен жүгінді. Сол уақыттағы билік мұндай мәлімдемеге жауап бере алмады, шындықты айта алмады. Олар құпияларды ашпады, олардан күдіктеніп, қуғын-сүргінге ұшырағандардың туыстарынан қорқып, оларды қудалауды жалғастырды. Сондықтан, оларға мұндай өтінішке жауап бермеу бұйырылып, тек қысқа ғана жауап беріп, олар қашықтағы лагерьлерге айдалды деп қана айтылатын [61].

Тек 1956 жылдың 25 ақпанында КОКП-ның ХХ съезінде «халық жауларын» жиырма жылдық ұмыт пен қудалаудан кейін, репрессия

құрбандарының өздері ғана емес, олардың отбасылары да қорқыныш, қайғы және үмітсіздікпен өмір сүріп жатқан кезде, олар туралы айтылып, олардың есімдерін жария етіп, жазықсыз құрбандарды ақтау басталды. Қырғызстанда Коммунистік партияның бірінші хатшысы болып жұмыс істейтін Исхак Раззаков репрессияға ұшыраған мемлекет пен партия қайраткерлеріне қатысты істі өзі жүргізді. Олардың ішінде Жүсіп Әбдірахманов [62], Иманалы Айдарбеков [63], Төрекұл Айтматов [64], Қырғыз КСР-і ОАК-нің төрағасы А. Орозбсков [65], Қырғыз КСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Б. Исакеев [66], Қырғыз КСР-і КП(б) бірінші хатшысы М.К. Аммосов [67], Қырғыз КСР-і Жер істері бойынша Халық Комиссары Э. Эсенаманов [68], атақты ағартушы Э. Арабаев [69], ағартушылар О. Алиев [70], Б. Данияров [71], Д. Иманов [72] және т.б. Олрдың партияға қатыстылығы қалпына келтіріліп, ақталды. Қайта құрудың басталуымен, басқа да одақтық республикаларда және Қырғызстанда, сталиндік репрессия құрбандары болған жүздеген адамның есімдері мақтанышпен атала бастады. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту туралы» Қаулысынан кейін (бүгінде бұл құжат өте маңызды тарихи құжат деп атауға лайық), қайта құру кезінде басталған процесс Қырғызстанда да кеңінен таралды. Қуғын-сүргін құрбандарын ақтаумен бірге, Қырғызстанның тәуелсіздігінің алғашқы күндерінде, дәлірек айтқанда, 1991 жылдың тамыз айында Бішкек қаласынан алыс емес жерде Чон-Таш ауылында қуғын-сүргінге ұшыраған 137 жазықсыз құрбан болған адамның мәйіттері табылды. Бұл оқиға егеменді мемлекетіміздің жариялылық жолымен жүріп, шын мәнінде тәуелсіз мемлекет болғандығын білдіреді. 53 жыл бойы адамдардан жасырынып келген, көп азап шектірген, осы қорқынышты құпияны ашқан 1928 жылы Аламудун ауданында дүниеге келген Бубуйра Қыдырәлиева болды. Бүгін ол Бішкек қаласында тұрады, зейнеткер. Ата-Бейіт репрессия құрбандарының мүрделерін қазып алуды басқарған КГБ капитаны Болот Әбдірахманов қазір зейнеттегі полковник, тарих ғылымдарының кандидаты.

1991 жылы 30 тамызда, жарты ғасырдан кейін, осы қатыгез уақыттың қаза тапқан құрбандарының мүрделері Чон-Таш зиратында ардақталып жер қойнауына берілді. Әлемге әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовтың митингіде сөйлеген сөзінде: «Егер біреулер бүгін осы зұлмат күндердің қайғысын бізбен бірге бөлісетін болса, онда біреулері аң-таң болуда, олар не болып жатқанын түсінбейді. Өйткені бүгінгі күні сталиндік дәуірді әлі де аңсайтындар бар. Егер солай болса, онда олар жетекшілерінің қатыгездігін және сталинизмнің барлық қылмыстарын көрсін. Олар жазықсыз өлтірілген кінәсіз адамдардың қалдықтары салынған осы машиналарға қарап ғибрат алсын» [73].

Тарих бізге көрсеткеніндей, канша тырысса да шындықты жасыру мүмкін емес, шындық бәрібір жеңіске жетеді. Бірақ мұндай қиындықпен қауыштырған шындық, бұл ерекше қуаныш әкеледі. Өз ұлдарын мәңгі есте сақтайтын халық Чон-Таш зиратында мемориалдық кешен салып, тарихи мұражай ашты.

«Ата-Бейіт» сәулет-мемориалдық кешенін сәулетші Қ. Әліқұлов әзірледі. «Ата-Бейіт» сәулет-мемориалдық кешені Чон-Таш ауылының маңында

орналасқан. Бұл жерде 20 ғасырдың 30-шы жылдары жазықсыз жазаланған қырғыздың көрнекті ұлдары Ж. Әбдірахманов, А. Орозбеков, Б. Исакеев, И. Айдарбеков, Т. Айтматов, О. Алиев, Э. Эсенаманов, Н. Кулназаров және басқа да 137 адамның мүрделері жерленген.

Қырғызстан жастарының «Ата-Бейіт» мемориалдық кешеніне барып тәуәп етуі саяси мәдениетті дамытуға және азаматтық борышты арттыруға ықпал етеді. Балалық шағынан бастап, біз балаларымызға саяси қайраткерлердің Қырғыз мемлекеттілігін қалыптастыруға қосқан үлесі туралы айтып, оларды осы қайраткерлердің үлгісі бойынша тәрбиелеуіміз керек. Екі мәрте бір қателікке ұрынбауымыз үшін, «Ата-Бейіт» зиратында жерленген, сталиндік қуғын-сүргін құрбанына айналған қырғыз зиялыларын мәңгі есте сақтауымыз керек.

Чон-Таш оқиғасынан кейін, 1994 жылы 27 мамырда «Саяси және діни көзқарастар үшін, әлеуметтік, ұлттық және басқа да себептер бойынша репрессияға ұшыраған азаматтардың құқықтары мен кепілдіктері туралы» Қырғыз Республикасының Заңына сәйкес қырғыз саяси элитасы толығымен ақталды.

Қырғыз Республикасының 1994 жылғы 27 мамырдағы Заңынан кейін, Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы № 74-IV Жарлығымен «30-қазан Қырғыз Республикасында – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып белгіленді. Дегенмен, тарихшылар мен Жоғарғы Кеңес арасында дау туындады, соның салдарынан Жоғарғы Кеңес қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін белгілеу кезінде өзінің қателігін мойындап, 8 қараша қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деген әділ шешім қабылдады. Себебі, нақ сол 1938 жылдың 5 және 8 қараша күндері 137 кінәсіз адамдар атылған болатын, олардың арасында өз елінің ұлы тұлғалары болды. Осы жағдайларды ескере отырып, 2008 жылғы 10 қарашада Жоғарғы Кеңес сол жылдың 18 қаңтарындағы бұрын қабылданған қаулысына өзгерістер енгізді, 30 қазан 8 қарашаға аударылып, «8 қараша – 1937-1938 жж. Қырғызстандағы жаппай қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып қабылданды. 2017 жылы 26 қазанда Қырғыз Республикасы Президентінің Жарлығымен 7 және 8 қараша жыл сайынғы Тарих және бабаларды еске алу күндері етіп жарияланды.

---

1. Маанаев Э.Э. Арабаев – Первый просветитель, ученый и общественно-политический деятель. – Бишкек, –1999.– С.15.

2. Курманов З.К. Политическая борьба в Кыргызстане: 20-е годы. – Бишкек: Илим, 1997. – С. 292.

3. Общеказахский съезд // Казак. –1917. – 31-июль

4. Спирин Л.М. Россия.1917 год. Из истории борьбы политических партий.– Москва, 1987.– С.305

5. ЦГА ОПД КР, Ф.10, оп. 15, д.188, л.123-125.

6. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Т., 2000. – С. 84.

7. Алаш арыздары. – Шымкент, –2012. – с. 15 .

8. Махаева А. Из казахско-кыргызской истории. – Бишкек, –2011. С.235
9. Алаш арыстары.-Шымкент,-2012. С. 15
10. Там же с.17
11. Плоских В., Курманов З., Бегалиев У. Кыргызстандын улуттук лидери Абдыкерим Сыдыков Доор, инсан, тагдыр. – Бишкек, 1999. –31-б.
12. Махаева А. Казак-кыргыз тарыхынан. – Бишкек, –2011. 222-б. 13. ЦГА КР Ф.89, оп. 1, д.3, л. 28..
14. Махаева А. Казак-кыргыз тарыхынан. – Бишкек, – 2011. 223-б.
15. Там же. – л. 224.
16. Түркстан аймагындагы казак-кыргыздардын жалпы жыйналышы. «Бирлик туусу».–1917,20–август.
17. Казак-кыргыз кеңештери.»Бирлик туусу».– 1917, –13-сентябрь.
18. Жанузаков Т, Галымбеков К, Ак калпактуу кыргызга. – «Бирлик туусу»–1917, 29-август.
19. «Ақ жол» газеті. № 15. 16-қаңтар 1921.
20. Алаш арыстары. – Шымкент. -2012, -21 б
21. Қазақстан республикасының ҰҚКБ Мұрағаты. Алматы.Д. 04693.Т.17.Л. 13-16. Көшірме
22. Эшенаалы Арабаевдин 110-жылдыгына арналган жинак. – МП.» Табылга», – 1993. – 6 б
23. Кыргыз, казак илимпоздорунун туўгуч сьезди. – Киргозиздат, -Оренбург. – 1925. – 117-б.
24. ЦГА ОПД КР. ф.391.Оп.3. д.68, л.11.
25. ЦГА ОПД КР. ф.391.Оп.3.д.68, л.31–32.
26. Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии Туркестана (1917–1924 гг.).– Ташкент, 1971. – С.349
27. Ак жол, 1924. № 477.
28. Систематическое собрание законов РСФСР, указов Президиума Верховного Совета РСФСР и решений правительства РСФСР. – М., 1967. –Т.1.
29. ЦГА КР , ф.21, оп.2, д.6, лл.2–3.
30. Там же, лл.9–10.
31. Ишенаалы Арабаев. Туулган күнүнүн 110 жылдыгына арналган жыйнак. – Бишкек, 1993.– 5–6-б.
32. http:\\ traditio-ru. Org\wiki\D
33. Казак, кыргызилим поздор унунтунгуч съезди. – Оренбург: Киргосиздат, 1925. – 117-б. Китепте: Ишенаалы Арабаев. Туулганкүнүнүн 110 жылдыгына арналган жыйнак. – Бишкек, 1993.– 16-17-б.
34. Даниярова К. Базаркул Данияров – первый педагог. – Бишкек, 2007. – 131-б.
35. ЦГА КР, ф.647, оп.1, д.1, л.6.
36. Эсенгулова М. Просветительская деятельность и педагогическое наследие Эшенаалы Арабаева. канд.диссертациянын колжазбасы. – Бишкек, 2005. – 49-б.
37. Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг.). – Алматы, 1997. – 57-б.
38. ЦГА КР, ф.638, оп.1, д.411, л.1-6-б..
39. Сартбаев К.И. Арабаев кыргыз элинин туўгуч агартуучусу-окумуштуусу. – Бишкек, – 2003. – 15-б.

40. Кыргыз ССРинин тарыхы. – Фрунзе: Кыргызстан, 1973, – 188-бет.
41. Шаймергенова Т.А. Развития периодической печати Кыргызстана и ее роль в период социалистических преобразований. –Бишкек, – 2008, 11-б
42. Базаркул Данияров – тұңғыш педагог. – Бішкек: Учкун, 2007. – 82-б.
43. Маанаев Э, Осмонкулов А.Э. Арабаев-кыргыз элинин алгачкы агартуучусу жана саясий-коомдуишмери. – Бишкек. 2002.
44. В. Плоских, З. Курманов, У. Бегалиев. Кыргызстандын улуттук лидери АбдыкеримСыдыков. – Бишкек, – 1999. – 155-б.
45. Оренбургский областной Государственный архив. Ф.1081 оп. 1. Сб.14.
46. Ю. Абдрахманов.1916. Дневники.Письма к Сталину.-Фрунзе,1991, 47. ЦГА ОПД КР.Ф.10.Оп.2.д.415.л.87-91.
48. ЦГА ОПД КР. Ф.56.Оп.4.д.639.л.30.
49. ЦГА ОПД КР. Ф.10 Оп.1.д. 453. Л.97-99.
50. ЦГА ОПД КР. Ф.10. Оп.1.Д.514.л.13-18.
51. Байсеркечечен./ туз. Г.Орозова/-Бишкек, 1994.14-б.
52. Архив ГКНБ КР. АУД № 7524-су.
53. Архив ГКНБ КР. АУД за № 7977-су
54. Архив ГКНБ КР. АУД за № 7724-су.
55. Төрєкул Айтматуулу.-Бишкек. 1993.–21-б.
56. Архив ГКНБ КР. (АУД) № 7415-су
57. Архив ГКНБ КР. (АУД) № 5354-су.
58. ЦГА ОПД КР. ф,56. оп.4. д.81.б.104. бб.182-184.
59. ЦГА ОПД КР. ф.56, оп.4, д.88, б.43
60. ЦГА КР. Ф.21.оп.19.д.30.б.182-184.
61. Байдилдеев Ж. Кайра жанганысымдар.-Бишкек:2010. 16-18-б
62. Архив ГКНБ КР. Фонд-СУ. АУД № 7977-су.
63. Архив ГКНБ КР. Фонд-СУ. АУД № 7724-су.
64. Архив ГКНБ КР.Фонд-СУ.АУД № 7627-су.
65. Архив ГКНБ КР. Фонд-СУ.АУД № 5188-су.
66. Кулматов А. Баялы Исакеев.-Бишкек, 2002. 67. ЦХИДНИ. Ф.589. Оп.3.Д.11360.Л.200-203.
68. Архив ГКНБ КР. Фонд-СУ. АУД № 7484-су.
69. Архив ГКНБ КР.Фонд-СУ.АУД № 8143-су.
70.Архив ГКНБ КР.Фонд-СУ.АУД № 7748-су
71.Даниярова К. Базаркул Данияров – первый педагог. – Бишкек.2007.– С.235.
72.Иссык-Кульский ОГА. Ф.1100, оп.1,л.1.
73.Кыргыз Туусу. 1991. Август.

3.5 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕМСТВОЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС. ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕНГІЗІЛУ ТАРИХЫНАН (1917-1919 ЖЖ.)

Қазақ өлкесіндегі қоғамдық-саяси жағдай: Алашорда және ресейлік саяси күштер арақатынасы. Қазақ өлкесінде 1918-1919 жылдары елеулі түрде саяси рөл атқарған Алашорда үкіметінің тарихи қызметі бұрынғы Ресей империясы кеңістігінде пайда болған барлық саяси күштермен қарым-қатынас жасаудан түзілді және өлкедегі ішкі жағдайлардан туындаған мәселелерді шешуге бағытталды. Өзгермелі қоғамдық саяси өмірде Алашорда қайраткерлері саяси тарих сахнасына бірінен соң бірі көтерілген Сібір облыстық совет (Сібір автономиясы, желтоқсан 1917 ж.), Самара құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті (Комуч, маусым-тамыз, 1918), Сібір уақытша үкіметі (мамыр-қазан, 1918), Уфа директориясы (қыркүйек-қараша, 1918 ж.), Колчак үкіметі (қараша 1918 ж.-желтоқсан 1919 ж.), Кеңес өкіметі (наурыз-мамыр, 1918 – сәуір 1919-наурыз 1920 ж.) сияқты Ресейлік саяси күштермен байланыстарында Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін ресми мойындатуды бірінші кезектегі міндет етіп алды. Екінші кезекте соғыс жағдайындағы уақытта әскери құрылым – милиция жасағын құру және оның ұйымдастырылуы іс-әрекетін бірлескен әскери күштермен (Ресейлік) үйлестіру міндетін шешу тұрды. Кейінгі кезекте алғашқы міндеттің (саяси) шешілуіне қарай жергілікті басқару жүйесін қалыптастыру және оның қызметін басқа да жергілікті саяси күштермен үйлестіру арқылы өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайын ретке келтіру міндеті болды.

Алаш қайраткерлерінің түпкілікті пікірінде автономия Алаш партиясының жобалық бағдарламасында көрсетілген бірінші бапқа сәйкес жаңадан құрылатын Ресей демократиялық федерациясы құрамында болуы міндетті шарт болды және осы саяси көзқарастарын Ресейлік саяси күштермен байланыстарында ұстап бақты. Бірақ саяси ара-салмақ тең болмады. Ресейдің шеткері аймақтарындағы ұлттық саяси ұйымдардың саясатта биік деңгейге көтерілуіне кері әсер еткен себептер де жеткілікті болды. Мәселен, Ресейдегі қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығы, қазақ өлкесінің ресейлік азамат соғысы аймағына айналуы, большевиктік саяси және әскери күштердің өлкедегі іс-әрекеттерінің күшейе түсуі, «ақ гвардияшыл» деп танылған қозғалыстар тарапынан ұлттық саяси ұйымдарға сенімсіздік көрсетілуі, аймақтың экономикалық қуаттылығының толық дәрежеде болмауы, қазақ қоғамының жетекші күші зиялылардың қарама-қарсы саяси топтарға бөлінуі, жергілікті жердегі түрлі сипаттағы қоғамдық-саяси ұйымдармен байланыстарындағы түсініспеушіліктердің орын алуы, тіпті, халық жасағын – милицияны әскери үлгіде жабдықтауда туындалған қиындықтар мен келеңсіздіктердің орын алуы Алашорданың саясаттағы жасаған дербес қадамдарына тұсау болып отырды.

Болашақта құрылатын Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметін толықтай мойындау тек Г.Н. Потанин басқарған Сібір облыстық Советі

тарапынан орын алды. 1917 жылғы желтоқсан айының 8-15 аралығындағы Томск қаласында өткен төтенше Жалпысібірлік съезде құрылған Сібір үкіметіне қатысты екінші жалпы қазақ съезінің шешімдері: Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуына қолдау көрсетті. Алайда, Сібір үкіметінің ғұмыры қысқа болды. 1918 жылы 26 қаңтарда Томск советі Президиумының жарлығымен Сібір думасы таратылды. Осы Сібір үкіметінің Сібір халықтарына арналған үндеуінде жалпысібірлік социалистік билікті ұйымдастыру, Сібір Құрылтай жиналысын қорғауды, оның шешімдерін Бүкілресейлік Құрылтай жиналысында бекіттіріп, Ресей Федеративтік Республикасын құруды іске асыруды нақты көрсеткен.

Алашорда және Кеңес Өкіметі байланысында Алашорда жетекшілері ұсынған Алаш автономиясы – ұлттардың өзін-өзі билеу құқына негізделген үлгісіне (қазақ халқының территориялық бірігуі, Алашорданың заң шығарушы және билік жүргізуші құқы, қазақ соты, милиция негізінде әскери құраманы жасақтау және т.б.) Совет өкіметі қарсы шығып, Қазақстанда қазақ халқын таптық жіктеу негізіндегі, яғни Советтік тұрпаттағы автономия идеясы ғана ұсынылды (сәуір, 1918ж.). Екі жақты келіссөздер нәтижесінде алаштық сипаттағы қазақ автономиясы, яғни, өзін-өзі билеуге негізделген қазақ мемлекеттілігіне Кеңес өкіметі тарапынан жол берілмейтіндігі айқындалды.

Алашорда үкіметінің Уақытша Сібір үкіметі және Самара Комучы билігі тұсында, олармен тығыз саяси байланыс жасауға тырысты. Нәтижесінде, осы билік жүйелеріне сүйене отырып Алашорда өзінің облыстық комитеттерінің жұмысын жергілікті земстволық басқармалар арқылы байланыстыра жүргізді. Бұл байланыстарға ресейлік саяси күштер азамат соғысы барысында және оның тікелей ықпалымен барды. Өйткені, қазақ өлкесінде Алашорданың ықпалы мен бедделі жоғары болды. Бұның ресейлік саяси күштері үшін тиімді жақтары болды. Бұл жағдай әскери салада айқын көрініс берді.

Сібірдің уақытша үкіметі Алашорданы саяси тұрғыдан мойындаудан бас тартты. 1918 жылдың 4 қазанында оның орнына келген Уфа Директориясы Алашорда үкіметін тарату туралы жарлық шығарды және Алаш жөнінде бас өкіл штатын ұсынды. Бұл ұсынысты Алашорда қабылдаған жоқ.

Колчак диктатурасы орнағаннан кейін Алашорда үкіметі жөнінде 1918 жылдың 14 қарашасында тағы да оны тарату жөнінде жарлық шығарды. Осындай саяси кедергілерге толы қиыншылықтарға қарамастан Алашорда үкіметі қазақ өлкесінде 1917-1919 жылдары өзіндік ұлттық ерекшелігімен көрінген елеулі саяси күш ретінде танылды. Ұлттық жетекші саяси күш ретінде Алаш қайраткерлері Алашорда үкіметі негізінде қысқа да болса өте мағыналы істер атқарды.

Қазақ комитетінің 1917 жылы атқарған тарихи қызметі. 1917 жыл Алаш қозғалысы тарихында ең бір мазмұнды әрі шешуші жыл болып табылады. Алдымен ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерінің ресми билік иесі

Уақытша Үкіметтің 1917 жылғы 5 наурыздағы жергілікті үкімет органдарын құру қаулысына сәйкес өлкедегі әкімшілік жүйесіне қызметке тартылуының маңызы зор болды. 1917 жылдың наурыз және сәуір айларында бұрынғы патшалық әкімшілік жүйелері жойылып, оның орнына үкіметтік жаңа әкімшілік жүйесі орнай бастады. Яғни, ескі тәртіптегі губернаторлық, уездік, болыстық және ауылнайлық басқару жүйелері жойылды. Енді Уақытша Үкіметтің облыстық және уездік комиссарлық басқару жүйесі, сонымен бірге облыстық, уездік, болыстық және ауылдық деңгейдегі азаматтық комитеттер және олардың атқару органдарының құрылымдары қалыптаса бастайды [1]. Халық өкілдерінің жаңа сипаттағы мемлекеттік құрылысқа көптеп тартылуы және олардың Қазақстанның әр аймағында нақты жағдайлар туғызған келеңсіздіктер мен қиыншылықтарды жоюға қатысты тиісті қадамдарды жасауы, бір сөзбен айтқанда қазақ ұлтының мұң-мұқтажы тұрғысынан кез-келген мәселені шешудегі табандылықтары жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Лауазымды қызметтегі халық өкілдерінің жарқын істері, оларға деген халықтың сенімін арттыра түскені даусыз. Ұлт мүддесін көздеген халық қалаулыларының көбейе түсуі қазақ қоғамының саяси санасын оятты. Бұл жағдай өлке халқына оң әсер еткендігі сөзсіз.

Қазақ қоғамы өкілдерінің ақпан төңкерісінен кейінгі уақыттағы қоғамдық саяси қызметінің өрбуін ғалым К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашордада»: «1917 жылғы көктем мен жаз айлары қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмірінің барынша жанданған кезеңі болды. Ол бірнеше бағытта: халық өкілдерінің Ақпан революциясынан кейін мемлекеттік құрылысқа қатынасуы, ұлттық, қоғамдық-саяси ұйымдар құру, әлеуметтік-экономикалық реформалар бағдарламаларын жасау және елдің саяси өміріне араласу бағыттарында көрініс тапты», – деп көрсетті.

Қазақстанда Уақытша Үкіметтің әкімшілік-мемлекеттік құрылымдары және алғашқы ұлттық қоғамдық-саяси ұйым – қазақ комитеттері қатар құрыла бастады. Қазақ комитеттері 1917 жылдың наурыз айының екінші жартысынан бастап облыстық, уездік және болыстық деңгейде құрыла бастады. Қазақ комитеттері Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрылған. Қазақ комитеттерінің пайда болуын ғалым М. Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» – деген монографиясында орынды түсіндіреді: «... Қазақ комитеттері ұлт-азаттық қозғалыстың ақпан революциясынан кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі, оның өзінің түпкі, негізгі мақсаты – мемлекеттік еркіндікке ұмтылысының табиғи көрінісі, ұлттық мемлекет болуға жасалған алғашқы қадамы-тын ».

Жалпы алғанда, Уақытша Үкіметтің өлкедегі әкімшілік органдарын қалыптастыру істері кедергісіз өтті деуге болмайды. Ел ішінде әлі де болса жаңа режимге мойынсынбаған жергілікті бұрынғы қызметшілер қарсылық көрсетіп отырды. Соған қарамастан Уақытша Үкіметтің әкімшілік органдары 1917 жылдың көктем және жаз айларында қалыптасу фазасынан өтіп, қалыпты жұмыс жасауын жалғастырды. Міне, осындай әкімшілік-ұйымдастыру ісіне қазақтардың тікелей араласуы, олардың саяси қабілеттілігін арттыра

түсті. Бұл дегеніміз, 1917 жылдың күз айларында шақырылуы тиіс Құрылтай жиналысында (Ресей халықтарының) құруға үміттенген болашақ автономиялық құрылымға бір есептен ұлт мамандарын даярлау мектебі ретінде қарастырылғаны деп көрсетеді.

Қазақстанда Уақытша Үкіметтің әкімшілік-мемлекеттік құрылымдары және алғашқы ұлттық қоғамдық-саяси ұйым Қазақ комитеттері қатар құрыла бастады. Қазақ комитеттерінің құрылуы қазақ қоғамындағы үлкен жаңалық болды. Түпкі мақсаты-ұлттық мақсат-мүддені қорғайтын, автономиялық мемлекеттік құрылымға жету жолында қазақ халқының ұлттық ұйымы ретінде қарастырылған Қазақ комитеттері Алаш қозғалысы қайраткерлерінің және қазақ қоғамының бас көтерер азаматтарының бірлескен еңбектерінің нәтижесінде құрылды. Қазақ комитеттері 1917 жылдың наурыз айының екінші жартысынан бастап облыстық, уездік және болыстық деңгейде құрыла бастады. Қазақ комитеттері Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында құрылған [2]. Тек Астрахан губерниясына қарасты Бөкей ордасында және Торғай облысында ғана құрылған жоқ. Қазақ комитетінің Торғай облысында құрылмауының өзіндік ерекшелігі бар. Бұны Торғай облысындағы жетекші мемлекеттік қызметтерде, соның ішінде облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ өкілдерінің көптеп болуымен, яғни олардың аймақтағы қазақтардың мәселелерін белгілі бір деңгейде шешіп отыруымен байланыстырамыз. Ұлттық комитеттердің тез арада құрылуына әсер еткен фактордың бірі, ол Уақытша Үкіметтің басқару органына жататын Азаматтық комитеттерінің пайда болуы. Азаматтық комитетке мүшелікке өту жолында түрлі топтардың, саяси партиялардың өкілдері жоғарыдан нұсқау күтпей өздері-ақ белсенділік таныта білді. Қазақ жұртшылығы да сайланбалы азаматтық комитетке мүше болып енудің қажеттілігіне түсіне отырып, ұлттық ұйым – Қазақ комитеті арқылы оған мүшелікке өтуде басқа да ұйым өкілдерімен саяси таласқа түсті.

Сол кездегі Ресейдегі ұлттық ұйымдардың мақсаты біреу болды, ол ұлттық дербестікке жету, өзін-өзі басқару құқына ие болу еді. Нәтижесінде, Қазақстанда Азаматтық комитеттерге мүшелікке әр халық, әр қауым, әр ұйымнан өкілдер өтіп бірлескен немесе құрама сипаттағы жергілікті басқару органдары қалыптаса бастады. Қазақ комитеті де өз кезегінде Азаматтық комитетке өз өкілдерін мүшелікке өткізіп жергілікті басқару органы қызметіне араласты. Ғалым С. Зимановтың Қазақ комитеттері мен Қазақ депутаттары кеңестерінің кей жерлерде қатарлас пайда болу себебін, олардың басқа да саяси ұйымдар сияқты биліктен үміткер болуымен және сол кезде қалыптасқан саяси жағдайға сәйкес туындалған ұлттық топтардың мақсат-мүддесіне байланысты деп түсіндіруі орынды пікір [3]. Қазақ комитеттері, бұл Уақытша Үкіметтің саяси жүйесінде қазақ елінің қорғанышы болып танылған демократиялық бағыттағы ұйым деп түсінеміз. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін қазақ қоғамында пайда болған ел сенген беделді саяси ұйым ретінде Қазақ комитеттерінің қызметі жан-жақты болды. Қазақ комитеттері қазақ қауымында туындаған саяси,

экономикалық және әлеуметтік мәселелерді жергілікті билік орындарында басқа да саяси ұйымдармен кеңесе, келісе отырып шешуге өкілдері арқылы тікелей араласты.

Ендігі жерде, Қазақ комитеттерінің Қазақстан аймақтарында құрылуына тоқталсақ. Қазақ комитеттерінің құрылу процесі туралы хабарларды «Қазақ» газеті таратты. Газеттің 1917 жылғы 17 наурыздағы санында Орал қаласында Қазақ комитетінің құрылғаны баян етілді. Орал облысы қазақ комитетінің толық атауы: «Орал облыстық қазақ бөлімін үйлестіруші және атқару комитеті». Онда ел азаматтарының 10 наурызда жиылыс жасап, елдің тыныштығы мен бүтіндігін сақтау мақсатында облыстық Қазақ комитетінің іске кіріскені жазылды. Қазақ комитетінің алғашқы төрағасы Ғ. Әлібеков болды. Мүшелері ретінде Д. Көсемғалиев пен Б. Қаратаевтар аталады. Жоғарыда аттары аталған үшеуі Қазақ комитеті атынан Орал облыстық Азаматтық комитетке мүше болып енеді. Іле-шала Орал облысы Ойыл өлкелік Қазақ комитеті құрылады. Оны Х. Досмұхамедов басқарады [4].

Қазақ комитетінің ұйымдастыруымен 1917 жылғы 19-22 сәуір аралығында өткен Орал облыстық Қазақ съезінде облыстық қазақ комитетінің жаңа құрамы сайланады. Төрағалыққа Х. Досмұхамедов, серіктері болып А. Қалменов пен Ғ. Әлібеков сайланады. Орал облыстық Қазақ комитетінің қоғамдық ұйымы ретінде Ережесі мен Жарғысы дүниеге келеді [5]. Ережесі мен Жарғысында облыстық Қазақ комитетінің негізгі мақсаты мен міндеттері және ұйымдастыру шаралары толық көрсетілген. Семей облыстық Қазақ комитеті 7 наурызда өлкеде қалыптасқан саяси халахуалға байланысты шұғыл түрде құрылды. Жергілікті билік ісіне араласу мүмкіндігінен құр қалмас үшін облыстық Қазақ комитеті ұйымдастыру шараларын тез өткізеді. 16 аудандық құрамда құрылған облыстық Қазақ комитетінің төрағасына Р. Мәрсеков, төраға серіктері болып Х. Ғаббасов пен И. Тарабаев, қазынашылыққа Ә. Молдабаев және хатшылыққа Ә. Ермеков тұрды [6]. Семей қаласының 4-ші бөлігі деп саналған Заречная Слободка (Алаш, кейін Жаңа Семей деп аталған) тұрғындары 28 наурызда жалпы жиылыс өткізіп, Қазақ комитетін құрады. Бұл Қазақ комитетіне төрағалыққа Ж. Аллаоңғаров сайланады [7].

Барлық облыстарда Қазақ комитеттері жоғарыдан төмен қарай құрылады. Мәселен, Ақмола облыстық Қазақ комитеті (төрағасы алғашқы да Е. Итбаев, кейін А. Тұрлыбаев), Жетісу облыстық Қазақ комитеті (төрағасы И. Жайнақов), Сырдария облыстық Қазақ комитеті (төрағасы Ә. Көтібаров). Облыстық деңгейден кейін уездік Қазақ комитеттері құрылды. Олар Ақмола уезі (төрағасы Р. Дүйсенбайұлы, С. Сейфуллин) Омбы уезі (М. Әйтбеков), Көкшетау уезі (Ә. Жұманов), Жетісу облысындағы Үржарда (С. Аманжолов), Жезкентте (Т. Есенқұлов), Сырдариядағы Ақмешітте (Е. Қасымов), Әулиеатада (Ә. Кенесарин), Жетісу облысына қарайтын Пішпек қырғыз-қазақ (К. Әлімбаев) және Пржевальск қырғыз комитеті (Н. Адабаев). Оның басты себебі, облыстық Азаматтық комитет құрамына

тез арада енудің керектігінен туындалған уақыт тығыздығынан деп түйген жөн. Уақыт тығыздығына қарамастан Қазақстанның басқа аймақтарында да құрылды. Енді ғана құрылған Қазақ комитеттері Уақытша Үкіметтің атқару комитеттеріне өз мүшелерін сайлап кіргізіп, қазақ қоғамына қатысты істерге араласып, ұлт мүддесін білдіріп жатты. Қазаққа тиесілі жұмыстардың бәрі Қазақ комитеттері арқылы өтіп, шешімін тауып жатты. Қазақ үшін Қазақ комитеті халықтың қамын қарастыратын негізгі құзіретті ұйым ретінде көрінді.

1917 жылдың көктем айынан бастап Қазақ комитеттері араласпаған істер болмады десек артық айтпаймыз. Жергілікті халық өзінің бар талап-тілегін, арыз-шағымдарын Қазақ комитеттері арқылы шешуге ұмтылды. Әр іске жауапкершілікпен қараған Қазақ комитеттері сол шақтағы қазақ қоғамының бар ауыртпашылығын өз мойнына алып, осы бағытта аянбай еңбек етті.

Қазақ комитеттерінің 1917 жылғы қызметтерінің бағыты сан алуан-түрлі болып келді. Атап айтсақ, олардың Уақытша Үкіметтің Азаматтық комитеттері, азық-түлік комитеттері, жер комитеттері, қоғамдық ұйымдардың құрама комитеттері, Делегаттар кеңесі, қоғамдық қауіпсіздік кеңесі сияқты ресми және бейне ұйымдармен тығыз байланысты болып, соларға енген өз мүшелері арқылы жергілікті басқару жүйесінің түрлі сатысында белсенді қызмет атқарды. Әсіресе, азық-түлік комитеттері құрамына ену арқылы жұрттың тиесілі үлесін алуға көмектесті. Жер комитеттеріне мүшелікке ену арқылы жер мәселесіне байланысты жер реформасын даярлау барысына қатысты. Содан соң қазақтардан алынған жерлердің қайтарылу мәселесін шешуге атсалысты. Жер жайының шиеленісуінен туындалған жағдайларды шешуде татуластырушылық сипаттағы комиссиялар құрамында істерге қатынасты. Халыққа (қазаққа) зияннан басқа пайдасы жоқ қоныстанушылар легін тоқтатуға байланысты бір жақты, яғни қоныстандыру саясатын тоқтату шешімін ұстанды.

Кезінде А. Байтұрсынов: «Қазіргі қазақ мәселесінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі, я өлі болу мәселесі» – деп көрсетті [8]. Түйіні шешілмеген жер мәселесінен Қазақ комитеттері тысқары қалмағанын байқаймыз. Қазақ комитеттерінің атқарған келелі істерінің бірі, ол Қытайдан қайтқан босқындар тағдырына мән бере қарағаны. 1916 жыл оқиғаларынан кейін Отанын тастап кетуге мәжбүр болғандардың, қайтып оралған шағында нақты жәрдем көрсетуі. Бұл істе И. Жайнақов басқарған Жетісу облыстық Қазақ комитетінің еңбегі ерекше болды. Сонымен қатар, Қазақ комитеттерінің және оның жетекшілерінің басқа да ұлттық ұйымдармен байланыс орнатқаны белгілі. Мәселен, Алматыда Зайтдин Қожа Тазетдинов басқарған жалпымұсылмандық «Құрылтай» комитеті, М. Шоқаев төрағалық еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының Орталық Кеңесі» сияқты әр ұлт өкілдері енген ұйымдарымен қарым-қатынасты айтамыз [9].

Қазақ комитеттерінің сан қырлы қызметтері жоғарыда атап өткендей алғашында облыстық деңгейдегі қазақ съездерінің, одан кейін Бірінші Жалпықазақ съезінің өтуіне елеулі ықпал еткен.

Қазақ қоғамы және Земство мекемелерінің құрылу тарихы. Сол кезеңде Қазақ комитеттерімен қатар земство мекемелерін құру мәселесі де қазақ үшін аса қажеттігін түсінген А. Байтұрсынов пен Ә. Бөкейхан патша заманында жеке мәселе етіп көтерген, земствоны қазақ арасына кіргізу үшін әрекет жасаған [10]. Олардың бұл іс-әрекеттері сол уақытта нәтижесіз аяқталған болатын. 1917 жылы 17 маусымда Уақытша Үкімет «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында земство мекемелерін енгізу» деген заң қабылдады. Бұл заңның орындалуы ұзаққа созылды. Оның себебі Уақытша Үкіметтегі дағдарыс болды. Шеткері аймақтарда земствоның енгізілуін нақты жолдарға қою жөнінде мұсылмандар өкілі А. Топшыбаев тамызда шақырылған Мемлекеттік кеңесте (Мәскеуде өткен) батыл айтқан [11]. Земствоның енгізілуіне жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі де елеулі қарсылық көрсетті [12].

Қазаққа земство құру 1917 жылдың күз айларында мүмкін болып 1917 жылдың соңына қарай Торғай, Семей облыстарындағы уездерде земстволар құрылған және қазақ шаруашылығының әр саласында комақты істер атқарған. Күз айларынан бастап Семей облысында қоғамдық-саяси өмір жандана түсті. Түрлі санаттағы саяси науқандар легі басталды.

1917 жылы 9 тамызда Уақытша Үкімет Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының сайлауын 12 қарашада өткізуге, ал шақырылуын 28 қарашаға деп қаулы қылды. Алдында Құрылтай жиналысына сайлау 17 тамызда, ал шақырылуы 30 тамызда деп ұйғарылады. Құрылтай жиналысы сайлауы мен шақырылуының кейінге шегерілу (12.11 және 28.11.1917 ж.) себебі: ол Ресейдің шеткері аймақтарында өзін-өзі басқару жүйесінің, яғни земствоның толықтай құрылмағандығынан деп түсінеміз [13].

Ал земство құру ісі Уақытша Үкіметтің «Дала облыстарында земство тәртібін жүргізу турасында» деген қаулысына сәйкес тамыз айына дейін аяқталуы тиіс болатын. Алайда бұл іс түрлі себептермен кейінге қалды. Қазақстанда соның ішінде күз айларынан бастап земстволық жиналысқа дауыс берушілер сайлады және земство басқармасын құру істері жүзеге асырыла бастады. Земствоны тез арада енгізуді іске асыруда Омбы-Петроград-Омбы-Семей бағыттарында бірнеше дүркін іскерлік жеделхаттар жөнелтіледі. Нәтижесінде қыркүйек айынан 1917 жыл бастап земство жүйесі Семей өңіріне енгізіледі [14]. Семей облысы комиссариаты атынан земстволық жүйені енгізу туралы тиісті шешімдер қабылданады.

Қазақстандағы земстволық қозғалыстың кеңінен өрістеген өңірі Семей облысы болды. Нәтижесінде, Семей облысы бойынша земстволықты басқарудын енгізілуі пәрменді сипатта жүргізілді. Жер-жерде земство сайлауының өтуі қазақ жұртшылығын біріктіре түсті. Жұртқа земствоны түсіндіру ісі кеңінен жүргізілді. Земствоның не екендігін Ә. Бөкейхан былайша түсіндіреді: «Земство-жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме, жұрттың көзі, жан ашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыстіршілікте земство билемейтін іс болмайды. Земство үш орында, үш дәрежеде: болыстық, уездік һәм облыстық» [14]. 1917 жылы 26 қарашада Семей облыстық

Қазақ комитетінің Кеңесі болып, бұл жиылыста облыстық земствоға мүше сайлау мәселесі қаралып, онда земство жұмысын атқару дуан басылық, аға сұлтандық, бектік емес, жұрт үшін жегіліп, жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу екендігі баса айтылды. Қазақ комитеттері земствоның тек казакка ғана емес, орыстарға да ортақ сыбаға екенін ескеріп, әрі олардың бұл істе білімдірек, шеберірек, ынталырақ болып, қазақтың жай басарлығын, бірден түсінбеушілігін пайдаланып кетпес үшін земствоға мүшелікке кімді, қай ұйымнан сайлауын көрсетіп, нұсқау беріп түрды. Мәселен, Семей облыстық казақ комитеті облыстық земствоға көрсеткен адамдарын «Сарыарқа» газеті жариялаған:

«Қаркаралы уездік земствосынан сайлауға түскендер:

1. Әлихан Бөкейхан, 2. Жақып Ақпаев, 3. Иманбек Тарабаев,

4. Әлімхан Ермеков, 5. Сатылған Сабатаев;

Павлодар уездік земствосынан сайлауға түскендер:

1.Мұқыш Бөштаев, 2.Имам Әлімбеков , 3. Әбікей Сәтбаев;

Өскемен уездік земствосынан сайлауға түскендер:

1. Әміре Айтбақин, 2. Райымжан Мәрсеков, 3. Садық Дүйсенбин;

Зайсанның уездік земствосынан сайлауға түскендер:

1. Халел Ғаббасов, 2. Арынғазы Бөштаев;

Семейдің уездік земствосынан сайлауға түскендер:

1. Ахметжан Қозыбағаров, 2. Биахмет Сәрсенев,

3. Әнуар Малдыбаев» [16].

Семей өңірінде уездер арасында ең соңғы болып сайлауы өткен Семей уездік земство жиналысы өз жұмысын бастады. 1917 жылдың желтоқсан айының 9-17 күндері аралығында 1-ші төтенше Семей уездік земство жиналысының мәжілістері өтеді. Алғашқы мәжілісте земство жиналысы төрағасына Райымжан Мәрсеков сайланады. Орынбасарлығына Иманбек Тарабаев, хатшылығына Толымхан Өтеповтар өтеді. Мәжіліске Семей уезі бойынша земстволық енгізу комитетінің төрағасы С.С. Брюханов қатысты.

Осы мәжілісте земство жиналысының басталуы мен түрлі партиялар мен қоғамдық ұйымдар атынан құттықтаулар оқылды. Алаш партиясы атынан Имам Әлімбеков құттықтау сөз сөйледі. Жиналыс төрағасы Р. Мәрсеков Семей уездік земство жиналысы іске кіріскені жөнінде Құрылтай жиналысына, Орынборда өтіп жатқан екінші жалпықазақсъезіне, Бүкілресейлік Земство Одағына, Томскіде өтіп жатқан Жалпысібір съезіне, Өскемен, Зайсан және Павлодар уездеріндегі земстволық басқармаларға жеделхаттар жіберуді талқылауға ұсынады. Бұл талқылаулар сәтті аяқталып, аталған жерлерге жеделхаттар жіберу ұйғарылды. Жеделхаттар мәтіні мәжілісте оқылып бекітіледі [17]. Семей уездік земство жиналысына сайлауға түскен 8 округтен 49 адам сайланды. Сондай-ақ, сайлауға кандидаттыққа 50 адам сайланды. Дауыс берушілер мен сайлауға кандидаттар тізіміне мұқият қарасақ қазақ жұртшылығы өкілдерінің басымдылығы айқын аңғарылып тұр. Мәселен, 49 дауыс берушінің 36-сы казақтар. Бұл жәйт түсінікті, өйткені Семей уезінің тұрғындарының және болыстықтарының 90%-не жуығы қазақтар болып

келді. Әлеуметтік тұрғыдан талдау жасасақ, олар әр-түрлі әлеуметтік топтарға жатады. Ішінде жоғары, ортаңғы және төменгі әлеуметтік топ өкілдері бар екенін құжаттарға мұқият қарау арқылы байқаймыз [18].

Семей облысы бойынша земствоға дауыс берушілер сайлауының кешірек өтуіне түрлі саяси жағдайлардың әсер еткені белгілі. Соған қарамастан облыстың барлық уездерінде земство сайлауы өтті. Өскемен, Қарқаралы, Зайсан және Павлодар уездерінде өткен земство сайлауы, дауыс берушілер тізімін анықтау мүмкін болмады. Алайда қолда бар деректер негізінде аталған уездерде қазақтардың саны жағынан басымдық позицияда болғанын байқаймыз.

Земство сайлауы облыстағы саяси күштердің ішіндегі ең ықпалдысы (саяси және экономикалық тұрғыдан) қайсысы екенін анықтап берді. Қазақ қауымының облыстағы барлық саяси күштердің демократиялық даму процестері барысында жетекші рөлге шыққанын көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, қазақтар өзін-өзі басқару принципін іс жүзінде көрсете білді.

Қазақстандағы земстволық қозғалыстың жандануы және Алашорданың белсенді қызметі (1918 ж.). 1917 жылдың жаз-күз айлары Қазақстанның, соның ішінде Семей облысының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің қыза түскенін байқатады. Облыстағы атқарушы билік аппараты – Делегаттар кеңесінің құрылуы, оған облыстағы жетекші саяси күштердің (Қазақ комитеті бар) өкілдерінің тең дәрежеде енуі демократиялық ағымның іс жүзіндегі көрінісі болды. Қазақ қоғамының қорғаушысы Қазақ комитеті мен қазақ қайраткерлерінің саяси белсенділігі облыстағы саяси күштердің олармен санасудың жаңа қырын көрсетті. Ол облыстағы негізгі демографиялық және экономикалық басымдылықтардың қазақтар жағында екендігін толықтай сезінулері деп көрсетеміз. Делегаттар кеңесінен кейінгі жер комитеттерінің құрылуы, земство жұмыстарының ұйымдастырылуы, уездік, болыстық атқару комитеттерінің және тағы басқа комитеттердің іс-әрекеті барысында облыс бойынша қалың қазақ жұртшылығына арқа сүйеген жергілікті қазақ зиялыларының жалпыхалықтық сипаттағы қызметтерінің өрістегені көп жайды аңғартады. Біріншіден, қазақ халқы мен оның жетекшілері Уақытша Үкіметтің жергілікті аймақтардағы басты сенім артатын саяси күштерінің біріне айналғандығы деп тұжырымдаймыз. Екіншіден, облыстағы қоғамдық-саяси іс-шаралардың қазақ өкілдерінсіз атқарылуы мүмкін емес болды. Өйткені, басқа ұлттар негізіндегі саяси күштер саяси күрес ортасы болып саналатын қалаларда ғана өз позицияларын қорғайтын жағдайда болды. Оның өзінде орталық органдары мен Сібірлік казачествоның әскери гарнизонына сүйену арқылы және өнеркәсіптік саладағы кәсіпкерлердің (басым бөлігі славяндар) экономикалық қолдауымен өз позицияларын ұстанып бақты. Ал 1917 жылдың қарашасынан бастап, облыстағы саяси күштер Сібірлік автономия құрамында болады деп саналған қазақ автономиясына қарай ойысуы байқалады. Бұл саяси тұрғыда өлкеде қазақ ұлты негізіндегі автономияны мойындау және соның құзырында қызмет

қылуға ниет қылу дегенді білдірді. 1917 жылдың желтоқсан -1918 жылдың қаңтар айларындағы облыстық, уездік деңгейдегі жиналыстардан, әртүрлі сипаттағы мәжілістерден орын алған баяндаулар мен ой-пікірлерден осыны түюге болады. Бұны сол шақта шыққан баспасөз басылымдарының бағыт-бағдарынан байқаймыз.

Қалыптасқан күрделі саяси жағдайға қарамастан Облыстық Земство сайлауы өтіп, оның жұмысы да басталып кетеді.

Төтенше Семей Облыстық Земство жиналысы сайлауға түсушілерінің (депутаттарының) мәжілісі өз жұмысын 1918 жылғы 17 қаңтарда бастады. Земство жиналысының алғашқы мәжілісінде ұйымдастыру мәселесі бірінші кезекте қаралды. Семей Облыстық Земство төрағалығына Р. Мәрсеков, мүшеліктеріне Троицкий, Ғаббасов, Ляшкевич және Сәтбаевтар сайланады. Облыстағы Комиссариаттан кейін өзін-өзі басқару жүйесіне жататын Облыстық Земство бірден-бір беделді саяси ұйым ретінде қалыптасты. Оның басшылығында Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов пен Ә. Сәтбаевтардың болуы Алашорда бағытындағы қазақ қайраткерлерінің облыстағы саяси билікті өз қолдарына алуға ұмтылғанын көрсетеді [19].

Облыстық земство Ресейдегі саяси маңызы бар барлық іс-шараларға да мұқият мән берді. Облыстық земство өкілдері ретінде И. Әлімбеков Самара қаласында өткен Сібірдің өзін-өзі басқару органдары съезіне қатысып қайтты [20]. Облыстық земство мүшелері ішінде облыстың қазақ қауымына жақсы таныс, әрі беделі бар Алашорда қайраткерлері жеткілікті болды. Оны сол кездерге тиесілі архив құжаттарынан байқаймыз.

Семей облыстық земство басқармасы (төрағасы Р. Мәрсеков) облыстағы саяси оқиғаларға аса мән берген. Облыстық және уездік земство басқармалары Алашордамен байланыстарында, оны нақты билік иесі деп таныған. Бұл арада Алашорда мүшелерінің земстволық басқармаларда қызмет еткенін және соған орай облыста Алашорданың беделін, әсіресе қазақ қауымы алдында көтеруге тырысқанын айтамыз [21].

Облыстық земство мүшелері ретінде Р. Мәрсеков, Ә. Молдабаев, И. Әлімбеков, Т. Ибрагимов, Қ. Есенғұлов және кандидат ретінде Қ. Мұздыбаев, Е. Айтмұхаметов, М. Мұхамедуәлиев, Т. Өтепов, Қ. Бердалин, Ж. Ақпаев, Ә. Ермеков, Райымбеков, Мұсатаев және Н. Қазанғаповтар қазақ қоғамының жанашыр қорғанышы ретінде қызмет етті. Олардың Алашорда қызметін жергілікті органдармен үйлестіруде ерекше қызмет еткенін архив құжаттары көрсетеді.

Алашорданың 1918 жылғы маусым төңкерісінен кейін өз жұмыстарын жалғастырған қоғамдық-саяси ұйымдармен байланысы үздіксіз жүріп жатты. Аталған ұйымдар ресми билік иесі Уақытша Сібір үкіметін мойындап, оның қызмет жүйелерін қалыптастыруға белсене араласты. Земство, қалалық Дума тарапынан Алашордаға қатысты оң көзқарас байқалды. Өйткені бұл ұйымдардың мүшеліктерінде алашордашылар жеткілікті болды. Саяси процестер барысында халық жиналысы (земство)

өкілеттілігі арта түсті. Оны өз тарапынан Алашорда тиімді түрде пайдаланып отырды. Әсіресе, Алашорданың әскери саладағы қызметі земстволық басқармалар тарапынан қолдау тауып отырды. Оны Алаш атты әскерінің жасақталуы негізіндегі қарым-қатынастарынан айқын байқаймыз.

Алашорда үкіметі төрағасы Әлихан Бөкейханның Семей уездік земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаровқа жіберген қатынас құжатында (№ 2, 25 маусым 1918 жыл) Алашорда әскеріне, яғни «милицияға», уездің әр болысынан 30 адамды алу және оларды Семейге жедел жеткізу жөнінде қадап айтылған [22]. Өз кезегінде Уездік земство басқармасының төрағасы А. Қозыбағаров тарапынан № 2860-бұйрық талап дүниеге келді (26 маусым, 1918 жыл) [23]. Бұл құжатта Семей уезіне қарасты барлық қазақ болыстарынан Жалпықазақтық Халықтық кеңесі шешіміне сәйкес милиция жасағына әр болыстан 30 адам алынсын деп көрсетілген. Милицияға алынатын адамдардың ат-жарағы толық болуына және олардың Семей қаласына қысқа мерзімде жетуіне жауапкершілік болыстық атқару комитеттеріне жүктелетіні айтылған. Қазақ жігеттерін әскерге шақыру себебі елде орын алып отырған жағдайлармен байланысты деп түсініктеме берілген. Аталған қатынас хат уездегі барлық 25 болысқа жіберілген [24]. Бұл болыстардағы негізгі тұрғын халық қазақтар еді.

1917 жылғы Бүкілресейлік санақ мәліметі бойынша Семей уезінде 20 қазақ, 8 орыс болыстары болса, ал 1918 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша уезде барлығы 28 болыс, 4 қазақ станицасы және 2 коныс (селение) болған [25].

Жалпы, Семей уезінде 1918 жылы 140 463 қазақ-татар (басым көпшілігі – 120 мыңнан астамы қазақтар), 60 885 орыс, 379 басқа ұлт өкілдері болды.

Облыстық Земство мен Қазақ комитеттерінің Алашорданың жергілікті жердегі саяси қызметін бастау мен қалыптастыруға бағытталған іс-әрекетін айқын аңғарамыз, Облыстық комиссариат пен шаруалар Кеңесі де облыстық Земство мен Қазақ комитетінің позициясына қарай ойысқанын көреміз. Саяси қарама-қарсылықта Алашорда, Облыстық комиссариат, облыстық шаруалар Кеңесі, Қазақ комитеті бір жақта болса, екінші жақта облыстық жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің большевиктік ағымы болды.

Семей облыстық земствосы Алашорданың барлық деңгейдегі комитеттерімен тығыз байланыста болды. Алашорданың уездік комитеттерімен бірлесе қызмет атқарғанын байқаймыз. Облыстық және уездік земство басқармалары Алашордамен байланыстарында, оны нақты билік иесі деп таныған. Бұл арада Алашорда мүшелерінің земстволық басқармаларда қызмет еткенін және соған орай облыста Алашорданың беделін, әсіресе қазақ қауымы алдында көтеруге тырысқан.

Земстволық қозғалыстың Алашорда мен Уақытша Сібір үкіметінің бірлескен іс-әрекетін үйлестірудегі тарихи қызметі. Сібір мен Қазақстанда 1918 жылдың маусым айындағы биліктің алмасуы нәтижесінде жаңа азаматтық билік жүйесі қалыптаса бастады. Семейдегі ресми билік Батыс Сібір комиссариатына көшті. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері

Б. Марков, П. Михайлов және Линдберг өкілеттіліктері Батыс Сібірге қатысты болды. Олар өз кезегінде Сібір Думасын шақырып, жаңа өкімет құрамы анықталғанша Батыс Сібірге қарасты территорияларда (оның ішінде Семей облысы) ауылдық, болыстық, уездік және қалалық халық жиналыстарын шақыруға (земство), уақытша атқару комитеттерін құруға және қарулы отрядтар жасақтауға шақырды [26].

Сібір мен Қазақстанда Кеңес үкіметінің құлатылуы, оның орнына келген Уақытша Сібір үкіметі билігінің орнауы процесі 1918 жылы маусым айының соңына дейін созылды. Бір кездері Потаниндер бастаған Сібір Думасы Сібір үкіметін құрып және оның құрамын анықтап берді. Бұрынғы орталық Томск қаласы орнына жаңа саяси орталық болып Омбы қаласы ұйғарылды. Сібір үкіметінің төрағасы болып П.В. Вологодский, мүшелеріне В.М. Крутовский, И.А. Михаилов, П.Б. Патушинский, М.Б. Шатиловтар сайланды. Жаңа құрылған Сібір үкіметі Сібір халықтарына арнап грамота (үндеу) қабылдады. Онда бүкіл Сібірде бір ғана билік иесі, яғни Сібір Думасы құрған Уақытша үкіметі ғана деп жар салды. Азаматтық биліктің қалыптасуының Семей облысындағы көрінісін әскери биліктің азаматтық билікпен алмасуынан көреміз. Семей облыстық әскери штабтың бастығы есаул Сидоров облыстық әскери билікті 1918 жылғы 8 шілдеде Уақытша Сібір үкіметінің ұсынған өкілі Г.Г. Кротка өткізді. Азаматтық билік жүйесі – Семей облыстық комиссариаты қалыптасты [27].

Кеңес үкіметі тұсында күшпен таратылған қоғамдық-саяси ұйымдар мен бұрынғы Уақытша Үкімет тұсындағы басқармалар мен комитеттер өз жұмыстарын қайтадан бастады. Семей облыстық земство басқармасы төрағасы Р. Мәрсеков, мүшелері К. Ляшкевич, Х. Ғаббасов, Д. Троицкий және Ә. Сәтбаев өз жұмыстарын 27 маусымда (1918 жыл) бастады [28].

Қалалық Дума да өз жұмысын бастап кетті. Дума мәжілісінде қала бастығы Козинцев Семей қаласының әлеуметтік және экономикалық жағдайына тоқталып, оның ауыр халде екенін, енді осы қиын жағдайдан шығу жолдарын қарастыруда қала жұртшылығының саяси санаттылықтарына сүйенетінін атап көрсетті.

Облыс уездерінде халық жиналыстары өз жұмыстарын бастады. Өскемен уезінде қалалық Дума өз жұмысын 11 маусымнан бастады (1918 жыл). Өскемендегі саяси жағдай тез өрістей бастады. Уездік земстволар ішінде Өскемен уездік земство басқармасы төрағасы Ә.Айтбақин, мүшелері В.Д. Саенко құрамына қызметке кірісті. Павлодар уездіндегі қалалық дума мәжілісінде (20.06.1918) Уақытша Сібір үкіметіне қолдау көрсетілді және оның демократиялық қадамдарын құптайтындықтарын білдірді [29].

Семей уездік земство жұмысы 1918 жылы 11 маусымда басталды. Уездік земство басқарма мына құрамда: А. Қозыбағаров (төраға), И. Воробьев (орынбасары), С. Дюсембин, И. Богатырев, А. Булатов және П. Лихановтар сияқты қайраткерлерден сайланды [30]. Семей облысы орталығындағы Семей облыстық земствосы саясатқа белсенді араласты. Облыс комиссариаты

міндетін уақытша атқарушы Кроттың сұрауымен уездік комиссар тағайындалуы тиіс болды. Бірақ, Семей уездік земство басқармасы уездік комиссардың қажет еместігін, оның қызметін уездік земство ұйымы толығымен атқарып отырғанын, ал комиссарлық қызметтің енгізілуі аса қажет болса, онда агроном Сатылған Сабатаевтың ұсынатындықтарын көрсетті [31].

Семей облыстық земствосы (төрағасы Р. Мәрсеков) өлкедегі барлық саяси іс-шараларға белсенді түрде араласып отырған. Облыстық земствоның белсенді қызметі арқылы Өскемен уездік комиссары көмекшісі қызметіне Имам Әлімбеков ұсынылды. Имам Әлімбеков жаңа қызмет орнын пайдаланып Өскемен өңірінде Алашорда ықпалын арттыруды көздейді. Семей облыстық земствосы басқармасы атынан Семей округтық сотының тергеу комиссарына Әбікей Сәтбаевты мүше ретінде ұсынған. Облыстық жер комитетіне Алашорда қайраткері Халел Ғаббасов төраға болып сайланды Жаңа саяси билік жағдайында Алашорда қайраткерлері Семей облысының орталығы мен уездерінде барынша билік орындарында қызмет иелері болуға ұмтылып отырды. Бұл Алашорданың жергілікті жердегі ықпалын қамтамасыз етуге тиімді болды [32].

Бұл бағыттардағы саяси күрес өте қызу, әрі тартысты жүрді. Мәселен, Қарқаралы уезіндегі комиссар Червевтің (большевиктік бағытта болған) қызметі халықтың көңілінен шықпады. Червев комиссарлық қызметін пайдаланып жергілікті жерде Алашорда ықпалын жою мақсатында, оның мүшелерінен тұратын (басым бөлігі) уездік земстволы тарқатуды ұсынды. Оның бұл жағдайда жақтастары ретінде Хасен Ақаев бастаған «Дала одағы» ұйымы мүшелері болды. Червевтің аталған ұйым мүшелеріне сүйене отырып, Қарқаралы уезіндегі Алашорда жетекшісі Жақып Ақпаевқа қарсы күрес жүргізді. Червев бастаған топтың әрекеті сәтсіз аяқталды. Қарқаралыдағы жағдайға Алашорда өкілі ретінде И. Әлімбеков араласты. Оның нұсқауымен комиссар Червев қызметінен кетті және оның орнына жаңа комиссар тағайындау мәселесі шешілді. Қарақаралы уезіне комиссарлыққа С. Ақаев тағайындалды. И. Әлімбеков жерілікті жердегі Алашорда жақтаушыларының басымдық рөлін атап көрсетті. Соған сәйкес, тезірек халық жасағы – милицияға қажет қаражатты тез арада жинауға нұсқау берді. Кейін Қарқаралы уезі Алашорданың өлкедегі бірден-бір саяси-экономикалық күшін қамтамасыз ететін аймаққа айналды [33].

Оқу-ағарту саласында Шығыс Алашорда мүшесі Биахмет Сәрсенев облыстық земство жиналысы ұйғарымымен Семей ерлер гимназиясының педагогикалық кеңесіне мүше болып кірді. Бұдан түйер ой, ағартушылық идеясын ұстанған Алашорда қайраткерлері оқу ағарту саласы мәселелерін шешуге және сол орайда нақтылы қызмет етуге ұмтылған [34].

Семей облыстық земствосы және Алашорда мүшелерінің жергілікті жердегі билік маңындағы қызметтері сан алуан болды. Х. Ғаббасов келесі кезекте облыстық земствоның азық-түлік комитетінің ревизиялық комиссиясының құрамына енді. Семей округтық соты жұмыстарына И. Тарабаев пен Мерсалимовтар белсенді түрде қатыскан. Округтық сот жұмысына қызмет

бабына орай Р. Мәрсековте араласқан. Облыстық салық жүйесі қызметінде Ә. Молдабаев пен Б. Сәрсеневтер қызмет етті. Олар облыстық земство атынан бірі төраға (Ә. Молдабаев), екіншісі төраға орынбасары (Б. Сәрсенев) болып қызмет етті. Облыстық земство төрағасы Р. Мәрсековтың нұсқауымен оның мүшесі Х. Ғаббасов Өскемен уезіне инспекциялық қызмет бабымен іс-сапарда болып қайтты. Іс-сапардың негізгі мақсаты біріншіден, әлеуметтік – экономикалық сипатта болса, екіншіден, Алашорданың Өскемен уезіндегі қызметін қалыптастыру болып табылады. Қарқаралы уезіндегі Алашорда мүшелері А. Райымбеков, М. Оспанов, С. Байтенов, Р. Сопақов уездік земство құрамына енді және оның жұмыстарын бастауға (1.07.1918 жыл) ықпал етті [35].

Облыстық земство Ресейдегі саяси маңызы бар барлық іс-шараларға да мұқият мән берді [36]. Облыстық земство өкілдері ретінде И. Әлімбеков Самара қаласында өткен Сібірдің өзін-өзі басқару орындары съезіне қатысып қайтты. Облыстық земство мүшелері ішінде қазақ қауымына жақсы таныс, әрі беделі бар Алашорда қайраткерлері жеткілікті болды. Оны сол кездерге тиесілі архив құжаттарынан байқаймыз. Бұл шақыруларда есімдері аталған мүшелерінің земство жиналысына келуге тиістілігі көрсетілген.

Семей облыстық земство басқармасы (төрағасы Р. Мәрсеков) облыстағы саяси оқиғаларға аса мән берген [37]. Земство атынан Р. Мәрсеков Алашорда және земство мүшесі Х. Ғаббасовты, большевиктерді жазалау мақсатында құрылған тергеу комиссиясы құрамына ұсынған. Алайда Х. Ғаббасовтың тергеу комиссиясы құрамына енгізілмеуі земствоның облыстық комиссариатпен тартысын тудырды. Облыстық комиссариат Халел Ғаббасовтың Кеңес үкіметі кезіндегі жоғарғы билік атқарғанына мән беріп, оны тергеу комиссиясы құрамына кіргізбеді. Оның орнына юрист-консультант А. Елшин тергеу комиссиясы құрамына мүше болды. Семей облыстық земство Алашорданың барлық деңгейдегі комитеттерімен тығыз байланыста болды. Алашорданың уездік комитеттерімен бірлесе қызмет атқарғанын байқаймыз. Көп жағдайда экономикалық мәселелерді бірлесіп шешіп отырған. Облыстық земствоның Зайсан уезіне жіберген қатынасында қазақтардан арнайы жұмысшы отрядтарын құру және оларды Үржарға егін жинауға жіберу мәселесі сөз болды. Зайсандағы Алашорда комитеті жауабында елдегі эпидемиялық жағдайға байланысты земство талабын орындаудың әзірге мүмкін болмай тұрғандығы айтылған.

Облыстық және уездік земство басқармалары Алашордамен байланыста болған, оны нақты билік иесі деп таныған. Оны жоғарыдағы жағдайдан байқаймыз. Яғни, Алашорда мүшелері земстволық басқармаларда қызмет еткен және соған орай облыста Алашорданың беделін, әсіресе қазақ қауымы алдында көтеруге тырысқан [38]. Облыстық земство мүшелері ретінде Р. Мәрсеков, Ә. Молдабаев, И. Әлімбеков, Т. Ибрагимов, Қ. Есенғұлов және кандидат ретінде Қ. Мұздыбаев, Е. Айтмұқанбетов, М. Мұхамедуәлиев, Т. Өтепов, Қ. Бердалин, Ж. Ақпаев, Ә. Ермеков, Райымбеков, Мұсатаев және Н. Қазанғаповтар қазақ қоғамының қорғанышы ретінде қызмет етті.

Алашорданың өлкедегі беделі мен билігі жөнінде Қарқаралы уезіне қатысты деректер арқылы көруге болады. Бұл арада Қарқаралы уезі Алашорданың Семей уезімен бірге негізгі тірегі болған аймақ екенін ескереміз. Қарақаралы земство жиналысында Алашорда мүшесі Ж. Ақпаев пен Алашорда өкілі И. Әлімбеков қатысып, сөз сөйледі. Бірінші мәселеде, қазақ автономиясын тұрақтандыруға көңіл бөлу. Екінші мәселеде, қазақ сотының жағдайын анықтау карастырылды. Қазақ автономиясында қазақ сотының шешімдері ғана жүретіндігі баса айтылды. Шығыс Алашорданың Қарақаралы уездік земствосымен байланысы жақсы жолға қойылды. Мәселен, Қарқаралы уездік земствосына жіберген қатынасында милиция жасағын құруға байланысты туындаған әскер жасақтау ісін бүкіл Қарқаралы көлемінде іске асыруға белсене араласқан [39].

Саяси процестер барысында халық жиналысы (земство) өкілеттілігі арта түсті. Оны өз тарапынан Алашорда тиімді түрде пайдаланған. Әсіресе, Алашорданың әскерисаладағы қызметі земстволық басқармалар тарапынан қолдау тауып отырды. Оны Алашорда атты әскерінің жасақталуы негізіндегі қарым-қатынастарынан айқын байқаймыз.

Сібір Уақытша үкіметінің өлкедегі бірден-бір ортақ тірегі ретіндегі әскери құрамалар (тұрақты армия, казактар жүздіктері) және қоғамдық-саяси ұйымдар жалпы азаматтық бағыттағы іс-әрекеттерді баянды етуде жеткіліксіз болды. Ал оны баянды етер бірден-бір күш Алашорда болды. Бұл арада саясатта шешуші рөл атқарған демографиялық және экономикалық факторларды айтамыз. Ал бұл салаларда Алашорда сөзсіз басымшылықта болды.

Уақытша Сібір үкіметі өзінің демократиялық сипаттағы көзқарастарын Сібір халықтарына арнаған грамоталарында ерекше атап көрсетеді. Егер қазақ өлкесіне қатысты күштеу саясатын ұстанатын болса, онда оның саяси біріктіруші ұйым ретіндегі мәні жоққа шығуы әбден мүмкін еді. Сол себепті Уақытша Сібір Үкіметі ұлттық қозғалыстарды болашақта міндетті түрде арнайы қаралуы керек, яғни бір кездегі Ресей халықтарының үміт артқан Құрылтай жиналысы тағдырларын анықтап беруге тиіс деген саяси ой арқылы тұсауға тырысты. Жалпы, 1918 жылдың маусым-тамыз айлары аралығында Шығыс Қазақстан территориясында Уақытша Сібір үкіметі мен Алашорда арасындағы әр түрлі санаттағы байланыстар жергілікті өзін-өзі басқару ұйымы – Земство (облыстық, уездік және болыстық деңгейдегі) арқылы жүзеге асқанын жоғарыдағы деректік талдаулар дәйектейді.

Қорытынды пікір. Жалпы, қазақ қоғамы Земстволың маңызы мен қажеттілігін мынандай тарихи үдерістер барысында түсінді:

1. 1917 жылы 26 қарашада Семей облыстық Қазақ комитетінің Кеңесі өткізіліп, бұл жиылыста облыстық земствоға мүше сайлау мәселесі қаралды. Онда земство жұмысын аткару дуан басылық, аға сұлтандық, болыстық емес, жұрт үшін жегіліп, жұрт пайдасы мен шаруасын ілгері бастыру үшін ерінбей жүріп қызмет қылу екендігі баса айтылды. Қазақ комитеттері земстволың тек қазаққа емес, орыстарға да ортақ сыбаға екенін ескеріп, әрі олардың бұл істе

білімдірек, шеберлірек, ынталырақ болып, қазақтың жай басарлығын, бірден түсінбеушілігін пайдаланып кетпес үшін земствоға мүшелікке кімді, қай ұйымнан сайлауын көрсетіп, нұсқау беріп тұрды.

2. Семей облысы бойынша земствоға дауыс берушілер сайлауы кешірек өтуіне түрлі саяси жағдайлардың әсер екені белгілі. Соған қарамастан Облыстың барлық уездерінде земство сайлауы өтті. Уездерде қазақтардың саны мен сапасы жағынан басымдық позицияда болғанын байқаймыз. Земство сайлау облыстағы саяси күштердің ішіндегі ең ықпалдысы (яғни саяси және экономикалық тұрғыдан алсақ) қазақтар негізін түзген Қазақ комитеті екенін анықтап береді. Қазақ қауымының облыстағы барлық саяси күштердің демократиялық даму процестері барысында жетекші рөлге шыққанын көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, қазақтар өзін-өзі басқару принципін іс жүзінде көрсете білді.

4. Қалыптасқан күрделі саяси жағдайға қарамастан Облыстық Земство сайлауы өтіп, оның жұмысы да басталып кетеді. Төтенше Семей Облыстық Земство жиналысы сайлауға түсушілер мәжілісі өз жұмысын 1918 жылғы 17 қаңтарда бастайды. Земство жұмысы 1919 жылдың соңына дейін ұласты.

5. 1918 жылғы 31 қаңтардағы Семей облыстық Земствоның бірінші төтенше жиналысында өлкедегі қалыптасқан саяси жағдайға байланысты Семей облысы жұртшылығына арналып арнайы үндеу қабылданды. Онда Семей облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға мінездеме беріліп, саяси жағдайға қарай ойысады. Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде қаулы қылған автономия мәселесін сөз етеді. Қазақ өлкесінде қазақ қауымының автономияны қолдайтындықтарын білдіріп, ендігі сөз тұрғындарда екендігі де айтылды. Қазақ өлкесі халықтарының саяси көзқарастары анықталатын кез-келгенін атап көрсетеді.

6. Земство жиналысы қазақ халқының автономия жағына біржолата шыққанын, ал орыс халқы автономияға байланысты өз көзқарастарын облыстарда өтетін шаруалар съезінде анықтайтын болады деп ой түйеді.

7. Қазақ өлкесінде автономия мәселесі толық шешілгенге дейін Земство жиналысы Семей облысында өтпелі кезеңдегі саяси билік жүйесін құруды өз міндеті деп санайтындықтарын осы үндеу арқылы білдірді. Өйткені, Земство жиналысы халықтың өкілетті органы деп саналады.

8. Қазақстанның Шығыс өңіріндегі Земство ұйымының қызметі сол кезде қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты ең алдымен халықтық билікті жүзеге асыруды және өлкедегі тұрақтылық пен тыныштықты қамтамасыз етуге бағытталды.

---

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек» 1995 – 82, 89-91б. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы – Алматы: «Санат», 1995-240-244, 279-280 б.

2. Махаева А. Қазақ халқы мүддесін қорғаған комитеттер (1917-1918 жж.) // Ақиқат. – 1995 – № I – 32-39 б.

3. Зиманов С.З. В.И. Ленин и Советская национальная государственность в Казахстане. – Алма-Ата: Издательство Наука Каз ССР, 1970. – 89,108 с.

4. «Қазақ» газеті – . № 223. – 24 наурыз 1917 ж.
5. Махаева А. Қазақ халқы мүддесін қорғаған комитеттер (1917-1918) – 33 б.
6. ҚР ОМА. 15-қор. – 2-т., – 423-іс. – 19-п.
7. Сонда, 25-п.
8. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы., – 1991. – 263 б.
9. Махаева А. Қазақ халық мүддесін қорғаған комитеттер... – 34 б.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы., 1991. – 226-228 б.
11. ҚР ОМА. 992-к.-1-т.-4-іс.-20-21-п.
12. 1917 г. в Казахстане. Документы и материалы. Алма-Ата, 1977. – 148-149 с.
13. Скрипилев Е.А. Всероссийское Учредительное собрание. Историко-правовое исследование. – М. 1982-87 с.
14. ҚР ОМА. 992-қ. – 1-т.-4-іс. – 45-48-п.
15. Бөкейхан Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 251 б.
16. Сарыарқа. –1917. – № 23.
17. ШҚО ҚЗТҚО. 37-Қ.-Т-1.– 3-ІС. – 4-5-П.
18. ШҚО ҚЗТҚО. 37-Қ.-Т-1. – 53-ІС-13-19-П.
19. ҚР ОМА. 15-қ.-2-т.-422-іс.
20. ҚР ОМА 1398-қор, 1-т, 208-іс,162-п.
21. ҚР ОМА 1398-қор, 1-т, 247-іс, 2,19,12,9,8,7-п.
22. ШҚО ҚЗТҚО-37-қор.1-т.-126-іс.2-п.
23. Сонда. – 37-қор. 1-т.-126-іс.5-п.
24. Сонда. – 37-қор.-1-т.67-іс. 27-28-п.
25. «За Родину». 1919. 1 июля, ШҚО ҚЗТҚО – 48-қор. 1-т. 132-іс. 56-57-п.
26. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 1-іс,111-п. 27. Свободная речь, № 172, № 181, 1918 г.
27. Свободная речь, № 179, 1918 г. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 6-іс, 67-п., Свободная речь, № 162, № 161, № 166. 1918 г. ҚР ОМА 1398-қор. 1-т, 208-іс, 144-п.
28. ШҚО ҚЗТҚО 37-қор. 1-т, 6-іс,72-п. 1-т, 1-іс, 119-120 п.
29. Сонда, 74-75 п, 48-қор, 2-т, 1-іс, 174-175 п.
30. ҚР ОМА 1398-қор. 1-т, 208-іс, 162-п, 94-п, 95-п, 110-п.
31. Сонда, 115-п, 118-п.
32. Сонда, 292-п.
33. Сонда, 120, 126, 167, 175, 176, 182-п.
34. Сонда, 209-п, 297, 302, 464, 465, 476.
35. Сонда, 381, 509, 510, 511-п. 374, 375-п.
36. ҚР ОМА, 1398-қор. 1-т, 247-іс, 2, 19, 12, 9, 8, 7-п.
37. ҚР ПА 840-қор. 1-т, 1-іс, 134, 137-п.

IV ТАРАУ
АЛАШ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ

4.1 ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ОТАН ТАРИХЫ МЕН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) қазақ және жалпытүркі дүниесінің көрнекті мемлекет қайраткері, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының шынайы көшбасшысы екендігі белгілі [1, 57-58 б.].

Сонымен бірге, энцеклопедист-ғалым, аудармашы және публицист, қазақ халқының тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан ірі зерттеуші ретінде танымал. Ол өз Отанының өткен тарихының аса білгірі ғана емес, XIX-XX ғасырдың басындағы ірі тарихи оқиғалардың белсенді кейіпкері, әрі жасаушысы.

Ә. Бөкейханның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілер жазғандай: «XIX-XX ғасырдың тоғысында Ә.Н. Бөкейхан қазақ халқының ұлттық жазбаша тарихын жазуға кіріскен жалғыз қазақ халқының өкілі» [2, 5-б.] және бұл пікірмен келіспеске болмайды.

Отанының тарихын аса жақсы білген Әлихан Бөкейханның: «Қырғыз өлкесі ежелгі заманнан XIX ғасырдың соңына дейін ірі тарихи оқиғалардың алаңы болуын тоқтатпады. Бұл өңірде алғашқы тайпалар пайда болып, өзінің ары қарайғы даму сатыларын жалғастырды..., одан әрі қарай осы өңір арқылы Орта, Ішкі және Шығыс Азияның ондаған халқы көшіп отырғандықтан, өңірдің оңтүстік жазығы «халықтардың тарихи қақпасы» деп аталады» [3, 183-б.] деген пікірінің ғылыми дұрыс тұжырым болғандығын кейінгі тарихшылар қуаттады.

Әлиханның 1866 жылы Семей облысы Қарқаралы уезі Тоқырауын өзенінің жағасында орналасқан болашақ Тоқырауын болысында (1868 жылдың бас кезі) дүниеге келгені баршаға белгілі. Әкесі Нұрмұхамед – патша өкіметі тарапынан ресми танылған, Шыңғыс тұқымынан шыққан белді кісі болған. Атасының бірі — қазақтың соңғы хандарының қатарындағы атақты Бөкей. Патша өкіметі Уәли ханды әлсірету мақсатында XIX ғасырдың басында оны Орта жүздің екінші ханы етіп тағайындайды. Әлихан осы атасының есімін өзінің тегі ретінде таңдаған.

Ә. Бөкейханның ұлттық тарихтың көрнекті зерттеуші ретінде қалыптасуына жүйелі түрде көп сатылы білім алуы негіз болды. Бастауыш білімді Қарқаралы медресесінде алған болса, кейіннен оны төрт жылдық алғашқы орыс-қазақ мектебінде, одан соң қолөнер училищесінде жалғастырады. Оқуын бітірген соң теміржолшы мамандарды дайындайтын Омбы техникалық колледжінде білім алады. Әлихан Бөкейхан Омбы және Омбы уезімен, ондағы жергілікті интеллигенциямен тұрақты байланыста болды. Мысалы, «Үш жүз» партиясының негізін қалаған М. Әйтпеновпен жақсы таныс еді. Ақмола облысы Омбы уезінде статист Ф. Щербина басшылығымен жүргізілген зерттеуге белсене қатысады [4, 321-б.].

Қазақстан аумағында жұмыс жасаған экспедиция Омбының зиялы қазақтарымен байланыста болған. Соның бірі атақты Алаш қайраткері, дәрігер А. Сейітов [5, 2-3-пп.].

Училищені бітірген соң Әлихан директордың ұсынысы бойынша Санкт-Петербургтағы Орман институтына оқуға түседі. Беделді институтта оқумен қатар, 1893 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде жылдамдатылған курстан өтіп, 1894 жылы бірден екі диплом – заң және орманшы-ғалым мамандықтарын алады. Бұл сол кезеңде қазақтар үшін өте сирек кездесетін оқиға болатын. Оқуды аяқтағаннан кейін Ә. Бөкейхан Тобыл губерниясында көшпенді шаруалардың шаруашылығын зерттеу бойынша Тобыл экспедициясының құрамында жұмыс істейді. 1895 жылы қыркүйекте Ақмола облысы Омбы орман шаруашылығы басшысының көмекшісі және Омбы орман төменгі мектебінің оқытушысы болып тағайындалады. 1897 жылы Ә.Н. Бөкейхан Қазақстанның бірқатар далалы уездерін зерттеу бойынша Ф. Щербина басшылығымен жүргізілген экспедиция жұмысына қатысты. Жергілікті халыққа қалатын жерді көбейтуге күш салады. Кейінірек қазақтар үшін жерді пайдалану шарттары жеңілдетіледі. Ата-баба жерінің орыс қоныстанушыларына берілуіне қарсы болады. Кейінірек, Сібір темір жолы аймағында мал шаруашылығын зерттеу бойынша С.П. Швецов басшылығымен жүргізілген экономикалық санақ экспедициясына қатысады, 1904 жылы Қоныс аудару басқармасына қызметкер болып жұмысқа орналасады. Бұл ұйымда жұмыс жасау одан тарихи білімді терең игеруді талап етті. Сондай-ақ, аталған экспедицияларға қатысқан кезінде ол көптеген тарихи материалдар жинақтайды.

Алдымен өзі үшін маңызды болған тарих деген сөз қандай мағына береді және мемлекет, халық, қоғам өмірінде қандай рөл атқарады деген сауалға жауап іздейді. Бұл оның «Қазақтар тарихы» деген еңбегінде көрініс табады. Осы орайда зерттеуші: «Тарих дейтін: бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретін бір ілім» [3, 92-б.] – деп тарих ғылымына анықтама береді.

Тарих ғалымының болжамдық қызметін: «Келешекте күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады» [3, 92-б.] – деп атап көрсетеді.

Ұлттық тарихты мойындамау, оның сабақтарын ескермеу ұрпақтың болашағына үлкен қауіп екендігі туралы қатаң ескерту жасайды: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел – қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді» [3, 92-б.].

Сонымен қатар, өз тарихын жоғалтқан халық, өзі де жоғалып кететініне сенімді екенін айтады: «Бір халықтар өзінің тарихын білмесе, бір халықтар өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы тұрады» [3, 92-б.] – деп тұжырым жасайды.

Әлихан Бөкейхан қазақ зерттеушілерінің ішінде алғаш рет қазақ ұлтына тән маңызды және ерекше бір мәселені баса айтады. Ауыл ақсақалдарының өз білімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізумен қатар, тарихи жадыны сақтау мен

таратушы ретіндегі ұлттық тарихқа деген ерекше табиғи байланысы: «Қазақ ішінде һәр үйдің отағасы, һәр ауылдың ақсақалы тұрған бір шежіре, бұрынғы өткен-кеткеннен естіген-білгені болса, кейінгі жастарға соның бәрін айтып отырады» [3, 92-б.] – деген ойы ауызша нарративті тарихтың маңызы мен пайдасын айшықтайды.

Сондай-ақ, қазақ ақсақалдарының өздерінің міндетті 7 атасын білумен қатар, өз ата-бабасын 15-20 бабасына дейін білгенін баса көрсетеді [3, 92-б.]. Ел ақсақалдарының тарихи жадының тәрбиелік маңызына назар аударады.

Қазақта жазбаша әдебиеттің кең таралмауына байланысты, халық шығармашалығының ауызша жанры, тарихи әңгімелер кең таралған. Әлихан Бөкейханның жазуы бойынша әңгімешілер ретінде халық арасында беделді ақсақалдар, билер мен шешендер болған. Тарихи әңгімелер өлең шығармалары ретінде ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде беріліп отырған, әр рудың өзінің тәжірибелі әңгімешілері болған. Әрбір ірі іс-шараларда (той, ас) дала шешендері тыңдаушыларды дана және нақыл сөздермен, әсерленген тарихи өсиеттермен таныстырды. Олар жастар тәрбиесіне үлкен ықпал етті. Өз кезегінде жастар да айтылған әңгімелерді есте сақтап, жаттауға тырысты. Тарихи әңгімелердің негізгі тақырыбы XVIII ғасырдағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі, Еділ қалмақтарымен соғыс тақырыптары болған еді.

Сонымен қатар Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан қожалар мен молдалар тарихи ақпаратты берген кезде ескі қалыптасқан дәстүрден бас тартуға тырысқан жаңа тенденцияны анықтайды: «Ел ішінде жүрген шала моллалар, тарихтың не екенін білмеген надан қожалар тарих десе екі құлағы тік тұрады» [3, 92-б.] – деп қатал сынайды.

Әлихан Бөкейхан жалпыұлттық «Қазақ» газетін құрушылардың бірі ретінде ұлттық тарихты дәл осы баспаның көмегімен насихаттайтынын жазады. «Мұнан соң «Қазақ» гәзетінде қазақтың анық шежіресін жазып тұрмақшымыз» [3, 93-б.] – деп өз мақсатын жария етеді.

Алаш көшбасшысы қазақ халқының тарихы әлі күнге дейін жазылмағанын көрсете отырып, әрі қарай «қазақ» сөзінің мағынасын анықтай бастайды. Орыс кітаптарында қазақ сөзінің анықтамасы тұрмақ, бұл сөздің мүлде кездеспейтіндігін мәлімдейді.

Сондай-ақ, қазақ шежіресіне жүгіну мәселесінен де айналып өтпей, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты белгілі мақаласын талдап, оған жоғары баға береді. Қазақ тарихын болашақ зерттеушілер үшін осы еңбекке міндетті түрде жүгіну керектігін ұсынады: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспасын. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шәкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [6] – деп Шәкәрім қажының еңбегіне жоғары баға береді.

Әлихан шежірені жетік білетіндігімен де ерекшеленді. Белгілі болғандай, XIX–XX ғасырлардың тоғысында Ф. Щербина бастаған статистикалық экспедицияға қатыса жүріп, 10-нан астам далалық уездері қазақтарының шежіресін жинаған, сонымен бірге шежірені білудің орны мен рөлі туралы кеңінен хабардар болды. Көшпелі және жартылай көшпелі қоғамда генеалогияны, арғы тегін білу талап етілді. Егер де қожалар мен сұлтандар шежірелерін жазбаша жүргізген болса, қыр қазақтары бұл ақпаратты ауызша жеткізіп отырған. Қазақтардың шежіресі бірнеше ерекше функцияларды атқарды: біріншіден, билеушілерге көшпелі қауымдарды білгірлікпен басқаруға көмектесті. Екіншіден, тарихи жадтың қайнар көзі болды. Әрбір көшпелі өз халқының тарихи өткенін өзінің отбасының, руының, тайпасының кеңінен тарқатылған тарихындай жақсы ұғынды, өйткені оның арғы бабаларының өмірі мен істері өткен кезеңнің оқиғаларымен байланысты болды. Шежіреден өзінің аты аңызға айналған бабалары туралы мәліметтерді іздеп-біліп отырған қазақтар өскелең ұрпақты олардың оң істерін үлгі ете отырып тәрбиелеп, оларға құнды тарихи білім бере алды. Үшіншіден, шежіре әлеуметтік реттеуші қызметін атқарды. Мысалға, отбасы-неке қатынастарын реттеді, жайылым жерлерді бөлу, ас беру, құрылтай кездерінде қонақтарды ретімен отырғызу, халық жасағының сапта тұру ретін белгілеу және т.с.с. қызметтерді атқарды. Кейіннен шежірені жазатын болды. Ең алдымен, мұнымен ресейлік дипломаттар, ғалымдар, өлкедегі әскери және азаматтық әкімшіліктегілер айналысты. Кейіннен шежіре жинаумен М.-Ж. Көпейұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханның өзі сынды сауатты қазақтар айналыса бастады.

Туған халқының тарихын, мәдениетін, шаруашылық қызметіндегі ерекшеліктерін егжей-тегжейлі білетін Әлихан Бөкейхан: «Мемлекеттік дума туралы ережені құрастырған Булыгиннің комиссиясы қырғыздарды сипаттағанындай олар туралы үйреншікті, ескі түсінік кәдімгі анархизм және біздің бюрократиямыздың надандығын білдірсе керек», – деп өз жұртына тұрақты тұрар жері, басар тауы жоқ, беталды, жөн-жосықсыз көшіп-қонып жүрген, тұрақсыз халыққа қарағандай көзқарасты өзгерту керектігіне назар аударған ғалымдардың ішінде алғашқылардың бірі болды [3, 21-б.].

Осы пікірін айқын айғақпен дәлелдейді: «Қырғыздардың бәрі жылдың 8-10 айында бір жерде отырықшы өмір сүреді. Қырғыздардың ауылы қыстау деп аталады, яғни «қыс» – қыс мезгілі және «тау» – биік төбе тауды білдіретін сөздерден құралған» [3, 21-б.].

Алаш көсемі туған халқының өткенін, соның ішінде халық ауыз әдебиетін де жан-жақты білетіндігін айқын көрсете отырып, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихы мәселелерін де тереңнен қозғады, бұл турасында: «Тоқтамыс хан Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен. Бұл Ақсақ Темірмен соғысып, жеңіліп қашқан», – деп жазады [7].

Керейлер мен наймандардың ортағасырлық тарихына да ерекше тоқталып: «Керейлер Керулен мен Орхон өзендері бойында моңғолдармен аралас, Шыңғысханның отанында өмір сүрген және оның алғашқы

шапқыншылықтарының олжасына айналды. Наймандар XII ғасырда керейлердің оңтүстік батысында, Орхон мен Ертіс өзендері аралығында көшіп-қонып жүрді. Қыпшақтар мен алшындар қазіргі далалық облыстардың солтүстік батыс бөлігінде көшіп-қонып жүрді» [3, 177-б.] – деп жазады.

Қазақстанның өткенін зерделей келе Қазақ хандығының құрылуына айрықша көңіл бөледі. Ішінара, Қасым ханның бірегей тұлғасы хақында: «Бүкіл қырғыз халқының басын қосқан Қасым хан орасан зор әскери қуатқа ие болған. Қол астындағылардың бағына қарай, құдіретті хандардың ішіндегі осы соңғы хан Азияны жаулап алушылардың қатарына кірмейді және өзінің бейбітқұмар саясатының арқасында халқының құрметіне бөленді... Өзінің бейбітқұмарлығы үшін халыққа аты мәшһүр болды» [3, 178-179-бб.] деген баға берді.

Зерттеушінің «Ақтабан шұбырынды» жылдарын да назардан тыс қалдырмауы оның халықтың тарихын зерттеп-зерделеуге жан-жақты қарағандығын көрсетеді: «1723 жылы жоңғар билеушісі Галдан-Цэрен Ұлы және Орта жүздің руларын бағындырды» [3, 178-179-бб.]. XVIII ғасырдың 20-жылдарының басында жоңғарлардың Қазақстан аумағына жасаған кезекті ірі жорықтары үшін қолайлы жағдай қалыптасқандығы белгілі. 1722 жылы ұзақ уақыт бойы жоңғарлармен жауласқан қытайдың императоры (богдыханы) Кансидің өлімінен соң, Қытай мен Жоңғария арасында бейбіт келісімге қол қойылды. Осының арқасында Жоңғар хандығының шығыстағы шекарасы қауіпсіз болды. Еділ қалмақтарының билеушісі Аюке ханға жоңғарлар қазақтарға қарсы бірлескен әскери қимылдар жүргізу мақсатында елшілерін жібереді. Ресей енді ғана тұрғызылған Ертіс әскери шебін нығайтумен әуре болып жатып, оншалықты қауіп төндіре қоймады. Оған қоса, көршілес екі көшпелі мемлекеттің өзара қатынастарында Ресей салыстырмалы түрде бейтарап саясат ұстанды. Оған Қазақ хандығының да, Жоңғар хандығының да бір мезгілде әлсірегені тиімді еді. 1723 жылдың көктемінде алдағы соғысқа әжептәуір дайындалған Цэван Рабдан қазақтардың бытыраңқылығын пайдаланып, өз әскерінің бетін Қазақстанға қарай бұрады. Алғашқы соққы Жетісу мен Ертіс өңіріне беріледі. Жоңғарлар ауылдарды өртеп, малын айдап, бейбіт елді қырып-жойды. Басқыншылардың шабуылының тұтқиылдан әрі қас-қағым сәтте болғандығы соншалық, қазақтарға мал-мүлкін, үй-жайын тастап, асығыс шегінуіне тура келді. «Ақтабан шұбырынды жылдарының» жергілікті тұрғындар үшін салдары аса ауыр болды. Далалықтардың дәстүрлі көші-қон бағыттарына елеулі нұқсан келтірілді. Малшылар құнарлы жайылымдарынан айрылды. Мал басы біршама азайды. Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігіндегі бір кездері гүлденіп, жайқалып тұрған егіншілік оазистері құрғап, қаңырап қалды. Шекаралас мемлекеттермен сауда біраз уақытқа тоқтап қалды. Көптеген қалалар қиратылды. Тұтқынға түскен мыңдаған қазақтар көршілес Жоңғарияға айдап әкетілді. Ең ауыр қасірет туған-туыстардан айырылу еді. Шәкәрім Құдайбердіұлының мәліметінше, дала халқының үштен бірі қырылған екен. Жергілікті тұрғындардың бір бөлігі құлдыққа сатылды. Халық жаппай

ашаршылыққа ұшырады. Аман қалу үшін олар қайыңның шырынын ішуге мәжбүр болды (қайың сауған кезең). Аман қалғандары жаулап алушыларға мойын көтермес салық төлеуге міндетті болды. Қазақстанның халқы елдің әр қиырына, тіпті шектес мемлекеттердің аумағына тарыдай шашырап кетті. Батыс және оңтүстік-батыс бағыттар бойынша жаппай үдере көшу қарақалпақтармен, түркмендермен, өзбектермен, башқұрттармен және қалмақтармен жер үшін қақтығыстардың басталуына алып келді. Қазақтар мен Жайық бойындағы орыс-казактар, Батыс Сібірдің орыстары арасындағы қатынас шиеленісе түсті. Соның салдарынан әлсіреп, күйзелген Қазақ хандығы Ресей империясының отарлауы үшін оңай олжа болды. Алаштың көсемі Ә. Бөкейхан, міне, осылар туралы нақты жазды.

Ол біздің назарымызды Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдау кезінде жетекшілікке алған ұстанымы туралы іс жүзінде тәуелсіз Қазақстан ғалымдарының қазіргі тұжырымдарына сай келетін негіздерге аударады: «1730 жылы Кіші жүздің сұлтаны Әбілқайыр ішінара Галдан Цереннің өз жерлеріне басып кіруінен сескеніп, өзінің билігін күшейту үшін орыс билігіне өз халқын протекцияға алу туралы өтініш білдірді» [3, 180-б.].

Шынымен де, Жоңғариямен ауыр әрі ұзаққа созылған соғыс халық жасағының жеңісімен аяқталса да, толық бекітілген жоқ болатын. Хандар мен сұлтандардың билік үшін өзара күресі оған Ресей империясының да араласуына алып келді. Империя қазақ жерін өздеріне қосуға қолайлы сәтті күтіп жүрген болатын. Әбілқайыр болса Қазақ хандығындағы өзінің жеке-дара билігін күшейтудің жолдарын іздестіруде еді. Кіші жүз билеушісі Ресей мемлекетінің қолдауына сүйенуді жөн көрді. Бұл жағдайда жеке тұлғалық фактор өзінің шешуші рөлін атқарды. 1730 ж. Кіші жүздің билері ханға Ресеймен әскери одақ туралы келісім жасауды тапсырды. Алайда Әбілқайыр келісімді бұзып, келіссөздер мүлдем басқаша сипатқа ие болды. 1730 ж. қыркүйек айында Петербургке Әбілқайырдың батыр Сейітқұл Қойдағұлұлы мен Құтлымбет би Қоштайұлы бастаған елшілігі Анна Иоанновна патшайымға Кіші жүзді Ресей бодандығына алу туралы өтінішпен келді. 1731 ж. Анна Иоанновна патшайым Кіші жүз қазақтарын ресейлік бодандыққа қабылдау жөнінде грамотаға қол қойды. Бұл грамотаға қол қою кезінде бірқатар шарттар көрсетілді. Біріншіден, Әбілқайырдың қол астындағы халық башқұрттар сияқты жасақ төлеуге міндеттенді. Екіншіден, Ресейдің басқа халықтары тарапынан қазақтарға шапқыншылықтар тоқтатылуы тиіс болды. Үшіншіден, «дұшпандар» шабуыл жасаған жағдайда Ресей қазақтарды қорғауды өз міндетіне алды. Төртіншіден, Әбілқайыр тұтқындарды қайтарып, қалмақтармен және башқұрттармен бейбіт келісімде өмір сүруі қажет болды. Кейінгі оқиғалар екі жақтан да бұл міндеттердің бірде-бірінің орындалмағанын көрсетеді. Әрбір тарап өз пайдасын көбірек ойлады. Бодандық қағаз жүзінде ғана болды, бірақ Қазақ хандығының Ресей империясына бірте-бірте қосылуына негіз болып табылды.

Қазақтардан ант қабылдау үшін патша өкіметі 1731 ж. көктемде Әбілқайырға Петербургтен дипломат А.И. Тевкелев бастаған елшілік жіберді. Билеуші топты сатып алу мүмкіндігі де карастырылды. Бұл мақсаттарға бір миллионға дейін ресейлік рубль жұмсауға рұқсат етілді. Анна Иоанновна патшайым Әбілқайыр ханға қымбат сыйлықтар жіберді. Оларға бодандыққа қабылдау туралы құжат Құранмен ант еткен жағдайда берілуі тиіс болды. Дипломатиялық миссия құрамында далалықтар арасында құрметке ие ықпалды башқұрт старшыны әрі батыр Таймас Шаимов та болды. Елшіліктің тағы бір міндеті барлау мәліметтерін, яғни жердің сипатын, жергілікті халықтың тілі, әдет-ғұрыптары, бодандықты қабылдау кезіндегі көңіл-күйлері жөнінде ақпараттар жинау болып табылды. А. Тевкелевке қазақтардың жақын көршілері туралы да деректер жинау тапсырылды. Алайда Кіші жүздің басым бөлігі ресейлік бодандықты қабылдаудан бас тартты. Ресей қол астына өту Әбілқайырдың жеке бастамасы екені анықталды. Қарсы болған дала билері тарапынан келіссөздерді ашықтан-ашық болдырмауға немесе тіпті орыс елшілерін өлтіруге тырысқандар да аз болған жоқ. Дала билеушілері басым түрде өз бостандықтарына қол сұқпайтын сенімді әскери одақтас іздеуді басты мақсат етті. Тәуелсіздіктерін жоғалту жөнінде сөз де болмады. Әлемдік тарихта мемлекеттіліктен өз еркімен бас тарту оқиғалары жоқтың қасы. Ресей империясына өз көршілерінің мемлекеттілігін кейіннен жою үшін ресми себеп және заңды негіз қажет еді. Сатып алу, сендіру, ал кейде өзінің Ресей империясының сенімді өкілі екенін айтып қоркыту арқылы А. Тевкелевке келіссөздерді жүргізудің сәті түсті. Ресейлік елші Әбілқайыр маңындағы шағын топты ресейлік бодандықты қабылдауға итермеледі. 1731 жылғы 10 қазанда Әбілқайыр хан, кейбір сұлтандар, ірі билер мен батырлардың бір тобы Ресей империясына адалдыққа ант қабылдады.

Әлихан өз еңбегінде Қазақ хандығының қалайша Ресей империясына отарлық тәуелділікке түскенін түсіну үшін ұлттық тарихты түсінуге тырысты. Көп ұзамай ол қазақтардың өз тәуелсіздігін жоғалтуының басты себебі бұрынғы билеушілердің өздеріне карасты рулар мен жүздерді отарлау қаупі алдында біріктіре алмауынан деген шешімге келді. Осы тұрғыда ол 1913 ж. былай деп жазды: «Бұрынғы билеушілердің көпшілігі уақыттары мен күштерін өзара бақталастыққа, күш көрсету мен талас-тартыстарға жұмсады» [3, 134-б.].

Оның пікіріншс, хандық биліктің қайта қалпына келтірілуінің келешегі болмады. Ол ұлттық бостандыкка белсенді саяси күрес арқылы қол жеткізудің айқын жақтасы болды және сондықтан кадеттер партиясына кірді. Қоғам қайраткері ретінде ол мемлекеттілікті қайта туғызуға жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы эволюциялық жолмен келуге болады деп есептеді. Әлеуметтік революцияны қолдаған жоқ.

Өз еңбектерінде ол қазақтардың XVIII ғасырдағы ең танымал тарихи тұлғаларының бірі Абылайдың өмірі мен қызметіне де тоқталды: «XVIII ғасырда қазақ даласында Абылай хан айрықша атаққа ие болды, Орта жүзде оның есімі ұранға айналды. Ру ұраны шақырылғанда үйде қалу үлкен масқара

болып саналды, кім осындайға ұшыраса ол адамға бірде-бір дұрыс қазақ өз қызын бермейтін» [3, 33-б.] – деп жазды.

Ұлы Абылай қазақ халқының тарихында сөзсіз маңызды орын алады, оның мемлекетшілдік қызметі қуатты, әрі тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруға бағытталды. Хан қазақтарды біріктіру үрдістерін басқарды және Ұлы Далада мемлекеттік билікті орталықтандыруға қызмет етті. Жоңғарлар мен Еділ қалмақтарын талқандауда маңызды рөл атқарды. Ол Қытай әскерінің Қазақстан аумағымен жылжуын тоқтатып қана қоймай, Тарбағатай мен Іле бойындағы дәстүрлі жайылым жерлерді қайтарды, Алатау қырғыздарының да шапқыншылықтарын тыйды. Ш. Уәлихановтың сөздерімен айтқанда, қол астындағылары үшін Абылай «ұлы істерді атқаруға жіберілген рух» сияқты болды.

Алаш көшбасшысы қазақтардың Ертістің оң жағына, Құлынды даласына Абылай сұлтанның басқаруымен Қошқарбай мен Тілеуберді батырлардың кезінде XVIII ғасырдың ортасында екінші рет қоныс аударғандары туралы жақсы хабардар болды: «Абылай хан жоңғарды шауып Ертістен өтіп, Ертіс пен Об арасындағы далаға келіп орныққан. Абылай хан мен жоңғар ұрысы Еуропа есебінше қазақ даласында 1750 жыл шамасында болған. Қыпшақ Қошқарбай батыр 1755-ші жылы жоңғарды Обтан өткізе куған. Осы Қошқарбай әуелі бұ күнде Ақмола облысында, Омбы оязында, Шарлақ болысында, Қараөзек деген жерде отыр. Қошқарбай батырдың жолдасы Қойайдар қыпшақ Тілеуберді содан бері Құлынды, Қарасұқ даласында қалған. Бұған 150 жылдар болады» [8]».

Шындығында, Абылайдың Ертістің оң жағалауына шабуылдары Ресей империясының қазақтарға Ертіс арқылы көшіп-қонуына тыйым салуды күшейтуіне әкеп соқтырды. Мысал үшін, 1755 жылдың 31 қаңтарында императрица Елизавета Петровнаның Әскери коллегиядан Орынбор губернаторы И.И. Неплюевке «Қырғыз-қайсақтарды Ертістің оң жағалауына жібермеу» туралы жарлығы шықты, онда «Форпостарға аталған қырғыз-қайсақтарды форпостарға жібермеу керектігін форпостағы командирлерге бекемдеп тапсыру керек. Оның үстіне форпоста тұрған командирлерге қырғыз-қайсақтарды форпостарға жақындатпау тиістігін аса қатаң ескертіп, қырғыз-қайсақтардың орыс адамдарға өз зиянын тигізе алмайтындай ету қажет. Аса мұқиятпен сақтану керектігіне арнайы әскери жарлық етемін» [9, 20-25-пп.]. «Сонымен бірге еркін көшіп жүргендерді шығарып жіберу үшін 400 адамнан тұратын казак әскерін құруды бұйырды» [10, 41-б.].

Империя билігі тарапынан болған мұндай тыйымдар кейін де қайталанып тұрды. 1755 жылы 6 наурызда императрица Елизавета Петровнаның сыртқы істер Коллегиясынан Крофтқа арналған Ертістің сол жағалауы қазақтарының оң жағалауға өтуіне тыйым салу туралы жарлығы шықты. Оның үстіне, Ертіс сызығының әр жеріне қосымша әскери күш әкеліп қойды және де ушыққан жағдайда деп резервте бөлімдер дайындап қойды [10, 29-34-пп]. 1755 жылғы 21 тамызда императрица Елизавета Петровнаның И. Крофтқа берген кезекті жарлығы шығады, бұл жолы жұмсарған түрде

«қазақтарды мүмкіндігінше Ертістің оң жағалауына көшуіне жол бермеу» туралы [10, 34-п.]. Сонымен бірге, бұл жарлықта қазақтар ішкі жаққа қарай күзеуге көшкен кезде «шекарада күшті команда тұрып, қырғыздарды қару күшімен шығарып тұрсын» [10, 75-б.].

Әлихан Бөкейхан болашақ Бөкей Ордасына қазақтарды қоныстандыру тарихын жақсы білді, оны автордың 1913 жылдың 30 наурызындағы «Қазақ» газетіне шыққан «Бөкейдің қазағына шығатын закон проекті» мақаласынан үзіндіден білуге болады: «Кіші жүздің ханы Нұралының кенже баласы Бөкей хан 1801-інші жылы 16 рудан 6 265 үйлі қазағымен Жайықтан өтіп осы күнгі Бөкейлік отырған жерге көшіп келген екен. Ол 16 рудан 12-сі Байұлы, үшеуі Жетіру, бірі Әлімұлы» [11].

Шынымен де, 1799 жылы Бөкей сұлтан Ресей императорына өзіне қарасты малшылардың бір бөлігіне Жайықтың оң жағалауына өтуге рұқсат беруін сұрады. 1801 жылы I Павелдің Бөкей сұлтан мен оған қарасты руларға өзеннің оң жағалауына өтуге рұқсат беру туралы жарлығы шықты. Көшіп келгендер шамамен 70 мың шаршы верст жерді алды, ол жерлер Ішкі Орда деп атала бастады. 1801 жылы Жайықтың оң жағалауына 6 мыңнан астам түтін көшіп келді. Олардың көп бөлігі Жайықтың оң жағалауына көшу идеясын белсенді түрде қолдап, Сырым Датұлы бастаған көтеріліске қатысқандар еді. Осыдан кейін көшіп келушілер саны ұдайы өсіп отырды. Сөйтіп, Ресей Империясының 1897 жылғы бірінші Бүкілхалықтық санағының қорытындысы бойынша бұл жерде 207 мың қазақ тұрды. Кейінірек сызықтың ішкі жағына еркін көшіп-қонуға тыйым салынды. Қайтадан өз жеріне де қайтармады.

Ол орыс-қазақ колонизациясы туралы өте жақсы білетін, мысалы, Сібір казак әскерінің құрылу тарихын жақсы білді: «1808 жылы жергілікті сызықтық казак әскері құрылды. Оларға жер, жалақы және азық-түлік бөліп берілді. 20-жылдары казак әскерлері қазіргі Көкшетау уезінің ең шұрайлы жерлерін басып алды, сөйтіп қазіргі Ақмола, Баянауыл, Көкшетау және Қаркаралы жерлерін қоныстанды» [3, 184-б.]. Бәрімізге белгілі, Сібір казак әскерінің алдында бұл жерлерде қалалық казактар болған еді. XVI ғасырдың соңынан бастап олар Сібір бекіністерінде күзетшілік қызмет атқарды. XVIII ғ. соңына дейін казактар Сібір шаруалары, солдат балалары, айдаудағы және өз еркімен келген башқұрт, мещерлер және Дон казактары есебінен көбейе түсті. 1808 жылы Сібірдің оңтүстігіндегі казактар Сібір сызықтық казак әскері деп атала бастады, штабы Омбы қаласында орналасты. Әскер атаманы Батыс Сібірдің, кейін Дала өлкесінің генерал-губернаторына бағынды. XIX ғасырда Сібір казак әскері екі облыста орналасты – Ақмола және Семей. Біраз бөлігі Томск губерниясының Би округінде орналасты.

Әлихан Бөкейхан хандық дәуірге қатысты қазақтардағы мүфтият мәселесін де қозғады. «Қазақта муфтилік мәселесі» мақаласында ол соңғы қазақ хандары Уәли мен Бөкейдің рухани мәселелерді мүфтиятқа бағындыру туралы айтқанын жазады: «Сол күнде Бөкей хан мен Уәли хан біздің де рухани істеріміз муфтидің қарамағында болса екен деп арыз қылған» [12].

Әлихан Бөкейхан өз ту-тайпаластары арасында әскери қызмет енгізу мәселесі сияқты тақырыпқа да қалам тартты. Ол үшін Әлихан Бөкейхан Ресей империясының заңдарына шағымданып, өз халқының тарихының білгірі екенін көрсетті. Осыған байланысты «Қазақтан солдат ала ма», мақаласында ол 1834 жылы қазақтарды әскери қызметтен босату туралы заң шыққанын айтады: «1834-інші жылы Ақмола аға сұлтаны Қоңыр Құлжа Құдайменді баласы Петерборға барған. Сонда Қоңыр Құлжа айтқан: «Патша салдат алады» деп қазақ халқы қорқып уайымдайды деп... қазақтың қорқыныш жұмысын ашып бер деп сұраған соң, правительство Қоңыр Құлжаға қағаз берген: «қазақтан бұ күнде салдат алынбайды, келер уақытта да қазақ салдаттан азат, осы қалпымен көшіп жүрсе де, егін егіп, сауда ғылып, өз еркімен кент қалпына түссе де» деген» [13].

Ол билер сотының ұтымды жақтарын айна-қатесіз атап көрсетеді: «Азаматтық және қылмыстық істер бойынша сот қызметін халық арасынан шешендігімен, халықтың заңдық әдет-ғұрыптарын жетік білетін, әділ шешім шығаратын тура билерге жіберді» [3, 177-б.].

Алаш лидері Кенесары хан тұлғасына өте жоғары баға берді: «Халық аңыздарында атағы атасының даңқынан асып түскен Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов наразы халықтан құралған бірнеше мың атты әскер жинап, өзін қырғыз халқының бұрынғы әлеуетін қалпына келтіруші деп жариялап, бүкіл қырғыз халқын өз туының астында біріктіруге ұмтылыс жасады.» [3, 181-б.]. Бұл патша билігіне қазақтардың үш жүзінің өкілдері де қатысқан соңғы бүкілхалықтық қарсылықтарының бірі болды. Көтерілісті басып тастау патшалыққа қырғыз жерлерін, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлерін бағындыруға жол ашып берді. Сонымен қатар Бұхара, Қоқан және Хиуаны жаулап алуға алғышарт жасап берді. К. Қасымұлы халық жадында көрнекті қолбасшы, ірі басшы әрі кеменгер мемлекеттік қайраткер ретінде қалды. Хандық билікті жою жағдайында ол іс жүзінде үш жүздің басын қосып, қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіре алды. Оған патша әкімшілігінің өкілдері де, орыс зерттеушілері де құрметпен қарап, оны «бүлікшіл сұлтан», «қырғыз даласының митридаты» деп атады. Қазақ халқында мықты рух пен азаттыққа жетуге ұмтылыс барын айқын көрсетті.

1905 жылы Әлихан Бөкейхан Мәскеуде өткен Ресейдің земстволық және қалалық қайраткерлерінің құрылтайына қатысты. Мұнда ол жоғары мінбеден қазақтың тарихында алғаш рет өзінің туған халқын, сондай-ақ оның тілін жақтап, сөз сөйледі. Баяндамасында былай деді: «Ресейдің басқа шетіндегідей, қырғыз (қазақ) жерінде де ежелден бері орыстандыру саясаты жүргізіліп жатыр. Мұндағы орыс шенеуніктерінің білімінің асып кеткен жері жоқ, олар жергілікті жағдайды да білмейді. Орыстандыру саясатының кәдімгі айырылмас серігі болып табылатын дөрекілік, озбырлық, жұрттың қадірлі атаулыларының бәріне баса-көктеп қысым жасау, дала уәлаятында билеп-төстеушілер халықтың тілін білмей, олардың да білімі асып кеткен шамалы, аудармашылар арқылы жұртпен тілдескендіктен асқынып барады. Неғұрлым жылпос аудармашылар уез немесе шаруалар бастығының билігін

қолына алып, өз уезінің немесе болысының нағыз бір диктаторы болып алды. Тек қана уез немесе шаруалар бастығы болу үшін әскерден кеткен бұрынғы офицерлер, немесе орта мектепті де бітірмей, әлдеқалай қырғыз (қазақты) білеуші болып қалған әртүрлі жолы болмаған адамдар емес, тергеуші мен сот та өз аудармашыларының қолында жиі қуыршақтай бола береді. Қырғызға байланысты істермен айналысатын мекемелердегі штатта қырғыз тілі аудармашылары болып, қырғыз тілін де, қырғыз әліпбиін де білмейтін орыстар істеп жүретін (1905 жылғы 17 қазанға дейін). Дала өлкесі генерал-губернаторы кеңсесінің аға іс жүргізушісі айтқандай: «Қырғыздарың өздері біздің деңгейімізге көтерілуге тиіс, ал біз олардың тілін білуге міндетті емеспіз!». Плеве кезінде шаруа басшылары қырғыз тілінде жазылған өтініштерді қабылдамайтын, тек қана кейінгі күндері бұл мәселеге тоқтау қойылған болатын. Далалық өлкеде бүкіл хат алмасу мен іс-қағаздар, тіпті болыс басқармасының кеңсесінде де орыс тілінде жүргізіледі. Бүкіл болыстық пен басқарманың өзі шала сауатты пысықай кеңсе хатшысының қолында болды... Келтірілген халық мақал-мәтелдеріне қарағанда, қырғыздар тек қана орыс үкіметін емес, орыстардың бәрін қасқыр-шенеунікке (қасқыр малшының қас жауы ретінде) теңейді. Бұдан он, он бес жыл бұрын қырғыз даласы орыс халқымен билеуші-шенеуніктер, ал даладағы жәрмеңкелерде орыс көпестері тұлғасында байланыста болған; соңғылары қырғыз сахарасындағы алғашқы қорланудың өкілдері ретінде қырғыздар мен орыстардың арасындағы қарым-қатынастардың барынша жақсы болуы үшін жағдай жасай алмады. Басқа жақтан қарағанда, орыстардың сахараға ұдайы келіп орналасуы, қырғыз бен келімсектің арасындағы жер үшін күрес, сондай-ақ осы күрестің өрескел болуы, онсыз да озбырлықтан туындаған ұлтаралық араздықтың шиеленісуіне әкеліп соғады», [14, 19-22 б.].

1905 жылы Әлихан Бөкейхан әйгілі Қаркаралы ұжымдық өтінішін (петиция) әзірлеуге қатысты, сонымен бірге кадеттер партиясының мүшесі болды. Осы тарихи оқиға жайында былай жазды: «1905 жылғы маусымда қырғыз даласының орталығынан, Қаркаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінен Министрлер комитеті төрағасына 14500 қырғыз ұжымдық өтініш жіберген; осы өтініште, дәлірек айтқанда, былай делінген...» [3, 39-б.].

Бұдан әрі оның құрастырған мәтіні берілген. Сөйтіп, ол тек қана сол оқиғаларды әділ сипаттаған тарихшы емес, сонымен бірге тікелей қатысқан, тіпті сол оқиғаларды ұйымдастырған адам ретінде «Омбыда генерал-губернатор Сухотиннің төрағалығымен өткен әртүрлі мекемелер шенеуніктерінің жиналысында қазақ өкілдерінің министр А.Г. Булыгин жобасының аясындағы земстволық соборға қатысуына қарсы сөз айтылған. Осындай дұрыс емес, далалық өлкенің қалың бұқарасына өте ауыр әсер еткен шешімнен жұрттың басым көпшілігінің даму сипаты мен мақсаттарын білмейтіндігін аңғаруға болады. Қытаймен әрі Ауғанстанмен шектесетін кең байтақ аумақты мекендейтін қырғыздар өздерінің тағдыры мен мүдделерін бүкіл мемлекеттің тағдырымен байланыстырады, өздерін басқа халықтарға тең деп санайды және... ең лайықты, ел жағынан сенімі бар, халық сайлаған

адамдарды тартады. Үстіртін әділеттілік пен ақиқатқа жүгінсек те, саны алты миллион болған қырғыздарды ерекше құқықсыз, заңсыз топқа жатқызуға қандай дәлелді себеп бар?

Шындығында, біз малшылықпен шұғылданамыз және мал шаруашылығының ерекшеліктері бізді, кейбіреулер ойлағандай қаңғыруға емес, 3-4 ай көшіп жүруге мәжбүр етеді, бірақ сол себептен бізді земстволық соборға қатысу сияқты маңызды, құнды саяси құқығынан айыру дұрыс па? Неге малшылықпен шұғылданғандықтан қырғызды сайлау құқығынан айырады, ал саудамен, егіншілікпен, балық аулаумен, сондай-ақ басқа кәсіппен шұғылдансаң, мұндай құқықтан айырмайды? Ресей империясының халықтары білім, мәдениет, мемлекеттік істің мән-жайын ұғыну бойынша бір-біріне ұқсамайтындығы да рас; солардың арасында қырғыздар бірінші қатарда болмаса да, артта қалып қойған да емес.

Мемлекеттік өмірді жақсы ұғынатындай болып саналатын басқа отырықшы бұратана халықтар былай тұрсын, қырғыздардың қоғамдық және мемлекеттік міндеттерді орыс шаруаларынан гөрі жаман ұғынатыны дәлелденген емес. Қырғыздың мүдделерін кім қорғайды? Егер земстволық соборға қазіргі жалпыға бірдей негіздер бойынша біздің халқымыз сайлаған өкілдер қатыса алмаса, кім оның пісіп жетілген мұқтаждықтарын және бұларды қанағаттандыру тәсілін дұрыс анықтайды?

Тақсыр, наныңыз, біз қырғыз (қазақ), осындай ұлы жұмысқа деген дайындығымыз басқалардікінен кем емес деп санаймыз; бізді тыңдағылары келмейді, менсінбейді, бюрократия бізге асқақтап қарайды. Сондай көзқарастың зардабын біз тартамыз. Не болса да, бізді білуге тиіс болғандардың бізді білмегендеріне кінәлі емеспіз. Жоғарыда жазылғанға байланысты сенушілік сезіммен... біз петицияларымызда айтқандай, земстволық соборға қырғыз (қазақ) халқының өкілдерін шақыруға бұйрық беруіңізді өтінеміз, өйткені пісіп жетілген мұқтаждықтарын және бұларды қанағаттандыру тәсілін, сондай-ақ Империяның басқа халықтарына деген дұрыс ұстанымымызды қырғыз халқының өкілдері қатысқан жағдайда ғана қанағаттандыра аламыз» [15, 23-24-пп.]. Келесі жылы Әлихан Бөкейхан Семей округі бойынша Ресейдің I Мемлекеттік думасының депутаты болып сайланды. 1913 жылы Ахмет Байтұрсынов және Міржақып Дулатовпен бірге редакциясында қазақтың бүкіл зиялы қауымы біріге бастаған «Қазақ» деп аталған жалпыұлттық газетті ашуға қатысты.

Қазақтардың өз жерлерінен қоныс аударуына түбегейлі қарсы болып, жергілікті халықтың отаршылдық қоныс аудару саясаты мен патша өкіметінің христиандандыру саясатына ашық түрде наразылық танытты. Осы мақсатта үкіметтік отарлауды Ресей аймағына жылжыту оқиғасын қолдап, еркін және нақты сипаттайды: «Өлкені отарлауда орыстардан екі сәтті ажыратуға болады: еркін отарлаушылар және олардың ізімен құрылған үкіметтік дружиналар. Еркін отарлау шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттар және әртүрлі қашқындар, сол уақыттағы өмірдің ауыр жағдайынан қашқандар,

немесе қорғансыз бөтен адам арқылы оңай олжа табатындардың қатарымен құрылды [3, 184-б.].

Қоныс аударушылар ағымын ары қарай күшейту, қазақ халқының құқығын түгелдей жою басты белгілерінің бірі болды. Осы негізде жергілікті халық өкілдерімен ешқандай алдын-ала талқылау болған жоқ. 1906 ж. Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасы, П.А. Столыпиннің төрағалығымен шаруаларды Ресейдің азиялық бөлігіне жаппай қоныс аударуына шешім қабылданды. Шаруалардың жер илену қауымдасытығынан шығуы және империясының шығысына қоныстану реформасы Столыпиннің аграрлық реформасы деп аталды. Реформаның негізгі мақсаты – шаруаларды шығысқа атап айтқанда, Қазақстанға қоныстандыруды жандандыру. Бұрынғы тұрғылықты жерлеріне қайтып оралуға шектеулер енгізілді. Шаруаларға жерді үлестіру отарлаушылардан қоныс аударушылар қорында құрылған жергілікті халықтың жерлерін алушылардан тұрды.

Жергілікті көші-қон мекемелерінің міндетіне «жер телімін бөлу», есептік негізде ерекше еншіленген жерлер, бір ауылдық қыстаққа 45 десятиндік жер өлшеміне шабындық пен пішендік және 15 десятиндік егістік жерлер кірді. Жер алушы партияларға жергілікті халықты шығарып, ал олардың жерлеріне шаруаларды көшіру рұқсат етілді. Қоныс аударушылар теміржолда жүру жеңілдіктеріне ие болды. Сонымен қатар, үкімет басшысы шаруаларды табанды түрде қоныс аударуға үгіттеді. 1917 жылы автохтонды халықтан 45 млн десятин жер алынды. Осы уақытқа дейін мұнда шамамен 1,5 млн. шаруалар қоныстанды.

Ресей империясының отаршылдық саясатының табиғатын әшкерелеп, халыққа түсіндіре алған Ә. Бөкейхан ұлт-азаттық қозғалыстың шынайы көшбасшысына айналды. Отарлық биліктің хат хабарларында былай белгіленген: «Барлық қырғыз даласына зор үлес қосушы әрі бас жетекші ретінде, қоныс аударушылар басқармасының шенеунігі сөзсіз Бөкейхан болған және ары қарай болары да анық» [3, 45-б.]. Омбы жандармының басқарма бастығының айтуы бойынша, «барлық митингілер мен петициялардың биік рухы, сонымен қатар үкімет басшылығына қарсы үгіттердің басты бастамашысы ретінде және қыр қырғыздарының барлық діни-саяси қозғалыстарының жетекшісі болған», [3, 45-б.] , – деп айтылған.

Ол халқының мүддесін қорғағаны үшін патшалық түрмелер мен жер аударуларды басынан өткізіне тура келді. 1917 жылға дейін үш рет (1902, 1906 және 1908 жж.) тұтқынға алынып, абақтыға жабылды. 1909-1917 жылдар аралығында Самараға жер аударылды. Кеңес өкіметі жылдарында саяси қуғын-сүргін құрбанына айналып, «қызыл террор» кезеңінде заңсыз айыпталып, ату жазасына кесілді.

Кезінде қайталанбас ерекше институт болған, бүгінде аянышты жағдайға жеткен, аймақтық дәстүрлі билер сотының тарихи трансформациясын өте жақсы білген: «Болыстық сайлаушылар съезд көпшілік дауыспен халықтық билерді сайлаған – біреуін ауылдық қоғамда, болыстық билеушіні (болыстық старшын) және осы лауазымға үміткерді сайлайды. Халық соты күнделікті

істерді тұрмыста қалыптасқан құқық негіздерінде шешеді; ол жалақы алмайды, бірақ арыз берушінің белгілі пайыздық мөлшерін пайдаланады. Құқықтан айыратын қылмыстық істер, қырғыз бен қырғыз еместер арасындағы істе, қырғыз халықтық сотының құзыретінен алынған және империялық соттармен шешіледі. Халық соты мен басқарушы губернатордың билігімен бекітіледі [14, 19-22-бб.].

Негізі, Ресейдің азаматтық және әскери билеуші сот өкілдерін Қазақстанға енгізгенге дейін, Қазақстан аумағында қылмыстық, мүліктік, отбасылық қылмыстық істерді атқаратын беделді дәстүрлі билер соты болған. Қазақ қоғамында ешқашан билердің қызметтік лауазымын заңды түрде бекітіп, тағайындамаған. Сонымен қатар, мұндай қызмет орны мұрагерлікке өтпеген. Би болу үшін жеке тұлғалық қасиеттер болуы шарт: біріншіден, тұрмыстық құқықты терең білуі керек; екіншіден, шешендік сөз өнерімен және ойлауды терең игеру; үшіншіден, мінсіз беделге ие болу керек. Қазақ даласында осындай билер туралы ақпарат тез таралған. Әдетте, билердің балалары да би болған, бірақ, әр кезде емес. Билердің лауазым атағынан айырылуы мен әділетсіз үкім шығаруының өзі сот отырысына қатысу құқығынан бірден айырған. Бидің билігі ауыл тұрғындарының оған шағымданбауынан тоқтатылған. Болашақ билер сот процесіне ерте жастан қатысты. Сот процесі өтініш берушілердің, яғни арызданушылардың өтініші бойынша, немесе билік құрылым өкілдерінің: старшиналар, сұлтандар немесе хандардың өтініштерінен кейін ғана басталған. Көне салт элементтерінің кейбірі сақталған. Мысалы, іске қатысушы адам билердің алдына келіп, біреуінің алдына қамшысын тастайды, бұл өзінің ісін сол биге тапсырғандығын білдірген. Билер ұсақ істерден бастап, ең қиындарына дейін айналысқан.

Билер соты жарысқа түсу негізінде пайда болған. Іске қатысушы тарап қорғаушы міндетін атқарушы ретінде сотқа өз биімен келе алды. Сот отырыстары бидің үйінде, хан ордасында, немесе алдын-ала келіскен жерлерде өткен. Би бір тараптан тергеуші, прокурор әрі сот орындаушы болды. Сот отырысы ауызша түрде өткен. Куәгерлердің де өз институты болған.

Соттың жақсы жақтарының бірі – сот ісінде әрбір ерікті адамның қатысумен оның ашық түрде өтуінде. Басқа да артықшылықтарына, процестің өзі өте қысқа мерзімде, қағаз бастылықсыз өтіп отырған. Өз еңбегі үшін би кінәлі тараптан – «бидің билігі» деп аталатын ай сайын сыйақы алған. Оның көлемі, әдетте, құрады оныншы бөлігін даулы мүлік. Оның көлемі, әдеттегідей, таласқа түскен даулы мүліктің оныншы бөлігімен есептелген.

Қазақ даласындағы тұрғындар арасында билер соты сөзсіз беделге ие. Көп уақыттарда Қазақстандағы орыс халқы көптеген жағдайларымен империялық сотта қазақ билерінің болғандығын қалаған. Мысалы, есте қаларлық мынандай жәйт: 1859-1865 жылдар аралығында Көкшетау сыртқы округінде орыстардың билер сотына 117 орыстардың өтініштері тіркелген. Билер сотының артықшылығын, тұрмыс пен тұрмыстық құқықты зерттеген А. Гейнс жақсы түсіндіреді: «Билер соты жылдам әрі ауызша жүргізіледі, ол өте әділ және адал, сондықтан қазақтар арасында ғана емес, сонымен қатар билер сотына көптеп баратын разночиндер мен казактардың ортасында

да құрметке ие». Билер соты қазақ қоғамында жинақтаушы рөлді атқарған. Ол сатылмайтындығы, әділдігі, қолжетімділігі мен жариялылығымен ерекшелене алған. Сот құқық бұзушының залал келтіруінде екі жақ тараптардың татуласуы және келтірілген зиянын толық өтетуге бағытталған.

Патша билігі XIX ғасырдың 20-90-шы жылдары билер сотын отаршылдық биліктің ортақ империялық басқарма енгізілуіне кедергі болуына байланысты құрта бастады. Қазақ интеллигенциясының алдыңғы зиялы өкілдері билер сотының бастапқы қалпын сақтап қалуда өз ойларын білдірді.

Мысалы, белгілі ағартушы және ғалым Ш. Уәлиханов дәл осындай ұстанымдарды ұстанған.

Бұл жерде қазақтар арасындағы төменгі тап өкілдерінің құқығы жоқтығы жайлы жазады: «Шаруалар бастығының айтуы бойынша, губернатор управитель етіп сайлау кезінде өтпей қалса да кез-келген қырғызды бекіте алады, заңның осындай ыңғайлы тұсын әкімшілік кеңінен қолданады. Барлық лауазымды басқарудағы полициялық урядник пен уезд бастығына, ал заңды-әкімшілік жағын шаруалар басшылығына бағынышты (әр уезде соңғылары 2-ден 4-ке дейін) болды». [14, 19-22-бб.]

Халықтың бірігуі үшін ол барлық қазақ ұлтының ныгаюын және батыс демократиясының жүзеге асыруын тұспалдайтын Алаш ұлы идеясын ұсынды. Осыған байланысты ол былай деп жазды: «Қазақ даласының болашағын батыс мәдениетін саналы түрде жүзеге асыруда көремін». Әлихан Бөкейхан қазақтардың арасында еуропалық даму жолын қатаң ұстанған алғашқы сенімді демократ болды. Оның идеялық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өзі зерттеген және жақсы білген Ұлы Француз революциясының идеалдары әсер етті.

Сапалы білім, ғылыми-практикалық жұмыстың мол тәжірибесі оған көрнекті ғалым-энциклопедист, Қазақстан және оған шекаралас аумақтардың тарихы, мәдениеті мен экономикасының білгіріне айналуға мүмкіндік берді. Ол алғашқы абайтанушы, сондай-ақ егіншілік пен мал шаруашылығын зерттеген алғашқы ірі ғалым болды. Оның ғылыми еңбектері күні бүгінге дейін ғылыми құндылығы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Ол Императорлық Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі болды (ИОГҚБСБ). 1902 жылы оның бастамасымен Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ашылды. Еңбектері «Известия», «Записки» және «Отчеты» сияқты басылымдарда белсенді жарияланды. Әлихан Нұрмұхамедұлы Ф.А. Брокгауз бен И.А. Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігімен» ынтымақтастықта болды.

Қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихынан жақсы хабардар бола отыра, өзінің ғылыми еңбектерінде жергілікті қазақ халқы мен келімсек қоныс аударушы орыс халқы арасындағы антагонизмінің күшею үдерісін ашық көрсетті. Күмән жоқ, оның себептерін қарым-қатынастардың едәуір нашарлауы мен шиеленісуінен іздеді: «Осыдан он, он бес жыл бұрын қырғыз даласы орыс халқымен тек қана шенеунік-билеушілер арқылы жанасып

жатты және дала жәрмеңкелерінде – орыс көпестерімен. Соңғылары қырғыз даласы басынан кешкен алғашқы жинақтау дәуірінің рыцарлары ретінде қырғыз бен орыс арасында жақсы қарым-қатынас жасауға ықпал ете алмады. Басқа жағынан, заңсыздықтың негізінде қалыптасқан ұлттық антогонизмді орыстардың далаға қоныс аударуының ұлғаюы, қырғыз (қазақ) бен қоныс аударушы арасындағы жер үшін күресі және осы жүріп жатқан күрестің қатаң формалары тереңдетіп, ушықтырады» [3, 27-б.]. Өкінішке орай, одан кейін зерттеушілер арасынан бұл мәселені осындай нысанда көтерген адам аз.

Әлихан қазақ халқының санасының қалыптасуында, дала халқының патриоттық рухын көтеруде, дала тұрғындарының сыртқы қауіп алдында бірігу факторы ретінде маңызды рөл атқарған қазақ ұрандарының орны мен рөліне тоқталған болатын: «Әрбір қырғыз (қазақ) руында өзінің жауынгерлік ұраны бар – ол белгілі бір кезеңде өмір сүрген ең танымал тұлғасының есімі. Қазақтарда осындай ұранға аңыз тұлғаның, Алаштың есімі айналған болатын» [3, 33-б.]. Хандар мен сұлтандарда қатардағы жауынгерлерден өзгеше, жеке ерекше ұраны болды. Жалпы, қазақ ұраны барлық қазақтардың және бірқатар түркі тілдес халықтардың аңыз бабасының есімін білдіретін «алаш» сөзі болды. Ұрандар жауынгерлерді шабыттандырып, сенімділік ұялатып, жауынгерлік рухын көтереді.

Зерттеуші діни көзқарастарға да, атап айтқанда Меккеге қажылық жасаған адамдардың өсу қарқынына да толықканды тоқталды: «1905 жылы Меккеге бару үшін тек қана Омбы қаласындағы Дала генерал-губернаторының кеңсесінен 500 адам шетелдік паспорт алды. Бұл, болыстың салық қарызы бар болса, Меккеге сапар жасау құқығынан айыру сияқты заңсыз кедергілерін ескергеннің өзінде» [3, 33-б.].

Әлихан Бөкейхан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қатаң сипатқа ие болған қазақ халқының арасындағы татар молдаларын құдалау саясатын да айқын көрсетті. Өкінішке орай, кеңестік және қазіргі зерттеушілер бұл тақырыпты белгісіз себептермен ашық айналып өтуде: «Исламды үгіт-насихаттауға кедергі жасау түрі ретінде әкімшілік қырғыз даласынан әрбір татар молданы құдалады: осының арқасында құдаланушы азаптанушы даңқына ие болып, қырғыздар оны жасырғандықтан емін-еркін далада қалатын» [3, 34-б.] – деп жазды.

Алаш қозғалысының көсемі өзінің қандастарының арасында исламды дамытуды тоқтату үдерісін айқын көрсетеді: «Әкімшілік қырғыз (қазақ) мектептерінде – ұлттық мектептерде мұғалімнің орыс тілін білуін талап етті. Мектеп ашу немесе мешіт салу үшін, әдетте берілмейтін, ерекше рұқсат қажет болды. Нәтижесінде, мектеп пен мешіттер заңсыз түрде ұйымдастырылды. Полициядан жасыру мақсатында құлшылық ету жайы үшін мұнарасыз үйлер сала бастады» [3, 34-б.].

Шын мәнінде, христиан дінін таратумен қатар ислам дінін әлсірету саясаты жүргізілді. Патша үкіметі православие сенімін тарату жолында ислам дінін кедергі деп санады. Қазақтарға Шығыс елдерінде, мысалы, Түркияда оқуға тыйым салынды. Молдалардың қызметі билік тарапынан

бақыланды. 1867-1868 жылдары тұрғылықты халықтың діни істері Ішкі істер министріне бағындырылды. Әрбір болыста тек бір ғана молданың қызметіне рұқсат етілді. Көшпенділер арасында молда тек қазақ, Ресей империясының боданы ғана бола алды. Молдалар әскери губернатормен бекітілді және қызметінен босатылды. Мешіттердің құрылысы аймақты биліктің рұқсатымен жүргізілді. Молдалар жергілікті тұрғындарды оқыту құқығына грамота және мешіттер жанынан мектептер ұйымдастыру үшін уезд басшысының жеке рұқсатын алуға тиіс болатын. Вакуфтарға қатаң тыйым салынды.

Әлихан қыр елінде православиені тарату тарихын да, христиан миссионерлерінің қызметін де айналып өте алмады. Осы орайда, ол патша үкіметінің қазақтарды неофит қатарына көшіру мақсатына қол жеткізбегені туралы дұрыс қорытынды жасады: «Қырғыз жерінде православие миссионерлері жұмыс істейді, бірақ олардың қызметінің нәтижелері өте нашар. Православиені даладан ажырап, кездейсоқ орыс ауылдарында қалып қойған панасыз қалған кішкентай жетімдер немесе православиеге ауысып, еркіндік алу мақсатында ғашық жұп – күйеу жігіт не қалыңдық қабылдайды. Православиеге өткен осындай прозелиттердің көп болуы мүмкін еместігі түсінікті. Себебі, далада жетімді қаңғыртпай тәрбиелеу ру міндетіне жүктелді және қоғамдық пікір күйеу жігіттің таңдау еркіндігін қабылдамады» [3, 34-б.].

Алаш көсемінің сөздерін 1881 жылы Алтай рухани миссиясы негізінде құрылған Қырғыз миссиясының ашылуы дала тұрғындарын шоқындыру үдерісін біршама жандандырғанымен дәлелдегіміз келеді.

Бірақ, жаңа миссия ірі аймақ Семей облысының қазақтарын шоқындырумен айналысты. Оның осы аймақ аумағында құрылуы мұнда XIX ғасырда жатақтардың басым көпшілігінің өмір сүргенімен түсіндіріледі. Көшпелі қауымдастықтар миссияларға белсенді түрде қарсы тұрды. Шаруа-казак ауылдарына кеткен жерлестеріне туыстары іздеу салатын. Жаңадан шоқынғандарды үлгілі христианин ретінде тәрбиелеу үшін, оларды орыс тілін, сауаттылықты және жаңа сенім негіздерін оқытатын миссионерлік елді-мекендерге жіберетін. Миссионерлік қызметтің нәтижелері айтарлықтай болған жоқ. Оған қоса, ислам дініне кері қайту болды. Сондықтан, 1897 жылғы Бүкілресейлік халық санағының материалдары Қазақстан аумағында небәрі 660 неофит бар екенін көрсетуі кездейсоқтық емес.

Христиан миссионерлерінің қызметі мен исламның ахуалының шектелуі жергілікті халықтың тарапынан қарсылық тудырды. 1889 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезінің көшпенділері өз мүфтиін сайлау туралы өтінішпен патшаға жүгінеді, алайда бұған үзілді-кесілді қарсы жауап беріледі. Мешіт құрылыстарына тыйым салу жергілікті тұрғындардың оларды рұқсатсыз салуына алып келді. 1903 жылы Көкшетау, Қызылжар (Петропавловск), Ақмола, Кереку (Павлодар), Семей қалаларында құрамына молдалар, мұғалімдер мен студенттер кірген жасырын діни ұйымдар пайда болды. Олардың қызметі патша үкіметінің діни саясатына қарсы бағытталды.

Қозғалысты Науан Хазірет (Наурызбай Таласов), Мұхамеджан Бекішев, Шаймерден Қосшығұлов және Смағұл Балжанов сияқты молдалар басқарды. Өздерінің жазбаша үндеулерінде олар ықпалды адамдардың – Павлодар уезінен Садуақас Шормановтың, Семей уезінен Абай Құнанбаевтың және т.б. қолдауын сұрайды. 1907 жылы Омбыда дала генерал-губернаторында болған мәжілісте қазақ қоғамының рухани өмірінің өзекті мәселелері талқыланып, далалықтардың православиелік миссионерлердің қызметін тоқтатуын талап етуі қарастырылды. Дінде зорлықпен ұстауға жол бермеу және қайтадан исламға өткені үшін қуғындауды жою мәселелері талқыланып, ерекше Дала муфтиятын ашу ұсынылды.

Әлихан қазақ даласындағы православияға қарсылықты ұйымдастыруға ұйытқы болған Науан хазірет сынды иісі қазаққа танымал тұлғаны айналып өтпеді, ол жөнінде: «Көкшетаудан әкімшілік жазамен бүкіл қырғыз даласына аты мәлім оқымысты молда – Наурызбай Таласов шәкірттерімен бірге жер аударылды», – деп жазады [3, 35-б.]. Өкінішке орай, аталған тұлға отандық тарихнамада ең аз зерттелген күйде қалып отыр. Қазіргі уақытта ғалым К. Әбуов архив (мұрағат) материалдарына сүйене отырып, ғалым-ағартушы, патша үкіметінің отаршылдық миссионерлік саясатына қарсы күресуші – Науан Хазірет туралы былай деп жазады: «Халық арасында және әдебиетте Науан Хазірет ретінде белгілі Наурызбай Таласовтың есімі кеңестік кезеңде аталмады, ал егер атала қалған күнде тек жағымсыз тұрғыдан, кертартпа дінді ұстанушы реакцияшыл молда ретінде ғана айтылды. Ал расында, ол құдай жолын білетін, мұсылман руханиятын ұстанған, патша үкіметінің қазақтардың құқығын аяққа басуына жол бермеу үшін жанын салған қайыспас күрескер, бүкіл қазақ даласына белгілі тарихи тұлға. Науан Хазіреттің қызметіндегі дәл осы ұстанымы оның патша үкіметі тарапынан қуғындалуына негіз болды. Замандастарының, соның ішінде Ақан сері, Әлихан Бөкейхан, Мәмбетәлі Сердалин, Солтанмұрат пен Темір ақындардың және т.б. айтуы бойынша, Науан Хазірет сирек кездесетін қабілет иесі, дарынды ғалым, дана тәлімгер ретінде бой көрсетеді. Түйіндей келе, Н. Таласов дін жолын ұстанған тұлға ретінде талассыз беделге, қалың бұқараның құрметіне бөленген адам» [16, 13-14-бб.].

Осы жөнінде Әлихан Бөкейхан: «Осы үгіт паракшасына байланысты алғаш рет аса белгілі қырғыздардың, молдалар мен мұғалімдердің үйлерінде саяси тінту жүргізілді; кітапханалар мен алмасқан хаттар тұтқындалды, олар азаттық күндері, 2-3 жыл өткеннен кейін ғана қайтарылды... Науан (ол осы бір өзге тілге аударуға келмейтін еркелете қойылған есімімен ен даламызға танымал еді) 15 жыл Бұқарада оқып, сонда жоғары мектепті бітірді және ерекше дарындылығының арқасында үздік мансапқа ие болды. Ол Көкшетау уезіндегі кедей қырғыздың баласы еді, және Бұқараға, бір кездері Ломоносовтың Мәскеуге барғанындай болып, жеткен еді. Бұқарада Науан жоғары мектептің оқытушысы орнында болған, сол жерден оны көкшетаулық қырғыздар айрықша елшілерін жіберіп шақыртып алған болатын», – деп алғашқылардың бірі болып жазды [3, 42-б.].

Ә. Бөкейхан қазақ хандары мен сұлтандарының Ресей империясының өкілдерімен жазысқан хаттарын белсенді түрде зерттеді. Бұл оған өз халқының тарихын тереңірек білуге, Қазақ хандығының мемлекеттік тұғырын нығайтудағы рөлін айқындауға көмектесті [3, 42-б].

Ол XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының негізгі мәселелері мазмұндалған шын мәніндегі тарихи Қарқаралы петициясының ұйымдастырушы ұйытқысы әрі құрастырушысы болды. Мысалға, бұл жөнінде 1905 жылдың 21 қаңтарында Қарқаралы уездік бастығы Дала генерал-губернаторының атына келесі мазмұнда рапорт жолдайды: «Шығарылған үкімдер мен сенімхаттар Омбыға орманшы ғалым Әлихан Бөкейханның атына жіберілген, Жоғары мәртебелімнің атына қырғыздар жолдаған петиция мен телеграмманы құрастыру жөніндегі істің басты ұйымдастырушысы әрі жетекшісі сол деп ойлауға болады. Қазіргі уақытта Бөкейхан мырза петицияны Омбыдан Петерборға осы жылдың 28 шілдесінде жібергендігі және Бөкейхантың маған сеніп тапсырылған уездің қырғыздарының тарапынан тиісінше уәкілеттікпен қамдандырылғандығы анықталып жатыр» [15, 23-24-пп.].

Ә.Н. Бөкейханның алғашқы неғұрлым маңызды ғылыми жұмысы қазақтардың ежелгі заманнан бүгінгі заманға дейінгі тарихы туралы іргелі монографияны дайындауға ат салысуы болып табылады. Бұл кітап 1903 жылы «Ресей, Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы» жинағының 18-інші томы болып шықты. Ол: «Қырғыздар», «Кенесары Қасымов сұлтанның тарихына материалдар», «Қарқаралы уезі қырғыздарының рулық кестесі», «Абай (Ибрагим) Құнанбаев», «Қырғыздардағы жерлеу ғұрпы туралы» және т.с.с. («Киргизы», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова», «Родовые схемы киргиз Каракаралинского уезда», «Абай (Ибрагим) Кунанбаев», «О киргизских поминках» и т.д.) көптеген тарихи және этнографиялық еңбектер жазған.

Мысалға, Әлиханды Абай туралы алғашқы болып жазған зерттеушілердің қатарына жатқызуға болады, бұл жерде біз оның тек Абайдың әкесі мен шешесі жағынан арғы тегі туралы ғана емес, сонымен бірге бүкіл ұлттың тарихы бойынша, ішінара қазақ шежіресі туралы хабардарлығын көреміз: «1904 жылдың 23 маусымында Семей уезінің Шыңғыс болысында (Шыңғыс тауында) дархан даламыздағы танымал қырғыз ақыны Абай Құнанбаев дүниеден өтті. Оның кітаптағы есімі Ибраһим (Авраам), бірақ Қырғыз даласы, ақынның шешесінің әуенімен Абай деп еркелетіп атап кетті, біз де сол атын сақтап қалмақпыз. Абай әкесі жағынан тобықты руының белгілі көсемдері мен билерінің ұрпағы. Ақынның арғы атасы өзі XVII ғасырдың 50-інші жылдары дүниеге келген Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің атымен аталған тобықтының биі әрі батыры Ырғызбай, тобықтыны Түркістаннан шағын көсемдерінің қатарында болып, тамаша жайылым жерлері бар Шыңғыс тауларына алып келіпті. Абайдың атасы Өскенбай өз даласында әділетті тура би болғандығымен даңқты; оған алыс рудың қырғыздары да өзара дауларын шешу үшін жүгінген. Абайдың әкесі Құнанбайдың басқа рудың қырғыздарына да

ықпалы зор болған, бұған дәлел оның ру сұлтандары өздері меншіктеп алған Қарқаралы округінің аға сұлтандығына сайлануы. Құнанбай өмірінің соңында бірінші болып Меккеге барып келіп, күйбең тірліктен бойын аулақ ұстады, бұл Құнанбайдың атын одан сайын шығарды. Абайдың шешесі Ұлжан Қаракесек қырғыздарын Ырғызбай сияқты Қаркаралы уезіне: Қуу, Едірей, Мыржық тауларына алып келген Бошан руының ішіндегі Бертіс бидің ұрпағынан тарайды. Қырғыз даласындағы танымал әзілкештер Қонтай мен Тонтай Абайдың анасы Ұлжанның туған ағайындары... Абай ғұмырының 60-ыншы жылында қайтыс болды. Ол жылан 1845 жылы дүниеге келіп, 1904 жылы (қоян жылы) өмірден озды. Абай 10 мен 12 жас аралығында қырғыз өлкесінде сауатын ашып, 12 жасында Семейдегі Ахмет-Риза медрсесінде молдадан тәлім алды; 14 жасында 3 айға жуық шіркеу жанындағы орыс діни мектебіне барды. Медреседегі 4 жылдық және 3 айлық орысша шіркеу жанындағы діни білім алуымен мектептегі оқуы аяқталды. 15 жасында саяси бәсекелестік үшін күрескен сұлтандық әулеттерге қарсы күрес жүргізген әрі қырғыз руларының ықпалды басшысы ретінде танылған әкесінің көмекшісі болды. 1822 жылғы Сібір қазақтарының ережесіне сәйкес Қырғыз даласында монополия билігін берген болатын. Өзінің жастығына қарамастан Абай сол замандағы көрнекті тұлғалардың ішінде өз орнын иемденген; адамдар оны атақты би болады деп сенді, алайда билер уақыты келмеске кеткендігін ұмытқан еді. 20 жасына қарай Абай шешендік өнердің майталманы ретінде, халықтық тұрмыс-тіршіліктің білгірі, оның салт-дәстүрін жетік білуші, Қырғыз даласының атақты билерінің әртүрлі шешімдерін жаттап алушы ретінде танылды. Өзінің еңбекқорлығы мен ерекше есте сақтау қасиетінің арқасында халықтық ертегілердің, мақал-мәтелдердің, жыр-дастандардың көзі тірі жинағы болды... Таланты мен дарындылығының көмегімен өз бетінше парсы мен араб тілдерін үйреніп, еркін оқи алатын деңгейге жетіп, қасиетті кітаптардың майталманы саналды. Қажы-молдалар Абаймен кездесуден және пікірталастырудан қорықты, себебі ол олардың рухани таяздылығын әшкерелеп отырды. 30 жасына қарай Абай атақты қырғыз дәрежесіне көтерілді, оның аттар үйірін барымташылар алыстан айналып жүрді... 14 жасынынан бастап Абай сатиралық өлеңдер құрастырды; оны жастар жаттап жүрді. Өзінің өлеңдері арқылы Абай ірі поэтикалық күштің белгісі болды, қазақ халқының мақтанышына айналды. Абай секілді қазақ халқының рухани шығармашылығын асқақтатқан ақын болған жоқ. Төрт мезгілге арнап жазған өлеңдері (жаз, күз, қыс, көктем) Еуропа ақындарының алдын орап кетері сөзсіз [3, 307-310-бб.].

Алаш интеллигенциясының көшбасшысы Ә. Бөкейхан саяси партияның құрылу тарихы және оған қазақ халқының қызығушылығы туралы жақсы білген. Партиялық құрылыстың болашақ бағытының болжаушысы болды: «Қырғыз халқы ескі билік режиміне қарсы оппозициялық көңіл-күйде және орыстың оппозициялық партияларын қолдауға ұмтылуда. Жақын болашақта далада екі партия орнығуы мүмкін... Біріншісі, ұлттық-діни деп аталса, екіншісі батыстық бағытта, қазақ даласының болашағын еуропалық мәдениетке жақындасуымен сабақтастыратындар» [3, 35-б.].

Ол өз жұмыстарын қазақ және орыс тілдерінде жазды. Қудалауға байланысты өзінің тарихи-публицистикалық және саяси мақалаларын әртүрлі бүркеншік атпен шығарды: «Даланың ұлы», «Қыр баласы», «Ғалихан», «қырғыз-қайсақ» және т.б. басылымдарда тарих, мәдениет, әлеуметтік сала, саясат және халықтық білім беру, сонымен бірге Отанын отаршылдықтан босату мәселелері қозғалды.

Ә. Бөкейхан халықтың жадында аса білімді, әрі сауатты тұлға ретінде сақталып қалды. Әлиханға қыр тұрғындары мен басқа халықтардың зиялы қауым өкілдері құрметпен қарайды. Ұлттық тарихқа деген терең білімі мен құрметі, мәдениетке және дәстүрлерге, өз халқына жанкешті және риясыз қызмет етумен ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру үшін жүйелі күресте көрінгендігімен ерекшеленеді.

Әлихан халықтың басшысы қалай болу керек екенінің жарқын мысалы мен үлгісін көрсетті. Алаш қайраткері Қошке Кемеңгеров өзінің «Қазақ тарихынан» атты тарихи очеркінде «Алаш» қозғалысы көшбасшысының рөлі мен қызметіне былай баға берді: «Қуғын-сүргін орын алған кезеңде халықтың мүддесі үшін күресте жер аудару мен абақтыны бастан кешкен азаматтардың шағын тобы болды. Бұл топтың басында Әлихан тұрды. Әлиханның қазақ халқы алдындағы ең басты тарихи еңбегі әдеби тілдің тууына мүмкіндік жасап, діни фанатизмге қарсы топты тәрбиеледі. Нәтижесінде қазақ ұлты пайда болды». Ә. Бөкейхан 1919-1920 жылдардағы большевиктердің рақымшылық жасауын қабылдауға мәжбүр болды [17, 18-б.].

Тіптен Кирциктің орынбасары қызметін атқарды, онда қазақ халқының, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы жинақталған мәселелердің тұтас жиынын шешуге кірісті. Мысалы, 1921 жылдың 8 сәуірінде Орынбордан Кеңестік еңбек қорғанысының төрағасы В. Лениннің атына келесідей жеделхат жолдады: «Сізді Кирцик президиумы және Совнарком патша заманындағы секілді республиканың миллиондаған халқы кез келген медициналық көмексіз қалатыны туралы хабардар етеді. Қырғыздар мерезден, туберкулезден, сопақ шешектен, цингадан және басқа да жұқпалы аурулардан азып өлуде » [18, 4-5-пп.].

Әлихан Қазақстанның іргелес аумақтарымен ұлттық-аумақтық межелеуге белсене қатысты. Бұл іске қазақ халқының тарихын жарқын білгірі болғаны, оған автономиялық республика құрамына қазақ жерлерін жинақтау ісіне өз үлесін қосуға мүмкіндік берді [19, 41-б.].

Кейіннен Мәскеуде болғанда ғылыми ізденістерін, соның ішінде қазақ халқының тарихы бойынша да жұмыстарын жалғастырды. Атап айтқанда, Қошке Кемеңгеровтың «Қазақ тарихынан» кітабының шығуына барынша көмек көрсетті.

Әлихан қазақ қоғамының сауатты бөлігін өз халқына және туған жеріне адал қызмет етуге шақыра отырып, «Алаш» қозғалысының идеясы мен ұраны төңірегінде миллиондаған халықты біріктірді «Мен тірі тұрғанда, қазаққа қызмет етуді тоқтатпаймын» деген негізгі ұранын қайталаудан әркез танбады. Ол бай ғылыми мұралар қалдырды, соның ішінде тарих ғылымы саласында да өзінің қомақты үлесін қосты.

1. Казахи Омского Прииртышья. Бірінші кітап. – Омск, 2015.
2. Аккулы С. Алихан Букейхан как историк // Букейхан А. Казахи. – Астана, 2014.
3. Букейхан А. Казахи. – Астана, 2015.
4. Бескемпирова А. Боль и память. – Петропавловск, 2007
5. Архив ДКНБ по городу Алматы и Алматинской области. Архивное уголовное дело «По обвинению Сеитова Асылбека Джумановича в националистической контрреволюционной деятельности» от 01.12.1937.
6. Бөкейхан Ә. (Қыр баласы) «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі» // «Қазақ», – 1913 ж. – № 12.
7. Бөкейхан Ә. (Қыр баласы) «Қара қыпшақ Қобыланды» // «Қазақ», – 1913 ж. – № 129.
8. Бөкейхан Ә. Кабинет жеріндегі қазақтар // «Қазақ», – 12 апреля 1913 года, – № 10.
9. ООРМА, – 3-к., 1-т., 37-іс.
10. Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург, 1898. – 897 с.
11. Бөкейхан Ә. Бөкейлік қазағына шығатын закон проекті //«Қазақ» – 30 наурыз 1913 ж. – № 8-9.
12. Бөкейхан Ә. (Түрік баласы) «Қазақта муфтилік мәселесі» // «Қазақ», – 21.04. 1913 ж., – № 11.
13. Бөкейхан Ә. (Қыр баласы) Қазақтан салдат ала ма? // «Қазақ», –08.05.1913. – № 13.
14. Бөкейхан Ә. Қазақтар: тарихи-этнографиялық еңбектер (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 14-ші том). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006
15. ОМА, – 64-к., 1-т., 5658-іс.
16. ҚР ОМА – 369-қ., 1-т., 531-іс.
17. Омбы облысының тарихи архиві, – 27-қ., 1-т., 6-іс.
18. ҚР ПА. – 139-қ., 1-т., 27-іс.
19. ҚР ПА. – 139-қ., 1-т., 916-іс.

4.2 ҚАЗАҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Жүздеген жылдарда өз өзектілігін жоғалтпаған алаш мұраларының зияткерлік капиталын қайта пайымдау және қазақ либералдық дәстүрлерінің өзіндік негіздерін зерттеу Қазақстандық саяси шынайылықтың көптеген салаларындағы жаңғырту контексінде маңызды.

Соңғы жылдардың әлеуметтік және экономикалық түрленулері әлеуметтік санаға да әсер етті, бүгінде ол XX ғасыр басындағы үрдістерді жаңадан түсінуге және Отан тарихындағы ұлт зиялылары рөлін пайымдауға даяр. Басқаша айтқанда, өзге халықтық негізде емес, қазақстандық ой-санаға жақын идеялар аясында тарихи бастауымен сабақтасқан саяси дамуға ұмтылыс пайда болды.

Алаш қозғалысының тарихы соңғы онжылдықта ең көп зерттелген тақырыптың бірі болып табылады. Алайда, кеңес кезеңінде бұл тақырып

жабық болды және буржуазиялық ағымдар контексінде қарастырылды, сонымен қатар, XX ғасырдың 20-30 жылдары алаш қозғалысын жан-жақты зерттеу талпыныстары орын алды [1]. Жалпы Кеңес уақытында ғылымды идеяландыру либералды зиялылар қызметін әділетсіз көрсетуге әкеліп соқтырды. Кеңес кезеңінің тарихнама мұраларын қайта өңдеу және сол ауқымнан сыни талдау мен қайта бағалауды қажет ететін өзекті ғылыми ережелерді жіктеу және заманауи зерттеулер үшін жаңа бағыттар қалыптастыру талап етіледі [2].

Қазіргі уақытта белгіленген тақырыптар бойынша жұмыстардың жеткілікті дәрежеде көптеген саны пайда болды, оған тарихнамалар шолуларының көбеюі дәлел бола алады [3]. Сондықтан, Алаш пен алаш қозғалысы көшбасшылары қызметінің жеке қырларын зерттемей тұрып, жан-жақты талдау мүмкін емес. Соңғы уақытта тарихи тұлғатану отандық тарихнамада әйгілі жанрға айналды, бұл қазақ либералдарының мінез-құлықтарындағы жалпы белгілер мен арнайы тактикалық жақтарын айқындауға мүмкіндік береді [4]

Қазіргі кезеңдегі дереккөздер мен тарихнамалардың қолжетімділігі тарихи жағдайларда Қазақстандық либерализмнің өмір сүру мәселесіне кеңірек және терең үңілуге мүмкіндік береді. Алайда тарихнама нәтижелері толық, біртұтас бейнені бермейді және, тиісінше, бізде әлі де «шикі архивтік материалдарды игеру парадигмасында» қалып қойғандай сезім туындайды. Көптеген зерттеушілер үшін бағдар болып табылатын жұмыстар да бар, оларға «Алаштану» ғылыми бағытын анықтаған М. Қойгелдиев, К. Нұрпеисов, Т. Омарбеков, Д. Аманжолова және т.б. еңбектері жатады [5]. Олар болашақ партияның саяси қағидалары мен ұстанымдарын қалыптастыру, аймақтың және империяның саяси күштерімен өзара қатынастары, қозғалыстың күшті және әлсіз жақтарын талдайды.

Алаш тарихын кешенді түсіну мақсатында зерттеу нысаны болып қазақстандық либерализмнің табиғаты мен эволюциясы, саяси платформалардың пайда болуы және бағдарламалардың мазмұнды бөлігін құқықтық талдау көрініс табатын саясаттану мен құқықтық сипаттағы еңбектер маңызды. Аталған факторлар партияның жұмыс жасаған және әрекет еткен нақты тарихи кезеңінде қарастырылады. Бұл бір зерттеу нысанына әртүрлі қырынан қарауға және көшбасшылардың да, әрі жалпы қозғалыстың да әрекеттерінің мағыналық мәнін түсінуге көмектеседі. Ондай жұмыстарға К. Жиреншин, Е. Абенов, К. Котов және т.б. еңбектері жатады [6].

Зерттеу қазақ мемлекеттілігінің құқықтық негізін қалыптастыру үрдісін және үш революция кезеңі мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Азамат соғысы кезеңіндегі либералды ниеттенген қазақ интеллигенциясының саяси ойының эволюциясын зерттеуге бағытталған.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері қазақ интеллектуалдарын саяси байланыстардың жалпыресейлік орбитасына ықпалдастыру үрдісі жүргізілген кездегі XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басы кезеңі болып табылады. Қазақстанның белгілі бір бейнесі, оның саяси құрылымы әзірленгендіктен,

бұл кезең ең маңыздының бірі болып табылды. Қарастырылатын кезеңнің жоғары шеңбері қазақ интеллигенциясының идеяларын жүзеге асыру талпыныстары жасалған Алаш автономиясының құлауымен байланысты болады.

Негізгі мақсат: қазақ либералдарының саяси-құқықтық көзқарастарын нақты қоғамдық-саяси қызметі мен Алашорда үкіметінің 1917 ж. төңкеріс жүзеге асырған саяси тәжірибелерді өмірге бастамашылық етуі арқылы көрсету. Атап өтсек, алаш қозғалысы көшбасшылары құқықтық көзқарастарының кемелдігіне қарамастан, олар теориялық ілімге түрлендіре алмады. Дегенмен олардың идеялары заманауи мемлекеттің құрылымы үшін негіз болды.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттан шыға отырып, біз келесі міндеттерді тұжырымдадық:

– Алаштың құқықтық тұжырымдамасының идеялық-теориялық қайнар көздерін болашақ көшбасшылардың қалыптасқан тарихи ортасымен танысу арқылы айқындау;

– мемлекеттік құрылыстың еуропалық үлгісіне талпыныстарын көрсеткен бірінші орыс революциясы кезіндегі құқықтық көзқарастарды қалыптастыру кезеңдерін айшықтау;

– болашақ автономия құрылымын қалыптастыруда негізгі базалық құрам болып табылатын Алаш партиясы көшбасшыларының саяси көзқарастарының эволюциясын зерттеу;

– либералды интеллигенцияның XX басындағы саяси аласапыран кезіндегі саяси позициясы мен приципгерінің қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторларды анықтау;

Біз жоғарыда көрсетілген міндеттерді ескере отырып, мемлекеттіліктің негіздерін құқықтық түсіну азаматтық тәкәтірес, сондай-ақ Алаш көшбасшыларының Ресейдің XX ғасырдың бірінші ширегіндегі ірі саяси ойыншыларына саяси және идеологиялық тәуелділік жағдайларда өтті деп есептейміз. Либералдық интеллигенция саяси жағдайдың күрделілігіне байланысты өздерінің құқықтық көзқарастары аясында теориялық қор жасай алмады, бірақ қолданған тәжірибелер мүмкіндіктер әлеуеті туралы растайды. Осылайша, қазақ интеллигенциясы әлемдік тәжірибелер мұрасына сүйене отырып, XX ғасыр мен бүгінгі күн талаптарына жауап беретін саяси құрылымның теңдессіз үлгісін жасай алды.

1917 жылғы қос төңкеріс салдарынан болған саяси аласапыран кезеңіндегі қазақ даласындағы саяси болмыс үшін танылған көшбасшы күш пен қолайлы болжамдардың болмауы ұлттық интеллигенцияның алдына мемлекеттік құрылыстың дербес үлгісін әзірлеу қажеттілігін алға тартты. Ұзақ уақыт кадет қозғалысы контексінде болған алаштықтар өзгеріп жатқан жағдайларға неғұрлым жылдам жауап қайтарды және дербес (автономдық) өмір сүру шешімдерін ұсынды.

Империя құрып бара жатты және сонымен бірге тек Ресей ғана емес, ұлттық аймақтарға қатысты құқықтық негіздер бұзылғандықтан қиындықтар туындай бастады. Алаш интеллигенциясы өзіне қазақ мемлекеттілігі үлгісін

жасау міндетін ғана емес, өркениеттік таңдаумен байланысты қиындықты өзіне қабылдады.

Әлбетте, қоғам шын мәнінде, мұндай түрленімдер үшін жетілмеген кезде, түбегейлі өзгерістерге қабілетті күштер пайда болуы қажет мұндай тарихи сәттерде алаштықтардың оған құқығы болды. Қазақ қоғамы барлық белсенділігі кезінде, біз XVII ғ. басы – XX ғ. аяғындағы наразылық күйлерін айтып тұрмыз, XX ғасыр форматының саяси күресі үшін қажетті білімдер мен дағдыларға ие емес еді. Ол өзінің алдына, ең алдымен, сол сәтте саяси рәсімдеудің өзгерістерін болжамай, экономикалық бостандықты қойды. Жанжалдармен жалғасқан рулық бөлістер де нәтижеге жету жолында жүйелі күреске даяр еместігінің көрсеткіші болып табылады. Алаштықтар жағдайды терең де ұзақ бағамдады: экономикалық теңсіздік неғұрлым айқын болды, алайда қазақтардың ана тілін білуі мәдени жетістіктің көрсеткіші болып табылмайтындықтан, мәдени даму жағдайлары одан да аянышты күйде болды [7]. Толыққанды даму үшін мемлекеттіліктің кепілі болып табылатын жазба дәстүрлерінің және жазба дереккөздермен нақтыланған өткені туралы деректерді қамтитын бірыңғай тарихи жадының болуы маңызды [8, 76-б.]. XX ғасыр басында интеллигенцияда құқық саласында саяси күрес үшін қажетті негізгі амалдарға ие болды Олар: қоғамды ықпалдастыру міндетін шешуге қабілетті жалпы өткен өмірі, өзіне либералды-демократиялық бағытта жолбасшы миссиясын алуға даяр этникалық элита қызметін атқарушы зиялылары.

Сондықтан, 1917 жылғы саяси қойылымның басты кейіпкерлері одан мелекеттіліктің одан әрі даму мәселесін реттеуде қабілетсіздік танылған кезде ұлт зиялалары бастаманы өз қолдарына алды.

Саяси жүйені таңдау. Қазақ либералдарын саяси шындықпен байланысы аз саяси жүйені жасау қызықтырды, оған өлкеде ұзақ уақыт жоғары білім берудегі шектеу, қиялға берілген талпыныстар және т.б. ықпал етті. Дегенмен, олар кез-келген бастама биліктің ұлттық болмысына және бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып, қолданылып келген билік пен қоғамның өзара қарым-қатынастарының тарихына негізделуі тиіс екенін саналы түрде түсінді. Бірақ, қазақ қоғамы XVIII ғасырдан бастап, билікті қатынастардың дәстүрлі негіздерін үздіксіз жоғалта бастады. Ру ақсақалдары және сұлтандар билігінің орны мен олар орындайтын қызметтердің көлемі және маңыздысы, қоғам мен қолында билігі бар көшпелі элита арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесі өзгерді. Алаш зиялыларының көпшілігі әйгілі рулардан шыққан, олардың отбасыларының қолында ұзақ уақыт бойы белгілі бір көлемде билік болған. Яғни, олар далалық биліктің бар екенін және дала менталитетіне тән ойлаудың биліктік түрін сабақтастық негізде жалғастырушылары бола алатынын, сонымен қатар, даладағы мұрагерлік пен саяси даму қисынын қамтамасыз етуге қабілетті екенін генетикалық деңгейде түсінді. Бірақ, алаш зиялылары – Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған олардың саяси көзқарастары дәстүрлі қазақ ортасына қарағанда еуропалық көзқарасқа жақын қазақтардың санатынан болды.

Екіншіден, жоғарыда айтып өткендей дала билігі дәстүрлі қалыптан шығып, ресейлік құрылымдардың тарапынан күшті араласудың салдарынан қатты өзгерді. Демек, алаш зиялыларының мақсаттары мен міндеттерінің қазақ этносының арманына сәйкес келу мәселесі туындайды.

Үшіншіден, болашақ саяси ағзаның құрылымын жасау жағдайында басқаша түсіну мен бөлшектеуге қарамастан қазақтардың басын біріктіруге қабілетті мағыналы өзекті табу маңызды болды. Мәселен, Ресейде бұл проваслав, ал Еуропада қоғамдық шарт идеясы болып танылды. Қазақтардың басын біріктірудің негізі не болуы мүмкін? Бұл сол тарихи кезеңде либералдар үшін қиын міндетке айналды. Тарихи тұрғыдан дала кеңістігінде билік құрушылар, егер қоғамның қолдауына ие болмаса, сол билікті толық көлемде иелене алмады. Зиялы қауым біріктіруші бастаманы іздестіру міндеті алдында тұрды, бірақ ол дала адамының көнерген дүниетанымының баламасы болмауы, сондай-ақ көшпелінің мемлекет пен биліктің дәстүрлі түсінігінен алшақ жаңартылған мәнге де ие болмауы тиіс. Дала кеңістігі үшін билік пен халықтың органикалық түрде болуы және олардың арасында алшақтықтың болмауы тән, ал бұл алшақтық зиялы қауым өкілдерінің батыстың идеяларына қызығушылығына және зиялы қауым мен көшпелі қоғамның арасындағы әлеуметтік айырмашылықтардың болуынан туындауы ықтимал еді. Басқа сөзбен айтқанда, қазақ либералдарының идеялары мен құқықтық түсінігі қоғамның сапалы жағдайын, оның рухани, материалдық, геосаяси негіздерін көрсетуі тиіс болды [9, 291-б.]. Шын мәнісінде мемлекеттіліктің қалыптасуы, оның негіздері қазақ қоғамы мен либералды бағыттағы зиялы қауымнан тұратын шығармашылық азшылықтың арасындағы өзара келісімді үдерістің нәтижесі болуы тиіс еді.

Негізгі кезеңдер. Болашақ мемлекеттіліктің құқықтық негіздері мәселесі бойынша қазақ либералдарының позициясы қалай қалыптасқаны туралы мәселе тарихи мағынада маңызды болып табылады. Нарративті құжаттардың аукымды бөлігінен қазақ зиялыларының саясилануы жүрген уақыттың қысқа болуына байланысты кезеңдер мен факторларды бөліп алу қиын.

Даму логикасына сүйене отырып, біз келесі кезеңдерді бөліп қарастыра аламыз: Ресейдің университеттерінде білім алуы болашақ либералдардың қоғамдық және құқықтық ұстанымдарын анықтаған бірінші кезең болды. Білім беру қызметінен басқа кезеңнің мазмұндық бөлігі саяси бағдарламалармен және партиялармен танысу, сонымен қатар саяси бағыт-бағдарды таңдау болып табылады.

Екінші кезең жалпыресейлік азат ету қозғалысы контекстіндегі саяси тәжірибе жинақтаумен байланысты болды. Ұзаққа созылмаған думалық кезеңнің практикалық мәнін бағалау қиын. Негізінен, мұсылмандар фракциясы мен кадеттер партиясынан тұратын саяси одақтастар таңдалды.

Құқықтық негіздерді анықтаудағы келесі маңызды кезең 1916 жылғы оқиғалар болды. Көтеріліс әлеуметтік және саяси дағдарыстың тереңдігін

және сонымен бірге көпшіліктің болашақ Алаш партиясының саяси мақсаттарына сенімінің төмен екенін көрсетті. Дегенмен, либералдық бағыт алған зиялы қауым кемшіліктерді ескеріп, 1917 жылғы революцияға қарай қазақ қоғамының сеніміне қайта ие болды.

1917 жылғы революциялар саяси процестің барлық қатысушыларының арасындағы әртүрлі түсінуді және Алаш бағдарламасының саяси шындыққа объективті сәйкес келмейтінін көрсетті. Сонымен бірге қазақ зиялыларының өңірдегі жылдам өзгеретін жағдайға бейімделу қабілетін және автономияны құру мен одақтастарды таңдау туралы шешім қабылдауы олардың саяси кемелдігін көрсетті.

Жолдың басталуы. Қазақтың либералды зиялы қауымы қазақ қоғамының функционалды маңызды санаты ретінде XIX-XX ғасырдың басында қалыптасты. Жоғарыда атап өткеніміздей Ресей империясының жоғары және орта оқу орындарын бітірген түлектер оның өкілдері болды. Қазақ зиялыларының саны бүгінгі күні де ғылыми ізденістердің негізі болып табылады [10]. Тарихи әдебиетте Императорлық Қазан университетінде білім алған қазақ студенттерінің саны туралы әртүрлі мәліметтер қамтылған. Б. Кенжетаев 37 санын атайды және олардың 20-сы оқуын ойдағыдай тәмамдаған [11, 35-б.]. Қазақстан тарихының жаңа басылымында (3 том) 25 қазақ жайында айтылады, олардан 16 адам заң факультетінде, қалғандары медицина факультетінде оқыған [12, 74-б.]. Одан бұрынырақ бұратана халықтан шыққан студенттердің санын есептеуге С. Михайлов талпыныс жасаған. Алайда, ол үнемі бірнеше фамилияларды ғана атайды [13, 343-б.]. Есептеу «ұлты» бағанының болмауымен қиындай түседі. Бұратана халықтан шыққандардың болуын «діни сенімі» бағанынан білуге болады, бірақ мұсылмандардың барлығы қазақтар болған жоқ. Жалпы, ол топтың сандық құрамының шамалы бөлігін ғана құрады, дегенмен бұл оның дүниетанымның қалыптасуында маңызды рөл атқаруына және сол кездегі қоғамның саяси талпыныстарын анықтауға кедергі жасамады.Төменде берілген мәліметтер XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы студенттік өмірді көрсетеді: «Поволжье, Уфа, Оренбург, Сібір, Астрахань және Ресей мемлекетінің Шығыс өңірінің басқа да қалаларынан келген студенттер лекциялар мен практикалық сабақтарға 8-10 сағат уақыттарын жұмсады. Интеллектуалдық қорды толтырудың негізгі құралы оқу болды (87, 81 пайыз)» [11, 35-36-бб.]. Заң факультетінің студенттері дүниетанымын қолдап, оқитын авторлардың арасында бірінші орында – К. Маркс тұр (17 пайыз); ең танымал публицистер Петров 12,2 пайыз, Амфитеатров – 11,7 пайыз, Г. Плеханов, А. Луначарский – 4,3 пайыз. Ең көп оқылатын жазушылардың арасында: Андреев – 22,8 пайыз, М. Горький – 22,5 пайыз, А. Чехов – 13,2 пайыз, Л. Толстой – 8,8 пайыз, Н. Короленко – 9,2 пайыз. Сауалнама алынғандардың 63 пайызы немесе респонденттердің жалпы санының 2/3 бөлігі өзінің социалистік идеяларды жақтайтынын мәлімдеді. Заманауи идеяларды жақтаушылардың арасында қазақ студенттері де бар: біреуі социал-демократ, екіншісі социалист [11, 37-б.]. Студенттердің көпшілігі университеттегі әртүрлі үйірмелерге барды.

Сондай-ақ студенттер Археология, тарих және этнология қоғамының жұмысына да қатысты [11, 35-б.].

Университеттер негізгі білім беру қызметінен басқа, студенттердің тікелей өздерінің саяси және қоғамдық ұстанымын айқындайтын саяси орталықтар рөлін де атқарды. Мұнда Ұлттық шеткі аймақтардың өкілдері өзіндік жерлестіктер құрды. Әдетте, қазақтар медицина немесе заң факультетіне оқуға түсті. Қазақтар заң факультетіне 1873 жылдан кейін қабылдана бастады. С. Михайловтың түсіндіруінше Университетте 1-ші Қазан гимназиясының түлектері ғана оқи алатындығында еді. 1836 жылдың ерекше ережелерінде Орынбор губерниясының мұсылмандары арасынан 20 тәрбиеленушіні Қазан университетіне қабылдау және олардың медицина ғылымдарын оқуына мүмкіндік белгіленді, бұл тәрбиленушілер алдымен 1-ші Қазан гимназиясында курсты аяқтауы тиіс болды. 1849 жылы бұл адамдардың тек медицина факультетінде ғана оқи алатындығы расталды [13, 130-б.]. 1863 жылғы Жарғыда ғана кез-келген гимназияда курстан өткен мұсылмандардың Қазан университетіне оқуға түсуіне рұқсат берілді. Бірақ, 10 жылдан кейін ғана бұл шешім нақты іске аса бастады. Орынбордан келген сол мұсылмандарға медицина факультетінде оқи алмайтындарына кез-келген басқа факультетке ауысуына рұқсат етілді.

Студенттердің құрамын талдау кезінде тағы бір ерекшелік айқын болды, бұл білім алудың таптық сипаты. Университеттердің студенттері сұлтандар табынан шыққандар не билердің, уездік бастықтардың көмекшілері, жүздіктердің қызметін атқарған бай әрі беделді қазақтардың балалары болды. Бұл университетте оқудың қымбатқа түсуімен және тек ауқатты адамдар ғана оқи алатындығымен түсіндіріледі. Экономикалық себептермен қатар саяси себептерді де бөліп алуға болады. «Ақсүйек» және «қара сүйектің» ең жоғары бөлігі жаңа уақыт шеңберінде жоғары білімнің көмегімен мемлекеттік қызметте бекіп қалуға талпынды. Осылайша олар өздерінің ерекшелігін тағы бір рет дәлелдеп, билікке деген өз құқықтарын мәлімдей отырып, билікте, бірақ жаңа қалыпта қалуға ұмтылды.

Ресей тарихнамасында қазақ зиялыларының қалыптасуындағы Ресейдің және батыс ойларының рөлі біршама асыра көрсетілуі әбден ықтимал [14, 43-б.]. Бірақ, ол басымдық сипатқа ие болған жоқ, себебі қазақ этностарының ішінде әлеуметтік әділеттілік және рулық принциптерге бағынған адамның еркіндігі идеялары үздіксіз болды.

Аралас ұлттық мәдениеттердің әсері бар аймақта ұзақ уақыт өмір сүру, революцияға дейінгі кезеңде жоғары оқу орындарында элиталы білімді үйрену, тәуелсіз өмір сүру мақсатында қоғамда басымдықта болуға деген жеке талпыныс, өз этносының гүлденуін шын жүректен қалауы саяси қызмет кезеңінен заңды түрде өткен қазақ зиялыларының шығармашылық белсенділігін айқындады.

Революциялар және зиялы қауым. XX ғасырдың басына дейін қазақ зиялылары әлсіз саясиланған болды. Қазақтардың басым көпшілігі еуропаша білім алып, отаршыл аппараттың шенеуніктеріне айналды.

Бұған орта және жоғары оқу орындары түлектерінің «өзінің этникалық ортасында бәсекелестері болмағандықтан, көбінесе азды қанағат тұтуымен, номенклатура қатарын толықтырып, қол жеткізген дәрежесінде қалып қоюы» ықпал етті [15, 31-б.]. Алайда, өлкедегі жағдайдың нашарлауына байланысты зиялы қауым өзінің маңыздылығы мен тарихи рөлін ұғына бастады. Ресей қоғамының дамушы күштерімен ымыраластық саясат ұстана отырып, қалыптасқан жағдайды қарулы қақтығыстарсыз өзгертуге үміттенді. Ол қазақ мектептерін ашу және ұлттық әдебиетті дамыту арқылы ұлттың өзіндік санасын оятуға үлкен мән берді. Қол жетімді және заңды құралдардың көмегімен мәселелерді шешу ниеті қоғамдық съездер өткізу қажеттілігін түсінуге алып келді. Съездердің өтуін олардың функционалдық маңыздылығына байланысты бағалау қиын: бір жағынан қоғам бірігеді, екінші жағынан – болашақ Қазақстанның белгілі бір дәрежедегі нақты көрінісі қалыптасады. Либералды зиялы қауым өкілдері ұйымдастырған алғашқы съездердің біріншісі 1905 жылдың желтоқсанында Орал қаласында өтті. Қазақстанның саяси-экономикалық дамуына және құқықтарды іске асыру үшін күресу құралдарын қалыптастыруға қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Съезге ұлттық зиялы қауымның және Қазақстанның бес облысындағы халықтың басқа топтарының өкілдері келді. Зиялы қауым алғаш рет бастапқы кезеңде кадет партиясының филиалы болуы тиіс өзіндік саяси партия құру мәселесін алға қойды. Ресейдегі саяси жағдай мен орыстардың либералды зиялы қауымының қызметі қазақ зиялыларын партия құруға жігерлендірді, ал манифест ресми құжатқа айналды, оған сәйкес қазақ зиялылары осындай партия құра алатын. Сол кезеңде ресей кадеттерінің бағдарламасын қазақ зиялылары барынша жоғары бағалады. Қазақтармен салыстырғанда либералды ресей қозғалысының сол кезеңде өзіндік дәстүрлері және саяси тәжірибесі бай тарихы болды. Дегенмен, қазақ және ресей зиялыларын көп жағдай біріктірді. Яғни, Еуропалық білімнің бірыңғай жүйесі, саяси ортаға батыс стандарттарын енгізуге талпыну. Революция алдындағы либералды көңіл-күй ресей мен қазақ зиялыларының арасында танымал болды.

Кадеттермен бірігу әлеуметтік базаның тұтастығы жағынан ғана емес, сонымен бірге басқа да негізгі мәселелер бойынша да жүрді. Ең алдымен мемлекет, құқық, заңның үстемдігі, мемлекеттегі адамның орны мен рөлі мәселелеріне деген көзқарастардың ортақтығы ықпал етті.

Екінші съезд 1906 жылдың ақпан айында Семей қаласында өтті. Съезде өзінің мазмұны бойынша ресей кадеттерінің бағдарламасына жақын болып келетін бағдарлама қабылданды. Бірақ оған өзгерістер енгізілді: шаруаларды қоныстандыруды тоқтату, Қазақстанның жерін жергілікті халықтың меншігі деп тану, ал 1867-1868 жылдардағы Ереже бойынша Қазақстанның жері Ресей мемлекетінің меншігі деп жарияланды және қазақ халқына уақытша пайдалануға берілді. Қазақ мектептерін ашу, діни сенім бостандығы, іс қағаздарын жүргізуде қазақ тілін қолдану туралы талаптар қойылды. Сол кезеңдегі саяси жағдай дәл осы мәселелерді алға қоюды қажет етті.

Метрополияда болып жатқан оқиғалар Қазақстанның саяси дамуына сөзсіз әсер етті. Біртіндеп басыла бастаған революция, қазақтар да қатыса алатын Мемлекеттік думаны шақыру туралы хабарландыру да қазақ қоғамының көңіл-күйіне әсер етті.

Зиялы қауым және Мемлекеттік дума. Мемлекеттік думаға қатысу зиялы қауымның пікірінше өлкедегі мәселелерді шешу үшін күшті әлеуеті бар қажетті ресурс болды.

Халық бостандығы партиясын жақын тартудан басқа белгілі бір саяси бағыт-бағдары жоқ қазақ депутаттары бұл шақырылымға әлсіз ұйымдастырылған мұсылмандар фракциясына бірігеді. Бұл фракцияға іс жүзінде барлық мұсылман депутаттар қосылды, себебі оларды ортақ дін және бір елдің шеңберіндегі ортақ тағдыр біріктірді. 1-ші және 2-ші Думаларда мұсылмандар фракциясы әлі өзі жайлы аз мәлімдеді, бұл бірнеше себептермен түсіндіріледі: біріншіден, саяси күресте және басқа фракциялармен коалиция құруда тәжірибенің болмауы; екіншіден, екі Думаның да қысқа болғаны соншалықты, мұсылмандар өздерін саяси ағым ретінде ресімдеп үлгермеді. Мұсылман фракциясы мүшелерінің саяси сабырлылығы олардың әлеуметтік мәртебесімен анықталды. Л. Ямаева: «Мұсылман фракциясының әлеуметтік тұлғасын жер иелері мен дін өкілдерінің, ұлттық зиялы қауым мен сауда-өнеркәсіптік буржуазияның либералды бағыттағы бөлігінің өкілдері айқындады. Экономикалық аукаттылық және дербестік олардың ұстамды саяси көзқарастарын анықтады» – деп атап өтті [16, 10-б.].

Қазақстанның депутаттар құрамын өлкедегі танымал тұлғалар құрады, бірақ олардың барлығы Думаның жұмысына қатыса алмады. Бірінші Думада өлкеден өкілдер А. Бірімжанов пен А. Қалменов болды. А. Бірімжанов Торғай облысынан сайланды, ол Қазан университетін аяқтаған, әртүрлі жылдары Оренбург өлкесінің уездерінде сот тергеушісі және бітімгершілік судьясы болып жұмыс істеген. А. Қалменов қырғыз ордасы басшылығы бойынша Уақытша Кеңестің бастығы болып қызмет еткен. Оны Мемлекеттік Думаға мүшелікке Хан Ордасының қырғыздары сайлаған. Қалған депутаттар сайлау өте кеш мерзімге белгіленгендіктен және бұл уақытта Дума таратылып жіберілгендіктен Петербургке келіп үлгермеді. Мысалы, Семейде сайлауда Ә. Бөкейхан жеңіске жетті, ол Петербургке Мемлекеттік Дума жабылып жатқан кезде келді. Ұлттық шеткі аймақтар өкілдерінің көпшілігі қазақ депутаттарының дүниетанымына едәуір жақын ретінде халық бостандығы партиясын қолдады. Бірақ, жалпы ұлттық және саяси айырмашылықтарына қарамастан, Далалық генерал-губернаторлық өкілдері бірге болды. Мұнда аумақтық фактор ғана үлкен рөл атқармады, өлкенің қордаланған мәселелері қоныс аударушыларға, қазақтарға, сонымен бірге жергілікті халыққа да бірдей әсер етті.

Алғашқы екі Дума жылдар бойы жиналып қалған мәселелерді шешу үшін өте қысқа болды. Дегенмен, депутаттар өздеріне берілген уақытты барынша пайдаланып, үкімет қарастырғысы және шешкісі келмеген мәселелерді талқылауға шығарды. Мысалы, А. Бірімжанов, Б. Қаратаев,

Ш. Қосшығұлов, Т. Нұрекен орыс шаруаларын далаға қоныстандыру мәселелері бойынша егіншілік пен жерге орналастыру істері жөніндегі Бас басқарушы князь Б. Васильчиковпен кездесті. Үкіметтің аграрлық саясаты шеткі аймақтағы жергілікті халықтың мүдделеріне қайшы жүрді, оның әдет-ғұрыптарымен, салт-дәстүрлерімен және шаруашылық ерекшеліктерімен санаспады [17, 139-б.]. Ал, бұл көңіл бөлуді қажет ететін маңызды мәселе еді. Мәселені өзектендіру қоныстандыру саясатының жаңа айналымымен байланысты болды. Үкіметтің қоныстандыру саясатына басқа халықтар ғана емес, сонымен бірге Сібірдің шаруалары да қарсы шықты. Мысалы, Коншин Думадағы өзінің бір сөзінде былай деді: «Сібірге қандай да бір қоныстандырулар жалпы орыс аграрлық мәселесін шешуге ешқандай көмектеспейді... Сібірліктер қолда бар сандармен және фактілермен үкіметке сілтеме жасап, шаруаларды Азияға көшуге итермелейтін қоныстану үшін бос жерлер туралы мәліметтердің мүлдем дұрыс емес екенін дәлелдей алады. Қоныстану секілді мұндай ауқымды жалпымемлекеттік істе кез-келген бұрыс мәліметтер дереу түзетілуі тиіс» [18, 2271-2272-бб.]. Н. Коншин жергілікті халықты байырғы жерінен заңсыз куу, қайта қоныстандыру басқармасы жүргізіп отырған экспроприация мәселелерін қозғамайды. 53 депутат қол қойған қазақ даласында қоныстандыру учаскелері мен жергілікті саяжайларды заңсыз құру бойынша Министрлер Кеңесінің Төрағасына жолданған сұрау салу дәл осы мәселелерге арналды. Зерттеуші Л. Чмаева бұл сұрау салу мұсылман депутаттар А. Бірімжанов, С. Жантөрин бастамасы деп есептейді [16,13-б.]; [19] .

Сұрау салуда қайта қоныстандыру басқармасының белсенді қызметінің әсерінен қазақтардың арасында жердің болмауы мәселесі көтеріледі. Мұнда 1891 жылғы 25 наурыздағы Заңның жалпы ережелеріне, әсіресе 120 бапқа берілген 1-ескертпеге қайшы келетін биліктің заңсыз әрекеттері көрсетіледі. Құжаттың өзінен көретініміздей: «Көшпенділер үшін артық болуы мүмкін жерлер Мемлекеттік мүлік министрлігінің иелігіне түседі... Дала ережесінің 120, 122, 125 және 126 баптарына қатысты бұл дәлелдердің жалпы қағидаты көшпенділер үшін артық деп танылатын жерлердің үкіметтің билігіне өтуі тек болашақта, Дала облыстарының шекараларын анықтау жүргізілген кезде ғана орын алуы мүмкін және көшпелі халықтың шаруашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті болатын жер көлемі нақты анықталады деп көрсетілген» [19]. Бұл сұрау салуда әрі қарай оның екі негізгі мақсатына қол жеткізілген кезде аяқталды деп есептелетін межелеу туралы айтылады. «Біріншісі: «жалпы барлық, сонымен бірге қазынаға тиесілі жерлер мен алқаптардың мөлшеріне анықтау жүргізу. Екіншісі: иелерінің тыныштығы үшін жерді иеленудің дұрыс және сөзсіз шекараларын қаулымен бекіту» [19]. Яғни, Дала Ережесінен мемлекет бастапқыда жергілікті халыққа қазақтар дәстүрлі шаруашылықпен толыққанды шұғылдануы үшін жер жайылымдары мен егістік алқаптарының толық нормасына уәде бергенін көреміз. Бірақ, метрополия ішіндегі шаруалардың көпшілігінің күн санап өсіп келе жатқан саяси белсенділігіне байланысты үкімет бұл Ережені

орыс шаруаларының пайдасына қарай қайта қарастыруға мәжбүр болған. Осылайша, жаңа мәселе – қазақтардың жерсіз қалуына және салдарында жалпы дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысқа ұшырауына әкелді. Осылайша, көшпелі шаруашылықты жүргізу үшін қазаққа Ф. Щербиннің статистикалық экспедициясымен бөлінген жерден анағұрлым көп жер қажет болды. Депутаттар сұрау салуында «қазына мен қырғыздардың арасындағы шекараны белгілеу қазіргі уақытта аяқталмақ түгілі, әлі басталмағанына назар аудартады: қырғыздар өз жерін кімде-кімге иеліктен шығару және жалпы жерлерге еркін иелік ету құқығынан айырылған және бұл жерлерді жалға беру бюрократиялық қыспақтармен және ресмилікпен шектелген [20]. Депутаттар «...демек, басқа иесі, мемлекет жергілікті халықты жермен теңдей және әділ қамтамасыз ету, қырғыз даласына тиесілі жерлерді қазынаның жалғыз иелігіне нақты енгізу жолымен жергілікті халықтың тыныштығын бекіту мүмкіндігін қамтамасыз етпейінше қырғыздардың жерінде отыруға ешқандай құқығы жоқ», – деп санайды [20]. Депутаттар үкімет әрекеттерінің, негізінен заңды негізі жоқ және жұмыстар тоқтатылуы тиіс деп көрсетеді.

Дала өлкесінің саяси және шаруашылық өмірін реттейтін, 1891 жылдан бері қолданылатын заңға қарамастан үкімет жері жоқ шаруаларды империяның шалғай бөліктеріне қоныстандыру саясатын жоспарлы түрде бастады. XX ғасырдың басында қайта қоныстандыру мемлекеттің аграрлық саясатының басым бағытына айналады. Дала өлкесінің тұрғын халқы үшін маңызды болып табылатын жоғарыда аталған сұрау салуға 53 депутат қол қойған [21]. Сұрау салудың мазмұны оны қазақ ортасынан шыққан адамдар жазғанын растайды. Оларға жер мәселесіндегі жергілікті биліктің бассыздығы фактілері мәлім болды. Құжатты жасауға Орынбор губерниясының депутаты – қайта қоныстандыру басқармасының әйгілі шенеунігі, жер өлшеуші, статистик Т. Седельников қатысқанын айта кету қажет. Қазақстандағы жер жағдайын жетік білген ол қазақ халқының мүдделерін қорғайды.

Сот құрылымдық өзгерістерді қажет етті. Қазақтардың орыс тілін білмеуі Фемида алдында оларды қорғансыз және құқықсыз етті. Шешім бір ауыздан қабылданды. Бұл Ресейдің өзінде сот реформасының жүріп жатқанына қарамастан орын алды. Қазақ депутаттары соттарды демократияландыру және ашық етуге ықпал ету мүмкіндігін пайдаланды және олар басқа сұрау салулардың қатысушыларына айналды. Мысалы, Мемлекеттік дума төрағасының атына қазақ облыстарында сот бұрынғыдай қалғандығы туралы айтылған өтініш келіп түсті. Бірақ, уақыт пен жағдай бітімгершілік судьясы институтын енгізуді талап етті. Оның үстіне алғышарттар да бар еді. Дон казактары облысының соты реформалауға ұшырады, қалғандары өзгеріссіз қалды. Депутаттар тобы, қазақ облыстарының өкілдері мәселені қайта қарауды және басқа қазақ облыстарындағы соттарды реформалауды сұрады. Бұл өтініштің соңына қазақ облыстары өкілдерінен бөлек басқа депутаттар, оның ішінде қазақ депутаттары да қол қойды [22].

Осылайша, алғаш рет осындай ауқымды орталарда қазақ зиялыларының жер, соттарды реформалау қажеттілігі және басқа да маңызды мәселелер бойынша ұстанымы білдірілді. Бұдан бұрын қазақ зиялыларының

белсенділік танытуымен: үкіметтің ең жоғары шенді мүшелерінің атына петициялар, сұраулар жасалды, осы жағдайда қазақ халқының жер мәселесін ең ауқымды жұртшылыққа жеткізу мүмкіндігі болды. Мәселелер Дума шақырылғанға дейін талқыланғаны анық, себебі қазақ зиялылары 1905 жылдың желтоқсанында Оралда және 1906 жылдың ақпанында Семейде бірлескен съездер өткізді. Онда олар жерге қатысты өзекті мәселе бойынша ортақ ұстанымдарды белгілеуі әбден мүмкін.

Дума қазақ депутаттарына Ресейдің екпінді саяси өмірінде бағыт-бағдар алуға көмектесті. А. Бірімжановтың сауалнамасын мысал ретінде алайық. Қай партияға жататыны туралы сұраққа А. Бірімжанов «партиясыз» деп жауап берген [23]. Кейінірек, А. Бірімжанов осындай ұқсас сұраққа жауап берген кезде партиялық бағанына «мұсылмандар фракциясы» деп жазған [24]. Айтып өткеніміздей ұлттық шеткі аймақтардың депутаттарының көпшілігі халық бостандығы партиясына бірікті. Бұл партияның ауқымды демократизмімен, оның ұлттық шеткі аймақтардың мәселелеріне ерекше назар аударуымен түсіндіріледі. «Серке» қазақ газетінің бірінші саны астанада жарық көрді, оның басылып шығуына Ә. Бөкейхан, А. Бірімжанов, М. Тынышбаев және Б. Қаратаев ықпал еткен. Зерттеуші Ө. Озғанбай: «олардың барлығы ана тіліндегі баспа органының бетінен бастап отаршылдық қысымға қарсы күресуге дайын еді» деп жазды [25, 59-б.].

Қазақ депутаттары: жергілікті сотты қайта құру туралы, әскери-дала соттарын жою, мұсылман құрылымы және т.б. жөніндегі комиссиялардың мүшелері болды. Комиссиялардың шешімдері және жұмыс процесінің өзі жалпы империяның саяси өмірі үшін және негізінен Дала өлкесі үшін маңызды болды.

Дума жұмысын қорытындылай келе, алғашқы екі Думаның қызметі цензураның қатаң шектеуінде және үкімет пен Мемлекеттік кеңес тарапынан бақылауда болғанын айта кету қажет. Бұл екі орган Думаның жұмысын тежеді. Депутат И. Петрункевич: «Халық өкілдігінің алғашқы орыс парламенті жұмыс істеген ауыр жағдайларда жұмыс істеуіне тура келген басқа жағдай тарихта сірә, болмаған шығар» деп жазады [26, 41-б.]. Дегенмен, тіпті осындай жағдайларда қазақ зиялылары Думада Қазақстанның аумағындағы қоныстандыру басқармаларының заңсыз құрылысы секілді мәселелерді қоя білді. Алғаш рет империялық соттағы тіл мәселесі осындай деңгейде алға қойылды. Бірақ, монархиялық режим жағдайында депутаттар мемлекеттік бюрократия машинасына, оның Ресей империясындағы саяси жағдайды өзгерткісі келмеуіне қарсы тұра алмады. Сонымен бірге, Дума даладағы ұлттық өзіндік сананың өсуіне ықпал етті. Бұл әрекеттердің нәтижесі қазақ халқының Мемлекеттік думаға сайлау жүйесіне белсене қатысуынан көрінді. Қазақ депутаттар корпусының сипаты жергілікті халықтың көпшілігінің қазақ қоғамынан шыққан еуропаша білім алған адамдарға таңдау жасағанын көрсетеді.

1916 жыл және күрестің басталуы. 1916 жылғы оқиғалар қазақ зиялылары үшін қарсы шығу мүмкіндігі болды. Бір жағынан саны аз зиялы қауымның

бір саяси бағыттың шегіне сыймайтыны айқын еді, екінші жағынан далада болып жатқан наразылықтар іс-қимылдарды ұйымдастыру және қазақ этносының талаптарын сауатты түрде көрсету үшін үйлестірушінің рөлін атқаруын талап етті. Мұндай тарихи сәтте зиялы қауым келісімге келе алмады. Зиялылардың барынша радикалды бағыттағы бір бөлігі қақтығыстың күшеюін талап етсе, либералдар «ақылға қонымды келісімге келуді» ұстанғаны белгілі. Мұндай танылмаған саяси мінез-құлық табиғи себептермен, сонымен бірге алға жетелейтін саяси мақсаттармен байланысты болды. Келісімге келу этносты қантөгістен қорғады. Либералдар Жарлыққа бағынуға келісуді Финляндия секілді автономия сұрауға мүмкіндік береді деп түсінді. Бірінші және екінші Думада қазақ депутаттары автономшылармен таныс болатын және Финляндия төңірегіндегі оқиғалардың және финдіктердің қандай жағдайда автономия болу құқығына қол жеткізгенінен хабардар еді. Сонымен бірге бұл сұрақта қазақ либералдарына сібірліктердің автономдық көңіл-күйі әсер етті. Географиялық жағынан шалғай орналасу, материалдық және адам ресустарының болуы және қалыптасып келе жатқан ғылыми және саяси элита Сібірде автономияның қалыптасуына ықпал етті. Бірақ қазақ либералдары жасаған ұсыныс ол кезде қоғам үшін алыстағы қол жетпес арман секілді және мүлдем түсініксіз болды. Және де либералдардың қолында қолдауға қарағанда анағұрлым үлкен күш болды, оларды құрметтеді, олардың пікірімен санасты, бірақ 1916 жылғы оқиғалар орын алған кезде халық қарулы қақтығысты таңдады. Қазақтар экономикалық және саяси сипаттағы себептердің қысымынан сол кезде бірінші жолды – қарсылық көрсету және көтеріліске шығу жолын таңдады. Либералдар үшін бұл сабақ болды және өз платформасын қайта қарастырып, қоғаммен бірлесудің жаңа жолдарын іздестіруіне түрткі болды.

Болашақ құрылымның құқықтық түсінігі көшпенділердің билік пен мемлекетті тарихи түрде қабылдауына негізделуі тиіс. Олар мұны былайша түсінді: ол, көшпенді – мемлекеттің ішінде болып жатқан процестерге ықпал ететін саяси ағзаның нақты бөлігі. Мысалы, хан өзінің легитимділігіне ру басшылары мен көшпенділердің негізгі бөлігінің қолдауының арқасында қол жеткізген. Бұған қоса көшпенділердің мүліктік цензінің (шектеуінің) болуы міндетті рөл атқармады. Тарихтан келтірілген мысалдар бұл тезисті растайды: Әбілхайыр негізінен көшпелі халықтың мүдделерін ескермегендіктен биліктен айырылған. Тахир ханмен басқа мысал келтірейік, көшпенділер өздерінің мүдделеріне сай келмейтін ханды қолдаудан бас тартқандықтан ол хандықты тастап кетуге мәжбүр болды.

Саяси белсенділік кезеңінде далада бірден бірнеше саяси ағымдар пайда болды, көшпендінің қолдауына ие болу үшін күресуге тура келді. Осылайша, қазақ либералдары мемлекеттік құрылыс мәселесінде көшпелі халықтың, яғни қазақ қоғамының басым бөлігінің мүддесін ескеруі тиіс еді. Жағдай бәсекелесуші саяси топтардың, мысалы, мұсылмандар қозғалысы немесе социалистік қозғалыстың болуымен қиындай түсті. Қазақ үшін өзін «Мен – демократ» немесе «Мен – либерал» дегеннен гөрі «Мен – мұсылманмын» деп сезіну және айқындау жақынырақ болды.

А. Байтұрсыновтың көшпенді әлеуметтік-экономикалық негіздерге байланысты социализмге жақын деген мәлімдемесіне қарамастан, қазіргі зерттеушілер дәстүрлі түсінікпен байланысы аз кез-келген ағымдарға бейілсіз қатынастың болғанын айтады [27, 425-б.]. Алайда, жалпы саяси әр алуандылық Ә. Бөкейхан өзінің еңбегінде айтып өткен екі бағытта болған [28, 76-б.].

Бүгінгі күн қазақтар өздерінің өркениетті талпыныстарында өмір болмысының еуропалық стандарттарына ұмтылғанын көрсетеді, бұл XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының шамалы бөлігін ғана ерекшеледі. Сондықтан олардың міндеті бірінші кезеңде қазақ халқының арасында ағартушылық идеяларды дамыту болды. Білім алмаған, дайындалмаған этностың саяси күрес аренасына шығуының, ең алдымен қазақтың өзіне жойқын салдары болуы мүмкін. Либералдардың пікірі бойынша мәдениетті дамыту – бұл халықты оятуға көмектесетін ерекше жол. Осылайша, осы тарихи жағдайда мәдени фактор ерекше рөл атқарды.

1917 жылдың басына қарай Қазақстанда буржуазиялық-капиталистік реформалардың ықпалынан жаңа әлеуметтік топтар: сауда буржуазиясы, шенеуніктер, зиялылар қалыптасты. Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамының стратификациялық градация жүйесінде бұл топтар саны жағынан аз болды. Бірақ, ауқымды өнір қауымдарының қызмет етуінің өзгеріске ұшыраған геосаяси жағдайында халықтың осы топтарының өкілдері қазақ этносының болашағы үшін өз жауапкершілігін түсінді. Сондықтан екі революцияның бастапқы кезеңінде қазақ партиялары мен қозғалыстарының әлеуметтік және сандық негізін жоғарыда аталған санаттағы азаматтар құрады. Бұл санаттардың негізін Ресейдің оқу орындарында еуропаша білім алған қазақтар құрады. Олар қазақ органикасының ерекше элементтерін сақтай отырып, мемлекеттің құрылуы мен қызмет етуінің еуропалық моделін негізге алды. Қазақ зиялыларының және оларға жақын әлеуметтік топтардың пікірі көптеген параметрлер бойынша диаметрлік қарама-қарсы болып шықты. Олардың барлығы өздері насихаттап отырған идеалдарға шын көңілімен сенді және өздерінің көзқарасын барынша дәлелдеуге тырысты. Қазақтың адыңғы қатарлы қайраткерлерінің пікірлері мен көзқарастарының қарама-қарсы болуына әлеуметтік шығу тегі және соның салдары ретінде белгілі бір әлеуметтік ортаның басым ықпалы, әртүрлі білім деңгейі, сыртқы әлемді және өздері негіз ретінде алған саяси оқуларды әртүрлі қабылдау секілді факторлар маңызды рөл атқарды. Осылайша, ақсүйек отбасылары либералды бағыттың негізін құрады. Олар өздерінің билік өкілеттіктерін қалпына келтіру ғана емес, сонымен бірге XX ғасырдың басында қалыптасқан объективтік шындықты түбегейлі өзгерту мүмкіндігін пайдалану мақсатында қызмет етті. Олардың қаржы ресурстарының көлемі өте шектеулі болғанмен, абырой-беделі бұрынғы қалпында болды. Бірімжановтар, Теміровтар, Сейдалиндер, Шоқай, Бөкейхандар және басқалар секілді әйгілі отбасылар өздерінің беделін сақтап қалды. Және бұл бірнеше ұрпаққа жалғасты [29]. Жақсы білім алып және саяси аланда тәп-тәуір бағыт алған осы отбасыларынан шыққан

жастар конституциялық демократтарға ұнады және осы прогрессивті қозғалыстың бір бөлігіне айналып, олар арқылы қазақ халқы үшін құқықтар мен бостандықтарға қол жеткізу идеясын ресімдеуге және іске асыруға талпынды. Көшпелі элитаның аға буыны да осы процеске еріксіз тартылды, бұл белгілі бір мәртебе берді және қоғам тарапынан қолдау тапты.

Сонымен қатар, отаршылдық реформалардың нәтижесінде қазақ қоғамдастығының ауқымды топтарымен байланысы бар және зиялылар қатарын жақында толықтырған жас қазақтардың қоғамдық тобы қалыптасады, міне осылар социал-демократиялық лагерьде көшбасшыларға айналды және әрі қарай 1916 жылғы оқиғалардың идеялық шабыт берушілері мен тікелей қатысушылары болды. Егер либералдар Ресей кадеттері және Мемлекеттік думаның мұсылмандар фракциясымен тығыз қатынаста болса, социалистік бағыттағы қазақ жастары ресейлік социал-демократтармен белсенді байланыс жасады. Қазақ қоғамында социал-демократиялық ұйымдардың қалыптасуы жалпы саяси күрестің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді.

Өздерін қандай да бір саяси күшпен сәйкестендірмеген ұйымдар да болды. Осындай идеялық бөліністің нәтижесінде революция жылдары қазақ қоғамы саяси белсенділіктің шыңына шықты.

Бір жағынан көпшіліктің өлкенің саяси өміріне белсенді қатысуы жағымды фактор болды. Бірақ, екінші жағынан, бұл өлкедегі онсыз да шиеленісіп тұрған саяси жағдайды ұшықтырып жіберді. Билік пен ықпал үшін күрес революция уақытының маңызды бөлігіне айналды. Бұл үрдіс монархия құлағаннан кейін Уақытша үкімет пен Жұмысшылар, солдаттар мен шаруа депутаттары кеңестерінің арасындағы қос билік орнаған империя орталығынан бастау алды. Жұмысшылар, солдаттар мен шаруа депутаттарының кеңестері Қазақстанда да құрылды, бірақ өлкенің өмірінде әлі маңызды рөл атқара қоймады. Осылайша, буржуазиялық-демократиялық қозғалыстарды жоғары оқу орындарының түлектері құраса, социал-демократиялық бағыттағы қозғалысты орыс-мектептерінің, оқытушылар семинарларының түлектері құрады. 1917 жыл қазақ ұлтшылдарының мінез-құлық стратегиясына әсер етті. Революция серпіні барлық саяси қозғалыстар мен топтардың беріктігін сынады: мықты интеллектуалдық базасының болуына қарамастан кадеттер; помещиктер табының материалдық қолдауына ие жаза жүздердің (черносотеншілер), шаруалардың жаппай қолдауына ие эсерлер түзетулер жасады. Қазақ ұлтшылдарының қағидалары да өзгерістерге ұшырады. Аймақта ірі саяси ойыншылардың – қазақтардың болуымен жағдай ушыға түсті, олардың үздіксіз өзгеріп отыратын саяси ұстанымы және әкімшілік аппараты болды, олардың саны аз болғанымен жоғары беделді болып келді және империя күшімен байланыс жасап отырды. Әрине, Ресейдің саяси топтары орыстарға қарсы көңіл-күйі болмаса да, қазақ зиялыларына қарағанда оларға көбірек сенім артты. Қазақ шаруасының жерді қайта бөлу мәселесін өзі шешуге талпыныстары кезінде қазақ ұлтшылдарының тобына аз сенушілердің жалпы санының үштен бір бөлігінен асатын көптеген қоныстану элементін назардан тыс қалдырмау қажет [30]. Алайда, объективтік

және субъективтік факторлардың қысымына қарамастан қазақ либералдары өз көзқарастарын рәсімдеді және қолайсыз саяси жағдайда олардың негізгі мәнін өзгертпеуге тырысты.

Келісімге келу қажеттілігі. Съездердің арқасында шиеленіскен саяси кезеңде қоғамдық келісімді іздестіру мүмкін болды және де өзекті мәселелерді талдау алаңына айналды. Съездердің жұмысына зиялылар ғана емес, сонымен қатар қазақ сауда буржуазиясының жаңа табының өкілдері, көшпелі ақсүйектер атынан билер мен ақсақалдар, ескі әкімшіліктің шенеуніктері, сондай-ақ Қазандағы мұсылмандар комитетінің мүшелері, басқа аймақтардың зиялылары соның ішінде Ресейдің азиялық бөлігінен келген зиялылар қатысты [31, 21-б.]. Жиналыстар Торғай, Верный, Омск, Семей, Орал, Оренбург және т.б. қалаларда өтті. Қатысушылар саны 200-ден 500 адамға дейін жетті. Съездер мазмұны жағынан бір-біріне ұқсас болды: Уақытша үкіметке қолдау көрсету, Құрылтай жиналысын шақыру, жер мәселесін тездетіп шешу, тактикалық сызықтарды әзірлеуден бастап қысқа мерзімде аймақтағы мәселелерді шешу ниетіне дейін [31, 23-б.]. Съездер қазақ этносының саяси мәдениеті мен санасының қалыптасуындағы маңызды кезеңге айналды. Жағдай либералдардың пайдасына қарай қалыптасып жатты, себебі олар іс жүзінде съездерді өткізуге бастама көтеріп қана қоймай, сондай-ақ оларда төрағалық етуші күшке айналды. Бұл кезең қазақ зиялыларының идеяларын іске асыру үшін барынша қолайлы сәт болды. Қоғамның саяси белсенділігі бір жүйеге келтіруді және сындарлы бағыттылықты талап етті. Революциялық қайта құру процесін оңтайландыру мақсатында либералды зиялы қауым қоғамдық комитеттер құруға бастама көтерді. Әйгілі зиялы қауымның өкілдерінің қолдауымен осындай комитеттер құру туралы шешім қабылданды. Осылайша, Ә. Бөкейхан Ақтөбе уезіне барды [32].

Жер мәселесі шешуді қажет ететін барынша маңызды мәселе болып табылады. Қоныстандыру саясатының нәтижелері қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына және әлеуметтік-экономикалық жағдайына күшті соққы болды. Көшпенділердің арасында дәстүрлі шаруашылық пен этникалық тұтастық негіздерінің сақталуына аз ықпал ететін қоғамның тапсыздану және азу процесі жүрді. Бірнеше он жылдықтар бойы үкімет бұл мәселені елемей келгендіктен биліктің ауысуы жергілікті жерлерде өз бетімен әрекет ету және проблемаларды барлық мүмкін болатын құралдармен шешу мүмкіндігі ретінде қабылдана бастады. Төңкеріс туралы хабардан кейін бірден жергілікті халықтың арасында жерді өз бетімен қайтару үшін қақтығыстар басталды. Мұндай қақтығыстар бара-бара этносаралық және зорлық-зомбылық сипатқа ие бола бастады [33].

Комиссариаттар бастамасымен Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін жер қатынастарын реттеу үшін жер комитеттері құрылды. Уақытша үкімет органдары байырғы халықтың да, сондай-ақ көшіп келушілердің де мүдделерін ескеруі қажет болды. Жер комитеттері әрбір кейсті оның тарихи дамуына қарай зерттейді деп көзделді. Келесі бағдарлама бойынша жүргізілуі тиіс: учаске қай жылы құрылған; учаскені құру немесе оны қоныстандыру кезінде қырғыздармен қақтығыстар болды ма; учаске қандай

қырғыз болысынан бөлінген, қырғыздар өздеріне қалдырылған немесе қайтадан бөлініп берілген аумаққа көңілі толды ма. Егер жаңа иеліктер бөлінген болса, онда қандай болыстың, ауылдың есебінен бөлінді.

Жер комитеттерін аймақтағы мал шаруашылығы да қызықтырды. Жайылымдар қолайлы ма, шабындық жерлер жеткілікті ме және т.б. Осылайша, жер комитеттері қалыптасқан жағдайда, өлкенің ерекшеліктерін ескере отырып, алдағы болатын жерді қайта бөлу үшін жағдай жасауға тырысты [34].

Қазақ зиялылары жер туралы мәселені Құрылтай жиналысы ғана түпкілікті шеше алатындығы туралы жағдаймен келісе отырып, бұл мәселеге қатысты аймақтағы даулы жағдайды барынша азайту мақсатында, тіпті осындай транзиттік кезеңде де аграрлық мәселе бойынша өз пайымын айқындады. Олар өздерінің құқықтық пайымдарын алғашқы орыс революциясы жылдарында білдірген болатын. Уақыт өте келе жер мәселесі бойынша нақты ұстаным қалыптасты, бұл 1917-1918 жылдардағы қазақ съездерінің құжаттарымен және шешімдерімен расталады. Жер қатынастары сол кездегі қалпында қазақты меншікке деген табиғи құқығынан немесе дұрысырақ айтқанда, адамға өмір сүруіне мүмкіндік беретін құралдарға деген құқығынан айырып отырғаны анық еді. Съездердің шешімдерінде жерлерді алып қоюды тоқтату, қоныстандыруды доғару, барлық жерге орналастыру жұмыстарын тоқтату қажеттігі туралы айтылды. Алаш партиясының бағдарламасында рудың меншігі жерді иелену негізі ретінде алынуы тиіс деп атап көрсетілген. Кейінірек Алаш автономиясы құрылған кезеңде «Автономия аумағында уақытша жерді пайдалану туралы ережелер жобасы» шықты, оның мазмұнында алдыңғы құжаттардың көптеген аспектілері бекітілді.

Демократиялық қайта құруларды бекітуі тиіс тағы бір мәселе земство туралы болды.

Өлкеде земство мәселесі ақпандағы оқиғалардан кейін одан сайын өзектене түсті. Қазақстанда земстволық болмауынан билік қоғамдық ұйымдар мен комиссарлар арасында теңесіп отырды. Ресейдің орталық бөлігіне земство XIX ғасырдың екінші жартысында енгізілді. 1917 жылдың 17 маусымында Уақытша үкіметтің Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай және Орал облыстарында жер мекемелерін жүргізу туралы қаулысы жарияланды [35]. Торғай облысында земство жүргізу мәселесі 1917 жылдың 28 маусымындағы облыстық басқарманың отырысында талқыланды [35]. Уездік земстволарды ұйымдастыру уездердегі азаматтық комитеттерге тапсырылды. Оларға уездік земстволы ұйымдастыру кезінде пайда келтіретін құзыретті адамдардың қатарынан арнайы комиссиялар құру ұсынылды. Қостанайда земство туралы мәселе 1917 жылдың 27 тамызында өткен Қостанай уездік Азаматтық комитеттің съезінде талқыланды. Съезге 25 болыстың өкілдері қатысты, А. Бірімжанов бір ауыздан съездің төрағасы болып сайланды [36]. Күн тәртібіне земстволы жүргізу жөніндегі комиссияға сайлау туралы мәселелер шығарылды. Осы съезде ашық дауысқа салу арқылы комиссия

мүшелері болып Шаповалов, Руденко, Мезоненко және басқалар сайланды [37]. Земство демократияның тағы бір жетістігі болды. 1917 жылдың шілдесіндегі съезд Қазақстанның саяси өміріндегі өзгерісті кезеңге айналды. Қарастырылатын мәселеріне алдыңғы облыстық съездердің күн тәртібіне ұқсас сұрақтардың болуына қарамастан, оларға қатысты қабылданған шешімдер тарихи сипатқа ие болды [31, 50-б.]. Қабылданған қаулылар Алаш партиясының бағдарламалық қағидаларына және кадеттермен қатынастарды бөліп тұратын сызыққа айналады. Негізгі мәселелерге байланысты кадет партиясымен айырмашылықтың болуын бір жағынан саяси тұрғыдан жетілу ретінде қарастыруға болады, себебі Алаш партия ретінде Ресейдің басқа саяси күштерімен бір деңгейге шықты. Екінші жағынан, қазақ либералдарының Ресейдің орталық бөлігіндегі одақтастарынан айрылуына және қолдаусыз қалуына байланысты бәсеңдеу ретінде қарастыруға болады. Алайда, либералдар үшін басқа жолы болмады. Филиал мәртебесінде қалу ымырасыз ұстанымдарды айқындау және қазақ саясатының, экономикасының мүдделері мен өзіндік болмысына ықпал ету мүмкіндігін жіберіп алуды білдірді.

Ә. Бөкейхан өз мақаласында кадеттер партиясынан шығуға қатысты түсінік берді. Шын мәнісінде, жалпы қабылданған демократия идеялары адам бостандығын, мемлекет пен құқықтың рөлін ескеру қажеттігіне қарамастан, этностар әртүрлі өркениеттік бағыттарда: көпшелі және отырықшы бағытта дамығанын ескеру қажет. Келешекте өндірістің көшпелі әдісінің болмайтынын ескерсек , XX ғасырдың басында меншіктің жаңа түріне бір сәтте көшу үшін әлі ерте еді. Либералды зиялылардың көзқарастары бұл тұрғыдан ұқсас болды: қазақтар меншіктің жаңа түріне көшуге әлі дайын емес. Дәстүрлі шаруашылықтың дағдарысына қарамастан рулық қатынастар көпшендінің координаталар жүйесінде басты және анықтаушы болды. Жеке шаруашылыққа көшу психологиялық дайындықты және ең аз экономикалық және қаржылық сауаттылықты талап етті, ондай болмаған жағдайда Ә. Бөкейханның пікірінше «башқұрт нұсқасы» болады [28, 414-б.].

Шілде айындағы съездің нәтижелері бойынша мемлекеттік құрылыс туралы мәселе де кескін ала бастады. Федеративтік құрылыс ұлттық-аумақтық автономия идеясын іске асыруға мүмкіндік берер еді. Кадеттік пайым тұрғысынан бұл мүмкін емес еді, себебі олар бөлінбейтін Ресей үшін күресті, ал өзін-өзі айқындау идеясын земство арқылы ілгерілетуді ұсынды. Алайда, либералдар үшін автономия мәселесі ымырасыз мәселе болды. Олар мәдени автономияны емес, мүмкіндіктері шектеулі земствоны қаламады. Олардың пікірінше автономия қазақ мәдениетін қалпына келтіру үшін жаңа серпін беруге қабілетті және өлкенің дамуының өзіндік ерекшеліктерін ескерер еді. Автономия жағдайында бірдей экономикалық, саяси және мәдени қайта құрулар жасауға болады. Мұнда Сібір облыстарының ықпалы болды деп саналады. Сібірдің интеллектуалдық күші қазақ либералдарының әлеуетін мойындады және автономия пайдасына саяси таңдау жасауға негіз болды. Бөкейхан олармен жақын болды, оның саяси көзқарастарына және

дамуына ықпал жасады деп айтуға болады. Сібір облысы идеологтарының бірі Г.Н. Потанин, Ә. Бөкейханды жоғары білімді қазақтардың санатынан екенін, олардың кейбіреулерімен жеке дос болған, өзін саяси күш ретінде мәлімдеуіне мүмкіндігі бар, сонымен бірге автономияны басқаруға қабілеті жеткілікті деп тұжырымдады. Әсіресе облыстықтардың теориялық жағынан байқалады [38]. Мысалы сібірліктер өздерін колония ретінде мәлімдеді, ал Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде сол категориялық аппаратты пайдаланды. Тұжырымдамалы негіздер Сібір облыстықтарының еңбектерінен толық көшіріп алынды деп саналады [39].

1917 жылы динамизм постимерияның екі шегін біріктіруші факторға айналды, себебі біз сібір және қазақ автономшыларының мінез-құлқында интеграциялық үрдістерді байқаймыз. Қазақ зиялыларының өкілдері съездің жұмысына қатысты, оның үстіне Алаш қозғалысының көшбасшысы желтоқсан кезеңінде Дала өлкесі үшін Сібір автономиясының құрамына кіру тиімді болады деп есептеді.

Саяси ахуал мен азаматтық қарсы тұрулар ушыққан кезеңде сібір облысшылары мен алашордашылар теориялық конструктың бірыңғай моделін ғана емес, сонымен бірге жылдам өзгеріп отыратын саяси ахуалға қатысты әрекет етудің ортақ тәжірибесін бірлесіп әзірлеу мақсатында бірікті.

Автономия құру туралы өр мақсатты сепаратистік талпыныс ретінде қарастыруға болмайды. Олардың пікірінше, унитарлы Ресейдің құрамында мәдениет тілінің толыққанды дамуына және аймақтың ерекшелігін ескеретін және Петербургтың жалпы қамтушы ықпалынсыз қазақ қоғамының ішінде саяси элитаның дамуына негіз дайындайтын тиімді саяси модель құру үшін мүмкіндік жоқ. Сондай-ақ, зиялы қауым толық бөлімше емес, автономия мәртебесіне үміттенуге мүмкіндік беретін сол кездегі қолда бар ресурстар мен әлеуетті дұрыс бағалай білді.

Қазан кезеңінен кейінгі оқиғалар нағыз қарсы шығулар болды. Уақытша үкіметтің құлауынан кейін орын алған саяси аласапыран ірі саяси күштер ғана емес, сонымен бірге олардың әскери қолдауы біртіндеп шоғырлана бастаған ұлттық шеткі аймақтарға теріс әсер етуі мүмкін. Алаш партиясы Қоқан автономиясының тәжірибесін ескере отырып, шұғыл тәртіпте Жалпықазақтар съезін өткізді, нәтижесінде Алашорда автономиясы мен үкіметі құрылды. Съездің жұмысы зиялы қауым қазақ қоғамындағы жетекші күш деген тезисті растайды. Алда жаңа сападағы қатынастарды қалыптастыру жұмысы тұрды.

1917 жылдың желтоқсан айындағы съезд қазаннан кейінгі жағдайға жауап ретінде болды. Съезде Алаш Халық кеңесінің құрамына сайланды. Кеңес коалициялық болды, оның құрамына 25 өкіл кірді. Қазақ халқынан 15 адам, Кеңесте тағы 10 адам орыс халқының және басқа да саны аз ұлттардың мүддесін білдірді. Халық кеңесінің төрағасы болып Әлихан Бөкейхан сайланды. Халық кеңесінің функцияларына конституцияны – автономияның негізгі заңын дайындау кірді. Автономия туралы мәселе делегаттар арасында қызу талқыланғандықтан, Халық кеңесі тездетіп шешу мақсатында «ол

құрылған күннен бастап бір ай мерзімде Түркістан өлкесіндегі барлық қазақ-қырғыздардың Алаш автономиясына қосылу мүмкіндігін анықтауға» міндеттенді [31, 71-б.].

Үкімет ретінде Алаш қызметінің уақыт жағынан аз өмір сүруі, нақты нәтижелер туралы айтуға мүмкіндік бермейді. Бірақ, біз рулық талас-тартыс тоқтап қана қоймай, өзінің нығаюы үшін сыртқы күштерді тарта отырып, одан әрі орныға түскен жағдайда алаштықтар этникалық бірлік пен жалпы тарихқа сүйене отырып, барынша қолайлы стратегияны таңдағанын мойындаймыз. Бұған ақтардың офицерлері мен басқа күш өкілдерінің хаттары дәлел [40].

Осы кезеңде Алаш уездерді, халық болыстарын негізінен қазақ этносының өкілдерімен толықтыру туралы тезистен тұратын өзінің құқықтық конструкт жөніндегі түсінігін нақтылады. Бұл тезис бірнеше он жылдықтар бойы бір мемлекеттің заңнамалық құзіретінде болғанымен, шаруашылық ерекшеліктерімен байланысты емес салалар бойынша қазақ қоғамына арналған зиялылардың бағдарламасында барынша тартымды болған деп есептеледі. Бөкей ордасы Асхтрахань губерниясына қарады, Сырдария аймағы Орта Азия облыстарының қарамағына өтті. Алаштықтар тарихи өткенге сүйене отырып, саяси-прагматикалық сипаттағы міндеттерді ғана емес, сонымен бірге идеялық жоспарды шешті. Қазақ этносы нақ осындай мәлімдеуді қажет етті, оған қорғаныс, халықты біріктіруге қабілетті нақты күш қажет болды.

Басқа маңызды сәт көшпенді құқықтарын іске асырудың кепілі ретінде билер сотының қызметі мен рөлін қайта жандандыру болып табылады. Империя кезеңінде мұндай соттар болды, бірақ олардың маңызы күрт төмендеп кетті. Ең алдымен, сот процесіне қатысушылардың құқықтары тең болу шартымен сот қазақ тілінде жүруі тиіс. Империя сотында қазақтардың мұндай мүмкіндіктері болмады. Алқабилер сотын енгізу және қарапайым құқық нормаларын пайдалану көзделді. Мұндай диалекті тәсіл бір жағынан қоғамның соттың жаңа түрлеріне көшуіне дайын еместігін көрсетеді, екінші жағынан – бейімдеу түрлерінің болуына жол береді.

Екі революциядан кейін орын алған қарқынды өзгерістер, ресурстардың болмауы Алаш автономиясының құлауына алып келді. Азаматтық қарсы тұрулар кезеңінде өздерін басшылық етуші күш ретінде айқындаған саяси күштермен келісімге келу сәтсіздікке ұшырады. Оның үстіне, тарихи әдебиетте Алаш партиясының әлсіз тұстарының бірі оның тұрақсыздығы деген пікір кездеседі. Алайда бұл ұлттық зиялы қауымның қалыптасқан жағдайда Қазақстанның мемлекеттік құрылысы мәселесін барынша тиімді шешуге талпынғанымен түсіндіріледі. М. Шоқай өз естеліктерінде: «...революцияның алғашқы айларында біз қалай жұмыс істедік, одан халқымыз үшін барлық мүмкін болатын пайданы алуға тырыстық» деп жазады [42, 4-б.].

Өмірде іске асқан құқықтық тәжірибелер қазақ зиялыларының саяси бағыт-бағдарын сәйкестендіруге мүмкіндік бермейді. Біреулер айтқандай оларқемеліне жетпегендіктен және идеялық жағынан қатаймағандықтан емес, олардың

бөтен теориялық негізде қалыптасқанын, ал саяси күш ретінде қалыптасуы аласапыран жағдайда жүргенін ескеру қажет. Ә. Бөкейхан, өзін және өзінің жақтаушыларын батысшылар ретінде анықтаған, өзін либералды күшке теңеген [28, 76-б.]. Идеологиялық диктатураның қатаң қысымында болған кеңестік тарихнама оларға контрреволюциялық лагерьден орын берген [1]. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында олардың қызметін бағалау тәсілдері өзгерді және бүгінгі күнге дейін тарихнама алаштану үшін анықтаушы болып табылатын еңбектермен толықтырылды. Бірақ әлі күнге дейін олардың қандай саяси күшке жататыны туралы бірыңғай түсінік жоқ. Мысалы, әйгілі зерттеуші Д. Аманжолова Алаш өкілдерінің либералды бағытта болғанына қарсы, бірақ басында оларды осы бағытта болған деп анықтағанын мойындайды. Шетелдік тарихнама қазақ зиялыларын ұлтшылдар ретінде белгілеген [42]. Посткеңестік кеңістікте терминнің қазіргі заманғы түсінігіне сүйене отырып, мұнымен келісу қиын. Қызмет сипатына қатысты анықтамаларды дұрыс пайдаланбау. Алаш қандай саяси бағытқа жатқан деген аса маңызы мәселеде жаңылысулар тудырады.

Этнологиялық аспектіде қазақ зиялыларының қалыптасу механизмі қазақ этносының жаңа өркениеттік бағытының қалыптасуымен теңестіріледі. Қазақ қоғамының әлеуметтік таптарға бөлінуі тұрмыстың дәстүрлі элементтері бар жергілікті этнолокальды мәдениеттің және жергілікті этникалық ортаға калькаланған еуропалық-ресейлік, империялық-интеграциялық идеологияның қарама-қайшылығын сезінген халықтың өтпелі топтарының болуына алып келді. Жергілікті зиялы қауымның әртүрлі топтарын қазақтардың этникалылығын, ұлттық мәдениетін, қазақтарға тарихи бекітілген тарихи-аумақтық кеңістікті сақтап қалу және соның нәтижесінде мемлекеттілікті қайтадан жандандыру идеялары біріктірді. Екі революция және азаматтық қарсы тұрулар жағдайында қазақ зиялылары өздерін жетекші қоғамдық күш ретінде түсініп қана қоймай, сонымен бірге қазіргі заманғы саяси құбылыс үшін өзектілікті сақтайтын, өкінішке орай XX ғасырдың басында толық көлемде іске асыруға мүмкіндік болмаған даму концептілерін жасай білді.

---

1. Тогжанов Г. О Байтурсынове и байтурсыновщине. – Алма-Ата – М.: Казкрайиздат, 1932. – 186 с.; Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. – Алма-Ата-М.: Казкрайиздат, 1935. – 149 с.; Бисембиев Б. Очерки истории общественно-политической и философской мысли Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1976. – 428 с.; Алашорда. Сборник документов. Сост. Мартыненко Н. – Алма-Ата: Айкап, 1992. – 192 с.; Бочагов А. Алаш-Орда. // Сафаров Г. Колониальная революция. – А.: Жалын, 1996 – 272 с.; Сафаров Г. Колониальная революция. Опыт Туркестана. – А.: Жалын, 1996. – 272 с.; Чокай-оглы М. Туркестан под властью Советов. К характеристике диктатуры пролетариата. – Алма-Ата: Айкап, 1993. – 160 с. Его же: Отрывки из воспоминаний о 1917 г. – Токио-М.: Российская Академия наук, 2001. – 54 с.; Букейхан А. Избранное. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 480

с.; Байтұрсынов А. Ақ жол. – А.: Жазушы, 1991.; М. Дулатұлы. Шығармалары. – 2 т. – А.: Ғылым, 1996-1997; Рыскулов Т. Избранные труды. – Алма-Ата: Казахстан, 1984. – 259 с.

2. Зиманов С., Идрисов К. Общественно-политические взгляды М. Сералина. – Алма-Ата: Наука,1989. – 168 с.; Бурабаев М. Общественная мысль Казахстана. 1917-1940 гг. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 251 с.; История и историография национально-освободительного движения второй половины XIX начала XX веков в Средней Азии и Казахстане. Итоги, поиски, перспективы. – Ташкент, 1989.; Коваль В., Коршунов В., Осипов В. Сила правды и бессилие лжи: критика буржуазной историографии ленинской национальной политики КПСС в Казахстане. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 264 с.; Абжанов Х., Гуревич Л. Интеллигенция Казахстана: история, теория и современность. – Алма-Ата, 1991. – 48 с.

3. Оразалина Ж. Национальная интеллигенция и власть: историография и источники проблемы 1920-1930-е годы. // Вестник КарГУ, 2007; Шотабекова Л. Казахская интеллигенция конца XIX – начала XX века об основных направлениях развития культуры в Казахстане // Вестник КарГУ, 2006; Шаймуханова С., Ерденова Ж., Муратбеккызы Б. Вклад А.Букейханова в политическую и научно-исследовательскую деятельность Казахстана // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 5 (часть 2). – С.330-333.; Абдыгалиев Б. Военные формирования Алаш-Орды (1917-1920 гг.); Аманжолова Д. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – А., 2009. – 412 с.; Жумашев Р. Историографические аспекты изучения интеллигенции советского Казахстана // Вестник КарГУ, 2006.

4. Кыдыралина Ж. Алимхан Ермеков. – Алматы, 2012. – 320 с.; Ахметова Л., Григорьев В., Шойкин Г. Алихан Букейханов. Поиск ориентиров. – Астана. 2008. – 76 с.; Мамраева А. Общественно-политическое развитие Казахстана XX века и А.Букейханов. – А., 1997.

5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алаш-Орда. – А.: Ататек, 1995 – 178 б.; Қойгелдиев М. Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905-1917 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметі. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми әрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А., 1994; Алаш қозғалысы. – А.: Санат, 1994; Омарбеков Т. Актуальные проблемы истории Казахстана в XX веке. – А., 2003. – 552 с.; Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М.: Издательский центр «Россия молодая», 1994. – 216 с.

6. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-XX вв. – А.: Жеті жарғы, 1996. – 486 с.; Нурпеисов Е., Котов К. Государство Казахстан: от ханской власти – к президентской республике:учебное пособие. – А., 1995. – 88 с.; Абенов Е., Арынов Е., Тасмагамбетов И. Казахстан: эволюция государства и общества. – А., 1996. – 390 с.

7. Байтурсынов А. Революция и киргизы // Жизнь национальностей. – 1919. – 3 август, № 29.

8. Казиев С. Ислам, тюркизм и становление казахской этносоциальной идентичности в начале XX века // Вестник СВФУ. – 2015. – Т.12. – № 1.

9. Мамычев А. Основы российской государственности: теоретико-правовой анализ // Вестник Таганрогского института имени А.П. Чехова. – 2010. – Специальный выпуск № 2. – С.290-297.

10. Кенжетаев Б. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции. – Казань: ПиФ, 1998. – 87с.; Султангалиева Г. Западный Казахстан в системе этнокультурных контактов (XVIII – начало XX вв.). – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ. 2002. – 262 с.; Айтмухамбетов А. Санкт-Петербургский университет в истории просвещения казахов со второй половины XIX в. до 1917 г. // Сибирь в системе международных связей. Сборник статей. – Томск, 2001 – 154 с. – С.31.

11. Кенжетаев Б. Казанские учебные заведения и процесс формирования казахской интеллигенции. – Казань: ПиФ, 1998. – 87 с.

12. История Казахстана с древнейших времен до наших дней в пяти томах. Т.3. – С.74.

13. Михайлова С. Казанский Университет и развитие духовной культуры. – Казань, 1991. – 359 с.

14. Коробейников А. Западные философские концепции во взглядах и деятельности казахской интеллигенции в позднеимперский период (1905-1917 гг.) // Запад и Восток; философия, религия и культура. – СПб: Санкт-Петербургское философское общество, 2016. – С. 42-48.

15. Айтмухамбетов А.А. Санкт-Петербургский университет в истории просвещения казахов со второй половины XIX в. до 1917 г. // Сибирь в системе международных связей. Сборник статей. – Томск: Издательство Томского Университета. – 2001. – 154 с.

16. Мусульманские депутаты Государственной Думы 1906-1917. – Уфа: Китап, 1998. – С.10

17. Озганбай О. Государственная Дума и Казахстан. 1905-1917. – Алматы: Арыс, 2000. – 284 с.

18. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. Сессия 2. – С. 2271-2272.

19. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 350. П.4.

20. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 350. П.5.

21. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 350. П.6.

22. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 1165. П.32.

23. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 36. П.2.

24. РМТА. Қ.1278. Т.1. І. 36. П.4.

25. Озганбаев О. Просветитель. // Мысль. 2000. № 8-9 С.59.

26. Петрункевич И. Политическая роль первой Государственной Думы // Политическое значение Первой Думы. Сборник статей СПб. 1907. С.41.

27. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-XX вв. Алматы: Жеті жарғы. – 1996. – 486 с.

28. БукейханА. Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. -1995.480 с. 29. МСҚАҚ.1701 Т. 1. І.6в. П.164-167 об

29. ҚРМОА. Қ.18. Т.1. І.5. П.40.

31. Алаш-Орда. Сборник документов. Сост. Мартыненко Н. – Алма-Ата: Айкап,1992. – 192 с.

32. ҚРМОА. Қ.18. Т.1. І.15. П.2.

33. ҚРМОА. Қ.18.Т.1. І.5. П.40.

34. ҚРМОА. Қ.17. Т.1. І. 21. П.5-7.

35. ҚРМОА. Қ.18. Т.1. І. 29. П.25.
36. ҚРМОА. Қ.18. Т.1. І.8. П.91.
37. ҚРМОА. Қ.18. Т.1. І.8. П.91 жалпысаны.
38. Шевцов В. Вопрос о самоуправлении Сибирив период революций 1905-1907 гг. // Вестник Томского Государственного университета, 2012, № 4(20). – С.138-142.; Захаренко А. Идеи областничества на страницах Павлодарской печати в 1917 – начало 1918 гг. // Вестник Томского государственного университета. История. – 2011. – № 2 (14) – С.77-79.
39. Коробейников А. Воображая Алаш: Опыт конструирования казахской нации в контексте имперского кризиса, 1905-1917 гг.// Человек в мире культуры; Шишкин В. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: гуманитарные науки. Екатеринбург: Изд-во Уральского федерального университета имени первого Президента России Б. Н.Ельцина 2011. Т. 96. No 4. с. 110–123.
40. Ресей Федерациясы Мемлекеттік Архиві 1701 кор., 1т., 6в-іс, 164-167 п. арты.
41. Чокай-оглы М. Отрывки из воспоминаний о 1917 г. – Токио-Москва. – 2001. – 54 с.
42. Чжан Нань Движение Алаш – значение и влияние // Социально-политические науки, 2017; Олкотт Брилл Марта. Казахи (на английском языке). – США, 1987.

4.3 АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ

XIX соңы – XX ғасырдың бірінші ширегінде отаршылдық саясат нәтижесінде жаңа билік тарапынан белсенді қолдау көрсетіліп отырған көші-қон қозғалысы, жерді ұтымды пайдалану және мал шаруашылығының дамуы мәселелеріне баса назар аударылды. Бұл мәселе тек қазақ халқының ғана емес, Ресей империясының далалық бөлігінің де әл-ауқаты осыған байланысты болғандықтан барлық саяси платформаларда көкейкесті мәселеге айналды. Қазақ халқының өз жеріне деген заңды көзқарастарын қорғау мәселесі алаш көшбасшыларының жіті назарында болды.

XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының қызметіндегі маңызды мәселе – құқықтық мәселелер болды, өйткені бұрынғы патша заманында қолданыста болған заңнама көшпелі халықтың құқықтарын бұзды, ал бұл оның табиғи наразылығын тудырды. Ұлттық интеллигенция билік органдарының Қазақстандағы жерді жаппай басып алуынан және жергілікті халықтың туған жерінен мәжбүрлі көшірілуінен тұратын тонаушылық әрекеттеріне жол бермеді. Бұл мәселеде Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов және басқалардың еңбектері ерекше орын алады. Онда статистикалық деректер мен мәліметтер мұқият зерделенді, себеп-салдарлық қатынастар, Қазақстандағы көші-қон қозғалысының серпіні, оның отаршылдық сипаты және әлеуметтік-экономикалық салдары көрсетілді. Тарихи деректерде: «Қазақтардың экономикалық өмірінің қайта түрленуі ендігі уақытта сөзсіз мәселе. Шаруалар біздің ең жақсы егістік

жерімізді иемденді, жерді реквизициялаумен айналысады... шетелдіктер жер қойнауымызға енуде. Тіпті қазақ халқының өмір сүруі проблемалық сипатқа ие болуда» [1, 78-б.] – деп көрсетілген. Ә. Бөкейханның Қазақстанның Ресей империясының құрамына қосылғаннан кейінгі Дала аймағының тағдырына, қазақ халқының жағдайына көзқарасын ашатын журналистік мақалалар жиынтығы жер мәселесіне арналған [2, 35-б.]. Мәселені зерделеудегі объективті көзқарас – жер мәселесін ұлттық автономия құру туралы саяси келіссөздер процесінде бірінші кезекке коюға мүмкіндік берді.

Олар өз жеріндегі туған халқының басындағы қайғылы жағдай туралы толық мәліметке ие болғандықтан, патшалық үкіметке қазақ халқының әлеуметтік қажеттіліктері туралы ақпарат беруге және олардың мүдделерін қорғауға тырысты. Олардың көпшілігінде арнайы заңгерлік дайындықтары болды, ол қалың бұқара арасында құқықтық білімдерді кеңейтуге, олардың құқықтық білімін байытуға және тереңдетуге мүмкіндік берді. Қазақ интеллигенциясының жетекшілері М. Тынышбаев, Ж. Ақпаев, Ә. Ермеков, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың құқықтық қызметтеріндегі басты орын жер мәселесі болды [3, 724-б.]. Олар өздерінің ғылыми және журналистік мақалаларында, патшалық билікке әртүрлі жолдауларында қазақ халқының тұрмыс жағдайына сәйкес келмейтін патша үкіметінің заңнамалық нормаларын әділ сынға алды.

Қазақстанда ұзақ уақыт бойы көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылықтары өндірістік қызметтің негізгі түрі ретінде жұмыс істеді. Мал шаруашылығы табиғи-климаттық жағдайларға байланысты халықтың негізгі кызметі болды. Далалық аймақта жартылай көшпелі мал шаруашылығы кеңінен таралған, оның ерекшелігі жыл бойы малды жайылымда жаю болды. Өз кезегінде, қазақтардың экономикалық өміріне елеулі мән беріп келген егіншілік негізінен Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде, Батыс Қазақстан мен Сарыаркада, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Созақ аудандарында таралды. Ә. Бөкейхан өзінің «Далалық аймақтың түкпіріндегі орыс қоныстары» (1908) атты ғылыми-зерттеу жұмысында экология проблемалары мен жерді ұтымды пайдалану мәселелері бойынша кең көлемді материалдар негізінде «Мал бағуда қоршаған орта жағдайларын барынша тиімді пайдалануға болатын көшпелі мал шаруашылығы артта қалған емес, керісінше, ұтымды шаруашылық түрі» [2, 29-б.] – деп жазады. Ол, сондай-ақ, Нұра мен Есіл өзендерінің алқаптарында орыс переселендерінің қоныстанулары басталғанға дейін суармалы егіншіліктің дамығандығын атап өтті.

Бұрыннан ауыл шаруашылық дәстүрлері қалыптасқан Ресей империясының жер реформасы және қоныс аудару саясаты қазақ даласының кең көлемді жерлерін оңтайлы пайдалану мүмкіндігін, қазақтардың тарихи қалыптасқан дәстүрлі экономикасын бұзды. Нәтижесінде, XIX-шы ғасырдың басында суармалы жерлер азайып, олар тек оңтүстік Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар орталық, солтүстік және шығыс өңірлерде де ауыл шаруашылығымен айналыса бастады, бірақ қазақтардың шаруашылығында

қосымша, қосалқы рөл атқара берді. Дәстүрлі өндіріс тәсілін өзгерту жергілікті тұрғындарға зиянын тигізді. Халықтың өмір сүру деңгейі мен тұтастай алғанда экономиканың төмендеуі, халықтың аз қамтылған топтарының пайда болуы дәстүрлі қызметтің оңтайлы түрлерінен ерекшеленетін өндірістік қатынастарды күштеп өзгертумен сипатталды.

Ә. Бөкейхан бастаған аграрлық мәселелердегі көрнекті, танымал білгір-сарапшылар отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін тартып алу, шаруаларды азайту процесі арқылы коныс аудару қорын құру тарихының мәнін ашты. Ә. Бөкейханның жер мәселесі бойынша тұжырымдамасы көшпенді мал шаруашылығын ауыл шаруашылығымен біріктіріп, жер массивтерінің тұтастығын, коммуналдық жерді пайдалану негізінде олардың құнарлығын сақтауды қарастырды. Ауыл шаруашылығының тәжірибесі, агрономия, егіншілік дағдылары болмаған жағдайда егінші ауылдарын құру, отырықшы өмір салтына көшу, қазақ шаруаларына қауіп төндіріп, мал шаруашылығы дағдысының жойылуына, содан барып күнделікті қажеттілікке байланысты жерді переселендерге сатуына қауіп төндірді [3, 707-б.].

Қосып алынған аумақтарда Ресей үкіметі отаршылдық саясатының қорғаныс рөлін, яғни атқарушы нығайтылған желілер мен қалаларды құрды. Жер мәселесі көшпелі мал шаруашылығының экстенсивті сипатымен қалыптасты, сондай-ақ, патша әкімшілігінің жайылымдық жерлерді пайдалану құқығын өзі ғана иемденуімен және ең жақсы жайылымдарды өзіне алуымен, әскери бекеттер мен желілерді салу үшін жерді алып қоюымен қалыптасты. XIX ғасырда басқарудың мемлекеттік әкімшілік жүйесін құру нәтижесінде Қазақстанның көшпелі тұрғындарынан тіркелген салықтар алу мүмкін болды, нәтижесінде миллиондаған рубль қазынаға жіберілді. Патшалық биліктің Қазақстан аумағын әрі қарай отарлауға және реформалауға қызығушылығы күрт арта түсті.

Патша үкіметінің қазақтардың иелігіндегі жерлерге қатысты аграрлық саясаты бірте-бірте жүзеге асырылып, мемлекеттік құқықтық және экономикалық құқықтарын бекітуге бағытталды. 1867-1868 жылдары Қазақстандағы орыс үкіметінің саяси және әкімшілік реформасы ерекше қызығушылықты тудырды, кейіннен ол қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси және құқықтық өміріндегі елеулі өзгерістерге алып келді. Жаңа басқару жүйесі көшпенділердің қоғамдық-рулық өмір салтын бұзып, төре-сұлтандардың, ру басшыларының және халық биілерінің билігін шектеді [4, 8-б.].

1867-1868 жылдардағы реформалардың жүзеге асырылуы ру ақсүйектерінің құқықтық, экономикалық, саяси жағдайына әсер етіп, олардың ықпалын төмендетуге әкелді. Әкімшілік басқару айқын әскери сипатқа ие болды. Аймақтардың басшылары әскери және азаматтық биліктің толықтығына қол жеткізген әскери генерал-губернаторлар (әскери округтердің командирлері) болды. Әскери және азаматтық биліктің бөлінбеуі қазақ даласының әкімшілік құрылымының жаңа реформадағы негізгі принципі

болды. 1868 жылғы Дала аймақтарын басқарудағы Уақытша ережесіне және 1867 жылғы Түркістан аумағын басқару туралы ережеге сәйкес, болыстық губернатор полиция мен әкімшілік билікті өз қолына шоғырландырды. Ол «бейбітшілік пен тәртіпті» сақтау, салық төлеу және халықтың барлық міндеттерін атқаруын қадағалап отырды. Оның міндетіне соттың шешімін орындау кірді. Ауыл старшындары өз құзыреттері аясында болыстық басқарушылар міндетін атқарды. Қазақ шаруаларына ауыр міндеттер жүктелді: көпірлерді, почта бағыттарын жөндеуге қаражат салды, әскери бөлімдерді қамтамасыз етті.

1868 жылғы реформа Қазақстан аумағын мемлекеттік меншік деп жариялады. Бөкей Ордасы 1802 жылы құрылғаннан мемлекеттік меншікте болды. Халыққа салық салу фактісінің өзі – Ресей империясы өктемдігінің дәлелі ретінде түсіндірілді. Егер қазақи көшпелілер қоғамы жердің жеке меншік нысанының құқықтық формасын бұрын білмейтін болса, жаңа реформалар жекеменшік меншіктің құқықтық формасын енгізді. «1868 жылғы» Ереже бойынша ғимараттары болған жерлер, олар қирамайынша – мұрагерлік пайдалануға беріледі» [5, 141-б.].

Ғұбайдолла Әлібеков Батыс Алашорда ұйымында Жаһанша және Халел Досмұхамедовтармен кейбір мәселелер бойынша келісімге келе алмады. Мысалы, «алашқа» жиналатын салықтың мөлшерін «байларға байша, кедейлерге кедейше» салу керек деген ұсынысы талқыға түскенде жанжал туатыны бар. Жаһанша және Халел Досмұхамедовтерге қарсы 13 делегаттан топ құрамын басқарған Ғ. Әлібеков бастаған наразылар алашорданың «Ақ жол» атты қанатын құрайды [4]. Бұл жікшілдік оның көп кешікпей большевиктерге қосылуына алып келеді. Ендеше, Бақытжан Қаратаевтың «Әлібековтер шын ниетімен коммунистікке өткен жоқ» деуінде шындық та бар. Большевизммен «ымыраға» келе отырып, жеңілісінің нәтижесі ретінде қабылдады. Оған негіз боларлық оқиғаның бірі – 1920 жылдың 11 қаңтарында өткен Ақтөбедегі Қазақ ұлттық конференциясын алайық. Жиынға Торғай, Орал, Ақмола, Сырдария, Ферғана және Закаспий облыстарынан 250 делегат қатынасыпты. Бас қосуда қабылданған маңызды қарарлар: кеңес өкіметіне қолдау көрсету, Қызыл әскерді құру, қазақ облыстарын бір Кеңестік республикасының қоластына біріктіру жайлы болған. Сол жиынға қатынасушылардың бірі қызу, тартысты сәттерді былайша еске алады: «Күн тәртібіндегі бірінші мәселе ревкомның міндеті жайлы менің баяндамам болатын... Оңшылдарға қарсы күресте біз Әйтиев, кіші Әлібеков (Әлиасқар – Б.Қ.), Мырзағалиев сияқты солшылдарға да, тамаша дипломатиялық қабілетінің арқасында орта топты (центристерді) шебер басқарған үлкен Әлібековке (Ғұбайдолла – Б.Қ.) сүйендік. Оңшылдар Орынбордың Қазақстанға қосылуына және реформалардың кез келген түрлеріне қарсы шықты. Бұл жиында біз бір ғана – қалың малды жою туралы заңды қабылдай алдық» дейді [5]. Бұл жайлар Ғ. Әлібековтың большевиктерге бір табан жақындай түскенін көрсетеді. Сөйтіп, қазақ ревкомының 1920 жылғы 5 сәуірінде өткен Кеңесінің хаттамасында «Қазревкомының шақыртуымен келген Ғ. Әлібеков ревком мүшелігіне қабылданды» деген жолдар бар [6]. Бір қызығы, осы Кеңестің қараған бірінші мәселесі бойынша Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер бастаған Батыс Алаш тобының 5 өкілі Ресейге жер аударылғандығы жайлы шешім шығарылды...

Ғұбайдолла Әлібеков ревкомда көптеген міндеттерді алып жүрумен қатар, қоғамдық жұмыстарды атқаруға құлшына кіріседі. Қысқа мерзім ішінде елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге, жалпы қазақ съезін шақырудың дайындық ісіне, Ақмола, Ақтөбе, Адай уездеріндегі төтенше оқиғаларды тексеруге ат салысып, үздіксіз жол сапарларға шығып отырады. 1920 жылдың 26 тамызында Қазақ автономиясы жайлы декрет жарияланып, бірнеше халкоматтармен қатар сот ісін ұйымдастырып басқару мақсатында Әділет халық комиссариатын құру белгіленді. Сол жылдың 14 қыркүйегінде өткен ревком кеңесі алғашқы жалпықазақ съезі қарайтын күн тәртібін бекітіп, кезекті мәселелер барысында Ғұбайдолла Әлібековке Әділет бөлімі басқаруды тапсырады. Ал, Әділет халық комиссариатының бұйрықтарын тіркейтін кітапшада ол қыркүйек айының 24-інен бастап «Әділет халық комиссары Әлібеков» деп қол қоя бастаған. Комиссариаттың бірден қолға алуға тиісті міндеттері: халық соттары мен революциялық трибуналдардың ұйымдық жұмыстарын бағыттау, тергеу, айыптау, қорғау ісін дұрыс жолға қою, басшылыққа алынатын нұскаулар даярлау, т.б. еді. Жалпықазақ съезінде дайындық ретінде ол басқарған әділет секциясы «Қазақ Республикасындағы сот құрылысының негіздері» деген құжат дайындады. Сот қызметін ұйымдастыру барысында оның барлық территориядағы біркелкілігі, қалың бұқараға жақын болуы, сайланып қойылуы және істің уақытылы шешілуі басты принциптері болып жарияланды.

1920 жылдың 4-12 қазанында Орынборда өткен Құрылтай съезінде Әділет секциясының республикада сот ісін ұйымдастыру жайындағы баяндамасы тыңдалып, қызу пікірталаста өтті. Нәтижесінде, сот құрылысы туралы қаулы қабылданды. Жүзеге асырылуға тиісті мынандай шаралар белгіленді: сот құрылысы барысында жергілікті тұрғындардың құрамына байланысты орыс және қазақ бөлімдерін құру, мұндағы сот ісі мен сот тілі халыққа түсінікті тілде жүргізілуі тиіс, халыққа жақын болу мақсатында шалғай жерлерді үздіксіз қамтамасыз ететін жылжымалы халық сотын құру, халық әділқазысының наукастануы, демалыста, іссапарда болған кезінде оларды алмастырып отыратын қосымша халық әділқазысы жүйесін қалыптастыру, халық әділқазылары істі шешу барысында жарияланған заң ережелеріне, сондай-ақ кеңес өкіметінің принциптеріне қайшы келмейтін өміршең салт-дәстүрлерге сүйенеді деп, атап көрсетілді. Сондай-ақ, сайланып қойылатын тергеушілер институтын құру, халыққа өз құқықтарын білу бағытында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру сияқты көптеген мәселелерді өмірге енгізу міндеттелді.

Ғ. Әлібековтің Әділет халық комиссариатын басқарған тұстағы жүргізген жұмыстары үш бағытта айқын көрінеді: біріншіден, кеңес өкіметі саясатының ерекше мәнін бейнелейтін заңдарды жариялау; екіншіден, қылмыспен күресудің жаңа негізін қалыптастыру; үшіншіден, халық соттары мен революциялық трибуналдардың ұйымдық жұмысына бағыт-бағдар беріп отыру.

Қазақстанның Автономиялы республика болып құрылуына орай 20 қазанда 1920 жылы амнистия жарияланды. Қаулыға қажетті түсініктеме беріп, жүзеге асырылуын кадағалау Әділет халық комиссариатына жүктелді. Түсініктеме-нұсқау әу дегеннен-ақ «Алашорда жағында болғандар, ақ гвардия авантюрасына қатысқан еңбекші қазақтар кеңес өкіметі тарапынан қуғын-сүргінге ұшырамайды» деп басталды [7]. Алаштың ортасынан келген Ғұбайдолла Әлібековтың бұл мәселеге асқан жауапкершілікпен көңіл бөлгендігі өз-өзінен түсінікті. Қамауда сарғайған сан-мыңдаған адамдардың тағдырын шешуде тексеруші комиссиялардан әр істің объективті және субъективті жақтарын таразылап, тіпті босату мүмкін болмаған жағдайда еңбекпен түзеу орындарына жіберу талап етілді. 10 баптан тұратын аталмыш нұсқаудың соңында Әділет халық комиссары Ғ. Әлібековтың қолы қойылған. Сондай-ақ, ол қалың малды жою, құн заңын жою, барымтаға қарсы күрес шаралары сияқты алғашқы Қазақ Орталық Атқару комитеті жариялаған декреттердің жобасын дайындауға басшылық жасады. Сол деректердің мұрағатта сақталған түпнұсқалары мен оған берілген түсініктемелердің бәрінде Әлібеков Ғұбайдолланың қолтаңбасы сайрап тұр.

Әділет халық комиссариатының бұйрық кітапшасынан байқағанымыз, Ғ. Әлібеков кабинеттің адамы болмаған. Оның Ақтөбе, Орал, Адай уездерінде орын алған түрлі оқиға, қылмыстардың себебін анықтауға өзі барып, істің дұрыс шешілуіне бар күшін салып отыруы, тәжірибелі заң мамандарының тапшылығынан да туындаған болуы керек. Мысалы, Ғ. Әлібековтың адайлар мен қызылдар арасындағы қанды оқиға мәселесімен жүрген сәтіне ревком мүшесі Лежавамен жазысқан хаттары куә. «Аса қадірлі Ғұбайдолла» деп басталатын хаттардың өн бойында қиын-қыстау сәттерде бір-біріне деген сый-құрметті жоғалтпай, ақыл-кеңес, өтініштер жарасымды жеткізіліп отырғанына тәнті болдық. Лежаваға Ойылдан жазылған хатты жеткізуші Сәлімгерей Қаратілеуов туралы Ғұбайдолла: «Бұл жастың іске беріктігі, тамаша білімі бар» дей келіп оны жоғары қызметке баулуға болатындығын сендіріп, қамқор болуды өтінген еді. Көп кешікпей С. Қаратілеуов жер шаруашылығы саласында ірі маман ретінде өсіп, мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтерілді. Бұл деректер Ғ. Әлібековтың азаматтық қырларын аша түскендей.

Ақмола, Семей, Қостанай, Орал, Орынбор губернияларының территориялық бірлігінің нығаюы нәтижесінде халық соттарын ұйымдастыру жандана бастады. 1920 жылдың соңында республика аумағында 231 сот және 111 тергеу учаскелері құрылған болатын [8]. Алайда, 24 сот 17 тергеу учаскелері мамандардың тапшылығына байланысты толыққанды жұмыс жүргізе алмады.

Әділет халық комиссариатын қыруар ұйымдық жұмыстар күтіп тұрған еді. Өкінішке орай, Ғұбайдолла Әлібеков басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе алған жоқ. Бір жағынан кеңес билігі оған күмәнмен қарады. Партия мұрағатында берілген анықтама да оңдырмаған:

«Ғ. Әлібеков кешегі Алашорда үкіметінің ықпалды ақсақалы, Уақытша өкіметті қарсы алып қолдаған. Жамбейіт уисполкомының төрағасы және Әділет халкомы болып тұрғанда рухани ұлтшылға айналды, өте ақылды, қу адам» деп суреттеледі. Екінші жағынан азамат соғысы жағдайында, аштық пен ауру жайлаған тұстағы ауыр жұмыс пен ұзақ жолдар оның денсаулығын әбден титықтатты. 1921 жылғы наурыз айындағы № 77 бұйрығында ол: «Денсаулығымды түзету әрі Орал аймағында халық соттарын құру ісіне көмек беру үшін жол жүруіме байланысты Әділет халық комиссары міндетін уақытша атқаруды Әлеуметтік қамсыздандыру комиссары Арғыншиевке тапсырамын» деп қол қойған. Бұйрықта көрсетілгендей, Ғ. Әлібеков денсаулығының нашарлауына байланысты демалыс алады. Алайда, ол бұдан былай қызметіне қайтып орала алмады. 1923 жылы туған елінде қайтыс болды.

Батыстағы Алашорда қозғалысында ықпалы күшті болған Ғ. Әлібеков Кеңес билігімен ымыраға келген алаш қайраткерлерінің бірі еді. Ол 1920 жылы құрылған Қазақстан Автономиялы республикасының тұңғыш Әділет халық комиссары болды. Ол жаңа құрылған комиссариат қызметінің негізін қалаумен қатар, алғашқы декреттердің өмірге келуіне атсалысты. Халқына барынша әділ қызмет етіп, тарихта өз атын мәңгіге қалдыра білді.

---

1. Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты, 140-қор, 1-тігін, 11-іс, 13-15-пп.
2. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы, 1961. – 66-б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 99-100-бб.
4. Мақсат Тәж-Мұрат. Батыс Алаш Орда. – Ақтөбе, 2003. – 155 б.
5. Советская степь. – 1927. – 4 октября, № 227.
6. Протоколы заседаний Кирревкома. – А., 1986. –37-б.
7. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 5-қ., 1-т., 26-іс, 11-12-пп.
8. Шаламов М. Судебное устройство Казахстана. – М., 1939. – 33-б.

5.2 ШАФҚАТ БЕКМҰХАМЕДОВ

Бекмұхамедовтың өмір жолы туралы не білеміз? Оған қатысты мұрағат құжаттарында, баспа беттерінде және естеліктерде нендей мағлұматтар бар?

Бекмұхамедов (мұрағат құжаттарында Бекмохаммедов деп көрсетіледі) Шафхат Мұхамеджанұлы 1892 жылы Бөкей ордасының ауқатты отбасында дүниеге келген. Әкесі Мақаш (шын аты Мұқамеджан) Орынбордағы Неплюев кадет корпусын бітірген, қазақ білімділерінің бірі еді. Ұзақ жылдар I Приморье округінің управителі болған. Қазақ зиялылары Салық Бабажанов, Ыбырай Алтынсарин, т.б. тығыз байланысын үзбеген ол балаларының оқып, білім алуына көп ықпал етті [1]. Кенже ұлы Шафқат Қазан университетінің заң факультетіне түсіп, оны шамамен 1916-1917 жылдары

бітіріп шығады. Ульянов (Ленин) сияқты төңкерісшілер білім алған ортадағы саяси ахуал оның болашақ дүние танымына өзіндік ой түсіргені даусыз. Әсіресе, 1917 жылғы төңкеріс барысында оның қоғамдық көзқарасы айқындала түседі. Алғашында Алаштың өзге оқығандары сияқты Шафқаттың да Алаштың басын біріктірген Жалпы қазақ съездеріне делегат болып қатысқандығы белгілі.

1917 жылдың 21 сәуірінде Хан ордасында Бөкей қазақтарының съезі өтіп, съезд төрағасы болып Уәлитхан Танашев, мүшелері дәрігер Мәжит Шомбалов, Қазан университетінің студенті Шафхат Бекмұхамедовтар сайланады және халықтың қолдауымен Бөкей Ордасының комиссарына Бақтыгерей Құлманов, ал Земство управасының төрағасы қызметіне Уәлитхан Танашевтар ұйғарылады. Бөкей жері өзінің геосаяси жағдайында біреудің жемі болатынын түсініп, нық шешім қабылдауы қажет болды. Бұл мәселені өзінің «Ғұмар Қараш» монографиясында Максат Тәж-Мұрат былай көрсетеді: «1917 жылдың сәуір съезінде атаман Бирюковтың қолдауымен Бақтыгерей Құлманов Астрахан өлкесі қазақтарының дербес комиссары болып сайланып, ішкі Бөкей Орда билігін, яғни Ішкі Бөкей Ордасының Орталық атқару комитетін қолына алған болатын. Ішкі Орда азық-түлік пен күш-көлікке бай стратегиялық маңызы бар өлке болуы себепті Астрахан үкіметі земство құру, Құрылтай жиналысына әзірлену сияқты мәселелер бойынша көмек беріп, қазақтарды өз шылауынан шығармауға тырысса, большевиктер де өз үгітшілерін үздіксіз жіберіп, қазақтарды тынымсыз шаптан түртіп, Құлманов билігіне қарсы айдап салумен болды. Патша тақтан түскесін қара халық жер мәселесін оқыған азамат Б. Құлманов шешеді деп үміттеніп, бірауыздан қолдап, дауыс берген болатын. Бірақ, жер мәселесі Құрылтай жиналысына дейін шегерілді [2].

Бекмұхамедовтың Алаш орда үкіметін құрудағы қызметі туралы мәліметтер аз. Дегенмен де оның есімдері тізімдер мен құжаттарда кездесіп отырады. Алаштан кеңес үкіметіне ден қоюы 1918 жылдан басталады.

1918 жылдың 13 наурызында Астрахань губерниялық кеңесінің жұмысшы- шаруа қазақ депутаттарының шешімімен Жер-су ісінің комиссары болып Ш. Бекмұхамедов сайланады. Сол жылдың 2-5 мамыры аралығында өткен Астрахань губерниялық қазақ делегаттарының облыстық съезінде Ш. Бекмұхамедов қаржы комиссиясының құрамына енгізіліп, II Приморье округы бойынша баяндама жасаған. 7 мамырда ол Жер ісі комиссары болып тағайындалады [3]. Сол кездері Ш. Бекмұхамедов М. Тұңғаншиннің басшылығымен Бөкей ордасында тұңғыш қазақ полкын ұйымдастыруға әскери комиссардың орынбасары ретінде ат салысады. Мұны оның сол жылдары түскен фото-суреттердегі әскери киімі де дәлелдеп тұр.

1918 жылы Компартия қатарына қабылданған Шафқатты Бөкей губаткомы Қазақ өлкесін басқаратын Төңкеріс комитетіне мандат беріп, Орынборға аттандырады. Қараша айынан Төңкеріс комитетінде жер бөлімінің хатшысы қызметінен бастаған ол кейін Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясының алқа мүшесі, Бөкей губерниялық атқару комитетінің

торағалығына дейін жоғарылайды. 1921 жылдың қазан айында Қазаткомның шешімімен Ш.М. Бекмұхамедов Қазақстан Әділет комиссары болып тағайындалады.

1920-1930 жылдардың аралығында республикамыздың Әділет халық комиссариатын басқарған 10 комиссардың ішіндегі жоғары заң білімі бар, кәсіби екі маманның бірі – Ш. Бекмұхамедов болса, екіншісі – Варшава университетінің заң факультетінде оқыған Боранбаев Қанай еді. Сонымен арнайы заң білімі бар, казакша-орысша өте сауатты, кеңес органдарында тәжірибе жинақтаған адамның бұл қызметке келуі заңды болатын. Комиссариаттың бұйрық кітапшасына 17 қазанда 1921 жылы: «Бүгінгі күннен бастап мен Әділет халық комиссары міндетін атқаруға кірістім. Бекмұхамедов» деп қол қойған [4].

Ш. Бекмұхамедовтың бұл органдағы басшылық қызметін шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Бір іншісі, 1921 жылдың соңы мен 1922 жылдың көктеміне дейінгі, екіншісі 1922 жылдың күзіне дейінгі аралық. Бірінші кезеңде комиссариат басқарма құрылымын орнықтыру, қылмыспен күрестің басталып, оған қарсы күрес жүргізу әдістерін қалыптастыру, халық соты учаскелерін құру, трибуналдарға нұсқау беру сияқты мәселелер жүзеге асырылса, екінші кезеңде сот реформасын жүргізу, тұңғыш кеңестік заңдарды қабылдау, республикалық прокуратураны құру, т.с.с. шаруалар жан-жақты қолға алынған. Осынау басты әрі маңызды жұмыстарды жандандыруға Ш. Бекмұхамедов бар күш-жігерін, білім-тәжірибесін жұмсайды.

Әділет халық комиссариаты құрылғаннан кейін 1921 жылдың наурызында бекітілген Ережесінде оның құрылымын 5 бөлімге бөлу көзделген-ді. Ш. Бекмұхамедовтың басшылық қызметі барысында ол бөлімдер қалыптасуды жетілдіруді басынан өткерді. Олар мынандай бөлімдер еді: сот (міндеті жергілікті әділет органдарын және сот мекемелерін ұйымдастыру); кеңестік-кодификациялық баспа; орталық жазалау (қамау орындарын бақылау); қаржы-шаруашылық, үйлестіру мен таратушы (шіркеуді мемлекеттен бөлу ісімен шұғылданды, т.б.) [5]. Кейінірек жергілікті әділет бөлімдерін құру тиімсіз саналып, әділет комиссарының нұсқауымен олар жойылып, функциясы аймақты халық соттарына жүктелді. Комиссариат қызметінің басты бағыт-бағдары – кеңестік өкіметтің құқықтық іргетасын қалау, губернияларда сот ісін ұйымдастыру, қылмыспен күрес және жаза белгілеу, әкімшілік органдардың қызметіне құқықтық ақыл-кеңес беру деп белгіленді. Ш. Бекмұхамедов комиссариаттың қызметін осы бағыттарда нәтижелі жұмыс істеуге жұмылдырды.

Кеңес өкіметінің ерекше көңіл бөлген мәселелерінің бірі – экономикалық дамуға нұқсан келтіретін аса зиянды қылмыстарға қарсы аяусыз күрес ұйымдастыру болатын. 1921 жылы азамат соғысы аяқталғаннан кейін әбден зардап шегіп, азып-тозған халық көптен аңсаған бейбіт өмірге бет бұра бастаған-ды. Алайда, жоқшылықтың салдарынан өршіп тұрған мал ұрлықтары онсыз да тұралап калған ауыл күйін одан әрмен

ауырлата түсті. Бұл шаруашылықты қалпына келтіруді тежеп қоймай, жұмысқа пайдаланатын жарамды күштен де айырылу деген сөз еді. Халық Комиссарлар Кеңесіне, көшірмесі Әділет халық комиссариатына келіп түскен құжаттардың бірінде: «Төңкерісті, бандалардың тонаушылығын, «жұтты» басынан кешірген Қарқаралы уезінің кейбір болыстары малының 75 пайызынан, қайсыбір жекелеген шаруашылықтары 100 пайыз малынан айрылып қалды. Өмір сүрудің негізгі көзі мал болғандықтан әлгі ауылдарда аштықтан өлу оқиғалары жиілей түсуде» деп хабарланды. Деректер мұндай ахуалдың басқа да көптеген губернияларға тән екендігін, сондықтан тез арада көмек көрсетілуін сұрап дабыл қақты. Қазақтар арасында орын алған қылмыс түрлерінің тең жартысының көбі мал ұрлау еді. Мысалы, Ақмола уезінің 9-учаскесінің халық сотында 1921 жылдың мамырынан 1922 жылға дейін қаралған 65 қылмыстық істің 41-і немесе 63 пайызы мал ұрлығына қатысты болған.

Ш. Бекмұхамедов бұл күрделі қылмысты ауыздықтау бір күннің ісі еместігін, қажырлы ізденіс, жіті күрес тәсілдерін игеру керектігін түсінді. Қалыптасқан ахуал жөнінде Қазақ Орталық Атқару Комитетіне жолдаған хатында ол: «Мал ұрлығы мен барымтаның астасып кеткендігі сонша, оларды бір-бірінен айыру қиын. Ал жергілікті халық оны заңды құбылыс ретінде қабылдайды...» деп жазды. Бұл оның жаңа қызметтегі жұмысының бастамасы болатын.

Ш. Бекмұхамедовтың тапсырмасы бойынша комиссариат бөлімдері қылмыстарға қатысты түскен мәліметтерді топтастырып, қылмыстың түрлеріне анықтама жасады. Көбіне республиканың Ақмола, Семей губернияларының, Торғай уездерінің түпкір аймақтарында мал ұрлығының асқынғандығы белгілі болды. Комиссариаттың белсенді әрекетінің нәтижесінде қылмыстың ауыр, жеңіл белгілеріне түсініктеме беріліп, топшылдық, қарақшылық, қылмысқа қатысу мен жасыру, көмек беру түрлері ажыратылды. Жаза тағайындаудың жобалары жасалды. Соның арқасында 1921 жылдың 10 қарашасында Қазатком «Мал ұрлығымен күрес» атты декретті бекітеді. Ізінше, 13 қарашада губерниялық халық соттары мен трибуналдарға Әділет халық комиссары Шафқат Бекмұхамедовтың қол қойған басшылық нұсқау хаты жолданды. «Қылмыстың ауыздықталмай отырғанының басты себебінің бірі – айыпкерлердің ісі сотқа жетпей құтылып кетуінде» деген тұжырым жасалып, тиісті органдарға кезек күттірмес шараларды жүзеге асыру міндеттелді. Яғни, мал ұрлығына қатысты істерді жедел қарап, қатаң жаза белгілеу, тергеу мен істі мойнына қою кезінде мал ұрлығымен қолға түскендерді қамауда ұстау, сот органдарының милиция қызметін қадағалау, сот шешімін шығаруда жұмсақтық әрі заңсыздыққа жол бергендерді жазалау жүктелді. Қылмыстың осы түрлеріне қатысты жоғары ауыр жаза белгілеудің өзі жағдайдың қаншалықты күрделі болғанынан хабар берсе керек.

Мал ұрлығы, барымтамен күрес ұзаққа созылып, тек 1924 жылдан кейін ғана оң нәтиже бере бастады. Ш. Бемұхамедовтың осынау іске мемлекеттік

мән беріп, күресті дұрыс ұйымдастыруының маңызы ерекше болды. Оның бұл мәселеге маманданғаны сонша, кейін Қазақ Орталық Атқару комитетінің комиссиясын бастап мал ұрлау, барымта жайлы губерния аралық съездер өткізуге талай мәрте барып қайтты [6]. 1921 жылы РСФСР Халкомы кеңесінің «Паракорлықпен күрес» атты декреті жарияланды. Оны басшылыққа ала отырып Қазақстан Әділет комиссариаты жергілікті губерниялық халық соттары мен төңкерістік трибуналдарға арнайы нұсқау хат жолдады. Мұнда қылмыстың ауыр түрі – пара алудың анықтамасы, белгілері жайлы сөз болды. Жедел жүргізілген қимыл-шаралардың нәтижесінде 1922 жылдың ортасына дейінгі 6 айдың ішінде губерниялық төңкерістік трибуналдар жоғары лауазымды 68 мемлекеттік қызметкерді пара алғаны үшін соттады.

Сондай-ақ, осы кезде «мемлекеттік қоймаларға ұрлыққа түсу», «қызмет бабын пайдаланып жасалған ұрлық», «өтірік жала жабу» сияқты белең алған қылмыс түрлеріне қарсы белсенді күрес ұйымдастырылғанын айтуымыз керек.

Бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуы тұсында да дәл жоғарыда айтылғандай мал ұрлығы, пара алу, т.с.с. қылмыстардың белең алып отырғаны жасырын емес. Ендеше ол қылмыстардың алдын алу үшін кешегі күрес тәсілдерін тиімді пайдалану яғни өткеннен сабақ алу, біздіңше, ешуақытта артықтық етпес.

1922 жылдың орта тұсында құқық қорғау органдарын түбегейлі қайта құру, реформалау басталды. Бұл «жаңа экономикалық саясатқа» көшу барысында туындаған жан-жақты сұраныстардың ықпалы еді. Бүкілодақтық төтенше комитет жойылып, орнын алмастырған Мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) Ішкі істер комиссариатының құрамына кіргізілді. Сот құрылысы туралы қаулыға сәйкес үш сатылы жүйе: халық соты, губерниялық сот және Жоғарғы сот құру белгіленді. Прокуратура, адвокатура, төрелік комиссия құру жайлы БОАК қаулылары қабылданды. Тұңғыш кеңестік кодекстер: Қылмыстық процессуалдық кодекс (25 мамырда), Қылмыстық кодекс (26 мамырда), Азаматтық кодекс (31 қазанда) дүниеге келді. КСРО-ның Конституциясының жобасын жасау үшін комиссия құрылып, жұмысын бастады. Бір сөзбен айтқанда, құқықтық мемлекет құруға бағыт алынды.

Осындай аса жауапты кезеңде Әділет халық комиссары Ш. Бекмұхамедовке республикалық заң органдарының қызметін қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта ұйымдастыру міндеті жүктелді. Мамыр айындағы БОАК-тың «Прокуратураны құру» туралы қаулысына сәйкес республикалық прокуратураның алғашқы құрылымдық жобалары жасалды. Мысалы, мамырдың 27-і күні қабылданған комиссариат құрылымының кестесінде алғаш прокуратура бөлімінің орны, атқаратын функциясы көрсетіліпті. Төменгі бұрышында «Бекітемін. Әділет халық комиссары Бекмұхамедов, орынбасары Стеклов» деп қолдары тұр. Сондықтан, 1922 жылдың 13 шілдесінде Қазаткомның III сессиясы қабылданған «Прокуратура туралы» әрі «Адвокатура туралы» ережелердің

жобасын дайындаудағы Шафқат Бекмұхамедовтың еңбегі айрықша деп айтуға толық негіз бар. Прокуратура туралы ережеде Әділет комиссары Республика прокуроры міндетін қоса атқарады деп көрсетілді. Яғни, алғашқы Қазақстан прокуратурасы Әділет комиссариатының құрамында бөлім ретінде құрылды. Сонымен қатар, Ереженің соңында «1922 жылдың 1 тамызынан Республика прокуроры өз қызметін атқаруға кіріседі» деп нақты күні белгіленді. Расында да, прокурорлық қадағалау бұйрықтарының кірісі мен шығысын тіркейтін кітапшаға жазылған № 1 бұйрыққа (2 тамыз) «Мен бүгіннен бастап республика прокуроры міндетін атқаруға кірістім, Әділет комиссары және Республика прокуроры Ш. Бекмұхамедов» деп қол қойылған [7]. Бұл Автономиялы Қазақ Республикасы прокуратурасының ресми түрде қызметіне кіріскендігін дәлелдейді. Республика прокуроры Ш. Бекмұхамедов кезекті демалысына жүрердің алдында Қазаткомға бір айлық жұмысының есебін өткізіпті. Осы есепте ол өз бұйрығымен Ақмола, Орынбор және Бөкей губернияларының прокурорларын тағайындағанын, басқа губернияларға лайықты кандидатураларды іздеуге нұсқау бергенін айтады. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, Республика прокурорының бұйрығымен бірінші губерния прокурорлары болып Орынборға – В.А. Башилов, Ақмолаға – Ф.И. Ковалев, Бөкейге – А. Галкин бекітілді [8]. Бұл губерния прокурорлары өз қызметтерінде ұзақ жылдар отырып, жергілікті прокуратураны ұйымдастырып, жұмысын жандандыруға көп еңбек сіңірген адамдар еді.

Сондай-ақ, Ш. Бекмұхамедовтың РСФСР заңдарына қалың мал, құн, мал ұрлығына тыйым салу, тіпті, адам етін жеу қылмыстарын аяусыз жазалау сияқты толықтырулар енгізгені айтылады. Бұл әрине, үлкен мәселе, өйткені бізге белгігісі – РСФСР Қылмыстық кодекстің 19-ы бөліміне барымта, әйел ұрлау, құн сияқты бірқатар қылмыс баптары кейін толық енгізілді.

1922 жылдың 23 тамызында Әділет халық комиссары және Республика прокуроры Ш. Бекмұхамедов туған елі Бөкей ордасына демалуға кетеді. Оның міндетін уақытша атқару орынбасары С.С. Пилявскийге жүктеледі. Сөйтіп ол демалыста жүргенде орнына Әділет халық комиссары және Республика прокуроры міндетіне Қазаткомның шешімімен М. Атаниязов бекітілді. Ш. Бекмұхамедовтың орнынан алынуының нақты себептерін көрсететін құжаттар кездеспейді. Біздің болжамымыз бойынша, Ш. Бекмұхамедовтың жоғарыдағы есебіне Қазатком қанағаттанбаған болуы мүмкін. Алда губерниялық прокуратураны құрумен қатар губерниялық соттарды ұйымдастыру сияқты үлкен жауапкершілікті, іскерлікті талап ететін келелі істер күтіп тұрған еді. Бәлкім, сондықтан да бұл шаруаға ұйымдастырушылық қабілеті мол жаңа адамды әкелу қажет деп шешкен болу керек. Тағы бір ескеретін жайт, Ш. Бекмұхамедовтың мінезінің бір беткейлігі де жоғарыдағыларға ұнай қойған жоқ. Мысалы, демалысынан келгенше Ш. Бекмұхамедовты Қостанай губерниясының прокуроры етіп тағайындап жібереді. Ол бұл шешімге ашық наразылығын білдіріп, Қостанайға барудан бас тартты. Сол «тәртіпсіздігі» 1923 жылдың 28 наурызында облыстық партия бақылау комиссиясының мәжілісінде талқыланып, «1919 жылдан Компартия

мүшесі Ш. Бекмұхамедов өз міндетін орындаудан жалтарғаны үшін партия қатарынан шығарылсын» деген шешім қабылданды.

«Бекмұхамедов Шафқатты Бөкей ордасындағы ауылым Шоңайды алғаш рет көрген едім, – деп еске алады көнекөз қария Әзербаев Ғұбайдолла. – Бір күні адвокат болып қалада қызмет істейтін ағайым Абдулхадыр Әзербаев ауылға келіп, Лениннің қайтыс болғаны туралы хабар естіртті. Содан соң Шафекең екеуі оңаша үйде отырып, ұзақ әңгімелесті. Сондағы әңгіме арасындағы айтылған Троцкий деген сөз ғана есімде қалыпты. Ленинді жерлеу күні үлкен митингі ұйымдастырылып, Шафқат сол жиында тамаша сөз сөйлегені әлі көз алдымда». Қарияның айтуынша, осы митингідегі сөз жоғарылардың құлағына жетіп, Бекмұхамедов қайтадан партия қатарына қабылданған екен. Бірақ, ол 1925 жылы тағы да партия мүшелігінен шығып қалады. Мұнан кейін 1930 жылға дейін Әділет комиссариатында аса маңызды істер бойынша тергеуші, заңгер-кеңесші қызметтерін атқарады. Әдебиет саласында аудармашылық жұмыстармен айналысқан Ш. Бекмұхамедов 1937 жылдың «сүзгісінен» аман өтіп, 1958 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

---

1. Егемен Қазақстан. – 2001. – 31 қаңтар. –Б. 9.
2. Мақсат Тәж-Мұрат. Батыс Алаш Орда. – Ақтөбе, 2003. – 155 б.
3. Астрахан облысының мемлекеттік архив. Т.1. І.2. Б.15, 42-43, 45, 114, 193.
4. ҚРОМА, 1380-қор, 3-тігін, 1-іс, 29 п.
5. Бұл да сонда, 47 п.
6. Бұл да сонда, 1 т, 11-іс, 50-60 п.п.
7. Бұл да сонда, 3 т., 3-іс, 1 п.
8. Бұл да сонда, 2 т, 30-іс, 119 п.

5.3 АХМЕТ БІРІМЖАНОВ

Қазақстан тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы бүкіл әлеуметтік-экономикалық және саяси саланы қамтыған көшпелілік қоғамын жаңалау үдерісінің қарама-қайшылықтарымен сипатталды. Осы кезеңде дәстүршіл этнос пен империяшыл билік құрылымдары арасын байланыстырушы қызметін атқарған объективті жаңа әлеуметтік топтың қалыптасуы байқалды. Олардың қызметінің мазмұны қоғамның өзгерген шындыққа бейімделудің балама жолдарын іздестіруде зияткерлік алаң қалыптастыру үшін алғы шарттар жасады. Әлгі азаматтардың тобы этникалық тұрғыдан көпшілікпен байланысқан, көшпелілердің мемлекеттік басқару құрылымының генетикалық мұрагері болып қала берді, бірақ енді ол Еуропа мен шығыс құндылықтарының бірін-бірі өзара толықтыру негізінде жүрді. XX ғасырдағы әлеуметтік жіктелудің 2 кезеңінде қазақ прогресшілдерінің қатарында А. Бірімжанов (1871-1927) айтарлықтай рөл атқарды. Ахмет Қорғамбекұлы

Бірімжанов Торғай уезіндегі Түсүн болысында арғын тайпасынан шыққан ақсүйек және ықпалды билер отбасында дүниеге келген. Ол Орынбор гимназиясын бітірді, Қазан университетінде юриспруденция мамандығы бойынша элиталық жоғары білім алды. 1905-1906 жылдары Торғай облысының қазақ жұртшылығы оны I және II Мемлекеттік Думаға депутаттыққа сайлайды, онда ол қазақ өлкесі халқының мүдесін білдірді. А. Бірімжанов екі рет халық өкілдігіне сайланған Қазақстан депутаты. Ол 1905 жылдан бастап Орал, Семей, Орынбор қалаларында өткен қазақ съездеріне қатысушы. Тек осы съездерде ғана ұлттық интеллигенцияның шоғырлануы жүрді және болашақ «Алаш» партиясының бағдарламалық нұсқаулары жасалды.

А. Бірімжанов ұлттық қозғалыстың жұрт мойындаған көшбасшылары – Ә. Бөкейханмен, А. Байтұрсыновпен, М. Дулатовпен тығыз байланыста болды. Оның саяси мансабының шарықтау кезеңі 1917 жылдың ақпанынан Қазақстан аумағында кеңес өкіметінің толық орнаған уақытына келді. Бұл уақытта ол Уақытша үкіметтің Қостанай уезінің комиссарына тағайындалды. Уақытша үкімет билігі құлаған соң «Алаш» партиясы Алашорда ұлттық автономиясын және үкіметін құрады. А. Бірімжанов Алашорда халық кеңесінің құрамына кіреді. А. Бірімжанов Алашорда үкіметі атынан шекаралық аудандарда құрылған антибольшевиктік үкіметтермен келіссөздер жүргізеді. Ақгвардияшыл территористік режимдердің ұлттық қозғалыстарға теріс көзқарастары А. Бірімжановты, Алаш партиясының басқада көптеген көшбасшылары сияқты, кеңес өкіметіне өз көзқарасын қайта қарауға мәжбүрледі. Олар большевиктермен ынтымақтастық жолына түсті. Кеңес билігі жылдарында А. Бірімжанов Әділет Халық комиссариатында және Жоғарғы Соттың қазақ бөлімінде жұмыс істеді. А. Бірімжановтың тіршілік әрекетін бейнелейтін өмірбаяндық және оның саяси жолының мәліметтеріне талдау жасау арқылы осы хронологиялық кезеңдегі ұлттық интеллигенция өкілдері тобының тағдырының кескінін көруге болады.

Бірімжановтар отбасы Торғай аймағында бұрынғысынша көшбасында тұрды. Бұл әулетке қатысты келесі жайттарды – ағайыншылдығын, көпшілдігін, отбасылық бірлігін атап айту қажет, сондай-ақ Бірімжановтар сұлтандар әулеттеріне және басқада феодал би-тегілеріне бәсеке құрғанын атаған жөн. Сондықтан тәрбие, білім, байлық, қазақ қоғамының ықпалды отбасылары мен туыстық мұрагерлік басымдығын қолдаудың маңызды ынталандырушысы болды.

Әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардағы өзгерістер дәстүрлі қазақ социумында жаңа құбылыстарды тудырды. Отарлық іс-қағаздары жүйесіндегі өзгерістермен байланысты Еуропалық сауаты бар адамдардың қажеттігі айқын болды.

Бірімжановтар отбасының барлық мүшелері бастауыш мұсылман білімін алған [1]. Алайда заманауи жағдайға сәйкес қоғамдық беделін нығайту үшін орыс білімін алудың қажеттілігі туындады. Ахметтің әкесі – Қорғамбек Орынбор қаласындағы ерлер гимназиясына өз баласы Ахметті қабылдауы туралы өтініш жазады [2]. Қорғанбектің өзі болса Ы. Алтынсариннің

алғашқы оқушыларының бірі болды, кейін ол оқулықтар, әдістемелік әдебиеттерді сатып алуды қаржыландырып Ы. Алтынсариннің өлкеде оқу-ағартуды дамытуына көмек көрсетті [3, 127 б.]. Жас Ахмет Бірімжановтың дүниетанымын қалыптастыруға отбасындағы ахуал, арғы ата-бабаларына деген құрмет ықпал етті, олардың бәрі де жәй тұлғалар емес еді: Шақшақ Жәнібек, би Шеген Мусин. Оларды жеке батырлығы, ойының батылдығы ерекшеледі. Осы сапаларымен қатар олар көркем сөз талантын да игерген жандар. Олардың бейнелері үлгі тұтудың идеалына және мысалына айналды. Балалық кезден-ақ отбасы оған шыншылдық, парасаттылық, үлкенге құрмет көрсету сапаларын сіңірді. Шамамен 1883 жылы Ахмет Орынбордағы ерлер гимназиясына оқуға түсті, оны 1891 жылға дейін 7 жыл оқыды. Гимназия қабырғасында Ахмет Бірімжановтың дүниетанымының қалыптасуы жүрді. Ол өте қабілетті шәкірт болды, оны гимназия директоры Новиктовтың қолы қойылған құжаттар растайды, бұл құжаттар гимназиядан Торғай облыстық басқарма кеңесіне түскен, негізінен олар гимназия оқушыларының тізімі. Ахмет Бірімжанов көпшілік оқушылардан үздік білімімен ерекшеленеді, ол сыныптан сыныпқа 1 немесе 2 дәрежелі марапаттаумен өткен [4].

Күміс медальмен гимназияны бітіргеннен кейін Ахмет Бірімжанов Санкт-Петербург университетінің юриспруденция факультетінде оқуын жалғастыруды ұйғарды. Алайда, қалыптасқан жағдайға орай А. Бірімжанов Қазан университетіне түседі [5].

Азаматтық ұстанымының қалыптасуы, саяси платформалармен танысуы және саяси бағыт-бағдарды тандауы университеттік кезеңде болды. Осылайша, А. Бірімжановтың идеялық, ізгіліктік дүниетанымының қалыптасуының терең тарихи негізі бар. XIX ғасырдың басындағы күрделі кезең әлеуметтік саяси сипаттағы қарқынды оқиғалармен айқындалды. Бұл кезеңде Қазақстанда қазақ қоғамының қойнауларында номадтық құнды нұсқаулар басымды рөл атқаруы жалғастырды: рулық қауымдық қатынастар сақталды, генеалогиялық жады айтарлықтай функция орындады. Міне, осындай жағдайда билер ортасынан шыққан аймақта белсенді қоғамдық және ағарту қызметімен танымал А. Бірімжановтың ізгілік идеалдарының базасы қалыптасты, оның эволюциясына қазақ ортасындағы белгілі қарапайым тұлғалармен байланыс себепші болды. Білімнің еуропалық зиялы, батыстың либералды демократиялық сословиелік ілімдерін құрайтын студенттік кезең А. Бірімжановтың қоғамдық-саяси көзқарастарының негізін қалыптастыруда белгілі рөл атқарады. Ұлттық тұтастықта қазақ этносының алдыңғы қатардағы мемлекеттік мәдениетке жетуіне бағыт бағдар ұстаған.

А. Бірімжановтың саяси қызметі I және II Мемлекеттік Думаның жұмысына қатысудан басталды. Ол Торғай облысынан сайлауға түсіп, бүкіл Далалық өлкенің мүддесін білдірді. Қазақ қоғамының меншік жерінің Ресей мемлекетінің саяси үрдісіне кірістіру мүмкіндігін 1905 жылы 17 қазанда қабылдаған манифест қамтамасыз етті. А. Бірімжанов, көптеген ұлттық интеллигенция

өкілдері сияқты патша тарапынан жасалған айтарлықтай жеңілдіктер туралы хабарды қуанышпен қарсы алды. Бүкіл Қазақстанда митингтер өтті, оларда интелигенция халыққа құжатты түсіндірді және оларды өздерінің саяси және экономикалық құқығы үшін одан әрі күресуге шақырды.

Ахмет Бірімжановты Торғай облысынан депутаттыққа сайлау Бірімжановтар отбасына тайпаластары тарапынан көрсетілген құрмет, дәрежесіне сай заңдылық деуге болады. Бірақ, ол ешқандайда саяси үгіт жүргізген емес. Әскери губернатор Ломачевский циркулярға жауабында былай деп жазған: «Бірімжанов ешбір саяси партияға жатпайды, қазақ халқының мүддесін қорғайтын болады. Бірімжанов саяси үгіт жүргізген жоқ және өзінің дамуы бойынша аса ыңғайлы адам ретінде бір ауыздан мемлекеттік Дума мүшелігіне сайланды » [6] .

Петерборға келген соң А. Бірімжанов өткен отырыстардың жұмысымен танысты. Белгілі бір саяси бағыт бағдары жоқ, халық еркіндігі партиясын ұнатты. А. Бірімжанов Ресей империясының мұсылман депутаттарының біріктірген фракциясына қосылады.

Думада А. Бірімжанов аграрлық комиссияда қазақ өлкесінің өкілдері санын арттыру бастамасын көтерді. Қазақстан мен Сібір депутаттары кешігіп жетті. Оларға арнайы бөлінген орындар жоғарыдан аталған аймақтардан келген депутаттардың санына сәйкес келмеді. Бастапқыда ойластырылғандай аграрлық комиссияға 5 депутаттың 1-і кіруі тиісті еді. Комиссия саны туралы мәселе көтерілгенде келіспеушілік пайда болды, өйткені мемлекеттік Думаның нақты құрамын ешкім білмеді. Осыған байланысты комиссия саны 88-ден 99-ға дейін тұрақсызданды. Маусым ортасында, Қазақстаннан, Орта Азия мен Сібірден депутаттар келе бастаған тұста аграрлық комиссия құрамының саны мен сапасы туралы мәселе ерекше өзекжарды мәселеге айналған еді. Осы орайда Думада жарыссөздер мен ала-ауыздық қызды. А. Бірімжанов сол уақытта Қазақстаннан, бұратана халықтан жалғыз депутат болғандықтан аграрлық комиссияда орын санын арттыру туралы мәселені көтерді. Маусымның ортасында аграрлық комиссияда тек 8 бос орын қалғанын, Сібір, Орта Азия мен Қазақстан депутаттары жұмысты жаңадан бастады немесе Петерборға келіп үлгермеді. Осылайша, сондай бір ситуация орнығып, 88 депутат, Петерборға келмеді немесе жұмысты енді ғана бастаған, аграрлық комиссиядағы 8 орынды бөлуге тиісті болды. Бұл комиссияның жұмысына қатысу барлық аймақтардың депутаттары үшін аса маңызды болды, өйткені ішкі Ресейдің шаруалары да және шет аймақтың бұратаналары да жер дағдарысынан бірдей күйзелді. А. Бірімжанов қазақтар үшін жер мәселесін өткір қабылдаған, оны талқылауға белсенді қатысты. Ол Дума депутаттарына аграрлық комиссияның мүшелер санын 99-дан 103-ке немесе 104 мүшеге дейін көбейтуді ұсынды. А. Бірімжанов дегеніне қалай қол жеткізгенін оның сөйлеген сөзінен байқауға болады: «сол күні, аграрлық комиссия құрамы құрылды, бастапқыда 88 саны ұсынылды, Дума мүшелерінің саны 500-ге дейін жетеді деп хабарланғанда, бұл сан 11-ге көбейді де 99-ға жетті. Сондықтан мен осында айтылған 99 санды ақырғы емес деген

ойға қосыламын. Менің ойымша мемлекеттік Думаның бүкіл мүшесі 524 болады, егерде ол осындай болған жағдайда онда аграрлық комиссияның бүкіл мүшесінің саны, 5 адамға 1 мүше деп есептегенде 103 немесе 104 адам болуы тиіс» [7]. Әңгіме бірде-бір құжатта Қазақстан депутаттарының аграрлық комиссиядағы өкілдігі туралы айтылмағандығында болып отыр. Осыдан шыға отырып А. Бірімжанов орынды сұрақ қояды: «Мемлекеттік Думадағы қалған орындар Сібір, Орта Азия және Кавказға берілді, қырғыздар мекендейтін далалық облыстар туралы айтылмады, мүмкін олар Сібір немесе Орта Азияға жатқызылған шығар, бірақ Думаның қаулысында бұл туралы анық айтылмаған» [8]. Осыған байланысты ол: «Жетісу, Семей, Торғай және Орал облыстары және Бөкей ордасы, 500000 дала халқы тұратын Астрахан губерниясы кіретін 2 қырғыз облыстарына түптеп келгенде 3 орын» беруді сұрайды [9]. А. Бірімжанов Қазақстанға жататын облыстарды және қазақтар мекендейтін облыстарды кездейсоқ санамалап отырған жоқ, ол депутаттардың көңілін қазақтардың ұланғайыр аумағынан аграрлық комиссияға бірде бір орын бөлінбегендігіне аударады.

Сонымен қатар, ұланғайыр аумақтан Думаға тек 6 мүше ғана таңдалғаны белгілі болды. А. Бірімжанов былай дейді: «Берілген 2 орын осы аумаққа берілуі керек, себебі қаулы аумақтық қағидасы есебі бойынша қабылданған, өйткені Сібір, Кавказ және Орта Азия өкілдеріне орын қалдырылған» [10].

А. Бірімжановтың өздері Сібірден енді келген депутаттардың жағынан, сонымен қатар құрылған комиссия жағынан наразылық тудырды, себебі олар Қазақстаннан келген депутаттарды өз қатарына қосудан бас тартты, өйткені комиссия өз құрамын Бірімжановтың айтқан санына дейін көтеріп сайлау қағидасын бұзғысы келмеді. Сібір казак әскерінің өкілі И. Лаптев сөз сөйлеген кезінде ойын былай жеткізді: «Дума құрамына кірген 25 немесе 27 адамның ішінде Сібірден ең көбі 2 өкіл ғана қабылдана алады, сонымен қатар бұл 2 өкіл аграрлық комиссия мүшесі және қырғыз, бурят, шығыс сібір крестьяндар, сібір казактары мен Приамурский аймағынан болуы тиіс». Ары қарай ол А. Бірімжановтың сөзін жақтап былай дейді: «Әрбір халық тобының қызығушылықтары айқындалуы үшін, 25 адамға 2 адамнан емес, аграрлық комиссия мүшесінен кем дегенде 5 адам болуы қажет. Бұл топтар аграрлық мәселелерді шешуге мүдделі, яғни қырғыз, казак, шығыс сібір крестьяндарының қызуғышылықтарын жартылай ғана қарастыратын болады» [11]. Аграрлық комиссия мүшелерінің санының өзгеруі туралы Сібір мен Қазақстан өкілдерінің пайдасына қарай, белгілі профессор, кадет, аграрлық комиссия мүшесі Л. Петражицский былай деді: «Қандай жағдай болмасын мен бұл жерде Далалық аудандар және Сібір өкілдерінің өтініштерін қолдаймын және оларға жоқ дегенде пропорционалды өкілдік берілуі тиіс еді, себебі тек пропорционалды ғана өкілдікте орасан зор көлемді аудандар және олардың әр-түрлілігі, яғни осы параметрлер бойынша олар өкілдер болып отыр, басқа аудандардан депутаттар саны салыстырмалы түрде кем болған сайын сол жерлердің мәселелері соғырлым кем айқындалады» [12]. А. Бірімжановты қолдап тағы мұсылман фракциясының

өкілі А. Сыртанов сөйледі. Өз сөзінде ол тағы да аграрлық комиссиясындағы өкілдіктің әділетсіздігін сипаттады. Ол былай деді: «Аграралық комиссия мүшесіне 99 тұлғаны қабылдаймыз деп шешкен, мемлекеттік Дума Кавказ, Сібір, Түркістан аймағына және жалпы Орта Азияға тек 8 орын ғана қалдырды. Әрине бұл өте аз. Бұл аймақтар бұрынғы өкіметтің Мемлекеттік дума мүшесі құрамына өте аз тұлға таңдағаны үшін ренжулі болған еді». Сонымен қатар ол, сайлау уақыты аймақта кеш уақытқа тағайындалып, қазақ депутаттары кінәсіз өз уақытында келмегені туралы айтып кетті. Думадағы өкілдік бойынша А. Сыртановтың ойы А. Бірімжановтың ойымен сәйкес келді: «Аграрлық комиссияға таңдалатын тұлғалар санының өсуі туралы өтініш ететін орындар ішіндегі Дума мүшелерімен толықтай келісемін»[13]. Аграрлық комиссиядағы қырғыздардың өкілдігі туралы талқылауды А. Черносвистов жалғастырды. Өз сөзінде ол қазақ депутаттары шешім бойынша аталған, яғни «Семей және Торғай облыстарынан Мемлекеттік Дума мүшесі ретінде қабылданғаннан кейін, қырғыз халықтары басқа да қайта қосылған мүшелерімен бірге дауыс беруге қатыса алады [14].

Ұйымдастырушылық сауалдар және тағы да басқа өзекті мәселелер бірінші Думада шешілмеген еді.

Екінші Думада көкейтесті сұрақ ретінде жер мәселесі қалды. Өзектілік ішкі губерниялардан крестьяндардың жаңа көшу толқынына байланысты пайда болды. Өкіметтің соңғы акциясына қарсы бұратаналар ғана емес, сонымен қоса Сібір шаруалары да шықты. Мысалы, Думадағы айтылған сөздерінде Н. Коншин: «Ешбір Сібірге қоныстану жалпыорыстық аграрлық мәселерді шешуге көмектеспейді... Сібір халықтары қолдарындағы фактілер мен сандармен, өкімет крестьяндарды Азияға көшуге себеп ретінде алынған, қоныстануға арналған бос жерлер туралы мәліметтің өтірік екенін айқындай алатын. Мұндай зор жалпы мемлекеттік қоныстану сияқты мәселеде қандай болсын кателіктер сол уақытта шешілуі тиіс» [15]. Бұл қоныстану қозғалысының бір ғана жағы болатын. Н. Коншин өз жерлерінен байырғы тұрғындарын заңсыз куу туралы, қоныстандыру басқармасы ұйымдастырып отырған тартып алу туралы мәселені көтермеді. Бұл мәселелерге Қазақ далаларындағы жергілікті саяжайлар мен қоныстану аймақтарының заңсыз құрылуы жөнінде Министрлер Кеңесінің Төрағасы атына жазылған және 53 депутаттың қолы бар сауал арналған еді. Зерттеуші Л. Ямаев ойынша, бұл сауалды қозғаушылар мұсылман фракциясының өкілдері Ахмет Бірімжанов пен Сәлімгерей Жантөрин болды [16, 10-б.].

Қазақ депутат корпусының басты мақсаты өмір сүру жағдайы Ресейдің басқа да тұрғындары сияқты тең құқылы болуын жүзеге асыру болып табылды. Біріншіден бұл қазақтарды мемлекеттің күнделікті төрешілік өмірінен және болашақ дамудан оқшаулайтын, орыс тілінде оқылатын мектептерде өткен, соттық іс қағаздарын жүргізуге қатысты болды. Зиялылардың ойынша қазақтар әкімшілік ақпарат саласына рұқсат алуы тиіс еді және бұл құқықтың іске асуы қазақтардың орыс тілін үйренуіне қатысты емес еді.

А. Бірімжанов екінші Думада жергілікті сот реформасы бойынша комиссия мүшесі болды. Есте қалатын оқиға жергілікті сот реформасы туралы ұсыныс жоғарыдан келген болатын. Әділет Министрі 16 наурызда Мемлекеттік Думаға жергілікті сотты өзгерту туралы заң жобасын енгізді. Сот жүйесі белгілі жерлерде, бұрыннан өзгертулер енгізілуін қажет еткен еді. 27 наурызда таңдалып қойған 24 тұлғадан тұратын енгізілген заң жобасын талқылау үшін комиссия құрылуы депутаттармен шешілген еді [17]. 1907 жылы 14 сәуірде Ахмет Бірімжанов комиссия Төрағасы атына жергілікті сот реформасы туралы өтініш жазды. Сол өтініштің мазмұны: «Жергілікті соттың өзгеруі туралы әділет министрі жобасының негізгі ережелерін қарастыру кезінде, жергілікті соттағы сот ісін жүргізу тілі және жергілікті сот өкілдерінің жергілікті тілді білуі туралы мәселені комиссия талқылауға алуын сұраймыз, себебі 11 жоба бойынша мекеме іс-қағаздарын жүргізу орыс тілінде өтеді» [18]. Ахмет Бірімжановпен бірге кейінірек Г. Мусин, С. Сундерлянд және Н. Коншин қол қойды. Олардың өтініші 1907 жылы мамырдың 2-сі күні арнайы комиссия отырысында қарастырылды. Осы өтініш бойынша өткен пікірталас нәтижесінде, комиссия төрағасы сот өкілдерінің жергілікті тілді білуі туралы мәселе қарастыруға жарамайтынына мән берді, себебі ол империя аумағына жататын, яғни өкімет енгізген заң жобасы мемлекеттің ішкі губерниясына кіретін жергілікті сот реформасына қатысты болды. Сот өкілі – сайланатын қызмет және де ол жергілікті халықтан сайланады, яғни жергілікті тілді білуі қажет [19]. Бірақ А. Бірімжанов пен Г.Мусин, соңында қатарына қосылған Н. Коншин және С. Сундерлянд Қазан, Самар, Симбир, Тамбов сияқты кейбір земстволық губернияларда, сонымен қатар Қырымда орыс тілін білмейтін, халқы бар тұтас уездер барын айта кетті. Олар өз сөздерінде жергілікті әлемдік сот өкілі сол халықтың тілін білмеген жағдайда, ол сот жұмысына кесірін тигізеді, сонымен қатар сот жүйесіне деген сенімді жоғалтады. А. Бірімжанов пен басқа депутаттар ұсынады: «Осы мәселені болдырмау мақсатында, жергілікті сот өкілі осындай аумақтарда, сәйкес емтихан тапсыру арқылы сайлау кезінде расталатын, басты жергілікті тілді білуін қаулы сту қажет» – деген ұсыныс білдірді [20]. Бұл ескерту жергілікті тұрғындар орыс тілін білмейтін, мемлекеттік аумақтарда үлкен орын алды. А. Бірімжановтың және басқа депутаттардың сот қызметіне қатысты өтініші комиссия ішіндегі даудың мәні болды. Бірақ, комиссия мүшелерінің көбі жергілікті сот өкілі жергілікті тілді білуіне және соған байланысты емтихан тапсыруына қарсы болды. Комиссия мүшелерінің көбінің қарсылығы келесі нәтижеге әкелді, яғни халықты сот өкіліне арналған жергілікті тұрғындар тілін білуіне шектелім заңымен байланыстырмай, жергілікті сот өкілі, жергілікті тұрғындардан сайлануы керек, жергілікті салтты және жергілікті тілді және соған қатысты өздері лайықты тұлғаны таңдайтын халыққа сенім арту керек. Өйткені, осы шектеуді қолдануда қай жергілікті халықтың тілін артығырақ көру және сот өкілінің қай жергілікті халықтың тілін білуі бойынша мәселелерді шешу кезінде, еңсерілмейтін қиындықтар кездесуі мүмкін. Самара губерниясында бірнеше этнос тұрады және жергілікті

тұрғындардың тілі әртүрлі болып келеді, сол себепті сот аталмыш сот өкілін тағайындау қиындыққа соғады, комиссия мүшелері арасында әртүрлі пікірлер туып, депутаттардың ойлары бөлінді. А. Бірімжанов, Н.Коншин және Г. Мусин сот өкілінің жергілікті тілді білуін талап етті. Депутаттардың көпшілігі аталған міндеттемені әлемдік сот өкілдерін сайлауда түрлі кикілжің тудыратын мәселе деп пайымдап қарсылық білдірді. Бұл мәселе түбегейлі шешілу үшін төраға талабымен дауысқа салынды және тараптардың көп бөлігінің қарсы болуына байланысты, яғни 12 дауысқа 7 дауыс қарсы болып шектелім қарастырылмады [21].

Сотта жергілікті тілді қолдану әрі пайдалану мәселесін өзектендіруде А. Бірімжановтың еңбегі зор болды. Дума қазақ депутаттарына Ресейдің қарқынды саяси өміріне үйренуіне көмектесті. Мысалға А. Бірімжановтың сауалнамасын алсақ болады. Қай партияға кіресіз деген сұраққа А. Бірімжанов былай жауап қатты: «партияға кірмеймін» [22]. Кейінірек сауалнамадағы ұқсас сұраққа, партияны көрсететін бағанға «мұсылман фракциясы» деп жауап жазды [23]. Мүмкін дәл осы жерде А. Бірімжановтың саясат қызметкері ретінде қалыптасуы болды. Ол келесі екі комиссияның: жергілікті соттың өзгеруі және далалық әскери сотты жою туралы белсенді мүшесі болды. Екі комиссия да империяның саяси өмірі және әсіресе Далалық аймақ үшін үлкен мағынаға ие болды. А. Бірімжанов мұсылман фракциясы бағдарламасын құрастыруға белсенді қатысты.

Бірақ монархиялық режим жағдайында А. Бірімжанов пен басқа депутаттар, олардың Ресей империясының саяси жүйесін өзгертуді ешбір қаламауы, мемлекеттік бюрократия машинасына қарсы шыға алмады. А. Бірімжанов Думадағы қызметінде мемлекеттің өзіндік санасының өсуіне ықпалын тигізді. Осы әрекеттердің нәтижесі қазақ халқының Мемлекеттік Думаға сайлау жүйесіне белсенді қатысуында көрінді. Қазақ депутаттық корпусының сипаты жергілікті тұрғындардың европалық білім алған қазақ қоғамынан шыққан адамдарды сайлауға бағытталды, осындай адамдардың бірі А. Бірімжанов болды.

Ақпан революциясы және билік тізгінін Уақытша өкімет орнатуы бюрократиялық постимперия аппаратында кадрлық ауысуларға әкеліп соқты. А. Бірімжанов, Ә. Бөкейханнан Қостанай қаласындағы Уақытша өкіметке уезд комиссары қызметіне келуіне ұсыныс алды [24].

Уезд комиссары міндетінде А. Бірімжанов өлкенің жан-жақты мәселелері бойынша аграрлық мәселеден бастап мектеп мәселесімен айналысуына тура келді. Ресейдің I дүниежүзілік соғысқа қатынасуы, Уақытша өкіметтің әлсіздігінен шешімін күткен мәселелердің қалдырылуы т.б. мәселелер алдағы құрылтай жиналысына жаңа билік құрылысының жұмысын шектеп, болашағын өшірді.

Жүзеге асыру мүмкіндіктерінің жоқтығына қарамастан Уақытша үкіметтің стратегиялық мәселелерін қысқа уақыт ішінде шешуге, өз міндетін атқаруға кірісті. Уездік комиссариаттың айналысқан көкейтесті мәселенің бірі қара жұмысқа жегілген қазақтарды Отанына қайтару болды. 14 наурызда Уақытша өкіметтің қаулысы қабылданып, қазақтарды қара

жұмысқа жегу тоқтатылған болатын [25, 21-б.]. Мектеп мәселесін шешу де уездік комиссардың құзырында болды. Егер, орысша білім беру мәселесі салыстырмалы түрде дамыған десек, қазақ мектептерінің жағдайы күрделі болатын. Барлық ауылдардағы мектептер толыққанды бастауыш білім болып есептелді. Бірімжановтың алдында тұрған келесі мәселесі жаңа биліктің мақсаты бойынша осы бастауыш білімнің қазақтар арасында таралу дәрежесін анықтап, мәселені дұрыс бағытқа түсіру қажет болды. Ол күрделі мәселені шешу үшін мектептер мен медреселер туралы мәліметтер, яғни саны туралы, қандай ғимараттарда орналасқаны, кімнің қаржысына өмір сүруде, оқушылар мен мұғалімдер саны, мұғалімдердің ағартушылық деңгейі т.б. жинау керек еді [26].

1917-1918 жж. Алаш партиясының съездерінің өтуімен, ұйымдастырылуымен сипатталады. Алаш қайраткерлерінің өткізген съездерінің аймақтық қорытындысы қазақ қоғамының қоғамдық алдыңғы қатарлы қозғалысының көптеген бөлігін қамтыған тарихи-территориялық көлемімен ерекшеленеді. Алаш қозғалысының мұндай белсенді болуы аталған облыстарда олардың көшбасшыларының белсенділігімен ғана түсіндірілмейді. Сондай-ақ, бағдарламадағы қазақ халқының сұранысына сай және Қазақстанда тұратын басқа жақын орналасқан облыстардағы этностарға деген төзімділігімен түсіндіріледі. Бұл кезеңдегі қоғамдық дамуда маман-заңгерлердің рөлі болашақ мемлекетті қалыптастырудағы эволюциялық заң шығарушылық шығармашылығы ерекше болды. Сондықтан А. Бірімжанов Торғай делегаттары өткізген съезде сот комиссиясы құрамына енгізілді.

Бұл комиссияның басты мақсаты сот құрылысының жаңа жобасын жасауы керек болды. Комиссия мүшелерінің екеуінің журналистік білімі бар еді, ал А. Бірімжанов шешуші рөл атқаратын болды. Алаш қозғалысының дамуының басты көрсеткіші Орынбордағы 1917 жылы желтоқсан айында өткен жалпықазақ съезінің ұйымдастырылуы болатын. Съезд делегаттарының жалпы пікірі бойынша айтарлықтай басқару қызметін Алаш Орданың халықтық Кеңесі атқарды. Торғай облысынан халық Кеңесіне А. Бірімжанов сайланды. Съездің шешімі бойынша Халық кеңесінің автономия жариялауға құқығы болды. А. Бірімжанов Кеңес мүшесі ретінде қоғам алдында жауапкершілігі мол көп құзырдың иесі болды. Алайда әртүрлі қоғамдық-саяси күштердің күресі, 1917 ж. Қазан төңкерісі ашық қарулы көтеріліске яғни, азаматтық соғысқа алып келді. Бұл бақталастық шешімін тауып, үлгермеген мәселелерді шиеленістірді және антибольшевиктік оппозицияны күшейтті. Қорыта айтқанда, антикеңестік лагерь бірлігін сақтай алмаған іштей бірігуі мүмкін болмайтын түрлі түсінік, ұғым және салт-санаға тәуелді евроазиаттық кеңістіктегі ұлттық, әлеуметтік, мәдени және саяси сипаттағы өткір мәселелерден тұратын Азаматтық соғысқа ғана тән күрес әдісімен басты мазмұны болашақ мемлекеттілігін айқындаған ұлттық шет аймақтардағы азаматтардың құқығы мен бостандығын шектеуге қарсы шағын территориялық тұтастығын қорғап қалу болатын. Бұл фактор Алаш партиясының ұлттық автономия принциптеріне қарсы көзқарастағы екі блокқа қарсыласуын белгілеп берді.

Осы қиын-қыстау қарсыласу кезінде екіжақты күштің арасындағы тепе-теңсіздікте А. Бірімжановтың дипломатиялық таланты айрықша көрінді. Алаш қозғалысы мен қазақ халқының оңтайлы жағдайына қол жеткізуге бар күшін салды. 1918 ж. маусымда большевизмге оппозициялық күштер Самарадағы құрылтай жиналысының комитетін құрып, оның құрамына Алаш партиясынан бірқатар белгілі лидерлермен бірге А. Бірімжановта енген болатын. «Комуч» лидерінің пікірі бойынша билік құзырының таралуы Оңтүстік Урал, Орта Поволжье және Екатеринбург губерниясы яғни, Алаш Орданың территориясымен шектескен аймақтармен шектелді.

Осылайша, А. Бірімжанов большевиктерге саяси-идеялық қарсы болған одақтық блоктарды құруға белсенді атсалысты. Алаш Орда автономиясының бірнеше өкілдерімен бірігіп, 1918 ж. қыркүйекте өткен Уфа кеңесіне қатынасты. Бұл кеңесте А. Бірімжанов құрылтай жиналысының мүшесі ретінде тіркелді. Сондықтан бұл жағдайда А. Бірімжановтың орны екі бағытта көрінді: ұлттық ұйымның белсенді өкілі және жалпы мемлекеттік деңгейдегі өкіл ретінде танылды. Осылайша, А. Бірімжанов өзінің Алаш партиясындағы саяси орны және Поволжье, Урал маңы, Сібір және Қазақстан бойынша түрлі қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың өкілі болып мойындалды. А. Бірімжановтың түбірлі іс-әрекеті оның құрылтайшы жиналысқа деген сенімі еді. Азамат соғысы барысында бұл қайғылы оқиға соңы Алашорданың таралуы, оның көшбасшылары Кеңес үкіметін мойындады, Азамат соғысы жылдары Қазақстан халқының және қоғам мүшелерінің жаппай қырғынға ұшырауынан сақтап қалды.

Семейде жүрген А. Бірімжанов қазақ зиялыларының бірқатар өкілдерімен бірге ішкі істер министрлігінің Түземдік бөліміне Бүкілресейлік мемлекеттік шеңберде автономия реформасының жобасын ұсынған хатын жолдаған болатын. Құжатта Алаш өкілдерінің ең бірінші мақсаты Кеңес өкіметін құрту және Ресей мемлекетін қалпына келтіру сонымен қатар қазақтар өздерінің ұлттық ұмтылысын ұстана алады деп көрсетті [27]. Соған қарамастан олар саяси құрылымның жаңа жобасын ұсынады. Мысалы, басты уәкіл туралы бапты қайта карауды ұсынады. Құжатта көрсетілгендер: «Алаш автономиясы болып табылатын қазақ облыстарын басқаратын басты өкіл 1918 жылғы 4 қараша жарлығы мазмұнында көрсетілгендей белгілі бір министрлік өкілі бола алмайды, олай болғанда Алашорданың рөлін атқарады. Ол қазақ халқының ұлттық басқару органы болуы тиіс. Сондықтан ол ішкі істер министрлігіне тәуелді болмауы керек, тек қана Министрлер кеңесіне бағына алады. Басты өкілеттілік жанынан кеңес болуы тиіс [28].

Жергілікті әкімшілік басқару мәселесіне орай А. Бірімжанов және оның әріптестері мынаны ұсынады: «Жерілікті жерлерде басқару ұлттық қағидаға негізделеді. Осыған сәйкес қазақ халқы әкімшілік және милиция басқаруы бойынша қазақтың ұлттық басқармасына бағынады. Сондықтан облыстарда, уездерде және болыстарда басты өкілге қарайтын ерекше басқару органдары құрылады» [29].

Автономия көшбасшылары сондай-ақ өлкедегі өзін-өзі басқару мәселелерін қозғап, Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстан аумағындағы ұлттық земство құрылу қажеттілігін атап көрсетті. Осы хатта олар: «Өзін-өзі басқару мәселесіне тоқталғанда, біз оны земство түрінде көреміз. Жалпы халықты қамтып құрылған облыстық және уездік земстволар сақталды; болыстық земстволар қазақтың тұрмыс ерекшелігін ескеріп орыс тұрғындарынан бөлек болуы тиіс» [30].

Алайда күрделі соғыс жағдайында, қызыл армияның күш алуымен Алашорда үкіметі Қазақстандағы саяси басқару реформасын аяғына дейін жеткізе алмады. Колчак үкіметінің ұстанымынан көңілі қалып, басқа контрреволюциялық күштерден қолдау таба алмай 1919 жылдың ақпанынан Кеңес өкіметінің жағына өтуге келісе бастайды.

Осылайша, Ақпан төңкерісі, оның демократиялық өзгерістерін тарих сахнасына Қазақстанның экономикалық және саяси еркіндігіне заңды әдісті қолданып жеткіземіз деген жанпида қызметімен ұлттық зиялы өкілдерін тарих сахнасына шығарды.

Уақыттың шектеулі болғанына қарамастан А. Бірімжанов бірталай шаруаларды атқарып үлгерді: қазақ және орыс арасында жер мәселесіне орай қақтығыс болдырмау үшін жер комитеттері құрылды, қара жұмысқа жегілген қазақтарды Отанына қайтару жұмысы басталды, ұлттық білімді дамыту, Қостанай уезінде земствоны құру, Құрылтай жиналысына дайындық т.б. жұмыстар жасалынды. Оның қызметін зиялы қауымы басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысымен тұтас қарау қажет. Ол көптеген зиялы өкілдері сияқты Ақпан төңкерісінің жеңісіне сенді, қолдады. Қазан төңкерісінің нәтижесінде мұндай жаңашылдықтар мен демократиялық өзгерістер келмеске кететінін білді, сезді.

Кеңес билігінің салтанат құруы азаматтардың санасында жаңа мемлекеттің бейімделуі, жаңа мемлекет құрудың шынайылығы және іс қағаздарды жүргізудің қалыпқа келуі, жаңа басқару құрылымының орнауы ескі әкімшілік құрылымының тағдырын шешті. Ұлт аймақтарының халықтарымен байланыс орнату үшін басқару аппаратының құрылысына революцияға дейін қалыптасқан қазақ интеллигенциясын тартуға мәжбүр болды. Яғни солардың бірі А. Бірімжанов болатын. Заң шығарушылық бай тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті бар, европа мәдениетіне ұстанымы биік А. Бірімжановтың әкімшілік және шығармашылық қызметіндегі басты көрсеткіштер болатын. Идеологиялық қысымның үстемдік құруы оның ескі әкімшіліктен қалыптасқан биліктегі басқарушылық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін шектеді. А. Бірімжанов заң шығарушылық саласындағы сирек маман ретінде Әділет халық комиссариатына сот құрылысы бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. А. Бірімжановтың өмірінің бұл кезеңінде жаңашыл реформа енгізу мәселелерімен көрініп көптеген істерге мұрындық болады. Атап айтқанда, тергеушілерді сайлау институын құру және дамыту, халықтың құқықтық сауатын ашу, халық сотының корын (резервін) құру, шет аймақтарда көшпелі халық соттарын құру, ұлттық тілде іс қағаздарын

жүргізудің жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асыруда оның рөлі зор болды. Қазақ этносының дамуының мүддесі негізінде А. Бірімжанов әдет-ғұрып заңының сот ісінде кеңестік декреттерге қайшы заң ісі бөлімінің меңгерушісі А. Клиентовпен бірге әдет заңдарын қолдану мүмкіндігі жөнінде құжат дайындалды. Мұндай ұсыныс Әділет халық комиссариатының нұсқауында көрініс тапты [31]. Кәсіби заңгер ретінде және халықтың әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін ол қалың мал және құн заңын жою туралы заңдарын жасауға қатынасты. А. Бірімжанов Қазақ Автономиялық Кеңестік Республикасының сот қызметкерлерінің I съезінің төрағасы болуы, оның 1920 жылдың басында кеңес билігінің оған зор сенім артып отырғанын көрсетеді.

А. Бірімжановтың ұсынысымен құқықтық білім беру мәселесі көтерілді. Барлық сот жүйесін өзгерту қажеттігін қойды. А. Бірімжанов және құрылған комиссия заң курсының тыңдаушыларына бағдарлама жасаумен айналысты. Өмірінің соңғы жылдары А. Бірімжанов Жоғарғы Соттың қазақ бөлімінде қызмет атқарды [32]. А. Бірімжановтың қызметіндегі ерекшелігі оны тұлға ретінде айқындап, қай істі қолға алса да жаңашылдығымен, ұлтқа деген жанашырлығымен кеңестік саясатты жаңа тарихи жағдайға бейімдеуде шығармашылық танытуымен, еңбекқорлығымен өзгешелініп тұратын.

А. Бірімжанов және оның Алаш қозғалысы бойынша әріптестері басқа да ұлттық-демократиялық қозғалыс өкілдері секілді қоғамға зардаптар әкелетін күштерге қарсыласып бақты. Алайда субъективті және объективті тарихи факторлар ұлттық көзқарастағы демократиялық күштердің жеңілісіне алып келді. Бүгінгі күні демократиялық жаңғыру уақытында экономикалық дағдарыстан шығуда мемлекеттің либералдық-демократиялық бағыт ұстану қажеттігі туды. Идеялық бағытты белгілейтін қоғамдағы «ақыл иелері» қоғамды ілгерілетудегі өз миссиясын атқаруда. Қазіргі әлеуметтік-саяси көзқарас құрылымы XX ғасырдың басындағы қоғамды дамытудың бағдарламаларымен, шығармашылығымен сәйкес келеді. Олардың қатарында қызметімен рөл атқарған Ахмет Бірімжанов ерекше аталады.

Қазақ көшбасшыларының пікірі бойынша қазақ қоғамының саяси құқықтарға қол жеткізіп жүзеге асыруы үшін этностың мүддесін қорғайтын ұлттық партия қажет болды. 1917 жылдың ақпан төңкерісі кезінде осы мақсаттағы мемлекеттік құрылыстағы кадеттердің одақтасы болатын партияны құру мүмкіндігі туды. Басқару жүйесін реформалау шығыс этностарының мүддесін де қамтыды. А. Бірімжанов қазақтың ұлттық мемлекетінің бастауында тұрып XX ғасырдың үшінші ширегінде Қазақстан халқының саяси тарихында маңызды рөл атқарды.

---

1. ҚР ОМА. 4 к. 1 т. 2262 іс. 15 п.

2. ҚР ОМА. 4 к. 1 т. 4082 іс. 343п .

3. Васильев А. Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. – Оренбург: Издание Тургайского областного статистического комитета, 1896. – 226 с.

4. ҚР ОМА. 25 к. 1 т. 467 іс. 58 п.
5. ҚР ОМА. 25 к. 1 т. 467 іс. 209 п.
6. ҚР ОМА. 322 к. 1т. 14 іс. 134-135 п. арт. п.
7. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1863.
8. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1863.
9. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1863.
10. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1863.
11. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1863.
12. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1864.
13. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1865.
14. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия I. С. 1866.
15. Государственная Дума. Стенографические отчеты. 1906. сессия 2. С. 2271-2272.
16. Мусульманские депутаты Государственной Думы 1906-1917. –Уфа: Китап. – 1998.-С.10
17. Государственная Дума, Второй созыв. Журналы заседаний. Заседание 14. Спб.1907.
18. РМТА. 1278 к., 1 т., 803 іс, 39 п.
19. РМТА 1278 к.1 т. 803 іс., 36 арт.п.
20. РМТА 1278 к.1 т. 803 іс., 36 арт.п.
21. РМТА. 1278 к., 1 т., 36 іс, 2 п.
22. РМТА. 1278 к., 1 т., 36 іс, 4 п.
23. РГИА. Ф.1278.Оп.1 Д.36. Л.4.
24. ҚР ОМА. 17 к. 1 т. 7 іс. 3 п.
25. Алаш-Орда Сборник документов. Сост. Мартыненко Н. – Алма-Ата: Айкап. -1992. – 192 с.
26. ҚР ОМА. 18 п. 1 іс. 13 іс. 44-44 арт.п.
27. РФМА 1701 к. 1т., 6а-іс, 183 п.
28. РФМА 1701 к. 1т., 6а-іс, 183 арт. п.
29. РФМА 1701 к. 1т., 6а-іс, 184 п.
30. РФМА 1701 к. 1т., 6а-іс, 18 арт. п.
31. ҚР ОМА. 1380 к. 2 т. 21 іс. 45 п.
32. ҚР ОМА. 1380 к. 2 т. 48 іс. 2-2 арт. п.

5.4 ЫБЫРАЙЫМ ЖАЙНАҚОВ

«Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең»
Абай

XX ғасырдың басындағы ұлт тарихына және қоғамдық ағымда бой көрсеткен қайраткерлер мен тұлғалар болмысына тереңірек бойлау үшін сол қозғалыстарға үңілу қажет. Өйткені елдегі революциялық және ұлттық-демократиялық өзгерістердің бастауында тұрған Ресей конституциялық қайта құру жолын таңдап, экономикалық реформалар арқылы біртіндеп еуропалық даму ізіне түсуге талпынды. Осы себептен отарлық жағдайда күн кешкен қазақ халқының ұлт қайраткерлері мен зиялылары ресейлік жаңа реформаторлық буынның бір тармағы ретінде қалыптасып, қызметінің белсенділігін арттырды.

Саяси дүрбелеңге толы өткен ғасырдың басындағы ұлт тарихының ең айшықты тұстарының бірі, тарихи-саяси және айрықша құбылыс – Алаш қозғалысы. Қазақ халқының отарлық езгіге қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасып дамуына, жаңа сапалы деңгейге шығуына барынша ықпал етіп, дем берген Алаш қайраткерлері. Олар туралы сөз еткенде «ұлт көсемі» атанған Әлихан Бөкейхан және «ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсыновсыз бастау мүмкін емес. Алаштықтардың көсемі дәрежесіне көтерілген Ә. Бөкейхан озық заманауи білім мен тәрбие алған, еуразиялық деңгейдегі энциклопедист-ғалым, қоғам қайраткері еді. Ә. Бөкейхан қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысты жаңа демократиялық конституциялық парламенттік күрес жолына салса, А. Байтұрсынов қазақ халқының азаттық күресіне шынайы гуманистік, ұлттық сипат қосты. Қос тұлға қазақ жерінде терең тамыр жібере бастаған саяси қозғалыстың еуропалық күрес бағытына ұлттық рух пен сарын, ұлттық мүдде тұрғысынан қарауды көздеді. Академик М. Қозыбаев: «Сондай XX ғасыр даналарының бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, ұйқышылдық, адами хайуандық, отаршылдық ұлттың, азуы мен тозуын оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасын, құлшылдық санасын, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі. Бір сөзбен айтқанда: Қазақ халқының болашақта болу, болмау альтернативасы. Ахаң тағдыры– ел тағдыры» [1, 23-б.], – деп баға беруінен тұлғаның жинақталған бейнесін ғана емес, ұстанған өмірлік-саяси ұстанымында танимыз.

А. Байтұрсынов ұлт болашағы жолындағы қызметі мен мақсатының басты ұранын өзінің мына өлең жолдарына сыйғызған: Мен бұқтым, жаттым, Сен бұқтың, жаттың, Кім істейді, қызмет?!, – деп ұлттық мүдде жолында күрескер іздей отырып, «Ұл туып, ұлы жолда қызмет етсе, онан зор ұлтқа бар ма ырыс», – деген үндеуіне жауап бергендер де сол Алаш қайраткерлері еді.

Өткен ғасырдың соңында алаштану ғылымына тыңнан сүре салған танымал ғалым К. Нұрпейісов өз еңбегінде: «Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов сияқты қазақтың либералды-демократиялық интеллигенциясының көсемдері басқарған Алаш партиясының құрамына әуел бастан-ақ қазақтың ғылыми және шығармашылық зиялыларының белгілі өкілдері – М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, Ғ. Қарашев, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Жаһанша Досмұхамедов, М. Дулатов, т.б. кірді.

Олардың басым көпшілігі 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда социалистік идеологияны, таптық принциптерге негізделген күрес бағдарламасын қабылдаған жоқ, өйткені Алаш партиясы қайраткерлерінің пікірінше сол кездегі қазақ қоғамы тұтас алғанда оған дайын емес мүддеге негізделген «қазақ халқын отарлық езгіден құтқару үшін» деген ұранның астында топтастыруға бағыт алды. Бұл бағытты жүзеге асырудың басты құралы – бірінші жалпықазақтық съезде дүниеге келген Алаш партиясы болу керек деп түсінді» [2], – деп Алаш қайраткерлері мен қозғалысының басты мақсат-мүддесін ашып көрсетті.

Ортақ мүдде жолында күреске шыққан ұлт қайраткерлері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов және М. Дулатов, С. Торайғыров, Х. Ғаббасов, Ә. Ермеков, Ж. Досмұхамедов, Т. Шонанов, М. Шоқай, И. Тергеусізов, Б. Сүлеев және т.б. ұлттық саяси элита өкілдері мен қарапайым халық арасынан суырылып шыққан көзі ашық, көкірегі ояу жандар жаңа өрлеу жолына түскен ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналы сипат беру мақсатында газет-журнал шығару, азаттыққа үндеген кітаптарды шығарып тарату, Мемлекеттік Дума жанындағы мұсылман, түрікшілдік қозғалыстарына атсалысу сияқты саяси күрес әдістерін игеріп, тәуелсіздік идеясын халық санасына сіңіре бастайды. Оған дәлел 1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылдан жарық көріп, жалпыұлттық басылым дәрежесіне көтерілген «Қазақ» газеті, 1917-1918 жылдары жарық көрген «Бірлік туы», «Сарыарқа» секілді мерзімді қазақ басылымдары ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет ете отырып, Алаш партиясы маңына топтастыра түсті. Ойымызды академик К. Нұрпейісовтың келесідей пайымдауымен тұжырымдауға болады: «Қазақ интеллигенттерінің алғашқы тобының басым көпшілігі әмбебап мамандар болды: олар ғылыми жұмыстармен де, оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қарекетімен де, көркем творчествомен де қатар айналысты. Басқа сөзбен айтқанда, олар сол кездегі қазақ қауымының рухани сұраныстарына мүмкіндіктерінше толық жауап беруге ат салысты. «Айқап» журналын және жалпыұлттық тұңғыш «Қазақ» газетін шығару арқылы олар халықты оқуға, көшпелі шаруаларды отырықшылдыққа шақыруда, шаруашылықты жүргізудің прогрессивті формаларын, әйел теңдігін насихаттауда, патша үкіметі тарапынан теңдігін насихаттауда, патша үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған отаршылдық саясатқа қарсы қоғамдық пікір қалыптастыруда айтарлықтай оңды істер тындырды» [2, 123-б.]

Ал «Алаш қозғалысының басты мақсаты – қазақ еліне өзін-өзі басқару мүмкіндігін беретін мемлекеттік жүйе құру, яғни оның ұлттық мемлекеттілікке құқы бар екендігін метрополияға мойындату, ал түбінде дербес мемлекеттілікке қол жеткізу, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударушылар толқынын тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып қазақ қоғамын жаңа өмір сұранысына сай өзгерту (модернизация), демократиялық принциптерді қадір тұтумен бір мезгілде, әсіресе, білім мен ұлттық мәдениеттің өркен жаюына жол ашу болды. 1917 жылдың қараша айында жарық көрген «Алаш» партиясының бағдарламасы жалпы ұлттық мұрат ретінде осы мазмұндағы мақсаттарды белгіледі. Бағдарлама сондай-ақ Ресей мемлекетінің Федеративтік Республика болғандығын жақтады, ал шашыранды қазақ облыстары өз билігі өзінде тұтас бір мемлекетке бірігіп, автономиялық негізде Ресей Федерациясының құрамында болуға тиіс еді», – деп жазады алаштанушы-ғалым М.Қ. Қойгелдиев [3].

Бағдарлама мақсатында көрсетілгендей ұлт болашағы жолындағы күрестің бастауында «Ұлт ырысы», өркениет ырысы, «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолдан» қазақ халқы қалмауын ойлаған, «ұлттық құткару» майданының сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессансының бастауы Ахмет Байтұрсынов, планетарлық ойшылдар бастауы қатарынан орын алары даусыз. Ахаң бар әлемдік ұлылар галереясында XX ғасырдың ұлы гуманисі Ганди, түркі әлемін оятқан Кемаль Ататүрік, шілдің боғындай шашыраған араб әлемінің басын қосқан Насер, әккі отаршыл Ресейді еңіреткен, XX ғасырдың Шамилі – Дудаев, әлемдегі әрбір төртінші адамның жан дүниесін елжіреткен Дян Сяо Пин, тұңғыш ғарыш перзенті Гагарин, адам құқының қорғаны Сахаров, алты алаштың арысы Әлихан Бөкейхан сияқты біртуар тұлғалар тұр» [1, 22-б.], – деген болатын М. Қозыбаев XX ғасыр тұлғаларын саралаған жоғары еңбегінде.

Сонымен XX ғасырдың айбынды тегеуіріне айналған Алаш қозғалысын негізінен сонау XIX ғасырдың төрінен орын алған Абай заманындағы ағартушылар қозғалысының жалғасы ретінде танып-білуіміз қажет.

Алаш қозғалысы туралы айтылғанда көбіне оның басшылығында жүргендер жайында жиі тоқталамыз да, қатардағы жауынгерлердей болған өлкелік тұлғалар назардан тыс қалып, осы уақытқа дейін жүйелі зерттелмей келеді.

Солардың бірі Жетісу қоғамдық-саяси тарихында тағылымдық мектебі бар Алаш қозғалысының жетісулық қайраткері – Ыбырайым Жайнақов.

Архив құжаттарына көз жүгіртер болсақ Ыбырайым Жайнақов қарапайым көшпелі қазақ болысының отбасынан шыққан азамат. Әкесі Жайнақ Қараталов 1865 жылдары Баба Қасқарау болысын басқарған.

Осы құжаттарда 1882 жылғы Жетісу облысындағы түтін санағында Жайнақ Қараталұлының шаруашылығы жайында мынандай мәлімет берілген: «3 шаңырақ, ерлері 6, әйелдері 4, сауаттылары жоқ, 15 түйесі, 100 жылқысы, 5 ірі қарасы және 1000 қойы бар деп көрсетілген. Жайнақ Қараталұлы Верный уезіне қарасты Үлкен Алматы болыстығының 3 ауылында тұрған» [4].

Ал Ы. Жайнақовтың немересі Надия Омаркызының естеліктері мен жазбаларында Қаскелең ауданына қарасты деп беріледі.

Жайнақ Қараталұлы баласының келешегін, сауатты болуын ойлап, оны Верный ерлер гимназиясына берген. Ыбырайым Жайнақовтың Верный ерлер гимназиясында оқығаны туралы құжатта көрсетілгендей ол 1883 жылы Верный уезінің Үлкен Алматы болыстығында дүниеге келген.

Гимназияда оқып жүргенінде өкпесіне суық тиіп, ауыр сырқаттанған Ы. Жайнақов бір айға демалыс алып, Ыстыккөлде емделуге рұқсат алады. Ол 6 сынып оқушысы Ыбырайымның гимназия директорының атына 1901 жылы 15 наурызда денсаулығына байланысты жазған өтінішінде солай көрсетілген. Айтылған мәлімет дәйекті болу үшін сол өтініштің және гимназия дәрігері берген қорытындының түпнұсқасынан көшірме беріліп отыр [5].

Дәрігер кеңесі бойынша оқушы жайлауда қымыз ішіп, содан соң Ыстықкөлде теңіз суына шомылуы қажеттілігі көрсетілген. Баланың сырқаты ұзаққа созыла бастағаны келер жылы жазылған анасы Шолпан Жайнақованың өтінішінен де байқалады [6].

Денсаулығына байланысты Ыбырайым Жайнақов 1902 жылы Верный ерлер гимназиясының 6 сыныбын бітіргеннен кейін оқуды тоқтатқан. 1904 жылы Жаркент уездік басқармасында тілмаш, кейін Жетісу облысының генерал губернаторы Фольбаумның тілмашы қызметтерін атқарған.

Бір құжатта гимназия басшылығы білімге құштар шәкірттің болашағынан көп үміт күткенін көруге болады. Онда гимназияның бұрынғы тәрбиеленушісі Ы. Жайнақовты Қазан мал дәрігерлік институтының студенттер қатарына алынуына сұраныс берілген [6, 4-п.].

Аталмыш Верный ерлер гимназиясын бітіргеннен кейін Ы. Жайнақов Жетісу облыстық басқармасында тілмаштық қызмет атқарады. Сол тұстағы қазақ даласында кеңінен етек ала бастаған қоғамдық-саяси өзгерістер легіне ерген Ы. Жайнақовтың ұйымдастыруымен 1911 ж. 21 қазанда Жетісу облысы болыстары мен қадірлі ақсақалдарының үлкен жиыны өтеді. Жиында облыстық әкімшілік пен қоныстандыру басқармаларының іс-әрекеттері жөнінде және саяси іздестіру бөлімдерінің облыстағы көшпелі халықтың ісіне араласпауы туралы Мемлекеттік думаға өтініш-тілек дайындап, арнайы өкіл жіберу мәселесі қарастырылады. Арнайы өкіл ретінде көрнекті қазақ зиялыларының бірі, қайраткер Барлыбек Сырттанов Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы мүшелеріне Жетісу халқының өтініш-тілектерін жеткізіп қайтады.

Бұл туралы ғалым В.З. Галиевтің еңбегінде хаттамалық жазбадан мынандай үзінді берілген: «Верный тыңшылық бөлімі бастығының Б. Сыртановты Санкт-Петербург қаласына сапарға жіберуге дайындау жөніндегі агентуралық мәліметтерінің хаттамалық жазбасы:

«Верный, 1911 жылдың 28 қарашасы. Өте құпия. Верный тыңшылық бөлімшесінің бастығы губерниялық хатшы Склюев айдың осы күні төмендегідей агентуралы мәліметтер алды: губерниялық хатшы

Ибраим Жайнаков Қапалдан демалыстағы кенесші Барлыбек Сыртановтан хат алды, мұндай хат облыстық және уездік әкімшіліктерге және қоныс аудару ұйымдары деп аталатындарға қатысты болады. Таяу күндері Қапалдан түземдік мектеп мұғалімі, Торғай облысының аты-жөні белгісіз қырғызы келді және түркістандық нөмірлерге тоқтады, ол жоғарыдағы хатты Жайнаковқа әкелді; хатты алғаннан кейін Жайнаков болыс басқарушылар мен қадірлі қырғыздарды өзіне жинады, бірақ, өкінішке қарай, не мәселе талқылағаны нақты белгісіз. Дегенмен Сыртанов Жайнаковтан өзінің Верный қаласына келетіндігін болыс басқарушылар мен қадірлі адамдарға ескертуді және әрбір қырғыз болысынан Сыртановтың Санкт-Петербург қаласына баратын сапары үшін жүз сомнан жинауды сұраған деген сыбыс таралған» [7].

Сондай-ақ осы еңбекте Ыбырайым Жайнаков пен Иса Тергеусізов екеуінің М. Дулатовтың 1911 ж. «Вакыт» газетінің баспаханасында басылған «Оян, қазақ!» кітапшасын Жетісуда алғашқы таратушы және насихаттаушысы болды деп көрсетіледі.

Жоғарыда берілген мәліметті мына бір архив құжаты толықтыра түседі. Түркістан аудандық күзет бөліміне «Қара» деген бүркеншік есімді тыңшының жолдаған мәлімдемесінде: «Жетісу облысының білімді, әрі құрметті қазақтары Б. Сыртановтың, Ы. Жайнаковтың, Е. Абылайхановтың және бірқатар тілмаштардың басшылығымен Жетісудың ғана емес, бүкіл Түркістан өлкесінің қазақтары мен қырғыздарын тығырықтан шығарамыз деп оларды басшылыққа қарсы коюда. Орыс үкіметі тарапынан болатын көмектен күдерін үзген қазақтар Е. Абылайханов пен тілмәш Жайнаков арқылы Түрік сұлтанымен және Бұхар әмірімен астыртын байланыс орнатуға көшті. Осыдан екі жыл бұрын Меккеден білімдар бір араб келіп, ол Сұлтан мен Әмір үкіметтерімен байланыс орнатудың жолдарын көрсетіп берді. Оның айтуынша, дұрыс байланыс орнатылған жағдайда Сұлтан мен Әмір орыс үкіметінен Түркістан өлкесі мұсылмандары құқықтарының тапталмауын талап ететін көрінеді» [8], – деп көрсетілген.

Тілмаштық қызметін қоғамдық істерде тиімді пайдалана алған Ыбырай Жайнаковтың қайраткерлік тұлғасы Жетісудағы қазақ-қырғыз босқындарына көмек ұйымдастыру барысында айқын ашыла түсті. Ы. Жайнаков төрағалық еткен Жетісу облыстық Қазақ комитеті Қытайдан қайтқан қазақ-қырғыз босқындарына алғашқылар легінде қол созып, қамқорлыққа алады. Жетісу облыстық Қазақ комитеті босқындарды орналастыруға ыңғайлы жерлер анықтау, жұмысқа орналастыру, аш адамдарды тамақтандыру пункттерін ашу сияқты нақтылы шараларды ұйымдастырады. Босқындардың ауыр жағдайы туралы жоғары билік орындарына Ы. Жайнаковтың түсірген мәлімдемесіне орай Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті 100 мың сом ақша бөледі де, оған Қытайдан оралған қазақ-қырғыз босқындарына жәрдемақы ретінде азық-түлік беруді ұйымдастырды [9].

Осылайша қоғамдық-саяси өмірге етене араласқан Ы. Жайнақов Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің өтуіне де тікелей қатысады. Саяси көзқарастары беки түскен Ыбырайым Жайнақов Жетісудағы Алашорданың жетекшісі болды. Уақыт өте келе Жетісудағы Алашорда қайраткерлері Ыбырайым Жайнақов пен Иса Тергеусізов секілді қос тұлғалардың тағдыры тоғысып, олардың саяси ұстанымы мен көзқарасы да жақын болғанын байқаймыз.

Барлық Алаш қайраткерлеріне ортақ жағдай Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусым жарлығына байланысты етек алған ұлт-азаттық көтерілісіне тікелей араласуы. Жетісудағы азаттық жолындағы күрестің бел ортасында жүрген Ыбырайым Жайнақов шиеленіс туындаған жағдайда халықтың көтеріліске шықпауын жақтады. Қайраткер 1916 жылы 14 шілдеде Верный қаласында өткен Үлкен Алматы болыстығы халық өкілдерінің мәжілісін ұйымдастырушылардың бірі ретінде халықтың боска қырылмауын, мәселенің бейбіт түрде шешілуін түсіндіру мақсатында жұмыс істеді.

Дегенмен қазақ даласын дүр сілкіндірген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс Алашорда қозғалысының жіккс бөлінуіне ықпал етті. Көтерілістің жаппай сипат алғанын әрі көтерілісшілердің патша әскеріндей сайланып қаруланбағанына алаңдаған алашордалықтар арты ауыр ауыртпалыққа әкелетін қантөгістен қауіптенді. Осыны жақсы түсінген жетісулық қайраткерлер Иса Тергеусізов пен Ыбырайым Жайнақов та көтерілісті басқадай әдісте жүргізіп, отаршыл жүйеге қарсы көтерілу үшін алдымен халықтың сауатын ашу мақсатында саяси-ағарту жұмыстарын жүргізу керектілігін ұсынды.

Ыбырайым Жайнақовтың қайраткерлігінің шыңдалған тұсын 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін де елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге белсене араласып, ұлт мүддесі жолында атқарған қызметтерінен байқаймыз. Атап айтсақ, Жетісу облысы Қазақ комитетінің төрағасы, осы жылғы 12-23 сәуірде өткен Жетісу облысы 1-ші қазақ съезін ұйымдастырып, оған төрағалық етуі, 19 шілдеде Уақытша үкіметтің Жетісу облыстық комиссарының орынбасары болып тағайындалуы, сондай-ақ 1917 жылғы 1-ші, 2-жалпықазақ съездерінің жұмысына да белсене араласып, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Жетісу облысынан депутаттыққа да ұсынылады. Осы жылғы шілде, тамыз айларында алаш басшылары және қайраткерлері Ә. Бөкейхан, М. Шоқаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедовтер қатарында Челябинск қаласында өткен Сібір үкіметі мен Құрылтай жиналысының мүшелері комитетінің мәжілісіне қатысты.

Ал 1918 жылы 10-31 тамыз аралығында Лепсі қаласында өткен Жетісу облысы қазақтарының 2-ші съезіне төрағалық етіп, онда қазақ және қырғыз тілдерінде облыстық газет шығаруды ұсынды [10].

Дегенмен, 1918 жылы Жетісуда Кеңес үкіметі билігі орнағаннан кейін большевиктер алашордалықтарды қуғындап, соңдарына түсті. Кеңестік биліктің Ыбырайым Жайнақовты тұтқындауы Жетісу өңірінде толқыныс туғызған соң түрмеден босатылды.

Архивтік құжаттар сол жылдардың жаңғырығы болып, қайраткердің мұқалған, амалсыз сыртқа кетуге мәжбүр болған сәттерінен нақтылы мағлұмат береді.

Құжаттардағы мәліметтерге тереңірек үңілер болсақ қайраткердің үйінен кәмпескіленген бұйымдардың соншалықты қарапайымдылығын байқаймыз [11]

Сарғайған архив құжаттары арасындағы Ыбырайым Жайнақовтың жұбайы Гүлсім Дадабаеваның 1918 жылдың 10 қыркүйегінде Жетісу облыстық Халық комиссариатының атына жазған өтінішінде көрсетілгендей, 4 баламен қалған ана Садық Дадабаевтың үйінде уақытша паналап, бұрынғы үйінде қалған мүліктерін қайтарып алуға және азық түлікпен қамтамасыз етуге көмек сұрауға мәжбүр болады. Осы өтінішке бұрыштама жазған комиссар алдымен жағдайды толық анықтап барып, көмек көрсетілуін тапсырады.

Осы тұста Ыбырайым Жайнақовтың отбасы туралы немересінің әңгімесі бойынша тоқтала кетсек. Алғашқы жұбайы князь Чанышевтің қызымен отбасын құрған кейін, өмірге екі бала әкелгеннен кейін, ауыр сырқаттан жұбайы қайтыс болады. Кейінгі жұбайы Гүлсім Дадабаева анасыз қалған екі ұлды – Саитхан (Сәдуақас) мен Мирвакас (Меруақасты) өз бауырына салады. Жайнақовтарда содан кейін Рухия, Әсия, кейін Құлжа қаласының маңындағы Көктерек елді мекенінде Омар, Фарида, Қанипа атты ұл-қыздары дүниеге келеді. Олардың ұрпақтары бүгінде Алматы қаласында.

Абақтыдан босатылғаннан кейін Ыбырайым Жайнақов 1919 жылы рақымшылық алып, біраз уақыт жаңа билікпен бірлесе жұмыс істеуге көшті. Бірақ оларға кеңестік билік бұрынғыдай халықпен тығыз жұмыс жасауға мүмкіндік бермеді. Соңына шырақ алып түседі.

Сөйтіп Ыбырайым Жайнақов та үзеңгілес әріптесі, алдарына қойған мақсат-тілектері бір Иса Тергеусізов секілді т.б. алаш қайраткерлері мен зиялылары қатарлы 1920 жылдың көктемінде Қытайға, оның ішінде Құлжа қаласына қарай шекара асып кетуге мәжбүр болады. Жат елге қоныс аударған Ы. Жайнақов өзінің саяси қызметін жалғастыра берді. Алайда ендігі жерде атажұрттан тысқары жатқан қазақ халқын Гоминдан жүйесінің қыспағынан арылып, Алаш жұртын тұтас тәуелсіз елге айналдыруды көздеді. Дегенмен ұлт болашағы жолында қызмет еткен Ыбырайым Жайнақов, Иса Тергеусізов, Зият Шәкәрімұлы қатарлы көптеген қазақ қайраткерлерінің Қытайдағы өмірі мен қызметі осы уақытқа дейін жан-жақты терең зерттелмей келеді. Оған басты себеп, кешегі қысаң кеңестік идеология тұсында Алаштың таутұлғалы көшбасшылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхан, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытовтардың атын атауға және шығармаларын насихаттауға біржола тыйым салынса, сыртқа кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқай, Райымжан Мәрсеков, Ыбырайым Жайнақов, Иса Тергеусізов, Зият Шәкәрімұлы қатарлы біраз алашордалықтар өз елін сатқан қылмыскерлер деп танылғандығы аян.

Ыбырайым Жайнақовтың Қытай кезеңі туралы атақты ақын

Таңжарық Жолдыұлының «Түрме тарихы» дейтін ұзақ толғауын да мынандай үзінді бар: ...Тұрдақын, Айса төре, Жайнақов бар, Құлжаның қаласында елу адам. Бір түнде әкетіпті бірақ айдап... Немесе: Байбатша – Ыбырайым, Жайнақовпен, Жөнелді Сағатбектер соңына ере, – деп келеді.

Әсіресе, Қытай асқан қазақ зиялылары мен Алаш қайраткерлері туралы тарихи зерттеулер жоқтың қасы. Ғалым-филолог Серік Негимов жазғандай «Алаш идеясын – Әлихан, Ахметтердің бастамасын жалғастырған саяси жауынгер», бұл тараптағы өзінің әділ бағасын әлі алған жоқ. Соның бірі – жұрт аузында айтылып жүрген Мақсұт Сасанұлы, Әбеу Құдышұлы, Таңжарық Жолдыұлы бастаған «арғы беттегі» қазақ зиялылары Шығыс Түркістанға «қоныс аударған» қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі әскери кеңесінің мүшесі Райымжан Мәрсекұлы мен Ыбырайым Жайнақов сынды Алаш идеясының айнымас сарбаздарымен қосылып, Алашорданың Қазақстанда іске аспай қалған ұлы мұраттарын орындау жолында, Құлжа қаласында «Алаш-азаттық» атты құпия ұйым құрып, Шығыс Түркістан азаттығы үшін күрескендердің тарихи тұлғасы толықтай зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілмеуі де уақыт еншісінде қалып, зерттеушісін күтуде.

Егер артында іздер ұрпағы болса, мысалға Райымжан Мәрсеков, т.б., ерінбей жүріп ата есімінің ақталуына күш салады. Осындай ата ісіне, ата есіміне лайық ізгі шараны Ыбырайым Жайнақовтың балалары мен немерелері де жүргізіп келеді.

Мысалы Ы. Жайнақовтың ұлы Омардың қызы Надия Омарқызының атасын ақтау жөніндегі ҚР Бас прокуратурасына жазған өтінішінде Ы. Жайнақовтың өміріне қатысты біраз мәліметтерді алуға болады.

Ал Надия Омарқызының өтінішіне ҚР Бас прокуратурасы мен Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басқармасы Ыбырайым Жайнақовқа қатысты қылмысты іс қозғалғандығы туралы ақпарат сақталмағандығы туралы жауап береді.

Шындығында уақыт таразына салар болсақ, тәуелсіздік алған жиырма жеті жылдай мерзім өтсе де Алаш азаматтарын толықтай халықпен қауыштыра алмай келеміз. Алаш көшбасшыларының сара жолымен ұлтымыздың жарқын болашағы мен тәуелсіздігі, біртұтас ел болуы, жер тұтастығы, елдік пен бірлікті сақтау жолында аянбай күрескен, бастапқыда жатырқап, кейіннен мойынұсынған кеңестік жүйенің құрбаны болған жарқын тұлғалардың тарихи келбеті тарих талқысынан таразыланбай, «ақтаңдақтарға» толы архив құжаты күйінде жатыр.

Алаштанушы М. Қойгелдиев жазғандай: «Қазақ демократиялық интеллигенциясы қазақ еліне өркениетті қоғамдық даму бағдарламасын ұсына отырып, өздері атқарып отырған істің тарихи мәнін жақсы түсінді. Ә. Бөкейхан 1917 жылдың жазында жазған мақаласында «кейінгі үрім-бұтақ не алғыс, не қарғыс бере-бере жүретін алдымызда зор шарттар бар», – деп жазды. Бірақ қазақ елі 1917 жылы олар ұсынған жолға түсе алған жоқ. Ал

большевиктер партиясы ұсынған даму жолы қазақ елі үшін азабы мол жол болды. Ол үшін қазақ демократиялық интеллигенциясының ешқандай да кінәсі жоқ. Туған елінің бостандығы үшін соңғы деміне шейін күрескен оның өзі де империялық зорлықтың құрбаны болды» [12]. Сондықтан оларды ақтап, қызметі мен мұрасына баға беру әлі де болса келешектің ісі. Ал, Ыбырайым Жайнаков туралы құжаттық мәліметтер мен отбасылық суреттермен қамтамасыз еткен немересі Надия Омарқызына алғысымызды білдіреміз.

Осындай көлеңкелі жақтарына қарамастан 90-шы жылдары жаңашылдықпен қолға алынған Алаш пен Алашорда тарихын зерттеу әлі де жалғасын тауып келеді. Олай дейтініміз, 1995 жылы алғаш болып Алаш қозғалысын зерттеген академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты кітабында: «Алаш пен Алашорда тарихының маңызды кезеңін зерттеген еңбегімізді аяқтай келе, түбегейлі іс тындырдық деуіміз көңілге қонымды болмас, өйткені, аумалы-төкпелі заманды басынан кешкен партия мен өкіметтің айтылмаған саясаты да, сыры да баршылық. Мұны тәмамдау болашақтың ісі» [2, 215-219-бб.], – дей келе, 1991 ж. «Қазақстан коммунисі» (қазіргі «Ақиқат») журналының 8-10-сандарында жарияланған Алаш партиясына мүше немесе ниеттес болған азаматтардың (300-ге тарта) тізімін осы кітапта толықтырып берген еді. Ал қазіргі осы алаштану саласында терең зерттеулер жүргізіп отырған ғалым М. Қойгелдиев пен Б. Мүрсәлім бұл тізімді толықтырып, олардың санын 350-ге жеткізіп отыр [13]. Осылайша сарғайған архив құжаттарын парақтаған сайын ұлт жолында қызмет еткен қайраткерлер есімі мен олардың атқарған қызметі халық жадында қайта түлеп, жаңғырып, жаңа арнаға түсуі, тың зерттеулердің арқауы мен өзегіне айналары сөзсіз.

Сөз соңында айтарымыз, ұлт тарихының белесті кезеңдерінде, яғни XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ балаларының оқуға ұмтылысы, ілім-білімге деген құлшынысы артуымен қатар, дәстүрлі далалық қоғамда демократиялық ой-сананың оянуы мен, өріс алуы жаңа белесте таныла бастады. Қазақ даласындағы сауат ашу және діни мектептер мен әртүрлі деңгейдегі гимназияларды былай қойғанда, Ресей, Азия мен Еуропа қалаларындағы жоғарғы оқу орындарында білім алған Алаш қайраткерлері туралы да тың деректер табылып жатқандығы аян. Бұл дегеніңіз ұлт тарихын түгендеу мақсатында алаштұлғалы арыстарымызды халқымен қайта қауыштырудың жалғасы табатындығының дәлелі.

---

1. Қозыбаев М.Қ. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. – 1998. – № 3. – 22-28-бб.

2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 119-120-бб.

3. Қойгелдиев М.Қ. Алғы сөз // Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. желтоқсан 1917 ж. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.I. – 4-5-бб.

4. ҚР ОМА. 44-қ., 1-т., 335-іс. 111-п.
5. ҚР ОМА. 94-қ., 1-т., 1657-іс. 1-п.
6. ҚР ОМА. 94-қ., 1-т., 1657-іс. 3-п.
7. Галиев В.З. Ұлтты оятқан кітап: (Міржақып Дулатұлы және оның «Оян, қазақ!» кітабының ізімен). – Алматы: Мектеп, 2013. – 35-36-бб.
8. ӨРОММ. И-461-қ. 1-т., 1023-іс., 2-п.
9. ҚР ОМА. 9-қ., 1-т., 14-іс, 1-п.
10. Жайнаков Ыбырайым // Алаш. Алашорда. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 156-157-бб.
11. Алматы облыстық мемлекеттік архивы. 79-қ., 1-т., 124-іс.
12. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). – Алматы, «Санат», 1995. – 363-364-бб.
13. Алашорда: Фотоальбом. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, 2012. – 274-275-бб.

5.5 ӘЗІМХАН КЕНЕСАРИН

XX ғасырдың басында Ресей империясы мен оның құрамындағы халықтардың саяси өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Мұндай саяси өзгерістердің орын алуына 1904-1905 жылы орыс-жапон соғысында Ресейдің жеңіліске ұшырауы мен соған байланысты империяның ішкі саясатында пайда болған саяси-төңкерістік жағдайлар себеп болды. Оның басты көріністері орыс-жапон соғысынан кейін 1905 жылдан бастап Ресейде империялық мемлекеттік аппараттың әлсіреуі мен соның салдарынан туған революциялық әрекеттердің жүзеге асырылуымен сипатталды. Бұқара халықтың орталық билікке деген наразылығы мен талаптары уақыт санап күшейіп отырды. Басты талаптар ұлтаралық қатынастарды реттеу, өзге ұлттарға құрметпен қарау, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу және осы секілді өзге де әлеуметтік мәселелер болды. Мұның салдарынан 1905-1907 жылдары Бірінші орыс революциясы болып, алайда ол жеңіліске ұшырады. Бұл революция қазақ халқының санасында ұлттық рухты оятты және халықтың қоғамдық санасын көтерді. Сонымен қатар, ең маңыздысы бұл революциялық қимылдар Қазақстанда демократиялық қозғалысты дамытуға аса зор ықпал етті және қазақ интеллигенциясының ұлт болмысы мен тағдыры жайлы саяси пікірлерінің бір ортаға түйісіп, жалпы қазақ халқының көрнекті зиялы қауым өкілдерін саяси сахнаға шығарды.

Бұл кезде қазіргі Қазақстан территориясы екі өлкенің Түркістан және Дала генерал-губернаторлығының құрамында болып, аймақтар өзіндік ішкі шекаралармен белгіленді. Екі генерал-губернаторлықта да қазақтар басым болып, олардың арасынан белсенді қазақ зиялы қауым өкілдері шығып отырды. Қазақ зиялылары әр облыстан шығып, бір идеяның аясына бірікті. Олардың кейбірі өз облыстарының атынан Ресейде мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып отырды. Халық арасынан шыққан мұндай таңдаулы ұлт өкілдерінің мемлекеттік Думаға депутаттыққа сайлануы қоғам дамуында, халықтың санасын көтеруде аса маңызды рөл атқарды. Қазақ

зиялылары әртүрлі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарға мүше болып, әртүрлі қимылдар ұйымдастырды. Басты мақсат – халықтың әлеуметтік жағдайының жоғары болуы және ең маңыздысы тәуелсіз, дербес өмір сүруі болды.

Қазақтың тәуелсіз мемлекет құру жолында және халықтың әлеуметтік ахуалы мен тұрмысын жақсарту үшін қызмет еткен көптеген қазақ зиялы қауым өкілдері болды. Олардың арасында Қазакстанда Алаш қозғалысын бастаған Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сынды саяси тұлғалардың есімдері ерекше аталады. Уақыт өте күн санап құбылған саясаттың әлсіз жағдайын пайдалануға тырысқан аймақтардағы өзге де қазақ зиялылары осы Алаш қозғалысына мүше болып, аталған саяси тұлғалардың айналасына топтаса бастады. Түркістанда да қазақ зиялыларының үлкен тобы осы өлкенің тәуелсіздік жолындағы саясатпен айналысты. Олардың көшін Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Санжар Асфендияров сынды саяси тұлғалар бастады [1].

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бастап өткен тарихымызды түгендеуге кең мүмкіншіліктер туды. Ұлтымыз бен мемлекетіміздің тарихын жаңжақты зерттеу жұмыстары қолға алынды. Оның ішінде XX ғасырдың басында қазақ қоғамында өзінің қоғамдық және саяси қызметімен танылған зиялы қауым өкілдерінің тарихы да кешенді түрде зерттелді. Әрбір саяси тұлғаға арналып, қаншама ғылыми еңбектер жарық көрді. Мұндай зерттеулер әлі де өз жалғасын тауып келеді. Әрине, мұндай ізденістер XX ғасырдың басында қазақ зиялылар қатарының көп болғанын және олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметінің ауқымдылығын көрсетеді. Осы орайда тақырыпқа арқау болып отырған зиялы қауым өкілдерінің бірі – Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы қоғамдық-саяси қызметі туралы зерттеулер де ғылымда кезек күттірмейтін тақырыптардың біріне айналды.

Әзімхан Кенесарин – XX ғасырдың басында оңтүстік өңірден шыққан қазақтың саяси және қоғам қайраткерлерінің бірі. Өмірінің үлкен бөлігін Әулиеата уезінде өткізіп, онда уездік басқармада аудармашы, хатшылық, уез бастығының кеңесшісі қызметтерін атқарды, сонымен бірге қоғамда болып жатқан саяси процестерге де араласады. Аса сауатты түрде хат тануына байланысты патша үкіметінің кезінде-ақ көзге түскен Ә. Кенесарин патша билігі тұсында бірқатар саяси және қоғамдық істерді атқарды. 1917 жылы орын алған екі бірдей төңкеріс кезінде өзге де қазақ зиялыларымен бірлесіп, қазақ халқының азаттығы мен бостандығы үшін жүзеге асырылған көптеген саяси процестерге бел шеше араласқан ұлт зиялыларының бірі болды.

Әзімхан Кенесарин 1877 ж. (1878) Шымкент қаласында дүниеге келген. Ә. Кенесарин текті әулеттің ұрпақтарынан саналды, ол атақты Кенесары ханның ұрпағы Ахмет Кенесариннің ұлы. Әкесінен жастайынан айрылған Әзімхан Ахметұлы 1897 жылы Шымкент қаласындағы екі сыныпты училищені бітіріп, 1898 жылы Әулиеата қаласында облыстық басқарманың кеңселік қызметіне жұмысқа қабылданады. Әулиеата уезінің бастығы полковник

В.А Каллаур өзінің арнайы рұқсаты бойынша Әзімхан Сұлтан-Ахметұлын жұмысқа қабылдап, кеңселік істермен айналысуды тапсырады [2].

Арадан аз уақыт өткен соң Әзімхан Кенесарин бұл жұмысқа екінші разрядтағы қызметкер болып орналасты, оның негізгі міндеті Әулиеата уезінің басқармасының штабында жазбаша жұмыстармен (хатшылық) айналысу болды [3]. Әзімхан Кенесариннің уездік басқармада жазбаша құжаттамалық жұмыстармен айналысуына оның кез-келген құжатты әдемі жазу үлгісімен және өте ұқыпты, сауатты етіп жазуы түрткі болды. Құжаттарды көшіру мен толтырудағы және орыс тілін жетік меңгеруіне байланысты ол көп ұзамай осы Әулиеата уездік басқармасында аудармашылық қызметіне ауысты [4]. Бұл уақытта жергілікті халық арасынан мұндай сауатты жазумен және сауатты аударумен айналысатын адамдар аз болды. Бұл жағдай уақыт өте оның қоғамдағы беделінің артуына және болашақта зиялы азамат болып қалыптасуына септігін тигізді.

Әзімхан Кенесарин 1901 жылы сол кездегі Шымкент уезінің Бөген болысында болыстық басқарма бастығы Батырша болыстың қызына үйленеді. Бұл жөнінде ол Әулиеата уезінің бастығынан рұқсат сұрайды. Бұған оның уез бастығынан рұқсат алуы туралы жазған өтініштері дәлел бола алады [5]. Бұған уез басшылығы тарапынан рұқсат береді. [6]. Әзімхан Сұлтан-Ахметұлының жанұя құру үшін Әулиеата уезінің бастығынан рұқсат алуы оның бір жағынан уез бастығымен жақсы қатынаста болуын көрсетсе, екінші бір жағынан уезд бастығының өз қарамағындағы мемлекеттік қызметкерлерге бақылауды қатаң түрде орнатқанын көрсетеді. Мұның тағы бір себебі, Әзімхан Сұлтан Ахметұлы уез хатшылығында қызметте болғандықтан барлық құпия құжаттар оның қолынан өтіп отырды және сондықтан ол басшылықтың ұдайы бақылауында болды.

Уақыт өте Ә. Кенесариннің уезд басқармасындағы беделі арта түсіп, 1902 жылы ол өзінің қызметін бірінші сыныптағы шендік дәрежеге көтеру туралы уезд бастығы мен Сырдария облысының әскери губернаторына өтініш білдіреді. Бірақ, бұл уақытша жауапсыз қалдырылады [7]. Оның бұл өтініші негізінен алдымен оған төленетін еңбекжалақысының көлемінұлғайтуғажәне лауазымының жоғарылатуға байланысты жасалған еді. Дегенмен көп ұзамай, Түркістан генерал-губернаторлығының қазынашылық бөлімінің 1903 жылы 19 мамырдағы шешімі бойынша қосымша жалақы тағайындалды [8].

Бірақ, өз кезегінде уездік басқармада Әзімхан Кенесаринге қарсы болған және ол жайлы теріс пікірде ұстанған адамдар да жоқ емес еді. Мұндай күмәнді ойлардың туындауына оның жергілікті халықпен, қоғаммен етене жақын болуы себеп болды. Көбінесе уездік басшылық оған уезд бен облыстың құпия сақталатын саясаты және олардың болашақта атқарылатын істері туралы, сондай-ақ ең маңыздысы қазынаның көлемі жайлы мәліметтердің қоғамға жеткізуі мүмкін деген күдікпен қарайтын еді. Ақыры, 1904 жылы Сырдария облысының облыстық басқармасынан, дәлірек айтқанда губернатордың көмекшісі П. Хомутовтан Ә. Кенесаринді айыптау

жөніндегі арыз түседі. Ондағы Әзімхан Кенесаринге тағылған айыптардың негізгілері бірқатар кеңсе құжаттары мен қазынашылықтың бірнеше құнды қағаздарының жоғалуы болды [9]. Осындай келеңсіздіктер Ә. Кенесариннің қызметіне нұқсан келтірді. Мұндай кедергілерге қарамастан ол 1905 жылы Әулиеата уезінің басшылығына өзінің екінші сыныптағы шенді қызметкер күйінде қалдырып, осылай жұмысты жалғастыра беруін сұрады. [10].

Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы негізгі саяси қызметі оның 1905 жылы Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Виттенің атына Әулиеата уезінің қазақтары атынан жазған петициямен басталды. Бұл кезде 1905 жылы Петербургте Бірінші орыс революциясы басталып, елдегі осындай аумалы-төкпелі жағдайды пайдалануға тырысқан қазақ зиялылары халық атынан үкіметке шағым түсіре бастады. 1905-1906 жылдары қазіргі қазақ даласының әр түкпірінен орталық үкіметке мұндай шағымдар мен өтініштер ағылып жатты. Олардың ең негізгілері Ә. Бөкейхан бастаған Алаш қозғалысы өкілдерінің атақты Қарқаралы петициясы, одан кейін Жетісу облысынан жіберілген петициялар болды. Петициялардың мазмұны Ұлттық, Діни, Саяси, Әлеуметтік және Шаруашылық мәселелермен сипатталды. Сонымен бірге Түркістан өлкесіне қарасты болған Әулиеата уезінен де орталыққа петиция жолданып оны ұйымдастырушылардың бірі Ә. Кенесарин болды. Ол жергілікті жердегі қоғам белсенділері мен сауатты азаматтармен бірлесіп арнайы петиция дайындады.

Осылайша, қызметіне байланысты туындаған қиындықтарға мойынсұнбаған Ә. Кенесарин 1905 жылы Ресей империясының басшылығына петиция жолдауды ұйымдастырды. Мұның себептері мен барысына тоқталсақ, 1905 жылы Ресейдің ішкі-сыртқы саясатында үлкен өзгерістер орын алып, осы жылы Ресей империясы Жапониямен болған соғыста жеңіліске ұшырады. Ал ішкі саясатта Бірінші орыс революциясы басталды. Бұл төңкерістің негізгі себептері Жер мәселесі; Жұмысшылардың құқығының қорғалмауы; Азаматтардың құқығының тапталуы; Елдегі саяси партиялардың бір-бірімен ымыраға келмей толассыз саяси тартыстар жүргізуі болды. Осындай саяси-әлеуметтік мәселелерге байланысты бұқара халық Петроградта көтеріліс жасады. Көтерілістің басты талаптары – жерді шаруаларға теңдей етіп бөліп беру; Жұмысшылардың еңбегінің бағалануы; Ұлттық мәселе және осыларға ұқсас басқа да мәселелер болды.

Осы революциядан кейін патша үкіметі шаруаларға қатысты бірден шешім қабылдады. Басты шешім оларды басқа аймақтарға көшіру болды. Шешімді қабылдауда патша билігі біріншіден орталық Ресейдегі шаруалардың қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескеріп, екіншіден орыс шаруаларына қазақ даласындағы құнарлы, егінге ыңғайлы жерлерді үлестіру арқылы аграрлық реформа жүргізуге ұмтылады. Осылайша, патша өкіметі шаруаларды империяның шет аймақтарына қоныстандыра отырып, орталықтағы революциялық қозғалысты бәсеңдетуге тырысты.

Осыған байланысты, патша өкіметі 1905 жылдың мамыр айында қоныс аудару саясатына жаңа тұрғыдан қарауға мәжбүр болып, қоныс аударуды ішкі әлеуметтік қайшылықты «жұмсартатын» құрал ретінде көрді. 1895 жылы құрылған қоныс аудару басқармасын «Егіншілік және мемлекеттік меншік бас басқармасы» қарамағына береді. Ал, аудандық қоныстандыру мекемелері уездік деңгейде кіші аудандық болып бөлініп, қазақ даласында қатал орталықтандырылған қоныстандыру мекемелерінің жүйесі қаланды. Бұл мекемелердің негізгі міндетіне жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» тауып, оны қоныс аударушыларға учаске ретінде бөліп беру және оларға мемлекет тарапына тиесілі түрлі көмектің уақытылы берілуін қадағалау, сондай-ақ жергілікті халық пен келімсектер арасында туындаған дауларды реттеп отыру кірді.

Патша үкіметінің мұндай шектен тыс қоныстандыру саясаты жергілікті халыққа ұнамады. Орыс және өзге ұлттардан құралған шаруалар легі Оңтүстік Қазақстанға да келді. Оның ішінде Әулиеата өңірі келімсектерге лық толды. Петицияны жазуға түрткі болған басты тақырып осы болып, онда 1905 жылғы революцияға байланысты Сырдария облысында отырықшы тұрмысқа өтуге арыз жазған Шымкент және Әулиеата уездері қазақтарына 20000 десятина жер бөлінгені себеп болды. Өлкеде орын алған орыс шенеуніктерінің жемқорлық әрекеттерінің өршуі, білім деңгейлерінің жоғарғы лауазымдарға сәйкессіздігі, әр салалы мекемелердің бір-бірімен жанжалдасуы, жергілікті орталық биліктің қоғамда орын алып отырған жағдайларға бейімделе алмауы патша өкіметін өлкенің әкімшілік-саяси басқаруын Қазақ зиялыларының үкіметке жазған петициясына осы бірінші орыс революциясы себеп болды [11].

Осылайша, Бірінші Орыс революциясы Ресей империясының субъектісі болып табылатын Орта Азия мен Қазақстанға өз әсерін басқа тұрғыдан тигізді. Ресейдің орталық және еуропалық бөлігінен қоныс аударған ерікті шаруалар мен арнайы қоныстандырылған халықтар оңтүстік аймақтарда ең бірінші ұлттық, әлеуметтік және діни көзқарастар мен ұстанымдарға негізделген наразылықтардың тууына себепкер болған еді. Осыған орай, елдегі осындай шиеленіскен жағдайды пайдаланып, сондай петициялардың бірін 1905 жылдың маусым айында Министрлер комитетінің төрағасы, граф М.Ю. Виттеге Жетісу облысының жергілікті халқы да жібереді. 11 тармақтан тұратын бұл петицияның алғашқы 6 тармағы дін мәселесіне арналса, 7-ші тармағында Мемлекеттік думаға жергілікті халық өкілдерін сайлауға тосқауыл қоймау керектігі талап етілді. Ал петицияның 8-ші тармағында өлкедегі жергілікті халық тілдеріндегі газет-журналдардың, кітаптардың шығарылуына рұқсат берілуі керектігі көтерілсе, 10-шы тармақта үкімет тарапынан ашылған оқу орындарында білім алып жатқан жергілікті халықтың жастарына христиандық ілім негіздері оқытылмай, оның орнына мұсылмандық ілімнен дәріс оқытылуы керектігі сұралды. Жер мәселесі болса петицияның соңғы 11-ші тармағында көтеріліп, орыс шаруаларының қоныс аударылуы доғарылуы керектігі талап етілді.

Атап отырғанымыздай бұл кезде Әулиеата қазақтары да қапыда қалған жоқ. Осы аталған петициялардан бөлек, Сырдария облысының Әулиеата уезінен де олар да осындай саяси-әлеуметтік сұраныстар жазылған талаптар жолданып, оны Әулиеата уездік басқармасының хатшысы болып отырған Әзімхан Кенесарин ұйымдастырды. Әзімхан Кенесарин ұйымдастырған бұл петицияға байланысты «Русский Туркестан» газеті былай деп жазады: «Петицияның екінші тармағы қырғыз даласын орыс элементтері арқылы отарлауға тікелей байланысты. Себебі, қоныс аударушылардың поселкелері үшін учаскелер әзірлеу жұмысының үздіксіз жүруінен қырғыздар өздерінің болашақта жер тапшылығын тартатындығын сезінуде. Жер тапшылығын қазірдің өзінде қырғыздар тығыз қоныстанған аудандар тартуда». Бұл петиция Әулиеата уездің қазақтары атынан Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Виттенің атына жазылды. Осының негізінде Әзімхан Кенесарин Ресей үкіметінің саясатына қатысты өзінің саяси белсенділігін көрсетті [12].

Патша өкіметінің өлкеге енгізген сайлау жүйесі де заңсыз іс-әрекеттерге толы болды. Сондықтан да қазақ халқы жаңа басқару жүйесін әуел бастан-ақ жылы қабылдамады. Өлкеде христиан дінін таратуды көздеген патша әкімшілігі алғашқы кезде Әулиеата, Түркістан және Шымкент уездерінде құрылған әрбір село мен поселкеде приходтық орындарды кеңінен ашады. Алайда патша әкімшілігінің өлкеде жүргізген миссионерлік саясаты, яғни жергілікті халықты ертеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам дінінен айыру жоспары орталық өкімет күткендей жоғары нәтижелерге жеткізген жоқ. Оған негізгі себеп қазақ халқының сыртқы жаулаушыларға деген ішкі қарсылығының пайда болуы, ал ол өз кезегінде әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге негізделген мұсылмандық жүйеге сүйенген еді. Патшалық отаршыл жүйенің күштеу әрекеттері күшейген сайын, Әулиеата өңірінде де халықтың намысы мен ұлттық мүддесін қорғауға деген ұмтылыстары артқан еді.

Ю. Виттенің атына жолдаған хатты дайындауда Ә. Кенесаринмен бірге Әулиеата уездік кеңсе қызметкері С. Хамутханов, Шу учаскелік приставының аудармашысы Х. Танкин, бұрын аудармашы қызметінде болған С. Толыбаев және Таластағы орыс-түзем мектебінің оқытушысы С. Өтегенов қатысты [13]. Петицияның негізгі мазмұны Әулиеата өңірінде жергілікті жерде қазақ ауылдарына өзге ұлт өкілдерін қоныстандырып сол арқылы рухани отарлауды тоқтату болды. Мұның басты мысалдары қоныс аударушылар үшін арнайы жер учаскелері қажет болып, жергілікті халықтан тартып алынды және орыстандыру саясаты жүргізілді. Бұл жағдай егістіктер мен жайылымдардың тарылуына әкеп соқтырып, ол болашақта жергілікті халықтың жер тапшылығының зардабын көруі мүмкін екендігін көрсетті. Сонымен қоса, ол халықтың әлеуметтік жағдайының күрт төмендеп кетуіне себеп болуы мүмкін екендігі айтылды. Мұндай әрекеттер Ә. Кенесариннің қоғам белсендісі, бастысы халық жанашыры екенін көрсетті.

Алайда, көп ұзамай Ә. Кенесарин мен оның жақтастарының үкімет басшысының атына жолдаған бұл петициясы жергілікті органдар тарапынан

сынға ұшырады. Тіпті оған қатысқандарға айып тағылып, қылмыстық іс қозғалды. Бұл жағдай Ә. Кенесарин мен оның жақтастары үшін күтпеген жағдай болды. Олардың жазған петициясын жергілікті әкімшілік органдар халық арасында үкімет пен билікке қарсы арандатушылық жұмыстармен пара-пар санады. Әзімхан Кенесарин мен оның жақтастарына қатысты Әулиеатада қылмыстық іс қозғалды. Оның саяси әрекеттері Сырдария облысының орталығына жөнелтіліп, ол сотқа асырылды. Елде болып жатқан осындай шиеленіскен жағдайға қарамастан, ол өзінің жақтастарымен байланысты үзбей, арадан шыққан сатқындық пиғылдағы әріптестерімен ымыраға келді. Ә.Кенесариннің бұл ісі аса ауыр деңгейдегі қылмыс болып саналмаса да оған арнайы жеке қылмыстық іс ашып, оған билік тарапынан тиісті шара қолдану керек болды. Петицияны ұйымдастырушыларды жергілікті халық арасында билікке қарсы саяси үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуші ретінде айыптады. Петицияны ұйымдастырушылар жергілікті қазақтарды билік пен үкіметке қарсы айдап салды деген айыпқа ұшырады. Осыған орай олардың үстінен қылмыстық іс қозғалды. Петицияны ұйымдастырушы азаматтардың әркайсысы жауапкершілікке тартылды. Ә. Кенесарин осы петицияға қатысуына байланысты қызметінен уақытша шеттетілді [14]

Ә. Кенесариннің жұмысқа қайта қабылдану жөнінде жоғарыда жасалған өтініші облыстық басшылық тарапынан қабылданып, ол жайлы мәліметті әскери губернатордың көмекшісі, әрі кеңесшісі А. Ильинский Әулиеата уезінің басшылығына жеткізді. Онда 1906 жылы 2 наурызда Сырдария облысының әскери губернаторы, генерал-майор И.И. Федотовтың арнайы шығарған № 96 бұйрығына сәйкес Әзімхан Кенесарин Әулиеата уезінің басқармасына жазбаша аудармашы болып қайтақызметке алынуына рұқсатететіні туралы жазылды [15]. Бұл жағдай Әзімхан Кенесариннің қызметке қайта келіп, аймақта жергілікті қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне араласуға қайтадан мүмкіндік тудырды. Уездік басшылықпен де халықпен де тығыз қарым-қатынасқа түскен Әзімхан Кенесарин ендігі кезекте бұрын кеткен кателікті болдырмауға әрекет етті. Осылайша Әзімхан Кенесарин уездік басқармада белсенді қызмет атқарды. Дегенмен, Әзімхан Кенесариннің басқармадағы қызметі басшылық тарапынан жан-жақты бақылауға алынды.

Бұдан былайғы уақытта таза, еш кәделіксіз, ұқыпты аудармашылық және жазбаша жұмыстар жүргізген Ә. Кенесариннің қызметі уез басшылығы тарапынан тағы да бағаланды. Осыған байланысты Әулиеата уезінің басшылығы Ә. Кенесаринді 1910 жылдың 5 қарашасынан бастап коллегиялық хатшы шеніне көтерді [16]. Бұл шен сол кезде аса жоғары болмағанымен, оның қоғамдағы және қызметтегі беделінің өсе бастағанын білдірді. Өзінің беделінің өсе бастағанын пайдаланған Ә. Ахметұлы сол кездегі мемлекетте болып жатқан орыстандыру саясатына қатысты бірқатар пікірлер білдіріп, қоғаммен ұдайы байланыста болды. Халықтың мұң-мұқтажын уез басшылығына жеткізіп отырды, бірақ өте сақтықпен жұмыс жасады.

1914 жылы қоғамдағы белсенділігі мен қызметтегі ұқыптылығының арқасында Әзімхан Ахметұлын Қасиетті Аннаның орденімен марапаттау мақсатында және бұл орденнің құрметіне орай қазынадан жиырма сомдық сыйақы тағайындау туралы Сырдария облысының басшылығы тарапынан Әулиеата уезінің басқармасына арнайы бұйрық келіп түсті. Мұндай сыйлықтар Ресей үкіметі тарапынан жергілікті мұсылман емес халықтардан шыққан танымал және белсенді тұлғаларға беріліп отырды [17]. Мұндай сыйлықтар мен марапаттаулар патша адамдарының жергілікті жердегі беделді азаматтарды өзіне тарту саясатымен байланысты еді. Дегенмен, өзінің қызметіне адал болған және халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, оны уез басшылығына жеткізіп, кейбірін орындатып жүрген Әзімхан Кенесарин үшін бұл жағдай аса ірі жаңалық емес еді. Ол үшін ең бастысы жергілікті қазақ және мұсылман қоғамының тыныштығы мен әлеуметтік жағдайының дұрыс болуы жеткілікті болды.

Сонымен қатар, осы 1914 жылы Ә. Кенесаринге қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі белсенділігі мен жетістігі үшін уездік титулярлық кеңесші (титулярный кенесник) шені берілді. Ол жайлы осы жылы 2 қыркүйекте Сырдария облысының әскери губернаторының арнайы бұйрығы жарияланды. Бұл шен Ресей империясының тәртібі бойынша IX сыныптық шендік дәрежеге тең болды. Бұл Әзімхан Кенесариннің жергілікті жердегі Ресей империясының заңды шенді өкілі және қызметкері болып қабылданғанын көрсетті [18]. Әзімхан Кенесарин империялық шенді қабылдап, патша мен әскери губернатордың жергілікті жердегі өкіліне айналғанымен, ол осы шенін пайдалана отырып бірқатар қызметтер атқарды. Ол қазақ шаруаларын орыс шаруаларынан бөлек ұстауды және соның негізінде ұлттар арасында кикілжіңнің орын алмау керектігін алға тартып отырды. Орыс тілін жетік білгендіктен, оның жергілікті билік ортасында беделі жоғары болып, сонымен бірге уез басшылығында отырып халықтың мұң-мұқтажына көмек көрсетіп отырғандықтан қоғамдағы беделі де үстем болды. Әзімхан Кенесарин Әулиеата уезінің басқармасының кеңесшісі қызметінде Патша үкіметінің іргесінің шайқала бастаған уақыты 1916 жылға дейін отырды [19].

Бұл кезеңде Әзімхан Сұлтан-Ахметұлының қызметтік жолында табысты қадамдар жасалды, алайда оның жанұялық өмірінде келеңсіз жағдайлар орын алды. 1915 жылы оның жұбайы Әнипа кенеттен қайтыс болады. Оның жанұясы Черняев уезінде болғандықтан, ол өзінің қызмет орнына жанұялық жағдайларын реттеу үшін сан рет рұқсат сұрайды [20]. Көп ұзамай ол өзінің балдызы Зухраға үйленеді. Оның бірінші жұбайынан Нартай, Мұхаметжан есімді ұлдары мен Хамида деген қызы болады. Кейін осы Зухра Батыршақызымен қосылған некеден Мадияр, Тәуке деген ұлдары мен Напуса, Аян, Баян есімді қыздары туады [21].

1916 жылғы Орталық Азия халықтарының көтерілістері Ресейді буржуазиялық-демократиялық төңкеріске алып келіп, патшаны тақтан құлатып, елде Уақытша үкіметті орнатады. Петербургтегі Ақпан оқиғалары туралы хабар тез арада бүкіл қазақ даласына жетеді. Патша өкіметінің

құлатылғанын құттықтаған көп адамдық митингілер мен шерулер қазақ даласының барлық ірі қалалары мен темір жол станцияларында өтеді. Патша өкіметінің тақтан құлап, елде жаңа саяси жүйенің қалыптаса бастауына күллі империя халқының басым көпшілігі, соның ішінде Түркістанның жергілікті халқы мен оның зиялы қауымы зор қуанышпен қарсы алып, бұл өзгерістерден үлкен үміт күтті. Жергілікті халықтардың Ақпан төңкерісіне және Уақытша үкіметке арналған құттықтаулар мен жылы лебіздері ауылдардан, болыстықтардан және уездерден жан-жақтан жіберіліп жатты. Мысалы, 1917 жылы 7 наурызда Петроградқа Уақытша Үкімет атына Сырдария облысының 12 болыстық атынан Өтеміс пен Қарабәкір құттықтап жеделхат жіберсе, оның артынша облыстың Қарабұлақ елді мекенінің тұрғындары да өз лебіздерін телеграф арқылы білдіреді. Сонымен қатар, үндеуде Алаш қайраткерлері жергілікті халықты патша үкіметі мен оның жергілікті билік орындарын құлатып, облыстар мен уезд орталықтарынан патша әкімшілігінің неғұрлым реакцияшыл өкілдерін тұтқындап немесе қызметтерінен қуып, Түркістан мен Қазақстан халықтарына келешекке деген үміт отын жаққан Уақытша үкіметті қолдауға шақырды.

Жалпы отбасылық өмірдегі өзгерістер оның саяси қызметіне әсер етеді. Сонымен қатар, көп өтпей 1916 жылы басталған қазақ халқының патша билігіне қарсы жасаған ұлт-азаттық көтерілісі оның саяси өмірі мен қызметіне де үлкен өзгерістер алып келді. 1916 жылы Ресей императорының 25 маусымдағы жарлығына сәйкес Орта Азия мен Қазақстаннан Бірінші Дүниежүзілік соғыстың майдан тылын қамтамасыз ету үшін қара жұмысқа алу туралы шарты қазақтың өзге де білімді азаматтары сияқты Әзімхан Кенесаринді де бұл іске араласуға мәжбүрледі. Бұл кезде ол патша билігінің жергілікті жердегі сойылын соғатын органның саяси қызметкері болғандықтан бұл көтеріліске бел шешіп араласу қиындық тудырды. Сондықтан ол өзінің барлық қимылдарын астыртын жүргізді. Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы өзі патша үкіметінің адамы болғанына қарамастан бұқара халықтың тілегін сырттай болса да қолдады. Ол патшаның мұндай әділетсіз шешімдерін өз бетінше сынға алды. Ә. Кенесариннің мұндай ұстанымдары оны 1916 жылы оңтүстік қазақтарын көтеріліске бастауға жетеледі. Оның басты әрекеттері Әулиеатадағы болған көтеріліске адамдарды астыртын үгіттеуімен сипатталады [21, 105-б.].

Еуропада басталған Бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей империясының отаршылдық бұғауында болған халықтарға зор қасіреттер әкеліп, ұлттық езгіге түскен халықтар, соның ішінде Түркістандағы жергілікті халықтың патша шенеуніктерінен көрген озбырлығы мен зорлық-зомбылығы соғыс кезінде шектен шығып, жерлері жаппай тартып алынып, өздері мүлдем жарамсыз шөл немесе шөлейт аудандарға ығыстырылды. Жергілікті тұрғындардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске шығуына, өлкедегі халық пен орыс шаруаларының арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісіп кетуіне және қарсы жақтардың бір-бірімен соғысуына империяның әскери-әкімшілік орындары тікелей кінәлі еді. Сырдария облысындағы ең ірі

көтерілістің бірі Әулиеата уезінде орын алып, Меркі бөлімінің Көшеней (Кученей) болысында басталған. 1916 жылғы 31-шілдеде көтерілісшілер Краш деген орыс шенеунігін өлтіріп, «Қоржын-Тоғай» деген жердегі орман шаруашылығының ғимараттарын киратады да, қолдарына біраз қару-жарақ түсіріп, өз әрекеттерін Чалдовар, Меркі және Луговой сияқты ірі елді-мекендерге ауыстырды. Әулиеата уезіндегі көтерілістің көршілес Жетісу облысы, сол сияқты жапсарлас жатқан Ташкент уезіндегі көтерілісшілерімен де байланыстары нашар болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде қазақ халқының зиялыларының қайраткерлігін, азаматтық ұстанымдарын, саяси белсенділігін тәуелсіздік жағдайындағы тарихтану тұрғысынан қайта қарап, тың және жаңа ғылыми тұжырымдар жасап, ғылымда жаңа көзқарас қалыптастырған ғалымдар К. Нұрпейісов пен М. Қойгелдиевтің еңбектері ерекше орынға ие бола алады. Олар 1916 жылғы көтеріліс тұсындағы зиялылардың рөлі мен қызметін тарихи обьективтілікпен бағалап, әділеттілікті қалпына келтіріп, ұлт зиялылары туралы таным-түсінікке ұлттық концепция бағдарына сәйкес жаңа сипат берді. Соның арасында Әзімхан Кенесариннің де белсенділігі атап өтіледі.

Әзімхан Кенесариннің қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір кезеңі 1917 жылы Ресейде болып өткен Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда орын алған саяси жағдайларға араласуы болды. Әзімхан Кенесарин Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан жағдайға сай Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында қоғамдық өмірге қызу араласты. Ақпан төңкерісінен кейін Ресейде патша үкіметі құлап, оның орнына буржуаз-демократтар келген соң жергілікті жерлерде патша үкіметінің бұрынғы органдарында жұмыс істеген қызметкерлердің көбісі қызметінен босатылды. Ақпан төңкерісі елдегі саяси жағдайды мүлде өзгертіп жіберді. Жергілікті жерлерде бұрынғы патша үкіметінің қызметкерлерінің үлкен бөлігі өз қызметін тастап кетті. Қызметкердің келесі бір бөлігі төңкерістен кейін орнаған Уақытша үкіметтің билігін мойындап жергілікті жерде бұрынғы жұмыстарын жалғастырды. Бұл кезде Әзімхан Кенесарин осы Ақпан төңкерісінен кейін елде қалыптасқан жағдайға байланысты Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында саяси және қоғамдық өмірге қызу араласты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған Әулиеата уездік Ұлттық кеңесіне төрағалық етті [22].

Әзімхан Кенесариннің саяси қызметінде Уақытша үкіметтің орны зор болды. Уақытша үкімет Ресей империясының Қазақстан сияқты отар аймақтарында кадеттерден, эсерлерден және өзінің саяси бағытын жүзеге асыруға сенімді деп табылған қазақтың ұлттық-демократиялық интеллигенциясының жекелеген өкілдерінен өлкелік, облыстық және уезд комиссарларын тағайындады. Мысалы, Ә. Бөкейхан Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы, М. Тынышбаев Жетісу облысындағы комиссарлары болып тағайындалса, М. Шоқай, А. Бірімжанов, Ә. Кенесарин Түркістан өлкесіндегі Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жауапты қызметтер

атқарды. Жалпы, патшалық билікті құлатқан Ақпан төңкерісін қазақ қоғамы зор қуанышпен қарсы алды. Ақпан төңкерісі халық бұқараның саяси құқықтарын кеңінен пайдалануына мүмкіндік жасады, олардың саяси күреске ашық араласуын қамтамасыз етті. Елдегі қоғамдық өмірде саяси партиялардың рөлі орасан өсті.

Ақпан төңкерісінің қазақтар үшін қаншалықты маңызды болғанын А. Байтұрсынов: «Алғашқы төңкерісті қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса, ол, біріншіден, бұл төңкерістің оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, оларды өзіміз басқарсақ деген ескі үмітінің нығая түскенінде еді», – деп түсіндіреді.

Уақытша үкіметтің өлкедегі ұлттық тірегі 1917 жылғы наурыз айынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман комитеттері болды. Олар негізінен, сол жылғы шілде айында қазақтың ұлттық Алаш партиясын ұйымдастырған Ә. Бөкейхан басқарған ұлттық-демократиялық зиялылардың жетекшілігімен құрылды. Алайда, Ақпан төңкерісінен басталған саяси тұрақсыздық кейіннен Қазан төңкерісіне ұласып, Уақытша үкімет биліктен кетті. Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда Уақытша үкімет орнаған соң, қазақ халқы мен оның саяси-әлеуметтік жұмыстарымен айналысу міндеттерін Қазақ комитеті өз қолына алды. Әр облыска, уезге комитет басшылары сайланып жатты. Бұл кезде Әзімхан Кенесаринді Әулиеата өңірінің халқы бірауыздан уездік комитетке төрағалық қызметке сайлады. Әулиеата халқының Әзімхан Сұлтан-Ахметұлын бірауыздан сайлауына оның бұрыннан осы өңірдің халқымен қоғамдық өмірімен етене араласуы және бұл аймақтың саяси ахуалын, оның қыр-сырын жетік меңгеруі мұрындық болды. Әулиеата жұртшылығы елде болып жатқан саяси ахуалдың реттелуінде оған зор үміт артты [23].

Жалпы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық төңкерісінің жеңісі нәтижесінде патша үкіметініңқұлатылуы мен Ресейде Республикалық тәртіптің орнатылуы Қазақстан мен Түркістандағы саяси жағдайды түбірімен өзгертті. Ақпан төңкерісі Қазақстанның басқа аймақтары сияқты оңтүстік өңірінде де үлкен қолдауға ие болды. Бірақ, аймақтың аталған кезеңдегі қоғамдық-саяси дамуының өзіндік ерекшеліктері де болды. Аймақтағы казак-орыс әскерлерінің билеуші топтары өзгерістерге қарамастан казак-орыс станицаларындағы билік тізгінін бұрынғысынша өз қолдарында қалдыруға бар күштерін салды. Көп ұлтты Сырдария облысының қалалары мен шет елді мекендерінде ұлттық, кәсіби және саяси белгілеріне негізделген саяси топтар мен қозғалыстар пайда болды. Солардың бірі Әулиеата жерінде болып, оған Әзімхан Ахметұлы басшылық жасады.

Бұл кезде облыстық және уездік комитеттердің төрағалары монархиялық билік құлағаннан кейінгі демократиялық еркіндікті сезініп, оны халыққа түсіндірумен айналысты. Патша үкіметінің тұсында аса үлкен қысымға ұшыраған бұқара халық Уақытша үкіметті зор қуанышпен қарсы алып, одан зор үміт күтті. Уақыт үкіметтің билігі кезінде Түркістан өлкесінде

орын алып жатқан ұлт-азаттық қозғалыс барынша күшейіп, оның түпкі мақсаты ұлттық автономия құруға бағытталды. Оны Мұстафа Шоқай мен оның серіктестері ұйымдастырды. Әулиеата Түркістан өлкесінің құрамында болғандықтан, уездік комитет басшысы Әзімхан Кенесарин Түркістан автономиясын құрушылардың көш басында тұрған Мұстафа Шоқаймен, Мұхаметжан Тынышбаевпен және басқа да түркістандық элита өкілдерімен жақсы қарым-қатынаста болды.

Дегенмен, бұл кезде Әзімхан Кенесарин қызмет еткен Әулиеатада саяси жағдай тұрақты болмады. Өзіндік ішкі алауыздықтар да болып жатты. 1917 жылғы сәуір айының басында Әулиеатада өткен қалалық митингте және одан кейін болған қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің мәжілісінде «уез бастығын, оның көмекшілері мен приставтарды тұтқындау» туралы қаулы қабылданды [24]. Осымен мазмұндас қаулы-қарарлар уездің ауыл-селоларында өткен халықтық жиналыстар мен саяси басқосуларда да жаппай қабылданып жатты. Көптеген болыстар да жаңадан құрылған атқару комитеттер көпшіліктің талап етуімен халықтың қаһарына ұшыраған болыс басшылары мен ауыл старшындарын тұтқындап немесе оларды соған дейін атқарып келген қызметтерінен жаппай қуумен болды. Мәселен, Шаповалов болыстық атқару комитеті Әулиеата уездік комитетінің атына 1917 жылғы 9-ы сәуірде «бұрынғы өкімет кезінде халықты қатыгездікпен қорлап келген Лукьян Терновой тұтқынға алынып, Әулиеата түрмесіне жөнелтілгені» туралы хабарлаған.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың барысы мен нәтижесінде Сырдария облысында шиеленіскен ұлтаралық (ең алдымен қазақ-орыс, қырғыз-орыс,) қатынастар шешілмеді, тіпті кей жерлерде олар Уақытша үкіметтің жергілікті органдары жол берген қателіктерден өрши түсті. Мәселен, 1917 жылғы 25 мамырда Әулиеата уезінің Меркі бөліміндегі 1916 жылғы тәртіпсіздіктен зиян шеккен орыс халқының өкілдеріне Уақытша үкіметтің жәрдемі ретінде 26 мың сом көлемінде ақша беруге шешім қабылданған. Бұл оқиға осы өңірді мекендеген қазақтар мен басқа да тұрғылықты халықтар өкілдері тарапынан наразылық туғызған. Олар кей жерлерде ашық қақтығыстарға ұласқан. 1917 жылғы 22 қыркүйекте Әулиеата уездік комиссарының Сырдария облыстық кеңесіне жолдаған хабарламасында «Тоғышар орыс тұрғындардың жергілікті халықтардың «шабындық пен егіндігін бүлдіргендігі, оларды тонап, зорлық көрсеткендігі» айтылған [25]. Ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі 1916 жылы Қытай ауып кеткен қазақтар мен қырғыздардың, сол сияқты майданның қара жұмысына алынған жігіттердің ата қоныстарына оралуына айтарлықтай кедергілер туғызды.

Уақытша үкімет ұлт мәселесін әділетті шешуге қабілетсіз болды. Атап айтқанда, ол Түркістан халықтарының өз тағдырларын өздері шешуіне жол бермеді, «біртұтас және бөлінбейтін Россия» туралы патшалық көзқарасты жақтады. Сырдария облысы, оның ішінде Әзімхан Кенесарин қызметте жүрген Әулиеатадағы Уақытша үкіметтің мұндай кемшіліктерін кеңестер пайдаланып қалуға тырысты. Уақытша үкіметтің органдары өздерінің өкімет билігі жолындағы негізгі бәсекелестері жұмысшы және

солдат депутаттарының Кеңестерінің беделін түсіріп, олардың қызметіне шек қоюға тырысты. Сырдария облысының қалаларында алғашқылары 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында құрыла бастаған Кеңестер өздерінің қатарындағы мүшелері жағынан аз, ұйымдасу жағынан нашар болды. Өлкенің Ташкенттен басқа қалаларында жұмысшылардың аз болуына байланысты оларда алдымен солдат және офицерлер комитеттері құрылды да, олар кейін солдат депутаттарының Кеңестері болып қайтадан сайланды. Мәселен, 1917 жылғы 17 наурызда Әулиеата солдаттар мен офицерлер комитеті ұйымдасып, сол күні Ташкент Кеңесімен телеграф байланысын орнатты.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін басталған қазақ қауымына тән болған қоғамдық-саяси белсенділіктің жарқын айғағының бірі 1917 жылғы көктемде қалыптаса бастаған облыстық және уездік дәрежедегі ұлттық немесе қазақ комитеттері жүйесі болды. Олар 1917 жылы сәуір-мамыр айларында өткен облыстық және уездік қазақ съездері. Мұндай съездер Орынборда, Оралда, Семейде, Омбыда болды. Бұл съезде Ақпан төңкерісінен кейінгі Қазақстанда қалыптасқан жағдайға баға беру және қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени мәселелердің ауқымын анықтауға талпыныс айқын көрінді. Бірақ, бұл съездер қазақ қоғамында болып жатқан қоғамдық және саяси мәселелерді шешетіндей шешім қабылдай алмады. Ендігі кезекте сол кездегі бүкіл Қазақстан аумағы мен қазақтар қоныстанған аймақтардан келетін зиялы қауым өкілдерінің басын қосып, үлкен шара өткізу және онда нақты әрі тиісті шешім қабылдау мәселелері тұрды.

Ол бойынша 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда Бірінші жалпы қазақ съезі ұйымдастырылды. Бұл съезд қазақ зиялысы Халел Досмұхамедұлының төрағалығымен және А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, А. Сейітовтың және Ә. Көтібаровтың хатшылығымен өтті. Бұл съезд ұлттық автономия, жер, Бүкілресейлік Құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына баса назар аударды. Съезде А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлы «Автономиялы тәуелсіз қазақ мемлекетін құру» идеясын ұсынды. Съезд «Құрылтай съезіне» депутаттыққа кандидаттардың тізімін бекітті. Оның ішінде Әзімхан Кенесарин де болды. Әзімхан Кенесарин осы Бірінші жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Әулиеата уезінен сайлауға түсті. Ол съездің белсенді қатысушысы болды [26].

Бірінші жалпықазақ съезіне Әзімхан Кенесарин арнайы шақырылды. Бұл съездің күн тәртібіне сол тарихи кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне қатысты негізгі 14 тармақшадан тұратын мәселелер қойылды. Олар: 1. Мемлекеттік құрылыс. 2. Қазақ автономиясы. 3. Жер мәселесі. 4. Халық милициясы. 5. Земство. 6. Оқу мәселесі. 7. Сот мәселесі. 8. Дін мәселесі. 9. Әйел мәселесі. 10. Бүкілресейлік құрылтай жиналысы. 11. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі. 12. Қазақ саяси партиясы. 13. Жетісу оқиғасы. 14. Киевте өтетін Бүкілресейлік федералистер съезіне және Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына Қазақстаннан өкіл жіберу [26, 388 б]. Сонымен қатар, ең маңыздысы саяси партия құру болды. Осыған орай Әзімхан Кенесарин съезде ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш

партиясын құру туралы қабылданған шешімге дауыс беріп, оны барынша қолдады.

Атап өткеніміздей, Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы тек Алаш партиясына біріккен қазақ зиялыларымен ғана емес сонымен бірге Түркістан автономиясын құруға кіріскен түркістандық элита өкілдерімен де тығыз байланыста болды. Негізінде, аумақтық тұрғыдан алғанда, Әзімхан Кенесарин түркістандықтармен барынша жақын болуға тиіс болды. Әулиеата уезі Түркістанның құрамында болғандықтан, әулиеаталық қазақтардың саяси-әлеуметтік жағдайының жақсару қажеттігін өзінің басты міндеті деп санаған ол Түркістан қазақтарының ұйымдастырған съездеріне аса белсенді түрде қатысып отырды.

1917 жылғы 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында болып өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының съезі болып өтті. Бұл жиынға Мұхамеджан Тынышбаев төрағалық етті. Съезге Сырдария облысынан Ферғанадан, Жетісу және Самарқан облыстарынан жалпы саны 84 өкіл қатынасты. Бұл жиынның бет пердесін осы съезді ұйымдастыру бюросының төрағасы болған С. Асфендияров құттықтау сөз сөйлеп ашты. Ол съездің бұдан былайғы жұмысы халыққа қызмет етуіне тілек білдірді. Одан кейін съезд төралқасын сайлау туралы ұсыныс жасалып, оның құрамына: құрметті төрағалығына Санжар Асфендиаров сайланды, ал төрағалығына Мұхамеджан Тынышбаевтың өзі таңдалды.

Төралқа құрамына А. Мангелді, И. Қасымов, мүшелеріне Қ. Қожықов, С. Ақаев, С. Өтегенов, З.Сейдалин, Ш. Қапсаламов және С. Қожанов және осылармен бірге Әзімхан Кенесарин де сайланды. Бұл Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының ауқымды жиындарының бірі болып, жиналысқа Әзімхан Кенесарин де қатысты және жай ғана қатысып қоймай, президиум төралқасының құрамына мүшелікке сайланды. Бұл оның Әулиеата өңірінен шыққан Түркістандағы саяси элита өкілдерінің бірі болғанын айтпаса да көрсетіп тұр. Съезде ол «Русия федеративті-демократиялық парламенттік республика болуы тиіс, ал қазақ-қырғыз облыстары ұлттық-территориялық федерация алсын» деген ұсынысты қолдап оған дауыс береді [22, 89-б.].

Съезде Мұхамеджан Тынышбаев бірнеше мәселеден тұратын күн тәртібімен таныстырды. Олар: 1. Ресейдің қазіргі жағдайы; 2. Жалпықазақ съезіне көзқарас; 3. Ресейдегі мемлекет билеу түрі; 4. Жер, су және қоныстанушылар мәселесі; 5. Азық-түлік, мал шаруашылығы және отын мәселелері; 6. Земство; 7. Мектеп мәселесі; 8. Халық соты; 9. Рухани-діни іс; 10. Баспасөз; 11. Бүкілресейлік мұсылман Кеңесі және Атқару Комитеті; 12. Жетісудағы қырғыздардың жағдайы; 13. «Бірлік туы» одағы; 14. 2-ші Бүкілресейлік ауылшаруашылығы санағы; 15. Жер комитеттері; 16. Әйел мәселесі; 17. Құрылтай жиналысы; 18. Ұлттық қазына мәселелері.

Күн тәртібінен көрініп тұрғандай, мұндағы қаралған мәселелердің көпшілігі басқа съездерде талқыланған мәселелерге өте ұқсас, тіпті бірдей. Қабылданған шешімдердің негізгілері уақытша үкіметті қолдау, мемлекетті билеу түрі – федеративті, демократиялық парламентті республика болуы қажет

және қазақ-қырғыз облыстары ұлттық-территориялық федерация алуы керек [27]. Жалпы, Түркістан қазақтарының бұл съезінде мардымды ой қозғалып, ұлттық және әлеуметтік мәселелерге қатысты бірқатар шешімдер қабылданды. Бұл жиынға Ә. Кенесарин Әулиеатаның атынан қатысып өз өнірінде болып жатқан саяси-әлеуметтік өмірге оң өзгерістер енгізу мақсатында съездің шешімдерін қолдады.

Бұл кезде Түркістанның Алашордаға қосылуы ең үлкен саяси мәселелердің бірі еді. Түркістандық зиялылар мен алаштықтар арасында саяси үндестік болғанымен, болашақта бір халықтың екі автономия құрамында өмір сүруі аймақта ауызбірліктің болмауына алып келуі әбден мүмкін еді. Осы мақсатпен Алаш партиясының ұстанған саясаты мен оның жалпы бағыттары туралы жергілікті халыққа және ең бастысы халқы көп шоғырланған Түркістандағы ағайынға да осыны жеткізу зиялы қауым өкілдерінің міндеті ретінде саналды. Осындай аумалы-төкпелі кезеңде жер-жерлерде Алаш партиясына тартылу оның саяси бағдарламаларын қолдау туралы халық арасында түсіндіру жұмыстары басталып кетті. Дәл осындай мақсатпен Әзімхан Кенесарин Түркістанда көптеген съездер мен бейресми жиындарға қатысты. Басты мақсат Сырдария қазақтарының Ресейден автономия алу үшін бірігу, бірлесіп күреске шығу болды.

Осыдан көп ұзамай Түркістан қазақтарының және Алаштықтардың съездеріне белсенді қатысқан Әзімхан Кенесариннің ұйымдастыруымен 1917 жылы 12 қарашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі болып өтті. Съезде ұлт тәуелсіздігі жолында Алаш туы астына жиналып, ел болашағы үшін саяси күрес жүргізу жолдары қарастырылды [28]. Сонымен қатар, осы съезде Әулиеата уезі қазақтарының саяси-әлеуметтік жағдайы, Жер, Тіл, Дін, Білім мәселелері ортаға салынды. Осылардың ішінде білім мәселесі мен жер мәселесі ең даулы тақырыптардың бірі болды.

Жалпы Әулиеата өңіріндегі білім беру мен сауат ашу ісі бүкіл өлкедегі халық ағарту ісінің құрамдас бөлігі ретінде ғана дамыды. Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта Әулиеата өңірінде қазақ балаларын мұсылманша оқытқан жиырмадан астам мектеп болды. Алғашқы мектептерді Керімбай Бұралқыұлы, Дербіс Қалабаев сынды болыстар өз қаржысына ашты. Сонымен бірге Әзімхан Кенесарин, Сыдық Абланов, Қарабай Әділбеков сынды оқыған азаматтар қолдап үкіметтің араша түсуімен бірқатар орыс және мұсылман тілдерінде оқитын мектептер ашты. Бір сөзбен айтқанда Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы өз өлкесінде халықтың сауатын ашу жұмыстарымен де айналысқан. Бұл кезде патша үкіметі тарапынан оңтүстік Қазақстанда орыстандыру саясаты белсенді түрде жүргізіліп, аймақта зиялы қауым өкілдері арасынан шыққан белсенді тұлғалар жергілікті қазақтар мен өзге де мұсылман халықтарының өз тілі мен дініне қайшы келетін оқу-ағарту ісіне қарсылық танытады.

Патшалық Ресейдің түпкілікті мақсатын сезінген халық, соның ішінде қазақтар патша өкіметінің оңтүстіктегі орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы күреске басқа да мұсылман халықтарын тартады. Сөйтіп,

Ресей империясы құрамындағы мұсылмандар, оның ішінде белсенді болған қазақтардың ой-санасын еркіндік үшін күреске бағыттайды. Осындай жағдайда Ресей империясының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресті бастайтын жаңа тұрпатты қоғамдық-саяси әрі әлеуметтік күш өздерін «жәдиттер» деп атаған жаңа идеологиялық мәдени-ағартушылық бағыттағы қозғалыс дүниеге келеді. Жәдитшілердің ағартушылық реформалары қоғамдық өмірде өз орнын алған феодалдық тәртіп пен патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Оны XX ғасырдың бас кезінде қазақ даласында ашылған жәдиттік ұйымдардың бірі «Жамиғати мағарифтың» (Ағарту қоғамы) қызметінен көруге болады. Бұл ұйымның бөлімшелері Қазақстанның бірнеше қалаларында, соның ішінде Верный, Пішпек, Әулиеата секілді қалаларда «Гап» немесе «Машраб» деп аталатын мұсылмандық үйірмелер жергілікті халыққа қайырымдылық көрсету мақсатында ашылған. Осы аталған жәдидшілердің бастамасымен XX ғасырдың басында Әулиеатада «Шамсие», Қазалыда «Хусаинов» және тағы басқа жаңа әдісті мектептер ашылып, мұсылман балаларына білім [12, 41-б.] берген. Өз кезегінде Әзімхан Сұлтан-Ахметұлының мұндай ұйымдармен байланысы болып, ол Әулиеатада қызметте жүрген кезінде жергілікті халықтың сауатын көтеру үшін қызмет етті.

Осылайша, Әзімхан Сұлтан Ахметұлы XX ғасырдың басында Әулиеатада тек саяси қимылдармен шектеліп қана қоймастан, қазақ балаларына арнап, мектеп ашуға да өз көмегін тигізді. Қазіргі кезде Жамбыл өңірінде оның білім саласындағы қызметі туралы да айтылып жүр. Онда қазіргі Тараз қаласындағы ескі мектептің бірін салдыруға көмектескені туралы айтылады. Оның жоғарыда аталған тұлғалармен бірлесіп, Әулиеата уезіндегі іргесі қаланған алғашқы бастауыш сыныпты мектептер туралы айтылады. Өңірдің зиялы азаматы ретінде сезінген Әзімхан Кенесарин Әулиеатада оқу ағарту ісінің қалыптасуына және алғашқы мектептердің құрылуына еңбек сіңірген. Қазіргі кезде, оның қолдауымен қай жерден қандай мектеп салынғаны туралы азды көпті мәліметтер кездеседі. Жамбыл өңіріндегі орта білім саласының тарихы сонау патшалық дәуірден басталатыны туралы мәліметтер оны дәлелдеп отыр. Расында да, қазіргі Тараздың сонау Әулиеата кезіндегі халыққа білім беру саласының қалыптасып дамуы өңірде білім саласының тарихы терең екенін көрсетеді.

Бізге белгілі болғандай, XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақ жерінде тек мұсылман мектептері мен медреселер болған еді. Бірақ, оларда әлеуметтік тұрмысы жоғары болған отбасыдан шыққан балалар ғана оқыды және балаларды арабша оқытып, Ислам шариғаттарын үйретті, олардың арасынан дін қызметкерлерін даярлады. Ал, Қазақстан Ресей империясына толықтай түпкілікті қосылғаннан кейін, тұңғыш қазақ-орыс мектептер ашылды. Осы ғасырдың аяғында Қазақстанда мектептің екі түрлі жүйесі құрылып онда еуропалық жаңұялардан шыққан балалары оқыды, ал екіншісі қазақтың және жергілікті басқа да мұсылман ұлттардың ауқатты семьяларының балалары үшін ашылған жалпы мектептер және діни мектептер болды. Қоғамдағы

мұндай әлеуметтік теңсіздіктерден кейін уақыт өте әлеуметтік деңгейіне қарамастан жалпы халыққа арналған мектептер ашылды. Әзімхан Кенесарин мемлекеттің меншігінде болған осындай бір мектептің ашылуына өзіндік үлес қосты.

Өзінің орта санаттағы техникалық білім деңгейіне қарамастан, Әзімхан Кенесарин тарих және қоғамдық ғылымдармен де айналысып оған зор қызығушылық танытқан. Бұл сөзімізге оның өмір бойына жинаған кітаптары мен түрлі тарихи-құжаттық материалдары және заттай сақталған ескерткіштері мысал бола алады. Әзімхан Кенесарин тарихқа жақын болып ол тарихи көне кітаптарды, бабасы Кенесары ханның күресі мен тәуелсіздік жолындағы еңбегі, оның жүргізген соғыстары туралы мәліметтерді жинақтап сақтады. Бұл туралы Әзімхан Кенесариннің қызы Напуса Кенесаринаның сақтаған материалдары түрлі дәлелдер береді [29]. Бұл материалдар 30-жылдары Әзімхан Кенесаринді тұтқындап, оның үй-мүлкін тінту кезінде көптеген тарихи және әдеби кітаптар табылған. Сонымен қатар, ең бастысы ол өзінің атасы Кенесары ханның қылышын сақтап, оны аса қадір тұтқан. Бірақ, кеңестік билік өкілдерінің өзінің ізіне түсе бастаған кезден оны сақтаудың қиындығы туған. Осыдан соң барып, лажсыздан өзі тұрған Шымкент қаласының музейіне барып тарихи жәдігер ретінде тапсырған [30].

Әзімхан Кенесариннің жеке кітап қорында қазақ тарихына қатысты материалдардың, сол сияқты Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбектерінің болуы, әрине, кездейсоқ нәрсе емес. Біріншіден Әзімхан Ахметұлының әкесі Ахмет Кенесарин тарихи тақырыпта еңбектер жазған білімді адам ретінде ұлы Әзімханның да тарихи танымының қалыптасуына ықпал жасағандығы байқалды. Екіншіден, Әзімхан Ахметұлы Мұхаметжан Тынышбаевпен өзара жылы да жақын қатынаста болған. Соған байланысты оның кітап қорынан Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбектерінің табылуы сол қатынастың көрінісі болса керек.

Әзімхан Кенесариннің қазақ қоғамындағы келесі бір саяси белсенділігі Екінші жалпықазақ съезінде байқалды. 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында қазақ қайраткерлерінің ұйымдастыруымен Екінші жалпықазақ съезі өткізілді. Съездің басты мақсаты Ресей мемлекетінің құрамында Алашорда автономиясын құру және Алаш партиясының мүшелерін бекіту болды. Съезге Қазақстан мен Түркістаннан және басқа да аймақтардан қазақтар келіп қатысады. Алғашқы өткізілген съезден сол кезде Қазақстанда болып жатқан саяси өзгерістерге белсене араласып жүрген Әзімхан Кенесарин де қатысып, өзінің тұшымды ойларын жеткізді. Съездің төрағасы Бақтыгерей Құлманов болып, ал оның орынбасарлығына Әзімхан Кенесарин сайланды. Съездің күн тәртібінде мынадай мәселелер қойылды: 1. Сібір-Түркістан автономиясы һәм оңтүстік-шығыс Одақ туралы. 2. Қазақ-қырғыз автономиясы. 3. Милиция. 4. Ұлт кеңесі. 5. Оқу мәселесі. 6. Ұлт қазынасы. 7. Муфтилік мәселесі. 8. Халықтық сот. 9. Ауыл басқармасы. 10. Азық-түлік мәселесі. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді. Съезде көптеген саяси және әлеуметтік

мәселелер мен соған байланысты бірқатар тартыстар орын алады. Ақыры, бір аптадан астам уақытқа созылған бұл жиынның қорытындысын жариялаған арнайы шешім мен қаулы қабылданады [31].

Съездің қаулысы бойынша: 1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі – халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға; 2) Қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын; 5) Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады; 6) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылады. Алашорданың уақытша тұратын орны – Семей қаласы. Алашорда бүгіннен бастап қырғыз-қазақ халқының билігін өз қолына алады [32].

Осы ретте 1917 жылғы желтоқсандағы II Жалпықазақ съезі қазақ тарихында түрлі саяси ұстаныммен танылған әулеттердің (Әбілқайыр хан, Абылай хан, Құнанбай қажы, Шоқаевтар, Бірімжановтар т.б.) жаңа буын ұрпақтарының заман сұранысына лайық берген жауабындай бас қосуы болғандығын ұмытуға болмайды. Олардың басын біріктірген ұлт басына төнген қауіп, яғни жердің қоныс аударушылар үлесіне кете бастауы, ұлттық мәдениет пен діннің құнсыздануы т.б. Соған байланысты ұлттық мемлекеттілік идеясы төңірегіне бірігу тарихи қажеттілікке айналғандығын олар жақсы түсінді.

Алашорда автономиясын құру туралы туындаған саяси тартысқа Ә. Кенесарин белсенді түрде қатысады. Ол осы автономияны құру және жариялау туралы шешімді алашордашылармен бірлесіп қабылдауға атсалысады. Бұл жағдай оның қазақ мемлекеттілігінің келесі бір сатысы болып табылатын Алашорда автономиясы мен оның үкіметін жасақтауға қосқан өзіндік үлесі болып табылады.

Алашорда автономиясы құрылғанымен бұл уақытта оңтүстікте, яғни Түркістанда саяси мәселе толық шешімін таппаған еді. Түркістандағы қазақ облыстары мен уездері және қазақтар орналасқан аймақтар Алашорданың құрамына ресми түрде кіргенімен бұл істе әлі шешілмеген мәселелер көп еді. Оның басты сипаты 1918 жылы 6-9 қаңтар күндері Түркістан қаласында Сырдария қазақтарының съезі болды. Бұл съезге Түркістан мен Алашорда үкіметтерінен жалпы саны 82 адам қатысты. Алашорда үкіметінен келгендер арнайы делегат ретінде қатысып, олар Бақтыгерей Құлманов, Тұрағұл Құнанбаев және Міржақып Дулатовтар болды. Әзімхан Кенесарин бұл съездің белсенді қатысушыларының бірі болды [1, 157-б.].

Съездің күн тәртібіне бірқатар мәселелер қойылды. Оның ішінде ең негізгісі Сырдария облысындағы қазақтар мен қырғыздардың Алашорда автономиясына қосылуы болды. Оның басты себебі Сырдария қазақтары бұл

кезде Түркістанмен бірге еді. Бұл жерде Алашорда үкіметінің басшылары Сырдарияны Алашқа қосуды жақтаса түркістандық басшылар мұны толықтай қолдаған жоқ. Екі тараптың басты ұстанымдары Алашордалықтар бүкіл қазақ баласының басын бір тудың астына біріктіру болды. Себебі, Түркістандағы қазақтардың саны көп болып және территориялық аймағы да аса көлемді еді. Алашорда басшылары осы съезде түркістандық ағайынға барлық қазақ бір шаңырақ аясында болу қажеттігін айтып, сол үшін олардың бірігу қажет екендігін көрсетіп, әйтпегенде бір ұлт пен оның территориясы екі автономияға бөлінсе, бұрынғы Қоқан мен Қазақ хандығы кезіндегідей қалыпқа түсіп ішкі бірліктің бұзылуына алып келетінін жан тебірене жеткізді. Сырдария қазақтарының Алашқа өтуін түркістандық басшылар да қолдады. Солардың бірі Әзімхан Кенесарин болды. Ол өзге қайраткерлермен бірге өзінің бүкіл қазақ бір тудың астына бірігу идеясын қолдады. Себебі, ғасырлар бойына азаттықты аңсаған қазақ халқы үшін жеке-дара тәуелсіз мемлекет болып өмір сүру басты құндылық болды.

Ал, съездегі түркістандық зиялылардың басты мақсаты Пантүркизм идеясының аясында тек түркістандық қазақтардың ғана емес, большевизм секілді аса үлкен күшке қарсы күресте тіпті Алашорданың да бүкіл Түркістанға бірігуі қажет екендігін алға тартты. Басты тартыс осындай идеялардан туындады, ол негізінен Мұстафа Шоқайдың идеясы еді. Мұстафа Шоқай Сырдарияның Алашқа қосылуын қолдады. Дегенмен, ол Түркістан мен Алашты біріктіруде Сырдария үлкен көпір болып саналады деп түсініп, екі автономияны біріктіруді ұсынды. Себебі, ол Алашорда мен Түркістанның ресейлік большевизмге қарсы жеке-дара күресуде дәрменсіз екенін түсінді және соның негізінде екі автономияның мұндай жағдайда өмір сүре алмайтынын зиялы қауымға жеткізгісі келді. Сондықтан, ол көп ұзамай Түркістан мен Алаштың бірігу қажеттігін айтты [33].

Съезд қорытындысы бойынша Сырдарияның Алашқа қосылуына дауыс беруде Алашорда өкілдері басым дауысқа ие бола алмады. Осылайша, Сырдария облысының Алашордаға қосылуы туралы мәселе өзінің шешімін таппады. Сондықтан, бұл көп ұзамай, тағы бір осы секілді жиынның өткізілу тиістігін айқындады. Бұл съезд алашордашылардың бетін қайтарған жиындардың бірі болды. Екі автономияның ауызбірлігі мен Сырдария қазақтарының Алашордаға өтуіне белсенді атсалысқан Әзімхан Кенесарин Алаш партиясының қатарына өтті. Көп ұзамай, Әзімхан Кенесарин өзге алаштықтармен бірлесіп елде болып осындай аумалы-төкпелі жағдайды пайдаланып, тезірек бүкіл қазақты бір тудың астына біріктірген қуатты автономияны құрып алуға тырысқан азаматтардың біріне айналды.

Осындай мақсатпен Сырдария қазақтарының тағы бір жиыны өткізілді. Тағы бір съезд ұйымдастырылып, оны алашордашылар ұйымдастырды. Сондықтан ол «Алаштың екінші съезі» деген атпен болып өтті. Бұл жиын 1918 жылдың мамырында Түркістан қаласында өткізіліп, ол тағы да Сырдария облысы қазақтарына қатысты мәселені қозғады. Бұл съезге Орынбор, Ақтөбе, Қазалы, Әулиеата және өзге қалалардан делегаттар қатысты. Олардың әлеуметтік құрамы оқымысты аталған ескі тілмәш, болыс, билерден тұрды.

Съезді алашордашылар ұйымдастырғандықтан оны Алашорда үкіметінің атынан келген Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан және Әзімхан Кенесарин басқарды. Съезге жергілікті жердегі Бакаев, Коробов, Нысанбаев және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысып, олар съезге осы кезде Түркістан өлкесінде митингі ұйымдастырып жүрген белсенді революционер, большевик А. Фурмановты ертіп келеді. Съезд аяқталған соң А. Фурманов өзіне сөз беруін сұрайды. Алайда, Міржақып Дулатов пен Әзімхан Кенесарин «оған сөз берудің қажеті жоқ, ол съезге делегат емес, жай қатысушы адам» деп қарсылық білдіреді. Алайда, қарсылық жасағанымен, съезге қатысып отырған жұмысшы кедейлер атынан келген Тұрсын Жұмабаев, Мақаш Жұмабаев және басқа да өкілдердің дауыс көтеріп сөз берілуін талап еткен ұсыныстарынан кейін сөз беріледі. Съезде А. Фурманов кеңес өкіметін орнату бағытында сөз сөйледі. Оған қарсы бағытта М. Дулатов пен Ә. Кенесарин «большевиктер коммунистік үгіт айтады, сөйте отырып бізге өздерінің орыс колонизаторлығын қоймайды» деген пікірлерін ортаға салды [27, 104-б.].

Көрініп тұрғандай, Әзімхан Кенесариннің 1917 жылы елімізде орын алған аса үлкен көлемдегі саяси процестерге араласуы, Алаш партиясының құрамына өтіп елді біріктірудегі істерге бел шешіп кірісуі оның қоғамдағы белсенділігінің жоғары болғанын аңғартып отыр. Елде болып жатқан саяси өзгерістерге терең енуі үшін және соның арқасында мемлекеттіліктің туын көтеру мақсатында Әзімхан Кенесарин өзі шыққан Сырдарияның, дәлірек айтқанда Түркістанның да Алашорданың алдына қойған мақсаттарына тікелей араласты. Себебі, Қазан төңкерісінен кейін елде В. Ленин бастаған большевиктердің ықпалы арта бастады. Большевиктер кедей шаруалар мен жұмысшыларды өз артынан ерте білгендіктен олардың қатары күн санап өсті. Бұл жағдай Алаштықтардың көбеюіне кері әсер етті. Сондықтан, ендігі жерде Ә. Кенесарин өзге алашордалықтармен бірлесіп зиялы қауым мен халықтың үлкен бөлігін өзіне тартуға әрекеттенді. Жоғарыда аталған съездерде мысал болғандай, қоғамда большевиктердің көбеюіне жол бермей, керісінше бұқара халыққа Түркістан демей, Алашорда демей Алаш партиясына өтуге үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Кеңес үкіметі 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің шешімдерін қабылдамады. Оның орнына кеңестік негіздегі билік жүйесін орнататындығын және қазақ элитасының оны қабылдауға міндетті екенін жариялады. Себебі, бұл кезде Ресейдегі жаңа билік большевиктердің қолына көшіп, ендігі кезекте кеңес билігі Уақытша үкіметтің кезінде басталған буржуазиялық сипаттағы ұлттық автономия құру әрекеттеріне шектеу қойды. Бұрынғы кезде жергілікті жерлерде қызмет еткен уақытша үкіметтің мекемелері жабылып, олардың өкілдері қуғынға ұшырай бастады. Осы тұста, қазақ облыстарында кеңестік басқару мекемелерінің орнауы бұрынғы жергілікті қазақ комитеттерінің таратылуымен қатар жүрді.

Осы уақытта Ташкентте жарияланып отыратын мерзімді баспасөз құралы «Бірлік туы» газетінің 1918 жылғы 20 санында жазылғандай Әулиеата

уезіндегі қазақтар мен қырғыздардың Қырғыз (қазақ) Кеңесі деп аталатын мекемесі болып, бұл кеңестің төрағасы Әзімхан Кенесарин болды. 1917 жылы ол Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезіне кеткен кезде Меркеден шыққан Төрекұл Жанұзақ есімді бір аудармашы келіп, мекеменің қалған мүшелерін қуып шыққан, қалған мүшелерін большевиктерге қосқан, қосылмағанын мәжбүрлеп қорқытқан және мұндағы қырғыз кеңесін большевиктердікі деп жар салған. Газет санында берілген мәліметтер «Әулиеата өңірінің қазақ-қырғыздарына автономия қажет емес, халық надан. Әзімхан Кенесарин Орынборға хан сайлануға кетті» – деп көрсеткен. Бұған қарай отырып, біріншіден, Әзімхан Кенесариннің Әулиеата халқының арасында беделі зор екенін және оның өзінің жақтаушыларының көп болғанын көруге болады. Екіншіден, жергілікті большевиктердің қатарына қосылған қазақ белсенділерінің Әзімхан Кенесаринге қарсы шығып, оның жергілікті жерде жүргізіп отырған саясатын әшкерелегенін аңғару қиын емес [34].

Большевиктердің бүкіл Ресей мен Қазақстандағы билікті өз қолына алуы мен азамат соғысында жеңіске жетуі және кеңес үкіметінің орнауы Алашорданы таратып, өзге алаш зиялыларымен бірге Әзімхан Кенесариннің де осы жолдағы саяси қызметіне нүкте қойылуына алып келді. Кеңес билігі бұрын өзіне қарсы ұстанымдағы Алашорданы таратып, оның өкілдеріне кешірім берді. Оларды өз жағына тарта отырып, кеңестік негіздегі автономия құрылатынын мәлімдеді. Бұл үшін 1919 жылдың 10 шілде күні кеңес үкіметінің төрағасы В.И. Ленин Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық Комитет туралы Декретке қол қойды. Онда Қазақ революциялық комитеті өлкенің ең жоғары әскери-азаматтық басқармасы ретінде құрылатыны айтылды. Декретте оның мақсаттары мен міндеттері – контрреволюция мен интервенцияға қарсы күресу, өлкеде мемлекеттік, шаруашылық және мәдени құрылыс үшін жағдай жасау, Қазақстанда Кеңестердің Құрылтай съезін әзірлеу белгіленеді. Революциялық комитеттің қарауына Астрахан губерниясының қазақтар тұратын өңірлері мен Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары кірді.

Қазақ ревкомының басшысы болып, ұлты поляк, кеңестік тұңғыш комиссар С. Пестковский тағайындалды. Ревком құрамына А. Байтұрсынұлы, С.Меңдешев, Б. Қаратаев В. Лукашев, Ә. Жангелдин, М. Тұнғаншин, енді. Кейін оның құрамына А. Авдеев, Ә. Әйтиев, Ә. Әлібеков, С. Арғыншиев, Х. Ғаббасов, Т. Седельников, С. Сейфуллин, В. Радус-Зенькович тартылды. Қазревком мен оның жергілікті жердегі органдары қазақ даласында Кеңестерді ұйымдастыру, адал пиғылды ұлттың зиялы өкілдерін Кеңес құрылысына тарту, қазақ жерін біріктіру жұмыстарын жүргізді [1, 200-201-бб.].

1920 жылдың 4 қазанында Орынбор қаласында Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы Кеңестерінің съезі болды. Съезде РКФСР құрамындағы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды. Қазақ халқының ұлттық мемлекетінің шаңырағы қайта көтерілді. Республиканың құрамына Қарақалпақстан да кірді. Съезд жоғарғы үкімет органдарын – республиканың Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесін сайлады. Қазақ АКСР Орталық Атқару

Комитетінің төрағасы болып С. Меңдешев, ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болып В. Радус-Зенькович сайланды. Сонымен қоса съезде «Қазақ АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясы» қабылданып, онда халықаралық қатынастардың негізі «Ендігі жерде РКФСР-ға енетін ұлттардың өзара сенімі мен түсіністігіне негізделетін тығыз және туысқандық байланыста болып табылады» – деп көрсетілді.

Әзімхан Кенесарин өзге алашордашылармен бірге Кеңес билігін мойындап, соның қызметіне өтті. Оның өзге алашордашылар қатарында мұндай қадамға баруы әрине өз жерінің бүтіндігі, елі мен халқының амандығын ойлауымен сипатталады. 1921 жылдан бастап Әзімхан Кенесарин Кеңес билігінің қоластында Сырдария төңкерістік комитетінің хатшысы болды. Бұл лауазымды жұмыс оның күнкөрісі үшін ғана маңызды еді. Кешегі тәуелсіздік жолында шаһит болған хан немересі үшін қас жауына қызмет ету қаншалықты азап екенін түсіну қиын емес. Алайда, тағы бір жайт, Әзімхан осы қызметті атқара отырып, елі үшін аз да болса қызмет көрсете алатынына сенді. Сөйтіп, «Ат басына күн туса ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса етігімен су кешер» дейтін заманда да халқы үшін көп жұмыстар атқарды [35].

Қазақстанда кеңес үкіметі толық орнаған соң Әзімхан Кенесарин өзінің шыққан жері Шымкентке қайтты. Шымкент облысының Сайрам, Шаян және басқа да аудандарында су шаруашылығының маманы қызметіне орналасады. Оңтүстік өңірде атақты гидротехник ретінде танылған ол қалған өмірін осында өткізеді. Бұл салаға өтуімен Әзімхан Ахметұлының саяси қызметі тоқтатылып, тек өзінің жанұясының қамы үшін жай шаруашылық қызметте болады. Бірақ, 30-жылдардың басынан бастап қазақ байларын тәркілеу қызған тұста, кеңес билігі бұрынғы Уақытша үкіметке қызмет етіп және Азамат соғысында кеңестік билікке қарсы шыққан адамдармен бірге болған саяси тұлғаларды тұтқындай бастайды. Олардың арасында кеңестік жазалаушылар Әзімхан Кенесаринге де шүйлікті. Осының негізінде Әзімхан Ахметұлына 1930 жылы алғаш рет «ұлтшыл» деген айып тағып ол тұтқынға алынды. Алайда, тақкан айыптары негізсіз болғандықтан, көп ұзамай тұтқыннан босатылады. Компартия мен ОГПУ халыққа өздерінің контрреволюциялық, антисоветтік күштермен, буржуазиялық ұлтшылдармен, панисламистермен, пантюркистермен күрес жүргізіп жатқандығы туралы айтумен болды.

Әзімхан Кенесарин шыққан әлеуметтік тегі тұрғысынан Кенесары ханның тұқымы болып келетін ол Кеңес билігі орнаған 1917-1918 жылдарға дейін жиырма жылға жуық уақыт бойы Әулиеатада уездік басқармасында тәрбиеден өтіп, оның аса сенімді қызметкері болғандықтан, коммунистік партияның басқаруымен орнаған Кеңестік биліктің алғашқы күнінен-ақ ымырасыз жауына айналады. Кеңес үкіметінің ұзақ өмір сүретініне сенген жоқ. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерімен, Мұстафа Шоқай басқарған Қоқан автономиясын құрушылармен жеке таныс және жылы қатынаста болуы оның контрреволюциялық ұстанымын нығайта түседі. Осы аталған және басқа ұлтшылдармен бірге Кеңес өкіметімен ашық түрде айқасқа түсіп, оны құлатып, орнына КСРО орыстарынан бөлек буржуазиялық-ұлтшыл ұстанымындағы мұсылман мемлекетін құруға күш салады [36].

Кеңестік билік бұл ретте өзін патшалық билікпен салыстырғанда мүлдем басқа, прогрессивті ұстанымда екендігін ылғи да мәлімдеп келгенімен, өмірлік тарихи фактілер шын мәнінде оның антиколониалдық күштерге байланысты патшалық үкімет ұстанымынан ұзап кете қоймағанын, белгілі дәрежеде бұл мәселеде сабақтас ұстанымда болып, тіптен ұлт-азаттық күштерді жоюда алдыңғысынан асып түскенін байқау қиынға түспейді. Биліктің осы мазмұндағы ұстанымда болғандығын Кенесары хан Қасымұлының немересі Әзімхан Ахметұлы Кенесаринге қатысты жүргізілген тергеу ісінен байқауға болады.

Осыдан соң, арадан біраз жыл өткен соң, нақтырақ айтқанда кеңес үкіметінің репрессиялау шаралары қызған шақта 1937 жылы қайтадан тұтқынға алынады. Оны тұтқындау мен жазалау жұмыстары туралы академик Мәмбет Қойгелдиевтің зерттеулерінде көрсетілген. Оның көрсетуі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мұрағат қорында «Дело 703 по обвинению гр. Кенесарина Азимхана. Начато 14 августа 1937 г. В одном томе» аталатын тергеу ісі бар. Тергеу ісін жүргізген мемлекеттік қауіпсіздіктің кіші лейтенанты Джанахмедов деген қызметкер болды [36, 568-б.].

Осы тұста 1937 жылы Әзімхан Кенесариннің келесі рет тұтқынға алынуы туралы тек бір ғана тергеу хаттамасына сүйенуге болады. Ол 20-26 қыркүйек аралығында Әзімхан Кенесаринмен жүргізілген тергеу хаттамасына болып, тергеу ісінде басқа хаттама жоқ, сондай-ақ бұл құжат Әзімхан Кенесариннің ісі бойынша даярланған айыптау қорытындысына негізге алынғандығы байқалды. Хаттамада тергеуші Кенесарин Әзімханның тегіне, яғни оның патша шенеунігінің отбасынан, әкесі уездік полиция бастығының көмекшісі болғандығына, ал өзінің революцияға дейін уезд полициясы бастығының жазба аудармашысы қызметін атқарғанына баса назар аударады. Сондай-ақ оның жоғарыда аталғандай 1930 жылы Қылмыс Кодексінің 58/10-шы бабы бойынша қамауға алынып, қолхат бойынша босатылғаны туралы мәліметті тағы да келтіреді. Бұл, әрине, айыптау қорытындысын даярлауда есепке алынуға тиісті фактілер еді.

Әзімхан Кенесариннің тергеу ісінде тіркелген бұл жалғыз хаттама тергелушіге айтылатын мынадай сөздермен басталады: «Қойылған сұрауларға жауап беру барысында Сіздің контрреволюциялық қызметіңізге қатысты бұлтарпас айғақтар бар, сондықтан да ендігі уақытта қасарысуды доғарып, қойылған сауалдарға ашық көрсетулер беруді ұсынамыз» – делінген.

Жоғарыда аталғандай, Әзімхан Ахметұлының тергеу ісі жөнінде Әзімхан Кенесариннің 1937 жығы ОПГУ тарапынан қамауға алынуы оның бірінші рет тұтқындалуы емес еді. Әзімхан Кенесаринді келесі, екінші рет қамауға алу туралы ордерді (№ 24) НКВД-ның Шаян аудандық бөлімі беріп, оны Жомартов деген қызметкеріне тапсырады [22, 90-б.]. Қамауға алынған Әзімхан Кенесаринге толтырылған анкетада оның Шымкент қаласында уездік полиция бастығының көмекшісі Ахмет Кенесариннің отбасында 1877 жылы 19 ақпанда өмірге келгендігі айтылады. 1896 жылы қалалық

училищені аяқтап, революциялық өзгерістерге дейін әкесі жұмыс жасаған уездік полиция бастығының кеңсесінде жазба түрдегі аудармашы және хатшылық қызмет атқарған. Революциядан кейінгі уақытта су жүйесіне қызметте болады. Гидротехник қызметін Әзімхан Ахметұлы шамасы өз бетінше игерген сияқты. Патшалық билік құлаған соң белсенді саяси өмірге араласа бастаған Әзімхан Ахметұлын әулиеаталықтар Уездік ұлттық Кеңеске төрағалық қызметке сайлағаны бұл әулиеаталықтардың Кенесары хан әулетіне көрсеткен құрметінің және Әзімхан Ахметұлы сияқты биік парасатты тұлғаға артқан сенімнің белгісі еді [36, 570-б.].

Абақтыда Әзімхан Ахметұлына таңылған басты айыптар ол – Кеңес үкіметіне қарсы болған бұрынғы ұлтшылдармен етене араласып, олармен әлі күнге дейін байланысты үзбей сақтауы болды. Бірақ, бұлардың қаншалықты шындыққа жанасымды екенін айқындау қиын еді. Түрме камерасындакөптегеназаптаулар менболмаған істімойындатуүшін түрлі физикалық қинаулар болатыны анық. Осындай қиындықтарды бастан өткерген Әзімхан Ахметұлы абақты қабырғасында өткен 1 ай 5 күннен соң да тергеуші сұрауына «Мен 1921 жылдан бері контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымында мүше екенімді мойындаймын, бұл ұйымға мені Қоқан автономиясының бұрынғы төрағасы, бұрынғы Уақытша үкімет мүшесі инженер Тынышбаев Мұхаметжан тартты» деген мазмұнда жауап бере бастайды. Оның бұған дейінгі берген жауабы «мен осы уақытқа дейін контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымы құрамында болғанымды жасырып, тергеу ісін жаңылыс жолға салдым. Тергеушілер менің контрреволюциялық зиянкестік әрекетімді біржола әшкерелеген соң ендігі уақытта қарсыласудың қисынсыз екендігіне көзім жетіп, тергеу ісіне ашық көрсетулер беру туралы шешім қабылдап отырмын» деген мазмұнда болып келген еді [22, 92-б.].

Әзімхан Кенесаринді соттау ісі сол уақыттағы аса ауыр істердің бірі болып, ол ұзақ уақытты қамтыған диалогқа айналды. Тұтқынды өзара диалогқа тартқан тергеушінің сауалы да, сол сияқты оған тұтқынның берген жауабы да үйреншікті, стандартты мазмұнда болып келді. Өйткені хаттама екі жақтың өзара табиғи диалогы нәтижесінде өмірге келген құжат емес, ол екеуара кездесулер барысында тергеушінің тұтқыннан алған мәліметтерге сүйене отырып құрастырған мәтіні, тұтқыннан алған фактілерге тергеушінің түсіндірмесі. Түсіндіру, әрине шындықты анықтау, оған жету тұрғысынан емес, «қоғамда осы уақытқа дейін жасырын, құпия түрде советтік билікке қарсы әрекет жасап келген контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымын, оның жеке мүшелерін ашу, әшкерелеу» тұрғысынан жазылады. Әзімхан Кенесариннің тергеуші сұрауларына берген көрсетуі, анығырақ айтқанда, тергеушінің Әзімхан Кенесариннің атынан, оған тек қол қою үшін даярлаған хаттамада оның контрреволюциялық ұйымға келіп өз еркімен қосылуы және оның осы ұйым құрамада Кеңес билігіне қарсы әрекеті жоғарыда аталғандай мазмұнда баяндалады.

Әзімхан Кенесарин тергеу барысында өзінің қаннан берілген қайсарлығы мен тектілігін танытады. Оның басты мысалдарының бірі Әзімхан Кенесарин

тергеушінің «Алашорда және Қоқан автономиясы үкіметтерімен қандай қатынаста болғандығы» жөнінде қойған сұрауына: «Алашорда үкіметінің құрылуына мен белсенді араластым, ал Алашорданы құрған съезге бұрын болыс басқарушысы болған Байзақов Мәуленқұл және Мұстафа Шоқаймен бірге Түркістан өлкесінен өкіл ретінде қатынасып, Алашорда үкіметінің құрылғандығын жария етуге дауыс бердім. Уақытша құрылған Қоқан автономиясы үкіметі құрамында болдым» – деп жауап береді.

Өз өміріндегі мұндай маңызды оқиғалар мен тарихи фактілерді тергеушінің Әзімхан Кенесариннің өз аузынан естуі де әбден мүмкін еді. Дегенмен, бұл тұста бір жағдай бұрмалауға ұшырағаны көрініп тұратын еді. Ол Әзімхан Кенесариннің Түркістан автономиясын алуға қатысушылардың съезіне (Қоқандағы) қатысқандығы рас, бірақ ол съезде сайланған Мұхтарият Кеңесі мен үкіметіне мүше болған емес. Тергеуші хаттамаға мүше болды деп істі нақтылай түсу үшін көрсеткен болуы мүмкін.

Тергеу барысында Әзімхан Кенесаринді контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымына тартқан адам ретіне Мұхамеджан Тынышбаев аталады. Тергеушіге мұндай тұжырым жасауға негіз болған жағдайлар, біріншіден, тінту барысында Әзімхан Кенесариннің үйінен М. Тынышбаевтың қазақ тарихына байланысты жазған еңбектерінің табылуы еді. Тергеушінің осы жағдайға байланысты тұтқыннан жауап алғандығы, әрине, өзінен-өзі түсінікті. Екіншіден, Мұхамеджан Тынышбаев Әзімхан Кенесарин отбасымен жақын қатынаста болған [36, 576-б.].

Әзімхан Кенесарин сияқты қазақ қоғамында кең танымал тұлға ОГПУ тергеушілеріне таптырмайтын «олжа» еді. Әзімхан Кенесарин арқылы облыстан контрреволюциялық ұйымға «мүшелерді» анықтау оларға қиынға түскен жоқ. Олар Уақытша үкімет тұсында кеңестерге қарсы қызмет еткен саяси тұлғаларды атап олар ОГПУ-НКВД органдарының көз алдында бақылауда жүрген жергілікті халықтың аты мәлім саяси тұлғалары болатын. Тергеуші, ОГПУ тергеуіне ілінетін келесі алашордашылар Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов және М. Дулатов басқаратын орталыққа мүше ретінде облыстан Қ. Қожықов, Садық Өтегенов, Мәуленқұл Байзақов, Әлмұхамет Көтібаров (Құрымшин), Алдабек Мангелдиев (Мангелдин), Серікбай Ақаев, сондай-ақ олармен бірге Мұхамеджан Тынышбаев пен Сұлтанбек Қожановтың да аты аталады. Осылайша тергеуші Әзімхан Кенесаринге қатысты жүргізген тергеу жұмыстары барысында өзге алаштықтар жайлы да атап өтті. Бұл жағдай мемлекетте алашордашыларға қарсы жаппай қуғын-сүргіннің жүріп жатқанын айтпаса да көрсетіп тұр.

Тергеу барысында оны жүргізушілер үшін негізгі мәселе және Әзімхан Ахметұлына тағылған негізгі айыптардың бірі оны оңтүстік өңірдегі дінбасылармен байланысы туралы болды. Бірақ, ол қиындау болып, ондағы негізгі мақсат осыны дәлелдейтін фактілік материалдар іздеп табу, сол арқылы мұсылман дінбасыларының алаш зиялыларымен «контрреволюциялық қатынаста болғандығын» негіздеп, мәскеулік басшылық алдында НКВД органдарының өңірдегі қызметі мақсатты және

кешенді сипат мазмұнда жүріп жатқандағын көрсету болды. Осы мақсатта Әзімхан Кенесаринге Ташкенттегі контрреволюциялық орталықтан «қандай тапсырмалар алдыңыз» деген сұрау қойып, оған тағы да қысым көрсетеді. Бірақ, мардымды жауап ала алмайды. Әзімхан Ахметұлы бұған өзінің оңтүстіктегі Аппақ ишан, Мәди ишан және басқа да ишандармен тек діни тақырыпта ғана сөйлесетінін жеткізген. Тергеушінің мұндай сұрақты қоюына оның Әзімхан Ахметұлының өзбек жеріндегі басмашылар қозғалысы жайлы мәлімет алуы қажет еді [36, 578-б.].

Ә. Кенесаринге таңылған қылмыстардың бірі – оның Шымкентте учаскелік гидротехник қызметін атқара жүріп, Қожанов Сұлтанбектің тапсыруы бойынша кеңес билігіне қарсы контрреволюциялық әрекетпен айналысуымен байланысты. Бұл ретте тергеуші «Әзімхан Кенесаринге Су шаруашылығындағы партияға қарсы қызметіңіз туралы нақтырақ баяндаңыз» – деген сұрау қойып, оған мынадай мазмұндағы жауап алғандай болады: «Қожановтың тапсырмаларын мен су шаруашылығында белсенді түрде орындап, мынандай қарсы істер атқардым: 1. 1932 жылы Қарабұлақ су шаруашылығында учаскелік гидротехник қызметінде жүріп, зиян келтіру мақсатында «Сай» каналын жөндеу жұмысына шектен тыс материалдар және жұмыс күшін жұмсап, аяқтау мерзімін создым, сол арқылы мақтаны суару кестесін бұздым, соның нәтижесінде мақта түсімі төмен болды, мемлекетке мақта өткізу жоспары орындалмады. 2. 1935 жылы тура осындай мақсатта мен Шаян ауданы Төрткүл ауыл кеңесіне қарасты колхоздардың тұсынан Арыс, Талды, Шаян өзендері өтетін маңда 2-3 жерде дамбы көтеру мәселесін қойдым, ал канал магистралының орналасу тәртібі бойынша ондай әрекетке жол берілмеуге тиіс.

Бұған қосымша, Бөгеннен шығатын көктемгі тасқын суды, Шаян өзеніне бұру туралы ұсыныс жасап, ал дамбыларды жобалау және нивелирлеу, сонан соң тасқын суды жеткізуді 1937 жылдың басына дейін созып, соның нәтижесінде колхоздар сусыз қалып, мақтадан күткендей түсім ала алмады».

Бұдан басқа Сайрам ауданында гидротехник қызметінде жүріп, осы жоғарыда баяндалғандай мазмұнда мақта шаруашылығына зиян келтіргендігі жөнінде фактілер береді. Осы зиянкестік істердің барлығы да облыстық су шаруашылығының бастығы Тасыбеков басқаратын топ арқылы жүргізілгенің «мойындайды». Міне, бұл «көрсету» арқылы тергеушілердің «жаңа» адамдарды жауапқа тарту мүмкіндігі кеңейе түскендігін байқау, әрине, қиын емес. Оңтүстік Қазақстан өңірі – су шаруашылығы жүйесі ауқымды, дамыған өңір, облыстың экономикалық өмірінде алатын орны ерекше [22, 95-б].

Сонымен, жоғарыда баяндалған хаттамадағы фактілік материалдарды негізге алып, тергеуші Жанахметов 1937 жылы 25 қарашада Әзімхан Кенесариннің ісі бойынша айыптау қорытындысын дайындап оны үштіктің қарауына тапсырады. Өз ретінде УНКВД-ның Оңтүстік Қазақстан бойынша үштігі бұл істі 1937 жылы 28 қараша күні, бір сағатта қарап, ату жазасын қолдану туралы шешім қабылдайды. Имамдар мен Әзімхан Кенесаринге байланысты ату жазасы бір күнге яғни 1937 жылы 29 қараша

күні орындалады. Осылайша, оңтүстік өңірден шығып, ғұмырының үлкен бөлігін өз елі мен жерінің саяси, әлеуметтік ахуалын ойлап халқының қамын жеген алаш азаматының бірі Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы Кенесарин жазықсыз ату жазасынан қайтыс болды. Әзімхан Кенесаринге кеңес билігінің көрсеткен саяси қысымы осымен аяқталды. Әзімхан Кенесаринді ату жазасына дайындау жұмыстары оңтүстіктен шыққан ишандармен бірге жүргізілді [36, 580-б].

Қазақ халқы мен оның саяси басшылығына, түрлі әлеуметтік топтарына байланысты ауызекі түрде қандай тапсырмалар берілгенін бүгін анықтау мүмкін емес. Бізге жеткен кейбір құжаттық материалдар ондай тапсырмалардың болғанын аңғартады. Бұған қосымша, ВЧК-КГБ арқылы жүргізілген бұл саяси курстардың бағыт-бағдары мен мазмұнын анықтау ісі мүлдем қиындатылған, ал оны танып білуге жол ашатын жазба құжаттар мақсатты түрде бір жола жойылған, не болмаса олар жабық қорлардағы жеті қабат сандықтарда сақтаулы, бұрынғы метрополиялық орталықтардың ендігі уақытта олардың жарыққа шығуына жол беруі қиялға жақын нәрсе. Міне, сондай бүгінгі тарих ғылымында әлі де болса толық жауабын ала қоймаған мәселелердің бірі – патшалық жүйеден бергі уақыттағы орталық тәртіптің ымырасыз қарсыластары мен олардың ұрпақтарына деген кеңестік биліктің қатынасы болып отыр.

1953 жылы И.В. Сталин қайтыс болған соң билікке келген Н.С. Хрущев өзіне дейінгі билеушілердің кеңес азаматтарын лагерлерде қинау мен жазықсыз құрбан ету істерін, жалпы сталиндік тоталитаризмді әшкерелеп, оны айыптау шаралары – 30-жылдары ату жазасына кесілген алаш азаматтарын ақтауға зор мүмкіндіктер сыйлады. Н.С. Хрущевтің 1956 жылы КОКП-ның XX съезінде жариялаған баяндамасы репрессияға ұшыраған көптеген кеңестік азаматтардың ақталуына мүмкіндік беріп, осының негізінде бұрын Алашорда үкіметі мен Түркістан мұхтариятының құрамында қызмет еткен қазақ зиялыларының көпшілігі ақталды. Олардың арасында Әзімхан Кенесаринге де ақтау туралы шешім қабылданды және ол 1956 жылы ақталды.

Әзімхан Кенесариннің қазақ халқына сіңірген еңбегі мен оның жазықсыз репрессия құрбанына айналуын әшкерелеу және оны ақтап алу оңайға соққан жоқ. 1956 жылы XX съезден кейін КСРО бойынша репрессия құрбандарын ақтау шаралары мен лагерлерде отырған адамдарды қамаудан босату жұмыстары кезінде Әзімхан Кенесариннің отбасы мүшелері оны ақтап алу үшін біраз әрекеттер жасады. Оның жұбайы мен балалары өз әкелерінің ұстанған жолы дұрыс болғанын және ешқандай өзге пиғылдағы адам болмағанын түсіндіре отырып, оған тағылған барлық айыптауларды алдыруға кірісті.

КСРО-ның бас прокуроры Р. Руденконың, КСРО Министрлер кеңесінің Төрағасы Н. Булганиннің атына Әзімхан Кенесариннің зайыбы Кенесарина Зухра Батыршақызынан арыз түседі. Ол өзінің берген шағымында отбасының жағдайына байланысты мынадай фактілер келтіріп: «Күйеуім қамауға алынған соң, 1937 жылдың аязды қысында НКВД қызметкерлері мені төрт жас балаларыммен, бұрынғы Бекет батыр, қазіргі ВЛКСМ-ның 30-жылдығы

көшесіндегі № 8 үйден (Шымкент қаласы), жекеменшік үйімізден халық жауының отбасы ретінде қуып шығып, үйді өздеріне алды. Күйеуімнен және үйімнен айырылған мен жас балаларыммен Шымкент қаласынан тұруға пәтер іздеп, көшеде қаңғырып қалдым, бірақ бізді халық жауының отбасын үйлеріне кіргізуге қорқып, ешкім де қабылдай қоймады, сондықтан да әйтеуір табылған қуыс, ескі үйлерде қыстап шықтық. Осындай жағдайымды баяндап, ешқандай да кінәсіз төрт баламен қалғанымды ескеріп, үйіміздің бір бөлігін қалдыруға өтініп, Сталинге бірнеше мәрте шағым жаздым, бірақ менің өтінішімнен нәтиже шықпады» – дейді [22, 95-б.].

Осыдан соң Әзімхан Кенесарин ісінің жөнінде 1956 ж. сәуір айының ортасында Түркістан әскери округінің прокурорына Ташкент қаласында тұратын Кенесарин Натай Әзімханұлынан арыз түседі. Арызда: «Менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесарин, мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығында учаскелік гидротехник қызметінде жүріп, 62 жасында 1937 жылы Шымкент қаласында НКВД органдары тарапынан халық жауы ретінде тұтқындалып, сондай-ақ оған тиесілі мүлкі мен Шымкент қаласындағы Бекет батыр көшесіндегі № 8 үйі тәркіленген. Сол уақыттан бері біз, яғни оның балалары әкеміз туралы ешқандай да мәлімет алған емеспіз. Әкеміздің тұтқынға алынуы және оның беймәлім тағдыры ұзақ жылдар бойы оның балаларының адамгершілік келбетіне жағылған дақтай еңсемізді басып келеді. Советтер Одағы Коммунистік партиясының XX съезінің шешімдері мен материалдарына байланысты Сізден прокурорлық бақылау аясында менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесариннің ісін қайта қарауыңызды өтінемін» – деп жазылған [36, 581-б.].

Әзімхан Кенесариннің отбасы мүшелерінің мұндай арыз-шағымдары қабылданып, оның ісін қайта қарау жұмыстары жүргізілді. Онда негізінен тергеу хаттамасында толтырылған фактілердің аса үлкен бөлігі жалған деп табылады және істі қайта қарауға береді. Әзімхан Кенесарин ісіне қатысты фактілерді қайта тексеру барысында тергеу хаттамасында зиянкестік топ мүшелері ретінде көрсетілген Коневтен, Куриленкодан, Волковтан және Асыловтан іс бойынша куәгерлер ретінде жауап алынады. Олар Әзімхан Кенесариннің антисоветтік ұйымға мүше екендігін, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылық мекемесінде контрреволюциялық топтың болғандығын қуаттап ешқандай да куәлік бермеген. Керісінше, аталған кісілер Әзімхан Кенесаринмен біраз жыл су жүйесінде бірге жұмыс жасап, оны тек жақсы қызметкер тұрғысынан білетіндіктерін айтқан.

Кеңес мемлекетінің репрессия құрбандарын ақтау саясатына қатысты және отбасы мүшелерінің шағымына байланысты, сондай-ақ оның әріптестерін жауапқа тартудың нәтижесінде Түркістан Әскери округінің әскери прокуроры міндетін уақытша атқарушы әділет полковнигі И. Пастрович Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Басқармасы даярлаған қорытынды анықтамаға (1956 жылы 25 қазан) сүйене отырып, 1956 жылы 29 қарашада «НКВД-ның Оңтүстік Қазақстан облысындағы үштігінің 1937 жылғы 28 қарашадағы осы іс бойынша

Қаулысы жойылсын, ал Кенесарин Әзімханның қызметінде қылмыстық негізі болмағандықтан, РСФСР ҚПК-нің 4 және 5 баптарына сәйкес, қылмыстық ісі тоқтатылсын» – деген заңды шешім қабылдайды [22, 98-б.]. Осы шешімнің негізінде Әзімхан Кенесаринге тағылған ұлтшыл, контрреволюционер, халық жауы және басқа да айыптар алынып тасталды және осылайша ол түбегейлі ақталады.

Әзімхан Кенесариннің саяси және қоғамдық қызметі өзге де қазақ зиялы қауым өкілдері сияқты жоғары деңгейде болды. Аталған кезеңде өз өмірінде туындаған сан қырлы қиындықтарға қарамастан Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы халық үшін, қоғам үшін көп қызмет атқарды. Мұны оның Әулиеата уезінде қызмет етіп жүрген кездегі атқарған істері растайды. Әулиеатадағы қызметі Әзімхан Кенесаринді қоғамды, саяси ортаны танып-біліп, ұлттық қадір-қасиеттерді терең түсінуге септігін тигізді. Патша үкіметінен бастап осы біраз уақыт ішінде үш үкімет пен қоғамның (Патша үкіметі, Уақытша үкімет, Большевизм) куәсі болған ол қай уақытта болмасын өзі өмір сүріп отырған ортаның тыныс-тіршілігі мен тұрмысын жақсартуға үлес қоса білді. 1917 жылғы қос төңкеріс жылдарында, әсіресе Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде Әзімхан Кенесарин сол кездегі Қазақстан аумағындағы саяси процестердің барлығына түгел дерлік араласты. Бұған оның Түркістан мен Алашорда автономияларында болып өткен барлық саяси оқиғалар мен съездерге белсене қатысуы дәлел бола алады. Осылайша, аталған кезеңде өзінің белсенділігімен және білімділігімен танылған Әзімхан Кенесарин қоғамдық-саяси жұмыстарының арқасында қазақ қоғамында ұлт зиялы қауым өкілдерінің бірі ретінде танылды.

Қорыта айтқанда, Әзімхан Кенесариннің саяси және қоғамдық қызметі өзге де қазақ зиялы қауым өкілдері сияқты жоғары деңгейде болған. Аталған кезеңде өз өмірінде туындаған сан қырлы қиындықтарға қарамастан Әзімхан Сұлтан-Ахметұлы халық үшін қоғам үшін көп қызмет атқарды. Мұны оның Әулиеата уезінде қызмет етіп жүрген кездегі атқарған істері растайды. Әулиеатадағы қызметі Ә. Кенесаринді қоғамды, саяси ортаны танып-біліп, ұлттық қадір-қасиеттерді терең түсінуге септігін тигізді. Патша үкіметінен бастап осы бір аз уақыт ішінде үш үкімет пен қоғамның (Патша үкіметі, Уақытша үкімет, Большевизм) куәсі болған ол қай уақытта болмасын өзі өмір сүріп отырған ортаның тыныс-тіршілігі мен тұрмысын жақсартуға үлес қоса білді. Әзімхан Кенесарин Алашорда және Түркістан автономияларын құруға ат салысқан ұлт зиялыларының барлығымен жақсы қатынаста болды. Бұл оның жан-жақты белсенділігін көрсетті.

Осы орайда, соңғы уақыттарда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары Әзімхан Кенесариннің Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі жайлы мол мәліметтер беріп келеді және ол болашақта да өзінің жалғасын табады деген сенімдеміз. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне мүше болған Әзімхан Кенесарин және басқа да саяси қайраткерлеріміз жүріп өткен жолы, күресі, олардың жүрегі мен ақылынан туған көркем ой – тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған қазақ баласына үлкен тарихи тағылым

болуға тиісті. Жалпы, Алаш зиялыларының өткен ғасырдың басындағы азаттық үшін алысқан күндерінің салмағы мен бағасын ұғынған сайын болашақ ұрпақ бүгінгі тәуелсіздігіміздің тарихи және саяси мәнін сезініп, баянды болашағымыз үшін әрекет істеуге дайын болатыны сөзсіз. Алаш қайраткерлерінің ерлігін терең тану ең алдымен өскелең және келешек ұрпақ үшін қазақ халқы мен ол құрған қазіргі тәуелсіз мемлекеттің мәңгілігін айқындайтын аса қажетті міндеттердің бірі болып саналады.

---

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 2 п.
3. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 12 п.
4. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 10 п.
5. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 13 п.
6. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 14 п.
7. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 22 п.
8. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 35 п.
9. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 41 п.
10. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 43 п.
11. Первая революция в России: взгляд через столетие. Под ред. А.П. Корелина, С. В. Тютюкина. – Москва: Памятники исторической мысли, 2005.– 602 с.
12. Қожамжарова Д.П. Патшалық Ресейдің Оңтүстік Қазақстанды жаулауы: әскери-отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қатынас (XIX ғ. II ж – XX ғ. бас кезі). / Тарих ғылым.док.автореферат. – Алматы 2010. – 51 б.
13. ҚРОМА. 149-к., 1-т., 26-іс, 1 п.
14. ҚРОМА. 149-к., 1-т., 26-іс, 1, 2 п
15. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 51 п.
16. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 81 п.
17. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 82 п.
18. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 84 п.
19. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 95 п.
20. ҚРОМА. 146-к., 2-т., 1-іс, 90 п.
21. Н. Кенесарина. Әзімхан Кенесарин. // Жұлдыз. – 2003. – № 7. – Б. 103-107
22. Қойгелдиев М. Әзімхан Ахметұлы не үшін жазаланды. // Айқап. – 2016. – № 3. – Б. 88-99
23. Махаева А.Ш. Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1971 – маусым 1918 жж.): тарих ғыл. канд. автореф. – Алматы, 1995. – 25 б.
24. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Казахстане 1917-1918 гг. // Сборник документов. – Алма-Ата: КазГосиздат, 1957. – 425 с.
25. Токбергенова З.С. Уақытша үкімет тұсындағы Түркістан Өлкесіндегі ұлттық-саяси ұйымдардың қызметі. // E-journal «edu.e-history.kz» № 2 (14) 2018
26. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Екі томдық монография. 1 том. / Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
27. Ілиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдер және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау. / Тарих ғылым. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 187 б.

28. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш козғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

29. Кенесарина Н.А. О деятельности Кенесары хана по царским документам. – Алматы, «Наш мир». 2001, – 254 с.

30. Аманғали Қалжанов. Кенесарының қылышы. // Астана ақшамы. № 7 18 қаңтар 2018 ж.

31. Алаш қозғалысы.Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлкашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. – Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. -552 бет

32. Мұхаметқанұлы. Қ. «Екінші жалпықазақ сьезі (1917ж.) туралы.» // Семей таңы. – 1991.17.12

33. Әбдуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, Күресі, Шығармашылығы. – Алматы: Арыс. 2004. – 320 б.

34. Мәмбет Қойгелдиев. Алашорда және совет үкіметі: заңды билік кімнің жағында еді? // Қазақ әдебиеті. 09.09.16

35. «Алаш» қозғалысы. Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. – Алматы: «Сардар», 2008. – 324 б.

36. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.

5.6 БАЗАРБАЙ МӘМЕТОВ

XX ғасырдың басы Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал ұлттық және таптық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленді. Қазақстанда осы шиеленістен туындаған саяси және ұлт-азаттық қозғалыс ең алдымен отаршылдыққа қарсы бағытталды. Сондай-ақ, бұл кезең қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық саяси интеллигенция араласа бастайды. Негізінен Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасында орыс мәдениетін тарату үшін даярланған саяси элита мұның бәрін ысырып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды.

Қазақ халқында «өшкені жанып, өлгені тірілді» дейтін қанатты нақыл сөз бар. Жетпіс жылдан астам уақыт аттарын атауға тыйым салынып, еңбектерін архивтің шаң басқан сөрелерінен шығартпай қойған солақай саясаттың заманы өтіп, бүгінгі тәуелсіздік тұсында Алаш арыстарының рухы халықпен қайта қауышты. Бүгінде Алаш қайраткерлерінің қайсыбірінің аты аталса да, өткен ғасырдағы зиялылардың тағылымды істері кісіні еріксіз толғандыратыны бар. Қазіргі тарихи кезеңде бұл бағытты жүзеге асыру үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алуға тиіс. Кеңестіктарих ғылымы

төңкеріске дейінгіжекелегенұлттық тұлғалардың өмір жолдары мен азаттық жолындағы күресі мен ұлтына арнаған қоғамдық-саяси қызметтерін өмірге жанаспайтын ұғымдар тұрғысынан қарастырды, зерттеуге тыйым салды, ал зерттеле қалғандары сыңаржақ бағаланып, тарихи шындық тұрғысынан бағалауға мүмкіндік бермеді. Тоталитарлық жүйе өзінің «қанды шеңгеліне» түсіріп, есімдерін халықтың жадынан шығарып, тарих көшінен біржолата аластату ниетіне тырысқанына қарамастан ұлт зиялыларының қазақ елінің түпкілікті қоғамдық мәселелері туралы айтқан ой-пікірлері бүгінгі таңда қайта жаңғыруы заңды үрдіс.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қызметі мен саяси жолын зерттеу ең өзекті және басты ғылыми тақырыптарға айналды. Алаш қайраткерлерінің қызметі және олардың өмір сүрген кезеңі мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін аңғарып, сол бойынша салыстырмалы тарихи сараптамалық талдаудың қажеттілігі бүгінгі күннің басты талаптары қатарында саналады. Ондағы басты итермелеуші күш Алаш қайраткерлері бастап берген ұлттық сананың оянуын, оның көтерілуін, дамуын және одан туындайтын қазақтың тілі мен болмысын, өткен тарихын, өнері мен мәдениетін болашақ ұрпақтың санасына сіңіруде Алаш зиялыларының саяси мұрасынан, олардың бастап кеткен идеяларынан алатын тағылым мол. Осыған байланысты Алаш қайраткерлерінің тарихын өткен дәуір тарихының бір парақтары ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі саяси өмірмен салыстырып, бағалап соның негізінде бүгінгі тәуелсіздіктің керегесін қатайтатын, оны одан сайын берік қылуға көмектесетін үлкен өнеге, зор ғибрат алатынымыз анық. Осының негізінде елімізде Алаш қайраткерлерінің XX ғасырдың басындағы ел тәуелсіздігі жолындағы саяси қызметі туралы зерттеулер тәуелсіздік жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін ауқымды түрде жүргізіліп келеді [1].

XX ғасырдың басында қазақ мемлекеттілігінің келесі бір кезеңі саналған Алашорда мен оның саяси тірегі болған Алаш партиясының құрылуы мен оның өмір сүруіне қарқынды етіп, ерекше еңбек сіңірген және атсалысқан тұлғалардың қызметіне зерттеулер жүргізіліп келеді. Мұндай ізденістер қазіргі уақытта да өзекті тақырыптардың қатарынан орын алып, Алаш қайраткерлерінің қызметі ғылыми талдауға түсіп келеді. Дегенмен кейбір қоғам қайраткерлері мен осы Алаш партиясының өкілдерінің есімдері аталмай, немесе өз деңгейінде бағаланбай келеді. Бұл жағдай қазақ зиялыларының саяси қызметінің тарихының әлі де толық ашылмай немесе айтылмай келе жатқан тұстарының бар екенін көрсетеді.

Қазіргі уақытта отандық тарих ғылымында есімі бұрын-соңды аталмаған алаштық саяси тұлғалардың есімдері жаңарып келеді. Алаш қозғалысымен бірге, мәселен, оның көрнекті қайраткерлері Уәлитхан Танашевтың, Жанша Сейдалиннің, Айдархан Тұрлыбаевтың, Ыбырайым Жайнақовтың, Асылбек Сейітовтің, Тел Жаманмұрыновтың, Аспандияр Кенжиннің, Базарбай Мәметовтің, Иман Әлімбековтің, Әлжан Байғариннің, Садық Аманжоловтың, Мұқыш Боштаевтың, Дәулетше

Күсепқалиевтің, Ережеп Итбаевтың, Хамит Тоқтамышевтың, Сейілбек Жанайдаровтың, Нұрғали Ипмағамбетовтың, Әзімхан Кенесариннің, Сейдәзім Қадырбаевтардың да ұлт пен тарих алдындағы еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету – біздің тарихи жадымыздың беріктігі мен азаматтық адалдығымыздың айғағы болмақ [2].

Осы аталған қазақ зиялыларының ішінде Алаш зиялысы, Алашорда үкіметінің мүшесі, Жетісудағы Алаш қозғалысының көрнекті мүшелерінің бірі, заңгер Базарбай Мәметовтың саяси қызметі мен өмірі өзекті тақырыптардың бірі саналады. Базарбай Мәметов 1888 жылы (кейбір мәліметтер бойынша 1891 жылы туған деп көрсетілген) 20 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Балқаш-Лепсі болысында (қазіргі Саркант ауданы) дүниеге келген.

Базарбай Мәметов 1900-1911 жылдары Верныйдағы ерлер гимназиясында оқиды. Ол 1900 жылы осы гимназияға оқуға түсіп, онда 1891 жылы оқуға түскен деп көрсетілген [3]. Айта кетерлігі қазақ интеллигенциясының үлкен бір бөлігін гимназия мен прогимназия, медициналық училищелер мен курстардың, мұғалімдер даярлайтын семинарлардың түлектері құрады. Соның ішінде Базарбай Мәметов оқыған Верный қаласындағы ерлер гимназиясы ірі мектептердің бірі болды. Верный ерлер гимназиясы 1871 жылғы 31 шілдедегі бекітілген Халық ағарту министрлігінің ведомствосына қарайтын прогимназиялар жарғысы негізінде 1876 жылы 1 қыркүйекте Верный қаласында ашылды. Алғашқы кезде төрт кластық прогимназия түрінде ашылды, ал сол жылы ол екі қалыпты және бір дайындық кластарынан тұрды. 1879 жылы 1 шілдеден бастап төрт кластық прогимназия алты кластық болып құрылған болатын. Ал 1881 жылы 1 шілдеден бастап толық сегіз кластан тұратын классикалық үлгідегі гимназияға айналды. Гимназияның толық курсын аяқтаған түлектер үшін аттестат (аттестат зрелости) берілді. Верный ерлер гимназиясында қазақтың белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Т. Бокин, Ы. Жайнақов, М. Тынышбаев, О. Жандосов оқыған болатын.

Верный ерлер гимназиясы Базарбай Мәметовтың өмірінде ерекше орын алды. Ол осы гимназияның пансионында тұрып оқыды. Б. Мәметовтің гимназияда сабақ үлгерімі [4], тәртібі, ұқыптылығы жоғары деңгейде болды. Гимназияда орыс тілін жетік меңгеріп, еуропалық нәсілдегі оқушылармен жақсы араласты. Жылдан-жылға гуманитарлық ғылымдар бойынша көзқарасы кеңейіп, шет тілдерінде оқи бастады [5]. Сонымен бірге діни сауат ашып, Ресей империясындағы халықтардың тілі мен мәдениетін үйренді.

Бұл кезде егер сабақ үлгерімі төмен немесе әлеуметтік жағдайы жетіңкіремеген балаларды гимназиядан шығарып, немесе келесі оқу жылына қалдырып отырды. Сонымен бірге, егер гимназия пансионында тұратын балаларға орын жетпесе де ол пансионнан шығарылып, жергілікті туыстарының үйінде тұрақтайтын болды. Себебі, ол кезде жетім балалар көп еді. Сондықтан, пансионнан балалар шығарылып жергілікті жерде ағайын-туыстың үйінде тұратын болған. Бірақ, Базарбай Мәметов оқудан шығарылатын болса, оның әлеуметтік жағдайы қиындайтынын білген

жетісулық қазақ зиялысы, алаш қозғалысының жетісулық қайраткері Ыбырайым (Ибрагим) Жайнақов оны өз қамқорлығына алатын болып келіскен еді [6].

Ыбырайым Жайнақов бұл кезде Верный қаласында тұрып, Жетісу облысы басқармасында тілмаштық қызмет атқарған. Ол да Верный ерлер гимназиясын бітірген. Верный ерлер гимназиясының басшылығы Ы.Жайнақовқа оқушы куәлігі № 3499 болған Базарбай Мәметовті егер ол пансионнан шыққан жағдайда тапсыратынын білдірген [7]. Осыдан соң, ол Ыбырайым Жайнақовпен одан сайын жақсы байланыста болады. Ыбырайым Жайнақов Базарбайды бұған дейін де өзіне тартып оған қолдау көрсетіп жүрді. Б. Мәметов те оның жанына жақын болды. Ыбырайым Жайнақовты айтуымыздың басты себебі, Базарбай Мәметовті саяси өмірге баулыған осы кісі болды.

Ыбырайым Жайнақов Жетісуда көптеген білімді қазақ балдарына қолдау көрсетіп, оларды өз жағына тартты. Оларды қоғамның қыр-сырын оқып тануға, білім алуға шақырып сол арқылы елімізде орын алған саяси процестерге араласуға шақырды. Солардың бірі Базарбай Мәметов болды. Бұл кезде Ыбырайым Жайнақовтың бастамасы мен ұстанымдары бойынша қоғамда қызу қолдауға ие болған шаралар өтіп жатты. 1911 жылы 21 қазанда Жайнақовтың бастамасымен Жетісу облысының болыстары және құрметті ақсақалдарының кеңесі өтіп, онда облыс әкімшілік пен қоныстандыру басқармаларының іс-әрекеттері жөнінде және саяси іздестіру бөлімдерінің облыстағы көшпелі халықтың ісіне араласпауы туралы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтегі Мемлекеттік дума мүшелеріне өтініш айтып, өкілдер жіберу мәселесі шешілген болатын.

Осылайша, Базарбай Мәметовтің саяси-қоғамдық жұмыстарға араласу қабілеті мен талабы Верный ерлер гимназиясынан басталып, оған әрине Ыбырайым Жайнақовтың қолдау көрсетуі өзінің септігін тигізген. Ыбырайым Жайнақов кейіннен Жетісу облысы мен бүкіл Қазақстанда жүзеге асырылған саяси процестерге Б. Мәметовпен бірге қатысып, екеуі Жетісудан шыққан алашордашылар атанды. Жас Базарбайдың саяси көзқарастары мен ұстанымдары осылай қалыптасып, оған Жетісудағы зиялылар қолдау білдіріп отырды. Солардың арасында кейіннен Мұхамеджан Тынышбаев және басқа да жетісулық зиялылар болды.

1911 жылы Верныйдағы ерлер гимназиясын бітіргеннен кейін, алғашында Мәскеу қаласындағы Алексеев әскери училищесінде оқуға ниеті болған. Алайда, өкінішке орай бұл оқу орнына түсе алмай қалды. Ерлер гимназиясы мен одан кейінгі әскери училищеге оқуға тапсыруы Базарбай Мәметовті болашақта әскери немесе осы салаға жақын болған мемлекеттік қызмет иесі болатынын көрсетіп тұр.

Әскери училищеге түсе алмай қалған соң Базарбай Мәметов Қазан университетінің заң факультетіне құжаттарын тапсырып, аталған оқу орнының студенті атанды. XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының саяси элитасы сан жағынан көп болған жоқ. Оның себебі түсінікті. Қазақстанда бірлі-жарым орта

білімді мұғалімдер даярлайтын курстар мен училищелер болмаса, арнайы оқу орындары ашылған емес. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қалыптасқан қазақ интеллигенциясының басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей, әмбебап мамандар ретінде қызмет етті.

XX ғасырдың басында Ресейдің жоғары оқу орындарында оқу қазақ жастарын өзіне тартты. Оның ішінде Петербург, Мәскеу, Орынбор, Қазан, Омбы қалаларында жоғарғы оқу орындарында қазақ жастары көптеп оқыды. Бұл кезең қазақ қоғамы үшін түрлі ағымдардың өзара қақтығыс, күрес кезеңі болды. Қоғамдық күреске қазақ қоғамы үшін мүлдем жаңа саяси-әлеуметтік күш – ұлттық саяси интеллигенция араласа бастайды. Негізінен Ресейдің жоғарғы оқу орындарында білім алып, отаршыл мемлекеттік басқару аппаратындағы қызметке және қазақ арасында орыс мәдениетін тарату үшін даярланған саяси элита мұның бәрін ысырып, ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық мәдениеттің өсіп-өркендеуіне, ұлт өмірін қайта құру мақсатына қызмет ете бастайды [1, 33-34-бб.].

Қазақ мамандарын даярлауда әсіресе, Қазан қаласы айтарлықтай үлкен орталыққа айналды. Базарбай Мәметов Қазан университетінің заң факультетінде оқыды. Қазан университеті, бұл кезде Ресей империясының жоғары оқу орындары арасында белді білім ордаларының бірі саналды. Базарбай Мәметовтен бөлек Қазан университетінде өткен ғасырда әртүрлі жылдарда көптеген қазақ жастары білім алған. Қазан университетін аяқтаған жастардың арасында XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қоғамдық-саяси оқиғаларға белсене араласқан Ахметжан Бірімжанов, Әубәкір Алдияров, Садық Аманжолов, Базарбай Мәметов, Мұхамеджан Қаратаев сияқты т.б. қайраткерлер болды.

Қазан университеті мен Ресейдің басқа да жоғары білім ордаларында негізінен ауқатты жанұялардан шыққан жастар оқыды. Қазақ қоғамында да мұндай адамдар көп болып, олар Ресейдің, тіпті шетелдің жоғары оқу орындарында оқыған. Алайда, Б. Мәметов қарапайым отбасынан шыққандықтан, университетте оқу ол үшін түрлі қиындықтар тудырды. Оның оқуға деген құлшынысы аса жоғары болды.

Осылайша, Базарбай Мәметовтің Қазан университетіне оқуға түсуі мен оны оқу оңайға соққан жоқ. Бұл туралы Базарбай Мәметов өмірбаянында былай көрсеткен: «Верный ерлер гимназиясын 1911 жылы аяқтап шықтым. Білімімді жалғамақ болып, Семиреченск әскери губернаторынан степендия тағайындауын өтіндім, бірақ қолдау таппай сол жылғы маусым айында Ташкент қаласына кеттім. Мұнда келген соң да Түркістан генерал-губернаторына өтінішпен кірдім. Тағы да жолым болмады. Білімімді ары қарай жалғастыра алмай және туған ел-жұрттан жырақта, ешбір таныссыз, күн көрістің өзі қиындыққа соқты. Енді амалдап нан тауып жеудің қамын ғана ойлап бір қызметке орналасуды ойластырдым.

Осы мақсатпен жүргенде кездейсоқ Ташкент қаласына келе қалған танысым Мұхамеджан Тынышбаевпен жолықтым. Ол өз тарапынан Ұлы князь Константин Константиновтың канцелярия меңгерушісі сол тұста

Ташкентте айдауда жүрген полковник Беловпен таныстырып, одан көмек өтініп, егер мүмкіндік болса жұмыс тауып беруін сұрады. Менің жағдайыммен танысқан соң ол Ұлы князға материалдық көмек сұрап жолыққанымды жөн көріп, өзі де көмек көрсететінін айтты. Ұлы княздың жеке қабылдауында болып, өтінішім өтіп, маған бір жыл көлемінде айына 20 сом стипендия тағайындады. Бірақ, бір жыл өткен соң баяғы таршылыққа қайта тап болдым. Бұл тығырықтан шығуға Түркістан студенттер жерлестігі мен ірі саяси қайраткер Мұхамеджан Тынышбаев қол ұштарын берген болатын. Жазды күндері қызмет жасап ақша таптым, сонымен қатар қыс айларында жалданып сабақ беріп, осының арқасында университет төлемақысы мен күн көрісімді айырдым. Осындай қиыншылықтарды бастан кешіре жүріп, 1917 жылы университетті бітірдім» – деп жазады [8].

Сонымен қатар, ол 1913 жылғы Лепсі уезінің қазақтары тарапынан ұсынылып, бекітілген стипендияның иегері болды. Базарбай Мәметовпен бірге заң факультетінде Әбубәкір Иманбаев (Торғай облысынан), Мұқыш Бөштаев (Семей облысы) сынды азаматтар оқыды. Базарбай Мәметовтың саяси қызметке араласуына осы Қазан университетінде алған білімі мен бейімделген ортасы жөн сілтейді [9, 57 б.]. Аталған студенттер арасынан Мұқыш Бөштаев та кейіннен Алашорда мүшелерімен жақсы қатынаста болады.

Базарбай Мәметов Қазан қаласында оқып жүрген кезінде, ол түрлі студенттік үйірмелерге және қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Бұл оның болашақта одан да жоғары деңгейдегі саяси істерге араласуына мұрындық болды. Университеттегі саяси белсенді жас Базарбайдың саяси көзқарасын өзгертті, қоғамда болып жатқан сан түрлі өзгерістер мен құбылыстар оның назарын өзіне тартты. Оның басты көріністері 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде байқалды.

Қазақ қауымында патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы мен көтеріліске көзқарас бірдей болған жоқ. Ауылдың феодал бай билеуші тобы мен жергілікті әкімшіліктің үлкен бөлігі патша жарлығын толығымен қолдап, оны белсенді түрде жүзеге асырушылар болды. Қазақ интеллигенциясының радикалды батыл іс-қимылға бейім өкілдері Т. Бокин, Ж. Ниязбеков, Т. Рысқұлов, Ә. Жангелдин, С. Меңдешев, Б. Алманов, Ә. Жүнісов және басқалар бұқара халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатысты. Олардың саяси ұстанымы бойынша пайдасы жоқ соғыстан қара халық жапа шекпеуі керек болды. Расында да бұл кезде қазақ қоғамында кедейлер көбейіп, қоғам бай және кедей болып екіге жарылған болатын. Патша жарлығын орындауда әділетсіздіктер көп орын алып, онда бай балалары соғысқа бармай, керісінше кедей баласы майданнан бір-ақ шықты. Мұндай әділетсіздіктер қара халықты көтеріліске бастап, ол бүкіл Орта Азияны қамтыған ұлт-азаттық сипаттағы соғысқа айналды.

Ал «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған

байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде оны аман сақтап қалуға тырысты. Сондықтан да қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Біріншіден, Ресейге төнген сыртқы қатердің бодан болып отырған қазақтарға да толық қатысы бар, бұдан сырт қалуға болмайды, – деп есептеді. Екіншіден, іс жүзінде қарусыз қазақтардың тұрақты орыс армиясына қарсы бас көтеруін болдырмауға талпынды. Қарусыз халық өкіметтің жазалау шараларының құрбаны болады деп қауіптенді. Үшіншіден, соғыс Ресей үшін жеңіспен біткен жағдайда қазақтардың халі жеңілдеп, ұлттық автономия құрылатынына [1, 63-64-бб.] үміт артты.

1916 жылы Ресейде I Дүниежүзілік соғыста майданға окоп қазу, қара жұмысқа алу және тыл жұмыстарына жегу мақсатында Орта Азиядан адам алу науқанын бастаған атақты «июнь» жарлығы шыққанда Қазанда оқитын қазақ студенттері бұл іске араласты. Олардың ішінде Б. Мәметов те болып, тыл жұмысына бара жатқан сауатсыз, орыс тілін және жөн-жоба білмейтін қазақ жігіттеріне бас-көз болу үшін «Қазақ» газетінің бетінен «бүкіл ақ жүрек бауырларын» шақырып үндеу жолдайды [10]. Бұған қарай отырып, Б. Мәметовтің саяси идеясының «Қазақ» газетінің жанына топтасқан Алаш қозғалысының өкілдерінің идеясымен жақын болғанын аңғару қиын емес. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісте осы азаматтар бастаған зиялылардың ұстанымдарын қолдады. Осыдан бастап Б. Мәметов болашақ алашордалық азамат ретінде танылды.

Б. Мәметов либерал-демократтардың саяси идеяларын қолдай отырып, «Қазақ» газетінің белсенді оқырманына және тіпті шығарушысына айналды. Кеңес дәуірінде өмір сүрген адамдардың түсінуінше, «болыс», «бай-бағлан», «бай-манап» деген сөздер қарапайым халықты қанап, олардың үстінен күн көріп отырған бір «құбыжық» сияқты болып көрінді. Социалистік солақай идеология қазақтың бай-бағландарын «құбыжық» етіп көрсетуді жақсылап меңгеріп, жас ұрпақтың санасын кәдімгідей улады. Соның бір жарқын мысалы – Құнанбай қажы болып, ол қазақ қоғамында болып жатқан түйткілді мәселелерге араласты. Көптеген жеке адамдар мен мекемелерге қаржылай қолдау көрсетті.

Сол сияқты, Базарбай Мәметов жастайынан осындай қамқор жандардың бірі болды. Ол Алаш партиясы құрылмай тұрып-ақ, мемлекет пен қоғамда өзінің жомарттығын танытқан болатын. Солардың бір ғана мысалы 1913 жылдан бастап шығарылған аймақтық «Қазақ» газетінің шығарылуына қаржылай қолдау көрсетті. Қазан университетінің студенті болып жүрген кездің өзінде-ақ Базарбай Мәметов өзінің жақындарымен бірге осы газеттің шығуына 130 сом қаржы жинап берген. Оның мұндай әрекеттері тек газет айналасында ғана емес басқа салаларда да байқалған [11].

«Қазақ» газетінің қоғам мен жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекеттік элита арасындағы байланысты нығайтудағы қызметі өте зор болды. «Қазақ» газеті патшалық Ресей үкіметінің үкімімен арнайы дүниеге келгені белгілі.

Бұдан бөлек жергілікті басылымдарда басқа газеттер сияқты, көшпелі қоғамдағы институттық қарым-қатынастар, экономикалық-шаруашылық жүйе, тіршілік цикліне қатысты мәселелер сияқты сан алуан тақырыптар мол қамтылды. Ондағы көтерілген мәселелер патша әкімшілігінің арнайы тапсырмасымен, өлкені отарлау жөніндегі жан-жақты жүйеленген жоспарларға сай идеологиялық нысанасы айқын мақсатпен жазылған еді.

Газет беттерінде қазақ елінің саяси-әлеуметтік мәселелеріне, қазақ шаруашылық жағдайына, жер мәселесіне, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен шежіреге арналған мақалалар жарияланды. Олар қоғамдағы барлық мәселелерді қозғап, болып жатқан оқиғаларды жіті бақылап, шолу жасап, кейбір кезек күттірмейтін жайттарға дер кезінде үн қатып, елді қауіп-қатерден сақтандырып, қазақты ұлттық бостандық жолына бастап отырды. Сондай-ақ, олар Ресейдің отаршылдық саясатын әшкерелеп, қазақ даласының ішкі жағдайын үнемі назарда ұстады, сырткы саясат мәселесімен халықаралық байланыстармен елді таныстырып, кажет уақытында дұрыс шешімдер қабылдап отырды.

Студенттік шағынан бастап «Қазақ» газетімен жақын қатынаста болған Б. Мәметов, осы газет арқылы өзге қазақ зиялыларымен танысып араласты. Бұл кезде «Қазақ» газеті қоғамның нағыз жанашыры болды. «Қазақ» газеті туралы материалдар көп жылдар бізге мүлдем белгісіз болды деп айтуға болады. Оның әртүрлі себептері болған, біздің түсінігімізше, бұл газет туралы мәліметтердің өте аз болуы, кеңестік идеология кезеңіндегі XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласындағы қоғамдық саяси көзқарастардың, сонымен қатар ұлт-азаттық күрес туралы қанық та, түсінікті материалдарды халыққа білдірмеу үшін жасалған саяси шаралар деп білеміз. Себебі, объективті ғылыми баға беріп, Қазан революциясына дейін жарық көрген қазақ басылымдарын шығарушы ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін мүлдем атамаудың қажеттілігінен туған шара еді. Егерде революцияға дейін қазақ даласында осынша көп газет журнал болғанын мойындаса, онда Қазақстанда революцияға дейін халықтың бір-ақ проценті хат таныды деген өтірікке сену өте қиын болар еді. Сондықтан да, ұлттық интеллигенцияның бұл қоғамдық жағдайлардағы қызметі буржуазиялық-ұлтшылдықтың көрінісі есебінде бағаланса, олардың қолынан шыққан басылымдардың жеңіл түрде буржуазиялық-ұлттық бағыттағы басылым аталуы да ешкімді таңдандырмайды. Осындай шектеулі, біржақты тар таптық позицияны ұсынған зерттеушілер «Қазақтың» материалдарын да дұрыс түсініп онымен есептескісі келмеді, дегенмен әлеуметтік тапсырыстың өзі бұл зерттеушілерден соны талап етіп еді. Қазіргі кезеңде бұл басылымның материалдары бізге мына тұрғылардан құнды: біріншіден, газет басылымы XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы қазақ қоғамындағы түрлі тарихи процестерді зерттеп, оны жан-жақты түсіну үшін аса бағалы деректер болып табылады. Екіншіден, ғасыр басындағы ұлт азаттық қозғалыстың қалыптасып, даму барысында пайда болған басылым ең алдымен бостандық үшін күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті. Осы себептерге байланысты

орталық езгімен феодалдық мешеулікке ұлттық интеллигенция жүргізген азаттық күрестің негізгі идеология бағыттары мен кезеңдерін «Қазақ» материалдарынсыз түсіну өте қиын еді [9].

Б. Мәметов және жалпы қазақ зиялыларының саяси ұстанымдары мен жоспарларының өзгеруіне әсер еткен фактор 1917 жылы 27 ақпанда болып өткен Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы болды. Ақпан төңкерісі жеңіске жетісімен ұлттық-демократиялық қозғалыс басшыларының халыққа ұсынған саяси бағдарламасы жалпы алғанда түбірлі түрде Уақытша үкіметтің және оның саяси тірегі болған кадеттер партиясының ел басқарудағы бағытына қайшы келген жоқ. Сондықтан да, ұлттық-демократиялық интеллигенция басшылары Уақытша үкіметке қайшы келетін жолды ұстаған кеңестерге әуел бастан-ақ оң көзқараста болмады, олардан өз іргесін қашығырақ салды. Кейін, Кеңес құрылғанда қазақтың ұлттық-демократиялық қозғалысы күрделі жағдайға душар болды [12].

Ақпан төңкерісінен кейін билікте үлкен өзгерістер болып, жаңа үкімет құрамы жасақталды. Қазақ зиялылары, оның ішінде алаш қозғалысының өкілдері жаңа үкіметпен тығыз байланыста болып, автономия құру жолдарын қарастырды. Ол үшін көптеген жұмыстар атқару керек болды. Қазақ зиялыларының идеяларын бір арнаға тоғыстырып, олардың мемлекет пен қоғамдағы қызметін пайдалану қажет болды. Либералдық-демократиялық ұстанымдағы алаш қозғалысының құрамы өте кең болды. Солардың бірі Базарбай Мәметов болып, ол Ақпан төңкерісінен кейін елдегі саяси жағдайға белсене араласты. Төңкерістен кейінгі уақытта қазақ зиялыларының негізгі қызметі облыстарда жергілікті үкіметтік комитеттер құрып, сол арқылы автономияға жету жолдарын қарастыру еді. Сонымен бірге, халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, алаш идеяларын таратумен айналысты.

1917 жылдың көктем мен жаз айлары қазақ жұртының қоғамдық саяси өмірінің барынша жанданған кезеңі болды. Міне, осы шақта саяси билікке ұмтылған қазақ зиялылары отарлық езгіден есеңгіреген елінің басын біріктіріп, ортақ мақсат пен мүддеге барлық күш жігерін жұмылдыра күрес жүргізгендігі және сондай күрестерінің бірі – «қазақ қауымының талап-тілегінен туындаған, қазақ қоғамының келешек мүддесін көздеген жалпы қазақ съезін ұйымдастырып, шақыру болғандығы жоғарыда айтылды. Әр облыс өзара кеңесіп, бір қаулыға келгеннен кейін бүкіл қазақтың тілегін қорытып, барлық пікірлер мен ұсыныс-тілектерді ортаға салу үшін жалпы қазақ съезі қажет» делінді.

1917 жылы шілде айында өткен бірінші және желтоқсан айында өткен екінші жалпықазақ съездерінің күн тәртібінде қаралған мәселелерді талқылауға ұсынуда да осы облыстық қазақ съездерінің рөлінің ерекше болғандығы. Әртүрлі деңгейде өткен бұл съездерде Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда қалыптасқан саяси өзгерістерге баға беруге және ұлттық мүддеден туындаған өзекті мәселелердің ауқымын анықтауға деген ұмтылыс айқын көрінді. Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен облыстық қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселелерге баса назар

аударылса, Омбыда өткен съезде оқу-ағарту, қаражат, дін, әйел тендігі мен земство қызметі жөніндегі мәселелер кеңінен талқыланды.

Семей облыстық қазақ съезінде әлеуметтік-саяси мәселелер сөзге тиек етілді. Аталған съездердің қабылдаған қаулы-қарарларының барлығында дерлік Уақытша үкіметке сенім білдіріліп, оның соғысты толық жеңіске жеткенше жүргізу жөніндегі саясатына қолдау көрсеткендігі байқалады. Осы съездердің шақырылуы, күн тәртібі жайында кеңірек мағлұматтар алу үшін облыстық съездердің маңызы зор болды [13].

Базарбай Мәметов Уақытша үкімет тұсында Жетісу облысындағы бірнеше саяси істерге араласты. Ол 1917 жылдың 12-14 сәуір аралығында Верный қаласында Жетісу облыстық қазақ съезінде қарастырылған мәселелер болды. Оның ең күрделісі болып табылатын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында жергілікті халықтар арасында ұлтаралық қарама-қайшылық пен түрлі тартыстар, босқындар және осы іспеттес басқа да қимылдарға өзге алаштықтармен бірге араласты. Босқын қазақ-қырғыздарға жан-жақты жәрдемнің атап айтқанда, жекелеген ұлт өкілдерінен, жер-жерлердегі қазақ, мұсылман ұйымдарынан, Уақытша үкімет пен оның Түркістан Комитетінен арнайы жіберілген О. Шкапский мен комиссар М. Тынышбаев тарапынан көрсетілгендігін, сондай-ақ осы істің басы-қасында жүрген А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, С. Қадырбаев, И. Әлібеков, Б. Мәметов, Е. Омаров және Ж. Жәнібеков, сынды тұлғалардың саяси қызметтері ерекше [13, 58-б.] болды.

Мұндай съездер барлық облыстарда, тіпті уездерде ұйымдастырылды. Келтірілген уездік және болыстық съездер мен жиындардың қаулыларынан көрініп тұрғанындай, көбіне әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге баса назар аударылып, облыстық және жалпы қазақ съездерімен салыстырғанда күн тәртібіне тек жекелеген мәселелер ғана қойылған. Уездік және болыстық қазақ съездерінің жұмысы туралы архивтік деректердің аздығына байланысты бұл тараудың көлемі шағындау болды. Осы съездерде қабылданған қаулы-қарарлардың нәтижесінде нақты шешімдер қабылданып, оның негізгілері Ресей империясының құрамында өмір сүретін жалпықазақ съезінде ортаға салынатын болды.

Базарбай Мәметов 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен Бірінші жалпықазақ съезіне Жетісу облысының өкілдері атынан делегат болып қатысады. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысу Базарбай Мәметов үшін алғашқы ірі саяси додаға түскен сынақ алаңы секілді еді. Ол өз өңірінде болып жатқан саяси процестер туралы өзге жетісулық мүшелермен бірге ортаға ой салды. Орынбор қаласында ұйымдастырылған съезд бүкіл қазақ даласынан шыққан Б. Мәметов сынды зиялылардың бас қосқан саяси алаң еді. Съезге Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария облыстары мен Бөкей Ордасынан және Ферғана облысының қазақтарынан өкілдер қатынасты. Сырттан Қарағанда съезге келген 20-дан астам өкілдердің саны «жалпы қазақ съезі» деп ауыз толтыруға келмесе де, шығарған қаулылары олқы болған жоқ. Оның күн тәртібіне қазақ қоғамының әлеуметтік-

экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Олардың басым көпшілігі сәуір-мамыр айларында болған облыстық және уездік қазақ съездерінде алдын-ала талқыланған болатын және ең маңызды дегендері жалпы қазақтық Құрылтайға ұсынылған еді [14].

Бірінші жалпықазақ съезінде күн тәртібінде алға қойылған негізгі мәселелер мыналар болды:

1) Мемлекет билеу түрі; 2) Қазақ облыстарында автономия; 3) Жер мәселесі; 4) Халық милициясы; 5) Земство; 6) Оқу мәселесі; 7) Сот мәселесі; 8) Дін мәселесі; 9) Әйел мәселесі; 10) Құрылтай сайлауына даярлану және қазақ облыстарынан депутаттар; 11) Бүкілресей мұсылмандарының Кеңесі (Шураи-Ислам); 12) Қазақ саяси партиясы; 13) Жетісу облысының оқиғасы; 14) Киев шаһарында болатын Бүкілресей федералистерінің съезіне және Петроградта болатын оқу комиссиясына өкіл жіберу [15].

Съезд қабылданған қаулы бойынша Ресей «демократиялық федеративтік республика болып, қазақ облыстары коныс, ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс» болды. Делегаттар жер туралы мәселені аса ұқыптылықпен талқылап, 14 тармақтан тұратын шешім қабылдады. Онда: «Қазақ халқы өзіне қарасты жерге орналасып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» деп көрсетіліп, бұрын қазақтардың пайдасынан алынып қойған жерлерді кері қайтару талап етілді. Делегаттар «жер туралы қазақ өз алдына заң жобасын жасасын» деген ұсыныс білдіріп, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының болашақ депутаттарына бұл мәселені талқылап, оған депутаттыққа кандидат етіп 81 адамнан тұратын тізімді бекітті.

Базарбай Мәметов осы аталған өзге делегаттармен бірге осы съезде қабылданған шешімге ант етті. Съезд Б. Мәметовті Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаттығына Жетісу облысынан кандидат ретінде тізімге енгізді. Бұл оның өміріндегі ең алғашқы ірі саяси баспалдақтарының бірі еді. Студент кезден қоғамдық істерге белсене араласып, ел басқару жұмыстарына дағдыланған ол өзінің жас екеніне қарамай осы съезде көзге түсті. Айта кетерлігі, ол съезге қатысып, мүше болған делегаттар арасында ең жас мүшелердің бірі болды.

Съезде, барлық облыстар мен жалпы өңірлер жайлы мәселелер ортаға тасталып, соның ішінде Жетісу өлкесі басты тақырыптардың бірі болды. Атап отырғанымыздай, бұл съезд біріншіден Б. Мәметов үшін саяси сын болса, екіншіден ол өз жерінің атынан өзге жетісулық мүшелермен бірге Жетісудағы мәселелер бойынша саяси тақырып қозғайды. Жетісу облысында туындап отырған жағдайды талқылап, Ресей ішкі істер министрі атына: «Жетісудағы қазақ-қырғызды атып-жаншып жатқан мұжықтардың және соғыстан қайтқан солдаттың қолынан қару-жарағын жиып алып, халықты тыныштандырсаңыз екен», – деген мазмұндағы арнайы мақсатта жеделхат жолдады. Сонымен бірге Жетісу облысында жер-жерлерде ашаршылық фактілері орын алып жатқан қазақтар мен қырғыздарға «алаш баласының жәрдем беруін» өтініп үндеу тастады. Түркістан мен оның ішінде Жетісу облысы басты тақырып болып, онда қазақ, қырғыз, ұйғыр және еуропалық ұлттар арасындағы мәселелер қойылды [14, 409-410 бб.].

Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне съезд шешімімен Ақмоладан А. Тұрлыбаев, Семейден Ә. Сәтбаев, Торғайдан Ә. Байғарин, Оралдан Ж. Досмұхамедұлы, Бөкей ордасынан У. Танашев, Жетісудан Б. Мәметов, Сырдариядан М. Шоқай, Ферғанадан Ғ. Оразаев сайланды. Бірінші Жалпықазақ съезі «Шура-и-Исламда» қазақ өкілдері болсын, бірақ оның ағзалары әр халықтың санына қарай анықталсын, соған байланысты қазақ өкілдерінің санын көбейту жағы тез арада шешілсін деп көрсетіп, мүшелікке аталған сегіз адамды сайлайды. Б. Мәметовтің мұсылмандар кеңесіне сайлануы оның саяси білімі және діни сауаттылығының жоғары болғанын көрсетеді.

Бірінші Жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы мәселе қарап, мынадай шешім қабылдады: «Қазақ халқының өз алдына саяси партиясы болуды тиіс санап, бұл партияның жобасын жасауды съезд «Шора-и-Исламға» сайланған қазақ өкілдеріне тапсырды. Партияның негізі демократиялық, федеративтік парламенттік республиканы құру болып табылады». Сонымен, Бірінші Жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы шешім қабылдайды. Партияның бағдарламасының жобасын «Шура-и-Исламға» сайланған қазақ өкілдері оның облыстық қазақ комитеттерінің талқысына ұсынады. Талқыдан өткен жоба Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланған қазақ депутаттарының қарауына түсіп, бекітіледі [14, 391-392-бб.]. «Шура-и-Исламға» мүшелікке сайлануы Базарбай Мәметовтің алаштықтар арасында өз орнын анықтағанын көрсетті.

Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша «Шура-и-Исламға» мынадай да өзгерістер мен талаптар енгізуге мүмкін болды. Бұл аталғандар «Шура-и-Исламға» бара алмайтындар болса, олардың орынбасарын облыстық комитет сайлайды; «Шура-и-Исламға» сайланған кісілердің расходын қазақ ұйымдары комитеттері көтереді. Мұнан басқа қазақ ұйымдары «Шура-и-Исламның» іс басқаратын комитеттеріне пұл жәрдем беру керек; Әр облыстың өкілдері Петроградқа қазірден бару керек һәм «Шура-и-Исламның» қызметіне кірісу керек; Қазақ өкілдерінің жиылысы «Шура-и-Исламның» іс басқаратын комитетіне қазақ ағаларын өздері сайлайды; Уақытша басқа облыстардың өкілдері жиналғанша «Шура-и-Исламның» іс басқаратын комитетіне съезд Жаханша Досмұхамедовты, Уәлихан Танашевті лайықтады.

Сонымен, Бірінші Жалпықазақ съезінің қорытындысы бойынша қазақ саяси партиясы құрылып, ол «Алаш» атанды. Алаш партиясы қазақ ұлттық автономиясының тірегі болуы тиіс болды. Базарбай Мәметов Алаш партиясының атынан Учредительное собраниеге аталған депутаттар құрамына енгізілді. Ол бұл құрамға Жетісу облысының атынан енді [14, 409-б.]. Бірінші Жалпықазақ съезінде жиналған зиялылар жас Базарбай Мәметовті мұндай саяси «додаға» тартуындағы бірден-бір себеп ол заңгер болды. Ол өзінің заңгерлік білімімен съездегі жиын барысында да, одан кейін де жақсы көзге түсе білді.

1917 жылы 25 қазанда Уақытша өкімет құлап, оның орнына большевиктер басқарған Кеңес өкіметі орнады. Бұл жұмысшылар мен шаруалардың

билігі орнаған өкіметі еді. Оның мақсаты – пролетариат диктатурасының басшылығымен Ресейде жаңа қоғам – социализмді орнату. Бұл окиға бүкіл әлемді дүр сілкіндірді, себебі социализмге жол ашуды бірінші Ресей бастады. Қазан төңкерісі елді экономикалық және саяси дағдарыстан шығуға жол ашты. В.И. Ленин бастаған большевиктер партиясы осы дағдарыстан шығудың сара жолы – Ресейдің империалистік соғысты тоқтатып, бейбіт өмірге көшу деп білді. Сондықтан Ресей ең бірінші болып бірінші дүниежүзілік соғыстан шығады.

Кеңес өкіметі әуелі орталықта Петроградта, одан әрі тез арада Ресейдің шет аймақтарына дейін орнады. Ресейдің қол астында болып келген орыс емес басқа халықтардың еңбекші бұқарасы Қазан төңкерісінен кейін экономикалық-әлеуметтік күйзелістен шығумен бірге отаршылдықтың бұғауынан босанып, тәуелсіздік алатын шығармыз деп үміттенді. Большевиктер барлық ұлттар мен ұлыстардың, халықтардың теңдігі мен бостандығын, азаттығын жариялай отырып, оларды төңкеріс туының астынан кетпеуге шақырды. Кеңес өкіметі Қазақстанда да орнай бастады. 1917 жылы қазаннан бастап Қазақстан қалаларында кеңес өкіметі орнап үлгерді [16].

Бұл фактор өзі аталып тұрғандай, тек Қазақстан емес, бүкіл әлемді өзіне қаратқан саяси жағдай болды. Ендігі кезекте Алаш партиясы мен социалистік партия өкілдері арасында тартыс күшейіп, жергілікті жерде 1917 жылы қараша айында құрылып, басшысы Көлбай Төгісов болған «Үш жүз» партиясы оның басты саяси бақталасы болып шыға келді. Халық екіге жарылып, біріншісі Алашқа, екіншісі большевиктерге жақтаса бастады. Осылайша, қазақ жерінде бұрын болмаған саяси бақталастық алаңы қалыптасты. Бұл жағдай қазақ саяси демократиясында алғашқы қадамдардың бірі болды.

Дегенмен, елдегі қалыптасқан осындай қоғамдық-саяси жағдайлар қазақтардың тез арада тағы да бас қосып, ақылдасу қажеттігін алға тартты. Елде орын алған аумалы-төкпелі жағдайдан тезірек шығу керек болды. Себебі, Алаш партиясы жұмыс істейтін автономиялық мемлекеттік бірлестікті құрып алу кезек күттірмейтін жағдайға айналды. Ол үшін арнайы тағы да Екінші жалпықазақ съезін ұйымдастыру керек деген шешім қабылданды. Көп ұзамай Екінші жалпықазақ съезі осы 1917 жылдың желтоқсанның 5-не жоспарланды, жан-жақтан қазақ зиялылары Орынборға шақырылды. Бұл съездің бірінші мақсаты – қазақ жұртын осы қатерлі заманнан аман-есен өткізудің шарасын іздемек болды. Базарбай Мәметов 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінде Кеңеске 8 адамның бірі болып тікелей Алашорда үкіметіне мүшелікке өткен [17, 27-б.].

1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында өткен Екінші жалпықазақ съезінде «Алашорда» атты уақытша қазақ үкіметі құрылды. Үкімет құрамы 25 адамнан тұрды. Оның он мүшелік орыны қазақ арасында тұратын басқа халықтар үшін бос қалдырылды. Ал он бес мүшенің жетеуі облыс өкілдерінен құралды. Олар: Бөкейден – Уалитхан Танашев, Оралдан – Халел Досмұхамедов, Ақмоладан – Айдархан Тұрлыбаев, Торғайдан – Ахмет Бірімжанов, Семейден – Халел Ғаббасов, Жетісудан – Садық Аманжолов,

Сырдариядан – Мұстафа Шоқай еді. Атап отырғандай, қазақ үкіметінде Базарбай Мәметов, Әлихан Бөкейхан, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақтыкерей Құлманов, Жақып Ақбаев және Отыншы Әлжановтармен бірге ешбір облысқа қарамайтын тәуелсіз өкіл ретінде сайланды [18].

Съезге қазақ даласының әр аймағынан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Жетісу, Самаркан облыстарынан, Бөкей Ордасынан және Алтай губерниясы қазақтары атынан барлығы 200-ден астам өкіл қатысты. Оның барлығы – 58 делегат, әртүрлі қазақ ұйымдарының атынан – 8 делегат және арнайы шақырумен – 15 адам қатысып, жалпы 81 делегат келген. Съездің төралқасына Б. Құлманов (төраға), Ғ. Қараш, Ә. Кенесарин сайланды. Құрылтайдың күн тәртібіне 10 мәселе қойылды: 1. Сібір автономиясы; 2. Түркістан автономиясы және Оңтүстік-шығыс Одағы туралы; 3. Қазақ-қырғыз автономиясы; 4. Милиция туралы; 5.Ұлт кеңесі; 6. Ұлт қазынасы; 7. Мүфтилік мәселесі; 8. Халық соты; 9. Ауылды басқару; 10. Азық-түлік мәселесі.

Екінші жалпықазақ съезінің барысында аталған барлық мәселелер қарастырылып, оның ең маңызды нәтижесі атап отырғанымыздай, Алашорда үкіметі жасақталды және жоғарыда аталғандай қазақ автономиялық республикасы Алашорда автономиясы өмірге келді. Базарбай Мәметов Екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшелігіне облыстардан тысқары, яғни жалпы қазақ атынан кіреді. Бір ерекшелігі Базарбай Мәметов бұған дейін құрылған Түркістан автономиясының құруына атсалысып, оның құрамына енеді. Алашорда автономиясы құрылған соң, оның құрамына Түркістанды бөліп жармай барлық қазақтар тұратын облыстарда тұратын қазақтарды да кіргізді. Осылайша, Екінші жалпықазақ съезі құрған Алашорда – Ұлт кеңесі үкіметінің құрамы жағынан барлық қазақ облыстарын қамтыды. Он бес адамнан тұратын бұл үкімет құрамында Сырдария мен Жетісу облыстарынан да мүшелер алынып, оның ішінде М. Тынышбаев, М. Шоқай, С. Аманжолов, О. Әлжанов сынды саяси қайраткерлермен бірге Б. Мәметов те болды. Осының негізінде Базарбай Мәметов екі автономияның да үкімет құрамына алынды. Бұдан алашордашылар арасында Б. Мәметовтің саяси беделінің жоғары екенін аңғару киын емес [14, 447-б.].

Ең маңыздысы Базарбай Мәметов Екінші жалпықазақ съезінің қорытындысы бойынша Алашорданың құрамында министр лауазымын иеленді. Алаш Орда – Ұлт кеңесінің құрамына мына қайраткерлер сайланды: төраға (қазіргіше премьер-министр) – Әлихан Бөкейхан, мүшелері (министрлер) – Уәлитхан Танашов, Халел Досмұхамедұлы, Айдархан Тұрлыбаев, Ахмет Бірімжанов, Халел Ғаббасов, Садық Аманжолов, Мұстафа Шоқай, Жаһанша Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақпаев, Базарбай Мәметов, Отыншы Әлжанов. Мүшелікке кандидаттар (министрлердің орынбасарлары): Иса Қашқынбаев, Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Ережеп Итбаев, Сатылған Сабатаев, Есенғали Қасаболатов, Батыркайыр Ниязов, Мұқыш Бөштаев, Сейілбек Жанайдаров,

Сәлімгерей Нұралыханұлы, Омар Алмасов, Сейдәзім Қадырбаев, Аспандияр Кенжин, Молданияз Бекімов, Есен Тұрмағамбетов, Жанеке Сұлтанайұлы (қырғызша аты – Жақып Солтонайұлы). Оқу комиссиясының мүшелері: Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы.

Айта кетерлігі Базарбай Мәметов түркістандық алашшылдар арасында Мұстафа Шоқаймен жақсы қарым-қатынаста болған. М. Шоқай бұл уақытта өзге түркістандық зиялылармен Түркістан автономиясының саяси өмірімен күресіп жатқанына қарамастан, бүкіл қазақтың автономиялық мемлекеті болып саналатын Алашорда автономияның да белді мүшесі болып саналды [19]. Базарбай Мәметов те сол сияқты екі автономияның да саяси дамуының жақтаушысы мен жанашыры болды.

Съезд «мемлекет хәлі тар жол, тайғақ кешуге душар болып тұрғанда жан-жақты қоршаған қалың бәледен сақтану үшін халық әскерін жасау керек» деп, милиция құрудың мақсатын анықтап, «қазақ милициясын құру жоспарын жасап бекітті». Сол жылдары «милиция» деген сөздің астарында әскер ұғымы жатқан еді. Қазаққа милиция не үшін керек? Шындығында да, біз қарастырып отырған кезеңдегі милиция ұғымында туған жерінің тыныштығын, халқының қауіпсіздігін қорғайтын әскер ұғымы болды. Жалпы Алаш әскерінің қызметі соғысуға емес, бейбітшілікті сақтауға, елінің тыныштығын сақтауға бағытталды, сырттан келген жауға қарсы тұру, еліне қорған болу – негізгі міндеттерін құрады.

Алашорда көсемдері жаңа құрылған Алаш автономиясын аяғынан тік тұрғызу үшін және большевизммен күресу мақсатында ұлттық әскер құру және Кеңестерге қарсы әртүрлі саяси күштермен одақтасу ісіне үлкен мән берді. Съезд бұл мәселені жан-жақты талқылап, қазақ милициясының әр облыс, уезд орталықтарындағы саны, оларға әскер ғылымын үйрету және қажетті заттармен (қару-жарақ, қаржы, мүлік тағы басқа) қамтамасыз ету тәртібін анықтады. Онда 26 500 адам тіркелген халықтық милиция құрылуы қажет» деген қаулы қабылданды [20].

Базарбай Мәметов Бірінші съезге қарағанда Екінші съезде ерекше көзге түсті. Оның бірінші себебі, Б. Мәметовтің Екінші жалпықазақ съезінен соң Түркістан мен Алашорда үкіметтері құрамында саналуымен байланыстырылса, екіншіден, ол күн тәртібіндегі төртінші мәселе Алаш милициясын жасақтау істеріне де тартылды. Жоғарыда милиция жайлы жазып отырған себебіміз Базарбай Мәметов Алаш милициясын жасақтауға көмектескен зиялылардың бірі болып табылады. Алашорда басшылығы Екінші жалпықазақ съезі қабылданып болған соң Б. Мәметовті мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіпсіздік істеріне де тартты. Қазан университетін заңгерлік мамандығын тәмамдаған Базарбай Мәметов үшін бұл жағдай аса қиын шаруа емес еді. Ресей империясының заңнамалық нормаларынан хабардар болған ол империя құрамында құрылған Алашорда үшін құқық қорғау мен жалпы қауіпсіздік саласында белді мамандардың біріне айналды.

Оның басты мысалдарының бірі – Екінші жалпықазақ съезінің шешімімен 1918 жылы 25 маусымда Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейхан халық милициясын құру туралы қаулыға қол қояды. Осы қаулыны жүзеге асыру мақсатында Семей қаласында капитан Х. Тоқтамышев басқарған 1-ші Алаш полкін жасақтауға Х. Ғаббасов, М. Тынышбаев, А. Тұрлыбаевтармен бірге Базарбай Мәметов те белсене атсалысқан.

Жалпы, бұған дейін-ақ, яғни 1917 жылы 25 қазанда Кеңес үкіметі орнаған кезден бастап Ресей империясы, оның ішінде Қазақстанда Азамат соғысының қимылдары басталып қойған болатын. Азамат соғысы жылдары басқа да ұлтжанды қазақ зиялылары сияқты Базарбай Мәметов те ақ пен қызылдың текетіресінде тектен-текке қосақ арасында қалған қазақ жұртшылығын аман сақтап, қорғау мақсатында Семейде 1918 жылы 1 Алаш полкін жасақтауға және Жетісу жерінде қазақ жігіттерінен алаш сарбаздарын ұйымдастыруға ат салысады [16, 211-б.].

Халықтық милиция деген атпен 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінің шешіміне сәйкес құрылған. Алаш автономиясының қарулы жасақтары негізінен, атты әскер түрінде жасақталатын халықтық милиция қатарына, әскери қызметті атқаруға жарамды 20 мен 35 жастың арасындағы ер азаматтар алынатын болды. Бөкей, Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарындағы милиция қызметкерлерінің жалпы саны 13500 болсын делініп, әр облыс бойынша әскер қатарына шақырылғандар саны мына мөлшерде белгіленді: Бөкейде – 1000, Оралда – 2000, Торғайда – 3000, Ақмолада – 4000, Семейде – 1500 және Жетісу облысында – 2000 адам. Ә. Бөкейханның 1919 жылғы ақпанның 11-інде Колчак үкіметінің ресми делегациясымен жүргізген келіссөздерінде келтірілген мәліметтеріне қарағанда сол кезде азамат соғысы майдандарында Қызыл Армияға қарсы күреске қатысқан Алаш қарулы күштерінің саны 3000-нан асқан. Алашорданың таратылуымен бірге ол құрған «халықтық милиция» бөлімдері де таратылды.

Съезд қаулыларында көрсетілгендей, Алаш әскерін құру үшін алдымен милицияға алынатын адам шығынын анықтап, оларды қару-жарақ, ат-көлікпен қамтамасыз ету, әскери мамандар (офицерлер, инструкторлар) даярлау жұмысын айқындап алып, оған қажетті қаражат 6 облыстың қазақтары есебінен жиналатын болды. Қазақтың бұрыннан жиналып тұрған қаржысы жоқ екені белгілі, сондықтан милиция шығыны халыққа салынған салық есебінен алынып тұрды. Барлық облыстарда ішкі істер қауіпсіздік органдары құрылып, оған әр облыстан өкілдер сайланып отырған. Базарбай Мәметов Жетісу облысынан сайланған халықтық милицияның басқарушы қызметкерлерінің бірі болды. Онымен бірге жоғарыда аталған басқа да жетісулық алашордашылар болды [15, 50-51-бб.].

Базарбай Мәметовтің саяси қызметі Алашорда үкіметі мен большевиктер арасында билік үшін орын алған күрес барысында да жалғасты. 1918 жылдың жазына қарай Алашорда бастаған саяси күштер мен большевиктер арасында өкімет билігі үшін ашық күрес басталды. 1917 жылдың қазан айының 25-

нен бастап, халықтың денесіне удай дарыған «большевизм» пәлесі әбден сабасынан асып, жұрттың бәрін жирендіріп, ашындырып өзіне қарсы жауын көбейтті. Ақырында, мамыр-маусым айларында халық көтеріліп, чехословактар, казактар және басқа да ұлттар аттанып, большевиктерге оқ жаудырды.

Қазан төңкерісінен кейін кеңестердің жер-жерлерде өкімет билігін тартып алуы – Қазан революциясының алғашқы күндерінен бастап саяси биліктен айрылған топтардың қарулы қарсылығын тудырды. Мұндай тартыстар елде азамат соғысының басталғанын көрсетті. Елде басталған азамат соғысы іс-жүзінде осы өкімет билігі үшін күрестің жалғасы еді. Кеңес өкіметіне қарсы және оның саясатын қабылдамаған әртүрлі саяси күштерден қолдау тапқан «әскери үкіметтер» Қазақстандағы Кеңестерге қарсы күрестің негізгі күштерін құрады.

Кеңес өкіметіне қарсы күштердің топтасуының басты себебі адмирал Колчактың көздеген мақсаты – Ресейдің жәй адамдарын қорғау, елді көпшілдердің (большевиктердің) қорлығынан құтқару, ендігі қалған ел мүлкін сақтап қалу, сонан соң барып, толық тәртіпке отырып, ақылмен жұрт тұрмысын жаңадан құрып, жалпы халықты мемлекет билігіне, жергілікті ісіне қатысатын қылу, – деген хабарламасынан аңғарылады. Мұндағы айтылған пікірлер Алашорда үкіметінің саяси бағытына дәл келді. Сондықтан да, біздің Алаш әскері осы әскери үкіметтермен күш біріктірді. Бұл туралы Ә. Бөкейхан «Жетісу облысында большевиктер атты казак қалаларын беріп қоймай, қиратқан. Қатын, бала-шағаны қырған. Сондықтан, сол бейшараларды большевик қолынан құтқару үшін біздің қазақ әскері атты казак әскеріне қосылып, Жетісуға қарай жолға шыққанын» жазады.

Базарбай Мәметов қызмет еткен Жетісу облысы Азамат соғысының қызған аймағы болды. Мұнда кәдімгі соғыс майданы ашылып, ол соғыстың ірі ошағы болды. Атап өткендей Б. Мәметов осы аймақта соғыс қимылдарын жүргізуге көмектесті. Бірақ, бір жағынан ел арасын қырғынға ұшырауын қаламаған ол өз сөздерінде бейбіт қатынастар немесе ымыраға келуді де ұсынған болатын. Алайда, Колчак үкіметі тарапынан большевиктермен қатысы бар деген жалған желеумен Алашорда мүшесі Лепсі көмек комитетінің төрағасы Б. Мәметов қуғын-сүргінге ұшырап, тұрған жерін тінтеді де қуғынға ұшыраған басқа да Алаш зиялыларымен бірге Б. Мәметовке М. Тынышбаев ара түсіп, адмирал Колчакқа хат жазады [10, 15-16-бб.].

«Алашорданың» Жетісудағы бөлімін басқарған М. Тынышбаев дербес «Алаш» жасағын да құрды. Оған Мұхамеджан Тынышбаев, Садық Аманжолов, Ыбырайым Жайнаков, Отыншы Әлжанов, С. Ақаев, Төлембай Дүйсебаев, Н. Ниязов, Қанатхан Сыртанов, Нүсіпбек Жақыпбаев, Алдаберген Омаров, Кеңсаба Үмбетбаев, Базарбай Мәметов, Мырзахан Төлебаев, Керімбек Күдербеков, Біләл Сүлеев сынды алаш қайраткерлері Жетісу «Алаш» әскеріне жетекшілік етті. Олардың шұғыл түрде әскер құрмаска амалы да жоқ еді. Жұмысшы-шаруа әскері дегенді «жазалау әскері» деп қабылдап, «жергілікті қоныс аударушы-большевиктер» қазақтардың жерін қазақтардан тазалауға

барынша ұмтылды. Олар үшін бала да, карт та, жауынгер де бәрібір кәдімгі «карауыл» ғана болатын. Бұған тіпті кейіннен қызыл комиссар атанған атақты коммунист Д. Фурмановтың өзі де кейін тосқауыл коя алмай, өзі құрған қақпанның құрсауына өзі түскен еді.

Б. Мәметов тек Жетісуда емес бүкіл автономия территориясында милиция жасақтау ісіне тартылды. Екінші жалпықазақ съезінен кейін қаржы жинап әскер мен милиция жасақтау, ол үшін халықтан қаржы жинау ісі қолға алынуы тиіс болды. Бұл туралы «Қазақ» газеті арқылы халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болды [20, 21-б.]. Азамат соғысы жылдарында большевик зардабынан Алаштың барлық облыстары дерлік қырғынға ұшырап жатқан кезде «Жас азамат» газеті: «...жау оң бүйірден де, сол бүйірден де қысып келеді. Ел қорғау, құрғақ сөздің желісіне байланбайды, қаласты көңілден, жігерлі қолдан шыққан іске байланады. Алаш полктеріне кіріп, ел қорғау жастардың мойнындағы парыз», – деп жастарды ел тыныштығын сақтауға үндеді. Екінші жалпы қазақ съезінің «милиция жасалсын» деген қаулысы бүгінгі күн ғұмыр жүзінде алла сәтін салып, іске аса бастады.

Алашорда үкіметі жарияланғаннан кейін Семейден бастау алған қазақ әскері Қазақстанның басқа өңірлерінде де, атап айтқанда, «Қостанайда 2-ші казақ полкі, Жаманқалада (Орск) – 3-ші, 4-ші, Оралда – 5-ші, 6-шы қазақ полктері жасалады... Бұлардан басқа Алашта ер көңілді қазақ жігіттерінен 1-ші полк пен офицер шығаратын медресені өзіміздің қазақ капитаны Хамит Тоқтамышев Өскеменде» ашқандығы жөнінде ұлттық басылымдарда айтылады.

Милицияға тартылып, әскери бағыныштылықпен қамтылмаған және қатардағы бөлімдерде қызмет өткермеген жас қазақтардың көпшілігі үшін милициядағы қызмет жат болды. Милицияда, сол сиякты әскери алаш бөлімдерінде қызмет ету қажеттілігі туралы шақыртумен Алашорда партиясының белсенділері айналысты. Арнайы парақшалар басылып, патриоттық әндер, өлеңдер шығарылды, «Қазақ» және «Сарыарқа» газеттеріне мақалалар жарияланды. Осылайша, қазаққа енді бір жағынан қызылдар, екінші жағынан ақтар жағында соғысуға тура келді. Өз жерінде болып жатқан саяси жағдайлар қазақ халқын өзіне тартты. Қазақтар енді екіге бөлініп, біреуі қызылдарды, біреуі ақтарды жақтап, оларды қажетті заттармен жабдықтап, көмектесіп жатты [21].

Алаш бөлімдері қатысушыларының тізімінің бір бөлігі Қазақстан мен Ресейдің мұрағат қорларында табылған құжаттар негізінде қалпына келтірілді. Олардың ұрпақтарының көпшілігі ата-бабалары қолына қару алып, өз жерін большевиктерден қорғаған Алаш әскерінің жауынгерлері болғанын білмейді. Қазақтың жас жігіттері Алашорда көшбасшыларының және белсенділерінің шақыруы бойынша Алаш идеясына және өз көшбасшыларына сеніп барды. Әскери қызметке «қызыл лаңкестен» сақтану мақсатында, жаңа биліктен қорыққандарынан әскери қызметке барып жатты. Кейбіреулері қызыл жасақтардың қолынан қаза тапқан жақындарының өлімі үшін кек алу ниетімен, басқалары ақша табу үшін материалдық мүддемен барып жатты. Әскери

қызметтен жалтару және жұмылдырудан бас тарту жағдайы да болды. Дұрыс тамақтанбау, киім және аяқ киімнің болмауы, ауру мен жоқшылық жігіттердің жасақтардан өз ауылдарына қашуға мәжбүрледі. Алашорда оларды қайтаруға және алғашқы жұмылдыруды қамтамасыз етпеген болыстардан қайтадан жұмылдыруды жүргізуге билік етті.

«Ақ әскер» мұрағаты қорында әскерлер мен офицерлердің тізімі көрсетілген Алаш бөлімдері құжаттарының шамалы ғана бөлігі сақталғанымен, жігіттерді әскерге кім шақырғаны, бөлімдерді кім қалыптастырғаны жөнінде ешбір мәлімет жоқ. Белгіленген тәртіпке сәйкес және Алашорда мен Сібір үкіметі арасындағы уағдаластық бойынша жұмылдырумен және бөлімдерді құрумен тікелей Алашорда көшбасшылары және белсенділері айналысқан. Әр алаш жүздігін, эскадронын, жасағын, полкін құру басында кім тұрғаны туралы құжаттарды іс жүзінде білмейміз. Тек сол кездегі газеттерден жекелеген үзіндісі, құжаттардағы естеліктер мен сирек шолулар ғана бар.

Сонымен бірге, Б. Мәметовтің қызметімен байланысты болған Жетісу облысының аумағында 1917 жылдың соңынан бастап Жетісу казак әскерінің қарулы құрамасы мен қызыл жасақтар арасындағы күрес жалғасып жатты. 1918 жылғы мамыр айының соңында қызылдар Верный қаласымен түйіскен казак ауылдарында «контрреволюциялық ошақтарды» жойды. Бірақ жекелеген көтерілісшілер топтары Қытай аумағында жасырынып немесе солтүстік Жетісуға өтіп үлгерді. Төніп келе жатқан қауіпке байланысты 1918 жылғы тамыз айының басында жергілікті жерлерде өзін-өзі қорғау жасақтарын құру белсенді түрде жүргізілді, оларды құруды қамтамасыз етумен Алашорда айналысқандықтан, оларды «Алаш әскері» деп атады. Жетісудағы жекелеген алаш бөлімшелері бойынша кейіннен сталиндік репрессия кезіндегі қылмыстық іс материалдары, жекелеген мақалалар мен естеліктер ақпарат көзі болып табылады.

Жүздікті құру тәртібі жоғарыда көрсетілгендей келесі тәртіппен белгіленген: «Әскери кеңес құру туралы» Алашорданың 1918 жылғы 11 маусымдағы қаулысына сәйкес өңірлерде облыстық және уездік әскери кеңестер құрылды, «оларға большевиктермен күресу үшін жігіттерді әскерге шақыру тапсырылды». Алашорданың облыстық кеңестері «Алаш әскерін құру үшін жігіттерді әскерге шақыруға» уәкілеттік етті. Семей және Жетісу өңірінде алаш жүздігін құрғаннан кейін Алаш партиясының көшбасшылары мен белсенділері – Отыншы Әлжанов, Садық Аманжолов, Ибрагим Жайнаков, Рамазан Марсеков, Базарбай Мәметов, Нүсіпбек Жакыппаев, Жұмахан Күдерин, Қожамсейіт Ниязов, Мырзахан және Керімбай Төлебаевтар, Кенсебай Үмбетбаев және басқалар белсенді түрде жұмыс істеді [22].

Тағы бір маңызды қызмет Базарбай Мәметов және басқа алашшылдар тарапынан Алашордада әскер жасақтау мен оны әуелі қорғанысқа, одан кейін Азамат соғысында большевиктерге қарсы пайдалану жоспарланды. Алаш әскерін жасақтауды ұйымдастырып, оның басы-қасында Алаш жетекшілері А. Тұрлыбаев, Х. Тоқтамышев, М. Тынышбаев, Х. Ғаббасов, Б. Мәметов жүрді.

Базарбай Мәметов Жетісуда Садық Аманжоловпен бірге жүріп, аштық-күйзеліске ұшыраған жұртшылыққа көмек комитетін ұйымдастырады. 1918 жылы 10-31 тамыз аралығында Лепсіде өткен Алашорданың Жетісу облыстық 2 қазақ съезіне катысып, оның кеңесінің мүшелігіне сайланады. Ресейде Азамат соғысы басталған кезде ел ішін аса үлкен қауіп жайлады. Бұл кезде зиялы қауым өкілдері мен оның ішінде алашордалықтар ел тыныштығы үшін қызмет етті. Барлық облыстарда осындай қауіпті жағдай орын алды. Базарбай Мәметов азамат соғысы басталған тұста Жетісу облысында саяси жағдайды реттеуге тырысты. Бұған оның 1918 жылдың 10-31 тамыз күндері аралығында Лепсі қаласында Жетісу облыстық екінші қазақ съезіне қатысуы дәлел бола алады. Біздің есебімізше, бұл Екінші қазақ съезі емес, онан кейінгі болған бесінші съезд болып тұр.

Съездің күн тәртібінде талқыланған мәселелер қатарына «облыста басқару органдарын құру, ұлттық әскердің бөлімдерін жасақтау, оқыту, қажетті заттармен (киім-кешек, қару-жарақ, азық-түлік)» қамтамасыз ету және оларды соғыста пайдалану мәселелері кірді. Съезд Алаштың облыстық комитетін (Жетісу облыстық қазақ комитетін) қайта сайлап, оның құрамына белгілі саяси қайраткер М. Тынышбаевты енгізді. Алаштың облыстық комитетінің құрамына: Базарбай Мәметов мүшелікке алынып, ол аймақтың қауіпсіздігі үшін белсене қызмет атқарды. Мұнымен бірге Ыбырайым Жайнақов (төраға), оның мүшелері Сатылған Сабатаев (ғалым-агроном), Төлебай Дүйсебаев, Нүсіпбек Жақыпбаев (дәрігер), Біләл Сүлеев (семинарист, мұғалім), Иса Тергеусізов, Мұхамеджан Тынышбаев (жол қатынасы инженері) және Садық Аманжолов (заңгер, бітістіруші сот) енді. Негізгі қаралған мәселелердің бірі әскери жасақтарын құру, олардың әскери дайындығы мен оларды оқыту, және керек-жарықпен қамтамасыз ету (киім-кешегі, қару-жарағы, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі) болды. Әскери жасақтарды одан әрі пайдалану мәселесі талқыланды [1, 185-б.].

Осы съезден соң-ақ Жетісу облысындағы Алаш жасақтарын басқару құрамы жасақталып, онда Базарбай Мәметов басты қатысушылардың бірі болды. Жетісу өңірінде беделді адамдардың бірі облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы Жайнақов Ыбырайым сайланды. Жетісуда әскери іс-қимылдар басталғаннан бастап Лепсі уезінде болды. 1918 жылғы тамызда Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы ретінде Жетісу жасағының штабына коллеждік ассесор ретінде қызмет атқарады. Уездік және облыстық басқармалармен өзара байланысты, Алаш бөлімінің жұмысын қалыптастыру бойынша жұмысты үйлестірді. Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лихановтың телефонограммасы куәландырғандай, Үржар Алаш жүздігін Жайнақов қалыптастырған, оған Нүсіпбек Жақыпбаев көмектескен. 1918 жылғы тамызда облыстық Алаш орда кеңесі Иса Тергеусізовті Бақтыға «жүз елу адамнан» тұратын алғашқы Алаш жүздігін қалыптастыратын уәкілетті тұлға ретінде іссапарға жіберген.

Ол жөнінде 1918 жылғы 30 тамызда Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушин айтып өткен. Алаш бөлімдерін құруға, сондай-ақ

оларды кайта құру мен қызыл әскер жағына өтуде белсене ат салысқан М. Тынышбаевқа қатысты материалдар бағалы болып табылады. М. Тынышбаевтың айтуынша «800 жігіттен асатын (фронтта барлығы 1000 аса адам)» алаш жасағын құрумен Отыншы Әлжанов (қаза болған), Садық Аманжолов (ауыр жарақат алған), Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің мүшесі Дүйсебаев Төлебай (екі рет жарақат алған), Қапал уездік Алаш орда кеңесінің төрағасы Мырзахан Төлебаев, Қапал уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Қанатхан Сыртанов, Біләл Сүлеев, Лепсі көмек комитетінің төрағасы Базарбай Мәметов, Лепсі уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Қожамсейіт Ниязов («жартылай қаруланған жігіттерді жеке басқарған») және Х. Күдербеков айналысқан [22, 37-38-бб.].

Осылайша, Жетісудағы Алаш полкінің тарихы да барлық өңірдегідей милиция жасақтарын құрудан басталды. Б. Мәметов оның басты қатысушысы қатарында саналды. 1918 жылы Верный қаласындағы алғашқы Жетісу облыстық қазақ съезінде милиция жасақтарын құру мәселесі қаралды. Алашордалық милицияны құру Ы. Жайнақовқа, О. Әлжановқа және С. Сатылғановқа тапсырылды. О. Әлжанов, уездік комиссардың орынбасары ретінде Лепсі уездік милициясын құру үшін қаражат бөлу туралы өтінішпен Шкапскийге ресми түрде жүгінген. Отыншы Әлжановтың басшылығымен Лепсі уезінің милиция жасағы базасында шамамен құрамында 300 әскері бар Алаш жасағы құрылды. Алайда қару-жарақ пен әскери киім-кешектің жетіспеуіне байланысты жасақ Е.И. Мамонтовтың жасағымен тікелей ұрысқа шықпай Мақаншы мен Бақты жаққа шегінген. Жасаққа сол сияқты жас қазақ гимназисттері, орыс тілін білетін мұғалімдер тартылған, бірақ әскери нұсқаушылар болмаған. Әлжанов өз жасағымен Бақтыға келген, онда жергілікті казактардың қолдауымен жауынгерлік дайындықтан өткен.

Жанындағы жолдасына адал болған Б. Мәметовтің Ыбырайым Жайнақов сияқты ағаларының бірі Отыншы Әлжанов болды. Базарбай Мәметов бұл кісімен Жетісуда милиция жасақтарын құруда бірге қызмет етеді. Милиция құрған соң, ендігі кезекте қызылдарға қарсы бірге соғысқа шығады. Осындай соғыс қимылдарының бірінде О. Әлжанов қаза табады. Ол өзінің жігіттерімен Жетісу өлкесінен Қытай аспақшы болып Үржар маңайындағы Науалы қыстағында қызыл партизандармен қақтығысады. Отыншы Көктұма өзенінің бөгетіне салынған су диірменінің басына шығып, көп атысады. Жау диірменге от қояды. О. Әлжанов сол отта ерлікпен қаза табады. О. Әлжанов қаза болғаннан кейін Жетісу майданында қызылдарға қарсы соғысып жатқан Алаш полкіне, тікелей атаман Анненковтың өзі басшылық жасайды. Жетісуда казак-орыстардың қазақ ауылдарына жасаған адам айтқысыз айуандық істерін, Отыншының ерлік өлімін Семейге алғаш жеткізген және осыларды «Абай» журналына жазған Б. Мәметов пен Ы. Жайнақов болатын. Б. Мәметов пен Ы. Жайнақов «Абай» журналында: «...Алаш баласына Отыншының шығыны батады. Орны ойсырайды. Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жан ауырарлық іс болды. Тағдырға шара бар ма?» деп басқарма атынан азалы сөз жазды [23].

Жоғарыда аталғандай, Базарбай Мәметов Азамат соғысы жылдарында белсенді қимылдар жасап, алайда өз кезегінде көптеген келеңсіздіктерге ұшырады. Ол Азамат соғысының аумалы-төкпелі жылдарында әртүрлі саяси қимылдарға баруға мәжбүр болды. Ол үшін ең бастысы, елі мен жерінің және халқының амандығы еді. Азамат соғысының қызған шағында да ол қызылдарға қарсы шығуын тоқтатпады. Қызыл әскерлер отрядының шабуылы кезінде Базарбай Мәметов Семей қаласына қашып барып, кейіннен қызыл әскерлер кейін шегінген кезде қайта келіп, кеңес билігіне қарсы үгіт жүргізіп, сонымен қатар алаш бөлімдерін құруға атсалысты. Алашорда үкіметі құрылған кезде алаш ұйымына мүше болып сайланған ол әскери-барлаушылық қимылдарын жалғастыра берді. Қызыл әскер басшыларының бірі Е.И. Мамонтов басқарған барлаушы әскерлерге қарсы «Шұбар» жерінде террорлық қимылдар ұйымдастырып қарсы тараптан екі жауынгерді өлтірген. Жасақтаған алаш әскерін Анненков әскеріне қосып, Б. Мәметов вахмистр шенін алып, Мақаншы гарнизонының бастығы болып тағайындалды.

Жетісуда ақтар әскерінің жеңіліске ұшырауымен, Алаштардың бір бөлігі ұрыспен Қытай шекарасы арқылы шетелге өтіп кетті, ал қалған бөлігі қаруларын тапсырып, қызылдардың жағына өтті. Мұндай ауыртпалық Алаштардың бөлігіне де жетті. Тығырықтан шығар жолдың жоқтығын түсінген, Алашорда көшбасшылары қантөгісті болдырмау үшін қызылдардың шарттарын қабылдап, қарсыласуды доғару керек деп шешті. Жетісу өңірлерінде М. Тынышбаевтың басшылық етуімен Алашорда белсенділері – ағайынды Төлебаевтар, Үмбетбаев және басқалары қызылдар жаққа берілуге қатысты.

Азамат соғысы жылдарында Базарбай Мәметовтің атқарған қызметі туралы алаштанушы ғалым М. Қойгелдиев өз зерттеуінде былай деп көрсетеді: «Аш және тоналған қырғыздарға көмек комитеттері құрылған. Оларды Алашорда мүшелері мен Б. Мәметов басқаруда. Өкінішке қарай, біздің қызметкерліміздің пайдалы қызметіне жол берілмеуде, соңғы уақытта аталған қызметкерлер қуғынға ұшырады. 1919 жылы 27 ақпанда большевиктерге жақынсың деген айып тағылып, Қапал уездік Алашорда кеңесінің төрағасы М. Төлебаев тұтқындалды, ол жігіттерден қол жинау ісіне қатынасып және тоналған қырғыздарға, аштарға көмек беретін Қапал комитетін ұйымдастырған еді. Алашорда мүшесі және Лепсі көмек комитетінің төрағасы Б. Мәметовтің үйіне тінту жүргізілді, тінту сондай-ақ, Лепсі көмек комитетінің және Лепсі уездік Алашорда кеңесінің мүшелері Ниязовтың, Құдайбергеновтың үйлеріне де жүргізілді» деп жазады [20, 65-б.].

Жетісулық өзге зиялы азаматтар мен алашордашылар сияқты кейіннен Базарбай Мәметов те кеңес билігін мойындауға мәжбүр болды. Б. Мәметов өз өмірінің ауқымды бөлігін қазақ халқының дербестігі мен еркіндігі жолындағы күреске арнады. Өзге алаш зиялыларымен тізе қосып бұл жолда еңбек етті. Бірақ, большевиктердің қолдауының көп болуына және халықтың үлкен бөлігінің қызылдар жағына өтуіне байланысты Б. Мәметов пен оның жақтастары жеңіліске ұшырады. Сонымен, Азамат соғысы да өзінің

мәресіне жетті. Соғыста В. Ленин бастаған большевизм жеңіске жетіп [24], алашордашыларға кешірім берді. Дегенмен, большевиктер алашордашыларға кешірім бергенімен, бірте-бірте олардың артына түсіп, тәркілеу жұмыстарын жүргізді. Б. Мәметов те сондай саясатқа алғашқы күндерден-ақ ілінген зиялылардың бірі болды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де оның өмірінде әртүрлі қиындықтар туындайды. Ақ гвардияшылар мен Алашорда әскерлері жойылғаннан кейін Базарбай Мәметов кеңестер тарапынан рақымшылыққа ілігіп, 1919 жылы аудандық комитеттің мүшесіне тағайындалады, 1920 жылы төртінші бөлімшенің халық соты болып сайланды. Одан соң Лепсі қаласында аудандық судья, 1920 жылдың қарашасында Лепсі уезінің бірінші бөлімшесінде тергеушілік қызметін атқарды. Аталған орындарда қызмет еткен жылдары қызметін асыра пайдаланып, тонаушылық пен заңсыздықтарға орын берген деген айыптауларға ілікті. Ақыры, төтенше комитет пен соттың шешімімен Базарбай Мәметов аталған қызметтен алынды.

1921 жылы Түркістан автономиясының орталық комитетінің рақымшылығына ілігеді. Бұдан соң 1923 жылы Лепсі уезі прокурорының көмекшісі қызметіне тағайындайды. Онда да жолы болмай бұл жолы парақорлықпен айналысқан деген күдікке ілінеді. Бұл кезде Мәметов Базарбайдың Лепсі уезіндегі қызметі осындай келеңсіз жағдайларға толы болып, онда да біраз айыптауларға ұшырады. Басты айыптаулар парақорлық, өз қызметін асыра пайдаланды және т.б. Осындай келеңсіздіктердің салдарынан Базарбай Мәметов 1925 жылы тамызда прокурор көмекшісі қызметінен аластатылды.

Осы 1925 жылы Черкасск болысының Бестөбе ауылында байлардың съезі өтіп, оған Көктерек, Сарқан, Черкасск болыстарының байлары мен орта дәулетті адамдары қатысады. Съезде қайтыс болған атақты бай Қ. Ниязовтың балаларына көмек беру мәселесі көтеріліп онда Мәметов белсенділік танытты. Ол Нияз батырдың ұрпағы – Қожамсейіт Ниязов Бақалы (Сарқан ауданы) жерінде туылған. Туған-туыстарының еске алуы бойынша Верный гимназиясында М.В. Фрунземен бірге оқыған. Қызылдармен соғыста қаза тапқан.

Съезде Б. Мәметов былай деген: «Барлықтарың мені жақсы білесіңдер, мен сендерді әрқашан қорғадым. Ақ патша билігі және қазіргі Кеңес билігі кезінде де мен сендердің мүдделеріңді әрқашан қорғадым. Мен ешқайсысыңды абақтыға жапқан емеспін, сотқа сүйреген жоқпын. Ондай болған да емес. Соңғы кезде мені жау ретінде кудалауда, дегенмен де мен сендерді қорғауға, кеңес беруге әзірмін. Мен жеке өзім мен отбасым үшін пайда қуған емеспін, сондықтан сіздерден өтініп сұрарым менің еңбегімді бағаласаңыздар, құрбандыққа шалмаңыздар». Ары қарай осындай сарынды сөздермен ол Нияз байдың балаларына да көмек беруді айтты. Нәтижесінде халықтан 200 сом мен 100 бастай мал жиналды. Бұл оның кеңес билігіндегі беделінің түскенімен, қоғамдағы беделінің әлі де түспегенін көрсетіп тұр [8, 38-б.].

1925 жылдың 3 қарашасында Б. Мәметов осындай екінші съезді Садыр

Матай руларының арасында ұйымдастырды. Оған Лепсі уезінің олыстығынан 300 жуық ақсақал қатысты. Аталған съезді Базарбай етовтің шақырудағы мақсаты қазақ халқының алдында олардың уәдесін оның кеңес билігіне қызмет еткен жылдардағы ісін орталық билікке дай үйлесімді көрсету, сонымен қатар Қаз ОАК-тің құрамына мүше ды шешу еді. Съезден кейін, сол күні кеште Б. Мәметов ірі байлармен н өткізіп жолына 500 сом ақша алды. 1926-1927 жылдары кеңестік ұлар алдында бай топтарын өз жағына тартып, әрекетін жүзеге асыруға сты. 1927 жылғы шабындық жерлерді қайта бөлуден кейін, кедейлердің ерін Б. Мәметов қайта өзіне алған, кедейлер ешқандай қарсылықсыз кен.

928 жылы наурыз айында Күдербеков, Сүлейменов және басқа да дар қатысқан кеңесте Базарбай Мәметов былай деген: «Партияда екі коммунистік топ қалыптасты, біріне Сталин, екіншісіне Троцкий ылық етеді. Расында да бұл кезде кеңестер арасында жік туып, оның бірі ынге, екіншісі Л.Д. Троцкийге бағынышты болды. Бөлінуге байланысты кий байларға, кулактар мен шағын буржузияға толық еркіндік беруді ді етуде. Ал Сталин керісінше... Әрине Троцкийдікі дұрыс, сондықтан із еркіндікте болуымыз дұрыс, басқа одақ, партия, Қосшы сияқты дардан еш пайда жоқ». Осы жылдың үшінші сәуірінде жергілікті тар арасында Базарбай Мәметов кеңес жүргізіп, отарлау тақырыбы мен ың озбырлығын көрсетіп, ескі саясатты өзгертіп, қазақтарды жауапты ттерден алып кууды, ұлтаралық жанжалды туғызу туралы қазақтар н да үгіт жүргізуде» – деген түрлі жалған жалалар мен айыптар тақкан. а заманында жоғары білім алып, ұлтына қызмет етуді армандаған бай Мәметовті XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары кеңестік билік өз ғы аяғынан нық тұрғанша пайдаланып, 1928 жылғы байларды тәркілеу ында қуғындауға ұшыратқандығын мұрағат деректері айғақтай түседі 3 8-бб.].

п өткендей, Базарбай Мәметовке Кеңес үкіметі тарапынан ім берілгенімен, ол көп ұзамай, кеңес билігіне қарсы шыққан революцияшыл деген айыпқа ілінеді және көп өтпей қамауға алынады. бай Мәметовтің кейінгі тағдыры мен отбасы туралы Қазақстан бликасының орталық мемлекеттік мұрағатының «135 қорындағы ды тәркілеуге» қатысты топтастырылған құжаттарда Базарбай товтің жеке ісіндегі ОГПУ-дің құпия бөлімінің бастығы Веркутистің ған мәліметтеріне зер салсақ, тұлға туралы біраз ақпараттар ашыла Өлкелік және аймақтық комиссияның байларды ұстау тізімінде в Базарбайға мінездеме бергенде былай жазылады: «Алматы округіне Бөрібаев ауданында тұрады. Отбасында бес жан бар, оның екеуі жарамды. Малы жөнінде тізімінде 28 бас ірі қара, кейбір мәліметтер а 152 бас деп көрсетіледі. Екі үйі, екі арбасы мен тарантасы және аруашылық саймандары мен 15 десятина жоңышқасы бар.

7 жылы Орынборда өткен қазақ съезіне делегат болып қатысқан, съезде партиясын құрса, Уфада «Шура-и-Ислам» партиясы құрылған.

Заңсыз Алашорда ұйымы кезінде бір мезет іс басқарушы қызметінде болған. Алашорданың екі әскери отрядын құруға атсалысқан, біраз уақыт әскери гарнизонның бастығы қызметін атқарған. Кеңес билігі кезінде губерния прокуроры сияқты біраз қызметтер атқарған. Пиғылы кеңес билігіне қарсы, ұлттық еркіндік туралы ойларды насихаттайды.

Келесі бір анықтамада Алматы округінің Бөрібаев ауданына қарасты Балхаш Лепсі ауылының қазағы Мәметов Базарбайды 58 баптың 1, 16 және 58 баптың 10 тармағымен айыптап Алматыдағы еңбекпен түзеу мекемесіне қамауға алу туралы ОГПУ-дің Алматы округі бойынша 2-ші бөлімінің бастығы Ковалышкин қол қойған [8, 37-б.]

1928 жылы 10 тамызда Зиялы бай Базарбай Мәметов жөнінде жеке парақшада шыққан тегі ірі бай отбасынан. Алматы округіне қарасты Бөрібаев ауданының Балхаш-Лепсі ауылынан, руы Садыр. Базарбай қазір еш жерде қызмет істемейді, малмен және жер өңдеумен айналысады, 30 десятина жерінің 15 десятина жеріне жоңышқа егеді. Малынан 400 қой, 72 бас ірі қарасы бар. Ал, тізім бойынша 7 бас қойы мен 26 бас ірі қарасын көрсетіп, қалған малын жасырып көрсетпеген. Малдарын Макетов Мұхамеджанға жасырған. 2 үйі, жер өңдейтін құрал саймандары мен сокасы бар. Отбасында 5 жан. Екі кедей шаруа отбасын ағайын деп жасырып, еңбегін тамақтан асырмай пайдаланып отыр. Ортасында сыйлы оны жұрт «заңшыл» дейді.

Б. Мәметовтің өз қолымен жазған шағымында: «не қызметімен, не рулық дәрежесімен ерекшеленбеген, тасыған байлығы жоқ кедей отбасының баласымын. Ақ патша тұсында кездейсоқ сәті түсіп оқуға ілігіп, оны ақпан революциясынан соң аяқтадым. Кеңес өкіметі кезінде алты жыл сот-тергеу органдарында істеп, денсаулығыма байланысты жұмыстан босадым. Халық Комиссарлар кеңесінің 30-тамыздағы ұйғарымына сәйкес шаруашылықпен айналысамын, қарамағыма ірі қараға аударғанда жалпы саны отыздан астам бас мал бар, ал мені соған қарамастан Халық Комиссарлар Кеңесі Қаз ТАК-нің 27-тамыздағы қаулысына таңып: ірі байлардың тізіміне кіргізіп, билер мен сұлтандардың ұрпағы санап, дүниемді тәркілеуге жатқызған. Ешқандай қаулысыз, қылмысты іс қозғалмастан, аудандық милиция бастығының нұсқауы бойынша 19-шы қыркүйекте Көктеректе ұсталдым. Өкінішке орай оның бұл шағымы қанағаттандырылмады. Базарбай Мәметовке: «Сіздің ұсынысыңызды комиссия мақұлдамады, тәркіленіп және жер аударылуға жатасыз» – деп нақты түрде жазады.

1928 жылы желтоқсан айында Базарбай Мәметовке Қызылорда қаласындағы Карл Маркс көшесіндегі нөмірі № 6 Өлкелік ұлттық клиникалық ауруханасының берген, номері 915-і анықтамасында «Базарбай Мәметовке 1927 жылы наурызда Лепсі қаласындағы қалалық ауруханада (сол кезде мен сол ауруханада істегем) соқыр ішегіне ота жасалды, созылмалы соқыр ішекпен ол жеті жыл зардап шеккен. Отадан кейін үш ай бойы ол өз ақыл ойы мен күш жігерін қалпына келтіру үшін тынығу керек» – деп өз мөрімен растаған бас дәрігер Вознесенский [8, 39-б.].

мен Матай руларының арасында ұйымдастырды. Оған Лепсі уезінің 7 болыстығынан 300 жуық ақсақал қатысты. Аталған съезді Базарбай Мәметовтің шақырудағы мақсаты қазақ халқының алдында олардың уәдесін алу, оның кеңес билігіне қызмет еткен жылдардағы ісін орталық билікке осындай үйлесімді көрсету, сонымен қатар Қаз ОАК-тің құрамына мүше болуды шешу еді. Съезден кейін, сол күні кеште Б. Мәметов ірі байлармен жиын өткізіп жолына 500 сом ақша алды. 1926-1927 жылдары кеңестік сайлаулар алдында бай топтарын өз жағына тартып, әрекетін жүзеге асыруға тырысты. 1927 жылғы шабындық жерлерді қайта бөлуден кейін, кедейлердің жерлерін Б. Мәметов қайта өзіне алған, кедейлер ешқандай қарсылықсыз келіскен.

1928 жылы наурыз айында Күдербеков, Сүлейменов және басқа да адамдар қатысқан кеңесте Базарбай Мәметов былай деген: «Партияда қазір екі коммунистік топ қалыптасты, біріне Сталин, екіншісіне Троцкий басшылық етеді. Расында да бұл кезде кеңестер арасында жік туып, оның бірі Сталинге, екіншісі Л.Д. Троцкийге бағынышты болды. Бөлінуге байланысты Троцкий байларға, кулактар мен шағын буржузияға толық еркіндік беруді талап етуде. Ал Сталин керісінше... Әрине Троцкийдікі дұрыс, сондықтан да біз еркіндікте болуымыз дұрыс, басқа одақ, партия, Қосшы сияқты ұйымдардан еш пайда жоқ». Осы жылдың үшінші сәуірінде жергілікті қазақтар арасында Базарбай Мәметов кеңес жүргізіп, отарлау тақырыбы мен орыстың озбырлығын көрсетіп, ескі саясатты өзгертіп, қазақтарды жауапты қызметтерден алып кууды, ұлтаралық жанжалды туғызу туралы қазақтар арасында үгіт жүргізуде» – деген түрлі жалған жалалар мен айыптар тақкан. Патша заманында жоғары білім алып, ұлтына қызмет етуді армандаған Базарбай Мәметовті XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары кеңестік билік өз саясаты аяғынан нық тұрғанша пайдаланып, 1928 жылғы байларды тәркілеу науқанында қуғындауға ұшыратқандығын мұрағат деректері айғақтай түседі [8, 37-38-бб.].

Атап өткендей, Базарбай Мәметовке Кеңес үкіметі тарапынан кешірім берілгенімен, ол көп ұзамай, кеңес билігіне қарсы шыққан контрреволюцияшыл деген айыпқа ілінеді және көп өтпей қамауға алынады. Базарбай Мәметовтің кейінгі тағдыры мен отбасы туралы Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатының «135 қорындағы байларды тәркілеуге» қатысты топтастырылған құжаттарда Базарбай Мәметовтің жеке ісіндегі ОГПУ-дің құпия бөлімінің бастығы Веркутистің жинақтаған мәліметтеріне зер салсақ, тұлға туралы біраз ақпараттар ашыла түсті. Өлкелік және аймақтық комиссияның байларды ұстау тізімінде Мәметов Базарбайға мінездеме бергенде былай жазылады: «Алматы округіне қарасты Бөрібаев ауданында тұрады. Отбасында бес жан бар, оның екеуі еңбекке жарамды. Малы жөнінде тізімінде 28 бас ірі қара, кейбір мәліметтер бойынша 152 бас деп көрсетіледі. Екі үйі, екі арбасы мен тарантасы және ауыл шаруашылық саймандары мен 15 десятина жоңышқасы бар.

1917 жылы Орынборда өткен қазақ съезіне делегат болып қатысқан, съезде «Алаш» партиясын құрса, Уфада «Шура-и-Ислам» партиясы құрылған.

Заңсыз Алашорда ұйымы кезінде бір мезет іс басқарушы қызметінде болған. Алашорданың екі әскери отрядын құруға атсалысқан, біраз уақыт әскери гарнизонның бастығы қызметін атқарған. Кеңес билігі кезінде губерния прокуроры сияқты біраз қызметтер атқарған. Пиғылы кеңес билігіне қарсы, ұлттық еркіндік туралы ойларды насихаттайды.

Келесі бір анықтамада Алматы округінің Бөрібаев ауданына қарасты Балхаш Лепсі ауылының қазағы Мәметов Базарбайды 58 баптың 1, 16 және 58 баптың 10 тармағымен айыптап Алматыдағы еңбекпен түзеу мекемесіне қамауға алу туралы ОГПУ-дің Алматы округі бойынша 2-ші бөлімінің бастығы Ковалышкин қол қойған [8, 37-б.]

1928 жылы 10 тамызда Зиялы бай Базарбай Мәметов жөнінде жеке паракшада шыққан тегі ірі бай отбасынан. Алматы округіне қарасты Бөрібаев ауданының Балхаш-Лепсі ауылынан, руы Садыр. Базарбай қазір еш жерде қызмет істемейді, малмен және жер өңдеумен айналысады, 30 десятина жерінің 15 десятина жеріне жоңышқа егеді. Малынан 400 қой, 72 бас ірі қарасы бар. Ал, тізім бойынша 7 бас қойы мен 26 бас ірі қарасын көрсетіп, қалған малын жасырып көрсетпеген. Малдарын Макетов Мұхамеджанға жасырған. 2 үйі, жер өңдейтін құрал саймандары мен соқасы бар. Отбасында 5 жан. Екі кедей шаруа отбасын ағайын деп жасырып, еңбегін тамақтан асырмай пайдаланып отыр. Ортасында сыйлы оны жұрт «заңшыл» дейді.

Б. Мәметовтің өз қолымен жазған шағымында: «не қызметімен, не рулық дәрежесімен ерекшеленбеген, тасыған байлығы жоқ кедей отбасының баласымын. Ақ патша тұсында кездейсоқ сәті түсіп оқуға ілігіп, оны ақпан революциясынан соң аяқтадым. Кеңес өкіметі кезінде алты жыл сот-тергеу органдарында істеп, денсаулығыма байланысты жұмыстан босадым. Халық Комиссарлар кеңесінің 30-тамыздағы ұйғарымына сәйкес шаруашылықпен айналысамын, қарамағыма ірі қараға аударғанда жалпы саны отыздан астам бас мал бар, ал мені соған қарамастан Халық Комиссарлар Кеңесі Қаз ТАК-нің 27-тамыздағы қаулысына таңып: ірі байлардың тізіміне кіргізіп, билер мен сұлтандардың ұрпағы санап, дүниемді тәркілеуге жатқызған. Ешқандай қаулысыз, қылмысты іс қозғалмастан, аудандық милиция бастығының нұсқауы бойынша 19-шы қыркүйекте Көктеректе ұсталдым. Өкінішке орай оның бұл шағымы қанағаттандырылмады. Базарбай Мәметовке: «Сіздің ұсынысыңызды комиссия мақұлдамады, тәркіленіп және жер аударылуға жатасыз» – деп нақты түрде жазады.

1928 жылы желтоқсан айында Базарбай Мәметовке Қызылорда қаласындағы Карл Маркс көшесіндегі нөмірі № 6 Өлкелік ұлттық клиникалық ауруханасының берген, номері 915-і анықтамасында «Базарбай Мәметовке 1927 жылы наурызда Лепсі қаласындағы қалалық ауруханада (сол кезде мен сол ауруханада істегем) соқыр ішегіне ота жасалды, созылмалы соқыр ішекпен ол жеті жыл зардап шеккен. Отадан кейін үш ай бойы ол өз ақыл ойы мен күш жігерін қалпына келтіру үшін тынығу керек» – деп өз мөрімен растаған бас дәрігер Вознесенский [8, 39-б.].

Базарбай Мәметов пен оның басқа да жақтастарын тергеу жұмыстары барысында алаштықтардан бірінің атына бірінің ғайбат сөз айтуы байқалмайды, керісінше, олар абақты жағдайын түсіне отырып, өзара қолдау көрсету жағында болды. Осындай ұстанымды, мәселен, М. Тынышбаев осы екінші сот үрдісінде жауапқа тартылған жас офицер Алдаберген Үмбетбаевқа байланысты көрсетеді. Тергеу материалдарында М. Тынышбаевтың А.Үмбетбаевқа байланысты 1931 жылы 7 қыркүйекте берген көрсетуі тіркелген. Онда М. Тынышбаев 18 жас шамасындағы бозбала Алдабергенмен Семейде кездескенін, Омбыдағы ауылшаруашылық училищесінде оқып, енді Жетісудағы Қапал уезіндегі үйіне жете алмай қиналып жүргендігін, соған байланысты жерлес ағасынан көмек сұрап келгендігін, жас жігітті Жетісу жақ бетке жол жүріп бара жатқан капитан Тохтамышевтің отрядына тапсырғанын айтады. Кейін Ақсуға келген соң оны тағы да жолықтырғанын, Алдабергеннің Алаш полкінде болғанын естіп, Базарбай Мәметов арқылы шақыртып алып Алматыға қызылдар жақ бетке өту үшін келіссөзге парламентар есебінде жібергенін, тапсырманы оң нәтижелі және тындырымды аяқтағанын [20, 394-395-бб.] баяндайды.

Базарбай Мәметовтің отбасылық жағдайы ауыр болды. Себебі, атап отырғандай, Кеңес үкіметі орнап, бұрынғы алашордашыларды қудалай бастаған соң, солармен бірге Б. Мәметов қуғын-сүргінге ұшырап, 1928 жылы бай-кулактар қатарына жатқызылып тұтқындалды. Бұдан соң жергілікті жерде жора-жолдастарының қолдауымен бұл тұтқыннан босатылады. Өз жерінде оған тыныштық болмайтыны анық еді. Өйткені, жергілікті жерде сатқындар мен оның ізіне түскендер көп болды. Оның ізіне түсу жұмыстары әсіресе 1929 жылдан бастап байларды тәркілеу науқаны басталған кезде қыза түсті. Базарбай Мәметов алашордашылар қатарында болғандықтан кеңестік билік өкілдері бұрынғы өмірді аңсайтын адамдардың бәрі бай болған немесе жайлауда малы көп болған деген сөзді желеу етіп, тәркілеуді күшейтті. Мұның басты мысалдарының бірі Базарбай Мәметовтың жары Зейнеп Мәметованың Қазақ Орталық атқару комитетінің төрағасына жазған мына шағымы дәлел. «Менің күйеуім Базарбай Мәметовті Алматы округі билігінің қаулысымен Орал округіне жер аударуға шешім шығарды. Не үшін жер аударылатыны мен үшін түсініксіз, менің күйеуім ешқашан кеңестік билікке қарсы болған емес. 1921 жалдан 1926 жылға дейін мамандығы бойынша түрлі жұмыстар атқарды. 1926 жылдың ортасында денсаулығына байланысты дәрігердің кеңесімен жұмыстан босап, кең далада таза ауада денсаулығын күтуді қолға алды. Менің күйеуімнің бар малы 33 бас» – деп жазған еді [8, 38-39-бб.].

Өз жерінен тыныштық таппаған Базарбай Мәметов өзінің жанұясымен бірге 1931 жылы Саратов қаласына жер аударылады. Бұдан кейінгі жылдары Саратов, Қарақалпақстан, Жамбыл, Талдықорған облыстарында әртүрлі шаруашылық қызметте болады. Оның мұндағы әлеуметтік жағдайы аса ауыр болды. Жер ауып келгендермен бірге өмір сүріп, күн кешті. Базарбай Мәметов пен жұбайы Зейнеп Жақыпқызы Саратов қаласында аса ауыр күндерді бастан кешті. Олардың Сәуле, Азия есімді қыздары болған.

Саратов қаласында ауыр жұмысқа жегілген Базарбайдың жанұясының әлеуметтік ахуалы өте төмен деңгейде болды. Б. Мәметовтің үлкен қызының айтуынша, бұл қалада орыстар көп болып, олардың барлығы осындай қиын уақытта құдайға құлшылық етіп шоқынатын еді дейді. Бұл қалаға жер аударылып келгендердің көбісі шоқынып кететін болған екен. Сәуле Базарбайқызының айтуынша мұның бәрі халықтың экономикалық жағдайының төмен болуымен байланысты болған. Тіпті олардың өздері де орыс балаларымен шоқынып ойнайтын болған екен [25].

Бұл уақытта Базарбай Мәметовтің әйелі өзімен бірге алтыннан жасалған қасық және басқа да ыдыстары болып, оларды өте арзан бағамен жергілікті саудагерлерге саудалайтын болған, егер саудагерлерде ақша болмаса азық болатын өнімдерге айырбастап алатын болған. Бұған қарап, «Алтын-күміс тас екен, Арпа-бидай ас екен» – деген қазақ нақылының бекер айтылмағанына куә боламыз. Базарбайдың әйелінің мұндай әрекеттеріне қарай отырып, жергілікті байларда алтын бұйымдар көп болғанын және олардың өз алтындарын өзімен алып жүретін болғанын аңғару қиын емес.

Б. Мәметовтің жолдасы жергілікті найман руынан шыққан атақты Нияз батырдың тұқымынан тараған дәулетті кісінің қызы болған екен. Орысша білімі болған ол елдегі көп жағдайдан хабары болып, өз жолдасымен бірге саясаттың қыр-сырын өзінше меңгерген адам болыпты. Бір қызығы Саратовқа жер ауып кеткен кезде өзімен бірге алтыннан құйылған қасығын алып алған екен. Олардың саны 12 болып, ол осындай аштық уақытта күнделікті азық-түлікке жараған екен.

Жалпы, Б. Мәметов Саратовта коммунистердің қысымынан құтылу үшін айдауда болып, онда негізінен ауыр жұмысқа жегілген болатын. Мұндағы ауыр жұмыс пен тіршіліктің қиын болуы оның денсаулығына қатты әсер етеді. Саратовта тиісті мерзім өтелген соң Б. Мәметов үшін елге қайтуға мүмкіншілік берілмеді. Ол кеңес мемлекетінің өзіне таңылған теріс саясатының арқасында сондай қызметтерді өтеуге мәжбүр болып, алайда өз еліне қайтуға мүмкіндік ала алған жоқ.

Елге қайтуға мүмкіндік болмай оны ендігі кезекте Қарақалпақстанға жібереді. Қарақалпақстанның Төрткүл қаласына келген соң ол жергілікті бір мемлекеттік мекемеге аудармашы болып кірген [26]. Ал, әйелі паспорт бөліміне жұмысқа жайғасып, жанұяның әлеуметтік жағдайы кішкене жақсара бастады. Оған Қарақалпақстандағы ауа-райының жылылығы мен жергілікті халықтың көп бөлігінің қазақтар мен мұсылман халықтары болғаны себеп болды. Базарбай Мәметовтің Төрткүл қаласындағы өмірі нашар болған жоқ. Әлеуметтік жағдайы орташа, болып, оны тек бір ғана мәселе мазалайтын еді, ол туған жерге оралу. Кеңестік билік басқа алашордашыларды ату жазасына кесіп жатқан кезде, ол мұндай жазаларды көрген жоқ. Сірә, ол осы тыныш күндеріне риза болып жүрген болса керекті.

Дегенмен, Базарбай Мәметов Қарақалпақстанда да ұзақ тұрақтай алмады, 1935 жылы бұл жерден көшіп кетті. Б. Мәметов осы жылы өз жанұясымен

Жамбыл облысының Бурное ауданына (қазіргі Жуалы ауданы) көшіп келді. Ол саяси тұлғаның елге деген махаббаты мен сағынышынан туған болуы мүмкін. Бурное станциясында екі жылдай тұрған соң 1937 жылы кенеттен Базарбай Мәметовты жергілікті кеңес билігінің өкілдері қайта тексере бастады. Бұл жолы оған кеңес билігі тарапынан Азамат соғысы жылдарында Қытаймен шекарадағы кеңестік сақшыларды өлтіртіп жіберген деген қисынсыз жалған айып тағылды. Бұл Базарбай Мәметовке деген келесі бір саяси жаланың жабылуымен сипатталды. Бірақ, кеңестік НКВД-нің адамдары оны дәлелдей алған жоқ. Осылайша, Базарбай Мәметов өз басына төнген келесі бір қауіп-қатерден аман қалды. Бұл жылы бәрімізге мәлім болғандай Кеңес Одағында жаппай репрессиялау жұмыстары, оның ішінде ату жазасын кесу шаралары басталған болатын.

Базарбай Мәметовтің өміріндегі ең ауыр жағдайлардың бірі 1942 жылы оның әйелі құрт ауруынан қайтыс болады. Дегенмен, өмірдің ыстық-суығына піскен ол, өзінің перзенттерімен өмірін амалсыз жалғастыра берді. Барлық қиыншылықтар жетпей тұрғандай Ұлы Отан соғысы басталып, оның үстіне жолдасынан айырылып қалу ер азамат үшін үлкен қасірет екені айтпаса да түсінікті. 1943 жылы Базарбай Мәметов өз жанұясымен ата-мекені Лепсіге оралды. Мұнда ол айтарлықтай маңызды қызметке орналаса алмады. Халық жауы атанған алашорданың мүшелерін кеңес өкіметі жарылқамағаны баршамызға белгілі. Келесі кезекте, кеңестік билік өкілдері өзінен айтарлықтай кінә таппаған соң, оның қызы Сәуле Базарбайқызына шүйіліге бастады. Бірақ, одан да ешқандай кінә таба алмады [25, 4-б.].

Базарбай Мәметов 1946 жылы қайтыс болды. Оның бар арманы туған жерінде жерлену болатын. Осылайша, ұлт-азаттық күрес арнасында тұрған алаштық топ қазақ қоғамының, сол тарихи кезеңдегі сұраныс тілегіне сәйкес келмейтін большевиктік ұстанымды қабылдай алмады. Өз кезеңінде большевиктік билік оның теориялық және практикалық ұстанымын қазақ қоғамына күштеп таңды. Ал оны қабылдай алмаған алаш зиялыларын түрлі айла-тәсілдермен қудалап жер аударып, абақтыларға тоғытты [27].

XX ғасырдың басында қазақ халқының мемлекеттік автономиясын құруға белсене ат салысқан, қазақ мемлекеттілігін қайта қалыптастыруға тырысқан ұлт зиялыларының бірі Базарбай Мәметовтің Кеңес Үкіметі орнағаннан кейінгі қалған өмірі осындай болды. Ол кеңестік репрессияның қолынан қаза таппаған азды-көпті алаштықтардың бірі болды. Дегенмен, оның өмірі сан тарау болып, қиыншылықтарға толы болды. Оның артында, бізге белгілісі екі қызы болып, оның үлкені Сәуле Базарбайқызы Ұлы Отан соғысына қатысқан әскери азамат Тәкен Мәйшеновке тұрмысқа шыққан.

Базарбай Мәметовтің өз замандастарымен көре алмай кеткен қазақ халқының тәуелсіздігін әкесінің арманының орындалғанын оның ұрпақтары көре алды. Базарбай Мәметов 1988 жылы үкімет тарапынан қабылданған жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заңнаманың негізінде барлық алаш зиялыларымен бірге ақталды. Осылайша Базарбай Мәметов қазақ ұлтының тарихындағы саяси тұлғалардың бірі ретінде қалды. Оның ел үшін жасаған қызметін болашақ ұрпақ ұмытпақ емес.

Қорыта айтқанда, Базарбай Мәметов XX ғасырдың басында қазақ халқының басына түскен саяси қиыншылық заманда ел арасынан суырылып шығып елі үшін еңбек еткен азаматтардың бірі болды. Өзге Алашордашылар сияқты қазақ халқының қамы үшін, ертеңі мен болашағы жолында қызмет еткен қазақ зиялыларының бірі ретінде Базарбай Мәметов қазақ халқының жадында сақталатыны сөзсіз. Қазақ зиялыларының арасында өз заманының дарынды заңгері, әскери қызметкер ретінде саналған Базарбай Мәметовтің Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуындағы қызметі мен үлесі ерекше болды. Базарбай Мәметов және онымен замандас болып, ел үшін бірге қызмет еткен XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары бүкіл қазақ халқы атынан іс-қимыл жасай отырып, отаршылықтың нәтижесінде елді экономикалық және рухани дағдарыстан шығару жолын іздестірді, қазақ халқының мемлекеттігін қалпына келтіріп, халықты жалпы адамзат құндылықтарымен таныстыруға ұмтылды. Алаш ардақтыларының бірі болған Базарбай Мәметовтің өмірі мен саяси қызметін зерттеу қазіргі кезде тарихшылар тарапынан жан-жақты талқыға түсуде.

Базарбай Мәметов қызмет еткен Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты-ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында еді. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – Тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» – деп көрсеткен болатын.

Осындай халқының арман, мақсатын ғұмырлық тілегі мен жүрегінің кең тынысына айналдырған Алаш ардақтылары көздерінің тірісінде Алаш елінің алып діңгегін орнатып, болашаққа тура бағыт-бағдар мен жарқын жол көрсетіп кетті. Сондықтан Алаш қозғалысының басып өткен іздерінде Алаш ардагерлерінің айшықты іздері мәңгілік өшпейді, қайта ғасырдан-ғасырға өскелең ұрпақ жадында жаңғыра береді. Алаштың аманатын рухани құндылық ретінде сақтап, Алаш идеясын ұрпақ бойына сіңіру, әрбір санада жаңғырту, ұрпақтар ауысымында аманат ретінде табыстап отыру әрі осы бағытта нәтижелі насихат жұмыстарын жүргізу. Ендеше, Алаш аспанында әрқашан азаттықтың әуені ойнап, «Мәңгілік елдің» азат ойлы, ұлттық рухты ұжданды ұрпақтары Алаш қайраткерлерінің кемел ізін жалғастыра бермек.

1. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
2. «Алаш» козғалысы. Құраст: Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 324 б.
3. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2205-іс, 4 п.
4. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2205-іс, 5 п.
5. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2205-іс, 6-7 п.
6. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2205-іс, 1 п.
7. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2205-іс, 2 п.
8. Оразов Р. Алаштық идеяда қызмет еткен Базарбай Мәметов. // «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті. 2017. – Б. 36-39
9. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. 1915 жыл. / Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абикова.– Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 528 б.
10. Ескендірұлы (Әбдешев) М. «Алаш Орда» министрлері = Министр «Алаш Орды». – Алматы, 2008. – 114 б.
11. Тоқтарбай Елдос, Ұлттың жоғын түгендеген қазақ байлары. // QAZAQ № 14-15 (862), 07-14 сәуір, 2017 ж.
12. Мультатули П.В. Император Николай II и заговор 17-го года: как свергали монархию в России / П.В. Мультатули. – М.: Вече, 2013. – 430 с.
13. Ілиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдер және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау. / Тарих ғылым. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 187 б.
14. Қойгелдиев М. Алаш козғалысы. Екі томдық монография. Бірінші том. / Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.
15. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992 г. – 192 стр.
16. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с.
17. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. – Алматы: Типография «Искандер», 2009. – 448 с.
18. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж.-желтоқсан 1917 ж. Құрастырушылар: Қ.С. Алдажұманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев, К. Нұрпейіс, С.К. Рүстемов, Е. Сайлаубай, Ш.Б. Тілеубаев, Е.В. Чиликова. – Алматы: «Алаш», 2004. -Т. 1. – 552 бет.
19. Әбдуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, күресі, шығармашылығы. – Алматы: Арыс. 2004. – 320 б.
20. Қойгелдиев М. Алаш козғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
21. Алаш козғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. Ред. кол. Қ.С. Алдажұманов, Д. Әшімханұлы, Л.Д. Дегітаева, Н.Р. Жағыпаров, Е.Қ. Ертісбаев, М.Қ. Қойгелдиев (бас редактор), К. Нұрпейіс, В.П. Осипов, В.Н. Шепель. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т.3. Кн. 1 . – 304 с.
22. Әбдіғалиұлы Берік. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. Ғылыми-сараптамалық журнал. – 2017. – № 1 (53). – Б. 14-55
23. Каренов Р.С. Жетісудағы Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әскерінің қолбасшысы – Отыншы Әлжанов. // Қарағанды Университетінің Хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. – 2013. – № 3 (71). – 35-40 бб.

24. Бочагов А.К. Алаш-Орда: Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. – Кзыл-Орда. 1927.– 57-б.
25. Қосуақ Т.А. Алла берер тілекті. // Қазақ елі. – 1999 жыл. – № 21.18 маусым. – 4-б.
26. Кеңес НҰРПЕЙІС. Жетісулық Алаш қайраткерлері. // Қазақ тарихы. – 2006. – № 2. – 59-64бб.
27. Тұңғатар Қ. Алашорда министрі. // Жетісу. – 2013 жыл. – № 97. 22 тамыз. – 4-б.

5.7 ЫДЫРЫС МҰСТАМБАЕВ

Ыдырыс Мұстамбаев 1898 жылы қазіргі Жаңа Семейде (1917 жылдан бастап Алаш аталған) кедей отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Мұстамбай сыбан руынан шыққан Семей уезіне қарасты Қандығытай болысының қазағы еді. Жасынан жетімдіктің азабын көп көрген Мұстамбай Жауғашұлы күнкөріс қамымен әркімнің қызметінде жүргенде, бірде елден мал айдаған саудагерлерге ілесіп Семейге барады да сол өңірдің ірі байы Тінібайдың қызметінде қалып қойса керек. Кішкене кезінде қорасаннан беті шұбарланып қалған Ыдырысты әкесі «Тайшұбарым» деп атапты. Ыдырысты Тінібай мешітіндегі медресеге оқуға береді. Аз жылда ол барлық шәкірттерден озық оқып, өте зеректігін байқатады. Енді ол медресе төңірегінде «Мұстамбайдың бәйге шұбары» атанады. Медресені 1911 жылы күзде тәмамдап, орыс мектебіне оқуға түседі де интернатқа орналасады. 1916 жылы осы орыс-қазақ училищесін үздік бағамен бітіреді. Кейінгі оқуын ол Семей гимназиясында жалғастырып, Мұхтар Әуезовпен бірге бұл оқу орнын да үздік бағамен аяқтайды. Бірде гимназияда сөз өнеріне бәйге жарияланғанда Ыдырыстың шығармасы бас жүлдені жеңіп алғаны оның жастайынан сөзге шешендігін байқатады. Жас кезінен алаштың зиялыларының еңбектерімен жақсы таныс болды. Гимназияда оқи жүріп, «Алашордаға» тілектес жастар газетіне өз үнін қосып, мақалалар жариялап отырған. Сол бір кезеңде халықтың саяси сауатын ашып отырған жастар газетіне қаржылай көмек қолын созуды ұйымдастырады. Сәкен Сейфулин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» романында Алашшыл жастардың «Абай» журналы мен «Жас азамат» газетінің жабылып қалмас үшін көрсеткен қаржылай белсенді көмегін тілге тиек етіп, гимназист Ыдырыс Мұстамбайұлының газетте жариялаған мақаласында келтірген болатын: «Іске қатынасып жүрген оқудағы ұлтшыл жастардың қарап жатқаны көрінбейді. Мәселен,«Сарыарқаның» жаңағы нөмірінде тағы мынадай жарияланғанын оқыдым. «Жас азамат газетіне жәрдем» деген мақалада: «Жас азамат» газеті ақшасы жоқтықтан тоқтағалы тұр деген сөзді «Сарыарқаның» 68-інші санында көріп жәрдем сұрағанында, Қалберген Құл баласы 40 сом, Шырғай Мұстамбай баласы 20 сом, Әміре 15 сом. Ғазиза Мұстамбай келіні 5 сом, өзім, Ыдырыс Мұстамбайұлы 5 сом. Барлығы 85 сом берді. Бұл ақшаны «Жас азаматқа» жібердім. Гимназист Мұстамбайұлы.» Міне «Алашорда» белсенді, ұлтшыл жастарының ісі осындай екен...»[1].

Ы. Мұстамбаев төңкерістен кейін саяси қызметке Мұхтар Әуезов, Ахметбек Сейсенбаев, Ғарифолла Ыскаков және тағы басқа жастармен белсенді түрде араласады. Әуелде олардың өздеріне көсем тұтқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхандарды Алаш ұлттық мемлекет құру жайындағы идеясын қабылдағаны аян. Алаш партиясының тізімінде Семейден Ыдырыс Мұстамбаевтың жүруі соның бір дәлелі. Кейін Семей өңіріндегі Колчак қарақшыларының жасаған озбырлығы мен айуандық әрекеттері олардың көзқарастарын, ұстанымдарын толық өзгертіп, қызылдар жағына шығуына түрткі болады. Бұл күрделі кезең жайлы жеке ісінде «Сібірде Кеңес өкіметінің құлатылуына байланысты қызметімнен большевик ретінде қуылдым» – деп жазыпты. Деректерден нақтылай келгенде ол большевиктер партиясына 1919 жылдың ақпанында өткен болып шығады. Содан кейін партия тарапынан жүктелген міндетін орындауға Зайсан уезінің атқару комитетінің қазақ бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберіледі. Осы жылдары ол Семей губерниясын Батыс Сібірден бөліп алып, жария болған Қазақ Автономиялы республикасына қосуға осы аймақтың бас көтерер ұлтжанды азаматтарымен бірігіп бұқара арасында белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде Сібір ревкомымен қол жеткізген келісім бойынша 1921 жылдың қаңтарынан Қазақстанның шығыс аймағын Қазақ Автономиялы Республикасына түпкілікті толық қосу белгіленгенді. Шындап келгенде Семей губерниясын 1921 жылдың 15 мамырында Қазақ Орталық Атқару комитетінен төтенше өкіл болып келген Смағұл Сәдуақасовтың құрамы орыстар болатын губаткомды таратып Н. Нұрмақов, Ә. Лекеров, М. Әуезов, Ы. Мұстамбаев сияқты қазақтармен қайта жасақтау арқылы толық бағындыру мүмкін болды. Жас қайраткер Смағұл Сәдуақасовтың төтенше шешімі Орталық билікте отырған шовинистердің ашу-ызасын туғызғаны аян. 1920-21 жылдардың қазан айларында өткен Жалпықазақтық I Құрылтай жиынына және II Жалпықазақтық Кеңестер съезіне Ы. Мұстамбаев Семей өңірінен делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады. Сондай-ақ, 1920 жылдың соңынан Семей губерниялық Атқару комитетінің мүшесі әрі губерниялық төңкеріс трибуналының мүшесі қызметін де атқарады. 1921 жылдың орта шенінде губерниялық азық-түлік комиссарының орынбасары болады. 1921 жылдың ортасында облыстық партия комитетінің ұйғаруымен (Өлкеком) Ы. Мұстамбаев Орал губерниясына қызметке жіберіледі. Жеке істерінде толтырылған сауалнамада ол өзінің қабілетіне сай атқарар міндетін «сот және әкімшілік қызмет» деп көрсетіп отырған екен [2]. Сонымен арада көп уақыт өтпей ол өз қалауымен жаңадан жандана бастаған прокуратураға қызметке тағайындалды. Әрі Оралда әрі губатком, әрі губревком мүшесі ретінде бірқатар жауапты қызметтерді атқара жүріп, губерния прокуратурасын қалыптастырып, қызметін оң жолға қойды.

Қазақ Орталық Атқару комитетінің 1922 жылғы 13 шілдесінде қабылдаған Қазақстан республикасы прокуратурасын құру туралы қаулысынан кейінгі тағайындалған алғашқы 7 губерниялық прокурорлардың ортасынан

ойып орын алған жалғыз қазақ Ыдырыс Мұстамбаев еді. Прокурорлық қызметінде ол өзгелерден аса зеректігі, терең ойы, өткірлігі әрі әділдігімен ерекшеленіп тұратын. Қазақстанның ірі губерниялары Орал кейін Ақмола прокуратураларын басқару барысындағы жинақтаған білім-тәжірибесі оның қайсар, турашыл мінездерін дамытты. Ол осы қасиеттерімен де, әрі шығармашылық қырларымен де сол кезде-ақ есімі барша қазаққа мәлім болған мемлекет басшыларының бірі болды.

Ы. Мұстамбаев ақ гвардияшылардың аты-шулы бүлікшісі атаман Анненковты соттау ісінде қоғамдық айыптаушы ретінде қатынасқаны белгілі. «Абай» журналында сот процесіне қатысты жарияланған деректерге қарап, Мұстамбаевтың сөйлеген сөзі дәстүрлі шешендік өнердің жарқын үлгісі болғанын көреміз [3]. Мұстамбаев жастардың арасындағы зор беделі болған, оны көсем ретінде мақтан тұтты. 1926 жылы Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тұрған кезде Ташкенттегі Орта Азиялық Мемлекеттік университетте (САГУ) білім алып жүрген Ы. Мұстамбаевтың әйелі босанады. Сол оқу орнының Қазақстандық белсенді комсомол жастарының жиналысында қуаныш хабарға орай жас нәрестеге есім беріп, бұл шешімді облыстық газетке жариялап жібереді. Оқиғаның соңы Қызылордада өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде қаралып, партиялық этика тұрғысынан теріс баға берумен тынады. Ы. Мұстамбаев болса бұл іске ешбір қатысы болмағандығымен ақталып, құтылған.

Ы. Мұстамбаевтың қайраткер болып қалыптасуының қайнар көздерінің бірі оның прокуратурадағы атқарған күрделі, білім мен тәжірибеге толы еңбегінде жатыр. Семейлік зиялы ортадан соң Оралдағы Алаштың көрнекті қайраткерлерімен қызметтес болды. Қазақтың атақты заңгері Бақытжан Қаратаевтың мектебінен өтіп, прокуратурадағы қызметінде кешегі Ресей Думасы депутатының ақыл-кеңесіне сүйенді. Алғыр, терең білімді, шыңдалған қайраткердің абырой-беделін көре алмай, кемітуге, жала жабуға күш салғандар да көп болды. Әсіресе Сталиннің серігі, «саяси ойынның әккісі» болып алған Ф.И. Голощекин арыны мықты қазақ басшыларын «тыныштандырып», меселін қайтарудың амалын терең ойластырған еді. Қыр соңына түскен Өлкеком хатшысының түртпегінен әбден ығыр болған Ы. Мұстамбаев 1926 жылғы желтоқсанда Мәскеуге Орталық Комитетке (Молотовка) өтініш-хат жазды. Өзін Ташкентке немесе Ресейдің іргелес жатқан кез-келген губерняларының біріне қызметке жіберуін өтінеді. Қазақстанда толыққанды жұмыс істеу мүмкіндігі жоқтығын мәлімдеді. Бұл Ы. Мұстамбаевтың өзінің туған елінде құрылған бұғаудан босана алмай кейінгі қуғын-сүргіннен тартқан күрделі тағдыр таукыметінің басы ғана еді...

Қазақстанда прокуратура органдары Қазаткомның 13 маусым 1922 жылы қабылдаған «Прокурорлық қадағалау Ережесі» негізінде Әділет халық комиссариаты құрамында өз қызметін бастаған еді. Қазақ Автономиялық Республикасы прокурорының ресми түрде қызметке кіріскен күнінен алсақ, республикамыздың бірінші прокуроры Шафхат Бекмұхамедов 1922 жылы

1 тамыздағы № 1 бұйрығымен алғаш рет 3 губернияға прокурорларды бекітті: Орынбор губерниясы бойынша Е. Башилов, Семей губерниясы бойынша Нечаев, Ақмола губерниясы бойынша Ковалев тағайындалды. Ал сол жылдың 14 қыркүйегіндегі республика прокурорының № 10 бұйрығымен Семей губерниясының прокуроры болып А.И. Зубов, Орал губерниясының прокурорлығына Ы. Мұстамбаев бекітілді [4]. Сонымен Ыдырыс Мұстамбаев прокуратура құрылымында губерния прокуроры болған алғашқы қазақ. Кейін Қазақстан прокуратурасы Досығұл Темірәлиев, Қанай Боранбаев, Жетпісов секілді қазақтан шыққан губерния прокурорларымен толыға түсті.

Ыдырыс Мұстамбаев губерния прокуроры болып қызметке кіріскеннен өзінің № 4 бұйрығында губерния шеңберінде прокуратураның қызметін атқаратындығын жариялай отырып, былай дейді: «Барлық мемлекеттік, жеке меншік ұйымдар, жеке тұлғалар түрлі іс-әрекет, қылмыстар, заң бұзушылық оқиғалары бойынша өз арыздарын маған жолдауын өтінемін. Барлық тексеру, тергеу, сот органдары және МСБ (ГПУ) бөлімі Қылмыстық іс жүргізу кодексіне негізделген істерге қатысты мәселелерді заңды түрде дәлме-дәл орындап, прокурорлық қадағалау органдарымен тығыз байланыста қызмет жасайтын болады. Барлық сот органдары тергеу ісі аяқталған, алайда Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 223-бабы негізінде сот қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілмеген істерді маған жіберуді ұсынамын» [5]. Осылайша губерния шеңберінде прокурорлық қадағалау органының заңды түрде өз қызметіне кіріскендігін мәлімдеген.

Прокурор өзінің бұйрығымен губерния прокурорының және көмекшілерінің міндеттерін былайша бөледі: «губерниядағы билік органдары мен мекемелері қызметінің заңдылығы мәселелерін қадағалауды өзіме қалдырдым» дей отырып, губатқару және қалалық атқару комитеттері, оның бөлімдерінің жиналысына қатысу, қабылданған қаулы, қарар, нұсқаулардың заңдылығын тексеріп, наразылық білдіру, іс жүргізуді бақылау, губерниялық трибуналдар, ерекше сессияларға түсетін істерді қарау, көмекші прокурорлардың қызметін қадағалау губерния прокурорының міндеті екендігіне түсініктеме берген. Және де міндеттері ажыратылған төмендегідей көмекші прокурорларды бекітіпті: трибунал (кейін Жоғарғы сот деп аталған) істері бойынша прокурор; халық соттарының қызметін қадағалаушы прокурор; прокуратураның қызметін үйлестіруші прокурор анықталды. Губерния прокуроры көмекшілерінің атқарар құзырына қарағаннан-ақ губерниялық прокуратура алдында қолға алуға қажетті қыруар шаруаларды қоя білді.

Ы. Мұстамбаев губерния прокуроры міндетіне кіріскеннен соң бірінші кезектегі Жымпиты, Елек, Калмыков, Гурьев уездерінің прокурорларын бекітіп, штат құрамын, міндеттерін белгіледі. Жұмсалатын қаржы көлемін анықтады. Екі ай мерзім ішінде Оралда губерниялық қадағалау ісі ұйымдастырылды. Губерниядағы прокуратура құрылымын жүйелеп алған соң прокурорлық қадағалауға талапты да күшейтті. Әр уездің прокурорларына мына

мазмұндағы хатты жолдады: «Прокуратураның аса маңызды мәселелерінің бірі барлық мекемелердің қызметін қадағалау болып табылады. Прокуратура барлық мекемелердің заң бұзушылық әрекеттеріне тоскауыл қоюға ұмтылуы тиіс, бұл іс жүзеге аспаса прокуратура жауап беруі керек. Біздің шаруашылық органдарының қызметінде жіберілген көптеген кемшіліктерді ескере отырып, сіздерге прокурорлық қадағалауды қырағылықпен жүзеге асыруды ұсынамын. Қазіргі жағдайда қажет деп санасаңыздар губерниялық саяси басқармасы мен қылмыстық, іздестіру бөлімдері аппараттарын пайдалануға болады. Қандай да болмасын зиянкестер мен кемшіліктерге батыл түрде тоскауыл қойыңыздар. Мұстамбаев» [6].

Орал губерниясының прокуратурасы қылмысқа қарсы күресті ұйымдасқан түрде қолға алды. 1922 жылдың қараша айында барлық уездік прокурорларға паракорлыққа қарсы күрес науқанын қадағалап, заңсыз әрекеттерге жол бермеу, нәтижелерімен қалың бұқараны газет арқылы таныстырып отыру жайында нұсқау берді. Сол жылдың желтоқсан айында губерниялық қаржы мекемелерінің бюджетік қаржыны заңсыз ысырапқа ұшыратуына байланысты прокуратураның тексеріс жүргізу және салық органдарының қызметін қадағалауды жедел қолға алу жөнінде барлық уезд прокурорларына тапсырмалар берілді. Осылайша қысқа мерзімде губерниядағы прокуратура органын аяғынан тік тұрғызып, қадағалау қызметін ұйымдастыру губерния үшін маңызы зор болды. Ыдырыс Мұстамбаевтың да губерния шеңберіндегі тұлға ретінде танылуына айырықша септігін тигізді. Ы. Мұстамбаевты айыптау науқаны ұйымдастырылған кезде де Оралда бірге қызметтес болғандар оның беделін мойындауға мәжбүр болған. Айталық, Орал губкомының мүшесі Забиров Ф.И. Голощекинге «уклондар» туралы жазған хатында Оралдағы қазақ коммунистері екіге бөлінді: «правые националистическим уклоном и левые с интернационалистическим оттенком. I группа Каратилеуов, Мустамбаев, Джантилеуов, Утеулиев, II группа Айтиев, Касабулатов, Абдрахманов, Ипмагамбетов... Я считал и считаю, что эти товарищи (Мустамбаев, Каратилеуов, Джантилеуов, Утеулиев, и др.) как коммунисты ни в коем случае не хуже других, а наоборот по своей прямоте, искренности они лучше», – деп ашық жазды [7].

Оралда Ы. Мұстамбаевтың Бақытжан Қаратаевпен жақын араласуының аяғы туыстыққа да ұласады. Ыдырыс Мұстамбаев көрнекті заңгердің інісі Арон Қаратаевтың қызы Шахизада атты хас сұлуға үйленген еді. Аз да болса да өмірдің қызық қуанышын екеуі бірге бөлісіп, азабын да тартты. Қуғын – сүргіннің кесірінен ажырасуға мәжбүр болды. Шахзада Аронқызы халық жауы ретінде 1937 жылы атылып кеткен санаулы қазақ қыздарының бірі.

1923 жылдың 20 қыркүйегінде Ы. Мұстамбаев Қазақ АКСР-інің ірі губерниясының бірі Ақмолаға прокурорлық қызметке ауыстырылады.

Ақмола губерниясы экономикалық жағынан да халқының көптігінен де (1,300 мың оның 60% қазақтар) Қазақстанда бірінші орында тұратын. Төңкерістер мен соғыстардың зардабынан елдің шарушылығы толық

күйзеліске ұшырағанды. Прокуратураның есебіндегі келтірілген мәліметтер губерниядағы экономикалық күйреудің дәрежесін аңғартады. Мәселен: 1914 жылы шикізат түрінде 1 млн дана әр түрлі тері дайындалса, 1924-25 жж шаруашылық науқанында 212. 350 дана тері мемлекетке өткізу көзделді. І-ші Дүниежүзілік соғысқа дейін Ақмоладан 15 млн пұт астық сыртқа шығарылса, 1924-25 жж. 2.980 мың пұт астық сыртқа шығару жоспарланып, оның өзін губерниялық мекемелердің орындай алуы екі талай екендігі ескертіледі. Губерниядағы қазақтардың жағдайы мүлдем қайыршыланып ресми деректер бойынша аштық азабын тартқан қазақтар саны 20-25 мың адамға жеткен.

Ыдырыс Мұстамбаев апаттық жағдайды басынан кешірген Қазақ елінің ірі губерниясының халық шаруашылығын қалпына келтіруде бар күш қуатын жұмсап, прокуратура жұмысын осы бағытта қызмет жасауға жұмылдырды. Губерниялық мекемелердің, өндіріс орындарының қызметі, қатынасы бақылауға алынды. Әсіресе жергілікті салық органдарының заңсыз әрекеттері салық төлеушілерді әуре-сарсаңға түсіргені мәлім болды. Прокуратураға негізінен әкімшілік органдарының заңсыз әрекеттеріне арызданып келушілер көп болды, осы тұста араша түсіп өз міндеттерін адал атқаруға бейімделді.

Дала қазақтарының өмір салтында өршіп тұрған қылмыс түрлері мал ұрлығы мен барымта болатын. Оны ауыздықтау әрі қылмыстың осы түрлерін де дәлелдеу оңайға түспеді. Прокуратура қоғамдық пікір арқылы үгіт-насихат жүргізіп, баспасөз арқылы қылмыстың мәнін, тиесілі жаза түрлерін түсіндірді. Күдікпен ұсталғандарды уақытша қамауда ұстаудың мерзімін ұзарта отырып, 1 жылда 300 ден астам адамды қамаса, 30 шақтысын сотқа тартты.

Губерниядағы тамырын жайған қарақшылықтың ұйымдасқан түрлеріне нәтижелі тойтарыс берілді. Мысалы: Петропавл қаласындағы Семенякин және Дьяченко бастаған 5–20 адамнан құралған қарақшылық топтар құрықталды. Ұсталған 19 адамның 6-ы ату жазасына кесілсе, қалғандары түрлі мерзімге сотталды.

Ы. Мұстамбаев Ақмола губерниясына келгелі екі қазақ қызметкері З. Темірбековты Петропавл уезіне, Ысмағұловты – Атбасар уезіне прокурор қызметіне алдыртып, тағайындауын үлкен жеңіс деп бағалады. Ол кездегі Ақмола облысы бойынша уезд прокурорлары: Петропавлда – З. Темірбеков, Көкшетауда – Л. Пампуров, Атбасарда – Ысмағұлов, Ақмолада – Қосаев, Черлак (кейін Омбыға қараған) уезінде Медведев болатын. Салыстырмалы түрде бұл жылдары прокуратураның материалдық жағдайының біршама жақсаруына орай жергілікті прокуратураны тәжірибелі ұлттық мамандармен қамтамасыз етуге, кадрды тұрақтандыруға оңтайлы сәт туды.

Прокурорлық қызметіндегі Ы. Мұстамбаев берген есеп қорытындылары нақты, әрі шындықпен баяндалады. Әрқашан өз ойларын еркін, бүкпесіз айта білді. Кейбір жасаған тұжырымдары бүгінгі күннің мінбесінен айтылғандай әсер қалдырды. Прокуратураның әкімшілік, партия

ұйымдарының ықпалынан шығару турасында талай пікірлер айтып, күрес те жүргізді: «...Сама идея учреждения этого органа остановилась на пол дороги. Мне лично кажется не доведен до конца тот основной принцип организаций Прокуратуры, который был вложен в первый закон о прокурорском надзоре. В дальнейших законодательствах есть неопределенность. Во вторых, в вопросе надзора и контроля нет четкости; надзор и контроль в настоящей форме рассплывается в общей сети взаимоотношений местных органов» – деп нақты ой-пікірлерін тұжырымдайды.

Әрине, заңсыздық күш алып келе жатқан тұста мұндай тұлғалардың прокуратурада отыруы билік үшін тиімсіз еді. Мұстамбаевтың Қазақстанның екі ірі губерниясының прокуратурасын ұйымдастырудағы еңбегі ерен. Кейін де сол прокурорлық қызметтегі қалыптасқан негіздер оның одан әрі партия қызметінде өрлеуіне де, сынға ұшырап таяқ жеуіне бірдей ықпал жасады.

Прокурорлық қызметтен кейін Ы. Мұстамбаев Сырдария губерниялық атқару комитетінің төрағасы болды. Оның, бұл қызметі Қазақстанның партия басшылығына Ф.И. Голощекиннің тағайындалуымен тұспа-тұс келді. Көп кешікпей 1926 жылдың 13 қыркүйегінде өткен Өлкеком бюро мәжілісінде Мұстамбаевтың мәселесі қаралып, ұлтшылдық пиғылдағы іс-әрекеттері айыпталғандығы белгілі. Бір байқағанымыз, жиынға қатынасқан ВКП(б) Орталық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Киселевтің өзі Мұстамбаев басқарған губернияда басқаларға үйренуге тұрарлық тәжірибелер жайлы ұсыныс жасаған. Мәселен коммунистер шеше алмаған қазақтар арасында барымтаны тоқтатуда ауыл ақсақалдарының беделіне сүйеніп шешу керектігін айтады [8].

Ы. Мұстамбаев қызметінен алынған соң 1926 жылы желтоқсанда Қазаткомның ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, кейін Қазақстан өнімдер басқарма бастығы тәрізді түрлі қызметтерді атқарған. Әйтеуір, оған тұтқалы қызметті бермей, билік оның еңсесін езіп, беделін түсіруге тырысты. Оқиғаның осылайша өрбитінін түсінген Мұстамбаев Ресейге жіберуін өтініп 1926 жылдың желтоқсан айында Орталық партия комитетіне хат та жолдады.

Ы. Мұстамбаев Қазақстанда Алаш қайраткерлерінің ізінше ұлтшылдықпен айыпталып, 1933 жылы 4 шілдеде ОГПУ алқасы Үштігінің үкімімен 5 жылға бас бостандығынан айырылды. 1937 жылы сол айыбы үшін тағы да ату жазасына кесіліп, небәрі 39 жасында саяси қуғын-сүргін құрбаны болды.

---

1. Салқынбек Д. Қайраткер Ыдырыс Мұстамбайұлы. – Алматы, 2013. – Б. 13.
2. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекетті Архиві, (ҚРОМА) 5-қор, 18-тігін, 669-іс, 1-парақ.
3. Абай. – № 7. (93). – Б. 27-28
4. ҚРОМА, 1380-қ., 2-т., 30-іс, 117-п.
5. Бұл да сонда, 32-іс, 74-п.
6. Бұл да сонда, 1-т., 40-іс, 144-п.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві , 141-қ., 1-т., 1199-іс, 114-115 п.
8. Бұл да сонда, 490-іс, – 293-п.

5.8 СӘЛІМГЕРЕЙ НҰРАЛЫХАНОВ

Қазақстан Республикасының Орталық архивінде сақталған деректерге сүйенсек, Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы 1878 жылы шілденің 18 жұлдызында Бөкей губерниясының Меңдіханов болысында дүниеге келіпті. Жеке ісіндегі отбасы туралы толық мәлімет бермеуін таптық тегімен байланысты деп түсіндік. Өз жазғанына сенсек, қазақ сұлтандарының қанынан тараған жақын-туғандарына ақ патшаның тарапынан мейірім түспей, шен-шекпен бұйырмаса керек. Есесіне, орыс отаршылдығының «бесігі» қазақ-қалмақ түйіскен Еділдің бойында жас Сәлімгерейдің оқуға мүмкіндігі болды. Әуелі ол Орынбор шаһарындағы гимназияға түсіп, үздік бағамен оны 1899 жылы аяқтаған. Жиырмаға келген өрімдей жігіт бастапқыды Астрахандағы округтік сотта тілмаштық қызметке кіреді. Көп кешікпей ұқыпты, тиянақты іскерлік қасиеттерімен көзге түскен Сәлімгерей 1905 жылы Қалмақ облысының (Астрахань губерниясы) ұлықтың көмекшісі (попечитель) болып тағайындалды. Жоғарғы қызметке білімнің жетімсіздігін сезінді ме, әйтеуір ол өз еркімен сұранып, Қазан университетінің заң факультетіне түседі де, оны 1913 жылы бітіріп шығады. Сол жылдардан бастап Сәлімгерей Нұралыхановтың біржола ден қойған кәсіби қызметі құқық саласында. Астрахань округтік сотында іс жүргізуші, сот тергеушісі сияқты бірқатар міндеттерді атқарады. 1917 жылғы қос төңкерістің тұсында бар қазақ зиялылары ақ-қызыл болып бөлінгенде, Сәлімгерей ұлттық ұстанымы берік, әр басқан қадамына байыппен қарады. Оның басты себебі, Кіші жүздің ханы Нұралы әулетінің орыс патшасының отаршылдығынан туған саяси қысымшылықты ерте көргендігінен еді.

1916 жылғы көтеріліс пен Ақпан төңкерісінен соң Нұралыханов Алаш қозғалысының бел ортасында жүрді. Жалпы қазақ съездеріне қатынасады. Б. Құлманов, У. Танашев және С. Нұралыханов «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына сайланды. Олар билікке араласқан тұста қарапайым күштеу, зомбылық саясатының ушыққан кезі еді. Осынау аласапыран тұста билікті анықтаудың өзі оңайға түспеді. Шындығында, осы жағдайдың себебін Мақсат Тәж-Мұрат «Ғұмар Қараш» еңбегінде төмендегідей жолдармен дәлелдей түсуге тырысады: «Уақытша үкімет комиссары Әлихан Бөкейханқа арқа сүйеген Бақтыгерей Құлманов Хан Ставкасы Атқару Комитетін тұқыртып алмақ болды. Сөйтіп, басқа шауып төске өрлеген сауатсыз, жерсіз бүлікшінің бір-екеуін ұстап алып, жұртқа көз қылып, абақтыға салды және Құрылтай жиналысына делегат сайлауды демократиялық негізде пәрменді жүргізе бастады», – дейді [1].

1917 жылдың өн бойында арпалыс кезінде большевик үгітшілеріне сеніп қалған және Құлманов пен ОАК-не қарсы тұрған қазақ оқығандары – Сәлімгерей Нұралыханов, Ишанғазы Саматов, Досығұл Темірәлиев, Ғабит Сарыбаев, Жұмағали Ізбасаров, Ғалым Сәлімов т.б. болды. Сол жылы маусымда осы топқа қарсы оңшыл эсер Қадыр Әзербаев, меньшевик Мұстафа Көкебаев, алашшыл Уәлитхан Танашевтің бастауымен «Жігер» үйірмесі

құрылады. Бірақ жер мәселесін сол кездегі саяси жағдайлар одан сайын күрделендіріп жіберген болатын. Елде алыпсатарлық, азық-түлік тапшылығы одан сайын тереңдей түсті, қазақ жігіттерінің төзімі таусылып, жерді тартып алып, бөліске сала бастады. Кедейлер аштан өліп, көштен қалмауы үшін жанталасты, яғни қарапайым халық та, оқыған зиялы топ мүшелері де бір-біріне сенімсіздік танытты [2].

И. Кенжалиев 1917 жылы 10 қыркүйекте Ордада қазақ зиялыларының жиналысы өткенін, онда Ресей мәселесі бойынша У. Танашев, Бөкейдегі саяси жағдай жөнінде Б. Ниязов, ал жер мәселесі жөнінде Б. Құлманов баяндама жасағанына тоқталады [3]. Бөкей ордасында революцияға дейінгі қазақтардың қоғамдық өмірін, революция кезіндегі ауылдағы саяси ағымдарды және революцияны қолдаған еңбекші қазақтардың күресін бір жақты көрсетуге тырысып, Уақытша үкімет кезіндегі саяси жағдайды талдауға да ұмтылыс жасаған кей ғалымдардың пікірінше, «Уақытша үкіметтің комиссары, Алашорда үкіметінің мүшесі Бақтыгерей Құлманов, Алашорда үкіметінің революцияға қарсы мүшесі Уәлитхан Танашев Бөкей Ордасын басқаруды қолдарына алып, өздері сияқты бай-феодалдарды, монархистер мен ұлтшыл интеллигенцияны жинап, топ құрып, кеңес үкіметін мойындап отырған бұқараға қарсы қатал тәртіп енгізген ірі бай-феодалдардың үкіметін құрды» деп сипаттайды [4].

1917-1919 жылдары алаштағы басталған қызметін жалғастырған С. Нұралыханов Ревкомның Қалмақ облысына билік жүргізетін басқармасында бастықтың кеңесшісі әрі көмекшісі болады. 1919 жылдың сәуірінде қазақтың әскери полкін жасақтаушы әскери комиссар, кешегі Алаш қайраткерлерінің бірі Мұхамедияр Хангерейұлы Тұңғаншиннің шақыруымен Бөкей губерниясына келеді.

Ол жылдар Бөкей губерниясының кеңес тұсында қайта жаңғыруына елім деген азаматтардың тізе қосып, өз үлестерін қосуға қызу атсалысқан кезі-тін. Ал, жаңа құрылысқа С. Нұралыханов секілді кәсіби білімі бар іскер азаматтардың аса қажет болғаны сөзсіз. Қазақстан Республикасы прокуратурасының ғасырға жуық тарихында түрлі лауазым деңгейінде тынымсыз еңбек етіп, өз міндеттерін таза, адал орындауға бар күшін жұмылдырған қазақтың талай маңдай алды азаматтарының есімдерін кездестіруге болады. Олар қабылданған заңның орындалуын қадағалайтын ісіне берік адам болуымен қатар, прокурорлық қызметінде әрдайым жәбірленушіге, әлсізге ара түсуші ретіндегі ұғымды халық арасында орнықтыра білген.

Ел аузында есімі үлкен құрметпен аталып жүрген қазақ зиялысы, қадағалау органының тарихында өзіндік із қалдырған осындай прокурорлардың бірі – Сәлімгерей Нұралыханов. Ол Ресей империясының іргелі оқу орны император атындағы Қазан университеті заң факультетінің түлегі. С. Нұралыханов аумалы-төкпелі заманда, яғни ақ патшаның және кеңес өкіметінің тұсында да жоғары дәрежелі қызметтерді атқарған, өз ортасының беделді азаматы. Бір ғана мысал, кеңестік шенеуніктердің әлеуметтік тегі таразыға түскен кезекті«тазалау» науқанында (1924 жылдың күзінде)

Сәлімгерейге Қазақ АКСР Әділет халық комиссары және Республика прокуроры Нұртаза Ералиннің берген мінездемесі мынадай: «Нұралыханов Сәлімгерей Зұлқарнайұлы – Жоғарғы Сот қазақ бөлімінің прокуроры. Ұлты казақ, сұлтандар тұқымынан тараған. Үйленген, 44 жаста. Саяси білімді, жұмысына берік. Міндетіне сәйкес, заң саласында пайдалануға болады...» – дейді [5].

Жаңа орынға келісімен Сәлімгерей әскери комиссариатта комиссия мүшесі әрі аса маңызды істер бойынша тергеуші қызметін атқарып, көп кешікпей Бөкей губерниялық соты төрағасының орынбасары, кейін төрағасы болады. Бір сөзбен айтқанда, 1919-1924 жылдары Бөкей өңіріндегі кеңестік соттарды ұйымдастыруда, прокуратура құрылысын жасақтауда, осы сот-прокуратура органдарының қызметін оң жолға қоюға бар күш-жігерін жұмсағандардың көш басында – Сәлімгерей Нұралыханов болғаны даусыз. 1923 жылдың 5 ақпанынан С. Нұралыханов Бөкей губерниясы прокурорының көмекшісі болып тағайындалды. Бұл Нұралыханов Сәлімгерейдің ел ішінде және қызметтік ортада айрықша танылып, ісімен де, білімімен де көзге көрінген тұсы еді. Прокуратураның жаңа құрылысына байланысты әр уездегі ахуалды зерттеп білу үшін үнемі іс-сапарларда жүруіне тура келді. Алыс-жақын уездерде апталап, айлап нұсқау, ақыл-кеңесін берді, көптеген күрделі істерге төрелігін айтты.

Осыған орай, С. Нұралыхановтың жеке басына әрі қызметіне байланысты Бөкей губерниясының прокуроры Судоргиннің айтқан пікірінен үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік: «...энергичен, дисциплинирован, вполне настойчив в проведении принятых решений, выдержан, вполне владеет собой. ...Среди товарищей и населения пользуется огромным авторитетом, а также умеет подходить к массе. Достоин быть пом. прокурором как один из деловых, честных, порядочных и аккуратных работников, знающих весьма хорошо своё дело» [6].

Осыған қосымша дәлел боларлық қарапайым құжаттардан-ақ, біздің байқағанымыз, С. Нұралыханов Жаңғалы және Таловка секілді бірнеше уездерінің прокуратура, сот жұмысын тексеру, қылмыстық істерге сараптама жасау сияқты қай шаруаны қолға алса да асқан жауапкершілікпен орындап, әділдігімен таныла білген.

Қызметіне қатысты жеке құжаттарын толтырғанда ол қазақ, орыс тіліне қоса француз тілін меңгергендігін, латынша оқып, жаза алатындығын айтады. Және де үнемі өзін жақсы білетін, жақын араласатын жолдастары Сейітқали Меңдешевті (Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы) және Мәжит Шомбаловты (Денсаулық сақтау Халық комиссарының орынбасары) атап отырады. С. Нұралыхановтың 1920 жылдың қарашасында Бөкей ордасының таңдаулы өкілдерімен бірге I Бүкілқазақтық Кеңестер съезіне қатынасқанын, кейіннен Мәскеуде өткен Бүкілресейлік сот қызметкерлерінің I съезіне Қазақстаннан делегат болып қатынасқан тұңғыш қазақ болғанын да айтқанымыз жөн.

1924 жылдың сәуірінде Республика прокурорының көмекшісі А. Вшивковтың атынан С. Нұралыхановтың Орынборға (Қаз АКСР-нің астанасы) орталық прокуратураға қызметке келуге келісімі сұралды. Алайда, алыс уездердің бірінде жүрген С. Нұралыханов губерния прокуроры Судоргинге былай деп жеделхат жолдайды: «Мен 12 мамырда айыптаушы ретінде Козлов, Сустин, Құсайыновтардың пара алу істеріне байланысты сот процесіне қатысуым керек. Сондықтан істі тексеріп, аяғына жеткізу үшін іссапарлық уақытымды созуыңызды сұраймын» – дейді.

Сөйтіп, лауазымнан гөрі істің мүддесін жоғары қойған Сәлімгерей Нұралыханов тек маусымның ортасында ғана Орынборға келеді. Содан бірден Жоғары Соттың прокуроры қызметіне тағайындалды. Көп кешікпей, тамыз айының соңында Орда өңірінде орналасқан жанұясын көшіріп әкелгені айтылады. Әйелі Қазына үй шаруасында, ұлы Баязит (17 жаста) рабфактың тыңдаушысы, Шәміл (13 жаста) мен Жәңгір (9 жаста) мектеп оқушылары болатын.

Өкінішке орай, Сәлімгерей Нұралыхановтың 1925 жылдан кейінгі өмір жолын көрсететін құжаттарды мүлдем кездестіре алмадық. Біздің болжауымызша, Ф.И. Голощекиннің Қазақстанға партия басшылығына келуімен кешегі саяси оппозицияда болғандар, ақ патша тұсында жоғары білім алғандар, билер мен байлар, хан тұқымдары қызметтен мүлдем аластатылған тұста С. Нұралыханов та қуғын-сүргінге ұшырағаны анық. Сәлімгерей Нұралыханов сияқты Қазан университетін тәмәмдап, кәсіби заңгер, прокурор болған, еліне бергенінен берері мол асыл азаматтың жолы туралы бар білгеніміз осы.

XX ғасырдың басындағы жоғарғы білім алып, қазақтың оқыған зиялыларының шоғырын құраған осындай азаматтарымыздың қызметін әсіресе кеңес тұсындағы тағдыр-талайын ашып көрсету өміріміздің сабағы. Өйткені парықтаусыз, токусыз, шынайы демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

---

1. Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш. – Ақтөбе, 2004. – Б.191.
2. Бұл да сонда, – Б.191.
3. Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1917-1920 жж) 2-ші бөлім. – Орал, 2001. – Б.35.
4. ҚРПА, 811-қор. 7 -тізім, 237 -іс, 12-17 п.п; 1918-1922 жж. бұрынғы Бөкей губерниясында болған кейбір оқиғалар туралы. Ж. Ізбасаров пен Ғ. Сәлімовтың естеліктері – Алматы,1967.
5. ҚРОМА., 1541-қ., 1-т., 5206-іс, 8-п.
6. Бұл да сонда, 3 п.

5.9 ЕЛДЕС ОМАРОВ

Тәуелсіздік жылдарында «тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» аясында өмірге келген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мен «Халық тарих толқынында» салааралық тарихи зерттеулер бағдарламасы бойынша көптеген құнды материалдар мен деректер ғылыми айналымға енгізілді. Алаш мұрасы да біршама жинақталып, оны игеру жұмыстары қолға алынды. Сәйкесінше, зерттеу жұмыстарының жаңа бағыттары анықталып, тарихты белгілі бір дәрежеде сомдайтын жеке тұлғалардың өмірбаяны мен олардың күнделікті өмір тарихын бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша зерделеу үрдіске айналды. Солардың ішінде, жеке тұлғалардың күнделікті өмірі туралы хатқа түсе қоймаған естелік-әңгімелер мен сұхбаттардың маңызы өте зор. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, Алаш қайраткері Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметінен тыс жеке өмірі мен бізге беймәлім күнделікті өмір тарихына қатысты жаңа материалдарды қолданыс аясына енгізіп, оларды мүмкіндігінше мұрағат құжаттарымен негіздеу маңызды деп есептейміз.

Қазіргі кезде Елдес Омаровтың өмір жолы мен тілтанымдық мұрасын Аманқос Мектептегі [1], Бейбіт Сапаралы [2], Шерубай Құрманбайұлы [3] және тағы басқа авторлар зерттеді. Елдес Омаровтың Алаш қозғалысындағы қызметі мен оның сот-тергеу істеріне қатысты құнды деректерін академик Мәмбет Қойгелдиев [4] пен профессор Тұрсын Жұртбай [5] жазды. Елдестің өмірбаянын алғаш рет зерттеп, жазғандардың бірі әдебиет зерттеушісі, мұрағаттанушы Бейсенбай Байғалиев болды [6, 125-б.].

Елдестің «Жортақ», «Тайбағар», «Әділ», «Ломоносов» деген бүркеншік есімдерінің ішінде «Тайбағар» ешбір дәйексіз Міржақыпқа телінген [7, 125-б.]. Елдестің «Тайбағары» мен Міржақыптың «Тайғамінері» көп жағдайда шатастырылып, тіпті «Тайбағар» М. Дулатовтың шығармалар жинағына еніп кеткен [8]. Елдес Омаров туралы «айтылған тарихтың» ізімен жазылған материалдарды Гүлнәр Міржақыпқызы [9] мен Т.Г. Кудерина-Насонованың естеліктері құрайды [10]. Бірақ, осы естеліктердегі Елдестің жеке өміріне қатысты кейбір мәселелер ашық күйінде қалып отырғандықтан, кешенді зерттеуді қажет етеді.

Соңғы жылдары Елдес Омаровтың арғы ата-тегін, шыққан ортасын, Алаш қозғалысындағы қызметін ұрпақтары профессор, техника ғылымдарының докторы Марат Шуақаев пен Асылбек Шаяхметов зерттеп, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің архивінен Елдес Омаровтың жеке ісін қарауға қол жеткізді [11]. Профессор Марат Шуақаев Елдестің артында қалған жалғыз тұяғы Кенеханның (Генрих Берте) тағдырына алаңдайды, бізге жеткен мәліметтер бойынша «Генрих ұшқыш болған және екінші дүниежүзілік соғыстағы ұрыс-қимылдарға қатысқан». Айта кетерлігі Шуақаевтар отбасы 1987 жылғы бір немересіне Елдестің есімін берген, осылайша ұрпақтар сабақтастығы үзілмей келеді.

Алаш қайраткері Елдес Омаров 45 жасында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бар саналы ғұмырын оқу-білімге, халқының азаттық

жолындағы күресіне арнады. Ол Торғай өңірінің тумасы, қостанайлық, Елдес Омаровтың арғы атасы Тоқтар би болған, одан Қарабалық – Тана Бұға – Қошалақ – Тоқсаны – Есенкелді – Таңат – Серемет – Жолшара-Қазыбай, Қазыбай бабасының бәйбішесінен Өтеген, Төлеген ұрпақтары, ал екінші жиелінен – «Бессары Қазыбай» атасы тарайды, одан бес әулет – Қошыбай, Қияс, Тиес, Жұмабай, Наурызбай (ол да би болған). Міне, осы Тиестен төрт ұл, Қошал мен Жұма Қожа (бәйбішеден), Рахат пен Омар (екінші әйелінен), Омардың ең кенжесі– Омар. Ал Омардың бәйбішесінен Елдес (1892-1937), екінші әйелінен Әбдеш (1928-1946) пен Мәрияш (1930-1990) туады [7, 202-б.]. Әкесі – Омар арабша сауатты, ел арасында өте сыйлы адам болған. Анасы – Шолпан Исақызы Қызылжардағы Қоңыр руынан шыққан. Омар жастайынан Елдеске арабша жазуды үйретіп, оны өзбетінше оқитын дәрежеге жеткізеді. Елдес кейбір құжаттарда атасының тегімен Тиесов болып жазылады.

Арабша хат танығаннан кейін, Омар Елдесті Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқытады (1907), сосын Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебіне (1911) береді. Таңқаларлығы, Қостанайдағы 2 сыныптық училищенің VI бөлімінің тәрбиеленушісі Елдес Омаровтың осы училищені бітіргені туралы 1907 жылдың 10 мамырында берілген куәлігіндегі алғы «бестік» бағалары, мақтау қағазы және Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебінің инспекторына оқуға қабылдау жөнінде жазған өтініші [12, 1-6-пп.] «тайға таңба» басқандай анық, сөздер нық. Әрине, бұл көрсеткіштер 15 жасар Елдестің алғырлығы мен екі тілге де жүйріктігін айғақтайды.

Қостанайдан алған білімін Орынборда одан әрі шыңдаған Елдес оқуын бітірген соң аудармашы қызметіне кіріседі. Жалпы оның еңбекке араласу жолы Алаш қозғалысының басталуымен тұспа-тұс келді, оның үстіне Елдес білім алған Орынбор қаласы, көп ұзамай ұлттық саяси элита өкілдері шоғырланған үлкен мәдени-саяси орталыққа айналды. Ол 1913 жылдың ақпанынан 1918 жылдың қыркүйегіне дейінгі аралықта ұзақ мерзімде Орынбор қаласында шығып тұрған «Қазақ» газетініңтөңірегіне топтасқан пікірлі азаматтардың алдыңғы шебінен көрінді.

Одан кейін Ресей империясында қалыптасқан күрделі саяси ахуал жағдайында да белсенділік танытты. Айталық, 1917 жылдың 5 ақпанынан шілдесіне дейінгі аралықта жұмыс жасаған Минскідегі Земск және қала одақтары жанынан құрылған бұратаналар бөлімі ашылған кезде сол жаққа барып, Мырзағазы Есболов екеуі 19 мамырда «қолымызға ставкадан жігіттерді қайтару туралы жасалған план тиді. Ол план бойынша «күнбатыс майданындағы жігіттер бәрі 35 эшелон болып қайтарылмақшы. Қайтатын жолы екі: бірі оңтүстік Текеге (Уральскіге) һәм ішкі Ордаға баратын жолы, екінші – Вязьма, Сызран, Самаралатып жүретіндер жолы» – деп, одан әрі бұл істің шамамен бір айсыз бітпейтіндігі туралы хабар беріп, істің мән-жәйін түсіндіреді [4, 278-б.].

Елдес Омаров Уақытша үкімет пен Кеңестердің текетіресі мен большевиктердің жеңісінен кейінгі күрделі жағдайда шақырылған облыстық, уездік және жалпықазақ съездерін ұйымдастыруға ат салысып, Алашорда

үкіметін құруға араласты. Әсіресе, бірінші және екінші жалпықазақ съездеріне қатысып, оқу комиссиясының құрамына кірген. Қостанайда шақырылған уездік төтенше қазақ съезінде «Жер мәселесі» жөнінде баяндама жасаған. Осы ретте айта кетейік, Елдес Омаров 1917 жылдың 1 шілдесінен бастап, бүкіл қазақ облыстарында жүретін ауыл шаруашылығы есебіне байланысты құрамында Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Жәнібеков, С. Қадірбаев, Е. Тұрмұхамедов, Н. Бегімбетовтер қол қойған бір топ қазақ зиялыларының «Қазақ халқына» (Есеп алу тақырыпты) үндеуін жариялауға қатысқандардың бірі болды [4, 338-б.].

Ол 1917 жылғы екінші жалпықазақ съезін шақырып, ұйымдастыру ісін жүргізетін бес адамнан құралған комиссияның (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов, Е. Омаров) құрамына кіреді. Бұл комиссия «Қазақ» газеті арқылы қазақ және қырғыз халықтарына арнайы үндеумен қайырылып, елде қалыптасқан саяси жағдайды талқылау мақсатында өткізілмек кезекті жалпықазақ съезін шақыру жеделхаттарын жолдайды. Осы съезде қаралған оқу-ағарту ісі бойынша бес адамнан (А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Е. Омаров, Б. Сәрсенұлы, Т. Шонанов) құрылған комиссияның құрамында да болады. Съезд осы комиссияға қазақ-қырғыз елінде оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасап, талқыға ұсынуды, сондай-ақ тезарада қазақ мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындауды және жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыруды жүктейді [4, 338-б.].

Съезд шешімдерін іске асыру мақсатында Елдес Омаров Қостанайға келіп, жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға шақырады. Торғай облыстық земствосы төрағасының орынбасары, кейіннен төрағасы қызметтерін де атқарады. Съезде көтерілген Алаш әскерін құру ісінде де белсенділік көрсетеді. Алашорда үкіметі жарияланғаннан кейін Семейден бастау алған қазақ әскері Қазақстанның басқа өңірлерінде де, атап айтқанда, «Қостанайда 2-ші қазақ полкі, Жаманқалада (Орск) –3-ші, 4-ші, Оралда – 5-ші, 6-шы қазақ полктері жасалады. Бұлардан басқа Алашта ер көңілді қазақ жігіттерінен 1-ші полк пен офицер шығаратын медресені өзіміздің қазақ капитаны Хамит Тоқтамышев Өскеменде» ашқан.

Қостанайдағы 2-ші қазақ полкінің құрамы жөнінде «Сарыарқа» газеті: «... ең алдымен бас боламыз деп учительдер, оқушы жастар жазылып, бұларды көрген соң, қырдағы жігіттер де өз еркімен жазылды, онда оқу командасы ашылды, құрамында оқыған азаматтар болды және 29 желтоқсанда полктағы жігіттер Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясында) бет алды, сонымен қатар Алашорда тарапынан «әскери бөлім» ашылды, сол жаққа Елдес Омаров та бірге кетті» – деп жазды [13].

Сондай-ақ, Елдес Алашорда үкіметінің Қостанай уездік бөлімін басқарған. 1919 жылғы Қостанай уездік статистикалық бюросының мәліметтеріне сүйенсек, Қостанай уезі бойынша «орыс болыстықтарындағы ер адамдардың саны – 133 168, әйелдердің саны – 131 066, барлығы – 264 234 адам, қырғыз болыстықтарында – 148642 адам, барлығын қосқанда – 412 8766 адамды құраған, пайыздық көрсеткіші – 56,25» болған екен

[14, 106-б.]. Осындай орыс ұлты басым, большевиктер қаптаған уезде Алашорданың шешімдерін іске асыру да оңайға соқпаса керек.

Большевиктер билікті толық алғаннан кейін, алашордашыларды саясаттан аластата бастайды. Сол кезде олардың барлығы дерлік оқу-ағарту жұмыстарына ойысып, шығармашылық жұмыстармен айналысты.

1920-1922 жж. Орынборда халық ағарту комиссариатында инструктор, кеңестік партия мектебінде оқытушы болды. Осы кезеңде ол көптеген ғылыми мақалалар жазды. 1922-1926 жж. Қазақ халық ағарту комиссариатының академиялық орталығында қызметкер, Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып, саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту және тіл білімі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазды. Қазақ тілінде физика, геометрия оқулықтарын жазып, математикалық терминдерді қалыптастыруға зор үлес қосты. Елдес латынға көшу мәселесі көтерілген кезде Ахмет Байтұрсыновпен бірге арабшылдарды жақтайды. Осы мәселе бойынша 1926 жылы Бакуде өткен Түркітанушылардың бүкілодақтық тұңғыш съезінде баяндама жасап, жарыс-сөзге қатысқан.

1926-1929 жж. саяси қуғынға ұшыраған Омаров Ташкентте педагогикалық институтта, Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) шығыс факультетінде оқытушы болып істеді. Бұл кезеңде ол қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығының 2-кітабын жазып, Цингирдің физика оқулығын қазақшаға аударады.

Оқу-ағарту саласындағы осындай қыруар жұмыстарына қарамастан, Елдес Омаров алғашқы тергеу-сот істеріне тартылады. Ол 1927 жылдың қазан айында Қызылорда қаласындағы ОГПУ түрмесіне шақырылып, одан қарқынды жауап алынады. Ал оның тұтқындалуына Әлихан Бөкейханның Ресей Федерациясының Челябі аумағындағы 30-дан астам қазақ шаңырағы тұратын Бузанов хуторына оны демалыска шақыруы сылтау болған. Алайда, Е. Омаровтың тергеу хаттамаларына қарап, ОГПУ тергеушілері күткен нәтиже ала алмайды, Өйткені оларды біріншіден, алашордашылардың жер мәселесіне қатынасы; екіншіден олардың троцкистік оппозицияға қатынасы және олармен байланысы; үшіншіден олардың саяси ұйымдасу дәрежесі мәселелері қызықтырған еді [15, 14-б.].

Жалпы 1920-1930 жылдардағы сот-тергеу істері бойынша Елдес Омаров екі рет (1929, 1937) тұтқындалған. Тіпті, бастапқысында 1930 жылдың сәуір айына ату жазасына кесілген, алайда бұл үкім 10 жыл Архангельскіге жер аударумен ауыстырылады. Осы ретте айта кетейік, ОГПУ алқасының 1930 жылдың 4 сәуіріндегі шешімімен сотталған 13 адам ату жазасына кесілген, 7 адам ату жазасын 10 жыл бас бостандығынан айырып, жазасын концлагерде өтеуге ауыстырылған, 15 адам 3 жылдан 6 жылға дейін жазасын өтеуге кесілген. Осылардың ішінде екі сотталушы сот-тергеу кезінде қайтыс болған [15, 16-б.].

Елдес Омаров 1929-1933 жылдары концлагерьде жазасын өтеп, 1933 жылдың шілде айында мерзімінен бұрын ақталып шығады. Содан кейінгі 1934-1935 жж. Қазақ мемлекеттік медицина институтында қазақтілінен

сабақ берді, институт студенттеріне арнап қазақ тілі оқулығын жазады. № 6 бұйрыққа сәйкес Е. Омаровқа дәрігерлерге арналған қазақ тілі оқулығын жазу үшін оның педагогикалық оқу жүктемесін айына 30 сағатқа көбейтіп, 15 қарашадан бастап ассистенттік сағаттар есебінен төлемақысы белгіленіп, оқулық жазуға қолайлы жағдай жасалады [16, 3-4 пп.].

Одан кейінгі жылдары ҚазМУ-да қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет істейді. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазады. Сөйткен Елдес Омаров 1937 жылы тағы да сот-тергеу істеріне тартылады. Осы жылдың 25 маусымында Алматыдағы Мединститутты шығарылады. Институт әкімшілігінің бұйрығына сәйкес 1937-1938 оқу жылында оның ұстаздық орны қысқаруына байланысты шілде мен қыркүйек арасындағы кезекті еңбек демалысына тиесілі төлемақысы қоса есептеліп, қызметтен босатылады [7, 214-б.].

Көп ұзамай, Қазақ мемлекеттік университетінің тіл кафедрасында төтенше мәжіліс өтеді. Мәжіліске қатысқан кафедра меңгерушісі Ф.Т. Оликов биология факультетінің деканы Митрофонов және оқытушылар: И.О. Бойко, М.В. Войкова, Папортная, Рат және Елдес Омаров қатысады. Күн тәртібінде қаралатын мәселе бойынша биология факультетінің 2 курс студенттері дәріс оқу үстінде оқытушы Елдес Омаров «халық жауы» Тәжан Шонанұлын қарғап сөйлеген іс-әрекетіне айыптаулары тыңдалып, талқыланғаннан кейін «... қазақ тілі пәнінің оқытушысы Елдес Омаровтың әшкереленген халық жауы Тәжан Шонанұлына тағылған айыптауды жоққа шығарып, студенттер арасында үгіт жүргізуі мен НКВД органына сенбестік туғызып, контрреволюционерді ашықтан ашық қорғаған іс әрекеті үшін Тіл кафедрасы оның тезарада қызметінен қуылуын талап етеді. Осы «айғаққа» сүйеніп, сол 13 қазан күні ҚазМУ-дың № 159 бұйрығы бойынша оқытушылық қызметін тоқтатады және бұйрыққа сәйкес жатақхана комендатын Устиновқа Елдес Омаровты отбасымен бірге Картонный көшесіндегі 80 үйдің 1 пәтерінен күштеп шығаруды қатаң түрде тапсырылады» [7, 215-б.].

Революцияға қарсылық кезеңінде Елдеске жақын А. Байтұрсынов пен оның тобындағылар колчактықтардың саясатын хош көрмеді, сөйтіп олар Торғайдағы кеңестік билікті мойындауға мәжбүр болады, бұл қадам алашордашылардың колчактықтардың тәртібімен байланысын үзудің басы болатын.

Қаз КСР Әділет Халық Комиссариатындағы 1937 жылға арналған Қостанай облыстық сотының арнайы алқасының есептік баяндамасында 58-бабпен айыпталғандар туралы мынадай мәліметтер кездеседі: қарауға жіберілген 116 іс бойынша 122 адам қамалған, соның ішінде 15-іне ату жазасы, 48-не 10 жылға, 30-на 8 жылға, 26-на 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тартылған [17,75-б.]. Ал екінші рет 1937 жылдың қоңыр күзінен басталған қысымның ақыры Елдес Омаровты ату жазасына кесумен аяқталады. Сот үкімі 1937 жылдың 2 желтоқсанында орындалады. Осылайша негізсіз айыпталған Елдес, араға елу жыл салып, 1989 жылы ақталады.

Өкінішке орай, Елдестің артында қалған ұрпағы мен оның жеке өміріне қатысты мәліметтер көңілден шыға қоймайды. Десек те, тарихтың шындығы,

осы. Жалпы тергеу-сот процестері басталған кезден, оның отбасының берекебірлігі болмаған сияқты. Екінші рет тұтқындалғанда оның әйелі Эльза Адамовна Генрихпен бірге Германияға кеткен. Елдес Эльзамен Ташкентте танысқан. Эльза – Ташкенттегі неміс елінің қызы екен, қазақ тілін білген, сәйкесінше Елдес те неміс тілін білген. Алайда, 1933-1934 жылғы оқиғалар көрсеткендей, олардың некесі берік болмаған. Елдес шамамен 1928-1929 жылдары үйленген, жазасын өтеп келгеннен кейін аралары алшақтап, ресми түрде 1933-1934 жылдары ажырасып кеткен.

Өкінішке орай, Елдестің бірінші тұтқындалуынан кейін Эльза оның жарамды мүліктерін сатып, басқа адамға тұрмысқа шығады және сонымен бірге Ленинградқа кетіп қалған. Елдес тұтқыннан мерзімінен бұрын келген (1934 жылы) кезде Эльза қайтадан қосылуды талап етеді, ал олай болмаған жағдайда баласын көрмейтінін алға тартып «Генрихты Берлинге алып кетемін» деп қорқытады. Елдестің өзі де және оның барлық жолдастары да Эльзаның НКВД-да хабар таратушы ретінде жұмыс істейтінін және адал еместігін білетін, бірақ Елдес баласын жақсы көргендіктен, Эльзаның қайта қосылу туралы ұсынысын қабылдап, олар қайтадан бірге тұрады [10, 154-б.].

Сөйтіп, Елдес Ленинградтағы отбасын Алматыға көшіріп алады. Сосын Эльзамен ашық сөйлескен деседі: «Айналайын Эльза, сен ренжімесең мен бір ұсыныс айтқалы тұрмын, – депті. Елдестің айтып отырғаны – әйелі мен ұлының жайы еді. Олар тұңғыш ұлдарының есімін халық батыры атанған Кенесары Қасымұлының құрметіне «Кенехан» деп қойғанын есіне алды. Ал болашақтың беті бұлыңғыр, күні ертең «жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей, тағы қара бұлт төнетін болса, өзі ғана күйіп кетпей, жазықсыз келіншегі мен ұлы да зардап шегуі мүмкін екенін ой елегінен өткізген Елдес заң жүзінде ажырасу қажет екендігін, сонымен бірге Кенеханның тууы туралы басқа куәлік алып, оның есімін де өзгерту қажеттігін айтқан еді. Бір жақсысы Эльза көп туламады. Үндемей отырып қалды да, «сенен аяйтын жаным жоқ, қалай жаса десең, солай жасайын, екеуміз бірге тұрсақ болды» – деп келіскен сыңайын білдіреді. Айналдырған бірнеше күннің ішінде Елдес пен Эльза құжаттарын дайындап, заң жүзінде ажырасады. Ал, Кенеханның азан айтып қойған есімі өзгертіліп, оның есімі Генрих, «шешесі Эльза Берте, неміс қызы, әкесі Елдес Омаров, ұлты қазақ» деген жазбалар жазылған [18].

Бірақ, ауызша деректер бойынша 1990 жылы өмірден озған Елдестің туған қарындасы Марияш әжейдің соңғы жазған бір хатында«немересінің азан шақырып қойған аты Кенехан еді, метрикасында қалай жазылғанын білмедім» – деп өткен күндер тарихын еске алған екен [7, 209-б.]. Бұл жағдайға байланысты Гүлнәр Міржақыпқызының айтуынша, «Елдес Омаровтың зайыбы Э.А. Берте 1940 жылы қайтыс болған, ал ұлы Генрих балалар үйіне жөнелтілген, оның тағдыры күні бүгінге дейін беймәлім» [18].

Елдес Омаровтың күнделікті өмір тарихына қатысты қызықты мәліметтер Гүлнәр Міржақыпқызының естеліктерінде көп кездеседі: «Бұл кісіні мен Елдес аға дейтін едім, папамның түйедей құрдасы, екеуі қатты қалжыңдасатын, қуақы сөйлейтін, өзі күлмей, жұртты күлдіретін қасиеті болатын. Елдестің істеген талай қызықтары болған. Баяғы аумалы-төкпелі,

мазасыз 1918-1919 жылдары семьясының Торғайда тұруын қауіпті санаған әкем ауылдан көлік алдырып, мамам екеумізді өзіміздің ауылда тұрғызбақ болады. Келген туыстар көшіру әрекетіне кірісіп, жүктерді шығарып, арбаға тиеп жатса керек, Елдес қабаттасып, арбадан нәрселерді алып, қайта үйге кіргізіп, мазаларын кетіріпті. Мамам: «кой енді, Елдес мешать етпе бізге» десе, Елдес: «ә, ә солай ма? Мен мешать етпей кеттім» – деп, көшеде ойнап жүрген мені өзі жатқан Ахмет Балғынбаевтың үйіне ертіп кетіпті. Енді жүруге ыңғайланып мені шақырса, мен жоқпын, таба алмай әуреленіп, көп іздепті. Сонда барып Елдестің «мешать етпей кеттімі» есіне түсіп, мені Ахметтің үйінен табады». Бірақ «Елдестің семьясы берекесіз болған, неміс әйелі – Эльза Адамовнадан қорлықты көп көрсе де, шыдаған» [9, 53-54 бб.].

Ел арасында «Елдекең айтқан екен» деген ойнақы да ұтымды әзіл-оспақ сөздері көп тараған. Мысалы, 1930 жылы Біріккен саяси Бас басқарма Елдесті тұтқындап, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабады. Халықтың бетке ұстар аяулы азаматтары кезекпен қолына кісен, аяғына тұсау түсіп жатқан кез. Қам көңілді жандар абақтыда жатып шай қайнатып ішудің де орайын тапқан. Ыңғайы келген осындай ұрымтал сәтте қалайы саптыаяқпен қара шәйді аузына енді ала берген Елдеске тұтқындардың бірі келіп, «Мағжанды ұстап әкеліпті» деген хабарды жеткізеді. Сонда Елдес: «Мағжанды тірі болсақ, Бутыркадан көре жатармыз, суымай тұрғанда алдымыздағы шәйімізді ішелік» – деген екен.

Зиялылар бас қосқан бір мәжіліс болады. Осы ресми жиынға «Қызыл Қазақстан» журналында қызмет істейтін қазақ әйелдері арасынан алғашқы шыққан, оқығандардың бірі Нәзипа Құлжанова да қатысады. Нәзипа Торғайдың қызы, әрі замандас болғандықтан Елдес онымен әзілдесіп ойнай береді. Мәжіліс арасындағы үзілісте ол қолындағы қағазды жұмарлап-жұмарлап Нәзипаға беріп жатып, «Әй, Нәзипа мынауың менің «Әйел теңдігі» туралы жазған мақалам еді. Ана «Қызыл станында» бос орын бар ма? – деген екен. Бұл әңгіме Қапан Бадыровтан Сейтбек Нұрқанұлына жеткен, оның айтуынша «Торғай елі іш киімді «стан» дейді. Әйелге байланысты айтылған әзіл ғой, бұл да Елдестің бейнелі ой тапқырлығы» [7, 214-б.].

Тұжырымдай келе, Торғай өңірінен шыққан қостанайлық алашордашы Елдес Омаров өзінің кәсіби біліктілігі жағынан Алаш қозғалысындағы ұлттық саяси элита өкілдерінің алдыңғы легінде болды. Елдестің жүріп өткен жолынан байқағанымыз, өмірлік ұстанымы Ахмет Байтұрсыновқа жақын болған. Елдес Міржақыптай достарына адалдығымен, Әлихан Бөкейханды тәнті еткен «нағыз қазақылығымен» ерекшеленген тарихи тұлға.

Өте жақын араласқан Мұхтар Әуезовтің Ләйләдан үлкен 1927 жылғы ұлын, жастайынан шетінеп кеткен Валентина Николаевнадан туған тұңғыш баласын Елдес деп құрмет көрсетіп, оның атын қоюы және Әлихан Бөкейханның 1934 жылғы соңғы 3 хатының «Шырақ Елдесім» деп басталатын бір хатының Елдеске жолдануы (17.10.1934) тегін емес, негізі [2]. Бұл, ең алдымен Алаш қозғалысының көшбасшысына айналған Әлихан Бөкейханның өз заманында Елдесті барлық жағынан мойындауы деген сөз.

«Елім деп туған» Елдес Омаровтың қоғамдық-саяси қызметінің ауқымы да, академик М. Қойгелдиев атап көрсеткен, Алаш қозғалысының семейлік, омбылық, орынборлық және ташкенттік орталықтарының басым бөлігін қамтыды және оның есімі көрнекті Алаш қайраткері ретінде тарихта қалды. Елдес болмысы – үлкен істерді ұрансыз атқаратын үлкен жүректі азаматтың болмысы.

---

1. Мектептегі А. Елдес Омарұлы / Ана тілі. 11 мамыр 1995 жыл.

2. Сапаралы Б. Арыстар өмірінің асыл үзігі/ Егемен Қазақстан. 20 мамыр, 1997 жыл.

3. Құрманбайұлы Ш. Елдестің ерекше баяндамасы немесе қазақ терминологиясын дамытудағы алаштық бағыт/ Егемен Қазақстан. 27 мамыр, 2008 жыл.

4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет, суретті.

5. Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш». Зерттеулер. 1-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 472 б; Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш». Түрме әфсанасы. 2-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – 464 б; Жұртбай Т. «Ұраным – Алаш». Түрме әфсанасы. 3-том. – Алматы: «Ел-шежіре», 2012. – 646 б.

6. Байғалиев Б. Омаров Елдес. Қараңыз. /Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 бет. 125 бет.

7. Мектептегі А., Ілиясқызы С. Елдес Омарұлы // Жалын. Әдеби-көркем және қоғамдық-саяси журнал. – № 7-8. – 1996 (шілде, тамыз). – 201-214 бб..

8. Смағұлова С. Елдес Омаровтың жарияланбаған мақаласы // Қазақ тарихы. – № 1. – 2008.; Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.) / Светлана Смағұлова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.

9. Дулатова Г. М. Шындық шырағы: Естелік-эссе /Гүлнар Дулатова. – Алматы: Мектеп, 2012. – 408 б., сур.

10. Кудерина Т.Г. – Насонова, Кудерина Л.Д. Недалекое прошлое. – Москва, 1994. – 296 с.

11. Шуақаев М., Шаяхмет Е. Елім деп өткен Елдес.-Алматы: «Ана тілі», 1998. – 112 б.

12. ҚР ОМА. 95-қор. 1-тізім. 170-іс.

13. Ішкі хабарлар // Сарыарқа.–1919.-26 наурыз. – № 74.

14. Кустанайский уезд 1917-1919 гг. Сборник документов. Костанай, 2003.– 140 с.

15. Алаш козғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920–1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920–1928 гг. Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т. 3. Кн. 1. – 304 с.

16. ҚР ОМА. 1681-қор. – 4-тізім, 20-іс.

17. Тащанова С. Архивные источники повествуют.../ Мұрағатшы-архивист. Салааралық ақпараттық бюллетень – Отраслевой информационный бюллетень – № 2, желтоқсан-шілде, 2012.

18. Ахметбеков К. Қазақтың Ломоносовы атанған Елдес Омаров ұмытылуға тиіс емес // Қостанай таңы. – 27 тамыз 2004 жыл.

5.10 БИАХМЕТ СӘРСЕНОВ

Қазақ халқының тағдыры мен тарихында ерекше орын алған қозғалыс – Алаш қозғалысы. Бұл ұлт азаттығы жолындағы күрестердің бір белесі. Халықтың басына күн туған қиын заманда ұлт мүддесін батыл қорғаған алаш арыстары болды. Сол Алаш арыстарының бірі және бірегейі – Биахмет Сәрсенов еді. Қазақ елінің ат төбеліндей ғана азғантай оқыған, зиялы азаматтарының алдыңғы қатарында аянбай еңбек еткен, бірақ өмір жасы қысқа болған азамат бар жоғы – 36 жаста өмірден озған. Бірақ, сол азғана ғұмырында еліне елеулі болып, халқына қалтқысыз қызмет жасаған алаш арысының ізі тарихи деректерде сайрап жатыр.

Биахмет Шегедекұлы Сәрсенов 1885 жылы Семей облысы, Зайсан уезінің Нарын болысында (қазіргі Тарбағатай ауданы Ақсуат ауылында) дүниеге келген. Оның шыққан тегі елге танымал би аталардың жалғасы еді. Атасы Кегенбай Жомартұлы ел басқарған би болған, XIX ғасырда өмір сүрген, ел арасындағы дауды шешкен, қара қылды қақ жарған айтулы шешендердің бірі ретінде есімі алты алашқа мәшһүр болған адам.

Жас азамат осындай текті ортада өсіп, ел арасындағы салт-дәстүрге көзі қанық болып, ұлттық дүние танымы мен азаматтық ұстанымы мықты қалыптасуына игі әсерін тигізді деп айтуға негіз бар. Өйткені, отаншыл, елжанды және білімді, білікті азаматтың қалыптасуына оның өскен ортасының ықпалы өте зор екендігі анық. Жас азамат бала кезінен ел басқарған би аталары мен старшын ағаларының қасында жүріп, ел басқарудың сыры мен қырына қанық болды. Кейін ержеткенде оның бойына дарыған жақсы қасиеттер, халықтың алдына шыққанда оның қандай тұлғаға тән белгілерін байқатқан болуы керек. Алаш арыстарының қатарына қосылуына және олардың ортасынан өз орнын иеленуге мүмкіндік тудырған.

Алаш арысының ата-тегін көпшілікке дұрыс түсінікті болуы үшін қысқаша таратып, айта кетсек, ол шежіре бойынша былай баяндалады: Кегенбайдан Есенқұл, Есенқұлдан: Арғын, Алшын, Монтай, Тана. Арғынның ұрпақтары: Байрақ, Бекенай, Қозыбай, Көшекбай, Нұрмағанбет, Әйіп, Шеңгелбай, Сүйінбай, Жиінбай, Боқбай, Сәрсен. Сәрсеннен: Жетенбай, Мұстафа, Түсіп, Құламит. Шегедектен: Биахмет, Дәлел, Бірахмет, Қожахмет, Жанахмет, Салық деген ұрпақтары таралған [1].

Биахмет Сәрсеновтің өткен өмірінен хабардар беретін фотосуреттер мүлде сақталмаған десе де болады. Бірақ, соңғы кездерде зерттеушілер Биахметтің жеке түскен бір суретін тапты, ол газеттерде жарияланып, елге таныс болды. Сол сиякты қайын атасы Қасен Әппасұлының жанұясымен түскен, ішінде Биахметтің болашақ жары Бану бар фотосурет те табылды. Осыларды ұзақ уақыт сандықтың түбінде көздің қарашығындай сақтап келіп, қолынан зерттеушілерге табыс еткен, бүгіндері о, дүниелік болған, Ақсуат ауылында тұрған, көкірегі алтын сандық Биахметтің інісі Шегедекұлы Салықтың бәйбішесі, қазақтың біртуар ұлдары Отыншы Әлжановтың қарындасы, Мұхтар Әуезов шығармаларын шебер аударған белгілі аудармашы Мұхамеджанов Жағыпардың апайы Әзмұхамедқызы Бижамалдың еңбегі зор.

Алаш қозғалысының қайраткері 1905-1909 жылдары Семей мұғалімдер семинариясында оқиды. Мұны бітірген соң 5 жыл мұғалім, 3 жыл болыстық кеңесте қызметкер болды. Осы уақыт ішінде ол жүздеген баланың сауатын ашты. Кейін үш жыл болыс болғанда мектеп ашқызған.

1912 жылы оны Нарын болысының беделді адамдары елге болыс басқарушысы етіп сайлайды. Қандай істе болса да әділ шешіп, елдің берекесін кетірмей, бірлікте ұстайды. Елдің тентегін тыйып, халықтың тұрмысын түзеуді мақсат етеді. 1916 жылғы Тарбағатай өңіріндегі ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Мүрсәлім Бектеновтың Қытайда жүргенде шығарған:

«Ер еді Биахмет өр таласқан, Байлыққа Манақ баймен кім жанасқан»– деген өлеңінен-ақ Биахметтің кім болғанын көреміз. Алайда, Биахмет қазақ ортасына әкелгісі келген мәдениетті түсінбеген, одан қазақтық рухтан кетуді көрген кейбір ел билеушілері іскер де дарынды Биахметтің тауын шағып, үмітін үзеді. Соның кесірінен алға қойған арман, мақсаты жүзеге аспай қалып жатады. Ақыры 1915 жылы олар Биахметті болыстықтан алғызады. Биахмет сол кездегі Тарбағатай өңірінің зиялы азаматтарының бірі, Мұрын елі бойынша алғашқы оқыған адам дәрігері, Шәкі бидің немересі Хасен Әппас ұлының жалғыз қызы Бануға үйленген.

Міне, осы кезде бүкіл Ресейде, ел тағдырына үлкен өзгерістер әкелген оқиғалар басталып кетеді. Бұл оқиғалардан көзі ашық Биахметтің сырт қалуы мүмкін емес еді [2].

1917 жылы Алаш партиясы құрылтайын бірінші жалпықазақ съезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ съезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесі анықталатын екінші съез құрамында Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Елдес Омаров, Телжан Шонанұлдарымен бірігіп, Білім комиссиясына кіреді [3].

Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде елімізде билікке белсене кіріскен қазақ комитеттері Орынборда жалпы қазақ съездерінің өтуіне, «Алаш» партиясының құрылуына, облыстарда земстволық басқару жүйесінің енгізілуіне, ұлттық саяси қозғалыстың өрлеуіне ерекше ықпалын тигізді. Семейде де қазақ комитеттері облыс өміріндегі күнделікті қоғамдық істерге қызу араласып, «Жәрдем» баспаханасынан аптасына бір рет «Сарыарқа» газетін шығарып тұрды. Уақытша үкіметке бағынышты облыстық атқару комитеті құрылған кезде, қазақтар бұл істен мүлде шеттетіліп қалды. Енді осы жергілікті билік мекемесінің құрамын жаңадан қайта сайлау кезеңінде қазақ комитеті ел ішіндегі өзге саяси күштермен бірлесе қимылдап, ұйымшылдық көрсете білді. Нәтижесінде, Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып қазақ комитеті атынан ұсынылған Х. Ғаббасов және Ә. Ермеков тағайындалса, ал төралқаның мүшелігіне Б. Сәрсенов, А. Қозбағаров, Р. Мәрсеков сынды жалпы саны жиырмадай ұлт зиялысы енді.

1917 жылы монархияның құлауы өлкеде өзгеше саяси жағдайдың қалыптастасуына себепші болды. Қоғамдық-саяси өмір жанданып, облыстық қазақ съездері өткізіле бастады. Міне, сондай айтулы мәжілістің бірі

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезі (сәуірдің 27-і – мамырдың 7-і) өтті. Съезге облыстың бес уезінен 200-ге жуық делегат және Алтай өлкесіндегі Бийскі уезінің екі өкілі (қазақтар) қатынасты. Делегаттардың ішінде 7 әйел болды.

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Райымжан Мәрсековтың ұзаққа созылған сөзінен кейін делегаттар съездің төралқасын мына құрамда сайлады: Ж. Ақбаев, (төраға); Х. Ғаббасов, Р. Мәрсеков, М. Боштаев, Б. Сәрсенов (төрағаның орынбасарлары); Ә. Ермеков, Ә. Оразалин, М. Малдыбаев, Ш. Ақпанов (хатшылар).

Алғашқы болып съезд делегаттарын ақын, тарихшы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы құттықтады. Одан кейін Павлодар уезінің, Бөкей ордасының, әйелдер, оқушылар және жұмысшылар қауымдарының өкілдері сөз алды. Съезд атына Омбыдан, Томскіден, Орынбордан, Ташкенттен және Әлихан Бөкейханның жеке атынан құттықтау телеграммалар келіп түсті.

Съездің күн тәртібінде 16 мәселе болды. Съезд құжаттарында халыққа автономияның қаншалықты қажет екендігі жан-жақты түсіндіріліп, халықтың іс жүзінде өзін-өзі билеуі ол саяси тәуелсіздікке жеткен жағдайда жүзеге асатындығы баса көрсетілді [4]. 1917 жылдың шілде айы соңында Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылғандар тізімінде Семей Ә. Бөкейхан, Ә. Ермеков, Х. Ғаббасовтармен бірге Б. Сәрсенов те болды. Осы съезде алғаш рет болашақ «Алаш» партиясын құру туралы мәселе көтерілді.

Семей қаласында 1917 жылдың 13 қыркүйек күні Алашорда қайраткерлері «Земства мекемесін» құру туралы мәжіліс өткізген. Мұнда мәжіліс төрағасы – С.С. Брюханов және оған қатысушы мүшелер – Ф. Трейеров, Г. Николаев, П. Гузнищев (хатшы), А. Жолнерович, Н. Кистяковский, И. Емелянцев және Б. Сәрсенов қатысқан. Бұл мәжілісте негізінен 24-27 қыркүйек аралығында «Земство мекемесінің» мүшелеріне сайлау өткізу туралы мәселе қаралған [5].

1917 жылы қазан айында Томск қаласында өткен Сібір автономистерінің съезіне қатысып қайтқан Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан жергілікті қазақ комитеттері, мұсылман мұғалімдер одағы,«Жанар», «Талап» атты жастар ұйымдары секілді бірнеше қоғамдық-саяси ұйымның көмегімен Семейде «Алаш» партиясының облыстық комитетін құрады. Тағы да осы «Алаш» партиясының облыстық комитеті атынан Құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылғандар арасынан Б. Сәрсеновті көреміз. Бұл жолы Ә. Бөкейхан депутаттыққа Орынбордан «Алаш» партиясының тізімі бойынша ұсынылған еді. Мұның өзі Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының елдігіміз танылар сын кезеңде Семейде билік тізгінін басқаларға беріп қоймай, ұлттық мемлекет құру жолында осындай маңызды істер атқарғанын көрсетеді.

Алаш партиясының облыстық ұйымдары 1917 жылы қазан айында құрыла бастады. Ә. Бөкейханның ұйымдастыруымен және басшылығымен қазанның 12-20 аралығында алдымен Семейде, кейін Омбыда партияның

облыстық ұйымдары құрылды. Семей облыстықпартия комитетінің төрағасы болып Х. Ғаббасов сайланды. Алғашында Алаш партиясы өкілдері халықты бірлікке шақырып, алдағы келе жатқан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы сайлауына қазақ ұлты атынан бір ғана тізім ұсынуды және сол тізім құрамына тек жалпықазақ съезінде көрсетілген зиялыларды ғана енгізуді уағыздады. Семей облысынан арнайы ұсынылғандар:

1. Г. Потанин; 2. Ә. Бөкейхан;3. Ә. Ермеков; 4. Х. Ғаббасов; 5. М. Бөштаев; 6. Ж. Ақпаев; 7. Б. Сәрсенов; 8. А. Қозбағаров тізімде көрсетілген [6].

Семей қаласында қазақ зиялылары 1917 жылдың 6 желтоқсаны күні «Земство мекемесі» мүшелерінің мәжілісі өткен. Оған қатысқан37 азаматтың есімдері аталған. Олардың бірқатарының есімдерін атай кетсек: 1) К. Ляшкеевич; 2) Б. Сәрсенов; 3) Ә. Молдабаев; 4) И. Әлібеков; 5) Т. Ибрагимов және тағы басқаларының аты-жөндері осы мәжілістің хаттамасында аталады [7].

1917 жылдың 10 желтоқсанында өткен Семей уездік земствосының бірінші төтенше жиынында басқарма төрағалығына А. Қозбағаров, төрағаның орынбасарлығына Н. Воробьев, басқарма мүшелері болып А. Булатов, С. Дүйсенбіұлы, Н. Богатырев тағайындалды. Сондай-ақ, Б. Сәрсенов, К. Ляшкевич, Ә. Молдабаев, И. Әлібеков, Т. Ибраһимов (Тұрағұл Абайұлы), Қ. Есенғұлұлы, М. Просеков Семей уездік земствосы атынан облыстық земстволың депутаттығына сайланды. Сол уақытта Семейдің Алаш деп аталатын бөлігіндегі қалалық Думаға депутаттар сайлау науқаны өткізілді. Алаш қалалық Думасының мәжілісінде оның төрағалығына Б. Сәрсенов, орынбасарлығына М. Малдыбайұлы, қала басшылығына П. Шевченко, орынбасарлығына М. Малдыбайұлы, қала хатшылығына К. Грязев, ал басқарма мүшелері болып А. Бейсекейұлы, Н. Үйсімбайұлы сайланды [8].

Алашорданың белсенді мүшесі Халел Ғаббасовтың мәлімдеуінше, ол 1918 жылы 2 сәуірде оның Сталинмен телеграф арқылы келіссөзінде қойған ұсыныс-талаптары алдын ала Ә. Бөкейхан, Р. Мәрсеков, Ә. Ермеков, Б. Сәрсенов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов қатынасқан рнайы мәжілісте тұжырымдалған болатын [4, 161-б.].

1918 жылы көктемде ұлттық-демократиялық Алаш қозғалысының кейбір өкілдері жергілікті советтермен қысқа мерзімдік ымыраға (компромиске) қол жеткізіп, ресми (советтік) басқару органдарында мүше болып сайланды. Мәселен, осындай келісімге келудің нәтижесінде жергілікті Алаш ұйымының жетекшілерінің бірі, Алашорда мүшесі Халел Ғаббасов Семей облыстық советі атқару комитетінің мүшелігіне өтсе, уездік земствоның төрағасы Ахметжан Қозбағаров және Алаш партиясының белсенділері Биахмет Сәрсенов пен Имам Әлібеков уездік советке мүше болып сайланды.

Бұл жөнінде «Сарыарқа» газеті «Облыстық съезд» атты бас мақаласында мынадай түсінік береді: «Соңғы кезде заманның түрі өзгеріп, саясат толқыны құбылып, әкімшілік бірден-бірге күшейіп келіп ақырында мемлекеттің бар билігі совет қолына ұйысқаны халыққа мәлім. Областной казак комитеті областной съезд шақырып казак билігінің түрі қалай болуы шешілгенше

советке кісілерін уақытша кіргізіп отыр. Жергілікті мекемелер қай қалыпта болуы белгісіз. Билік совет қолына ауғанына халық көзбен қарайтынын және не пікірде екенін білуге, келешектегі бір облыс елдің өмір тұрмысы қандай түрде болуын шешуге Семей областной қазақ комитеті областной съезд құруға қаулы қылды» [4, 166-б.], – деп шешім шығарған.

1918 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде қабылданған мәдени-ұлттық бағдарламаны жүзеге асыру кезінде, басқа Алаш зиялылары сияқты Б. Сәрсенов те қат-қабат шаруалардың бел ортасында жүрді. Осы екінші жалпықазақ съезінің қаулысына сай Алашорда үкіметі құрылып, оның уақытша тұратын жері – Семей қаласы болып шешілгені белгілі. Сонымен қатар, съезде оқу мәселесі де қаралып, Ахмет Байтұрсынов басқарған арнайы оқу комиссиясы құрылды, оған М. Жұмабаев, Е. Омаров, Т. Шонанұлы, Б. Сәрсенов мүше болды. Азамат соғысы жылдары Шығыс Алашорда үкіметі құрамында қызмет етіп, облыстық земство басқармасында халық ағарту бөлімінің қазақ бөлімшесін басқарған Б. Сәрсенов ұлттық мектептерді ашу және оқулықтармен қамтамасыз ету сияқты толып жатқан жұмыспен айналысты. Әрі Семейдегі мұғалімдер семинариясы мен Алаш қаласындағы қысқа мерзімді педагогикалық курстарда сабақ берді. Алаш қайраткері «Автономия кеңесі» атты мақаласында: «Алдымыздағы сегізінші октябрде Томскіде бүтін Сібірді жайлаған халық мемлекеттің бір бөлігі болып тұрып өз алдына бас болуды іздеді. Біздің Семейдің областной съезінде қазаққа автономия керек екендігі – жасаған қаулысында көрінді. Сібірдің автономиясы туралы Сібірге қараған 11 облыстың жері мынау: Тобыл, Том, Алтай, Енесей, Иркут, Якут губерниялары, Амур, Забайкал, Приамурская, Ақмола һәм Семей облыстары аталды. Бұл Сібір автономиясына Орынбордағы Ә. Бөкейханнан алған телеграммаға қарағанда, Торғай облысы қосылмақ болып қаулы жасап, Әлиханды жоғарыда айтқан съезге жіберіп отыр. Бұлай болғанда біздің 6 млн.-дай қазақтың жартысына таяуы Сібірге қосылып отыр. «Автономия» деп өз жұмысын өзі басқаруды, бөлек мемлекет болуды айтады», – деп жазды. Сол бір ел тағдыры таразыға түскен сын кезеңде Алаш көсемі Ә. Бөкейхан басқарған Семей зиялылары халыққа білім беру, мәдениетке үйрету, шаруашылық жұмыстарын жүргізу және әділ сот жүйесін енгізу, Алаш милициясы мен атты әскерін құру секілді маңызды істерде диірменнің тасындай шырқ үйіріліп, күндіз-түні тыным таппай қызмет еткенін көреміз. Алаштың ақиық ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлы Әлихан, Халел, Әлімхан сынды Алашорда үкіметінің бір топ басшысын халыққа «Таныстыру» өлеңінде Биахмет Сәрсенов туралы:

Біреуі Биахмет Сәрсенұлы,
Ыңғайлы, қырғыйға ұқсар көрсең түрі.
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,
Екенін біле алмайсың қандай қыры.
Ақылы да оның көп, айласы да.
Бар дейді бұрынырақ ұмтылатын,
Түлкідей жалт ететін таймасы да.

Ісі де, таланты да қалыспайды,
Жұмсаса тегіс халық пайдасына.
Жастардың біреуінен кейін емес,
Қазақ деп жүрегінің қайнасы да.
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,
Шолпандыққа жарайды ай қасында.
Әуелден қатарынан туысы артық,
Сондықтан күн-күн сайын барады артып.
Ілімнің аймағында жоқты дағы,
Еріксіз тумысымен алар тартып, – деген өлең шумақтарын арнаған екен.

1919 жылы Семей облыстық жер басқармасы халық ағарту бөлімінің қазақ бөлімшесіне басшы болып тағайындалды. Осы кезде Семейде жаңадан ашылған мұғалімдер курсында, өзі оқыған мұғалімдер семинариясында әртүрлі пәннен сабақ берді. Қаладағы мәдени ұйымдардың жұмысына атсалысады. «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне мақала жазып тұрады. Оның «Автономия кеңесі», «Біріккен елде береке бар», «Азық-түлік», «Русияда осы күнде, зор мәселе – азық түлік», «Ұлт қазынасы» туралы және т.б. еңбектері жарияланып, сол шақта қазақ қоғамына үлгілі істерді нұсқады [8, 4-б.].

Алашорда таратылғаннан кейін 1920 жылы 1-20 сәуір аралығында Семей губерниясының төтенше комиссиясы құрылып, олар «Антисоветтік бүлік туралы» істі қараған. Мұнда Алаш қайраткерлерінен жауапқа тартылғандар қатарында: Ә. Бөкейхан, Х. Ғаббасов, Қ. Үкібаев, Т. Ибрагимов, М. Әуезов, А. Қозыбағаров, Б. Сәрсенов, Ә. Ермеков, М. Тұрғанбаев және тағы басқа адамдар, барлығы – 37 азаматтардың есімдері аталады [9].

1920 жылы Орынборда Қазақ автономиялық республикасы жарияланғанда, оны жаңа астанаға қызметке шақырды. Алаш Соғыс комиссариатының саяси білім бөлімін басқарды. Содан кейін Халық ағарту комиссары А. Байтұрсынұлының шақыруымен білім саласына ауысып, комиссариат алқасының мүшесі, әлеуметтік тәрбие бөлімінің басшысы, мектеп істері бөлімінің меңгерушісі секілді сол уақыттың жауапты қызметтерін абыроймен атқарды. Осы уақытты Орынбордағы мұғалімдер курсында, Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етті. Мұрағат деректерінде қайраткерге физика, математика пәндерінен мектеп оқулығын жазуға ұсыныс жасалғаны көрсетілген. Ғалым-ұйымдастырушы ретінде ол Қазақ ғылым комиссиясының, Академиялық орталықтың негізін қалауға атсалысты. Сол кездегі мерзімді басылымдардан қайраткердің отандық мектеп жүйесін қалыптастыруға аянбай күш-жігер жұмсағанын, өлкеде алғашқы әскери және кәсіптік оқу орындарын ашуға бастамашы болғаны байқалады [3, 354-355-бб.].

Алаш азаматының өмірі мен қызметі төңкеріс заманына душар болып, әлеумет ісіне оқығаны аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Биахметті керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады. Қандай жұмысқа кіріссе де, тереңінен біліп, тез бітіретін Бияш болатын...

Ол әкімшілік іске өте жетік, тиянақты және ұқыпты болатын. Ол орны толмайтын дипломат (елші), ақылды еді. Оның тағы бір қасиеті: нашарға, мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын. Досшыл, жолдасшыл, еркөңіл еді, жолдасы үшін, елі үшін қатерлі жерде жалғыз қалуға жарайтын, жанын қиюға шыдайтын ер еді.

Өкінішке қарай, жібектей мінезіне қарап бүкіл қазақ Биаш деп еркелеткен Биахмет Сәрсенов өмірден ерте кетті. Ол 1921 жылы Орынборда Қазақ АСР-інің Оқу-ағарту комиссары Ахмет Байтұрсыновтың орынбасары қызметін атқарып жүргенде, кенеттен оба ауруынан қайтыс болды [8, 7-б.].

Сол уақытта Түркістан Республикасының бас газеті «Ақ жол» басқармасы: «Қазақ елінің көгінде үркердей азғана жұлдыздарының бірі сөнді. Биахмет сол саналы жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендердің біреуі еді. Оның өлімі қазақ жұрты үшін орны толмайтын қаза, қаруы қайтпайтын шығын...» деп өкініштерін білдіре, қайғыра жазды. Ал мұраттас досы Ғалымбек Бірімжанов осы газетке арнайы азанама мақала жазып өз өкінішін: «Оның алдан көздеген нысанасы, жүрек түпкіріндегі мақсаты қазақ халқының өз тізгіні өзіне тиіп, өзін-өзі билеу дәрежесіне жеткізу еді. Бұл тұрғыда жанын аямай, өлімге басын байлап, қызмет қылды...» – деп білдірді.

Ал, Семей қаласында шығып тұратын губерниялық «Қазақ тілі» газетінде Биахмет туралы газет редакторы Мәннан Тұрғанбаев пен жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Бияш» атты көлемді мақаласы жарияланды. Бұл мақала Биахмет Сәрсеновтың өмірі мен қызметі хақында мол мағлұмат беретін дерек көзі болумен бірге, оның азаматтық биік тұлғасына қойылған мәңгілік ескерткіш десе болғандай [10].

Алаш қайраткерінің артында жалғыз ұлы – Ғалихан да кешегі кеңес өкіметі кезінде «алашордашыл, халық жауының баласы» деген талай түртпекті, қысымды көрді. Бияш ағамыз 1918 жылы дүниеге келген жалғыз перзентінің есімін Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхантың құрметіне Ғалихан (бірақ кейінде төлқұжатқа Қалихан болып жазылып кеткен) қойыпты.

---

1. Тоқабай шежіресі / Найман тоқабай шежіресі. – Алматы, 2005. – 113-114 бб.

2. Кәрімов М.Қ. Биахмет Сәрсенов // Алаш туы тігілген өңір (Алашорданың 100 жылдығына орай). Семей, 2015. 80-85 бб.

3. Тілешов Е., Хамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. – 354-355-бб.

4. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 104-105 б.

5. Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихының құжатнама орталығы (ШҚО ҚЗТҚО). 37-қ., 1-т., 120-іс, 24-п.

6. Қойгелдиев М.Қ. Алашорда – XX ғасырдағы қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті // Ақиқат. 1992. – № 11. – 32-34 бб.

7. ШҚО ҚЗТҚО. 37-қ., 1-т., 10-іс, 12-13-пп.

8. Кенемолдин М. Бияш деп елі еркелеткен // http://alash-orda.kz/figures/1029-biyash-dep-el-erkeletken. 12.06.2014.

9. ШҚО ҚЗТҚО. 474-қ., 1-т., 2-іс, 1-3-пп.

10. Нұрғалиев Т. Алаш перзенті (Биахмет Сәрсенов хақында) / Ақсуат-Атамкенім. Семей, 2003. – 212 б.

5.11 ҚАБЫЛБЕК САРЫМОЛДАЕВ

Еліміз тәуелсіздік алып, жеке іргелі мемлекет болып жариялануының арқасында қазақ халқынан шыққан ұлт зиялылары мен қайраткерлерінің жеке тарихын, олардың өмірі мен, саяси қызметін, оның ішінде қоғамдағы белсенді іс-әрекетін жан-жақты немесе әр қырынан зерттеу үшін Қазақстан ғалымдарына үлкен мүмкіндіктер туды. Жалпы, XX ғасырдың басында Ресей мен оның ішінде Қазақстандағы саяси жағдайдың басы-қасында жүріп қызмет еткен қазақ зиялыларының тарихын зерттеу отандық тарихнамада тұлға танудың, ел танудың, заман танудың оңтайлы шарасы ретінде қолдауға лайықты, әбден заңды үрдіс болып табылады. Сондықтан да, қазіргі уақытта еліміздің тарих ғылымында жеке тұлғалардың ғұмырнамасына сұраныс өсіп отыр.

Еліміздің саяси, рухани өмірі бостандық лебін бойына сіңіре бастаған кезеңде халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық мәдениеті мен оның құрамдас бөлігі – тәуелсіз еліміздің шынайы тарихын, сол тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу қазіргі таңда аса өзекті болып отырған мәселелердің бірі. Бұл туралы президент Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында XX ғасыр зиялыларының тағдыры жайында: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толыскан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіреті мен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаматтық һәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес. Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз» – деп жазды [1].

Халық арасында танылып, бүкіл ғұмырын елі мен жерінің дамуы мен көркеюіне арнаған саяси қайраткер, Әулиеата жерінен шыққан қазақ зиялысы Қабылбек Сарымолдаевтың қызметі өте зор. Қабылбек Сарымолдаев 1898 жылы 22 ақпанда Сырдария облысы, Әулиеата уезіне қарасты болған Қорағаты болысында дүниеге келген. Ол қазіргі Жамбыл облысы, Меркі ауданының Ойтал ауылы болып табылады. Отбасында әлеуметтік жағдайдың төмен болғанына қарамастан, оның оқуға деген құлшынысы өте жоғары болды. Меркідегі орыс-түзем мектебінде білім алып, онда өзі сияқты болашақ бірқатар ұлт зиялылыларымен бірге оқиды.

Қабылбек Сарымолдаевпен бірге осы мектепте оқыған зиялы азаматтардың қатарында, Тұрар Рысқұлов және осы Әулиеата өңірінен шыққан Қалыш Қожабергенов, Мақсұт Жылысбаев, Тұрдалы Тоқбаев, Рахманқұл Орынтаев, Сәдуақас Жамансартов және басқалардың болғаны айтылады. Бұл азаматтардың барлығы да Қабылбек Сарымолдаевтың сенімді серіктері, мемлекет пен қоғамдағы қызметті бірге атқарған арқасүйер сенімді ағалары мен достары болып, берісі Әулиеата, әрісі еліміздің аумағында қазақ халқының жарқын болашағы үшін жан аямай еңбек етті.

Орыс-түзем мектебін үздік бітіріп шыққан соң, Қабылбек Сарымолдаев өз білімін Әулиеатадағы училищеде жалғастырады. Басқа түскен сан түрлі қиындықтарға қарамастан, 1914 жылы төрт жылдық училищені бітіріп шығады [2]. Жастайынан елгезектігімен танылып, қатарластарынан оқ бойы алда жүрген Қабылбек Әулиеатадағы училищені тәмамдағаннан кейін жоғары оқу орнына түсе алмады. Бұған күнделікті тіршілік мүмкіндік бермеді. Осыған орай, 1915 жылы Меркідегі пошта-телеграф мекемесінде қызметке өтеді [3]. Мұнда 1915-1917 жылдары пошта, хат тасушы қызметінде болып, қоғамда болып жатқан саяси жағдайлардың бәрін көзімен көріп, көңілге түйіп жүрген. Оның басты мысалы ол осы поштада қызмет етіп жүрген кезде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басталып, ол Әулиеата мен Жетісуда болып жатқан көтеріліс фактілеріне ерекше өзіндік талдау жасайды.

1916 жылы маусымда император II Николай жариялаған «Империяның бұратана халықтарынан мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереже» қабылдауына байланысты Қазақстанда ұлт-азаттық көтерілісі орын алды. Басты себеп – аталған император жарлығы бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан – 100 мыңнан астам, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Ер азаматтарды соғыс қимылдары кезіндегі армияның қорғаныс және әскери құрылыстарын салуға, сонымен бірге мемлекеттік қорғаныс үшін қажетті нысандарды салуға пайдалану көзделді. Бұратаналарды тыл жұмыстарына шақыруды жариялай отырып үкімет арзан жұмысшы күшін пайдалануға бел байлады және жасақты армияны толықтыруға керек орыс жұмысшыларын босатып алғысы келді. Келесі бір жағынан өкімет орындары қазақ, өзбек, түркмен, қырғыз және сол сияқты басқа да халықтарға қару беруге қауіптенді, болашақта олар қаруды Ресейге қарсы жұмсайды деп сескенді.

Жұмыстан немесе әкімшілік ережелері мен талаптарын орындаудан бас тартқан жұмысшыларды түрмеге отырғызуға, немесе үш ай мерзімге тұтқынға алуға, болмаса айып ретінде ақша өндіріп алуға кесетін болды. Азық-түліктің екі-үш есе қымбаттауы да халықтың наразылығын өршіте түсті. Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтып, шығыстың отар халықтарының империалистік езгіге қарсы XX ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі болды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Меркіде түрлі саяси жиындар өткізіп, қара халықты көтеріліске шақырады. Меркідегі көтерілісшілерді Жетісудағы көтерілісшілермен біріктіруге тырысады. Сол кезде небары 18 жасар жас жігіт болғанына қарамастан, ол осы қозғалыстың Меркідегі жағдайын көріп көтерілісшілерге жаңа, тың саяси идеялар білдіріп, көтерілістің идеялық дем берушісі ретінде көзге түсті. Қабылбек өзінің бойындағы алғырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен және басқа да қоғамдық

жұмыстардағы ерекшеліктеріменкөзге түседі. 1917 жылы Т. Рысқұлов ұйымдастырған «Қазақ-қырғыз жастары революцияшыл Одағына» белді мүше болып, Қазан төңкерісі өте салысымен Меркі болыстық атқару комитетінің хатшысы қызметіне тағайындалды. Бұл қызмет – Қабылбектің аз ғана уақыт ішінде мемлекетті нығайтуға, әрі ұлты үшін атқарған бірқатар жауапты жұмыстарының бастамасы болатын [4].

Революциялық Одақтың мүшесі болған ол Меркі мен Әулиеатада кеңес үкіметінің орнауына белсене қатысады. Жұмысшы, шаруа депутаттар және солдаттармен жақсы байланыста болады. 1917 жылы Меркіде аудандық кеңестің мүшесі болады. 1918 жылы большевиктер партиясының құрамына өтеді. Осыдан бастап ол кеңестер билігінің қызметіне толықтай өтеді. Қабылбек Сарымолдаев Әулиеатада билік кеңестердің қолына өткеннен кейін ірілі-ұсақты әртүрлі басшылық қызметтер атқарды. 1918 жылы Әулиеата уезінде уездік революциялық-әскери комитеттің төрағасы. Одан соң көп ұзамай Түркістан Орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Әулиеатадан депутаттар кеңесінің төрағасы болды. Осыдан соң Түрк ОАК-тің азық-түлік халық комиссариатының коллегия мүшесі болып сайланды. Көрініп тұрғандай, Қабылбек Сарымолдаев бір қызметте атқара жүріп, екінші бір мекеменің кеңес мүшелігіне сайланып, бір уақытта бірнеше қызметтерді атқарды. Бұл кеңестік биліктің басқару жүйесіне сай болып, ол негізінен білімді азаматтардың тапшылығымен байланысты болды.

Алғашқы саяси ұйымда шыңдалу мектебінен өткен Қабылбек Сарымолдаев Әулиеатада билік кеңестердің қолына өткеннен кейін әртүрлі басшылық қызметтерде болды. Қабылбек Сарымолдаевтың жас ерекшелігінің кіші және жоғары білімінің болмауына қарамастан, ол бас аяғы екі-үш жылдың ішінде бірнеше маңызды қызметтерді атқарды. 1919 жылы Әулиеата уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Ол кейіннен көп ұзамай осы жылдың соңында бұл қызметтен ауыстырылды [5]. Оның басты себептері Азамат соғысының өршуімен байланысты болды. Түркістан АКСР-де мәселелер күн санап көбейіп жатты. Осыған байланысты Қабылбек Сарымолдаев осы жылы 27 қыркүйекте өткен Әулиеата уезі мұсылман коммунистерінің Бірінші съезінде уездік партия комитетінің хатшылығына ұсынылды.

Қабылбек Сарымолдаевтың қызметі Азамат соғысы жылдарында да анық көрінді. Ол соғыс кезінде көптеген іс-шараларды ұйымдастырды. 1918 жылы Англиядан келген интервенттер Каспий жақтан Түркістанға төніп келе жатқан кезде халыққа үлкен қауіп төнетіні анық еді. Жергілікті халық пен әскер интервенттермен соғысуға дайын емес еді. 1917 жылғы екі бірдей төңкерістен кейін халық әлі есін жинай қоймаған еді. Осындай қиын сәтте Тұрар Рысқұлов Қабылбек Сарымолдаевты Түркістан Орталық Атқару комитетіне мүшелікке сайлап, азық-түлік жөніндегі халық комиссарының орынбасарлығына тағайындаған еді. Осыдан соң 1919 жылдың қараша айында Әулиеата уезінің төңкеріс комитетінің отырысының шешімімен Қабылбек Сарымолдаев Қызыл армияның мұсылмандық бөлімшесінің әскери дайындық бөлімінің басшысы болып сайланды [6]. Бұл жағдай енді Қ. Сарымолдаевтың Азамат соғысына бел шеше кірісуіне алып келді.

Бұған дейін РКП(б)-ның Әулиеата уездік-қалалық мұсылман бюросының 1919 жылдың 19 қазанында өткізілген мәжілісінде ТК жанынан құрылған мұсылман жасағы мүшелерінің оларды осы жасақ құрамынан босату туралы арыздары қаралып, қорытындысында «оларды әскери іспен шұғылдануынан босатып, бюроның қарамағына беру» туралы қаулы қабылданады. Керісінше, 1919 жылдың 14 қыркүйегінде Қабылбек Сарымолдаевтың төрағалығымен өткен РКП(б) Әулиеата ұйымының уездік комитетінің мәжілісінде уездік ТК (ЧК) Төрағасы Жылысбаевтың Меркеден Гребенников пен Прыгуновты ТК (ЧК)-ға қызметке шақыру туралы ұсынысын мақұлдайды. Сонымен қатар осы мәжілісте ТК құрамына бірнеше комиссар барлаушылардың да кандидатуралары бекітіледі [7].

Қабылбек Сарымолдаев Азамат соғысы жылдарында елде орын алған аштыққа қарсы күресіп, оның ауыртпалығын арқалады. Ол 1919 жылы елдің кейбір өңірлерінде орын алған аштыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияны басқарып, жүздеген мың адамды аштықтан аман алып қалу жолында күресті. Қабылбек Сарымолдаев осы тұста үлкен ұйымдастырушылық қабілетін танытып, аштық жайлаған елді аман алып қалуға жанын салды. Оңтүстік Қазақстан мен Түркістандағы аштық негізінен қуаңшылық пен азамат соғысының салдарынан пайда болып, халықты ауыр күйзеліс жағдайына алып келді.

Осыған қарамастан, Қ. Сарымолдаев Т. Рысқұловпен бірге өлкеде қазақ кедейлерін ұйымдастыруды, ауылдарда атқару комитеттерін құруды, ағарту жұмысын және кулактармен, патша әкімшілігімен күрес жүргізуді, базарларда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін пайдалануды басты мақсат етіп қойды. Уақытша комитеттің позициясын әлсіретумен қатар, тіпті оны талқандап, барлық халықты солдат және жұмысшы депутаттары кеңестеріне тартуды қолдан келгенше жүргізді. Түркістанда қазақтар арасында тұңғыш рет азық-түлік комитеттерін ұйымдастырылды. Базарларда көп адам қатысқан митингтер ұйымдастырылды, аштық төніп келе жатқандығын айтып, сақтандырып, қолда бар ақшаларын жинаған.

Осындай қиын-қыстау кездерде Азамат соғысының майданын азық-түлік, киім-кешек, тағы басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, сонымен бірге елде болып жатқан аштықтан ашыққан жұртты аман алып қалу жолында аса ауқымды ұйымдастыру және басшылық жұмыстарын жүргізді. Аштық халықты баудай түсіріп жатты. Сондықтан да, жаңадан билікке келген совет өкіметі Меркіде Бекшуров деген азаматтың басшылығымен аштарға көмектесетін азық-түлік отрядын ұйымдастырды. Осы отрядтың құрамында болған Т. Рысқұлов пен Қ. Сарымолдаев бастаған қазақ жастары аштарға азық-түлік жинаумен бірге патшалық режимнің түбегейлі жойылуына күш салды. Олар ақ патшаға қызмет еткендерді тұтқындай бастайды [8].

1920 жылы 24 наурызда Әулиеата уездік және қалалық атқару комитетінің үлкен отырысында Қабылбек Сарымолдаевтың Азамат соғысына қатысты атқарған істері тыңдалып, онда жергілікті жерде ұлтаралық қатынастарды реттеу мәселелер қарастырылады. Жиынның қорытындысы Қ. Сарымолдаев

пен басқа да саяси қайраткерлердің жұмыстарын пысықтап, еңбектерін бағалады [9]. Арадан бір күн өткен соң 25 наурызда Әулиеата уездік және қалалық әскери-азаматтық істер жөніндегі атқару комитетінің жеделдетілген шұғыл отырысы болып онда Қ. Сарымолдаевтың ешқайда шықпауы туралы шешім қабылданды. Басты ерекшелігі бұл кезде тіпті Меркіге бара алмайтыны айтылып, ол оның себептерін Түрк Атком төрағасы Тұрар Рысқұловпен үздіксіз байланыста болуымен түсіндірілді [10]. Бұл кезде келесі күні тағы бір жиын ұйымдастырылып, Үсіпәлі Нұршанов та Аса ауданына емес, сол кездегі мәселелер бойынша Черняев қаласына баратын болды [11]. Бұған қарай отырып, сол кезде Түркістанда әлі де болса саяси және әлеуметтік жағдайдың толықтай реттелмегенін анық көруге болады.

Осындай қауырт жағдайда жұмысты жүргізу мен қойған талаптарды жүзеге асыру мемлекеттік қызметкерлер үшін мүлде оңай емес еді. 1920 жылы күзінде Әулиеатада большевиктер партиясы уездік комитетінің I хатшысы болып сайланды. Содан революциялық әскери кеңестің төрағасы болып тағайындалды, қызыл әскерді жасақтау ісіне құлшына кірісіп кетті. Бұл партияның Қ. Сарымолдаевтың саяси қызметін бағалауының бір айғағы еді. Осы жылы күзде Қ. Сарымолдаев большевиктер партиясының көрнекті мүшесі, қоғам қайраткері ақын, жазушы Сәкен Сейфуллинмен кездесті. Бұл кезде Сәкен Сейфуллин Әулиеатаға Колчак әскерлерінің ығыстыруымен келген еді. Оны Қабылбек жақсы қарсы алады. Сәкен Сейфуллин партия қатарында қызметке кіріскеніне көп болмаған жас қайраткердің еңбегін бағалады. Сол азаматтық парасат оның бүкіл өміріне азық болады. Қай істе болса да адалдықтан айнымады. Оның осы қасиетін Тұрар Рысқұлов та жоғары бағалады.

Азамат соғысы аяқталған соң елде үлкен өзгерістер болды. Оның ең үлкен мысалының бірі 1920 жылы Қазақ (Қырғыз) АКСР құрылды. 1920 жылы 26 тамызда М.И. Калинин мен В.И. Ленин БОАК пен РКФСР ХКК-інің кеңестік федерациялық социалистік мемлекет РКФСР-дің құрамында, астанасы Орынбор қаласында болатын. Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы Декретіне қол қойды. 1920 жылы 4-12 қазан аралығында Орынборда Қазақ АКСР-інің жұмысшы, шаруа, казак және қызыл әскер депутаттарының Құрылтай съезі өтті. Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі қабылдаған аса маңызды саяси құжат «Қырғыз (Қазақ. – К.Н.) АКСР еңбекшілері құқықтарының декларациясы» болып табылады. Декларация Қазақ АКСР-інің құрылуы және оның ұйымдары мен қызметінің басты принциптерін белгіледі. Декларация еңбекшілердің өзара қатынастарының негізі «ендігі РКФСР-ға енетін ұлттардың өзара сенімі мен түсіністігіне негізделетін тығыз туысқандық байланыста болып табылады» деп атап көрсетілді [12].

Қазақ АКСР-нің құрылуы мен оның саяси тарихындағы біраз беттер Қабылбек Сарымолдаевтың есімімен тығыз байланысты. Ол 1921 жылы коммунистік партия оны Қазақ АКСР-і ішкі істер халық комиссарының орынбасары етіп Орынборға жіберді. Бұл кезде Түркістан мен Қазақ АКСР

арасындағы ұқсастық жер мен көктей еді. Жаңадан құрылған Қазақ АКСР-нің автономиялық мемлекеттік құрылымы мен оның басқарусаласындағы атқарылатын шаруа өте көп еді. Сондықтан, Түркістан мен РКФСР-дің басқа да автономиялық республикаларынан мамандар келіп қызметке орналасып жатты. Солардың бірі Қабылбек Сарымолдаев еді. Партияның оны мұндай саяси жауапты қызметке әкелуінің өзі оның біліктілігінің жоғары екенін көрсетіп отыр. Бұл уақытта қазақ зиялылары үшін туындаған басты мәселе Түркістанға қарасты болған Сырдария мен Жетісу облысындағы қазақтар тұратын аумақтарды Қазақ АКСР-не қосу болды. Бірақ, бұл мәселе Кеңес мемлекетінің ауқымында қозғалмаған еді [13].

Әуелде, ішкі істер жұмысына араласқан Қабылбек Сарымолдаев, кейіннен басқа салалар бойынша қызметке ауысты. Жаңа қызметі бойынша Түркістан АКСР-нің Қазақ АКСР-дегі өкілі болып қызмет істеді. Сол жылдардағы Сарыарқада басталған сұрапыл ашаршылықпен (1921-1923) күресе жүріп, Қабылбек Сарымолдаев кезінде Түркістанда халықты баудай түсірген (1917-1919) жылдардағы (аштықта 1 млн. 200 мың мұсылман халқы қырылған болатын) нәубеттен Қазақ республикасы аумағына босқан халықты орналастыру ісімен де шұғылданды. Осы жылы 10 мамырда Қабылбек Сарымолдаев Түркістан АКСР Ішкі істер халық комиссары, яғни өзінің түркістандық әріптесі Сұлтанбек Қожановқа арнайы хат жазып, онда 1917-1918 жылдарда Түркістанда орын алған аштық жағдайы сөз болды.

«Қазақ республикасының шегінде, Орынбор қаласында жұмыс істеу барысында, біз, 1917-1918 жылдардағы ашаршылық кезінде Түркістаннан осында ауған қазақ босқандарының шарасыз, аса ауыр халімен ұшырастық. 1917 жылы «аштықтан жан сақтау» ұранымен жұмыс істеген біз, түркістандықтар ретінде, Түркістанның мұсылман халқының сұрапыл ажал шалғысынан қаншалықты дәрежеде баудай түскенін жақсы білеміз (ол жылы суарылмайтын егістік түгелге дерлік күйіп кеткен еді, ал суармалы егістігі жоқ қазақтардың өздері де, малдары да орасан зор мөлшерде қырылған болатын). Қазақтардың 40-50 пайызы аштан қырылғандығы жайлы мұндай деректер түркістандықтардың, әсіресе, арық бойлай ағып бара жатқан «еркін дала ұлдарының» аштан ісінген мәйіттерін көрген біздің есімізден еш уақытта өшпеуі тиіс [14].

Бұл айтылғандардың бәрі Түркістан босқындарымен ұшырасқан кезімізде 1917-1918 жылдардағы ашаршылықтың әлі жойылып бітпеген салдары ретінде біздің көз алдымызда қаз-қалпында елестеп тұрды. Біздің білуімізше, Қазақ республикасының шегіне аштықтан жан сауғалаған қазақтардың жағдайын жақсарту туралы мәселе кезінде Сырдария облыстық ревкомы тарапынан да, жалпы Түркістан атқару комитеті тарапынан да көтерілген болатын. Сондай-ақ, олардың жағдайын зерттейтін жекеленген адамдар да тағайындалған сияқты еді, бірақ, міне бір жылдан аса уақыт өтсе де мәселе жақсы тілектен ары аспай отыр. Біріншіден, түркістандықтар ретінде және, екіншіден, қазақ халқының аштығы мен қайыршылығын өз көздерімен көрген жандар ретінде осы мәселенің шешілуіне мүдделі болғандығыңызды қайта ескерте отырып,

біз, өзімізге сіздің алдыңызға мұндағы босқындардың жалпы жағдайы туралы мәліметтерді (сізге жақсы таныс жәйттерді) нақтылай түсу міндетін қойып отырмыз.

1917-1918 жылдары мұнда қанша босқынның ауғанын анықтау мүмкін емес, өйткені, олардың көп бөлігі қырылып кеткен. Жергілікті жерлердегі мәліметтерге сүйеніп өлгендердің санының босқындардың барлық санына қатынасына 5-тен 3-і яғни 60 пайызынан аз емес деп есептеуге болады. Қырылудан аман қалғандардың қазіргі уақыттағы жалпы саны түтін басына орта есеппен 3 адамнан келетін 2500-3000 отбасы. Олардың мұндағы жағдайлары қандай және қалай күнелтіп жатыр? – деген сұраққа келсек, 1917-1918 жылдары ашаршылықтан үдере ауған Түркістан босқындары мұнда, Қазақ Республикасында азын-аулақ, біршама дұрыс жағдайға кездескен. Теміржол бойындағы жергілікті мұсылман тұрғындарының біршама дәрежеде әл-ауқатты екені белгілі, олардың өздерінің малы мен шағын шаруашылықтары бар. Сырттан келген босқындардың көпшілігі осыларға бақташылыққа, сондай-ақ, басқа да жұмыстарға жалданған, ал әйелдері осылардың үй шаруашылығымен айналысады [14, 59-б.].

«Келесі 1918-1919 жылдары Ташкент теміржолы ауданында бүлік салған атамандар Дутовтың, Толстовтың және басқа да қарақшылардың әскери топтары дәл осы аталған аудандарға қарай қашып, онда олар ештеңемен санаспай өздерінің айуандық болмыстарына сай іс-әрекет жасап, жергілікті халықтың малы мен дүниелерін тонаған. Бұл аймақтардан кеңес өкіметінің нығаюының аркасында бірте-бірте тыныштық орнауына байланысты, қазақтар да өздерінің жұрдай тоналған қожалықтарын алып теміржол бойына жақсы қыстауларға, басқа да елді мекендерге орналасуға мүмкіндік алды. Ондай орталықтар қазіргі таңда Темір, Ақтөбе, Шалқар, Ырғыз және Торғай болып отыр. Біздің бастапқы мақсатымыз Түркістан босқындарының жағдайын баяндау болған еді, ал біз оны мұндағы жергілікті халықтың жағдайы арқылы көрсетуге тырыстық, сондықтан да өздері де қайыршылық халге жеткен адамдарға қойшы мен жалшы болып жүрген босқындардың жағдайының қандай екені осыдан-ақ белгілі емес пе?! Босқындардың жағдайын екі-ақ ауыз сөзбен сипаттауға болады. Оларда баспана жоқ, жұмыс та, малда жоқ, балалар аштықтан білеу-білеу ісініп кеткен, ал әйелдер кеуделерін жабатын шүберек таппай қор болуда. Түркістан үкіметі жергілікті халықты қорғау мақсатын басты міндет деп жариялап, Жетісу босқындарын орналастыру үшін Ерекше комиссия құрып еңбекшілер мен мұсылмандар үшін талай шара атқарған еді. Ал, ендігі кезекте үкімет алдында Сырдария босқындарын да осындай қамқорлыққа алу міндеті қойылуы тиіс. Біз бұл жерде Гержодттан қашқан босқындар туралы, Қазалы, Перовск, Түркістан және Шымкент уездерінің ашаршылықтан қашқан босқындары туралы арнайы зерттеулер жүргізіліп нақты шаралар атқарылуы тиіс екендігі туралы әлі айтқан да жоқпыз, ал бұл туралы барынша жігерлі мәселе қоятын уақыт жетті. Егер бұл босқындар туралы тез арада қажетті шаралар іске асырылмайтын болса енді олар келесі қыста мұнда бірі де қалмай қырылып кететіні айдан анық. Егер қолға алатын

болса жоғарыда аталған шараларды іске асыру соншалықты қиын да іс емес. Біз осыларды баяндай отырып істің дұрыс шешілетіндігіне сенім білдіреміз» [14, 60-б.] .

Қабылбек Сарымолдаевтың Сұлтанбек Қожановка жазған бұл хаты жағдайдың қандай және қай деңгейде екенін анық көрсетіп тұр. Хат негізінен Қабылбек Сарымолдаевтың ашаршылыққа деген қасіретке толы ойлары мен одан пайда болған күйінішін көрсетеді.

Алайда, Қабылбек Сарымолдаев Қазақ АКСР-де аталған қызметтерде ұзақ уақыт қызмет ете алмады. Оның ендігі қызметі қайтадан Түркістанмен байланыстырылды. 1922-1923 жылдары ол Жетісу облысында қызмет етті. Алматы уезі мен басқа да аудандарда еңбекке араласты. 1922-1923 жылдары Алматы уездік Жетісу облыстық Революциялық комитеттері мен Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы болып қызметтер атқарды. Қабылбек Сарымолдаевтың Түркістанға қайта оралуына ықпал еткен келесі бір жағдай 1921 жылы елде жаппай аштық орын алып, одан соң осы жылы мемлекетте ЖЭС (Жаңа экономикалық саясат) деп аталатын ауқымды реформаның енгізілуі себеп болды.

Кеңес мемлекеті Азамат соғысында жеңіске жеткенімен елде қуаңшылыққа байланысты ашаршылық орын алып, ол ел азаматтарының мойнына тағы бір сындарлы міндеттерді жүктеді. Ашаршылық халықтың арасында жұқпалы аурудың тарауына басты себепкер болды. Сондықтан да, көзі ашық, көкірегі ояу Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев, Сыдық Абланов, Мақсұт Жылысбаев, Үсіпәлі Нұршанов бастаған азаматтар бел шешпей еңбек етті. Жер-жерде барлығы жиырмаға жуық қоғамдық тамақтандыру орындары ашылды. Алайда, қаржының жеткіліксіздігінен, жемқорлықтың салдарынан бұл тамақтандыру пункттері өз міндеттерін толық орындай алмады [15].

Кеңес үкіметі орнаған соң мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі ЖЭС (Жаңа Экономикалық Саясат) болды. Жалпы алғанда, Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі жаңа экономикалық саясат салыстырмалы түрде тыныш өтті. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық және этносаяси қарама-қайшылықтар әлі де сақталған еді. БК(б)П көрсетілген кезеңде саяси тәжірибедегі сенімсіз қимылдары анықтағандай – қиын жағдайда болды. Қазақстандық өлкелік партия ұйымының жай-күйі де осындай болатын. Халық шаруашылығында негізгі экономикалық мәселелерді қалпына келтіру және техникалық реконструкция жасау іс-шаралары қолға алынып, бейбіт құрылысқа көшу жағдайында, мемлекеттік билікті қорғау органдарын қайта ұйымдастыру жүргізілді.

1921 жылы көктемде РКП (б) 10-съезінде «әскери коммунизм» саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу туралы шешім қабылданды. Жаңа экономикалық саясат шеңберінде қираған халық шаруашылығын қалпына келтіріп, социализмге өту көзделді. Оның мәнісі азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастырып, жеке меншіктің түрлі формаларын пайдалануға жол ашу болды. Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты сырттан шет ел капиталы (концессиялар) тартылып, ақша реформасы (1922-

1924) жүргізілді [16]. 20-жылдардың соңына қарай БК(б)П идеялық сипатта біртұтас (монолитті) қалыптасып, ішкі партиялық алауыздықтан азат етілді, партиядан бөлек оппозиция болмауы себепті, халықаралық коммунистік қозғалыста үстемдік етті. Мұндай нақтылы мүмкіндіктің болуы, қоғамдық өмірдің барлық салаларында қатал әкімшілік-командалық әдістерге көшу пиғылын тудырды. Көп ұзамай осы жүйе орнады.

Кеңес мемлекетінде Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне орай жер-су реформасы жүргізілді. Қабылбек Сарымолдаев осы реформаның Жетісу облысында жүзеге асырылуына көп еңбек сіңірді. Бұрын байлар мен кулактар иеленген жерлердің барлығын шаруаларға бөліп, үлестіріп беру жұмыстарының бел ортасында жүрді. Түркістан АКСР-де құрылған «Қосшы» одағының жұмыстарына өте белсенді араласты. Осы одақтың аясына біріккен халыққа коммунистік партияның жобалары мен оның даму жолдары туралы түсіндіру жұмыстарымен айналысты. Мұндай жұмыстарды кейіннен 1923 жылдың аяғына қарай Сырдария облысында да жүргізуге қатысып, көп белсенділік танытты.

Қабылбек Сарымолдаевтың дипломатиялық, қоғаммен байланысудағы шешендік қабілеті Түркістан АКСР мен жалпы кеңес басшылығына мәлім еді. Оның осындай қабілетін пайдаланған кеңестік билік Қабылбек Сарымолдаевты тек партиялық басқару ғана емес, сонымен бірге халық көтерілістері туындаған аймақтарға да жіберіп, халық толқуларын басып отыруға пайдаланды. Оның басты мысалы, 1924 жылы Қабылбек Сарымолдаев Хорезмдегі атақты Жүнейд хан бастаған көтерілісті басуға жіберді. 1924 жылы оны Хорезм Республикасына келіп, ол жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Жүнейд хан бастаған басмашылар қозғалысын басып, халық пен билік арасын ымыраға келтіреді, олардың ортасында ортақ пікір қалыптастырады. Бұрынғы хандық заманнан қалған жергілікті басқару жүйесін жойып, жаңа кеңестік басқару тәсілдерін енгізеді. Халықты мемлекетшіл, қоғамшыл болуға тартады. Хорезм республикасында кеңес билігін орнатқан еңбегі үшін Қабылбек Сарымолдаев Хорезм республикасының Еңбек орденімен марапатталды [17].

Қабылбек Сарымолдаевтың 1925 жылы орналасқан келесі бір саяси-қоғамдық қызметі қайтадан қазақ АКСР-не ауысты. Бұл кезде Түркістанда аумақтық-территориялық межелеу жұмыстары жүргізіліп, ол Қазақ АКСР-нің саяси өміріне ерекше ықпал етті. Қажетті саяси және экономикалық жағдайлардың қалыптасуына, оның ішінде Азамат соғысының аяқталуына, шартты түрде тұрақтылықтың орнығуына, ұлттық басшы кадрлар даярлануына, өңірде халық шаруашылығының қалпына келе бастауына, аумақтың этникалық тұтастығын қалпына келтіру негізінде, Кеңес өкіметінің принциптері бойынша болса да, Орта Азия халықтарының өзінің ұлттық мемлекеттілігін құру қажеттігін сезінуіне қарай Орта Азияны ұлттық-мемлекеттік межелеу жөніндегі күрделі жұмысқа тікелей кірісу мүмкіндігі туды. Мұндай межелеу, бірінші кезекте, өңірдегі әрбір халықты ұлтқа

ұйыстыру процесін күшейту мен орнықтыру үшін қажет болды. Орта Азиядағы әлеуметтік-экономикалық даму процесі ұлт болып ұйысумен бірге Орта Азия халықтарының ұлттық мемлекеттілігін құру үрдісін де күшейтті [18].

1924 жылғы қаңтарда Қазақ АКСР-інің үкіметі іс жүзінде Жетісу және Сырдария облыстарының қазақ аудандарын Қазақстанға қосу туралы мәселе көтерді. Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеудін тағы бір себебі, КСРО-ның большевиктік басшыларының өңірде ұлттық республикалар және ұлттық-мемлекеттік құрылымдарының басқа да нысандарын құру арқылы олардың қай-қайсысында болсын таптық қарама-қайшылықты күшейту, сөйтіп әр түрлі әлеуметтік топтардың, әр түрлі халықтардың бірлігіне сүйенген басмашылық қозғалысты әлсіретуге тырысуы болып табылады. Ұлттық-аумақтық межелеу нәтижесінде Түркістан АКСР-інің бұрынғы Жетісу және Сырдария облыстарының біраз бөлігі Қазақ АКСР-інің құрамына өтті. 1924 жылғы қарашадан бастап осы облыстарды басқаруды КАКСР-інің үкіметі құрған, жоғарыда аталған ревкомдар жүзеге асырды [19].

Бұрын Түркістанның құрамында болған және Қабылбек Сарымолдаевтың саяси қызметінің негізін қалаған Сырдария және Жетісу облыстарының Қазақ АКСР-не қосылуынан кейін оның өзі Қазақ АКСР-не қызметке қайта ауысуға бел буды. 1925 жылы қазан айында жергілікті билік тарапынан Қабылбек Сарымолдаев Қазақ АКСР-де су шаруашылығының қызметіне ауысты. Бұл кезде ол осы су шаруашылығының бастығы қызметтерін атқарды. Осы қызметте жүріп, ол Қазақстанның бірқатар аудандарында суару жұмыстарын жүргізді. Суару жұмыстары бойынша жаңа әдістер тауып, олардың біразын жаңалық ретінде енгізді. Оның бұл саладағы басты жетістіктерінің бірі оңтүстікте мақта егу мен өндіруді дамыту болды. Мырзашөл, Келес өңірлері мен Шардара жерінде мақта өндірісін дамытуға күш салды.

Суару жүйесін ретке келтіріп, арықтар мен каналдар қаздырды. Сонымен қатар, осы өңірде суармалы жердің көлемін анықтап, оған түрлі дәнді дақылдар мен басқа да ауыл шаруашылық өнім түрлерін алуға қол жеткізді. Су және жалпы ауыл шаруашылығындағы басты назар аударған мәселелердің бірі өзен суларын тиімді пайдалану болды. Оның ішінде каналдар қазу, артық суды сақтау, өзен арналарын кеңейту және басқа да жұмыстар болды. Осындай жұмыстар Сырдария және Шу өзендерінде жүргізілді.

1927 жылы Қабылбек Сарымолдаев Қазақ АКСР-нің Халық шаруашылығы саласына ауысады. Ол жерге қызметке келген бойда-ақ Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Оның қызметі бұл кезде мемлекетте болып жатқан индустрияландыру жұмыстарымен тығыз байланысты еді. Кейіннен көп ұзамай, Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының төрағасының орынбасары болып қызметке орналасты. Қабылбек Сарымолдаев бұл қызметте 1928-1931 жылдары болып, көптеген жұмыстар атқарды [20]. Атап отырғандай, бұл кезде Қазақстанда кеңестік индустрияландыру жұмыстары жүргізіліп жатыр еді. Ал оның басты бағыттары өндіріске қажетті болып табылатын жаңа кәсіпорындар мен шикізат өңдеу зауыттарын салумен сипатталды.

Бәрімізге белгілі болғандай, XX ғасырдың 20-30 жылдары мемлекет саясатына байланысты Қазақстанда аса ауқымды түрде индустрияландыру жұмыстары жүргізілді. Индустрияландырудың өте кең көлемде және жоғарғы қарқында жүзеге асырылуы инженер-техникалық маман кадрларды қажет етті және тиісті мамандар тартылды. Жаңа өндіріс орындары салынып, оның барлығы жаңа құрал-саймандармен, машиналармен қамтамасыз етілді. Индустрияландырудың арқасында жоғары мамандандырылған инженер-техникалық кадрлар дайындау үрдісі жүрді. Индустрияландырудың ауыл шаруашылығымен тығыз байланысы болып, онда Қазақстанда бұл саланы дамыту ерекше қолға алынды. Қабылбек Сарымолдаев индустрияландыру және ауыл шаруашылығы жұмыстарының дамуына үлес қосты.

Қабылбек Сарымолдаев Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясында қызметте жүрген кезде оның айналысқан басты жұмыстарының бірі мемлекеттің тапсырмасына сәйкес байларды тәркілеу мен ұжымдастыру жұмыстарының бағыттарын орындау болды. Ол байларды мемлекеттік тәркілеу жұмыстарының басында жүрді. Бұл кезде Қазақстанда 1927 жылы желтоқсан айында тәркілеу туралы заң дайындау үшін арнайы комиссия құрылған еді. Ал келесі 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» деп аталған екі қаулы қабылданды. Бұл құжаттар бойынша қазақ байларының мал-мүлкін тәркілеу белгіленді. Малмен қоса бау-бақша, ауыл шаруашылығы құралдары – соқа-сайман, арба, шана, тіптен күрке, жертөлелер де тәркілеуге жатқызылды. Тәркілеудің басы-қасында болған Қабылбек Сарымолдаев бұл туралы бірнеше мақала да жариялады [17, 112-б.].

Осы тұста айта кетерлік маңызды жәйттердің бірі, XX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүріп, қызмет еткен саяси және қоғам қайраткерлері мен ұлт зиялыларының қызметін талдауда сонғы уақытта кеңестік Қазақстанның дамуына қызмет еткен зиялылардың қызметіне қатысты біржақты тұжырымдар жасалуда. Дегенмен, коммунистік режимді қолдаған зиялылардың кеңес мемлекетінің ұжымдастыру саясаты, оның ішінде тәркілеу, күштеп отырықтандыру сияқты жұмыстарға араласуы кезінде кеңестік биліктің саясатының қате тұстарына қарсы пікір білдіргенін, сонымен бірге, оның қаншалықты қиын болғанын ескерген жөн. Қазақ қоғамы мәскеулік биліктің қазақтың бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыс басшыларына көпе-көрнеу жасаған қиянатын көзімен көрді, ендігі уақытта оның айтқанына көнбеген күнде коммунистік режимді қолдаған қазақ зиялылары да алашордалықтардың кебін киетіндігін жақсы түсінді.

Жоғарыда көрсетілгендей, Қабылбек Сарымолдаев ауыл шаруашылығы жұмыстарын белсенді және нәтижелі жүргізуіне байланысты оны осы салаға қайта әкелу шаралары қарастырылды. Акыры, 1931 жылы Қазақ АКСР Орталық Комитетінің нұсқауымен Қабылбек Сарымолдаев Жер-су халық комиссары болып тағайындалды [21]. Өзінің мемлекеттік қызметтегі өмірінде дағдыланып, зор тәжірибе жинаған ауыл шаруашылығы саласын басқару

жұмыстарын одан ары қарай жалғастыруда партия тапсырған міндеттерді асыра орындап отырды. Ауыл шаруашылығының өркендеуі салдарынан аймақтарда жаңа елді-мекендер мен қыстақтар пайда болды. Мұның барлығы жергілікті жерлерде колхоздардың көптеп пайда болуымен байланысты еді. Қабылбек Сарымолдаев бастаған ауылшаруашылығының басты жұмыстары ауылдарды ұжымдастыру болды.

Ауыл шаруашылығы саласында айтулы нәтижелерге қол жеткізгенімен, Қабылбек Сарымолдаев бұл салада да ұзақ отыра алмады. Үкімет тез арада шешім қабылдап, 1933 жылы оны әуелі Шығыс Қазақстан облысына облыстық, одан соң көп ұзамай Ақтөбе облысына қарасты Торғай аудандық (Қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы) атқару комитеттерінің төрағасы болды. Торғайда жүргенде Сарымолдаев халық батыры Амангелді Имановтың көтерілісін зерттеп,«Казахстанская правда» газетіне «Революцияшыл қазақ кедейлерінің жетекшісі», «Амангелді Иманов» атты мақалалар жазды [17, 114-б.]. Бұл кезде осы ауданда басқару жұмыстары мен бұл аудандар мен облыстардың әлеуметтік ахуалы қиын жағдайда еді. Қазақ АКСР-нің басшылығы бұл ауданды көтеруде өте лайықты кадр ретінде Қабылбек Сарымолдаевты таңдады. Негізгі қызметтік жылдарын Оңтүстік өңірге арнаған Қабылбек Сарымолдаевты Шығыс Қазақстанға жіберудегі негізгі себеп, оның жергілікті жердегі жұмыстарды ұйымдастырушылық қабілеті зор еді. Бұл өңірлердегі қызметтерде ол 1936 жылға дейін болды.

Қабылбек Сарымолдаевтың саяси қызметінде тағы да өзгерістер болып, ол 1936 жылы Қазақ АКСР-нің одақтас республика статусына ие болуымен байланысты болды. 1936 жылы жаңадан қабылданған КСРО Конституциясына сәйкес осы жылдың 5 желтоқсанда Қазақ АКСР РКФСР құрамынан шығып, жаңа және жеке одақтас республикаға айналды. Қазақ Республикасы жаңа саяси статусқа ие болғаннан бастап-ақ оған қызмет ете бастады. 1936 жылдың өзінде-ақ жаңа құрылымдар қабылданып жатқан республикада саяси және қоғамдық қызметке Қабылбек Сарымолдаевты Орталық Комитет қайта шақырып, оны Қазақ КСР Тамақ өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары етіп тағайындады. Осы жылдары ол Алматы, Жамбыл, Қарағанды қалаларында ет комбинаттарын салдырды. Республика аумағы кең жайылымды иеленіп, жері мал шаруашылығына қолайлы болғандықтан мұнда мал шаруашылығын дамыту жолға қойылды. Осыдан соң, Алматы, Қарабұлақ қалаларында қант зауыттарын салдыртты.

Алайда, Қазақ КСР-нің құрылуынан кейін еңбекке жаңа құлшыныспен араласып, ары қарай жұмысын жалғастыруға сталиндік қуғын-сүргін және репрессия саясаты зор кедергі келтірді. Осылайша, бұл жылдар оның қоғамдық және саяси қызметінің ақырғы жылдары болып саналды. Дегенмен, ол қысқа ғұмырында көптеген жоғары лауазымды қызметтерді атқарып, алты мәрте Түркістан АКСР, Қазақ АКСР орталық комитеттеріне, екі рет өлкелік партия комитеттеріне мүше болып сайланады [22].

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан мен бүкіл кеңес мемлекетінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін қазақ зиялыларының ішінде Қабылбек

Сарымолдаевты да айналмай өтпеді. Кеңестік Қазақстанда саяси қуғын-сүргін науқаны мен жалпы репрессияларды қолдану мен оларды жүзеге асырудың шыңы 1937-1939 жылдар аралығына келгендігі белгілі. Бұл орайда «дұшпан бейнесі» барынша кеңейтіліп, ішкі партиялық дұшпандарға «оңшыл» бухариндіктер, сол кездегі халықаралық жағдайға сәйкес «шпиондар» мен «диверсанттар», «ұлтшыл фашистер» және басқалары да қосылған еді. Саяси репрессиялар негізінен контрреволюциялық қылмыстар туралы заң арқылы жүргізіліп отырды. Сөйтіп, билеуші партия өзінің жергілікті жерлердегі жазалау аппаратындағы тірегін нығайту мақсатындағы жұмыстарын бір сәтке де тоқтатпады.

Осы орайда орталық жіберген көптеген қызметкерлердің басым көпшілігінің қайтадан кері қайтуға талпынатындығына мән беруге болады. Соның да әсері болар, мәселен, Әулиеата уезінде Қабылбек Сарымолдаевпен бірге Кеңес өкіметін орнатуға және нығайтуға белсенді қатысқан Тұрар Рысқұлов, Мақсұт Жылысбаев, Сыдық Абланов, Ысқақ Әсімов, Кененбай Бармақов, Бекбосын Құлжабаев, Дәуіт Абдуллаевтар 1937-1938 жылдары «халық жауы» ретінде атылып кетті. Ал, Степан Хмелевский, Николай Чернышов, Федотов-Завадский, Данил Цыгановтар Қазақстаннан біржола кетіп қалған. Бұл топтағылардан тек Қарымбай Қошмамбетов ғана бұл зұлматқа жетпей 1930 жылы қарашада дүние салды [7, 57-59-бб.].

Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жабылып, халықтында оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. Ақыры, Қабылбек Сарымолдаевты ОГПУ «үштігінің» шешіміне сәйкес 1938 жылы 25 ақпанда «халық жауы», «жапон империалистерінің тыңшысы» деген айыппен кеңестік қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді.

Қабылбек Сарымолдаевтың жанұялық жағдайына келетін болсақ, оның жанұясында жолдасы Майнұр және отбасында Зүлфия есімді қызы болған. Қабылбек Сарымолдаевтың Мүсірепбек деген туған інісі болды. Қабылбек Сарымолдаевтың жары Майнұр өмірлік жолдасының сенімді серігі болды. Өмірінің соңына дейін оның жақын тілеулесі болып өтті. Қ. Сарымолдаевтың жанұясы сол кезде қоғамда үлгі тұтатын жанұялардың бірі болды. Ол өзінің достары Т. Рысқұловтың, М. Жылысбаевтың жанұяларымен жақсы байланыста болды. Майнұр апайымыз аталған тұлғалардың әйелдермен тығыз қарым-қатынаста болған. Қабылбек Сарымолдаевтың жанұялық өміріндегі ең ауыр жағдай, НКВД өкілдері тарапынан тұтқынға алынып, ату жазасына кесілу туралы шешім болды. Ең ауыр болғаны сталиндік «жаппай қырып-жою науқаны» оның әйелі Майнұр апайды да тұтқындап лагерге әкетуі болды. Бұған оның қызы Зүлфияның қалдырған мәліметтері мысал бола алады. Оның айтуынша, НКВД жендеттерінің оның әкесін енді көрмейтінін, ал шешесін

тек сегіз жылдан кейін ғана көруі мүмкін екендігін айтқан [17, 108-б.]. Қызы Зүлфияны тірідей жетім қылып, Қабылбек Сарымолдаевтың ату жазасына кесумен тұрмай, өмірлік жолдасын қамауға алған тоталитарлық саясаттың мұндай әрекетін бүгінгі ұрпақ кешіре алмаса керек.

Жылдар бойына еліне қызмет етіп, коммунист болған, Қазақстанды дамытуға зор үлес қосқан Қабылбек Сарымолдаевты бірден халық жауына айналдыру саясаты оның бауырларына зардабын тигізді. Мысалы, туған інісі Мүсірепбек Сарымолдаев 1937 жылы Дондағы Ростов темір жол транспорты инженерлері институтын бітірген соң қызметке кіріспей жатып, «халық жауының» туысы болғандықтан 10 жылға абақтыға жабылады. Воркутаның шахтасында 10 жыл бойы жұмыс істеп, мерзімін өтеп дімкес халде елге оралған ол Түркістанда көз жұмады.

Қорыта айтқанда, Қабылбек Сарымолдаев – елі, халқы, ұлты үшін, оның жарқын болашағы үшін ақыл-ойы мен қуат – жігерін, білімі мен бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен қайраткер. Өзінің аз ғана ғұмырын мемлекет пен халықты және қоғамды басқару жұмыстарына арнап, адал қызмет етті. Өз халқының мұңын жоқтаған, сол жолда бар білімін, күш-қайратын жұмсап, халқы үшін заман тауқыметін тартқан біртуар азаматтарымыз тарихымызда мәңгілік орын алады. Оның атқарған қызметтері мен сіңірген еңбегі мемлекет пен қоғамның дамуына бағытталып, ол Қабылбек Сарымолдаевты революционер, мемлекет қайраткері, дипломат, экономист, публицист және ұлт қамқоры ретінде көрсетті. Оның бұл аталған қызметтерін жеке-жеке қарастырып зерттеп, зерделесе көптомдық монографиялық ғылыми жұмыстарға арқау болатыны анық. Міне, осынау билік тізгінін ерте ұстаған талантты басшы, іскер ұйымдастырушы, халқына қалтқысыз қызмет еткен Қабылбек Сарымолдаевтың өмірі туралы көркем тілмен жазылған «Дауылда туған дарын» атты кітаптың авторы қаламгер Мұхтар Қазыбек және «Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев» атты естеліктер кітабы жарияланды. Дегенмен, болашақта мұндай туындылар әлі де болса жарыққа көптеп шығатынына күмән жоқ. Қабылбек Сарымолдаев сынды қазақ зиялыларының ұшқыр саяси ойларының жемісі, идеялары мен болашаққа үлгі болатындай қызметі еліміздің тәуелсіздігінің одан әрі баянды, іргелі дамуына негіз болады. Ол секілді қазақ интеллигенциясының саяси көзқарастары мен ұстанымдарының мазмұны өте терең.

Қабылбек Сарымолдаев өздері құрып оны дамытуға ат салысқан коммунистік партияның қасаң да қатаң мемлекеттік саясаттың құрбанына айналды. Ол өзі секілді миллиондаған кеңестік қайраткерлердің қатарында репрессияға ұшырады. Егер, ол біраз уақыт өмір сүрсе, әлі де болса мемлекет пен қоғамда көптеген жұмыстарды атқаратынына күмән жоқ еді. Дегенмен, ауыр тағдыр тәлкегіне ұшырап, жазықсыз құрбан болған абзал азаматын кейінгі ұрпақтары мәңгі ұмытпайды. Бүгінгі таңда, Тараз қаласында, Жамбыл облысының Меркі ауданы мен басқа да ауылдары мен елді-мекендеріндегі орталық көшелеріне, мектептері мен басқа да мемлекеттік мекемелеріне Қабылбек Сарымолдаевтың есімі берілген. Қабылбек Сарымолдаевтың

құрметіне арнайы кешендер ашылып, ескерткіштер орнатылған. Оның елі үшін атқарған қызметі мен еңбектерін студенттер оқып, ғалымдар және жеке ізденушілер зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

---

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1996. – 296 б.

2. Аскаров А. Ұлы тұранның ұлдары. – Алматы: Нұрлы Әлем, 1998. – 408б

3. Нұралиев Әлихан. Дауылда туған дарын. //Меркі тынысы. 28 ақпан 2018 жыл.

4. Әлімханов В. Әбдікәрімова Б. Елінсүйген азамат. Қ. Сарымолдаевтың туғанына 95 жыл толуына. // Ақжол. 4 наурыз 1993 жыл.

5. ЖОМА. 50-к., 1-т., 92-іс. 9 п.

6. ЖОМА. 50-к., 1-т., 70-іс. 151 п.

7. Бақторазов С.У. Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі саяси қуғын-сүргін: тағдырлар қасіреті: монография. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. – 344 б.

8. Мақұлбек Рысдәулет. Тау тұлға. // Ақ жол 20 қазан, 2014 жыл 9. ЖОМА. 50-к., 1-т., 141-іс. 63 п.

10. ЖОМА. 50-к., 1-т., 141-іс. 64 п.

11. ЖОМА. 50-к., 1-т., 141-іс. 65 п.

12. Покровский С.Н. Образование Казахской АССР: Сборник документов и материалов. Издат. Акад. Наук Казахской ССР, 1957. – 366 с.

13. Сейдін Н.Б. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. Ғылыми басылым. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. – 172 бет.

14. Қоңыратбаев Ордалы. Қабылбектің белгісіз хаты. // Ақикат. – 2000. –№ 4. – Б.58-62.

15. Мақұлбек Рысдәулет. Үлкен жол Меркі мен Әулиеатада басталған еді. // Егемен Қазақстан. 14 қазан 2014 жыл

16. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.

17. Қайраткер Қабылбек Сарымолдаев / құраст. Данияров Болат. – Алматы: ТОО MV-Print (МВ-Принт). 2011. – 352 б.

18.Тихонов Е. В. Районирование Средней Азии: экономическая целесообразность. // Россия в системе евро-азиатских взаимодействий. – 2011. – С. 151-164.

19. Алибек С.С. «Вторая революция в Средней Азии»: Присоединение Сырдарьинской и Семиреченской областей к Казахской АССР // Вестник РУДН, Серия. История России. – 2008. – № 1. – 106-108.

20. ҚРОМА 5-к., 18-т., 907-іс

21. ҚРОМА 5-к., 18-т., 907-іс, 1 п. кб.

22. ҚРОМА 5-к., 18-т., 907-іс, 1-2 п. кб.

5.12 АСЫЛБЕК СЕЙІТОВ

Өзінің сан ғасырлық қайғы-қасіретке толы тарихында қазақ халқы тағдырдың талай тәлкегіне түсіп көптеген оқиғаларды басынан кешірді. Кешегі тоталитаризм заманында бостандықты, азаттықты, теңдікті аңсаған, сол үшін жан аямай күрескен ата-бабаларымыздың тарихы Ресей тарихнамасының ықпалында, отаршыл идеологияның темір құрсауында бұрмаланып жазылды. Қазақтың сан ғасырлық бай тарихын, мазмұнды мәдениетін, асыл мұрасын ардақтаған, насихаттаған абзал азаматтар аталмады. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері отандық тарихты зерттеу жолында көптеген игі істер жасалып жатыр. Соның бірі – кеңестік саясат пен коммунистік идеология шеңберінде бұрмаланып жазылып келген төл тарихымыздың ақтаңдақ мәселелерін шындық негізінде қайта жазуға мүмкіндік туды. Қазіргі таңда бұрын зерттеуге тыйым салынған ұлттық тарихтың құндылықтары терең талдау арқылы ой елегінен өткізіліп, өзінің лайықты бағасын алуда.

Тәуелсіздік жолына түсіп, өркениетті елдердің қатарына қосылу әрекетіне кіріскен Қазақстан Республикасы үшін алдына қойған мақсаттарға жетудің кепілдіктерінің бірі – халықтың өз тарихын терең игеруі, тарих тағылымын жадында ұстауы. Ел Президентінің арнайы жарлығымен 1997 жылдың «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу», 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жылдың «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы» деп жариялануы тарихи танымның қоғамдық дамудағы алатын орнын терең ұғынудан туған шара екендігі даусыз. Өйткені, бүгінгі алдымыздағы тұрған көптеген қоғамдық мәселелердің түптамыры тарих қойнауында жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Ұлттық сипаттың барлық көріністері үшін тоталитаризм әсіресе апатты болды. Жүздеген және мыңдаған жылдар бойындағы ұлттық тарих оның небір нәзік, небір айшықтарымен қоса соншалықты өрескел озбырлыққа душар болды. Небір кемеңгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шеңберінде түк құны жоқ қайдағы бір «жабайы тағылық» ретінде қайта жазылды. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұсқадан біз әлі арыла алмай келеміз», – деп тарихты танып-білуге таптық әдістің тигізген зардабы турасында жазған еді [1].

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, яғни елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы дербес мемлекеттігін құру, бүгін де, ғасыр соңында күн тәртібінен түсе қойған жоқ, тіптен ең зәру мәселеге айналып отыр. Олай болса, ғасыр басындағы дағдарыстан шығудың жолын қарастырған алаш көсемдерінің теориялық ізденістері, практикалық қызметі бүгін де өз мәнін жойған жоқ.

Алаш – XX ғасырдың басында қазақтың азаттығы үшін саясатмайданында күрескен қайраткерлердің мықты толқыны. Атап айтқанда Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы, Е. Омаров, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, Халел, Жалел Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, С. Садуақасов, Т. Тілжанов секілді ірі қоғам қайраткерлері өз халқына өлшеусіз еңбек сіңірді. Олар ағартушылық қызметті қазақтың саяси тынысы мен әлеуметтік тіршілігіндегі ең қажет, ең игілікті әрекет деп қабылдады және оқу-ағарту жұмысы туған халқына теңдік, азаттық, бостандық алып беретін бірден-бір эволюциялық жол деп ұғынды. Олар 1917 жылдың ақпан, қазан төңкерістерінен кейін монархиялықтан республикалық билік жүйесіне көшкен Ресейдің құрамында «Алаш» автономиялы республикасын құрады. Бірақ, Алаш автономиясының өмірі ұзаққа бармады. Ресей патшалығының отарында болған өлкелерге коммунизм идеясымен «қаруланған» большевиктер билігі толық орныққаннан кейін, кейбір зиялылар ел мүддесі үшін коммунистік партияның мүшелігіне өтіп, халқына қызмет етуді жалғастырады. Ендігі бір топ алаштықтар большевиктер партиясына өтпегендіктен биліктен аластатылып, олар елге деген қызметтерін оқу-ағарту, денсаулық салаларында жалғастырады.

Алаш зиялыларының қатарында А. Сейітовтың алатын орны ерекше. Ол – орысша білім алған,қоғам қайраткері, дәрігер. Асылбек Сейітов – өте күрделі де қиын ғұмыр кешкен тұлға. Асылбек Сейітов сынды патриот, ұлтжанды қайраткердің қызметін шынайы, объективті бағалау бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның жеткіншектерін патриотизмге, ұлттық рухқа тәрбиелеу үшін аса қажет.

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіздігімізді тұғырына қондырған кезеңде Алаш арыстарына деген құрмет те ерекше бола түспек. Бүгінгі таңда Алаш қайраткерлерінің есімдерін түгендеу, кітаптарға, жинақтарға енгізу, еңбектерін жария ету жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатса да, бұл қозғалыстың идеяларының өмірлік негізінің өміршеңдігінен, сондай-ақ халықтың сана-сезімінің жаңа сапаға көтерілуінен, оның өзінің жүріп өткен тарихи жолына деген қызығушылығының арта түсуінен туындап отыр.

Кеңестік идеологияның талабына сәйкес бұған дейін Асылбек Сейітов өмірі мен істеріне біржақты төңкерісшіл, «буржуазияшыл – ұлтшыл», «контрреволюцияшыл», «халық жауы» деген баға берілді.

Ғасырымыздың басында қазақ қоғамының жетекшісі, қолбасшысы болған зиялылар шоғырының қатарында А. Сейітов те халқын бостандыққа жеткізуге, тұрмыс жағдайын өзгертуге, денсаулығын жақсартуға, өркениет биігіне көтеруге бар ғұмырын арнаған.

Ол 1894 жылы 22 қаңтарда Омбыда Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесінде аудармашы қызметін атқарған Жұман Сейітовтың отбасында дүниеге келген. Жұман сол кездегі «қазақтарды шоқындыру» саясаты бойынша шіркеулік білім алғаннан кейін аудармашылар мектебіне түсіп, оны аяқтап, кейін қаланың генерал-губернаторы кеңсесіне тілмаш болып жұмысқа тұрады. Аудармашы, сол кезде тілмаш деп те атайтын қызмет жергілікті

және дала қазақтарының қызмет сатысындағы ең жоғары билік сатысы еді. 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформа қазақ даласының байырғы тұрғындарына қызметтік тұрғыдан өсуіне қатты тұсау салып, әкімшілік баспалдақтың биік тұғыры қазақтар үшін тілмаштықпен шектелді. Сейітовтер отбасының алыс-жақын туыстары Әйтпенов, Шорманов, Уәлиханов сынды қазақтың белгілі әулеттері болды. Өкінішке қарай, Жұман Сейітов дүниеден ерте өтіп, оның артында 26 жастағы жұбайы Қадиша Сейітова (Әйтпенова) 6 баламен жесір қалады. Өмірдің барлық ауыртпашылығы Қадишаның нәзік иығына түседі. Қадишаның шыққан ортасы да қазаққа белгілі әулет еді. Ол – Омбыда «Үш жүз» партиясын құрған Мұқан Әйтпеновтің бір ата-анадан туған қарындасы [2].

Омбының генерал-губернаторы Жұман қайтыс болғаннан кейін жесір ана Қадишаға үлкен үйін босатып қамқорлық жасайды. Қадиша сыйға берген үйін пансион етіп, оны оқуға келген балаларға жалға береді. Өздері 5 баласымен оның жанынан соғылған шағын үйде тұрады. Пансионнан түскен қаражатқа және патша қызметкерінің жесіріне беретін төлемақымен балаларын оқытады. Оларға сол тұстағы озық білім алуға жағдай жасайды. Сөйтіп, үлкен ұлы Сұлтанбек – топограф, Мұсылманбек – мұғалім, Асылбек пен Мұратбек – дәрігер мамандығын алады, ал ең кенжесі Омарбек жастайында қайтыс болып кеткен.

Аудармашы Жұманның соңында қалған балаларының ішінде ең таланттысы, алғыр дарындысы Асылбек Сейітов еді. Алғашқы сауатын шіркеу жанындағы жамағат мектебінен (приходская школа) ашқан ол келесі сатыда Омбының белгілі оқу орны – классикалық ерлер гимназиясына оқуға түседі. 1911 жылы он жеті жасында Омбының классикалық ерлер гимназиясын ойдағыдай бітіріп, бірден Томск Мемлекеттік университетінің медицина факультетіне түседі. 1916 жылы Асылбек Сейітов өзінің алғырлығының арқасында аталған жоғары оқу орнын сәтті тәмамдап, дәрігер мамандығын алып шығады [3]. Асылбектің қайраткерлігі студенттік кезінде-ақ көріне бастады. Ол «Қазақ» газетінің беттерінде қоғамдық ұйым құру, Ресей оқу орындарында білім алып жатқан жастарға қол ұшын созып, көмектесу мәселелерін қозғап, қоғамдық қор (жәмиғат) құру мәселесіне қатысты«Оқушыларға жәрдем жәмиғаты» деген мақаласын жазады. Ол өз мақаласын: «Қазаққа мұндай жәмиғат ашудың керектігін былтырғы жылы «Қазақ» газетасының бетінде Міржақып Дулатов бір жазып өтіп еді. Сонан бері бұл әңгімеден дәнеме естімедім. Мұндай жәмиғат ашыла қалса, халыққа зор пайда келтіруінде heш сөз жоқ. Қала сайынашылған орыс, поляк, еврей жәмиғаттарын былай қойып, өзіміздің ноғай бауырларымыздың ашқан жәмиғаттарына қарасақ, оқушыларға жәрдемін жыл сайын мыңдап жұмсап, өз пұлдарымен халыққа керекті мектептер ашып тұр», – дейді ол [4].

Ол кездің оқығандарының қай-қайсысы болсын елшілік мүддені ерте ойлап, халқына жан-жақты қызмет етуді айқын түсінген. 1916 жылы Әлихан Бөкейханмен кездесіп, «Алаш» партиясының белсенді мүшесінің бірі болып кіреді. Сол жылы бүкілресейлік санақтың Далалық өлкеде жүргізілген

науқанына қатысады. Бұл туралы С. Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романында былай жазған: «Ақмола уезінің барлық қазақ елін оңтүстікке және солтүстікке бөліп, екі жағына екі санақ комиссиясы шықты. Оңтүстікке шыққан санақ комиссиясының бастығы Томск университетін сол жылы ғана бітірген Асылбек Сейітұлы да, солтүстікке баратын санақ комиссиясының бастығы мен болдым», – деп жазады [5]. Асылбектің есімі Сәкен Сейфуллин кітабының он жерінде аталады екен. Бұдан біз оның елінің саяси-қоғамдық өміріне аса белсенді түрде араласқанын көреміз.

Ресейдегі Ақпан төңкерісі қазақ даласындағы ұлт-азаттық күрестің қоламтасын қозғап, саяси ой-санаға ұшқын тастады, дүр сілкіндірді. Әр қиырда бірінен соң бірі қазақ съездері өте бастады. Бәрінің мақсаты – бұрынғы патшалық билеу жүйесі күйрегеннен кейінгі жерде қазақ халқының жағдайы қандай болмағын талқылау, бүкіл ұлттың басын қосатын ортақ бағдарлама қалыптастыру еді.

Кеңес дәуіріндегі тарихи әдебиеттерде бұл съездердің бәрі большевик саясатына қарсы, ұлтшылдар мен «халық жауларының» жиындары деп бағаланып келді. Шынында, бұл съездерде большевик, социализм... деген сөздер жоқ, тек қана ұлт бірлігі, оның амандығы мен келешегі туралы адал ниеттен шыққан пікірлер айтылды. Өзге ұлттарға, басқа мемлекеттік, саяси құрылымдарға қарсы бағытталған әңгіме болған жоқ. Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін осы бір «облыстық съездер» деп аталған саяси-ұйымдастыру шараларының бағасы толық берілмей келеді. Ақиқаттан аттамай пайымдайтын болсақ, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы саналы, саяси қадамдары, көтерілген баспалдақтары осы съездер еді.

1917 жылғы сәуірдің 25-нен мамырдың 7-не дейін Омбы қаласында Ақмола облыстық қазақ съезі өтті. Съезді дайындаған – белгілі Алаш қайраткері Ережеп Итбаев бастаған ұйымдық комитет. Оған Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінен 250 делегат қатысты. Съезд төрағалығына заңгер Айдархан Тұрлыбаев, орынбасарлары болып Ережеп Итбаев пен Міржақып Дулатов, хатшылығына Мұхтар Саматов, Асылбек Сейітов және Тоқбаев сайланды. Бұл съезге Мағжан Жұмабаев қатысып, ол 7-8-мамырда Мәскеудегі бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануына байланысты, Омбыдан жедел жүріп кетті. Съезде соның алдында ғана өткен Орынбор және Орал қазақ съездерінің қараған мәселелері мен қабылдаған құжаттары талқыланды. Атап айтқанда: Қазақстанның барлық аймақтарында билікті қолына алатын қазақ комитеттерін құру, жалпықазақтық және жалпымұсылмандық съездер өткізу, Ресей Құрылтай жиналысына депутаттар сайлау мәселелері сөз болды. Қорытынды мәжілісте он адамнан Омбы облыстық қазақ комитеті құрылды.

Асылбек Сейітов Ақмола облысының қазақ комитетін құру жұмысына араласып, комитет төрағасының орынбасары болады. Ол 1917 жылы Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақтық съезге делегат ретінде қатысты. Съезд президиумының төрағасы Халел Досмұхамедұлы, қосалқы төрағалар Ахмет Байтұрсынұлы, әл-Мұхамед Көтібаруұлы, ал

хатшылық қызметті Міржақып Дулатұлымен бірге Асылбек Жұманұлы атқарды. Сол жылдың тамыз айында Ақмолада «Алаш» партиясын құру туралы қаулы қабылдаған уездік съезд өтіп,оның жұмысына Асылбек Сейітов қатысқан. Алаш партиясының № 5 сайлау округінің құрылтай жиналысына үміткерлер тізімінде Әлихан Бөкейхан, Айдархан Тұрлыбек, Әлімхан Ермек, Халел Ғаббастан соң Асылбек Сейітовтің есімі тұр [2]. Сол жылдың күз айында Асылбек Сейітов «Алаш» партиясының ұсынуымен Ақмола облысының атынан Құрылтай жиналысына делегат болып сайланады. «Қазақ» газетінде

«Алаш» партиясының атынан Құрылтай жиналысына ұсынылған депутаттардың тізімі жарияланып, оларға сипаттама беріледі. Онда А. Сейітов туралы былай делінген: «Асылбек Сейітов – жас доктор, қыз мінезді, ақ қағаздан ақ, ұлтшыл жас. Областной казак комитетінде председатель орынбасары» [6].

Асылбек және оның туған ағайындары жастар ұйымдарының жұмыстарына да белсенді түрде араласты. 1918 жылы Омбыда құрылған жастардың «Бірлік» ұйымы жетекшілерінің бірі Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер еді. Асылбектің туған ағасы Сейітов Мұсылманбек Жұманұлы 1887 жылы 15-ші шілде күні дүниеге келген экономист, «Алаш» қозғалысының қайраткері еді. Мұсылманбек Сейітов Омбы мұғалімдер семинариясын бітіріп, «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі болып қана қоймай, сонымен қатар «Балапан» журналын шығаруға қатысты. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Омбы облыстық қазақ комитетінің мүшесі ретінде саяси қызметін бастады. Мұсылманбек Сейітов Омбы облысының тұңғыш Жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат болып ұсынылды. Совет өкіметі орнағаннан кейін Омбыда мұғалім, кейіннен Павлодар облысында экономист қызметтерін атқарды [7]. Көріп отырғандарыңыздай, Асылбек Сейітовтың бауырлары да халқы үшін, елі үшін аянбай еңбек еткен жандар.

Сейітовтердің тағы бір алғыры, оқығаны, көзі ашық көкірегі ояу Мұратбек Сейітов болатын. Ол 1899 жылы 14-ші желтоқсанда дүниеге келген. Ол сол уақытта Семейде құрылған «Жас азамат» ұйымы құрылып, оның құрамына мүше болып кірді. Мұратбек Сейітов Омбыдағы 8 басқыш коммерция училищесін, сосын осы қаладағы дәрігерлік институтты тәмамдаған. Ол аса күрделі операцияларды батыл жасауымен атаққа ілінген, сол үшін медальмен, 1936 жылы Қазақстанның 15 жылдық тойында орденмен марапатталған. Мұратбекті Москва институты жұмысқа шақырған [8].

Асылбек Сейітов қазақ зиялы қауымының жаңадан бой көтеріп келе жатқан өкілі ретінде өз халқының болашағын ойлап, өзінің ізбасарлары, талантты жастарға көңіл бөліп, қазақ жастарын білім алуға шақырады. Патшалық әкімшіліктің бодандық бұғауынан құтылудың жалғыз ғана жолы білімде екенін түсіндірді. Асылбек Сейітов қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевпен дос болып, жас айырмашылықтарына қарамастан, қазақ арыстары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовпен рухани жақындықта ғұмыр кешті.

Баршаға белгілі жайт, Кеңес өкіметінің тұсында алашордашыларды билікке жібермеді. Ешкім оларға сенім білдірмеді. Бірақ білімді, сауатты мамандар жетіспегендіктен жаңа құрылып жатқан Кеңес үкіметі идеялық өзгешіліктеріне қарамастан қазақ зиялыларының білімін пайдалануға мәжбүр болды. Ал ондай адамдардың легі «Алаш» оқығандарының ішінде еді. Омбының классикалық ерлер гимназиясын ойдағыдай бітіріп, сосын Томск Мемлекеттік университетінің медицина факультетінде дәрігерлік мамандық алған, бірнеше шетел тілдерін меңгерген білімді дәрігер Асылбек Сейітов халықтық денсаулық саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етеді. Ол алғашқыда аз уақыт Омбыда, одан кейін Баянауылда дәрігер, бұдан соң Павлодар губерниясы Баянауыл аудандық ауруханасының басшысы болады. 1922 жылдан бастап 15 жыл бойы ол Семей қаласындағы денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

Асылбек Сейітов бастамасымен туберкулез дертін емдейтін «Березовка» шипажайы мен «Ауыл» курорты құрылды. Ол Республика денсаулық сақтау саласының көрнекті ұйымдастырушысы ретінде ҚазАССР-дің алғашқы астанасы Орынборда өткен дәрігерлердің бірінші съезінің және бірінші Кеңестер съезінің делегаты болып қатысады.

XX ғасырдың бас кезінде «Қазақ», «Айқап», «Таң» секілді басылымдарға халқының мұң-мұқтажын көтеретін мақалаларды үздіксіз жазып тұрған ұлтжанды, оқыған, зиялы азамат Асылбек Сейітов еді. Ақ халатты абзал жан тек дәрігер ғана емес, сонымен қатар түрлі аурулардың алдын алу, оларды емдеу жолдары мен күтімі туралы, оқу-ағарту ісіне де қатысты мақалалар жазып отырған. 1925 жылы «Таң» журналының № 1 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» Асылбек Сейітовтің «Құрт ауру», яғни туберкулез туралы мақаласы және 1925 жылы «Таң» журналының № 2 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» оның «Құрт ауру» – «Балалар арасындағы құрт ауруы» деген мақаласы, 1925 жылы «Таң» журналының № 4 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» оның «Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласы жарық көреді [9].

1925 ж. «Таң» журналының № 1 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» Асылбек Сейітовтің «Құрт ауру» деген ауқымды мақаласы бірнеше бөлімдерге бөлінген: құрт ауру тұрмыстың жайсыздығынан күшейетін науқас; құрт аурудың себепкері, аурудың түрлері; құрт ауру өкпеде қандай өзгеріс жасайды?; құрт ауру өкпеге қалай жабысады?; өкпеге жабысқан құрт ауру қалай білінеді?; өкпеге жабысқан құрт аурудан болатын қосымша науқастар; адамның құрт ауру болған-болмағанын қалай айырады?

Ақпараттық-ағартушылық сипатта жазылған аталмыш мақаладан халық денсаулығына жаны ашитын білікті дәрігердің жанайқайы байқалады. Осы мақаланың жалғасы 1925 жылы «Таң» журналының № 2 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» оның «Құрт ауру» – «Балалар арасындағы құрт ауруы» деген атпен жарық көреді. Бұнда да автор көлемді мақаласын бірнеше бөлімге бөліп жазған: балалар арасындағы құрт ауру; ми қабына жабысқан туберкулез; буындарға, сүйекке жабысқан туберкулез; құрт ауруға бейімділік; құрт аурудан

қалай сақтану керек?; адамның денсаулығын күшейту; құрт ауру – жазылатын науқас; құрт аурулыларды емдейтін орындар; құрт аураға не ем жасалады?

Жұқпалы аурулардың өршуін тоқтату үшін алдын ала емдік шаралар жасап, баспасөз беттерінде көптеген мақалалар жазған, оқырмандардың медициналық сауатын көтеруге атсалысқан.

Асылбек Сейітов мақалалар жазумен ғана шектелген жоқ, өзінің сүйікті ісі дәрігерлік қызметін тастамай, оны да бірге атқарып жүрді. Асылбек Сейітовтың ел ішінде абыройы жоғары болғаны сонша, оның қолынан ем алып, өлім аузынан аман қалғандары есепсіз көп болды. Соның бірі ҚазПИ-дің доценті болған, тарихшы Сәдуақас Бакшилов былай деп жазған: «1929 жылы өкпе ауруынан өлім халіне жеткенімде, мені емдеп, қатарға қосқан Асылбек Сейітов ағамыз еді. Ол кісі өте мейірімді, ақкөңіл, жұмсақ мінезді адам болатын» дейді. Асылбек Сейітовтың өзі де бір сөзінде: «Мен ең алдымен дәрігермін және менің басты міндетім – ем көрсету, көшпелі өмір салтынан түрлі ауруларға душар болатын халқымның денсаулығын сақтау, қорғау» деуі де тегін емес [10].

Осындай ардақты асылымыз халықтың тұрмысы нашар, безгек, тырысқақ сынды ауру жұрт ішін жайлап, жалмап бара жатқан тұста, аянбай еңбек етіп, адамдарды ажал аузынан алып қалуға көп септігін тигізді. Сондай ақ, 1925 жылы «Таң» журналының № 4 санында «Білім – тәрбие бөлімінде» оның «Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласы және оның жазғы оқытушылар курсына арналған «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек?» деген мақаласы жарық көреді. Бұл көлемді мақалалар бірнеше бөлімнен тұрады: балалар өлімі; әйел науқастары; жұқпалы науқастар (құрт ауруы, мерез); тері науқастары.

«Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы» атты мақаласында Асылбек Сейітов өз сөзін «Қазақ ішінде денсаулық жұмысы бұл күнге шейін тіпті жүргізілмеді деуге болады. Ел арасындағы аурулар туралы жиналған мағлұмат жоқтың қасында. Қазақтың тұрмыс салтының денсаулық сақтау ғылымы айтатын түзу жолға қандай жерлері үлеспейтінін әдейілеп қарастырған бір дәрігер жоқ», – деп бастай келе, қазақ арасындағы балалар және әйелдер өліміне қатысты әлемдегі статистикалық мәліметтерді келтіреді, соның негізінде ел ішіндегі денсаулық шараларына қатысты көкейкесті мәселелерді қозғайды. Қазақ арасында өзге елдермен салыстырғанда балалар мен әйелдердің өлімі өте жоғары екенін нақты сандармен көрсетеді. Соның ішінде 1 жасқа жетпей шетінеп кететіні өте көп. Автор өз мақаласында бұл туралы мынадай деректе келтіреді: «... жалпы совет Русиясының аймағын алсақ, бір жылда туған балалардың бір жасқа жетпей әр түрлі аурудан 100-ден 25-і өліп отырады. Біздің губерниядағы санақ бөлімінің айтуына қарағанда Семей губерниясындағы қазақтан туған баланың 100-нен бір жасқа жетпей өлетіні 48, – дей келе, Европа елдеріндегі санақты да салыстырып айта кетеді: «...Германияда 100 баладан 1 жасқа жетпей өлетіні 17 бала, Францияда – 13, Англияда – 11, Швеция, Норвегияларда – 7 бала», – деп өлімнің шет мемлекеттерде аз болуы, ол мемлекеттердің

тазалығында, оқығандығында, бала күтімінің жоғары болуында деп жазады. Ал «Әйел науқастары» атты мақаласында қазақ әйелдерінің ішінде науқас әйелдер көптігін, не себептен ауыратындықтарына тоқталып, олардың алдын алу мен емдеу шараларына байланысты өз ойын білдіреді. Бала өлімін азайту, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін ұсыныстар енгізеді: «Бірінші, сондай жұқпалы дерттердің жалпы халық арасына жайылмауына қам істелу болса, екіншісі, ел ішінде жас балаларды түзу тәрбиелеу туралы білім таратып, балалар тәрбиелеуін көрсететін үлгілі тәрбие орындарын ашу керек», – десе қазақ әйелдерінің өлімін азайту үшін, олармен күресудің түзу жолы: «Бірінші, әйелді жастай күйеуге беруді тиятын заңды берік тұтыну. Халыққа ол заңның түпкі мағынасын түсіндіру, екінші, қазақ арасында әйелдерге үлгі көрсетіп, түзу босанудың тәртібін түсіндіретін аналар үйін (екі қабат әйелдер босанарда жататын үй) және үйді үйге барып жәрдем ететін акушеркалар (босанған әйелге жәрдем ететін әйел дәрігер) көмегін жетістіру», – деп ашып айтқан болатын.

Дәрігер Асылбек Сейітов шешек ауруына қарсы екпе егу қажеттігін, құрт ауруын емдеуге арнайы диспансер салу қажеттігін, тері ауруларын болдырмау үшін тазалық керектігін, монша салу жұмыстарын жолға қоюды ұсынады.

Сонымен қатар, ақ халатты абзал жан өз халқының денсаулығы жайлы ғана емес, білім, ағарту саласына қатысты өз ойларын білдірген тұлға. Асылбек Сейітовтың халық санасын ояту, білім, оқу, ағарту саласындағы ең алғашқы талпынысы студент кезінде-ақ басталған еді. 1914 жылы «Қазақ» газетінің бетінде оның «Оқушыларға жәрдсм жәмиғаты» деген мақаласы басылып шығады. Ал 1925 жылы «Таң» журналында оның жазғы оқытушылар курсына арналған «Ағарту жолында не шара қолдануымыз керек» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақалада дәрігер Асылбек Кеңес үкіметі қолға алып жатқан оқу ісінің бағдарламасының маңызын түсіндіруге ұмтылады. Бұрынғы оқу мен Кеңес кезіндегі білім саясатының айырмашылығын көрсетуге тырысып, мақаласын 3 тарауға бөліп қарастырып, оқылатын сабақтың мазмұны мынадай нәрселерге құрылуы тиіс деп санайды: біріншіден, баланың аймағындағы еңбек түрлері мен шаруа әдістерінен хабардар болуына жол ашылуы қажет; екіншіден, сол жердің шаруасы құрылған жаратылыс пен танысу, сырын білуі тиіс; үшіншіден, қоғамның тәртібі тұрмысынан хабардар болуы керек.

Автордың айтқысы келгені, «...Жаңа бағдарламаның Маркс, Ленин көрсеткен жолмен қойылуы осы. Баланың барлық білімі, саяси сезімі осы 3 нәрседен құралса, бала Ленин тәрбиесін алған еңбекші қоғамның бір толық мүшесі болып шығады»,– деп, жаңа бағдарламаны жүзеге асыруда мұғалімнің орны мен міндеті туралы да айқындай кетеді. Автор мұғалімнің міндеті ретінде бағдарламаның негізін түсінуі, өз аймағының шаруа мен жаратылыс ерекшеліктерін білуі тиіс екендігін, сонымен қатар, білім мен әдістемелік машықтарды үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін алға тартады.

Асылбек Сейітовтың бұл мақаласы Семей губерниясы мұғалімдерінің жазғы курсына арнайы жазылғандықтан білім жетілдіру мәселесі, курста жүргізілетін пәндер мен сағат көлемі туралы да мәлімет береді, оның мән-

маңызын айқындайды. 45 күндік курска 255 сағат уақыт шақталып, онда жалпы білім (әдебиеттану, математика) – 75 сағат, аймақтану – 94 сағат, тұрмыс жүйесі саясаты – 38 сағат, тәрбие негізі жаңа мектептің оқу жоспары – 1 сағат, оқу құралдарымен танысу – 48 сағатқа жоспарланғанын айта келе, осы жаңа курстан алған білімді оқушыларға қалай жеткізу керектігіне көңіл бөледі. Автор тіл сабақтарына қатысты өзінің пікірін білдіреді: «Ел мұғалімнің көбі балаға хат танытып жазу жаздыру һәм тіл жобаларын (тіл құрал) үйретуден әрі бара алмайды. Мектепте тіл сабақтары оқудан мақсат жалғыз хатқа жүйрік қылып шығару емес. Қалың елдің неше жүз жылдық тарихында теріліп келген көп әңгіме, киссалар, кестелі мағыналы сөздер бар. Аузында жүрген терілмеген тәртіпке салынбаған әңгімелерді мұғалімдер көбі естіген біледі, бұл әңгімелер бос әңгімелер ретінде олардың тарихи дәуірдің сәулесі есебінде қаралмай, сынға салынып, сол дәуірдің мәдениеті, тұрмысы, салты санасының айнасы екендігі ашылмай келеді» [9].

Осыдан-ақ Асылбек Сейітовтың тегін тұлға еместігін білеміз. Асыл азамат қайда қызмет істесе де өзіндік із, қолтаңба қалдыра білді. 1937 жылы Асылбек Сейітов Алматыдағы Денсаулық Халық комиссариаты жоспарлау бөлімінің меңгерушісі қызметіне шақырылады. Оған осы қызметімен қоса, Алматы қаласындағы темекі фабрикасының жанындағы қарасты дәрігерлік пункттің бас дәрігері міндетін атқару жүктеледі. Арада көп уақыт өтпей-ақ, осы емдеу мекемесінің негізінде шұғыл, яғни 1937 жылдың 25 қарашасына дейін көп салалы дәрігерлік көмек көрсететін емхана ашу жөнінде тапсырма беріледі. Алғашында кішігірім емделу орталығын бір қабатты ғимаратқа орналастырды, үш-төрт дәрігер 18 мыңға жуық адамға қызмет көрсетті. «Темекі фабрикасы» жанынан құрылған бұрынғы Ленин, қазіргі Жетісу ауданына қарасты № 5 емхананың директоры дәрігер А. Сейітовке осы жылдың 25 қарашасына дейін терапиялық, хирургиялық, неврологиялық, көз, тіс, құлақ, тамақ, мұрын, балаларға арналған (микропедиатрия), тері, гинекологиялық, зертхана, үйде көмек көрсету кабинеттерін ашу» туралы Алматы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің 1937 жылдың 22 қарашасындағы бұйрығы сақталып қалған. Бұл тапсырманы аскан дәлдікпен орындауға Асылбек Жұманұлының жиырма жылдық ұйымдастырушылық тәжірибесі көмектесті. Емхана ұжымы бірінші отырысында-ақ бас дәрігер етіп тағайындады. Алайда ол өз қолымен құрған емхананы бар болғаны 5-ақ күн басқарады. Сол жылдың 1-желтоқсанында жазықсыз, ешбір себепсіз тұткындалып, он жыл мерзімге хат алмасу құқығынсыз сотталады [11]. Бұл атылу жазасы болады деген сөз.

Жалғыз Асылбек қана емес, бүкіл Сейітовтер әулетінің қасіретті жылдары осы күннен басталады. Асылбектің ағасы, сол тұста білікті экономист Мұсылманбек те, Көкше өңірінде айтулы дәрігер інісі Мұратбек те бауырларының тағдырын құшып, ату жазасына кесілді. Сөйтіп, ағалы-інілі ағайынды 3 бірдей Сейітовтер репрессияға ұшырады. Асылбек атылған жылы оның соңында зар еңіреп аяулы жары Нәфия, он төрт жасар қызы Роза, әлі дүние есігін ашып үлгермеген іштегі нәресте Клара Асылбекқызы қалады.

Қайғы-қасіретке тап болған Асылбектің жары Нәфия Сәдуақасқызы Сейітова 1938 жылдың қаңтар айында қызы Розамен Омбы қаласына, Асылбектің туған жеріне қоныс аударады. Бірақ та күйеуі туралы жағымсыз хабар Омбыға бұлардан бұрын жетіп қойғандықтан, жерлестері «халық жауының» отбасынан бой тартады. Бір үйдің жертөлесінде тұрып жатқан орыс отбасы қол ұшын беріп, қамқорлығына алады. Нәфия Сәдуақасқызы босағаннан кейін сегіз айдан соң іш сүзегі аурынан қайтыс болады [12].

1937 жылдың азабын Сейітовтер тұқымы түгел тартты. Рауза Сәдуақасқызы 1907 жылы Омбы қаласында дүниеге келген күйеуі Мұратбектің қасында медбике болып қызмет атқаратын. Мұратбектің артынан әйелі Рауза Сәдуақасқызы АЛЖИР-де «отанын сатқандардың әйелдері» лагерінде 10 жыл азап шекті. Балалары Сүният пен қызы Надиғаш болса, естерін білмейтін шағында жетім балалар үйіне тапсырылып, сонда қайтыс болды делінеді [2].

Асылбек Сейітовты ату жазасына кескен «Үштіктің» шешімі бойынша оған: «Алашорда» партиясының белсенді мүшесі, Кеңес аппаратын басып алу және орыстарды Қазақстаннан аластату жоспарларын талқылау жиындарына қатысушы, 1927 жылы Кеңес билігінің салықтық шараларын орындамаған, 1930-1933 жылы ауылда дәрігер болып, Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді, халық жауы Бөкейхан және т.б. байланыста болып, «Қазақстандағы контрреволюциялық мәселелерді талқылады» деген айыптар тағылған.

Үш ағайындының не үшін атылғаны 1957 жылға дейін белгісіз болып келді. Сол жылы сәуір айында жеткен жылы хабар ғана Сейітовтердің жазықсыз екенін жария еткен. Оны дәлелдеп шығу Сейітов Асылбектің артында қалған жалғыз тұяғы Клара Асылбекқызына оңай тимеді. Клара Асылбекқызы әкесі Асылбек Жұманұлы жөніндегі деректерді іздестіре жүріп, оның қазақ халқының келешегі үшін атқарған қыруар шаруаларының куәсі бола білді. Әкесі тек халқының денсаулығын ойлаған ақ халатты абзал жан ғана емес, қоғам қайраткері, ұлтын сүйген, ұлтжанды перзент екеніне де көз жеткізді. Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллиндермен үзеңгілес болған Асылбек Сейітов сынды асыл азаматтар елі мен ұлтының келешегі үшін аянбай еңбек етті. Аға ұрпақтың сол ерлік ісін қазіргі өскелең ұрпақ ұмытпауы тиіс. Ұмытпайды да! Асылбек Сейітовтың да Қазақстанның денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі елеусіз, ескерусіз қалмауы керек. Ағайынды Сейітовтердің қазақ қоғамының қилы тарихында өзіндік із қалдырған тұлғалар екеніне ешкім таласа қоймас. Бірақ олардың есімін елі ұмытпауы үшін ұрпақ жадында жаңғыртып отыру қажет. Осындай жауапкершілікті істің басында әзірге Клара Асылбекқызының жалғыз өзі шырылдап, әке есімін ардақтау жолында өз ғұмырын кешіп келеді. 1999 жылы 12-ші ақпанда Клара апамыздың қолға алып, бастама көтеруімен бүгінде Қазақстан денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы, дәрігер, саяси қуғын-сүргін құрбаны Асылбек Жұманұлы Сейітовті есте қалдыру мақсатында, сондай-ақ ономастика жөніндегі қалалық комиссияның ұсынысын ескере отырып, Алматы қаласы, Жетісу ауданы М. Мақатаев көшесі,

141 мекен-жайында орналасқан аумақтық-диагностикалық № 5 емхананың ғимаратына осы емхананың негізін салушы А.Ж. Сейітовке мемориалдық тақта орнатылсын деген шешім қабылданған болатын. Сонымен қатар, Семей және Алматы қаласында А. Сейітовтің есімі берілген көшелербар. Алматыда ол кісінің атында «Таугүл-3» ықшамауданынан берілген көшенің ұзындығы 218 метрді құрайды. А.Ж. Сейітов туралы мақалалар «Простор», «Юридическая газета», «Новое поколение», «Семей таңы», «Алматы ақшамы» тәрізді газеттердің беттерінде жарық көрген. Сондай-ақ, «Алашорда», «Книга скорби», «Дорогами Гулага», «Страницы трагических судеб» сияқты жинақтарда Асылбек туралы айтылған үзінділер де, қызы Клараның 1998 жылы 20 маусымда «Жоқтау» жинағының тұсаукесерінде сөйлеген сөздері бар. Қызы Клараның әкесі туралы 1996-2001 жылдар аралығында жарияланған мақалалары 76 беттен тұрады. Кәсіби жазушылардың ішінен Асылбек Сейітов туралы ең алғаш 1998 жылы № 2 «Ақиқат» журналында белгілі жазушы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, (1970 ж.), Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен (1986 ж.), «Құрмет» орденімен (2001 ж.) марапатталған, 1997 жылдан бері Семей қаласының, Абыралы ауданының Құрметті азаматы Медеу Сапаұлы Сәрсекеев жазған болатын.

Сонымен қатар, ұлы тұлғаны көп зерттеген, ол туралы көптеген мақалалар жазып, сол кісіге қатысты құжаттар жинағын шығарып, осы кезге дейін зерттеумен айналысып келе жатқан тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры З.Е. Қабылдинов.

Жетпіс жылға жуық уақыт бойы А. Сейітов «Буржуазияшыл ұлтшыл», «халық жауы» – деп аталып, тарих көшінен тиісті орнын ала алмай келгені құпия емес. Бүгінгі ұрпақ үшін А. Сейітовтың қандай ауқымды тарихи міндетті орындағаны енді ғана белгілі болып отыр. Жоғарыда біз көрсеткен тарихи зерттеулер мен деректер Асылбек Сейітовтың «Алаш» қозғалысындағы өзіндік бір ерекше орны болғандығын және «Алаш» үкіметінің құрылуында белсенді қызмет атқарып, ата-бабамыз аңсаған азат ел болумен, өзінің тәуелсіз мемлекетін құру идеясына үлес қоскандығын айқын көрсетеді. Дегенмен де, тарихи зерттеулердің басым бөлігінде оның тұлғалық бейнесі толық ашылмай, аты аталмай келе жатқаны белгілі. Міне, сондықтан да Асылбек Сейітовтың тарих сахнасында деректік негізде шығуымен өзіндік тарихи бағасын алуы қазіргі күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі.

---

1. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында», – Алматы: Атамұра 2003 ж.– 222 б.

2. Асылбек Сеитов: патриот, общественный деятель, ученый. Сборник статей и архивных материалов, посвященный деятельности выдающегося алашского деятеля Асылбека Жумановича Сеитова, – Астана, 2013 – 20 – 54–153–154 б.

3. Алаш партиясының қайраткерлері, Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін мұражайы. – Шымкент, 2007 – 17 б.

4. Оқушыларға жәрдем жәмиғаты // Қазақ газеті – 1914 – № 55.

5. Сейфуллин С. Тернистый путь. Историко-мемуарный роман: рассказ. –Астана: Аударма, 2011 – 480 с.

6. Қазақ газеті. Құраст.: Ү. Сұханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы 1998 – 560 б.

7. Алаш. Алашорда [Мәтін] : энциклопедия. Құраст.: Ғ. Әнес, С. Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009 – 287 – 288 б.

8. https://yvision.kz/post/762232

9. Құрт ауру, Балалар арасындағы құрт ауру, Ел ішіндегі науқастар және денсаулық қорғау жұмысы // «Таң» журналы 1925 – № 1, № 2, № 4.

10. «Ана тілі» газеті. 2013 – № 15 (1169)

11. Алматы қаласының ішкі істер департаментінің арнайы мемлекеттік мұрағаты. 20 қ., 46 – 44 іс.

12. Кабульдинов З.Е. Сеитов Асылбек – достойный сын и патриот земли казахской // Алаш мұраты: тарихы мен тағылымы Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2009. 3-8 бб.

13. «Жоқтау» – (Воспоминания детей репрессированных казахстанцев). – Алматы, 1998 – 56 б.

14. Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архиві. – 357 жеке тектік қ., 1 т., 37 іс.

5.13 ДОСЫҒҰЛ ТЕМІРӘЛИЕВ

1920 жылдардың басында Қазақстанның Жер шаруашылығы комиссары және Қазақстан прокуратурасының ұлттық шоғырын құраған санаулы прокурорлар қатарында, өмір жолы мен қызметінің мән-мазмұны жағынан оқшау тұратыны осы Досығұл Темірәлиев деуге болады. Олай дейтініміз, ол Комиссар және прокуратура саласында бар болғаны екі-үш жыл қызмет атқарса да, соңында мол мұрағаттық құжаттарымен өзіндік із қалдырған, әрі 1920 жылдардың тарихындағы сирек кездесетін фото-суреттерде жиі бейнеленген адам. Ұшырасқан деректерден бір қарағаннан-ақ түйгеніміз, Досығұл азаматтық ұстамы биік, орыс-қазақ тіліне бірдей сауатты кісі болғанға ұқсайды. Қазақ Автономиялы өкіметінің органы «Советская степь» газетінде жарияланған мақалаларының бірінде ол: «егер қазақтардың (мен білетін губерниялар бойынша) пайдасындағы жер жайын алсақ, оның 80-90 пайызы жарамсыз жерлер: құмды, тақыр қырлар тек мал бағуға ғана жарайды. Қалған 10-20 пайызы ғана шөп шабуға және егін егуге қолайлы жерлер.

Ендеше мынадай сұрақтар туады: біріншіден, қай аймақтар бойынша қаншалықты нәтижелерге жете аламыз? Екіншіден, жер үлесінің көлемі мал басына әрі жан басына шаққанда қандай болуы тиіс» дейді [1]. Досығұлдың осындай бірқатар қарапайым пайымдауларының өзі-ақ оның ұлтына әркез бүйрегі бұратын, ел қамын ойлаған ұлтжанды қайраткер екендігінің дәлелі. Әйтсе де біз Досығұлдың атқарған азды-көпті қызметтерінің ішінде жоғары қоярымыз, оның губерниялық прокуратурадағы қызметі. Біз

оны республикалық прокуратура негізін қалаушылардың бірі, алғашқы қарлығашы деп танимыз. Ол 1920 жылдардағы саусақпен санарлық қазақ прокурорларының ішінде қабілеті мол, өзіндік ойы, қызметтегі қолтаңбасы бар губерния прокурорының бірі болып табылады.

Мұрағаттағы прокуратура қызметкерлеріне тиесілі хатталған деректерге сүйенсек, Досығұл Темірәліұлы Бөкей губерниясындағы Орда уезінің Қалмақ болысында 1886 жылы дүниеге келіпті [2]. Жасынан оқуға ынталы баланы туғандары Ордадағы Жәңгірдің мектебіне беруді ұйғарады. Батыс өңірінің талай маңдай алды зиялылары тәрбиеленген осы оқу ордасында Досығұл орыс тілімен қатар математика, география, шығыс тілдері және т.б. пәндерді оқып, нақты білімді игергені болар, бітіре салысымен бірден тілмаштық қызметке орналасады. Яғни, 1906-1912 жылдар аралығында Астрахань губерниясының Красноярк уезіндегі земстволық басшылар съезінде тілмаш әрі іс қағаздарын жүргізуші болып қызмет етті. Отаршылдық тамырын тереңге салған, кешегі қыпшақ даласы, кейінгі ноғай, қалмақ, башқұрт халқына құт мекен болған Еділдің батысында қызмет атқарған азды-көпті жылдар ішінде Ресей империясының отарлау саясатының астарына әбден қанығады. Көргентүйгені көп Досығұл 1912 жылдың ақпанында туған болысына қайтып келіп, жетік меңгерген тілмаштық қызметін жалғастырған. 1914 жылдың басында өзін алғаш рет саясатта сынамақ болып Таловка қамалының депутаттығына да өтеді. Алайда бұл әрекетінен еш нәтиже шығара алмаса керек, негізі бұл жиын орыс шенеуніктерінің ықпалына түсіп, уысында қала берген. Бір жылдан соң Хан ставкасындағы (деректегі атауды өзгертпей, беріп отырмыз. – Б.Қ.) уақытша съезге аудармашы болып, 1917 жылдың төңкерісіне дейін осы міндетін атқарыпты.

Ақпан төңкерісінен басталған аласапыран уақытта Темірәлиев Досығұл халық қызметіне бағытталған ұйымдардың бірі Хан ставкасының атқару комитетінің мүшесі және Қалмақ уездік құрылтайшы жер комитетіне мүше болып кіреді. Большевиктер қызметінен хабардар болғанымен Қазақстанда бұл ағым кең қанат жая қоймаған кезде Досығұл Алашшыл қайраткерлермен бірге әуелі жер мәселесін өзек еткен эсерлер партиясының жақтасы болады. 1917 жылдың өн бойында арпалыс кезінде большевик үгітшілеріне сеніп қалған және Б. Құлманов пен ОАК-не қарсы тұрған қазақ оқығандары – Сейіткерей Нұралыханов, Ишанғазы Саматов, Досығұл Темірәлиев, Ғабит Сарыбаев, Жұмағали Ізбасаров, Ғалым Сәлімов т.б. болды. Сол жылы маусымда осы топқа қарсы оңшыл эсер Қадыр Әзербаев, меньшевик Мұстафа Көкебаев, алашшыл Уәлитхан Танашевтің бастауымен «Жігер» үйірмесі құрылады. Бірақ жер мәселесін сол кездегі саяси жағдайлар одан сайын күрделендіріп жіберген болатын. Елде алып-сатарлық, азық-түлік тапшылығы одан сайын тереңдей түсті, қазақ жігіттерінің төзімі таусылып, жерді тартып алып, бөліске сала бастады. Кедейлер күндік аштан өліп, көштен қалмауы үшін жанталасты, яғни қарапайым халық та, оқыған зиялы топ мүшелері де бір-біріне сенімсіздік танытты.

Алайда, большевиктер шешуші билікті өз қолына алған соң олардың саяси қуаттылығы мен идеялық табандылығына сенген ол, бірден осы жолды таңдайды. Сөйтіп, ол Қазан төңкерісінен соңғы буырқанған саяси-әлеуметтік өзгерістерге белсене араласты.

1918 жылдың мамырында Досығұл Астрахань еңбекшілері мен халық депутаттарының съезіне қатысып, губатқару комитетінің мүшесі болып сайланды. Кеңес өкіметін Еділ мен Жайықтың арасын жайлағанқалың жұрт ішінде орнату үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген тынымсыз күндер басталды. 1918 жылдың соңында Қалмақ уезі бойынша қылмыстық тергеу комиссиясының төрағасы болып тағайындалған соң ұжым аппаратын қалыптастырып, аталған комиссияның қызметін жандандыруға тер төгеді. Бұл оның өміріндегі аса жауапты, өзінің жеке күш-жігері нәтижесінде атқарылған алғашқы шаруалары болатын.

1919 жылдың ақпан айында Д. Темірәлиевтің большевиктер партиясының мүшелігіне өтуі оның мемлекеттік қызметінің күрт өрлеуіне жол ашты. Ол 1919 жылдың қазан айынан Бөкей губерниясының төңкерістік трибуналының төрағасы, 1920 жылдың сәуір айында Губатқару комитетінің төрағасы болып сайланады.

1920 жылдың күзінде Қазақ Автономиялы Республикасының жариялануына орай Кеңестердің I жалпықазақтық құрылтай съезі өткені мәлім. Соған Бөкей губерниясының таңдаулы өкілдерімен бірге Досығұл Темірәлиевте съезд делегаты болып қатынасты. Қазақтың небір көрнекті шешендерінің сөзін тыңдап, пікір алысты. Жергілікті басқару аппаратын құру, территорияны айқындап жер мәселесін шешу жайлы ойларын ортаға салады. Съезд барысында Қазақ Орталық Атқару комитетінің 1-ші құрылған төралқа құрамына мүше болып сайланды. Бұл Досығұлдың өміріндегі халықтың арман-тілегін жақындатқан, елдің игі жақсыларының мүддесі бір жерден шыққан шабытқа толы ғажайып жылдар еді.

Қазақ елінің үкімет құрамы белгіленген жаңғыру тұсында Темірәлиев Досығұлға да жергілікті қауым сенім танытып, оны тағы да Бөкей губерниясы Атқару комитетінің төрағалығына сайлайды.

1921 жылдың мамырынан ол губерниялық Халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы, желтоқсан айынан оған губернияны Азық-түлікпен қамтамасыз ету комиссары жауапкершілігі жүктелді.

1922 жылдың қазанында үкімет ұзақ жылдық тәжірибесі бар жер мәселесін жетік білетін басшы ретінде Досығұлды Қазақ АССР-інің Жер ісі Халық комиссары лауазымына ұсынды. Бұл жер-су реформасының жоспарлы түрде қазаққа тиімді етіп жүзеге асырылуы көзделген жауапты жылдар еді. Досығұл қызметін мінсіз атқаруға бар күшін салып, баспа жүзінде Қазақстан үкіметінің жер саясатына қатысты ұстануға тиіс саясатының мазмұны мен астарын көрсететін орысша-қазақша мақалаларымен танылып үлгерген еді.

Алайда, осындай өткір пікірлерімен-ақ әрі жер бөлудегі батылдығымен Д. Темірәлиев отаршылдық пиғылдан арылмаған, шовинистік көзқарастағы басшылардың қырына ілінеді. 1923 жылдың 17-22 наурыз аралығында

Орынборда өткен облыстық партия ұйымының III-ші конференциясында РК(б) П Орталық Комитетінің өкілі Е.М. Ярославский, РК(б)П Қазақ бюросының мүшесі А.И. Вайнштейннің қазақ басшыларының қызметінен ұлтшылдықты іздеу бағытына қызу қарсы шыққандардың бірі осы Д. Темірәлиев болатын. Кейін: «Темірәлиев қызмет бабын пайдаланып, туыстарына көмектесті, ұлтшылдық көзқараста болды» деген жаламен айыпталып, осы жайлар оның қызметінен біржола кетуіне себепші болғаны мәлім. Біз аталған оқиғаға қатысты бірқатар арыздармен таныстық, ондағы келтірілген дәлелдердің негізсіз екеніне көз жеткіздік. Бір жағынан, отаршылдық заманнан жалғасқан әдет – қазақтың арызқойлығы да себепші болып, Досығұл жарты жылдай қызметсіз қалады. Сондықтан, ол туған өлкесі Бөкей ордасына қайта оралуға мәжбүр болады. Досығұлдың ешбір кінәсі дәлелденбегендіктен, 1924 жылдың 20 ақпанында губатқару комитетінің ұсынысы бойынша ол, Бөкей губерниясы прокурорының көмекшісі болып тағайындалды. Республикалық прокуратура құрылысы барысында іс білетін, құқықтық сауаты мен тәжірибесі бар, әсіресе, жергілікті ұлт өкілдерінен сот-прокуратура қызметкерлерін іріктеу оңай шаруа емес-ті. Бұл тұрғыдан алғанда Досығұлдың кәсіби сапалары талапқа сай, жоғарғы лауазымды атқару мүмкіндігі мол болатын.

Көп кешікпей Д.Темірәлиевке Бөкей губерниясының прокуроры міндетін уақытша атқару туралы Республика прокуроры Нығмет Нұрмақовтың 1924 жылы 17 сәуірде бұйрығы шықты [3]. Сондай-ақ, губернияның уездік орталықтары, ірі болыстарында өтетін көшпелі сот процестеріне қатысу прокуратура тарапынан үнемі Д. Темірәлиевке жүктеліп отырғанын мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. Қысқаша айтқанда, Темірәлиев Досығұл үшін туған өлкесінде қызмет еткен жылдар өте жемісті өтті. Сол тұстағы Бөкей губерниясының прокуроры Судоргиннің өзі ол жайында былай дейді: «Несмотря на короткое время работы в прокуратурс (Темиралиев) проявил себя вполне работоспособным, старательным и безукоризненным работником, превосходно освоился с работою. Имеет организаторские и административные способности, энергичен, вполне дисциплинирован, в политическом отношении тверд и устойчив, выдержан, умеет владеть собою». Бұл орталық прокуратураға түсіп отыратын құпия мінездемелерінің бірі ғана. Ақиқаты, ірі-кішілі қызметтерде сыналып үлгерген Досығұлға құқық саласындағы таныс қызметті атқару көп қиындық тудыра қойған жоқ.

Құқық саласындағы сыннан сүрінбей өткен Досығұл енді 1924 жылдың күзінде Ақтөбе губерниясының прокуроры міндетіне ауыстырылды. Сөйтіп, Темірәлиев Досығұл Қазақстан прокуратурасы тарихындағы губерниялық қазақ прокурорларының ішінде Орал, кейін Ақмола губернияларының прокуроры болған Ыдырыс Мұстамбаевтан кейінгі губерния прокуратурасын басқарған қандасымыз болды.

Ол кезде Ақтөбе губерниясы 4 уезден тұратын: Ақтөбе уезі 27 болысты, Темір уезі 14 болысты, Шалқар уезі 6 болысты, Торғай уезі 8 болысты құраған. Жалпы тұрғыны 336 246 болып табылатын аймақта 11 сот, 8

тергеу участогі бар еді [4]. Негізінен, қазақтар тұратын бұл уездердегі прокуратура қызметін тұрақтандыруға мол күш жұмсаған Досығұл үнемі халықпен қоян-қолтық араласып, олардың мұң-мұқтажына айрықша көңіл бөлді. Елдің ауыр экономикалық ахуалынан туған қылмыстың түрлеріне (ұрлық, барымта және парақорлық т.б.) аса ыждаһаттылықпен қарауды, қылмысқа итермелеген әлеуметтік көздерді ескеруді көмекші уездік прокурорлардан талап етті.

Д. Темірәлиевтің тізген есептеріне сүйенсек, губернияда тіркелген қылмыстардың 38,9 пайызын мүліктік қылмыстар (көбінесе мал ұрлау), 31,6 пайызын қызмет бабында жасалған қылмыстар, 12,9 пайызын адам өміріне қарсы бағытталған қылмыстар құраған екен.

Ақмола, Семей және т.б. губерниялармен салыстырғанда Ақтөбе губерниясының артта қалған аймақтардың бірі болғанын айтсақ, Д. Темірәлиевтің жауапкершілік жүгінің ауыр болғандығын бағамдауға болар, және де губерниялық әрі уездегі прокуратураның жауапты қызметкерлерінің жиі ауысуы да жұмыстың бірқалыптығына кері әсер тигізгені айқын. Мысалы, Д. Темірәлиевтің берген мәліметтерінде хабарланғаны, 1 жылға таяу уақыт ішінде губерниялық прокуратурасының басқарма құрамында 8 адам ауысып үлгеріпті.

Қысқа мерзім ішінде прокурор Темірәлиев Досығұл өзіндік жұмыс істеу тәсілін қалыптастырды. Прокуратура (губерниялық, уездік) құрамын түгелдей дерлік қазақтандыруға қол жеткізіп, қазақ тілінде іс жүргізуге көшірді. Халық арасында құқықтық насихат жұмыстарын (лекция оқу, жиналыс өткізу және т.б.) жүргізуді ұйымдастырды. Газет-журналдармен тығыз байланыста болу, сауалдарға жауап беру, орын алған оқиғалар бойынша іс қозғау, жалпы қадағалау мәселелерін күшейтті.

Темірәлиев Досығұл көбінесе уездерге басшылыққа алынуы тиіс өз нұсқау-хаттарымен бағыт-бағдар беріп отырған. Кейбір құжаттардың мазмұны бүгінгі күнмен үндесіп жататын тұстары да баршылық. Мысалы, 1925 жылдың 11 ақпанында уездік прокурорларға былай деп хат жолдапты: «Маған түскен соңғы мәліметтер бойынша мектептерге дін иелері келіп, мұсылманша немесе христианша дәріс оқып жүргені айтылады. Бұл Қылмыстық кодекстің 121-бабына сәйкес заңға қайшы. Біз шіркеуді мемлекеттен бөлгенбіз. Осы жайлар міндетті түрде ескерілуі керек. Айыптылар жауапқа тартылып, жазалануы тиіс» дейді [5].

1925 жылдың ортасында Қазақстанның территориялық бірігуінің аяқталып, қайта құрулар жүріп жатқан тұста Д.Темірәлиев қайтадан губерниялық комитетінің өтінішімен шаруашылықты басқаруға жіберіледі. Бұл оның халық шаруашылығы қызметіне біржола ауысқан кезі еді.

Өкінішке орай, Д. Темірәлиевтің кейінгі қызметтері туралы мәліметтерді кездестіре алмадық. Бір жай ғана анық, Ф.И. Голощекин және оны жақтаушылардың Қазақстандағы жер саясатында отаршылдық мүдде тұрғысынан діттегені жүзеге асқан шақта Н. Нұрмақов (Халком кеңесінің төрағасы), С. Қаратілеуов (Жер ісі комиссары), Ж. Сұлтанбеков (Халық

шаруашылығы мекемесінің бастығы) сияқты көптеген басшы азаматтармен бірге Досығұл Темірәлиев те сыналып, ұлтшыл ретінде айыпталған соң оның қызметтен шеттетілуі де түсінікті болатын. Кейін Сталиндік қызыл террор жылдарында «халық жауы» деген желеумен қазақтың талай асыл тектілері атылып жатқан тұста, кешегі ҚАКСР Жер ісі комиссары, губерния прокуроры болған Досығұл Темірәлиевтің де аман қалуы екі талай еді...

1. Темиралиев Д. О киргизском землеустройстве (в порядке обсуждения) // Советская степь. – 3 февраля. – 1925. – С. 3. (№ 360)

2. Қазақстан Республикасының Орталық архиві, 1541 – қор, 1 тізбе, 6676-іс, 1-12 п.п.

3. Бұл да сонда, 12 п.

4. ҚРОМА, 1380-қ., 1-т., 23-іс, 158 п.

5. Бұл да сонда, 77-іс, 19 п.

5.14 АЙДАРХАН ТҰРЛЫБАЕВ

Айдархан Тұрлыбаев барлық мұрағат деректерінде 1877 жылы 25 тамызда бұрынғы Ақмола облысы Көкшетау уезі Мезгіл болысына қарасты Арғын Қарауылдың алты ауылының № 1 ауылында дүниеге келген [1, 2-3-бб.]. Бұл қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Тайынша ауданы, Талап ауылы. Айдарханның шығу тегі халық тудырған тарихи түпдерек көзі шежіре бойынша ғылыми тұрғыда Арғын – Қодан– Дайыркожа (Ақжол) –Қарасопы (Қаракожа) – Қарақай (Қаратай) – Қарауыл – Жақсылық – Түгел – Құмаш – Жанғабыл – Қыдырбек – Шөмен – Тұрлыбай – Айдархан болып келеді [2]. Қарауыл руы – Арғынның Жетімомын деп аталатын тайпалар тобындағы жеті тайпаның бірі. Қарауыл Арғын ішіндегі саны жағынан да, алар орны жағынан да ірі рулардың біріне жатады. Ол қазақтың үш жүзінің басын қосқан ірі саяси тұлға, мемлекет қайраткері Абылай хан арқа сүйеген ру ретінде де белгілі. Аталған рудан ерлігіне елі сүйсінген батырлар, ел тізгінін қолына алған билер, бүкіл қазаққа өнерімен танымал болған небір дүлділ ақын, әншілер шыққан [3, 6-7-бб.].

Осындай атақты рудан шыққан А. Тұрлыбаевтың азамат ретінде қалыптасуына шешуші ықпал жасаған оның туып-өскен ортасы. Ол қаймағы бұзылмаған қазақтың көшпелі өмір салты жағдайында дүниеге келіп, қазақы тұрмысты бойына сіңірген. Көкшенің әртүрлі ландшафты жері болашақ заңгердің тумысынан оқуға зерек болуына өз әсерін тигізді. Сол уақыттағы Мезгіл болысының жері биші қайыңды орман, Сарыкөл, Жалғызтау мен сандал қайыңды қырқалардан тұрды. Міне, осындай ландшафта Айдарханның балалық шағы өтті. Сол жердің тумасы жазушы Сарбас Ақтаев: «Айдархан Мезгіл даласының Жорықсай ауылында дүниеге келді. Оның Жорықсай атануы да тегін емес айналасының бәрі алақандай көрінетін, еңістен жаугершілік уақытта жорыққа қамдануға таптырмайтын жер екені даусыз», деп жазған [4, 78-б.].

Айдарханның анасының есімі – Алтын. Тұрлыбай отырықшылыққа көшпеген, негізгі кәсібі мал шаруашылығымен, арасында қосалқы кәсіп ұсталықпен айналысқан қолы шебер болған, ол өнері кейін баласы Айдарханға да берілген. Оның ағаштан түйін түйетін шебер болғанын балалары мен немерелері өз естеліктерінде айтады. Мұрағат деректерінде Айдарханның әкесі, аталары туралы мәлімет жоқ, соған қарағанда саясатта шаруасы жоқ қарапайым жандар болған деп тұжырымдауымызға болады. Бірақ ол шыққан Қарауылдың Жақсылық руында атақты байлар аз болмаған. Ресей империясында мемлекеттік қызметтегі, шені хорунжи Шөбек Байсарин, қажы Зікірия Шалабай деген азаматтар Тұрлыбайдың туыстары болып келеді [4,78-б.].

Қолда бар мәліметтерге жүгінсек Айдархан атадан жалғыз емес. Айдархан Тұрлыбаев туралы естелік жазған сол уақытты көзімен көрген, Гүлнәр Дулатова былай деп жазады: «Тұрлыбайдың шаңырағына біткен бар байлығы-жеті баласы, Айдархан бесінші» [5, 263-б.], ал соңғы мәліметтерге сүйенсек Көкшетау қаласындағы А. Тұрлыбаевтардың немере туыстары Қалиоллиндер: «Айдархан үш ағайынды, ол, екінші бала», дейді. Қалай дегенмен де ол көп балалы үйде тәрбиеленген. Әкесі Тұрлыбайдың көзі ашық көкірегі ояу болса керек, заман ағымын түсініп, балаларының болашағын ойлап, іштерінде оқуға қабілетті Айдарханды әуелі ауылда сауатын аштырып, ауыл молдасынан хат танытып, кейін Көкшетау қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінің интернатында оқытады.

Оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына қалай түсті? – дегенде көкшетаулық ғалым Қадіржан Әбуов мынадай ел аузындағы мәліметті келтіреді: «Талап ауылының маңында Алабота деген жерде Шалабай деген қажы өмір сүрген. Оның 6 ұлы, бір қызы болыпты. Сол кезде жоғарыдан: «Байлар балаларын орыс мектебіне оқуға жіберсін», деген нұсқау келген. Сонда Шалабай қажы өз балаларын орыстанып кетеді – деп қауіптеніп, кедей Тұрлыбай отбасынан Айдарханды жіберген. Кім оқуға барады? – деген кезде, кішкентай қара домалақ бала – мен барамын – деп атып тұрған екен» [6, 143-б.]. Бұл ел аузындағы деректі Сарбас Ақтаевтың мақаласы қостай түседі. Ол кезде Мезгіл болысының алты ауылында да Қарауыл руының адамдары қоныстанған, бәрі бір-біріне туыс болып келеді. Сол уақыттағы әкімшілік жүйе туыстық қатынаспен бөлінетін. Сол себептен де, Сарбас Ақтаевтың жазғанында Шалабай қажы Шөбекке аталас, қажының алты баласы алысқа шығып оқуға ынта білдіре қоймапты, оның үстіне балаларын орыстанып кетуі мүмкін – деп, оған онша пейіл білдірмесе керек. Бірақ, әр болыстан оқуға бала жіберу керек, сол себептенде оқуға алғыр 11 жасар Айдарханды ауыл болып лайық деп тапқан. Кәрі құлақ, көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, қажы ілгері жердегі оқуға қайсың барғың келеді? – деп сұрағанда кішкентай қара домалақ бала: «Мен барайын, әлі де оқи түссем деймін», деп шыға келіпті [4,78-б.]. Біз осы екі фактіден Айдарханның есі кіріп қалған шағы, оны әкесімен бірге ауылдағы Шалабай қажы бастаған ақсақал-қарасақал кісілердің Ақмола облысының орталығы Омбы қаласындағы

гимназияға оқуға жіберуге рұқсатын беріп, Ақмола облысы стипендиясына ілігуге қам-қаракетін жасағанын аңғарамыз.

Десекте, Айдархан өзінің зеректігімен Омбы қаласындағы бірінші классикалық ерлер гимназиясына 1889 жылы оқуға түседі.

А. Тұрлыбаев гимназияға 11 жасында, яғни өзіндік ой-пікірі, көзқарасы әлі толық қалыптаспаған шағында келді. Бірақ жастайынан білімге құмар қабілетті, ынталы Айдархан өз тілінде оқыған қаладағы орыс балаларынан қалыспай бар күш-жігерін терең білім алуға жұмсады. Ол гимназияда жолдамамен немесе саяси көзқарасы үшін қуғынға ұшыраған, демократиялық бағыттағы орыс зиялыларынан білім алды. Олардың бірсыпырасы тек бағдарлама бойынша оқытылатын пән көлемінде дәріс беріп қана қоймай, сонымен қатар оқулық шеңберінен шығып, гимназистерге сабақ арасында саясаттан, дүниежүзілік азаттық қозғалысынан, Ресейдің орталық қалаларында болып жатқан саяси жағдайлардан мәліметтер беріп отырды.

Омбы гимназиясында (1889-1897) оқып шыққан соң, А. Тұрлыбаевқа оны үздік бітіргендігі туралы № 249 кәмелеттік аттестат беріледі [7, 29-п.]. А. Тұрлыбайұлының қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясының қазақ даласындағы отаршылдық әрекетінің күшеюі кезеңінде қалыптасты. XIX ғасырдың соңындағы қазақ даласын басқару жөніндегі реформаларына сай Ресей империясының құрамындағы Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуы көшпелі қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріне жат болды, сондықтан қазақ қоғамы өз ерекшелігінен ажырап жатты. Патша үкіметінің қазақ даласын отарлау саясаты рухани және мәдени құрылымын да айналып өтпеді, оның дамуына жасанды түрде шектеулер мен тежеулер қойып, барлық ұлттық ерекшеліктерді жою арқылы орыстандыру саясатын күшейтті. Қазақ даласында отарлау саясатын қарқындатуда империя мүддесін көздейтін білім беру орындары көптеп ашылды. Соның салдарынан білімге құштар қазақ жастары амалсыздан осындай білім ордаларында оқуға мәжбүр болды. Бұл білім ордалары қазақ балаларының діни сипаттағы тәрбиесіне, оларды орыстандыру әдістерін жетілдіру мәселелеріне көп көңіл бөлді. Осындай гимназиядан білім алған жас Айдархан империя заңдарын терең меңгеріп, оны отарлықтың азабын тартқан туған халқының мүддесіне пайдалану үшін империя астанасындағы өте беделді оқу орны Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға аттанады.

XIX-ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Санкт-Петербург университетінің студенттері Ресей қоғамының элитасына тиесілі болды. Олар Ресей білімі мен ғылымының көшбасшылығын құрап, ел тарихының негізгі тетігі болды. Сонымен қатар, олар империяның құрамында болған қазақ интеллигенциясының қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Императорлық университет қабырғасынан Қазақ елінің болашақ ғұлама ғалымдары мен мемлекетшіл саяси қайраткерлері шықты.

Зерттеуші А.А. Айтмухамбетовтың есептеуі бойынша, XIX ғасырдың соңы мен 1917 жылға дейін жоғары білім алған қазақ ұлтының өкілдері

көп болмаған [8, 22-б.]. Мұның негізгі себебі жоғары білім алушылардың қаржылық жағдайына байланысты. Біз карастырып отырған кезеңде оқу ақылы болғандықтан қазақ студенттері ата-анасының қаржысына немесе қазақ қауымының жүйелі түрде облыстарда білімге деп жиналған есебінен арнаулы стипендиямен білім алды. Оның өзі шектеулі, санаулы болды.

Осыған байланысты Айдар Айтмұхамбетов зерттеуінде: «Стипендиялық оқу жүйесі, қазақ студенттері қалыптасуының негізгі факторы болды», деп тұжырым жасайды [9, 3-б.]. Әрине, біз бұл пікірмен толықтай келісеміз. Аз қамтылған отбасыларындағы балаларды қаржылық мақсатта қамтамасыз ету үшін империяның барлық облыстары мен губернияларында стипендиялар бекітілді. Қазақ студенттерін қалыптастыру үшін, үкімет дәл осындай аналогта көмектесу әдісін енгізді. Қазақ тұрғындарының ақшалай төлемімен жинақталып, стипендиялар қалыптасты. Жиналған қаржы, аса бағалы құнды қағаздарға салынып, стипендиялық қордың негізгі көзіне айналды. Әр стипендияның атауы болды және ол бір адамға берілді. Облыстарда әр стипендия саны шектеулі болды. Жалпы әр стипендия бір адамды университет бағдарламасы жоспарында оқытуға тағайындалды. Негізінен стипендияның шынайы үміткерлері, аз қамтылған отбасыдан шыққан, болашағынан үміт күттіретін бозбалаларға бір-ақ рет берілді [9, 3-б.].

Негізінен жоғары оқу орнына гимназияны бітіргендер түсті. Міне, солардың бірі Ақмола облысынан түскен А. Тұрлыбаев болатын.

1897 жылы Омбы гимназиясын бітіре салысымен А. Тұрлыбаев заң факультетіне қабылдауын өтініп, өз қолымен өтініш жазды. Бұл оның университет мұрағатындағы жеке ісінде сол жылдың 23 тамызы күні жазылған күйінде сақтаулы тұр. Сонымен қатар, онда оның гимназия аттестаты, метркелік жеке куәлігі, үш дана фотокарточкасы бар [7, 20-п.]. Бұдан Айдарханның жоғары оқу орны мен мамандық таңдауға саналы түрде қадам жасағаны көрінеді. Сол кезде оның жасы 19-да болатын. Сол өтінішін жазғаннан екі күннен соң 25 тамызда А. Тұрлыбаевты студенттер қатарына қабылдайды [7, 26-п.]. Ол петербургтік студент атанды.

А. Тұрлыбаевтың университеттік ісінде оның өз қолымен жазған өтініштерінде қатысқан пәндер атауы, оқытушы-профессорлардың аты-жөні, сағат көлемі көрсетілген. Ол өте белсенді түрде И.Я. Фойницкий (Учение о наказании, Уголовное судопроизводство), Д.Д. Гриммь (Рим құқығының тарихы), Н.Л. Дювернуа (Азаматтық құқық), В.А. Лебедова (Қаржы құқығы), В.В. Ефимов (Догма Римского права), В.И. Сергеевич, П.И. Георгивский, А.А. Исаев (Саяси экономика), Ф.Ф. Мартенес (Халықаралық құқық), И.А. Ивановский (Орыс мемлекеттік құқығы), И.И. Кауфман (Статистика), В.Н. Латкин (Империя тұсындағы орыс құқығы), Николаевский (Рим құқы догмасы), Н.Д. Сергиевский (Қылмыстық құқық), М.И. Горчаков (Шіркеу құқығы), Циткович (Сауда құқығы), А.Х. Гольмстен (Азаматтық сот ісі), С.В. Ведров, В.Г. Ярлацкий (Полицейлік құқық) деген факультеттегі оқытушы-профессор құрамымен байланыс орнатты [7, 4, 9, 10, 11, 14, 23, 25, 37, 43, 44-пп.].

А. Тұрлыбаев Санкт-Петербургте оқыған жылдары қоғамдық жұмыстарға ден қоя бастады. Қазақ қауымының өкілдерімен белсенді түрде байланыс орнатты. Ол «Дала уәлаятының газетіне» штатқа алынып, тілші ретінде жұмыс істеді. Бұл газетпен А. Тұрлыбаевтан басқа қазақтың танымал қоғам қайраткерлері: С. Абселяков, О. Әлжанов, А. Ақынов, К. Болатов, Бекхожин, Бабай-Беркут, Р. Марсеков, Т. Норекенов, А. Нөгербеков, М. Сыздықов, Д. Тасболатов, С. Шорманов, Б. Шалыбековтер байланыс орнатты. Газеттің редакторлар құрамы, ұйымдасқан прогресшіл Қазақ қоғамдық қозғалысының ядросы болды. Мұрағат құжаттарын зерттегенде қазақ, түрік прогрессивтерімен Петербургтегі орыс либеральды өкілдерінің өзара байланысы көрінеді. Бұл қоғамдық қарым-қатынастың белсенді қатысушысы А. Тұрлыбаев болды [10, 600-п.].

А. Тұрлыбаевтың саяси сана-сезімінің өсіп-жетілуіне Санкт-Петербургтегі саяси оқиғалар зор ықпалын тигізді. Солардың бірі 1899 жылы 8 ақпанда университетте басталған студенттер қозғалысы еді деп айтуға болады. Десекте, А. Тұрлыбаевтың студенттік кезеңі университеттің бақылауында болды. Оның үстіне ол өзінің дарындылығымен, білімге құштарлығымен, қабілетімен университет ғалымдары мен басшыларының назарына ілігіп, 1902 жылы бірінші дәрежелі дипломмен бітіріп, X – дәрежедегі шен алып шығады.

Содан кейін ол Ақмола облысының орталығы Омбы қаласында Омбы, Тобыл аймақтық соты саласында сот қызметінің кіші кандидаты, азаматтық департамент хатшысының көмекшісі, колледждік хатшы, сот қызметінің жоғарғы кандидаты, дәрежелі кеңесші, сот, коллеждік ассесор, алқа кеңесшісі, Омбы аймақтық сотының мүшесі деген лауазымды қызметтер атқарады.

Омбы облыстық тарихи мұрағатындағы Айдархан Тұрлыбаевтың жеке ісінде: «1902 жылдың 8 шілдесіндегі Омбы Сот Палатасы аға төрағасының № 27 қаулысымен Омбы Сот Палатасы сот қызметіне кіші үміткер қызметіне қабылданады» [11, 3-п.] – делінген.

Кейін ол 1903 жылдың 1 сәуірінде «аға төрағаның бұйрығымен азаматтық іс-бойынша Хатшы көмекшісі қызметіне ауыстырылып, іс-сапарға жіберіледі» [11, 3-п.]. Жұмыс істеп жүрген жас маман пәтерде бірге тұрған досы Ж. Ақбаевпен байланысын үзген жоқ. Мәселен, өзінен бір курс төмен оқыған Ж. Ақбаев оқуын бітіретін кезде Омбы Сот Палатасында қызмет жасайтын досы А.Тұрлыбаевпен хат жазысып тұрған [12, 3-п.]. А. Тұрлыбаев келмей жатып, білім дәрежесін көрсету мақсатында 1904 жылы 23 ақпанда өз өтінішімен Омбы Сот Палатасының ерекше комиссиясы сынағынан өтеді, нәтижесінде 1904 жылдың 21 тамызында азаматтық ведомствосының № 64 бұйрығымен А. Тұрлыбаевқа Колледж хатшысы шені бекітіледі. Осы жылдың 1 желтоқсанынан өз өтініші бойынша азаматтық іс департаменті палатасындағы хатшы көмекшісі қызметінен босатылып, Тобыл Аймақтық сотының төрағасы қарамағына жіберіледі [11, 3-п.].

Құжаттарды зерделеп қарасақ оның лауазымдық өсуі жеке тұлғалық ерекшелігіне байланысты болғанын көреміз. Оны Тобыл үкіметі этникалық

ерекшелігіне байланысты Есіл уезіне жібереді. Есіл уезі Сібірдің басқа уездеріндегідей аграрлы болып есептелінетін. Онда 65 адам жұмыс істейтін 25 зауыт бар еді. Судья негізгі контингентті ұжымдық рухта қауымдасып өмір сүретін, отбасылық жауапкершілікке мән беретін әулеттерді құрайтын аграрлық өлкенің тұрғындарымен тіл табысып жұмыс істеуге тиіс болатын [13, 144-б.]. Судья А. Тұрлыбаев бұл үдеден шыға білді. Біз бұған деректі мәліметтерге талдау жасағанда көз жеткіздік.

Ал, 8 желтоқсанда А.Тұрлыбаевқа қызмет өтіліне байланысты Дәрежелі Кеңесші шені беріледі. Мәнсабы өскен А. Тұрлыбаевтың 1905 жылдың 14 қазанынан бастап Тобыл Аймақтық Сотының Ишим уезінің6 участогында Бітістіруші сот қызметіне кіріскені құжаттарда сақталған [11, 4-п.]. Басқа уездерге қарағанда Есіл уезінде шешімін тапқан сот істерінің саны анағұрлым көп болды. Атап айтқанда, Есіл соты тергеу дәйегі бойынша 1490 істі ашқан. Әрине, бұл жерде бірнеше участкеде қатар жұмыс істеген А. Тұрлыбаевтың еңбегінің зор болғандығы көрініп тұр [13, 144-б.]. Оның болашағы осылай айқындала түсті. Билік әртүрлі этниканы құрайтын халықпен жұмыс істеуге А. Тұрлыбаевтай маманның қажеттігін ескеріп отырды.

Біз зерттеп жатқан тұлғамыздың қызметтегі өсу жолын оның қажырлы еңбегінің арқасында деп тұжырым жасауға болады. Тобыл Аймақтық сотының жалпы жиналысының шешімімен 1906 жылы 9 желтоқсанда А. Тұрлыбаев Мемлекеттік Думаға сайлау ісі бойынша Ишим уезінің төрағасы болып іс-сапарға шығады [11, 4-п.]. Осы кезеңде А. Тұрлыбаев мемлекеттік маңызы бар саяси істі жауапкершілікпен атқара алатын сенімді мемлекеттік қызметкер ретінде көріне білді. Дерек көздеріне сүйенсек, қазақтан шыққан қызметкерлер арасында мұндай зор сенімге ие болғандар саны аз болған. Сібір жеріне келген басқа қызметкерлер сияқты жергілікті жердің менталитетін қабылдап, халықпен тез тіл табысты. Саяси науқаннан кейін 1907 жылы № 3 участокта қосымша Бітістіруші сот болып қызмет атқарды. 1908 жылы 18 ақпанда еңбек өтіліне байланысты оған Колледж Асессоры шені берілді [11, 4-п.].

Кейінірек Айдархан Тұрлыбаев Томск округтік сотында участкелік Бітістіруші сот қызметін жасады. Қайың уезі мен Қайың қаласының 2-участогында судьялық міндетін атқарды. Бұған Қайың қаласы, Қайың станциясы мен селосы Нижнекайнск, Қазан, Ново-Ярков, Булатов, Верхне-Игинск болыстары және әртүрлі ұлттар тұратын елді-мекендер кірді [13, 147-б.].

1910 жылы А. Тұрлыбаев Есіл уезінде ант берген заседатель міндетін атқарды. Сот істеріндегі жаңа жүйе бойынша ант берген заседательдердің деңгейі жоғарылады. Ант берген заседательдер сотталушының кінәлі немесе кінәсіздігін анықтады. Ал, жазаның шегін судьялар анықтады. Ант берген заседательдер мемлекеттік бақылаудың шартына сай саяси сенімді болуға тиіс. Олардың тізімін жергілікті басқарушылар жасады. А. Тұрлыбаев ант берген заседательдер қызметіне үміткер бола тұра өзінің білікті заңгер бола алатынына және таңдаған жолының дұрыс екендігіне деген сенімін жоғалтқан

жоқ. Барлық мінездемелік сипаты бойынша ол ұсынылған қызметке лайық болды. Сот туралы Заңға сәйкес ант-берген заседательге үміткер Тобыл немесе Томск губерниясының тұрғынының жеке иелігінде 20 десятина жері болуы керек. А. Тұрлыбаев бұл талапқа да сай келді. Ақмола және Семей облыстары бойынша християн емес ант-берген заседательдердің саны 25 пайыздан аспауы керекті. А. Тұрлыбаев орыс пен өзге ұлттардың саны көп Сібір жерінде еңбегімен зор табыстарға жеткендіктен, оған лауазымдық өсуге жол ашылды. Статистикалық мәлімдемелер бойынша сол кезде Есіл уезіндегі ант-берген заседательге лайық адамдардың саны 1179-ға жеткен екен. Бұл көрсеткіш губерния басшылығының уездегі ант берген заседательдер сотының ашылуындағы әрекетін аша түсті [13,145-б.].

Ант берген заседательдер төрағасын сайлау кезіне А. Тұрлыбаевпен бәсекеге түскендердің арасында оған тең келетін ешкім болған жоқ. Есіл уезінде А. Тұрлыбаев ұзақ жылдар бойғы құқықтық қызметі барысында өзін сауатты маман ретінде көрсете білген бірнеше жүздеген казактар мен этникалық жақындығы бар татарлардың әлеуметтік көмегіне сүйенді [13, 145-б.].

1911 жылдың 12 қыркүйегінде Омбы Сот Палатасы аға төрағасының № 69 бұйрығымен А. Тұрлыбаев Омбы қаласының 3-ші участогына 637 сот қызметіне тағайындалып, соттық қызметін 3-полицейлік бөлім территориясында атқарды. Оның қарамағындағы камерасы Мокрое көшесі Гасфорт үйі Корнеманда орналасты. Оған 1912 жылы 24 сәуірде Надворный советник шені берілді [11, 9-п.].

А. Тұрлыбаев 1914 жылдың 21 сәуірінде Томск аймақтық соты Томск уезінің 1 участогында бітістіруші сот қызметіне ауыстырылады [11, 23-п.]. Бұл қызметіне байланысты мұрағат қорынан А. Тұрлыбаевтың Омбы округтік сотының төрағасына қызметтік хатында мынадай мәліметтер кездеседі: Сібір теміржолы Тайга станциясында камерасы орналасқан Томск уезінің 1 участогына бітістіруші сот қызметіне тағайындалуыма байланысты жалақымның үштен бір бөлігін 217 статьяның негізінде беруіңізді сұраймын – деп өз қолымен жазған өтініші [14, 8-п.]. Бұл осы уақытқа дейін бізге жиені Ғалия Тұрлыбаева айтқан – А. Тұрлыбаев губернаторларға қарсы шыққандықтан Сібірдегі Тайга станциясына жер аударылды – деген мәліметін жоққа шығарады.

1915 жылдан бастап оның ант берген заседатель ретінде құқықтық қызметі жалғасады. Ол туралы Омбы мұрағатындағы табылған құжатта былай делінген: «Надворный советник А.Т. Тұрлыбаев Кеңеске өзін Омбы округі аймағының сот палатасына ант бергендердің қатарына қабылдауын сұрап өтінді. Сол Кеңеске А. Тұрлыбаев мырзаның адамгершілік қасиеттері және іс-әрекеттері туралы мәлімет беруіңізді сұрайды», деп жазылған [14, 43-п.]. Омбы округтік соты төрағасының жақсы пікірінен соң А. Тұрлыбаев туралы сол жылдың 5 желтоқсанындағы құжатта былай дейді: «...Омбы Сот Палатасының ант-берген заседательдер Кеңесінің шешімімен осы жылдың 30 қарашасында Юстиция Министрінің рұқсатымен

бұрынғы бітістіруші сот, надворный советник, мұсылман діниндегі А. Тұрлыбаев аталған аймақтағы Сот Палатасына ант бергендер қатарына қабылданды» [15, 43-п.]. Ол, тұрақты мекені етіп Омбы қаласын таңдап алып, 1916 жылдары осы қалада ант-берген заседатель ретінде танымал болды. Ол қазақ заңгерлері арасынан шыққан, санаулы адвокаттық іспен айналысқандардың бірі және бірегейі еді [16, 194-б.].

Бірінші Дүниежүзілік соғыс уақытында адвокаттардың қоғамдағы белсенділігі жоғарылады. Олар патриоттық рухта елдің материалдық жағдайын жақсарту мақсатында көптеген шаралар атқарды. Көпшілігі өз еріктерімен соғысқа аттанса, тылда қалғандары айлық жалақыларының бір бөлігін көмек ретінде қала әкімшілігі арқылы майданға жіберді. Қаладағы майданға кеткендердің отбасыларына, әлеуметтік тұрмысы төмендерге, жалпы соғыстан зардап шеккендерге тегін заң кеңестерін берді. Адвокаттар елдегі қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласып, мәдени-ағарту жұмыстарымен айналысты. Демократиялық қозғалысқа өз үлестерін қосты. Адвокаттар мен ант-берген заседательдар және көмекшілері өңірлік саяси партиялардың құрылымын құрды. Мәселен, П.В. Вологодский-кадет, Шатилов-эсер, Н.Я. Якушов, К.А. Попов – социал-демократиялық партиялардың жергілікті жердегі басшылары болды [17, 182-б.]. Бұлар оппозициялық қозғалыста өз жұмыстарын жүргізді. Міне, бұлардың қатарында А. Тұрлыбаевта болды. Біздіңше ол кадет партиясының құрамында болған және қаладағы қоғамдық өміргебелсене араласқан. Жоғарыда аты аталғандардың 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін белсенділігі тіптен артты.

Замандастарының айтуы бойынша сол кездегі зиялылар ортасы оны «Қазақтың Плевакосы» деп атады. Бұл жайында Гүлнар Дулатованың «Алаштың Айдарханы» естелігінде Омбылықтар оған шешен сөзді адвокат «Біздің Плевако», [5, 272-б.] деп баға бергені сөзімізді толықтыра түседі. А. Тұрлыбаевтың қайраткерлігі жөнінде 1917 жылы «Қазақ» газеті былай жазған еді: «Айдархан Тұрлыбаев – присяжный поверенный. Заң ғылымдарына жетік, іскер адам. Айдархан I-һәм II-Г. Думаға лайық еді...» [18, 415-б.]. Қарап отырсақ, Ақпан төңкерісіне дейін танымал болған А. Тұрлыбаевтың заңгерлік қыры көрінеді. Оның 1915 жылдан бастап присяжный поверенный және Омбы округтік сотының мүшесі ретінде қызметі саяси жағдайларға байланысты үзіліп-жалғанып, 1918 жылдың ортасына дейін жалғасқаны байқалады.

Қорыта айтқанда, казақтың дәстүрлі құқығының орнына империялық жалпыға бірдей заңдық жүйе енгізілген кезеңде, заңгерлікті оқыған қазақ зиялылары, басқарушы аппараттың сұранысына ие болды. Біз қарастырған А. Тұрлыбаев қазақ шенеунігі, кәнігі заңгер ретінде қалаларда Батыс-Сібір жерінде қалыптасты. Дәстүрлі қазақтың заңы мен еуропалық құқықтық жүйені терең меңгерген ол ел игілігіне қызмет жасады. Ал, уақыты келгенде Ақпан төңкерісінде суырылып алға шығып, өз ұлтының мүддесін көздейтін қоғам жұмысына белсене араласты.

XX ғасырдың басында ұлт-азаттық қозғалыстың дамуына Ресей империясындағы бұратана халықтардың ұлттық езгіге қарсы азаттық күресінің өрістеуі әсер етті. Ұлыдержавалық орыс ұлтшылдығы үстемдігінің тікелей ықпалы өз кезегінде Ресей империясы құрамына енген Кавказ, Польша, Финляндия, Орталық Азия халықтарының заңды наразылықтарын туғызды. Осы кезеңде аймақтарда «Украин халық партиясы», «Белорусь социалистік громада», Арменияның «Дашканцутюн» (федерация одағы), Грузияда «Сакартвело», Әзербайжанда «Муссабатистер», татарларда «Бірік», Финляндияда «Активистер», Польшада «Халық демократиялық партиясы», еврейлерде «Бунд» ұйымы құрылса [19, 12-б.], Қазақстанда бұндай оқиғадан тыс қалған жоқ. «Алаш» қозғалысы нәтижесінде пайда болған «Алаш» партиясы дүниеге келді. Жәдидшілдікті зерттеуші Н. Байғараев белгілі алаштанушы Дихан Қамзабекұлының мынадай бір пікірін келтіреді: «Қазақ даласындағы жәдидшілдік екі асудан, біріншісі, 1890-1911 жылдар – үйрену, тәжірибе жинау шағы, ал, екіншісі, 1911-1920 жылдар – жәдидшілдік кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы» [20, 14-15-бб.]. Мұрағат құжаттарындағы деректерді саралай келе біз, А. Тұрлыбаевтың студент кезінде С. Уәлиханов, Н. Хазірет және М. Сердалиннің пікірлесі болғанын, ал, оқуын бітіріп Омбыға келгеннен кейін А.Бөкейхан бастаған қозғалысқа араласқанына көз жеткіздік. Оған профессор Қәдіржан Әбуовтың мына сөзі: «1902 жылы елге оралған Айдархан Тұрлыбайұлы Омбы қаласында тұрақтап, Сот палатасында қызмет атқара жүріп, зиялылармен бірге ұлт болашағы үшін күреске белсене араласады», дегені дәлел бола алады [6, 143-б.].

Енді біз мәселені тарқатып айту үшін тарихқа шегініс жасайық. А. Тұрлыбаевтың дүниеге келген жері Көкшетау уезі. Ол бала кезінен қазақтың ең шұрайлы жерлерін тартып алған қарашекпенділердің сүреңсіз өмірін көріп ержетті. Бір ру қарауылды Шалқар және Мезгіл болыстарына бөлуіндегі Уез бастығының қыспағын да санасына тоқып өсті. Бұған қарсылық ретінде 1890-1894 жылдар аралығында Мезгіл болысының 550 адамы жазған толассыз арыздарынан Айдарханның әкесі Тұрлыбай да тыс қалған жоқ [21, 76-п.]. Міне, осы себептен болса керек, осы аталған мұрағат деректерінде А. Тұрлыбаевтың туған жерін Мезгіл немесе Шалқар болысы деп көрсетеді. Қадіржан Әбуов: «М. Сердалиннің де туған жері Мезгіл болысының бөлінуіне байланысты Мезгіл немес Шалқар – деп көрсетілген», [6, 10-5-бб.] дейді. Міне, бала Айдархан өз ауылында Ақанның әнін тыңдап, елдің әлеуметтік жағдайын, игі жақсыларын көріп есейді. Мысалы, осы елдегі танымал адам Шөбек Байсарин 1865 жылы II Александрға тәж кигізу рәсіміне шақырылған беделді адам болса, оның баласы Шығыс әдебиетіне зерек ақын Сердалының дастандарын сүйсіне тыңдады. Сердалының баласы Мәмбетәлі Сердалинге іні болды. Айдарханнан бір мүшел үлкен Сердалы шетке ерте шығып, елге келгенде естігендерін, көріп-білгендерін айтып, үгіт-насихат жұмысын жүргізеді екен. Ол әсіресе бала тәрбиелеу, мектеп ашу, егін егу қажеттігін сөз ететін көрінеді [6, 105-106] б. Мәмбетәлі 1886 жылы Петербургтағы Императорлық университетінің жаратылыстану факультетіне

оқуға түседі, оқудан 1887 жылы осы факультеттің студенті Александрдың (Владимир Улянов Лениннің ағасы) III-Александр патшаға қастандық жасағанынан кейін (сол оқиғаға қатысы бар деген күдікпен) оқудан шығып қалса керек. 1988 жылы ол Омбы техникалық училищесінде оқып жүргенде полицейдің бақылауына ерте бастан ілігеді. «Ақмола облысының әскери губернаторы атына жазылған құпия рапортта» кездесетін Көкшетау уезі сегіз болыстың сенімді өкілдерінің атынан жазылған сенім хатта Петербург университеті заң факультетінің студенті А. Тұрлыбаев пен Көкшетаудағы қазақ мешітінің молдасы Таласовтың шәкірті Ш. Қосшығұлов кездесетін құжатта М. Сердалинмен А. Тұрлыбаевты байланыстыратын мәлімет беріледі.

Біз соған байланысты түпнұсқаны қазақ тіліне аударып берсек, көп жайға көз жеткіземіз. «...Бұл адам стипендиядан бөлек күмәнді жолмен ақша табудың көзін тапқан. Үш жыл бойы Кнорозовскийдің компаниясында бухгалтерлік қызмет жасады. Ол жердің әкімшілігінің өзі қылмыстық әрекеттерге барып отырған сияқты, өткен жылы ол сол компанияның бір мүшесі Мезгіл болысының арсыз қырғызы Мәмбетәлі Сердалин Шойбековтен (полиция бақылауында тұр) қандай қызметі үшін екендігі белгісіз қомақты қаржы алған. Үстіміздегі жылы ол заңгерлік қызметі пайдалырақ болатындықтан компаниядағы жұмысын тоқтатты. Ол енді жұмсайтын шығыны мен еңбегі үшін өзіне берілген сенімхатты пайдаланып, халықтан ақша жинап ала алады. А. Тұрлыбаев әсіресе Шойбеков, Кудревецкидің итаршысы, барлық жұмыстарда соның ықпалында жүреді. А. Тұрлыбаевтың мемлекетке қызмет етудегі алғашқы қадамы солардың арқасында сәтті болады депайтуға болады» [22, 47-п.]. Осы келтірілген фактілерден Айдархан мен Мәмбетәлінің бірлесе атқарған жұмысын көруге болады. Дәл сондай жағдай Ішкі істер министрі Ақмола облысының әскери губернаторының Дала Генерал-Губернаторына жазған құпия құжатында «...Троицкий басқалардың да қандай белсенді әрекеттер жасайтынын қатаң бақылауға алды. Мысалы туысқан ағайындылар: Мезгіл болысының басқарушысы Жанәлі Мурзалин мұғалімдер семинариясын бітірген, сауатты, орыс тілінде өте жақсы сөйлей алады, Ұлы Императорға тәж кигізу салтанатына қатысқан, Мезгіл болысының басқарушысына үміткер; Мәмбеталы Сердалин Шойбеков ол тәртібі үшін Омбы училищесінен шығарылған болатын және Петербургте саудагерлер алдында дәріс оқыған» [22, 68-п.]. Міне, осыдан-ақ М. Сердалинді сауатты, көзі ашық күрескер ретінде көруге болады. Мұндағы М. Сердалиннің бауыры Жанәлі Мурзалин болса А.Тұрлыбаевтың азаматтығын растайтын жеке куәлігіне қолын қойған болыс [7, 30-п.].

Қ. Әбуовтің мұрағат дерегінен келтірген мәліметінде М. Сердалин Омбы, Петропавл, Көкшетау қалаларына саяси жер аударылған революционерлермен тығыз байланыс жасағандықтан 1889 жылдан полицейлік бақылауға алынып, 1890 жылы уақытша абақтыға жабылып, одан босатылғаннан кейін де шетелге кеткенше яғни 1904 жылға дейін полицейдің аңдуында болады [6, 112-110-бб.].

Айдархан Тұрлыбаевтың тағы сондай танымал жерлестерінің бірі ақсүйек Сұлтанғазы Уәлиханов. Жазушы Амантай Кәкен: «Қазақ жеріндегі діни-саяси қозғалыстың жанданып, өрістей түсуіне полковник С. Уәлихановтың Петербургте Мұсылман Одағын құруы себеп болды»,-дейді [23, 75-б.]. Талапты жас Айдархан Петербургқа оқуға түскенде С. Уәлиханов оны өз қамқорлығына алған сияқты.

Сұлтанғазы Абылай ханнан тараған Уәлидің шөбересі. Уәлиден Ғұбайдолла, Ғұбайдолладан Болат, Болаттан Сұлтанғазы тарайды. Сұлтанғазының атасы Ғұбайдолла орта жүзде хан сайланған. Ол Кенесары Қасыммен байланысы үшін тұтқындалып, Березовкаға жер аударылған. Бұл жөнінде зерттеуші Г.К. Жапекованың мұрағаттардан келтірген дерегі бойынша Сұлтанғазы 1842 жылы 3 сәуірде Болаттың отбасында дүниеге келген [24, 120-б.]. Сұлтанғазы Сібір кадет корпусын бітіргеннен кейін Сібір, Беларуссия, Литва, Польша жерлерінде әскери қызмет атқарады. Ол Шоқанмен бірге Черняевтің Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу соғысына қатысып, кейін Шоқан соғыстан бас тартқан соң, сонымен бірге әскерден кетеді. Бірақ ол әскери қызметке қайта оралып, Петербордағы лейбгвардия полкінде полковник шенінде 1890 жылдары қызметін жалғастырады. Зерттеуші Амантай Кәкен: «1869 жылдың ақпанында Түркістан генерал-губернаторы штабс-ротмистер Жетісудың оңтүстік бөлігіндегі қазақ арасындағы беймаза жағдайдың қалыптасуын С. Уәлихановпен байланыстырады. Оның Шыңғысхан, Бату, Темірлердің отаны болған қазақ даласы қазірде өз күшін көрсете алады. Ол Ресейдің күш-қуатының нашарлығын жергілікті билік өкілдерімен сөйлескенде айтып отыратын», дегенін келтіреді. Көп ұзамай С. Уәлиханов Батыс Сібірге ауыстырылғанда Батыс Сібір әскери округінің қолбасшысы оның қазақ арасында болмауын, Уәлихановтар әулетінің беделінескеріп, Ресейдің ішкі аймағына жібереді [23, 76-б.].

З.Т. Садвокасованың айтуынша Сұлтанғазы қызмет бабына байланысты Патша Үкіметінің Қазақстанға қатысты жоспарын білген. Оның Петербордағы пәтері астанада оқитын қазақ жастарының, танымал мұсылман зиялыларының жиналатын орталығы болуы кездейсоқ емес. Өз шаруаларымен Петербургқа келген қазақтар да сол үйге тоқтайтын. Сұлтанғазының астанадағы пәтерінде жиылыстар жиі болатын, жиналғандар арасында патша үкіметінің отарлау саясаты, қазақ тілі, мәдениеті, ислам дінінің сақталуы мен дамуы сияқты әртүрлі сұрақтар талқыланатын [25, 221-б.].

Осы мәселе бойынша мұрағат құжаттары негізінде Қ. Сейтқазина отаршыл үкіметтің ислам дініне бүйрегі бұратын қазақ зиялыларын қуғындауы жөнінде мынадай дерек келтіреді. Көкшетау уезінің бастығы Ақмола облысы әскери губернаторына 1900 жылы 23 шілде айында жазған қатынас хатында «Полковник Уәлихановтың Петербургтен Көкшетауға келуі – елдің арасында тыныштықты бұзды. Ел ісіне бөгде біреудің кірісуі ел ішінде толқу тудыруға және жағдайды ушықтырып жіберуге жеткілікті. Ондайлардың қатарына: Петербургтен Көкшетау уезіне келген полковник Уалихановтың іс-әрекетін жатқызуға болады... Ол ислам идеясының және

олардың болыстығына коныстанушылармен сыйыспай отырғандардың нағыз жанашыры болып шықты. Оның ел ішінде еңбегі сіңген адам және ханның тұқымы ретінде де ықпалы зор. Онымен Петербургтегі молда, адвокат біреу, юнкер мен студенттер бірге әрекет етуде...», [26, 97-б.] деп жазады. Біздіңше жоғарыдағы мәліметтегі студент – А. Тұрлыбаев.

Көкшетаудың жергілікті ғалымы Қадіржан Әбуов мұрағат деректері негізінде жазған Сұлтанғазы туралы зерттеуінде былай дейді: «Ақмола облысының әскери губернаторының атына жазған 1903 жылдың 3 сәуіріндегі мәлімдемесінде Көкшетау уезінің бастығы Троицкий 1899 жылы, мен, Санкт-Петербургте гвардия полковнигі Уәлихановпен кездестім, оның тұратын Қотыркөл болысындағы ата қонысына әр келген сапары көпшілік жиналатын келеңсіз жиындарға ұласатын. Әрине, ондай кезде сөзсіз адам құқын қорғау мен православие қуғынына ұшыраған мұсылман діні мәселелері туралы әңгіме қозғалары сөзсіз», деп, одан әрі С. Уәлиханов араласатын саяси сенімсіз М. Сердалин, А. Тұрлыбаев, Н. Хәзірет және Ш. Қосшығұловтардың есімдерін атайды [6, 137-б.].

Хан тұқымынан шыққан қазақ офицерінің ел ішімен тығыз байланыста болуына орай молдалар қоғамдық іс-әрекетін белсенді түрде жүргізе бастайды. 1903 жылдан бастап Петропавл, Көкшетау және Ақмола қалаларында астыртын діни-саяси ұйым құрылып, оған молдалар ғана емес, мұғалімдер, сонымен бірге кейін Алаш қозғалысының көрнекті басшыларының бірі болған Петербург университеті заң факультетінің студенті Айдархан Тұрлыбаев та кіреді. Бұл ұйымның басында Петропавл қаласындағы үшінші мешіттің молдасы Мұқамеджан Бекішов тұрды. Оның бауыры Құсайын Бекішев Ақмола қаласында үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Міне, бұлар бір ауыздан Петербургке шағым жіберуге келіскен. Қарағанды өңірінде күресті Молда Мұхамеджан Елебаев жүргізді. Петропавлдан жіберілген хат-хабарларда діни-саяси мәселелерді талдау, қазақ жұртының барлық өкілдерін жинап мәслихат өткізу, Петерборға баратын делегацияны дайындау және қаржы жинау жөніндегі ұсыныстар айтылып жатты [23, 76-б.].

Келесі Көкшетаулық тарихи тұлға Наурызбай Таласұлына қатысты зерттеулер мен мұрағат құжаттарынан А. Тұрлыбаев есімін күрескер ретінде көреміз. Біз сол себептен де А. Тұрлыбаевтың Алаш қайраткері ретіндегі қалыптасуына ықпал жасаған кісілердің бірегейі әрине, Науан Хазірет яғни Наурызбай Таласұлы – деп айта аламыз. Ол 1843 жылы Баратай ауылының маңындағы Жылкелді деген жерде дүниеге келген. Руы Қарауыл – Есембай – Шұңғырша [6, 118-119-бб.]. Бұхараның және Бағдаттың діни жоғары оқу орнын бітіріп, ұстаздық еткен Наурызбайды Көкшетаулықтар елге шақырады. Ол елге оралысымен жәдидшілдік қозғалысқа кіріседі. Бұл жерде қазақ зиялылары мен дін қайраткерлері тек дін мәселесін ғана көтерген жоқ еді. С. Уәлиханов, М. Сердалин, Н. Таласов, Ш. Қосшұғыловтармен бірге А. Тұрлыбаевта күрес жолына түскенін мұрағат деректерінен көрдік. ҚР ОММ-да 298 парақтан тұратын «Үкіметке қарсы үгіт-насихат жасағандардың тізімі, қазақтың саны туралы мәлімет, Ақмола, Семей

облыстарындағы татар, молда, мешіттердің саны және Көкшетау уезіндегі поселоктардың сипатталуы» 1 шілде 1900 ж. 14 наурыз 1905 ж.», деген істің негізгі фигуранты Н.Таласов пен оның шәкірті Ш. Қосшұғылов. Мысалы, Көкшетау уезінің бастығы 1901 жылдың 16 қарашасында Ақмола облысының Әскери губернаторына жазған рапортында: «Таласовқа ескерту жасап, кейін оның іс-әрекетін бақылауға алдым», деп Таласовпен Мезгіл болысының болысы Ж. Мурзалин мен М. Сердалиннің байланысын анықтағанын жеткізіп, олар туралы «Осы халыққа ықпалы күшті адамдар ислам дінін құлшына қорғаушылар, сонымен қатар орыс заңына қарсы тұрушылар», деп жазған полковник Троицкий [22, 54-п.]. Троицкидің жоғарыдағы адреске құпия түрде 1902 жылдың 12 қыркүйегінде жазған рапортында Көкшетау уезі сегіз болыстың сенімді өкілдері атынан Шәймерден Қосшығұлов пен Айдархан Тұрлыбаевтың өтінішін талдайды. «... Қосымшасымен 14 беттен тұратын Көкшетау уезіндегі қырғыздың 8 болысының сенімді өкілі Қотыркөл болысынан Шаймерден Қосшығұлов...» [22, 45-п.]. «Міне, осымен таныса келе келесілерді жеткіземін: іске тереңірек үңілген сайын Қотыркөл болысынан Шаймерден Қосшығұлов пен әріптесі Айдархан Тұрлыбаевқа берілген сенімхат жеке бір уәкілетті өкілден берілгендігі көрінеді», деп Айдархан Шабақовты (Зеренді болысы), Бабаназар Жаңабатыров (Көкшетау болысы), Жүсіп Жабатаев (Шалқар болысы), Әлжан Жаксылықов (Мезгіл болысы), Әбутәліп Бекезин (Шығыс болысы), Абы Токжанов (Айыртау болысы), Сүлеймен Құлмағамбетов (Жыланды болысы) есімдерін атап заңсыз әрекет жасады дей келе осыған жол берген 1-участоктың бітістіруші соты, мұны ол нотариалды түрде бекітті», деп қынжылады [22, 46-п.]. Бұл сенім білдіргендер кімдер дей келе, өзі былай түсіндіреді. 1-шісі Шаймерден Қосшұғұлов Қотыркөл болысының қазағы, Көкшетаудағы қазақ молдасы Таласовтың шәкірті, ол Таласов жоқта оның молдалық міндетін оған рұхсаты болмасада атқарады. Ал, Айдархан Тұрлыбаев болса Шалқар болысының қазағы, Петербург университеті заң мамандығының толық курсы мен мемлекеттік емтиханды сәтті тапсырып, Көкшетау уезіне келді, Омбыда Округтік сотқа қызметке тұруда дейді. Ол бірінші дәрежелі диплом алу үшін халықтың әдеттегі құқығын жазуда менімен сөйлесті, мен оған еңбектер бердім. Ол емтихан тапсырып болғаннан кейін маған келіп қосымша мәліметтер сұрады. Бұл сонымен қатар, алтын өндіретін Кнорозовского компаниясында бухгалтердің қызметін атқарып заңсыз ақша табады. А. Тұрлыбаев былтырғы жылы осы компанияның қызметкері белгісіз істері арқылы полицияның бақылауындағы Мезгіл болысының қазағы М. Сердалиннен қаражат алды. А. Тұрлыбаевтың мемлекеттік қызметке орналасуы пайдалы болады – деп қорытқан [22, 47-п.]. 3-ші молда Таласов жөнінде көп мәліметті анықтап 1901 жылғы12 қарашадағы рапортымда жазған болатынмын дей келе, Таласов 1868 жылғы шексіз билігін алғысы келеді. Көкшетаудағы мешіт пен молда 100-шақты жатақ қазаққа керек емес [22, 47-48-пп.] – дейді. Осы Тройцкидің жазған рапортының нәтижесінде бұл іске жоғарғы шенді қызметкерлер де араласа бастайды. 1903 жылдың 5 ақпанында Ақмола облысының әскери-

губернаторы генерал-майор Галишовтың Дала-генерал губернаторына жазған құпия хатында Көкшетау уезінің бастығы подполковник Тройцкидің рапорттарын келтіре отыра заңға қарсы әрекет ететіндердің негізгілері деп, – Таласовты және аңдуда болған Жанәлі Мурзалин мен Мәмбетәлі Сердалинді атап, оларды халыққа ықпалы бар, мұсылман дінін қолдаушы және орыс заңына қарсылар – деп атап көрсетеді. Ал, Көкшетау уезінің судьясы Кудрявцевқа қатысты Троицкидің үкіметке қарсы іс-әрекеті, қазақты қолдаушы Таласовтың жақтаушысы –деген мәлімдемелерін жоққа шығарып, жалақор деп Тройцкидің өзін заң шеңберінде жазаға тарту керек деп, Галышев Көкшетау уезі бойынша келесі шараларды жүзеге асыру керек: 1. Наурызбай Таласовты Көкшетау мешіті молдалығынан алып және оның көмекшісі Шаймерден Қосшығұловты әкімшілік түрде басқа облысқа жер аудару; 2. Көкшетаудағы қазақ мешітін жабу; 3. Қазақ балаларын оқытатын татар, сарт молдаларын облыстан аластату; 4. Қазаққа Крестьян бастықтары деген сөздің мағынасын түсіндіру керек екендігі айтылады [22, 68-п.].

Осы істе Ақмола облысы Петропавл уезі бірінші участогінің крестьян бастығы Ақмола облысының әскери губернаторына құпия түрде жіберген жазбасында А.Тұрлыбаевтың қайраткерлігін айғақтайтын мынадай мәліметтер бар: «Онда шаруа бастығы соңғы кездері Түркия мен Меккеде болғандар, Тройцкідегі және тағы басқа мұсылман орталықтарындағы молдалық курсты бітіргендер мен Түркістан қазағы мен қалалық татарлардың әсерінен шаруа бастықтары туралы Жаңа Жарғыны бейбіт сүйгіш қазақ халқы қолдамай отыр, қазіргі экономикалық қиын жағдайда отарланушы дала қарсылық білдіруде. Орынбор мүфтилігіне қосылу жөнінде қарекет жасап, жиылып қаржы жинап, бас қосуда, мұны ұйымдастырып қолдап отырғандардың негізгі ошағы Көкшетау уезі Қотыркөл болысының тұрғыны, ел арасына ықпалы бар, орыс тілін білетін молда мен студент А. Тұрлыбаев», [22, 77-79 п.]. Бұл жөнінде жергілікті Көкшетаулық ғалым Қадіржан Әбуов мұрағат деректерінің негізінде: «Мәмбетәлі Сердалин, Зеренді болысының тұрғыны Балқожа Құдайбергенов, заңгер Айдархан Тұрлыбаев, молда Наурызбай Таласов, оның көмекшісі Шәймерден Қосшығұловтар болыс пен қалаларды аралап, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде», деп Көкшетау уезінің бірінші учаскесінің бастығының сөзін келтіреді [6, 129-б.].

Дала генерал-губернаторы генерал–лейтенант Сухотиннің 1903 жылдың 2-ші мамырында жазған құпия хатынан жергілікті әкімшіліктің отаршылдыққа бейбіт түрде қарсы күрес жүргізгендерді қудалағанын көруімізге болады. Онда біріншіден, Петропавл қаласында ықпалы бар, бай қазақ пен татарлар бір-бірін қонаққа шақырып діни үгіт-насихатты жүргізеді деп Трегулов пен Акчуринді атайды. Екіншіден, Көкшетау қаласында Таласов пен Қосшығұловтан гектограф пен сиясорғыш табылды. Үшіншіден, бұл Таласов пен Қосшығұлов өздерінің іс-әрекетімен бұрыннан белгілі, заңсыз бала оқытқан сонымен қатар рұқсат етілмеген 108 мұсылман кітабы мен 164 оқу құралы мен қолжазбалар табылды. Төртіншіден, Қосшығұлов қазақ арасында беделді, ықпалы бар бай адамдарға

құпия түрде хат жазады. Бесіншіден, үгіт-насихаттарының әсері Петропавл мен Көкшетау уезіндегі казак арасында ерекше байқалады. Ақмола облысы мен Атбасар уезінің қазақтары мол қаржы жинап, оны Ш. Қосшығұловқа тапсырып, ол осы жылдың ақпан айында Омбыдағы ең мықты адвокат арқылы Петербургте шешпекші. Алтыншыдан, үгіт-насихат жұмыстарымен Петропавлдық молда Бекішев пен мешіт шәкірті Семейлік Смағұл Балжанов дей келе, жоғарыдағы есімі аталғандарға жансыз бақылауды ұйымдастыру, Көкшетау мешітіндегі интернатты жапқанын айтып, тәртіпті қалпына келтіру үшін Ш. Қосшығұловты бес жылға, Н. Таласовты үш жылға Тобыл губерниясына жер аударуға, Ақмола облысы, Петропавл қаласы мен уезі, Омбы қаласы мен Омбы уезіне күшейтілген жағдайдағы күзетті және үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін 1500 сом қаржы сұрайды [22, 117-118-пп.]. Бұл қозғалыс біріншіден, Қазақстанның басқа жеріне қарағанда қоныс аударушылардың көптеп келуіне, қазақ халқының ең жақсы шұрайлы жерлерінен айырылуына байланысты, екіншіден, қазақ арасында неке қию, азан шақырып балаға ат қою, дүниеден қайтқандарды діни рәсіммен жерлеу сияқты жөн-жоралғылармен айналысып, бала оқытқан мұсылман дін иелерін қудалағандықтан, үшіншіден, християн миссионерлерінің шоқындыру әрекетіне жергілікті қазақтардың қарсылық әрекетінен туды. Түптеп келгенде, отаршылдық саясатқа наразылық ретінде петиция, арыз, талап-тілек, үндеулер арқылы заңды түрде өз құқықтарын қорғады. Міне солардың ішінде жас та болса А. Тұрлыбаев болды. Қозғалыстың эпицентрі Көкшетау даласы болса, оның бір шеті астанадағы Санкт-Петербургке, екінші шеті Түркістан даласы мен Осман империясына тарады. Дабыл қағып, үн көтерген Айдархан Тұрлыбаевтар ұлттың ұйытқысы, халықтың ақылшысы болып отырған Абай Құнанбайұлы (Семей губернаторының Абай туралы 1903 жылы 30 қыркүйекте Дала губернаторына жазған жауап хаты Алматы мұрағатында сақталған) және тағы басқаларға үндеу хат жазып,қозғалыс ісіне топтастыруды мақсат етті. Мұрағат құжаттары арқылы А. Тұрлыбаев тұлғасының қалыптасуына әсер еткен фактор өскен ортасы мен Санкт-Петербор кезеңі болатын. Бұл қозғалыс тұсында А. Тұрлыбаев Көкшетау мен астананы жалғаған бірден-бір адам болатын деп тұжырымдауымызға болады. Ал, бұл қуғын-сүргінге А. Тұрлыбаев қалай ілікпеді? – деген сұраққа былай жауап береміз: М. Сердалин, Н. Таласов, Ш. Қосшығұловты жасырын аңдып, үстінен арыз-шағым жазып жүрген Көкшетау уезінің бастығы подполковник Тройцкимен А. Тұрлыбаевтың жеке таныстығы болды, ол, тіпті Санкт-Петербургке барғанда А. Тұрлыбаевты қызметтес әріптесі С. Уәлихановтың пәтерінен көреді. Кейін А. Тұрлыбаев дипломдық жұмысын жазғанда қолында бар әдебиеттерді бергендігін, оқуын бітіріп елге келген А. Тұрлыбаевтың әлі қайтармағандығын жазған. Ол Омбы Сот Палатасына орналасқан А. Тұрлыбаевтың заңға жетік екендігін және жастығын да ескерген болуы керек.

Омбы қаласы – 1901-1904 жылдары Сұлтан Хан Аққұлұлының айтуынша – қазақтың ең көрнекті қоғам қайраткері, ақындары мен ғалымдары, заңгерлері мен ағартушылары шоғырланған Қазақ ұлттық

қозғалысы ұйымдастырылуының бейресми орталығына айнала бастады. Бұл орталықтың жарқын өкілдерінің бірі А. Тұрлыбаев, Р. Мәрсеков, Ж. Ақбаев, Ж. Айманұлы болса қатардағы мүшелері Е. Итбайұлы, И. Қашқынбайұлы, С. Сабатайұлы, Ж. Сатыбалдыұлылар болды. Олардың есімдерін 1905-1909 жж. жандарм құпия хаттары мен арыздарынан табуға болады. Мұрағат көздерінде 1917 жылдан кейін яғни Алаш автономиясының қалыптасуы мен қызмет ету кезінде олардың есімдері өте сирек кездеседі. Себебі, олардың қызметі көп білінбейтін, көбінесе жасырын жүргізілді. Бұл іс-әрекет 1905-1917 жылдарда жаңадан туындап келе жатқан Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы үшін өте маңызды болды. Олар орталықтың нұсқауларын орындап, шешімдерін іске асырып отырды. Ауыл-ауылды, қазақ болыстары мен уездерін аралап, қарапайым халық арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, ұйымдастырып, адамдарды жиналыстарға, митингілерге шақырып, хаттар, өтініштер және арыздардың астына олардың қолдарын жинаған. Қарапайым адамдарға 1905-1917 жылдардағы көтеріліс кезінде пайда болған патшаның түрлі жарлықтарының, манифестерінің және басқа да мемлекеттік құжаттардың мағынасы мен маңызын, осы құжаттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндірген. Бұл қарапайым қазақтың ұлттық сана-сезімін ояту жолында, халықтың құқықтық және саяси сауаттылығын ашу, олардың азаматтық және саяси белсенділігін арттыру үшін аса жауапты және өте қиын қызмет еді [27, 222-223-бб.].

Сұлтан Хан Аққұлұлының көрсетуінше Омбы қаласында 1904 жылы Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов үштігі құрылуымен ұлт-азаттық қозғалыстың құрылымы айқындалып, нақты идеологиялық негіз, іс-әрекеттерінде жүйелілік пен нысаналық дәйектілік пайда болады. Бұл жерде С. Аққұлұлының «Сонымен қатар қозғалыстың топ басшылары қатарына заңгер, адвокат басқа да зиялылар А. Тұрлыбайұлы, Ж. Ақбайұлы, Р. Мәрсекұлы, Ш. Құдайбердіұлы және басқалар да болды», деп жазған пікірімен келісуге болады [27, 226-227-бб.].

Қызметінде ең жоғары дәрежелі лауазымға жеткен, үлгілі отағасы, білгір маман А.Тұрлыбаев XX ғасырдың басындағы мемлекетті дүр сілкіндірген саяси оқиғаларға белсенді араласады. Орыс революциясы нәтижесінде Ресейде мемлекеттік Дума өз жұмысын бастады. Бұған үлкен үміт артқан қазақ қоғамы құқықтық негізде демократиялық жолмен өз ойларын іске асырғысы келді. Қазақ азаматтары мемлекеттік Думаның сайлауалды жұмысында өте белсенділік танытты. Қазақ интеллигенциясының өкілдері қазақ тағдыры үшін мемлекеттік Думаның маңыздылығын түсініп, қазақ тағдыры үшін шешуші рөл атқарды. А. Тұрлыбаев пен оның жолдастары мемлекет пен халықтың болашағы туралы нақты мысалдар келтіріп, өздерінің жерлестерімен кездесуді жалғастыра берді. Қазақ интеллигенциясының әсерімен бүкіл мемлекеттік Думаларда қазақ депутаттары пайда бола бастады. Атап айтқанда, барлық сайлау орындарындағы қазақ қоғамы қазақ депутаттық корпусындағы саны жағынан басым түсетін қазақ интеллигенциясын артық көрді. Мемлекеттік Думадағы депутаттардың көбі А. Тұрлыбаевтың

жақын достары мен қолдаушылары болды. Осылайша, қазақ қоғамына кажет қазақ интеллигенциясының генерациясы 25 тен 35 жасқа дейінгілер болды. Мемлекеттік Думаның депутаттары қазақ үшін ең өзекті әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді шешуде олардың ойынша аймақ тұрғындарының өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал ететін болды. Ресми түрде А. Тұрлыбаевтың өзі сайлау компаниясына қатысты. Ол 1909 жылдың желтоқсан айында Тобыл губерниясы сайлау комиссиясының төрағасы болып, Тобыл округтік сотының жалпы жиналысында мемлекеттік Дума сайлау жарғысының 1909 ж. 27-қарашадағы ережесіне сәйкес жергілікті жерде қазақ арасынан шыккан ресми қызметкер ретінде сайлауды өткізетін өкілеттікке ие болды [10, 601-602-пп.].

Сонымен, 1917 жылға дейін А. Тұрлыбаевтың есімі білікті заңгер ретінде, елінің мұктажын қорғайтын күрескер ретінде қалыптасып үлгерген еді. Алаштанушы Нұрбек Шаяхметовтың: «Алашты қолдаған Ақмола облысындағы ұлт зиялыларының ішінде басқа аймақтармен салыстырғанда саясат майданында ысылғаны – А. Тұрлыбаев, Е. Итбаев, С. Жанайдаров сынды қайраткерлер ғана болатын», [28, 74-б.] – деуі біздің тұжырымымызды бекіте түседі.

Ақпан оқиғасынан кейін А. Тұрлыбаев саясат майданында белсенділік танытып, қазақ интеллигенциясымен байланыса отырып, өңірдің ірі саяси-экономикалық жағдайын өзгертуге үміт артады. 1917 жылы 2 наурызда Дала генерал-губернаторлығының орталығы Омбы қаласында Қалалық Дума, «Народной свободы», эссерлер, социал-демократтар, жұмысшылар мен қоғамдық ұйымдар өкілдерінің біріккен отырысында жаңа билік органын ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Осында Омбы Құрама (коалициалық) комитеті құрылады. Оның құрамына 15 адам сайланады. 18 наурыз күні Құрама комитеттің жалпы отырысында Омбы уезі мен Омбы тұрғындары Батыс Сібірдің көп жерінде қызмет істеген заңгер, сот қызметкері ретінде танымал адвокат А. Тұрлыбаевты комитет құрамына енгізеді де, сондағы Қазақ бөлімінің меңгерушісі етіп сайлайды. Сонымен қатар, біруақытта 10 адамнан тұратын Омбы облыстық Қазақ комитеті құрылады. 3-ші және 7-ші сәуір аралығында Омбы Құрама комитеті отырысында Облыстық Қазақ комитетінің жұмысы, оның қазақ ауылдарындағы билікті ұйымдастыруы тыңдалады. 7 сәуірде қазақ комитеті бөлімінің меңгерушісі А. Тұрлыбаев қазақ шоғырланған елді мекендерде ауылдық, болыстық ұйым құру және 23 сәуірде қазақ өкілдерімен съез ұйымдастыру үшін комиссарларға куәлік беріп, іссапарға жібереді. Барлық қазақ комиссарлары А. Тұрлыбаевтың ұсынысымен бекітіліп, болыстық комиссардың куәлігі мен төсбелгі алады [29, 272-273-бб.]. Бұл жөнінде сол дәуірдің куәгері Сәкен Сейфуллин: «Елде қазір үкімет жоқ...Оған не қыламыз? Елді билеу керек. Қалай билеу керек? Мына, қалада сайланайын деп тұрған уездік-қалалық Құрама (коалиционный) комитетке қырдағы ел атынан кісілер кіре ме? Қанша кіреді, қалай?...», деген мәселелердің талқыға түскендігін айта келіп... тәжірибе жоқ, тәртіп жоқ, жоба жоқ», дейді [30, 39-б.]. Міне, осындай киын жағдайда

А. Тұрлыбаев қайраткерлік қырынан көріне білді. Қыска уақыттың ішінде Омбы Құрама комитетінің Қазақ бөлімін басқарып, ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып, Ақмола облысының уездік, болыстық бөлімдерін ашты. Сонымен қатар Омбыда облыстық Қазақ комитетінің төрағасы Ережеп Итбаевпен бірлесе ел үшін қызмет жасады. Омбы Сот Палатасында бірге қызмет істеген әріптестер Е. Итбаев пен А. Тұрлыбаев азаматтық қарсылasу жылдары да Сібірревкомда бірлесіп, дәл комитеттегідей қызмет жасап, жалпыұлттық мүддені қорғауды басты мақсат етіп қойды.

1917 жылдың 25 сәуірі мен 7 мамыр аралығында Омбы қаласында«Ақмола облысының Қазақ съезі» деген үлкен жиын Қазақ комитетіндегі А. Тұрлыбаев пен Е. Итбаевтың ұйымдастыруымен өтеді. Оған облыстың барлық уездерінен, атап айтсақ Омбы, Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Атбасардан және сол уездерге қарайтын болыстықтардан да өкілдер жиналды. Күлпәш Ілиясованың айтуынша съезге 250 делегат келді десе [31, 80-б.], «Казахи Омского Прииртышья» энциклопедиясының авторлары 114 делегат қатысты дей келе, энциклопедия авторлары съез 24 сәуір мен 7 мамыр аралығында 4 секция бойынша жұмыс істеді десе [32, 410-б.], «Қазақ» газеті жазғандай съез 23 сәуірде ашылады десе де, кейбір өкілдердің кешігуінен 25–де ашылды дейді [31, 194-б.]. Ал, Теңгеш Қаленова диссертациясында А. Тұрлыбаев төрағалығымен 25-сәуір мен 5-мамыр аралығында 150 шамасындай өкіл қатысқан деп, [33, 30-б.], Дина Аманжоловаға сілтеме жасайды. Біз қараған Дина Аманжолованың екі кітабында да жоғарыдағы деректі келтіреді [34, б. 25; 33, 163 б.]. Кеңес Нұрпейсов «Алаш һәм Алашорда» еңбегінің 92 бетінде 27-сәуір мен 7-мамыр деп көрсетсе, осы аталған еңбектің 103 бетінде: «Ақмола съезі25 сәуірі мен 7 мамырда өтті, қазақ съездерінің хронологиялық жағынан бесіншісі, 250 делегат қатысты», [55, 92, 103-бб.] -деп атап өтеді. Бұл жерде 27 сәуір дегені кітапта басылып кеткен қателік сияқты. Біздіңше бұны анықтау келешектің ісі. Сонымен жиналған қауым съездің төрағалығына А. Тұрлыбайұлын, төраға орынбасарына Е. Итбаев пен М. Дулатовты, хатшылыққа А. Сейітұлын, М. Саматұлын, Е. Тоқпайұлдарын сайлайды. Төраға ретінде сайлағанжұртқа А. Тұрлыбаев тәңір жарылқасын деп, өзінің шын көңілмен қызмет ететіндігін айтып съез жұмысын бастайды. Съезде құттықтап сөйлегендер Омбы әскери округінің басшысы, генерал Г.В. Григорьев, Омбы құрама комитетінің төрағасы П.А. Филатов (Филашев болуы мүмкін Р.Б.), Уақытша үкіметтің облыстық комиссары И.П. Законов, Шаруалар Кеңесі атқару комитетінің төрағасы С.Ю. Юркевич, Омбы мұсылмандар бюросынан Ф. Каримов пен Ибатулин, Торғай облысы қазағынан М. Дулатов, Омбыдағы оқыған жастар атынан М. Саматов құттықтау сөз сөйлейді [32, 410-б.; 31, 194-195 бб.].

Міне, осылардан кейін төраға А. Тұрлыбаев съездің бағдарламасымен таныстырып, ондағы мәселелерді жеке-жеке бөліп, қарастыратын комиссия құрды. Бұл жөнінде зерттеу жүргізген Күлпәш Ілиясова съездің күн тәртібінде 17 мәселені тізіп жазғанымен, біз оны жіті қарап санап шыққанымызда 16 мәселе болып шықты. Автор 13-тен кейін 15-деп, 14-ті қалдырып кеткен [31, 81-б.].

Съезде А. Тұрлыбаев төраға ретінде Д. Тұрановты алдырып, жиылған ел алдында ашық сот өткізеді. Оның Ақпан төңкерісіне дейінгі «Курганский» деген бүркеншік есіммен қазақ, ноғай, орыстардың үстінен астыртын шағым жүргізіп, сол үшін полицияның мекемесінен ақша тауып, қаншама жазықсыз адамдардың обалына қалған екі жүзділігі анықталып, Ақпан төңкерісінен кейін белсенді болып, уездік деңгейде қызмет жасаған Д. Тұрановтың іс-әрекетін А. Тұрлыбаев сұрақ-жауапқа алып, бетіне басады. Оның өз қолымен жазған шағымдары негізінде А.Тұрлыбаев барша көпшілік дауыспен оның айыбын мойнына іліп, абақтыға жабады.

Съездің соңғы мәжілісінде А. Тұрлыбаев басқарған 10 адамнан тұратын Омбы облыстық Қазақ комитеті құрылды. Оның төрағалығына – А. Тұрлыбаев, орынбасарлығына – С. Жанайдаров, А. Сейітов бірауыздан сайланды. Ал, Қ. Тұрсанов, Е. Тоқбаев, Т. Нұралин, С. Жантасов, Е. Мұқышев, Б. Әділов, М. Жұмабаевтар құрамына енді [31, 84-85-бб.]. Сонымен, аталған съез алғашқы кезде қатысушы адамдардың әлеуметтік құрамының алалығынан айтыс-тартыста өтті, көтеріліп қарастырылған мәселелері Торғай съезіне ұқсас болуы біздіңше Торғайдан келген М. Дулатовтың әсері де болған шығар. Бір жағынан Омбы тек саяси орталық қана емес, экономикалық тоғыз жолдың торабы, Батыс Сібірдегі ең ірі қала және Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда еңбекші жұмысшылары көп, қазақтың саны аз қаланың бірі болғанымен оқу орындары көп, қазақ зиялыларының шоғырланған, ағартушылық қозғалыстың орталығы ретінде Ақпан төңкерісіне дейін танымал болды. Міне, осыдан болса керек Қазақстанның басқа облыстарында өткен съездерден айырмашылығы – Омбыдағы жұмысшы және әйел мәселесі еді. Сонымен қатар А. Тұрлыбаев бастаған зиялылар съез жұмысына білім алушы жастарды тартты.

Зерттеуші Күлпәш Ілиясованың пайымдауындағы «Съезд делегаты А. Баржақсиннің ұлттық басылымдарда әйел мәселесіне ерекше мән беруі – тек осы съезге ғана емес, бүкіл қазақ облыстарында өткен съездерге айтарлықтай дәрежеде ықпал етті», [31, 85-б.] деген тұжырымымен келісеміз.

Мұнда транспорт жүйелері тоғысты, бүкіл Транссібірдің ең ірі теміржол шеберханалары мен қорғаныс өндірісінің бірнеше кәсіпорындары орналасты. Жалпы алғанда Омбыда 20 мыңдай жұмысшы болды. Олардың шоғырлануы мен саяси белсенділігі қала мен облыс өміріне айтарлықтай ықпал жасап отырды. Омбы қалалық кеңесін батыс-сібір социал-демократтардың көрнекті жетекшілерінің бірі К.А. Попов басқарды. Тарихшы ғалым Кеңес Нұрпейісовтың еңбегінде: «Ақмола съезі Торғай облыстық Қазақ комитетіне мүше болған қайраткерлердің теориялық дайындығының жоғары екендігін және олардың саяси күрес тәжірибесінің молдығын мойындай отырып, Жалпықазақтық съез шақыруды сол комитет белгілеген комиссияға тапсыруды жөн деп табады» [35, 104-б.]. Біздің бұл пікірге қосарымыз: біріншіден, бұл Ақмола облысының саясат майданында ысылғаны, танымалы А. Тұрлыбаев пен Е.Итбаев болса, қалғандары енді көзге түсе бастаған, кейін ірі қайраткерге айналған жастардан тұрды. Екіншіден, облыстың орталығы

қазағы аз қоныстанған Омбы қаласында орналасуы және мұнда екі қарама-қарсы билікті қолына алған жергілікті буржуазияға сүйенген Омбы Құрама комитеттің төрағасы П.А. Филатов пен жұмысшылар мен солдаттарға сүйенген социал-демократтардың көрнекті өкілі К.А. Попов бастаған топтың күресі жүріп жатқан еді. Шынында қалада қос өкімет орнады десе де болады. Тіпті қаладағы аз қазақтың өзі бақталастықтан екіге бөлінді. Мысалы, М. Әйтпенов бастаған топ К.А. Попов жағына шықты. Міне, осындай жағдайда съездің соңғы мәжілісінде А. Тұрлыбаев бастаған он адамнан тұратын Омбы облыстық Қазақ комитеті дәл сол уақытта дұрыс шешім қабылдады деп есептейміз.

І-ші Жалпықазақ съезі 21-28 шілде аралығында Орынбор қаласында өтеді. Съез жұмысына Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан барлығы 20-дан астам өкілдер қатысады. Съездің күн тәртібіне 14 мәселе қойылады. Оның негізгілеріне тоқталсақ, Ресей «демократиялық федеративтік парламенттік республика болып, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарай облыстық автономия алуға тиіс», «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша Қазақ жері ешкімге берілмесін», «Қазақ саяси партиясын құру» – деген тағы басқа қаулыларын қабылдайды [36, 299-300 б.]. Мұның себебін, осы саланың білгірі, профессор Мәмбет Қойгелдиев былай түсіндіреді: «Бірінші Жалпықазақ съезін ұйымдастыру бюросына Петроградтағы қазақ оқығандарынан хат келіп, онда Құрылтай жиналысына сайлау 17 қыркүйекте болатын болды, депутаттар тізімі 17 тамызда тапсырылмақ. Сондықтан, Жалпықазақ съезін 20 шілдеден қалдыруға болмайды. Қазанда ашылатын Жалпымұсылман съезінің күні де өзгертілді». Осы екі ортада земство сайлауын өткізу туралы хабар да жетеді. Осы қалыптасқан жағдай туралы М. Дулатов «болыс басы кісі шақырту түгіл, уез басы кісі шақырудың өзі қиындады... Сонан кейін бюро амалсыз әр облыс, облыстық комитеттен екі өкіл келсін», [36, 295-б.] деп жазады. Сонымен уақыт тығыздығымен съезде көтерілетін мәселелердің өзектілігін ескеріп, Омбыдағы облыстық комитет төрағасы А. Тұрлыбаев бастаған топ ақылдаса келе өз ішінен А. Сейтов пен М. Жұмабаевты жібереді. Жоғарыда аты аталған кісілер, алдын-ала дайындап алып келген пікірлерін ортаға салады. Съез қарсаңында Ә. Бөкейханның «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында Құрылтай жиналысына депутат сайлау мен оған лайықты депутаттардың тізімін келтіреді. Бұл тізімде А. Тұрлыбаевтың есімін кездестірсек, съездегі қарастырылған 14 мәселенің «Учредительное собрание сайлауына даярлану һәм Қазақ облысынан сайланатын депутаттар» бөлімінде Ақмола облысынан А. Тұрлыбаев есімі топ бастап тұрса, «Шура-и-Ислам» бөлімінде де оның есімі кездеседі [37, 355, 3 66, 367-бб.]. Қарап отырсақ 39 жасар А. Тұрлыбаев саясат майданына ысылған білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде өзіне сеніп тапсырылған істерге білек сыбана кіріскенін көреміз. Жалпы қорыта айтсақ, жоғарыда аталған съезде Алаш партиясы дүниеге келді.

Бізге белгілі болып отырғандай А. Тұрлыбаевтың ұйымдастыруымен Ақмола облысының екінші съезі 23-27 қыркүйекте Омбы қаласында өтеді. Оған Ақмола облысы уездерінің қазақ уәкілдері қатысады. Съезге А. Тұрлыбаев

пен Сейітов төрағалық етеді. Съезде А. Тұрлыбаев заңгер ретінде қазақ арасындағы қылмыс, болыстық сот, қазақ арасына земстволы енгізу, «Займа Свободы» облигациясын қолдаумен қатар, өз араларынан Томск қаласында өтетін Сібір облыстық съезіне делегат ретінде Е. Итбаевты таңдап алады [38, 11-б.].

1917 жылдары Алаш өкілдері Сібірдегі областник қозғалыс төрағасы, кадет және эсерлік қоғам қайраткерлерімен қазақ мүддесі үшін байланыс жасай бастайды. Сондықтан да, 1917 жылы 8 қазанда Томск қаласында өткен Сібір автономиясын құру мәселесін қарастырған жалпысібірлік бірінші съезге Ақмола облысынан А. Тұрлыбаев қатысады [39, 29-п.]. Съез тұрақты түрде жұмыс жүргізіп отырған областник органы құрамында жалпысібірлік экономикалық кеңес құруды және жер, ұлттық басқару қалпын талқылайды. Сонымен қатар, съезд президиумына Семей облысынан Ә. Бөкейхан және Ә. Ермеков тағайындалады [40, 179, 180-б.]. Міне, осы Сібір автономистері съезінен қайтар жолда Ә. Бөкейхан Семей жұртшылығымен кездескеннен кейін Омбы қаласына келіп, А.Тұрлыбаев пен облыстық Қазақ комитетінің мүшелерінің қарсы алуымен, ұйымдастыруымен өнеркәсіп орындары, қаладағы қазақ жастары және «Бірлік» ұйымымен кездесу өткізеді. Біздіңше бірнеше кездесу өткізгеннен кейін А. Тұрлыбаев бастаған комитет мүшелері Ақмола облыстық Алаш партиясының құрамын толтырды. Бұл жерде айта кететін мәселе, демократиялық жолмен жиылыстардан соң көпшіліктің сайлауымен А. Тұрлыбаевтың Алаш партиясының облыстық төрағалығына сайланғанын, қорыта айтқанда, олардың біріккенін негіздегіміз келеді.

Дәл осы қазан айының ортасында бақталастықтан, С. Сейфуллин айтқандай 1917 жылы 19 қазанда басы М. Әйтпенұлы болып балуан Қажымұқаны тағы бар «Үш жүз» партиясын жасайтындар жиналып, Омбыдағы Алаш партиясының ордасы болып отырған Ақмоланың облыстық Қазақ комитетінің басында отырғандарды қууға қаулы қылады. Бастықтары Омбы уездік комитетінің басындағы адамдары, қалғандары жүз шамалы жатақ Ақмола облыстық Қазақ комитеті мекемесіне барып, Сейітұлы мен Жұмабайұлын тұтқындап, А. Тұрлыбайұлын іздеп, таба алмай үйіне барып шу шығарғанда Уақытша үкімет милициясы ереуілшілердің өздерін тұтқынға алады [41, 94-95-бб.]. Бұл жерде балуан Қажымұқанға қатысты айтарымыз, батыр аңғал келеді, көптің қолқасымен ерген де шығар бірақ, оның есімі екінші деректе кездеспейді. Жалпы деректерде көрсетіп отырғандай, Қажымұхан Мұңайтпасұлы «Үш жүз» партиясын емес «Алаш» партиясын қолдаған. Сонымен қатар, Қажымұқан Мұңайтпасұлы дүниежүзіне танымал, әлемдік тұлға, ол Айдархан Тұрлыбаевты жақсы білді. Міне, осы оқиғаға қатысты Сәкен Сейфуллин 1917 жылы 21 қазанда болған Ақмола облыстық Қазақ комитетінің қарарын келтіреді. Кеңесте А. Тұрлыбайұлы, С. Жантасұлы, М. Жұмабайұлы, А. Сейітұлы, Е. Мұқышұлы, Е. Тоқтабайұлы, Қ. Торсанұлы және қосып алған мүшелері Е. Итбайұлы, М. Саматұлы, М. Сейітұлы болды. Олар 19 қазанда болған оқиға туралы М. Сейітұлы мен М. Жұмабайұлының баяндамасын тыңдады. Жоғарыда айтылғандай сағат бір-екі шамасында

Омбы уезінің хатшысы А. Қылышбайұлы мен жеңдеріне «Омбы уезінің милициясы» деген жазуы бар шүберек байлап алған үш қазақ еш сөз айтпастан басып кірді. Әлгі милициялар телефонның қасында тұрды, Әлжанұлы бұйыра «комитеттің қалған мүшелері және төраға А. Тұрлыбайұлы қайда?» – деп сұрады. Бес-он минут өтпей, қасына елу-алпыс қазақ ертіп М. Әйтпенұлы келді. Бұлар күш жұмсап, М. Сейітұлын төрағаның бөлмесінде отырған Жұмабайұлы, Торсанұлы және Әділұлының үстіне киргізді. Бұдан кейін сөз сөйлеп, Қазақ халқы шаруасының күйзелісін комитеттен көрді. Комитеттің қағаздарын көрсең ылғи бұйыру, әмір қылу. Мұнысы қазіргі бостандық қағидасына сай келмейді. Патшашылардың облыстық комитеттің басында отыруы жөн емес деп, А. Тұрлыбайұлын тауып әкелуге шығып кетіп, 30-40 минуттан соң қайтып келіп, –А. Тұрлыбаев қашып кетті, бірақ үйіндегі көшірі мен аспазшысы ұрылды – деп топқа айтты. Бұдан соң Бөгенбайұлы деген хатшысы Мұқан Әйтпенұлының айтуымен облыстық комитетінің қазіргі мүшелерінің кейбіреулерінен басқасын сенбеушілік қаулы жазып, бірақ ешкім қол қоймаған соң топқа көрсетіп, Сейітұлы мен Жұмабайұлын тұтқынға алып, А. Тұрлыбайұлының пәтеріне баса-көктеп барғанда Мұқан Әйтпенұлының өзі мүшелерімен бірге тұтқынға алынады [41, 95-99-бб.]. Сын сағатта күш біріктірудің орнына Мұқан Әйтпенұлы Облыстық комитет төрағасы болғысы келіп, А. Тұрлыбаевпен бақталасып, Алаш партиясына қарсы әрекет жасай бастайды. Жоғарыдағы баяндаманы оқып отырсақ, комитеттің өз алдына кеңсесі болғандығын, іс-жүргізу құжаттарының, оның шешімдері мен өкімдерінің уез, болыстықтарға тарағанын білеміз. Жалпы баяндаманы тыңдаушылар әсіресе, Айдархан Тұрлыбаев осы жерде көп жыл сот, адвокат қызметін атқарғандықтан, маман ретінде ереуілді бұрын қылмысты болған адамдар ұйымдастырған деген шешімге келгенін көреміз.

Алаш автономиясы жарияланатын Екінші Жалпықазақ съезін ұйымдастыру, өткізу ісіне А. Тұрлыбаев бастаған Ақмола облыстық құрама комитеті мен Ақмола облыстық Алаш партиясының мүшелері түгел қатысты. Бірақ, Орынбордағы Екінші жалпықазақ съезіне А. Тұрлыбаев қатысқан жоқ. Себебі, ол 1917 жылдың 6-19 желтоқсан аралығында Томск қаласында өткен облыстық төтенше Жалпысібір съезінің жұмысына Ақмола облыстық атқару комитетінің төрағасы және «Алаш» партиясы атынан қатысады [39, 138-п.]. Бұл съезге В.И. Шишкиннің айтуы бойынша Алаш партиясынан Сейдалин мен Тұрмұхаметовтер де қатысады. Съезде Ә. Ермековтің өзі болмасада сырттай Уақытша Сібір Үкіметінің облыстық кеңесінің мүшелігіне сайланады және 9-желтоқсанда Р.Мәрсеков құттықтау хатын жібереді [42, 112-б.]. Неге А. Тұрлыбаев барды? Өз еркімен бе? – деген сұрақтарға жауап берсек, біріншіден, Ә.Бөкейхан бастаған топтың шешімі болса керек, екіншіден, уақыт тығыздығына байланысты Омбы қаласынан Томск қаласына теміржолмен тез жететіндігі ескерілсе, үшіншіден, А. Тұрлыбаевтың Сібірдің жер жағдайын білетіндігі, оның заңгер ретінде өсуі мен қалыптасуы осы Сібір жерінде өткендігі, жалпы оның биліктегі, әсіресе, заңгерлердің бәрін білетіндігі және ысылған саясаткер, білімді заңгер-

дипломат ретінде келіссөз жүргізе алатындығы ескерілсе керек. Шынында да, ол жарты жылдан кейін Ақмола облыстық комиссариаттың құрамына кіреді. Орынборда өткен Екінші Жалпықазақ съезіне А. Тұрлыбаевтың өзі қатыса алмай қалсада, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған ұлт зиялылары оның кандидатурасын Алашорда Үкіметіне ұсынады. Бәрімізге белгілі, жабық дауыс беру нәтижесінде Ә. Бөкейхан – 40, Б. Құлманов – 19, А. Тұрлыбаев – 20 дауыс алады. Бұл елге белгілі факті болғанымен Отандық тарихнамада Алаш үкіметі басшысына кандидаттыққа неге Б. Құлманов пен А. Тұрлыбаев түсті, себебі көрсетілмейді. Тек Сұлтанхан Аққұлұлы мұны былай түсіндіреді: «Демократшыл Ә. Бөкейхан Ақпан төңкерісі кезінде майданнан Ш. Бекмұқамбетов пен У. Танаұлын жіберіп, оларға Орал облысының съезін өткізуге дайындық жұмыстарын жүргізіп, съез төрағалығына Әбілқайыр ханның ұрпағы, Орынбор кадет корпусының түлегі, ақын, ел арасында беделі жоғары өте танымал Шәңгерей Бөкейұлын сайлаңдар деп тапсырма берді. Әлиханның бұл тапсырмасының мақсаты Орынбордағы Жалпықазақ съезінде демократиялық сайлауда өзіне қарсы төрағалыққа түсуін қалады. Бірақ, белгілі болғандай Думаның депутаты Б. Құлманов пен А. Тұрлыбаев тағыда Әлиханның тапсырмасымен бәсекеге түсті. Міне, осы арқылы Ә. Бөкейхан Қазақстанда демократиялық сайлау жолының мықты іргетасын қалағысы келді», [43, 36-37-бб.] – дейді. Төрағалыққа түскен Әлиханның тұлғасы белгілі, мойындалған феномен, С. Жүсіп айтқандай бойына барлық жақсы қасиетті жинаған, қазақ жерінің жоқшысы. Ал, Бақтыгерей Құлманов та Әбілқайырханның ұрпағы, гимназист, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін, кейін шығыс тілдері факультетін бітірген, араб, парсы, түрік тілдерінің маманы, қатарынан екі рет Мемлекеттік Думаға сайланған елі мен жерін қорғаушы тұлға А. Айдархан төре тұқымынан емес, Әлихан Семейдің, Бақтыгерей Батыс Қазақстанның тумасы. Ал, А. Тұрлыбаев Ақмола облысының тумасы, бұл да заңгер, латын, неміс, француз тілдерін жетік білетін қырыққа енді толған жас. 1917 жылы Б. Құлмановтың жасы 58-де, Ә. Бөкейхан 51-де болған. Қалай болғанда да, сен тұр, мен атайын – дейтін сайдың тасындай, есімдері көпшілікке белгілі саясаткерлер еді. Бірі Б. Құлманов осы съездің төрағасы болса, А. Тұрлыбаевтың өзі жоқ, Томскідегі съезде. Сонымен, Ә. Бөкейхан демократиялық негіздегі сайлау жүйесімен Алашорда төрағалығына өтеді. Ал, Б. Құлманов пен А. Тұрлыбаевтың алған ұпайлары бірдей деп айтуға болады. Екеуі де жаңа құрылған Алашорда үкіметінің құрамына өтеді.

Алаш автономиясының жариялануы мен Алашорда Ұлт Кеңесінің дүниеге келуіне орай Нұрбек Шаяхметов осындай тарихи іске ұйытқы болған Халел Ғаббасовтың сөзімен баяндайды: «Автономия мәселесі аяқ астынан туып отырған жоқ... 9 облыс, 1 губерния қазақтардың жеке-жеке топтарында неше рет кесіліп шешілген мәселелердің бірі. Кеше Сібірге қосылмақшы болғанымызда да сол Алаш ұранды қазақ баласының басын бір жерге қосып, өзімізге жеке автономия алмақ мақсат еді» [28, 102-б.]. Алайда, Қазан төңкерісінен кейін, Ресей мен Қазақстан қалаларында Кеңес билігі орнауы енді

ғана құрылған жаңа үкімет – Алашордамен Томскідегі Сібір үкіметінің істерін тежеді. Мысалы, Алаш автономиясының орталығы ретінде Семей қаласының белгіленуіне байланысты және 1918 ж. 18-қаңтарда большевиктердің Орынбор қаласын басып алуына орай, Ұлт Кеңесіне сайланған мүшелерінің негізгі бөлігі Алаш қасына топтасты. Ұлт көсемдерінің алғашқы маңызды саяси шешімі социализм идеяларын қабылдай алмасада, большевиктерге қарсы күресте дәрменсіз күйде болғандықтан және жұртты Азамат соғысынан аман алып қалу үшін олармен ымыраға келе отырып, Алашорда Үкіметінің тарапынан Алаш автономиясын Кеңес өкіметіне ресми түрде мойындату мақсатын көздеді. Бұл бағытта жүргізген дипломатиялық келіссөздері мен жасаған саяси қадамдары барысында большевиктердің саясатының ішкі мәнін түсінген соң, Ә. Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары большевизмге қарсы тұру үшін саяси одақтас іздей бастады [28, 102-б.]. Міне, осы себептен жоғарыда айтылған екі үкіметте большевиктерге қарсы саясат ұстанды. В.И. Шишкиннің айтуынша, екі жақ көктемнің басында Кеңестің билігіне қарсы астыртын әскери ұйым құрып, бірлесе жұмыс істеп, мамыр айында ашық қарсы шықты. Семейдегі Уақытша Сібір үкіметінің өкілі И.А. Зубарев Давыдовқа большевиктермен қарсы күрес үшін Б. Сәрсенов 29 мың сом бергендігін айтса [44, 112-б.], Н. Шаяхметов: «Астыртын әскери бөлімге Х. Тохтамышев пен Р. Мәрсеков, ал азаматтық бөліміне Б. Сәрсенов пен И. Әлімбековтер енгізілді. Осындай саяси қадамдардың нәтижесінде, ұлт зиялылары, автономияға қол жеткізу мақсатында, большевиктерге қарсы белсенді күрес жүргізе бастады. Сөйтіп, большевиктерге қарсы саяси одақтастар 1918 жылдың мамыр айының соңында чех-словак әскерінің қолдауымен Кеңес билігін құлатып, Алаш автономиясының басты мұраттарын жергілікті жерлерде Бұл аумалы-төкпелі уақытта қалыптастыра бастады» [28, 103-б], – дейді.

Бұл аумалы-төкпелі уақытта А. Тұрлыбайұлы бірнеше қызмет атқарған сияқты. Омбы қаласында Кеңестердің билігі кезінде Ақмола облыстық құрама комитетіндегі және Алаштағы жұмысы уақытша тоқтағанда, ол қаладан кетпей заңгерлік жұмысын істей жүріп, астыртын түрде қызметін жалғастырған сияқты. Әйтпесе, қалай Омбы қаласы большевиктерден азат етілгенде Омбы аймақтық соты әкімшілік бөлімі құрамынан Ақмола облыстық комиссариятына тағайындалады? [45, 2-п.]. Міне, осыған қысқаша тоқтала кетсек, 1918 жылдың 19 маусымында Батыс-Сібір комиссарияты қаулысының негізінде Ақмола облыстық комиссарияты құрылып, төрағалыққа П.И. Кортусов, мүшелікке А.Г. Кордо мен А. Тұрлыбаев тағайындалады. Міне, осындай құрамда Ақмола облыстық комиссарияты ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды. 1918 жылы 30 маусымда Сібірдің жоғары үкіметтік құқы Батыс-Сібір комиссариятынан Уақытша Сібір Үкіметі министрлер Кеңесіне өтеді. Саяси жағынан Батыс-Сібір комиссариятынан гөрі министрлер Кеңесі оңшыл болады. Кейбір мәселелерді шешуде қатал позиция ұстанады. П.И. Кортусов пен ішкі істер министрі В.М. Крутовский арасында мәселелерді шешуде келіспеушіліктер пайда болып, Ақмола облыстық комиссариятының мүшелері А.Г.Кордо денсаулығының нашарлауына ал, А. Тұрлыбаев Алашорда жалпы

Қазақ халқының кеңесі Алашорда құрамына сайлануына байланысты, Омбыдан Семейге жол жүретінін түсіндіріп, өтініш жазып, қызметтен босайды. Бірақ, А. Тұрлыбаев өтінішіне қарамастан Семей қаласына кетпей, Омбыда қала береді. Ол 1918-1919 жылдың екінші жартысынан бастап присяжный поверенный қызметін жалғастырып, қоғамдық жұмыспен айналыса бастайды. 1918 жылдың жазында Ресейді қайта өркендету қоғамының Омбы бөлімшесінде, ал, 1918 жылдың 22 қыркүйегінде Омбы қалалық Думасына гласный болып сайланады [46, 27-б.; 47, 162, 163, 170-бб.].

1918 жылдың 1-5 шілде аралығында Айдархан Тұрлыбаевтың жетекшілігімен, Ақмола облыстық Қазақ комитеті ұйғаруымен Құмдыкөлде уездік Қазақ съезі болып өтті. Оған 159 делегат пен 3 мың адам қатынасты. Ұйымдастырушылар 1917 жылғы желтоқсанда болған Екінші Жалпықазақ съезінің шешімімен таныстырып, Алашорда Үкіметін және оның төрағасы Әлихан Бөкейхантың автономия жайлы идеясын қолдайтындықтарын білдірді. Ұйымдастыру комитетімен шақырылған делегация біріншіден, бүкіл қазақ халқының ресми Алашорда Үкіметі мен Автономиясын мойындау, екіншіден, оның бұйрықтары мен өкім, қаулыларын орындау, үшіншіден, Петр Вологодскийдің төрағалығымен 1918 жылы 23 маусымда құрылған Уақытша Сібір Үкіметін қолдайтындықтарын білдіру деген шешімдерін шығарды. Уақытша Сібір Үкіметін қолдау мақсатына 210 жылқы беріп, қайырымдылық жасады. Сонымен, қазақ халқының мәдени-ағарту қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ұлт қазынасы құрылды [32, 411-б.].

Айдархан Тұрлыбаевтың Сібір облыстық Думасымен байланысты тағы бір құжатты сөйлетсек, 1918 жылы 18 тамызда Томск қаласындағы Сібір облыстық Думасынан Ақмола облыстық комитетіне төмендегідей жеделхат келген: «Проектілеріңізді комиссия үш күнде карап бітіреді, сонан кейін Думаның жиылысына салынады Алашордадан біреу тез келсін». Жеделхат хабарынан кейін Алашордадан материал алып Айдархан Тұрлыбаев кеткен [37, 241-б.]. Бұл деректі Күлпәш Ілиясова: «Өкінішке қарай, осы мәселені қарайтын Облыстық Дума Сібір үкіметі тарапынан жабылып, бұл іс аяқсыз қалды», [31,168-б.] – дейді. Айдархан Тұрлыбаевтың алып барғаны қандай құжат десек, ол, 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Жалпықазақ съезінің хаттамасының көшірмесі, оның бір шетінде «22.08.1918. А.Т. өз қолымен тапсырды» және келесі парағында араб таңбасымен «Мағжан Жұмабаев» деген жазу бар [48, 124-б.]. Біз құжаттарды, болған оқиғаларды салыстыра келе шешімін таптық. Орынборда өткен Жалпықазақ съезінде Ақмола облысынан қатысқан Мағжан Жұмабаевқа берілген құжаттың көшірмесі, кейін осы Мағжан Жұмабаев есімі жазылған құжатты Айдархан Тұрлыбаев бүркеншек есіммен қолын қойып тапсырған. Жалпы бұл жоғарыдағы бөлімдерде айтылады.

1918 жылдың 18 қарашасында Омбыдағы дирекция құлап, үкімет билігі адмирал Колчакқа өткен кезде, Алашорда Үкіметі онымен келіссөз жүргізбек болады. Содан Колчак Үкіметі Ішкі істер министрінің орынбасары П.Ф. Коропачинскийдің төрағалығымен 1919 жылдың 11 ақпанында

Омбы қаласында өткен «Қазақ-қырғыз халқының әкімшілік-шаруашылық құрылымы туралы мәселе» бойынша ведомствоаралық құрылым жөніндегі мәжіліске Алашорда үкіметінің төрағасы Ә. Бөкейханмен бірге оның мүшелері ретінде А. Тұрлыбаев пен У. Танашевта барады [49, 125, 11, 278, 75-бб.]. Тағы сондай кездесуге – осы жылдың 9 тамызында Александр Колчак басқаратын Уақытша Сібір үкіметінің Бүкілресейлік комиссия отырысына төрағалық еткен А.С. Белевскийден басқа Қиыр Шығыс өкілдері және қазақ тұрғындары атынан У. Танашев, С. Жантрин және А. Тұрлыбаевтар қатысты. Олар Қазақ съездерінің шешімдеріне сүйеніп, Ресейдің Федеративті құрылымын жақтап, Қазақ Халқының Автономиясын мойындатуды көздеді [10, 603-п.]. Алайда, большевик билігі құлатылғаннан кейін берген уәдесінен бас тартқан Уақытша Сібір үкіметіне де сенуден қалған ұлт зиялылары автономияға жетер жолдың басқа бағытын іздей бастады деген, Нұрбек Шаяхметовтың орынды пікіріне толықтай қосыламыз [28, 119 -б.].

Қорыта айтқанда, Айдархан Тұрлыбаевтың өмір жолындағы атқарған істері, қызметтері қазақ халқын азаттыққа, өркениетті елдер қатарына жеткізу мақсаттарын өзіне берік ұстаным еткен қайраткерлігін, нағыз адамдық бейнесін биіктете түседі. Сондықтан да, біз Алаш үкіметінің 100 жылдығы кеңінен аталып өткен тұста XX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде қазақ халқын ұлттық азаттыққа жеткізу позициясын ұстанып, сол жолда аянбай еңбек еткен Алаш ардақтылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов т.б. азаматтардың қатарында осыған дейін есімі қалың бұқараға көп айтыла қоймаған Айдархан Тұрлыбаевтың да тұрғандығын ашып көрсеткеніміз дұрыс дегенді айтқымыз келеді.

1. Байдалы Р. Алаш қайраткері Айдархан Тұрлыбаев (Ғұмырының негізгі кезеңдері) // Қазақ тарихы. – 2017. – № 2(149) – Б. 2-3.

2. Қалиолин С. – Көкшетау, 2015. 15 наурыз.

3. Ғабжалилов Х.М. Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде. Арғын. – Алматы: «Алаш» тарихи зерттеу орталығы, 2011. – 425 б.

4. Ақтаев С. Алаш көсемдерінің бірі Айдархан Тұрлыбаев туралы // Ақиқат. – 2005. – № 8. – Б. 77-82.

5. Дулатова Г. Алаштың Айдарханы // Кітапта: Алаштың сөнбес жұлдыздары: Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.

6. Әбуев Қ. Айдархан Тұрлыбайұлы // Кітапта: Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана: Елорда, 2006. – 320 б.

7. Санкт-Петербург ОМТМ. 14 – к., 3 – т., 34521 – іс.

8. Айтмухамбетов А.А. Деловая переписка студентов-казахов Санкт-Петербургского университета в конце XIX-начала XX вв. Как источник по изучению их имущественного статуса // Валихановские чтения-8: сб. матер. междунар. науч.-практ. конф. – Кокшетау, 2003. – Т. 1. – С. 22-27.

9. Айтмухамбетов А.А. К вопросу об организации стипендиальной обеспеченности казахских студентов в конце XIX – начале XX веков // Байтурсыновские чтения. Образование и наука Казахстана начала XXI века: проблемы, поиски, решения:

матер. междунар. науч.-практ. конф. – Костанай: КГУ им. А. Байтурсынова, 2014. – Ч. 3. – С. 3-4.

10. Baidaly R.Zh., Kabuldinov Z.E., Aitmuhambetov A.A., Nauryzbaeva E.K. Civil and Legal Activities of the Lawyer A. Turlybayev in Siberia at the beginning of the 20th century // Bylye Gody. – 2017. – Vol. 44, Issue 2. – P. 597-607.

11. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 1338 – іс.

12. Омбы ОТМ. 25 – к, 2 – т., 1 – іс.

13. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX вв. (исторический аспект): дис. докт. истор. наук: 07.00.02. – Семей, 2010. – 346 с.

14. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 763 – іс.

15. Омбы ОТМ. 10 – к., 1 – т., 775 – іс.

16. Памятная книжка и адрес календарь Акмолинской области на 1912 / Акмолинский областной стат. комитет. – Омск, 1912. – 263 с.

17. Астахов А.В. Судебные институты Омского судебного округа в конце XIX-начале XX вв.: структура, состав и функционирование: дис.канд. юрид.наук: 12.00.01. – Омск, 2009. – 239 с.

18. «Қазақ» газеті / ред. Нысанбаева Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.

19. Хайдаров Е.Р. XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысы: тарих және тағылым (1900-1920 жж.): 07.00.02. тарих ғыл. канд. афтореф. – Орал, 2008. – 25 б.

20. Байгараев Н.А. Қазақ даласының әлеуметтік-мәдени және саяси даму үдерісіне жәдидшілдік идеясының ықпалы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): 6D020900 филос. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2016.– 158 б.

21. ҚРОМА. 64 – к., 1 – т., 497 – іс.

22. ҚРОМА. 64 – к., 1 – т., 938 – іс.

23. Кәкен А. Құранға жасалған қастандық // Кітапта: «Алаш-Алжир/ Alash-Alzhir» Алаш. – Астана: «Сарыарқа» БҮ, 2011. – Т. 1. – 384 б.

24. Жапекова Г.К. Губайдулла Уалиханов: жизнь и общественно-политическая деятельность: дис. ... канд. истор. наук: 07.00.02. – Алматы, 2010. – 146 с.

25. Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (2 пол. XIX-XX вв.). – Алматы, 2005.– 345 с.

26. Сейтказина Қ.О. Қазақстанның Солтүстік аймағындағы ислам діні: тарихи талдау (XIX ғ.-XX ғ. басы): 07.00.02 тарих ғыл. канд. дис. – Астана, 2010. – 168 б.

27. Аккұлұлы С. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения // Қазақ жерінің жоқшысы – Собиратель казахских земель. – Астана: «Сарыарқа», 2016. – Т. 15. – 223 б.

28. Шаяхметов Н.У. Ел бүгіншіл менікі-ертеңгі үшін. – Алматы: 2001. – 149 б.

29. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков. – Алматы: «Жеті жарғы», 1996. – 352 с.

30. Мартыненко Н. Алаш-Орда: сб. документов. – Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992. – 192 с.

31. Ілиясова К.М. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Қазақ съездері. Сәуір 1917 ж. – желтоксан 1919 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – Т. 4. – 352 б.

32. Казахи Омского Прииртышья. Энциклопедия. – Изд. 1-е. – Омск: Типография «Золотой тираж» (ООО «Омсбланкиздат»), 2015. – Кн. 1. – 488 с.

33. Қаленова Т.С. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі (1889-1931 жж.): 07.00.02 тарих ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. – 194 б.

34. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М.: ИЦ «Россия Молодая», 1994. – 216 с.

35. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.– Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

36. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.

37. Алаш қозғалысы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. Движение Алаш. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г.: сб. документов и материалов / Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы: Алаш, 2004. – Т. 1. – 552 б.

38. Киргизский съезд // Степная речь. – 1917. – № 226.

39. Томск ОММ. 578 – к. 1 – т., 2 – іс.

40. Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора.– Алматы: Таймас, 2013. – 400 с.

41. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 2009. – 432 б.

42. Әділбаева Ш. Қызды өзіміз ажыратып алатын жағдайға жеттік // Иман.– 2016. – № 4(141). – Б. 20-21.

43. Аққұлұлы С. Яркий пример лидера нации // ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 145 жылдығына арналған «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан»: халық. ғыл.-практ. конф. матер. жинағы. – Астана: ТОО «Беркут-Принт», 2011. – Б. 24-40.

44. Шишкин В.И. Взаимоотношения Алаш-Орды и Временного Сибирского правительства // Известия Уральского государственного университета.– 2011.– Т. 96, № 4. – С. 110-123.

45. РФ ММ. 1847 – к., 5 – т., 808 – іс.

46. Байдалы Р.Ж. Кабульдинов З.Е. Айдархан Тұрлыбаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі // «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған: халықаралық ғыл.-тәжір. конф. мақал. жинағы / ред. Е.Б. СыдықовА.– Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2016. – Б. 25-28.

47. Шишкин В.И. Комиссары и управляющие Акмолинской области (июнь 1918-ноябрь 1919 г.) // Известия Омского государственного историко-краеведческого музея. – Омск, 2006. – С. 160-171.

48. Касенов Е.Б. История движения Алаш по материалам государственных архивов Томской и Оренбургской областей РФ // От Туркестанской автономии (мухтариата) к созданию автономии Алаш: истоки и приемственность казахской государственности: матер. науч. конф. посв. 97-летию образования Алашской и Туркестанской автономий / ред. С.А.Жүсіп. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2014. – С. 119-124.

49. Аққұлұлы Ж.С. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937): 9 т. – Астана: Сарыарка, 2013. – Т. 6. – 520 б.

5.15 МҰХАМЕДЖАН ТЫНЫШБАЕВ

Тәуелсіздік деген қастерлі ұғымды бүтін халық санасына сіңірген Алаш тұлғасы Мұхамеджан Тынышбаев (1879-1938). Адамзат өркениетіндегі қазақ халқының өзіндік орнын көрсетуге ұмтылған, саналы ғұмырын халқының игілігіне жұмсаған осы бір ерен тұлға туралы терендей білуге, терендей тануға құштарлық арта түсуде. Ол табиғи заңдылық. Тәуелсіздіктің ең қастерлі, ең бағалы мұрат екенін уақыт өткен сайын сезіне түсудеміз. Кеңестік тарих ғылымында Мұхамеджан Тынышбаев есімі «буржуазияшыл-ұлтшылдықтың», «пантюркизмнің» баламасында сипатталды [1].

Қайраткердің қоғамдық-саяси қызметіне деген объективті, жаңа пікірлер өткен ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан басталған қоғамдағы оң өзгерістер нәтижесінде айтыла бастады [2]. 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігіне ие болуы М. Тынышбаев сияқты қайраткерлердің өмірін танып-білуге деген халықтың ықыласын оята түсті. Осы уақытта газет-журнал беттерінде М. Тынышбаевтың 1917 жылғы Уақытша Үкімет тұсындағы қызметіне және өміріне, кәсіби қызметіне шолу мақалалар жазылды [2]. Қайраткердің саяси мақсаттағы сөздері, қазақ тарихына қатысты еңбектері қайтадан басылып, халыққа ұсынылды [3].

М. Тынышбаев еңбектерінің жинағы біршама толық түрде алғаш рет 1993 жылы жарық көрді [4]. Кітапты құрастырған тарихшы профессор Ә.С. Тәкенов пен мұрағатшы-зерттеуші Б. Байғалиев, қайраткер-ғалымның өмірі мен қызметіне қатысты деректер негізінде орыс тілінде алғысөз жазып [5] және оның табылған мұраларын жинақтап, топтама етіп шығарды. Жаңа деректермен көптеп толықтыруды қажет ететін бұл еңбек Тынышбаевтанудың алғашқы ізденісі болып табылады.

Тарихшы, профессор М. Қойгелдиев 1995 жылы жарық көрген «Алаш қозғалысы» деп аталатын монографиясының бір тарауында М. Тынышбаевтың Кеңес үкіметі тұсында барынша бұрмаланған Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті құрамындағы қызметін арнайы зерттеп, лайықты бағасын берді [6].

Сондай-ақ, тарих ғылымының докторы, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі К. Нұрпейісов XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының қызметіне арналған іргелі зерттеуінде Алаш қозғалысының басқа қайраткерлерімен бірге М. Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне біршама тоқталып, әділетті пікірін білдірген [7].

Жазушы Т. Жұртбаев күрделі тағдыр иесі – жазушы Мұхтар Әуезов өмірінің саяси тұрғыдан істі болу кезеңіне арнаған еңбегінде республикамыздың Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Мұрағатындағы М. Тынышбаевқа байланысты күні бүгінге дейін құпия болып саналатын құжаттарды қазақ тіліне аударып, жариялады [8]. Бір өкініштісі, бұл құжаттарға тарихи деректанулық тұрғыдан талдау жасалынбағандығы қалың оқырманға ескертілмеген.

Таяу шетел ғалымдары да ұлттық қозғалыстарға арналған зерттеулерінде қайраткер тұлғасына арнайы тоқталды. Ресейлік ғалым Д.А. Аманжолова

Ресей Федерациясы архивтерінде жинақталған құжаттар негізінде жазған Алаш қозғалысы тарихы туралы еңбегінде М. Тынышбаевқа қатысты тың мәліметтерді тапты [9].

Бұлардан басқа Қазақстан тарихына арналған жаңа ізденістерде тұлғаның қоғамдық-саяси қызметіне, оның тарихи көзқарастарына қатысты түрлі пікірлер баршылық [10].

Мәселен, бес томдық академиялық басылым Қазақстан тарихының 1998 жылы жарық көрген 2 томында, «М. Тынышбасвты ғылыми емес әдістерді қолданып, қателіктер жібереді; географиялық атаулардың, тарихи есімдердің лингвистикалық үндестігін, қазақ халқы тайпаларының ежелден келе жатқанының айғағы ретінде қабылдады» [11,370 б.], – деп сынаған. Отандық тарих ғылымы енді аяғынан тұра бастаған кезеңде, ұлтының біртұтас тарихын жазуға деген М. Тынышбаевтың талпынысына осындай баға берумен келісу қиын.

Қайраткердің өмірі мен қоғамдық-саяси және кәсіби қызметі туралы арнайы жазылған қазақ тіліндегі еңбек (2000 жылы) қайтадан басылып шықты – Г.Ж.) [12]. Мұнда автор Қазақстан, Өзбекстан республикалары және Ресей Федерациясы мұрағаттарының 40-қа жуық қорларынан жинақтаған М.Тынышбаевқа қатысты деректер мен мерзімді баспасөз («Қазақ», «Русский Туркестан», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Туркестанские ведомости», «Семиреченские областные ведомости», «Еңбекші қазақ», «Джетысуйская искра» және т.б.) материалдары негізінде халқымыздың осынау біртуар азаматы жайындағы нақты тарихи шындықты бүгінгі ұрпаққа жеткізуге ұмтылды.

Мұхамеджан Тынышбаев 1879 жылы 12 мамырда бұрынғы Жетісу облысы Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының баурайында Әлдекеұлы Тынышбайдың отбасында дүниеге келген. 1890 жылы 14 тамызда Верный қаласындағы Ерлер гимназиясына оқуға қабылданады.

1900 жылы гимназияны үздік аяқтаған М. Тынышбаевқа ұстаздары төмендегідей мазмұнда мінездеме береді: «...Үздік оқуымен, үлгілі тәртібімен ұстаздарының құрметіне бөленуі М. Тынышбаевты жігерлендіріп, алған білімін одан сайын тереңдете оқуға ұмтылдырып, оның жүйелі тұрақты түрде орыс тарихымен, орыс әдебиеті және мәдениеті тарихымен үлкен қызығушылықпен айналыса бастауына әкелді. Ол ғылымның әр саласында (жаратылыстану, қоғамтану пәндерін) қатар, бірден меңгере алатын аса сирек қабілетке ие. Көрнекті шәкіртіміздің өзін тәрбиелеген білім ордасының мақтанышына айналып, қай салада болмасын, адал, табанды, ерік-жігермен қызмет ететіндігін сеніммен айтуға болады. М. Тынышбаев білімін әрі қарай жалғастырып, Санкт-Петербургтағы Жол Қатынасы инженерлері институтына барғысы келетіндігін білдіреді» [13].

М. Тынышбаев сол 1900 жылы император Александр I атындағы Жол қатынасы инженерлері корпусы институтының студенті атанады.

Болашақ патриот қайраткердің оңы мен солын танып есейе бастаған шағы Ресей империясының қазақ елі тәрізді бағынышты отарларына жүргізіп

отырған шовинистік саясатының күшейген кезіне тұстаскеледі. Жергілікті халыққа қарсы жаулық көзқарастағы мемлекеттік басқару жүйесі, әлеуметтік теңсіздік, оқу-ағарту саласының отаршыл билік мақсатына сәйкес шешілуі, мәселен, миссионерлер, тілмәштар дайындау, жер мәселесі, Полиция Департаментінің Ерекше Бөлімінің өте құпия, әккі қызметінің нәтижесінде «бұратана» халықтардың ой-санасын тұмшалап, надандықта ұстауға қол жеткізуі және т.б. факторлармен сипатталынатын зорлықшыл, озбыр саясаттың жемісі саналы жастың көз алдында өтіп жатты.

Ол 1900-1906 Санкт-Петербургтағы Жол қатынасы инженерлері корпусы институтының студенті болып жүрген кезінде түрлі тарихи жағдайлардың куәсі болды. Бұл жылдар (1900-1906 жж.) монархиялық билікке қарсы саяси, әлеуметтік-экономикалық талаптағы наразылықтардың, халық толқуларының жандануымен ерекшеленеді. Осы көріністердің барлығы жас студентке өз дәрежесінде әсер етіп, оны толғандырған қалың ойдың жауабы табылуына, біртіндеп қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптаса бастауына жол ашты.

Алаш қозғалысының жетекші қайраткерлеріне тән – Мұхамеджан Тынышбаевтың туған еліне қызмет етудегі нақты іс-әрекеті бірінші орыс революциясы жылдарында басталды. Ол баспасөз беттерінде отарлық билікті аяусыз сынайтын уытты мақалалар жазып, ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен айналысты. Сонымен бірге, патша билігіне оппозициядағы орыстың түрлі партияларына (конституциялық-демократиялық және социалист-революционерлер партиялары), түрікшілдік және мұсылмандық қозғалыстарға да қатысады. Оның осы кезде жазылған атақты «Қырғыздар және азаттық қозғалыс» деген баяндама-мақаласы ресми үкімет орындарын қатты шошытып, патша жандармериясының соңына тыңшы қоюға әкелді. Қазақ студентінің осы кезеңдегі қызметі туралы 1917 жылы «Қазақ» газеті: «...1905 жылы Петроградқа түрлі мәселелер қақында ізденуші қазақтар көп барғанда, басшылық етіп, еңбегін сатпай, қызмет көрсеткен – Мұхамеджан. Сол жылғы петерборшылар Мұхамеджанның кім екенін, басқалардың кім екенін біліп қайтқан» [14], – деп жазады.

1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан II Мемлекеттік Думаға мүше болып сайлануы М. Тынышбаевтың әлеуметшілдігін көрсетеді. Көп кешікпей II Николай патшаның 3 маусымдағы жарлығымен Думаны таратып жіберуі оның депутаттық қызметін тоқтатып тастады.

1913 жылдан бастап Орынбор қаласында шыға бастаған ұлттық қозғалыстың дамуындағы маңызды кезең – «Қазақ» газетін шығару ісіне ат салысқан М. Тынышбаев болды. Газет бетінде ағартушылық сипаттағы түрлі мақалалар «Темір жол һәм Еуропа», «Аспанда ұшып жүретін машина һәм Еуропа соғысы», «Соғыс кемелері һәм мина» т.б. жариялайды [15]. Газетке қаржылық жағынан қолдау көрсететін «Азамат серіктігіне» азаматтықпен кірген еді.

Оның шын мәнінде, халықтың қамын ойлаған қайраткер ретінде жарқырай көрінген кезі – 1916-1917 жылдар еншісіне жатады. 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын (Жетісу

облысындағы қазақ-қырғызға жасалған қандықырғын, халықтың босқындыққа ұшырап, бұрынғы жұпыны күйлерінен де айрылуы және т.б.) күні бұрын болжап, көтерілістің алдын-алуға тырысты. М. Тынышбаев күші басым империялық билікке қарсы шығудың, қарусыз халыққа тек қайғы-қасірет әкелетінін алдын-ала түсініп, елді сабырға шақырған «Қазақ» газеті ұжымындағы зиялылармен пікірлес болды. Кейін осы көтерілістің зардабын жою ісімен айналысты [16].

Оның бұл кезеңдегі жанқиярлық қызметі 1917 жылдың ақпанында дүниеге келген Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті құрамына мүше болған шағымен тығыз байланысты. Әлсіз билік болса да, алғашқы кезде демократиялық бастауларымен (езілген халықтарға теңдік, амнистия, арұждан, баспасөз бостандығы, дін тұту еркіндігі, халық сайлаған өкілдер қатысқан Құрылтай Жиналысы арқылы жаңарған Ресейді басқару және т.б.) халық сеніміне ие болған жаңа үкіметтегі тым шектеулі, шағын билігін пайдаланып, босқын қырғыз-қазақты Қытайдан атамекендеріне оралтуға үлкен еңбек сіңірді. Шиеленіскен ұлтаралық дағдарысты салихалы шешіп, Жетісу өңіріне әскери жағдай енгізу арқылы, келімсектердің қарусыз қазақ-қырғыздарды қырып тастауын болдырмай тәртіп орнатуға тырысты. Жетісу оқиғасына көңіл бөлмеген орталық билік алдында аш-жалаңаш елге қаржылай көмек беру туралы мәселе көтерді. Бөлінген аз ғана жәрдем қаражаттың босқын елдің мұқтажына ретімен жұмсалуы тікелей оның басшылығымен жүзеге асты. Сонымен бірге, М. Тынышбаев 1916 жылғы көтерілістің ең басты себебі – жер мәселесі болып табылатындығын, оны туындатқан отарлық биліктің әділетсіз саясаты екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп және босқындыққа ұшыраған халық туралы кейінгі тарихқа өте құнды деректер жазып қалдырды. Мұның өзі қайраткер-ғалымның кеңестік тарихнаманың бүркемелеуіне қарамастан, осы көтеріліс тарихын шынайы жазған тұңғыш қазақ зерттеушісі болғанын көрсетеді [17].

Міне, бұл фактілер қайраткердің 1916-1917 жылдардағы қызметі бүгінде тарихымызда іргелі де, берік орын алуға лайықты екендігін дәлелдейді.

М. Тынышбаевтың қоғамдық-саяси қызметінің келесі бір өте маңызды кезеңі Алашорда үкіметі тарихынан табылады. 1917 жылдың соңына таман Ресей мемлекетінің құлауы Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді. Бірақ, басталып кеткен азамат соғысы бұл шешімнің орындалуына қолайлы жағдай туғыза қойған жоқ. Алашорда Ақпан төңкерісі әкелген жалпы демократиялық жеңістерді қайтарып алуды көздеді. Сөйтіп, демократиялық федерация мен Құрылтай Жиналысын қолдаушылармен бірге, ел ішіне бүлік салған большевиктерге қарсы күреске шықты. Олардың кеңестік билікпен жүргізген келіссөзі сәтті болмағаны белгілі. Қалыптасқан әскери-саяси жағдайды ескере отырып, сол кезеңдегі қазақ қоғамының даму барысы жеке дара әрекет етуге әзір еместігін дұрыс таразылаған құрамында М. Тынышбаев бар Алашорда үкіметі, антибольшевиктік күштердің қолдауы арқылы, ең алдымен халықтың амандығын, бүтіндігін сақтауға тырысты. 1918-1920 жылдарды қамтитын

осынау шиеленіске толы кезеңде, қазақ автономистері екіжаққа бірдей соғыс алаңы болған туған жерді қантөгіспен құтқаруға, қазақ елі дербестігін қамтамасыз етуге бар мүмкіндікті пайдаланып бақты. Алашорданың басшы жетекшілерінің бірі болған М. Тынышбаев осы мақсатты ту етіп, бірін-бірі күшпен алмастырған, әртүрлі орыс үкіметтерімен жүргізілген келіссөздерге белсене қатысты. Оның осы бағыттағы қажырлы еңбегі, әсіресе «Николайдың заманы мен тәртібін» қайтаруға тырысқан Колчак билігі кезінде, аш-жалаңаш, әбден күйзелген туған халқының мүддесін қорғап, мұңын жоқтап, көмек сұраған әрекетінен аса айқын көрінді [18].

Бірақ, күн тәртібіне алғашқы кезекке ұлттық мәселе емес, таптық мүдделер қойылған мезгіл – Алашорда көздеген арманды аяқасты етті. Ұлттық қозғалыстар атаулыға жауыға қарайтын саны көп Ресей үкіметтері, автономия күшін тек өз мақсаттарына пайдалануды көздеді. Азамат соғысының өн бойында бой көтерген орыстық шовинизм, «бұратана» халықтарға деген сенімсіздік, күдік Алашорда үкіметінің қыр соңынан қалмады, және ақыры оған, күннен-күнге күш алып келе жатқан кеңестік билікке берілуден басқа жол қалдырмады. Әсіресе, қызыл тапшылдық идеяның жетегіндегі Кеңес үкіметі негізі сонау бірінші орыс революциясы жылдарында қаланған, нақты көрінісі Алашорда атты үкіметтің өмірге келуі болған, тұңғыш қазақ автономиясын тарих сахнасынан күштеп кетіріп тынды.

Ресей империясының қол астына қарағаннан бергі Түркістан халықтарының өзінің тарихында алғашқы демократиялық мемлекеттікке ұмтылған, бастауында М. Тынышбаев тұрған Түркістан автономиясы да осындай қанипезер большевиктік саясаттың құрбаны болды.

Идеалдары туған халқын өркениетті елдер қатарына қосу болған, сол үшін өмірлерін құрбандыққа шалған М.Тынышбаев және оның серіктері кеңестік биліктің қайшылықты қуғын-сүргін саясаты жылдарында, қазақ халқының тұрмыс жағдайын, экономикасын, мәдениетін көтеруге зор үлес қосты.

XX ғ. 20-30 жж. Қазақстан тарихы ғылымының дамуына Алаш зиялылары өлшеусіз үлес қосты. Ұлт зиялыларының кеңестік кезеңдегі қоғамдық қызметінің ғылыми-ағартушылық бағытқа ойысқаны белгілі. Осы кезеңде қазақ халқының мәдениеті мен руханияты, Қазақстан ғылымы түзіліп, кеңестік социалистік жүйенің бағытында өз дамуын қалыптастыра бастады. Білім беру, ағарту саласы, оқулықтар шығару және қазақ халқының әдебиеті мен тарихы туралы қарқынды ізденістер мен зерттеулер жүргізу жұмыстары жолға қойылды.

Бұл іске Алаш зиялылары белсенділік танытты. Ұлтқа қызмет етудің өлшеусіз өнегесін көрсеткен зиялылар кеңестік саяси биліктің таптық сипатын қабылдамаса да, халқының мүддесі жолында өздерінің білімдерін, күш-қуатын, тәжірибелерін аянып қалмады. Алаш зиялыларының тарихи танымды дамытуға, қалыптастыруға қосқан зор еңбектері осы уақытта өмірге келді.

Ұлт зиялылары өздерінің ғылыми-ағартушылық қызметтерін, зерттеу еңбектерін негізінен, Ташкент және Орынбор қаласында жүргізді.

Ташкент қаласы қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, Қ. Кеменгерұлы өмір сүріп, еңбектенген ғылыми-мәдени орталыққа айналды. Ал Қырғыз (қазақ) Кеңестік Социалистік Автономиялық республикасының астанасы – Орынбор қаласында А. Байтұрсынов бастаған Алаш қайраткерлері, республиканың мәдени-ағарту саласын дамытуға күш салды.

Қазақ зиялылары кеңестік түрлі ғылыми мекемелерде, оқу орындарында, қоғамдарда, баспа саласында еңбектенді.

Ұлт оқығандары үшін 1920 жылы қазан айында құрылған Қазақ Халық Ағарту институты басты ғылыми орта болды. Мұнда олар педагогикалық және ғылыми қызметпен айналысты. Өздерінің тарихи тақырыпқа арнаған еңбектерін жазды.

Сондай-ақ, түрлі ғылыми-зерттеу мекемелерінде, мерзімді баспасөздерде және ғылыми-тарихи қоғамдар мен ұйымдарды өздері құрып немесе олардың жұмыстарына барынша атсалысты. Соның бірі, 1920 жылы 21 тамызда Ташкент қаласында өткен Халық Ағарту Комиссариатының мәжілісінде құрылған Білім Комиссиясы еді. Ол өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатын көздеді. 1921 жылы қазан айында комиссияның төрағалығына Х. Досмұхамедов тағайындалады.

Білім Комиссиясының жұмысына М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ж. Досмұхамедов, Н. Төрекұлов және т.б. зиялылар араласты. Баспасөз мәселесі көтеріледі. Сөйтіп, «Сана» атты ғылыми-көпшілік, әдеби-көркем, тарихи-этнографиялық, қоғамдық-саяси, «...аңсаған елге, алақтаған мұғалімдерге, жасөспірім шәкірттерге» арналған Х. Досмұхамедовтың редакторлығымен журнал жарық көрді.

Журналдың алғашқы саны 1923 жылы шықты. «Сананың» бағдарламасы жарияланады. Ол педагогикалық-әдістемелік құрал және ғылыми журнал ретінде айқындалып, мынадай жоспарын құрды. Журнал, «1) математика (арифметика, алгебра, геометрия, тригонометрия); 2) астрономия; 3) жаратылыстану тарихы (зоология, ботаника, геология, минералогия, топырақтану); 4) гигиена және медицина; 5) ветеринария; 6) мәдениет тарихы, этнография, археология; 7) қырғыздардың (қазақтар) және түркі-монғолдардың тарихы; 8) география; 9) отантану (Қазақстан, Түркістан), 10) Статистика;11) халық әдебиеті; 12) көркем әдебиет; 13) ғылыми әдебиеттер, оқулықтар, терминология; 14) театр, музыка, ән-күй; 15) қырғыз (қазақ) ойын-сауықтары; 16) мектеп ісі (тарихы, бағдарламасы, жоспар жасау, статистика т.б.; 17) педагогика; 18) баспа ісі. Типо-литография (терушілер, корректорлар); 19) рефераттар және рецензиялар; 20) Хроника (мектеп өмірінің маңызды хабарлары, Халық Ағарту комиссариатының, Ғылыми Кеңестің, Қырғыз Білім Комиссиясының, Қазақ Халық Ағарту институтының қызметі туралы жаңалықтар); 21) Қырғыз тілінде және қырғыздарға (қазақтарға) қатысты басқа тілде шыққан кітаптардың тізімі және т.б.» көптеген мәселелерді қамтыды.

Журнал туралы, оның бағыты жайында «Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан» атты Х.Досмұхамедовтің мақаласы «Сана» журналының 1923 жылғы № 1, 3 сандарында жарияланып, ғылым мен білімге, тарихи сананы көтеру мәселесіне байланысты автор пікірлері жарияланды. «Журнал шығарғанда біздің ұстайтын жолымыз мынау», – деп жазады автор: 1. Ең негізінен бастап әр пәндерден түсінікті қылып жалпы білім беру; 2. Қазақ-қырғыз жұртының тарихымен, салты, әдетімен, тұрған жерлерімен таныстыру. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Өз еліміздің өткен кеткен туралы, басынан кешкен дәуірлері туралы бұрынғы, осы күнгі мекендері туралы қолдан келгенше толық мағлұмат беру, ата-бабаларымыздың істерімен танысып, еткен жаңылыстарына күйініп, жақсылықтарына сүйініп ғибрат алмақ – адамға сана береді. 3. Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру. 4. Білім таратып, елдің қолын мәдениетке жеткізетін мектеп сондықтан мектептің тарихы, түрлері, түзелісі, оқуы, оқыту 5. Бұл дүниеде адам баласы таңданатын іс қылып өткен ірі адамдар бар. Бұл адамдардың аттары атадан балаға ұмытылмай келе жатыр. Түрлі данышпандар, шешендер, шеберлер, батырлар ақындар, билер т.б. көп өткен. Осындай адамдар өзіміздің қазақ-қырғыз арасында аз болмаған. Өз жұртына жұмыс қылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу – елдіктің белгісі. Сондықтан ең алдымен өз жұртымызда болған, сонан соң шетелдерде болған ірі адамдармен таныстыру» [10, 50-б.].

«Сана» журналында қазақ тарихына, ірі тұлғаларға олардың тарихтағы іс-әрекеттеріне арналған ғылыми зерттеулер, мақалалар басылады. Соның қатарында М. Тынышбаевтың «Түркі-монғол тарихы», «Мырза Едіге батыр. Ертедегі Едіге мен тарихтағы Едіге» атты ғылыми зерттеулері жарияланды.

Дәстүрлі ауызша тарихтың көшпенділер тарихи жады екендігін оған қатынастың тарихи сипат алуы осы зерттеуде байқалады. Едіге жайындағы бірнеше ертегілер, жыр-аңыздар (мәселен, Радловтың барабин татарларынан жазып алғаны, Березиннің «Түркі хрестоматиясындағы» (3 том, 1890 және.) нұсқасы, Ә. Диваев жинаған нұсқа, Ш. Уәлихановтың нұсқасы т.б.) салыстырмалы-салғастырмалы әдіспен талданады. Едіге туралы зерттеушілердің пікірін және өз ойын айтады, Профессор Мелиоранскийдің, ертегіге сүйеніп, «бұл ертегі өте ерте заманда шыққан, өйткені, ертегі айтуынша, Едігенің анасы Шашты Әзіз әулие Ніл дариясының сағасы Құмкент деген қалада болыпты» деген ойына қосылмайды.

Едігенің анасы Баба түкті Шашты Әзіз зиратының орнын көрсетеді. Ол Қаратаудың теріскейіндегі Шымкент уезінің Жылыбұлақ селосында Қызылкөл маңайы. Ғалымның пайымдауынша, тарихтағы Едіге туралы бірталай шындықты көрсете алады. Яғни, «Едіге бала күнінде Қаратаудың теріскейінде өсуі мүмкін деген ой келеді».

Топонимикалық деректер мәліметіне тоқталады. Атбасар уезінде Ұлытаудың түстік күнбатыс жағындағы Едіге тауы бар. Едігенің обасы деген бір шоқының басында Едігенің қабірі сақталған. Ніл дариясын, ертегішілердің біреуі кейіннен қосуы ықтимал.

Зерттеуші Едігенің тарихтағы орнын анықтауға күш салады. Алтын Орданың тарихында Едіге тұлғасы тым күрделі және қарама-қайшы іс-әрекеттерге толы. Автор бұған байланысты «Алтын Орданың бытырап жоғалуына, бірден-бір себепкер болған Едіге мен оның үрім-бұтақтары. Ертегі, Едігені жер-көкке сыйғызбай, канша жоғары көтерсе, тарих жолында тоз-тоз болып құрып кеткен Жошы ұлысының көзімен қарағанда, оларға жаманшылық істегендердің арасында Едігеден асқаны жоқ» [19, 205-б.] деген түйін жасайды.

Едіге тақырыбы, жалпы дәстүрлі ауызша тарих туындылары барынша қудаланды, сыналды. Бұл кеңестік саяси идеологияның дүмпуі. Әсіресе, ұлы отан соғысы жылдарында қарсы пиғыл күшейіп халқының жауы деп танылды.

Едіге туралы тарихи объективті пікірді осыдан кейін кеңестік ғылымда көтерген В.М. Жирмунский. Филолог ғалымның іргелі монографиясында Едіге туралы арнайы зерттеу бөлінген.

Қазақ зиялылары ұлт тарихының зерттеу, насихаттау мәселесімен Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды Зерттеу Қоғамының, «Талап» қоғамының мүшелері ретінде айналысты.

1922 жылы 4-желтоқсанда Ташкент қаласында – алдына қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен «Талап» атты қоғам құрылады. Ол осындай мақсатты көздеген Түркістан өлкесіндегі тұңғыш қоғам. Қоғам Мемлекеттік Ғылыми Кеңестің жанынан ашылады.

Талап мүшелері тұңғыш рет 13 желтоқсан айында бас қосты. Төрағалыққа Х. Досмұхамедов, орынбасарлыққа М. Есболов, қазынашыға М. Тынышбаев, хатшылыққа М. Әуезов отырды [10, 82 б.]. Кейін профессор А.Э. Шмидт, этнограф Ә. Диваев, М. Жұмабаев, К. Тоқтыбаев, және т.б. «Талаптың» толық мүшелігіне қабылданды.

1923 жылы Ташкентте шығарылған «Сана» журналының бірінші санында «Талап» қоғамы жайында, оның бағдары мен мақсаты туралы мәлімет берілді: «1) Қазақ-қырғыз халқының мәдениеті өркендеуіне қоғамның көздеген мақсаттары мыналар: а) Қазақ-қырғыз халқының әдеби, пән, ғылым атауларын һәм басқа мәселелерді тексеру; ұлт өнерін (искусствосы) тәптіштеу... п) Қазақ-қырғыз халқының тарихын һәм салтын тексеріп қарастыру... т) Қазақ-қырғыз мектептерінде оқыту әдісін реттеп, жөнге салу; ж) Қазақ-қырғыз халқының білім қызметкерлеріне һәм өнер қайраткерлеріне жәрдем көрсету» [10].

Мұнда қызықты баяндамалар, зерттеулер оқылды, талқылану жиі болды. Мәселен, «Талаптың» 1922-1923 жылғы бір жылдық есебінде М. Тынышбаевтың «XIII ғасырға дейін түріктің ежелгі тарихы», «Шыңғыс хан және оның империясы», «Қазақ-қырғыздар тарихы» және т.б. талқыланып, тыңдалды. Ол 1925 жылы Қызылордадағы Қазақстанды зерттеу туралы өлкелік қоғамға біріктірілді.

Алаш зиялылары қатысқан үлкен беделді ғылыми-зерттеу орны Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімі еді. Ол Ташкент қаласында 1897 жылы 28 қараша айында өз жұмысын бастады. Археология және этнография секциясы үзілістермен 1924 жылы ақпан айында қайтадан

жанданды. 1924 жылы 4 маусымда бұл іс қайта түлеп, М. Тынышбаев «Қызылөзендегі қираған үйінді және Баласағұн қаласы» зерттеуін таныстырды. Өзі өлкеден тапқан қазба байлық дерегі төрт мыс теңгені, мыс пышақтың кесегін және картаға түсірілген суретін қатысушыларға көрсетеді. Экспедицияға шығу қаражатқа байланысты орындалмапты [10].

Археология және этнография секциясының толық мүшесі болып М. Тынышбаев сайланады. Қолдаған шығыстанушы-ғалымдар А.А. Семенов, А.Э. Шмидт, М. Массон болды. Ұлт зиялысының тарихи танымының кеңдігі қоғам мүшелерінің барынша қолдауы мен ілтипатын туғызды.Ол 1924-1927 жылдары осы қоғамда «Көксудағы қираған үйінді және Қойлық қаласы», «Қазақ руларының шежіресі», «Қазақ хандығының құрылуы», «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі», «Сырдария, Жетісу губернияларындағы ескі қала, қамал-қорғандардың орны», «Қазақ ханы Тәуке мен оның батыры Алдияр туралы аңыз», «Атбасар уезіндегі ежелгі ескерткіштер», «Қызылөзендегі қираған үйінді және Баласағұн қаласы» атты зерттеулерімен жұртшылыққа баяндама ұсынды [10].

Бұл жұмыстар кезінде Орыс Географиялық қоғамы Түркістан бөлімінің және Қазақстанды Зерттеу Қоғамының баспаларынан жарық көрді. Ғалым еңбектерінің мазмұны мен маңызы артпаса кеміген жоқ. Археологиялық, заттай деректер жинаумен айналысып, Шахрисабздағы «Көк-Сарайдың» және Өзгенедегі мұнараның ескі суреттерін, мыс теңге-бақырларды Орыс Географиялық қоғамына өткізген.

Түрлі конференцияларға баяндама оқуға шақырылды. Мәселен, 1924 жылы 27 қарашада Өзбекстандық ғылыми қоғамдар мен мекемелердің I конференциясына шақырту алды. Орыс Географиялық қоғамы Түркістан бөлімінің 108 мүшесінен (1924 жылғы мүшелері) тек қана Археология және Этнография секциясының төрағасы А.А. Семенов пен М. Тынышбаев қатысты.

1925 жылдың соңында Ташкент қаласында Орта Азияның өндіргіш күштерін зерттеу туралы конференцияда оған қазақ халқының тарихы туралы баяндама жасау тапсырылды. Атап айтқанда: «Қазақтардың тарихы. Олардың тайпалық жіктелуі және басты рулары. КСРО қазақтарының шетелдегі тайпаруластарымен байланыстары. Соңғы санақ бойынша, қазақтардың саны және қазіргі әкімшілік бөлуге сәйкес, оларды орналастыру. Тайпалар арасындағы байланыс. Тайпалық және рулық бөлінудің қырғыз-қазақ халқының экономикасына әсері. Қазақтарға қатысты маңызды тарихи еңбектерге және статистикалық-экономикалық материалдарға (Қоныс аудару басқармасы жұмыстарына) қысқаша сипаттама». Ұлт зиялысының «Қырғыз-қазақтар XVII және XVIII ғасырларда (Қырғыз-қазақ халқының тарихына материалдарға қосымша)» атты еңбегі осы тапсырыспен дүниеге келді.

Академик көрнекті шығыстанушы ғалым В.В. Бартольд мұрасына байланысты М. Тынышбаевтың қатысы бар. 1925 жылы оның «Түркістан монғол шапқыншылығы дәуірінде» деген тақырыптағы докторлық диссертациясының қорғалғанына ширек ғасыр толды. 1927 жылы

«В.В. Бартольдке. Түркістандық достары, оқушылары және құрметтеушілері» атты ғылыми жинақ осы мерекеге орай жарық көреді. Жинақты шығарушылардың (А.А. Семенов, М.С. Андреев, Ә. Диваев, Х. Досмұхамедов, М. Массон, С. Малов, А.Э. Шмидт) бірі қазақ ғалымы М. Тынышбаев болды [10, 89-б.].

Еңбектің «Тарих» айдарында М. Тынышбаевтың «Ақтабан шұбырынды» атты қазақ тарихының аса күрделі, алмағайып кезеңіне арналған зерттеуі берілді [10].

Ғылыми еңбектері арасында бұдан басқа қазақ халқының рулық және тайпалық құрамын, тарихи бастауларын зерттеуге берік негіздер жасайтын туындылары – «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі», «Қазақ хандығының құрылуы», «Қырғыз-қазақтар 17-18 ғасырларда» және т.б. маңызы зор [10]. Кәсіби мамандығы басқаша бола тұра еңбектерін сан алуан жазба, заттай деректерді, орта ғасырлық авторлардың шығармаларын, өзіне дейінгі бүкіл тарихи әдебиеттерді және халқымыздың бай ауыз әдебиетін деректік тұрғыдан жан-жақты талдап, орынды пайдалана білетіндігі, деректерді сыни көзқараспен қарап, салыстыра білетіндігі, тарихшылардың бүгінгі ұрпағын қайран қалдырады. Қазақтардың тарихы туралы негізінен отарлық көзқарас тұрғысынан біржақты жазылған еңбектер басым кезде, халқының тарихи тамыры тереңде, оның шежіресінен бастау алатындығын, қазақтардың құрама емес негізі бір екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, Отанды, туған жерді сүюдің, қадірлеп-қастерлеудің үлгісін осылай да көрсете білді. Қазақ халқының біртұтас тарихын жазып шыққан М. Тынышбаев қана десе қателеспеспіз. Бұл еңбектер бүгінгі күні егеменді еліміздің өткенін зерттеу ісіне үлкен қызмет көрсетіп, қайта жазылып жатқан тарихымыздың мүддесіне жарауда.

Мұхамеджан Тынышбаевтың негізгі қыры – оның техникалық маман екендігі. Ол өзінің кәсіби қызметінде ірі техникалық туындыларын (Жетісу жол құрылысын, Қызылорда, Алматы қалаларын, Түркістан– Сібір темір жолын және т.б. салуды) қысқа тарихи мерзімде, бас-аяғы 10 жылға жетпейтін уақыт ішінде жүзеге асырды.

Әсіресе, тұңғыш қазақ инженерінің атақты Түркістан-Сібір темір жолын салудағы еңбегі өлшеусіз. Кеңестік индустрияландырудың бастамасы болған осы бір алып құрылыстың салынуы, тікелей М. Тынышбаев есімімен тығыз байланысты. Оның кәсіби қызметіндегі ерекше назар аударуды қажет ететін ірі мәселе осы.

Қазақ инженерінің кәсіби қызметі туралы кеңестік тарих ғылымы ұзақ жылдар бойы үнсіз келді. Саяси көзқарасты бірінші орынға қойған Кеңес үкіметі, М. Тынышбаевтың бұл қызметі жайындағы шындықты білуді қалаған жоқ. Түрксібтің салынуы туралы сан алуан еңбектерде тұңғыш қазақ инженерінің есімі аталмағандығы осының дәлелі.

М. Тынышбаевтың болат жолдың негізгі салушысы, әрі жетекші маманы болғанын мұрағат деректері растайды. Әсіресе, Алматы облыстық және Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаттарының «Түрксіб темір

жолы құрылысына Көмек Комитеті» қорлары, кәсіби маманның белсенді еңбегі туралы өте құнды құжаттар сақтаған. Оны бас маман ретінде таныған «Джетысуйская искра» газетінің сарғайған беттері еңбегі елеусіз қалған жанның елеулі еңбегін бүгінгі ұрпаққа толық жеткізе алады [20].

1926 жылы 3 желтоқсанда КСРО Еңбек және Қорғаныс Комитеті Түркістан-Сібір темір жолын салу туралы арнайы қаулы қабылдайды. Онда жалпыодақтық құрылыстардың ең маңыздыларының бірі – Түрксіб магистралы екендігі көрсетіледі.

М. Тынышбаев Түрксіб темір жолы құрылысына Жәрдемдесу комитетінің мүшесі болып тағайындалады. 1927 жылы 7 қаңтарда РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан құрылған Жәрдемдесу комитеті, құрылысқа байланысты туындайтын барлық проблемалар комплексіне басшылық жасады. Комитет құрылыстың оперативтік және әкімшілік жұмыстарына араласпады. Оның басты міндеті құрылысты дер кезінде қаржыландыру, жұмыс күшімен қамтамасыз ету, құрылыс материалдарымен жабдықтау болды. Жәрдемдесу комитетінің төрағасы, ұлтжанды тұлға, саяси қуғын-сүргін құрбаны – Тұрар Рысқұловтың барынша қолдауы арқасында М. Тынышбаев Комитет құрамына қосымша енгізілді. Бұл кезде Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы саяси науқанды бастап кеткен Қазақстанның сол кездегі басшысы Ф.И. Голощекин Т. Рысқұловтың ұсынысына барынша кедергі жасайды. Т. Рысқұлов қазақ инженерінің Қазақстаннан шыққан білгір маман, инженер-жолшы екенін дәлелдеп, оны Жол Қатынасы Халық Комиссариатының Құрылыс Комитеті құрамына енгізген еді [21].

Түрксіб тарихының ең күрделі кезеңінде қазақ инженерінің есімі мәңгіге қалды. Жәрдемдесу комитеті Орталық органының белді мүшесі болумен бірге Түрксібтің оңтүстік қанатында түрлі жауапты қызметтер атқарды. Жобалау-зерттеу жұмысының, Жоспарлау бөлімінің, Техникалық-өндірістік бөлімінің, 6-зерттеу бөлімшесінің бастығы, Түрксіб темір жолын салуға байланысты Жетісу Көмек комитеті мен Жетісу губерниялық атқару комитетінің мүшесі және т.б. – оның атқарған қызметінің толық емес тізімі ғана [10].

Қазақ инженері Түркістан-Сібір темір жолы құрылысының басты жұмыс күші қазақ халқы болуына да ерекше ынталылық танытты. Нағыз іскер маман, тәжірибелі инженер екені осы мәселеден байқалады. Оның ойынша, негізгі жұмысшылар қазақ халқы өкілдері болуының құрылыс үшін тиімділігі өте зор. Өйткені, қазақтардың өздерінің тұратын киіз үйлерінің, ат-көліктерінің болуы, өз малдарының өнімдерін пайдаланатындары, отындарының (тезек) болуы, қысқа жұмыс аяқталысымен қиналыссыз артық күшті қажет етпей, үкіметтен көмек күтпей-ақ қыстауларына көшетіндігі, халықтың қара жұмысқа төзімділігі Ташкент, Жетісу темір жолының құрылыстарында сыннан өтуі, арзандығы және т.б. артықшылықтары бар. М.Тынышбаев сырттан әкелінетін жұмыс күшінің қымбатқа түсетінін айтып оның себептерін де көрсетеді. Келімсек-жұмысшыларға жазғы жұмыс маусымында тұрғын-жайлар салу, азық-түлік, отын-су керектігі, қыс түсімен оларды құрылыс есебінен елдеріне қайтару немесе қысқы мекен-жаймен қамтамасыз ету, жергілікті климатқа

көндіге алмайтындары, жұмысқа шыдамсыздықтары, талап қойғыштары артық шығынды қажет етеді. Сондықтан да, оның пікірінше, тек арнайы мамандықты қажетсінетін жұмыстарға ғана мамандар шақырту керек. Ол бұл туралы баспасөзде кеңінен хабарланудың тиістілігін айтып, келімсектер жолына тосқауыл қоюды жазады. Журналистерге құрылыс жұмысы туралы сұхбатында да, осы мәселеге жиі тоқталып, қоныс аударушылар келуіне бөгет жасауға тырысады. Осылайша, экономикалық жағынан тиімсіздігімен түсіндіре отырып, Қазақстанға ағылған қоныс аударушылардың қарқынын аяқ алысын бәсеңдетуге ұмтылуы, өзінше Кеңес үкіметінің саясатына жасаған орынды наразылығы. Ол маманданған кадрларды да Қазақстанның өз ішінен дайындаудың мүмкіндігін айтты. Ол үшін жергілікті жұмысшылар арасында қысқа мерзімді курстар ашу, жұмыс күшіне байланысты көптеген қиындықтарды шешер еді [22], – деп жазады.

Оның ерекше кәсіби шеберлігі Түрксібте танылды. Бұл авторы М.Тынышбаев болған Шоқпар варианты үшін күрестің жеңіспен аяқталуы еді. Түркістан-Сібір темір жолы тарихының маңызды беттері болып саналатын Шоқпар нұсқасы қазақ инженерінің өз туындысы болды. Үлкен айтыс-тартыс, дау-дамаймен қабылданған мәселенің тарихы бар.

Түркістан мен Сібірді жалғастыратын темір жол салу туралы идеялар XX ғасырдың басында пайда болды. Жол өтетін территорияларды зерттеу, сол кезден бастап-ақ жүргізіледі. Мәселен, 1906 жылы жүргізілген экспедиция қазақ жерінің Семей, Жетісу және Сырдария облысының жартысын зерттеді. Бұдан кейінгі жылдары да жалғасын тапқан зерттеу-ізденістерге қатысады. Жүргізілген ізденіс-зерттеулердің нәтижесінде жол трассасының түрлі варианттары өмірге келеді. Әсіресе, оңтүстіктен тартылатын жолға байланысты көптеген жобалар жасалынды. Жолдың Қордай асуы арқылы Пішпекке немесе Пішпектен айналып өтіп, Шоқпар асуы арқылы Верныйға баратын жобасы сол кезде-ақ пайда болып, үлкен айтыс туғызады. Бұл пікір-таласқа қатысушылар негізінен, өз мүдделерін ғана көздегендер болды. Жолдың өлкенің экономикасына әкелер пайдасы назардан тыс қалған еді.

Осындай барлық жағынан тиімсіз Қордай жобасының орнына, Мұхамеджан Тынышбаев Шоқпар вариантын ұсынды. Ол сонау 1914 жылы Жетісу темір жолында істеп жүргенде-ақ, Шоқпар асуының темір жол тартуға қолайлылығы туралы нақты пікірге келген.

Оның пікірінше, «Шоқпар жолы ұзақтау болғанымен, артық күшті, көп шығынды жұмсамай, құрылыс мерзімінен бұрын аяқталады. Қазақстанның бес облысымен байланыс орнайды. Ерте ме, кеш пе орталық Қазақстанның оңтүстік облыстарымен қатынас қажеттігі туады. Қырғызстан бөлек республика болғандықтан, бір кездерде бөтен елдің жерімен тартылған жол қиындықтар тудыруы мүмкін» [23] .

Шоқпар варианты шын мәнінде, қызу айтыспен, дау-жанжалмен бекітілді. Оны түпкілікті бекіту туралы пікірге келуге бірнеше ай кетті. Бұған дейін Түрксіб темір жолының Бішкек арқылы өтетініне сенімді болған Қырғызстан республикасы магистралдан сырт қалғанына келісе қоймады. Мұрағат

деректері бұл туралы Қырғызстан республикасының, шет аймақтарды индустрияландыру туралы үкімет шешімін қайта қарау, партияның нұсқауын өзгерту пікірінде болғанын көрсетеді. Олар мұның өзін экономикалық жағынан ғана емес, саяси жағынан да қауіпті деп санаған еді. Бірақ кәсіби маман, ұлтжанды азамат кеңестік биліктің өзіне деген сенімсіздігіне қарамастан елінің мүддесін бәрінен жоғары қойып, барлық қиындыққа төтеп бере білді.

Бүгінгі таңда түбіміз, тегіміз бір болғанымен, бөлек ел дербес мемлекет Қырғызстаннан темір жол өтуі ел экономикасына артық шығын болар еді. Кәсіби ұлтжанды маманның көрегендігі еріксіз мойындатады.

1927 жылы 28 қазанда КСРО Еңбек және Қорғаныс комитеті Түркістан-Сібір темір жолының оңтүстік бағыты үшін Луговой станциясынан басталатын Шоқпар жобасын түпкілікті бекітті.

Сонымен жол Шоқпар варианты бойынша Алматы арқылы тартылатын болды. Тарихи құжаттар М. Тынышбаевтың І Алматыдағы темір жол бекетінің орналасқан жерін белгілсуші болғандығын көрсетеді.

М. Тынышбаевтың тағы бір кәсіби, инженерлік толғанысының көрінісі Дос асуынан жол салудың авторы болуы. Түрксібтің Семейден басталатын солтүстік бөлігінің зерттелуіне, салынуына бірдей еңбегі сіңді. Әлденеше рет құрылыс жұмысына байланысты Семейге жолсапарға барып, осы жақтан салынатын жолға байланысты өзінің тиімді жобаларын ұсынған.

Алматыдан Семейге тартылатын жолдың екі жобасы болған. Бірі – Лепсі (шығыс) жобасы, екіншісі – Балқаш варианты. М.Тынышбаев Балқаш вариантын қолдайды. Бұл өңір бұрын игерілмеген, шикізат қуаты мол өлке болатын. Бұрынғы зерттеулерде, Балқаштың далалы, сусы-малы құмды алқапта орналасуына байланысты, жол салуға тиімсіздігі айтылатын. Қазақ инженері бұл қиындықты жеңуге болатынын айтып, жолды қар, құм басудан сақтайтын әдіс ойлап табады. Ол жол бойына ағаш отырғызу, жел жаққа ықтасын-қалқан жасау арқылы бұл мәселені оңай шешуге болатынын дәлелдеген еді. 1928 жылы 18 мамырда Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Балқаш вариантын бекітеді. Сонымен Балқаш варианты бойынша жол, Іле аулынан Қызылқайнар, Тектұрмас арқылы тура Қабанға тарту көзделді. Осы жерде М. Тынышбаев бұрын жобалаушылар арасында қиындық туғызған Дос асуынан өтетін жол желісін ойлап табады. Бұл кейін, Балқаштың мысын, Жаркент пен Қоғалы-ның астығын тасымалдауға тиімді және шекараға жақын стратегиялық маңызы бар ең қолайлы жол болып қалды. Дос асуы арқылы салынған жолдың 10,5 километрге қысқарып, 1 миллион сом қаражаттың үнемделгенін «Джетысуйская искра» газеті хабарлайды [24]. Балқаштан Бөрлітөбеге дейін М. Тынышбаев өз қолымен салған 12 километрлік жол 1931 жылдан 1947 жылға дейін жұмыс істеді.

Бүкіл кеңестік индустрияландырудың алғашқы ұлы жеңістерінің бірі – Түркістан-Сібір темір жолы іске қосылып, бүкіл халық болып осы қуанышты тойлап жатқанда, оның басшысы, негізгі салушысы-инженер М. Тынышбаев кенеттен тұтқынға алынды. Бұл 1930 жылдың тамыз айының 3-жұлдызы болатын. Бұдан кейін кеңестік қуғын-сүргін жалғаса берді [25].

М. Тынышбаевтың қазақ халқының өркендеуіне,туған елінің дамуына жасаған еңбегі зор. Тарихи-саяси тұрғыдан күрделі дәуірде өмір сүрген тұлғаның ұлтына адалдығын, ол үшін саналы ғұмырын арнаған ерлігін ұрпақтар жадынан шығармауы тиіс.Тәуелсіздіктің бағасын, жасампаз рухты ұлт бойына осындай тұлғалар арқылы сіңіргеніміз жөн.

1. Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 239 с.

2. Осадчий Ф. Қазақтың тұңғыш темр жол инженері // Өркен. 1989. 4-10 сәуір.

3. Тынышбаев М. Ұлы мәртебелі мырзаға // Қазақ әдебиеті. 1990. 26-қазан.

4. Тынышбаев М. История казахского народа. — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. – 224 с.

5. Такенов А.С., Байгалиев Б. Инженер и историк (о М.Тынышбаеве) // История казахского народа. – Б.3-14.

6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Қазақ университеті, 1995.

7. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

8. Жұртбаев Т. Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 368 б.

5.16 ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИН

Жұмағали Тілеулин – Алаш қозғалысы белсенді қатысушыларының бірі, педагог, журналист. Ж. Тілеулин 1889 жылы Ақмола облысы Көкшетау уезіндегі Айыртау болысының Жаманшұбар ауылында туған. Ауылдың молдасынан сауат ашқан. Оның ағасы Шәймерден баланың қабілеті зор екенін көріп, оның ары қарай орыс-қазақ мектебінде оқыту үшін өзінің Құсайын Темірбеков деген досына беріпті. Мұнда ол араб және орыс әліпбиін меңгеріп алды [1, 15-б].

1910 жылы Ж. Тілеулин Омбы әскери-дәрігерлік училищесіне оқуға түсті. Осы училищені 1913 жылы бітіргеннен кейін өзінің туған жерінде фельдшер, сонан соң Петропавл уездік денсаулық сақтау бөлімінің санитарлық-медициналық бөлімшесінде нұсқаушы болып істеді.

Ж. Тілеулиннің саяси күреске келуі патшаның жасырын полициясы басып шығаруға тыйым салған Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер кітабымен байланысты; соның бір мың даналы таралымын Ж. Тілеулин үйіне жасырып қойған [2, 125-б]. Мұндай тәуекелді іс тұтқындалуы ықтималдығына қарамастан, Ж. Тілеулиннің әлдеқашан халық игілігіне қызмет ету жолын таңдағанын танытады; бұл кейінгі оқиғалардан да көрініс тапты.

1917 жылғы сәуір – мамырдың басында ол Омбыда өткен Ақмола облысы қазақтарының құрылтайына қатысты. Сол құрылтайда Ж. Тілеулин Ақмола облыстық қазақ комитетінің мүшесі және Мәскеуде өтетін Бүкілресей мұсылмандары құрылтайына делегат болып сайланды. 1917 жылғы 21–28 шілдеде Орынборда өткен I Жалпықазақ съезіне, ал 1917 жылғы қазанда Омбыдағы Ақмола облысы қазақтары «Алаш» партиясының құрылтай съезіне қатысты.

«Алаш» партиясынан Құрылтай жиналысына сайланған депутаттардың арасында Семей және Ақмола облыстарының өкілдері (20 адам, солардың ішінде Жұмағали Тілеулин) де болған. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынборда ұйымдастырылған II Жалпықазақ съезінің жұмысына қатысты.

1918 жылғы 12 ақпанда тұтқындалып түрмеге қамалды. 1918 жылдың маусымында ол түрмеден босатылып, содан кейін Петропавл земстволық әкімшілігінде жұмыс істей бастады. 1919 жылдың қазан айынан бастап 1921 жылдың қазан айына дейін Көкшетау аудандық денсаулық сақтау басқармасында жұмыс істейді.

1921 жылдың 16 қыркүйегінде Ақмола губерниялық Еңбекшілер және ауыл шаруашылығы депутаттары кеңесі атқару комитетінің мүшесі болып сырттай сайланды.

1921 жылғы қараша айынан бастап Петропавлдағы орыс педагогикалық курстарында дәріскер және Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасы санитарлық-эпидемиологиялық бөлімі қазақ секциясының меңгерушісі болып істейді және сол уақытта ол Ақмола губерниялық халыққа білім беру бөлімі мен Ақмола губерниялық жер бөлімі алқасының мүшесі болады.

1922 жылдың 10 қазанында Ақмола губерниялық халыққа білім беру басқармасының шешімі бойынша үш жылдық педагогикалық курстың жетекшісі болып бекітілді.

1922 жылдың қараша айында педагогикалық курстары қайта құрылғаннан кейін Ж. Тілеулин Қазақ техникумының директоры болып тағайындалады. Ол ерінбей оқушыларды оқуға алып, жатақханаға орналастырып, азық-түлікпен қамтамасыз етумен айналысты. Сонымен қатар, техникумда жұмыс істейтін білікті педагогикалық кадрларды таңдады [3, 20-п]. Білімі бойынша фельдшер болса да, техникумды басқару міндетін құрметпен атқарып шықты. Бір жылдан кейін оқу орнында мұғалімдерді даярлаумен ғана емес, қазақ мектептерінің қызметкерлерін қайта даярлау курстары да жүргізіледі.

Кейін өткені үшін қудалану, дәлірек айтқанда, «Алаш қозғалысына» қатысқаны үшін педагогикалық техникум директоры қызметіндегі жұмысын жемісті атқаруына кедергі болған. Совет үкіметінің кейбір белсенді жақтастары 1919 жылы жарияланған алашордашыларға деген рақымды қабылдай алмады, олар ыңғайлы сәтті күтіп, оларға жаңа кедергілер ұйымдастырып, тағы бір соққы берді. 1921 жыл сәуір 1920 жылғы 20 қарашадағы Түркістан Майданындағы Революциялық әскери кеңесінің, Бүкілресей Төтенше Комиссиясы, кейінірек Қазатком және ГубРевком шешімдері негізінде Алаш қозғалысының бұрынғы мүшелерін қудалау тоқтатылды деп түсіндірілді [4, 132-п]. Бірақ, бұл құжат «Алаш Ордаға» қатысы бар адамдарға жасалған шабуылды тоқтатпады.

Рибастың 1922 жылғы 9 тамыздағы «Мир труда» («Еңбек әлемі») деген газеттегі «Алаш-ординцам нет места в Советах» («Кеңестерде алашордашыларға орын жоқ») мақаласында қазақ эксплуататорларының өміріндегі оқиғаларға, басқа кісінің еңбегін иемденудің әртүрлі тәсілдеріне ерекше көңіл аударылады және де ақыры хаттың авторы азаматтық соғыстың оқиғаларына оралады. «Қазақ зиялыларының көсемдері және байлар мен

кулактардың ұлдары мен жандайшаптарын» еске салады, бірнеше адамның аты-жөнін, соның ішінде, Ж. Тілеулинді де, атап шығады [5].

Революциялық әскери кеңестің, Төтенше Комиссияның және Қазақ Атқару Комитетінің құдалауды тоқтату туралы өкімдерін елең қылмай, автор саналы жаулардың бір-біріне қарсы тұру кезеңіне ерекше көңіл аударып, «Алаш Орда» жайында мәселені көтеруге тырысады. Сөзсіз, мақаланың қиқар атауы оқырмандардың назарын аударады.

Өзінің ашық хатында Ж. Тілеулин автордың айыптау сөздеріне жауап бергенде, «Кеңес өкіметі кезінде ол оған қарсы үгіт-насихат жүргізбегенін; соны ол қызмет атқарған мекемелердегі жауапты жұмыскерлері растай алатынын» жазады [6]. Ақыры Ж. Тілеулин хаттың авторына осы мәселе бойынша тиісті органдарға жүгінуге кеңес береді.

1923 жылдан бастап 1927 жылға дейін Ж. Тілеулин Қырғыз (1925 жылдан бастап Қазақ) өлкесін зерттеу Қоғамының Ақмола губерниялықбөлімі басқармасының мүшесі болған.

1927 жылғы 23 қыркүйекте Ақмола Губерниялық Денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісі бұйрығы бойынша Ж. Тілеулин емдеу бөлімшесінің меңгерушісі және Ақмола губерниялық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды.

1928 жылдан бастап 1930 жылдың 5 маусымына дейін Петропавл Денсаулық сақтау басқармасында сол лауазымдарда жұмыс жасады [1, 17-п.].

1930 жылғы 5 маусымда ол «1918-1920 жылдары ұлтшыл идеяларды насихаттау және шетелдік орталықтармен байланыс орнатқаны үшін» тұтқындалып Пстропавл қаласына түрмеге жабылды. 1930 жылдың 2 тамызында босатылды.

Алайда, 1931 жылдың қаңтарында, ол қайтадан тұтқынға алынып Алматыға жіберілді, 1932 жылғы 20 сәуірде Воронеж облысына жер аударылды. 1932–1935 жылдары куғын-сүргін кезіндс Бслоозер аудандық ауруханасында жұмыс істеп, медициналық тақырыптарда мақалалар жазды. 1935 жылы рақымшылықтан кейін Фрунзе қаласында дәрігер болып жұмыс істеді. Алаш қозғалысы: теория және практика 1938 жылы Түркістан әскери округі трибуналының үкімі бойынша сотталып, өлім жазасына кесілді. 1958 жылы ақталды [1, 19 -б.].

Оның оқымыстылығы және терең білімі үшін туған-туысқандары мен жақындары Жұмағали Тілеулинді «молда аға» дейтін [2, 131-б]. Ол медицина тақырыбы бойынша бірқатар кітап шығарды. Сонымен бірге, Ж. Тілеулин орыс тілінен қазақ тіліне ресей дәрігерлерінің еңбектерін аударған.

---

1. Муканов К. Жумагали Тлеулин. – Алматы: Жибек жолы, 2005. – 216 с.

2. Канапьянов Б. Жумагали Тлеулин // Нива. – 2000. – № 4. – С.124–132.

3. Годовой отчет Петропавловского Казпедтехникума. Северо-Казахстанский областной архив (СКОА). Ф. 1074. Оп. 1. Д. 38. ЛЛ. 1–27.

4. Всем уездным революционным комитетам Акмолинской губернии. СКОА. Ф. 55. Оп. 4. Д. 1. Л. 132.

5. Рибас. Алаш-ординцам нет места в Советах // Мир труда. – 1922. – 9 августа.

6. Тлеулин Ж. Открытое письмо // Мир труда. – 1922. – 13 августа.

5.17 ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВ

Қазақ халқының тарихында жарқын із қалдырған Алаш арыстарының бірі және бірегейі – Отыншы Әлжанов 1873 жылы 12 тамызда бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Нарын болысының №6 ауылында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылдық округі) Әлжан Сақауұлының (Мұхаметжанұлының) ауқатты отбасында дүниеге келді. Заман ағымын жақсы түсіне білген әкесі Отыншы жасынан өнер мен білім іздеуге баулиды.

Отыншы Әлжановтың ата-бабалары Тарбағатайдың теріскейін мекен еткен есімдері елге танымал найман руының ішінде қаракерейден тарайтын бес байыс елдің ішінде Сарымырза дейтін атадан таралған ұрпақ. Одан ішінде белгілі аталары – Тоқабай, Жомарт, Бәйел, Нұран, Мұхаметжан, Әлжан (одан Отыншы) [1]. Демек, өскен ортасы және шыққан тегі бар азамат.

Ол 1882-1887 жылдары Зайсандағы 4 класты орыс-қазақ училищесінің оқушысы, 1887-1890 жылдары Омбы қалалық училищесінде, 1890-1894 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясының студенті. Осы Омбы мұғалімдер семинариясындағы сыныптағы жалғыз қазақ баласының барлық пәндерден «5» деген бағамен оқығаны (тек орыс тілінен «4» екен) оның қабілеті мен білімге құштарлығын айғақтай түседі [2].

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының үлкен бөлігін гимназия мен прогимназиялардың, медициналық училищелер мен курсанттардың, мұғалімдер даярлайтын семинариялардың түлектерінен тұрды. Олар дәрігерлік, фельдшерлік, мұғалімдік кәсіпте, байланыс және банкі қызметінде, газет пен журнал редакцияларында, баспаханаларда, переселен және басқа мемлекеттік мекемелерде жұмыс істеді.

Бұл топтың қатарында Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омаров, Мырзағазы Есболов, Телжан Шонанов, Сейдәзім Қадірбаев, Жұмағали Тілеулин, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Омар Қарашов, Сағындық Досжанов, Отыншы Әлжанов сияқты және басқа көптеген белгілі қайраткерлер болды.

Қазақ жастарының белгілі бір ірі саяси орталықтарда оқуы, сол сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңару жолына түсуге әрекетке көшкен орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады [3].

1894-1895 жылдары Дала генерал-губернаторы кеңсесінің колледждік тіркеушісі қызметін атқарған О. Әлжанов 1894 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде шығып тұрған «Дала уәлаяты» газетінің меншікті тілшісі қызметін қоса атқарған. Осы газетке алты жылдың ішінде қырықтан аса мақала жариялайды. Отыншының кейбір мақалалары «Бабайбүркіт», «Орта жүз», «О.Ә» деген бүркеншік аттармен жарық көрген. Бұл мақалаларында оқу-ағарту саласы, мектеп ашу, жас ұрпақты тәрбиелеу, халық тарихына, халық ауыз әдебиеті үлгілері мен салт-дәстүрге қатысты, қоныстандыру мәселесі, аңыз-ертегілер, қазақ халқының әлеуметтік жағдайлары қозғалады.

Ол өзінің жариялаған мақалаларында қазақ халқының оқуға, ғылымға қарай ұмтылуын көздейді.

Аса қабілетті, қазақ және орыс тілдерін жетік білген жас жігіт Омбы шенеуніктерінің назарынан тыс қалған жоқ. Семинария түлегі Дала генерал-губернаторы кеңсесіне колледждік тіркеуші қызметіне қалдырылды. бұл жерде 1895 жылдың наурызына дейін, яғни 8 ай қызмет істеп, Азаматтық ведомствоның Жоғарғы бұйрығы бойынша Омбыда орналасқан Ақмола облыстық сотына тілмаш болып тағайындалған.

Сот саласында қызмет істей жүріп Отыншы қазақ халқына қатысты патша үкіметінің жүргізіп отырған саясатының мәнін толықтай көре білді. Ол қазақ шаруаларына қатысты істерді тексеру барысында үкімет тарапынан жіберіліп жатқан әділетсіз шешімдерді көрді. Міне, осындай жағдайда әділеттілікке жетудің бірден-бір жолы оқу екендігін түсінді. Сондықтан ол қазақ әдебиеті мен мәдениетін насихаттаушы, округтік оқу инспекторы А.Алекторовтың қолдауымен өзі оқыған училищесіне мұғалімдікке орналасады.

1897 жылы өзінің көпғасырлық тарихында Ресей мемлекеті қоластына енген жерлердегі халық санын анықтау мақсатында алғашқы санақ жұмысын жүргізді. Бұл санақ жүргізу ісіне мемлекет шенеуніктері 1896 жылдың соңынан әзірлене бастады. Санақ жұмысына қазақ зиялылары да тартылды.

Отыншы Әлжанов 1896 жылдың 5 желтоқсанындағы Ақмола облысының Әскери губернаторының № 33 бұйрығымен санақ жұмысына қатысуға Атбасар уезіне жіберіліп, ол бұл іссапарда 1897 жылдың 9 наурызына дейін болды. Патша Отыншының санаққа қатысқан еңбегін бағалап, оны қола медальмен және алғыс қағазымен марапаттайды. Ол 1897 жылғы санақтың жүргізілуінің басты мақсаты халық санын анықтау арқылы орыс қоныстанушыларына кеңістік белгілеу болған екенін түсінді. Қазақ ауылдарын аралау барысында қазақтардың кедейленіп бара жатқандығын, бұған себеп болған біріншіден, жалқаулық, еріншектік болса, екіншіден, саудагерлердің алдауына түсіп, мал-мүліктерінен айырылуы екендігін көре білді.

Алаш арысы О. Әлжанов қазақ арасындағы сауатсыздық пен жоққа нанушылықты жеңудің бірден-бір жолы – білім алу екендігін түсінді. Сондықтан ол оқу-білімді меңгеру қажеттігін насихаттай бастады. Ол өз өтініші бойынша 1898 жылдың 1 қыркүйегінен бастап О. Әлжанов Батыс-Сібір оқу округі Басқармасының рұқсатымен Омбы пансионына қазақ және орыс балаларына қазақ тілінен сабақ беруге жіберіледі.

1901 жылы Отыншы Әлжанов Петропавл облысының Омбы уезі, Омбы болысының қазағы Дүйсебай қажы Кеменгеровтың қызы Нұржәмилаға үйленеді. Омбы өлкелік сотының төрағасына жазған өтінішінде ол Кеменгерова Нұржамал Дүйсебайқызымен некеге тұруға рұқсат сұраған. Оның алған жары Алаштың белгілі қайраткері, халқымыздың ардақты перзенттерінің бірі – Қошке Кеменгеровтің туған апайы еді.

1904 жылы 7 тамызда болған Омбы округтік сотының жиналысында Отыншыға Дала генерал-губернаторы кеңсесінің бекітілген талабы бойынша бірінші класты шен беру мәселесі козғалады. Ал 1904 жылдың 20 қарашасында

патша ағзам Отыншыны Омбы округтік сотында колледждік тіркеушіге тағайындау турасында бұйрыққа қол қояды.

1905 жылы қанды жексенбі оқиғасы мен 18 ақпандағы патша рескрипі қазақ өлкесіне үлкен өзгерістер әкелді. Отыншы өзінің серіктерімен бұқаралық саяси жұмыстарға белсене кіріседі. Осы жылдың жазында қазақ халқының мұң-мұқтажын білдірген петициялар легі жоғары орындарға жіберіле бастады. Осы кезде 11 пункттен тұратын Қарқаралы петициясын дайындауға қазақ зиялылары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаевтармен бірге О. Әлжанов та белсенді түрде қатысты. Бұл зиялылар петицияда дін, тіл, жер мәселелерін қозғады.

Отыншы Әлжанов Семейде құрылған білім беру ісін қолдаушылар қоғамының мүшесі болып, жылына бір рет мүшелік жарна төлеп отырады. Ол қоғамның төрағасы Ф.Р. Дульскиймен кездесіп, оқыту әдістемесіндегі өзгерістер мен енгізулер турасында өткізілген мәжілістерге қатысады. Сондай-ақ, қазақ және орыс балаларына арналған Ф.М. Достоевский атындағы мектептегі жаңаша әдіспен оқыту барысын қадағалайды.

1906 жылы маусым айында Семейдегі Халықтар үйінде өткен қазақ сайлаушыларының жиналысында О. Әлжанов төрағалық етеді. Жиналысқа Семей өңірінен 180-нен аса қазақтар қатынасқан. Әскерлік міндеткерлік, земство ісі, жер мен дін мәселелеріне қатысты Көлбай Төгісов, Өмірбек Жамулов, Шәкәрім Құдайбердиев, Сәдуақас Шорманов, Қызырмолда Қоңызов, Әбубәкір Құрмановтармен бірге Отыншы Әлжанов сөз сөйлеп, өз пікірін білдірді.

Отыншы Әлжанов ұзақ жылдар бойы атқарған сот мекемесіндегі қызметін тоқтатып, А. Алекторовтың шақыруымен ағартушылыққа бет бұрады. Сөйтіп ол 1907-1909 жылдары Көкпекті 2 сыныптық орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып қызметке кіріседі.

А. Алекторов О. Әлжановтың, қазақ балаларын оқыту мәселелеріне қатысты жазылған мақалалармен жете таныс болғандықтан оған Өскемен, Зайсан уездерінде қазақ арасында жаңадан орысша оқытатын мектептер ашу міндетін қоса жүктейді. Отыншы да қазақ жастары оқу-білімге ұмтылып, көзі ашық ел азаматы болса деген үмітте болды [4].

Көкпектіде ол тек ұстаздықпен айналыспай, істі болған, зәбір-жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек береді. Ол кезде көкпектіде тұрып жатқан орыс мұжықтары мен татар көпестері және қала мещандары қазақтардың жаз жайлауға шығатын Қалба ішіндегі жерлеріне ешқандай ақы төлемей малдарын бағып, қалай болса, солай пайдаланып, қазақтарды басынған. Бұған ашынған О. Әлжанов заң жүзімен жерлестерінің мүддесін қорғауға кіріседі.

Отыншы заманауи білімнен кенде қалған өзінің туған еліне келісімен ағарту жұмысына бел шеше кіріседі. Ол Санкт-Петербургте 1907 жылы өткен мәжілісте Ресей Халық Ағарту Министрлігі комиссиясының өкілі ретінде сөз сөйлеп, «бұратана халықтарды» оқыту туралы «Ережеге» сын айтып, қазақ мектептерінің жұмысын қадағалайтын инспекторлық орынға

қазақ мұғалімдерін тағайындау, қазақ мұғалімдерінің құқығын және діни сабақтарды беретін мұғалімдердің жалақыларын орыс мұғалімдерінің құқығымен, жалақыларымен теңестіруді және басқа да өзекті мәселелерді ортаға салады. Дала өлкесіндегі миссионерлік бағыттағы оқу жүйесінің зардапты әрекеттерін әшкерелейді. Қандастарының келімсектерден көріп отырған зорлық-зомбылықтары туралы да ашына мәлімдейді. Мектеп ісін жолға қоюда көптеген шаралар ұйымдастырылып, мектеп ашуға ел байларын жұмылдырады [2,197].

Ол Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданында жүріп, жергілікті халықты әділетсіздіктен қорғап күрескендігіне дәлел ретінде мұрағат деректері сақталған екен. Мысалы, 1908 жылы 4 тамызда Семей облысының генерал-губернаторына және 1909 24 тамызда Дала генерал-губернаторына жазған хаттарында өлкедегі халықтың жағдайын баяндап, елге араша түскен [5].

Алаш арысының мұндай қамқорлығын көре алмаған жергілікті өзге ұлт өкілдері оның үстінен арыз ұйымдастырып, Отыншы Әлжановты 1909 жылы бес жыл мерзімге Жетісу облысының Ленпсі уезіне жер аудартады. О. Әлжановқа Дала генерал-губернаторының 5 жылға Лепсіге жер аударылу турасындағы жарлығы 9 қыркүйекте тапсырылады. Ол Семей түрмесінде 23 қыркүйекке дейін отырып, келесі күні этаппен Лепсіге жөнелтіледі. Лепсіге 3 қазанда келіп жетеді [4,18-19]. Отыншы Жетісу өңіріндегі халық арасында да өзінің білімі мен білігінің арқасында зор беделге ие адам болады. Бірақ, «саяси сенімсіз» деген айыппен оның соңынан патша жандармдары үнемі бақылап жүреді. Ақыры 1915 жылы 9 қаңтарда оны уезд басшысына шақыртып, оның мерзімінің аяқталғанын хабардар етеді.

Қазақ зиялысы О. Әлжанов жер аударылған сенімсіз адам ретінде бақылаудан босатылған уақытта елде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басталған еді.

1916 жылғы 25 маусым жарлығы шығып, халық наразылығы бұрқ ете түскенде мәселенің мән-жайын жақсы білетін қазақ зиялылары бірден жұртты ашуды тыйып, ақылға келуге шақырды. Өйткені қанша наразылық көрсеткенімен, күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын болатын.

Жетісу облысында мұндай үгіт-насихат жұмысын XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының белгілі қайраткерлерінің бірі Отыншы Әлжанов та жүргізген. Ол жөнінде М. Дулатов 1918 жылы жазған мақаласында былай деп көрсеткен: «Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түпкіріне айдалып барған Отыншы 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25 маусымның қанды жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үркіген елге тоқтау айтып, көбінесе қан төгілетініне көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды» [6].

Алаш қайраткері Отыншы Әлжанов 1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен Екінші жалпы қазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметіне мүше болып сайланды [7].

Алаш автономиясының Алашорда аталған (Алаштың ордасы немесе үкіметі) Ұлт Кеңесінің құрамына 15 адам сайланды: Уәлихан Танашев (Бөкей Ордасы), Халел Досмұхамедов (Орал облысы), Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Халел Ғаббасов (Семей облысы), Садық Аманжолов (Жетісу облысы), Мұстафа Шоқаев (Сырдария облысы). Облыстардан тыс Алашорда құрамына Әлихан Бөкейхан, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақтыгерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов сайланды. Үкіметтің осы 15 мүшелеріне орынбасарлар болып қазақ өлкесінің әртүрлі өңірінен тағы да 15 кісінің кандидатуралары бекітілді.

Алашорданың (Алаштың ордасы-үкіметінің) төрағасы баламалы жағдайда сайланды. Үкімет төрағасына үш қайраткердің – Әлихан Бөкейхантың, Бақтыгерей Құлмановтың және Айдархан Тұрлыбаевтың – кандидатуралары ұсынылды. Жасырын дауыс нәтижесінде Ә. Бөкейхан – 40 дауыс, А. Тұрлыбаев – 20, Б. Құлманов – 19 дауыс алды. Көп дауыс алған Әлихан Бөкейхан Алаш автономиясының үкіметі – Алашорданың төрағасы болып сайланды.

Съезд қазақ милициясын құру жоспарын жасап, бекітті. Съезд шешімінде милицияның әр облыстағы саны, оларды оқыту және қажетті заттармен (киім-кешек, мініс аты, қару-жарағы және т.б.) қамтамасыз ету тәртібі анықталды. Сонымен, съезд Алаш атты қазақ автономиясын құру қажеттігін бір ауыздан қолдады. Алаш автономиясының бастау көздерінде тұрған, екінші жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермековтың сөзімен айтсақ: «...Желтоқсанның 12-күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды» [8].

1917 жылы шілдеде О. Әлжанов О.А. Шкапскийге уезде милиция құру мәселесі турасында ұсыныс білдіреді. О. Шкапский уезде милиция құруды қажетті деп санаймын деген жарлығына қол қойяды. Осы жарлықтан кейін Жетісу мен Сырдария облыстарының уездерінде тәртіпті сақтау мақсатында атты милиция құрыла бастайды. Лепсідегі уезіндегі милиция құру ісі Отыншыға жүктеледі. Қазақ азаматтары С. Аманжолов, С. Сабатаевтармен бірлесе отырып ол уездегі қазақ, ұйғыр, орыс жастарынан және соғыстан қайткан орыс солдаттарынан атты милиция жасақтайды. Ол жерде Жаркент және Верный уездерінен іріктеліп алынған жастар арнайы дайындықтан өткізіледі [4,22].

Академик К. Нұрпейіс азаматтық қарама-қарсылық көрсету күресіндегі алаш қайраткерлеріне байланысты мұрағат дерегіне сүйене отырып былай дейді: «М. Тынышбаевтың Жетісуға қоныс аударуына және М.Шоқайұлының шетелдік эмиграцияға кетуінің (Грузия-Түркия-Германия-Франция) нәтижесінде жетекшілерінен айырылған Алаштың оңтүстік қанаты 1918 жылдың көктеміне қарай іс жүзінде тарқады. Оның мүшелерінің кейбіреуі белсенді саяси қызметтен кетсе, екіншілері большевиктер жағына шықты, ал Жетісудағы Алаш ұйымының көрнекті мүшелері Ыбырайым

Жайнақов, Отыншы Әлжанов, Төлебай Дүйсебаев және т.б. Қытайға өтіп кетуге әрекеттеніп, сол жақтан большевиктерге қарсы қарулы қарсылық ұйымдастыру әрекеттерін жасады. Сонымен, Алаштың оңтүстік қанаты үш ай бойы ғана Кеңес үкіметіне қарсы белсенді қарсылық көрсете алды» [8,143].

Азаматтық қарама-қарсылық күрес жылдарында елді қорғау мақсатында құрылған алаш әскерінің (милиция) міндеті: ақтар мен қызылдардың арасындағы соғысқа бару емес, елінің тыныштығын сақтау, сырттан келген жауға қарсы тұрып, еліне қорған болу, делінген. Әскердің түрі – атты тұрақты әскер принципімен құрылды. Онда Патшалық Ресей қарулы күштерінің құрылымы үлгі ретінде алынды.

Әскер құру туралы 1918 жылы 8 маусымда Ә. Бөкейхантың басшылығымен өткен Әскери Кеңестің қаулысында: «1. Милиция керек. 2 Милицияның аты болсын. 3. Милицияға әскер беру міндетті емес, ұлт үшін тіленіп жазылғандар болсын. 4. Милицияға керек ат, ақша жинау еркі облыстық комитетте болсын» деп көрсетті.

Ұлттық әскер құруда ақгвардияшылардан көмек алу ұйғарылып, ақгвардияшылар мен қазақ офицерлері алаш әскерін құруға нұсқаушы ретінде тартылды. 100 милиционерге бір офицер, елу милиционерге бір нұсқаушы бекітілді. 30-35 жастағы қазақ азаматтары ерікті түрде әскерге алынатын болды. Сарбаздарға Алаш үкіметі қазынасынан жалақы төленді. Оның мөлшері жергілікті жердің қаржы мүмкіндігіне байланысты шешілді. Әр жауынгер өзіне қару-жарақ, ер-тұрман, жүген, киім сатып алуға тиісті делініп, ол қаржыны жергілікті Алашорда үкіметінің органдары бөлді. Әскери қызмет мерзімі 1-1,5 жыл болып белгіленді. Сол уақытта қазақ жерінің әр аймағындағыларды қоса санағанда жалпы саны – 13500 жауынгер ел қорғап жүрген.

Ұлттық әскердің негізін салушы алаш әскерінің туы ақ түсті, ортасында киіз үйдің суреті және «Жасасын, Отанның адал Ұлдары!» деген жазу болған [9].

Ел басына күн туған шақта өз ұлтына қамқор және қорған болу мақсатында өзінің замандас алаш арыстарына О. Әлжанов: «Елдің басына мынадай бәле туып тұрғанда, мен бұларды тастап кете алмаймын, өлсем-тірілсем де бірге көремін. Менің қатын-баламды келіп алып кетіңдер», - деп хат жазған екен.

Отыншы Әлжанов негізін қалаған Жетісудағы атты қазақ полкі жүздіктер түрінде құрылған. Милицияның басты мақсаты дүрбелеңнен күйзелген елді ақтар мен қызылдардың тонаушылық әрекеттерінен қорғау болатын. Кеңес үкіметімен ымыраға келмеген Отыншы 1918 жылы 21 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Науалы ауылында қызылдардың «Красные горные орлы Тарбагатая» атты әскерінің қоршауында қалады. Қардай бораған оққа төтеп бере алмаған Отыншы бірнеше жігіттермен өзен жағасындағы су диірменнің шатырына бекініп, Лепсіден әкеле жатқан пулеметімен өздеріне қарай шабуылдаған қызылдарды аткылайды. Қызыл әскер көп уақытқа шейін диірменге жақындай алмай, бір амалмен ақырындап келіп диірменнің төбесін жапқан шөпті өртеді.

Отыншы шатырдың төбесінде екі жолдасымен бекініп, соңғы оғы қалғанша атысады. Әбден жанған шатыр құлаған кезде Отыншы қасындағылармен бірге от құшағына оранады. Сол жерде оны қызыл әскер атып өлтіреді.

Отыншының қазасы туралы Семейдегі Алашорда үкіметіне Базарбай Мәметов пен Ыбрайым Жайнақов хабарлайды. Ол құрбан болғаннан кейін М. Дулатов: «Марқұм айтқанын қылды, елді бәлеге тастап, өзі бас амандап кеткен жоқ. Алаш жолында құрбан болды! Қызықты ғұмырының көбі абақтыда, айдауда өтті, бірақ, қымбатты Отыншы, Алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім деме. Сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас», – деп жазды.

Кеңестік тоталитарлық жүйе үстемдік құрған шақта ұлт зиялылары мен оның ұрпақтарын қуғын-сүргінге ұшыратты. Отыншы Әлжановтың өзі алаш жолында 1918 жылы құрбан болып кетсе де, оның ұрпақтарын кеңестік билік қуғындады. Оның соңында қалған әйелі Нұржәмила және балалары Мұқамедқасым, Бибіфатима және Ғалымжан тағдыр тәлкегін бастан кешірді.

Алаш арысы Отыншы өмірден ерте кетерін сезгендей, өзінің жары Нұржәмилаға үнемі балаларын аманаттап, оларды оқытып, қатарынан қалдырмай жеткізу туралы өсиетін айтып жүреді екен. Осындай қайғыдан кейін оның жары Нұржәмила балаларына қарап, олардың жақсы азаматтар болып ер жетуіне қолдау көрсеткен [10, 132].

Отыншының атқарған ісі мен жазған еңбектері оның ел қамын ойлаған азамат екендігін білдіреді. Оның ұрпақтары қаншама қысым көріп, қудалауға түссе де, бүгінде бұлардан өсіп-өнген ұрпақтары ғылым, білім салаларында жетістіктерге жетіп, туған еліне елеулі үлес қосуда.

Қорытындылай келгенде, Алаш арыстары армандаған тәуелсіздікке кейін қазақ халқы қол жеткізді. Тәуелсіздік үшін күресіп, оның сағымында көре алмай кеткен қазақ зиялыларының егемен ел болу идеясы бүгінгі күнмен сабақтасып жатыр. Олардың өмір жолын, тағдырын және ерен еңбектерін зерделеу бүгінгі күннің талабы. Өйткені, қазіргі уақытта еліміз «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын көтерген шақта, тәуелсіздігімізді баянды етіп, іргелі ел болуымыз үшін елдік мұрат жолында күрескен және құрбан болған алаш арыстарының жарқын бейнесі мен олардың жасаған өнегелі істерін жас ұрпаққа насихаттау, ұрпақ бойында Жаңа Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін аса қажет маңызды мәселе екендігі анық.

Осыдан біраз жылдар бұрын Алаш қайраткерінің есімін ұмыттырмай халық жадында жаңғырту үшін өзінің туған ауылы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Екпін ауылында бір көшеге Отыншы Әлжанов есімі берілді. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданында оған ескерткіш орнатылды. Болашақта да алаш арыстары туралы зерттеулер жасау, қоғамдық-саяси қызметтерін зерделеу мәселелері жүзеге асырылуы керек.

---

1. Найман Тоқабай шежіресі. – Алматы: 2005. – 121-б.

2. Кәрімов М.Қ. Алаштың ардақты ұлы / Тарихқа толы Тарбағатай. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2016. – 196-б.

3. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы: екі томдық монография / М.Қ. Қойгелдиев – 2 бас., өңд., толықт., 1-том. – Алматы: мектеп, 2008. – 112-б.

4. Әлжанов О. Шығармалар жинағы / Құраст. С. Әлжанова және С. Смағұлова – Алматы, «Алаш», 2004. – 5-18-бб.

5. Движение Алаш: Сборник матириалов судебных процессов над алашевцами. В 3т.-Алматы: ОФ «Дегдар», 2016. – С. 126-131

6. Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана: Елорда, 2004. – 185-186-бб.

7. Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. – 93-б.

8. Нұрпейісов К.Н. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 154-б.

9. Дүйсенов С. Жасасын, Отанның адал ұлдары // Намыс. №5. – 2010. – 17-б.

10. Альжанова С., Тулемисова Г. Отыншы Альжанов – «Беркут Алаш-Орды». – Алматы, Фонд А. Сарсенбайулы, 2008. – 132-134

5.18 ЕРЕЖЕП ИТБАЕВ

Қазақ елінің тарихында азаттық үшін күрескен әр кезеңде ұлтжанды ұрпақ өкілдері болды. Олардың барлығының арманы мен мақсаты қазақ елі, жерінің тәуелсіздігі еді. Азаттық идеясы ата-бабалар арманы бүгінгі тәуелсіздік идеясымен сабақтас. Осындай ұлт мүддесін қорғаған және табандылық танытып, күрес жүргізген Алаш қозғалысына қатысқан азаматтар болды. Қазақ зиялылары тәуелсіздік жолында күресті, бірақ, елінің тәуелсіздігінің сағымында көре алмай арманда кетті. Түбінде азаттық алып, жарық күнді көретін ұрпақтың болатындығына сеніп кетті. Сол Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің қатарында Ережеп Итбайұлы Итбаев та жүрді.

Академик Кеңес Нұрпейіс: «Алаш» немесе «Алашорда қозғалысы» - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты. Олар біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден, мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді», – деп жазды.

Ержеп Итбайұлы Итбаев – 1867 жылы Семей губерниясы, Зайсан уезі, Қызылтас болыстығында (қазіргі Тарбағатай ауданы жерінде) дүниеге келген. Атамекені Ақсуаттың Үштөбе, Қызылкесік жерлері. Ол қазақ халқынан шыққан тұңғыш адвокаттардың бірі. Орысша жетік сауатты болған. Омбыда, Семейде және Ақмолада заң саласы бойынша қызмет атқарған.

Семей мұрағатында сақталған жеке іс-құжаттары бар. Оған назар аударсақ, өз қолымен толтырған мәліметтерде 1867 жылы туылған, ұлты қазақ, гимназияда оқыған, Томск университетінің Медицина факультетінде

2 курсын оқыған, 1908-1917 жылдар аралығында Омск округтік сотының аудармашы қызметіне тағайындалып, қызмет істеген, 1917 жылы 1 мамырдан – 1919 жыл 20 қарашаға дейін Алаш партиясының мүшесі, 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда өткен Бірінші бүкілқазақтық съезіне қатысқан, 1920 жылдың қарашасынан – 1921 жылдың қазан айына дейін Омск қаласындағы Қазақ өкілдігінде хатшы қызметін атқарған, 1921 жылы қарашадан – 1922 жылдың қыркүйек айлары аралығында Семей губерниялық атқару комитетінде әкімшілік басқарманың меңгерушісі қызметіне сайланған. 1922 жылдың қазан айынан – 1923 жылдың мамырына дейін Семей губерниясы Халықтық сотында қызмет жасады. 1923 жылы қазан айынан Семей губерниялық сотында Қорғаушылар (адвокаттар) коллегиясының мүшесі ретінде тағайындалған. Өзі толтырған осы аталған жеке іс парағында отбасы бар, онда 2 қызы және бір ұлы бар екендігі көрсетілген [2].

1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін тәуелсіздік жолында ұмтылыс, талпыныстар мақсатымен әр жерлерде съездер өткізілген. Олар қатысқан өкілдердің саны жағынан, талқыланған мәселелердің маңыздылығы тұрғысынан әр түрлі деңгейде өткен бұл съездерде жалпы алғанда ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда қалыптасқан өзгерістерге баға беруге және бүкіл халықтық талқылауға ұсынуға тиісті қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени мәселелердің ауқымын анықтауға деген талпыныс айқын байқалды.

Мәселен, Оралда, Орынборда, Ақтөбеде, Ташкентте өткен қазақ съездерінде аграрлық және ұлттық мәселеге баса назар аударылса, А. Тұрлыбаев, Е. Итбаев және М. Дулатовтың басшылығымен Омбыда өткен қазақ ұйымдарының облыстық съезінде оқу-ағарту, қаражат, дін, әйелдер теңдігі мен земство (жергілікті басқару) қызметі жөніндегі мәселелер кеңінен талқыланды [1, 92].

Омбыда 1917 жылдың сәуірдің 25-інен мамырдың 7-сіне дейін өткен Ақмола облысының съездерінің хронологиялық жағынан бесіншісі болды. Екі аптаға дерлік созылған бұл съезді Е. Итбаев басқарған арнаулы ұйымдастыру комитеті дайындады. Оның 250 делегаттарының қатарында Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Омбы және Петропавл уездерінің өкілдері болды. Съезд төралқасының құрамына А. Тұрлыбаев (төраға), Е. Итбаев пен М. Дулатов (төрға орынбасарлары) М. Саматов, А. Сейітов (хатшылары) сайланды. Съезді Омбы әскери округінің командашысы генерал А. Григорьев, Уақытша үкіметтің облыстық комиссары И. Законов, шаруалар кеңесі атқару комитетінің төрағасы Юркеевич, Омбы мұсылмандар бюросынан Каримов пен Ибатуллин, Торғай облысы қазақтары атынан М. Дулатов құттықтады [1, 104].

1917 жылы 21-26 шілде күндері аралығында Орынборда өткен Бірінші бүкілқазақтық съезіне Ережеп Итбаев қатысқан. Ондағы мәжіліс Халел Досмұхамедовтың төрағалығымен, Ахмет Байтұрсыновтың, Әлмұхамбет Көтібаровтың, Міржақып Дулатовтың және Асылбек Сейітовтың хатшылығымен өткен съезд делегаттары 14 мәселенің ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды [1, 116].

Алаш зиялылары 1917 жылы қазанның 8-15-інде Том қаласында өткен басты мәселе ретінде Сібір автономиясын құру проблемасын талқылаған жалпысібірлік съезге Қазақ өлкесінің Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал облыстары мен Бөкей өңірінен Әлихан Бөкейхан басқарған 9 өкіл қатысты. Қазақ халқының өкілдері Қазақстанның уақытша Сібір автономиясы құрамына енетіндігін мәлімдеді. Съезд бекіткен Экономикалық Кеңес, негізгі заңды дайындайтын комитет құрамына қазақ өкілдері енді. Съезд сайлаған Сібір кеңесінің құрамына Қазақстаннан Құрылтай жиналысының депутаттары Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов, Ережеп Итбаев, Сағындық Досжанов енгізілді [3].

Ұлттық мемлекет құру міндетін мойынына алған қазақ саясаткерлері алдында Орынбор, Түркістан және Батыс Сібір губерниялары құрамындағы қазақ жерлері мен қауымдарын жинау сияқты күрделі мәселе көлденең тартылды. Қазан, қараша айларында болып өткен оқиғалар соны анық көрсетіп берді.

Алаш қайраткерлерінің қатысуымен 1918 жылы 2 ақпанда «Семей облыстық Земство» мәжілісі өткен. Мұнда барлығы – 27 адам қатысқан. Негізгі қаралған мәселелер: 1) Сот мүшелерін сайлау; 2) Қаржы комиссиясының баяндамасын тыңдауға байланысты болды. Осы мәжіліске қатысқандар қатарында – Ә. Бөкейхан, Ережеп Итбаев және тағы басқа азаматтар болған [4].

1917-1919 жылдары азаматтық қарсылық көрсету жылдарында ұлт болашағы үшін күрескен алаш арыстары жеңіліс тапты. Себебі, оқыған қазақ зиялылары аз болды. Елдің даму деңгейі де мәз емес еді. Ақырында Алашорда үкіметі қайраткерлері Кеңес үкіметімен ымыраға келе бастады. Өйткені, Алашорданы Кеңес үкіметі қарулы әскери күшпен таратты. Дәлірек айтсақ, 1920 жылдың басында Алашорда мен Кеңес үкіметі арасында жүргізілген келіссөздер нәтижесінде дүниеге келген Қазревкомның 1920 жылғы наурыздың 5-індегі қаулысына сәйкес Алашорда таратылды.

Алашорда тарғанымен де ондағы қайраткерлер енді кеңестік билікке қызмет жасай бастады. Бірақ, өздерінің көзқарастары, ұлттық таным-түсініктері жағынан олар кеңестік билікті толық қабылдай алмады. Өйткені, олар нағыз ұлтжанды азаматтар еді.

Ұлт-азаттық қозғалыс барысында белсенділік танытып, Алаш қайраткерлері деңгейіне көтерілген азаматтардың үлкен бір тобы 1917-1920 жылдар аралығындағы оқиғалар тұсында айрықша көзге түсті. Бұл ретте «Алаш» партиясының, Алашорда үкіметінің, Алаш автономиясының құрылуына атсалысқан Әлмұхамед Көтібаров, Асылбек Сейітов, Ахмет Бірімжанов, Сейдәзім Қадырбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Иса Қашқынбаев, Ережеп Итбаев, Биахмет Сәрсенов, Отыншы Әлжанов, Есенғали Қасаболатов, Райымжан Мәрсеков, Мұқыш Бөштаев, Омар Алмасов, Аспендияр Кенжин, Молданияз Бекімов, Базарбай Мәметов және тағы басқа азаматтар болды [5].

Ережеп Итбаевтың өз қолымен толтырған 1921-1922 жылдарда жеке іспарағы бар. 12 парақтан тұратын бұл жеке істегі құжаттардың мазмұны: автобиография, қызметтік жазбалардан құралған. Демек, оның Алашорда таратылған уақыттың кезінде қазақ қайраткерлерінің қатарында белсенді қызмет атқарғандығын байқаймыз. Атақты Мәди Бәпиұлының жуандарға жақпаған ерлік әрекеттеріне байланысты 1912 жылы жеті жылға кесіліп, әуелі Қараөткелге (Ақмолаға), одан Қызылжарға (Петропавлға) айдалған. Айдауда жүріп, Ресей империясының патшалық кезкеңінде Омбы округтік сотында аудармашы қызметін атқарып жүрген Ережеп Итбайұлына арызданған. Қаншыл азамат Ережеп оның ісіне белсене араласып, соның нәтижесінде 1915 жылғы 16 наурызда қалған үш жылынан азат етіліп, босап шығады.

Ал, кеңестік кезеңде 1924 жылы Жарма ауданындағы Георгивка селосының кулактары Матай елінің білікті адамы Әбілда баласы Сақпан байды ұрып өлтіреді. Соңынан іс қозғалады. Бұл істі қарауда адвокат қызметін Ережеп Итбаев атқарып, қылмыскерлердің төртеуіне жеті жылдан түрме жазасына кескен [6].

Алашарысы Ережеп Итбаев туралы деректер мен мәліметтерөте аз. Тұлғаның өмірі мен қызметі толық зертеле қойған жоқ. Алаштың кейбір қайраткерлерімен есімі қатар аталып отырады. Негізінде Ережеп Итбайұлы алаш қозғалысына қатысқан көрнекті қайраткерлердің бірі. Оның дүниеге келген жылы өз қолымен жазған іс-парағында 1867 жыл деп көрсетілген. Одан кейін гимназияда оқығандығын жазған. Бірақ, ол Семей немесе Омбы қаласының гимназиясында оқығандығын анық жазбаған. Тек Томск университетінің Медицина факультетінде 2 жыл оқыдым деп қана анық жазған. Ал, оның қайтыс болған жылы туралы да екі түрлі көрсетіліп келеді. Біріншісі, 1930 жыл, екіншісі Семей қаласында 1936 жыл делінеді. Яғни, анықтауды қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе, өмірінің соңғы уақыты 1923-1936 жылдардағы Ақмола жеріндегі қызметі әлі белгісіз. Сондықтан, алдағы уақытта осы аталған мәселелерді анықтау қажет. Жалпы, Е.И. Итбаевтың қай жылы және қандай себептен қайтыс болғаны анық емес. Оны алдағы уақытта зерттеу керек.

Қазақ зиялылары ұлтына қорған болу жолында соңына дейін тұрды. Атылғандары және абақтыға қамалғандары болды. Ешқайсысы өз пікірінен қайтқан жоқ. Ұлт жанашырлары ретінде ақырына дейін күресті. Соңында И.В. Сталин олардан құтылу үшін «халық жаулары» деген нақақ жаланы ойлап тапты да жаппай атау жазасына 1937-1938 жылдары бұйырды. Көпшілігі осы аталған жылдарда опат болды.

Ережеп Итбаевтың қоғамдық-саяси қызметіне қатысты таң қаларлық жағдай, ол арнайы заңгер мамандығын оқымағандығы, бірақ өте орысша да, қазақша да сауатты болып, заңды жетік білуінің арқасында сот кеңеселерінде аудармашы, хатшы және халықтық сот коллегиясының мүшесі қызметін Семейде, Ақмолада және Омбыда атқарғандығы. Сондықтан, оның ғұмырбаяны әлі толық зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі уақытта Ережеп Итбайұлының аталас ағайындарынан тараған

ұрпақ оның дүниеге келген жері Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданында (Ақсуатта) тұрады.

Енді, қортындылай айтар болсақ, осы Ақсуат өңірінен шыққан Алаш қайраткерлеріне арнап «Үш арыс» немесе «Алаш арыстары» деп аталатын ескерткіш кешенін аудан орталығынан ашқан жөн болар еді. Ол біріншіден, тұлғалар рухына тағзым, екіншіден, тарихи сананы қалыптастыру үшін және ұлттық рухты көтеруге қажет.

Ақсуат жерінен шыққан Алаш арыстары: Отыншы Әлжанов, Биахмет Сәрсенов және Ережеп Итбаев екендігіне ешқандай күмән жоқ. Қазақ тарихында олардың ізі сайрап тұр. Сондықтан, қайраткер тұлғалар рухына тағзым жасау және тарихтан тағылым алу бүгінгі ұрпақтың парызы.

---

1. Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 5-б.
2. Шығыс Қазақстан облысы Қазіргі заман тарихының құжатнама орталығы (ШҚО ҚЗТҚО). 73-қор, 2-т., 1-5-пп.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 428-б.
4. ШҚО ҚЗТҚО. 37-қ., 1-т., 26-іс, 10-13-пп.
5. Тілешов Е. Алаш қозғалысына қатысқандар: Күрескерлерге тағзым, аяулы есімдерге құрмет // Ақиқат, 14.11.2013 – 1-5-бб.
6. Алтынбаев Қ., Жұмахан Е. Ақсуат: Тарихи-деректі басылым. – Алматы: Ер-Дәулет, – 1998. – 49-250-бб.

5.19 ИСА ТЕРГЕУСІЗОВ

XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мен елдің тыныштығы және халықтың болашағы үшін қызмет еткен Алаш азаматтарының қатары аз болған жоқ. Ел басына күн туғанда қазақтың білімді, көзі ашық, оқыған азаматтары тізе қосып, әуелде автономиялық дербестікке, кейіннен Ресей империясынан біржолата бөлінуге әрекеттенді. Оған дем берген басты факторлардың бірі 1905 жылғы Бірінші Орыс революциясының орын алуы болған еді. Ресейде болып жатқан саяси өзгерістерді өзінің бақылауында ұстаған қазақ зиялылары жағдайды пайдаланып, елдің дербес, тәуелсіз және еркін өмір сүру қажеттігін алға тартты. Патша билігіне қарсы қойылған сан тараулы талаптар қазақ зиялылары тарапынан да жолданып жатты. Қазақ даласында да әр түрлі деңгейдегі толқулар орын алды. Олардың ең негізгілері, жұмысшылардың ереуілдері, бұқараның наразылығы, жер-жерлерде халықтық толқулар, петициялар, митинглер және басқа да осындай революциялық қимылдар орын алды.

Осындай дүрбелең шақта қазақ даласында демократиялық көзқарастағы ұлттық зиялы қауым өкілдері бас қосып, елдің бірлігі мен ынтымағы және бостандығы туралы өздерінің ой-пікірлері мен идеяларын, саяси ұстанымдарын ортаға тастап, елдің ертеңі үшін қызмет ету қажеттігін

басты ұран ету қажеттігін өздеріне серт етті. Қазақ зиялылары Ресей мен оның ішінде Қазақстанда әлеумет пен қоғамның түрлі таптарға бөлінуіне қарамастан және оларды мойындамай тек бұқара халық атынан әрекет етті. Олар өз халқының қамын ойлап, соның жолында қызмет етуге бел буды. Сол үшін халықты отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы күресте көмектесуге ұмтылды. Қазақ халқының тұрмысы мен саяси өмірінің тәуелсіз болуы жолында қазақ зиялы қауым өкілдері 1905 жылдан бастап саяси жұмыстарын қызу түрде өрістетті. Қазақ зиялыларының саяси қызметінің басты көріністерінің бірі «Алаш» козғалысының құрылуы мен оның қызметі болды [1].

Ресей империясы мен шетелдердің жоғарғы оқу орындарында білім алып, өз білімдерінің халықтың саяси жағдайы мен тұрмысын көтеруге арнаған қазақ зиялылары өздерін халықтың алдыңғы қатарлы идеологиялық өкілдері ретінде санады. Халық арасында ұлт көшбасшылары қызметін атқарған қазақ ұлттық демократиялық зиялылары өздерінің алдына халықтың бұрынғы отаршылдық кездегі санадан арылып оның оянуын және халық аңсаған бостандық пен тәуелсіздікке қол жеткізуде аянбай еңбек етуді өздерінің басты міндеті ретінде санады.

Қазақ зиялыларының арасында әр түрлі мамандықты игерген саяси тұлғалар көп болды. Олардың арасында заңгерлер, экономистер, инженерлер, математиктер мен дәрігерлер, ақын-жазушылар мен әдебиетшілер болды. мұны айтуымыздың себебі қазақ зиялылары саяси қызметпен қатар халық арасында ағартушылық қызметті де қоса алып жүрді. Халық арасында білім берумен айналысқан қазақ зиялылары халықты ұраншылдыққа, білімділікке, саяси тәуелсіздікке бағыттап отырды. Мұның өзі бұқара халық арасында саяси сананың өсуіне үлкен дем берді. Саяси істермен қатар ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыруда Алаш қозғалысының лидерлері бастаған негізгі үштік А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейхан және олармен бірге Халел, Жаһанша Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев сондай-ақ осы аталғандар сиякты өзге де зиялы қауым өкілдері қыруар істерді атқарды [2]. Қазіргі кезге дейін құнын жоғалтпаған А. Байтұрсыновтың «Маса» және М. Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары нақ сол мақсатқа арналды. Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдері мен М. Дулатовтың «Оян қазақ» деп бүкіл қазаққа жар салуы, Ә. Бөкейхантың, Ж. Акпаевтың қазақ халқының саяси және құқықтық сана-сезімін қалыптастыру мен оны байыту жолында атқарған істері орасан зор болды. ағартушылық қызметтегі басты әрекеттер кітаптар мен газеттер жариялап, сол арқылы халықты өзіне тарту және автономия мен тәуелсіздік идеяларын халық арасында тарату болды. Бір сөзбен айтқанда ағартушылық жолдар арқылы да халықтың «көзін ашу» жұмыстары да ауқымды түрде жүргізілді. Мұндай ағартушылық жұмыстар өзінің нәтижелерін берді. Бұқара халық болып жатқан саяси процестерді түсіне бастады. Оның басты мысалдарының бірі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі еді.

Халықты біріктіретін күштің аса қажеттілігі турасында қазақ зиялылары былайша негіздейді: «...ұлттың рухты болуы үшін жасаулы

пікір (созидательная идея) керек. Мұндай пікір жеке адамдардан бастап халықтың миына орныгып көпшілікті өзіне аударса ұлтты рухты қылады». Ал, ұлт көсемдері ұсынған жасаулы пікір – Алаштық ұлттық – мемлекеттік идея, яғни, автономияға жету жолында халықты біріктіру. Бұл идеяның негізі «Айқап» пен «Қазақ» арасында қазақ қоғамының болашақтағы даму жолының бағытын айқындауға орай жүргізілген пікірталастар барысында Ә. Бөкейхантар айқындап берген: әлемдік өркениет құндылықтарына негізделген ұлттық автономия идеясы болатын. Қазақ халқының арасына беделді оқығандарды ел ішіне, ауылдарға шығара отырып, үгіт-насихат жұмыстарының нәтижелі болуына қазақ комитеті үлкен мән бергендігіне көз жеткіземіз. Осындай үгіт-насихат, ұйымдастыру істерінің нәтижесінде көпшілік уездер мен ауылдарда комитеттер мен ұйымдар ашылып, қазақ мүддесі үшін сан-салалы қызметтер атқара бастады [3].

Қазақ зиялылары автономия ісін ілгерілетіп, алып кететін ішкі рухани-мәдени потенциалдық күштің жеткіліксіздігін жақсы ұғына отырып, бұл істің бір күндік еместігін, оны болашақ ұрпақ үшін жасап отырған іс-шара екенін халыққа түсіндірді. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейхан бастаған алаш зиялылары халықты осындай бірлікке, ұлтжандылыққа бағыттай отырып, өздерінің идеялары мен түрлі пікірлерін газетке жариялап отырды. Мұндай пікірлердің мазмұнына үңілетін болсақ, Алаш-ұлттық-мемлекеттік идеяны жарқын болашақ немесе бүгінгі таңдағы ұлттық тәуелсіздігімізге салынған жол деп ұғынуымыз қажет.

Қазіргі уақытта қазақ зиялыларының қызметінің өз тәуелсіздігін алуға әрекеттенгені мен олардың қызметі мен өмір жолы туралы жеке зерттеулер әлі де толастамаған. Бұл дегеніміз – қазақ зиялыларының қазақ халқының дербес өмірі жолындағы саяси қызметі мен жүргізген саясатының әлі күнге дейін отандық тарих ғылымында өзекті болып отыр дегенді білдіреді. Алаш мұрасы мен қазақ интеллигенциясының ұлт тәуелсіздігі жолындағы саяси қызметі мен халық санасын жаңа заманға бейімдеу жолында жүргізген ағартушылық қызметін зерттеу әлі де болса басты тақырыптардың бірі болып отыр.

Жоғарыда аталған қазақ зиялыларымен қатар өңірлерден шығып, өз бетінше және дербес саяси қимылдар жүргізген зиялы қауым өкілдері де болды. Аймақтардан шыққан қазақ зиялылары Алаш қозғалысының өкілдерімен бірлесіп, олардың идеяларымен бөлісіп, бірлесе қызмет етті. Қазақ зиялыларынан шыққан осындай қоғамшыл және мемлекетшіл азаматтардың бірі Иса Тергеусізов болды. Иса Тергеусізов Жетісу өңірінен шыққан аймақтың маңдайалды лидерлерінің бірі болды десек қателеспейміз. Себебі, Иса Тергеусізов өзінің бар білімі мен тәжірибесін Алашорданың құрылып, бүкіл халықтың осы автономия туының астына бірігуіне арнаған зиялылардың бірі саналды.

Алаш көсемдері саналған – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхан, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің есімдері тәуелсіздік алған соң бірден аталды. Алаш арыстарының есімдері жаңа ұрпаққа тәуелсіздік алған кезден бастап-ақ

бірден жетті. Алаш қозғалысы мен «Алаш» партиясының ара жігі ашылып, қозғалыс пен партия өкілдерінің және оның мүшелерінің мақсаты мен бағыттары ашылды [4]. Одан соң оңтүстіктен, яғни Түркістан өлкесінен шыққан алаштықтардың өмірі мен саяси қызметі туралы зерттеулер бұл саланың кемшіліктерін толықтырды. Мысалы, Жетісудан шыққан Мұхаметжан Тынышбаев бастаған «Алаш» азаматтары Ибраһим Жайнаков, Садық Аманжолов, Сатылған Сабатаев, Базарбай Мәметов және тақырыбымыздың ұйытқысы болып отырған Иса Тергеусізов сынды алашордашылардың саяси өмірі мен қызметі көп уақыт беймәлім болып келді. Дегенмен, уақыт өте аталған түркістандық алашордашылардың да қызметі тарих таразысына салынды. Олардың саяси өмірі мен қызметі туралы ізденістер әлі күнге дейін жалғасуда. Солардың бірі, Иса Тергеусізовтың қоғамдық-саяси қызметі болып табылады.

Ресми деректерде келтірілген мәліметтерге сәйкес Иса Тергеусізов 1882 жылы туылған. Иса Тергеусізовтің өзінің қалдырған мәліметтеріне қарағанда ол 1881 жылы Жетісу облысының Верный уезіне қарасты Күрті болысында өте қарапайым шаруа жанұясында дүниеге келген. Жастайынан тұрмыстың қиындығына қарамастан, өз бетінше білім іздеуге тырысқан ол 1892 жылы Верный қаласында ерлер гимназиясына оқуға қабылданады [5]. Айта кетерлігі, гимназияға тапсырған құжаттары оның 1882 жылы туылғандығын дәлелдейді. Қабылдау емтиханын тапсырғаннан кейін оны дайындық сыныбының кіші тобына жібереді. Осыдан бастап барлық сыныптарды толық игерген ол бұл мектепте алты жыл оқиды.

1876 жылы Верный қаласында ашылған бұл ерлер гимназиясының тек Иса ғана емес, сонымен бірге осы өңірден шыққан бірнеше қазақ зиялыларының білім алған ордасы болып саналған. Барлыбек Сырттанов, Базарбай Мәметов сынды атақты жетісулық алашордашылар осы мектептен түлеп ұшқан. 1892 жылы осы Верный ерлер гимназиясының оқушысы атанған Иса Тергеусізов аталған гиназияны 1898 жылы бітіріп, [6] одан үш сыныптық білім алып шығады. Иса Тергеусізовтың гимназияда оқыған кезі қиыншылықтарға толы болды. Себебі, қазақ балаларына орысша оқу қиын еді. Бірақ қаншалықты қиындықтар болмасын ол өзінің оқуға қабілеттілігін көрсетті және уақыт ағымына сай сыныптан сыныпқа кедергісіз көшіп отырған. Бұған оның жеке ісінде берілген мәліметтер дәлел бола алады. Верный гимназиясында алты жыл оқыған [7] Иса тіл білімін жетілдіріп, қоғамның тыныс-тіршілігі мен жай-жапсарын сезініп өсті.

Гимназияны бітірген соң Иса Тергеусізовтің жоғары оқу орнына тапсыруға әлеуметтік жағдайы болмады. Дегенмен білімге құштарлығы мол болғандықтан, ол өзі бұрын игеріп көрмеген білім салаларын өз бетінше оқып-үйренуге тырысады. Әрмен қарай ол білімін өз бетінше жетілдіріп, әсіресе шығыс тілдерін үйренуге талпынады. Бұл кезде мемлекетте және қоғамда орыс тілі мен бірнеше шығыс тілдерін меңгерген мамандар үшін жақсы өмір сүруге мүмкіндік зор болды. Себебі, халықтың үлкен бөлігі хат танымады және керісінше Ресей империясының орталығынан басқаруға келген мамандар

жергілікті қазақ тілін білмеді. Сондықтан олар жергілікті орысша білетін қазақтар арасынан тілмаштар жалдап алып отырды және оларға белгілі бір деңгейде сыныптық шен беріп отырды.

Иса Тергеусізов өзінің аудармашы қызметін ала жүріп, өңірдегі қоғамдық және саяси істерді өз көзімен көріп, оған белсене араласқысы келді. Бұл уақытта мемлекетте ішкі басқару аппараты әлсіреп, Петербургтың аймақтарды басқаруында көптеген олқылықтар мен кемшіліктер болып жататын еді. Жергілікті жерлерде қоғамдық ұйымдар құрылып, олар халық пен билік арасын жалғастыруда қызмет етіп жатты. Осындай қоғамдық ұйымдардың бірі 1899 жылы Верный қаласында Жетісу облысы әкімшілігінің рұқсатымен «Ағартушылықты қорғаушылар қоғамы» құрылады. Бұл қоғамға прогрессивті және радикалдық көзқарастағы орыс және қазақ қайраткерлері жиналды. Иса Тергеусізов те осы қоғамға белсене араласты. Верный қаласындағы «Ағартушылықты қорғау қоғамында» қазақ тіліндегі оқу түркістандық өлкедегі училищелердің бас инспекторының рұқсатымен жүргізілетін. Аударманы да сол баяғы тілмаштар жасады. Олардың қатарында жас Иса Тергеусізов те бар еді [8].

Бұл кезде жергілікті жердегі патша билігі өз кезегінде «Ағартушылықты қорғау қоғамының» жай ағартушылық ұйымнан саяси ұйымға айналуынан да сескенді. Осыған байланысты Верный қаласындағы зиялыларға қысым жасау тетіктері қарастырылды және іске қосылды. Осыдан соң көп ұзамай-ақ Жетісу облысы әкімшілігі тарапынан Иса Тергеусізовке қатысты саяси күдік туындады. Себебі, бұл уақытта Иса Тергеусізов Верныйда бірқатар ауқатты адамдармен араласып үлгерген еді. Солардың бірі – атақты верныйлық көпес Мірқасым Сүлейменов. Ол – Верныйдың атақты «Сүлейменовтер, Тазетдиновтар және Ибрагимовтар» әулеттерімен және олардың бақылауындағы сауда үйінің үлескерлерімен байланыс жасады.

Келесі кезекте Иса Тергеусізов өзінің бар алған орта білімімен жан бағу қажет болды. Осы мақсатпен, ол кәмелет жасына жеткен кезден-ақ үлкен өмірге араласа бастайды, тіршілік етіп жұмыс іздеуге кіріседі. Осылайша, өзінің қызмет жолын Ұзынағаш болысында хатшылықтан бастайды. Кейіннен көп ұзамай Отар учаскелік приставының аудармашысы қызметіне ауысады және біршама тәжірибе жинақтайды. Атап отырғанымыздай, бұл кезде Столыпиннің аграрлық реформаларынан кейін және өлкеде саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты патшалық Ресейдің аймақтағы саясаты күрделене түсіп, мұнда переселендер мен жаңа еуропалық тілдегі басшылар көптеп келеді. Ал олар үшін аудармашы және тілмаш қызметіне жергілікті жаса мамандар тартылады. Иса Тергеусізов осындай мамандардың бірі болды.

Уақыт өте тәжірибе жинақтап уездік және қалалық мекемелерде қызмет еткен И. Тергеусізовтің уақыт өткен сайын тек салалық тұрғыда ғана емес, саяси тұрғыда да да көзқарасы өзгере бастайды. Бұған жергелікті жерде болып жатқан саяси процестердің лебі әсер етеді. Көптеген саяси адамдармен танысады және ресейлік империялық саясаттың мәнін тереңірек ұға бастайды. Осындай мақсатпен ол көп уақыт өтпей Верный қаласына қайта

оралады. Бірақ қалада тұрғылықты жері болмағандықтан қиындықтарға тап болады. Өмірдің ыстығы мен суығына үйрене бастаған ол мұнда тұрғылықты жері болмағандықтан, пәтер жалдап тұрады.

Иса Тергеусізов сияқты болашақ халық жанашырлары қатарында саналған қазақ зиялыларының өмірі мен саяси көзқарастарының басқа, яғни ұлтжандылық бағытта қарай өрбуіне әсер еткен осы халықтың әлеуметтік жағдайының төмендігі, тұрмыстың кемшілігі, өмір сүру деңгейінің төмен болуы, империяның іштей дағдарысқа ұрына бастауы ерекше әсер етті. Ғасырлар тоғысында Ресейде капиталистік қатынастардың өзгеруі орталықтағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл отарлық шет аймақтардағы қоғамдық өмірдің барлық салаларында, оның ішінде экономикада, мемлекеттік құрылымда, мәдениетте үлкен өзгерістер орын алды. Бұл жағдай қоғамның өзгеруін талап етті. Жаңа қоғам өмірге деген көзқарас пен ұстанымдардың жаңа бағыттарын айқындады. Қоғамдық өмірдегі орын алуы тиіс болған өзгерістердің ықпалымен қазақтың қоғамдық санасында елеулі өзгерістер орнықты. Осыған орай ұлт зиялы қауым өкілдерінің ұстанымдары да жаңаруы тиіс болды. Себебі, әрбір білімді адам, әр интеллигенция өкілі қоғамдағы жаңарулар мен өзгеістерді терең түсінуі керек болды [9]. Жаңарып келе жатқан қоғам мен қоғамдық сана жаңа мамандар мен жаңаша ойлай алатын адамдардың ой-пікірлері мен идеяларын қажет етті.

Мемлекет пен қоғамда болып жатқан өзгерістер Иса Тергеусізовтің де қоғамдық және саяси көзқарастарының өзгеруіне түткі болды. Оның қызметі негізінен хатшылық қызметке ғана бейім болғанымен, ол соған қарамастан қоғамдағы түйткілді тақырыптарға ұдайы мойын бұрып отырды. Бірінші орыс революциясы кезіндегі саяси оқиғалар өзге қазақ зиялыларымен бірге оның да көзқарасының өзгеруіне алып келді. Алаш қозғалысы ұйымдастырылып жатқан тұста Жетісуда жергілікті зиялылармен жақсы қатырм-қатынаста болған Иса Тергеусізов өзінің саяси ұстанымдарын өзгерте бастады.

Иса Тергеусізов 1908 жылғы қазан айындада Жетісу облысының әскери губернаторының тікелей бұйрығымен мемлекеттік кеңсе қызметшісі болып қызметке орналасты. Ол мұнда Верный уездік басқармасындағы жазбаша аудармашылық қызмет атқарады. Аударма мен жалпы жазбаша жұмыстардың барлығы ішкі саяси тақырыппен тығыз байланысты болып, ол Иса үшін елде болып жатқан барлық саяси оқиғалардан дер кезінде хабардар болып тұруға мүмкіндік берді. Бұдан соң көп ұзамай 1909 жылғы сәуірде Верный уездік басқармасында жазбаша аудармашы болып бекітіледі. Бірінші мекемеден екінші бір мекемеге тілмаш немесе аудармашы болып ауысу өңірдегі тіл білетін азаматтар үшін қалыпты жағдай еді.

Бұл жағдай 1911 жылы қазан айында Иса Тергеусізов кенеттен Ферғана облысына аттанып, онда Әндіжан қаласында болып қайтты. Оның бұл сапары бір жылға жуық созылып, алайда оның барысы мен мазмұны туралы мәліметтер аз. Иса Тергеусізовтің Ферғана өңіріне арнайы іссапарға кетуінің негізгі себебі, Жетісудан Түркістан өлкесінің басқа аймақтарына кету қалыпты жағдай еді. Мысалы, М. Тынышбаев, Б. Сыртанов сынды

алаордашылар Түркістанның басқа аймақтарында да арнайы саяси іссапарларда болатын болған. 1912 жылдың мамыр айында Ферғанадан оралған соң оның жергілікті қазақтардың саяси жағдайы мен әлеуметтік ахуалына деген ой-пікірлері өзгереді.

Жоғарыда аталғандай, мемлекеттің саясатына араласуды көздеген атақты дәулетті кісілермен байланысу арқылы Иса Тергеусізов Міржақып Дулатовтың «Оян қазақ!» кітабының бір данасын қолға түсіреді. «Оян, қазақ!» кітабының шығуы мен ол жайлы мәліметтер И. Тергеусізовтың Верный қаласында уездік басқармасының аудармашысы болып қызмет етіп жүрген кезінде және Әндіжанда жұмыс істеген кезінен бар еді. Демек, Иса Тергеусізов Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабын тасымалдауда байланысшы рөлін де атқарған [8, 2 б.].

Міржақып дулатовтың «Оян қазақ!» кітабы халық арасында кеңінен тарады. Бұл кітап шынымен де ұйқыда жатқан қазақты оятқандай болды. Иса Тергеусізов бұл кітаптың мазмұнын ерекше құметтеп, оны қоғамда таралуына ықпал етті. Дегенмен, Иса Тергеусізов өзін сақ ұстады. Себебі оның үстінен «бопсалап, пара алады» деген айып тағылған домалақ арыз көп жазылатын. Әйтсе де, Жетісу облыстық басқармасында Исаның үстінен мұндай жала хаттарды кек алғысы келген біреулер жазып жүр деген шешімге келеді. Сұрақ алынған адамдардың бәрі Иса Тергеусізовтың адал да парасатты жан екенін дәлелдеп бағатын. Мәселенің шешімі өз құзырында болса, ол қолынан келгенше шапшаң шеше қоятын. Жұмыс уақытында да ешкіммен сөйлеспейтін. Болыс басқарушылардың сайлау науқанына қатысып, аудармамен ғана айналысты. Ал сайлау барысындағы алып-қашпа әңгімелер мен рәсімдерге араласқан жоқ. Ел арасында оның Иса төре атануы да тегін емес.

Осылайша, бір жағынан жергілікті биліктің сойылын соғып, екінші жағынан халық арасында ара-тұра түрлі идеялар таратумен айналысқан Иса Тергеусізовтың мұндай ісі әулиеаталық атақты алашордашыл Әзімхан Кенесариннің қызметіне аса катты ұқсас болды. Әзімхан Кенесарин де Әулиеатада жергілікті басқармада аудармашы бола жүріп, негізінен «халықтың арасында» өмір сүрді, халықпен жақын болып, оның мұң-мұқтажын түгендеп отырды [10].

Иса Тергусізовтың жергілікті жерде аудармашы қызметін атқара жүріп, сонымен бірге халықпен жақын болуы көпшілікке ұнамай 1913 жылы қызметінен де шттетілді. Ол 1914 жылдың мамыр айына дейін жұмыссыз жүреді. Оған бір жағынан әлгіндей пәле-жалаға толы арыздан туындаған күдік әсер етсе, бір жағынан оның адалдығы мен парасаттылығына патша билігі тарапынан сенбеушілік себеп болды.

Осыдан соң көп ұзамай 1914 жылғы мамырда Иса Тергеусізов қайтадан жазбаша аудармашы қызметіне алынды. Ол аудармашы қызметте жүріп, өзімен үзеңгілес бола алатын адамдардың қатарын көбейтеді. Бұған мемлекетте орын алып жатқан саяси оқиғалар мен түрлі саяси науқандар себепкер болады. Оның

басты мысалдарының бірі 1916 жылғы Орта Азия халықтарының патшалық Ресейге қарсы ұлт-азаттық көтерілісі болды. Иса Тергеусізов осы көтерілісті белсенді қатысушыларының бірі болды десек қателеспейміз. Ол төмендегідей факторлармен сипатталады.

1916 жыл Қазақстан тарихына ұлт-азаттық қозғалысы өршіген жыл ретінде кірді. Міне, осы дүрбелең кезінде Ә. Бөкейхан пен А. Байтұрсынов бастаған алашордашылар Қазақ қоғамы отаршылдыққа қарумен қарсы шығуға дайын емес, тек қана ағартушылық жұмыс жүргізу арқылы ғана күресу керек деген ойға тоқтайды. Алашорда басшылығының осы шешімін қолдаған Иса Тергеусізов пен Ибраһим Жайнақов Жетісудағы Бекболат Әшекеев бастаған көтерілісшілерді тоқтатқылары келеді. Бірақ олар күшті қарсылыққа тап болады. Иса Тергеусізов бірте-бірте Алашорда белсендісі ретінде саяси қызметке ойыса бастайды [11].

Бірақ 1916 жылы Жетісудағы Бекболат Әшекеевтің басшылығымен болған ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты патша билігі оған күмәнмен қарайды. Өйткені бүкіл дерлік сауатты жандар осы көтеріліске тартылғаны анықталды. Көтеріліске не болысты басқарушылар, не ауқатты адамдар қолдау көрсеткен. Қазақтарды соғыстағы қара жұмысқа жөнелтуден бас тартқаны үшін көптеген болыс басқарушылар мен сот орнында отырғандар тергеуге алынды.

1916 жылғы тамызда тергеуге алу үшін Жетісу облыстық басқармасының аудармашылары Ибраһим Жайнақов, Қалығұл Шығыров, Қайсерке Тоқсанбаев және Иса Тергеусізов шақырылады. Олар Жетісу облыстық көшіқон басқармасының аудармашысы һәм отставкадағы коллеж хатшысы болған Тоқаш Бокиннің ісіне қатысты жауапқа тартылды. Тоқаш Бокинге Жетісудың түрлі болыстарындағы қазақтар арасында тыл жұмыстарына бармау жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, жергілікті қазақтарды аймақта Ресейдің империялық билігіне, яғни орыс үкіметіне қарсы шығуға үгіттеді деген айып тағылды [8, 3 б.].

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – XX ғасырдың басында халқымыздың тарихында ауыр кезеңдердің бірі болды. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының ұлттық қозғалысының тарихында өзіндік маңызды із қалдырған оқиғалардың бірі болып табылады. Бұл көтеріліс қазақ даласының барлық өңірін қамтыды, оның ішінде Жетісу облысы көтерілістің ірі ошақтарының бірі болғаны белгілі. XX ғасырдың басындағы Ресей империясының отарлық жүйесінің құрамындағы Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Жетісу облысында Верный, Жаркент, Қапал, Лепсі және негізінен қырғыздар мекендейтін Пішпек пен Пржевальск уездері болды. 1916 жылы көтеріліске Жетісудағы қазақ және қырғыз халықтары бірдей шыққан еді. Туысқан екі халықтың азаттық жолындағы көтерілісін басуға отаршыл жүйе арнайы жазалаушы әскер жіберіп, олар қоныс аударып келген орыс шаруаларынан құралған жасақтармен бірлесе отырып жүргізген «белсенді» шараларының барысында көтеріліс қатыгездікпен, адам айтқысыз айуандықпен еш аяусыз басып жаншылып, Жетісудың жергілікті халқына бұрынды – соңды болмаған қасірет әкелді.

Жазалаушылардың қысымына шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне (шамамен 300000 – дай адам) [12] ауа көшіп босқыншылыққа ұшырады, азып – тозды, тауқыметті тағдыр кешті. Босып Қытай жеріне өту барысында бер жағынан орыс әскері ар жағынан қытай әскері қыспаққа алып тағыда қырғынға салған болатын. Қос империяның қыспағына түскен қазақ – қырғыздың бергі жақта қалғандары да босып Қытайға өткендері де адам төзгісіз ауыр халде күй кешті. Осындай азып – тозып, тонаушылыққа тап болған жетісулық қазақ – қырғызға қол ұшын беріп, құтқаруға ұмтылған алғашқылардың бірі қазақ пен қырғыздың оқыған, көзі ашық – көкірегі ояу, озық ойлы зиялылары болатын. Олардың ішінде Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Ибраһим Жайнаков, Қайсерке Токсанбаев, Әубәкір Жақыпбаев сынды қазақ зиялыларымен қатар Иса Тергеусізов те болды. Сонымен қатар, қырғыз зиялылары Ишаналы Арабаев, Дүр Саурамбаев, Қасым Телтаев, Байзақ Мәмбетов т.б., көптеген зиялылар бар еді. Тарихшы академик М. Қозыбаев ұлт зиялыларының қайраткерлігі туралы: «...ұлттық интеллигенцияның 1916 жылғы оқиғаға қатысты ұстанымы ерекше қызығушылық туғызды»- деп ерекше атап көрсетеді [12, 27 б.].

Айта кетерлігі, бұған дейінгі кезде, яғни көтеріліс қыза түскен шақта Иса Тергеусізов Ибраһим Жайнаковпен бірігіп Жетісудағы стихиялық бас көтеруді тоқтатқысы келді. Себебі бұл тектен-текке ондаған және жүз мыңдаған адам өліміне әкелетінін түсінді. Осынымен олар Әлихан Бөкейхан пен Ахмет Байтұрсыновтың ұстанымын толық қолдады. Сондай-ақ олар тұрғындар арасында ағартушылық жұмыс жүргізу арқылы колониализмге қарсы күресу керек деген ортақ көзқарасты ұстанды. Оның соңынан бейбіт күрес жүреді, қажет болған жағдайда аздаған адам шығынымен қарулы көтеріліске де ұластыруға болады деген пікірде еді.

Осылайша, Иса Тергеусізов Жетісу қазақтары мен қырғыздарының жазалауының алдын-алып, сонымен бірге олардың пана табуына ерекше ықпал етті. Бұл оның қазақ зиялыларының ортасында белсенді қызмет етіп, олармен бірге халықтың мұң-мұқтажын жоқтауға өз еркімен араласа беретінін тағы бір көрсетті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің басқасында болып, оның басшыларымен етене араласқан және халықты патша билігінің жазалауынан құтқаруға қатысуы аймақта оның беделін аса жоғары деңгейге көтеріп жіберді. Бұл оның Алаш лидерлерімен бірге екендігін және олардың идеяларын толық қолдайтынын білдірді.

Иса Тергеусізовті Алаш лидерлерімен жақындасуына мұрындық болған бірқатар жетісулық алаш қайраткерлерін атауға болады. Алашордашылар арасында жетісулық атақты заңгер, Алаш партиясына мүшесі, Алашорданың Жетісу облысынан түскен Базарбай Мәметовпен [13] жақсы қарым-қатынаста болған ол аймақтан шыққан келесі бір алашордашы атанды. Сонымен қоса, Иса Тергеусізовке үлкен қолдау білдірген келесі бір жетісулық қайраткер атақты әскербасы Отыншы Әлжанов болды [14]. Олар бірлесіп аймақтағы қазақтардың әл-ауқатын көтеруге және сыртқы күштерден

қорғауға тырысты. Иса Тергеусізовтің алаштықтар арасында беделі өсіп, ол кейіннен Орынборда өткізілген Екінші жалпықазақ съезіне арнайы шақырту алды.

1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісі жеңіліс тапқанына қарамастан, Ресей империясының әскери күшін әлсіретіп, 1917 жылғы ақпандағы буржуазиялық-демократиялық төңкерістің алғышартына айналғаны анық. А.Ф. Керенский басқарған уақытша үкімет облыс басшылығына бұрынғы патша шенеунік-колонизаторларын тағайындайды, сондай-ақ жұмысқа қазақтың ұлттық интеллигенциясын тартады. Ақпан төңкерісінен кейін патша билігі құлатылғанымен, буржуаз-демократтар бұрынғы патшалық кезіндегі саясатты жалғастырды. Оның тек басты ерекшеліктерінің бірі жергілікті жерлерде Уақытша үкіметтің органдары құрылып, оларда осы үкіметтің адамдары қызмет етті. Мысалы, Жетісу облысында Уақытша үкіметтің комиссары болып Мұхаметжан Тынышбаев бекітіледі.

Иса Тергеусізов қоғамдағы саяси ахуалды өз бетінше назарында ұстап, облыс басшыларымен және белсенді қазақтармен жақсы қарым-қатынаста бола берді. Верный уездік басқармасындағы жазбаша аудармашы міндетін атқара береді. Алайда оның 1916 жылғы көтеріліс кезінде көтерілісшілермен және қарулы отрядтармен бірлесіп қарсылық көрсетті деген жаңадан айып тағылды. Бірақ, ол бұл жолы да жаңадан өршіген нақақ жаладан оңай құтыла алмады. 1917 жылдың қыркүйегінде мемлекеттік аударма қызметінен біржолата кетеді. Ендігі кезекте, біраз жылғы тәжірибесімен алаш қайраткерлерімен бірлесіп, елдегі саяси ахуалды бақылауға алды. Осыдан барып бірте-бірте Алашорда белсендісі ретінде саяси қызметке ойысты.

Иса Тергеусізовтың саяси қызметіне тікелей ықпал еткен саяси факторлардың бірі ол 1917 жылы қазан айында мемлекетте В. Ленин тарапынан ұйымдастырылған большевиктердің төңкерісі болды. Тарихта Қазан төңкерісі деген атпен қалған бұл революциялық қимылдар елде саяси жағдайдың құбылуына алып келді. Ақпан төңкерісінен кейін енді ғана есін жиып келе жатқан халық үшін бұл жағдай қиын болды [15]. Ел арасында большевиктердің ұраны тез тарап, халықтың үлкен бөлігі оларды қолдады. Бұл кезде иса Тергеусізов осы жылы қазақ жерінде ұйымдастырылғалы отырған автономияны құруды жақтады. Ол Уақытша үкімет пен Алаш партиясының өкілдерінің саяси ұстанымдарын қолдады.

1917 жылдың 25 қазанында билік басына келген большевиктер Уақытша үкіметті әскер күшімен абақтыға жапқаннан кейін өздерінің дегендеріне «көнбеген халықтарды күштеп, адамын қырғынға, мал-мүлкін талауға ұшыратып жатты. М. Дулатовтың сөзімен айтқанда съезд шақырылу қарсаңында «Россияда екінші өзгеріс болып Уақытша үкімет жоғалып, Құрылтай құрыған еді. Бірінші съезд уақытындағыдай емес, ол кезде әр жұрт өз бетімен жайылып бас амандап Россиядан біржола айрылып кеткендер де болып еді. Құрылтайды күткенше тағы да қандай толқынға ұшырауына жұрттың көзі жетпей дағдарған шақ еді Осы кезде «мемлекет іші қызыл қанға былғанып, ағайын бірін-бірі қырып салуға оқталып ... әркім өзі қам қылмаса, өз басының қайғысын өзі емдемесе, басқаға сенуден пайда болмай, әсіресе,

бұрыннан күтінбей, салдыр - салақ жүріп, бірінші құдайға, екінші мемлекеттің тәртіп сақтайтын күшіне ғана таянып отырған біздің қазақ сиякты жұртқа өте қатерлі күндер басталды. Егер мұндай халықтар өз бастарын өздері қорғамай, басқаларға сеніп отыра берсе,жазықтан-жазықсыз қарап отырып құрбан болып кетуі мүмкін еді».

Съезге оны ұйымдастыру комитеті тарапынан әр уезд басы екі ақсақалдан, әр облыстық қазақ комитеттерінен білетін екі өкілден бөлек 30-ға жуық кісіге арнайы шақырулар жіберілді. Бұған қосымша «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Тіршілік» газеттері мен түрлі қауымдардан бір-бір өкілден шақырылды. Съезд шақыру жөніндегі комиссия мүшелері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Досжанов және Е. Омаровтың қажырлы еңбегі нәтижесінде осы съезге 80-ге жуық делегаттар қатысты. «..Бүкіл Алаштан съезге 81 өкіл келді, съезде қаралатын мәселелер зор болғандықтан, өкіл емес кісілер де көп келді. Барлығы 200-ден аса адам жиналды. Алаш баласының тілегі мұны тоғыз күндей кеңесіп болып, ерсілі-қарсылы армансыз тексерілді. Ардақты ақсақалдар, ұлтшыл жастар, діндар молдалар, қажылар, атақты ғұламалардан пәленше келмей қалды дерлік болған жоқ», - деп, съезге қатысқан өкілдердің әлеуметтік құрамынан да мәліметтер береді.

Екінші жалпықазақ съезіне Жетісу облысынан Өмірәлі Айдабосынов, Жарылқасын Отарбаев, Манке Исмаилов, Иса Тергеусізов, Сатылған Сабатаев, Нажиб Хамидов және Носуфбек Джакуббаев арнайы шақыру алды [16]. Бұл жағдай Иса Тергеусізовтің саяси қызметіндегі ерекше оқиғалардың бірі болды. Қазақ даласында бір жылда ұйымдастырылған екі бірдей жалпықазақ съезінің бірінде қатысудың өзі оның қоғамдағы саяси белсенділігінің жоғарылағанын айқын көрсетеді.

Съездің төралқасына Бақтыкерей Құлманов (төраға), серіктері болып Ә. Бөкейхан, Х. Досмұхамедов, Ә. Кенесарин, Ғ. Қарашев, хатшылары болып Д. Көсепқалиев, М. Дулатов, С. Қадырбаев сайланды. Мәжіліс ашылар алдында Ә. Бөкейхан: «былтырдан бері жаршы топта сөйлеп, бәйге алған, осы съезге де шақырылған ардақты шешен Ораз ақсақал Тәтіұлының опат болғанын хабарлап, мәжілісті марқұм Ораздың рухына дұға қылып басталық», – деп ұсыныс жасап, бұл рәсім орындалғаннан кейін Кеңес (V) жұмысына кірісті.

Міне, елдегі осындай қоғамдық-саяси жағдайларға байланысты қазақ халқы тағы да бас қосып, ақылдасу керек болды. Сол қажеттілікті «желтоқсанның 5-не Орынборға шақырылып отырған екінші жалпы қазақ съезі өтегелі отыр. Бұл съездің бірінші мақсаты -қазақ жұртын осы қатерлі заманнан аман-есен өткізудің шарасын іздемек... Съездің желтоқсанға шақырылуының өзі біріншіден, осы күнді 1-атты қазақтар съезіне туралау болса, екіншіден, алыс жерлердегі өкілдердің келіп жетуіне уақыт кең болсын», – деген себептен туындаған-ды. Бұл кезде Орынбордағы билік атаман Дутов бастаған революцияны және Отанды Қорғау Комитетінің қолына көшкен еді. Оның құрамында большевиктер мен анархистерден басқа барлық партиялардың өкілдері болды. Осындай жағдайда екінші жалпы қазақ съезі 1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері Орынборда өз жұмысын бастады.

Съездің күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілді. Олар:
1) Сібір, Түркістан автономиясы һәм оңтүстік-шығыс Одағы туралы;
2) Қазақ-қырғыз автономиясы;
3) Милиция;
4) Ұлт Кеңесі;
5) Оқу мәселесі;
6) Ұлт қазынасы;
7) Муфтилік мәселесі;
8) Халық соты;
9) Ауылды басқару;
10) Азық-түлік туралы мәселелері еді.

Съезде автономия мәселесі бойынша сөз алған М.Шоқай, Жетісу мен Сырдария облысы қазақтарының Түркістан автономиясына әлі қосыла қоймағандығын, Түркістан уәлаятының өкілдері қазақ-қырғыз баласының бас қосылатын кезі келгенін һәм Алаш автономиясы жария етілсе өздерінің қосылатындығын білдірді [17].

Одан соң съезд қазақ автономиясы мен милиция туралы Х. Ғаббасов жасаған баяндаманы тыңдап, «Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз билігін өз қолына алады» деген саяси мәні зор қаулы қабылдады. Алайда, съезде Алаш атты қазақ автономиясын құруда делегаттардың пікірінде алауыздық байқалды. «Бір жағы – автономияны күні бүгін ресми, жұрт атынан бүкіл дүниеге жария қылуды қуаттады. Олардың қатарында Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, А.Кенжин, У. Танашев, Ғ. Қарашұлы, С. Досқанұлы т.б. барлығы - 33 адам болды. Екінші жағы – милициямызды құрып қамданғанша һәм арамыздағы көрші орыстармен сөйлесіп келіскенше ресми жария етуді тоқтата туралық деушілер. Олар Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Е. Омаров, О.Алмасов, Х.Ғаббасов тағы басқалар барлығы – 42 адам... екі жаққа тас салудан тартынғандар қатарында Ахмет Шегіріұлы, Мұстафа Шоқайұлы, Қасымхан Кеңесарыұлы болды».

Осылайша, бұл съезде қазақтар шоғырланып өмір сүретін облыстарда қазақ аймақтық-ұлттық автономия құру мәселесі және далалық облыстарда ұлты қазақ болмаған өзге халықтарға түсіндіру қызу талқыланды. Мұндай автономия құрылса, қазақ жеріндегі бүкіл қазба байлықтар мен қорларды жалпыхалықтық деп танып, кеңес пен ұлттық жиналысты шақыру, конституцияны бекіту, қарулы халық милициясын құру сияқты маңызды мәселелерді қарастыратын еді. Отыз үш делегат дереу автономия жариялау туралы ұсыныстыны қолдады. Жалпықазақ съезінің қырық төрт мүшесі оған үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар бұл мәселеде қазақ емес тұрғындардың да пікірі ескерілуі керектігін алға тартты. Сонымен қатар халықтық милиция құру ісі осы жиынның басты тақырыптарының бірі болды.

Қарсы шыққандардың арасында Иса Тергеусізов те бар еді. Ол мұндай ұстанымды Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Әлімхан Ермековпен бөлісті. Алаш автономиясын шұғыл жариялауға Сатылған Сабатаев, Мөңке Исмаилов, Нүсіпбек Жақыпбаев та

қарсы шықты. Мұстафа Шоқай қалыс қалды. Бұл съезге Иса Тергеусізовтың қатысуы оның Алашордаға мүше болған қызметіндегі ең жарқын күндері еді. Дәл осы съезде ол Алашорданың белгілі қайраткерлерімен жақын танысып-білісті [16, 70-71 с.].

Верный қаласына қайтып келгеннен кейін 1918 жылғы қаңтарда өткен қазақ облыстық екінші съезінде сайланған Алашорданың Жетісу облыстық қазақ кеңесі құрылды. Бұл кеңес тоғыз адамнан құралды. Оның ішінде Верный уездік жер управасының мүшесі және Алашорда уездік кеңесінің қызметіндегі Иса да бар еді. Мұнда белді қайраткерлер – төраға орнында Ибраһим Жайнақов, сондай-ақ Сатылған Сабатаев, Нүсіпбек Жақыпбаев, Базарбай Мәметов, Мұхаметжан Тынышбаев, Садық Аманжолов, Төлебай Дүйсебаев, Біләл Сүлеев болды. 1918 жылғы тамызда Кеңес Иса Тергеусізовты Түркістанның Жетісу облысы Лепсі уезінің орталығы Үржарға жергілікті халықпен жұмыс жүргізу мақсатымен жібереді.

Екінші жалпықазақ съезінен кейін 1918 жылы Ресейде орын алған саяси процестер қазақстанға да әсерін тигізді. Қазақ зиялылары онымен де күресуге мәжбүр болды. оның басты мысалдарының бірі 1918 жылы елде Азамат соғысының басталуы болды. Мемлекетте ақтар мен қызылдар, яғни буржуаз-демократтар мен кеңестер арасында аса үлкен масштабтағы соғыс басталып, ол 1920 жылға дейін созылды. Азамат соғысы Қазақстан жерін түгелдей қамтыды. Азамат соғысы қазақ интеллигенциясы үшін сындарлы кезең болды. Олар соғысушы тараптардың қайсысын қолдауды білмей дал болды. Бірақ көбінесе Алашорда өкілдері бейтараптық саясат ұстанды. Азамат соғысының басты төркіні Ресей империясының Бірінші Дүниежүзілік соғысқа қатысуынан басталып, ол император II Николайдың оң саясат жүргізе алмауынан туындаған [18] еді.

Осының салдарынан XX ғасырдың басында «Алаш қозғалысы» болып құрылып, ел қамы үшін қызмет еткен ұлт көшбасшылары тағы бір саяси мәселеге душар болды. Бұған дейін қарқынды жұмыстар жүргізіп ел арасында өз алдына зор беделге ие болған Бірінші жалпықазақ съезі Алаш қозғалысына үдемелі қарқын дарытты, осы съезден кейін бүкіл қазақ даласы [19] азаттық пен теңдік рухына бөленді, желтоқсанда өтетін Екінші жалпықазақ съезіне дейін барлық өңірлерде «Алаш» партиясының комитеттері ашылып, онда ұлт мұратын ту еткен азаматтар ерекше белсенділік танытты. Іс жүзінде бұл партия кейінірек құрылатын Алашорда үкіметінің рөлін атқарды. Сондықтан да біз 1917 жылдың сәуір айынан бастап 1919 жылдың соңына дейін созылған ең қарқынды кезеңді Алашорда кезеңі деп атаймыз.

Алашорда мүшелері Екінші жалпықазақ съезінен кейін, мемлекетте әскер мен милиция құруға келіскен болатын. Б. Мәметов пен басқа да жетісулық зиялылардың ықпалымен Алаш милициясы құрылып, олар елдің тыныштығымен айналысты. Иса Тергеусізов милиция мен Азамат соғысы мәселелерін терең ұқты. Тіпті кейіннен алашордашылар соғыстың кейбір тетіктеріне араласып, онда олар Жетісудағы соғыс майданында әрекет етті. солардың бірі Иса Тергеусізов болып, ол Жетісу мен Шығыс Қазақстан өңірлерінде барлаушылық және со,ыс қимылдарына белсене араласты.

16 тамызда Жетісу жасағының бастығы Ярушин басшылыққа былай деп баяндама жасаған Ярушиннің жоспарында Сергиопольде, Үржар мен Бақтыда үш алаш жүздігін құру болды, олар тұрақты әскер бөлімдермен қатар шабуылды өрбіту керек болды. 1918 жылғы 30 тамызда ол телеграмманы Үржарға, капитан Ушаковқа жіберді – «Консул арқылы Шәуешектегі жағдайды мынадай сөздермен жеткізді: «облыстық комиссар Балабанов және облыстық Алаш төрағасы» Тергеусізовке. Сіз екеуіңізге облыстық Алаштың келісімімен Бақтыда есаул Захаровтың және Хорунжий Попелявскийдің бұрынғы жүз елу жігітінен және жетіспейтінін Барлы, Емен, Көктай, Қатынсу болыстық қоғамдастықтар қатарынан толықтырып, алғашқы алаш жүздігін құруға өкілдік беремін. Бір аптаның ішінде Бақтыға жинау бойынша шұғыл шара қабылдаңдар. Адамдарды болыстардан талап етіңдер, винтовкамен кеткен жігіттер міндетті түрде солай қайтіп келсін. Жүздіктің командирі ретінде есаул Полторацкийді тағайындаймын [20].

1918 жылғы наурыз айының басында Верный қаласында кеңес билігі орнайды. Ол Жетісу облысындағы Уақытша үкімет мүшелеріне, кулактарға, казактарға, сондай-ақ Алашорда қайраткерлеріне қарсы жазалау-репрессиялық әрекетін бастап кетеді. 1918 жылғы наурыздың аяғында Әскери-төңкерістік комитет И. Жайнаков, С. Сабатаев, О. Әлжанов және Тазетдинов сияқты алашшыларды қамауға алады. Иса Тергеусізов пен Алашорданың өзге мүшелері тұтқындаудан аман қалады. Тергеу бір айға жуық жүргізілді. Бірақ заңға қарсы ештеңе таппаған Кеңес өкіметінің тергеу органдары 1918 жылғы сәуірдің аяғында оларды тұтқыннан босатады. 1918 жылы облыстық Алаш орда кеңесіне, Верненский уездік жер басқармасына және Алаш орданың уездік кеңесінің мүшесі сайланды [20, 35 б.].

Азамат соғысы кезінде Верный, Қапал мен Лепсі уездерінің үлкен бөлігін қызылдар басып алуына байланысты Жетісу облысының облыстық басқармасы Верный қаласынан алдымен қытайдың Шәуешек қаласына, ал ақтар келгеннен кейін облыс орталығы ретінде Колчактың Сібір үкіметіне бағынатын Сергиополь қаласы болды. Облысты басқаратын облыстық комиссар ретінде В.В. Балабанов бекітілді.

Жетісуды большевиктер жаулап алғаннан кейін Алашорда Жетісу облыстық кеңесінің көшбасшылары Шәуешек қаласына баруға мәжбүр болған, Сергиополь ауданын босатқаннан кейін Үржарға қайтып келген, 1918 жылғы 10-нан бастап 31 тамыз аралығында облыстық кеңестің 2-ші съезі болды [21]. Негізгі қаралған мәселелердің бірі әскери жасақтарын құру, олардың әскери дайындығы мен оларды оқыту, оларды қамтамасыз ету (киім-кешегі, қару-жарағы, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі) болды. Әскери жасақтарды одан әрі пайдалану мәселесі талқыланды. Облыстық кеңестің мүшелері мыналар болды: төраға – «И. Жайнаков (Үржар ст.), мүшелері – Сатылған Сабатаев (Үржар ст.), Төлебай Дүйсебаев (Үржар ст.), Нүсіпбек Жақыппаев (Үржар ст.), Базарбай Маметов (Романовская кенті), Біләл Сүлеев (Ақсу кенті), Иса Тергеусізов (Үржар ст.), Садық Аманжолов (Сергиопольская ст.)». Жаңартылған құрамға М.Тынышбаев (Семей қаласы) енгізілді.

Жетісу өңірінде беделді адамдардың бірі облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы Жайнаков Ибрахим болды. И. Тергеусізов пен И. Жайнаков өте тығыз қарым-қатынаста болды. И. Жайнаков оның өмірдегі ең жақын достарының бірі болды. И. Жайнаковпен бірлесіп ол аймақта ауқымды шараларды жүзеге асырды. Солардың ең негізгілерінің бірі осы Азамат соғысы кезінде көрінді [22]. И. Тергеусізов Жетісуда әскери іс-кимылдар басталғаннан бастап Лепсі уезінде болды. 1918 жылғы тамызда Жетісу облыстық Алашорда кеңесінің төрағасы ретінде Жетісу жасағының штабына коллеждік ассесор ретінде қызмет атқарады. Ол Уездік және облыстық басқармалармен өзара байланысты, Алаш бөлімінің жұмысын қалыптастыру бойынша жұмысты үйлестірді.

Сонымен қатар, Жетісу жасағы штабының бастығы подполковник Лихановтың телефонограммасы куәландырғандай, Үржар Алаш жүздігін Жайнаков қалыптастырған, оған Нүсіпбек Жақыпбаев көмектескен. 1918 жылғы тамызда облыстық Алаш орда кеңесі Иса Тергеусізовті Бақтыда «жүз елу адамнан» тұратын алғашқы Алаш жүздігін қалыптастыратын уәкілетті тұлға ретінде іссапарға жіберген. Ол жөнінде 1918 жылғы 30 тамызда Жетісу жасағының бастығы полковник Ярушин айтып өткен [20, 38 б.].

Осындай қиын кезеңде құрамында Иса Тергеусізов те болған қазақ зиялыларының мемлекет пен қоғам алдындағы сіңірген еңбегінің басты мазмұны мынада жатыр, ол яғни бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде байқап, қазақ қоғамын да қозғалысқа келтіру амалдарын іздестірумен айналысты, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланып, туған халқын феодалдық-патриархаттық мешеуліктен шығаруға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогресс, мемлекеттік тәуелсіздік алу жолдарын көрсетуге ұмтылды.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін де оның өмірінде әр түрлі қиындықтар туындайды. Ақ гвардияшылар мен Алашорда әскерлері жойылғаннан кейін Иса Тергеусізов те өзге алашордашылармен бірге кеңестер тарапынан рақымшылыққа ілігіп, бірақ мемлекеттік қызметтерге іліне алмады. Кеңес билігі тарапынан 1919 жылы Алашорда қайраткерлеріне кешірім (амнистия) жарияланады. Себебі большевиктермен келіссөз жүргізген олар ақ гвардияшылар үкіметі мойындамақ түгілі кудалауға ұшыратқан ұлттық автономия мәселелері жөнінде ортақ мәмілеге келеді. «Алаш» патриясының барлық мүшелері тегіс ақталады. Әйтсе де, алаштықтар өз көзқарасынан бас тарқан жоқ.

Дегенмен, елде жаңа кеңестік үкімет орнап жатқан кезде де Иса Тергеусізов өзінің халық арасында ағартушылық қызметін жалғастырып, Жетісу аумағында жоқшылықтан зардап шеккен қазақтарға жәрдем көрсетті. Оның досы Сатылған Сабатаев Семей облысындағы Қарқаралыда агроном болып жұмыс істеді. 1921 жылы қызметтегі міндетін атқару кезінде ол қаза табады. С. Сабатаевтың өлімі олар үшін күмәнді болады. Осыдан соң барып Ибраһим Жайнаков пен Иса Тергеусізов амнистия мерзімінің уақытша екенін түсінеді. Сондықтан 1920 жылы баска алаштықтармен бірге Қытайға

эмиграцияға кетуге мәжбүр болады. Бұл кезде кеңес үкметінің қудалау саясатына байланысты көптеген қазақ зиялылары шетелдерге эмиграцияға кетуге мәжбүр болып жатты. Солардың бірі түркістандық саяси қайраткер, Алашорда мүшесі Мұстафа Шоқай еді. Ол әуелі Түркияға кетіп, одан соң Францияға қоныс аударған. Акыры 1941 жылы Германияда ауырып қайтыс болған [23].

Сол сиякты Иса Тергеусізовтің өмірінде де үлкен өзгерістер орын алады. Алайда, ол Қытай аспаса жағдайының аса мүшкіл болатынын терең түсінген болатын. Бұл кезде Қытайда да жағдай тұракты болмай, дегенмен ол жакта кудалау саясаты орын алған жок. Қытай асып барған қазақтарды ондағы жергілікті қазақтар жақсы қарсы алып отырды. Иса Тергеусізов Қытайдың қазіргі Қазақстанмен шекаралас Шыңжаң автономиялы ауданында Іле округына қарасты Құлжа қаласында қоныстанады. Елден жырақта жүргеніне қарамастан, ол кенестік Қазақстанда болып жатқан саяси оқиғалардан хабардар болып, оның мән-жайына канык боп отырды. Иса Тергеусізовке Қытайда жүрген кезінде де НКВД тарапынан қауіп төнді. Ол ОГПУ тыңшыларының қолына түспеу үшін барынша сақтануға тырысты. Сондықтан жеке қауіпсіздігін ойлап, қытай азаматтығын алады. Әрине, мұның бәрі жеке басты қауіпсіздігін қамтамасыз еті мақсатында лажсыздан жасалды.

Иса Тергеусізовтің Шыңжаңға коныс аударуының себебі оның ата-бабасы XIX ғасырда Шыңжаңға көшіп кеткен еді. Иса Тергеусізов туған жерден бас сауғалап кеткенде өзінің туысқандары мен жанұя мүшелерінің де өмірін үлкен қауіп-қатерге тікті. Оның басты мысалдарының бірі оның жақын туыстары мен бауырлары Қытай шекарасынан өткен кезде қиындықтарға душар болды. Олардың арасында қаза тапқандар да болды. Дегенмен Иса Тергеусізов мұнымен тоқтамады. Ол өзінің жеке өмірін реттеуге тырысып, Құлжаға ауып барғандардың ұрпағы саналған қарапайым татар қызына үйленеді. 1932 жылы Иса Тергеусізов Құлжадағы татар қызы Махроймен шаңырақ көтереді. Осында бала-шағалы болып ұрпақ жалғастырды. Иса Тергеусізовтің Арыстан, Батыр есімді ұлдары және қызы Төлеу дүниеге келеді. Олар кейіннен анасы Махроймен бірге 1950 жылдары Алматыға оралды.

1935 жылғы наурызда Құлжа қаласында, Қытайдың батысындағы Іле округының орталығында «Іле аймақтық қазақ-қырғыз мәдени ағарту бірлестігі» ұйымы құрылады. Оның қызметі қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы аумағындағы қазақтар мен қырғыздар арасында ағарту жұмыстарын жүргізуге бағытталды. Қоғамда Иса төре деп атанған Иса Тергеусізов бұл ұйымның қаржылық жағын басқарды. Осылайша, жастайынан қоғамдық еңбекке бейім болған және қоғамда өзінің белсенділігімен танылған Иса Тергеусізов Қытай жерінде де осындай ерекшеліктерімен көзге түсті.

Осы ұйымның жұмысына Шыңжаңдағы қазақ ақыны Таңжарық Жолдыұлы (1903-1947) атсалысады. Иса Тергеусізов онымен саяси және идеялық жағынан жақын болып, кейіннен дос болып араласып кетті. Ақын Таңжарық 1923-1925 жылдары РСФСР құрамындағы Қазақ АКСР-да өмір сүріп, білім алған. Ол Алашорда қайраткерлерінен сабақ алып, «Алаш»

партиясы идеяларын жүрегіне терең сіңірген жан еді. Осылайша Иса Тергеусізов Қытайдағы қазақтардың азаттық қозғалысына да комақты үлес қосады [24].

Бұл кезде Қытайда да саяси жағдай айтарлықтай жоғары деңгейде емес еді. 1939 жылы Қытайдың Гоминдан үкіметінің өкілдері Мәскеуге екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастыққа арналған жиынға келеді. Иса Тергеусізов делегация құрамына аудармашы ретінде қосылды. Мұның өзі Иса Тергеусізов адами потенциалының жоғары екендігін және қоғамдағы белсенділігін көрсетті. Мұны ресми келіссөздерге, атап айтқанда, Қазақ КСР мен Шыңжаң арасындағы кездесуге тікелей қатысқан Қазақстанның мемлекеттік және партия қайраткері Бектенбай Қосынов (1911-1984) растайды. Б. Қосынов 1934-1937 жылдары Шығыс еңбеккерлері коммунистік университетінде оқыған. Ал 1938-1941 жылдары Қазақ КСР Совнаркомы жанындағы өнер ісі бойынша басқарма бастығы болып қызмет етті.

Шыңжаң губернаторы Шың Шы Сай 1939 жылдың соңынан бастап Қытайдағы қазақ зиялыларына қарсы саяси қуғын-сүргін жүргізе бастайды. Оларды кеңес агенттері мен сепаратистері деп айыптайды. 1940 жылы 150 мыңнан астам қазақ тұтқындалып, түрмеге қамалды. Олардың арасында Таңжарық Жолдыұлы, Иса Тергеусізов пен Ибраһим Жайнақов та бар еді. Бұлар Құлжада тұтқындалып, кейін Үрімші қаласындағы абақтыға ауыстырылды. Осыдан соң көп ұзамай, Иса Тергеусізов 1942-1943 жылдары Қытайдағы Гоминдаң жендеттерінің қолынан қаза табады. Ол кезде тек кеңестің партия қызметкерлері, әскери басшылар, шаруашылық саласында еңбек еткендер, қызметкерлер мен зиялы қауым ғана ақталды. Кеңес идеологиясы алашордашыларды әлі де жау ретінде қарастырды. Алашордашылар, сондай-ақ Кеңес өкіметіне оппозициялық көзқараста болған зиялылар мен қызметкерлер 1997 жылы бір-ақ ақталды [24, 4-5 с.].

Қорыта айтқанда, Иса Тергеусізов қазақтан шыққан ұлт зиялы қауым өкілдерінің бірі, жетісулық алашордашылардың бірі саналды. Иса Тергеусізов пен оның жақтастары қазақ даласындағы ұлттық қозғалысқа жаңа тыныс берді. Тарихи тәжірибенің дәлелдеп отырғанындай, әлеуметтік күрт өзгерістер кезеңдерінде әрқашанда интеллигенция белсенділігімен, дербес бастамасымен ерекшеленіп отырған. Иса Тергеусізов өңірден шыққан өзге қазақ интеллигенттерімен бірге халықтың қамын ойлаған елдің азаматы, халықтың ұлы перзенті ретінде тарихта қалды. Қазіргі уақытта тарих қойнауында қалып, әлі күнге дейін жарыққа шықпай қалған мұндай алаш азаматтарының есімдері әлі де болса жетерлік. Дегенмен, уақыт өте олардың да өз зерттеушілері табылатыны анық. Иса Тергеусізовті өз басын қатерге тігіп, өмірдің сан түрлі жолдарына түсуіне оның халық пен қоғамға деген жанашырлығы мен мейірбандығынан туғанына күмән болмаса керек. Білікті, терең, сергек ойлы күрескер азамат болды. Үш кластық қана орта білім алғанына қарамастан, ол өзін-өзі жетілдіру арқылы бірнеше тілді меңгеру арқасында нағыз қайраткерге айналды. Оның ақыл-ойының жоғарғы деңгейі қазақ халқына шынайы да қалтқысыз қызмет ету үшін жұмсалды. Патшашыл

кезеңде, кейіннен кеңестік заманда тарих құрсауында қалып қойған Иса Тергеусізовтің өз халқына деген қызметін зерттеу мұнымен тоқтамақ емес. Керісінше, отандық тарих ғылымында алаш қайраткерінің саяси қызметін зерттеушілер қатары көбейе беретіні заңды. Алаш арыстарының өмірі мен қызметін зерттеу, олардың саяси жұмыстарын талдау, бұрынғы коммунистік идеологияның аясында жасалған жалған көзқарастар мен тұжырымдардан арашалап алу қазіргі ұрпақтың міндеті болмақ.

---

1. Әбжанов Х. Тарих және қазақ зиялысы // Егемен Қазақстан. – 2002.- 25 қыркүйек.

2. Даркенов Қ. 20-30 жылдардағы қазақ интеллигенциясы: тарихи талдау // Білім. – 2004. – №2. – Б. 71-76

3. «ҚАЗАҚ» газеті. 1915 жыл. / Құраст.: С.О. Смағұлова, Г.М. Абикова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 528 б.

4. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.

5. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2740-іс,

6. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2740-іс, 1 п.

7. ҚРОМА 94-қ., 1-т., 2740-іс, 2-3 п.

8. Дулатбек Қыдырбекұлы. Жетісудағы Алаш қайраткері. // Ана тілі. 2013 жыл 18 шілде.

9. Смағұлова С.О. Ұлттық интеллегенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе: / 07. 00. 02: тарих ғыл. канд... дис. Автореф. / - Алматы, 1999. – 25 б.

10. Қойгелдиев М. Алаш козғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы Мектеп, 2017. – 656 б.

11. Балнұр Қыдырбек, Дулатбек Қыдырбекұлы.«Қазақ дегенде жүрегі шын соғатын...» // Егемен Қазақстан – 2013 – 31 қазан.

12. Тілеубаев Ш.Б. Ұлт зиялыларының 1916 жылы боскыншылыкка ұшыраған Жетісудағы қазақ-кырғызды құткарудағы кызметінен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы. – 2010. – № 3 (26). – Б. 26-30.

13. Оразов Р. Алаштық идеяда қызмет еткен Базарбай Мәметов. // «Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті. 2017. – Б. 36-39

14. Каренов Р.С. Жетісудағы Алашорда үкіметінің мүшесі, Алаш әскерінің қолбасшысы – Отыншы Әлжанов. // Қарағанды Университетінің Хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. – 2013. – № 3 (71). – Б. 35-40.

15. Аманжолова Д.А. На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана Алматы: Издательский дом «Таймас», 2009. – 412 с.

16. Алаш-Орда: Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992 г. – 192 стр.

17. Қойгелдиев Мәмбет. Алаш козғалысы. Екі томдық монография. Бірінші том. / Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.

18. Мультатули П.В. Император Николай II и заговор 17-го года: как свергали монархию в России / П.В. Мультатули. – М.: Вече, 2013. – 430 с.

19. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 гг. Ред. Колл. Қ.С. Алдажұманов, Д.Әшімханұлы, Л.Д. Дегітаева, Н.Р. Жағыпаров, Е.Қ. Ертісбаев, М.Қ. Қойгелдиев (бас редактор), К.Нұрпейіс, В.П. Осипов, В.Н. Шепель. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т. 3. Кн. 1 – 304 с.

20. Әбдіғалиұлы Берік. Жетісу майданындағы Алаш әскері. // Қоғам және дәуір. Ғылыми-сараптамалық журнал. – 2017. – №1 (53). – Б. 14-55

21. Ілиясова К.М. Қазақ съездері: қаралған мәселелері, шешімдер және олардың орындалуы (1917-1919 жж.). Тарихи талдау. / Тарих ғылым. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 187 б.

22. Төленова З.М., Алаш тарихы – тұлғалар тағдырында: Жетісулық Алаш қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың тарихи келбеті. // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы – № 2(14), 2018

23. Әбдуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Өмірі, Күресі, Шығармашылығы. – Алматы: Арыс. 2004. – 320 б.

24. Дулатбек Кыдырбекулы. Деятель Алаш-Орды Иса Тергеусизов. // Мысль. – 2013 – 21 сентябрь

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның ұлттық тарихнамасының Алаш қозғалысы кезеңі тарихи-хронологиялық тұрғыдан XX ғ. басында қалыптасқанымен шын мәнісінде, қазақ халқының біртұтас елдік мүдде жолындағы азаттық күресінің сан ғасырлық мұратының нартәуекелі болды. Ресей империясының отарлық саясаты бірегей мемлекеттік құрылым ретінде тарихта өз орнын еншілеген Қазақ хандығының саяси-экономикалық және рухани-мәдени тұрғыдан барынша әлсіреуі мен күйреуіне алып келді. Отарлық зорлық-зомбылықтың асқынуы қазақ халқының өз атамекен қонысынан айрылып, ұлттық күйзеліске ұшырауын туғызды.

Дағдарысты кезеңде ұлттық мүддені көтеру, ұлтты өркендету жолындағы аса ауқымды ағартушылық қозғалысты ақсүйектік білім алған зиялылар қауымы бастады. Ұлт зиялылары кәсіби тұрғыдан түрлі саланың мамандары болғанымен, қоғамдық-саяси күресті ұлттық, азаттық идеясына негіздеді. Жанкештілік жолда өз өмірлері мен ғұмырларын қиған тұлғалардың қоғамдық-саяси сан тарау қызметі Ресей отарлық дәуірінің империялық және кеңестік кезеңінде барынша қуғындалды, айыпталды және сыналды. Ұлт зиялыларын жаппай қуғындау мен құдалаудың ақыры, олардың қайғылы тағдырына себепші болды. Кеңестік тарихнаманың саяси-идеологиялық тұрғыдан біржақты бағаланған, ғылыми принциптерден тыс сипатын осы қозғалыс тарихы дәлелдеп береді.

XX ғасырдың басындағы Ресей империясының монархиялық билігінің тоқырауы метрополияның өмірінде астан-кестең сапырылыстар мен қарама-қайшылыққа толы толқулар мен наразылықтарды күшейтті. Бұл тарихи үдерістерден Қазақстан шет қалған жоқ. Монархиялық билікті, жалпы империялық жүйеге өзгеріс жасауға әрекеттенген бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы т.б. қоғамдық-саяси өзгерістер отар аймақтарға ауыр салмағын ала келді. Мұның үстіне жергілікті колониалдық бюрократиялық аппараттың мерездігі халықтың жағдайын сан түрлі ауыртпалықтармен қыса түсті.

Қазақ халқының тағдыры тым күрделі. XVIII ғасырдың екінші жартысында ел өз тәуелсіздігінен айрылғаннан соң отарлаушы империя қайтсем де қазақтың жерін толық иемденем, қайтсем де қазақты ұлттық болмысынан айрылған, айдауыма жүретін, көнбіс тобырға айналдырам деген мақсатта болды. Патшалық Ресей мен большевиктік Кеңес өкіметі бұл мақсатын белгілі дәрежеде орындай алды да. XX ғасырдың басында қазақтың ең шұрайлы, сулы, нулы жерлерінің басым бөлшегі Ресейдің отарлау саясатының әлеуметтік тірегі болған орыс мұжықтары мен казактардың меншігіне айналды. Қазақ ру-тайпалары шөл, шөлейт аймақтарға еркінен тыс ығыстырылды. Әсіресе, көшпелі экстенсивті мал шаруашылығымен

айналысып, өзін-өзі асырап отырған қазақ ауылдарының тұрғындары ерекше қиын жағдайға душар болды. Қазақ этносының азық-түлік потенциалына айтарлықтай нұқсан келді. Жайылымы мен суы азайған мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырады. Отарлаушы империя қазақ халқын материалдық қанауды рухани қанаумен қоса ұштастырды. Елдегі билік өз қызметін толықтай орыс тіліне көшірді. Қазақ тілі екінші сортты, халықтың күнделікті тұрмысы тіліне айландыру, біртіндеп оны мүлдем жойып жіберудің небір жымысқы жолдары қарастырылды. Қазақ халқының отаршылдардың осындай озбырлықтарына қарсы жасалған жүздеген көтерілістері қанға боялып жазаланды. Қазақ этносы отарлық езгі жағдайында адамзат өркениеті басынан өткеріп жатқан ғылыми-техникалық және мәдени-рухани даму үдерістерінен тысқары қалып мешеулену ауруына шалдыға бастады. Отарлық езгі қазақ этносының жан-жақты деградациялануы үдерісін күшейтті.

XX ғасырдың басында Ресей империясы мен Кеңес өкіметінің отарлық саясатының түрлі салдарларымен күрес жүргізген, қазақ халқын жойылудан құтқарудың түрлі жолдарын ұсынған Алаш партиясының өкілдері болды. Олардың мақсаты – халықты ұлт-азаттық қозғалысына жұмылдыру арқылы, біртіндеп тәуелсіз мемлекет құру болды. Алаш қайраткерлері тәуелсіздік үшін жаппай жалпыұлттық көтеріліске шығып отар ел армиясымен қарулы соғыс жасаудың жеңіс әкелмейтіндігін жақсы түсінді. Алаш қозғалысы, бірінші кезекте, халықты білімге, ғылымға, кәсіпкерлікке, шаруашылықты озық үлгілер негізінде ұйымдастыруды үйренуге шақырды. Екіншіден, қазақ халқының жағдайын жақсату жолында Ресейдің демократиялық күштерімен одақтасып, түрлі жеңілдіктерге қол жеткізуді көздеді. Үшіншіден, азаттық жолындағы күреске жалпыұлттық сипат беріп, оған халықты бай, кедей деп бөлмей жұмылдыруды ойлады. Төртіншіден, қараңғы қазақ жұртының саяси сауатын ұлттық құндылықтарды, ұлттық патриотизмді, жалпы ұлтшылдықты насихаттау, тәрбиелеу арқылы ашуды мақсат тұтты. Бесіншіден, империя құрамында ұлттық автономия құруға қол жеткізу арқылы стратегиялық мақсат – ұлттық мемлекетті қалыптастыруды жоспарлады.

Өкінішке орай, Алаш партиясы алдына қойған мақсаттарын толық орындай алмады. Алайда, алашордалықтар қазақ халқының санасында аса терең із қалдырған саяси сабақ бере алды. Алаш идеялары қазақ халқының ұлттық кодын ашты, оның бірегейлену үдерісін бастап берді. Алаш партиясының мақстаттары тәуелсіз Қазақстан Республикасы мақсаттарынан өз көрінісін тапты.

Тарихи санаға деген серпілісті «Алаш» атауымен жаңғыртып, ұлт мүддесі жолындағы қоғамдық-саяси күрестің стратегиясы мен тактикасын ұсынған ұлт зиялыларының әлеуметтік-саяси белсенділіктері аса зор еді. Қазақ халқының империялық отарлық билікке қарсы күресінің бұл кезеңі заманауи саяси іліммен дайындалған оқымысты тұлғалардың тұ бастаушылығымен

ерекшеленді. Халқының ауыр тағдырының тікелей куәгерлері және сол ұлттың өз арасынан шыққан азаматтардың тұлғалық болмысында патриоттық рухтың біте қайнасатыны табиғилық еді.

Еңбекте жете сөз болған қазақ зиялыларының саяси күрес тәжірибесі 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясы тұсында мынадай сипат алды. Зиялылар отарлық саясаттың қазақ жеріндегі күрделі қитұрқы жер саясатын сынап, руханият мәселесін көтеріп және түрлі саяси партиялар, қозғалыс-ұйымдардың (кадет, эсерлер, социалистер, т.б.) жұмыстарына қатысты. Үкіметке қарсы түрлі оппозициялық партиялардың, қозғалыстардың қатарында болу және революция туғызған қоғамдық сананың өзгерістері қазақ зиялыларының саяси ұстанымдары мен көзқарастарына әсер етті, белгілі бір деңгейде шынықтырды. Қазақ зиялыларының арасында Алаш қозғалысы қайраткерлерінің Ресей империясы мемлекеттілік жүйесіндегі парламентаризмнің алғашқы көрінісі I және II мемлекеттік Думаға мүше болып сайланулары саясат ісіндегі белсенділік еді.

Монархиялық биліктің қоғамды басып жаныштаған реакциясы жылдарында Алаш зиялылары қазақ халқын рухани білім мен мәдениетке, саяси бұқаралық сауаттылыққа жетелейтін батыл қадамдарға барып, «Қазақ» газетін шығарды.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың лаңы мен сан түрлі ауыртпалығы тұсында да Алаш зиялылары азаматтық, тұлғалық іс атқарды. Атақты 1916 жылғы ұлттық бас көтерудің зардаптары мен қиындықтарын шешуге ұмтылды.

Империялық биліктің монархиялық аппаратының күйреуіне жол ашқан Уақытша үкіметтің тұсында қазақ зиялыларының осы буынының ұлттық қоғамдық-саяси белсенділігі салмақты болды. Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне кірген Ә. Бөкейхан, М. Тынышбаев, О.А. Шкапский қатарлы азаматтар мен «Қазақ» газетінің барынша күш салуы өз нәтижесін берді. Қытайға кеткен қазақ-қырғыздар елге оралып, амнистияға ие болып, батыс майданның қара жұмысына жіберілген жігіттердің әлеуметтік-құқықтық сан түрлі мәселелері оң шешімін тапты.

Алаш қозғалысының тарихындағы ұлттық автономиялық үкімет құру талпынысы Алашорда және Түркістан автономиясымен тығыз байланысты. Еңбекте барынша тыңғылықты қарастырылған бұл ғылыми мәселенің әлі де болса зерттеуді қажет ететін тұстары баршылық.

Ұлттық автономиялық үкіметтер – империя тарихында азаттыққа талпынысты және бодан халықтардың ұлттық тұлғаларының саясаткерлік биік болмысын дәлелдеп бере алатын тарихи құбылыс. Ұлттық ұйысудың нақтылы тәжірибесі сыналған қиын күрделі кезең тәуелсіздік үшін күрестің балаң уақыты болғанына қарамастан, тарихи сабағы мен биік рухы зор еді. Алаш тағылымының тарихи және өміршеңдік күш-қуаты осыдан көрінеді.

Кеңестік большевиктің биліктің жеңіске жетуі ұлт зиялыларының ұлттық мүдде жолындағы күрестері мен талап-тілектеріне шектеу қойды. Соған қарамастан ұлт зиялылары халқының ағарту мен білім-ғылым, мәдениеті, экономикалық дамуына барынша атсалысты. Алаш ұлттық ғылымы ұғымын қалыптастыратын деңгейдегі мұраларды ұрпаққа қалдырды.

Алаш мұрасы сан қилы. Алаш зиялыларының ұлтына жасаған қызметін зерттеп, танып білу оны зерделеу ісі жалғаса берері сөзсіз.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....3

I ТАРАУ
АЛАШ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ИДЕЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1. Алаш қозғалысы: теория және практика.....8
1.2. Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуына Алаш жалпыұлттық қозғалысының маңызы: тарихи-заңгерлік аспект.....36
1.3. Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі мемлекеттілік идеясы 67

II ТАРАУ
АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ҰЛТТЫҚ–ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҮШІН КҮРЕС ТӘЖІРИБЕСІ

2.1. Мемлекеттік дәстүрді жаңғыртудағы қазақ съездерінің рөлі.....95
2.2. Қазақ комитеттерінің құрылуы және қызметі 155
2.3. Алаш зиялылары Бүкілресейлік құрылтай сайлауынан кейінгі кезеңде 209
2.4. Торғай өңіріндегі Алашорданың қызметі 225
2.5. Алаш әскерінің тарихы 245

III ТАРАУ
АЛАШ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР

3.1. Алаш қозғалысы және түркі-мұсылман қайраткерлерінің Түркістандағы кеңестік билік жағдайында егемендік үшін жүргізген саяси күресі (1917-1920 жж.).....265
3.2. Алаш Орда және Ресей демократиясы 322
3.3. Алаш және Башқұрт ұлттық қозғалысы.....350
3.4. «Алаш» партиясының қырғыз филиалы 367
3.5. Қазақстандағы земстволық қозғалыс. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің енгізілу тарихынан (1917-1919 жж.) 394

IV ТАРАУ
АЛАШ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, МӘДЕНИ ДАМУЫ

4.1. Әлихан Бөкейханның отан тарихы мен ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеуге қосқан үлесі 411
4.2. Қазақ интеллектуалдарының құқықтық көзқарасы 432
4.3. Алаш қайраткерлері еңбектеріндегі жер мәселесі 455
4.4. Алаш қозғалысы қайраткерлерінің кеңестік модернизацияға қатысуы 472

V ТАРАУ
АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫ

5.1. Ғұбайдолла Өлібеков 491
5.2. Шафқат Бекмұхамедов 495
5.3. Ахмет Бірімжанов 501
5.4. Ыбырайым Жайнаков 514
5.5. Әзімхан Кенесарин 523
5.6. Базарбай Мәметов 553
5.7. Ыдырыс Мұстамбаев 583
5.8. Сәлімгерей Нұралыханов 590
5.9. Елдес Омаров 594
5.10. Биахмет Сәрсенов 602
5.11. Қабылбек Сарымолдаев 609
5.12. Асылбек Сейітов 624
5.13. Досығұл Темірәлиев 635
5.14. Айдархан Тұрлыбаев 640
5.15. Мұхамеджан Тынышбаев 668
5.16. Жұмағали Тілеулин 681
5.17. Отыншы Әлжанов 684
5.18. Ережеп Итбаев 691
5.19. Иса Тергеусізов 695

ҚОРЫТЫНДЫ 714

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ АЛАШОРДА
Ұжымдық монография

Теруге 12.09.2018 берілді. Басуға 12.10.2018 қол қойылды.
Пішімі 70x100 1/16. «Times New Roman» гарнитурасы.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 45.
Таралымы 1000 дана.
«Алматы-Болашақ» АО түптелген.